



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АРХИВІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ОРГАНДАРЫ (1991–2024 жж.)

Анықтамалық

Астана, 2025

УДК 342 (035)
ББК 67.401(5Каз)я2
Қ 18

***Анықтамалықты Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынды (2024 ж. 12 желтоқсандағы № 2 хаттама)***

Жалпы редакциясын басқарған – т.ғ.к. Ә.Қ. Мұстафина

Редакциялық алқа:

т.ғ.к. Ә.Қ. Мұстафина, т.ғ.д. Қ.Ш. Әлімғазин, т.ғ.д. Н.У. Шаяхмет, з.ғ.д. Ш.В. Тлепина

Пікір жазғандар: В.А. Малиновский, заң ғылымдарының докторы, профессор
Ж.Қ. Симтиков, саяси ғылымдарының докторы, профессор

Құрастырушылар: з.ғ.д., профессор Ш.В. Тлепина (ғылыми кеңесші), Н.Т. Исаева,
Е.М. Нуркишева, т.ғ.к., доцент Г.К. Ерменбаева

Қ 18 **Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991–2024 жж.).**
Анықтамалық. Төртінші шығарылым /Жалпы ред. басқарған т.ғ.к. Ә.Қ. Мұстафина; Қазақстан
Республикасы Президентінің Архиві. – Астана, 2025. – 848 б.

ISBN 978-601-12-6094-7

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары» анықтамалығы (Астана, 2025) Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қызметкерлерімен дайындалған және Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңін толық қамтиды. Анықтамалық мемлекеттік органдардың, мемлекеттік басқару институттарының дамуының, мемлекеттік құрылыс тәжірибесінің және мақсаты – қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани және саяси өзгерістерге ықпал ету болып табылатын мемлекеттік аппарат қызметінің жаңа бағыттарының қалыптасуының хроникасы болды. Осы Анықтамалық Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің ХХ ғасырдың 70–80-жылдарында және ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығында дайындалған басылымдардың жалғасы болып табылады. Бұл басылымда мемлекеттік билік органдары туралы ресми анықтамалық ақпарат берілген, онда биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидаты бойынша жүзеге асырылуы, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар – Президенттің билік тетіктерімен өзара іс-қимылы көрсетілген.

Анықтамалықтың құндылығы Президент Архиві қорларының құжаттары арқылы берілуінен көрінеді. Сондай-ақ, онда республикалық ресми баспасөз басылымдары және құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінің деректері де көрсетілген.

Анықтамалық мемлекеттік қызметшілерге, зерттеушілерге, білім алушыларға, сарапшыларға, сондай-ақ ХХ ғасырдың 90-жылдарының басынан ХХІ ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары тарихына қызығушылық танытатын барлық оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-12-6094-7



9 786011 260947

УДК 342 (035)
ББК 67.401(5 Каз)я2

© Қазақстан Республикасы
Президентінің Архиві, 2025

МАЗМҰНЫ

Редактордан	4
Алғы сөз	7
Қысқарған сөздер тізімі	25
I ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ	31
II ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ	45
III ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНАТЫН ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕТІН ОРГАНДАР	49
IV ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨКІЛДІ БИЛІК ОРГАНДАРЫ	129
V ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТҚАРУШЫ БИЛІК ОРГАНДАРЫ	157
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛАЛЫҚ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ	175
1. Экономиканы басқару органдары	177
2. Жер ресурстарын, ауыл шаруашылығын, су, орман, балық және аң шаруашылықтарын басқару органдары	285
3. Табиғи ресурстарды басқару органдары	343
4. Көлік, құрылыс, сәулет және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, байланыс, ақпараттандыру және инновациялар саласында басқару органдары	375
5. Сауда, кәсіпкерлік, мемлекеттік сатып алу және материалдық резервтер салаларындағы басқару органдары	447
6. Қаржы, инвестициялар, банк қызметі, сақтандыру, салық салу, мемлекеттік мүлік және мемлекеттік кірістер салаларындағы басқару органдары	469
7. Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау, діни қызмет, азаматтық қоғам, жастар және отбасы саясаты, қоғамдық келісім мен этносаралық қатынастар, денсаулық сақтау, білім беру, туризм, дене шынықтыру және спорт салаларындағы басқару органдары	549
8. Ақпарат және архив ісі саласындағы басқару органдары	633
9. Ғылым және зияткерлік еңбекті қорғау саласындағы басқару органдары	651
10. Мәдениет, өнер және тілдерді дамыту саласындағы басқару органдары	681
11. Қоғамдық тәртіп, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс, әділет және төтенше жағдайлар саласындағы басқару органдары	703
12. Сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызмет саласындағы басқару органдары	773
13. Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және кадр саясаты мәселелері жөніндегі басқару органдары	785
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ	789
VI КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӘДІЛЕТ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ)	799
VII ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ОРГАНДАРЫ	805
VIII ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ	823
IX АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОРГАНДАР	825
Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының алфавиттік көрсеткіші	829

Редактордан

Ұсынылып отырған Анықтамалық – мемлекеттегі жоғары лауазымды тұлға, билік тармақтарының органдары, конституциялық органдар мен Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленген мемлекеттік лауазымдарды атқаратын тұлғалар туралы ресми ақпаратты қамтитын төртінші шығарылым.

Осы Анықтамалықта бұрын жарық көрген үш шығарылымның (1991–2000, 2001–2005, 2006–2011)¹ мәліметтері жинақталып, 2024 жылды қоса алғанда, мемлекеттік билік органдары жөніндегі жаңа деректермен толықтырылды.

Үшінші шығарылым жарық көрген сәттен бастап мемлекеттік органдардың сапалық және сандық құрамы белгілі бір өзгерістерге ұшырады. Оларды құру, қайта құру, трансформациялау, тарату және мәртебесіндегі өзге де өзгерістер мемлекеттегі конституциялық, саяси және әкімшілік реформаларға байланысты болды. 2011 жылдан бастап мемлекеттік билік және басқару органдарының жүйесі айтарлықтай қайта құрылды.

Жаңартылған Анықтамалықта 1990-жылдардың басынан 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде құрылған, қызмет еткен және қызметін жалғастырып келе жатқан мемлекеттік билік органдары туралы өзекті ресми ақпарат қамтылған. Анықтамалықтың құрылымы үш деңгейлі және «бөлім – бөлімше – мемлекеттік орган туралы анықтама» қағидаты бойынша жасалды.

Анықтамалық келесі бөлімдерді қамтиды: Қазақстан Республикасы Президенті; Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі; Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдар; Қазақстан Республикасының өкілді билік органдары; Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдары; конституциялық әділет (Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау органдары); Қазақстан Республикасының сот жүйесі органдары; Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы; адам құқықтары жөніндегі ұлттық органдар; ғылыми-анықтамалық аппарат.

Айта кету керек, «Қазақстан Республикасының Үкіметі» бөлімі салалық бағыттар бойынша ішкі бөлімшелерге бөлінген, әр бөлімше ішінде мемлекеттік органдар олардың ведомстволық бағыныстылығын және қызмет ету кезеңдерін ескере отырып, хронологиялық тәртіппен орналастырылған. Бұл бөлім мемлекеттік органдарды қазіргі кезеңдегі реформалау, конституциялық және салалық заңнама, сондай-ақ нормативтік-әдістемелік база тұрғысынан ақпараттық тұрғыдан мазмұнды болып табылады.

Анықтамалыққа белгілі бір мемлекеттік органды енгізудің міндетті шарты – оның мемлекеттік орган мәртебесінің болуы. Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы, министрліктер мен мемлекеттік комитеттер жанындағы консультативтік-кеңесші органдар туралы ақпарат анықтамалыққа енгізілмеді.

Сонымен қатар Анықтамада Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған жекелеген мемлекеттік мекемелер туралы (мысалы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі), сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар – «Мемлекеттік пошта» және «Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет» жөніндегі ресми ақпарат қамтылған. Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ресми анықтамалық ақпарат берілген. Оның қызметі тарихи маңызға ие. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шетелдік сақтандырумен айналысқан «Қазахинстрах» мемлекеттік компаниясының да қызметі тарихи мәнге ие болды. Мемлекеттік сақтандыру ұйымы халықаралық экономикалық қатынастарда республиканың мүдделерін білдіріп, шетелдік жеке кәсіпкерлік субъектілеріне сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етті.

Ресми ақпарат көздері ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің қорлары, Қазақстан Республикасы Парламентінің (Қазақ КСР, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің) Жаршысы, Қазақстан Республикасы

Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы (Қазақ КСР, Қазақстан Республикасының ПҰАЖ), ресми мерзімді басылымдар – «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері, сондай-ақ «Заң» және «Юридическая газета» басылымдары, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі, «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі пайдаланылды.

Тақырыптық анықтамаларда қолданылған деректер жоғарыда аталған құжаттардан алынып, сол қалпында берілді және құрастырушылар тарапынан өңделмеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жөніндегі мәліметтер анықтамалықта ресми қысқаша тақырыптық анықтамалар түрінде берілген. Оларда келесі деректер қамтылған: мемлекеттік органның ресми қабылданған атауы; оның қызмет етуінің шекті мерзімдері; тарихи деректер; мемлекеттік органның құрылу күні; оның бағыныстылығы (ведомстволық бағыныстылығы); мемлекеттік орган туралы ереженің бекітілген күні; оның құзыреті (негізгі міндеттері немесе функциялары) және олардың өзгерістері; мемлекеттік органның (немесе оның орталық аппаратының) құрылымы және оның өзгерістері; аумақтық органдардың болуы туралы мәліметтер; мемлекеттік органның қайта құрылуы (қайта ұйымдастырылуы, қайта аталуы) немесе таратылуы туралы мәліметтер. Анықтамалар тақырыптық-хронологиялық ретпен орналастырылған.

Әрбір ақпарат құжаттың түрі, оның авторы, күні (қабылданған күні, айы және жылы), құжаттың нақты әрі толық атауы және реттік нөмірі туралы мәліметтермен толықтырылған. Бұдан бөлек, іздеу деректері (құжат жарияланған басылымның атауы және шыққан күні) де көрсетіледі. Анықтамалық негізінен Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві қорларындағы құжаттар негізінде жасалған, ал қажеттілік туындаған жағдайларда – Қазақстан Республикасының Ұлттық және Орталық мемлекеттік архивтерінің материалдары пайдаланылды. Республикалық ресми баспа басылымдарының деректері, сондай-ақ бірыңғай және эталондық құқықтық ақпарат жүйесінің мәліметтері қамтылған.

Басқа мемлекеттік органның тақырыптық анықтамасында аталған, бірақ өз алдына жеке тақырыптық анықтамасы бар мемлекеттік басқару органдары қою курсивпен белгіленген. Егер мемлекеттік орган өз қызметін жалғастырып келе жатса, анықтамалықта бұл «жұлдызшамен» (*) көрсетіледі. Жақша ішінде қою қаріппен көрсетілген (1), (2), (3) цифрлар осы Анықтамалықта аталған мемлекеттік органға қатысты анықтаманың бірнеше бөлігі келтірілгенін білдіреді (бұл белгілі бір уақыт өткеннен кейін сол атаумен қайта құрылуына байланысты). Құрастырушылар атынан түсіндірмелер мен ескертулер келтірілген, олар «Құрастырушылардың ескертпесі» деп белгіленген.

Басылымның ғылыми-анықтамалық аппараты алғы сөз, қысқарған сөздер тізімі мен алфавиттік көрсеткіштен тұрады. Алфавиттік көрсеткішке анықтамалықта тақырыптық анықтамалар түрінде берілген барлық мемлекеттік органдар енгізілген. Қысқарған сөздер тізімінде алфавиттік тәртіппен кеңінен қолданылатын және ресми бекітілген қысқартулар мен аббревиатуралар толық жазылуымен берілген.

Анықтамалық ғалымдарға, зерттеушілерге, оқытушыларға, сарапшыларға, мемлекеттік қызметкерлерге, архив ісінің мамандарына, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім алушыларға, мемлекеттік билік пен басқару саласында ғылыми талдау, оқу материалы, жобалау және құқықтық сараптама жүргізуде сенімді көмекші құрал болады.

Басылым мемлекеттік органдар үшін олардың тарихы туралы ақпарат алу тұрғысынан да пайдалы. Ол тиімді басқару модельдерін жасауға арналған сарапшылар үшін де қызығушылық тудырады. Бұл анықтамалықтың жарыққа шығуы әртүрлі деңгейдегі архивтік мекемелердің жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді, мемлекеттік органның нақты атауын, қызмет ету шекті мерзімдерін, ведомстволық бағыныстылығын, оның алдыңғы және кейінгі құқықтық мирасқорларын жедел анықтауға, сәйкес нормативтік актінің мәтінін нақтылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, анықтамалық зерттеушілер мен сарапшылардың жұмысын жеңілдетіп, мемлекеттік архивтерді толықтыру көздерін анықтау мен архив қорларын ғылыми ұйымдастыру жұмысына бағыт береді. Ол тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік басқару саласының қазіргі тарихына қызығушылық танытатын көпшілік қауым үшін пайдалы болады.

Бірінші екі шығарылымның ғылыми кеңесшісі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Ғ.С. Сапарғалиев (1930 – 2010) болды. Ол бірінші шығарылымға кіріспе дайындап, онда жаңа егемен, тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы тарихын талдап, осы анықтамалықтың құрылымын ұсынған².

Осы басылымның ғылыми кеңесшісі – Тлепина Ш.В., заң ғылымдарының докторы, профессор. Анықтамалықты құрастыруға атсалысқандар: Ақтайлақ Б.Б., Дараева Г.К., Жұмабай Б., Жұманбаев Д., Мақанбаев Т.Ж., Қақабаева Г.М., Құдайбергенов А.К.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты Ә.Қ. Мұстафина

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық / Жауапты редактор: В.Н. Шепель; Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. – Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. – 704 б.; Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (2001 – 2005 жж.). Анықтамалық. Екінші шығарылым / Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты; Жауапты редактор: В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2007. – 640 б.; Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (2006 – 2011 жж.). Анықтамалық. Үшінші шығарылым / Жауапты редактор В.Н. Шепель; Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2012. – 430 б.

² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (2006 – 2011 жж.). Анықтамалық. Үшінші шығарылым / Жауапты редактор В.Н. Шепель; Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2012. – 430 б.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған мемлекеттік органдардың құрылуы мен қызметі туралы ресми ақпарат Анықтамалығы Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві дайындаған төртінші басылым болмақ. Алғашқы екі шығарылым 2004 және 2007 жылдары көрнекті ғалым-заңгер, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Ғайрат Сапарғалиұлы Сапарғалиевтің (1930 – 2010) [1, 63-68 б.] жетекшілігімен жарық көрді. Үшінші басылым 2012 жылы жарық көрді [2-4].

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басы мен XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі тарихи процестер Қазақстан Республикасы мемлекетінің институционалдық қалыптасуынан көрініс тапты. Мемлекет органдарының қалыптасуы мен дамуында XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы және XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі конституциялық, саяси және әкімшілік реформалардың маңызы зор. Анықтамалықта 1991–2024 жылдар аралығындағы мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғасы; билік тармақтарының органдары; конституциялық органдар және Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленген мемлекеттік лауазымдарды атқаратын тұлғалар туралы ресми ақпарат ұсынылған. Қарастырылып отырған кезең маңызды тарихи белестерді қамтиды: саяси-құқықтық актіде мемлекеттік егемендіктің жариялануы (1990); ұлттық егемендіктің негіздерін бекіткен және конституциялық құрылыстың құқықтық базасын қалыптастырған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның қабылдануы (1991); құқықтық мемлекет және билікті бөлу қағидаттарын жариялаған тәуелсіз мемлекеттің алғашқы Конституциясының қабылдануы (1993); қазақстандық мемлекеттілікті және оның институционалдық рәсімделуін нығайтқан 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995) (бұдан әрі – ҚР Конституциясы, Конституция, Ата Заң) мемлекеттік тәуелсіздіктің негіздерін бекітті. Қоғамдық дамуды бағыттайтын және реттейтін біртұтас мемлекеттік билік бекітілді. Сонымен бірге, Конституциямен, конституциялық заңдармен және өзге де құқықтық актілермен мемлекеттік аппараттың және мемлекет тетігінің негізгі буыны болып табылатын мемлекеттік органдарды құру мен олардың қызметінің тәртібі көзделген [5]. «Мемлекеттік орган» ұғымының ресми түсіндірмесі заң шығарушы тарапынан келесідей берілген: «Мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық қағидаларын айқындайтын актілерді басып шығару; әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару және реттеу; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі функцияларды мемлекет атынан жүзеге асыратын мемлекеттік билік ұйымы»[6].

Қолданыстағы Конституция (1995) қабылданғаннан кейінгі тарихи кезең Қазақстан үшін тағдыршешті болды. Егемендікті нығайту, тәуелсіздікті орнықтыру және мемлекеттілікті бекіту жаңа құқықтық негіздегі мемлекеттік органдардың тұжырымдамалық тұрғыдан жаңаша қалыптасуына іргетас қалады. Қазақстанның мемлекет және құқық тарихындағы мемлекеттік органдардың генезисі олардың мемлекет құрушы әрі ұлт қалыптастырушы сипатын дәлелдейді. Мемлекеттік органдардың жаңа сапалық мазмұны мемлекеттік басқару әдістемесінің, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметінің түбегейлі жаңаруына ықпал етті.

Қарастырылған кезеңде 1998 және 2007 жылдардағы конституциялық жаңалықтар ерекше маңызға ие болды. Олар моноорталықтан парламенттік және партиялық институттардың рөлін күшейтуге бағытталған. Ал 2011–2017 жылдар аралығы өкілеттіктерді Үкімет пен Парламентке қайта бөлу, сондай-ақ әкімшілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды жүргізу кезені болды.

Кейінгі жылдардағы Қазақстанның саяси жүйесі мен Президент институтын реформалау ел мен мемлекет үшін сынға айналған терең трансформациялардың нәтижесінде туындады. 2022 жылғы конституциялық реформа «суперпрезиденттік» үлгіден президенттік басқару жүйесіне

өтуді бекітті, Президент өкілеттігінің бірыңғай жеті жылдық мерзімін енгізді және парламенттік бақылау тетіктерін кеңейтті. 2020–2023 жылдардағы билік пен институционалдық жаңашылдық Қазақстан Республикасы Конституциясының бір бөліміне сот және сот төрелігі, прокуратура және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы ережелерді біріктірді.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты қайта құрылды, сондай-ақ Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі құрылды. Есеп комитеті мәртебесі арта отырып Жоғары аудиторлық палатаға айналды. Әкімшілік әділет жүйесі іске қосылды, қоғамдық басқару рәсімдерінің кодификациясы жүргізілді. 2023–2024 жылдардағы орталықсыздандыру процесі маслихаттар мен әкімдіктердің рөлін күшейтіп, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын және «Заң мен тәртіп» қағидасын бекітті, сонымен қатар азаматтар мен олардың әл-ауқатына бағытталған «адам мүддесіне бағытталған» басқару үлгісі қалыптасты. Мұның барлығы кең ауқымды әкімшілік реформаның айғағы болды. Аталған өзгерістер унитарлық және президенттік басқару нысаны сақтала отырып, билік тармақтарын бөлу мен тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің конституциялық матрицасы аясында жүзеге асырылды.

Анықтамалық қазақстандық мемлекеттіліктің трансформациялануының әкімшілік-құқықтық бағыттарын және қарастырылып отырған кезеңдегі Президент Жолдауларының қорытындылары бойынша қол жеткізілген жекелеген нәтижелерді тіркейді. Президенттің Қазақстан халқына Жолдау дәстүрі ұзақ уақыттан бері қалыптасқан. Олар, әдетте, елдің үдемелі дамуы үшін қажетті стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды айқындап, қозғалыс векторын белгілейді. Президент Жолдаулары – бұл белгілі бір кезеңге арналған бағдарламалық сөздер ғана емес, сонымен бірге билік тармақтарының архитектурасын қайта реттейтін, есептілік тетіктерін күшейтетін, мемлекеттік органдарды реформалайтын және жария әкімшілендірудің заманауи рәсімдерін енгізетін заңды түрде жүзеге асырылған мандаттардың көзі. Нәтижесінде, қойылған міндеттер заңдарға, бағдарламаларға, ұлттық іс-шаралар жоспарына және өзге де құжаттарға айналады. Олардың орындалуы Үкімет жұмысының тиімділігін бағалау өлшемі болады. Мемлекеттік органдарға қатысты Жолдауларда барлық тиісті мемлекеттік органдар орындауға міндетті даму жоспарлары мен стратегиялық жоспарлар (Мембанкте) қалыптасатын директивалар камтылады.

Президент Жолдауы – Конституцияда бекітілген мемлекеттік саясатты қалыптастырудағы маңызды институт. Жолдау – бұл Президенттің конституциялық іс-әрекеті.

Осы Анықтамалықты құрастыру барысында Президент Жолдауларының, конституциялық-құқықтық дамудың, мемлекеттік билік және басқару органдары қызметін жетілдірудің жүйелі байланысын пайымдау мемлекеттік органдардың эволюциясын көруге, қазіргі Қазақстан тарихындағы олардың динамикасы мен статикасының себеп-салдарлық байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Мәселен, Президенттің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019) Жолдауында қойылған «әкімшілік әділет» күн тәртібі ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін (бұдан әрі – ӘРПК) (2020) қабылдау және 2021 жылғы 1 шілдеден бастап мамандандырылған әкімшілік соттарды іске қосу арқылы жүзеге асты. Осылайша, жария-құқықтық дауларда азаматты қорғау презумпциялары және мемлекеттік органдармен процестік «симметрия» бекітілді.

Президенттің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» (2020) Жолдауында жарияланған басқарушылық реформа Президент жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңесті (2020) және тікелей Президентке бағынатын экономикалық бағыттағы жеке құқық қорғау органы ретінде Қаржылық мониторинг агенттігін (2021) құру арқылы іске асырылды.

Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» (2022) Жолдауы Қазақстанның саяси дамудың жаңа кезеңіне көшуі үшін түйінді сәт болды. Ол 2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдум арқылы конституциялық реформаға, ал содан кейін – конституциялық және өзге де заңдар топтамасына айналды. Имплементацияланған шешімдер қатарына мыналар жатады: «Президенттің қайта сайлану құқығынсыз бір жеті жылдық мерзімі» моделіне көшу, Президенттің өкілеттік мерзіміне партияларға мүше болуына тыйым салу және оның жақын туыстарының мемлекеттік және квазимемлекеттік секторды басқаруға қатысуына шектеулер (2022 жылғы редакциядағы Конституцияда бекітілген); заң шығару процесін қайта бөлу – Мәжіліс

заңдарды қабылдайды, Сенат оларды мақұлдайды; конституциялық заңдар палаталардың бірлескен отырыстарында қабылданады; парламенттік архитектура мен сайлауды жаңарту: Мәжілісті қалыптастырудың аралас жүйесі (пропорционалды + мажоритарлық); Сенаттағы президенттік квотаны 15-тен 10-ға дейін қысқарту, бұл ретте бес сенаторды Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерін тағайындаудың жаңа тәртібі – тиісті мәслихаттардың міндетті келісімімен; Конституциялық Сот түріндегі конституциялық сот төрелігін қалпына келтіру, Конституциялық Сот және Орталық сайлау комиссиясы судьяларының партиясыз мәртебесін енгізу; Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесі және аттас конституциялық заңның қабылдануы; 2020–2021 жылдары бастамашылық етілген қаржы-экономикалық блоктың институционалдық реттелуі.

Қазіргі халықаралық қатынастар мен ішкі саяси процестердің трансформациялануы жағдайында Қазақстанның сыртқы саясаты тұрақтылығымен және халықаралық деңгейде танылуымен ерекшеленетін жаңа мазмұнға ие болды. Ел саяси архитектураны жаңартып, мемлекеттік басқарудың заманауи моделін қалыптастырды. Бұл өзгерістерде мемлекеттік органдардың тиімділік пен кәсібиліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келуге ұмтылысы ерекше маңызға ие. 2019–2024 жылдардағы қысқа кезеңде Президент Жолдаулары референдум, Жолдауларды іске асыру туралы жарлықтар және конституциялық заңдар блогы арқылы саяси-құқықтық пайымдау мен нақты норма арасындағы «көпірге» айналды. Орталықта – билік тармақтарының тепе-теңдігі, парламенттік бақылау мен жария аудитті институционалдандыру, әкімшілікпен қарым-қатынаста тұлғаны құқықтық қорғау және билік органдарын қалыптастыру рәсімдері мен олардың қоғам алдындағы есептілік тетіктерінің ашықтығын қамтамасыз ету тұр.

Аталған мемлекеттік өзгерістер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары туралы ресми ақпарат Анықтамалықтың төртінші шығарылымын дайындауға объективті түрде негіз болды. Бұл Анықтамалықтың құрылымын да айқындайды. Анықтамалық оқырманға күнтізбелер мен актілердің тізімін емес, мемлекеттік билік органдарының эволюциясын, жүргізілген реформалардың құқықтық табиғатын және олардың өзара байланысын жүйелейтін институционалдық өзгерістердің аналитикалық картасын ұсынады. Оның міндеті – қазіргі Қазақстан мемлекеттілігі қалыптасып жатқан құқықтық динамика туралы тұтас түсінік беру.

Анықтамалықтың материалы институционалдық қағидат бойынша жүйеленген және мемлекеттік билік пен басқару органдарының қолданыстағы жүйесіне сәйкес құрылымдалған. Анықтамалық президенттік институтқа арналған ресми материалды қамтитын бөліммен ашылады. Осы мемлекеттік институтты конституциялық реттеудегі өзгерістер тарихи ретроспективада және болжамды перспективада теориялық және практикалық қызығушылық тудырады. Президенттік биліктің құралдары, қосалқы органдар – Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін органдар – «қамтамасыз етуші» мәртебесінен стратегиялық саясат пен бақылаудың функционалдық түйіндері мәртебесіне дейін эволюциялады, бұл ретте олардың регламенттелуі мен парламенттік қатысуы күшейтілді (жекелеген тағайындауларды Сенаттың келісуі, қызметтің рәсімдік шеңберлері).

Келесі бөлімдер Қауіпсіздік Кеңесіне; Президент билігінің құралдарына – оған бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға; биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының мемлекеттік органдарына; жергілікті басқару органдарына – өкілді, атқарушы; конституциялық әділет органдарына, бас сайлау комиссиясына және адам құқықтары жөніндегі уәкілге арналған. Ресми анықтамаларда негізінен құқықтық, институционалдық, мазмұндық тұрғыдағы өзгерістер ұсынылғанын атап өту қажет.

Мемлекеттік органдардың құқықтық жағдайы мен қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ олардың қызметін реттейтін ережелерге негізделеді.

Президент

Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

Республика Президенті – мемлекеттің басшысы, оның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын және ел ішінде әрі халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға (Конституцияның 40-бабы, 1-тармағы) [5]. Заң әдебиетінде: Президент – дара басшылық ететін органды басқаратын лауазымды тұлға – органның ерекше түрі, ол өзінің құқықтық мәртебесін айқындайтын Конституция мен конституциялық заңнамада белгіленген шектерде нормативтік құқықтық актілер қабылдауға құқылы деп бекітілген [7-9].

ҚР Конституциясында (1995) Президенттің мәртебесі нақты бекітілді. 1995 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Республика Конституциясына Президенттің және Қазақстан Республикасы билігінің барлық тармақтарының құқықтық жағдайын қозғаған өзгерістер бірнеше рет (1998, 2007, 2011, 2017 және 2022 жж.) енгізілді. Президент мәртебесінде жоғары лауазымды тұлғаның және мемлекеттік органның белгілері бір мезгілде үйлесім тапқан.

Президенттік институтты енгізу кезінде Қазақстан дегольдік мемлекет доктринасының негізіне алынған плебисцитарлық президентализмнің француздық моделіне көбірек бағдарланды [10]. Аталған доктринаға сәйкес, бүкіл халық сайлайтын президент мемлекеттік биліктің басқа барлық органдарынан жоғары тұрады, өйткені ол елдің бүкіл сайлау корпусының атынан өкілдік ететіндіктен, халық егемендігінің бір көрінісі болып табылады. Басқаша айтқанда, оған бүкіл халықтың мандаты беріледі. Бұл жағдай президентке мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын айқындауға, басқа билік органдарын қалыптастыруға, парламентті таратуға, үкіметті отставкаға жіберуге конституциялық құқық береді, бұл мемлекет басшысының конституциялық жауапкершілігінің болуына қарамастан, оның билік органдары жүйесіндегі басымдығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Президенті конституциялық заңға сәйкес Республиканың кәмілетке толған азаматтарымен жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайланады (41-бап, 1-тармақ).

Конституциямен белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі қағидаттары, Қазақстан Республикасының Президенті жеті жыл мерзімге сайланатыны және бір адамның Республика Президенті болып бір реттен артық сайлана алмайтыны туралы ережелер мызғымас болып табылады (91-бап, 2-тармақ) [11].

Қауіпсіздік Кеңесі

Президент құратын конституциялық орган Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі (бұдан әрі – Қауіпсіздік Кеңесі) болып табылады. Қауіпсіздік Кеңесі алғаш рет 1991 жылы Қазақ КСР Президентінің Жарлығымен құрылған. Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 17 маусымдағы Жарлығымен – Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы болып табылады. Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті қалыптастырады.

Қауіпсіздік Кеңесі ішкі саяси тұрақтылықты сақтау, конституциялық құрылысты, мемлекеттік тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстанның ұлттық мүдделерін халықаралық аренада қорғау мақсатында ұлттық қауіпсіздікті және Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаттың жүргізілуін үйлестіреді. Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, елдің қорғаныс қабілетін нығайту, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жоспарлау, қарау және іске асырылуын бағалау болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін ақпараттық-талдамалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оның жұмыс органы болып табылатын және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымына кіретін Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты жүзеге асырады.

Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының, Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету, олардың шешімдерінің мүлтіксіз орындалуын, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға орындауға

міндетті тапсырмалар беруге құқылы.

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдар

Қазақстан Республикасы Президенті билігінің құралдары – Мемлекет басшысына ұйымдастырушылық тұрғыдан жақын, оның функциялары (өкілеттіктері) шеңберінде әрекет ететін, Мемлекет басшысының қызметін және жекелеген салаларды басқаруды қамтамасыз ететін мемлекеттік құрылымдар [8]. Билік құралдарына Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін органдар, сондай-ақ Президент жанындағы комиссиялар, консультативтік-кеңесші органдар жатады. Билік құралдары өз жиынтығында Президенттің басқарушылық тетігін құрайды.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі институтының Қазақ КСР Президентінің 1990 жылғы 1 тамыздағы Президент Аппараты туралы уақытша ереже жөніндегі өкімінен бастап, қолданыстағы Ережеге дейінгі эволюциясы төменде тиісті ресми анықтамада ұсынылған. Алғаш рет 1995 жылғы 15 наурыздағы Президент Аппараты туралы ереже Аппаратты Президенттің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган ретінде бекіткенін атап өту керек [12].

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995) Президент Әкімшілігінің мәртебесін кеңейтті: ол басқа мемлекеттік органдардың қызметіне ықпал ету мүмкіндігі жоғары орталық органға айналды. Әкімшіліктің рөлінің артуымен кейбір лауазымды тұлғалардың жағдайында да осындай өзгерістер болды. Президенттің 1996 жылғы 12 наурыздағы Жарлығымен Мемлекеттік хатшы [13] – Мемлекеттік кеңесші [14] (2022 жылғы 5 маусымдағы түзетулер мен өзгерістерге сәйкес ҚР Конституциясының 44-бабы, 19-тармақшасы) өзіндік құзыретке ие болды [15]. Мемлекеттік билік органдары жүйесінде Қазақстан Республикасының жоғары лауазымды тұлғасының Әкімшілігі қазіргі жағдайда Мемлекет басшысының өкілеттіктерін іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі органдардың бірі болып табылады.

Президент Әкімшілігі туралы ережедегі өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік басқару аппаратының табиғи дамуына негізделген. *Анықтамалықтың ресми материалдары Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ұйымдастырылуын, қызметін, құрылымын, өкілеттіктерін құқықтық реттеудегі елеулі өзгерістер туралы толық түсінікті егжей-тегжейлі көрсетеді.*

Мемлекеттік аппаратта Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (президенттік органдар) [16] ерекше орын алады, олардың құрамы елдегі саяси және экономикалық жағдайға байланысты өзгеріп отырды. Бұрын оларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы, Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі, Қазақстан Республикасының «Барлау» қызметі және басқа да органдар кіретін.

Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізбесі алғаш рет 2008 жылы нормативтік акт ретінде жасалып, Президент Әкімшілігі туралы ережеге қосымша түрінде ұсынылды [17]. Тізбедегі кейінгі өзгерістер қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси сұраныстарына сәйкес келетін мемлекеттік ауқымдағы міндеттерге байланысты болды. Президент бұл органдарға қатысты бірқатар құқықтық өкілеттіктерді жүзеге асырады, соның ішінде оларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату; олар туралы ережелерді, құрылым мен штат санын бекіту; аталған мемлекеттік органдардың ведомстволарын құру, тарату және қайта ұйымдастыру, басшылардың есептерін тыңдау және басқа да бірқатар өкілеттіктер. Президенттік мемлекеттік органдардың өкілеттік мерзімі шектелмеген. Олардың басшыларының өкілеттіктері жаңадан сайланған Президент қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Олардың кейбірін, мысалы, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Ұлттық Банкті, Жоғары аудиторлық палатаны құру Қазақстан Республикасының Конституциясында (1995) көзделген.

Президенттік органдардың ерекшелігі олардың құқықтық мәртебесінде: олар Үкіметке емес, тікелей Президентке бағынады. Сондықтан бұл органдардың басшылары Министрлер Кабинетінің мүшелері болып табылмайды.

Органдардың көпшілігінің қызметі олардың аппараттары, аумақтық бөлімшелері мен ведомстволары арқылы жүзеге асырылады. Әр органда департаменттер, басқармалар, бөлімдер және басқа да органдар түрінде ұсынылған құрылымдық бөлімшелер бар. Ұлттық Банктің қызметі басқаша ұйымдастырылған (филиалдық-өкілдік құрылым, басқару органдары: Басқарма, Директорлар кеңесі, Ақша-несие саясаты жөніндегі комитет). Президент билігі құралдарының көптеген құрылымдарындағы консультативтік органдар – алқа. Президенттік органдардың қызметі олардың бірінші басшылары (агенттік төрағалары, Ұлттық Банк төрағасы және т.б.) және орынбасарлары арқылы құрылады. Аталған мемлекеттік органдардың бірінші басшысын Президент тағайындайды. Ұлттық Банк Төрағасын, Бас Прокурорды, ҰҚК Төрағасын лауазымға тағайындау үшін Парламент Сенатының келісімі қажет (ҚР Конституциясының 44-бап, 4-тармақша) [5].

Жаңғырту процестері, елдегі және әлемдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени-рухани жағдайды талдау, заманауи сын-қатерлер мен қауіптер, жаһандық даму үрдістері азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру, мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамының сапасын жақсарту, стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік аппаратты оңтайландыру, мемлекеттік органдардың проактивті қызметіне көшу бағытындағы қозғалысқа негіз болды.

Мемлекет дамуының стратегиялық міндеттері Президент билігін іске асырудың құралдары болып табылатын, оған тікелей есеп беретін және бағынатын мемлекеттік органдарды қалыптастырудың серпінді сипатын тікелей айқындайды. Анықтамалық президенттік мемлекеттік органдардың қызметін құқықтық реттеуде, ұйымдастырушылық құрылымында, ведомстволық бағыныстылығында, құзыретінде және өзге де аспектілерінде болған елеулі өзгерістерді көрсетеді.

Халықаралық құқықтық құжаттарда – Қазақстан Республикасының Заңымен (2005) ратификацияланған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966) әрбір мемлекетте заңдылықты, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін құру кезінде заңнамалық реттеудің негізгі бағдарларын айқындайтын бірқатар ережелер қамтылған. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры бас прокурорлардың халықаралық ұйымдарының атқарушы, басқарушы органдарына кіреді.

2017 жылғы конституциялық реформамен заңдылыққа жоғары қадағалауды жүзеге асыруда шектеулер анықталды. Кейінірек прокурорлық қадағалаудың шектерін, прокуратура органдарының жұмыс істеуі мен құрылымындағы тәсілдерді нақтылаған «Прокуратура туралы» (2017) Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Прокуратура қызметінің сот ісін жүргізудегі конституциялық тұрғыдан айқындалған бағыттарының ерекшелігі – ол мемлекет мүдделерін кешенді түрде, соның ішінде мемлекеттік органдардың жекелеген лауазымды тұлғаларының қызметі нәтижесінде адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы мүмкін болған жағдайларда да, білдіруге тиіс. Конституция прокуратураға мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шектерде және нысандарда жоғары қадағалау функцияларын, сондай-ақ сотта мемлекет мүдделерін білдіруді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыруды жүктейді. Бұл прокуратураның сотта, атап айтқанда, қылмыстық процестің барлық сатыларында конституциялық тұрғыдан бекітілген ерекше рөлін алдын ала айқындайды [18]. Құқық қорғау және қадағалау институттары саласында 2022 жылы прокуратураның мандаты конституциялық тұрғыдан нақтыланды: заңдылыққа жоғары қадағалау, сотта мемлекет мүдделерін білдіру, қылмыстық қудалау, сондай-ақ Бас Прокурордың Конституциялық Сотқа тікелей жүгіну құқығы – бұл ережелер Конституцияда және арнайы заңдарда іске асырылды. Прокуратура органдары адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жоғары басымдық болып табылатын жаңа құқықтық шындықты қалыптастыруда.

Анықтамалықта елдегі Бас прокуратура мен прокуратура органдарының ұйымдастырылуын, қызметін құқықтық реттеу туралы ресми ақпарат қамтылған.

Қазіргі әлемде ұлттық қауіпсіздік – мемлекеттің, оның қойнауының және қоғамның өмір сүруінің, дамуының, қорғалуының өзекті элементі. Қауіпсіздік өмір сапасының, мемлекеттік басқару тиімділігінің маңызды параметрі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып (Конституцияның 1-бабы, 1-тармағы), ар-ождан бостандығын және ақпаратты еркін алу мен тарату құқығын мойындай, қорғай және кепілдік бере отырып, сонымен бірге тәуелсіз мемлекеттің қауіпсіздігін, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету қажеттілігін негізге алады. Заң деңгейінде конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық артықшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылық культін насихаттау мүмкіндігін болдырмау үшін шаралар айқындалған [18]. Қауіпсіздік саласында конституциялық құрылысты және адам құқықтарын қорғауды халықаралық-құқықтық міндеттемелермен үйлестіретін заманауи құқықтық режимдер жұмыс істейді.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттіліктің қалыптасуымен тығыз байланысты. ХХ ғасырда Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік органдары саяси және әлеуметтік өзгерістерге байланысты елеулі трансформациядан өтті. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің негізгі міндеттері мен функциялары жаңартылып, жаңа технологиялар, құралдар, әдістер мен жұмыс тәсілдері интеграцияланды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті – ұлттық қауіпсіздіктің негіздерін сақтау және нығайтуға бағытталған мемлекеттік механизмнің ажырамас бөлігі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштеріне жататын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік орган [19]. Қызмет Қазақстан Республикасы Президентінің, басқа да күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүзеге асырады. Мемлекеттік күзет қызметінің әскери құралым болып табылатын ведомствосы – Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштері бар.

Осы Анықтамалықта ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін құрайтын Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы өзекті ресми ақпарат ұсынылған.

Президенттік органдардың қатарында қызметінің мәндік мазмұны бойынша әртүрлі мемлекеттік органдар бар. Олардың ұйымдастырылуы мен қызметінің терең негіздері – мемлекетті қайта құрудың әлеуметтік-саяси, экономикалық факторлары бар. Әкімшілік реформа мемлекеттік басқару жүйесін, мемлекеттік органдардың қызметін республиканың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне сәйкес келтіруді, оңтайлы құрылым құруды және функциялардың қайталануын жоюды көздейді.

Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізбесіне мемлекеттегі экономикалық, әлеуметтік, саяси қайта құруларды жеделдетуге арналған, мемлекеттік аппараттың практикалық жұмысының неғұрлым маңызды, көбінесе түбегейлі жаңа бағыттарын үйлестіретін агенттіктер (Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту, стратегиялық жоспарлау және реформалар, бәсекелестікті қорғау және дамыту, қаржылық мониторинг агенттіктері) кіреді.

Агенттік – белгілі бір мемлекеттік функцияны орындайтын, міндеттердің, функциялардың тиісті деңгейде іске асырылуын, мақсаттарға қол жеткізуді, азаматтар мен тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңнамада белгіленген тәртіппен құзыреті шегінде қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган. Осы бөлімге жататын агенттіктерді Президент құрады және таратады. Агенттіктердің өкілеттік мерзімі әртүрлі болуы мүмкін.

Агенттіктерді Мемлекет басшысының Жарлығымен тағайындалатын төраға басқарады. Агенттіктің актілері төрағаның бұйрықтары болып табылады. Олардың күшін агенттіктің өзі, жоғары тұрған орган немесе сот органдары жоя алады.

Қазіргі экономика жағдайында Ұлттық Банктің рөлін күшейту, Ұлттық Банк бастаған бүкіл банк жүйесінің қызметін дұрыс ұйымдастыру зор маңызға ие. Қазақстанда жаңа қаржы құрылымы қалыптасты. Ол, ең алдымен, өзіндік банк жүйесін құруды көздеді. Екі деңгейлі банк жүйесінің бірінші деңгейін Ұлттық Банк құрайды. Бүгінде Ұлттық Банк – бұл экономикадағы ақша көлемін басқаратын және ұлттық валютаның тұрақтылығына жауап беретін мемлекеттік қаржы органы, елдің басты қаржылық реттеушісі.

Қазақстанның Ұлттық Банкі мемлекеттің ақша-несие саясатын әзірлеуді және жүргізуді, төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін, валюталық реттеуді және валюталық бақылауды, статистикалық қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ өз құзыреті шегінде қаржы нарығын, қаржы ұйымдарын және өзге де тұлғаларды мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында [20] жұмыс істейтін мемлекеттік орган болып табылады.

Ұлттық Банк мүліктік және функционалдық дербестікті сақтай отырып, Үкіметпен конституциялық тұрғыдан бекітілген үйлестіруі бар бірінші деңгейдегі тәуелсіз мегареттеуші ретінде расталды. Өкілді және атқарушы билік органдары Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның филиалдарының, өкілдіктерінің, ведомстволары мен ұйымдарының оның заңнамалық тұрғыдан бекітілген өкілеттіктерін іске асыру жөніндегі қызметіне араласуға құқылы емес (21-бап) [21].

Мемлекеттік аудит басқарушылық тәсілдің деңгейін сипаттайтын шынайы тексеруді білдіреді, ел экономикасының белгілі бір секторында шешімдер қабылдауға әсер ететін ақпараттық ағындарды бағалайды. Елдегі аудит институтын қалыптастырудың қазіргі кезеңі негізгі бақылаушы орган – Жоғары аудиторлық палатаның жоғары мемлекеттік аудит органы мәртебесіне қол жеткізуімен сипатталады. Елдегі қаржылық тәртіпті жақсартуға ықпал ете отырып, бюджет қаражаты мен мемлекеттік меншіктің мақсатты пайдаланылуына тиімді бақылау жүйесін құруда оған маңызды рөл тиесілі.

Соңғы жылдары мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау-тексеру және сараптамалық-талдау қызметі үшін негіз болған белгілі бір құқықтық база қалыптасты. Осы құқықтық алаң шеңберінде мемлекеттің бақылау-есептеу органдары жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы жағдай едәуір өзгерді. Жоғары аудиторлық палата толыққанды сыртқы мемлекеттік аудит және шығыстардың тиімділігін бағалау үшін нормативтік «биіктікке» ие болды.

Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін тағы бір мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы. 1995 жылы Президенттің Іс басқармасы дербес мемлекеттік органға айналды. Қазіргі кезеңде Президенттің Іс басқармасы туралы ережеге сәйкес, оның мақсаты – Президенттің, саяси мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттің жоғары заң шығарушы органы депутаттарының, мемлекеттік органдар мен олардың аппараттары қызметкерлерінің қызметін шаруашылық-тұрмыстық қамтамасыз ету [22].

Анықтамалықта қарастырылып отырған хронологиялық кезеңде олардың ұйымдастырылуы мен қызметінің құқықтық регламенттеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, агенттіктер, Ұлттық Банк, Жоғары аудиторлық палата, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы туралы ресми ақпарат ұсынылған.

Қазақстан Республикасының Парламенті

Анықтамалықтың мұрағаттық нормативтік-құқықтық құжаттары мемлекеттік биліктің өкілді (заң шығарушы) органдарының орны мен рөлін, өкілеттіктерін, құрылымын, қызметін, қайта құрылуын құқықтық реттеудегі терең өзгерістерді айқын түсінуді қамтамасыз етеді. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі мен тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес жүзеге асырылады [18]. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» (1995), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (1995), «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы»

(2000) конституциялық заңдар биліктің әр тармағының мәртебесі мен функцияларын реттейді [23-25].

Қазақстан Республикасының Конституциясында (1995) Парламенттің заң шығару функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді орган болып табылатыны бекітілген.

Үш онжылдықты қамтитын кезеңде Парламенттің конституциялық-құқықтық өкілеттіктерінде өзгерістер болды: сандық; партиялық өкілдікке қатысты; Парламентке депутаттарды сайлау кезеңіндегі сайлау жүйесінде, бұл өкілділікті арттырып, депутаттардың сайлаушылармен кері байланысын күшейтті; заң шығару рәсімдерінде – заңдар мен заң баптары бойынша талқылау, дауыс беру, мақұлдау, қабылдамау; Президенттің қарсылық білдіруі, Президенттің конституциялық заңдар бойынша қарсылықтарын еңсеру жағдайындағы заң шығару рәсімдерінде; Президенттің Конституциялық Сот Төрағасын, Ұлттық Банк Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын мемлекеттік лауазымдарға тағайындау және қызметтен босату рәсімінде; Парламент Палаталарының келісім комиссияларының қызметінде және басқа да бағыттарда.

2022 жылғы конституциялық реформа заң шығару процесінің тәртібін өзгертті. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, жеке және заңды тұлғалардың құқықтық субъектілігіне, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға құқылы. Бұл ретте «Конституция заң шығарушыға мемлекет пен қоғамның ерекше қорғалатын мүдделері мен құндылықтарына төнетін қатерлерге барабар құқықтық ден қою мүмкіндігін береді» [18]. Парламент қалыптасқан жағдайларға және мақсатқа сайлылық қағидатына сүйене отырып, жаңа құқықтық нормаларды белгілеуге, сондай-ақ үнемі өзгеріп отыратын және серпінді қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудегі кемшіліктерді жоюға құқылы. Парламент қабылдаған заңдардың кері күші болуы мүмкін, егер бұл туралы шешім заңның өзінде немесе оны қолданысқа енгізу туралы қаулыда бекітілсе [26, 70-72 б.]. Президент Қ.К. Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» (2025) атты Қазақстан халқына Жолдауында жоғары өкілді биліктің алдағы саяси реформасын жариялады. Президент оны бұрынғы барлық өзгерістердің логикалық жалғасы ретінде атап өтті: Әділетті Қазақстанды құру бағыты, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» рухындағы билік пен азаматтардың ашық және адал диалогын қалыптастыру, «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы мен президенттік билік реформасы негізінде мемлекетті ауқымды жаңғырту стратегиясын азаматтардың басым көпшілігінің қолдауы. Президент жақын арада елімізде бір палаталы Парламент құру туралы ұсынысын жариялады.

Парламент құрылымының эволюциялық дамуы, электоралдық архитектура реформалары, келісу рәсімдері мен парламенттік тыңдаулар институтының рөлін арттыру, сондай-ақ конституциялық заңдарды қабылдаудың жаңа моделі – Қазақстанның заманауи жоғары өкілді органының басты сипаттамалары.

Анықтамалықта Қазақстан Республикасындағы өкілді биліктің қалыптасу, даму, жетілдіру және өзгеру процесін сипаттайтын ресми материалдар ұсынылған.

Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жергілікті өкілді органдар

Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін құру – тұтастай алғанда мемлекеттік басқарудың маркері.

Жергілікті мемлекеттік басқару – бұл аталған органдардың тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізуге, оны тиісті Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен белгіленген құзырет шегінде дамытуға, сондай-ақ тиісті аумақтағы істердің тиісті жай-күйін қамтамасыз етуге бағытталған қызметі. Жергілікті өкілді орган (мәслихат) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын, сондай-ақ олардың

жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган (1-бап, 11-тармақша) [27]. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды (88-бап) [5]. Әкімшілік реформа жергілікті өкілді органдарға бюджет және атқарушы органдардың қызметін бақылау мәселелерінде көбірек өкілеттіктер берді, бұл жергілікті жерлердегі жауапкершілікті арттырады және мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандырудың жүргізіліп жатқанын куәландырады.

Анықтамалықта жергілікті өкілді органдардың қалыптасу тәртібі, құзыреттері, ұйымдастырылуы мен қызметі, құқықтық жағдайы туралы ресми ақпарат ұсынылған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі

Үкімет қызметінің ішкі ұйымдастырылуы Регламентпен (2023) реттеледі [28]. Премьер-Министр мен Республика Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдамалық және ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз етуді Республика Үкіметінің Аппараты жүзеге асырады (25-бап). Республика Үкіметінің Аппаратын құру, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін, оның құқықтық жағдайын, сондай-ақ Республика Үкіметі Аппаратының басшысын және өзге де мемлекеттік қызметшілерін лауазымдарға тағайындау және лауазымдардан босату тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасы айқындайды.

Үкіметтің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін Республика Үкіметінің жанынан комиссиялар, кеңестер және өзге де консультативтік-кеңесші органдар құрылады (26-бап).

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру және оңтайландыру қажеттілігі мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыруға бағытталған әкімшілік реформаны жүргізуді талап етті. Үкіметке экономикалық саясатты іске асыру жауапкершілігін, ал мемлекеттік органдардың (министрлер мен әкімдердің) басшыларына нақты түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін дербес жауапкершілікті бекіте отырып, салалық шешімдерді дайындау және орындау жөніндегі өкілеттіктерді жүктеу көзделді [29]. Осылайша, «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (2024) [30], сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2023) [31] қабылданды. Олар заңнамалық деңгейде құзыреттерді белгілеу бөлігінде мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруды және мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиясыздандыруды көздейді.

Анықтамалықта салалық мемлекеттік органдарының, қызметтің жетекшілік ететін салаларының қалыптасуын, өзгеруін бейнелейтін ақпараттық деректер қамтылған.

Мемлекеттік биліктің атқарушы тармағын құрайтын органдарға мемлекеттік басқаруды және атқарушы биліктің өзге де функцияларын жүзеге асыру бойынша мемлекеттік-биліктік өкілеттіктер берілген. Үкімет – Президент құратын алқалы орган және Конституция бойынша атқарушы билік органдарының жүйесін басқарады, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Үкіметтің құрылымын министрліктер құрайды.

Қазіргі заманғы атқарушы биліктің қалыптасуы 1990-шы жылдардың екінші жартысында басталды. Ол қазақстандық мемлекеттік институттардың құрылуымен қатар жүрді. Президент атқарушы органдар жүйесін басқарған кездегі билік өкілеттіктерін шоғырландыру моделі біртіндеп орталықсыздандыруға көшті. Жоғары атқарушы билік пен жергілікті мемлекеттік басқару органдары арасында; Үкімет пен оны құрайтын мемлекеттік органдар арасында жауапкершілік салаларын бөлу; мемлекеттік және жеке салалар арасындағы құзыреттердің аражігін ажырату; мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру; аудан әкімдерін сайлау және басқа да шараларға бағыт алынды. Өзгерістер мемлекеттік қызметшілер корпусын қалыптастыру қағидаттарына да қатысты болды. Меритократия қағидаты мемлекеттік қызметтің матрицасы деп жарияланды. Президент, Үкімет, Парламент және жергілікті билік арасындағы өкілеттіктерді бөлу мемлекеттік органдардың жаңа миссиясын қалыптастырады. Қазіргі жағдайдағы Қазақстанның бағыты атқарушы биліктен және оның атынан өкілдік ететін органдардан жоғары кәсібилікті талап

етеді. *Атқарушы билік тармағы органдарының трансформациялану кезеңдеріне Анықтамалықта шолу жасалған.*

Анықтамалықта орталық атқарушы органдарға – министрліктерге, түрлі ведомстволарға және басқаларға үлкен орын берілген. Министрлік – көптеген мемлекеттердің мемлекеттік аппараты жүйесінде тұрақты түрде орын алатын мемлекеттік басқарудың ең көне формаларының бірі. Министрліктердің саны үнемі өзгеріп отырады. Бұл органдар қоғамдық және мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешу мақсатында құрылады, реформаланады. Көптеген әлеуметтік мәселелерге дәстүрлі жауап – басқарушылық құрылым құру, оның бірі министрлік болып табылады [16].

Министрлік – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республиканың орталық атқарушы органы. Министрлік өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады (22-бап, 1-тармақ) [24].

Елде министрліктерді Президент құрады. Министрліктердің өкілеттік мерзімі шектелмеген. Ведомстволар (комитеттер), департаменттер, басқармалар министрліктердің функционалдық бөлімшелері болып табылады. Министрліктің құрылымын және оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді министр бекітеді. Министрліктің ведомстволары (комитеттері), департаменттері, басқармаларының жиынтығы оның аппаратын құрайды. Министрліктерде консультативтік-кеңесші органдар бар (22-бап) [24].

«Үкімет туралы» конституциялық заңға (1995) сәйкес ведомстволар құрылады. Ведомстволар – Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган.

Республиканың орталық атқарушы органының комитеті ведомство болып табылады. Оның өз аумақтық бөлімшелері болуы мүмкін. Оны тиісті орталық атқарушы орган басшысының ұсынуы бойынша Республика Үкіметі құрады, қайта ұйымдастырады және таратады. Ведомство басшысын тиісті орталық атқарушы органның басшысы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады. Ведомство Республиканың орталық атқарушы органының құзыреті шегінде реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыра алады. Сондай-ақ өз құзыреті шегінде орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатыса алады. Ведомствоның құрылымын тиісті орталық атқарушы органның басшысы бекітеді. Ведомствоның құзыретін және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін осы ведомство құрылымына кіретін орталық атқарушы органның басшысы айқындайды (24-бап)[24].

Ведомстволардың өкілеттік мерзімі олар кіретін органдардың өкілеттік мерзімімен байланысты. Ведомстволар қызметін ұйымдастыру министрліктер қызметін ұйымдастыруға ұқсас.

Анықтамалықта Қазақстан Республикасы Үкіметінің, оның әртүрлі және көптеген салалық мемлекеттік органдарының – олардың құрылуы, таратылуы, қайта ұйымдастырылуы, құрылымы, қызметі, өкілеттіктері және т.б. туралы құқықтық және ұйымдастырушылық эволюциясы туралы ресми ақпарат қамтылған.

Жергілікті атқарушы органдар

Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – бұл облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган (1-бап, 4-тармақша) [27]. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, олардың қызметін ұйымдастыру мен тәртібі заңмен белгіленеді [27]. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатының тиісті аумақтың мүдделерімен және даму қажеттіліктерімен үйлесімде жүргізілуін қамтамасыз етеді (87-бап) [5].

Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа шеңберінде жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша (ішінара) өкілеттіктер берілді; жергілікті халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша облыстық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдар функцияларының бір бөлігі аудандық деңгейге берілді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды [32]. Өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен лауазымға тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ лауазымнан босатылады. Республика Президенті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін өз қалауы бойынша қызметінен босатуға құқылы (87-бап, 4-тармақ).

Мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметтен босату туралы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты – Республика Президентінің алдында, немесе өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты – жоғары тұрған әкімнің алдында мәселе қоюға құқылы [33].

Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін Қазақстан Республикасының Үкіметі не жоғары тұрған әкім, сондай-ақ сот тәртібімен жоя алады [26, 120-122 б.].

Аудан әкімдері мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің тікелей сайлануы саяси жүйенің трансформациялануына ықпал етеді. Бұл туралы Президенттің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» (2025) Жолдауында айтылды. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға сәйкес (2001), әкімді 25 жастан кем емес Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде төрт жыл мерзімге лауазымға сайлайды.

Анықтамалықта жергілікті атқарушы билік органдары туралы ресми ақпарат: құзыреті, олардың қызметін ұйымдастыру мен тәртібі, олардың өкілеттіктерінің шегі, сондай-ақ жұмыс істеуінің өзге де аспектілері қамтылған.

Қазақстан Республикасының Конституциялық юстициясы (конституциялық бақылау органдары)

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2022 жылғы 05 маусымдағы республикалық референдумда қабылданды) Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Республикасы Конституциясының VI бөлімі «Конституциялық Сот» деп аталды. Осыған байланысты бүкіл бөлім айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Конституциялық бақылау органының қызметін жаңғырту елдегі конституциялық реформалармен өзара байланысты болды. Конституциялық бақылау органдары қоғам мен мемлекет өмірін конституцияландыру процесінің қатысушылары ретінде әрекет етеді, Заңнамада заманауи жүйелі бастаулардың орнығуына ықпал етеді, жалпы танылған және ұлттық құндылықтарды мемлекеттік құрылыс пен құқықтық жүйеге енгізеді, сонымен бірге, адам, азамат, қоғам және мемлекет арасындағы өркениетті қатынастардың дамуын ынталандырады. Конституциялық бақылаудың квазисоттық органы – Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 1995 жылдан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін жұмыс істеді. Аталған квазисоттық орган тарихи кезеңде жүзеге асырған конституциялық юстицияның негізінде конституциялық бақылаудың француздық моделі алынды.

Конституциялық Кеңес билік тармақтары органдарының бірыңғай жүйесіне кірмеді, сот билігі органдарына жатпады және жалпы юрисдикция соттары үшін кассациялық немесе қадағалау сатысы болмады. Конституциялық Кеңестің Төрағасы конституциялық реформалардың жұмыс топтарының мүшесі болды. Конституциялық Кеңестің өкілдері Президент жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің отырыстарына қатысып отырды. Конституциялық Кеңестің шешімдерінде қамтылған заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды уәкілетті мемлекеттік органдар қабылданған шешім туралы Конституциялық Кеңеске міндетті түрде хабарлай отырып, міндетті түрде қарауға тиіс болды. Үкімет Регламентіне сәйкес Үкіметтің ағымдағы және перспективалық заң жобалау жұмыстарының жоспарларын қалыптастыру кезінде

Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары ескерілуге; Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары мен жыл сайынғы жолдаулары ескеріле отырып әзірленуге тиіс болды. Конституциялық Кеңестің ұсынымдары мен ұсыныстарының императивті сипаты елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйіне ықпал етті.

2022 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (бұдан әрі – Конституциялық Сот) қабылданды [34]. Конституциялық Сот мемлекеттің бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді. Конституциялық Сот өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және азаматтарға, ұйымдарға, мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға тәуелсіз болады, Қазақстан Республикасының Конституциясын (1995) және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңды (2022) басшылыққа алады. Бұл соттардың немесе басқа да мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтаудан, зерттеуден және тексеруден тартынады [18]. Конституциялық Сотты ұйымдастыру және оның қызметінің тәртібі мәселелері бойынша Конституциялық Сот Конституциялық Соттың Регламентін және өзге де актілерді қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының нормативтік қаулылары ҚР заңнамасын Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдарына сәйкес келтіру үшін ҚР Үкіметіне және Парламентіне жіберіледі. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының нормативтік қаулылары қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, ҚР бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті болып табылады, түпкілікті және шағымдануға жатпайды. Нормативтік қаулылар қазақ және орыс тілдерінде ресми республикалық баспа басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында жарияланады.

Қазақстандағы конституциялық бақылаудың қазіргі жағдайы Қазақстандағы конституциялық бақылау органдары қызметінің рөлі мен кепілдіктерінің тұрақты түрде артып келе жатқанын көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жұмыс істеуі – қазақстандық конституционализмді және оның дәстүрлерін практикалық және теориялық тұрғыда нығайтудың пәрменді стратегиялық құралы. Бұл қазақстандық практиканы және позитивті конституционализм дәстүрлерін және оның әлемдік конституционалистер қауымдастығындағы оң имиджін қалыптастырады. Бірінші құрамдағы Конституциялық Соттың (1992 – 1995), Конституциялық Кеңестің (1996 – 2022), қолданыстағы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының сабақтастығы конституциялық-процестік реттеу тетігінің және конституциялық-құқықтық қатынастарды дамытудың нақты қозғаушы күшіне айналды.

Анықтамалықта Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының қалыптасу тәртібі, мәртебесі, құзыреттері және оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандары, қызметі туралы ресми мәліметтер қамтылған.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы (бұдан әрі – ОСК) – Қазақстан Республикасының тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік органы. ОСК Республиканың сайлау комиссияларының бірыңғай жүйесін басқарады.

Бұрын Қазақ КСР халық депутаттарын сайлау және кері шақырып алу жөніндегі Орталық сайлау комиссиясы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 22 қыркүйектегі Қаулысымен құрылған болатын. 1990-шы жылдардың басында ОСК құрамына және оның аппаратына бірнеше рет өзгерістер енгізілді. 1993 жылы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы құрылды. Қолданыстағы ОСК құрамы Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген тәртіппен құрылады.

ОСК – елдегі сайлау процесін реттейтін тәуелсіз орган. ОСК барлық деңгейдегі сайлауды ұйымдастыруға және өткізуге жауап береді. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісі, мәслихаттары депутаттарының, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын

дайындау мен өткізу кезінде, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын кері шақырып алу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді. Сонымен қатар, Республика азаматтарының еркін білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгілейді, сайлаудың ашықтығын қамтамасыз ете отырып, елдегі сайлау заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асырады. ОСК саяси тұрақтылықты нығайтуға жәрдемдеседі және мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы сенімді қарым-қатынастарды құруға ықпал етеді. ОСК-ның атқарушы органдардан тәуелсіздігі оған азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға және сайлау процесіне араласуды болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл демократиялық жүйенің маңызды аспектісі болып табылады. Сайлау құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуден басқа, Қазақстанның ОСК саяси процесте маңызды рөл атқарады.

Анықтамалықта Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қалыптасу, тағайындау тәртібі, қызметі және құзыреттері туралы ресми ақпарат қамтылған.

Қазақстан Республикасының соттары

Билік органдар жүйесінде сот органдарының функционалдық міндеті ерекше мемлекеттік қызметті – сот төрелігін жүзеге асыру болып табылады.

Сот арқылы қорғалуға және сот төрелігіне кедергісіз қол жеткізуге кепілдік Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының (1966) 2200А (XXI) қарарымен қабылданған, Қазақстан Республикасының Заңымен (2005) ратификацияланған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде қамтылған. Сот арқылы қорғалу құқығы абсолютті және иеліктен шығарылмайтын құқықтар мен бостандықтарға жатады, сонымен бірге басқа құқықтар мен бостандықтардың кепілі болып табылады және ешбір жағдайда шектелуге жатпайды (12-баптың 2-тармағы, 13-баптың 2-тармағы және 39-баптың 3-тармағы).

Келтірілген халықаралық-құқықтық және конституциялық ережеде мемлекет істің құзыретті, тәуелсіз және бейтарап сотта әділ әрі жариялы түрде қаралуын қамтамасыз етуге тиіс екендігі айқындалады.

Конституцияның 76-бабының 1-тармағына сәйкес сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және оның міндеті азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын орындауды қамтамасыз ету болып табылады. Соттар Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес (78-бап) [26].

Сот жүйесі ел аумағында сот төрелігін жүзеге асыратын өзара байланысты мемлекеттік органдар – соттардың жиынтығын білдіреді. Сот жүйесіне: Жоғары Сот, ҚР Конституциясына (1995), конституциялық заңнамаға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа да соттар кіреді (ҚР «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 3-бап, 1-тармағы). Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

Жоғары Сот жергілікті және басқа да соттардың қарауына жататын азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің қарауына жатқызылған сот істерін қарайды (81-бап) [18].

Облыстық және оларға теңестірілген соттар (астананың және республикалық маңызы бар қаланың қалалық соттары), аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот) жергілікті соттарға жатады.

Қазақстан Республикасында басқа да соттар, соның ішінде кассациялық, мамандандырылған соттар (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) құрылуы мүмкін. Кассациялық соттар (қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша) өңіраралық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президентімен құрылады (3-бап, 3-тармағының 3-1, 3-2 тармақшалары). Мамандандырылған соттарды облыстық немесе аудандық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады [25].

Сот жүйесін қайта құруға «ҚР сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» (2000) Конституциялық заңның қабылдануы ықпал етті. Бұл заң өткен тарихи кезеңде республика соттарының жұмыс тәртібі мен сот құрылысының негізгі элементтерін айқындаған нормаларды бекітті [25]. Соттардың дербестігіне кепілдіктер қамтамасыз етілді, судьялар қауымдастығының органдары қалыптастырылды. Заңнамалық база судьяның қоғамдық мәртебесіне, оның әлеуметтік мақсатына қатысты ескі тәсілдерді түбегейлі өзгертті, оған ешкімнің қол сұғушылығын болдырмау мен тәуелсіздігі қағидаттарын бекітті.

Конституцияның 75-бабының 2-тармағына сәйкес сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады [25]. Сот ісін жүргізу нысандарының азаматтық, қылмыстық және өзге де түрлерге конституциялық бөлінуі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде (2015), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (2014), Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (2014) және Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде (бұдан әрі – ӘРПК) (2020) іске асырылған.

Әкімшілік сот ісін жүргізуді ӘРПК-нің жеке бөлімі реттейді. Онда «адам – мемлекет» құқықтық қатынастарының ерекшелігін ескере отырып, сот талқылауының тәртібі, оған қатысушыларының құқықтары мен міндеттері, жекелеген санаттағы әкімшілік талаптарын қараудың ерекшеліктері, сот актілерін қайта қарау шарттары мен тәртібі, сондай-ақ сот бақылауының шаралары белгіленген [18].

Аталған нормативтік құқықтық актілер соттар үшін олардың мамандануы мен деңгейіне қарамастан, азаматтар үшін олардың жынысына, нәсіліне, ұлтына, әлеуметтік, мүліктік жағдайына және басқа да белгілеріне қарамастан, сот ісін жүргізудің бірыңғай қағидаларын белгілейді, олар сонымен бірге олардың әрбір нысаны үшін ерекше болып табылады. Процестік нормаларды мұндай саралау қажеттілігі құқықтық реттеу саласына және заң шығарушының сот ісін жүргізудің белгілі бір түрінің алдына қойған міндеттеріне негізделген [26, 86-89 б.].

Сот жүйесіне қоғамның сот билігіне деген жоғары сенім деңгейін қамтамасыз ету міндеті жүктелген, бұл, соның ішінде, судьяның ерекше мәртебесін бекіту арқылы жүзеге асырылады, ол шығарылатын шешімдердің әділдігіне, объективтілігіне және бейтараптығына күмән келтіруге жол бермейтін кәсібилік деңгейінің болуын білдіреді.

Анықтамалықта соттар мен сот жүйесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және Жоғары Сот Кеңесі туралы ресми ақпарат қамтылған.

Қазақстан Республикасының Адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық органдары

Қазақстан адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық тетіктердің рөлін нығайтты. Елде Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты толыққанды жұмыс істейді, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғаудың қосымша кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар үшін Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жүгінуді қолжетімді ету мақсатында өңірлерде омбудсменнің өкілдері тағайындалды.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіруге жәрдемдеседі және оларды ілгерілетуге ықпал етеді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді [5].

Осыған байланысты Анықтамалыққа алғаш рет жауапты мемлекеттік лауазым – Адам құқықтары жөніндегі уәкіл енгізілді. Бұл – адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, олардың сақталуы мен құрметтелуінің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленген мемлекеттік лауазым. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында адамның құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі (12-бап, 1-тармақ). Мемлекет бұл құқықтар мен бостандықтарды қорғауға және әркім үшін олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді, кез келген жағдаяттар бойынша кемсітушілікке тыйым салады (14-бап, 2-тармақ) [18].

Қазақстан Конституцияның 4-бабының 1-тармағы негізінде қолданыстағы құқықтың

құрамдас бөлігі болып табылатын халықаралық шарттар шеңберінде де адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Заңымен (2005) ратификацияланған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге (1966) сәйкес, мемлекет өз аумағындағы және оның юрисдикциясы аясындағы барлық адамдарға осы Пактіде танылатын құқықтарды құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Конституцияның 4-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттардың оның заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен шарттары оның заңнамасымен айқындалады. Қазақстан заңнамасында белгіленген тәсілдер негіз қалаушы халықаралық құқықтық актілердің ережелерімен үндеседі.

Конституциялық Сот өз шешімдерінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын кез келген шектеу заңмен қатаң айқындалып қана қоймай, сонымен бірге құқықтық анықтылық қағидатына – айқын, болжамды болуға және ерікті талқылауға жол бермеуге тиіс екенін дәйекті түрде атап өтеді [18].

Анықтамалықта ұсынылған ресми ақпарат Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына негізделген. Оларға Конституция нормалары, оған сәйкес келетін заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Республиканың Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары жатады (ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (22.06.05 республикалық референдумда қабылданды) [15].

Анықтамалық – бұл жария билік инфрақұрылымының атласы. Оның міндеті – қазақстандық мемлекеттік аппараттың трансформациялануының институционалдық-құқықтық векторларын тіркеу және көрсету: конституциялық құрылыс эволюциясының кезеңдерінен бастап, билік тармақтары теңгерімін институционалдық «қайта реттеуге» және мемлекеттің есептілік, сервистік және адамға бағытталу қағидаттарын тереңдетуге дейін.

Әдіснамалық тұрғыдан Анықтамалық Конституцияның, конституциялық және өзге де заңдардың, Президент пен Үкімет актілерінің ресми мәтіндеріне, ғылыми зерттеулерге, заңгер ғалымдардың доктриналық пікірлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Конституциялық Сотының нормативтік қаулыларына сүйенеді. Анықтамалық ХХІ ғасырдың бірінші ширегіндегі нормативтік новеллаларды мемлекеттік басқару практикасымен «салыстыруға», орнықты үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді: есептілікті институционалдандыру, жария әкімшілендірудің мағыналық бағдары ретінде адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, қызметтердің цифрлануы мен проактивтілігі, жаңа үлгідегі реттеушілер үшін негіз ретінде бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту. Оқырманның алдында – «актілер тізбесі» емес, институттардың құқықтық эволюциясының картасы. Ол Қазақстанның егеменді даму міндеттеріне сәйкес мемлекеттік билік органдарының архитектурасын қалай дәйекті түрде реттегенін көрсетеді: конституциялық құрылыс негізін нығайтудан – мемлекеттік аппарат қызметіндегі шешімдер қабылдаудың және олардың орындалуын бақылаудың нақты құқықтық механикасына дейін.

Анықтамалық мемлекет органдарының, мемлекеттік басқару институцияларының дамуының, мемлекеттік құрылыс практикасының және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани және саяси өзгерістерді жеделдетуге арналған мемлекеттік аппарат қызметінің түбегейлі жаңа бағыттарының қалыптасу шежіресіне айналды.

*Ш.В. Тлепина,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының
Ғылыми-консультативтік кеңесінің мүшесі*

- ¹ Ударцев С.Ф. Сапарғалиев Г.С. (1930 – 2010) / В кн.: Видные ученые-юристы Казахстана XX – начала XXI веков. Энциклопедический справочник. В трех частях. Ч. 1–3 (отдельными книгами) / Министерство образования и науки Республики Казахстан. Университет КАЗГЮУ / Под общей ред. д.ю.н., проф. С.Ф. Ударцева. Астана: Типография ДӘМЕ; ТОО «КазГЮУ Консалтинг», 2017. Часть 3. О – Я / Авторы: Ударцев С.Ф., Тлепина Ш.В., Ким К.В., Алимжан К., Сырых В.М.; Зинченко В.В., Даутбаева-Мухтарова А.Е., и др. Указатели: Тлепина Ш.В., Ударцев С.Ф. Астана: Типография ДӘМЕ; ТОО «КазГЮУ Консалтинг», 2017. – С. 63-68.
- ² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық / Жауапты редактор: В.Н. Шепель; Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. – Алматы: «Эдельвейс» баспа үйі, 2004. – 704 б.
- ³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (2001 – 2005 жж.). Анықтамалық. Екінші шығарылым / Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты; Жауапты редактор: В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» баспа үйі, 2007. – 640 б.
- ⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (2006 – 2011 жж.). Анықтамалық. Үшінші шығарылым / Жауапты редактор В.Н. Шепель; Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2012. – 430 б.
- ⁵ Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүгінген күні: 2025 ж. 1 қазан).
- ⁶ ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. ҚР 2020 ж. 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350> (жүгінген күні: 2025 ж. 1 қазан).
- ⁷ Бахрах Д.Н. Административное право. – М.: Изд-во БЕК, 1997. – С. 84.
- ⁸ Малиновский В.А. Президент Республики Казахстан: институт, функции и инструменты власти. ДДЮН. – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, 2004. – 318 с.
- ⁹ Тебаев Д.Б. Высшее должностное лицо государства в системе органов государственной власти // Пробелы в российском законодательстве. Публично-правовые (государственно-правовые) науки – Public Law (State Law). – 2022. – Т. 15. – №7. – С. 064-070.
- ¹⁰ Ударцев С.Ф. Учителя и коллеги. Из истории юридической мысли Казахстана XX – начала XXI вв.: Очерки и воспоминания. – Алматы: Раритет, 2011. – С. 35-40, 323.
- ¹¹ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2022 ж. 17 қыркүйектегі № 142-VII ҚРЗ ҚР Заңы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000142> (жүгінген күні: 2025 ж. 7 қазан).
- ¹² «Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 15 наурыздағы № 2121 қаулысы. ҚР Президентінің 1995 ж. 24 қарашадағы № 2656 Жарлығымен күші жойылды. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950002121_ (жүгінген күні: 2025 ж. 1 қазан).
- ¹³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 12 наурыздағы № 2896 Жарлығы. ҚР Президентінің 1996 ж. 18 қазандағы № 3144 Жарлығымен күші жойылды. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/U960002896_ (жүгінген күні: 2025 ж. 1 қазан).
- ¹⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісінің мәртебесі мен өкілеттіктері туралы, Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 14 маусымдағы № 927 Жарлығы //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000927> (жүгінген күні: 2025 ж. 1 қазан).
- ¹⁵ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 8 маусымдағы ҚР Заңы. 2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда қабылданды (республикалық референдумның қорытындылары туралы ресми хабарлама «Егемен Қазақстан» 08.06.2022 ж. № 107 (30336) газетінде, «Казахстанская правда» 08.06.2022 ж. № 107 (29734) газетінде жарияланды) //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K> (жүгінген күні: 2025 ж. 1 қазан).
- ¹⁶ Административное право: учебный курс / под ред. Р.А. Подопригоры. – Алматы: Налоговый эксперт, 2010. – С. 131.
- ¹⁷ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізбесі. 2-қосымша. «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 11 наурыздағы № 552 Жарлығымен бекітілген. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000552> (жүгінген күні: 2025 ж. 1 қазан).
- ¹⁸ Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 26 ақпандағы № 67-НҚ нормативтік қаулысы. // ҚР Конституциялық Сотының ресми интернет-ресурсі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/804043?lang=kk> (жүгінген күні: 2025 ж. 23 қыркүйек).
- ¹⁹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы» 1995 ж. 3 қазандағы № 2483 ҚР Заңы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002483_ (жүгінген күні: 2025 ж. 2 қазан).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/doc/18098/kaz> (жүгінген күні: 2025 ж. 1 қазан).
- ²¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 ж. 30 наурыздағы № 2155 ҚР Заңы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002155_ (жүгінген күні: 2025 ж. 2 қазан).
- ²² «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының құрылымы туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 18 тамыздағы № 1167 Жарлығы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001167_ (жүгінген күні: 2025 ж. 2 қазан).

²³ «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР 1995 ж. 16 қазандағы № 2529 Конституциялық заңы //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002529> (жүгінген күні: 2025 ж. 7 қазан).

²⁴ «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 ж. 18 желтоқсандағы № 2688 ҚР Конституциялық Заңы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002688_ (жүгінген күні: 2025 ж. 7 қазан).

²⁵ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132 ҚР Конституциялық Заңы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132_/history (жүгінген күні: 2025 ж. 7 қазан).

²⁶ Нормативное постановление Конституционного Совета РК от 10 марта 1999 г. № 2/2-НП. // Сборник нормативных постановлений Конституционного Совета / Составители: Нурмуханов Б.М., Бадалиев М.К., Тасбулатов Н.Ж., Аханова С.М. – Нур-Султан, 2019. – 518 с. (четвертое издание).

²⁷ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 ж. 23 қаңтардағы № 148 ҚР Заңы (2025 ж. 15 қыркүйектегі жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/doc/7966/kaz> (жүгінген күні: 2025 ж. 3 қазан).

²⁸ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 6 қаңтардағы № 10 қаулысы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000010> (жүгінген күні: 2025 ж. 6 қазан).

²⁹ Административная реформа: какие изменения ждут государственные органы в Казахстане? URL: <https://dknews.kz/ru/ekonomika/308156-administrativnaya-reforma-kakie-izmeneniya-zhdut> (жүгінген күні: 2025 ж. 6 қазан).

³⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 ж. 5 шілдедегі № 109-VIII ҚРЗ ҚР Конституциялық Заңы //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000109/info> (жүгінген күні: 2025 ж. 8 қазан).

³¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 ж. 19 сәуірдегі № 223-VII ҚРЗ ҚР Заңы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z23000000223> (жүгінген күні: 2025 ж. 8 қазан).

³² «Облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттарының облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің лауазымына тағайындауға келісім беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 8 маусымдағы № 912 Жарлығы (2023 ж. 12 сәуірдегі өзгерістермен) //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U22000000912> (жүгінген күні: 2025 ж. 8 қазан).

³³ «Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 26 қарашадағы № 7 Жарлығы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U22000000007> (жүгінген күні: 2025 ж. 8 қазан).

³⁴ «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 ж. 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ ҚР Конституциялық Заңы. //«Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z22000000153> (жүгінген күні: 2025 ж. 30 қыркүйек).

Қысқарған сөздер тізімі

АДБ	- Азия Даму банкі
Агробизнес	- Аграрлық бизнес
ААІЖ	- Автоматтандырылған ақпараттық іздестіру жүйесі
Алматыреставрация	- Алматы мамандандырылған ғылыми-жөндеу өндірістік қалпына келтіру басқармасы
АҚ	- Акционерлік қоғам, архивтік қор
АҚЖ	- Ақпараттық-құқықтық жүйесі
АӨК	- Аграрлық-өнеркәсіптік кешені
Ауылшаруамині	- Ауыл шаруашылығы министрлігі
АХАТ	- Азаматтық хал актілерін тіркеу
Әділетмині	- Әділет министрлігі
ӘКБО	- Әскери контрбақылау органдары
Ауылшаруашылықкәсіпорны	- Ауыл шаруашылығы кәсіпорны
б.	- бет, бөлім
БАҚ	- Бұқаралық ақпараттар құралдары
Бас архивтер басқармасы	- Архивтер мен құжаттама бас басқармасы
Басбасқарма	- Бас басқарма
Басатомқадағалау	- Атом-өнеркәсіптік кешені кәсіпорындарында қауіпсіз жұмыс жүргізілуін және радиоактивті қалдықтардың тасымалдауын қадағалау жөніндегі бас басқарма
БЕО	- Бас есептеу орталығы
БСҰ	- Бүкіләлемдік сауда ұйымы
БҮ	- Баспа үйі
БҰҰ	- Біріккен ұлттар ұйымы
Бухесеп	- Бухгалтерлік есеп
Геомині	- Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі
Гидрометқамтамасызету	- Гидрометеорологиялық қамтамасыз ету
Гкал	- Гигакалория
ҒА	- Ғылым академиясы
ҒАА	- Ғылыми-анықтамалық аппарат
ҒЗИ	- Ғылыми-зерттеу институты
ҒТҚОА	- Ғылыми-техникалық құжаттамалар орталық архиві
Ғылыммині	- Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі
Ғылыммині	- Ғылым министрлігі

Денсаулық сақтау министрі	- Денсаулық сақтау министрлігі
ЕурАзЭҚ	- Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы
Еңбекмині	- Еңбек министрлігі
ж., жж.	- жыл, жылдар
ЖАК	- Жоғары аттестациялық комиссия, Жоғары аттестациялық комитет
ЖАҚ	- Жабық акционерлік қоғам
ЖБК	- Жоғары біліктілік комиссиясы
Жерресурском	- Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет
ЖШС	- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭО	- Жылу электр орталығы
і.	- іс
кВт.	- киловатт
Кеденком	- Кеден комитеті
Компартия ОК	- Коммунистік партиясының Орталық Комитеті
КОПК ОК	- Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті
КСРО	- Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
КСРО Мемгеодезиясы	- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы
Көлікмині	- Көлік министрлігі
Көліккоммині	- Көлік және коммуникациялар министрлігі
КФҚДЖ ОМА	- Кинофото құжаттары мен дыбыс жазу орталық мемлекеттік архиві
қ.	- қала, қор
ҚАА	- Қазақ ақпараттық агенттігі
ҚААБ	- Қазақ азаматтық авиация басқармасы
ҚАЖД	- Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
Қазақбалықшаруа	- КСРО Балық шаруашылығы министрлігінің балық қорларын қорғау, ұлғайту және балық аулауды реттеу жөніндегі қазақ бассейндік басқармасы
Қазақинстрах	- Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі «Қазақинстрах» мемлекеттік компаниясы
Қазақпараторталық	- Республикалық ақпаратты-баспа орталығы
Қазақстанэнерго	- «Қазақстанэнерго» мемлекеттік электроэнергетикалық компаниясы
Қазақтелеком	- «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы
КазАСҚМА	- ҚР Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі
Қазастықөнім	- «Қазастықөнім» қазақ мемлекеттік-акционерлік концерні

Қазаэрожоба	- Қазақ мемлекеттік азаматтық авиациясының жобалау-іздістіру және ғылыми-зерттеу институты
Қазәскеритехимпекс	- «Қазәскеритехимпекс» республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Қазбалықкомитет	- Балық шаруашылығы жөніндегі комитет
Қазбалыққорғау	- Балық шаруашылығы су тоғандардағы балық қорын қорғау және табиғатты пайдалануды бақылау жөніндегі бас басқарма
Қазбасжануарқорғау	- Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарма
Қазбаскино	- Кинематография жөніндегі бас басқармасы
Қазбасмемсараптама	- Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама бас басқармасы
Қазбасстандарт	- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқармасы
Қазбиоресурс	- Биологиялық ресурстарды қорғау, ұлғайту және пайдалану жөніндегі бас басқармасы
Қазгеодезия	- Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы
Қазгидромет	- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы
Қазпатент	- Қазақстан Республикасы Ұлттық патент ведомствосы
Қазмемқарантин	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекциясы
Қазреставрация	- «Қазреставрация» республикалық мамандырылған шаруашылық есепті шеберхана бірлестігі
ҚАҒТАО	- Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылыми техникалық ақпарат орталығы
ҚАКСР	- Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚРПА	- Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві
ҚазТАГ	- Қазақ мемлекеттік ақпараттық агенттігі
Қазорманкомитет	- Орман шаруашылығы комитеті
Қазсыртқыэкономбанкі	- Қазақ республикалық Сыртқы экономикалық қызмет банкі
Қаржымині	- Қаржы министрлігі
ҚБМК	- Қаржы бақылау мемлекеттік комитеті
ҚЗТОМА	- Қазіргі заман тарихының орталық мемлекеттік архиві
Қорғанысөнеркәсіпкомы	- Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚРЗ	- Қазақстан Республикасының Заңы

ҚРКЗ	- Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы
ҚР ПУАЖ	- Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы
Құрылысмині	- Құрылыс министрлігі
ҚХП	- Қазақстан халық партиясы
ҚырАКСР	- Қырғыз Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы
м.а.	- Міндетін атқарушы
МАК	- Мемлекеттік аттестациялық комитет
Мемавиарегистрі	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік авиациялық регистрі
Мемжеркомы	- Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті
Мемауылтехқадағалау	- Машина-трактор паркінің техникалық жағдайын қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы
Мембайланысқадағалау	- Байланыста бақылау жасау басқармасы
Мембанк	- Мемлекеттік банк
Меминспекция	- Мемлекеттік инспекция
Мемкеденкомы	- Мемлекеттік кеден комитеті
Мемкенқадағалау	- Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитет
Мемкинокомпания	- Мемлекеттік кинокомпания
Мемкірісминистрлігі	- Мемлекеттік кірістер министрлігі
Мемкомитет	- Мемлекеттік комитет
Мемкомпания	- Мемлекеттік компания
Мемқадағалау	- Қазақстан Республикасы Азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиациялық инспекциясы
Мемқалакадастр	- мемлекеттік қала құрылысы кадастры
Мемқұрылыслицензия	- Сәулет қала құрылысы қызметін лицензиялау мемлекеттік орталығы
Мемқызметші	- мемлекеттік қызметші
Мемқызмет	- мемлекеттік қызмет
Меморган	- мемлекеттік орган
Мемрезерв	- Мемлекеттік резервтер жөніндегі мемлекеттік комитет
Мемсақтандыруқадағалау	- Мемлекеттік сақтандыру қадағалауы
Мемсанэпидқызмет	- Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет
Мемсараптау	- Жобаларды ведомстводан тыс мемлекеттік сараптау
Мемсаудаинспекциясы	- Мемлекеттік сауда инспекциясы
Мемсәулетқұрылыс	- Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік

	комитет
Мемсәулетқұрылысбақылау	- Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы
Мемсәулетқұрылысінспекция	- Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы
Мемстандарт	- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
Мемстатком	- Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитет
МҚК	- Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті
МККБ	- Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармалары
МТК	- Мемлекеттік тергеу комитеті
Мемтапсырыс	- Мемлекеттік тапсырыс
Мемтелерадиокомпания	- Қазақстан мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы
Мемтұқыминспекция	- Мемлекеттік тұқым инспекциясы
Мемэкономкомитет	- Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті
Мемэнергоқадағалау	- Мемлекеттік энергетикалық қадағалау
Мемэнергиясараптама	- Мемлекеттік энергетикалық сараптама
млн.	- миллион
МО ЭҚЖ	- Мемлекеттік органдардың электронды құжаттар жүйесі
МҚКБ	- Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасы
Обком	- Облыстық комитет
ОАҚР	- Мемлекеттік архивтердің құжаттық материалдарын микрофильмге түсіру және қалпына келтіру жөніндегі орталық зертхана
ОМА	- Орталық мемлекеттік архив
Оралкаспбалықаулау	- КСРО Балық шаруашылығы министрлігінің Балық қорларын қорғау, ұлғайту және балық аулауды реттеу жөніндегі Орал-Каспий бассейндік басқармасы
Орманбалықаңкомы	- Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті
Ортсайлауком	- Орталық сайлау комиссиясы
ӨПБ	- Өндірістік-пайдалану бірлестігі
ӨПК	- Өндірістік-пайдалану кәсіпорны
РЖҚО	- Республикалық жедел құтқару отряды
РМК	- Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
РМҚК	- Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
РММ	- Республикалық мемлекеттік мекеме
РФ	- Ресей Федерациясы

Санэпидмекеме	- Санитарлық эпидемиологиялық мекеме
СІМ	- Сыртқы істер министрлігі
Статмемком	- Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитет
Суданқұтқаруорталығы	- Республикалық судан құтқару орталығы
Суресурскомы	- Су ресурстары жөніндегі комитет
Суресурсмемкомы	- Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитет
СЭБМ	- Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі
т.	- тізімдеме, тармақ
ТЖМК	- Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссия
ТМД	- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТРК	- Телерадиокомпания
Тұрғынқұрылысбанк	- Тұрғын-үй құрылыс банкі
ҰАҚ	- Ұлттық архивтік қоры
ҰҒА	- Ұлттық ғылым академиясы
ҰҚК	- Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҰСМК	- Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті
Ұлттық агенттік	- Ұлттық агенттік
Ұлттық банк	- Ұлттық Банк
Ұлттық статистика агенттік	- Ұлттық статистикалық агенттігі
ҰҚШҰ	- Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы
Халкомат	- Халық комиссариаты
Халық ағартукомы	- Халық ағарту комитеті
ХҚО	- Халыққа қызмет көрсету орталығы
ШАРБ	- Шаруашылық басқармасы
шығ.	- шығарылым
ІМ	- Ішкі істер министрлігі
ІСХК	- Ішкі істер халық комиссариаты
Экобиоресурсмині	- Экология және биоресурстар министрлігі
Экология мемкомы	- Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті
Экономсаудамині	- Экономика және сауда министрлігі
Эксимбанк	- Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі
Энергоқадағалау мемком	- Энергетикалық қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті
ЮНЕСКО	- БҰҰ білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
ЮНИСЕФ	- БҰҰ Балалар қоры

I

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

Қазақстан Республикасының Президенті

1990 ж. 24 сәуірде «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңы) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңы қабылданды¹.

Осыған орай Қазақ КСР Конституциясы Президенттің мәртебесі мен өкілеттігі алғаш рет айқындалған «Қазақ КСР Президенті» жаңа тараумен толықтырылды.

Қабылданған Заңға сәйкес Қазақ КСР Президенті Қазақ КСР басшысы болып табылды. Қазақ КСР-інің отыз бес жасқа толған және алпыс бес жастан аспаған, Қазақ КСР аумағында кемінде он жыл тұрақты тұрған, қазақ және орыс тілдерін білетін азаматы Қазақ КСР Президенті болып сайлана алды. Бір адам қатарынан екі мерзімнен артық Қазақ КСР Президенті бола алмады.

Қазақ КСР Президентін Қазақ КСР-інің азаматтары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлады. Қазақ КСР Президенті бір мезгілде Қазақ КСР немесе Халық депутаттары жергілікті кеңесінің халық депутаты бола алмады.

Қазақ КСР Президентінің мынадай өкілеттіктері айқындалды: республика аумағында тұратын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, Қазақ КСР Конституциясы мен заңдарының сақталуына кепіл болады; республиканың егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын қорғау жөнінде қажетті шаралар қолданады; одақтық шарттың сақталуын қамтамасыз етеді; елдің ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының өкілі болып табылады; Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының КСРО Федерациясы Кеңесіндегі өкілі болып табылады; Қазақ КСР жоғары мемлекеттік билік пен басқару органдарын өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді; республикадағы жағдай туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне жыл сайын баяндама жасайды және Қазақ КСР-інің ішкі саяси және сыртқы саяси қызметінің неғұрлым маңызды мәселелері туралы ұдайы хабарлап отырады; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы, Қазақ КСР Халықтық бақылау комитетінің төрағасы, Қазақ КСР *Жоғарғы Сотының* төрағасы, Қазақ КСР Бас мемлекеттік арбитры қызметіне кандидатураларды ұсынады; аталған лауазымды адамдарды, Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасынан басқаларын міндеттерінен босату туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне ұсыныс енгізеді; Қазақ КСР Министрлер Кеңесін орнынан түсіру туралы не оның орнынан түсуін қабылдау туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің алдына мәселе қояды; Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының келісуі бойынша Қазақ КСР *Үкіметінің* мүшелерін қызметінен босатады және оларды тағайындайды, кейіннен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне ұсынады; Қазақ КСР заңдарына қол қояды; қайта талқылау және дауыс беру үшін өзінің қарсы пікірлерін жазып, заңды екі апта мерзімнен кешіктірмей Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне қайтаруға құқылы; Қазақ КСР-інің мүдделерін қозғайтын КСРО заңдарының КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясына сәйкестігі туралы КСРО Конституциялық қадағалау комитетіне ұсыныс енгізеді; КСРО Министрлер Кеңесінің Қазақ КСР-інің мүдделеріне қайшы келетін қаулылары мен жарлықтарының қолданылуын тоқтата тұру туралы КСРО Президентіне өтініш жасайды; КСРО Министрлер Кеңесіне оған қарасты басқару органдарының Қазақ КСР-інің мүдделеріне қайшы келетін актілеріне наразылық білдіреді және наразылық білдірілген актілердің Қазақ КСР аумағында қолданылуын тоқтатады; Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары мен жарлықтары, Қазақ КСР министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің актілері Қазақ КСР Конституциясына және Қазақ КСР заңдарына сәйкес келмеген ретте олардың қолданылуын тоқтатады, келіссөздер жүргізеді және Қазақ КСР-інің халықаралық шарттарына қол қояды; өзінде тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақыру грамоталарын қабылдайды; Қазақ КСР-інің шет мемлекеттердегі және халықаралық ұйымдар жанындағы дипломатиялық өкілдерін тағайындайды және кері шақырып алады; Қазақ КСР-інің құрметті атақтарын береді және Қазақ КСР-інің мемлекеттік марапаттарымен марапаттайды; Қазақ КСР-інің азаматтығына қабылдау, пана беру мәселелерін шешеді; Қазақ КСР соттары соттаған азаматтарға кешірім беруді жүзеге асырады; Қазақ КСР азаматтарының

қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдай енгізіп, қабылданған шешімді Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне дереу табыс етеді.

Қазақ КСР Президенті жанында Қазақ КСР Президентінің Кеңесі жұмыс істеді, оның міндеті Қазақ КСР-нің ішкі саяси және сыртқы саяси қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлеу, республиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылды. Президент Кеңесінің мүшелерін Қазақ КСР Президенті тағайындайды. Президент Кеңесінің құрамына Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы лауазымы бойынша кіреді. Президент Кеңесінің мәжілістеріне Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы қатысуға құқылы.

Қазақ КСР Президенті қол сұғылмаушылық құқығына ие болды. Президент Қазақ КСР Конституциясын бұзған ретте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР Конституциялық қадағалау комитетінің қорытындысын ескере отырып, Қазақ КСР халық депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі дауысымен Қазақ КСР Президентіне сенімсіздік білдіріп және оны орнынан түсіру туралы халықтық дауыс беру (референдум) өткізу жөнінде мәселе қоюға құқығы болды.

Осы заңмен Қазақ КСР Президентінің орынбасары лауазымы енгізілді. Ол Қазақ КСР Президентінің уәкілдік беруі бойынша оның жекелеген функцияларын орындады және Президент жоқ кезде немесе Президенттің міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған ретте оның қызметін атқарды.

Егер Қазақ КСР Президенті қандай да бір себептермен өзінің міндеттерін одан әрі атқара алмайтын болса, Қазақ КСР-інің жаңа Президенті сайланғанға дейін оның өкілеттігі Қазақ КСР Президентінің орынбасарына, ал егер бұл мүмкін болмаса – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасына ауысты. Бұл орайда Қазақ КСР-інің жаңа Президентін сайлау үш ай мерзім ішінде өткізілуі тиіс болды.

Қазақ КСР-інің бірінші Президенті мен оның орынбасарын Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі алты жыл мерзімге сайлайтындығы белгіленді.

1990 ж. 20 қарашада қабылданған «Қазақ КСР-нда мемлекеттік билік пен басқару құрылымдарын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға² сәйкес Қазақ КСР Президенті Қазақ КСР жоғары атқарушы және өкімші билік басшысы болып табылды.

Қазақ КСР Президентінің ұсынысымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сайлаған Қазақ КСР Вице-президенті лауазымы құрылды. Қазақ КСР Вице-президенті Қазақ КСР Президентінің уәкілдік беруі бойынша оның жекелеген функцияларын орындады және Президент жоқ кезде немесе Президенттің міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған ретте оның қызметін атқарды. Егер Қазақ КСР Президенті нендей бір себептермен өзінің міндеттерін одан әрі атқара алмайтын болса, Қазақ КСР-інің жаңа Президенті сайланғанға дейін оның өкілеттігі Қазақ КСР Вице-президентіне, ал егер бұл мүмкін болмаса – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасына ауысатын болды.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Қазақ КСР Министрлер Кабинеті болып қайта құрылды. Заң бойынша Қазақ КСР Премьер-Министрі мен Қазақ КСР мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік және мәдени құрылыстың негізгі бағыттары жөніндегі мемлекеттік кеңесшілер қызметтері құрылды.

Қазақ КСР Министрлер Кабинетін Қазақ КСР Президенті Қазақ КСР Премьер-Министрі, министрлері, Қазақ КСР мемлекеттік комитеттер төрағалары құрамында құрды. Қазақ КСР Президенті Қазақ КСР Министрлер Кабинеті құрамына Қазақ КСР мемлекеттік кеңесшілерін, Қазақ КСР-дің басқа да органдары мен ұйымдарының басшыларын енгізуге құқықты болды. Қазақ КСР Премьер-Министрі мен Министрлер Кабинетінің құрамын Қазақ КСР Президентінің ұсынысы бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі бекітті.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Президиумы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасының бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары лауазымдары, Қазақ КСР-дегі халықтық бақылау органдары таратылды.

Қазақ КСР мемлекеттік билік және басқару органдарының құрылымындағы өзгерістерге байланысты Республика Президентінің өкілеттігі келесі функциялармен толықтырылды: Қазақ КСР Президенті Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қызметіне басшылық етеді; Қазақ КСР

Министрлер Кабинетінің Премьер-Министрін тағайындайды және оны Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне бекітуге ұсынады; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне КСРО Бас прокурорымен келісілген Қазақ КСР Бас прокурорының кандидатурасы мен Қазақ КСР Бас прокуроры орынбасарларының кандидатураларын Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне ұсынады; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Төрағасы қызметіне кандидатуралар ұсынады, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Төрағасынан басқа аталған лауазымдарды міндетінен босату туралы ұсыныс енгізеді; облыстық және Алматы қалалық Халық депутаттары кеңестерінің төрағаларын олар өздерінің қызметтік міндеттерін тиісті орындамаған немесе әдепсіз қылықтар жасаған жағдайларда мерзімінен бұрын қызметтерінен босатады; Жоғарғы Кеңес алдына Қазақ КСР Министрлер Кабинетін отставкаға жіберу немесе отставкасын қабылдау туралы мәселе қояды, Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің мүшелерін қызметінен босатады және тағайындайды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне бекітуге ұсынады; Қазақ КСР министрліктерін, мемлекеттік комитеттері мен басқа да мемлекеттік басқару органдарын құрады және таратады. Басшылары Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің құрамына кіретін Қазақ КСР мемлекеттік басқару органдарын құру мен тарату туралы шешімдер Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне ұсынылады; Қазақ КСР Министрлер Кабинеті қаулылары, Қазақ КСР Министрлер Кабинеті Премьер-Министрінің өкімдері, министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар актілері Қазақ КСР Конституциясы мен Қазақ КСР заңдарына сәйкес келмеген жағдайда олардың күшін жояды немесе тоқтатады; құқықтық саясатты айқындайды және құқық қорғау қызметіне басшылық етеді.

Қазақ КСР Президенті жанында консультативтік-кеңесші орган – Республика Кеңесі қызмет етті, міндеті Қазақ КСР-інің ішкі және сыртқы саяси қызметінің негізгі бағыттарын іске асыру бойынша кепілдемелер дайындау болып табылды. Республика Кеңесінің құрамына Қазақ КСР Вице-президенті, Қазақ КСР Премьер-Министрі, облыстар мен Алматы қалалық Халық депутаттары кеңесінің төрағалары, сондай-ақ Қазақ КСР Президенті тағайындаған өзге де тұлғалар лауазымдары бойынша кірді.

1991 ж. 25 тамызда «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңы қабылданды³.

Қазақ КСР Президентінің құзіретіне қосымша өкілеттіктер жатқызылды: Қазақ КСР Президенті қажет болған жағдайда Қазақ КСР аумағында орналасқан одақтың бағыныстағы ұйымдардың, кәсіпорындардың бірінші басшыларын тағайындайды және оларды қызметтен босатады; Қазақ КСР Қауіпсіздік кеңесін басқарады, Қауіпсіздік кеңесінің мүшелерін тағайындайды; егер одақтық органдардың шешімдері Қазақ КСР заңдарына және жоғары атқарушы өкімет актілеріне қайшы келетін болса, олардың орындалуын тоқтата тұрады; Қазақ КСР аумағында орналасқан барлық ішкі әскерлерге басшылықты жүзеге асырады.

Қазақ КСР Президентінің өкілеттігі конституциялық рәсімдер сақтала отырып, ол отставкаға шыққан жағдайда, сондай-ақ өзге де себептермен өз өкілеттігін жүзеге асыруы мүмкін болмаған реттерде тоқтатылады. Соңғы жағдайда Қазақ КСР Президентінің өз міндеттерін жүзеге асыруы мүмкін еместігі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Қазақ КСР Президенті сайланғанға дейін оның өкілеттігі, Қазақ КСР Конституциясының 114-3 бабында (облыстар мен Алматы қалалық Халық депутаттары кеңесі төрағаларын қызметтерінен мезгілінен бұрын босату; Қазақ КСР министрліктерін, мемлекеттік комитеттері мен басқа да мемлекеттік басқару органдарын құру және тарату; сондай-ақ Қазақ КСР заңдарына қол қою процедурасы) Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Қазақ КСР Вице-президентіне, ал егер бұл мүмкін болмаса – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасына беріледі.

1991 ж. 16 қазанда «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» Қазақ КСР Заңы қабылданды⁴. Заңның 1-бабына сәйкес Қазақ КСР Президентін Қазақ КСР азаматтары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлады. Қазақ КСР Президенті болып Қазақ КСР отыз бес жасқа толған және алпыс бес жастан аспаған, Қазақ КСР аумағында кемінде он жыл тұрақты тұрған, қазақ және орыс тілдерін меңгерген азаматы сайлана алды. Бір адам қатарынан екі мерзімнен артық Қазақ КСР Президенті бола алмады.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Қазақ КСР Президентін сайлау 1991 ж. 1 желтоқсанына белгіленді⁵. Сайлау қорытындысын шығарғаннан кейін Қазақ КСР-інің тұңғыш жалпы халық сайлаған Президенті Н. Ә. Назарбаев болды.

1991 ж. 10 желтоқсанда «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР Заңымен Қазақ КСР Қазақстан Республикасы (ҚР) болып қайта аталды⁶.

ҚР Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметке кірісуі туралы» қаулы қабылдады⁷, оған сәйкес Н. Ә. Назарбаев 1991 ж. 10 желтоқсаннан бастап ҚР Президенті қызметіне кірісті деп есептелді.

1991 ж. 16 желтоқсанда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР Конституциялық заңына⁸ қол қойды, заң бойынша ҚР Президентінің мәртебесіне және республиканың мемлекеттік билік органдарының барлық жүйесіне айтарлықтай өзгертулер енгізілді. Осы Заңға сәйкес ҚР-да мемлекеттік билік органдары оның заң шығарушы, атқарушы және сот болып бөлінулері қағидасынан келіп құрылды. Республика халқының атынан сөйлеу құқығы ҚР Жоғарғы Кеңесі мен ҚР Президентіне берілді. Заң шығару билігін ҚР Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырды. ҚР мен оның атқарушы билік органдарының басшысы Президент болып табылды. Сот билігі ҚР Жоғарғы Соты мен Жоғары төрелік сотына берілді. Конституцияны соттық қорғау жоғары органы ҚР Конституциялық Соты болып табылды.

1993 ж. 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңес сессиясында Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды, онда алғаш рет «Президент» жеке тарауы берілді⁹.

Конституцияның 75-бабына сәйкес ҚР Президенті мемлекеттің басшысы болып табылды және республиканың атқарушы өкімет билігінің біртұтас жүйесін басқарды, сондай-ақ республика азаматтарының құқығы мен бостандықтарының, Конституциясы мен заңдарының сақталуына кепіл болды. Президент өкілеттігінің мерзімі белгіленді (5 жыл), сондай-ақ бір адам қатарынан екі мерзімнен астам уақыт Президент бола алмайтындығы айтылды.

Конституцияда ҚР Президентінің мынадай өкілеттіктері айқындалды: Республиканың мемлекеттік егемендігін, конституциялық құрылысын қорғау, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолданады; ҚР заңдарына қол қояды; Жоғарғы Кеңес келісімімен Премьер-Министрін, Премьер-Министрінің орынбасарларын, сыртқы істер, қорғаныс, қаржы, ішкі істер министрлерін, ҚР ҰҚК төрағасы мен дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындайды; Министрлер Кабинетінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Министрлер Кабинетінің құрамын белгілейді, министрліктерді, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарды құрады және таратады; Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де кеңесші-ақылдастық алқалар құрады; мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді; ұлттық валютаның қолданылу тәртібін, мерзімі мен шарттарын белгілейді; Жоғарғы Кеңеспен ақылдасқаннан кейін референдум өткізу туралы шешім қабылдайды; халықаралық қатынастарда ҚР өкілі болып табылады; келіссөздер жүргізеді және ҚР халықаралық шарттарына қол қояды, Республика жасасқан шарттар мен ол қабылдаған міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды; ҚР Жоғарғы Кеңесіне ҚР Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты, Жоғары Төрелік Соты Төрағасы мен судьяларының, Бас прокурорының, **Ұлттық Банкі** төрағасының кандидатураларын ұсынады; Жоғарғы Кеңеске оларды міндеттерінен босату туралы ұсыныс жасайды; мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту жөнінде шаралар қолданады және ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады; ҚР мемлекеттік марапаттарымен марапаттайды, ҚР жоғары дипломатиялық дәрежелері мен әскери атақтарын, құрметті және арнаулы атақтарын береді; заңға сәйкес ҚР азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді; азаматтарға кешірім беруді жүзеге асырады; заңға сәйкес тек қана азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және конституциялық құрылысты қорғау үшін уақытша шара ретінде төтенше жағдай енгізеді; ҚР Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттікті жүзеге асырады.

ҚР Вице-президенті Республика Президентімен бірге сайланады. ҚР Президентінің уәкілдік беруі бойынша оның жекелеген функцияларын орындайды және Президент жоқ кезде немесе

Президенттің міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған ретте оның қызметін атқарады.

ҚР Президентінің мәртебесіне айтарлықтай өзгертулер енгізген **1993 ж. 10 желтоқсанда** қабылданған «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» ҚР Заңы қабылданды¹⁰.

ҚР Президентіне Конституцияның негізінде және соған сәйкес жаңадан сайланатын ҚР Жоғарғы Кеңесі бірінші сессиясының жұмысы басталғанға дейінгі мерзімге заң күші бар құжаттар шығару құқығы берілді¹¹. Сонымен қатар, Президентке сол мерзімге қажет болған жағдайда Жоғарғы Кеңестің ҚР Конституциясы 64-бабының 12-15, 18 және 20-тармақарында көзделген өкілеттігін жүзеге асыру құқығы берілді, кейін оны жаңадан сайланатын ҚР Жоғарғы Кеңестің бекітетін болды. Бұдан басқа, ҚР Конституциясының 78-бабының 3, 7 және 16 тармақтарында көзделген өкілеттікті дербес жүзеге асыруға құқық берілді.

1993 ж. 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» ҚР Заңы қабылданды¹².

1995 ж. 30 тамызда өткен бүкілхалықтық референдумның нәтижесінде қабылданған жаңа Конституция Президент мәртебесіне елеулі өзгертулер енгізді¹³.

Конституцияда Қазақстан Республикасының президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып табылатындығы айқындалды. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып табылады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентіне, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде ғана мемлекет атынан билік жүргізеді.

«Президент» атты III-бөлімнің 40-бабында ҚР Президентінің мәртебесі белгіленді, ол бойынша ҚР Президенті мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға болып табылады. Республика Президенті – халық пен мемлекеттің билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Президент мемлекеттің биліктік барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

41-бабында Президент өкілеттігінің мерзімі анықталды – 5 жыл, сондай-ақ Республика Президенті болып тұмысынан Республика азаматы болып табылатын, отыз бес жасқа толған және алпыс бес жастан аспаған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда кемінде он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алатындығы көрсетілді. Жаңа Конституцияда республика Президенті болып бір адамның қатарынан екі реттен артық сайлана алмайтындығы сақталды.

ҚР Президентінің жаңа мәртебесіне сәйкес: Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды; **Республика Парламентінің** кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антты қабылдайды; Парламент Палаталарының кезектен тыс бірлескен отырыстарын шақырады; **Парламент Сенаты** ұсынған заңға қол қояды, халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады; Парламенттің келісімімен Республика Премьер-Министрін қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен **Республика Үкіметінің** құрылымын белгілейді, оның мүшелерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, сондай-ақ Үкімет құрамына кірмейтін Республиканың орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады; Үкімет мүшелерінің антты қабылдайды, ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; Үкіметке заң жобаларын **Парламент Мәжілісіне** енгізуді тапсырады; Үкіметтің және облыстар, республикалық астанасы әкімдері актілерінің күшін жояды не толық немесе ішінара тоқтата тұрады; Парламент келісімімен **ҚР Ұлттық Банк** төрағасын қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады; Парламент Сенатының келісімімен Республика Бас прокуроры мен **ҰҚК** төрағасын қызметке тағайындайды, оларды қызметтен алады; республика

дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады; **Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің** төрағасын бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды; Республиканың мемлекеттік бағдарламаларын бекітеді; Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен Республика мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді; республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды; келіссөздер жүргізеді және ҚР халықаралық шарттарына қол қояды, бекіту грамоталарына қол қояды; Республика жасасқан шарттар мен ол қабылдаған міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды; ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттайды, құрметті, жоғары әскери және өзге атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді; ҚР азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді; азаматтарға кешірім беруді жүзеге асырады; Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттік конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда Премьер-Министрімен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялар алысқаннан кейін бұл туралы Республика парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады; Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды; өзіне бағынысты **Республика Президентінің Күзет қызметін** және **Республикалық Ұланды** жасақтайды; **ҚР Мемлекеттік хатшысын** қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін белгілейді; **Республика Президентінің Әкімшілігін** құрады; **Қауіпсіздік Кеңесін**, **Жоғары Сот Кеңесін** және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды құрады; Республиканың Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

1995 ж. 26 желтоқсанда ҚР жаңа Конституциясының ережелерін жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің Жарлығы қабылданды¹⁴.

Жарлық Республика Президентінің мәртебесін, Президенттің қызметке кірісу жағдайын, өкілеттік мерзімін, сондай-ақ Президенттің Парламентке, Үкіметке, **Конституциялық Кеңеске**, соттарға және судьяларға, прокуратура органдарына, **Орталық сайлау комиссиясына**, Ұлттық Банкке, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне, әкімдерге қатысты өкілеттіктері және өзге өкілеттіктері айқындалды. Бұдан басқа, Президент актілерінің нысандары, оларды дайындау және Президенттің қарауына енгізу тәртібі, Президент актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күшін жою тәртібі белгіленді. Заңда сонымен қатар ҚР Президентін қызметінен бұрын босату, кетіру жағдайы жазылды. Президент қызметін қамтамасыз етуге жеке тарау арналды. Бұрынғы Президенттердің (экс-Президенттерінің) мәртебесі мен олардың қамтамасыз етілуі айқындалды.

1996 ж. 11 наурызда ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Конституциясында көзделген ҚР Жоғары Сот Кеңесі құрылды¹⁵.

1998 ж. 7 қазанда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы ҚР Конституциясына өзгертулер енгізді, ол ҚР Президентіне де қатысты болды¹⁶. Мысалы, Президенттің жаңа өкілеттік мерзімі – 7 жылға белгіленді. Жас мөлшері шектеулері өзгертілді; төменгі шек – қырықтан, жоғарғы шек – белгіленбейді. Бұрынғы өкілеттіктермен қатар ҚР Президентіне Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындау құқығы берілді.

48-бабтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «ҚР Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін тапсырады. Бұл жағдайда бос тұрған мемлекеттік лауазымдарды иелену Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады».

1999 ж. 10 қаңтарда ҚР Президентін сайлауы өтті. ҚР Президенті болып тағы Н.Ә.Назарбаев сайланды.

ҚР Парламентінің депутаттар тобының ҚР Президентін кезекті сайлауының мерзімін белгілеу мақсатымен ҚР Конституциялық Кеңеске ҚР Конституциясының 94-бабының 1-тармағы мен 41-бабының 1-тармағына ресми түсіндірме беруін сұрауына байланысты ҚР Конституциялық Кеңесінің 2005 ж. 19 тамыздағы қаулысымен¹⁸ ҚР Президентін сайлауының мерзімі – 2005 ж. желтоқсанның алғашқы жексенбісі болып белгіленді¹⁷.

2000 ж. 20 шілдеде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» Конституциялық заңы қабылданды, ол Тұңғыш Президенттің саяси және құқықтық мәртебесін айқындады. Бұл заң Тұңғыш Президентті Қазақстанның жаңа тәуелсіз мемлекетінің негізін қалаушылардың бірі, ел бірлігін қамтамасыз еткен, Конституцияны, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаған халық көшбасшысы ретінде бекітті¹⁸.

2005 ж. 4 желтоқсанда ҚР Президентін сайлауы өтті. Кезекті мерзімге ҚР Президенті болып Н. Ә. Назарбаев сайланды. Оған 6 млн 147 мың 517 қазақстандықтар, немесе сайлауға қатысқан сайлаушылардың 91,15 % дауыс берді¹⁹.

ҚР «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» **2007 ж. 21 мамырдағы** Заңымен ҚР Конституциясына ҚР Президентіне қатысты өзгертулер енгізілді. Президенттің өкілеттілігінің жаңа мерзімі белгіленді – 5 жыл²⁰.

«Президент» атты III-бөлімнің 41-бабының 2-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалды: «Республика Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын азаматы сайлана алады».

Осы бөлімнің 42-бабының 5-тармағы, оған сәйкес бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайтын, мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылды: «Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды».

Республика Президентін өзінің өкілеттілігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партиядағы қызметін тоқтата тұруға міндеттейтін осы бөлімнің 43-бабының 2-тармағы алынып тасталынды. ҚР Президентінің өкілеттілігін айқындайтын 44-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгертілген редакцияда осылайша мазмұндалды: Президент Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды; Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақырады; Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заң немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады; Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын айқындайды; Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады, Республика Үкіметінің мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қызметке тағайындайды; Үкімет мүшелерін

қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; Үкіметке заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тапсырады; Республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады; Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады; Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; Республика дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады; Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды; Республиканың мемлекеттік бағдарламаларын бекітеді; Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен енбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді; республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды; келіссөздер жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды; бекіту грамоталарына қол қояды; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды; Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және ауыстырып отырады; Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттайды, құрметті, жоғары әскери және өзге атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді; Республиканың азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді; азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады; Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады; Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды; өзіне бағынысты Республика Президентінің Күзет қызметін және Республикалық ұланды жасақтайды; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды; Республика Президентінің Әкімшілігін құрады; Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесін құрады; Республиканың Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Конституцияның 46-бабы 4-тармақпен толықтырылды: «Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен анықталады».

Конституцияның 47-бабының 3-тармағы мына редакцияда мазмұндалды: «Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Республика Парламентінің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезде қозғалмайды».

2007 ж. 19 маусымда ҚР «Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңымен ҚР «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгертулер енгізілді²¹.

2010 ж. 14 маусымда ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңымен «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді²². ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының саяси-құқықтық мәртебесі мен өкілеттілігі жаңа редакцияда мазмұндалды. Қазақстан мемлекеттілігін құрудың бастауында тұрған және демократиялық, зайырлы, құқықты және әлеуметтік мемлекет ретінде егемен Қазақстанды дамытуға аса зор үлес қосқан ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы болып табылды.

ҚР Тұңғыш Президентіне – Елбасына ҚР Президенті болып сайлану құқығына шектеу қойылмады.

ҚР Тұңғыш Президентіне – Елбасына оның тарихи миссиясына байланысты өмір бойы:

- 1) Қазақстан халқына, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға мемлекеттік құрылыстың, елдің ішкі және сыртқы саясаты мен қауіпсіздігінің аса маңызды мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар міндетті түрде қарауға жататын бастамалар жасау;
- 2) ҚР Парламенті мен оның Палаталарының алдын да, республика Үкіметінің отырыстарында ел үшін маңызды мәселелерді талқылау кезінде сөз сөйлеу; Қазақстан халқы Ассамблеясын басқару; ҚР Конституциялық Кеңесінің, Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына кіру құқығы тиесілі.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары бойынша әзірленетін бастамалар ҚР Тұңғыш Президентімен – Елбасымен келісіледі.

ҚР Конституциялық заңымен ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының қызметін тоқтатқаннан кейін де артықшылықтары мен кепілдіктері, қаржыландыру көздері және ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері айқындалды.

2011 ж. 2 ақпанда қабылданған ҚР Заңына²³ сәйкес ҚР Президентінің **2011 ж. 4 ақпандағы** Жарлығымен²⁴ **2011 ж. 3 сәуіріне** ҚР Президентін кезектен тыс сайлау тағайындалды.

2011 ж. 3 сәуірде ҚР Президентін кезектен тыс сайлауы өтіп, ҚР Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Оған 7 млн 850 мың 958 қазақстандық, немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 95,55% дауыс берді²⁵.

2011 ж. 2 ақпанда қабылданған ҚР Заңына²⁶ сәйкес ҚР Президентінің **2015 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен²⁷ 2015 ж. 26 сәуіріне ҚР Президентін кезектен тыс сайлау тағайындалды.

2015 ж. 26 сәуірде ҚР Президентін кезектен тыс сайлауы өтіп, ҚР Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Оған 8 млн 833 мың 250 қазақстандық, немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 97,75% дауыс берді²⁸.

2017 ж. 10 наурыздағы Заңымен ҚР Конституциясына өзгертулер енгізілді, олар ҚР Президентіне де қатысты²⁹.

«Президент» атты III-бөлімнің 41-бабының 2-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалды: «2. Қазақстан Республикасының Президенті болып тұмысынан Республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар Республика азаматы сайлана алады. Конституциялық заңда Республика Президентігіне кандидаттарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін».

ҚР Президентінің өкілеттілігі айқындалған 44-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгертілген редакцияда 3) тармақша былай мазмұндалды: «3) Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; Республиканың Премьер-Министрін қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкіметтің құрылымын айқындайды; Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қызметке дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша қажеттігіне қарай Үкімет

отырыстарына төрағалық етеді; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады».

Конституцияның 44-бабы мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшасымен толықтырылды: «10-1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, ҚР Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды».

Осы баптың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылған: «18) өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін жасақтайды».

Қазақстан Республикасы Конституциясынан 45-баптың 2-тармағы алып тасталды.

2017 ж. 15 маусымда «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізілді, бұл өзгерістер заңның тақырыбы мен мәтінінде «Елбасы» сөзімен ауыстыруды көздеді (мәтіннің орысша нұсқасында).

2019 ж. 19 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің – Елбасы Кеңесі туралы»³¹ және «Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін жүзеге асыру туралы»³² жарлықтары қабылданды.

ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасы Кеңесі ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы құратын, оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылды.

Кеңсенің негізгі міндеті – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі мен өкілеттіктерінің іске асыруды, оның ішінде: Қазақстан халқына, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға мемлекет құрылыстың, елдің ішкі және сыртқы саясаты мен қауіпсіздігінің аса маңызды мәселелері бойынша бастамалар жасау; Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның Палаталарының алдында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырыстарында ел үшін маңызды мәселелерді талқылау кезінде сөз сөйлеу; құқықтары: Қазақстан халқы Ассамблеясын басқару; Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесін басқару; Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің құрамына кіру; сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және (немесе) ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы айқындайтын өзге де өкілеттіктер бөлігінде қамтамасыз ету.

Аталған орган өз қызметін **2023 ж. 13 ақпанда** қабылданған «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңына сәйкес тоқтатты³³.

ҚР Конституциясының 42-бабының 3-тармағына сәйкес 2019 жылғы 20 наурыздан бастап Н.Ә. Назарбаевтың ҚР Президентінің өкілеттігін атқаруы тоқтатылды. ҚР Конституциясының 48-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге ҚР Парламенті Сенатының Төрағасына Қазақстан халқына ант берген сәтінен бастап өтті.

2011 ж. 2 ақпанда қабылданған ҚР Заңына³⁴ сәйкес ҚР Президентінің **2019 ж. 9 сәуірдегі** Жарлығымен³⁵ 2019 ж. 9 маусымына ҚР Президентін кезектен тыс сайлау тағайындалды.

2019 ж. 9 маусымда ҚР Президентін кезектен тыс сайлауы өтіп, ҚР Президенті болып Қ.К. Тоқаев сайланды. Оған 6 млн 359 мың 715 қазақстандық, немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 70,96% дауыс берді³⁶.

ҚР «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР **2022 ж. 8 маусымдағы** Заңымен³⁷ ҚР Конституциясына ҚР Президентіне қатысты өзгертулер енгізілді.

«Президент» атты III-бөлімнің 42-бабының 2-тармағы жаңа редакцияда жазылды: «2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың экс-Президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді». Сондай-ақ осы баптан 5-тармақтың екінші бөлігі («Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды») алып тасталды.

43-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылған: «3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс. 4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ».

ҚР Президентінің өкілеттігін айқындайтын 44-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: 2) тармақшадағы «Парламент Сенаты» деген сөздер «Парламент» деген сөзбен ауыстырылды; 3) тармақшадағы «облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің актілерінің күшін жояды не олардың қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады» деген сөздер алынып тасталды; 4) тармақша мынадай редакцияда жазылды: «4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады; 7) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылды; 10-1) тармақшадағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылды; 19) тармақшадағы «Хатшысын» деген сөзі «кеңесшісін» деген сөзбен ауыстырылды.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігін Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындауды көздейтін 46-баптың 4-тармағы алып тасталды.

Сондай-ақ, 47-баптың 1 және 2-тармақтарында «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41- бабының 3-1-тармағына сәйкес, ҚР Президентінің *2022 ж. 21 қыркүйектегі* Жарлығымен³⁸ ҚР Президентін кезектен тыс сайлау тағайындалды.

2022 ж. 5 қарашада Мемлекет басшысының 2022 ж. 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру аясында ҚР «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді³⁹.

2022 ж. 20 қарашада ҚР Президентін кезектен тыс сайлауы өтіп, ҚР Президенті болып Қ.К. Тоқаев сайланды. Оған 6 млн 456 мың 392 қазақстандық, немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 81,31% дауыс берді⁴⁰.

2024 ж. 5 шілдеде ҚР Конституциялық заңымен ҚР «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық Заңына Республика Президентінің ҚР Мемлекеттік жоспарлау жүйесін келісу жөніндегі өкілеттігіне қатысты өзгеріс енгізілді⁴¹.

¹ «Қазақ КСР Президентінің қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңы) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР 1990 ж. 24 сәуірдегі Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990, № 18, 190-құжат).

² «Қазақ КСР-ында мемлекеттік билік пен басқару құрылымдарын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 ж. 20 қарашасындағы Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990, № 47, 431-құжат).

³ «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңы) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 ж. 25 тамыздағы Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 33-35, 428-құжат).

⁴ «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» 1991 ж. 16 қазандағы Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991, № 39-41, 475-құжат).

⁵ «Қазақ КСР Президентін сайлауды тағайындау туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 ж. 16 қазандағы № 893а қаулысы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 39-41, 474-құжат).

⁶ «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48–50, 585-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметке кірісуі туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1991 ж. 10 желтоқсандағы қаулысы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48-50, 586-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 ж. 16 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 51, 622-құжат).

⁹ 1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1993, № 3, 54-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 ж. 10 желтоқсандағы ҚР Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 23-24, 513-құжат).

¹¹ ҚР Жоғарғы Кеңесі 1994 ж. 7 наурызда сайланды (*Құрастырушылардың ескертпесі*).

- ¹² «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» 1993 ж. 10 желтоқсандағы ҚР Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 23-24, 514-құжат).
- ¹³ 1995 ж. 30 тамызда қабылданған ҚР Конституциясы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).
- ¹⁴ «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 26 желтоқсандағы № 2733 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 24, 172-құжат).
- ¹⁵ «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесін құру туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы № 2894 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 12, 85-құжат).
- ¹⁶ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 ж. 7 қазандағы ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 20, 245-құжат).
- ¹⁷ ҚР Конституциялық Кеңесінің 2005 ж. 19 тамыздағы № 5 қаулысы (Егемен Қазақстан, 2005 ж. 25 тамыз).
- ¹⁸ «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» 2000 ж. 20 шілдедегі № 83-II ҚР Конституциялық Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2000, № 10, 232-құжат).
- ¹⁹ ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2005 ж. 6 желтоқсандағы қаулысы (Егемен Қазақстан, 2005 ж. 7 желтоқсан).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 21 мамырдағы № 254-III ҚРЗ ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).
- ²¹ «Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 19 маусымдағы № 265-III ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 12, 82-құжат).
- ²² «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 ж. 14 маусымдағы № 289-IV ҚР Конституциялық заңы (Егемен Қазақстан, 2010 ж. 15 маусым).
- ²³ «Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтыру енгізу туралы» 2011 ж. 2 ақпандағы № 403-IV ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2011, № 3, 29-құжат).
- ²⁴ «Қазақстан Республикасының Президентін кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 4 ақпандағы № 1149 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2011 ж. 4 ақпан).
- ²⁵ Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2011 ж. 5 сәуірдегі № 45/76 қаулысы (Егемен Қазақстан, 2011 ж. 6 сәуір).
- ²⁶ «Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтырулар енгізу туралы» 2011 ж. 2 ақпандағы № 403-IV ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2011, № 3, 29-құжат).
- ²⁷ Қазақстан Республикасының Президентін кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2015 ж. 25 ақпандағы № 1018 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2015, № 7, 24-құжат).
- ²⁸ ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2015 ж. 28 сәуірдегі қаулысы (Егемен Қазақстан, 2015 ж. 29 сәуір).
- ²⁹ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2017 ж. 10 наурыздағы № 51-VI ҚРЗ Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2017, № 5, 9-құжат).
- ³⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 ж. 15 маусымдағы № 75-VI ҚРЗ ҚР Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2017, № 12, 33-құжат).
- ³¹ «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Кеңесі туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 19 наурыздағы № 884 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5-6, 55-құжат).
- ³² «Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін атқару туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 19 наурыздағы № 887 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5, 56-құжат).
- ³³ «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңының күші жойылды деп тану туралы» 2023 ж. 13 ақпандағы № 198-VII ҚРЗ ҚР Конституциялық заңы (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 15 ақпан).
- ³⁴ «Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтыру енгізу туралы» 2011 ж. 2 ақпандағы № 403-V ҚРЗ ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2011, № 3, 29-құжат).
- ³⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 9 сәуірдегі № 18 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 9, 77-құжат).
- ³⁶ Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2019 ж. 10 маусымдағы № 42/277 қаулысы (Егемен Қазақстан, 2019 ж. 11 маусым).
- ³⁷ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 8 маусымдағы ҚР Заңы (2022 ж. 5 маусымдағы республикалық референдумда қабылданды) (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 8 маусым).
- ³⁸ «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 21 қыркүйектегі № 1019 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 52, 351-құжат).
- ³⁹ «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 5 қарашадағы № 156-VII ҚРЗ ҚР Конституциялық Заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 7 қараша).
- ⁴⁰ Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2022 ж. 22 қарашадағы қаулысы №109/603 (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 22 қараша).
- ⁴¹ «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 ж. 5 шілдедегі № 109-VIII ҚРЗ ҚР Конституциялық заңы (Егемен Қазақстан, 2024 ж. 6 шілде).

II

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі (1991*)

Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 21 тамыздағы Жарлығымен Қазақ КСР-інің Қауіпсіздік Кеңесі құрылды.

ҚР Президентінің **1993 ж. 17 маусымдағы** Жарлығымен ҚР Президенті жанынан ҚР Қауіпсіздік Кеңесі құрылды¹. Осы нормативтік құқықтық актімен **ҚР Жоғарғы Кеңесінің** Төрағасы лауазымы бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болып табылатыны белгіленді.

Қазақстан Республикасы Президентінің **1995 ж. 26 желтоқсандағы** Жарлығымен Кеңестің ережесі бекітілді².

Қауіпсіздік Кеңесі ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты, мемлекеттік егемендікті және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қамтамасыз ету саласында елдің сыртқы, ішкі және қорғаныс саясатының негізгі бағыттары бойынша шешімдер әзірлеу мақсатында ҚР Президенті құратын кеңесші-консультативтік орган болып табылды.

Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар болды: ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы сыртқы және ішкі саясат қызметінің стратегиясы мен тактикасын қалыптастыру; ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ету; ҚР ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыру; ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі ҚР Президентінің шешімдерінің орындалуын бақылау.

Қазақстан Республикасы Президентінің **1996 ж. 22 қарашадағы** Жарлығымен Кеңестің жаңа ережесі және құрамы бекітілді³.

Қауіпсіздік Кеңесі ҚР Конституциясының 44-бабының 20-тармақшасына сәйкес ҚР қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын, елдің тәуелсіздігі мен аймақтық тұтастығын қорғау аясында біртұтас саясат жүргізу саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша Мемлекет басшысының шешімдерін әзірлеу және өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдесу үшін ҚР Президенті құратын консультативтік-кеңесші орган болып табылды.

Негізгі міндеттері мыналар болды: мемлекеттік мүдделердің аясын, оларды іске асыру мен қорғаудың негізгі бағыттарын айқындау, ұлттық қауіпсіздікке ішкі және сыртқы қатерлерді анықтау, олардың алдын алудың, тыйып тастаудың және тойтарудың әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдап алу; жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ҚР ұлттық қауіпсіздігінің тұжырымдамасын әзірлеу; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі, сыртқы және әскери саясат мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін және осы шешімдерді жүзеге асыру шаралары жөнінде ҚР Президентіне ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу; ұлттық қауіпсіздік саласында ҚР халықаралық шарттарын жасасу, орындау және бұзу жөнінде ұсынымдар дайындау.

ҚР Президентінің **1999 ж. 20 наурыздағы** Жарлығымен Кеңестің жаңа ережесі және құрамы бекітілді³.

Қауіпсіздік Кеңесі ҚР Конституциясының 44-бабының 20-тармақшасына сәйкес ҚР қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік егемендігін, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, елдегі әлеуметтік-саяси тұрақтылықты ұстап тұру, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі Мемлекет Басшысының шешімдерін әзірлеу және өкілеттігін іске асыруына жәрдемдесу үшін ҚР Президенті құратын консультативтік-кеңесші орган болып табылды.

Негізгі міндеттерде елеулі өзгерістер болған жоқ.

2018 ж. 5 шілдеде Қауіпсіздік Кеңесінің құқықтық мәртебесін ҚР Президенті қалыптастыратын конституциялық орган ретінде айқындайтын «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» ҚР Заңы қабылданды⁵.

ҚР Президентінің **2019 ж. 12 ақпандағы** Жарлығымен Кеңестің жаңа ережесі бекітілді⁶.

Қауіпсіздік Кеңесі – ішкі саяси тұрақтылықты сақтау, конституциялық құрылысты, мемлекеттік тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты және халықаралық аренада Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында ҚР Президенті құратын және ҚР ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді үйлестіретін конституциялық орган болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері: Президентке елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қорғаныс қабілетін нығайту, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру, осы салалардағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу; Президент үшін: соғыс жағдайын енгізу, ұзарту, күшін жою; төтенше жағдай енгізу, ұзарту, күшін жою; бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша халықаралық міндеттемелерді орындау үшін ҚР Қарулы Күштерін қолдану бойынша шешімдердің жобаларын әзірлеу; ҚР заңнамасына және Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының шешімдеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

¹ «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 17 маусымдағы № 1246 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1993, № 22, 268-күжат).

² «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 26 желтоқсандағы № 2728 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1995, № 40, 504-күжат).

³ «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 22 қарашадағы № 3237 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1996, № 48, 464-күжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 20 наурыздағы № 88 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/2335/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁵ «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» 2018 ж. 5 шілдедегі № 178-VI ҚРЗ ҚР Заңы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 12 шілде).

⁶ «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 12 ақпандағы № 838 Жарлығы//Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/130911/kaz> (ресми жарияланған күні: 30.04.2019).

III

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНАТЫН ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕТІН ОРГАНДАР

Қазақстан Республикасы
Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты
(1991–1994)

Республикада жүзеге асырылып жатқан саяси және экономикалық қайта құруларды одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, азаматтардың конституциялық құрылысын, құқықтарын, бостандықтары мен қауіпсіздігін нығайту, Қазақ КСР мемлекеттік билік және басқару жоғары органдарының өзара іс-қимылын жақсарту мақсатында Жоғарғы Кеңес 1990 ж. 24 сәуірде «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңы) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңын қабылдады¹.

1990 ж. 15 мамырдағы Қазақ КСР Президенттік кеңесінің отырысында 1990 жылға арналған Қазақ КСР Президенті Аппаратының құрылымы мен штаты бекітілді: Президент; Президенттің орынбасары; Президент Аппаратының басшысы; Президент Аппаратының басшысының кеңесшісі; Президенттің көмекшілері; Президент орынбасарының көмекшісі; Президент кеңесінің мүшелері; Президент Кеңесінің кеңесшілер тобы; консультант (аудармашы); инспекторлар; мемлекеттік-құқықтық бөлім; баспасөзбен байланыс және қоғамдық пікірді зерттеу бөлімі; наградалар бөлімі; азаматтық және кешірім мәселелері бөлімі; азаматтарды қабылдау және хаттар бөлімі; Президент Аппаратының Іс басқармасы².

Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 1 тамыздағы өкімімен Қазақ КСР Президенті мен оның орынбасарының қызметін ғылыми, ұйымдастырушылық, ақпараттық, құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырған; Республиканың мемлекеттік, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық саясатының негізгі бағыттарын әзірлеуге және іске асыруға қатысқан; Президенттің жарлықтары мен басқа актілерін орындалуын бақылады; Президенттің сыртқы саяси қызметін қамтамасыз етті; Қазақ КСР Президенті мен Президент орынбасарының номенклатурасына жататын басшы кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырды; Президенттің Жоғарғы Кеңеспен, Республика Үкіметімен, халық депутаттарының жергілікті кеңестерімен және жұртышылықпен тұрақты байланысын қолдады; Президентке Қазақ КСР құрметті атақтарын беру және Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы материалдар ұсынды; Қазақ КСР азаматтығына қабылдау мәселелері бойынша материалдар дайындады, баспана беру, сондай-ақ Қазақ КСР соттарымен сотталған азаматтарға кешірім жасау; Президенттің, оның орынбасарының және Президенттік Кеңестің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жан-жақты жариялауды қамтамасыз етті; Президенттің, оның орынбасарының тапсырмасы бойынша олардың атына келіп түскен ұсыныстарды, азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарады; Президент пен оның орынбасарының халықты қабылдауын ұйымдастырды³. Қазақ КСР Президентінің Аппараты мынадай құрылымдық бөлімшелерді көздеді: Аппарат басшысы; Аппарат Басшысының Кеңесшісі; Президент пен Президенттің орынбасарының көмекшілері; Президенттің кеңесшілері; Президенттік кеңестің кеңесшілері; мемлекеттік-құқықтық бөлім; баспасөзбен байланыс және қоғамдық пікірді зерделеу бөлімі; наградалар бөлімі; азаматтық және кешірім жасау бөлімі; азаматтарды қабылдау және хаттар бөлімі; Аппарат істері басқармасы.

Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақ КСР Президенті Аппаратының мәселелері» Қаулысымен Қазақ КСР Президентінің Аппараты құрылды және оның құрылымы бекітілді: Қазақ КСР Президентінің көмекшілері мен кеңесшілерінің тобы; Қазақ КСР Министрлер Кабинеті Премьер-Министрінің хатшылықтары және Вице-Президент⁴.

Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісінің экономика, өңірлік саясат мәселелері бойынша жалпы референтурасы; халық шаруашылығының экономикалық дамуы және нарықтық қатынастар референтурасы; қаржы, бюджет және баға белгілеу референтурасы; өңірлік даму референтурасы; еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау референтурасы; сауда және қызмет көрсету референтурасы. Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісінің индустрия және инвестицияларды дамыту мәселелері бойынша жалпы референтурасы; өнеркәсіп салаларын дамыту референтурасы; байланыс және коммуникациялар референтурасы; ғылым және жаңа

технологиялар бойынша референтурасы; құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі бойынша референтурасы. Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісінің ауыл шаруашылығы, азық-түлік және экология мәселелері жөніндегі жалпы референтурасы: экономикалық қатынастар референтурасы, ауыл шаруашылығы және кооперация салаларын дамыту; қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту референтурасы; экология және табиғатты пайдалану референтурасы. Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісінің әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі жалпы референтурасы: жастар және халыққа білім беру референтурасы; мәдениет және ұлтаралық қатынастар референтурасы; денсаулық сақтау, әйелдер, отбасы, ана мен бала істері жөніндегі референтурасы; дербес зейнетақы белгілеу жөніндегі хатшылық; діни ұйымдармен байланыс жөніндегі референтура. Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісінің мемлекеттік-құқықтық мәселелер бойынша жалпы референтурасы: азаматтық және кешірім бойынша референтура; мемлекеттік наградалар бойынша референтура. Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшілерінің жұмыс тобы; Қазақ КСР Президенті Баспасөз хатшысының аппараты; Іс Басқармасы; сыртқы байланыстар бөлімі; заң бөлімі; жалпы бөлім; кадрлар бөлімі; азаматтарды қабылдау және хаттар бөлімі; төтенше жағдайлар жөніндегі Комиссияның аппараты; Республика Кеңесінің хатшысы.

«Қазақ КСР мемлекеттік билік пен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **1990 ж. 20 қарашадағы** Қазақ КСР Заңымен, оған сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Қазақ КСР Министрлер Кабинеті болып қайта құрылды⁵. Қазақ КСР Министрлер Кабинетін Қазақ КСР Президенті құрды, оның құрамында Премьер-Министр, Қазақ КСР министрлері, Қазақ КСР мемлекеттік комитеттерінің төрағалары, Премьер-Министр және Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің құрамын Қазақ КСР Президентінің ұсынуы бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі бекітті. Қазақ КСР Президенті Аппараты мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Қазақ КСР Президентінің бірыңғай аппаратына біріктірілді.

1991 ж. 25 маусымда қабылданған «Қазақ КСР Министрлер Кабинеті туралы» Қазақ КСР Заңына сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кабинеті – Қазақ КСР үкіметі – өз қызметін Қазақ КСР Президентінің басшылығымен жүзеге асыратын Қазақ КСР мемлекеттік басқарудың атқарушы және өкімші органы болып табылды⁶. Қазақ КСР Министрлер Кабинеті Қазақ КСР Конституциясымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Қазақ КСР Президентінің құзыретіне жатқызылған өкілеттіктерді қоспағанда, Қазақ КСР қарамағындағы мемлекеттік басқару мәселелерін шешуге құқылы болды.

Қазақ КСР Президентінің **1991 ж. 13 тамыздағы** «Қазақ КСР Президенті Аппаратының және Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің мәселелері» қаулысымен Қазақ КСР Президентінің Аппараты Қазақ КСР Президенті мен Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің Аппараты болып қайта құрылды⁷.

«Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» **1991 ж. 10 желтоқсандағы** Қазақ КСР Заңымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп қайта атауға және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) және Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияға, Қазақ КСР мемлекеттік органдарының заңдары мен өзге де актілеріне тиісті өзгерістер енгізуге қаулы етті⁸.

ҚР Президентінің **1992 ж. 25 қаңтардағы** «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Аппараты туралы ережені бекіту туралы» қаулысымен ҚР Президенті мен ҚР Министрлер Кабинетінің Аппараты туралы ереже бекітілді⁹. Аппарат ҚР Конституциясы мен заңдарын, Президенттің Жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін және ҚР Министрлер Кабинетінің шешімдерін, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа ала отырып, ҚР Президенті мен ҚР Министрлер Кабинетінің қызметін камтамасыз етті.

Аппаратқа: экономикалық реформаны дәйекті жүргізу, нарықтық экономиканы енгізуді жеделдету, халық шаруашылығының, әлеуметтік-мәдени саланың, сыртқы экономикалық байланыстардың жай-күйін талдау, оларды дамыту және болжамдарды әзірлеу, шаруашылық салалары мен экономикалық өңірлер арасындағы ынтымақтастық арқылы шешілетін аса маңызды

проблемаларды анықтау және тиісті ұсыныстар дайындау жүктелді; заңдылық пен құқықтық тәртіп режимін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдар мен азаматтардың конституциялық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруын бақылау, мемлекеттік және еңбек тәртібін, қоғамдық тәртіпті нығайту жөнінде шаралар әзірлеу; атқарушы билік органдарының қызметін үйлестіру, ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті шешімдерінің жобаларын, заңдардың, қаулылардың, тұжырымдамалардың, болжамдардың жобаларын тереңдетіп дайындау мақсатында олардан ақпаратты уақтылы алу, осы жобаларды әзірлеуге және сараптауға қатысу; ҚР халықаралық қызметі мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау; Президентке, Вице-Президентке, Премьер-Министрге және оның орынбасарларына, республиканың мемлекеттік кеңесшілеріне арналған ақпараттық және талдамалық сипаттағы құжаттарды дайындау; республикада жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік өзгерістер туралы қоғамдық пікірді зерделеу; заңдар мен басқа да нормативтік актілерді іске асыру тетігі бойынша ұсыныстар әзірлеу, оларды қолдану практикасын талдау; Әкімшілік кеңестің, Қауіпсіздік Кеңесінің, Министрлер Кабинетінің және басқа да іс-шаралардың отырыстарын ұйымдастырушылық-техникалық дайындау және ақпараттық қамтамасыз ету; Президенттің, Министрлер Кабинетінің, Әкімшілік кеңестің, Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз ету; Президентке, Министрлер Кабинетіне түсетін хаттар мен өтініштерді қарау, азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру; Президенттің, Министрлер Кабинетінің, республиканың жоғары экономикалық кеңесінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссия аппаратының қызметін шаруашылық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және т.б. жүктелді.

ҚР Президентінің **1992 ж. 30 қаңтардағы** қаулысымен Аппараттың құрылымы бекітілді: басшылық; Президент хатшылығы; ҚР Вице-Президенті мен Премьер-Министрінің хатшылығы; көмекшілер тобы; халықаралық бөлім; саяси талдау бөлімі; Президент Баспасөз хатшысының қызметі; Істерді басқару; жиынтық экономикалық бөлім; Ұйымдастыру-инспекторлық және аумақтық даму бөлімі; мемлекеттік-құқықтық бөлім; сыртқы байланыстар бөлімі; өнеркәсіп және халық тұтынатын тауарлар бөлімі; аграрлық мәселелер бөлімі; қаржы және еңбек бөлімі; көлік, байланыс және коммуникациялар бөлімі; құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі бөлімі; сауда және қызмет көрсету бөлімі; экология және табиғатты пайдалану бөлімі; қорғаныс бөлімі; нарықтық экономика тобы; халыққа білім беру, туризм, спорт және жастар бөлімі; ғылым және ғылыми-техникалық саясат бөлімі; денсаулық сақтау және әйелдер істері бөлімі; мәдениет және ұлтаралық қатынастар бөлімі; мемлекеттік наградалар жөніндегі бөлім; діни ұйымдармен байланыс жөніндегі бөлім; кадрлар бөлімі; заң бөлімі; азаматтарды қабылдау және хаттар бөлімі¹⁰.

ҚР Президентінің **1992 ж. 20 тамыздағы** қаулысымен Аппарат құрылымына ішінара өзгерістер енгізілді¹¹. Құрылымға: халыққа білім беру, туризм, спорт және жастар; денсаулық сақтау және әйелдер істері; мәдениет және ұлтаралық қатынастар; діни ұйымдармен байланыс және ТМД істері жөніндегі таратылған бөлімдердің орнына ішкі саясат бөлімі енгізілді.

ҚР Президентінің **1992 ж. 11 қарашадағы** қаулысымен Аппарат құрылымына ішінара өзгерістер енгізілді¹². Құрылымға: өнеркәсіп және халық тұтынатын тауарлар; көлік, байланыс және коммуникациялар; құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі; сауда және қызмет көрсету бөлімдерінің орнына мемлекеттік басқару органдарының бөлімі; таратылған жиынтық экономикалық бөлімнің және нарықтық экономика тобының орнына экономикалық саясат бөлімі; құқық қорғау органдарының бөлімі және таратылған мемлекеттік-құқықтық бөлімнің орнына заңнама бөлімі енгізілді.

1993 ж. 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан өз қызметінде Президентке есеп беретін және оған жауапты, төрағадан, оның орынбасарларынан және мемлекеттік инспекторлардан тұратын Бас бақылау инспекциясы құрылды¹³. Осы Жарлықпен Бас бақылау инспекциясы туралы ереже бекітілді.

Бас бақылау инспекциясының негізгі функциялары: меншік нысанына қарамастан республиканың министрліктерінің, ведомстволарының, мемлекеттік комитеттерінің, кәсіпорындары мен ұйымдарының, жергілікті әкімшіліктердің және басқа да мемлекеттік басқару

органдарының ҚР Президентінің Жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін орындау жөніндегі қызметіне бақылауды жүзеге асыру; анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою, **ҚР Министрлер Кабинетінің** ҚР Президенті актілерін іске асыруын қамтамасыз етілуін тексеретін органдар қабылдаған шаралар туралы ҚР Президентін хабардар ету, сондай-ақ олардың тиісінше орындалмауына кінәлі лауазымды адамдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу; ҚР Министрлер Кабинетіне, әкімшілік басшыларына, басқа да мемлекеттік басқару органдарына анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою туралы ҚР Президенті актілерінің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына ықпал ететін бұзушылықтар, себептер мен шарттар; қылмыс белгілері анықталған жағдайда тексеру материалдарын анықтау және тергеу органдарына береді.

Бас бақылау инспекциясының қызметін қамтамасыз ету ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына жүктелді.

1993 ж. 14 мамырда Аппарат құрылымына өзгерістер енгізілді: ұйымдастыру-инспекторлық және аумақтық даму бөлімі ұйымдастыру жұмысы және жергілікті әкімшіліктер бөліміне; қаржы және еңбек бөлімі – қаржы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне; кадрлар бөлімі – кадр саясаты бөліміне ауыстырылды¹⁴.

ҚР Президентінің **1993 ж. 21 маусымдағы** өкімімен Аппарат құрылымында ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты ақпараттық-талдау орталығы құрылған¹⁵.

ҚР Президентінің **1993 ж. 21 маусымдағы** қаулысымен Аппарат құрылымына діни бірлестіктер мен байланыс бөлімі енгізілді¹⁶.

1993 ж. 28 қазанда ғылым және ғылыми-техникалық саясат бөлімі ғылыми-техникалық прогресс бөлімі болып өзгертілді¹⁷.

ҚР Президентінің **1994 ж. 23 ақпандағы** өкімімен аппарат құрылымында Экономикалық кеңесшілер кеңесі құрылды¹⁸. Оның қызметін қамтамасыз ету ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына жүктелді.

¹ «Қазақ КСР Президентінің қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР 1990 ж. 24 сәуірдегі Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990, № 18, 190-құжат).

² Қазақ КСР Президенттік Кеңесі отырысының 1990 ж. 15 мамырдағы № 1 хаттамасы (ҚР ПА. 7 к. 1 т. 15 іс).

³ «Қазақ КСР Президентінің Аппараты туралы уақытша ереже» Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 1 тамыздағы № 32 өкімі (ҚР ПА. 7 к. 1 т. 11 іс).

⁴ «Қазақ КСР Президенті Аппаратының мәселелері» Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 14 желтоқсандағы № 140 қаулысы (ҚР ПА. 7 к. 1 т. 11 іс).

⁵ «Қазақ КСР мемлекеттік билік пен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР 1990 ж. 20 қарашадағы № 334-ХІІ Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990, № 47, 431-құжат).

⁶ «Қазақ КСР Министрлер Кабинеті туралы» Қазақ КСР 1991 ж. 25 маусымдағы № 703 Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 27, 355-құжат).

⁷ «Қазақ КСР Президенті және Қазақ КСР Министрлер Кабинеті Аппаратының мәселелері» Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 13 тамыздағы № 398 қаулысы (ҚР ПА. 7 к. 1 т. 11 іс).

⁸ «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48-50, 585-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының ережесін бекіту туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 25 қаңтардағы № 587 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1992, № 2, 28-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының мәселелері» ҚР Президентінің 1992 ж. 30 қаңтардағы № 590 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н к. 1 т. 3 іс).

¹¹ «Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымын ішінара өзгерту туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 20 тамыздағы № 866 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н-к. 1 т. 24 іс).

¹² «Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті құрылымын ішінара өзгерту туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 11 қарашадағы № 962 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н к. 1 т. 31 іс).

¹³ «Қазақстан Республикасының Президенті жанынандағы Бас бақылау инспекциясын құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 18 қаңтардағы № 1078 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1993, № 1, 9-құжат).

¹⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 52-б.

¹⁵ «Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Ақпараттық-талдау орталығы туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 21 маусымдағы № 1248 өкімі (ҚР ПА. 5-Н к. 1 т. 1508 іс).

¹⁶ «Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымын ішінара өзгерту туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 21 маусымдағы № 1249 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н к. 1 т. 1508 іс).

¹⁷ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 53-б.

¹⁸ «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Экономикалық консультанттар кеңесі туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 23 ақпандағы № 1576 өкімі (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3158 іс).

Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты (1994–1995)

ҚР Президентінің *1994 ж. 13 сәуірдегі* Жарлығымен ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты оны ҚР Президенті Аппаратына және *ҚР Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасына* бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды¹.

Аппарат ҚР Президентінің қызметін қамтамасыз етті.

ҚР Үкіметінің *1994 ж. 20 мамырдағы* қаулысымен Аппарат құрылымы бекітілді: ҚР Президенті Аппаратының басшысы; аппарат басшысының орынбасарлары; ҚР Президенті Хатшылығы, көмекшілер мен кеңесшілер тобы; Президенттің *Жоғарғы Кеңестегі* өкілдерінің тобы; Президенттің баспасөз қызметі; Президенттің аймақтардағы өкілдерінің тобы; ақпараттық-талдау орталығы; халықаралық бөлім (хаттама қызметімен); заңнамалық бастамалар және құқықтық сараптама бөлімі; азаматтық және кешірім жасау жөніндегі бөлімдер; мемлекеттік марапаттар жөніндегі бөлім; Іс Басқармасы; кадр саясаты бөлімі; жалпы бөлім; ҚР Вице-Президентінің хатшылығы². Бұдан басқа: ҚР Қауіпсіздік кеңесінің аппараты; Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес аппараты; Адам құқықтары жөніндегі комиссия аппараты; Экономикалық консультанттар кеңесі; Мемлекеттік марапаттар жөніндегі комиссия; Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия; Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия; *ҚР Президенті Аппаратының және Министрлер Кабинетінің шаруашылық басқармасы* (дербес бюджетте).

ҚР Президентінің *1994 ж. 3 қазандағы* қаулысымен Аппарат құрылымында заңдылықты, құқықтық тәртіп пен сот реформасын қамтамасыз ету бөлімі және қоғамдық-саяси бөлімі құрылды³.

ҚР Президентінің *1994 ж. 28 қазандағы* қаулысымен Аппарат туралы ереже бекітілді⁴.

Аппаратқа: Президенттің Қазақстан мемлекеттілігін нығайту, ҚР ұлттық қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, мемлекеттік егемендігін қамтамасыз ету және конституциялық құрылысын қорғау, Мемлекет басшысының мемлекеттік билік тармақтарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігін іске асыру жөніндегі саясатын дәйекті жүзеге асыру; елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын жүзеге асыру, экономикалық реформаны түбегейлендіру, оны жүзеге асырудың тактикасы мен тетіктерін жетілдіру жөніндегі шараларды іске қосу; атқарушы билік органдарының жұмысына жүйелі және объективті талдау жүргізу және реформалар барысына бақылау жасауды қамтамасыз ету, Президенттің қатысуымен, сондай-ақ Үкіметтің, банктердің, кәсіпкерлік құрылымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де құрылымдардың, мемлекетаралық және үкіметаралық органдардың өзара іс-қимылы арқылы шешілуге тиіс аса маңызды проблемаларды айқындау; мемлекеттік органдардың құқықтық реформаны серпінді жүргізу, заңдылықты, құқықтық тәртібін және Президенттің Конституцияның, азаматтардың құқығы мен бостандығы сақталуының кепілі функциясының атқаруын қамтамасыз ету, әлеуметтік және құқықтық қорғаудың пәрменді тетігін әзірлеу жөніндегі іс-қимылын үйлестіру; ҚР заңдары мен Президент актілерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру және олардың бұзылуының, орындамауының себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қолдану; мемлекеттік саясаттың, жүйені реформалаудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу, қоғамның демократиялық менталитетін қалыптастыруды ұйымдастырып, қатысу; еліміздің мүдделерін ескере отырып, мемлекеттің сыртқы экономикалық стратегиясы мен дүниежүзілік қоғамдастықта алатын орнын айқындауға талдау жасау және қатысу, Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру, республиканың халықаралық-құқықтық міндеттемелерінің орындалуына мониторинг жүргізу, Президенттің сыртқы саяси функцияларын ақпараттық және хаттамалық қамтамасыз ету; сыртқы экономикалық байланыстар саласында ұсыныстар әзірлеу; Президент актілерінің, сондай-ақ оның тапсыруы бойынша Үкімет шешімдерінің жобаларын, Президентке қол қоюға келіп түсетін заң жобаларын, заңдар жөніндегі тұжырымдарды әзірлеу; Президенттің қызметін отандық және

шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау; Президенттің республика Парламентімен байланысын үзбей ұстап тұру; Президенттің жергілікті атқарушы және өкілді органдармен өзара іс-қимылын ұйымдастырып, олардың Президент актілерінің орындалуына бақылау жасау, аймақтарды дамыту проблемаларын талдау; Президентті құжаттамалық қамтамасыз ету, қызметтік құжаттарды, хаттар мен өтініштерді қарау, азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру; Президенттің, Президент жанындағы кеңестер мен комиссиялардың қызметін қаржы-шаруашылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және т.б. жүктелді.

ҚР Президентінің **1995 ж. 7 ақпандағы** қаулысымен Аппарат құрылымында Президенттің аймақтардағы өкілдерінің тобы мен Президент жанындағы таратылған Бас бақылау инспекциясының негізінде Ұйымдастыру-бақылау басқармасы құрылды⁵.

ҚР Президентінің **1995 ж. 1 наурыздағы** Жарлығымен Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуына байланысты Аппарат құрамында Ассамблеяның атқарушы хатшылығы құрылды⁶.

ҚР Президентінің **1995 ж. 14 наурыздағы** қаулысымен Аппарат құрылымында таратылған азаматтық және кешірім жасау бөлімінің базасында азаматтық бөлімі мен кешірім жасау бөлімі құрылды⁷.

ҚР Президентінің **1995 ж. 15 наурыздағы** қаулысымен Аппарат туралы жаңа ереже бекітілді⁸.

Ережеге сәйкес ҚР Президентінің Аппараты ҚР Президентінің қызметін қамтамасыз ету және оның өкілеттігін жүзеге асыру үшін құрылған мемлекеттік орган болып табылды.

Аппараттың негізгі міндеті ҚР Президентінің, ҚР Вице-Президентінің, ҚР Президенті жанындағы консультативті және кеңесші органдарының қызметін ұйымдастыру, ақпараттық және құқықтық қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР Президентінің **1995 ж. 17 сәуірдегі** қаулысымен ҚР Президентінің баспасөз қызметінің құрамында телерадиокешен құрылды⁹.

¹ «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 сәуірдегі № 1656 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3103 іс).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты мәселелері туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 20 мамырдағы № 1706 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3136 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратының құрылымына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 3 қазандағы № 1876 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3140 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 28 қазандағы № 1954 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3140 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратының құрылымына ішінара өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 7 ақпандағы № 2038 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 4778 іс).

⁶ «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 наурыздағы № 2066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 8, 84-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратының құрылымына ішінара өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 14 наурыздағы № 2095 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 4778 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 15 наурыздағы № 2121 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 4778 іс).

⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратының құрылымына ішінара өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 17 сәуірдегі № 2204 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 4779 іс).

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (1995^{*)})

ҚР Президентінің **1995 ж. 20 қазандағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігі құрылды, осыған байланысты **ҚР Президентінің Аппараты** өз қызметін тоқтатты¹.

Осы Жарлықпен Әкімшіліктің құрылымы бекітілді: Әкімшілік басшысы және оның орынбасарлары; Президенттің бірінші көмекшісі; Президент кеңсесі; Президенттің көмекшілері мен кеңесшілері тобы; Президенттің ағымдағы архиві; Президент хаттамасы қызметі; сараптамалық-ақпараттық топ; Президенттің баспасөз қызметі; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы; заңнама және құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі бөлім; заңдылықты, құқықтық тәртіпті

және сот реформасын қамтамасыз ету бөлімі; азаматтық бөлімі; кешірім жасау бөлімі; *Сенат пен Мәжілісте*гі Президенттің өкілдері; ұйымдастыру-бақылау бөлімі; мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімі; наградалар бөлімі; Талдау және стратегиялық зерттеулер орталығы; ішкі саясат бөлімі; Экономикалық кеңес; жалпы бөлім; қаржы-шаруашылық бөлімі; Мемлекеттік хатшы хатшылығы; Әкімшілік Басшысының хатшылығы².

ҚР Президентінің *1995 ж. 24 қарашадағы* Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігі туралы ереже бекітілді³.

ҚР Президентінің Әкімшілігі *ҚР Президенті* құратын, қайта ұйымдастыратын және тарататын, *оған тікелей бағынатын және есеп беретін* мемлекеттік орган болып табылды.

Әкімшіліктің негізгі міндеттері: Президенттің, Республика Мемлекеттік хатшысының, Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету; Республика Президентін елдегі және шетелдегі істің жайы туралы уақтылы әрі толық хабардар ету; Республика Президентінің шешімдерінің сөзсіз, тыңғылықты және уақтылы орындау; Республика Президенті актілерінің орындалуы мен сақталуын, оның тапсырмаларының орындалуын бақылау болып табылады.

1996 ж. 1 ақпанда: Президенттің ағымдағы архиві – Президенттің жеке архиві және кітапханасы; Президенттің хаттама қызметі – Президенттің хаттамалық қызметі болып қайта аталды; Экономикалық кеңес экономикалық саясат бөлімі болып қайта құрылды⁴. Осы бұйрықпен жаңадан құрылған бөлімшелер енгізілді: ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы, Қазақстан халықтар Ассамблеясының хатшылығы, Адам құқықтары жөніндегі комиссия хатшылығы, Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңесінің хатшылығы; Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат мәселелері жөніндегі кеңес хатшылығы енгізілді.

ҚР Президентінің *1996 ж. 11 сәуірдегі* Жарлығымен⁵ ҚР Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган – Жоғары экономикалық кеңес құрылды, оның қызметін қамтамасыз етуді оның хатшылығы – Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырды, осыған байланысты 1996 ж. 8 шілдеде экономикалық саясат бөлімі таратылды⁶.

ҚР Президентінің *1996 ж. 18 сәуірдегі* Жарлығымен ҚР Президентінің «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы арнаулы өкілі туралы ереже бекітілді, онда арнаулы өкілдің құқықтық мәртебесі, негізгі міндеттері мен өкілеттіктері айқындалды⁷.

Ережеге сәйкес «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы ҚР Президентінің арнайы өкілі оны жалға беру жағдайында ҚР юрисдикциясын және ҚР азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге байланысты Қазақстан-Ресей уағдаластықтарында айқындалған мәселелер бойынша «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы ҚР Президентінің уәкілді адамы болып табылды.

Өкіл «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы 1994 ж. 28 наурыздағы ҚР мен Ресей Федерациясының арасындағы келісімді, 1994 ж. 10 желтоқсандағы ҚР Үкіметі мен РФ Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағын жалға беру шартын және ҚР юрисдикциясы мен Байқоңыр қ. тұратын ҚР азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бөлігінде оған қосымша келісімдерді іске асыруға; «Байқоңыр» ғарыш айлағында тұратын азаматтардың қалыпты тыныс-тіршілігі мақсатында «Байқоңыр» кешені инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету ісінде ҚР мен РФ арасында өзара түсінікті нығайтуға, ынтымақтастықты дамытуға бағытталған шаралардың қолданылуына ықпал жасады. Өкіл өзінің жұмысшы аппаратын жасақтады. Өкіл мен оның жұмыс аппаратын ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық және өзгедей қамтамасыз етуді ҚР Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырды. Өкілдің қызметін ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы үйлестіріп отырды.

ҚР Президентінің *1996 ж. 18 қазандағы* Жарлығымен ҚР Президентінің қызметін, оның актілері мен тапсырмаларының сөзсіз әрі мүлтіксіз және уақтылы атқарылуын бақылауды қамтамасыз ететін жүйені: ҚР Мемлекеттік хатшысы; ҚР Президентінің Әкімшілігі; ҚР Президентінің Бірінші көмекшісі, көмекшілері мен кеңесшілері құрайтындығы белгіленді⁸.

Әкімшілік – мемлекет Басшысына тікелей бағынысты және есеп беретін және «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң күші бар Президент Жарлығының 32-бабында белгіленген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган.

Әкімшіліктің құрамына: Әкімшілік басшысы, оның орынбасарлары, Мемлекет басшысы қызметке тағайындап, қызметінен босататын Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Әкімшіліктің басқа да мемлекеттік қызметкерлері кірді.

Әкімшіліктің құрылымын оның бөлімшелері, оның ішінде ҚР Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдарының аппараттары құрды.

ҚР Президентінің **1996 ж. 30 қарашадағы** Жарлығымен Әкімшіліктің жаңа құрылымы бекітілді: Әкімшілік басшысы және оның орынбасарлары; Президент кеңесі; Президенттің хаттамалық қызметі; Президенттің баспасөз қызметі; сараптау-ақпарат тобы; заңнама және сот жүйесі мәселелері жөніндегі бөлім; азаматтық және кешірім мәселелері жөніндегі бөлім; ҚР Президентінің Парламент Сенатындағы өкілі; ҚР Президентінің Парламент Мәжілісіндегі өкілі; ұйымдастыру-бақылау бөлімі; мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімі; ішкі саясат бөлімі; Талдау және стратегиялық зерттеулер орталығы; жалпы бөлім; Мемлекеттік хатшының хатшылығы; Әкімшілік басшысының хатшылығы; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы; Жоғары экономикалық кеңестің хатшылығы; Адам құқықтары жөніндегі кеңес хатшылығы; Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат мәселелері жөніндегі кеңес хатшылығы; Президент Әкімшілігінің бухгалтериясы⁹.

ҚР Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдардың тізбесі бекітілді, оған: ҚР Мемлекеттік хатшысы, ҚР Президентінің Бірінші көмекшісі, ҚР Президентінің көмекшілері мен кеңесшілері, ҚР Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңес төрағасының орынбасары, ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы кірді.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен таратылған **ҚР Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттіктің** мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Президентінің Әкімшілігі мен **ҚР Президенті Іс Басқармасына** берілді¹⁰.

ҚР Президентінің **1997 ж. 16 қазандағы** Жарлығымен Әкімшіліктің жаңа құрылымы бекітілді: Әкімшілік басшысы және оның орынбасарлары; Президент кеңесі; Президенттің хаттамалық қызметі; Президенттің баспасөз қызметі; заңнама және сот жүйесі мәселелері жөніндегі бөлім; азаматтық және кешірім мәселелері жөніндегі бөлім; ҚР Президентінің Парламент Сенатындағы өкілі; ҚР Президентінің Парламент Мәжілісіндегі өкілі; ұйымдастыру-бақылау бөлімі; мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімі; ішкі саясат бөлімі; Талдау және стратегиялық зерттеулер орталығы; жалпы бөлім; Мемлекеттік хатшының хатшылығы; Әкімшілік Басшысының хатшылығы; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы; Жоғары тәртіптік кеңестің хатшылығы; Орнықты даму жөніндегі ұлттық кеңестің хатшылығы; Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшылығы; Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат мәселелері жөніндегі кеңестің хатшылығы; Президент Әкімшілігінің бухгалтериясы¹¹.

ҚР Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдардың тізбесі бекітілді, оған: ҚР Мемлекеттік хатшысы, ҚР Президентінің Бірінші көмекшісі, ҚР Жоғары тәртіптік кеңесінің төрағасы; Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі – ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы; ҚР Президентінің көмекшілері мен кеңесшілері кірді.

ҚР Президентінің **1998 ж. 17 тамыздағы** Жарлығымен Әкімшілік құрылымына әлеуметтік-экономикалық реформалар мәселелері жөніндегі бөлім енгізілді¹². Әкімшілік құрылымынан Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес хатшылығы шығарылды.

ҚР Президентінің **1999 ж. 24 наурыздағы** Жарлығымен Әкімшіліктің жаңа құрылымы бекітілді: Әкімшілік басшысы және оның орынбасарлары; Президенттің көмекшісі мен кеңесшілері; ҚР Президентінің Парламент Сенатындағы өкілі; ҚР Президентінің Парламент Мәжілісіндегі өкілі; Президент Кеңесі; Президенттің хаттамалық қызметі; Президенттің баспасөз қызметі; мемлекеттік-құқықтық бөлім; ұйымдастыру-бақылау бөлімі; қоғамдық-саяси бөлім; жалпы бөлім; кадр жұмысы бөлімі; әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімі; Қауіпсіздік кеңесінің талдау орталығы; Мемлекеттік хатшының хатшылығы; Президент Әкімшілігі басшысының хатшылығы; Президент көмекшісінің хатшылығы; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы; әскери және әскери-техникалық мәселелер жөніндегі сарапшылар тобы; Президент Әкімшілігінің бухгалтериясы¹³.

ҚР Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдардың тізбесі бекітілді, оған: ҚР Мемлекеттік хатшысы, Президенттің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі – ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы кірді.

ҚР Президентінің **2000 ж. 20 сәуірдегі** Жарлығымен таратылған **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияның** мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Президентінің Әкімшілігіне берілді¹⁴.

ҚР Президентінің **2000 ж. 12 мамырдағы** Жарлығымен Әкімшілік құрылымына ҚР Қауіпсіздік кеңесінің экономикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бөлімі енгізілді¹⁵.

ҚР Президентінің **2001 ж. 26 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымына өзгерту енгізілді¹⁶. **«Парламент Сенатындағы** Президент өкілі, **Парламент Мәжілісіндегі** Президент өкілі» жолдары мынадай редакцияда жазылды: «Президенттің Парламенттегі Өкілдігі».

ҚР Президентінің **2002 ж. 11 ақпандағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігі туралы жаңа ереже бекітілді¹⁷.

ҚР Президентінің Әкімшілігі **ҚР Президенті** құратын, қайта ұйымдастыратын және тарататын, оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады.

Әкімшіліктің негізгі міндеттері: Президенттің, Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші органдарының қызметін қамтамасыз ету; мемлекеттік органдардың қызметіне жалпы бақылау, соның ішінде актілері мен Мемлекет басшысының тапсырмаларының орындалуына бақылау жасау; Республика Президентінің шешімдерін сөзсіз, түбегейлі және уақтылы орындау; Республика Президентін елдегі және шетелдегі істің жағдайы туралы уақтылы әрі толық хабардар ету болып табылады.

Президент Әкімшілігінің құрылымын оның бөлімшелері, оның ішінде ҚР Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың аппараттары құрады.

Президент Әкімшілігінің құрамына: Президент Әкімшілігінің Басшысы, Президенттің көмекшілері, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары, Президенттің кеңесшілері, мемлекет Басшысы қызметтеріне тағайындап және қызметтен босататын Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Президент Әкімшілігінің өзге де мемлекеттік қызметшілері кіреді.

ҚР Президентінің **2002 ж. 11 ақпандағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің штаттық саны мен құрылымы бекітілді: Президент Әкімшілігінің басшысы, Президенттің көмекшілері, Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары мен орынбасарлары, Президенттің кеңесшілері, Кеңсе, мемлекеттік-құқық бөлім, ішкі саясат бөлімі, ұйымдастыру-бақылау бөлімі, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы, баспасөз қызметі, Жүйелі зерттеулер орталығы, әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімі, хаттама қызметі, кадр жұмысы бөлімі, Президенттің Парламенттегі өкілдігі; Президенттің «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы арнаулы өкілінің аппараты, бухгалтерия¹⁸.

ҚР Президентінің **2002 ж. 8 мамырдағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымы Қазақстан халқы Ассамблеясымен жұмыс жөніндегі бөлімімен толықтырылды¹⁹.

ҚР Президентінің **2002 ж. 29 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымы жаңа редакцияда мазмұндалды: Президент Әкімшілігінің Басшысы, Президенттің көмекшілері, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Президент кеңесшілері, Кеңсе, мемлекеттік-құқықтық бөлім, ішкі саясат бөлімі, ұйымдастыру-аумақтық бөлім, Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы, баспасөз қызметі, Жүйелі зерттеулер орталығы, әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімі, хаттамалық қызметі, кадр жұмысы бөлімі, Президенттің Парламенттегі өкілдігі; Президенттің «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы арнаулы өкілінің аппараты, бухгалтерия²⁰.

ҚР Президентінің **2003 ж. 7 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымы конфессияаралық қатынастар жөніндегі бөлімімен толықтырылды²¹.

ҚР Президентінің **2003 ж. 16 мамырдағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігі туралы ережеге толықтыру енгізілді: Әкімшілік құрылымына ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының

бірінші орынбасары лауазымы енгізілді²². ҚР Президентінің 2002 ж. 11 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Әкімшілік құрылымына тиісті өзгерту енгізілді.

ҚР Президентінің **2004 ж. 31 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің штаттық саны мен құрылымы бекітілді: Президент Әкімшілігінің Басшысы; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы; Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары мен орынбасарлары; Президент көмекшілері; Президент кеңесшілері; Президент Кеңесі; ақпараттық-талдау орталығы; жалпы бөлім; мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі; заңнама және құқықтық сараптау бөлімі; кадр саясаты бөлімі; құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөлімі; мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттандыру бөлімі; әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімі; қаржы, бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; Президенттің Парламенттегі өкілдігі; Президенттің Баспасөз қызметі; Президент Протоколы; Қазақстан халықтары Ассамблеясының, Мемлекеттік хатшының, ҚР Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, Президент Әкімшілігі Басшысының, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылықтары; Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы; әлеуметтік-саяси бөлім, Президенттің «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы арнаулы өкілі; Сыртқы саясат орталығы²³.

ҚР Президентінің **2004 ж. 23 сәуірдегі** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігі туралы ережеге толықтыру енгізілді: Әкімшілік құрылымына бөлімдер мен басқармалар құрамындағы өзге бөлімшелер қосымша енгізілді; ҚР Президенті Әкімшілігінің құрамына Президент Кеңесінің бастығы қосымша енгізілді²⁴.

ҚР Президентінің **2004 ж. 1 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігінің құрылымына өзгерту енгізілді: «Президенттің Парламенттегі өкілдігі» деген жолы мынадай редакцияда мазмұндалды: «Парламент Сенатындағы Президент Өкілі. Парламент Мәжілісіндегі Президент Өкілі»²⁵.

ҚР Президентінің **2005 ж. 11 ақпандағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігінің құрылымына өзгерту енгізілді: «Парламент Сенатындағы Президент Өкілі. Парламент Мәжілісіндегі Президент Өкілі» деген жолдар мынадай редакцияда мазмұндалды: «Президенттің Парламенттегі Өкілдігі»²⁶.

ҚР Президентінің **2005 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігінің құрылымы мынадай редакцияда мазмұндалды: «Президент Әкімшілігінің Басшысы; Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары мен орынбасарлары; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы; Президент көмекшілері; Президент Кеңесі; Президент кеңесшілері; ақпараттық-талдау орталығы; жалпы бөлім; мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі; заңнама және құқықтық сараптау бөлімі; кадр саясаты бөлімі; құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөлімі; мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттандыру бөлімі; әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімі; қаржы, бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; Президенттің Парламенттегі өкілдігі; Президенттің Баспасөз қызметі; Президент протоколы; Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы; Мемлекеттік хатшының хатшылығы; Президент Әкімшілігі Басшысының хатшылығы; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы; ахуалдық орталық; әлеуметтік-саяси бөлім; Президенттің «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы арнаулы өкілі; Сыртқы саясат орталығы; Жүйелі зерттеулер орталығы»²⁷.

ҚР Президентінің **2005 ж. 23 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігі туралы ережеге өзгерту енгізілді: құрылымнан бөлімдер мен басқарма құрамындағы өзге де бөлімшелер шығарылды²⁸.

ҚР Президентінің **2006 ж. 28 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымынан Жүйелі зерттеулер орталығы шығарылды²⁹.

ҚР Президентінің **2006 ж. 19 сәуірдегі** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымындағы «Ахуалдық орталық» мынадай редакцияда мазмұндалды: «Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы»³⁰.

ҚР Президентінің **2006 ж. 25 шілдедегі** Жарлығымен **ҚР Президентінің** «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі туралы жаңа ереже бекітілді³¹.

ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі Арнаулы өкілі оны жалға беру жағдайында ҚР заңдық құзыретін және Байқоңыр қаласының аумағында тұратын Қазақстан Республикасы

азаматтарының конституциялық құқықтарын сақтауға байланысты қазақстандық-ресейлік уағдаластықтарында айқындалған мәселелер бойынша «Байқоңыр» кешенінде мемлекеттік саясаттың жүргізілуін және ҚР орталық және жергілікті атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ҚР уәкілді лауазымды адамы болып табылады.

Арнаулы өкіл **ҚР Президентіне тікелей есеп береді.**

Арнаулы өкілдің негізгі міндеті: ҚР Президенті айқындайтын мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатының негізгі қағидаларын «Байқоңыр» кешенінде орналасқан қазақстандық мемлекеттік билік органдарының іске асыруы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; «Байқоңыр» кешенінде жұмыс істейтін қазақстандық мемлекеттік органдардың қызметіне ҚР заңдық құзыретін және ҚР азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде, оның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмалары мен актілерінің орындалуына бақылауды қамтамасыз ету; ҚР Президентіне «Байқоңыр» кешенінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ өңірдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдай туралы үнемі баяндамалар ұсынып отыру.

Арнаулы өкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның «Байқоңыр» кешені жөніндегі қосалқы комиссиясымен, «Байқоңыр» кешенінің Үйлестіру кеңесімен, ҚР және РФ мемлекеттік органдарымен, ұйымдарымен, сондай-ақ Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысымен, «Байқоңыр» кешенінде өз қызметін жүзеге асыратын басқа да мемлекеттердің органдары және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Арнаулы өкіл «Байқоңыр» кешені Үйлестіру кеңесінің мүшесі болып табылады.

Арнаулы өкілдің қызметін үйлестіруді ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.

Арнаулы өкіл аппаратының қызметкерлері ҚР Президенті Әкімшілігінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілері болып табылады.

ҚР Президентінің **2007 ж. 17 сәуірдегі** Жарлығымен **ҚР Үкіметіне** ҚР Президенті жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы хатшылығын штат санымен қоса **ҚР Премьер-Министрі Кеңесінен** ҚР Президенті Әкімшілігіне беру тапсырылды³². ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымы ҚР Президенті жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы хатшылығымен толықтырылды.

ҚР Президентінің **2008 ж. 11 ақпандағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымы бекітілді: Президент Әкімшілігінің Басшысы; Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары; Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы; Президент көмекшілері; Президент Кеңесі; ҚР Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі; Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының бірінші орынбасары; Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының орынбасары; Президент кеңесшілері; Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы; Қауіпсіздік Кеңесінің Талдау бөлімі; Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы; Қауіпсіздік Кеңесінің Әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөлімі; Қауіпсіздік Кеңесінің Қауіпсіздіктің жалпы мәселелері бөлімі; Стратегиялық әзірлемелер және талдау, Сыртқы саясат, Талдау және болжамдау орталықтары; мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімі; ішкі саясат бөлімі; әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі; мемлекеттік құқық бөлімі; Қауіпсіздік Кеңесінің құқық қорғау жүйесі бөлімі; Президенттің Парламенттегі өкілдігі; Президенттің Протокол қызметі; Президенттің Баспасөз қызметі; Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы; Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімі; Президент Әкімшілігі Басшысының хатшылығы; Мемлекеттік кеңесшінің хатшылығы; жалпы бөлім; ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімі; ҚР Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету секторы³³.

ҚР Президентінің **2008 ж. 11 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігі туралы жаңа ереже және ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар тізбесі бекітілді³⁴.

ҚР Президенті Әкімшілігі ҚР Президенті құратын, оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады.

Әкімшіліктің негізгі міндеттері: ҚР Президентінің, ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің және Мемлекет басшысының жанындағы өзге де консультативтік-кеңесші органдардың, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету; ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық және әлеуметтік-экономикалық салалардағы саясатты қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар тұжырымдау; мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау, соның ішінде Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларын орындауға бақылау жасау, мемлекеттік органдардың алдағы қызметін жетілдіру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау; Мемлекет басшысы белгілейтін өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

Әкімшілік құрылымы мен штат санын ҚР Президенті белгілейді.

ҚР Президенті оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар тізбесі: **ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі, ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі, ҚР Президентінің Әкімшілігі, ҚР Бас прокуратурасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ҚР Ұлттық Банкі, ҚР Республикалық ұланы, ҚР Президентінің Күзет қызметі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау есеп комитеті, ҚР Президентінің Іс басқармасы.**

ҚР Президентінің **2008 ж. 21 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі туралы ережеге өзгертулер енгізілді³⁵. Атап айтқанда, ережеден ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысына жүктелген арнаулы өкілдің қызметін үйлестіруі туралы 11-тармақ алып тасталды.

Арнаулы өкіл аппараты қызметкерлерінің мәртебесі өзгертілді: аппараттың қызметкерлері әкімшілік мемлекеттік қызметшілері болып табылады (бұрын олар ҚР Президенті Әкімшілігінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілері болып табылған).

ҚР Президентінің **2008 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігі құрылымына қосымша Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы және кадр саясаты бөлімі енгізілді³⁶. Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімі болып өзгертілді.

ҚР Президентінің **2008 ж. 16 қазандағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Әкімшілігі құрылымына қосымша Президент Әкімшілігі Басшысының Хатшылығы, Мемлекеттік хатшының Хатшылығы, ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімі енгізілді, Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі жалпы бөлім болып, ал кадр саясаты бөлімі – мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімі болып қайта аталды³⁷.

ҚР Президентінің **2009 ж. 19 мамырдағы** Жарлығымен ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар тізбесіне қосымша **ҚР «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі** енгізілді³⁸.

ҚР Президентінің **2009 ж. 29 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымына қосымша Қауіпсіздік Кеңесінің Талдау бөлімі және Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы енгізілді³⁹.

ҚР Президентінің **2010 ж. 28 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігі туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды⁴⁰.

ҚР Президенті Әкімшілігі ҚР Президенті құратын, оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылды.

Әкімшіліктің құрылымы мен штаттық санын ҚР Президенті анықтайды.

Әкімшіліктің миссиясы Президент қызметін сапалы, уақтылы ақпараттық-талдау, құқықтық, хаттамалық-ұйымдастырушылық, құжаттамалық және өзге қамтамасыз ету болып табылды.

Әкімшіліктің негізгі міндеттері: 1) ҚР Президентінің: сыртқы саясаты, әлеуметтік-экономикалық және ішкі саясаттың өзге бағыттары; мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігі мен қауіпсіздігі; құқықтық саясаты, заңдылық және құқықтық тәртібі, кадр саясаты салаларындағы; **ҚР Парламентіне** қатысты, **ҚР Үкіметіне** және орталық атқарушы органдарға қатысты; **ҚР Конституциялық Кеңесіне** қатысты; соттар мен судьяларға қатысты; **ҚР Орталық сайлау**

комиссиясына қатысты; *жергілікті өкілдік және атқарушы органдарға* қатысты, облыс әкімдеріне, республикалық дәрежедегі қалалар мен астанаға және аймақтық саясатқа қатысты; оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қатысты өкілеттілігінің іске асырылуын қамтамасыз ету; 2) **ҚР Мемлекеттік хатшысының**; Қазақстан халқы Ассамблеясының; **Жоғары Сот Кеңесі** мен Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Президент анықтайтын өзге де міндеттер.

Әкімшілік құрамына ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы, ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы; Әкімшілік Басшысының орынбасарлары; Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы, ҚР Президентінің көмекшілері, ҚР Президенті Кеңесінің бастығы, ҚР Президентінің кеңесшілері, Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен өзге де қызметкерлер кіреді.

Әкімшілікті Президент лауазымға тағайындап, лауазымнан босататын және оның тікелей басшылығымен жұмыс істейтін, оған есепті және оның бақылауындағы Әкімшілік басшысы басқарады.

ҚР Президентінің **2017 ж. 12 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымына ҚР Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары қызметі енгізілді⁴¹.

ҚР Президентінің **2018 ж. 11 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымына Талдау және болжамдау орталығы енгізілді⁴².

ҚР Президентінің **2019 ж. 13 маусымдағы, 2019 ж. 17 маусымдағы, 2019 ж. 22 шілдедегі, 2019 ж. 10 қыркүйектегі, 2019 ж. 11 қарашадағы, 2020 ж. 8 қыркүйектегі, 2021 ж. 28 қаңтардағы, 2021 ж. 5 сәуірдегі, 2022 ж. 14 маусымдағы, 2022 ж. 26 қарашадағы, 2023 ж. 2 қаңтардағы, 2023 ж. 19 қаңтардағы, 2023 ж. 13 сәуірдегі** жарлықтарымен ҚР Президенті Әкімшілігінің ережесіне оның негізгі міндеттері мен функциялары, құрамы, Президент Әкімшілігі Басшысының өкілеттіктері, сондай-ақ Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізбесіне қатысты өзгерістер енгізілді⁴³. Өзгерістер ҚР Президентінің **Конституциялық Сотқа** қатысты өкілеттіктерін, Әкімшіліктің Әкімшілік туралы ережеде көзделген функцияларды іске асыру үшін **Сот әкімшілігіне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке)** тапсырмалар беру құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелерін қозғады.

ҚР Президентінің **2022 ж. 14 маусымдағы** Жарлығына сәйкес, ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымына Мемлекеттік хатшы орнына Мемлекеттік кеңесші лауазымы енгізілді⁴⁴.

ҚР Президентінің **2024 ж. 3 қаңтардағы** Жарлығымен Әкімшілік құрамы жаңа редакцияда жазылды: ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы, ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы, ҚР Президенті Кеңесінің бастығы, ҚР Президентінің көмекшілері, ҚР Президентінің кеңесшілері, Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен өзге де қызметкерлері. Осылайша, құрамнан Әкімшілік Басшысының орынбасарлары және ҚР Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Арнайы өкілі шығарылды⁴⁵.

2024 ж. соңында ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізбесіне ҚР Президентінің Әкімшілігі, **ҚР Бас прокуратурасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, ҚР Ұлттық Банкі, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, ҚР Мемлекеттік күзет қызметі, ҚР Жоғары аудиторлық палатасы, ҚР Президентінің Іс басқармасы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, ҚР Қаржы мониторингі агенттігі** кірді.

¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 20 қазандағы № 2565 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 412-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 20 қазандағы № 2565 Жарлығына қосымшасы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 412-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 24 қарашадағы № 2656 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 4712 іс).

- ⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 62-б.
- ⁵ «Қазақстан Республикасының Президент жанынан Жоғары экономикалық кеңес құру туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 сәуірдегі № 2946 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 15, 117-құжат).
- ⁶ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 62-б.
- ⁷ «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Өкілі туралы ереже туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 18 сәуірдегі № 2955 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 15, 118-құжат).
- ⁸ «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етудің жүйесі туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 18 қазандағы № 3144 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 42, 392-құжат).
- ⁹ «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымы мен штат саны, Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдар туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 30 қарашадағы № 3242 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 48, 465-құжат).
- ¹⁰ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).
- ¹¹ «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымы мен штат саны, Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 16 қазандағы № 3691 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 47, 427-құжат).
- ¹² «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін органдардың құрылымы мен штат саны және лауазымды адамдардың тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 16 қазандағы № 3691 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 17 тамыздағы № 4022 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 27, 225-құжат).
- ¹³ «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымы мен штат саны және Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдардың тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 24 наурыздағы № 89 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 36 іс).
- ¹⁴ «Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 20 сәуірдегі № 377 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 1351 іс).
- ¹⁵ «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымы мен штат саны және Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдардың тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 24 наурыздағы № 89 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 12 мамырдағы № 391 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/5928/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ¹⁶ «1999 жылғы 24 наурыздағы № 89 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 26 қаңтардағы № 542 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 2444 іс).
- ¹⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 11 ақпандағы № 805 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 6, 40-құжат).
- ¹⁸ «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штаттық саны мен құрылымы туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 11 ақпандағы № 806 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 3716 іс).
- ¹⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 ақпандағы № 806 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 8 мамырдағы № 868 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 3728 іс).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 29 тамыздағы № 939 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 3739 іс).
- ²¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 ақпандағы № 806 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 7 қаңтардағы № 1014 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 5123 іс).
- ²² «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерту енгізу туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 16 мамырдағы № 1094 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 20, 201-құжат).
- ²³ «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штаттық саны мен құрылымы туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 31 наурыздағы № 1327 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 15, 184-құжат).
- ²⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 ақпандағы № 805 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 23 сәуірдегі № 1351 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 19, 235-құжат).
- ²⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы № 1327 Жарлығына өзгерту енгізу туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 1 желтоқсандағы № 1478 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 48, 591-құжат).
- ²⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы № 1327 Жарлығына өзгерту енгізу туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 11 ақпандағы № 1518 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 6, 49-құжат).
- ²⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы № 1327 Жарлығына өзгерту енгізу туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 4 наурыздағы № 1524 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 7882 іс).
- ²⁸ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 23 наурыздағы № 1528 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 7882 іс).
- ²⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы № 1327 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 28 қаңтардағы № 51 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 4, 23-құжат).
- ³⁰ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы № 1327 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 19 сәуірдегі № 97 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 15, 140-құжат).
- ³¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 25 шілдедегі № 155 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 27, 277-құжат).
- ³² «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 17 сәуірдегі № 317 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 12, 135-құжат).
- ³³ «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штаттық саны мен құрылымы туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 11 ақпандағы № 533 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 5, 52-құжат).
- ³⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 11 наурыздағы № 552 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 12-13, 116-құжат).

³⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 155 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 21 наурыздағы № 556 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 16, 145-құжат).

³⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533 Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 29 қыркүйектегі № 662 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 39, 416-құжат).

³⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 16 қазандағы № 680 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 7 т. 4041 іс).

³⁸ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 19 мамырдағы № 805 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 24-25, 207-құжат).

³⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 29 желтоқсандағы № 911 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 2, 12-құжат).

⁴⁰ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 28 желтоқсандағы №1129 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 10-11, 125-құжат).

⁴¹ «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы» ҚР Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 12 қаңтардағы № 409 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 1, 1-құжат).

⁴² «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 11 желтоқсандағы № 802 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000802> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴³ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 11 наурыздағы № 552 Жарлығы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/38280/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісінің мәртебесі мен өкілеттігі, Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 14 маусымдағы № 927 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 36, 211-құжат).

⁴⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 3 қаңтардағы № 429 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/191794/kaz/03.01.2024> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 8 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (1991*)

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының *1991 ж. 6 желтоқсандағы* қаулысымен Қазақ КСР аумағында жұмыс істеген прокуратура органдарының базасында Қазақ КСР Бас Прокурорына бағынысты прокуратура органдарының біртұтас жүйесі құрылды¹.

Қазақ КСР прокуратура органдарының біртұтас жүйесін республика прокуратурасы орталық аппарат, облыстық, Алматы қаласының прокуратуралары, Алматы, Целинная және Батыс Қазақстан көліктік прокуратуралары (облыстық құқықта), қалалар мен аудандар прокуратуралары, көліктік, табиғат қорғау, су және басқа арнаулы прокуратуралары аудандық құқықта құрады және олардың мүліктері республика меншігі болып табылды.

1992 ж. 17 қаңтарда «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» ҚР Заңы қабылданды².

Осы заңға сәйкес ҚР Прокуратурасы – өз құзыретінің шегінде Министрлер Кабинеті мен мемлекеттік және шаруашылық басқару және бақылау органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, бағыныстылығы, тиістілігі мен меншік нышанына қарамастан әскери бөлімшелердің, жергілікті Халық депутаттары кеңестерінің, атқару және өкімдік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, саяси партиялар мен басқа қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды адамдардың, сондай-ақ азаматтардың заңдарды дәл және бірыңғай орындауын жоғары қадағалауды жүзеге асырған **ҚР Жоғарғы Кеңесіне** есеп берген мемлекеттік орган болды.

ҚР Прокуратурасын ҚР Бас Прокуроры басқарды. ҚР прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін Бас прокуратура, облыстық, Алматы қаласының прокуратурасы, ауданаралық, аудандық, қалалық және соған теңестірілген мамандандырылған прокуратуралары құрады.

ҚР Бас прокуратурасы: мемлекеттік және шаруашылық басқару және бақылау республикалық органдарының, саяси партиялар мен ҚР Әділет министрлігі тікелей тіркеген өзге де қоғамдық бірлестіктердің заңдарды орындауын қадағалауды жүзеге асырды; республика

прокуратураларының органдары қызметінің негізгі бағыттары қимылының үйлестірілуі мен бірлігін қамтамасыз етті; заңдардың орындалуын қадағалау тәжірибесін, республикадағы заңдылық пен қылмыстың жай-күйін талдады; прокурор қадағалауын жетілдіру жөнінде ұсыным жасады; заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі прокуратура органдарының жұмысын бақылады; құқылық тәртіпті нығайту ісінде басқа республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-әрекет жасады; ҚР Жоғарғы Кеңесіне, Президентіне заңдылықтың жай-күйі туралы ақпарат берді, құқылық тәртіпті нығайту және заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар енгізді; кадрлар біліктілігін арттыруды ұйымдастырды және өткізді.

1993 ж. 28 қаңтарда ҚР Конституциясы қабылданды, онда ҚР аумағында заңдардың дәлме-дәл және біркелкі қолданылуын өз құзыреті шегінде ҚР Прокуратурасы жүзеге асыратындығы жазылды. Заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырды, сотта іс қарауға қатысты³. Прокуратура органдары өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және тек заңға бағынады. Прокурор лауазымы депутат мандатымен, өзге мемлекеттік органдарда қызмет етумен, саяси мақсат қудалаған қоғамдық бірлестіктерге мүше болумен кәсіпкерлік қызметпен сыйыспайды. Прокуратураның органдарының бірыңғай және орталықтандырылған жүйесін ҚР Бас Прокуроры басқарды, оны ҚР Жоғарғы Кеңесі бес жыл мерзімге сайлады. Төменгі тұрған прокурорларды ҚР Бас Прокуроры қызметке тағайындады және босатты.

1995 ж. 30 тамызда өткен референдумда қабылданған ҚР Конституциясында ҚР Прокуратурасы мемлекет атынан республиканың аумағында заңдардың, ҚР жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді⁴. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және республика Президентіне ғана есеп береді.

ҚР Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі – бес жыл.

ҚР Президентінің **1995 ж. 21 желтоқсандағы** Заң күші бар Жарлығымен ҚР прокуратурасы құзыреті, қызметінің ұйымдастырылу және тәртібі айқындалды⁵.

ҚР Прокуратурасы – Республика аумағында заңдардың, ҚР Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, ҚР Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган.

Прокуратура заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданды, республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдірді, сотта мемлекет мүддесін білдірді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырды.

Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны: заңдардың, республика Конституциясының, заң актілері мен Президент актілерінің бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолдану; жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру; республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіру; сотта мемлекет мүддесін білдіреді; заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асыру.

ҚР Прокуратурасы органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстық прокуратуралар, республикалық деңгейдегі қалалар және Республика астанасы прокуратуралары,

ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және басқа мамандандырылған прокуратуралар құрады.

ҚР Бас прокуратурасын республика Бас Прокуроры басқарды. Бас Прокурордың бірінші орынбасары және орынбасарлары болды.

ҚР Бас прокуратурасының құрылымын басқармалар мен бөлімдер құрады. Басқармалар мен бөлімдердің бастықтары ҚР Бас Прокурорының аға көмекшілері, ал олардың орынбасарлары – көмекшілер болып табылды. ҚР Бас Прокуроры мен оның бірінші орынбасарының ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері болды. Басқармалар мен бөлімдерде аға прокурорлар мен прокурорлар лауазымдары белгіленді.

ҚР Бас прокуратурасы: республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етті; республикада заңдардың орындалуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау жасады; прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірледі; республика прокуратура органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылады; заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасады және олардың қызметін үйлестіріп отырды; кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырды және жүргізді; норма шығарушылық қызметіне қатысты; халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етті.

ҚР 1998 ж. 2 шілдедегі Заңымен ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁶. Атап айтқанда, прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарына статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, құқықтық статистика саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады. ҚР Бас прокуратурасының құрылымын құрайтын бөлімшелер санына департаменттер қосылды. 12-баптың 5-тармағының ережесі жаңа редакцияда жазылды: «Бас Прокурор заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады».

ҚР Президентінің 2003 ж. 28 наурыздағы Жарлығымен ҚР Бас прокуратурасы жанынан **Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу жөніндегі комитеті** құрылды, оған таратылған ҚР Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының мүлікті басқару және істерін жүргізу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді⁷.

ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы Жарлығымен ҚР Бас прокуратурасына көлік прокуратурасы жүйесін өңірлік үш көлік прокуратурасын ҚР Бас прокуратурасы жанындағы біреуіне біріктіру жолымен оңтайландыру тапсырылды⁸.

ҚР Президентінің 2015 ж. 4 мамырдағы Жарлығымен **ҚР Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы** құрылды⁹.

2017 ж. 30 маусымдағы «Прокуратура туралы» ҚР Заңына сәйкес Прокуратура мемлекет атынан ҚР аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады¹⁰.

Прокуратура төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынатын бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды және өз өкілеттіктерін заңдылық, басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз болу және ҚР Президентіне ғана есеп беру қағидаттарында жүзеге асырады.

Прокуратура заңда белгіленген шекте мынадай міндеттерді атқарады: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру; заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтау және жою; құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті

камтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру; заңда және ҚР Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Прокуратура заңда белгіленген шекте және тәртіппен: мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің; заңды күшіне енген сот актілерінің; атқарушылық іс жүргізудің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің; құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі; қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану; ҚР халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметінің; мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың заңдылығын; заңда айқындалатын өзге де бағыттар бойынша заңдылықты жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

ҚР Президентінің **2017 ж. 13 қазандағы Жарлығымен**¹¹ ҚР Бас прокуратурасы туралы ереже бекітілді, оған кейінгі уақытта елдегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси процестерге байланысты өзгерістер енгізілді (**2018 ж. 7 тамызда, 2019 ж. 10 қыркүйекте, 2020 ж. 4 наурызда, 2020 ж. 2 маусымда, 2022 ж. 3 қазанда, 2023 ж. 13 сәуірде, 2023 ж. 23 мамырда, 2023 ж. 30 мамырда, 2023 ж. 31 шілдеде, 2023 ж. 5 қазанда**)¹². Жаңартулар Бас прокуратура қызметінің ұйымдастырылуына, құрылымына, Бас прокуратураның ведомствосына кіретін мемлекеттік мекемелердің – аумақтық органдар тізіміне және басқа да мәселелерге қатысты болды.

Қолданыстағы ережеге сәйкес Бас прокуратура – **ҚР Президентіне тікелей есеп беретін** мемлекеттік құқық қорғау органы болып табылады және өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан тәуелсіз жүзеге асырады.

Бас прокуратура ҚР прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесіне басшылықты, мемлекет атынан заңмен белгіленген шектерде және нысандарда ҚР аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Бас прокуратура, оған бағынысты ведомстволар, білім беру ұйымы, әскери прокуратураның және көлік прокуратурасының органдары, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралар прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесін құрайды.

ҚР Бас прокуратурасының **Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті** және **ҚР Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитеті** деген ведомстволары бар.

Бас прокуратураның міндеттерін заң шығарушы Конституциялық заңда белгілеген.

2022 ж. 5 қарашадағы «Прокуратура туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес Бас прокуратураның негізгі міндеттері: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру; заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтау және жою; құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті камтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру; ҚР заңдарында және ҚР Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асыру¹³.

¹ «Қазақ КСР прокуратура органдарының біртұтас жүйесін құру, олардың дербестігі мен тәуелсіздігін камтамасыз ету туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1991 ж. 6 желтоқсандағы № 997 қаулысы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48-50, 613-құжат).

² «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1992 ж. 17 қаңтардағы № 1146 ҚР Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992, № 5, 104-құжат).

³ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 ж. 28 қаңтарда қабылданды (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 3, 54-құжат).

⁴ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамызда қабылданды (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2709 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 24, 156-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 ж. 2 шілдедегі № 266 ҚР Заңы (Казахстанская правда, 1998 ж. 8 шілде).

⁷ «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 28 наурыздағы № 1050 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 12, 130-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын құру туралы» ҚР Президентінің 2015 ж. 4 мамырдағы № 15 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2015, № 29-30, 184-құжат).

¹⁰ «Прокуратура туралы» 2017 ж. 30 маусымдағы № 81-VI ҚР Заңы (Егемен Қазақстан, 2017 ж. 3 шілде).

¹¹ «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 13 қазандағы № 563 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 47-48-49, 313-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 13 қазандағы № 563 Жарлығы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/115494/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

¹³ «Прокуратура туралы» 2022 ж. 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ ҚР Конституциялық заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 7 қараша).

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (2003*)

ҚР Президентінің **2003 ж. 28 наурыздағы** Жарлығымен құрылды, оған таратылған ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының функциялары мен мүлкін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді¹.

Осы Жарлықпен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

ҚР Бас прокуратурасының құзыреті шегінде құқықтық статистиканы түзу және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның функциялары мен өкілеттігін жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармалары және оларға теңестірілген әскери басқармасы мен аймақтық көлік басқармалары болды, олар комитет төрағасына бағынды.

Комитеттің негізгі міндеттері: бірыңғай статистикалық принциптер мен стандарттар негізінде елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды тиімді және жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету; мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру мен дамыту.

Комитет құрылымы: басшылық; ұйымдастыру-кадр жұмысы басқармасы; талдау және құқықтық реттеу жұмысы басқармасы; құқықтық статистиканы түзу басқармасы; арнайы есепке алу басқармасы; қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасы.

ҚР Президентінің **2011 ж. 27 маусымдағы** Жарлығымен комитеттің Астана, Алматы қалаларында және облыстарда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармалары және оларға теңестірілген мамандандырылған бөлімшелері жатқызылды, олар өз қызметінде комитет Төрағасына бағынды³.

ҚР Президентінің **2018 ж. 7 тамыздағы** Жарлығымен комитеттің жаңа басқармасы Шымкент қаласында құрылды⁴.

ҚР Президентінің **2020 ж. 15 мамырдағы** Жарлығымен комитеттің функциялары мемлекеттік органдарға келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдаумен толықтырылды⁵.

ҚР Президентінің **2023 ж. 23 мамырдағы** Жарлығымен комитет туралы ереже жаңа редакцияда жазылды⁶. Өзгерістер негізінен комитеттің функцияларына әсер етті.

¹ «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 28 наурыздағы № 1050 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 12, 130-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 27 маусымдағы № 105 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 42, 546-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 7 тамыздағы № 727 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2018, № 49, 243-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 15 мамырдағы № 332 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2020, № 18-19, 148-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 23 мамырдағы № 227 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 22, 156-құжат).

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитеті (2023*)

ҚР Президентінің **2023 ж. 5 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

Осы Жарлықпен комитет туралы ереже бекітілді.

Комитет ҚР Бас прокуратурасының активтерді қайтару жөніндегі қызметті мемлекеттің атынан және мүддесіне орай жүзеге асыратын ведомствосы – заңсыз иемденілген активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Комитеттің міндеттері: «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында жүктелген міндеттер шегінде заңсыз иемденілген активтерді анықтау және мемлекетке қайтару; заңсыз иемденілген, оның ішінде шығарылған активтерді мемлекетке қайтаруға бағытталған шараларды жүзеге асыру; активтерді қайтару бойынша халықаралық-құқықтық ынтымақтастықты дамыту; экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына, активтерді заңсыз шығаруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау мен жою және олардың салдарын жою; ҚР заңнамалық актілеріне, ҚР Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» ҚР Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 5 қазандағы № 366 Жарлығы (ПУАЖ, 2023, № 45, 372-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (1991–1992)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды және КСРО МҚК басқармасының одақтық-республикалық органының құқық иеленушісі деп танылды¹. Осы қаулымен ҚР Мемлекеттік қауіпсіздігі органдары туралы уақытша ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес ҚР ҰҚК ҚР республикалық мемлекеттік басқару органы болып табылды. Өз құзыретінің шегінде мемлекеттік қауіпсіздік саласында басшылықты жүзеге асырды, мемлекеттік қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша тікелей жұмыс жүргізді және ҚР мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапкершілік артты.

ҚР мемлекеттік қауіпсіздігі органдарының біртұтас жүйесін ҚР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МҚК), оған бағынысты мекемелер мен ұйымдар, облыстар бойынша Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармалары (МҚКБ), оларға бағынысты МҚКБ мемлекеттік қауіпсіздігін калалық және аудандық бөлімдері (бөлімшелері) құрады.

ҚР мемлекеттік қауіпсіздік органдары өз құзыретінің шегінде ҚР мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз етті, республиканың конституциялық құрылысын, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын, оның экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды жүзеге асырды.

ҚР МҚК негізгі міндеттері мыналар болды: барлау және қарсы барлау жұмыстарын жүзеге асыру, шет елдердің арнайы қызметтері мен шетел ұйымдарының барлау-қопару әрекеттерімен,

мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне ықпал ететін терроризммен және ұйымдасқан қылмыспен күрес жүргізу; ҚР конституциялық құрылысын, егемендігі мен аумақтық тұтастығын құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғау; Қазақстан Республикасының Президентін, мемлекеттік билік пен басқарудың жоғары органдарын, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарды мемлекеттік қауіпсіздік, әлеуметтік-экономикалық, қорғаныс саласындағы құрылыс, ғылыми-техникалық прогресс, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметпен байланысты міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету; ҚР заңнамасы бойынша тергелуі мемлекет қауіпсіздігі органдарына қарайтын қылмыстарды анықтауды, алдын алуды және тыйым салуды жүзеге асыру; мемлекеттік құпияны қорғау жүйесін ұйымдастыру; республикада шет мемлекеттердің дипломатиялық және ресми басқа да өкілдіктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру; қажет болған жағдайда ҚР азаматтарының шетелге барған және шетелде болған кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру; ҚР аумағында орналасқан қорғаныс өнеркәсібі, атом энергетикасы, ғарыш, көлік, байланыс объектілерінің, әскери және стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; тергелуі ҚР заңнамасымен қауіпсіздік органдарының міндетіне енетін қылмыстардың жасалуына күдікті адамдарға қатысты жедел-іздік шараларын жүзеге асыру; мемлекеттік қауіпсіздік органдарын соғыс жағдайына жұмылдыру шаралары мен олардың төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарының дайындығын қамтамасыз ету; қажет болған жағдайларда шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен байланыс орнату.

ҚР МҚК ҚР Жоғарғы Кеңесіне, *Президентіне* және Министрлер Кабинетіне *есепті* болды.

ҚР орталық мемлекеттік басқару республикалық органы болып табылды².

1992 ж. 20 маусымда ҚР «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заңы қабылданды³.

ҚР Президентінің **1992 ж. 13 шілдедегі** Жарлығымен ҚР МҚК **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті** болып қайта құрылды және мемлекеттік басқару органдарының тізбесінен шығарылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 19 желтоқсандағы № 788 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/1440/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР 1992 ж. 20 маусымдағы № 1430-ХІІ Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992, № 11-12, 286-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 13 шілдедегі № 844 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 25, 390-құжат).

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (1992*)

1992 ж. 20 маусымда ҚР «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заңы қабылданды¹.

Заң ұлттық қауіпсіздік органдары – мемлекеттік басқару құрылымындағы **ҚР Президентіне тікелей бағынатын**, ҚР қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесінде жеке адамды, қоғам мен мемлекетті ішкі және сыртқы қауіп-қатерден заңдарға сәйкес қорғауды жүзеге асыратын арнаулы органдар екенін белгіледі.

ҚР ұлттық қауіпсіздігі органдарының бірыңғай жүйесін ҚР Ұлттық қауіпсіздігі комитеті, оған ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдар, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстар бойынша басқармалары және оларға бағынатын қалалық және аудандық ұлттық қауіпсіздік бөлімдері (бөлімшелері), сондай-ақ әскери қарсы барлау органдары құрайды.

Заңға сәйкес ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті ҚР мемлекеттік басқару органы болып табылды.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының негізгі функциялары: жеке адам, қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекет саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; ҚР мүддесіндегі барлау ақпараттарын табу; шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың барлау және ҚР қауіпсіздігіне зиян келтіруге бағытталған басқа да әрекеттерін анықтау, алдын алу және алдын кесу; терроризмге және ҚР конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін білдіруге бағытталған әрекеттерін анықтау, алдын алу және алдын кесу; Заңнамаға сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстарды анықтау, алдын кесу, ашу және тергеу; шифрланған және кодталған байланыстармен мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен елдің әскери құрылымдарын қамтамасыз ету.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті ҚР Президентінің *1992 ж. 13 шілдедегі* Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды².

ҚР Президентінің *1992 ж. 18 тамыздағы* Жарлығымен ҚР шекара әскерлері құрылып, Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан Шығыс шекара округының шекаралық құрамдары негізінде Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері құрылды және ол ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағынды³.

ҚР Президентінің *1992 ж. 30 желтоқсандағы* қаулысымен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, оның жергілікті жерлердегі органдары және ҚР ҰҚК-не бағынатын әскерлер туралы ереже бекітілді⁴.

Ережеге сәйкес ҚР ҰҚК мемлекеттік басқарудың арнаулы органы болып табылды және өз құзыретінің шегінде өзіне тапсырылған қызмет саласы үшін ҚР Президентінің алдында жауапты болды.

ҚР ҰҚК (Комитеттің орталық аппараты құрылымдық бөлімшелері және басқа мемлекеттердегі ҰҚК өкілдіктері), оның жергілікті жерлердегі органдары және комитетке бағынатын әскерлер ҚР ұлттық қауіпсіздік органдарының біртұтас жүйесін құрады, ҚР ҰҚК жергілікті жерлердегі органдары: аумақтық органдар – ҰҚК (ҚР ҰҚКБ) облыстар бойынша басқармалары мен оларға бағынатын ұлттық қауіпсіздік органдарының қалалық және аудандық бөлімдері (бөлімшелері) (ҚР ҰҚКБ ҚБ және АБ); әскери қарсы барлау органдары (ҚР ҰҚК ӘКБО); оқу орындары, әлеуметтік-мәдени және медициналық мақсаттағы объектілер; өзге де мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар.

ҚР ҰҚК мынадай негізгі функцияларды атқарды: аумақтық органдардың, шекара әскерлерінің және әскери қарсы барлаудың жедел қызметтегі бөлімшелерінің барлау және қарсы барлау жұмысын ұйымдастырады және міндеттерін айқындайды; барлау және қарсы барлау қызметін тікелей жүзеге асырады; ҚР конституциялық құрылымын, егемендігін және аумақтық тұтастығын қорғау, шетел мемлекеттері мен шетел ұйымдары арнайы қызметтерінің агентуралық және басқа барлау-бүлдіру әрекеттерімен күрес; террорлықпен күрес; ұйымдасқан қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен және контрабандамен күрес; қорғаныс өндірісі, атом энергетикасы, ғарыш, көлік, байланыс және экономиканың басқа да маңызды объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; мемлекеттік құпияларды қорғау; ҚР мемлекеттік шекарасын және экономикалық аймағын күзету; соғыс жағдайында мемлекетті басқару пункттерінің жұмыс істеу әзірлігін қамтамасыз ету; маңызды мемлекеттік және қоғамдық-саяси шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Президентті, республиканың басқа жоғары басшыларын, шетел мемлекеттерінің мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерін күзету шараларына қатысу жөніндегі қызметтерді жүзеге асырады; ҚР Президентін **ҚР Жоғарғы Кеңесінің**, **ҚР Министрлер Кабинетін** және ҚР шетелдердегі өкілдіктерін шифрлы байланыспен қамтамасыз етеді; бұрын КСР Одағы құрамына енген мемлекеттермен байланыс орнатады және олардың барлау қызметтерімен, қауіпсіздік органдармен, үкіметтік және шифрлы байланыстармен, сондай-ақ шетелдің, халықаралық ұйымдардың құқық қорғау ұйымдарымен және шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтерімен келісім жасасады.

ҚР Президентінің *1993 ж. 9 маусымдағы* Жарлығымен комитет ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылық жасаған ҚР мемлекеттік басқару орталық органдарына жатқызылды⁵.

ҚР Президентінің *1994 ж. 18 сәуірдегі* Жарлығымен комитет ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылық жасаған мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесінен алынып тасталды⁶.

1995 ж. 21 желтоқсанда ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі органдары туралы» Заң күші бар Жарлығына қол қойылды⁷.

Жарлық ҚР ұлттық қауіпсіздік органдарының ҚР қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жеке адамның және қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз етуге арналған ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік органдар екенін белгіледі.

ҚР ұлттық қауіпсіздік органдарының біртұтас жүйесін ҚО Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және республика астанасындағы басқармалары мен оларға бағынысты қалалық және аудандық бөлімдер (бөлімшелер), әскери қарсы барлау органдары, арнаулы мақсаттағы бөлімшелер, оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері және өзге де ұйымдар құрайды.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетін ҚР Президенті құрады, таратады және қайта құрады және ол Республиканың орталық атқарушы органдарының жүйесіне кірмейді. Комитеттің негізгі функциялары сақталынды.

ҚР Президентінің *1997 ж. 5 қарашадағы* Жарлығымен таратылған *ҚР Мемлекеттік тергеу комитетінің* өкілеттіктері ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен *ҚР Ішкі істер министрлігіне* берілді⁸.

ҚР Президентінің *1999 ж. 10 желтоқсандағы* Жарлығымен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомствосы болып табылатын *Шекара қызметі* құрылды⁹.

ҚР Президентінің *2003 ж. 29 желтоқсандағы* өкімімен мүдделі мемлекеттік органдардың террористік және экстремистік көріністерді анықтау, алдын алу және жолын кесу саласындағы қызметін үйлестіруге арналған ҚР ҰҚК Терроризмге қарсы орталығы құрылды¹⁰.

ҚР Президентінің *2005 ж. 8 сәуірдегі* өкімімен ҚР ҰҚК Терроризмге қарсы орталығы ҚР мемлекеттік органдарының қауіпсіздік жүйелерін күшейту және террористік қоқан-лоққыларды бейтараптандыруға дайындық жөніндегі, соның ішінде Мемлекеттік бағдарламада көзделген терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен күрес шаралар кешенін іске асыруына бақылау жасауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер берілді¹¹.

ҚР Президентінің *2009 ж. 17 ақпандағы* Жарлығымен *ҚР «Сырбар» сыртқы барлау қызметінің* құрылуына байланысты *комитеттің «Барлау» қызметі* таратылды¹².

ҚР Президентінің *2019 ж. 18 қыркүйектегі* Жарлығымен *Сыртқы барлау қызметі* туралы ереже бекітілді¹³.

ҚР Президентінің *2021 ж. 19 шілдедегі, 2022 ж. 17 мамырдағы, 2022 ж. 5 шілдедегі, 2022 ж. 9 қарашадағы, 2023 ж. 4 мамырдағы, 2023 ж. 28 желтоқсандағы, 2024 ж. 13 наурыздағы, 2024 ж. 4 сәуірдегі, 2024 ж. 1 шілдедегі, 2024 ж. 12 тамыздағы* жарлықтарымен комитет туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар¹⁴ енгізілді, олар комитеттің міндеттеріне, функциялары мен өкілеттіктеріне, сондай-ақ оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесіне қатысты болды.

Атап айтқанда, ҚР Президентінің *2024 ж. 13 наурыздағы* Жарлығымен¹⁵ комитеттің міндеттеріне ҚР заңнамасына сәйкес барлау іс-шараларын жүзеге асыру қосымша енгізілді.

ҚР Президентінің *2024 ж. 1 шілдедегі*¹⁶ және *2024 ж. 12 тамыздағы*¹⁷ жарлықтарымен комитеттің функциялары келесімен толықтырылды: ұлттық қауіпсіздік органдарының жоғары әскери, арнаулы оқу орындарына түсуге білім беру жеңілдіктерін алу үшін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді конкурстық іріктеу қағидаларын әзірлеу және бекіту; жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін байланыс саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат

есебінен қамтамасыз ету қағидаларын және байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту; ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын деректерді өңдеу орталығының қызметін ұйымдастыру қағидаларын келісу; медициналық тексеруге (куәландыруға) жол жүру және кері қайту кезінде ҚР аумағы бойынша көлікте жүргені үшін жолақы шығындарын өтетуге құқығы бар ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жолдама беру тәртібін айқындау және т.б.

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР 1992 ж. 20 маусымдағы № 1430-ХІІ Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992, № 11-12, 286-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 13 шілдедегі № 844 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 25, 390-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 18 тамыздағы № 862 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 30, 436-құжат).

⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 625-б.

⁵ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

⁶ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 18 сәуірдегі № 1661 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 18, 178-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заң күші бар ҚР 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2710 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 24, 157-құжат).

⁸ «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 5 қарашадағы № 3731 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 48, 443-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 54, 533-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы орталығы туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 29 желтоқсандағы № 435 өкімі (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 50, 572-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы № 435 өкіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 8 сәуірдегі № 544 өкімі (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 18, 207-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және барлау қызметін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 17 ақпандағы № 739 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 7 т. 6635 іс).

¹³ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 18 қыркүйектегі № 163 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 36-37, 331-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/1191/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 13 наурыздағы № 495 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 11, 60-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 1 шілдедегі № 592 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 31, 183-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 12 тамыздағы № 620 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 36-37, 220-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті (1995–1997)

ҚР Президентінің **1995 ж. 6 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының біртұтас жүйесін Мемлекеттік тергеу комитеті, оған тікелей бағынатын облыстардағы (Алматы қаласындағы) және көліктегі басқармалары, Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық бөлімшелері, сондай-ақ айырықша әрі режимдік объектілер, оқу орындары мекемелер мен ұйымдар құрады.

ҚР Президентінің **1995 ж. 4 қарашадағы** Жарлығымен ҚР МТК туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес МТК органдарының бірыңғай жүйесіндегі, тікелей **Республика Президентіне бағынатын және оған есеп беретін**, анықтау, алдын ала тергеу, жедел-іздістіру

қызметін және олардан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган болып табылды.

ҚР МТК-нің негізгі міндеттері: анықтау, алдын ала тергеу, жедел-ізвестіру және өзге де қызметті жүргізу арқылы қылмыстарды анықтау, ашу және жолын кесу, қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу, осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және т.б.

1995 ж. 21 желтоқсанда ҚР Президентінің МТК және оның органдарының қызметін регламенттеген Заң күші бар Жарлығына қол қойылды³. Оның статусы анықталды: Республиканың орталық атқарушы органдарының жүйесіне кірмейтін, **Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін** арнаулы мемлекеттік орган.

ҚР Президентінің **1997 ж. 15 мамырдағы** Жарлығымен МТК-нің жедел-ізвестіру қызметінің аясы келесі сөздермен толықтырылды: «экономикалық, лауазымдық және әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша, жедел ізвестіру қызметін, ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа, сондай-ақ басқа да ерекше қауіпті қылмыстық көріністерге қарсы күрес жүргізетін». Осы құжатпен ҚР МТК органдары мен бөлімшелерінің құрылымы мақұлданды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 5 қарашадағы** Жарлығымен ҚР МТК таратылды⁵. Оның өкілеттіктері **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті** мен **Ішкі істер министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 6 қазандағы № 2513 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 32, 395-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 4 қарашадағы № 2594 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 34, 431-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2706 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 23, 153-құжат).

⁴ «1995 жылғы 4 қарашадағы № 2594 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы ережені бекіту туралы» Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 15 мамырдағы № 3504 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U970003504_#z0 (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁵ «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 5 қарашадағы № 3731 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 48, 443-құжат).

Қазақстан Республикасының «Барлау» қызметі (1997–1998)

ҚР Президентінің **1997 ж. 5 қарашадағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Барлау департаментінің базасында **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін** сыртқы барлау органы ретінде құрылған¹.

ҚР Президентінің **1998 ж. 8 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚР «Барлау» қызметі ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Барлау» қызметі болып қайта ұйымдастырылды². Қайта ұйымдастырылған «Барлау» қызметі **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің** ведомствосы болып табылатындығы белгіленген.

¹ «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 5 қарашадағы № 3731 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 48, 443-құжат).

² «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштерінің жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 8 қыркүйектегі № 4058 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 8180 іс).

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Барлау» қызметі (1998–2009)

ҚР Президентінің **1998 ж. 8 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР «Барлау» қызметінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Президентінің **2009 ж. 17 ақпандағы** Жарлығымен **ҚР «Сырбар» сыртқы барлау қызметінің** құрылуына байланысты ҚР ҰҚК «Барлау» қызметі таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштері жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 8 қыркүйектегі № 4058 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 8180 іс).

² «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және барлау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 17 ақпандағы № 739 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 7 т. 6635 іс).

Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі (2009–2019)

ҚР Президентінің **2009 ж. 17 ақпандағы** Жарлығымен **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін** мемлекеттік орган ретінде құрылған¹.

ҚР «Сырбар» Сыртқы барлау қызметіне сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган функциялары жүктелген.

ҚР **2009 ж. 26 наурыздағы** Жарлығымен ҚР «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі туралы ереже бекітілді².

«Сырбар» қызметі – сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган функциялары жүктелген ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган. «Сырбар» қызметі әскери құрылым болып табылады және ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштеріне жатады.

«Сырбар» қызметінің негізгі міндеттері: ҚР мүдделеріне барлау ақпаратын алу; ҚР Президентін, **ҚР Үкіметін** және мемлекеттік органдарын барлау ақпаратымен және саяси, қаржы-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және экологиялық салалардағы талдау бағаларымен қамтамасыз ету; елдің экономикалық дамуы мен ғылыми-техникалық өркендеуіне және ҚР қауіпсіздігін әскери-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдесу; ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын жағдайларды әзірлеуге және жасауға қатысу; ҚР ұлттық мүдделері мен оның ұйымдарына, мекемелеріне және азаматтарына шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтері мен ұйымдары, жекелеген тұлғалар, шетелдегі террористік және экстремистік ұйымдардың тарапынан нақты және ықтимал нұқсан келтіруді болдырмауға бағытталған шараларды жүзеге асыру; белгіленген құзыреті шегінде ҚР шет елдердегі мекемелері мен олардың персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу; басқа да сыртқы барлау органдарының қызметін үйлестіру; ҚР заңдары мен Президентінің актілері анықтайтын өзге де міндеттер.

ҚР Президентінің **2013 ж. 3 мамырдағы** Жарлығымен «Сырбар» қызметі туралы ереже жаңа редакцияда берілді³.

«Сырбар» қызметі ҚР Президентін, Парламенті мен Үкіметін, ҚР мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарын тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ саяси, әскери-саяси, қаржылық-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және ҚР ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда мемлекет басшылығының саясатын іске асыруға жәрдемдесу мақсатында барлау қызметін жүзеге асыратын ҚР, арнаулы мемлекеттік органы болып табылды.

«Сырбар» қызметінің миссиясы: барлау ақпаратына қол жеткізу, өңдеу және пайдалану жөнінде барлау қызметін жүзеге асыру; ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделеріне орай мемлекет жүзеге асыратын шараларды іске асыруға жәрдемдесу.

«Сырбар» қызметінің негізгі міндеттері: ҚР Президентін, Парламентін, Үкіметін, ҚР мемлекеттік органдарын және ұйымдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және ҚР ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін қажетті барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз ету; ҚР ұлттық қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; елдің экономикалық дамуына және ғылыми-техникалық прогресіне және ҚР қауіпсіздігін әскери-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдесу; барлау ақпаратына қол жеткізу және шет

мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдары, террористік және экстремистік ұйымдар, қылмыстық қоғамдастықтар (қылмыстық ұйымдар), сондай-ақ жекелеген адамдар тарапынан ҚР ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігіне нақты және ықтимал нұқсан келтіруді болдырмауға бағытталған шараларды іске асыру; ҚР заңдарында және Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттер болып табылды.

ҚР Президентінің **2019 ж. 17 маусымдағы** Жарлығымен «Сырбар» қызметі **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне** қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және барлау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 17 ақпандағы №739 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 7 т. 6635 іс).

² «Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 26 наурыздағы № 773 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 7 т. 6637 іс).

³ «Қазақстан Республикасы «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 3 мамырдағы № 559 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 7 т. 6635 іс).

⁴ «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту және барлау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 23 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 22, 204-құжат).

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі (2019*)

ҚР Президентінің **2019 ж. 18 қыркүйектегі** Жарлығымен құрылды¹. Осы Жарлықпен қызмет туралы ереже бекітілді.

Кейін Сырбар қызметіне бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді².

Қызмет **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің** ҚР Президентін, Парламентін және Үкіметін, мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және ҚР ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін барлау ақпаратымен қамтамасыз ету мақсатында барлау қызметін жүзеге асыратын және үйлестіретін ведомствосы болып табылады.

Қызметтің негізгі міндеттері: ҚР Президентін, Парламентін және Үкіметін, мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және ҚР ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін қажетті барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз ету; ҚР ұлттық қауіпсіздігі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; ҚР барлау қоғамдастығы шеңберінде ҚР мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету; саяси, әскери-саяси, қаржылық-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және ҚР ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда мемлекет басшылығының саясатын іске асыруға жәрдемдесу; барлау ақпаратына қол жеткізу және шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдары, террористік және экстремистік ұйымдар, қылмыстық қоғамдастықтар (қылмыстық ұйымдар), сондай-ақ жекелеген адамдар тарапынан ҚР ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігіне нақты және ықтимал нұқсан келтіруді болдырмауға бағытталған шараларды іске асыру; ҚР заңдарында және ҚР Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттер³.

¹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 18 қыркүйектегі № 163 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 36-37, 331-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2021 ж. 19 шілдедегі № 621 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/157352/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 29 шілде); «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 17 мамырдағы № 893 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/167874/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 23 мамыр); «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 9 қарашадағы № 1068 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/173602/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 11 қараша);

«Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 30 мамырдағы № 238 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 24, 167-құжат); «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 31 шілдедегі № 290 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/184506/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 2 тамыз).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 13 наурыздағы № 495 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 11, 60-құжат).

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (1999*)

1995–1998 жж. аралығында мемлекеттік шекараны қорғау мәселелері ҚР Мемлекеттік шекараны күзеті жөніндегі комитетінің, сондай-ақ ҚР Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекараны күзеті жөніндегі комитетінің құзыретінде болды.

ҚР Президентінің **1999 ж. 26 маусымдағы Жарлығымен ҚР Қорғаныс министрлігінің** қайта ұйымдастырылып, ҚР Қарулы Күштерінің Мемлекеттік шекараларын қорғау күштерін, олардың мүлкі мен істерін қорғау жөніндегі функциялары ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне берілуі нәтижесінде құрылды¹.

Шекара қызметі **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің** ведомствосы болып табылады.

ҚР Президентінің **1999 ж. 10 желтоқсандағы Жарлығымен** қызмет туралы ереже бекітілді².

Шекара қызметінің құрылымы – орталық аппараттан, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Шекара қызметіне жүктелген міндеттерді шешу үшін құратын арнайы бірлестіктерден, құрамалар мен бөлімдерден тұрады. Шекара қызметінің орталық аппараты, аймақтық басқармалар, құрылымдар мен бөлімшелер заңды тұлғалар болып табылады.

Шекара қызметінің негізгі міндеттері: мемлекеттік шекарада ҚР шекара саясатын іске асыру; ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Мемлекеттік шекараны күзету тұжырымдамасын іске асыру, Шекара қызметі бірлестіктерінің, құрамалары мен бөлімдері іс-әрекетінің басым бағыттарын айқындау, олардың іс-әрекетін жетілдірудің кешенді бағдарламаларын дайындау, Шекара қызметінде арнайы бағдарламаларды іске асырудың құқықтық, ұйымдық, ақпараттық, экономикалық және басқа да тетіктерін әзірлеу; Шекара қызметін құру мен дамыту бағдарламаларының жобаларын әзірлеп, ҚР тиісті мемлекеттік органдарының қарауына ұсыну; мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау, мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдары мен жүктерді өткізу жөніндегі Шекара қызметі іс-әрекетінің барлық түрін жүзеге асыру, жергілікті жерде мемлекеттік шекараны заңсыз өзгертудің алдын алу және жолын кесу, мемлекеттік шекара режимін ұстауды, сондай-ақ шекара режимі мен мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режимді сақтау жөніндегі шараларды әзірлеуді ұйымдастыруды іске асыру; бірлестіктердің, құрамалардың және бөлімдердің жауынгерлік әзірліктің түрлі дәрежесіне көшіруге тұрақты даярлығын қамтамасыз ету; Шекара қызметі жедел бөлімшелерінің жедел-іздігіне іс-әрекетін ұйымдастыру; Шекара қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді және пәтерлендіруді жүзеге асыру; мемлекеттік шекараны күзету және қорғау саласында ҚР халықаралық шарттардың орындалуын ұйымдастыру және т.б.

¹ «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштерінің қызметін жетілдіру жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 26 маусымдағы № 165 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 43 іс).

² «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 54, 533-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс қызметі
(2014*)

ҚР Президентінің *2014 ж. 14 қарашадағы* Жарлығымен «ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Арнайы ақпараттық қызметі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды¹.

Қызмет **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің** мемлекеттік органдарында, ұйымдарында, ҚР Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында басшылықты және үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету мен шифрлау жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады, сондай-ақ ҚР үкіметтік байланысты қамтамасыз ететін уәкілетті орган, ҚР шифрлау қызметінің орталық органы болып табылады.

Қызметтің міндеттері: ҚР Президентін, ҚР мемлекеттік органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын бейбіт және соғыс уақытында үкіметтік байланыспен, сондай-ақ ҚР ұлттық қауіпсіздік органдарын қорғалған байланыспен қамтамасыз ету; ҚР уәкілетті мемлекеттік органдарында, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарында шифрлау жұмыстарын ұйымдастыру; үкіметтік байланыс желілерінің, республикалық қорғалған байланыс желілерінің және ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары қорғалған байланыс желілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ҚР заңдарында және ҚР Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттер болып табылады².

¹ «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 14 қарашадағы № 954 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/84457/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 17 мамырдағы № 893 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 27–28, 163-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Авиация қызметі
(2022*)

ҚР Президентінің *2022 ж. 17 мамырдағы* Жарлығымен¹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Авиациялық қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесін оған «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Авиациялық қызметінің Авиациялық басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесін қосу арқылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды.

Осы Жарлықпен Қызмет туралы ереже бекітілді.

Қызмет **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің** ҚР ұлттық қауіпсіздік органдарында авиациялық қызметті жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

¹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 17 мамырдағы № 893 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 27-28, 163-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «А» арнаулы мақсаттағы қызметі
(2016*)

ҚР Президентінің *2016 ж. 22 қарашадағы* Жарлығымен құрылды¹.

Жеке тұлғаға, қоғамға және мемлекетке қарсы терроризм актілерін және өзге де ерекше қауіпті қылмыстық қолсұғушылықтардың алдын алу үшін құрылған. ҚР Ұлттық қауіпсіздік

комитеті Төрағасы айқындайтын тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асыратын жедел-жауынгерлік және өзге де іс-шараларға қатысады².

¹ «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 22 қарашадағы № 372с Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#/doc/108220/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымы туралы // ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми интернет-ресурсы [Электрондық ресурс]. — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/knb/about/structure/organization/leadership/77/1?lang=ru> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс Басқармасы (1992–1994)

ҚР Президентінің *1992 ж. 30 қаңтардағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 5 наурыздағы* қаулысымен Іс Басқармасы туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес *ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының* қаржы-шаруашылық құрылымы болып табылды.

Оның негізгі міндеті – ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының қызметін қамтамасыз ету, оның жұмысшыларына шаруашылық, көліктік және емдеу-сауықтыру қызмет көрсету, сондай-ақ Іс Басқармасының ведомстволық бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдарына тікелей жетекшілік ету және қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау.

Іс Басқармасының негізгі функциялары мыналар болды: Іс Басқармасының құзыретіне жататын ҚР Президентінің, Премьер-Министрінің қаулылары мен өкімдерінің, Аппарат басшылығының қаржы-шаруашылық қызметі мәселелері жөніндегі бұйрықтары мен өкімдерінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау; ведомстволық бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдардағы істердің жай-күйін талдау және бақылау, олардың жұмысын жетілдіру және орын алған кемшіліктерін жою жөнінде шаралар қолдану; тапсырылған қызметтік құжаттарды орындау және азаматтардың жазбаша және ауызша өтініштерін қарау, олар бойынша тиісті шаралар қолдану; Аппараттың бөлімдерімен және басқа бөлімшелерімен өзара іс-әрекетті жүзеге асыру, республикалық жоспарлар мен ағымдағы шараларды, оның ішінде Президент Резиденциясына үкіметтік делегацияларды қабылдау шарасын даярлауға және өткізуге қатысу; өз құзыретінің шегінде сыртқы экономикалық қызмет мәселелері жөнінде ұсыныстар шешу және енгізу; Аппаратта қаржы, бюджет және штат тәртібінің қатаң сақталуын қамтамасыз ету; Аппарат қызметкерлерінің жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасау, олардың жұмыс орындарын жиһазбен, байланыс құралдарымен және ұйымдастыру техникасымен жабдықтау және тиімді орналастыру; Емдеу-сауықтыру бірлестіктері мен оның медициналық және шипажайлық-курорт мекемелерінің қызметін бақылауды жүзеге асыру және т.б.

Іс Басқармасының құрылымына мынадай секторлар кірді: қаржы және бухгалтерлік есеп, шаруашылық-тұрмыстық, емдеу-сауықтыру, сондай-ақ көшіру-көбейту бюросы. Оның тікелей бағынысында дербес балансы бар ведомстволық кәсіпорындар болды: баспаханасы бар өндірістік-пайдалану бірлестігі (ӨПБ), өндірістік пайдалану кәсіпорны (ӨПК), баспахана, «Байқоңыр» кәсіпорны, инженерлік орталық, асхана, сондай-ақ филиалдары бар «Алматы», «Жетісу» және «Қазақстан» қонақүйлерін қоса алғанда қонақүй шаруашылығы бірлестігі.

ҚР Президентінің *1994 ж. 13 сәуірдегі* Жарлығымен ҚР Президенті мен ҚР Министрлер Кабинетінің Аппараты оны *ҚР Президентінің Аппараты мен ҚР Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасына* бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 66-б.

² «Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс Басқармасы туралы ережені бекіту туралы» ҚР

Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 5 наурыздағы № 245 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3174 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 сәуірдегі № 1656 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3103 іс).

Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы (ШАРБ) (1992–1994)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 12 тамыздағы** қаулысымен таратылған **ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты Іс Басқармасының** Өндірістік бірлестігінің негізінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен ШАРБ туралы ереже бекітілді².

ШАРБ-тың негізгі міндеттері: ҚР Президентіне, Вице-Президентіне, Премьер-Министріне және Үкімет мүшелеріне, **ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының** жұмысшыларына, облыстық және Алматы, Ленинск қалалық әкімшілік басшыларына, республикалық ұйымдардың басшыларына шаруашылық, тұрғын үй-тұрмыстық және көліктік қызмет көрсету; ресми шараларға және делегацияларға, оның ішінде шетел делегацияларына қызмет көрсету; ШАРБ ұйымының балансындағы негізгі қорларды пайдалану; тұрғын үй, әлеуметтік мәдени тұрмыс объектілерін, өндіріс ғимараттары мен құрылыстар салу; Қазақстанға ресми шақыру бойынша келген азаматтарға қызмет көрсету.

ШАРБ құрылымы: басшылық; ауыл шаруашылығы бөлімі; жоспарлы-қаржы бөлімі; өндірістік-техникалық бөлім; күрделі құрылыс бөлімі; материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі; есепке алу және есептілік бөлімі; бақылау-тексеру бөлімі; сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі сектор; қызмет көрсету бөлімі; жалпы бөлім; кадр бөлімі.³

ҚР Президентінің **1994 ж. 16 шілдедегі** өкімімен ШАРБ туралы жаңа ереже бекітілді⁴.

Ережеге сәйкес ШАРБ **ҚР Президенті Аппаратының** дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылды.

ШАРБ ҚР Президентіне, Вице-Президентке, Премьер-Министрге, **Жоғарғы Кеңестің** Төрағасына және Үкімет мүшелеріне, **Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың, Жоғарғы Төрелік Соттың** төрағаларына, Бас Прокурорға, **Ұлттық Банк** Басқармасының төрағасына, облыстық және Алматы, Ленинск қалалық әкімшілік басшыларына, Президент Аппараты мен Министрлер Кабинеті Істер Басқармасының қызметкерлеріне, республикалық ұйымдардың басшыларына қызмет көрсетуді жүзеге асырды.

ШАРБТ-тың негізгі міндеттері: қызмет көрсету органдарының қызметін қаржылай, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету; ресми шараларға және делегацияларға, оның ішінде шетел делегацияларына қызмет көрсету; ШАРБ ұйымының балансындағы негізгі қорларды пайдалану; тұрғын үй, әлеуметтік мәдени тұрмыс объектілерін, өндіріс ғимараттары мен құрылыстар салу; Қазақстанға келген шетел азаматтарына қызмет көрсету.

1994 ж. ШАРБ құрылымында мынадай өзгерістер болды: кадр, бақылау-тексеру, тұрмыстық бөлімдер таратылды; есепке алу және есептілік бөлімінің орнына орталық бухгалтерия құрылды, жоспарлы-қаржы бөлімі қаржы-экономикалық бөлім, сыртқы экономикалық байланыстар бөлімі сыртқы байланыстар секторы болып аталды; кеңсе құрылды. Жаңа құрылымның жалпы көрінісі мынадай болды: басшылық; қаржы-экономикалық бөлім; орталық бухгалтерия; қызмет көрсету бөлімі; күрделі құрылыс бөлімі; материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі; өндірістік-техникалық бөлім; ауыл шаруашылығы бөлімі; сыртқы байланыстар секторы, канцелярия⁵.

ҚР Президентінің **1994 ж. 10 қазандағы** өкімімен ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы **ҚР Президенті жанындағы Шаруашылық Басқармасы**

болып қайта құрылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 12 тамыздағы № 670 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3174 іс).

² «Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратының Шаруашылық басқармасы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 22 сәуірдегі № 324 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 1543 іс).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 68-б.

⁴ ҚР Президентінің 1994 ж. 16 шілдедегі № 1817 өкімі (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3158 іс).

⁵ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 69-б.

⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шаруашылық басқармасы туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 10 қазандағы № 1884 өкімі (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3158 іс).

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы (ШАРБ) (1994–1995)

ҚР Президентінің *1994 ж. 10 қазандағы* өкімімен *ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық Басқармасының* негізінде құрылды¹.

ҚР Президентінің *1995 ж. 1 наурыздағы* өкімімен ШАРБ туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес ШАРБ *ҚР Президенті Аппаратының* дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылды. ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасының мүліктік құқық және міндеттерінің құқық мирасқоры болды.

ШАРБ ҚР Президентінің, Вице-Президентінің, Премьер-Министрінің және оның орынбасарларының қызметін қамтамасыз етуді, *Жоғарғы Кеңес* Төрағасына және оның орынбасарларына, мемлекеттік кеңесшілеріне, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан мемлекетаралық кеңесі атқару комитетінің төрағасына, Үкімет мүшелеріне, Президент аппаратының қызметкерлеріне, *Министрлер Кабинетінің аппаратына, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот, Жоғарғы Төрелік Сот* төрағаларына, Бас Прокурорға, *Ұлттық Банк* төрағасына, облыстық және Алматы қалалық әкімшілік басшыларына, мәртебесі бойынша Үкімет мүшелеріне тең республикалық ұйымдардың басшыларына шаруашылық қызмет көрсетуді жүзеге асырды.

ШАРБ-тың негізгі міндеттері мыналар болды: қызмет көрсету органдарының қызметін қаржылай, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету; ресми шараларға және делегацияларға, оның ішінде шетел делегацияларына қызмет көрсету; ШАРБ ұйымының балансындағы негізгі қорларды пайдалану және оларды жөндеу; тұрғын үй, әлеуметтік мәдени тұрмыс объектілерін, өндіріс ғимараттары мен құрылыстар салу; Қазақстанға келген азаматтарға қызмет көрсету және т.б.

ҚР Президентінің *1995 ж. 6 қарашадағы* Жарлығымен ШАРБ таратылды³. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттігі құрылған *ҚР Президентінің Іс Басқармасына* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 10 қазандағы № 1884 өкімі (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3158 іс).

² «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 наурыздағы № 2063 өкімі (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 4790 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 6 қарашадағы № 2600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 35, 436-құжат).

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (1995*)

ҚР Президентінің *1995 ж. 6 қарашадағы* Жарлығымен құрылды. Оған таратылған *ҚР Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасының* мүлкі мен істерін басқару жөніндегі

өкілеттіктері берілді¹.

Осы Жарлықпен Іс Басқармасы туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Іс Басқармасы ҚР Президентіне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органы болып табылды.

Іс Басқармасы ҚР Президенті мен ҚР Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз етуді, сондай-ақ *Мемлекеттік хатшыны*, Премьер-Министр орынбасарларын, *ҚР Президенті Әкімшілігінің* Басшыларын, *Үкімет* мүшелерін, *Парламент Сенаты мен Мәжілісінің* төрағаларын, Бас Прокурорды, *Конституциялық Кеңес* төрағасын, *Жоғарғы Соттың*, *Ұлттық қауіпсіздік комитетін*, *Мемлекеттік тергеу комитетін*, *Баспасөз және бұқаралық ақпарат жөніндегі ұлттық агенттікті*, *Ұлттық Банкті*, ҚР Президенті Әкімшілігі мен *Үкімет Аппараты* қызметкерлерін, облыс және Алматы қаласының әкімдеріне және ҚР Президентінің келісімі бойынша басқа да мемлекеттік органдардың басшыларына шаруашылық қызмет көрсетуді жүзеге асырды.

Іс Басқармасының негізгі міндеттері мыналар болды: қызмет көрсету органдарының қызметін қаржылай, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету; кеңестерді, конференцияларды және ҚР Президенті мен Премьер-Министрі өткізетін басқа да арнайы шараларды қаржылай, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету; ресми шаралар мен делегацияларға, оның ішінде шетелдік делегацияларға қызмет көрсету; ІБ балансындағы негізгі қорлардың пайдаланылуын қамтамасыз ету және оларды қайта жаңарту, жөндеу; ҚР Президенті Әкімшілігі мен ҚР Үкіметі Аппаратының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің ведомстволық бағынысты шипажайлар мен демалыс үйлерінде демалуына қажетті жағдай жасау; тұрғын үй, әлеуметтік мәдени тұрмыс объектілерін, өндірістік ғимараттар мен құрылыстар салу; Қазақстанға келген шетел азаматтарына қызмет көрсету және т.б.

ҚР Президентінің *1996 ж. 26 наурыздағы* Жарлығымен Іс Басқармасы туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді³. Іс Басқармасына құқықтық мәртебесі белгіленді: *ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін* мемлекеттік орган.

Іс Басқармасының құрылымын оның құрылымдық бөлімшелер мен дербес қызметтен тұратын орталық аппарат, ведомстволық бағынысты бөлімшелер – ҚР Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасы, ҚР Парламентінің Шаруашылық басқармасы, ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы құрады. Іс Басқармасы оған ведомстволық бағынысты бөлімшелерімен бірге төменнен жоғарыға қарай бағынумен бірыңғай құрылымды құрады. Іс Басқармасының ведомстволық бағынысты бөлімшелері заңды тұлғалар болып табылды.

Іс Басқармасы ҚР Президентінің қызметін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ҚР Премьер-Министрін, Мемлекеттік хатшыны, Премьер-Министрдің орынбасарларын, ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшыларын, Үкімет мүшелерін, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің Төрағаларын және олардың аппараттарын, Бас Прокурорды, Конституциялық кеңес төрағасын, Жоғарғы Соттың, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, *Орталық сайлау комиссиясы* мен Мемлекеттік тергеу комитетін, Баспасөз және бұқаралық ақпарат жөніндегі ұлттық агенттікті, Ұлттық Банкті, ҚР Президенті Әкімшілігі мен Үкімет Аппараты қызметкерлерін, облыс және республика дәрежесіндегі қалалар әкімдерін және республика астанасын, Парламент депутаттарын, ҚР Президентінің келісімімен басқа да мемлекеттік органдардың басшыларын шаруашылық қызмет етуді жүзеге асырды.

Негізгі міндеттері айтарлықтай өзгермеді.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен таратылған *ҚР Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттіктің* мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Президентінің Әкімшілігі мен ҚР Президентінің Іс Басқармасына берілді⁴.

ҚР Президентінің *1997 ж. 17 қазандағы* Жарлығымен Іс Басқармасының құрылымы қайта ұйымдастырылды⁵. Ақмола қаласында ведомстволық бөлімше – ҚР Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасы құрылды.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 11 ақпандағы* қаулысымен *ҚР Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы*

аппаратының таратылуына байланысты Комиссия аппаратының балансындағы ғимарат пен мүлкі ҚР Президентінің Іс Басқармасының балансына берілді⁶.

ҚР Президентінің **1998 ж. 31 тамыздағы** Жарлығымен Іс Басқармасы оның құрамынан ҚР Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасын бөліп шығарып, оны жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысатын «ШАРБ» жабық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды⁷.

ҚР Республикасы Президентінің **2000 ж. 21 сәуірдегі** Жарлығымен Іс Басқармасы туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁸.

Іс Басқармасы ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін, өз құзыретінің шегінде заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік саяси қызметкерлерді, Парламент депутаттарын, осы ережеде айқындалған мемлекеттік органдар мен олардың аппараттары қызметкерлерінің қызметінің қамтамасыз етілуін ұйымдастыруды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

Іс Басқармасының ведомстволары: ҚР Президенті Іс Басқармасының Шаруашылық басқармасы, ҚР Парламенті Шаруашылық басқармасы, ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы.

Іс Басқармасының негізгі міндеттері:

- ҚР Президентінің қызметін және оның отбасы мүшелерін материалдық-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз ету, сондай-ақ Премьер-Министрдің, Парламент Сенаты Төрағасының, Парламент Мәжілісі Төрағасының, Мемлекеттік Хатшының, Президент Әкімшілігі Басшысының, Конституциялық Кеңес, Жоғарғы Сот төрағаларының, Бас Прокурордың, Ұлттық Банк Төрағасының, Премьер-Министр орынбасарларының, Үкімет мүшелерінің, Орталық сайлау комиссиясы төрағасының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Премьер-Министр Кеңесі Басшысының, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдерінің, Парламент депутаттарының, Парламент Палаталары аппараттары басшыларының, Конституциялық Кеңес, Орталық сайлау комиссиясы мүшелерінің, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесі, Парламент Палаталары аппараттары, Республика Конституциялық Кеңесі қызметкерлерінің, сондай-ақ Республика Президентінің келісімі бойынша Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының және басқа да жекелеген азаматтар санаттарының қызметін материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету;

- Президент Әкімшілігінің, Парламенттің, Премьер-Министр Кеңесінің, сондай-ақ Республика Президентінің келісімі бойынша өзге де мемлекеттік органдардың қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

- ҚР Президенті және ҚР Премьер-Министрі, ҚР Парламенті Палаталарының төрағалары өткізетін кеңестерді, конференциялар мен басқа да арнаулы іс-шараларды қаржыландыру, материалдық-техникалық, медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру және қызмет көрсету;

- ресми іс-шаралар мен делегацияларға қызмет көрсетуді, соның ішінде медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

- ведомстволық қарасты және өзге де кәсіпорындарда қажетті өнімдер өндіруді ұйымдастыру;

- қызмет көрсетілетін тұлғалар мен органдардың қызметін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік ғимараттар, тұрғын үйлер мен әлеуметтік-тұрмыстық объектілер құрылысын ұйымдастыру және оларды қайта жаңарту болып табылды.

Іс Басқармасының құрылымы: басшылық; күрделі құрылыс бөлімі; қаржы-экономикалық бөлім; сыртқы экономикалық байланыстар және инвестициялар бөлімі; заң қызметі және кадр жұмысы бөлімі; ведомстволар жұмысын үйлестіру бөлімі; жалпы бөлім.

ҚР Президентінің **2003 ж. 18 тамыздағы** Жарлығымен Іс Басқармасының құрылымы бекітілді: басшылық; қаржы-экономикалық бөлім; заң бөлімі; күрделі құрылыс бөлімі; ұйымдастыру бөлімі; бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі; құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі⁹.

ҚР Президентінің *2004 ж. 17 наурыздағы* Жарлығымен ҚР Президенті Іс Басқармасының Шаруашылық басқармасы таратылды¹⁰.

Іс Басқармасының құрылымы жаңа редакцияда мазмұндалды: басшылық; бюджеттік жоспарлау және қаржылық бақылау бөлімі; құқықтық қамтамасыз ету бөлімі; күрделі құрылыс және техникалық бақылау бөлімі; ведомстволық бағынысты ұйымдарды басқару жөніндегі бөлім; бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; іс-шараларға қызмет көрсету және сыртқы байланыстар бөлімі; мемлекеттік құпияларды қорғау және кадр жұмысы бөлімі; бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Президентінің *2006 ж. 31 тамыздағы* Жарлығымен Іс Басқармасының құрылымы жаңа редакцияда бекітілді: басшылық, ішкі бақылау бөлімі, ресми іс-шаралар және сыртқы байланыстар бөлімі, ведомстволық қарасты ұйымдарды басқару бөлімі, бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және қаржыландыру бөлімі, күрделі құрылыс және техникалық қадағалау бөлімі, заң бөлімі, бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі, ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімі¹¹.

ҚР Үкіметінің *2009 ж. 12 наурыздағы* қаулысымен ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығының «Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау орталығы» мемлекеттік мекемесі «ҚР Президенті Іс басқармасының «Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды. Іс басқармасы Медициналық орталығының бірқатар республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар болып қайта ұйымдастырылды¹².

ҚР Президентінің *2009 ж. 14 мамырдағы* Жарлығымен Іс Басқармасының негізгі міндеттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгертілген редакцияда олар келесідей болды: ҚР Президентінің және оның отбасы мүшелерінің, Премьер-Министрдің, *Парламент Сенаты* Төрағасының, *Парламент Мәжілісі* Төрағасының қызметін материалдық-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық, көлікпен және медициналық қамтамасыз ету; *Мемлекеттік хатшының, Президент Әкімшілігі* Басшысының, Премьер-Министрдің орынбасарларының, Үкімет мүшелерін, *Парламент* депутаттарының, Парламент Палаталары аппараттары басшыларының, Президент Әкімшілігі мен *Премьер-Министр Кеңесінің*, Парламент Палаталары аппараттары қызметкерлерінің қызметін материалдық-техникалық, көлікпен және медициналық қамтамасыз ету; *Конституциялық Кеңес, Жоғарғы Сот төрағаларының, Бас прокурордың, Ұлттық Банк, Орталық сайлау комиссиясы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті* төрағаларының, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдерінің, Конституциялық Кеңес, Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Конституциялық Кеңесі мүшелерінің, сондай-ақ Республика Президентінің келісімімен Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының қызметін көлікпен және медициналық қамтамасыз ету; Президент Әкімшілігінің, Парламент, Премьер-Министр Кеңесінің, сондай-ақ республика Президентінің келісімімен өзге де мемлекеттік органдардың қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуін ұйымдастыру; ҚР Президенті, ҚР Премьер-Министрі, ҚР Парламенті Палаталарының Төрағалары, ҚР Мемлекеттік хатшысы өткізетін кеңестерді, конференциялар мен өзге арнаулы іс-шараларды қаржыландыру, материалдық-техникалық, медициналық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру мен қызмет көрсету және оларды ақпараттық қолдау; ҚР Президенті, ҚР Премьер-Министрі, ҚР Парламенті Палаталарының төрағаларының және делегациялардың қатысуымен өткізілетін ресми іс-шараларға қызмет, оның ішінде медициналық қызмет көрсетілуін ұйымдастыру; ведомстволық бағынысты және басқа кәсіпорындардың қажетті өнімдер өндіруді ұйымдастыру және қызмет көрсету; әкімшілік, өндірістік бағыттағы объектілерді, тұрғын үйлер мен әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы объектілерді жобалауды, салуды және қайта жаңартуды ұйымдастыру; ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімімен Президенттің Іс Басқармасы бекітетін тізбе бойынша мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру¹³.

ҚР Президентінің **2010 ж. 26 қарашадағы** Жарлығымен ҚР Президенті Іс Басқармасының құрылымы жаңа редакцияда жазылды: басшылық, Алматы қаласындағы өкілдігі, ішкі бақылау бөлімі, ресми іс-шаралар және сыртқы байланыстар бөлімі, стратегиялық және инновациялық дамыту бөлімі, қаржы-экономикалық бөлім, күрделі құрылыс бөлімі, заң бөлімі, бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі, ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімі, ҚР Парламентінің Шаруашылық басқармасы, ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы¹⁴.

ҚР Президентінің **2013 ж. 18 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Іс Басқармасы туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды¹⁵.

ҚР Президентінің Іс Басқармасы ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, осы Ережеге сәйкес ҚР Президентінің, мемлекеттік саяси қызметшілердің, ҚР Парламенті депутаттарының, мемлекеттік органдар мен олардың аппараттары қызметкерлерінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады.

ҚР Президенті Іс Басқармасының мынадай ведомстволары бар: ҚР Парламентінің Шаруашылық басқармасы; ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы.

ҚР Президенті Іс Басқармасының негізгі міндеттері: 1) ҚР Президенті мен оның отбасы мүшелерінің, ҚР Премьер-Министрінің, Парламент Палаталары төрағаларының, Мемлекеттік хатшының, Президент Әкімшілігі Басшысының, Премьер-Министр орынбасарларының, Үкімет мүшелерінің, Парламент депутаттарының, Премьер-Министр Кеңесі Басшысының, Парламент Палаталары аппараттары басшыларының, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесі, Парламент Палаталарының аппараттары, сондай-ақ ҚР Президентінің келісімі бойынша өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету; 2) ҚР Президенті Әкімшілігінің, Парламенттің, Премьер-Министр Кеңесінің, сондай-ақ ҚР Президентінің келісімі бойынша өзге де мемлекеттік органдардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру; 3) ҚР Президенті мен оның отбасы мүшелерінің, ҚР Премьер-Министрінің, Парламенті Палаталары төрағаларының, Парламенті депутаттарының, сондай-ақ ҚР Президентінің келісімі бойынша өзге де тұлғалардың қызметін әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету; 4) 1) тармақшада көрсетілген тұлғалардың, сондай-ақ Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың, Ұлттық Банктің, Орталық сайлау комиссиясының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағаларының, Іс Басқарушының, астана, республикалық маңызы бар қалалар және облыстар әкімдерінің, Конституциялық Кеңес, Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мүшелерінің, сондай-ақ ҚР Президентінің келісімі бойынша ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының қызметін көліктік және медициналық қамтамасыз ету; 5) ҚР Президенті, ҚР Премьер-Министрі, Парламент Палаталарының төрағалары, Мемлекеттік хатшысы өткізетін кеңестерді, конференциялар мен басқа да арнайы іс-шараларды қаржыландыру, материалдық-техникалық, медициналық қамтамасыз ету мен қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оларды ақпараттық қолдау; 6) ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің, сондай-ақ ҚР экс-Президенттерінің қызметін материалдық-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық, көлікпен және медициналық қамтамасыз ету; 7) ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша ҚР Президентінің Іс Басқармасы бекітетін тізбе бойынша мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

ҚР Президентінің **2016 ж. 31 қазандағы** Жарлығымен ҚР Парламентінің Шаруашылық басқармасы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы болып қайта аталды¹⁶.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 9 қарашадағы** қаулысымен «ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының Орталық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қайта құру жолымен оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен «Республикалық клиникалық аурухана» АҚ болып қайта ұйымдастырылды. «Республикалық клиникалық аурухана» АҚ қызметінің негізгі нысанасы денсаулық сақтау саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленді¹⁷.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 28 желтоқсандағы** қаулысымен ҚР Парламенті Шаруашылық басқармасының Әкімшілік ғимараттар дирекциясы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясына; ҚР Парламенті Шаруашылық басқармасының Инженерлік орталығы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығына; ҚР Парламенті Шаруашылық басқармасының Автошаруашылығы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығына қайта аталды¹⁸.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 27 шілдедегі** қаулысымен «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» АҚ оған «Алматы санаторий» АҚ қосу жолымен қайта ұйымдастырылды¹⁹.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 15 мамырдағы** қаулысымен ҚР Президенті Іс Басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қараөткел» РМК таратылды²⁰.

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 30 желтоқсандағы** қаулысымен «Инженерлік-техникалық орталығы» АҚ тарату нәтижесінде «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» РМК құрылды²¹. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып ҚР Президентінің Іс Басқармасы айқындалды. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы қызмет көрсетілетін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың, оның ішінде ҚР Президенті Іс Басқармасының қарамағындағы объектілерде орналасқан заңды тұлғалардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым, ақпараттандыру объектілерін күтіп ұстау мен дамыту және олардың жүйелері мен технологияларының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру болды.

ҚР Үкіметінің **2021 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған «Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Алматы қаласындағы әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылды²².

ҚР Президенттің **2022 ж. 26 қарашадағы**²³ және **2023 ж. 2 қаңтардағы**²⁴ жарлықтарымен ҚР Президентінің Іс Басқармасы туралы ережеге қызмет көрсетілетін жекелеген лауазымды тұлғалардың қызметін материалдық-техникалық, көліктік және медициналық қамтамасыз етуге қатысты міндеттерге өзгерістер енгізілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 6 қарашадағы № 2600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 35, 436-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 6 қарашадағы № 2600 Жарлығына қосымша (ҚР ПУАЖ, 1995, № 35, 436-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы № 2600 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 26 наурыздағы № 2918 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, №12, 88-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының құрылымын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 17 қазандағы № 3692 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 6889 іс).

⁶ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БУ, 2004. - 68-б.

⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының құрылымын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 31 тамыздағы № 4034 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 8177 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 21 сәуірдегі № 378 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2000, №20, 218-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құрылымы туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 18 тамыздағы № 1167 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 33, 323-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының жекелеген мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 17 наурыздағы № 1308 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 12, 150-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы № 1167 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 31 тамыздағы № 170 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 32, 340-құжат).

¹² «ҚР Президенті Іс басқармасының жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 12 наурыздағы № 289 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 14, 103-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі № 378 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 14 мамырдағы № 803 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 24-25, 206-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы №1167 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 26 қарашадағы № 1110 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 3-4, 38-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 ж. 21 сәуірдегі № 378 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 18 қаңтардағы № 480 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 12, 212-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 31 қазандағы № 366 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 52, 336-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының Орталық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 9 қарашадағы № 684 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 57, 365-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 28 желтоқсандағы № 886 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 67, 453-құжат).

¹⁹ «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» акционерлік қоғамы мен «Алматы» санаторийі» акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 27 шілдедегі № 450 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000450/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

²⁰ «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қараөткел» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 15 мамырдағы № 286 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#/md/131434/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 17 мамыр).

²¹ «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 30 желтоқсандағы № 940 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 67-68, 430-құжат).

²² «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының жекелеген кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2021 ж. 20 мамырдағы № 335 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://law.gov.kz/client/#/md/156043/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 24 мамыр).

²³ «Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 26 қарашадағы № 5 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#/doc/174321/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 1 желтоқсан).

²⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 28 наурыздағы № 2920 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 2 қаңтардағы № 78 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#/doc/176755/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 6 қаңтар).

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (1995–2014)

1995 жылы 3 қазандағы ҚР Президенті Жарлығымен **ҚР Президентіне** тікелей бағынатын мемлекеттік орган ретінде арнайы әскери құрама болып құрылды¹.

Күзет қызметінің негізгі функциялары: күзетілетін адамдардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету; жеке адамның өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, беделіне және күзетілетін адамдардың меншігіне қарсы бағытталған қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, ескерту жасау және бұлтартпау; меншікті күзету, күзетілетін адамдар келген орындарда қоғамдық реттілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; күзетілетін адамдар мен күзет объектілеріне төнген қауіпті болжау және айқындау; оларды алдын ала ескерту және бейтараптандыру жөнінде жедел шаралар кешенін жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **1995 ж. 18 желтоқсандағы** Жарлығымен өзінің міндеттерін ҚР Президентінің Күзеті қызметінің басшылығымен атқаратын **Республикалық гвардия** туралы ереже бекітілді².

ҚР Президентінің **1997 ж. 5 наурыздағы** Жарлығымен Республикалық гвардия ҚР Президентінің Күзет қызметінің басшылығы қарауынан шығарылды³.

ҚР **2002 ж. 4 шілдедегі** Заңымен мемлекеттік органның құқықтық мәртебесі белгіленді⁴. ҚР Президентінің Күзет қызметі – **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және осы Заңмен белгіленген құзырет шегінде күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік орган.

Осы Заңда ҚР Президентінің Күзет қызметі күзетуге жататын адамдар белгіленді: ҚР Президенті; **ҚР Парламенті Сенатының** Төрағасы; **ҚР Парламенті Мәжілісінің** Төрағасы; ҚР Премьер-Министрі; Республика Президентінің зайыбы (жұбайы) және Президентпен бірге тұратын басқа да отбасы мүшелері; ҚР Тұңғыш Президенті; ҚР Тұңғыш Президентінің онымен бірге тұратын отбасы мүшелері немесе оған еріп жүрушілер; ҚР экс-Президенті; тізбесін ҚР Президенті бекітетін ҚР лауазымды адамдары; қауіпсіздігі ҚР аумағында болуы кезеңінде шет мемлекеттердің, шет елдер парламенттері мен үкіметтерінің басшылары; қауіпсіздігі ҚР аумағында болуы кезеңінде халықаралық ұйымдардың басшылары мен шет мемлекеттердің өзге де адамдары.

ҚР Президентінің Күзет қызметі күзететін объектілердің тізбесін ҚР Президенті тарапынан бекітілетін.

ҚР Президентінің Күзет қызметінің негізгі міндеті толықтырылды: өз құзыретінің шегінде терроризммен күресті жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2008 ж. 3 маусымдағы** Жарлығымен ҚР Президентінің Күзет қызметі туралы жаңа ереже бекітілді⁵.

ҚР Президентінің Күзет қызметі – ҚР Президенті құратын, оған тікелей бағынатын және есеп беретін, ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын әскери құрама болып табылатын арнаулы мемлекеттік орган.

ҚР Президентінің Күзет қызметінің негізгі міндеттері: күзетілетін адамдардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету; күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне және меншігіне қарсы бағытталған қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау, алдын алу және жолын кесу; күзетілетін адамдардың меншігін күзету, күзетілетін объектілерде және олар болатын басқа да жерлерде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; өз өкілеттілігі шегінде терроризмге қарсы күресті жүзеге асыру; күзетілетін адамдар мен объектілерге төнген қатерді болжау және анықтау, одан сақтандыру мен бейтараптандыру жөніндегі жедел шаралар жиынтығын жүзеге асыру болып табылады.

ҚР Президентінің **2012 ж. 21 маусымдағы** Жарлығымен **ҚР Президентінің Күзет қызметінің** ережесі жаңа редакцияда мазмұндалды⁶.

ҚР Президентінің **2014 ж. 21 сәуірдегі** Жарлығымен ҚР Президентінің Күзет қызметі **ҚР Республикалық ұланымен** қосу жолымен **ҚР Мемлекеттік күзет қызметі** қайта құрылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 3 қазандағы № 2483 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 19, 118-құжат).

² «Республикалық гвардия туралы Ережені бекіту, ұйымдық құрылымын анықтау және Республикалық гвардияның санын белгілеу туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 18 желтоқсандағы № 2689 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 4713 іс).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 71-б.

⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Күзет қызметі туралы» заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 4 шілдедегі № 335 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2002, № 13-14, 144- құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 3 маусымдағы № 607 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 29, 279-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 3 маусымдағы № 607 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 21 маусымдағы № 343 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 57, 747-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 21 сәуірдегі № 807 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 30, 254-құжат).

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (1992–2014)

1992 ж. 16 наурызда ҚР Президентіне бағынатын жеке әскери құрама және Қарулы Күштердің резерві ретінде құрылды¹.

ҚР Президентінің **1992 ж. 23 маусымдағы** қаулысымен Республикалық ұлан туралы уақытша ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Республикалық ұлан ҚР егемендігін қамтамасыз етуді, конституциялық құрылысын, азаматтарының құқығы мен бостандығын, сондай-ақ өзге де ҚР өмірлік маңызды мүдделерін қорғауды; республика мемлекеттік өкіметінің заңды сайланған жоғары органдарын қорғауды; ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуды; шетел мемлекеттерінің ресми өкілдерін қарсы алу мен шығарып салуды, ҚР мерекелері мен салтанаттарына байланысты дәстүрлі рәсімдерді атқаруды; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюды; айырықша кезеңдерде аса маңызды мемлекеттік объектілерді күзету мен қорғау үшін бөлімшелер жасақтауды мақсат тұтады.

ҚР Президентінің **1994 ж. 16 мамырдағы** қаулысымен Республикалық ұлан туралы жаңа уақытша ереже бекітілді³.

Республикалық ұлан ҚР Конституциясына сәйкес республикада мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздіктің қорғалуын және құқықтық тәртіптің сақталуын жүзеге асырды.

ҚР Конституциясына сәйкес құрылған және ҚР Президентіне бағынатын, жеке, ерекше мәртебесі бар әскери құрама және соғыс кезінде ҚР Қарулы Күштерінің резерві болып табылды. Ұланды тікелей басқару Республикалық ұланның Қолбасшысына жүктелді.

Республикалық ұлан ұйымдық жағынан Қолбасшының Басқармасынан, күшейтілген бригададан, кіші мамандарды даярлау мектебінен және қамтамасыз ету мен қызмет көрсету бөлімшелерінен құралды.

Республикалық ұланның негізгі міндеттері мыналар болды: республиканың жоғары мемлекеттік өкіметі мен басқару органдарын, республика аумағында және одан тыс жерлерде Президенттің, Вице-Президенттің, Парламент пен Үкімет басшыларының көлік құралдарын қорғау; ҚР Мемлекеттік жалауы мен Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзету; ҚР Үкіметі тізбесін бекітетін аса маңызды объектілерді күзету; шет мемлекеттер басшыларын қарсы алып, шығарып салған кезде ҚР мерекелері мен салтанаттарында салтанатты жоралғыларды атқару; егер құқық бұзушылық мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін болса, онда осы құқық бұзушылықты тыюға қатысу; егер ҚР аумағында Конституцияға қарсы сипаттағы қарулы және өзге әрекеттер жасалатын болса, оларға жол бермеу; төтенше жағдай режимі кезінде ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен шараларды жүзеге асыру.

1995 жылы 5 желтоқсанда Республикалық ұланның қызметін регламенттеп отыратын ҚР Жарлығына қол қойылды⁴. Оның статусы белгіленді: ҚР Президентіне тікелей бағынатын ҚР Қарулы Күштерінің құрамына кірмейтін арнайы әскери құрама болып табылды.

Республикалық ұланның негізгі қызметтері: Мемлекет басшысы мен басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дәстүрлік рәсімдердің орындалуына қатысу, аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ ғимараттар, құрылыстар мен қызметтік жайларды күзету, ҚР Мемлекеттік туы мен ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзету, төтенше жағдай режимі тұсында іс-шараларды жүзеге асыру.

Республикалық ұлан Республикалық ұлан басқаратын құрамалардан, бөлімдерден, бөлімшелерден және қамтамасыз ету органдарынан тұрды.

ҚР Президентінің **1995 ж. 18 желтоқсандағы** Жарлығымен Республикалық ұлан туралы ереже бекітілді және оның ұйымдық құрылымы белгіленді⁵. Оған жүктелген міндеттер өзгертілмеді.

Республикалық ұлан өзінің міндеттерін **ҚР Президентінің Күзет қызметінің басшылығымен, ҚР ҰҚК, МТК, Қорғаныс министрлігі, ИМ, Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетімен**, басқа да ҚР орталық атқарушы органдарымен өзара іс-қимылда атқарды.

Ұланның ұйымдық құрылымы: Республикалық ұлан Қолбасшысының Басқармасы; екі полк; жеке рәсімдік батальон; жеке оқу батальоны; жеке қамтамасыз ету батальоны; арнаулы мақсаттағы жеке рота; госпиталь.

ҚР Президентінің **1997 ж. 5 наурыздағы** Жарлығымен Республикалық ұлан ҚР Президентінің Күзет қызметінің басшылығы қарауынан шығарылды⁶.

ҚР Президентінің **1998 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен Республикалық ұланның Қолбасшы Басқармасы таратылды⁷.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен Республикалық ұланның жаңа ұйымдық құрылымы айқындалды: екі полк, жеке рәсімдік батальон, жеке оқу батальоны, госпиталь⁸.

ҚР Президентінің **2001 ж. 25 маусымдағы** Жарлығымен Республикалық ұланның ұйымдық құрылымынан жеке рәсімдік батальон мен жеке оқу батальоны шығарылды⁹.

ҚР **2004 ж. 8 қаңтардағы** Заңымен ҚР Республикалық ұланның мәртебесі және оның міндеттері белгіленді¹⁰.

ҚР Президентінің Республикалық ұланы – **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және осы Заңмен белгіленген құзырет шегінде күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік орган. Республикалық ұлан әскери құрама болып табылады.

ҚР Республикалық ұланына мынадай негізгі міндеттер жүктелді: ҚР Президентінің Күзет қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып, ҚР Мемлекет басшысының, экс-президенттері мен олардың отбасыларының және ҚР Президенті бекіткен тізбе бойынша мемлекеттің лауазымды адамдарының, сондай-ақ шет елдердің мемлекет, үкімет басшылары және халықаралық ұйымдар басшылары ҚР аумағында болған кезеңінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; тізбесін ҚР Президенті айқындайтын аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ күзетілетін тұлғалардың болуы үшін бөлінген үйлерді, құрылыстарды, ғимараттар мен оған іргелес жатқан аумақтар мен су айдындарын, әуе кемелерін, жер бетіндегі көлікті және су көлігін, олардың тұрған жерлерін күзету; өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы операцияларға қатысу; ҚР Мемлекеттік Туы мен ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзету; хаттамалық іс-шараларды өткізу кезінде ҚР мерекелері мен салтанаттарында дәстүрлік рәсімдердің атқарылуына қатысу; әскери және төтенше жағдай режимі кезінде ҚР заңдарында көзделген тәртіппен іс-шараларды жүзеге асыру жүктелді.

ҚР Президентінің **2004 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Республикалық ұланы туралы жаңа ереже бекітілді¹¹.

Республикалық ұланы – ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, әскери құрама болып табылатын, ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және қызметін «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік орган.

ҚР Президенті Республикалық ұланының негізгі міндеттері күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу; рәсімдік жоралғыларды атқаруға қатысу; тізбесін ҚР Президенті айқындайтын аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ ғимараттарды, құрылыстарды және қызметтік үй жайларды күзету; ҚР Мемлекеттік Туының және ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзету; соғыс және төтенше жағдай режимі жағдайында ҚР заңнамасында көзделген іс-шараларды жүзеге асыру; ҚР Президенті белгілеген өзге де міндеттер болып табылды.

ҚР Президентінің **2010 ж. 16 шілдедегі** Жарлығымен Республикалық ұланның ұйымдастыру құрылымына өзгертулер енгізілді: «екі полк» деген сөз «екі бригада» сөзімен алмастырылды¹².

ҚР Президентінің **2012 ж. 30 шілдедегі** Жарлығымен ҚР Республикалық ұланының саны мен құрылымына өзгерістер енгізілді: Республикалық ұланның саны – 1838, оның ішінде қолбасшылық және орталық аппарат – 53, бригадалар – 1739 (олардың 580 лауазымы мерзімді қызметтің әскери қызметшілері), госпиталь – 46¹³.

ҚР Республикалық ұланының ұйымдық құрылымын мыналар құрастырған: басқару органдары: қолбасшылық, орталық аппарат; құрамалар мен бөлімдер: бөлімшелер мен қамтамасыз ету органдарын қоса алғанда, екі бригада, госпиталь.

ҚР Президентінің **2013 ж. 6 мамырдағы** Жарлығымен Республикалық ұланының ережесі жаңа редакцияда жазылды¹⁴.

ҚР Президентінің **2014 ж. 21 сәуірдегі** Жарлығымен Республикалық ұлан **ҚР Президентінің Күзет қызметімен** қосу жолымен **ҚР Мемлекеттік күзет қызметіне** қайта құрылды¹⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 16 наурыздағы № 673 Жарлығы (ҚР ПАЖ, 1992, №7, 112-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының Уақытша ережесі мен санын бекіту туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 23 маусымдағы № 807 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 19 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы Уақытша ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 16 мамырдағы № 1699 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3136 іс).

⁴ «Республикалық ұлан туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 5 желтоқсандағы № 2671 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 22, 139-құжат).

⁵ «Республикалық ұлан туралы Ережені бекіту, ұйымдық құрылымын айқындау және Республикалық ұланның санын белгілеу туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 18 желтоқсандағы № 2689 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н-к. 1 т. 4713 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 5 наурыздағы № 3396 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 6878 іс).

⁷ «Республикалық ұланның Қолбасшы басқармасын тарату және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 18 желтоқсандағы № 2689 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 25 ақпандағы № 3855 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 8159 іс).

⁸ «Республикалық ұланның ұйымдық құрылымын және әскери қызметшілерінің, жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы штат санын айқындау туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 30 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 32 іс).

⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 30 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 25 маусымдағы № 634 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 2461 іс).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Президентінің Республикалық ұлан туралы» заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 8 қаңтардағы № 516 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 1, 2-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 28 тамыздағы № 1428 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 31, 419-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 30 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 16 шілдедегі № 1028 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 11 т. 97 іс).

¹³ «Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының ұйымдық құрылымы мен саны туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 30 шілдедегі № 360 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 11 т. 7062 іс).

¹⁴ «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 тамыздағы № 1428 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 6 мамырдағы № 562 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 31, 466-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 21 сәуірдегі № 807 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 30, 254-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі (2014*)

ҚР Президентінің **2014 ж. 4 мамырдағы** Жарлығымен **ҚР Президентінің Күзет қызметі** мен **ҚР Республикалық ұланды** қосу жолымен құрылды¹.

Осы Жарлықпен ҚР Мемлекеттік күзет қызметі туралы ереже бекітілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің **2015 ж. 29 желтоқсан, 2017 ж. 5 мамыр, 2018 ж. 5 мамыр, 2019 ж. 13 маусым, 2023 ж. 13 сәуір, 2023 ж. 17 шілде, 2024 ж. 19 ақпан, 2024 ж. 18 маусымдағы** Жарлықтарымен ҚР Мемлекеттік күзет қызметі туралы ереже жаңа редакцияда берілді². Өзгерістер Күзет қызметінің өкілеттіктеріне, қызметін ұйымдастыруға және заңды мекенжайына қатысты енгізілді.

ҚР Мемлекеттік күзет қызметі – **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және заңнамада белгіленген құзыреті шегінде ҚР Президентінің, басқа да күзетілетін адамдардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша күзет іс-шараларын жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік орган. Мемлекеттік күзет қызметінің ведомствосы – Мемлекеттік күзет қызметі Айрықша мақсаттағы күштері бар, ол әскери құралым болып табылады.

Мемлекеттік күзет қызметтің негізгі міндеттері: ҚР Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ҚР Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне және

меншігіне қарсы бағытталған құқық бұзушылықты анықтау, алдын алу және жолын кесу; күзетілетін объектілерде және күзетілетін адамдар болатын басқа да жерлерде олардың меншігін күзету, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; өз өкілеттіктері шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру; күзетілетін адамдар мен объектілерге төнетін қатерді болжау және анықтау, олардың алдын алу және бейтараптандыру жөніндегі жедел шаралар кешенін жүзеге асыру; ҚР Мемлекеттік Туының және ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзетуді жүзеге асыру, рәсімдік және протоколдық іс-шараларды орындауға қатысу; президенттік байланыспен қамтамасыз етуді ұйымдастыру; ҚР заңдарында және Президент актілерінде айқындалатын өзге де міндеттер.

¹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 4 мамырдағы № 814 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 32, 279-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 4 мамырдағы № 814 Жарлығы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/80031/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (1993*)

1925 ж. 20 маусымда КСРО Мембанкінің Қазақ өлкелік кеңсесі ашылды¹.

1993 ж. 13 сәуірде ҚР Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) міндеттерін, қызметінің қағидаларын, құқықтық мәртебесі мен өкілеттігін, оның банк жүйесінде атқаратын рөлі мен алатын орнын, ҚР мемлекеттік билік органдарымен өзара қатынастарын белгілеген «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» ҚР Заңы қабылданды².

Ұлттық Банк ҚР орталық банкісі болып табылды және ҚР банк жүйесінің жоғары деңгейін құрады. Ұлттық Банк орталық банкілерімен және басқа елдердің банкілерімен қатынастарда, халықаралық банкілерде және өзге де қаржы-несие ұйымдарында ҚР мүдделерін білдірді және қорғады.

Ұлттық Банк **ҚР Жоғарғы Кеңесі** мен **Президентіне** есеп беріп отырды.

ҚР Ұлттық Банкінің негізгі міндеттері мыналар болды: ҚР ұлттық валютасы – қазақстандық теңгенің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету³; ақша айналысы, несие, Қазақстанның экономикалық даму мақсаттарына жетуге және оның дүниежүзілік экономикаға интеграциялануына жәрдемдесетін банкілік есеп айырысу шоты мен валюта қатынастарын ұйымдастыру саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және жүргізу; банк және өзге де несие мекемелерінің қызметін реттеу ережелерін әзірлеу және олардың сақталуына бақылау жасау негізінде банкілердің кредиторлары/ несиешілері мен салымшыларының мүдделерінің қорғау; ақша-несие саясатын жүзеге асыру саласында ҚР мүдделерін қорғау⁴.

ҚР Ұлттық Банкінің өз міндеттерін жүзеге асыру үшін Басқармасы, Директораты, облыстық басқармалары және жергілікті жерлерде заңды ұйым құқықтары бар басқа да құрылымдық бөлімшелері болды. Ұлттық Банкінің ең жоғары басқару органы Басқарма болып табылады, оны ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы басқарды. Ұлттық Банктің оперативті басқарма органы ҚР Ұлттық Банкінің Директораты болып табылды, оны Ұлттық Банк Төрағасының бірінші орынбасары басқарды⁵.

ҚР Президентінің **1995 ж. 30 наурыздағы** Заң күші бар Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» жаңа Заңы қабылданды⁶. Ұлттық Банктің құқықтық мәртебесі мен оның негіздігі міндеттері өзгертілмеді. Заңның Ұлттық Банк құрылымы мен басқару органдарына қатысты баптары бірқатар өзгертілді және анықталды.

Ұлттық Банк өз қарамағындағы бөлімшелермен бірге біртұтас орталықтандырылған құрылым құрады. Ұлттық Банктің басқару органдары Басқарма және директорлар Кеңесі (директорат) болып табылды. Ұлттық Банк құрылымына департаменттер мен дербес қызметтерден

тұрған орталық аппарат, облыстық (аумақтық) басқармалар, аудандық бөлімдер мен басқа да бөлімшелер кірді. Ұлттық Банктің жоғары басқару органы Басқарма болып табылды. Ұлттық Банктің оперативті Басқарма органы директорлар кеңесі (директораты) болып табылды.

ҚР Президентінің **1995 ж. 5 желтоқсандағы** Заң күші бар Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» ҚР Заңына өзгертулер енгізілді. Атап айтқанда, Заң ҚР Ұлттық Банкі ҚР Президентіне есепті екендігі белгіленді⁷.

ҚР Президентінің **1998 ж. 30 маусымдағы** Жарлығымен **ҚР Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаментінің** таратылуына байланысты оның функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Ұлттық Банкісіне берілді⁸.

ҚР Президентінің **1999 ж. 11 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкі туралы ереже мен құрылымы қайта бекітілді⁹.

Жаңартылған ережеге сәйкес Ұлттық Банк ҚР орталық банкі болып табылды, ҚР банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейін білдірді, ҚР Президентіне есепті болды.

Ұлттық Банк заңды тұлға болып табылды, дербес балансы болды, толық шаруашылық есептілік қағидаларында қызмет етті және өзінің филиалдарымен, өкілдіктерімен және ұйымдарымен бірге төменнен жоғарыға қарай бағыныстағы біртұтас орталықтандырылған құрылым құрады.

Ұлттық Банк ҚР-да және шетелдерде олардың келу заңнамасын ескере отырып, өз филиалдары мен өкілдіктерін аша алатын.

ҚР Ұлттық Банкінің негізгі міндеті ҚР ұлттық валютасының ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылды.

Сондай-ақ Ұлттық Банкке мынадай міндеттер жүктелді: Қазақстан экономикалық дамуы мен оның дүниежүзілік экономикаға кіруіне қол жеткізу мақсатына ықпал ететін ақша айналысы, несие, банкілік есеп айырысуды ұйымдастыру және валюталық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүргізу; ақша, несие және банк жүйесінің тұрақты болуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу; (кредиторлар) несиешілері мен банк салымшыларының банк қызметін реттейтін нормативті құқықтық актілерді қабылдау, олардың орындалуын бақылау жолымен мүдделерін қорғау.

ҚР Ұлттық Банкі төменнен жоғарыға қарай бағыныстағы біртұтас орталықтандырылған құрылым құрады. Ұлттық Банктің органдары басқарма және директорлар кеңесі (директорат) болып табылды.

Ұлттық Банк құрылымына департаменттер мен басқа да бөлімшелер, филиалдар, өкілдіктер мен ұйымдардан тұратын орталық аппарат кірді. Ұлттық Банктің жоғары органы басқарма болып табылды. Ұлттық Банктің оперативті басқарма органы ҚР Ұлттық Банкісінің директорлар кеңесі Ұлттық Банктің оперативті басқару органы болып табылды.

ҚР Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымы: зерттеу және статистика департаменті; заң департаменті; монетарлық операциялар департаменті; бухгалтерлік есеп департаменті; банктік қадағалау департаменті; сақтандыруды қадағалау департаменті; ақпарат технологиялары департаменті; ішкі аудит департаменті; қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті; әкімшілік департаменті; қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы; халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс басқармасы; төлем жүйесі басқармасы; операция басқармасы; бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы; банктерді тарату ісін бақылау басқармасы; валюталық реттеу және бақылау басқармасы; қауіпсіздік қызмет басқармасы; үйлестіру басқармасы (Астана қаласы); бірінші бөлім.

ҚР Президентінің **2000 ж. 20 мамырдағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің негізгі міндеттері сақтандыру рыногының тұрақты қызмет етуіне жәрдемдесу, қамтамасыз етумен толықтырылды¹⁰.

ҚР Президентінің **2001 ж. 18 сәуірде** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің орталық аппаратының құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді: банктік және сақтық қадағалау департаменттері біртұтас банктік және сақтық қадағалау департаменті болып қайта құрылды; әкімшілік департаменті шаруашылық басқармасы болып қайта құрылды; құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы құрылды; банктерді тарату процесін бақылау

басқармасы банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату процесін бақылау басқармасы болып құрылды; қауіпсіздік қызметі басқармасы қауіпсіздік басқармасы болып қайта аталды¹¹.

ҚР Президентінің **2001 ж. 11 шілдедегі** Жарлығымен **ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия (2)** таратылды, оның функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ұлттық Банкіне берілді¹².

ҚР Президентінің **2001 ж. 21 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің негізгі міндеттеріне бағалы қағаздар нарығының тұрақты қызмет етуіне жәрдемдесу, қамтамасыз ету, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу міндеті жатқызылды¹³.

ҚР Президентінің **2002 ж. 17 мамырдағы** Жарлығымен **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі** қайта ұйымдастырылды, оның жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ұлттық Банкіне берілді¹⁴.

ҚР Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді: төлем балансы және валюталық реттеу департаменті, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу департаменті, Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқарма құрылды; халықаралық қатынастар және көпшілікпен байланыс басқармасы халықаралық қатынастар басқармасы болып қайта құрылды; валюталық реттеу және бақылау басқармасы құрылымнан шығарылды.

ҚР Президентінің **2002 ж. 15 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің негізгі міндеттеріне қосымша жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау жатқызылды¹⁵.

ҚР Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді: банктік және сақтық қадағалау департаменті қаржылық қадағалау департаменті болып қайта құрылды; жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау департаменті мен бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті құрылымнан шығарылды.

ҚР Президентінің **2003 ж. 31 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкі туралы ереже мен құрылымы бекітілді¹⁶, оларға кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ереже бойынша Ұлттық Банк ҚР орталық банкі болып табылады, ҚР банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейін білдіреді, **ҚР Президентіне есепті**.

Ұлттық Банкі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің дербес балансы болады, өзінің филиалдарымен, өкілдіктерімен және ұйымдарымен бірлесіп тікелей бағыну схемасындағы біртұтас орталықтандырылған құрылымды құрайды.

ҚР Ұлттық Банкі өз филиалдары мен өкілдіктерін Қазақстан Республикасының ішінде және одан тыс жерлерде олардың орналасқан елдерінің заңнамаларын ескере отырып ашуға құқылы.

ҚР Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты ҚР-да бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. ҚР Ұлттық Банкіне мынадай міндеттер жүктеледі: мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу; төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

ҚР Ұлттық Банкі төменнен жоғарыға қарай бағыныстағы біртұтас орталықтандырылған құрылым құрайды. Ұлттық Банктің органдары басқарма және директорлар кеңесі (директорат) болып табылады. Ұлттық Банк құрылымына департаменттер мен басқа да бөлімшелер, филиалдар, өкілдіктер мен ұйымдардан тұратын орталық аппарат кіреді. Ұлттық Банктің жоғары органы Басқарма болып табылады. Ұлттық Банктің оперативті басқарма органы ҚР Ұлттық Банктің директорлар кеңесі Ұлттық Банктің оперативті басқару органы болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымы: зерттеу және статистика департаменті; төлем балансы және валюта реттеу департаменті; заң департаменті; монетарлық операциялар департаменті; бухгалтерлік есеп департаменті; ақпараттық технологиялар департаменті; ішкі аудит департаменті; қызметкерлермен жұмыс департаменті; қолма-қол ақшамен жұмыс басқармасы; халықаралық қатынастар басқармасы; төлем жүйелері басқармасы; Ұлттық Банк басшылығының

қызметін қамтамасыз ету басқармасы; операциялық басқармасы; монетарлық операцияларды есепке алу басқармасы; бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы; автоматтандырылған банк ақпарат жүйелерін енгізу басқармасы; қауіпсіздік басқармасы; құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы; шаруашылық басқармасы; үйлестіру басқармасы (Астана қаласы); бірінші бөлім.

ҚР Президентінің **2003 ж. 31 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкі қайта ұйымдастырылды, одан **ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі** бөлініп шығарылды¹⁷.

ҚР Президентінің **2003 ж. 31 желтоқсандағы** Жарлығымен Ұлттық Банктің ережесі мен құрылымы бекітілді, оларға кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді¹⁸.

ҚР Президентінің **2004 ж. 10 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің орталық аппаратының құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді: қолма-қол ақшамен жұмыс және төлем жүйелері басқармалары департаменттер болып қайта құрылды; монетарлық операцияларды есепке алу басқармасы құрылды¹⁹.

ҚР Президентінің **2006 ж. 11 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің орталық аппараты құрылымына өзгертулер енгізілді: құрылымына қосымша қаржы тұрақтылығы басқармасы енгізілді, үйлестіру басқармасы (Астана қаласы) департамент болып құрылды²⁰. ҚР Ұлттық Банкіне 2006 ж. соңына дейін орталық аппарат жұмысшыларының біразын Алматы қаласынан Астана қаласына көшіруді жүзеге асыру тапсырылды.

ҚР Президентінің **2008 ж. 30 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің орталық аппаратына қосымша тәуекел-менеджмент басқармасы енгізілді²¹.

ҚР Президентінің **2008 ж. 20 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің орталық аппаратына қосымша мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі басқарма енгізілді²².

ҚР Президентінің **2009 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен қосымша ҚР Ұлттық Банкінің орталық аппараты құрылымына өзгертулер енгізілді: құрылымына қосымша ұйымдастыру жұмыстар, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаменті енгізілді; құрылымнан: халықаралық қатынастар басқармасы, Ұлттық Банк басшыларының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқарма және құжаттық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы шығарылды²³.

ҚР Президентінің **2011 ж. 1 сәуірдегі** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкі құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді: қаржы тұрақтылығы басқармасы қаржы тұрақтылығы департаменті болып; тәуекел-менеджмент басқармасы даму және тәуекелдерді басқару департаменті болып қайта құрылды²⁴.

ҚР Президентінің **2011 ж. 12 сәуірдегі** Жарлығымен функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ұлттық Банкіне беріле отырып **ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі** мен **ҚР Алматы қаласының Өңірлік қаржы орталығының қызмет етуін реттеу жөніндегі агенттігі** таратылды²⁵.

ҚР Президентінің **2011 ж. 18 сәуірдегі** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің **ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті** және **ҚР Алматы қаласындағы Өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті** құрылды²⁶.

ҚР Президентінің **2012 ж. 29 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің **Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті** құрылды. Сонымен қатар, осы Жарлықпен ҚР Ұлттық Банкінің **Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті** таратылды²⁷.

ҚР Президентінің **2014 ж. 30 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің **Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті** және ҚР Ұлттық Банкінің **Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті** таратылды²⁸.

ҚР Президентінің **2019 ж. 11 қарашадағы** Жарлығымен ҚР Ұлттық Банкінің құқықтық мәртебесі нақтыланды: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – **тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және оған есеп беретін**, мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеуді және жүргізуді, төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін, валюталық реттеуді және валюталық бақылауды, статистикалық қызметті, сондай-ақ өз құзыреті шегінде қаржы нарығына, қаржы

ұйымдарына және өзге де тұлғаларға мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады». Сонымен қатар, ҚР Ұлттық Банкінің міндеттері жаңа редакцияда жазылды: «мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу; төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу; ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығы статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер»²⁹.

ҚР Президентінің **2022 ж. 6 қазандағы**³⁰ және **2023 ж. 7 желтоқсандағы**³¹ жарлықтарымен Ұлттық Банктің кейбір функциялары қайта қаралды.

¹ Қазақ КСР мемлекеттік мекемелері. Қазақ ҚАСР халық шаруашылығын басқару органы (1920–1936 жж.). Алматы. 1981. 43-б.

² «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1993 ж. 13 сәуірдегі № 2133 ҚР Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 9, 226-құжат).

³ Толықтырулар енгізілген. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1994 ж. 12 шілдедегі № 120 Заңын қараңыз (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994, № 8, 141-құжат).

⁴ Сонда.

⁵ Сонда.

⁶ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 30 наурыздағы № 2155 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 3-4, 23-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» және «Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің Заң күші бар 1995 ж. 5 желтоқсандағы № 2672 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 23, 141-құжат).

⁸ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі онтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереже мен оның құрылымын бекіту туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 11 тамыздағы № 188 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 50 іс).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы №188 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 20 мамырдағы № 400 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 1357 іс).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 ж. 11 тамыздағы № 188 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 18 сәуірдегі № 587 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 2455 іс).

¹² «Қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 11 шілдедегі № 654 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 2462 іс).

¹³ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы № 188 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 21 тамыздағы № 668 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 2465 іс).

¹⁴ «Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері» ҚР Президентінің 2002 ж. 17 мамырдағы № 872 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 14, 139-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы № 188 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 15 тамыздағы № 924 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 3737 іс).

¹⁶ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 5153 іс).

¹⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. желтоқсандағы № 1270 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 5153 іс).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/18098/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

¹⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 10 желтоқсандағы № 1495 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 50, 640-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 11 қыркүйектегі №177 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 35, 373-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 30 қаңтардағы № 527 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 3, 38-құжат).

²² «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 20 тамыздағы № 647 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 35, 364-құжат).

²³ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 27 наурыздағы № 775 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 15, 106-құжат).

²⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 1 сәуірдегі № 1178 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 11 т. 4358 іс).

²⁵ «Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін әрі қарай жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 12 сәуірдегі № 25 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2011 ж. 13 сәуір).

²⁶ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 18 сәуірдегі № 61 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 11 т. 4368 іс).

²⁷ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 29 желтоқсандағы № 458 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 8, 169-құжат).

²⁸ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 30 қаңтардағы № 744 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 3, 17-құжат).

²⁹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 11 қарашадағы № 203 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/135979/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 20 қараша).

³⁰ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 6 қазандағы № 1037 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 57, 386-құжат).

³¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 7 желтоқсандағы № 407 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 58, 444-құжат).

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (2) (1997–2001)

1994-1997 жж. аралығында ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдар қатарына жатпады.

ҚР Президентінің **1997 ж. 13 қарашадағы** Жарлығымен «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының қабылдануына байланысты ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының құқықтық мәртебесі қайта қаралды. Ол **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылды¹.

Ережеге сәйкес Ұлттық комиссияның негізгі функциялары: бағалы қағаздар шығарылымы мен айналысы барысында туындайтын қатынастарды реттеу; инвесторлардың бағалы қағаздар нарығындағы құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау; бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне қойылатын міндетті талаптарды белгілеу; бағалы қағаздар нарығы кәсіпқой қатысушыларының қызметін бақылау функцияларын жүзеге асыру; бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының кәсіби және білім деңгейлерін көтеру жөніндегі жүйені ұйымдастыру.

Ұлттық комиссияның құрылымына орталық аппарат және аумақтық бөлімшелері кірді. Басқару органдары комиссия мен директорат болып табылды.

ҚР Президентінің **2001 ж. 11 шілдедегі** Жарлығымен ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы таратылып, оның функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Ұлттық Банкіне** берілді².

¹ «Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 13 қарашадағы № 3755 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 50, 463-құжат).

² «Қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 11 шілдедегі № 654 Жарлығы (Қазақстанская правда, 2001 ж. 13 шілде).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті (2011–2012)

ҚР Президентінің **2011 ж. 18 сәуірдегі** Жарлығымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Ұлттық Банкінің** ведомствосы болып табылды.

ҚР Президентінің **2012 ж. 29 желтоқсандағы** Жарлығымен комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 18 сәуірдегі № 61 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 34, 408-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 29 желтоқсандағы № 458 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 8, 169-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитеті
(2011–2014)

ҚР Президентінің *2011 ж. 18 сәуірдегі* Жарлығымен құрылды¹.
Комитет *ҚР Ұлттық Банкінің* ведомствосы болып табылды.
ҚР Президентінің *2014 ж. 30 қаңтардағы* Жарлығымен комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 18 сәуірдегі № 61 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 34, 408-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 30 қаңтардағы № 744 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 3, 17-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың
құқықтарын қорғау комитеті
(2012–2014)

ҚР Президентінің *2012 ж. 29 желтоқсандағы* Жарлығымен құрылды¹.
Комитет *ҚР Ұлттық Банкінің* ведомствосы болып табылды.
ҚР Президентінің *2014 ж. 30 қаңтардағы* Жарлығымен комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 29 желтоқсандағы № 458 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 8, 169-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 30 қаңтардағы № 744 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 3, 17-құжат).

Республикалық бюджеттің атқарылуын
бақылау жөніндегі есеп комитеті
(1996–2022)

ҚР Президентінің *1996 ж. 19 сәуірдегі* Жарлығымен құрылды¹.
Осы Жарлықпен Есеп комитеті туралы ереже бекітілді².

Есеп комитеті *ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін* республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган болып табылды.

Есеп комитетінің негізгі функциялары: республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі ҚР заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылау; республикалық бюджеттің атқарылуына байланысты мәселелер жөнінде мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау; қаражаттың республикалық бюджетке толық түсуін және оларды пайдаланудың заңдылығын бақылау; мемлекеттік бағдарламалардың, *ҚР Үкіметі* бағдарламаларының орындалуына және мемлекеттік қажеттіктерді қаржыландыруға бөлінетін республикалық бюджет қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылау; республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті *ҚР Парламентінің* бекітуіне ұсыну.

ҚР Президентінің *1996 ж. 3 маусымдағы* бұйрығымен Есеп комитетінің құрылымы бекітілді: төраға; есеп комитетінің мүшелері; хатшылық³.

ҚР Президентінің *2002 ж. 5 тамыздағы* қаулысымен Есеп комитеті туралы ереже бекітілді⁴.

Ережеге сәйкес Есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асыратын және ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылды.

Есеп комитетінің құрылымын Төраға, мүшелері және Есеп комитетінің аппараты құрады.

Есеп комитетінің негізгі міндеттері мыналар болды: республикалық бюджеттің атқарылу мәселелерін реттейтін бюджеттік заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылау; ҚР Президентінің республикалық бюджеттің атқарылуына байланысты мәселелер жөніндегі тапсырмаларын орындау; бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес Үкіметтің мемлекеттік және салалық бағдарламаларын және басқа да шығыстарын орындауға арналған республикалық бюджеттің, кредиттердің, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау; республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығын бақылау.

ҚР Президентінің **2005 ж. 4 мамырдағы** Жарлығымен Есеп комитеті туралы жаңа редакцияда ереже бекітілді⁵.

Ережеге сәйкес Есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асырған және ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік қаржы бақылауының жоғары органы болып табылды.

Есеп комитетінің құрылымын Есеп комитетінің Төрағасы, мүшелері және аппараты құрады.

Есеп комитетінің негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің атқарылу мәселелерін реттейтін бюджеттік заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылау; ҚР Президентінің республикалық бюджеттің атқарылуына байланысты мәселелер жөніндегі тапсырмаларын орындау; республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығын бақылау, сондай-ақ республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуын бақылау; республикалық бюджет қаражатының, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген займдардың, мемлекет міндеттемелерін өтеуге республикалық бюджеттен берілген қаражаттың, байланысқан гранттардың, мемлекет активтерінің нысаналы әрі тиімді пайдаланылуын бақылау.

ҚР Президентінің **2009 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен Есеп комитетінің негізгі міндеттері нақтыланды⁶.

Өзгертілген редакцияда мынадай болды: республикалық бюджеттің атқарылу мәселелерін реттейтін бюджеттік заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылау; ҚР Президентінің республикалық бюджеттің атқарылуына байланысты мәселелер жөніндегі тапсырмаларын орындау; республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығын бақылау, сондай-ақ республикалық бюджетке түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуын, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігіне бақылау; республикалық бюджет қаражатының, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттердің байланысқан гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, концессиялық жобаларды бюджеттен бірлесіп қаржыландырудың, сондай-ақ мемлекет кепілдіктері мен активтерінің ҚР заңнамасына сәйкес пайдаланылуын бақылау.

ҚР Президентінің **2010 ж. 15 шілдедегі** Жарлығымен Есеп комитетінің негізгі міндеттерінің бірі жаңа редакцияда жазылды: «республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, концессиялық жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыруды, сондай-ақ мемлекеттің кепілгерліктері мен активтерін пайдаланудың тиімділігін, қаржылық есептілігін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бақылау»⁷.

ҚР Президентінің **2022 ж. 26 қарашадағы** Жарлығымен Есеп комитеті **ҚР Жоғары аудиторлық палатасы** болып қайта ұйымдастырылды⁸.

¹ «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 19 сәуірдегі № 2956 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 17, 137-құжат).

² «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 19 сәуірдегі № 2956 Жарлығына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 17, 137-құжат).

³ «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мәселелері туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 3 маусымдағы № 3012 өкімі (ҚР ПА, 5-Н қ. 1 т. 5782 іс).

⁴ «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 5 тамыздағы № 917 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 26, 273-құжат).

⁵ «ҚР Президентінің 2002 ж. 5 тамыздағы № 917 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 4 мамырдағы № 1570 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 20, 236-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 22 қаңтардағы № 729 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 5, 13-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 ж. 5 тамыздағы № 917 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 15 шілдедегі № 1024 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 43, 385- құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 26 қарашадағы № 5 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/174321/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 1 желтоқсан).

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (2022*)

ҚР Президентінің **2022 ж. 26 қарашадағы** Жарлығымен¹ **ҚР Есеп комитетінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды.

Осы Жарлықпен Жоғары аудиторлық палата туралы ереже бекітілді.

Жоғары аудиторлық палата **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңына сәйкес сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың жоғары органы болып табылады.

Жоғары аудиторлық палатаның міндеттері: халықтың тұрмыс жағдайлары сапасының қарқынды өсуін және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың (қаржылық, табиғи, өндірістік, кадрлық, ақпараттық) тиімді және заңды басқарылуын талдау, бағалау және тексеру.

¹ «Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 26 қарашадағы № 5 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/174321/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 1 желтоқсан).

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (2004–2011)

ҚР Президентінің **2003 ж. 31 желтоқсандағы** Жарлығымен **ҚР Ұлттық Банкін** одан агенттік бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды¹.

Осы Жарлықпен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Агенттік қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын, **ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін** мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі шараларды іске асыру; адал бәсеке принциптерінде қаржы ұйымдарының тиісті түрлерінің жұмыс істеуі үшін тең жағдайлар жасау; қаржы ұйымдарының қызметін реттеу мен қадағалаудың стандарттары мен әдістерінің деңгейін арттыру, олар қабылдаған міндеттемелердің уақытылы және толық орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды пайдалану; қаржы ұйымдары қызметінің стандарттарын белгілеу, қаржы ұйымдарын корпоративтік басқаруды жақсарту үшін ынталандыру шараларын жасау; қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатында қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының мониторингі; қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында қаржы нарығының неғұрлым тәуекелге бейім салаларындағы қадағалау ресурстарын шоғырландыру; қазіргі заманғы технологияларды ендіруді ынталандыру тұтынушылар үшін қаржы ұйымдары мен олар көрсететін қаржылық қызметтер туралы ақпараттың толық және қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі негізгі функцияларды, соның ішінде шоғырландырылған негізде, ҚР заң актілерінде көзделген

жағдайларда банктік, сақтандыру қызметін, жинақтаушы зейнетақы қорларының, инвестициялық қорлардың қызметін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі негізгі функцияларды орындады.

Агенттіктің құрылымы: басшылық; стратегия және талдау департаменті; заң департаменті; банктерді қадағалау департаменті; бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті; сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті; қаржы ұйымдарын тарату департаменті; агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті; бухгалтерия; лицензиялау басқармасы; қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы.

ҚР Президентінің **2004 ж. 10 желтоқсандағы** Жарлығымен агенттіктің құрылымы мынадай бөлімшелермен толықтырылды: ақпараттық технологиялар басқармасы; өңірлік өкілдер басқармасы; үйлестіру бөлімі – өкілдік (Астана қаласы); халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі³.

ҚР Президентінің **2007 ж. 8 мамырдағы** Жарлығымен агенттіктің құрылымына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді⁴.

Агенттіктің құрылымына: қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті; үйлестіру басқармасы – өкілдік (Астана қаласы); ұсынылатын қызмет көрсетудің сапасын бақылау бөлімі енгізілді. Агенттік құрылымынан: қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы; үйлестіру бөлімі – өкілдік (Астана қаласы); халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі шығарылды.

ҚР Президентінің **2007 ж. 19 маусымдағы** Жарлығымен агенттікке **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** қаржы ұйымдарының бәсекелестігін қорғау және монополистік қызметін шектеу саласындағы функциялары берілді⁵. Агенттік ҚР Индустрия және сауда министрлігінің қаржы ұйымдарының бәсекелестігін қорғау және монополистік қызметін шектеу саласындағы құқықтар мен міндеттемелері бойынша мирасқоры болып белгіленді.

ҚР Президентінің **2008 ж. 23 сәуірдегі** Жарлығымен агенттіктің құрылымына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁶. Агенттіктің лицензиялау басқармасы және ақпараттық технологиялар басқармасы департаменттер болып өзгертілді. Агенттіктің ұсынылатын қызмет көрсетулердің сапасын бақылау бөлімі басқарма болып өзгертілді.

ҚР Президентінің **2008 ж. 23 шілдедегі** Жарлығымен агенттіктің қаржы ұйымдарының бәсекелестігін қорғау және монополистік қызметін шектеу саласындағы функциялары **ҚР Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне (Монополияға қарсы агенттікке)** берілді⁷.

ҚР Президентінің **2011 ж. 12 сәуірдегі** Жарлығымен агенттік функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Ұлттық Банкіне** беріле отырып таратылды⁸.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы № 1270 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 515 іс).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 10 желтоқсандағы № 1495 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 50, 640-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1270 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 8 мамырдағы № 326 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 15, 171-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 19 маусымдағы № 346 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 20, 227-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы №1270 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2008 ж. 23 сәуірдегі №575 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 19, 167-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері (Монополияға қарсы агенттік)» ҚР Президентінің 2008 ж. 23 шілдедегі № 633 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 34, 352-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін әрі қарай жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 12 сәуірдегі № 25 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2011 ж. 13 сәуір).

**Қазақстан Республикасының
Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі
(2006–2011)**

ҚР Президентінің *2006 ж. 1 ақпанындағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Президентінің *2006 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Агенттік *ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін* Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» ҚР *2006 ж. 5 маусымдағы* Заңында³ белгіленген мемлекеттік өкілеттіктерін жүзеге асыру; қаржы орталығын одан әрі дамыту.

Агенттіктің құрылымы: басшылық; тіркеу департаменті; дамыту департаменті; әкімшілік-қаржы департаменті; заң басқармасы.

ҚР Президентінің *2007 ж. 21 қыркүйектегі* Жарлығымен агенттіктің құрылымына қосымша үйлестіру басқармасы – өкілдік (Астана қаласы) енгізілді⁴.

ҚР Президентінің *2011 ж. 12 сәуірдегі* Жарлығымен агенттік функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Ұлттық Банкіне* беріле отырып таратылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 1 ақпандағы № 55 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 5, 38-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 28 тамыздағы № 166 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 30, 320-құжат).

³ «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 ж. 5 маусымдағы № 145-III ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2006, № 10, 51-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы №166 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 21 қыркүйектегі № 414 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 34, 373-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін әрі қарай жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 12 сәуірдегі № 25 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2011 ж. 13 сәуір).

**Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
(2019*)**

2011-2019 жж. аралығында қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері ҚР Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының құзыретінде болды.

Агенттік ҚР Президентінің *2019 ж. 11 қарашадағы* Жарлығымен *ҚР Ұлттық Банкі*н қайта ұйымдастыру нәтижесінде, оның құрамынан агенттікті бөліп шығару жолымен құрылды¹.

Осы Жарлықпен агенттік туралы ереже мен оның құрылымы да бекітілді.

Агенттік *ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін*, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және қаржы нарығын дамытуға жәрдемдесетін, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, сондай-ақ құзыреті шегінде өзге де тұлғаларды мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Агенттіктің негізгі міндеттері: қаржы нарығын реттеу мен дамыту, оның ішінде қаржы ұйымдары қызметінің стандарттарын белгілеу, қаржы ұйымдарын корпоративтік басқаруды жақсарту үшін ынталандыру; қаржы жүйесінің орнықтылығын сақтау мақсатында қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мониторингтеу; қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында қаржы нарығының тәуекелдерге барынша ұшырағыш салаларына қадағалау ресурстарын шоғырландыру; қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін, тұтынушылар үшін қаржы ұйымдарының қызметі және олар көрсететін қаржылық қызметтер туралы ақпараттың толықтығын және қолжетімділігін, сондай-ақ халық үшін қаржылық

сауаттылық деңгейін және қаржылық қолжетімділікті арттыруды қамтамасыз ету; «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» ҚР Заңына, ҚР басқа заңдарына және ҚР Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер².

Агенттік құрылымы: банктерді реттеу департаменті; сақтандыру нарығы және актуалдық есеп айырысу департаменті; бағалы қағаздар нарығы департаменті; қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті; қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті; заң департаменті; адам капиталын дамыту департаменті; ақпараттық технологиялар департаменті; үйлестіру департаменті (Нұр-Сұлтан қаласы) (қазіргі уақытта – Астана); агенттік қызметін қамтамасыз ету департаменті; агенттік Төрағасының қызметі басқармасы; киберқауіпсіздік басқармасы; халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы; операциялық тәуекелдер және комплаенс басқармасы; ішкі аудит басқармасы; есепке алу және жоспарлау басқармасы; қауіпсіздік басқармасы; Алматы қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Нұр-Сұлтан қаласындағы (қазіргі уақытта – Астана) өңірлік өкілдер басқармасы; Ақтау қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Ақтөбе қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Атырау қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Қарағанды қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Көкшетау қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Қостанай қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Қызылорда қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Павлодар қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Петропавл қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Талдықорған қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Тараз қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Түркістан қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Орал қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Өскемен қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы; Шымкент қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы.

2020 ж. 21 тамыздағы ҚР Президентінің Жарлығымен агенттік құрылымында өзгерістер орын алды: банктік талдау және стресс-тестілеу департаменті, стратегия және талдау департаменті, сыртқы коммуникациялар басқармасы және мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмысы басқармасы құрылды; қаржы ұйымдарын реттеу және әдіснама департаменті қаржы ұйымдарын пруденциалдық реттеу және әдіснама департаменті болып қайта аталды; халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы халықаралық қатынастар және интеграция басқармасы болып қайта аталды².

ҚР Президентінің **2021 ж. 27 ақпандағы** Жарлығымен агенттік туралы ережеде агенттіктің кейбір функциялары мен миссиясы қайта қаралды, ол жаңа редакцияда жазылды: «қаржы нарығын реттеу мен дамыту, қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу, тұтастай алғанда қаржы жүйесіне деген сенімді қолдау және қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының қызметі үшін қаржы нарығындағы адал бәсекелестікті қолдауға бағытталған тең құқылы жағдайлар жасау»³.

Осы Жарлықпен агенттіктің міндеттері жаңа редакцияда жазылды: қаржы нарығын реттеу мен дамыту, оның ішінде қаржы ұйымдары, ҚР бейрезидент-банктерінің филиалдары, ҚР бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, ҚР бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары қызметінің стандарттарын белгілеу, қаржы ұйымдарын корпоративтік басқаруды жақсарту үшін ынталандыру жасау; қаржы жүйесінің орнықтылығын сақтау мақсатында қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын, ҚР бейрезидент-банктерінің филиалдарын, ҚР бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, ҚР бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын мониторингтеу; қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында қаржы нарығының тәуекелдерге барынша ұшырағыш салаларына қадағалау ресурстарын шоғырландыру; қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін, тұтынушылар үшін қаржы ұйымдарының, ҚР бейрезидент-банктері филиалдарының, ҚР бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, ҚР бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының қызметі және олар көрсететін қаржылық қызметтер туралы ақпараттың толықтығын және қолжетімділігін, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін және ол үшін қаржылық қолжетімділікті арттыруды қамтамасыз ету; «Қаржы

нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» ҚР Заңына, ҚР басқа заңдарына және ҚР Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер.

2022 ж. 6 маусымдағы ҚР Президентінің Жарлығымен агенттік құрылымынан қауіпсіздік басқармасы шығарылды, сондай-ақ құрылым банк секторына жатпайтын ұйымдарды қадағалау департаментімен толықтырылды⁴.

ҚР Президентінің **2022 ж. 9 тамыздағы** Жарлығымен⁵, агенттік туралы ережені ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **2022 ж. 12 шілдедегі**⁶ және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **2022 ж. 4 шілдедегі**⁷ заңдарына сәйкес келтіру мақсатында агенттіктің кейбір функциялары қайта қаралды.

ҚР Президентінің **2023 ж. 28 наурыздағы** Жарлығымен агенттік құрылымында ақпараттық және киберқауіпсіздік департаменті құрылып, киберқауіпсіздік басқармасы таратылды⁸.

ҚР Президентінің **2023 ж. 12 тамыздағы** Жарлығымен агенттік құрылымы жаңа редакцияда бекітілді: «1. Департаменттер. 2. Басқармалар»⁹.

ҚР Президентінің **2024 ж. 2 наурыздағы** Жарлығымен¹⁰ агенттікті ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **2023 ж. 21 желтоқсандағы**¹¹ және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **2024 ж. 23 қаңтардағы**¹² заңдарына сәйкес жаңа функциялармен толықтыру бөлігінде ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 11 қарашадағы № 203 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/135979/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 20 қараша).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 21 тамыздағы № 388 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 33-34, 247-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2021 ж. 27 ақпандағы № 527 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2021, № 9, 39-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 6 маусымдағы № 909 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 32, 191-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 9 тамыздағы № 972 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 45, 268-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 12 шілдедегі № 138-VII ҚРЗ ҚР Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/169822/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 19 шілде).

⁷ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 4 шілдедегі № 133-VII ҚРЗ ҚР Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/169539/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 7 шілде).

⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 28 наурыздағы № 517 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 14, 88-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 12 тамыздағы № 296 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/184970/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 16 наурыз).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 2 наурыздағы № 492 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/193907/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 6 наурыз).

¹¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 ж. 21 желтоқсандағы

№ 49–VIII ҚРЗ ҚР Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/190405/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 26 желтоқсан).

¹² «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 ж. 23 қаңтардағы № 54–VIII ҚРЗ ҚР Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/192827/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 25 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі (1995–1997)

ҚР Президентінің *1995 ж. 14 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Президентінің *1995 ж. 20 желтоқсандағы* Жарлығымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік *ҚР Президентінің алдында есепті* және ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, Қазақстанның біртұтас ақпараттық кеңістігін қалыптастыруды қамтамасыз еткен, баспасөз және бұқаралық ақпарат саласында мемлекеттік саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылды. Агенттік республикалық бюджеттен қаржыланатын барлық газеттер мен журналдардың құрылтайшысы болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: баспасөз, бұқаралық ақпарат, баспа ісі, полиграфия, кітап тарату, телерадио хабарларын тарату саласында мемлекет саясатының принциптерін қалыптастыру; агенттік қарауындағы мәселелер бойынша инвестициялық және ғылыми-техникалық саясатты әзірлеу және іске асыру; баспа бағдарламаларын дайындап, іске асыру, әлеуметтік мәнді әдебиет шығаруда бірыңғай тапсырыс беруші және тапсырыстарды орындаушы қызметін жүзеге асыру; ақпараттық құрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру; баспасөзде және бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік құпияны сақтауға қатысу; бұқаралық ақпарат тасқынын, олардың қоғамдық пікірге тиімділігін және әсер ету сипатын зерделеу; алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасына баспасөз және бұқаралық ақпарат мәселелері бойынша көмек көрсету; басқа елдерден келетін кітап, газет-журнал, дыбыстық-бейнелік және басқа да ақпараттық өнімдерге талдау жасау, үкіметаралық мамандандырылған ұйымдарда ҚР өкілі болу және тәуелсіз Қазақстанның баспасөз және бұқаралық ақпарат саласында мүдделерінің халықаралық-құқықтық қамтамасыз ету және т.б.

Агенттік жанында баспасөзде және бұқаралық ақпарат құралдарында заңдылықты сақтауды қадағалау жөніндегі облыстық инспекциялар жұмыс істеді. Облыстық инспекциялар агенттік құрылымының біртұтас жүйесіне кірді.

ҚР Президентінің *1995 ж. 21 желтоқсандағы* өкімімен агенттіктің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: баспа ісі, маркетинг және кітап тарату жетекші басқармасы; өндіріс, полиграфияны ғылыми-техникалық дамыту және сыртқы байланыстар жетекші басқармасы; бұқаралық ақпарат құралдары, сараптау-талдау жұмыстар және баспасөзде заңдылықтың сақталуына бақылау жетекші басқармасы; қаржы-экономикалық жетекші басқармасы; құқықтық реттеу және кадр бөлімі; әкімшілік-шаруашылық басқармасы³.

ҚР Президентінің *1997 ж. 8 қаңтардағы* өкімімен агенттік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: өндіріс, полиграфияны ғылыми-техникалық дамыту және сыртқы байланыстар басқармасы; бұқаралық ақпарат, сараптама-талдау жұмыстар және баспасөзде заңнаманың сақталуына бақылау жасау басқармасы; экономика, талдау, болжау және қаржы басқармасы; баспа қызметі, маркетинг және кітап тарату бөлімі; құқықтық реттеу және кадр бөлімі; әкімшілік-шаруашылық басқармасы⁴.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен агенттік таратылды⁵. Функциялары, мүлкі мен басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған *ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін тарату және Қазақстан Республикасының Баспасөз

және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 14 қазандағы № 2519 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 32, 397-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 20 желтоқсандағы № 2698 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 39, 497-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 550-б.

⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 550-б.

⁵ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі (1997)

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Президентінің *1997 ж. 24 наурыздағы* Жарлығымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік *ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін* мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттік пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын стратегиялық ресурстарға мыналар жатқызылады деп белгіленді: мұнай, газ, газ конденсаты кен орындары, мұнай және газ өндіру өнеркәсібі өнімі; әуе кеңістігі, теміржолдар, телекоммуникациялар; энергия ресурстары, энергия жүйелері; дәнді дақылдар; алтын кен орындары, алтын және басқа бағалы металдар; қара және түсті металдар кен орындары, қара, түсті және сирек ұшырасатын металдар; уран кен орындары және уран өнімі; минералдық шикізат және кен-химия өнеркәсібі өнімдері; магистральдық құбыр арналары.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: стратегиялық ресурстардың пайдаланылуын бақылау; стратегиялық ресурстарды пайдалану тиімділігіне баға беру, сондай-ақ стратегиялық ресурстарды пайдаланудың мемлекеттің мүддесіне және әлемдік тәжірибеге сәйкестігіне баға беру; стратегиялық ресурстарды пайдалану өндірістің дамуының әлемдік үрдістерін ескере отырып талдау; стратегиялық ресурстарды пайдалануға байланысты инвестициялар мен займдар тартуға талдау жасау.

ҚР Президентінің *1997 ж. 24 наурыздағы* өкімімен агенттіктің құрылымы бекітілді: басшылық; бақылау-талдау департаменті; ақпарат және есеп беруді даярлау бөлімі; сараптама-талдау бөлімі; бақылау-тексеру департаменті; толықтырылмайтын стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі бөлім; толықтырылатын стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі бөлім³.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен агенттік таратылды⁴. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Президентінің Әкімшілігіне* және *ҚР Президентінің Іс Басқармасына* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 24 наурыздағы № 3424 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 13, 86-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 205-б.

⁴ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі (1997, 1999–2002)

1993–1997 жж. аралығында стратегиялық жоспарлау мәселелері ҚР Экономика министрлігінің құзыретінде болды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 24 наурыздағы** Жарлығымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін** әрі елдің дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдар мен ҚР ведомстволарының, сондай-ақ экономиканың стратегиялық секторларында қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдар жұмысының жылдық стратегиялық жоспарларын әзірлеу үшін жауапты мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: әлемдік тәжірибені зерделеу, жалпы тенденцияларды талдау мен болжам жасау; ҚР дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын айқындау; стратегиялық жоспарлаудың принциптері мен әдіснамасын айқындау; ҚР дамуының стратегиясын әзірлеу; ҚР министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, ҚР ведомстволарының, сондай-ақ экономиканың стратегиялық секторларында қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдар жұмысының жылдық стратегиялық жоспарларын әзірлеу; ҚР Президентінің тапсырмалары бойынша аса маңызды мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу.

ҚР Президентінің **1997 ж. 24 наурыздағы** өкімімен агенттіктің құрылымы бекітілді: басшылық; мақсаттар мен басымдықтарды қалыптастыру департаменті; ақпарат және талдау бөлімі; мақсаттар мен басымдықтарды қалыптастыру бөлімі; стратегиялық жоспарлау департаменті; ұзақ мерзімді жоспарлар бөлімі; жылдық стратегиялық жоспарлар бөлімі³.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен агенттік таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне (1)** берілді.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің (2)** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде қайта құрылды⁵.

ҚР Президентінің **1999 ж. 28 қарашадағы** Жарлығымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁶. Агенттік **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, ҚР стратегиялық жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және іске асыру кезінде мемлекеттік органдардың қызметін ведомствоаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Агенттіктің негізгі міндеттері: стратегиялық жоспарлар әзірлеу және олардың іске асырылуын бақылау; ҚР Мемлекет басшысы мен ҚР Үкіметін стратегиялық жоспарларды іске асыру барысы туралы хабардар етіп отыру; стратегиялық жоспарлау жүйесін қалыптастыру және жетілдіру; ҚР қаржы-экономикалық, әлеуметтік, әскери-стратегиялық, сыртқы және ішкі саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстарды талдап жасау; мемлекеттік бағдарламаларды стратегиялық жоспарлармен үйлестіруді қамтамасыз ету.

Агенттіктің құрылымы: басшылық, стратегиялық жоспарлау және бақылау департаменті, әлеуметтік-экономикалық талдау департаменті.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен агенттік оны **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне** қосу арқылы қайта құрылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 24 наурыздағы № 3423 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 12, 80-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігінің, Қазақстан Республикасы Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігінің құрылымы мен штат саны туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 24 наурыздағы № 3426 бұйрығы (ҚР ПА. 5-Н к. 1 т. 7062 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 28 қарашадағы № 271 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 51, 496-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (2) (1998–1999, 2020*)

1997-1998 жж. аралығында ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі (1) ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылмады.

ҚР Президентінің *1998 ж. 30 маусымдағы* Жарлығымен агенттік *ҚР Президентіне* тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып өзгеріп және оның құрамынан *Статистика және талдау жөніндегі комитетінің* бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылды¹.

ҚР Президентінің *1998 ж. 17 тамыздағы* Жарлығымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Агенттік стратегиялық жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламалар жасау және іске асыру кезінде жалпы ұлттық дамудың мемлекеттік стратегиясын әзірлеуді, мемлекеттік органдардың қызметтерін ведомствоаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: стратегиялық жоспарларды әзірлеу; ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді (5 және одан да көп жылдарға) болжамдарын әзірлеу; мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларды іске асыру жөніндегі қызметтерін үйлестіру; стратегиялық жоспарлардың жүзеге асырылуын бақылау және орындалу мониторингін жүргізу; әскери стратегиялық, сыртқы саяси дамудың және ішкі саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу; бюджет реформасының негізгі бағыттарын қалыптастыруға қатысу; мемлекеттік басқаруды реформалаудың стратегиясын әзірлеу; сыртқы көмек стратегиялық жоспарларын әзірлеу.

Агенттіктің құрылымы: басшылық, стратегиялық жоспарлау және үйлестіру департаменті, экономикалық саясат және арнайы бағдарламалар департаменті, бюджеттік бағдарламалар департаменті, әкімшілік-ақпарат департаменті.

Агенттік төрағасының *1999 ж. 16 наурыздағы* бұйрығымен стратегиялық жоспарлау және үйлестіру департаменті стратегиялық жоспарлау және бақылау департаменті болып, ал әкімшілік-ақпарат департаменті ұйымдық-ақпараттық жұмыстар басқармасы болып қайта аталды³.

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен агенттік қаржы-экономикалық саладағы функциялары *ҚР Экономика министрлігіне* беріле отырып, *ҚР Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі* болып қайта ұйымдастырылды⁴.

2020 ж. 8 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығымен қайта құрылды. Оған стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік статистикалық қызмет салаларындағы функциялар мен өкілеттіктер *ҚР Ұлттық экономика министрлігінен* берілді⁵.

ҚР Президентінің *2020 ж. 5 қазандағы* Жарлығымен агенттіктің ережесі бекітілді⁶. Кейін бұл ережеге бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (*2022 ж. 17 наурыз, 2022 ж. 15 тамыз, 2023 ж. 26 сәуір, 2023 ж. 19 маусым, 2023 ж. 31 шілде, 2024 ж. 3 қаңтар, 2024 ж. 29 шілде, 2024 ж. 15 қазан*⁷). Бұл өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік статистика туралы заңнамаға енгізілген түзетулерге сәйкестендіру, сондай-ақ агенттіктің өкілеттіктері мен қызметін нақтылау мақсатында әзірленді⁸.

Агенттік – *ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін* мемлекеттік орган, ол стратегиялық жоспарлау, реформаларды жүргізу және мемлекеттік статистика салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Агенттіктің ведомстволық органдары – Ұлттық статистика бюросы және оның облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан аумақтық бөлімшелері.

Агенттіктің негізгі міндеттері: стратегиялық жоспарлау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру; мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге қатысу; елдің әлеуметтік-экономикалық

дамуын жетілдіруге бағытталған жүйелі (құрылымдық және институционалдық) реформаларды әзірлеу; мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жетілдіру; жүйелі (құрылымдық және институционалдық) реформалардың, соның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары аясындағы жүзеге асу барысын мониторингтеу және бағалау; статистикалық әдістемені қалыптастыру; мемлекеттік статистика қағидаттарын сақтай отырып статистикалық қызметті жүзеге асыру; қоғам, мемлекет және халықаралық қауымдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыру; әкімшілік деректердің сапасын анықтау.

¹ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Президентінің 1998 ж. 17 тамыздағы № 4021 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 26, 218-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 150-б.

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 8 қыркүйектегі № 407 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 36-37, 270-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 5 қазандағы № 427 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 44-45, 303-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 29 шілдедегі № 605 Жарлығы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/147211/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁸ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 14 шілдедегі № 141-VII ҚР Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/169857/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 18 шілде); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 ж. 19 сәуірдегі № 223-VII ҚР Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/179978/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 26 сәуір).

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (2020*)

ҚР Президентінің 2020 ж. 5 қазандағы Жарлығымен¹ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетін қайта құру нәтижесінде құрылды.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 ж. 23 қазандағы бұйрығымен Бюроның ережесі бекітілді, онда оның миссиясы, негізгі міндеттері мен функциялары айқындалды².

Ұлттық статистика бюросы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ведомствосы болып табылады және Агенттіктің құзыреті шегінде мемлекеттік статистикалық қызмет мәселелері бойынша іске асыру функцияларын, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ұлттық статистика бюросының негізгі міндеттері мыналар болып табылады: статистикалық әдіснаманы қалыптастыру; мемлекеттік статистика принциптерін сақтай отырып, статистикалық қызметті жүзеге асыру; қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қауымдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа деген сұранысын қанағаттандыру; өз құзыреті шегінде Ұлттық статистика бюросына жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

Мемлекеттік статистика туралы заңнаманың³ жетілдірілуіне байланысты, Ұлттық статистика бюросы туралы ережеге⁴ оның қызметтері, құқықтары мен міндеттері бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының **2024 ж. 12 тамыздағы** бұйрығымен⁵ Бюро туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, оның құқықтық мәртебесі мынадай редакцияда жазылды: «ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы мемлекеттік статистика саласында үйлестіру, басшылық және іске асыру функцияларын Агенттіктің құзыреті шегінде жүзеге асыратын ведомство болып табылады».

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының **2024 ж. 14 қарашадағы** бұйрығымен Бюроның міндеттері әкімшілік деректердің сапасын анықтаумен толықтырылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 5 қазандағы № 427 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2020 ж., № 44-45, 303-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі төрағасының 2020 ж. 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/148082/kaz> (ресми жариялау күні: 2020 ж. 5 қараша);

³ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2022 ж. 14 шілдедегі № 141-VII Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/169857/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 18 шілде); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2023 ж. 19 сәуірдегі № 223-VII ҚРЗ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/179978/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 26 сәуір); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2024 ж. 6 сәуірдегі № 71-VIII Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/195399/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 11 сәуір); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2024 ж. 5 шілдедегі № 115-VIII Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/198611/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 11 шілде).

⁴ «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі төрағасының 2020 ж. 23 қазандағы

№ 9-нқ бұйрығы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/148082/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁵ «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 ж. 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі төрағасының 2024 жылғы 12 тамыздағы № 68 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/199745/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 16 тамыз).

⁶ «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі төрағасының 2024 жылғы 14 қарашадағы № 84 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/202684/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 19 қараша).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі (1998–2014, 2019*)

ҚР Президентінің **1998 ж. 18 қыркүйектегі** Жарлығымен құрылған **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін** мемлекеттік орган¹.

ҚР Президентінің **1998 ж. 18 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебі мен ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтын қосу арқылы ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы құрылды².

ҚР Президентінің **1998 ж. 12 қарашадағы** өкімімен агенттіктің құрылымы мен ережесі бекітілді³.

Ережеге сәйкес ҚР агенттік ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметшілердің еңбегін ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасау және шаралар қолдану; мемлекеттік қызмет кадрларының жай-күйіне мониторинг жүргізу, соның ішінде мемлекеттік қызметтің кадрлар резервін жасақтау; мемлекеттік қызмет кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, соның ішінде мемлекеттік қызмет жүйесі үшін қызметкерлер даярлауға мемлекеттік тапсырысты орналастыру; мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ оларды әлеуметтік-құқықтық қорғаудың өзге де шараларын қолдану; мемлекеттік қызмет туралы заңдарды жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстарды талдап жасау және шаралар қолдану, соның ішінде мемлекеттік қызметке кіру, оны өткеру, мемлекеттік қызметшілерді аттестациялау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, қабылдау; мемлекеттік қызмет туралы заңдардың сақталуын, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелерін сақтауын бақылау.

Агенттіктің құрылымы: басшылық, мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлармен жұмыс істеу жөніндегі департамент, нормативтік-құқықтық жұмыс департаменті, хатшылық.

ҚР Президентінің **1998 ж. 12 қарашадағы** өкімімен ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы туралы ереже бекітілді⁴.

Ережеге сәйкес академия жоғары арнаулы кәсіби білім беретін мемлекеттік оқу орны мәртебесі бар жоғары білім және ғылым мекемесі болып табылды. Сондай-ақ академия ҚР мемлекеттік қызмет саласындағы және мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды басқару жүйесіндегі оқу-әдістемелік, ғылыми және ақпараттық – талдау орталығы болды.

Академияның қызметін үйлестіруді ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі өз өкілеттігі шегінде жүзеге асырды. Академияның қызметін бақылауды **ҚР Президентінің Әкімшілігі** жүзеге асырды.

ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» **1999 ж. 23 шілдедегі** Заңын іске асыру мақсатында ҚР Президентінің **1999 ж. 3 желтоқсандағы** Жарлығымен агенттік туралы ереже, оның құрылымы, сонымен қатар агенттіктің аумақтық бөлімшелері құрылды (мемлекеттік қызмет істері басқармасының облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша)⁵.

Агенттіктің құқықтық мәртебесі мен негізгі функциялары өзгермеді. Агенттіктің құрылымы біршама өзгерістерге ұшырады, ол төмендегідей болды: басшылық; мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаменті; мемлекеттік қызметті кадрлық қамтамасыз ету департаменті; ұйымдастырушылық қамтамасыз ету басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 12 қаңтардағы** қаулысымен «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Ақпарат және сынақ орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды⁶.

ҚР Президентінің **2005 ж. 14 сәуірдегі** Жарлығымен облыстарда, Астана және Алматы қалаларында агенттіктің тәртіптік кеңестері құрылды, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестері таратылды⁷.

ҚР Президентінің **2005 ж. 31 мамырдағы** Жарлығымен «ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы», «ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот академиясы» мемлекеттік мекемелері «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» мемлекеттік мекемесіне қосылу және «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Дипломатиялық академиясының функциялары жаңадан құрылатын мемлекеттік мекемеге берілу арқылы қайта ұйымдастырылды⁸.

ҚР Президентінің **2005 ж. 30 маусымдағы** Жарлығымен агенттік туралы ережеге толықтырулар енгізілді: «Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында консультативтік-кеңесші органдары – тәртіптік кеңестері бар»⁹.

ҚР Президентінің **2005 ж. 8 шілдедегі** Жарлығымен ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы туралы ереже бекітілді¹⁰.

Академия ҚР мемлекеттік органдарының кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Академия жоғары кәсіби білім беру бағдарламасын және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімді іске асыратын, мемлекеттік қызметшілерді, дипломатиялық қызмет персоналын, соттарды, сот жүйесінің және прокуратура органдарының қызметкерлерін, адвокаттарды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орны болып табылады. Академияның құрылтайшысы мемлекет болып табылады. Мемлекет ҚР Президентінің атынан өкілеттік етеді.

Академияның қызметіне бақылауды ҚР Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады. Академияның қызметін үйлестіруді өз өкілеттігі шегінде агенттік жүзеге асырады. Академия өз қызметі бойынша ҚР Президентіне есеп береді.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақпарат және сынақ орталығы» мемлекеттік мекемесі және «Еуразия мемлекеттік қызметшілерді оқыту орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы» акционерлік қоғамына қосылу және қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды¹¹.

Қоғам қызметінің негізгі мәні: мемлекеттік қызметтің анағұрлым талантты және тәжірибелі кадрларын даярлаудың, олардың рекрутингі мен кәсіби өсуінің жаңа жүйесін енгізу; мемлекеттік және өзге де ұйымдар персоналының жағдайын зерделеу; консалтингтік қызметтер көрсету; мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және оларды оқыту; бағдарламалық қамтамасыз етуді және web-порталдарды әзірлеу; агенттіктің теңгеріміндегі ғимараттарды пайдалану және оларға қызмет көрсету.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды¹².

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен агенттік мемлекеттік қызмет саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне** беріле отырып, таратылды¹³.

ҚР Президентінің **2019 ж. 22 шілдедегі** Жарлығымен агенттік қайта құрылды¹⁴.

Осы Жарлықпен агенттік туралы ереже бекітілді, оған кейіннен заңды тұлғаның орналасқан жеріне, міндеттері мен функцияларына, сондай-ақ аумақтық органдарының тізбесіне қатысты бірқатар өзгерістер мен толықтырулар¹⁵ енгізілді.

Агенттік ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, мемлекеттік қызмет саласында басшылықты, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалауды және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын мемлекеттік бақылау салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жөніндегі шараларды тұжырымдау; мемлекеттік органдардың, ұйымдардың мемлекеттік қызмет туралы және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнаманы сақтау мәселелеріндегі қызметін үйлестіру.

ҚР Президентінің **2024 ж. 31 шілдедегі** Жарлығымен агенттіктің құрылымы жаңа редакцияда бекітілді¹⁶.

- ¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 18 қыркүйектегі № 4073 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 30, 262-құжат).
- ² «Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жетілдіру жөнінде одан әрі жүргізілетін шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 18 қыркүйектегі № 4075 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н к. 1 т. 8180 іс).
- ³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қарашадағы № 4141 өкімі (ҚР ПУАЖ, 1998, № 40, 361-құжат).
- ⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының мәселелері» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қарашадағы № 4142 өкімі (ҚР ПУАЖ, 1998, № 40, 362-құжат).
- ⁵ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 3 желтоқсандағы № 280 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 54, 532-құжат).
- ⁶ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Ақпарат және сынақ орталығы» мемлекеттік мекемесінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 12 қаңтардағы № 50 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 2, 21-құжат).
- ⁷ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсу күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 14 сәуірдегі № 1550 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 15, 169-құжат).
- ⁸ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 31 мамырдағы № 1583 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 21, 248-құжат).
- ⁹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы тәртіптік кеңестері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 30 маусымдағы № 1598 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 27, 329-құжат).
- ¹⁰ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының мәселелері» ҚР Президентінің 2005 ж. 8 шілдедегі № 1611 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 29, 362-құжат).
- ¹¹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақпарат және сынақ орталығы» мемлекеттік мекемесін және «Еуразия мемлекеттік қызметшілерді оқыту орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 31 желтоқсандағы № 1305 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 47, 530-құжат).
- ¹² «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 31 желтоқсандағы № 1306 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 47, 531-құжат).
- ¹³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 883 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 51, 508-құжат).
- ¹⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 22 шілдедегі № 74 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 31, 266-құжат).
- ¹⁵ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 22 шілдедегі № 74 Жарлығы (өзгерістер тарихымен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000074/history> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ¹⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 31 шілдедегі № 612 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/doc/199370/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 1 тамыз).

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссия (1998–2000)

ҚР Президентінің **1998 ж. 12 қарашадағы** Жарлығымен ҚР Жоғары тәртіп кеңесінің негізінде құрылған¹.

ҚР Президентінің **1998 ж. 23 қарашадағы** өкімімен мемкомиссия туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомиссия **ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін** мемлекеттік орган болып табылды.

Мемкомиссияның негізгі функциялары мыналар болды: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы стратегияның негізгі бағыттарын әзірлеу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасау және Мемлекет басшысына енгізу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жай-күйіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың қызметіне талдау жасау; жауапты мемлекеттік лауазымдар атқаратын тұлғалар жол берген сыбайлас жемқорлыққа тән құқық бұзушылық фактілері туралы азаматтар мен заңды

тұлғалардың арыздарын, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды қарау және олар бойынша заңдарда көзделген шараларды қолдану.

Комиссияның дербес құрамын ҚР Президенті бекітті, ол Төраға мен алты мүшеден тұрды. Бұл ретте комиссияның Төрағасы мен екі мүшесі мемлекеттік қызметшілер мәртебесін иеленіп, тұрақты негізде жұмыс істеді. Комиссияның басқа төрт мүшесі оның құрамына қоғамдық негізде кірді, Парламенттің қос Палатасының депутаттары, Қазақстан жұртшылығының беделді өкілдері арасынан тағайындалды. Комиссияның жұмысшы органы оның Хатшылығы болып табылды.

ҚР Президентінің **2000 ж. 20 сәуірдегі** Жарлығымен мемкомиссия таратылды³. Мүлкі мен істерін басқару өкілеттіктері **ҚР Президентінің Әкімшілігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қарашадағы № 4143 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 41, 369-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясының кейбір мәселелері» ҚР Президентінің 1998 ж. 23 қарашадағы № 4154 өкімі (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 8606 іс).

³ «Қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 20 сәуірдегі № 377 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 1351 іс).

Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (2) (2005–2014)

2003-2005 жж. ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (1) ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

2005 ж. 25 ақпандағы ҚР Президентінің Жарлығымен агенттік қайта ұйымдастырылып, **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін** мемлекеттік орган болып қайта құрылды¹.

2005 ж. 21 сәуірдегі ҚР Президентінің Жарлығымен агенттіктің жаңа ережесі мен құрылымы бекітілді².

Агенттік ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылды. Ол экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша саларалық үйлестіруді, арнайы атқарушылық және рұқсат беру функцияларын жүзеге асырды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: өкілеттілігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлық, экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды болдырмау, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу; экономика саласындағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; қаржы полициясы органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Агенттіктің құрылымы: басшылық, ұйымдастыру-бақылау департаменті – инспекция, ақпараттық-талдау департаменті, экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу департаменті, арнайы департамент, сыбайлас жемқорлық істерінің алдын алу және ашу департаменті, тергеу департаменті, құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті, ішкі қауіпсіздік басқармасы, кадрлар басқармасы, құпиялылық пен құжат айналымын қамтамасыз ету басқармасы, қаржы-шаруашылық басқармасы.

2024 ж. 6 тамыздағы ҚР Президентінің Жарлығымен агенттік таратылды. Оның функциялары мен өкілеттіктері келесі мемлекеттік органдарға берілді: Сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі өкілеттіктер – жаңадан құрылған **ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне**; экономикалық және қаржылық қылмыстар мен

құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі өкілеттіктер – **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес агенттігін (қаржы полициясы) қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 25 ақпандағы № 1521 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 9, 76-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес агенттігінің (қаржы полициясы) мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 21 сәуірдегі № 1557 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 16, 189-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша шаралар туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 883 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 51, 508-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (2014–2015, 2016–2019)

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) (2)** сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі, сонымен қатар **ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің** мемлекеттік қызмет саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып құрылған¹.

ҚР Президентінің **2014 ж. 29 тамыздағы Жарлығымен** агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, мемлекеттік қызмет саласында басшылықты, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылауды, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген шектерде сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу мен тергеу бойынша салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат беруші функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттіктің миссиясы: мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызмет көрсету салаларында біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызметтер көрсету салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жетілдіруге қатысу; мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және қылмыстарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселелерінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың іс-қимылын үйлестіру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың пайда болу себептері мен жағдайларын барынша азайту; сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу.

ҚР Президентінің **2015 ж. 11 желтоқсандағы Жарлығымен** агенттіктің мүлкі және істерін басқару функциялары мен өкілеттері жаңадан құрылған **ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігіне** беріле отырып, таратылды³.

ҚР Президентінің **2016 ж. 13 қыркүйектегі Жарлығымен** Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі **ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігін** қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

Агенттік мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жүйелі алдын алу және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасының сақталуын бақылау саласындағы уәкелетті мемлекеттік орган болып табылады деп белгіленген.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы **ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы болып қайта құрылды, ол аталған агенттік құрылымында ведомство мәртебесіне ие болды және сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын құқық қорғау органы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 27 қазандағы** қаулысымен ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері ҚР Мемлекеттік істері және сыбайлас қызмет жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелері болып қайта аталды⁵.

ҚР Президентінің **2019 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі** болып қайта аталды, ал ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) **ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)** болып қайта құрылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 883 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 51, 508-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 29 тамыздағы № 900 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 54, 532-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2015 ж. 11 желтоқсандағы № 128 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2015, № 62, 484-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 13 қыркүйектегі № 328 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 48, 297-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 27 қазандағы № 628 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 51, 333-құжат).

⁶ «Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 13 маусымдағы № 12 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 22, 201-құжат).

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (2019*)

ҚР Президентінің **2019 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюросын (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті)** қайта құру жолымен ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде құрылды¹.

ҚР Президентінің **2019 ж. 22 шілдедегі** Жарлығымен агенттік туралы ереже² бекітілді, оған кейіннен орналасқан жеріне, функцияларына және агенттіктің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар³ енгізілді.

Агенттік **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, оларды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Агенттіктің негізгі міндеттері: ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру және іске асыру; қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық ынтымақтастықты

дамыту; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру.

ҚР Президентінің **2023 ж. 3 сәуірдегі** Жарлығымен агенттіктің функцияларына қосымша мыналар енгізілді: квазимемлекеттік сектор субъектінде әдіснамалық қолдау, оқыту іс-шараларын жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпарат алмасу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын үйлестіру; кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу тәртібін және оның нысанын әзірлеу және бекіту және т.б.⁴

¹ «Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 13 маусымдағы № 12 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 22, 201-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 22 шілдедегі № 74 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 31, 266-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 22 шілдедегі № 74 Жарлығы (өзгерістер тарихымен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U190000074/history> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 74 Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 3 сәуірдегі № 166 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/179415/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 5 сәуір).

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (2) (2003–2004)

1991-2003 жж. аралығында осы Агенттіктің өкілеттіктері ҚР Президентіне тікелей бағынбайтын және есеп бермейтін әртүрлі мемлекеттік органдардың құзыретінде болды: ҚР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Баға комитеті; ҚР Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті; ҚР Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеті (Монополияға қарсы комитет); ҚР Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті; ҚР Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті; ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті (Монополияға қарсы комитет); ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті; ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті (Монополияға қарсы комитет); ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (1); ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі.

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін** мемлекеттік орган болып қайта құрылды¹.

ҚР Президентінің **2003 ж. 20 маусымдағы** Жарлығымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу, бәсекелестікті дамытуды қорғау және үйлестіру, сондай-ақ қызметін табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар нарығында үстем жағдайға ие

нарық субъектілері жүзеге асыратын саладағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттіктің аумақтық органдары – облыстар мен Астана, Алматы қалалары бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі департаменттері болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу; монополиялық қызметтің, нарықта үстем жағдайын асыра пайдаланудың алдын алу және оған жол бермеу, жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қолдану; тауарлар (жұмыстар, қызметтер) өндірісі саласында бәсекелестікті дамытуға мемлекеттік қолдау және жәрдем көрсету; мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың ақылы қызмет көрсетуінің тәртібін бақылау; мемлекеттік монополияға жатқызылған салада өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне бақылау жасау; табиғи монополия мен субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ олардың қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру; кәсіпкерліктің құқықтарын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру; табиғи монополия мен субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ олардың қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру.

Агенттіктің орталық аппаратының құрылымы: басшылық; жиынтық талдау және үйлестіру департаменті; энергетика және су шаруашылығы секторларын реттеу жөніндегі департамент; көлік және телекоммуникациялар секторларын реттеу жөніндегі департамент; бәсекелестікті қорғау және дамытуды үйлестіру департаменті; құқықтық қамтамасыз ету және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті; бақылау және монополияға қарсы іс-қимыл шараларын қолдану департаменті; әкімшілік жұмысы департаменті.

ҚР Президентінің **2003 ж. 21 қазандағы** Жарлығымен агенттіктің құрылымы жаңа редакцияда бекітілді: басшылық; электр және жылу энергиясы саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент; телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент; темір жол көлігі мен порттар саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент; құбырлар мен су канализациялары жүйесі саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент; бәсекелестікті дамытуды қорғау және үйлестіру департаменті; заң департаменті; әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті; талдау және жоспарлау бөлімі³.

ҚР Президентінің **2004 ж. 9 маусымдағы** Жарлығымен агенттік ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы № 1107 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 26, 242-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы № 1107 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 26, 242-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Президентінің 2003 ж. 20 маусымдағы № 1141 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 27, 250-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 9 маусымдағы № 1382 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 23, 291-құжат).

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (2020*)

2004-2020 жж. аралығында осы Агенттіктің өкілеттіктері ҚР Президентіне тікелей бағынбайтын және есеп бермейтін әртүрлі мемлекеттік органдардың құзыретінде болды: ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті; ҚР Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (Монополияға қарсы агенттік); ҚР Ұлттық

экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті; ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитеті; ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Бәсекелестікті қорғау және дамыту жөніндегі комитеті, ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі.

ҚР Президентінің **2020 ж. 5 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

Осы Жарлықпен агенттік туралы ереже және құрылымы бекітілді.

Агенттік **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін**, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау мен реттеуді, сондай-ақ тауар биржалары саласындағы қызметті мемлекеттік бақылауды және лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Агенттіктің облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада аймақтық бөлімшелері болады.

Агенттіктің негізгі міндеттері: нарық субъектілерінің экономикалық тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру; адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу; ҚР бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу; экономикалық шоғырлануды реттеу; бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру.

ҚР Президентінің **2022 ж. 17 наурыздағы** Жарлығымен агенттік туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді, оған кейіннен заңды тұлғаның орналасқан жеріне, агенттік функцияларына және оның қарамағындағы мемлекеттік мекемелер тізбесіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл Жарлықпен агенттіктің құрылымы да қайта қаралды, оның құрамына: басшылық; Төрағаның хатшылығы (департамент); бәсекелестікті стратегиялық дамыту департаменті; отын-энергетика кешені департаменті; агроөнеркәсіптік кешен департаменті; көлік және байланыс департаменті; қаржы нарықтары және өзге де салалар департаменті; биржалық бақылау департаменті; экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаменті; тергеп-тексерулер департаменті; экономикалық интеграция басқармасы; әкімшілік-қаржы департаменті; персоналды басқару департаменті; бәсекелестікті құқықтық реттеу басқармасы; мемлекеттік құпиялар, жұмылдыру дайындығы және ақпараттық қауіпсіздік басқармасы; ішкі аудит қызметі; индустрия және мемлекеттік қолдау департаменті кірді².

ҚР Президентінің **2024 ж. 27 тамыздағы** Жарлығымен агенттік құрылымы мына жолдармен толықтырылды: «Цифрландыру департаменті», «Әдеп жөніндегі уәкіл»³.

¹ «Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 5 қазандағы № 428 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2020, № 46, 317-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 17 наурыздағы № 841 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 13-14, 102-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына және «Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 27 тамыздағы № 632 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2024, № 39, 235-құжат).

Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі (2021*)

ҚР Президентінің **2021 ж. 28 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды, оған **ҚР Қаржы министрлігінің** қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жатқызуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды алдын алу, анықтау, тоқтату, ашу және тергеу қызметтері берілді¹.

ҚР Президентінің **2021 ж. 20 ақпандағы** Жарлығымен агенттіктің ережесі мен құрылымы бекітілді².

Агенттік **ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін** қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жатқызуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында басқару қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ ҚР заңнамасымен осы органның құзыретіне жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтарды алдын алу, анықтау, тоқтату, ашу және тергеу жұмыстарын атқаратын мемлекеттік орган болып табылады.

Агенттіктің облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада аумақтық органдары және мамандандырылған мемлекеттік мекемесі (Кинологиялық орталығы) бар.

Агенттіктің негізгі міндеттері: қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жатқызуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру; ҚР заңнамасымен осы органның құзыретіне жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтарды алдын алу, анықтау, тоқтату, ашу және тергеу; қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жатқызуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес салаларында бірыңғай ақпараттық жүйені құру және республикалық дерекқорды жүргізу; қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жатқызуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес саласында шетелдің құзырлы органдарымен өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу; қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жатқызуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жүргізу, осы бағыттағы мемлекеттік органдардың жұмысына үйлестіру жүргізу; Агенттіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; ҚР заңдары мен ҚР Президенті актілерімен белгіленген басқа да міндеттер.

Агенттіктің құрылымы: Басшылық; Төрағаның хатшылығы; Қаржылық мониторинг субъектілерімен жұмыс департаменті; Қаржылық мониторинг департаменті; Цифрландыру департаменті; Құқықтық қамтамасыз ету департаменті; Тергеу департаменті; Жедел департамент; Превенция және талдау әзірлемелері департаменті; Жеке қауіпсіздік департаменті; Стратегия және жедел басқару департаменті; Кадр жұмысы департаменті; Әкімшілік департаменті; Криминалистика басқармасы; Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс басқармасы; Ішкі аудит қызметі.

Кейіннен агенттік туралы ережеге ҚР **2022 ж. 1 шілдедегі** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік бағалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын іске асыруға байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді³.

ҚР Президентінің **2022 ж. 10 қыркүйектегі** Жарлығымен агенттіктің құқықтық мәртебесі нақтыланды: «Агенттік Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады»⁴.

ҚР Президентінің **2023 ж. 16 қыркүйектегі** Жарлығымен агенттік туралы ережеге өзгерістер енгізіліп, 1-тармақ келесі редакцияда берілді: «Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, қаржылық мониторингі жүзеге асыратын және «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шараларды қабылдайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның жүргізуіне жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады»⁵.

Осы Жарлықпен агенттіктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесіне «Халықаралық экономика және қаржы академиясы» акционерлік қоғамы енгізілді.

ҚР Президентінің **2024 ж. 26 тамыздағы** Жарлығымен Агенттік туралы ережеде бекітілген бірқатар функциялар жаңа редакцияда жазылды: «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинауды, өңдеуді, талдауды және пайдалануды жүзеге асыру; Заңның 3-бабы 1-тармағының 7) (адвокаттарды қоспағанда), 13), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілерінің, сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдардың және кәсіби бухгалтерлердің ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыру.

Сондай-ақ агенттіктің функциялары толықтырылды: ҚР Үкіметінің шешімі бойынша агенттіктің қарамағындағы ұйымдар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыру; қамтамасыз етілген цифрлық активтердің аударылуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту.

Сонымен қатар, агенттік қарауындағы ұйымдар тізімінде «Халықаралық экономика және қаржы академиясы» атауы «Қаржылық мониторинг академиясы «AML ACADEMY» деп өзгертілді⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2021 ж. 28 қаңтардағы № 501 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2021, № 3-4, 7-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2021 ж. 20 ақпандағы № 515 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2021, № 5, 19-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 1 шілдедегі № 131-VII ҚРЗ ҚР Заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 4 шілде).

⁴ «Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 10 қыркүйектегі № 1006 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 50, 320-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 16 қыркүйектегі № 355 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/doc/186177/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 19 қыркүйек).

⁶ «Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 26 тамыздағы № 630 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2024, № 39, 233-құжат).

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы –
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі
(2002–2003, 2009–2011),
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы
(2003–2009, 2011–2022)**

ҚР Мемлекеттік хатшысы – ҚР Сыртқы істер министрінің құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі тұңғыш рет ҚР Президентінің **2002 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен айқындалды¹.

Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі **ҚР Президенті** қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын ҚР лауазымды тұлғасы болып табылды. Өз қызметін **ҚР Президентінің тікелей басшылығымен** жүзеге асырды.

Мемлекеттік хатшы – Сыртқы істер министрі Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес келесі өкілеттіктерді жүзеге асырды: Сыртқы істер министрлігінің жұмысын ұйымдастыру және басқару; ҚР сыртқы саясатының тұжырымдамалық негіздерін әзірлеуді қамтамасыз ету және тиісті ұсыныстарды ҚР Президентіне ұсыну; ҚР сыртқы саяси бағытын іске асыруды қамтамасыз

ету; Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық және инвестициялық саясатын үйлестіру және оны іске асыруды қамтамасыз ету; ҚР атынан мемлекетаралық келіссөздер жүргізу; ҚР орталық атқарушы органдарының халықаралық қызметін үйлестіру; Мемлекеттік хатшы – Сыртқы істер министрінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Мемлекет басшысының қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілер жобаларын келісу; ҚР қоса тіркелген шет мемлекеттердің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдау; Мемлекет басшысы жанындағы келесі консультативтік-кеңесші органдардың қызметін үйлестіру: Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесі, Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия, ҚР Тұңғыш Президентінің бейбітшілік пен прогресс жөніндегі мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия, Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссия, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия, ҚР Президентінің мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық пен демеушілік қызметі үшін Құрмет дипломын беру жөніндегі комиссия; Мемлекет басшысының өзге де тапсырмаларын орындау.

2003 ж. 10 шілдедегі ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі» лауазымы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы» болып қайта аталды².

ҚР Мемлекеттік хатшысы – ҚР Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын ҚР лауазымды тұлғасы болып табылды. Өз қызметін Президенттің **тікелей басшылығымен** жүзеге асырды және **оган есеп берді** әрі бақылауында болды.

Мемлекеттік хатшы келесі өкілеттіктерді жүзеге асырды: Қазақстан Республикасының Президенті үшін: ішкі саясат пен өңірлік дамудың негізгі бағыттары; ҚР әлеуметтік саясатының тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу, соның ішінде денсаулық сақтау мен білім беру жүйесін жетілдіру, мәдениет пен өнерді, халық шығармашылығын дамыту, тарихи-мәдени мұраны сақтау; жекелеген қоғамдық-маңызды іс-шараларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасады; Мемлекет басшысының тапсыруы бойынша мемлекеттік органдармен, саяси партиялармен және өзге де қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда оның мүдделерін білдірді; Мемлекет басшысының жанындағы мынадай консультативтік-кеңесші органдардың қызметін үйлестірді: Ұлттық кеңес, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы, Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия, ҚР Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын тапсыру жөніндегі комиссия, Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия, мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін ҚР Президентінің Құрмет дипломын тапсыру жөніндегі комиссия; өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚР Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуына бақылауды жүзеге асырды; ҚР қоса атқарушы ретінде тіркелген шетелдік мемлекеттердің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады; ҚР Президентінің тапсырмаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырды.

ҚР Президентінің **2007 ж. 13 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Мемлекеттік хатшысының өкілеттіктері жаңа редакцияда жазылды: «1) Қазақстан Республикасының Президенті үшін ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды; 2) Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша: Қазақстан Республикасының Парламентімен және оның палаталарымен, басқа да мемлекеттік органдармен, саяси партиялармен және өзге де қоғамдық бірлестіктерімен қарым-қатынастарда; халықаралық қатынастарда оның мүдделерін білдіреді; 3) мыналардың: Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың: Адам құқықтары жөніндегі комиссияның, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссияның, Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның, Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның, Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын беру жөніндегі комиссияның; Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін үйлестіреді; 4) Қазақстан Республикасында қоса атқарушы ретінде тіркелген шет мемлекеттердің елшілерінен сенім

грамоталарын қабылдайды; 5) Қазақстан Республикасының Президентінің тапсырмаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады»³.

ҚР Президентінің **2009 ж. 4 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік хатшысының – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің** лауазымы қайта енгізілді⁴.

ҚР Президентінің **2011 ж. 12 сәуірдегі** Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік хатшысының** лауазымы қайта енгізілді⁵.

ҚР Президентінің **2019 ж. 13 сәуірдегі** Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 13 тамыздағы Жарлығының 4-тармағының 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «3) мыналардың: әлеуметтік-гуманитарлық: білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы; Мемлекет басшысының жанындағы мына консультативтік-кеңесші органдардың: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның; Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның; Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның; Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы жөніндегі республикалық комиссияның; Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның; әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның; Әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның; Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның қызметтерін үйлестіреді», сондай-ақ аталған тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылды: «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының қызметіне жетекшілік етеді, қоғамдық даму саласындағы басқа мемлекеттік талдамалық құрылымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын үйлестіреді»⁶.

ҚР Президентінің **2022 ж. 25 қаңтардағы** Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттігі туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 13 тамыздағы Жарлығының 4-тармағы мынадай редакцияда мазмұндалған: «4. Мемлекеттік хатшы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Президентіне ішкі саясат саласы бойынша стратегиялық ұсыныстарды тұжырымдайды; Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес: Қазақстан Республикасы Парламентімен және оның палаталарымен, басқа да мемлекеттік органдармен, саяси партиялармен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда; халықаралық қарым-қатынастарда оның атынан өкілдік етеді; мыналардың: әлеуметтік-гуманитарлық сала мәселелері бойынша: білім, ғылым, мәдениет және спорт салаларының; Мемлекет басшысының жанындағы мына консультативтік-кеңесші органдардың: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның; Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның; Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның; Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы жөніндегі республикалық комиссияның; Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның; ҚР Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның; ҚР Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның; Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның; Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның; Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің және Жастар саясаты жөніндегі кеңестің қызметтерін үйлестіреді; ҚР Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының қызметіне жетекшілік етеді, қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік талдамалық құрылымдардың жұмысын үйлестіреді; «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындау жөніндегі жұмысты үйлестіреді; ҚР Президентінің тапсырмаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады»⁷.

- ¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 12 наурыздағы № 824 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 9, 64-құжат).
- ² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 10 шілдедегі № 1148 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 28, 263-құжат).
- ³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 13 тамыздағы № 379 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 27, 309-құжат).
- ⁴ «Қ.Б. Саудабаевты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі етіп тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 4 қыркүйектегі № 865 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2009 ж. 5 қыркүйек).
- ⁵ «Қ.Б. Саудабаевты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы қызметіне тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 12 сәуірдегі № 28 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2011 ж. 13 сәуір).
- ⁶ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 379 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 13 сәуірдегі № 23 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 10, 92-құжат).
- ⁷ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 379 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 25 қаңтардағы Жарлығы № 787 (ҚР ПУАЖ, 2022, № 2, 37-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі (2022*)

ҚР Президентінің *2022 ж. 14 маусымдағы* Жарлығымен ҚР Мемлекеттік кеңесшісінің құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі айқындалды¹.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі ҚР Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын ҚР лауазымды адамы болып табылады. Мемлекеттік кеңесші өзінің қызметін **ҚР Президентінің тікелей басшылығымен** жүзеге асырады, **оган есеп береді** және бақылауында болады.

Мемлекеттік кеңесші мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады: ҚР Президентіне ішкі саясат саласы бойынша стратегиялық ұсыныстарды тұжырымдайды; Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес: ҚР Парламентімен және оның Палаталарымен, басқа да мемлекеттік органдармен, саяси партиялармен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда; халықаралық қарым-қатынастарда өкілдік етеді; мыналарды: әлеуметтік-гуманитарлық сала: білім, ғылым, мәдениет және спорт мәселелері бойынша қызметті үйлестіреді; Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның; Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның; Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның; Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы жөніндегі республикалық комиссияның; Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның; ҚР әл-Фараби атындағы Ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның; ҚР Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның; Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның; Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның; Ұлттық құрылтайдың және Жастар саясаты жөніндегі кеңестің қызметін үйлестіреді; ҚР Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының қызметіне жетекшілік етеді, қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік талдамалық құрылымдардың жұмысын үйлестіреді; «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындау жөніндегі жұмысты үйлестіреді; ҚР Президентінің тапсырмаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік кеңесшінің қызметін ұйымдық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және өзгедей қамтамасыз етуді **ҚР Президентінің Әкімшілігі** жүзеге асырады.

¹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісінің мәртебесі мен өкілеттіктері, Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарын күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 14 маусымдағы № 927 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 36, 211-құжат).

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (1994*)

ҚР Президентінің *1994 ж. 14 қаңтардағы* Жарлығымен ҚР Қазіргі заман тарихы орталық мемлекеттік архивінің негізінде мемлекеттік архив мәртебесі сақтала отырып құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 25 наурыздағы* қаулысымен ҚР Президентінің Архиві орталық мемлекеттік архив функциясын атқаратын үкіметтік мекеме болып табылатындығы белгіленді². Архивке әкімшілік-ұйымдастыру басшылығын *ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты*, ғылыми-әдістемелікті – *ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы* жүзеге асырады.

1994 ж. 12 сәуірдегі өкімімен Архив туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес Архив ҚР Президенті, ҚР Үкіметі, ҚР Президенті Аппараты мен Министрлер Кабинеті Аппараты, Республика Кеңесі, Қауіпсіздік кеңесі, Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес, Бас бақылау инспекциясы, Стратегиялық зерттеулер институтының және Мемлекет басшысы жанында құрылған басқа да құрылымдардың қызметі туралы құжаттар мен басылымдарды, сондай-ақ Ұлттық архив қоры құрамына кіретін бұрынғы ҚР ҚЗТОММ қорларындағы құжаттарды тұрақты мемлекеттік сақтауды жүзеге асырды.

Архивтің негізгі міндеттері: Архивті ҚР Президенті, Президент Аппараты мен Министрлер Кабинеті Аппаратының және басқа қор құраушылардың – жинақтау көздерінің құжаттарымен толықтыру, олардың құжаттамасын басқаруға қатысу; Ұлттық архив қоры құжаттарының сақталуын және мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ету; мемлекеттік және қызметтік құпиясы бар құжаттармен жұмыс істеуде құпиялылық режимін ұстау және оларды сақтау; құжаттардың құндылығына ғылыми сараптау жүргізу және оларды мемлекеттік сақтауға іріктеу; ерекше құнды құжаттардың таспалар мен қағазға түсірілген микрофотокошірмелері мен компьютерлік дискеттерінің сақтық қорларын жасау; архив қорларына ғылыми-анықтамалық аппаратты әзірлеу және оны дамыту; тақырыптық және әлеуметтік-құқықтық сұрау салуды орындау; архив құжаттарының жан-жақты пайдаланылуын ұйымдастыру және ғылыми жариялау.

ҚР Президентінің *1994 ж. 30 қарашадағы* өкімімен жинақталуы мен тұрақты мемлекеттік сақталуын Архив жүзеге асыратын құжаттардың құрамынан *ҚР Үкіметі* мен *Министрлер Кабинеті Аппаратының* қызметі туралы құжаттар шығарылды⁴.

ҚР Президентінің *1995 ж. 22 желтоқсандағы* өкімімен Архив туралы ережеге өзгертулер енгізілді⁵. Архивтің мәртебесі өзгертілді: *ҚР Президенті Әкімшілігіне* бағынысты және есеп беретін, орталық мемлекеттік архив функцияларын атқаратын мемлекеттік орган болып табылды.

Архив ҚР Президенті, ҚР Үкіметі, ҚР Президенті Әкімшілігінің және Мемлекет басшысы жанынан құрылған басқа да ұйымдардың қызметі туралы мәтіндік, дыбыстық-бейнелік және басылымдарды, сондай-ақ Ұлттық архив қоры құрамына кіретін бұрынғы ҚР ҚЗТОММ қорларында сақталынып тұрған құжаттарды тұрақты мемлекеттік сақтауды жүзеге асырды. Архивтің негізгі функциялары анықтамалық-ақпараттық баспалар даярлаумен толықтырылды.

ҚР Президентінің *1999 ж. 15 маусымдағы* өкімімен Архив туралы жаңа ереже бекітілді⁶.

Ережеге сәйкес ҚР Президенті мен оның Әкімшілігінің қызметін архивтік қамтамасыз ету саласында республикалық мемлекеттік орган функциясын атқаратын мемлекеттік мекеме болып табылды. Архив ҚР Президенті Әкімшілігінің қарауында болды.

Архив ҚР Президенті Әкімшілігінің, Мемлекет басшысы жанынан құрылған органдардың, жекелеген орталық атқарушы органдарының, мемлекеттік және саяси қайраткерлердің, қоғамдық, саяси бірлестіктердің, ізашар архив мекемелерінің архивтік қорларының қызметімен байланысты мәтіндік (қағаз негізінде), дыбыс-бейне, электронды құжаттарды және құжаттар көшірмелерінің сақтандыру қорын тұрақты сақтауды жүзеге асырды.

Архивтің негізгі міндеттері: Архивте сақталатын Президент Әкімшілігінің қызметі барысында жасалатын құжаттарды тұрақты мемлекеттік сақтау, олардың басы бүтіндігі мен мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету; жинақтау көздері – мекемелердегі уақытша ведомстволық сақтаудағы архив құжаттарына мемлекеттік бақылау жасау; Президент Әкімшілігі мен басқа да мемлекеттік мекемелер – қор құраушылардың қызметі барысында жасалатын

құжаттармен Архивті толықтыру; архив қорларына ғылыми-анықтамалық аппаратты әзірлеп, дамыту; құжаттардың жан-жақты пайдалану мен ғылыми жариялауды ұйымдастыру; құжаттаманы басқаруды ұйымдастыруға қатысу және оның жай-күйін бақылау; мемлекеттік және ведомстволық архивтерге, Архивті толықтыру көздері – мекемелердің құжаттама қызметтеріне ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету; мұрағаттану, құжаттану, археография, қосалқы пәндер саласында ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыс жүргізу, ғылыми-теориялық конференциялар өткізу; Қазақстанның қазіргі заман тарихының проблемалары жөніндегі зерттеулерге, сондай-ақ қазіргі саясаттану мәселелерін талдауға қатысу; мемлекеттік және қызметтік құпиясы бар құжаттармен жұмыс істеуде құпиялылық режимін ұстау.

ҚР Президентінің **2022 ж. 9 ақпандағы** Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві» ММ «Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві» РММ ретінде қайта құру арқылы қайта ұйымдастырылды⁷. ҚР Президенті Архивінің жаңа ережесі бекітілді, оған сәйкес ҚР Президенті Архивінің қызметінің нысанасы анықталды: ҚР Президенті мен оның Әкімшілігінің, ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың және оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, жеке тұлғалардың қызметі процесінде жасалатын, Ұлттық архив қорының түрлі ақпарат жеткізгіштердегі құжаттарын жинақтау және сақтау; ҚР Президентінің жеке архивінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; ретроспективті құжаттық ақпарат беру, ҚР Президентінің Әкімшілігіне, ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық қызмет көрсету; ҚР Президенті мен оның Әкімшілігінің, ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың және оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, жеке тұлғалардың қызметі процесінде жасалатын, Ұлттық архив қорының құжаттар көшірмелерінің Мемлекеттік сақтандыру қорын құру, есепке алу және сақтау болып табылады.

Мекеме қызметінің мақсаты ҚР Президентінің, оның Әкімшілігінің, ҚР Президентінің жанынан құрылған мемлекеттік органдардың және мекеменің жинақтау көздерінің – басқа да ұйымдардың қызметін архивтік қамтамасыз етуді ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу және практикалық ұйымдастыру, олардың қызметінде жасалатын Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік сақтауды және мемлекет пен қоғам мүддесі үшін пайдалануды ұйымдастыру болып табылады.

¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатын құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 14 қаңтардағы Жарлығы № 1502 (ПҰАЖ, 1994, № 4, 27-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 25 наурыздағы № 298 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 15, 146-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 12 сәуірдегі № 1650 өкімі (ҚР ПҰАЖ, 1994, №17, 167-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты туралы ережеге өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 30 қарашадағы № 1965 өкімі (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 45, 483-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 22 желтоқсандағы № 2716 өкімі (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 39, 500-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 15 маусымдағы № 52 өкімі (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 29, 278-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 9 ақпандағы № 808 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 7-8, 50-құжат).

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі (2012–2016, 2019*)

ҚР Президентінің **2012 ж. 5 қазандағы** Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 ж. 26 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңының 33-бабын іске асыру мақсатында құрылды¹.

Осы Жарлықпен мекеме директорын лауазымға **ҚР Президентінің** тағайындайтыны және лауазымнан босататыны белгіленген.

ҚР Президентінің **2016 ж. 1 маусымдағы** Жарлығымен ҚР Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі ҚР Үкіметінің қарамағына беру арқылы қайта құрылды².

ҚР Президентінің **2019 ж. 22 шілдедегі** Жарлығымен **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Орталық коммуникациялар қызметінің** таратылуының нәтижесінде құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесін құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 5 қазандағы № 403 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 74, 1067-құжат).

² «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері» ҚР Президентінің 2016 ж. 1 маусымдағы № 272 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 34, 188-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесін құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 22 шілдедегі № 75 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 31, 267-құжат).

IV

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨКІЛДІ БИЛІК ОРГАНДАРЫ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі (1991–1995)

1937 ж. 26 наурызда қабылданған Қазақ КСР Конституциясына сәйкес алғаш рет 1938 ж. 24 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ретінде сайланды¹.

1978 ж. қабылданған Қазақ КСР Конституциясына сәйкес (Қазақ КСР-нің 1989 ж. 22 қыркүйектегі Заңымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР мемлекеттік өкіметінің жоғары органы болып табылды. Ол Қазақ КСР қарауына жатқызылған барлық мәселелерді өз қарауына қабылдауға және шешуге құқықты болды.

Тек қана ҚР Жоғарғы Кеңесінің қарауына мыналар жатқызылды: Қазақ КСР Конституциясын қабылдау, оған өзгертулер енгізу; КСРО ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарына сәйкес Қазақ КСР-нің ішкі және сыртқы саяси қызметінің бағыттарын белгілеу; Қазақ КСР қарауына жатқызылған ұлттық-мемлекеттік құрылым мәселелері бойынша шешім қабылдау; Қазақ КСР-нің басқа одақтас республикалармен шекарасын олармен өзара келісім бойынша өзгерту туралы шешім қабылдап, оларды КСРО Халық депутаттары съезінің бекітуіне ұсынады; Қазақ КСР-нің әкімшілік-аумақтық құрылымы мәселелерін шешу тәртібін белгілеу; облыстарды, аудандарды, қалаларды, қалалардағы аудандарды құру және тарату, қалалардың бағыныстылығын белгілеу, облыстардың шекараларын өзгерту, аудандарға, қалаларға, қалалардағы аудандарға, жұмысшы поселкелеріне және басқа елді мекендерге ат қою және олардың атын өзгерту; экономикалық және әлеуметтік дамудың перспективалық мемлекеттік жоспарларын және аса маңызды республикалық бағдарламаларды бекіту; Қазақ КСР-нің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларын, Қазақ КСР-нің мемлекеттік бюджетін бекіту; жоспар мен бюджеттің орындалу барысын бақылауды жүзеге асыру; олардың орындалуы туралы есептерді бекіту; қажет болған ретте жоспар мен бюджетке өзгертулер енгізу; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасын, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасарын және орынбасарларын сайлау; Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасын тағайындау, оның ұсынуы бойынша Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің құрамын бекіту және оған өзгертулер енгізу; Министрлер Кеңесінің Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақ КСР министрліктері мен Қазақ КСР мемлекеттерін құру және тарату; Қазақ КСР Халықтық бақылау комитетін, Қазақ КСР Жоғарғы Сотын, сондай-ақ облыстық және Алматы қалалық соттарының судьяларын сайлау; Қазақ КСР Бас мемлекеттік арбитрін тағайындау, Қазақ КСР Мемлекеттік арбитражының коллегиясын бекіту; Қазақ КСР-нің Конституциялық қадағалау комитетін сайлау; халықтық дауыс беру (референдум) өткізу туралы шешімдер қабылдау; Қазақ КСР Халық депутаттары жергілікті кеңестерінің сайлауын және Қазақ КСР аудандық (қалалық) халық соттары халық заседательдерінің сайлауын тағайындау; Қазақ КСР заңдарына түсінік беру; Қазақ КСР-інің құзыреті шеңберінде Халық депутаттары жергілікті кеңестерінің қызметін, мениік қатынастарын заң жүзінде реттеп отыруды, халық шаруашылығын, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысты басқару ісін ұйымдастыруды, бюджет-қаржы жүйесін, еңбекке ақы төлеу мен баға белгілеуді, салық салуды, қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарын пайдалануды, азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін, сондай-ақ басқа қатынастарды орындау тәртібін жүзеге асыру, қоғамдық ұйымдардың құқықтық мәртебесін белгілеу; Қазақ КСР-інің мемлекеттік марапаттарын тағайындау және құрметті атақтарын беру; Қазақ КСР-інің соттары соттаған азаматтарға кешірім жасау туралы республикалық актілер шығару; Қазақ КСР-інің халықаралық шарттарын бекіту және олардың күшін жою; Қазақ КСР-інің қарауына жатқызылған басқа да мәселелерді шешу.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы ҚР Жоғарғы Кеңесіне есеп беріп отыратын орган болып табылды, ол ҚР Жоғарғы Кеңесінің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етті және Қазақ КСР Конституциясы мен Қазақ КСР заңдарында көзделген шеңберде басқа да өкілеттікті жүзеге асырды.

Президиум құрамына қызметі бойынша: ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасарлары,

Қазақ КСР Халықтық бақылау комитетінің Төрағасы, ҚР Жоғарғы Кеңесінің тұрақты комиссиялары мен комитеттерінің төрағалары кірді. ҚР Жоғарғы Кеңесінің Президиумын ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы басқарды.

Қазақ КСР-інде мемлекеттік билік пен басқару құрылымын жетілдіруге байланысты 1978 ж. қабылданған Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заң) (Қазақ КСР-інің 1989 ж. 22 қыркүйектегі Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен) Қазақ КСР-інің **1990 ж. 20 қарашадағы** Заңымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді².

ҚР Жоғарғы Кеңесінің қарауына қосымша Президенттің ұсынуы бойынша Қазақ КСР Вице-президентін сайлау, Президенттің ұсынуы бойынша Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің Премьер-Министрін, Министрлер Кабинетінің құрамын және оның енгізілген өзгертулерін бекіту, Қазақ КСР Бас прокурорын және оның орынбасарларын тағайындау, Қазақ КСР Прокуратурасының алқасын бекіту жатқызылды.

Сонымен бірге, Жоғарғы Кеңес енді Қазақ КСР министрліктері мен мемлекеттік комитеттерін құрмайтын және таратпайтын болды, тек Қазақ КСР Президентінің оларды құру және тарату туралы жарлықтарын бекітетін болды. Қазақ КСР-інде халықтық бақылау органдарының таратылуына байланысты Жоғарғы Кеңес өкілеттігінен Қазақ КСР Халықтық бақылау комитетін сайлау туралы тармағы алынып тасталды.

КСР-інің **1991 ж. 25 тамыздағы** Заңымен Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заң) тағы да өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³. 71-бабына мынадай мағынада сөздер енгізілді: «Қазақ КСР-інің ҚСР Жоғарғы Кеңесі бақылауындағы және Қазақ КСР Президентіне бағынатын ішкі әскерлері болады». Қазақ КСР Қауіпсіздік кеңесінің мәжілістеріне ҚСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы шешуші дауыс құқығымен қатыса алды. Қазақ КСР Президентінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы мүмкін еместігі ҚСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен белгіленді. Алдағы уақытта Қазақ КСР Президенті сайланғанға дейін оның өкілеттігі ҚСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Қазақ КСР Вице-президентіне, ал егер бұл мүмкін болмаса – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасына берілді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР **1991 ж. 16 желтоқсандағы** Конституциялық заңына сәйкес республика халқының атынан сөйлеу құқығы ҚР Жоғарғы Кеңесі мен ҚР Президентіне берілді⁴. Осы заңның 10-бабына сәйкес заң шығару билігін ҚР Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырды.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің құқықты статусы мен өкілеттігі **1993 ж. 28 қаңтарда** қабылданған ҚР Конституциясында айқындалды⁵.

ҚР бірегей заң шығарушы және жоғарғы өкілді органы болып ҚР Жоғарғы Кеңесі саналды.

ҚР Жоғарғы Кеңесі: ҚР Конституциясын қабылдады, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізді; заңдар мен басқа шешімдер қабылдады, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырды; Республика заңдарына ресми талқылау жасады. ҚР шекараларын өзгерту туралы шешім қабылдады; Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгіледі; республикалық бюджетті бекітті және оның орындалуын бақылады, бюджетке өзгерістер енгізді, мемлекеттік салықтар мен жиындарды белгіледі; ҚР ақша жүйесін айқындады; референдум өткізу туралы шешім қабылдады; мемлекеттік заемдар туралы және Республикаға экономикалық және басқа көмек көрсету мәселелерін шешті; үйлестіретін, жұмысшы, бақылау және басқа өз органдарын сайлады; ҚР Премьер-Министрін, оның орынбасарларын, сыртқы істер, қорғаныс, қаржы, ішкі істер министрлерін, ҰҚК Төрағасын және ҚР дипломатиялық өкілдіктердің басшыларын Республика Президенті етіп сайлауға келісім берді; Конституциялық Сотты сайлады; Жоғарғы Сотты, Жоғары Төрелік Сотты сайлады және төменгі соттардың қалыптасу тәртібін айқындады; ҚР Бас Прокурорын тағайындады; ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындады; Республика Конституциясы мен заңдарында көзделген жағдайларда Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың, Жоғары Төрелік Соттың төрағалары мен қазыларын, Бас Прокурорды, ҚР Ұлттық Банкінің төрағасын өз міндеттерінен босатты; мемлекеттік марапаттарды құрды, ҚР құрмет және арнайы дәреже, жоғары дипломатиялық атақтарды және әскери атақтарды белгіледі; кешірім туралы актілер шығарды; ҚР халықаралық келісім-шарттарды бекітті және күшін жойды;

ҚР Президентінің төтенше жағдай туралы Жарлығын бекітті; соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешті.

ҚР Жоғарғы Кеңесі бес жыл мерзімге сайланды.

1993 ж. 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» ҚР Заңы қабылданды, оған сәйкес ҚР Президентіне Конституцияның негізінде және соған сәйкес жаңадан сайланатын ҚР Жоғарғы Кеңесі бірінші сессиясының жұмысы басталғанға дейінгі мерзімге заң күші бар құжаттар шығару құқығы берілді, бұл құжаттар ҚР тиісті заңдары қабылданғанға дейін қолданыла берді⁶. Президентке жаңадан сайланатын Жоғарғы Кеңес бекітетіндей етіп, осы мерзімге қажет болған жағдайда Жоғарғы Кеңестің ҚР Конституциясы 64-бабының 12-15, 18 және 20-тармақтарында көзделген өкілеттігін жүзеге асыру құқығы да берілді. Одан басқа Президентке ҚР Конституциясының 78-бабының 3, 7 және 16-тармақтарында көзделген өкілеттіктерді дербес жүзеге асыру құқығы берілді.

1993 ж. 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» ҚР Заңы қабылданды⁷.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаңа құрамы **1994 ж. 7 наурызда** сайланды.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің **1994 ж. 27 сәуірдегі** қаулысымен Жоғарғы Кеңесте мынадай комитеттер құрылды: Конституциялық заңнама және адам құқығы жөніндегі комитеті; Құқықтық реформа, заңдылық және құқылық тәртібі жөніндегі комитеті; Мемлекеттік құрылыс және аймақтық саясат мәселелері жөніндегі комитеті; Экономикалық реформа жөніндегі комитеті; Қаржы және бюджет жөніндегі комитеті; Халықаралық және парламентаралық қатынастар жөніндегі комитеті; Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі комитеті; Денсаулық сақтау жөніндегі комитеті; Аграрлық мәселелер және азық-түлік жөніндегі комитеті; Өнеркәсіп, энергетика және көлік жөніндегі комитеті; Құрылыс, сәулет, байланыс және коммуникациялар жөніндегі комитеті; Экология және табиғат пайдалану жөніндегі комитеті; Ғылым, білім және жаңа технологиялар жөніндегі комитеті; Мәдениет, баспасөз, бұқаралық ақпараттық құралдар істері және қоғамдық бірлестіктер жөніндегі комитеті; Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі комитеті⁸.

Сондай-ақ, Жоғарғы Кеңесте **Бақылау палатасы** құрылды.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің **1994 ж. 17 мамырдағы** қаулысымен келесі комитеттердің атаулары өзгертілді: Өнеркәсіп, энергетика және көлік жөніндегі комитеті – Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс жөніндегі комитетке; Құрылыс, сәулет, байланыс және коммуникациялар жөніндегі комитеті – Құрылыс, сәулет және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі комитетке; Мәдениет, баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары істері және қоғамдық бірлестіктер жөніндегі комитеті – Мәдениет, баспасөз, бұқаралық ақпарат және қоғамдық бірлестіктер жөніндегі комитетке⁹.

ҚР **Конституциялық Сотының** 1994 ж. 7 наурызда өткен Жоғарғы Кеңеске сайлаудың Конституцияға сай еместігі туралы **1995 ж. 6 наурызда** қаулы қабылдауына байланысты Жоғарғы Кеңес өз қызметін тоқтатты¹⁰.

1995 ж. 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған ҚР Конституциясында **ҚР Парламенті** құрылды¹¹.

¹ Қазақ КСР Мемлекеттік мекемелері. Қазақ КСР Мемлекеттік өкімет және мемлекеттік басқару жоғарғы органдары (1937–1977). Алматы. 1985. 13-б.

² «Қазақ КСР мемлекеттік өкіметі мен басқару құрылымдарын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заң) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР 1990 ж. 20 қарашадағы Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990, №4 7, 431-құжат).

³ «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңға) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР 1991 ж. 25 тамыздағы Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 33-35, 428-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР 1991 ж. 16 желтоқсандағы Конституциялық заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 51, 622-құжат).

⁵ 1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 3, 54-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» ҚР 1993 ж. 10 желтоқсандағы Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 23-24, 513-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» ҚР 1993 ж. 10 желтоқсандағы Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 23- 24, 514-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің комитеттері мен Бақылау палатасын құру туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 ж. 27 сәуірдегі № 34 қаулысы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994, № 1, 26-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің кейбір комитеттерінің атын өзгерту туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 ж. 17 мамырдағы № 39 қаулысы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994, № 1, 31-құжат).

¹⁰ Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының 1995 ж. 6 наурыздағы қаулысы (Казахстанская правда, 1995 ж. 16 наурыз).

¹¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Бақылау Палатасы (1993–1995)

1993 ж. 13 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Бақылау Палатасы туралы» ҚР Заңына сәйкес құрылды¹.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің бақылау органы болып табылды.

Негізгі міндеттері мынадай болды: республикалық бюджет қаржысын пайдалану бөлігінде ҚР заңдарының, ҚР Жоғарғы Кеңесі мен оның Төралқасының қаулыларының орындалуын бақылау; мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіруден түскен қаржының толықтығы мен жұмсалып зандылығын бақылауды жүзеге асыру; республикалық бағдарламаларды орындауға және мемлекет мұқтажын қаржыландыруға бөлінетін бюджет қаржысының пайдаланылу заңдылығын бақылау; республикалық бюджет жобасына сараптама баға беру; несие-ақша қатынастарының жай-күйіне талдау жасау; несие және валюта ресурстарын пайдалану, ақша эмиссиясы және мемлекеттік құнды қағаздар шығару, Республиканың алтын қорын және алмас қорын қалыптастыру және пайдалану бөлігінде ҚР Ұлттық Банкінің қызметін бақылау.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының **1993 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен Бақылау Палатасы туралы уақытша ереже бекітілді².

Бақылау Палатасы төраға, оның орынбасарлары мен мүшелері құрамында ҚР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында оның депутаттарының қатарынан Жоғарғы Кеңес өкілеттігі мерзіміне сайланды.

ҚР Конституциялық Сотының 1994 ж. 7 наурызда өтіп, оның артынан Жоғарғы Кеңесті таратқан Жоғарғы Кеңес сайлауының Конституцияға сай келмейтіндігі туралы **1995 ж. 6 наурызда** қаулы қабылдауына байланысты өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Бақылау Палатасы туралы» ҚР 1993 ж. 13 сәуірдегі № 2131 Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 9, 224-құжат).

² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 84-б.

³ Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 1995 ж. 6 наурыздағы қаулысы (Казахстанская правда, 1995 ж. 16 наурыз).

Қазақстан Республикасының Парламенті (1995*)

1995 ж. 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған ҚР Конституциясымен құрылды¹.

ҚР Парламенті заң шығару функцияларын жүзеге асыратын ҚР жоғары өкілді органы болып табылады.

Парламент Палаталардың бірлескен отырысында: ҚР Президентінің ұсынысы бойынша ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізеді; конституциялық заңдар қабылдайды, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізеді, Республикалық бюджетті **және Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің** (қазіргі уақытта – Жоғары аудиторлық палата) бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Бюджетке

өзгертулер мен толықтырулар енгізеді; ҚР Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша ол қарсылық жіберген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді; Президентке оның бастамасы бойынша әр палата депутаттары бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге хақылы; Президенттің ҚР Премьер-Министрін, **Ұлттық Банкінің** Төрағасын тағайындауына келісім береді; Премьер-Министрдің Үкімет Бағдарламасы туралы баяндамасын тыңдайды және Бағдарламаны мақұлдайды немесе қабылдамай тастайды; Конституцияда белгіленген жағдайларда Үкіметке сенімсіздік білдіреді; соғыс және бітім мәселелерін шешеді; ҚР Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін ҚР Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды; республикалық референдум өткізу туралы бастама көтереді; Республика Конституциялық Кеңесінің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды; Палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды.

Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі **Мәжілісте**, ал содан кейін **Сенатта** өз кезегімен қарау арқылы: заңдар қабылдайды; республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді, бюджетке енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды талқылайды, мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және алып тастайды; ҚР әкімшілік-аумақтық құрылысының мәселелерін шешу тәртібін белгілейді; мемлекеттік марапаттарды тағайындайды, республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді. Республиканың мемлекеттік рәміздерін белгілейді; азаматтарға рақымшылық жасау туралы актілер шығарады; Республиканың халықаралық шарттарын бекітеді және олардың күшін жояды.

ҚР Конституциясында Парламенттің өкілеттік мерзімі белгіленді – төрт жыл.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады.

Парламенттің жұмысшы органдары болып Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттері, сондай-ақ Палаталардың бірлескен комиссиялары табылады.

Парламент аппаратын Парламент қызметін ұйымдастыру, құқықтық, ақпаратты-талдау және басқа қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Сенат пен Мәжілістің жекелеген аппараттары құрайды².

ҚР Парламент Сенатының **1996 ж. 8 ақпандағы** қаулысымен Сенат мәжілістерін өткізудің, оның органдарын қалыптастыру және олардың қызметтерін ұйымдастырудың, сондай-ақ Сенат депутаттары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттіктерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін белгілеген ҚР Парламент Сенатының регламенті қабылданды³. Кейін, **1996 ж. 13 мамырда, 1998 ж. 3 маусымда және 2000 ж. 17 мамырда** оған өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР Парламент Мәжілісінің **1996 ж. 8 ақпандағы** қаулысымен Мәжіліс жиналыстарын өткізудің, оның органдарын қалыптастыру және олардың қызметтерін ұйымдастырудың, сондай-ақ Мәжіліс депутаттары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттіктерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін белгілеген ҚР Парламент Мәжілісінің регламенті қабылданды⁴.

ҚР Парламентінің **1996 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен Парламент Палаталарының бірлескен жиналысында Палаталардың бірлескен жиналыстарын өткізудің шарттары мен тәртібін, Сенат пен Мәжілістің регламент реттемейтін мәселелерді қарау барысында Палаталардың өзара қарым-қатынасының, Парламенттің бірлескен органдарын қалыптастыру және олардың қызметтерін ұйымдастырудың, сондай-ақ Мәжіліс депутаттары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттіктерін жүзеге асырудың механизмін белгілеген ҚР Парламент Регламенті қабылданды⁵.

1998 ж. 7 қазанда ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар қабылданды⁶. Парламент депутаттары өкілеттігінің жаңа мерзімі белгіленді: Сенат депутаттарының – алты жыл, Мәжіліс депутаттарының – бес жыл.

ҚР **2007 ж. 21 мамырдағы** Заңымен ҚР Конституциясының «Парламент» атты IV-тарауына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁷.

Конституцияның 50-бабының 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылды: «2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін камтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды. 3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады».

Конституцияның 51-бабының 1, 3, 4, 5-тармақтары мынадай редакцияда мазмұндалды: «1. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі. 3. Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі. 4. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады. 5. Республика Парламенті депутаттарын сайлау конституциялық заңмен реттеледі».

Конституцияның 53 және 54-баптары мынадай редакцияда жазылды:

«53-бап

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: 1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді; 2) Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді; 3) Президентке оның бастамасы бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің дауысымен бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге хақылы; 4) соғыс және бітім мәселелерін шешеді; 5) Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды; 6) Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды; 7) палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды; Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

54-бап

1. Парламент Палаталарының бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде: 1) республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді; 2) мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды; 3) Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді; 4) мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды; 5) мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді; 6) рақымшылық жасау мәселелерін шешеді; 7) Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды.

2. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы: 1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды; 2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының

кабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік дауысымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі. Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға Мемлекет басшысының қарсылығы осы тармақшада көзделген тәртіппен қаралады. Бұл ретте Парламент Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығын әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үшіннің дауысымен еңсереді; 3) республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтереді».

Конституцияның 63-бабы мынадай редакцияда жазылды:

«63-бап

1. Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

2. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды».

ҚР **2007 ж. 19 маусымда** қабылданған Конституциялық заңымен «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгертулер енгізілді⁸.

ҚР Президентінің **2007 ж. 20 маусымдағы** Жарлығымен ҚР Парламенті Мәжілісінің үшінші шақырылымы таратылды⁹.

ҚР Парламенті Мәжілісінің төртінші шақырылымы депутаттарының партиялық тізімдер бойынша тұңғыш рет сайланған, аумағы бойынша біртұтас жалпыұлттық сайлау округының кезектен тыс сайлауы 2007 ж. 18 тамызда өтті. Сайлауға жеті саяси партия қатысты: Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, Қазақстан патриоттары Партиясы, «Ауыл» Қазақстан социал-демократиялық партиясы, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясы, «Руханият» партиясы және Қазақстан Коммунистік Халық партиясы. Сайлауда түпкілікті жеңіске дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 5 247 720, немесе 88,41 % дауыс жинаған «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы жетті.

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының тұңғыш рет Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған, аумағы бойынша біртұтас жалпыұлттық сайлау округының кезектен тыс сайлауы 2007 ж. 20 тамызда өтті. ҚР Парламент Мәжілісінің 9 депутаты сайланды.

ҚР Президентінің **2011 ж. 16 қарашадағы** Жарлығымен төртінші шақырылған ҚР Парламентінің Мәжілісі таратылды¹⁰.

Партиялық тізімдер, бірыңғай жалпыұлттық аумағы бойынша сайланатын ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2012 ж. 15 қаңтарда өтті. Сайлауға жеті саяси партия қатысты: «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы, Қазақстан патриоттар партиясы, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, Қазақстан Коммунистік Халық партиясы, Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы, «Әділет» демократиялық партиясы. Сайлауда «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы абсолютті жеңіске жетті, ол үшін 5 621 436 дауыс берілді, немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 80,99 % дауысы.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын, бірыңғай жалпыұлттық аумағы бойынша бесінші шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2012 ж. 16 қаңтарда өтті. ҚР Парламенті Мәжілісіне 9 депутат сайланды.

ҚР Президентінің **2016 ж. 20 қаңтардағы** Жарлығымен бесінші шақырылған Парламент Мәжілісінің таратылды¹¹.

Партиялық тізімдер, бірыңғай жалпыұлттық аумағы бойынша сайланатын ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2016 ж. 20 наурызда өтті. Сайлауға алты саяси партия қатысты: «Нұр Отан» партиясы, Қазақстан Коммунистік Халық партиясы, Қазақстан демократиялық партиясы, Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы. «Нұр Отан» партиясы жеңіске жетті, ол үшін 6 183 757 дауыс берілді, немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 82,20 % дауысы.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын, бірыңғай жалпыұлттық аумағы бойынша бесінші шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2016 ж. 21 наурызда өтті. ҚР Парламенті Мәжілісіне 9 депутат сайланды.

ҚР 2017 ж. 10 наурыздағы Заңымен ҚР Конституциясының «Парламент» атты IV-бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді¹².

Конституцияның 49-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «1. Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы».

Конституцияның 55-бабы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылды: «1-1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау және оны қызметінен босату».

Конституцияның 57-бабының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «6) Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік дауысымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады».

Конституцияның 61-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «2. Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді».

ҚР Президентінің **2020 ж. 21 қазандағы** Жарлығымен партиялық тізімдер бойынша жетінші шақырылған ҚР Парламент Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы 2021 ж. 10 қаңтарына, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын – 2021 ж. 11 қаңтарына белгіленген. Сайлауға бес саяси партия қатысты, оның ішіндегі үшеуі, сайлаушылардың 7 % астам дауыс жинаған ҚР Парламент Мәжілісінің құрамына өтті: «Nur Otan» партия (71,09 %), «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партия (10,95 %), Қазақстан халық партия (ҚХП) (9,10 %). Парламент Мәжілісінде «Nur Otan» партиясынан 76 депутат, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясынан – 12 депутат, Қазақстан халық партиясынан – 10 депутат жұмыс жасады. Қазақстан халқы Ассамблеясынан 9 депутат сайланған¹³.

Жетінші шақырылған Мәжіліс құрамына өткен шақырылымның 32 депутаты кірді. Жалпы депутаттық корпусы 70 % жаңартылды. Жаңа Мәжіліс құрамында: ерлер – 78 (73 %), әйелдер – 29 (27 %). Депутаттар әр түрлі қызмет салаларынан ұсынылды: мемлекеттік қызмет, бизнес, үкіметтік емес ұйымдар, білім, медицина және т.б. Мәжілістің ұлттық құрамы қазақтар, орыстар, сонымен қатар белорус, кәріс, неміс, әзірбайжан, армян, күрд, татар, өзбек, ұйғыр және украин этностармен көрсетілген.

ҚР 2022 ж. 8 маусымдағы Заңымен ҚР Конституциясының «Парламент» атты IV бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді¹⁴.

Конституцияның 50-бабында: 1) 2-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылды: «Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды»; 2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылды: «3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады».

Конституцияның 51-бабы 1-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «1. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі».

Конституцияның 52-бабы 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылды: «Парламент Мәжілісінің депутаты: 1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған; 2) конституциялық заңға

сәйкес партиялық тізім негізінде депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан; 3) бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады».

Конституцияның 53-бабы мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылды: «1-1) конституциялық заңдарды қабылдайды; 1-2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әрбір Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үшінші көпшілік дауысымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтары еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі».

Конституцияның 54-бабында: 1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылды: «1. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде:»; 2) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі».

Конституцияның 55-бабының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «2) Республика Президентінің Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру».

Конституцияның 57-бабы 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды».

Конституцияның 58-бабы 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «7) Палаталарға Конституциялық Соттың судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады».

Конституцияның 61-бабында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылды: «халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылды: «Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға өзінің жауапкершілігімен хақылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданыста болады»;

4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылды:

«4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдамаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік дауыспен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік дауысын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады».

Конституцияның 62-бабының 5 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылды: «5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. 6. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша, конституциялық заңдардың жобалары бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті».

ҚР Парламентінің **2022 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен конституциялық реформа ережелерін іске асыруға, Парламенттің заңнамалық процестегі рөлін күшейтуге, оның қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған ҚР Парламентінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар қабылданды¹⁵.

ҚР **2023 ж. 19 сәуірдегі** Конституциялық заңымен «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына мыналарды көздейтін өзгеріс енгізілді: Сенат пен Мәжіліс аппараттарының қызметкерлері мәртебесі, жалақы мөлшері мен деңгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де жағдайлары бойынша ҚР Үкіметі Аппаратының тиісті қызметкерлеріне теңестіріледі¹⁶.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданды (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 16 қазандағы № 2529 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 21, 124-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Регламенті туралы» ҚР Парламент Сенатының 1996 ж. 8 ақпандағы қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/20/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің Регламенті туралы» ҚР Парламент Мәжілісінің 1996 ж. 8 ақпандағы қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/history/21/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁵ «Қазақстан Республикасының Парламентінің Регламенті туралы» ҚР Парламентінің 1996 ж. 20 мамырдағы қаулысы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 6-7, 227-құжат).

⁶ Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1998 ж. 7 қазандағы № 284-І Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 20, 245-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы № 254-ІІІ Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

⁸ «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 19 маусымдағы № 266-III Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 12, 83-құжат).

⁹ «Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 20 маусымдағы № 350 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 21, 234-құжат).

¹⁰ «Төртінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 16 қарашадағы № 175 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2011 ж. 16 қараша).

¹¹ «Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 20 қаңтардағы № 181 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 5-6, 22-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы 2017 ж. 10 наурыздағы № 51-VI ҚРЗ (ҚР Парламент Жаршысы, 2017, № 5, 9-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 21 қазандағы № 439 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 49-51, 337-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 8 маусымдағы № 107 ҚР Заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 8 маусым).

¹⁵ «Қазақстан Республикасының Парламенті Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Парламентінің 2022 ж. 19 желтоқсандағы № 19-VII ҚРП қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/176096/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 27 желтоқсан).

¹⁶ «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2023 ж. 19 сәуірдегі № 222-VII ҚРЗ Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/doc/179974/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 26 сәуір).

Қазақстан Республикасының Парламент Сенаты (1995*)

ҚР Парламент Сенаты **1995 ж. 30 тамызда** қабылданған ҚР Конституциясымен құрылды¹.
ҚР жоғары өкілді органы – Парламент Палаталарының бірі болып табылады.

Тек Сенаттың қарауына мыналар жатады: ҚР Президентінің ұсынысы бойынша Республика Жоғарғы Сотының Төрағасын, **Жоғарғы Сот** алқасы мен судьяларының төрағаларын сайлайды және қызметінен босатады, олардың антын қабылдайды; Республика Бас Прокуроры мен **Ұлттық қауіпсіздік комитетінің** Төрағасын ҚР Президентінің тағайындауына келісім беру; Республика Бас Прокурорын, Жоғарғы Сот Төрағалары мен судьяларын дербестігінен айыру; Республика заңнамасына сәйкес жергілікті өкілдікті органдардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; ҚР Жоғары Соты Кеңесінің құрамына екі депутат жіберу; ҚР Президентін қызметінен кетіру туралы **Мәжіліс** қозғаған мәселені қарау және нәтижелерін Палаталардың бірлескен отырыстарының қарауына беру.

Сенат өзге Палатаның қатысуынсыз дербес: **Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің** (қазіргі уақытта – Жоғары аудиторлық палата) екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындау; ҚР Президенті сырқат себебінен өзінің міндетін жүзеге асыруға бекем қабілетсіз жағдайда мерзімінен бұрын босатылған ретте Парламент құрған комиссияның жарты мүшелеріне өкілеттік береді; Палаталардың бірлескен комиссиясының жарты мүшелерін сайлайды; Палата депутаттарының өкілеттіктерін тоқтатады, сондай-ақ ҚР Бас Прокурорының ұсынысы бойынша Палата депутаттарын олардың дербестігінен айыру мәселелерін шешеді; өз құзыреті мәселелері бойынша парламент тыңдауларын өткізеді; **ҚР Үкіметі** мүшелерінің олардың қызметінің мәселелері жөніндегі есебін тыңдауға және Республика заңын орындамаған жағдайда Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы ҚР Президентіне тапсырылатын шешімді қабылдауға құқылы; Палатаның үйлестіру және жұмыс органдарын қалыптастырады; Палатаның ұйымдастырылуына және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өз қызметінің регламентін және өзге де шешімдер қабылдайды.

Сенатты әр облыстан, республикалық дәрежедегі қаладан және ҚР астанасынан сәйкес облыс, республикалық дәрежедегі қала және ҚР астанасының барлық өкілді органдары

депутаттарының бірлескен отырысында екі адамнан сайланған депутаттар құрады. Сенаттың жеті депутаты Парламент өкілеттігінің мерзіміне ҚР Президенті тағайындайды.

ҚР Конституциясына сәйкес Парламенттің өкілеттік мерзімі – төрт жыл.

Мемлекеттік орган болып табылатын Сенат Аппараты ұйымдастыру, құқықтық, ақпараттық-талдау және басқа Палата қызметін қамтамасыз етуді жүзеге асырады².

1998 ж. 7 қазанда ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³. Сенат депутаттарының өкілеттігінің жаңа мерзімі белгіленді – алты жыл, сондай-ақ әр Палаталардан тағайындалған Республика бюджетінің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшелерінің саны үшке дейін ұлғайтылды.

ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы Заңымен ҚР Конституциясының «Парламент» атты IV бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді⁴.

Конституцияның 50-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда мазмұндалды:

«2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын **Республика Президенті** тағайындайды.

51-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жызылды: «4. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам **Мәжіліс** депутаты бола алады.

Конституцияның 55-бабына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: «55-бап. Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады: Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен **Республиканың Жоғарғы Сотының** Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау; Республика Президентінің Республика **Ұлттық Банкінің** Төрағасын, **Бас Прокурорын** және **Ұлттық қауіпсіздік комитетінің** Төрағасын тағайындауына келісім беру; Республиканың Бас прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру; Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау; Конституциямен Парламент Сенатына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру».

Конституцияның 57-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, ол өзгертілген түрде төмендегідей ұсынылды: «57-бап. Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз: **Конституциялық Кеңестің** екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, **Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің** (қазіргі уақытта – Жоғары аудиторлық палата) үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды; Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген ретте Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді; Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің тең жартысын сайлайды; Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан Палаталардың депутаттарын айыру мәселелерін шешеді; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Парламенттік тыңдаулар өткізеді; Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша **Республика Үкіметі** мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Егер Республика Президенті мұндай өтінішті қабылдамай тастаса, онда депутаттар Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселені қайталап қоюға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет

мүшесін қызметінен босатады; Палаталардың үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады; өз қызметінің регламентін, Палатаның ұйымдастыру және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды».

ҚР 2007 ж. 19 маусымда қабылданған Конституциялық заңымен «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгертулер енгізілді⁵.

ҚР 2022 ж. 8 маусымдағы Заңымен Конституциясының «Парламент» атты IV бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді⁶.

Конституцияның 50-бабында 2-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылды: «Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халық Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды».

Конституцияның 54-бабында: 1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылды: «1. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелері әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде:»; 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі».

Конституцияның 61-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылды: «4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік дауыспен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік дауысын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады».

Конституцияның 62-бабының 5-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттарының жалпы санының көпшілік

дауысымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады».

ҚР Парламенті Сенатының **2022 ж. 22 желтоқсандағы** қаулысымен отырыстарды өткізу, дауыс беру және шешімдер қабылдау тәртібі, Мәжіліс өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуынан туындаған оның уақытша болмауы кезеңінде конституциялық заңдар мен заңдарды қабылдау бойынша Республика Парламентінің функциясын орындауды қоса алғанда, заңнамалық қызмет бөлігінде ҚР Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді⁷.

¹ ҚР Конституциясы 1995 ж. 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 16 қазандағы № 2529 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 21, 124-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 ж. 7 қазандағы № 284 ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 20, 245-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 21 мамырдағы № 254-III ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

⁵ «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 19 маусымдағы № 266-III ҚР Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 12, 83-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 8 маусымдағы № 107 ҚР Заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 8 маусым).

⁷ «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Парламенті Сенатының 2022 ж. 22 желтоқсандағы № 404-VII ПС қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/175940/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 26 желтоқсан).

Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі (1995*)

ҚР Парламент Мәжілісі **1995 ж. 30 тамызда** бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясымен құрылды¹.

Заң шығару функцияларын жүзеге асыратын Парламент Палаталарының бірі – ҚР жоғары өкілдікті органы болып табылады.

Тек Мәжілістің қарауына мыналар жатады: заңдар жобасын қарауға қабылдау және қарау; ҚР Парламенті қабылдаған заңға ҚР Президентінің қарсылығы бойынша ұсыныстар даярлау; ҚР Президентінің ұсынысы бойынша Республиканың **Орталық сайлау комиссиясының** Төрағасын, Төраға орынбасарын, хатшысын және мүшелерін сайлау және босату; ҚР Президентінің кезекті сайлауын жариялау және оның кезектен тыс сайлауын тағайындау; Әділет біліктілік алқасы құрамына екі депутат жіберу; мемлекеттік сатқындық жасағаны үшін ҚР Президентіне қарсы айыптау ұсыну.

Мәжіліс өзге Палатаның қатысуынсыз дербес: **Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің** (қазіргі уақытта – Жоғары аудиторлық палата) екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындау; ҚР Президенті сырқат себебінен өзінің міндетін жүзеге асыруға бекем қабілетсіз жағдайда мерзімінен бұрын босатылған ретте Парламент құрған комиссияның жарты мүшелеріне өкілеттік береді; Палаталардың бірлескен комиссиясының жарты мүшелерін сайлайды; Палата депутаттарының өкілеттіктерін тоқтатады, сондай-ақ ҚР Бас Прокурорының ұсынысы бойынша Палата депутаттарын олардың дербестігінен айыру мәселелерін шешеді; өз құзыреті мәселелері бойынша парламент тыңдауларын өткізеді; **ҚР Үкіметі** мүшелерінің олардың қызметінің мәселелері жөніндегі есебін тыңдауға құқылы және Республика заңын орындамаған жағдайда Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы ҚР Президентіне тапсырылатын шешімді қабылдау; Палатаның үйлестіру және жұмыс органдарын қалыптастыру; Палатаның ұйымдастыру және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды.

Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылатын және шамамен сайлаушылардың саны тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған алпыс жеті депутаттан тұрды.

Парламент өкілеттігінің мерзімі – төрт жыл.

Мәжіліс Аппараты ұйымдық, құқықтық, ақпараттық-талдау және басқа Палата қызметін қамтамасыз етуді жүзеге асырады².

1998 ж. 7 қазанда ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³. Мәжіліс депутаттарының өкілеттігінің жаңа мерзімі белгіленді – бес жыл, сондай-ақ әр Палаталардан тағайындалған Республика бюджетінің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (қазіргі уақытта – Жоғары аудиторлық палата) мүшелерінің саны үшке дейін ұлғайтылды. Мәжілісті ерекше түрде жүргізуге жатқызылған өкілеттіктердің тізбесінен ҚР Президентін кезектен тыс тағайындау алып тасталды. Мәжіліс құрамы жетпіс жеті депутатқа дейін ұлғайтылды. Он депутат үйлесімді өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округы аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатыны айқындалды.

ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы Заңымен ҚР Конституциясының «Парламент» атты IV бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді⁴.

Конституцияның 50-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады».

Конституцияның 51-бабының 1, 3, 4, 5-тармақтары мынадай редакцияда мазмұндалды: «1. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі. 3. Парламент немесе Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Мәжілістің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі. 4. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады. 5. Республика Парламенті депутаттарын сайлау конституциялық заңмен реттеледі».

Конституцияның 56-бабы мынадай редакцияда жазылды:

«56-бап

1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады: Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау; Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен **Республика Президентіне** Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру; Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау; Конституцияда Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы».

Конституцияның 57-бабына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

«57-бап

Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз: **Конституциялық Кеңестің** екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, **Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің** (қазіргі уақытта – Жоғары аудиторлық палата) үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды; Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген ретте Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді; Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің тең жартысын сайлайды; Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ **Қазақстан Республикасы Бас прокурорының** ұсынуымен оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру мәселелерін шешеді; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Парламенттік тыңдаулар

өткізеді; Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша **Республика Үкіметі** мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тындауға хақылы. Есепті тындау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Егер Республика Президенті мұндай өтінішті қабылдамай тастаса, онда депутаттар Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселені қайталап қоюға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады; Палаталардың үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады; өз қызметінің регламентін, Палатаның ұйымдастыру және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды».

Конституцияның 63-бабы мынадай редакцияда мазмұндалды:

«63-бап

1. Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

2. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды».

ҚР 2007 ж. 19 маусымда қабылданған Конституциялық заңымен «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгертулер енгізілді⁵.

ҚР Президентінің **2007 ж. 20 маусымдағы** Жарлығымен ҚР Парламенті Мәжілісінің үшінші шақырылымы таратылды⁶.

ҚР Парламенті Мәжілісінің төртінші шақырылымы депутаттарының партиялық тізімдер бойынша тұңғыш рет сайланған, аумағы бойынша біртұтас жалпыұлттық кезектен тыс сайлауы 2007 ж. 18 тамызда өтті. Сайлауға жеті саяси партия қатысты: Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, Қазақстан патриоттары Партиясы, «Ауыл» Қазақстан социал-демократиялық партиясы, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясы, «Руханият» партиясы және Қазақстан Коммунистік Халық партиясы. Сайлауда түпкілікті жеңіске дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 5 247 720, немесе 88,41 % дауыс жинаған «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы жетті.

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған, аумағы бойынша біртұтас жалпыұлттық сайлау округының кезектен тыс сайлауы 2007 ж. 20 тамызда өтті. ҚР Парламент Мәжілісінің 9 депутаты сайланды.

ҚР 2011 ж. 16 қарашадағы Жарлығымен төртінші шақырылған ҚР Парламент Мәжілісі таратылды⁷.

Партиялық тізімдер, бірыңғай жалпыұлттық аумағы бойынша сайланатын ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2012 ж. 15 қаңтарда өтті. Сайлауға жеті саяси партия қатысты: «Нұр Отан» халықтық демократиялық партия, Қазақстан патриоттар партия, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партия, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия, Қазақстан Коммунистік Халық партия, Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партия, «Әділет» демократиялық партия. Сайлауда «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы абсолютті жеңіске жетті, ол үшін 5 621 436 дауыс алынды, немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 80,99 % дауысы.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын, бірыңғай жалпыұлттық аумағы бойынша бесінші шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2012 ж. 16 қаңтарда өтті. ҚР Парламенті Мәжілісіне 9 депутат сайланды.

ҚР Президентінің **2016 ж. 20 қаңтардағы** Жарлығымен бесінші шақырылған Парламент Мәжілісі таратылды⁸.

Партиялық тізімдер, бірыңғай жалпыұлттық аумағы бойынша сайланатын ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2016 ж. 20 наурызда өтті. Сайлауға алты саяси партия қатысты: «Нұр Отан» партия, Қазақстан Коммунистік Халық партия, Қазақстан демократиялық партия, Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партия. «Нұр Отан» партиясы

жеіске жетті, ол үшін 6 183 757 дауыс алынды, немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 82,20 % дауысы.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын, бірыңғай жалпыұлттық аумағы бойынша бесінші шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2016 ж. 21 наурызда өтті. ҚР Парламенті Мәжілісіне 9 депутат сайланды.

ҚР Президентінің **2020 ж. 21 қазандағы** Жарлығымен партиялық тізімдер бойынша жетінші шақырылған ҚР Парламент Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы 2021 ж. 10 қаңтарына, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын – 2021 ж. 11 қаңтарына белгіленген. Сайлауға бес саяси партия қатысты, оның ішіндегі үшеуі, сайлаушылардың 7 % астам дауыс жинаған ҚР Парламент Мәжілісінің құрамына өтті: «Nur Otan» партия (71,09 %), «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партия (10,95 %), Қазақстан халық партия (ҚХП) (9,10 %). Парламент Мәжілісінде «Nur Otan» партиясынан 76 депутат, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясынан – 12 депутат, Қазақстан халық партиясынан – 10 депутат жұмыс жасайды. Қазақстан халқы Ассамблеясынан 9 депутат сайланған⁹.

Жетінші шақырылған Мәжіліс құрамына өткен шақырылымның 32 депутаты кірді. Жалпы депутаттық корпусы 70 % жаңартылды. Жаңа Мәжіліс құрамында: ерлер – 78 (73 %), әйелдер – 29 (27 %). Депутаттар әр түрлі қызмет салаларын ұсынады: мемлекеттік қызмет, бизнес, үкіметтік емес ұйымдар, білім, медицина және т. б. Мәжілістің ұлттық құрамы қазақтар, орыстар, сонымен қатар белорус, кәріс, неміс, әзірбайжан, армян, күрд, татар, өзбек, ұйғыр және украин этностармен көрсетілген.

ҚР **2022 ж. 8 маусымдағы** Заңымен ҚР Конституциясының «Парламент» IV-бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді¹⁰.

Конституцияның 50-бабында 3-тармақ мынадай редакцияда жазылды: «3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады».

Конституцияның 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «1. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі».

Конституцияның 52-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылды: «Парламент Мәжілісінің депутаты: 1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған; 2) конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан; 3) бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады.».

Конституцияның 54-бапта: 1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылды: «1. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде:»; 2) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі».

Конституцияның 61-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылды:

«4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік дауыспен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік дауысын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады».

Конституцияның 62-бабының 5-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады».

ҚР Парламенті Мәжілісінің **2022 ж. 21 желтоқсандағы** қаулысымен жалпы отырыстарын өткізу, Парламент Мәжілісінде бастапқы қарауға жататын мәселелерді қарау тәртібі, заң шығару қызметі және т.б. бөлігінде ҚР Парламенті Мәжілісінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді¹¹.

ҚР Президентінің **2023 ж. 19 қаңтардағы** Жарлығымен жетінші сайланған ҚР Парламенті Мәжілісі таратылып, 2023 ж. 19 наурызға ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тағайындалды¹².

2023 ж. 19 наурызда сегізінші сайланған ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтті. Сайлауға 7 саяси партия қатысты. Дауыс беру қорытындысын ескере отырып, 69 депутаттық мандат саяси партиялар бойынша былайша бөлінді: «Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы – 6, «AMANAT» партиясы – 40, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 8, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – 4, «Қазақстан Халықтық партиясы» – 5, «Respublica» партиясы – 6. Дауыс беру қорытындысы бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттары бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша 29 депутатты сайлады.

¹¹ ҚР Конституциясы 1995 ж. 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 4, 217-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 16 қазандағы № 2529 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 21, 124-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 ж. 7 қазандағы № 284 ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 20, 245-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 21 мамырдағы № 254-III ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

⁵ «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 19 маусымдағы № 266-III ҚР Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 12, 83-құжат).

⁶ «Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 20 маусымдағы № 350 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 21, 234-құжат).

⁷ «Төртінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 16 қарашадағы № 175 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 60, 852-құжат).

⁸ «Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 20 қаңтардағы № 181 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 5-6, 22-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 21 қазандағы № 439 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 49-51, 337-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 ж. 8 маусымдағы № 107 ҚР Заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 8 маусым).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Парламенті Мәжілісінің 2022 ж. 21 желтоқсандағы № 653-VII ПМ қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/176100/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 27 желтоқсан).

¹² «Қазақстан Республикасы Парламенті Жетінші сайланымының Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 19 қаңтардағы № 104 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 20 қаңтар).

Жергілікті өкілді органдары (1991*)

1991 ж. 15 ақпанда «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» Қазақ ССР Заңы қабылданды¹.

Қабылданған заңға сәйкес халық депутаттарының жергілікті Советі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы мемлекеттік өкіметтің өкілді органы болып табылды. Поселкелік, селолық, ауылдық, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Совет өз аумағында бүкіл жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін біріктіріп, оның қызметін үйлестіріп отырды.

Жергілікті Кеңес өз құзыретіне енетін барлық мәселелерді дербес шешті: өз органдарын, Совет аппаратын құрды, осы Заңға сәйкес олардың өкілеттігін анықтады, олардың құрылымын, штаттарын және еңбекақы қорын белгіледі; бүкіл аумағында мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысты басқаруды тікелей және өзі құратын органдар арқылы жүзеге асырды; аумағының экономикалық және әлеуметтік жағынан кешенді дамуын қамтамасыз етті; жергілікті шаруашылық кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің қызметін үйлестіріп отырды; заңдардың сақталуын, мемлекеттік және қоғамдық тәртіптің, азаматтардың құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етті; Қазақ КСР-і мен КСРО-ның жоғары мемлекеттік өкімет және басқару органдарының заңдары мен актілерін жүзеге асырды; жергілікті, республикалық және жалпыодақтық мәні бар мәселелерді талқылауға қатысты, олар жөнінде өз ұсыныстарын енгізді.

Жергілікті Совет тиісті аумақта тұратын Қазақ КСР азаматтары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайланды.

Халық депутаттарының жергілікті Советі және оның атқару комитеті заңды ұйымдар болып табылды.

Жергілікті Совет өз қызметін сессияларда, тұрақты және өзге комиссиялар, атқару комитеті арқылы, сондай-ақ депутаттардың өз өкілеттігін заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыруы жолымен жүргізді.

Совет аумағында тиісті жергілікті Советтің төрағасы жоғары сайланбалы лауазымды тұлға болып табылды. Ол сессияда депутаттар арасынан жасырын дауыс беру арқылы Советтің өкілеттігі мерзіміне және әрі кеткенде қатарынан екі мерзімге сайланды. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советтің төрағасы бір мезгілде атқару комитетінің төрағасы болып табылды.

Халық депутаттары облыстық Советінің төрағасы қызметіне кандидатураны Қазақ КСР Президенті ұсынды. Халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің төрағасы қызметіне кандидатураны жоғары тұрған Советтің төрағасы ұсынды.

Заңда поселкелік, селолық, ауылдық, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, облыстық халық депутаттары Советінің құзыреті анықталды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің **1991 ж. 15 ақпандағы** қаулысымен Халық депутаттары Алматы қалалық Советіне халық депутаттары облыстық Советінің тиісті өкілеттіктері берілді².

1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған ҚР Конституциясына сәйкес жергілікті жерлер мәселелерін шешуді жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырды³. Олар ҚР Конституциясының, заңдарының, Президенті және Министрлер Кабинеті актілерінің орындалуын қамтамасыз етті.

Елді мекен өкілді органдарын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігі халқы бес жыл мерзімге сайлады.

Жергілікті өкілді органдар тиісті аумақта атқарылуы үшін міндетті, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдады.

1993 ж. 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» ҚР Заңы қабылданды⁴.

Заңда ҚР-дағы жергілікті басқару жүйесін, жергілікті өкілді және атқарушы органдар құзыреті, олардың ұйымдастыру тәртібі мен қызметі айқындалды.

Заңға сәйкес облыс, аудан, қала (аудандық бағыныстағы қаладан және қаладағы ауданнан, поселкеден, ауылдан (селодан), ауылдық (селолық) округтен басқасы) аумағындағы халықтың өкілді органы Мәслихат – депутаттар жиналысы болып табылды. Мәслихаттар – депутаттар жиналысы жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық мекен халқының еркін білдіріп, жүзеге асырды.

Өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақтың әлеуметтік және экономикалық даму бағдарламаларының орындалуын, жергілікті жерлерде ҚР Конституциясының, заңдарының, Жоғарғы Кеңес қаулыларының, ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті құжаттарының, жоғары тұрған Мәслихаттар – депутаттар жиналыстары мен әкімдердің өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерінің орындалуын, республикалық және жергілікті өкімет органдары арасындағы байланысты, халықты жергілікті істерді басқаруға қатыстыруды қамтамасыз етті.

Мәслихатты – депутаттар жиналысын ҚР тиісті әкімшілік-аумақтық мекенінде тұратын азаматтары бес жыл мерзімге сайлады.

Мәслихаттар – депутаттар жиналыстары қызметін өзінің құзыреті шегінде дербес жүзеге асырды және тікелей қосымша бағыныстылықта болмады. Жоғары тұрған Мәслихат – депутаттар жиналысының өз құзыреті шегінде қабылданған және ҚР заңдарына қайшы келмейтін шешімдерін төменгі Мәслихаттар – депутаттар жиналыстары міндетті түрде орындауға тиіс болды.

Мәслихат – депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің өзара қатынасы өздерінің қызметін бөлісу және өз өкілеттігін дербес жүзеге асыру, жергілікті әкімшіліктің осы заңда белгіленген мәселелер бойынша мәслихатқа – депутаттар жиналысына бағыныстылық қағидаты негізінде құрылды.

Мәслихат – депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен өзара қатынасы мәслихат – депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерінің міндеттілігі негізінде, сондай-ақ аумақтың, кәсіпорындар мен еңбек ұжымдарының өзара мүдделерін ескеретін шарттар негізінде құрылды.

Мәслихат – депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік заңды ұйым құқықтарын пайдаланды.

Мәслихат – депутаттар жиналысы өз қызметін сессияларда, тұрақты және өзге де комиссиялар арқылы, сондай-ақ депутаттардың өз өкілеттігін заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыруы жолымен атқарды.

Мәслихат – депутаттар жиналысы сессиясының төрағасын Мәслихат – жиналыс өз депутаттары арасынан сайлады және өз қызметін қоғамдық негізде атқарды.

Мәслихаттың – депутаттар жиналысының хатшысы Мәслихат – депутаттар жиналысы қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі ағымдық жұмысты атқарды және ол Мәслихатта – депутаттар жиналысында тұрақты жұмыс істейтін және оған есеп беріп отыратын лауазымды адам болып табылды.

Мәслихаттың – депутаттар жиналысының хатшысы депутаттары арасынан сайлады және Мәслихат – депутаттар жиналысы сессияда қызметінен босатты.

Мәслихат – депутаттар жиналысы өз өкілеттігі мерзіміне Мәслихаттың – жиналыстың қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарап, әзірлеу, оның шешімдерін, ҚР заң құжаттарын жүзеге асыруға көмектесу, өз құзыреті шегінде бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін тұрақты комиссиялар құрды.

Тұрақты комиссияларды және оның төрағаларын тиісті Мәслихат – жиналыс оның депутаттары арасынан сайлады.

Мәслихаттың – депутаттар жиналысының шешімі бойынша тұрақты комиссиялардың төрағалары басқа жұмыстан босатылған негізде жұмыс істей алды.

Мәслихат – депутаттар жиналысы мен оның органдарының қызметін ұйымдық, құқылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін, депутаттардың өкілеттігін жүзеге асыруда оларға көмек көрсету үшін Мәслихаттың – депутаттар жиналысының аппараты құрылды.

Облыстық, аудандық, қалалық Мәслихаттың – депутаттар жиналысының негізгі өкілеттігіне мыналар жатты: Мәслихат – депутаттар жиналысы хатшысын сайлау және оны қызметінен босату; тексеру комиссиясын, оның төрағасын сайлау және оны қызметінен босату; Мәслихаттың – депутаттар жиналысының тұрақты және өзге де комиссияларын құру, олардың төрағаларын қызметінен босату, олардың жұмысы туралы есептер тыңдау; мәслихаттар – депутаттар жиналысы аппараты штатын, еңбекақыны, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған шығындарды бекіту; ҚР заңдарында көзделген ретте депутаттар өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару; Мәслихаттар – депутаттар жиналысы регламентін бекіту; Мәслихаттар – депутаттар жиналысы қызметін қамтамасыз етуге арналған шығындардың жалпы сомасын бекіту; жергілікті әкімнің ұсынуы бойынша облысты, ауданды, қаланы басқару схемасын бекіту; облыс, аудан, қала әкімінің, сондай-ақ олар уәкілеттілік берген әкім орынбасарларының, жергілікті әкімшілік органдары басшыларының Мәслихаттың – депутаттар жиналысының құзыретіне осы Заңмен жатқызылған мәселелер жөніндегі есептерін тыңдау; депутаттардың сауалдарын қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау; жергілікті әкім табыс еткен аумақты өркендетудің жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, олардың орындалуы туралы есептерді бекіту; жергілікті әкім табыс еткен бюджет жобасын, оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды, оның орындалуы туралы есептерді бекіту; ҚР салық заңдарына сәйкес облыс, аудан, қала меншігінде тұрған кәсіпорындар мен ұйымдардың көрсетілген қызметке төлейтін жергілікті салықтар мен алымдарды, баж салықтары мен тарифтерді белгілеу; облыс, аудан, қала меншігінде тұрған кәсіпорындар төлемдерінен бөлінетін қаржы мөлшерін бекіту; ҚР заңдарына сәйкес әкімшілік-аумақтық құрылым мәселелерін шешу; азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттікті жүзеге асыру.

Бұдан басқа, Алматы және Ленинск қалалық Мәслихаттардың – депутаттар жиналысының өкілеттігіне ҚР Президентіне мемлекеттік марапаттармен марапаттау және құрметті атақтар беру туралы ұсыныстар енгізу жатқызылды.

1995 ж. 30 тамызда өткен бүкілхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған жаңа Конституцияда жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істердің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратындығы айқындалды⁵.

Жергілікті өкілді органдар – Мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық мекен халқының еркін білдірді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны жүзеге асыруға қажетті шараларды анықтады, олардың жүзеге асырылуын бақылады. Мәслихаттарды жергілікті халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайлады. Мәслихат депутаты болып ҚР жиырма жасқа жеткен азаматы сайлана алды.

ҚР Конституциясы мәслихат қарауына мыналарды жатқызды: аумақты өркендетудің, жергілікті бюджеттің жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, олардың орындалуы туралы есептерді бекіту; жергілікті атқарушы органдар басшыларының мәслихат құзыретіне заңмен жатқызылған мәселелер бойынша есептерін қарау; тұрақты комиссиялар мен мәслихаттың өзге де жұмысшы органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерін тыңдау, мәслихат жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу; республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттікті жүзеге асыру.

1998 ж. 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР астанасының құқықтық мәртебесін, жұмыс істеуінің ұйымдық-саяси және экономикалық негіздерін айқындаған ҚР Заңы қабылданды⁶.

Заңға сәйкес астанадағы жергілікті мемлекеттік басқаруды ҚР астанасының өкілді және атқарушы органдары ҚР заңдарында белгіленген тәртіпте жүзеге асырды. ҚР заңдарында белгіленген өкілеттіктермен қатар, ҚР астанасының өкілді органы өз құзыретінің шегінде: қаланың ҚР астанасы міндеттерін жүзеге асыруын ескере отырып, астананың бюджетін, оның атқарылуы туралы есептерді, аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекітті; ҚР астанасын басқару схемасын бекітті.

Астананың өкілді және атқарушы органдары бірлескен шешімімен ҚР Үкіметіне астананың әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы ұсыныстар енгізді. Астананың өкілді және атқарушы органдары өз өкілеттіктері шегінде халықаралық қатынастарды жүзеге асыруға қатысты.

1998 ж. 1 шілдеде «Алматы қаласының мәртебесі туралы» Алматы қаласының ғылыми, мәдени, тарихи, қаржылық және өндірістік орталық ретіндегі ерекшеліктерін негізге ала отырып, оның ерекше мәртебесін айқындаған құқықтық негіздерді, қаржымен, экономикалық және әлеуметтік жағынан ынталандыру шараларын белгілеу арқылы оның бұдан былайғы даму кепілдіктерін белгілеген ҚР Заңы қабылданды⁷.

ҚР Заңына сәйкес Алматы қаласы республикалық маңызы бар қала болып табылды.

Заңда Алматы қаласы өкілді органының мынадай өкілеттіктері айқындалды: аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджет пен оның атқарылуы туралы есептерді бекіту; Алматы қаласы аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұл өндіріп алудың мөлшері мен тәртібін белгілеу; заңды және жеке тұлғалардың өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауарлық таңбаларында Алматы қаласы рәміздерін пайдаланғаны үшін алынатын алымның тәртібі мен мөлшерін белгілеу; аумақтық мемлекеттік және қоғамдық ескерткіштерді қорғау органдарының ҚР тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік органмен келісілген ұсынысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін бекіту; басқа мемлекеттердің жергілікті атқарушы органдарымен ҚР заңдарында белгіленген шек пен тәртіп бойынша халықаралық байланыстар орнату; заемдар, облигациялар шығару, шарттары мен орналастыру және лотереялар сату туралы шешім қабылдау; атқарушы органның ұсынысы бойынша қаланы басқару схемасын бекіту; Алматы қаласы аумағындағы көші-қон процестерін реттеу тәртібін бекіту; ҚР заңдарында көзделген өзге де өкілеттікті жүзеге асыру.

2001 ж. 23 қаңтарда «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы қабылданды⁸.

Заң басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуын, тәртібін, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейді.

Қабылданған заңға сәйкес жергілікті өкілді орган (мәслихат) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және ҚР заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган.

Мәслихаттарды тиісті әкімшілік-аумақтық бөлінісінің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайлайды.

Тиісті мәслихат депутаттарының санын **ҚР Орталық сайлау комиссиясы** мынадай

шектерде: облыстық мәслихатта, Астана және Алматы қалалық мәслихаттарында – елуге дейін; қалалық мәслихатта – отызға дейін; аудандық мәслихатта – жиырма беске дейін белгілейді.

Мәслихаттың заңды тұлға құқығы болмайды.

Мәслихаттардың құзыретіне: тиісті аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) ауданды, кентті, ауылды (селоны), ауылдық (селолық) округті ұстауға арналған шығыстар сметасын бекіту; тиісті аумақтарда қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жөніндегі бағдарламаларды және қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекіту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарға сәйкес өзге де мәселелерді шешу; әкімнің ұсынуы бойынша әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасын бекіту; өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу және жергілікті қауымдастық ұйымының шекараларын айқындау; әкімнің ұсынуы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен тиісті әкімдіктің дербес құрамын келісу; атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті орындарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу; ҚР заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру; құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленетін ережелерді бекіту; тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністі дамыту жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының, жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жасау; мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихаттың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу; халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мен кедейлікпен күрес бағдарламаларын бекіту; әкімнің ұсынуы бойынша ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша әкімдік жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың дербес құрамын бекіту; ҚР жер заңдарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру; өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының құзыретіне облыстың аудандық жоспарлану схемасын, облыс орталығын, республикалық маңызы бар қаланы және астананы салудың бас жоспары жобасын бекіту туралы **ҚР Үкіметіне** ұсыныс енгізу, әкімшілік аудандардың аудандық жоспарлануы жобаларын, облыстық (облыс орталықтарынан басқа) және аудандық маңызы бар қалаларды салудың бас жоспарларын бекіту де жатады.

Аудандық мәслихаттар құзыретіне қалалар, тиісті аудан аумағында орналасқан кенттер мен ауылдар салудың бас жоспарларын бекіту де жатады.

Мәслихат өз өкілеттігін сессияларда тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары, мәслихат сессиясының төрағасы, мәслихаттың депутаттары мен хатшысы арқылы ҚР заңдарында белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

Мәслихат сессиясының төрағасын мәслихат депутаттары арасынан сайлайды. Мәслихат сессиясының төрағасы өз функцияларын босатылмаған негізде жүзеге асырады.

Мәслихаттың хатшысы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды тұлға болып табылады. Ол депутаттар арасынан сайланады және қызметтен мәслихат сессияда босатады. Мәслихаттың хатшысы мәслихат өкілеттігінің мерзіміне сайланады.

Мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне тұрақты комиссиялар құрады. Олардың саны жетеуден аспауы тиіс, Тұрақты комиссиялардың төрағалары мен мүшелерін өз депутаттары арасынан тиісті мәслихат сайлайды. Тұрақты комиссиялар өздері сайлаған мәслихат алдында жауапты.

Мәслихат аппараты мәслихат пен оның органдарын ұйымдастыру, құқықтық, материалдық-техникалық және басқа қамтамасыз етуді жүзеге асырады, депутаттарға олардың өкілеттіктерін жүзеге асыруына көмек көрсетеді. Мәслихат аппараты жергілікті бюджет есебінен қаржыланатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

ҚР 2001 ж. 24 желтоқсандағы Заңымен ҚР Салық кодексінің қабылдануына байланысты ҚР «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңына өзгертулер енгізілді және Алматы қаласы мәслихаттың өкілеттігінен заңды және жеке тұлғалар өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауар белгілерінде Алматы қаласының нышандарын пайдаланғаны

үшін салымның тәртібі мен мөлшерін белгілеуге қаланың өкілді органының құқығы алынып тасталынды⁹.

ҚР 2004 ж. 11 мамырдағы Заңымен мәслихаттардың өкілеттіктеріне қосымша әкімнің ұсынысы бойынша облыстың (қаланың, ауданның) «Құрметті азаматы» атағын беру жатқызылды¹⁰. Одан басқа, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары қоршаған ортаның ластануына лимиттер (аудандар мен қалалар бойынша алғанда) айқындауға, қоршаған ортаны ластағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес төлемдер ставкаларын бекітуге мүмкіндіктер алды. Мәслихаттың бірқатар өкілеттіктері жаңа, өзгертілген редакцияда мазмұндалды.

ҚР 2004 ж. 5 шілдедегі Заңымен Алматы қаласы мәслихаты қосымша құқықтарға ие болды: қала аумағын абаттандыру, санитарлық тазалау, тазалық сақтау және жинауды ұйымдастыру тәртібін белгілеу; «Алматы қаласының құрметті азаматы» атағын белгілеуге және оны беру тәртібі мен шарттарын айқындау¹¹.

ҚР 2004 ж. 9 шілдедегі Заңымен мәслихаттың өкілеттігіне қосымша аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы ҚР заң шығару актілеріне сәйкес сайлау жатқызылды¹².

ҚР 2004 ж. 20 желтоқсандағы Заңымен 1998 ж. 20 мамырда қабылданған «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР Заңымен белгіленген Астана қаласы жергілікті өкілді органдарының өкілеттіктеріне қатысты мәселеге редакциялық сипаттағы өзгертулер енгізілді¹³. Осы құжатпен Алматы қаласы мәслихаты өкілеттігінің қатарынан «Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге өкілеттіктерін жүзеге асыру» алынып тасталынды.

ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы Заңымен ҚР Конституциясына, оның ішінде «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» VIII-бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді¹⁴.

Атап айтқанда, жергілікті өкілді органдардың – мәслихаттардың өкілеттілігі төрттен бес жылға дейін ұзартылды.

Конституцияның 2-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда мазмұндалды: «3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның елордасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның елордасы Астана қаласы болып табылады».

ҚР «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» **2007 ж. 21 шілдеде** қабылданған заңы ҚР астанасының қызмет етуі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оның қызметінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру негіздерін анықтайды¹⁵.

Заңның 1-бабында ҚР астанасы Астана қаласы екендігі белгіленді.

Заңның 7-бабында астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарына мынадай міндеттер белгіленген: астананың Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік, мәдени және экономикалық орталығының рөлін орындауы үшін жағдай жасау; астананың әлемдегі басқа астаналар арасындағы бәсекелестік мүмкіндіктерін арттыру, орнықты дамыған қаланы құру; астананы халықаралық қатынастар орталығы ретінде дамыту; ҚР Президентінің, Парламенттің, Үкіметтің, Жоғарғы Соттың, өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасау; жалпымемлекеттік және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін жағдай жасау; ҚР заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыруы болып табылады.

Заңның 8-бабында ҚР заңнамасында белгіленген өкілеттіктермен қатар, астананың мәслихаты өз құзыреті шегінде: ҚР заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттердің жергілікті өкілді органдарымен халықаралық байланыстар орнатады; астананың құрылыс салу ережесін бекіткен кезде астана аумағындағы жер учаскелерін игерудің қосымша шарттарын айқындайды; мыналарды: астананы дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының жоспарларын, астананың бюджетін және оның орындалуы туралы есептерді; астанада сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібі мен шарттары туралы ережелерді; мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекітеді.

2009 ж. 9 ақпандағы ҚР Заңымен «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңының атауы мынадай редакцияда жазылды: «Қазақстан

Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының Заңы»¹⁶.

ҚР 2012 ж. 9 қаңтардағы Заңымен «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 4-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды: «1) ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге»¹⁷.

ҚР 2012 ж. 15 ақпандағы Заңымен облыстық әкімдіктің, республикалық маңызы бар қаланың, астана құзыретіне қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеу, мәслихаттың бекітуіне ұсыну, ҚР заңнамасына сәйкес қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді атқару тағайындалды.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктің құзыреті қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеу, мәслихаттың бекітуіне ұсыну және ҚР заңнамасына сәйкес қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді атқарумен толықтырылды.

Қаладағы аудандық, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, аулдық округінің әкіміне қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тағайындалды¹⁸.

ҚР 2012 ж. 27 сәуірдегі Заңымен мәслихаттардың құзыретіне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі әзірлеген және ұсынған «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын бекіту тағайындалды¹⁹.

ҚР 2013 ж. 8 қаңтардағы Заңымен аудан (облыстық маңызы бар қала), республикалық маңызы бар қала, астана мәслихаттарының құзыретіне әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту жатады²⁰.

ҚР 2013 ж. 13 маусымдағы Заңына сәйкес жергілікті мемлекет басқару және өзін-өзі басқару қызметінің экономикалық және қаржылық негізін: жергілікті бюджет; коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлік; ҚР заңнамасына сәйкес коммуналдық меншіктегі өзге де мүлік құрайды²¹.

Мәслихаттардың құзыретіне облыстың (қаланың, ауданның) Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені әзірлеу және бекіту тағайындалған.

ҚР 2017 ж. 10 наурыздағы Заңымен ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оның ішінде «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» атты VIII-бөліміне²².

Конституцияның осы бөлімнің бірнеше тармақтары, атап айтқанда 86-баптың 5-тармағы жаңа редакцияда жазылды: «5. Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады».

ҚР 2021 ж. 3 қаңтардағы Заңымен мәслихаттардың құзыретіне Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыруын қамтамасыз ету тағайындалды²³.

2022 ж. 5 қарашадағы ҚР Заңымен²⁴ мәслихат хатшысы мен төрағасының өкілеттіктеріне өзгерістер енгізілді, сондай-ақ мәслихаттардың құзыреті мынадай нормамен толықтырылды:

«2-11. Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты саяси мемлекеттік қызметші болып табылатын сайланған әкімнің отставкаға кету туралы өтінішін қабылдау немесе дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдайды. Отставканы қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім сайланған әкімнің (саяси мемлекеттік қызметшінің) жеке жазбаша өтініш берген күнінен бастап бір ай ішінде қабылданады. Отставка қабылданған жағдайда тиісті мәслихаттың шешімінің көшірмесі аумақтық сайлау комиссиясына жолданады».

2023-2024 жж. кезеңінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңына көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оның ішінде білім беруді дамыту, жұмыс берушілердің жалға берілетін тұрғын үй салуы, мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз ету және т.б. мәселелер бойынша мәслихаттардың құзыретіне қатысты²⁵.

¹ «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» Қазақ ССР 1991 ж. 15 ақпандағы Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991, № 9 (қосымша), 118-құжат).

² «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» Қазақ ССР Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1991 ж. 15 ақпандағы № 483 қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991, № 9 (қосымша), 119-құжат).

³ 1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 3, 54-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» 1993 ж. 10 желтоқсандағы ҚР Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 23-34, 516-құжат).

⁵ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР 1998 ж. 20 мамырдағы № 230 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 7-8, 79-құжат).

⁷ «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» ҚР 1998 ж. 1 шілдедегі № 258 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 14, 200-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 ж. 23 қаңтардағы № 148 ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2001, № 3, 17-құжат).

⁹ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2001 ж. 24 желтоқсандағы № 276 ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2001, № 24, 338-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 ж. 11 мамырдағы № 552 ҚР Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 10, 56-құжат).

¹¹ «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2004 ж. 5 шілдедегі № 570 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 14, 84-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2004 ж. 9 шілдедегі № 583 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 17, 97-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2004 ж. 20 желтоқсандағы № 13 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 23, 142-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы № 254 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР 2007 ж. 21 шілдедегі № 296-III Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 16, 128-құжат).

¹⁶ «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 9 ақпандағы № 126-IV ҚР Заңы (ҚР Парламентінің хабаршысы, 2009, № 2–3, 9-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2012 ж. 9 қаңтардағы № 535-IV Заңы (Егемен Қазақстан, 2012 ж. 26 қаңтар).

¹⁸ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2012 ж. 15 ақпандағы № 556-IV Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2012, № 5, 35-құжат).

¹⁹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2012 ж. 27 сәуірдегі № 15-V Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2012, № 8, 64-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мен автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2013 ж. 8 қаңтардағы № 64-V Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2013, № 1, 3-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2013 ж. 13 маусымдағы № 101-V Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2013, № 8, 50-құжат).

²² «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2017 ж. 10 наурыздағы № 51-VI Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2017, № 5, 9-құжат).

²³ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық кеңестердің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2021 ж. 3 қаңтардағы № 406-VI ҚРЗ Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2021, № 2-II, 2822-құжат).

²⁴ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2022 ж. 5 қарашадағы № 157-VII Заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 7 қараша).

²⁵ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР 2021 ж. 23 қаңтардағы № 148 Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/7966/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

V

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТҚАРУШЫ БИЛІК ОРГАНДАРЫ

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті (1991–1995)

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қайта құрылуының нәтижесінде Қазақ КСР 1990 ж. 20 қарашадағы Заңымен Қазақ КСР Министрлер Кабинеті ретінде құрылды¹. Өз қызметін Қазақ КСР Президентінің басшылығымен жүзеге асыратын Қазақ КСР мемлекеттік басқарудың атқарушы және өкімдік органы болып табылады.

Қазақ КСР Министрлер Кабинеті туралы Қазақ КСР 1991 ж. 25 маусымдағы Заңымен Министрлер Кабинетінің мәртебесі, оның құрылу тәртібі мен құрамы, сондай-ақ оның негізгі міндеттері мен өкілеттіктері айқындалды².

Министрлер Кабинетін Премьер-Министр, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары мен орынбасары, министрлер, Республиканың мемлекеттік комитеттерінің төрағаларының құрамында Қазақ КСР Президенті құрады. ҚР Президенті Министрлер Кабинетінің құрамына Қазақ КСР мемлекеттік кеңесшілерін, Қазақ КСР өзге органдары мен ұйымдарының басшыларын, сондай-ақ басқа адамдарды кіргізуге құқылы. Министрлер Кабинетінің құрамы ҚР Президентін ұсыну жөніндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі бекітеді.

Министрлер Кабинеті **Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі** өкілеттігінің мерзімі аралығында қызмет атқарады және жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңестің оның алғашқы сессиясында өзінің өкілеттігін доғарады. Министрлер Кабинеті өз міндетін Министрлер Кабинетінің жаңа құрамы бекітілгенге дейін атқара береді.

Министрлер Кабинеті Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Қазақ КСР Президентінің алдында жауапты және оларға есеп береді.

Қызметінің негізгі бағыттары: республика аумағында кешенді экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуды қамтамасыз етеді; республиканың халық шаруашылығы кешеніне нарық қатынастарының енуін және дамуын қамтамасыз етеді; халықтың әл-ауқаты мен мәдениетін арттыру жөніндегі, ғылым мен техниканы дамыту, табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады, ақша және несие жүйесін нығайту жөніндегі, мемлекеттік сақтандыруды және біртұтас баға жүйесін нығайту жөніндегі, мемлекеттік сақтандыруды және біртұтас баға саясатын, еңбек ақы төлеуді, әлеуметтік қамсыздандыруды ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жәрдемдеседі; республикалық бюджеттің жобасын әзірлеп, Жоғарғы Кеңеске енгізеді; оны атқару жөнінде шаралар қолданады; Жоғарғы Кеңеске бюджеттің атқарылуы туралы есеп береді; Жоғарғы Кеңес пен Президентке республиканың ұзақ мерзімдік экономикалық саясаты Тұжырымдамасының, одақтық-республикалық және республикалық мақсатты кешенді бағдарламаларының, республиканың қарауындағы салалар бойынша болжамдар мен мемлекеттік жоспардың жобаларын ұсынып, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді; азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету, республика мүдделерін қорғау, меншік пен қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады; КСРО Конституциясында белгіленген шеңберде елдің мемлекеттік қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады; Қазақ КСР шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы саласындағы шараларды жүзеге асырады; Халық депутаттары кеңесінің облыстық, Алматы және Ленинск қалалық атқару комитеттерінің қызметіне басшылық жасайды.

Талдау, ақпараттық және басқа материалдар даярлау, сәйкес ұсыныстар әзірлеу, шешімдер жобаларын даярлау, республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының, облыстық, Халық депутаттары кеңестерінің Алматы және Ленинск қалалық атқару комитеттерінің Қазақ КСР заңдарын, Қазақ КСР Президенті мен Министрлер Кабинетінің шешімдерін орындауын бақылауды **Қазақ КСР Президенті мен Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің Аппараты** жүзеге асырды.

1993 ж. 28 қаңтарда ҚР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды³.

Конституцияға сәйкес Министрлер Кабинеті ҚР Үкіметі болып табылды және мемлекеттік басқару мәселелерін шешуге құқылы болды. Министрлер Кабинетінің құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі конституциялық заңмен белгіленді.

Министрлер Кабинетінің мүшелерінің өкілді органның депутаттары болуға, республиканың мемлекеттік органдарында және қоғамдық бірлестіктерде өзге де қызметтер атқаруға немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ болды.

Министрлер Кабинеті ҚР Президенті алдында жауапты болды. жаңа сайланған Президент алдында Министрлер Кабинеті өз өкілеттіктерін доғарды. Егер Министрлер Кабинеті өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мүмкін емес деп санаса, ол Президентке орнынан түсетіні туралы мәлімдеуге құқылы болды. Министрлер Кабинетінің әрбір мүшесі орнынан түсуге құқылы болды. ҚР Конституциясы мен заңдары, ҚР Президентінің жарлықтары негізінде және соларды орындау үшін Министрлер Кабинеті Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар құжаттар шығарды.

Премьер-Министр Министрлер Кабинетінің қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асырды, Министрлер Кабинетінің қаулыларына қол қойды, өкімдер шығарып, өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындады.

Министрлер Кабинетінің мүшелері ҚР заңдарының орындалу мәселелері бойынша Жоғарғы Кеңес алдында жауапты болды. Жоғарғы Кеңес Министрлер Кабинетінің кез келген мүшесінің ҚР заңдарының орындалу мәселелері жөніндегі есебін тыңдауға құқылы. Министрлер Кабинетінің мүшесі Республика Конституциясы мен заңдарын бұзған ретте Жоғарғы Кеңес оны қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы Республика Президенті алдында мәселе қоюға құқылы болды.

ҚР Президентінің *1994 ж. 13 сәуірдегі* Жарлығымен ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты оны *ҚР Президентінің Аппараты мен ҚР Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасына* бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 5 шілдедегі* қаулысымен ҚР Жоғарғы Кеңесінде ҚР Министрлер Кабинетінің өкілдігі институты енгізілді, оған атқарушы өкімет органдарының парламентарийлермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру, депутаттарға Министрлер Кабинетінің қызметі туралы жедел хабарлап отыру, заң жобалары мен ҚР Министрлер Кабинетінің Жоғарғы Кеңесінің қарауына жіберілетін өзге де материалдарды талқылау барысын талдау функциялары жүктелді⁵.

¹ «Қазақ КСР-да мемлекеттік өкімет пен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 ж. 20 қарашадағы Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990, № 47, 431-құжат).

² «Қазақ КСР Министрлер Кабинеті туралы» 1991 ж. 25 маусымдағы № 703 Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 27, 355-құжат).

³ 1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 3, 54-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппаратын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 сәуірдегі № 1656 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3103 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіндегі Министрлер Кабинетінің өкілдігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 5 шілдедегі № 755 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3190 іс).

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы (1994–1995)

ҚР Президенті мен ҚР Министрлер Кабинетінің Аппараты ҚР Президентінің Аппараты мен ҚР Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасына бөліну арқылы қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1994 ж. 13 сәуірдегі* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 18 тамыздағы* қаулысымен Іс Басқармасы туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес ҚР Министрлер Кабинетінің атқарушы-өкімдік органы болып табылды және оның қызметін қамтамасыз етті.

Іс Басқармасы ҚР Министрлер Кабинетінің экономикалық реформаларды дәйекті түрде өмірге енгізу, экономиканың, әлеуметтік-мәдени саланың, сыртқы экономикалық байланыстардың жағдайына талдау жасау, оларды дамыту және болжамдар әзірлеу, республиканың халық шаруашылығы салалары мен аймақтарының ынтымақтасуы арқылы шешілетін мәселелерді анықтау, тиісті ұсыныстар даярлау; республикада заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқықтық және қоғамдық тәртіпті, мемлекеттік және еңбек тәртібін, ұлттық қауіпсіздікті, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды нығайту; ҚР Президентімен, ҚР Вице-Президентімен, ҚР Президенті Аппаратымен бірлесіп іс-қимыл жасау; атқарушы өкімет пен басқарудың барлық органдарының қызметін үйлестіру; ҚР Жоғарғы Кеңесімен, Жоғарғы Кеңес депутаттарымен және жергілікті өкілдікті органдармен бірлесіп іс-қимыл жасау; мемлекеттің халықаралық қызметі мәселелері бойынша ұсыныстар даярлау, ҚР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық байланыстарын нақты жүзеге асыру шараларын әзірлеу, олардың орындалуын қадағалау; заңдар мен басқа да актілерді іске асыру тетігі жөнінде ұсыныстар әзірлеу, оларды қолдану дағдысын талдау; министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, басқа ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдардың ҚР заңдарын, ҚР Президенті мен ҚР Министрлер Кабинетінің актілерін орындауына бақылау жасауды жүзеге асыру; ҚР Министрлер Кабинетіне түсетін хаттар мен арыздарды қарау, азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру; ҚР Министрлер Кабинетіне, оның құрылымдық бөлімшелеріне шаруашылық, қаржы және материалдық-техникалық қызмет көрсетуге бағытталған жұмысын ұйымдастырды.

ҚР Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы бөлімдерден, басқа құрылымдық бөлімшелерден және оған ведомстволық бағынысты ұйымдардан тұрды. Іс Басқармасының құрылымы мен штаттарын ҚР Министрлер Кабинеті бекітті.

ҚР Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасының тікелей бағыныста дербес баланстағы ведомстволық бағынысты кәсіпорындары болды: баспаханасымен қоса өндірістік-пайдалану бірлестігі (ӨПБ); «Алматы», «Жетісу», «Қазақстан» қонақ үйлерін филиалдарымен қосқанда қонақ үйлік шаруашылық бірлестігі.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 21 желтоқсандағы** қаулысымен Іс Басқармасының құрамында құрылымдық бөлімше құқығында ҚР Ғылым мен техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесінің аппараты құрылды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 13 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Министрлер Кабинетінің Аппараты** болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппаратын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 сәуірдегі № 1656 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3103 іс).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы туралы ереже туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 18 тамыздағы № 914 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 2 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 21 желтоқсандағы № 1428 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 21 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 13 наурыздағы № 247 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 124 іс).

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің аппараты (1995)

ҚР Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 13 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің қызметін ұйымдық техникалық, құқықтық, ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын атқару-өкімдік органы болып табылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 13 наурыздағы** қаулысымен Аппараттың құрылымы бекітілді: Аппарат басшысы; оның орынбасарлары, көмекшісі; Премьер-Министр кеңесі;

Премьер-Министр орынбасарларының кеңесшілер тобы; Премьер-Министр баспасөз-хатшысы; баспасөз-қызметі; Министрлер Кабинетінің Жоғарғы Кеңестегі өкілдігі; аумақтық дамыту бөлімі; өнеркәсіп және сауда бөлімі; құрылыс, көлік және коммуникациялар бөлімі; мәдениет және қоғамдық бірлестіктермен байланыстар бөлімі; агроөнеркәсіптік кешен, табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау бөлімі; ғылыми-техникалық прогресс бөлімі; экономикалық саясат бөлімі; қаржы, еңбек және ақша айналымы бөлімі; сыртқы байланыстар бөлімі; әлеуметтік сала бөлімі; қорғаныс және жұмылдырушылық даярлық бөлімі; құқық қорғау органдары бөлімі; заң бөлімі; қаржы- шаруашылық бөлімі; кадр бөлімі; ҚР алдында айрықша еңбегі сіңіргені үшін зейнетақы белгілеу жөніндегі комиссия хатшылығы. Одан басқа: ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының аппараты; ҚР Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативті кеңес; ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығы; ҚР Министрлер Кабинеті Аппаратының өндірістік-пайдалану бірлестігі².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 20 сәуірдегі** қаулысымен Аппарат туралы ереже бекітілді³.

Негізгі міндеттері мынадай болды: мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын анықтау және әлеуметтік және экономикалық үрдістерді басқаруды жүзеге асыру, экономиканың әлеуметтік бағдарының бағдарламасын әзірлеу және іске асыру, еңбек ақы төлеудің жүйесі мен шарттарын, азаматтарды әлеуметтік қорғау және әлеуметтік сақтандыруды анықтау; ҚР заңдарының, Президент пен Үкімет актілерінің орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету және оларды ҚР министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ведомстволардың орындауын бақылау; барлық дәрежедегі атқару өкіметі органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, олардың қызметін үйлестіру, олардан ҚР Министрлер Кабинеті мен оның Президиумының шешімдерінің жобаларын, әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастыратын заңдардың, тұжырымдардың, болжамдардың жобаларын сапалы даярлау мақсатында дер кезінде ақпараттар алу, осы жобаларды әзірлеу мен сараптауға қатысу; ҚР министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және ведомстволарының қызметі, өкілеттігі және жауапкершілігі өрісін айқындайтын нормативті актілерді шығару, аталған органдардың ұйымдастырылу және қызметі мәселелерін шешу; заңдар жобаларын қарау және оларды Жоғарғы Кеңеске енгізу туралы шешім қабылдау; ҚР Министрлер Кабинеті мен оның Президиумының мәжілістерін, халықаралық жиналыстар мен кездесулерді, Премьер-Министр мен оның орынбасарлары өткізетін басқа да шараларды ақпараттық-талдамалық, құқықтық, ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету; қызметтік құжаттарды, хаттар мен өтініштерді қарау, азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру, келіп түскен құжаттарды талдау; ҚР Министрлер Кабинетіне, оның құрылымдық бөлімшелеріне шаруашылық, қаржы және материалдық-техникалық қызмет көрсету және т.б.

ҚР Министрлер Кабинетінің аппараты бөлімдерден, басқа құрылымдық бөлімшелер мен оған ведомстволық бағынысты ұйымдардан тұрды.

ҚР Министрлер Кабинеті аппаратына тікелей бағынысты дербес баланстағы ведомстволық бағынысты кәсіпорындар болды: ҚР Министрлер Кабинеті аппаратының өндірістік-пайдалану бірлестігі (ӨПБ); «Алматы», «Жетісу», «Қазақстан» қонақ үйлерін филиалдарымен қосқанда қонақ үй шаруашылық бірлестігі.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 5 мамырдағы** қаулысымен Аппараттың құрылымына өзгерістер енгізілді: таратылған мәдениет және қоғамдық бірлестіктермен байланыстар жөніндегі бөлім мен әлеуметтік сала бөлімінің негізінде ішкі саясат бөлімі құрылды⁴. Аппарат құрылымының одан басқа бөлімшесіне ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Діни істер жөніндегі кеңесі кірді.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 20 қазандағы** қаулысымен **ҚР Үкіметінің Аппараты** болып қайта құрылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 13 наурыздағы №247 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 124 іс).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 13 наурыздағы № 247 қаулысына қосымша (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 124 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты туралы ереже туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 20 сәуірдегі № 515 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 134 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымын ішінара өзгерту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 5 мамырдағы № 623 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 140 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 20 қазандағы № 1357 қаулысы (ҚР ҰА. 4 Қ. 1-Қ т. 166 іс).

Қазақстан Республикасының Үкіметі (1995*)

Қазақстан Республикасының Үкіметі *1995 ж. 30 тамызда* қабылданған ҚР Конституциясына сәйкес құрылды¹.

ҚР атқару өкіметін жүзеге асырады, атқарушы органдарының жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді.

«Қазақстан Республикасы Үкіметі туралы» Конституциялық Заң күші бар ҚР Президентінің *1995 ж. 18 желтоқсандағы* Жарлығымен ҚР Үкіметінің мәртебесі, оның құрылу тәртібі мен құрамы, оның қызметінің құзыреті мен ұйымдастырылуы айқындалды².

Үкіметті ҚР Премьер-Министрі, Премьер-Министр орынбасарлары, *ҚР Үкіметі Аппаратының Басшысы*, Республиканың министрлері, мемлекеттік комитеттерінің төрағалары құрамында ҚР Президенті құрады.

ҚР Үкіметі Президент өкілеттігі мерзімінің шегінде қызмет етеді және жаңа сайланған Республика Президентінің алдында өзінің өкілеттігін доғарады. Республика Үкіметі өзінің міндетін Республика Үкіметінің жаңа құрамы бекітілгенге дейін атқарады.

Республика Үкіметінің құзыреті: мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді; мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлейді; әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамудың индикативтік жоспарларын әзірлеп, жүзеге асырады; республикалық бюджет пен оның атқарылуы туралы есепті әзірлейді, республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді; Республиканың қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; мемлекеттік валюта, қаржы және материалдық ресурстарды жасақтау мен пайдалануда заңның сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді; құрылымдық және инвестициялық саясатты жүзеге асырады; мемлекеттік баға түзу саясатын талдап жасайды және жүзеге асырады; мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдер, тауарлар мен қызметтердің номенклатурасын белгілейді; мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды талдау жасайды және жүзеге асырады, ҚР аумағында мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді; еңбекке ақы төлеу, азаматтарды әлеуметтік қорғау, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесін және шарттарын белгілейді; мемлекеттік аймақтық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеп, жүзеге асырады; аймақаралық проблемалар мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді; ғылым мен техниканы дамытудың, жаңа технологияларды енгізудің, мәдениетті, білімді, денсаулық сақтау ісін, туризм мен спортты дамытудың мемлекеттік саясатын белгілейді және жүзеге асырады; табиғи ресурстар мен қоршаған табиғи ортаны тиімді пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады; құқықтық реформаның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сақтау, заңдылық пен құқық тәртібін, Республиканың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, Республиканың аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік шекарасын күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады; келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды; Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру жөнінде шаралар әзірлейді; сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолданады; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады және т.б.

Үкімет өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты. Үкімет ҚР Конституциясында көзделген жағдайда **Республика Парламентіне** есеп береді.

ҚР Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау, құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Үкімет Аппараты жүзеге асырады.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Үкіметінің Аппараты **ҚР Премьер-Министрінің Кеңесі** болып қайта ұйымдастырылды³.

1999 ж. 6 мамырдағы ҚР Конституциялық заңымен «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңға Үкіметтің құрылуы, құрылымы мен құрамына қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁴. Үкімет құзыретіне неғұрлым редакциялық тәртіпте өзгертулер енгізілді.

Үкіметті ҚР Конституциясында көзделген тәртіпте Республика Президенті құрады. Үкімет құрылымын министрліктер мен өзге орталық атқарушы органдары құрады. Үкімет құрамына Үкімет мүшелері – Республика Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер мен басқа да лауазымды тұлғалар кіреді.

ҚР Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау және құқықтық-ұйымдастыру қамтамасыз етуді Республика Премьер-Министрінің Кеңесі жүзеге асырады.

ҚР **2007 ж. 21 мамырда** қабылданған заңымен ҚР Конституциясының «Үкімет» V-бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді⁵. Атап айтқанда, 64-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «2. Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде **Республика Президентінің** алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда **Парламент Мәжілісінің** және **Парламенттің** алдында жауапты».

ҚР **2007 ж. 19 маусымда** қабылданған ҚР Конституциялық заңымен «Қазақстан Республикасының Үкіметі және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына тиісті өзгертулер енгізілді⁶. Атап айтқанда, 1-бабында Үкіметтің құқықтық мәртебесі нақтыланды: «Үкімет алқалы орган болып табылады, Қазақстан Республикасының атқару өкіметін жүзеге асырады, атқарушы органдарының жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді».

Конституциялық заң 21-1-бабымен толықтырылды:

«21-1-бап. Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы:

1. Министрліктердің және үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың аппараттарын Республиканың Премьер-Министрімен келісім бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жауапты хатшылар басқарады.

2. Жекелеген министрліктер мен Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарда Республика Президентінің шешімімен жауапты хатшы қызметі енгізілмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда осы Конституциялық заңда көзделген жауапты хатшы өкілеттіктерін министрліктің немесе Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның Республика Президенті айқындайтын лауазымды адамы жүзеге асырады.

3. Үкіметтің, министрдің, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган басшысының орнынан түсуі жауапты хатшылардың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соқпайды.

4. Министрліктің және Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның жауапты хатшыларының мәртебесі мен өкілеттіктерін Республика Президенті белгілейді.

5. Жауапты хатшы өз қызметін жүзеге асыру кезінде Республика Президентіне, Премьер-Министрге және министрге (Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган басшысына) есеп береді».

Конституциялық заңның 22-баптың 2-2-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «2-2. Министрліктің құрылымын министрліктің жауапты хатшысы бекітеді. Министрліктің құрылымдық бөлімшелері ведомстволар, департаменттер мен басқармалар болып табылады. Министрлік департаменттері мен басқармаларының жиынтығы министрлік аппараты болып табылады».

Конституциялық заңның 23-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылды:

«3. Агенттіктің құрылымын агенттіктің жауапты хатшысы бекітеді және, әдетте, департаменттер мен басқармалардан тұрады. Агенттік департаменттері мен басқармаларының жиынтығы агенттік аппараты болып табылады».

Конституциялық заңның 24-бабы мынадай редакцияда жазылды:

«24-бап. Орталық атқарушы органның ведомствосы

1. Республиканың орталық атқарушы органының комитеті ведомство болып табылады. Ведомствоның аумақтық бөлімшелері болуы мүмкін.

2. Ведомствоны тиісті орталық атқарушы орган басшысының ұсынуымен Республика Үкіметі құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

3. Ведомство басшысын тиісті орталық атқарушы органның басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

4. Ведомство Республиканың орталық атқарушы органы құзыретінің шегінде бақылау және (немесе) іске асыру функцияларын жүзеге асырады.

5. Ведомство шығаратын актінің нысаны ведомство басшысының бұйрығы болып табылады. Ведомствоның актілерін толығымен не бір бөлігінде күшін жоюды не тоқтата тұруды құрылымына ведомство кіретін орталық атқарушы органның басшысы жүзеге асырады.

6. Ведомствоның құрылымын тиісті орталық атқарушы органның жауапты хатшысы бекітеді. Ведомствоның құзыретін және оның өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін осы ведомство құрылымына кіретін орталық атқарушы органның басшысы айқындайды».

ҚР Президентінің *2007 ж. 19 маусымдағы Жарлығымен ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне* ҚР Үкіметінің телекоммуникацияның әмбебап қызмет көрсету тарифтерін бекіту жөніндегі функциялары берілді⁷.

ҚР Президентінің *2007 ж. 27 шілдедегі* Жарлығымен ҚР орталық атқарушы органдарында орталық атқарушы органның аппаратын басқаратын жауапты хатшы лауазымы енгізілді⁸.

Жауапты хатшы: 1) ҚР Президенті Республика Премьер-Министрімен келісім бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын, ерекше мәртебеге ие мемлекеттік саяси қызметші болып табылады; 2) лауазымына қарай министрдің бірінші орынбасарына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін агенттік төрағасының бірінші орынбасарына) теңестіріледі; 3) лауазымы бойынша: Республика Президентіне, Республика Премьер-Министріне және тиісті орталық атқарушы органның басшысына есеп беретін; оның қызметіне бақылауды Мемлекет басшысы не оның өкілеттік беруі бойынша *Республика Президентінің Әкімшілігі*, сондай-ақ Республика Премьер-Министрі және тиісті орталық атқарушы органның басшысы жүзеге асыратын тұлға болып табылады; 4) Үкімет, орталық атқарушы органның басшысы отставкаға шыққан жағдайда өзінің өкілеттіліктерін тоқтатпайды деп белгіленді.

Жауапты хатшының өкілеттіктері: мемлекеттік басқарудың тиісті салаларында (аясында) орталық атқарушы органның басшысы қалыптастыратын саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді, оның актілері мен тапсырмаларын орындайды; орталық атқарушы органның аппаратына басшылықты жүзеге асырады: оның бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды; орталық атқарушы органның қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады; орталық атқарушы орган басшысының келісімінен кейін Республика Үкіметі бекіткен орталық атқарушы орган санының лимиті шегінде органның, ведомстволардың, сондай-ақ аумақтық органдардың құрылымы мен штат санын бекітеді; орталық атқарушы орган басшысының келісімінен кейін органның құрылымдық бөлімшелері және оның аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді; орталық атқарушы органның тәртіптік, аттестаттау және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, кадр қызметінің жұмысын және құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды; орталық атқарушы органның қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік сатып алуды өткізуді ұйымдастырады; орталық атқарушы орган басшысының келісімінен кейін орталық атқарушы орган департаменттері мен басқармалары басшыларын, органның аумақтық бөлімшелерінің басшыларын және басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; орталық атқарушы орган

басшысымен ведомстволардың басшылары тағайындау үшін ұсынатын ведомстволар басшыларының орынбасарларын тағайындауды келіседі; еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, орталық атқарушы органның қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; орталық атқарушы органның басшысымен келісім бойынша орталық атқарушы органның қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді; орталық атқарушы органның басшысымен келісім бойынша еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, орталық атқарушы орган қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді; орталық атқарушы органның Республика Президенті, Республика Үкіметі және орталық атқарушы органның басшысы бекітетін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді; органның жыл сайынғы жұмыс жоспарын және оның қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді және орталық атқарушы органның басшысына бекітуге ұсынады; орталық атқарушы органның бюджеттік өтінімін дайындауды, бюджеттік өтінімді Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізетін орталық атқарушы орган басшысына ұсынуды, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді; орталық атқарушы орган басшысының келісімінен кейін органды қаржыландыру жоспарларын және мемлекеттік органның қаржылық есептілігін әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді; мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттері мен стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді; тиісті орталық атқарушы органның құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады; орталық атқарушы органға келісуге түскен нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша қорытындылар дайындауды ұйымдастырады; өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қатынастарда мемлекеттік орган атынан өкілдік етеді; ҚР заңдарымен және Республика Президентінің актілерімен жауапты хатшыға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҚР Президентінің **2010 ж. 1 маусымдағы** Жарлығымен орталық атқарушы органдарындағы жауапты хатшының өкілеттілігі толықтырылды: «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық шарттардың мәтіндерін дәйектейді, оларға қол қояды және қабылдайды»⁹.

ҚР **2014 ж. 29 қыркүйектегі** Конституциялық заңымен «Қазақстан Республикасы Үкіметі туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгерістер енгізілді¹⁰.

ҚР Үкіметінің құзыретіне: мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру; мемлекеттік бағдарламаларды ҚР Президентіне бекітуге енгізу; әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мақұлдау; Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөніндегі шараларды тұжырымдау; Республика Президенті айқындайтын тәртіппен республикалық бюджетті және оған өзгерістерді әзірлеуге қатысады, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету; Республиканың қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; мемлекеттік валюта, қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жасақтау және пайдалану кезінде заңдылықтың сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету; құрылымдық және инвестициялық саясатты жүзеге асыру; мемлекеттік баға белгілеу саясатын тұжырымдайды; мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдер, тауарлар және көрсетілетін қызметтер номенклатурасын белгілеу; мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды тұжырымдайды және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету; еңбекке ақы төлеу, азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесін және шарттарын қалыптастыру; мемлекеттік өңірлік саясаттың негізгі бағыттарын тұжырымдайды; өңіраралық проблемалар мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуді қамтамасыз ету; ғылым мен техниканы дамыту, жаңа технологияларды енгізу, мәдениетті, білім беруді, денсаулық сақтауды, туризм мен спортты дамыту жөніндегі

мемлекеттік саясатты қалыптастыру; табиғи ресурстар мен қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асыру; құқықтық саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін, Республиканың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, Республиканың аумақтық тұтастығын және мемлекеттік шекараларының күзетілуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асыру; келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдау; Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз ету; сыртқы экономикалық саясатты іске асыру жөніндегі шараларды тұжырымдау; сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолдану; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру; өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау тағайындалды.

Конституциялық заңның 19-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылды:

«1. Республика Премьер-Министрі: 1) Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасында функционалдық міндеттерді бөледі; 2) Республика Президентімен, Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады; 3) халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады және үкіметаралық шарттар мен келісімдерге қол қояды; 4) Республика Президентіне: Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы; министрліктерді және Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қоспағанда, министр лауазымына тағайындау үшін кандидатуралар жөнінде; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қоспағанда, министрді, оның ішінде Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған министрді лауазымынан босату туралы ұсыныстар енгізеді; 5) Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады; 6) Президентке Үкімет қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндайды; 7) Үкімет мүшелерінің, орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдайды; 8) Үкімет жанындағы консультациялық-кеңесші органдарды құрады және таратады; 9) Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды».

Конституциялық заңның 22-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылды:

«1. Министрлік Республиканың тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) – басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады»;

Конституциялық заңның 23-бабы мынадай редакцияда жазылды:

«23-бап. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган

1. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органды Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

2. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) – басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

3. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның құрылымын жауапты хатшы бекітеді және ол, әдетте, департаменттер мен басқармалардан тұрады.

Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның департаменттері мен

басқармаларының жиынтығы Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның аппараты болып табылады.

4. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган басшысының жанынан консультациялық-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады. Алқаның сандық және дербес құрамын Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның басшысы бекітеді.

5. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган басшысының бұйрықтары Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның актілері болып табылады».

Конституциялық заңның 24-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «4. Ведомство Республиканың орталық атқарушы органының құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыра алады, сондай-ақ орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға ведомствоның құзыреті шегінде қатыса алады».

ҚР «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңына **2017 ж. 15 маусымдағы, 2017 ж. 3 шілдедегі, 2020 ж. 30 желтоқсандағы, 2022 ж. 5 қарашадағы, 2023 ж. 1 қаңтардағы, 2023 ж. 19 сәуірдегі, 2024 ж. 5 шілдедегі** конституциялық заңдармен¹¹ Үкіметтің өкілеттік мерзімі, құзыреті, актілері, есептілігі мен жауапкершілігі, Президентпен, Парламентпен және министрліктермен қарым-қатынасы, Республика Үкіметінің қызметін ұйымдастыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Аталған өзгерістердің шеңберінде жауапты хатшы институты таратылып, оның орнына Аппарат басшысы лауазымы енгізілді.

¹ 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 18 желтоқсандағы № 2688 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кенесінің Жаршысы, 1995, № 23, 145-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1999 ж. 6 мамырдағы № 379 Конституциялық заңы (Юридическая газета, 1999 ж. 12 мамыр).

⁵ «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы № 254 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 19 маусымдағы № 267 Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 12, 84-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 19 маусымдағы № 346 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 20, 227-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының жауапты хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 27 шілдедегі № 372 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 25, 285-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 1 маусымдағы № 991 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 36, 289-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы» ҚР 2014 ж. 29 қыркүйектегі № 238-V Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2014, № 19-I, 93-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 ж. 18 желтоқсандағы № 2688 ҚР Конституциялық заңы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/104316/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты (1) (1995–1997)

ҚР Министрлер Кабинеті Аппаратының қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Үкіметінің **1995 ж. 20 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ұйымдық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын атқару-өкімдік органы болып табылады.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 20 қазандағы** қаулысымен Үкімет аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; Аппарат басшысының бірінші орынбасары; Аппарат басшысының орынбасары; Аппарат басшысының орынбасары – бөлім меңгерушісі; Премьер-Министр кеңесшілері; Премьер-Министр орынбасарларының кеңесшілері; Премьер-Министр

орынбасарларының хатшылықтары; адвокаттар тобы; Аппарат басшысының көмекшісі; баспасөз-қызметі; экономикалық саясат бөлімі; қаржы, еңбек және ақша айналымы бөлімі; өнеркәсіп саясаты бөлімі; аграрлық сектордағы реформалар бөлімі; сыртқы байланыстар бөлімі; қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімі; аумақтық дамыту бөлімі; әлеуметтік-мәдени дамыту бөлімі; заң бөлімі; қаржы-шаруашылық бөлімі; кадрлық жұмыс бөлімі; Үкімет кеңсесі; Үкіметтің ҚР Парламентіндегі өкілдігі; ҚР алдында айрықша еңбек сіңіргені үшін зейнетақы белгілеу жөніндегі комиссия хатшылығы; ҚР Үкіметі жанындағы Экономикалық реформалар орталығы. Одан басқа: ҚР Үкіметі Аппаратының Өндірістік-пайдалану бірлестігі (дербес баланстағы заңды тұлға)².

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 1 ақпандағы** қаулысымен ҚР Үкіметі Аппаратының Өндірістік-пайдалану бірлестігі ҚР Үкіметі Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі болып қайта құрылды³. Уәкілетті органы және кәсіпорынның құрылтайшысы ҚР Үкіметінің Аппараты болып табылады.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 14 ақпандағы** қаулысымен Аппарат туралы ереже бекітілді⁴.

Негізгі міндеттері: Үкіметтің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар әзірлеу; әлеуметтік және экономикалық үрдістерді басқаруды жүзеге асыру, экономиканың әлеуметтік бағдарының бағдарламасын әзірлеу және іске асыру, еңбек, жұмыс және көші-қон үрдістері, азаматтарды әлеуметтік қорғау және әлеуметтік сақтандыру саласындағы саясатты қалыптастыру; барлық дәрежедегі атқару өкіметі органдарының осы мақсаттағы қызметін үйлестіру, олардан ҚР Үкіметі мен оның Президиумының шешімдерінің жобаларын, әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастыратын заңдардың, тұжырымдардың, болжамдардың жобаларын сапалы даярлау мақсатында дер кезінде ақпараттар алу, осы жобаларды әзірлеу мен сараптауға қатысу; ҚР заңдарының, Президент пен Үкімет актілерінің орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету және оларды ҚР министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдарының орындауын бақылау; ҚР министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдарының қызметі, өкілеттігі мен жауапкершілігі өрісін айқындайтын нормативті актілерді шығару; Парламент Мәжілісіне енгізілетін заңдар жобаларын қарау; Үкімет пен оның Президиумының мәжілістерін, халықаралық кездесулер мен ресми сапарларды, Премьер-Министрмен оның орынбасарлары өткізетін басқа да шараларды ақпараттық-талдамалық, құқықтық, ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету; Үкіметтің қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету, қызметтік құжаттарды, хаттар мен өтініштерді қарау, азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру, келіп түскен құжаттарды талдау; Үкімет пен Үкімет аппаратының қызметкерлерін шаруашылық, қаржы және материалдық-техникалық қызмет көрсету және т.б.

ҚР Үкіметінің Аппаратына жүктелген міндеттерді орындау үшін оның құрамында бөлімдер мен басқа құрылымдық бөлімшелер құрылады.

ҚР Үкіметі аппаратына тікелей бағынысты дербес баланстағы ведомстволық бағынысты кәсіпорындар: ҚР Үкіметі Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану кәсіпорны; «Алматы», «Жетісу», «Қазақстан» қонақ үйлерін филиалдарымен қосқанда қонақ үй шаруашылық бірлестігі.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен Аппараттың құрылымы бекітілді: басшылық; Үкімет аппаратының басшысы; бірінші орынбасары; Аппарат басшысының бірінші орынбасары; Аппарат басшысының орынбасары – аумақтық дамыту бөлімінің меңгерушісі; Аппарат басшысының орынбасары – Үкімет Кеңесінің бастығы; Премьер-Министр кеңесшілері мен көмекшілерінің тобы; Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының кеңесшілер тобы; Премьер-Министр орынбасарларының көмекшілер тобы; Аппарат басшысының көмекшісі; ҚР Үкіметінің баспасөз-қызметі; аумақтық дамыту бөлімі; үкіметтік шешімдерді даярлау жөніндегі бөлім; қаржы және әлеуметтік реформалар бөлімі; әлеуметтік-мәдени дамыту бөлімі; кәсіпорындар реформалары бөлімі; аграрлық сектордағы реформалар бөлімі; сыртқы байланыстар және хаттама бөлімі; қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімі; заң бөлімі; мемлекеттік қызмет және кадрлық жұмыс бөлімі; Үкімет кеңсесі; үкіметтік шешімдерді шығару жөніндегі бөлім; Үкіметтің ҚР Парламентіндегі өкілдігі; ҚР Үкіметі жанындағы Экономикалық реформалар орталығы; ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі хатшылық; мемлекеттік

қызметкерлерге зейнетақы белгілеу жөніндегі сектор; Үкімет Аппаратының бухгалтериясы; Үкімет Аппаратының қызмет көрсету секторы⁵.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 4 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Премьер-Министрінің Кеңесі** болып қайта құрылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 20 қазандағы № 1357 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 166 іс).

² Сонда.

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 108-б.

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 14 ақпандағы № 196 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/3164/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁵ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 109-б.

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі (1997–2023)

ҚР Үкіметі Аппаратының қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 17 наурыздағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің құрылымы бекітілді: Кеңсе басшысы; Кеңсе басшысының орынбасары; Кеңсе басшысының орынбасары – аймақтардың жұмыстарын үйлестіру бөлімінің меңгерушісі; Кеңсе басшысының орынбасары – құжаттамалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі; Премьер-Министрдің жеке хатшылығы; жеке хатшылық меңгерушісі, Премьер-Министрдің кеңесшілері мен көмекшілері тобы, Үкімет баспасөз-қызметі; Премьер-Министр орынбасарларының кеңесшілері мен көмекшілері тобы; Кеңсе басшысының көмекшісі; үкімет шешімдерін даярлауды үйлестіру бөлімі; аймақтардың жұмыстарын үйлестіру бөлімі; мемлекеттік қызмет және кадрлық жұмыс бөлімі; сыртқы байланыстар мен хаттама бөлімі; заң қызметі; құжаттамалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету бөлімі; Үкіметтің Парламенттегі өкілдігі². Одан басқа: Үкімет жанындағы Экономикалық реформалар орталығы; өндірістік-пайдалану бірлестігі (дербес баланста).

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 сәуірдегі** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесі туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес ҚР Премьер-Министр Кеңесі ҚР Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ұйымдық, құқықтық, ақпараттық-талдау, кеңестік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырған мемлекеттік орган болып табылды.

ҚР Премьер-Министр Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар болды: ҚР Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық, кеңестік, кадрлық, құқықтық қамтамасыз ету; Премьер-Министрді, Үкімет пен Премьер-Министр Кеңесінің жұмысшыларын қаржылай, шаруашылық, материалдық-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету; **ҚР Президенті Әкімшілігімен, Парламент** Палаталарының аппараттарымен, орталық және жергілікті атқарушы органдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, басқа да ұйымдар мен азаматтармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңесіне жүктелген функцияларды орындау үшін оның құрамында бөлімдер және басқа құрылымдық бөлімшелер құрылды.

Премьер-Министрі Кеңесінің тікелей қарамағында дербес баланстағы ведомстволық бағынысты кәсіпорындар болды: Премьер-Министр Кеңесінің республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі; «Алматы», «Жетісу», «Қазақстан» қонақ үйлері филиалдарымен қоса қонақ үй шаруашылығы бірлестігі.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 20 қазандағы** қаулысымен Кеңсенің жаңа құрылымы бекітілді: Басшылық; Премьер-Министр хатшылығы; құқықтық сараптама бөлімі; сараптама-талдау бөлімі; мемлекеттік қызмет, кадр және бақылау бөлімі; Үкіметтің Парламенттегі өкілдігі; хаттамалық-ұйымдық бөлім; құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі; ҚР Премьер-Министрінің баспасөз-қызметі⁴.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 10 желтоқсандағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министрінің Кеңесі туралы жаңа ереже бекітілді⁵. Құқықтық мәртебесі өзгермеді.

ҚР Премьер-Министрінің Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар болды: Үкімет регламентінің сақталуын қамтамасыз ету; Үкімет мәжілістерінің қарауына берілген мәселелердің тоқсандық тізбесін даярлау; Үкімет мәжілісінің күн тәртібінің жобасын құру; Үкімет қаулылары мен Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын сараптау; ҚР Үкіметі енгізген ҚР Президентінің жобалары мен актілерін сараптау; мәжілістерде қол қойылған Үкімет қаулыларын шығару; Президент, Үкімет, Премьер-Министрі актілерінің орындалу мерзімін бақылауды жүзеге асыру; Үкімет және оның Алқасының мәжілістерін, халықаралық кездесулер мен ресми сапарларды, Премьер-Министр мен оның орынбасарлары өткізетін басқа да шараларды ақпараттық-талдау, құқықтық, ұйымдық, кеңестік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету; Премьер-Министрдің бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын қамтамасыз ету; ҚР заңнамасын сақтау, жүйелеу және кодификациялау; оқулар ұйымдастыру, кадрлар даярлау және қайта даярлау; Премьер-Министр мен Үкіметтің қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету, іс жүргізу; қызметтік құжаттарды қарау; азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау; азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру және т.б.

Премьер-Министр Кеңесінің тікелей қарамағында дербес баланстағы ведомстволық бағынысты ұйымдар бар: Премьер-Министр Кеңесінің республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі; «Алматы», «Жетісу», «Қазақстан» қонақ үйлері филиалдарымен қоса қонақ үй шаруашылығы бірлестігі.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 9 наурыздағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің құрамы ТМД-мен байланыс жөніндегі бөліммен толықтырылды⁶.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 30 маусымдағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің құрылымына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁷. Құрылымнан сараптау-талдау бөлімі; мемлекеттік қызмет, кадрлар және бақылау бөлімі; хаттамалық-ұйымдастыру бөлімі шығарылды. Құрылымға қаржы-экономикалық сараптау бөлімі; ақпарат және талдау бөлімі; ұйымдастыру және бақылау бөлімі; сыртқы экономикалық байланыстар және хаттама бөлімі енгізілді.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 4 қарашадағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің құрылымына өзгерістер енгізілді: ұйымдастыру және бақылау бөлімі ұйымдастыру, бақылау және қауіпсіздік бөлімі болып қайта аталды⁸.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесі туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁹.

ҚР Премьер-Министр Кеңесі мемлекеттік органдардың қызметі мен бақылау функцияларын үйлестіруді орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеме болып табылады.

ҚР Премьер-Министр Кеңесінің негізгі міндеттері: ҚР Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз ету; Үкімет пен Премьер-Министр актілерін даярлау және орындау барысында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; ҚР Үкіметі мен Премьер-Министрі шешімдерінің жобалары мен орындалу келісімінің мерзімін бақылау.

Кеңсе құрылымы: басшылық; Премьер-Министр хатшылығы; Премьер-Министрдің баспасөз-қызметі; Үкіметтің Парламенттегі өкілдігі; экономикалық бөлім; өндірістік сала бөлімі; заң бөлімі; ақпараттық-талдау бөлімі; аймақтық дамыту және кадр бөлімі; сыртқы экономикалық байланыстар мен хаттама бөлімі; бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі; қаржы-шаруашылық бөлімі; ҚР Министрінің хатшылығы – ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 9 қыркүйектегі** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің құрамы Үкіметтік ақпарат бөлімімен толықтырылды¹⁰.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 3 қарашадағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің жаңа құрамы бекітілді: басшылық; Премьер-Министр хатшылығы; Премьер-Министрдің баспасөз-қызметі; Үкіметтің Парламенттегі өкілдігі; экономикалық бөлім; аймақтық дамыту және әлеуметтік сала бөлімі; өндірістік бөлімі; заң бөлімі; ақпараттық-талдау бөлімі; кадрлық жұмыс бөлімі; сыртқы байланыстар бөлімі; бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі; қаржы-шаруашылық бөлімі; ҚР Министрінің хатшылығы – ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы¹¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 8 желтоқсандағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің құрылымына өзгертулер енгізілді¹². Құрылымнан Премьер-Министрдің баспасөз қызметі; заң бөлімі; ақпараттық-талдау бөлімі шығарылды. Құрылымға үкіметтік ақпарат бөлімі; заңнама, қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімі; жиынтық талдау бөлімі енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 2 наурыздағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің негізгі міндеттері толықтырылды: тиісті құжаттарға қол қою немесе мақұлдау туралы шешім қабылдау кезінде Премьер-Министр, оның орынбасарлары мен Премьер-Министр Кеңесінің басшысы үшін ақпараттық-ұсыныстық сипаттағы материалдарға қаржы-экономикалық және құқықтық сараптама жүргізу¹³.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 15 мамырдағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің құрамы Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңес хатшылығымен толықтырылды¹⁴.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 29 маусымдағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің құрылымына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді¹⁵. Құрылымнан заңнама, қорғаныс және құқық тәртібі бөлімі шығарылды. Құрылымға заң бөлімі; қорғаныс және құқық тәртібі бөлімі енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 17 қаңтардағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің құрылымы бекітілді: басшылық; Премьер-Министрдің хатшылығы; үкіметтік ақпарат бөлімі; **Үкіметтің** Парламенттегі өкілдігі; заң бөлімі; аймақтық дамыту бөлімі; экономикалық бөлім; өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімі; қосымша талдау бөлімі; әлеуметтік-мәдени дамыту бөлімі; сыртқы байланыстар бөлімі; қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлім; кадрлық жұмыс бөлімі; бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі; қаржы-шаруашылық бөлімі; Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес хатшылығы; **ҚР Президенті** жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссияның Төрағасы – Министр хатшылығы¹⁶.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министр Кеңесінің құрылымындағы «Үкіметтік ақпарат бөлімі» жолы мынадай редакцияда мазмұндалды: «ҚР Премьер-Министрінің баспасөз қызметі»¹⁷.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі** оны ҚР Премьер-Министрінің Кеңесіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылды¹⁸.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 11 қыркүйектегі** қаулысымен ҚР Премьер-Министрінің Кеңесі туралы ереже бекітілді¹⁹.

ҚР Премьер-Министр Кеңесі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді, бақылау функцияларын және заңнамада әрі осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау мен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

ҚР Премьер-Министр Кеңесінің негізгі міндеттері: ҚР Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, құжаттамалық және өзге де қамтамасыз ету; мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру; мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі құқықтық, әкімшілік, техникалық және өзге де шараларды әзірлеу, олардың іске асырылуын және сақталуын бақылау; мемлекеттік органдарды ақпараттық-телекоммуникациялық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін, оның ішінде ақпараттық дерекқор құру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; Үкімет пен Премьер-Министрдің кесімдерін дайындау және атқару процесінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; Мемлекет

басшысының шешімдері мен Үкіметке берілген тапсырмаларының, Үкімет пен Премьер-Министр шешімдерінің, Премьер-Министр, оның орынбасарлары, Кеңсе Басшысы және оның орынбасарлары тапсырмаларының орындалу мерзімін бақылау; Премьер-Министр, оның орынбасарлары және Кеңсе Басшысы үшін олар тиісті құжаттарға қол қою не оларды келісу туралы шешім қабылдауы кезінде оның нәтижелері бойынша қорытындының ақпараттық-ұсынымдық сипаты болатын Үкімет пен Премьер-Министрдің шешімдері жобаларының қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де аспектілеріне сараптама жасау.

Кеңсенің құрылымы мен штат кестесін белгіленген штат санының лимиті шегінде Кеңсе Басшысы бекітеді.

Кеңсе қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді, олар: «Ақпаратты техникалық қорғау орталығы» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі және «Алмас» РМҚК.

Кейіннен Кеңсе туралы ережеге Кеңсенің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі, Кеңсенің штат санының лимиті, миссиясы, Кеңсенің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері, Кеңсе қызметін ұйымдастыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар²⁰ енгізілді.

ҚР Президентінің **2007 ж. 17 сәуірдегі** Жарлығымен ҚР Үкіметіне **ҚР Президенті** жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы хатшылығын 8 бірліктен тұратын штат санымен қоса ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінен **ҚР Президенті Әкімшілігіне** беру тапсырылды²¹.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі «Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру орталығы» мемлекеттік мекемесімен толықтырылды²².

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 16 наурыздағы** Қаулысымен ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесімен» толықтырылды²³.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 21 маусымдағы** Қаулысымен²⁴ Кеңсенің қарауындағы ұйымдардың тізбесі ҚР Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ құрылуына байланысты таратылған «Коммуникациялар орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесімен толықтырылды және ҚР Үкіметінің **2012 ж. 2 қарашадағы** Қаулысымен Кеңсенің қарауындағы ұйымдардың тізбесінен алынып тасталды²⁵.

2017 ж. 29 қарашадағы ҚР Үкіметінің қаулысымен Кеңсенің құқықтық мәртебесі нақтыланды: «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі – мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді, бақылау функцияларын және заңнамамен осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады»²⁶.

2023 ж. 2 қаңтардағы ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрдің Кеңсесі **ҚР Үкіметінің Аппараты (2)** болып қайта құрылды²⁷.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 110-б.

³ «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 сәуірдегі № 689 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/1390/kaz> ((жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 110-б.

⁵ «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 10 желтоқсандағы № 1732 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 53, 484-құжат).

⁶ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 112-б.

⁷ «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 20 қазандағы № 1449 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 612 қаулысы // Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 112-б.

⁸ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 113-б.

- ⁹ «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 20 мамырдағы № 592 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/2940/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ¹⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы № 592 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 9 қыркүйектегі № 1353 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/4023/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ¹¹ «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 3 қарашадағы № 1645 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/4479/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ¹² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 113-б.
- ¹³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 114-б.
- ¹⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 114-б.
- ¹⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы № 1645 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 29 маусымдағы № 971 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/6511/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ¹⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы № 592 және 1999 ж. 3 қарашадағы № 1645 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 17 қаңтардағы № 58 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000058/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ¹⁷ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы № 1645 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 31 қаңтардағы № 145 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/11180/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ¹⁸ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).
- ¹⁹ «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 11 қыркүйектегі № 993 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 29, 327-құжат).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысы (өзгерістер тарихымен) қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]:— URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020000993/_history (жүгінген күні: 30.12.2024).
- ²¹ «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 17 сәуірдегі №317 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 12, 135-құжат).
- ²² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 27 желтоқсандағы № 1304 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 49, 601-құжат).
- ²³ «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 16 наурыздағы № 338 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 37, 495-құжат).
- ²⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 11 қыркүйектегі № 993 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020000993/_history (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ²⁴ «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің «Коммуникация орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесін құру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 21 маусымдағы № 814 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 57, 791-құжат).
- ²⁵ «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің «Коммуникациялар орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесін тарату және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 2 қарашадағы № 1396 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 77-78, 1139-құжат).
- ²⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 29 қарашадағы № 793 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 64-65, 390-құжат).
- ²⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж/ 2 қаңтардағы № 79 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 1, 1-құжат).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты (2) (2023*)

2023 ж. 2 қаңтардағы ҚР Президентінің Жарлығымен¹ **Премьер-Министрдің Кеңесін** қайта құру нәтижесінде Үкімет Аппараты құрылды².

Жарлыққа сәйкес, Үкімет Аппараты – орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді, сондай-ақ Премьер-Министр мен Үкіметтің қызметін ұйымдастырушылық-

құқықтық, сараптамалық-талдамалық, кадрлық, ақпараттық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Үкімет Аппаратын Үкімет Аппаратының Басшысы басқарады. Ол – Үкімет мүшесі болып табылады, Премьер-Министрдің ұсынуымен Президенттің Жарлығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

Үкімет Аппаратының құрылымы, штаттық кестесі және лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары Үкімет Аппараты Басшысының өкімімен, белгіленген штат саны лимиті шегінде бекітіледі.

2024 ж. 14 маусымдағы ҚР Үкіметінің қаулысымен Үкімет Аппараты туралы ережеге өзгерістер енгізілді. Аталған өзгерістер: Үкімет Аппаратының штат саны лимитін нақтылау бөлігінде жүзеге асырылды, ол Аппараттың ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемесін ескере отырып, 593 бірлік мөлшерінде белгіленді³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 2 қаңтардағы № 79 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 1, 1-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері» туралы 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі туралы ережені, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің жұмысын ұйымдастыру және мемлекеттік фельдъегерлік байланыстың көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ мемлекеттік фельдъегерлік байланыстың көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 997қбп қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 6 қаңтардағы № 9 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/178512/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 7 ақпан).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 «Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының мәселелері туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 14 маусымдағы № 469 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 29, 162-құжат).

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
САЛАЛЫҚ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ**

1. Экономиканы басқару органдары

1.1 Болжау және жоспарлау саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті (1991–1993)

Таратылған Қазақ КСР Мемлекеттік жоспар комитеті мен Қазақ КСР Баға жөніндегі мемлекеттік комитетінің негізінде Қазақ КСР Президентінің **1990 ж. 20 желтоқсандағы** Жарлығымен Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті ретінде құрылды¹. Кейіннен **1991 ж. 10 желтоқсандағы** Қазақ КСР-ның «Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заңын орындау аясында Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті деп қайта аталды².

Мемкомитет республиканың халық шаруашылығын дамытудың стратегиялық бағыттарын талдап жасау үшін әлеуметтік-экономикалық болжамдар әзірлеуді, экономиканы әлеуметтік қайта бағдарлау, мемлекеттік инвестициялардың, қаржылық және аса маңызды материалдық техникалық ресурстардың басым бағыттарын белгілей отырып, салааралық, аймақаралық және республикааралық экономикалық проблемаларды кешенді шешу бағдарламаларын жасауды жүзеге асыратын республиканың экономикалық органы болып табылды³.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: республикада әзірленген экономикалық саясатты іске асыру бойынша республиканың министрліктерінің, ведомстволарының, жергілікті Кеңестердің атқару комитеттерінің, концерндердің, қауымдастықтардың және басқа да өзін-өзі басқаратын ұйымдарының қызметін үйлестіруді және әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету; бағаның реттелуін және баға белгілеу тетігін басқаруды жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **1993 ж. 11 қаңтардағы**⁴ Жарлығымен мемкомитет **ҚР Экономика министрлігі (1)** болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақ КСР-да мемлекеттік басқару органдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы № 172 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 2, 21-құжат).

² «Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48-50, 585-құжат).

³ «Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 8 қаңтардағы № 198 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, №3, 35-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы №1066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 1, 7-құжат).

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі (1) (1993–1997)

ҚР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1993 ж. 11 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

Сондай-ақ, осы Жарлықпен **ҚР Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігі** **ҚР Экономика министрлігі жанындағы Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттік** болып қайта құрылды, оған **ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен ҚР Қаржы министрлігінің** тиісті функциялары берілді².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 16 наурыздағы** қаулысымен³ министрлік туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес министрлік мемлекеттік атқарушы билік жүйесінде орталық салааралық экономикалық орган болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болды: макроэкономикалық және құрылымдық саясатты, оны жүзеге асырудың тетіктерін жасау; экономикалық және әлеуметтік дамуды индикативті жоспарлау; мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар жасау; аймақтық

экономикалық саясатты қалыптастыру; салааралық, аймақаралық және мемлекетаралық экономикалық проблемаларды кешенді шешу шараларын жүзеге асыру; сыртқы экономикалық саясатты жасау; шетелдік инвестицияларды тарту саласындағы саясатты белгілеу; төлем балансына талдау және болжам жасау; макроэкономикалық саясаттың тетіктерін жасау; сыртқы көмекті үйлестіру және т.б.

Облыстарда, Алматы және Ленинск қалаларында экономиканы басқару аумақтық органдары қызмет етті.

Министрлік жанында қызмет еткен *Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігі* мен *Баға комитеті* арқылы министрлік шетел несиелерді, инвестицияларды және де техникалық көмекті тарту мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясатты және баға саясатын жүзеге асырды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 8 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; Министрдің хатшылығы; экономикалық стратегия және дамуды болжау бас басқармасы; сыртқы экономикалық саясат бас басқармасы; қаржы саясаты бас басқармасы; өнеркәсіп саясаты бас басқармасы; инвестициялық саясат бас басқармасы; аймақтық саясат басқармасы (жетекші); әлеуметтік саясат басқармасы (жетекші); аграрлық саясат басқармасы (жетекші); ғылыми-технологиялық саясат басқармасы (жетекші); экономиканың жекеменшік секторын дамыту басқармасы (жетекші); тұтыну нарығын дамыту басқармасы (жетекші); нарықтық инфрақұрылымды дамыту басқармасы (жетекші); меншік қатынастары басқармасы (жетекші); қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету басқармасы (жетекші); коммуникацияларды дамыту басқармасы (жетекші); жұмылдыру бағдарламалары мен мемлекеттік резервтер басқармасы (жетекші); кадрлар даярлауды үйлестіру басқармасы (жетекші); іс басқармасы; бухгалтерлік есеп пен есеп беру басқармасы; аппарат жұмысын ұйымдастыру және іс жүргізу басқармасы; кадр бөлімі; заң бөлімі; бірінші бөлім⁴.

ҚР Президентінің *1995 ж. 15 наурыздағы* Жарлығымен ҚР Экономика министрлігі жанындағы Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігі таратылды⁵. Оның базасында *ҚР Министрлер Кабинеті жанынан Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет* құрылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 29 сәуірдегі* қаулысымен министрлік жанынан *Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік* құрылды⁶.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен министрлік жанындағы *Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік* болып қайта ұйымдастырылды⁷.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді⁸.

Ережеге сәйкес министрлік бірыңғай мемлекеттік экономикалық саясатты жүзеге асыратын атқарушы өкімет жүйесіндегі үйлестіруші салааралық орган болып табылды. Министрліктің негізгі міндеті ҚР болашаққа арналған экономикалық және әлеуметтік дамуының бағдарламаларын, жоспарлары мен болжамдарын жасау болып табылды.

Министрлік экономиканы облыстық, қалалық және аудандық басқармаларының қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асырды.

Министрлік орталық аппаратының құрылымы: басшылық; талдау және макроэкономикалық болжамдар жөніндегі бас басқарма; сыртқы экономикалық саясат және төлем балансы жөніндегі бас басқарма; құрылым және инвестиция саясаты жөніндегі бас басқарма; микроэкономикалық саясаты жөніндегі бас басқарма; аймақтық саясат және реформаларды қамтамасыз етудің ұйымдық-орындаушы бас басқармасы; қаржыны бағдарлау басқармасы; шағын және орта бизнесті дамыту, инфрақұрылым нарығы басқармасы; қорғаныс кешені экономикасының басқармасы; тауар нарықтарын дамыту басқармасы; әлеуметтік саясат және кадр әлеуеті басқармасы; аппарат жүйелерін және технологиялық даму экономикасы басқармасы; экономикалық қауіпсіздік және жұмылдыру бағдарламалары басқармасы; заң бөлімі; іс басқармасы; бірінші бөлім; кадр жұмысы бөлімі; бухгалтерлік есеп пен есеп беру бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; талдау және макроэкономикалық болжамдар бас басқармасы; сыртқы экономикалық саясат бас басқармасы; микроэкономикалық саясат және мониторинг бас басқармасы; аймақтық саясат бас басқармасы; инвестициялық саясат басқармасы; қаржыны бағдарламалау басқармасы; рыноктың инфрақұрылымы және меншік қатынастары басқармасы; тауар рыноктарын дамыту басқармасы; қорғаныс кешені мен жұмылдыру бағдарламалары басқармасы; әлеуметтік саясат басқармасы; ақпараттық жүйелер және технологиялық даму экономикасы басқармасы; құқықтық сектор; бухгалтерлік есеп пен есеп беру бөлімі; кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі; жалпы бөлім⁹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 24 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік жанынан **Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі агенттігі** құрылды¹⁰.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Экономика министрлігі (1) таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экономика және сауда министрлігіне** берілді¹¹.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы № 1066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 1, 7-құжат).

² Сонда

³ «Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 16 наурыздағы № 200 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 14, 169-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі орталық аппаратының құрылымы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 8 желтоқсандағы №1396 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 20 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанынан Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 15 наурыздағы № 2097 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 9, 98-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Экономика жөніндегі министрлігі жанынан Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 сәуірдегі № 604 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 16, 182-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1807 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 38, 496-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі орталық аппаратының құрылымы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 желтоқсандағы № 1547 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 481 іс).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі министрлігі жанындағы Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі агенттігін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 желтоқсандағы №1597 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 52, 503-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (1) (1997)

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен құрылды. Оған таратылған **ҚР Экономика министрлігінің (1), ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, ҚР Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің, ҚР Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің, ҚР Ұлттық статистика агенттігінің, ҚР Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің, ҚР Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің** функциялары, мүлкін басқару жөніндегі өкілеттігі берілді¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 25 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің құрылымы бекітілді: басшылық; индикативтік жоспарлау департаменті; сыртқы сауда саясаты және ынтымақтастық департаменті; өнеркәсіп департаменті; аймақтық саясат және әлеуметтік сала департаменті; мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар департаменті; монополияға қарсы саясат департаменті; бағаны реттеу департаменті; шағын кәсіпкерлікті қолдау департаменті; мемлекеттік сатып алулар департаменті; тұтынушылардың құқығын қорғау және тұрмыстық-коммуналдық саладағы реформалар департаменті; қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасы; құжат айналысын ұйымдастыру басқармасы; іс басқармасы; кадр және арнайы жұмыс бөлімі; заң бөлімі; **Ұлттық**

*статистикалық агенттік (заңды тұлға құқығында); Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі (заңды тұлға құқығында); Авторлық құқықтар жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында); Патент агенттігі (заңды тұлға құқығында); Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында)*².

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 мамырдағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді³.
Ережеге сәйкес министрлік ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болды: ҚР Үкіметінің мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттары бойынша болжаулар мен ұсыныстар әзірлеу, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін жүзеге асыру; мемлекеттік, макроэкономикалық, инвестициялық, өнеркәсіптік, сауда, сәулет-қала құрылысы мен тұрғын үй, баға, монополияға қарсы, аймақтық, сыртқы экономикалық саясатты, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті дамыту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы саясатын әзірлеу және іске асыру; статистика саласында, стандарттау, метрология және сертификаттау саласында, авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізу және басшылық ету; ҚР бірыңғай патенттік жүйесін құру және басқару.

Министрлік, оның жанындағы агенттіктер, министрлік пен агенттіктердің аймақтық органдары, сондай-ақ оларға бағынысты ұйымдар ҚР Экономика және сауда министрлігінің бірыңғай жүйесін құрады.

Министрліктің агенттіктері туралы ережелер бекітілді: *Ұлттық статистика агенттігі, Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі, Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі, Патент агенттігі*.⁴

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен ҚР Экономика және сауда министрлігі таратылды⁵. Функцияларының, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері бір бөлігі *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне*, бір бөлігі *ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне (1)* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 25 мамырдағы № 661 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 762 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 875 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 21, 189-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 875 қаулысына № 1-5 қосымшалар (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 21, 189-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру реформалау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (1) (1997–1998)

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹. Оған таратылған *ҚР Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігінің* функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері, *ҚР Экономика және сауда министрлігінің* функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігі берілді.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 12 қарашадағы* қаулысымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік жалпыұлттық дамудың бірыңғай мемлекеттік саясатын әзірлеуді, стратегиялық жоспарлар мен жекелеген бағдарламаларды дайындау және іске асыру кезінде мемлекеттік басқару органдарының қызметін ведомствоаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылды.

Агенттіктің негізгі функциялары мыналар болды: ҚР ұлттық дамуының стратегиялық

жоспарларын әзірлеу; елдің қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған әлеуметтік экономикалық даму жоспарларын және болжамдарын әзірлеу; әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру және үйлестіру; стратегиялық бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік бюджеттің негізгі көрсеткіштері мен жіктемелерін жоспарлау және әзірлеу, бюджет саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын жасау; мемлекеттік баға, монополияға қарсы, өңірлік, сыртқы экономикалық, әлеуметтік саясатты әзірлеу және жүзеге асыру; статистика аясында, стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу; ҚР бірыңғай патент жүйесін басқару.

Агенттіктің жүйесіне департаменттер, комитеттер, аумақтық органдар, сондай-ақ оның қызметін қамтамасыз ететін ұйымдар кірді.

Агенттіктің құрылымы: басшылық, стратегиялық талдау департаменті, макроэкономикалық саясат және болжамдау департаменті, стратегиялық жоспарлау департаменті, сыртқы экономикалық стратегия департаменті, сыртқы көмекті үйлестіру департаменті, әлеуметтік-экономикалық саладағы реформалар департаменті, ұйымдастыру-талдау жұмысы департаменті, **Статистика және талдау жөніндегі комитет** (заңды тұлға құқығында), **Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет** (заңды тұлға құқығында), **Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет** (заңды тұлға құқығында).

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 24 ақпандағы** қаулысымен Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (заңды тұлға құқығында) агенттіктің құрамынан бөлініп шығарылып, **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің** қарауына берілді³.

ҚР Президентінің **1998 ж. 21 мамырдағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне (2), ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитетіне және ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, «Қазпатент» және «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1552 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 48, 449-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 24 ақпандағы № 136 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 7, 38-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитеті (1998–1999)

ҚР Президентінің **1998 ж. 21 мамырдағы** Жарлығымен **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі агенттігінің (1)** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 31 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарларын әзірлеуді, арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ атқарушы органдардың осы жоспарларды дайындау және іске асыру кезіндегі қызметін ведомствоаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: атқарушы органдармен бірлесіп ҚР-ң әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу және олардың орындалуына бақылау жасау; мемлекеттік аймақтық, макроэкономикалық, әлеуметтік және

сыртқы экономикалық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; мемлекеттік инвестициялардың бағдарламаларын әзірлеу; экономикалық ақпаратты жедел жинау, талдау және өңдеу жүйесін жетілдіруге, жаңа есептеу және телекоммуникациялық жүйелердің базасында біртұтас ақпараттық жүйе құруға қатысу.

Комитеттің құрылымы: басшылық, индикативтік жоспарлау басқармасы, салалық және аймақтық саясат басқармасы, ақпараттық-талдау жұмыстары басқармасы, сыртқы көмекті үйлестіру басқармасы, ұйымдастыру жұмысы бөлімі.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Экономикалық жоспарлау агенттігінің** құрылуына байланысты комитет өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 31 шілдедегі № 725 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 25, 217-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі (1999)

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 25 наурыздағы** қаулысымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР-ның мен облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуді ұйымдастыру, әдіснамалық басшылықты жүзеге асыруға, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау мен болжауға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативті жоспарлары және жалпы экономикалық сипаттағы басқа да құжаттарды дайындау мен іске асыру кезінде салааралық үйлестіруге өкілеттілік берілген **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: ҚР-ның әлеуметтік-экономикалық дамуын экономикалық талдау және болжау; ҚР-ның әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар әзірлеу жөнінде орталық және жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік және ұйымдық басшылық жасау және олардың орындалуын бақылау; ҚР Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу жөнінде орталық атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру және олардың орындалуын бақылау.

Облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында облыстардың, Астана мен Алматы қалалары әкімдерінің атқарушы органдары болып табылатын экономика басқармалары (комитеттері) жұмыс істеді.

Агенттіктің құрылымы: басшылық, макроэкономикалық және аймақтық саясат департаменті, инвестициялық саясат департаменті, ақпараттық-ұйымдастыру жұмысы басқармасы.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Экономика министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 наурыздағы № 297 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 10, 88-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Экономика министрлігі (2)
(1999–2000)**

ҚР Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 30 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік ҚР, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуді ұйымдастыру саласында мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдауға және болжауға, әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарларын және жалпы экономикалық сипаттағы басқа да құжаттарды дайындауға және іске асыруға уәкілетті орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болды: *ҚР Үкіметінің* мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын әзірлеу және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін жүзеге асыру; мемлекеттік макроэкономикалық, инвестициялық, аймақтық және сыртқы экономикалық саясатты әзірлеу және оның іске асырылуын бақылау; ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау, болжау және реформалардың барысын бағалау; ҚР Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасын, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын әзірлеу және олардың атқарылуын бақылау; мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеу және олардың атқарылуын бақылау; жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында республикада бірыңғай мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және жүргізудің қамтамасыз ету, ҚР жұмылдыру жоспарын дайындау.

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы* Жарлығымен ҚР Экономика министрлігі (2) *ҚР Экономика және сауда министрлігі (2)* болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 30 қарашадағы № 1817 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 52, 519-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Экономика және сауда министрлігі (2)
(2000–2002)**

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы* Жарлығымен *ҚР Экономика министрлігінің (2)* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 31 қаңтардағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді². Мына ведомстволар қайта ұйымдастырылды: *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті ҚР Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетіне; ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті ҚР Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне; ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті ҚР Экономика және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитетіне; ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті ҚР Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетіне.*

Ережеге сәйкес министрлік басшылықты және заңнамамен көзделген шегінде ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеудің салааралық үйлестіруді,

сондай-ақ осы бағыттардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болды: мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін жүзеге асыру; экономикалық дамудың мемлекеттік саясатын, инвестициялық, сыртқы экономикалық, өнеркәсіптік (атом, тау-кен металлургиясы, химия және мұнай химиясы өнеркәсібінен басқа) сауда, аймақтық саясат әзірлеу және іске асыруға қатысу және әлеуметтік саясат әзірлеуге қатысу; ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуын экономикалық талдау, болжау және реформалардың барысын бағалау; **ҚР Үкіметінің** Іс-қимыл бағдарламасын, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау; мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеу және оның орындалуын бақылау; инвестициялық саясатты дамыту стратегиясын әзірлеу және іске асыру; ықтимал инвесторларды тарту және инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп ұйымдарға жәрдем көрсету; өз құзыреті шегінде өнеркәсіп салаларын және ресурстық пен технологиялық базаны өзгерту негізінде құрылысты дамыту және реформалау бағдарламаларын әзірлеу, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар дайындау; тарифтік және тарифтік емес реттеу әдістерімен сыртқы экономикалық қызметті реттеуге қатысу; демпингке қарсы бақылауды қамтамасыз ету және отандық тауар өндірушілерді қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу; мемлекеттік активтерді тиімді басқару және мемлекеттік меншікті жекешелендіру саясатын жүргізуге қатысу; стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мемлекеттік саясат жүргізу; экспорттық бақылау саласында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; ҚР өнеркәсіп саласындағы ғылыми-техникалық және технологиялық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу және іске асырылуын қамтамасыз ету; ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлікті, инновациялық қызметті дамыту, ғылыми-техникалық өнім нарығын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау; жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласында республикада бірыңғай мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және жүргізілуін қамтамасыз ету, жұмылдыру жоспарын даярлау.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 2 мамырдағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесіне өзгертулер енгізілді: министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шегінде ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуді салааралық үйлестіруді, сондай-ақ қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын және осы бағыттардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды³.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен министрлік оның өнеркәсіпті, құрылысты және сауданы басқару, стандарттау, метрология және сертификаттауды басқару саласындағы функциялары мен өкілеттіктері ҚР Индустрия және сауда министрлігіне беріле отырып, **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне** және **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** бөлу арқылы қайта құрылды⁴.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен ҚР Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері және Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттерінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері ҚР Индустрия және сауда министрлігінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарына біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды⁵.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен министрліктің мына комитеттері таратылды: Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті, оның мүлкі жаңадан құрылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитетіне** берілді; Құрылыс істері жөніндегі комитеті, оның мүлкі жаңадан құрылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетіне** берілді; Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті, оның мүлкі жаңадан құрылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетіне** берілді; Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, оның мүлкі жаңадан құрылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне** берілді⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 4-5, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 2 мамырдағы № 589 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 16, 208-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (2002–2010, 2013–2014)

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен *ҚР Экономика және сауда министрлігін (2)* ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен *ҚР Индустрия және сауда министрлігіне*, оған өнеркәсіпті, құрылыс және сауданы, стандарттау, метрология және сертификаттауды басқару саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Министрлікке қайта ұйымдастырылған *ҚР Қаржы министрлігінің* бюджеттік жоспарлау саласындағы, сондай-ақ қайта ұйымдастырылған *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің* мемлекеттік кірістер саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді. Сондай-ақ *ҚР Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі* оны ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 4 қыркүйектегі* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуді салааралық үйлестіруді, ҚР стратегиялық жоспарларын және ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын, мемлекеттік қаржыны басқаруды, орта мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болды: ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын және басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру; ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуын экономикалық талдау, макроэкономикалық болжамдау және реттеу мен реформалардың барысын бағалау; стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және жетілдіру; мемлекеттің ақша-кредит саясатымен өзара қарым-қатынаста мемлекеттік салық-бюджет және инвестициялық саясатты, сондай-ақ халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар саласындағы саясатты қалыптастыру және іске асыру; мемлекеттік активтерді тиімді басқару саясатын әзірлеуге және оны іске асыруға қатысу; мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.

ҚР Үкіметінің *2003 ж. 20 тамыздағы* қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³. Министрліктің құқықтық мәртебесі туралы жолдарға оның лицензиялау жүйесінің негізгі бағыттарын әзірлеуді салааралық үйлестіруді жүзеге асыратындығы қосылды. Министрліктің негізгі міндеттері толықтырылды: ҚР Премьер-Министріне ол мемлекет Басшысының қарауына ұсынуы үшін ҚР мемлекеттік бюджетті есебінен ұсталатын органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі бойынша ұсыныстар енгізу; мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыруға қатысу; лицензиялау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; жұмылдыру даярлығы мен жұмылдыру саласындағы негізгі бағыттарды әзірлеу және бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 11 ақпандағы* қаулысымен министрлік туралы ережеге толықтырулар енгізілді⁴. Министрліктің құқықтық мәртебесіне қатысты жолдарға министрлік салааралық үйлестірумен қатар, оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өңіраралық үйлестіруді де жүзеге асыратыны қосылды. Министрліктің негізгі міндеттеріне бағдарламалар бойынша уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру міндеті қосылды.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен министрлікке *ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің* экономика секторларында мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру аясындағы функциялары берілді⁵.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 28 қазандағы* қаулысымен Министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁶. Министрлік ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарын тиімді іске асыруға ықпал ететін мемлекеттік жоспарлау жүйесін құру және дамыту миссиясы болып табылатын орталық атқарушы орган.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын және басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру; мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарымен және ақша-кредит саясатымен өзара қарым-қатынаста мемлекеттік фискалдық, кедендік және бюджеттік инвестициялық саясатты, сондай-ақ халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар саласындағы саясатты қалыптастыру; экономика секторларында мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру.

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 11 қазандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды⁷.

Министрлік миссиясы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым міндеттерін іске асыруға бағдарланған мемлекеттік жоспарлаудың біртұтас және тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылатын мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуді салааралық және өңіраралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын және басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарымен және ақша-кредит саясатымен өзара іс-қимылда мемлекеттік фискалдық, инвестициялық, өңірлік (аумақтық) саясаттың, сондай-ақ халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар, экономиканың секторларында мемлекеттік активтерді басқару саласындағы саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу.

ҚР Президентінің *2009 ж. 24 маусымдағы* Жарлығымен *ҚР Индустрия және сауда министрлігі* оның кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу жөніндегі функциялары ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне беріле отырып, қайта ұйымдастырылды⁸.

ҚР Үкіметінің *2009 ж. 15 шілдедегі* қаулысымен министрліктің негізгі міндеттері жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, мемлекеттік басқару жөнінде ұсыныстар әзірлеу міндетімен толықтырылды⁹.

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы* Жарлығымен министрлік *ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі* етіп құру жолымен, оның ішінде соңғысына стратегиялық жоспарлау және өңірлік даму саласындағы, сондай-ақ оған *ҚР Индустрия және сауда министрлігінен* сауда саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, қайта ұйымдастырылды¹⁰. Министрліктің бюджеттік, салықтық және кедендік саясатты қалыптастыру және бюджеттік жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Қаржы министрлігіне* берілді.

ҚР Президентінің *2013 ж. 16 қаңтардағы* Жарлығымен министрлік бұрынғы атауымен қайта құрылды¹¹, оған мынадай салалардағы функциялар мен өкілеттіктер берілді: *ҚР Қаржы министрлігінен* – бюджеттік жоспарлау; *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен* – инвестицияларды қолдау және қолайлы инвестициялық ахуалды жасаудың

мемлекеттік саясатын қалыптастыру; *ҚР Ішкі істер министрлігінен* – халықтың көші-қон аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру. Қосымша министрлікке «жасыл экономиканы» дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер жүктелді.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен министрлік бюджеттік жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін қоспағанда, оның функциялары мен өкілеттіктерін жаңадан құрылған *ҚР Ұлттық экономика министрлігіне* беру жолымен қайта құрылды¹².

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002 ж. № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 4 қыркүйектегі № 970 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 29, 323-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 20 тамыздағы № 837 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 34, 342-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі № 970 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 11 ақпандағы № 167 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 7, 96-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1116 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 41, 528-құжат).

⁷ «ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 11 қазандағы № 926 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 37, 428-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 24 маусымдағы № 832 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 31, 279-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 15 шілдедегі № 1071 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 33, 311-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, № 12, 211-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі (2010–2013)

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы* Жарлығымен *ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі*, соның ішінде оған стратегиялық жоспарлау және өңірлік даму саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді жүктей, сондай-ақ *ҚР Индустрия және сауда министрлігінен* сауда саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, қайта құру жолымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 31 наурыздағы* қаулысымен *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті* *ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Сауда комитеті* болып қайта аталды².

ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі – миссиясы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым міндеттерін іске асыруға бағдарланған мемлекеттік жоспарлаудың біртұтас және тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылатын мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуді салааралық және өңіраралық үйлестіруді, сондай-ақ сауда қызметін дамытуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Министрліктің құрамына *Сауда комитеті* ведомствосы кірді.

Министрліктің негізгі міндеті стратегиялық жоспарлау және ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтарын қалыптастыру; өңірлік даму; халықаралық экономикалық және қаржы қатынастары, оның ішінде халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу; сыртқы сауда қызметін реттеу және дамыту; ішкі сауданы реттеу және дамыту; жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау; инвестициялар және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік; экономиканың секторларында

мемлекеттік активтерді басқарды; мемлекеттік басқару жүйесін дамыту; жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылды.

ҚР Президентінің **2013 ж. 16 қаңтардағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 254 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 200-құжат)

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (2014*)

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен құрылды¹. Оған: бюджеттік жоспарлау саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді қоспағанда, **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің; ҚР Өңірлік даму министрлігінің; ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінен – мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы; ҚР Статистика агенттігінің; ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің; ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік); ҚР Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің** функциялары мен өкілеттіктері берілді.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 24 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді², кейіннен оған көптеген (90-нан астам) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Олардың мәтінімен Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде танысуға болады³.

Министрлік мынадай: мемлекеттік жоспарлау, салық, бюджет және кеден саясаты, инвестициялар тарту жөніндегі саясат, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, жарнама, аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар, қоғамдық маңызы бар нарықтар, мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту; өңірлік даму, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, өзін-өзі реттеу, агломерацияларды дамыту; аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарды мемлекеттік реттеу және бақылау, сондай-ақ энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау; жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру; стратегиялық, бақылау, іске асыру және реттеу функциялары салаларындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомствосы бар: **Табиғи монополияларды реттеу комитеті**.

Министрліктің негізгі міндеттері: мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру: салық, бюджет және кеден саясаты; лицензиялау; рұқсаттар және хабарламалар; бюджетаралық қатынастар; жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау (қадағалау); инвестицияларды тарту; мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік; мемлекеттік инвестициялық жобалар; табиғи монополиялар және оның жүзеге асырылуын ұйымдастыру; қоғамдық маңызы бар нарықтар; халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар; мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру; мемлекеттік басқару жүйесін дамыту; өңірлік даму; жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту; жеке кәсіпкерлікті дамыту және мемлекеттік қолдау; кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу; ҚР Кәсіпкерлік кодексіне, «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңына және ҚР заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау; табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; министрліктің қарамағындағы мемлекеттік басқару салаларында (аяларында) тұтынушылар мен көрсетілетін қызметті берушілер арасындағы мүдделердің теңгерімін қамтамасыз ету; табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету; өзін-өзі реттеу; жарнама; жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру; өз құзыреті шегінде министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2017 ж. 25 қаңтардағы** Жарлығымен министрлік халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне**; елді мекендердің шекарасы (сызықтары) шегінде электрмен жабдықтау (0,4 кВ электр желісі объектілері), орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын, белгіленген қуаты 100 Гкал/сағаттан төмен қазандықтар (автономды қазандықтардан басқа) бөлігінде жылумен жабдықтау, газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Энергетика министрлігіне**; сәулет, қала құрылысы, құрылыс, тұрғын үй қатынастары, сумен жабдықтау, су бұру, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты-тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне** беріле отырып қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Президентінің **2018 ж. 26 желтоқсандағы** Жарлығымен министрлікке **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің** инвестицияларды тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді⁵.

ҚР Президентінің **2019 ж. 17 маусымдағы** Жарлығымен министрлікке **ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді⁶.

ҚР Президентінің **2020 ж. 8 қыркүйектегі** Жарлығымен министрліктің стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік статистикалық қызмет салаларындағы функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне**, ал тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау мен реттеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне** берілді⁷.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 555-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс] URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/83353/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 25 қаңтардағы № 412 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 1, 2-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 24 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 22, 205-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 8 қыркүйектегі № 407 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2020, № 36-37, 270-құжат).

1.2 Статистика саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті (Статмемком) (1991–1996)

Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 30 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақ ССР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті ретінде Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті болып қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹. 1991 ж. 10 желтоқсандағы Қазақ КСР-ның «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заңын іске асыру шеңберінде кейінірек ҚР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті болып қайта аталды².

ҚР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 5 қарашадағы қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес мемкомитет халық шаруашылығының барлық салаларында және республиканың бүкіл аумағында статистика ісін, бастапқы есеп және есептілік ұйымдастыру және басшылық ету жөніндегі мемлекеттік басқару органы болып табылды.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: республикада болып жатқан экономикалық және әлеуметтік үрдістерді жан-жақты зерделеу және жүйелі экономикалық-статистикалық талдау жасау; халық шаруашылығын дамыту тенденцияларын болжау; республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуына мемлекеттік басшылықты жүзеге асыру үшін қажетті, ғылыми негізделген көрсеткіштер жүйесі мен статистикалық ақпарат бойынша тиісті деректер банктерін және серпінді қатарларды жинау, өңдеу, пайдалану, сақтау және жүргізу; Қазақ КСР *Жоғарғы Кеңесінің*, Президентінің және Министрлер Кабинетінің қызметтерін ақпараттық қамтамасыз ету; республика халық шаруашылығының мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарына оларға қажет статистикалық және талдамалық ақпараттарды ұсыну; жұртшылықты республикада болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үрдістер мен құбылыстар туралы үнемі хабарландырып отыру, статистикалық ақпарат тарату, алмасу және халықаралық статистикалық ынтымақтастық; статистикалық мәліметтердің сапасы мен жеделділігін арттыру; ғылыми негізделген статистикалық әдістеме әзірлеу, өңірлік статистиканы ұйымдастыру.

Статмемком және оған ведомстволық бағынысты Бас есептеу орталығы (БЕО), Республикалық ақпараттық-баспа орталығы (Қазақпараторталық), статистика және талдау жөніндегі облыстық және Алматы қалалық басқармалары, сондай-ақ комитетке бағынысты басқа да кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар біртұтас жүйені құрды.

ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы Жарлығымен мемкомитет *ҚР Министрлер Кабинеті* тікелей басшылық ететін мемлекеттік басқару орталық органдардың қатарына жатқызылды⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 2 қыркүйектегі қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: әлеуметтік-экономикалық талдау, есеп және статистиканы ұйымдастыру бас басқармасы; ұлттық шоттар жүйесінің бас басқармасы; өндіріс және инвестициялар статистикасының жетекші басқармасы; сыртқы экономикалық байланыс пен қызмет көрсету статистикасының жетекші басқармасы; әлеуметтік және демографиялық статистиканың жетекші басқармасы; ауыл және орман шаруашылығы статистикасының басқармасы; баға статистикасының басқармасы; төлем балансы статистикасы бөлімі; жоспарлау-қаржы жұмысы және бухгалтерлік есеп бөлімі; іс басқармасы⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 12 маусымдағы қаулысымен мемкомитет орталық

аппаратының құрылымы оған Бас есептеу орталығының қосылғаны ескеріле отырып, қайта ұйымдастырылды⁶. Орталық аппараттың жаңа құрылымы және мемкомитет жүйесінің құрылымы бекітілді.

Мемкомитет орталық аппаратының құрылымы: басшылық, әлеуметтік-экономикалық талдау, есеп және статистиканы ұйымдастыру бас басқармасы; ұлттық шоттар жүйесінің бас басқармасы; өндіріс және инвестициялар статистикасының жетекші басқармасы; ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы статистикасының жетекші басқармасы; сыртқы экономикалық байланыс пен қызмет көрсету статистикасының жетекші басқармасы; әлеуметтік және демографиялық статистикасының жетекші басқармасы; баға статистикасының жетекші басқармасы; төлем балансы статистикасының жетекші басқармасы; ақпаратпен қамтамасыз ету бас басқармасы; жоспар-қаржы жұмыс бөлімі; бухгалтерлік есепке алу және есеп беру бөлімі; іс басқармасы.

Мемкомитет жүйесінің құрылымы: ҚР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті; Статистика және талдау жөніндегі облыстық және Алматы қалалық басқармалары мен Статистика жөніндегі Ленинск қалалық бөлімі; ҚР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Статистикалық зерттеулер институты; ҚР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті және Еңбек министрлігінің Есепке алу, статистика, еңбек және жұмыспен камту кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі республикалық салааралық институты.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; жиынтық-талдау, әдістемелік және ақпараттық жұмыстар бас басқармасы; макроэкономикалық статистика бас басқармасы; статистикалық ақпарат жүйесі бас басқармасы; өндіріс және құрылыс статистикасы бас басқармасы; ауыл және орман шаруашылығы статистикасы бас басқармасы; сауда және қызмет көрсету статистикасы бас басқармасы; әлеуметтік және демографиялық статистика бас басқармасы; баға және халықаралық салыстыру статистикасы бас басқармасы; төлем балансы статистикасы басқармасы; кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі; қаржы бөлімі; бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру бөлімі; жалпы бөлім⁷.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 18 қаңтардағы* қаулысымен мемкомитет туралы жаңа ереже бекітілді⁸.

Ережеге сәйкес мемкомитет елдің мемлекеттік статистикасына басшылық ететін, оның бүкіл аумағында статистикалық қызметтің мазмұны мен сипатын айқындайтын, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жайы мен үрдісін сипаттайтын қажетті статистикалық және экономикалық деректерге деген мұқтажын қанағаттандыратын және халықаралық деңгейде статистикалық деректердің ақиқаттылығы мен әдіснамалық салыстырмалылығын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы атқарушы өкіметінің орталық органы болып табылды.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: республикада болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестер мен олардың даму үрдісін жан-жақты зерделеу, қорыту мен талдау; статистика саласындағы жалпы мемлекеттік саясаттың жүргізілуі мен орындалуын қамтамасыз ету; ҚР егеменді мемлекет ретінде сипаттайтын статистикалық көрсеткіштердің тұтастығы, объективтілігі мен жеткіліктілігін қамтамасыз ету; халықаралық ережелер мен стандарттарға сәйкес келетін статистикалық деректердің әдіснамалық салыстырмалылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру; мемлекеттік билік пен басқару органдарын, жұртшылықты елде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстар туралы жүйелі түрде хабардар ету, статистикалық ақпаратты тарату, халықаралық статистикалық ынтымақтастық жасау және статистикалық ақпарат алмасып отыру.

ҚР Президентінің *1996 ж. 29 қазандағы*⁹ Жарлығымен мемкомитет **ҚР Ұлттық статистика агенттігі (І)** болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақ ССР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық және Алматы қалалық статистика басқармаларын облыстық және Алматы қалалық статистика және талдау жөніндегі

басқармалар етіп қайта құру туралы» Қазақ ССР Президентінің 1990 ж. 30 желтоқсандағы № 185 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991, №2, 22-құжат).

² «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48–50, 585-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 153-б.

⁴ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы №1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 2 қыркүйектегі № 983 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 5 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетін құрылымдық қайта құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 12 маусымдағы № 813 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №20, 234-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1817 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 қаңтардағы № 68 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, №5, 23-құжат).

⁹ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы №3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, №43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі (1) (1996–1997)

ҚР Президентінің *1996 ж. 29 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Статистика және талдау мемлекеттік комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 27 желтоқсандағы* қаулысымен Ұлттық статистика агенттік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; статистикалық жұмыстарды үйлестіру және халықаралық ынтымақтастық бас басқармасы; статистикалық ақпарат жүйесі бас басқармасы; ұлттық шоттар мен төлем балансы бас басқармасы; ауыл шаруашылығы статистикасы бас басқармасы; өнеркәсіп және құрылыс статистикасы бас басқармасы; тауар нарықтары, сауда және әлеуметтік инфрақұрылым бас басқармасы; халық, еңбек және үй шаруашылығы статистикасы бас басқармасы; бағалар мен халықаралық салыстырулар статистикасы бас басқармасы; кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; қаржы бөлімі; бухгалтерлік есеп және есептеме жүргізу бөлімі; жалпы бөлімі².

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 11 ақпандағы* қаулысымен Ұлттық статистика агенттік туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес Ұлттық статистика саласындағы мемлекеттік саясатты жасау мен іске асыруды, ҚР-да статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуді жүзеге асыратын, *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылды.

Ұлттық статистика агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: республиканың мемлекеттік статистикасына басшылық жасау, оның бүкіл аумағында статистикалық қызметтің мазмұны мен сипатын айқындау; республикада жүріп жатқан экономикалық және әлеуметтік демографиялық үрдістер мен олардың даму тенденцияларын жан-жақты зерттеу және қорыту; статистикалық жұмыстардың жоспарына сәйкес мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету; заңды және жеке тұлғалардың жиынтық статистикалық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету; қолданылып жүрген шарттар жөніндегі міндеттемелерге сәйкес статистикалық ақпаратты халықаралық ұйымдарға беріп отыру, сондай-ақ шет елдермен статистикалық ақпарат алмасуды жүргізуді; мемлекеттік статистика регистрін, сондай-ақ жалпы классификаторлар мен техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың кодтау жүйелерін жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру; республиканың және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық-статистикалық деректер базасын жинақтауды, сақтауды, жүргізуді және өзектендіруді қамтамасыз ету; халықаралық ережелер мен стандарттарға сәйкес келетін статистикалық деректердің әдіснамалық салыстырмалылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

Ұлттық статистика агенттік орталық аппарат пен өзіне тікелей бағынатын облыстық және Алматы

қалалық статистика басқармалары мен ведомстволық бағыныстағы басқа да ұйымдардан тұрды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен Ұлттықстатагенттік таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігіне** берілді.

¹ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы №1648 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 484 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 11 ақпандағы № 190 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 746 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдар жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігі (1997)

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР мемлекеттік органы және **ҚР Ұлттық статистика агенттігінің (1)** құқығын иеленуші болып табылды.

Агенттіктің негізгі функциялары мыналар болды: мемлекеттік және салалық статистикалық есептілік көрсеткіштерінің ең төмен құрамын айқындау; статистикалық есептіліктің нысандарын әзірлеп, бекіту, оны ұсынудың мерзімдері мен тәртібін белгілеу; мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау ақпараттарымен қамтамасыз ету; ҚР мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру және т.б.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен агенттік министрлікпен бірге таратылды³. Функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурызда № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 875 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 21, 189-құжат, № 1 қосымша).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті (1997–1998)

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес арнаулы функцияларды дербес жүзеге асыратын ҚР ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: статистика саласында мемлекеттік саясатты

жүргізу және оған басшылық жасау; ғылыми әдістер мен халықаралық стандарттардың негізінде бірыңғай статистикалық ақпарат жүйесін жасау, жұмысын жүргізу және жетілдіру; статистикалық көрсеткіштердің тұтастығы, дәйектілігі мен жеткіліктілігін қамтамасыз ету; елімізде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік үрдістер мен олардың даму тенденцияларын жан-жақты және объективті түрде зерделеу, қорыту және талдау.

Комитеттің жүйесіне оның орталық аппараты, аумақтық органдары кірді, «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Статистикалық зерттеу және кадрлардың біліктілігін арттыру институты оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдар болып табылды.

Комитеттің орталық аппаратының құрылымы мынадай болды: басшылық; статистикалық әдістер, жіктеулер және стандарттар басқармасы; болжамдар, талдау және жарияланымдар басқармасы; ұлттық есептер басқармасы; сыртқы экономикалық қызмет статистикасы басқармасы; бағалар және үй шаруашылығы статистикасы басқармасы; әлеуметтік статистика, халық және еңбек басқармасы; қызмет көрсету, ішкі сауда, көлік және байланыс басқармасы; ауыл, орман және балық шаруашылығының статистикасы басқармасы; өнеркәсіп статистикасы басқармасы; құрылыс және инвестициялар статистикасы басқармасы; халықаралық статистикалық ынтымақтастық бөлімі; кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; статистикалық жұмыстарды қаржыландыру бөлімі; бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру бөлімі; құжат айналымы бөлімі.

ҚР Президентінің **1998 ж. 30 маусымдағы Жарлығымен ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде комитет **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, орталық атқарушы органы ретінде **ҚР Ұлттық статистика агенттігі (2)** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру шаралары туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1776 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 54, 494-құжат).

³ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі (2) (1998–1999)

ҚР Президентінің **1998 ж. 30 маусымдағы Жарлығымен** құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 16 қыркүйектегі** қаулысымен агенттік туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, мемлекеттік статистика саласында мемлекеттік басқаруды, сондай-ақ заңнамаға сәйкес арнайы функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: статистика саласында мемлекеттік саясатты жүргізу және оған басшылық жасау; ғылыми әдістер мен халықаралық стандарттардың негізінде бірыңғай статистикалық ақпарат жүйесін жасау, жұмысын жүргізу және жетілдіру; статистикалық көрсеткіштердің тұтастығы, дәйектілігі мен жеткіліктілігін қамтамасыз ету; елімізде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік үрдістер мен олардың даму тенденцияларын жан-жақты әрі объективті түрде зерделеу, қорыту және талдау.

Агенттіктің жүйесіне оның орталық аппараты, аумақтық органдары, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны және Кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру институты кірді.

Агенттіктің орталық аппаратының құрылымы: басшылық; статистикалық әдістер, жіктемелер және стандарттар басқармасы; талдау және конъюнктуралық зерттеулер басқармасы; ұлттық шоттар басқармасы; сыртқы экономикалық қызмет статистикасы басқармасы; ауыл, орман және балық шаруашылықтары статистикасы басқармасы; өнеркәсіп статистикасы басқармасы; құрылыс және инвестициялар статистикасы басқармасы; қызмет көрсету, ішкі сауда, көлік және байланыс статистикасы басқармасы; әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы; баға және үй шаруашылығы статистикасы басқармасы; халықаралық статистикалық ынтымақтастық бөлімі; кадр және арнайы жұмыс бөлімі; статистикалық жұмыстарды жоспарлау және қаржыландыру бөлімі; бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; құжат айналымы бөлімі; ҚР Ұлттық статистика агенттігінің Астана қаласындағы өкілдігі.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің** құрылуына байланысты ҚР Ұлттықстатагенттік (2) өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 16 қыркүйектегі № 907 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 33, 294-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (1999–2014)

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 30 наурыздағы** қаулысымен агенттік туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік саясатты жүргізу және мемлекеттік статистикаға басшылық жасау; ғылыми әдістеме және халықаралық стандарттардың негізінде бірыңғай статистикалық ақпарат жүйесінің жұмыс істеуін және оны жетілдіруді қамтамасыз ету; статистикалық көрсеткіштердің тұтастығы, дәйектілігі мен жеткіліктігін қамтамасыз ету; елімізде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік үрдістер мен олардың даму үрдістерін жан-жақты және объективті түрде зерделеу, қорыту және талдау.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары және ведомстволық бағынысты ұйымдары болды.

Агенттіктің орталық аппаратының құрылымы: басшылық; статистикалық әдістер, жіктемелер және стандарттар басқармасы; талдау және конъюнктуралық зерттеулер басқармасы; ұлттық шоттар басқармасы; сыртқы экономикалық қызметтің статистикасы басқармасы; ауыл, орман және балық шаруашылығының статистикасы басқармасы; өнеркәсіптің статистикасы басқармасы; құрылыс пен инвестициялардың статистикасы басқармасы; қызмет көрсетулер, ішкі сауда, көлік және байланыс статистикасы басқармасы; әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы; бағалар және үй шаруашылығы статистикасы басқармасы; халықаралық статистикалық ынтымақтастық бөлімі; кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; статистикалық жұмыстарды жоспарлау және қаржыландыру бөлімі; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; құжаттар айналымы бөлімі; агенттіктің Астана қаласындағы өкілдігі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 15 мамырдағы** қаулысымен агенттіктің аумақтық органдары статистика басқармаларының мемлекеттік мекемелерін бөлу жолымен ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары және ақпараттық-статистикалық орталықтарының мемлекеттік мекемелері ретінде қайта құрылды³.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 2 тамыздағы* қаулысымен агенттіктің мәртебесі өзгертілді: *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін, мемлекеттік статистика саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шектерде – салааралық үйлестіруді және басқа да арнайы атқару және рұқсат беру функцияларын жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы⁴.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 31 желтоқсандағы* қаулысымен агенттік туралы жаңа ереже бекітілді⁵.

Агенттік *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік саясат жүргізу және мемлекеттік статистиканы басқару; ғылыми әдіснама және халықаралық стандарттардың негізінде бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін және жетілдіруді қамтамасыз ету; мемлекеттік, коммерциялық құпиялардың сақталуын және бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету; статистикалық көрсеткіштердің тұтастығы, дәйектілігі мен жеткіліктілігін қамтамасыз ету; елімізде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестер мен олардың даму үрдістерін жан-жақты және объективті түрде зерделеу, қорыту және талдау жасау.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары және ведомстволық бағынысты ұйымдары болды.

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 18 қаңтардағы* қаулысымен агенттіктің ақпараттық-статистикалық орталықтары – мемлекеттік мекемелері оларды агенттіктің аумақтық органдарына қосу жолымен, соңғыларына ақпарат жинау жөніндегі функцияларды бере отырып, қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 10 қазандағы* қаулысымен агенттіктің мемлекеттік мекемелерінің тізбесінен ақпараттық-статистикалық орталықтар – мемлекеттік мекемелері шығарылды⁷.

ҚР Үкіметінің *2006 ж. 18 тамыздағы* қаулысымен агенттіктің орталық аппаратын 2007 ж. екінші тоқсанының аяғына дейін екі кезеңде Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру туралы қаулысы қабылданды⁸.

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 11 қазандағы* қаулысымен агенттік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды⁹.

Агенттік статистикалық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте мемлекеттік статистика аясында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ғылыми әдіснама және халықаралық стандарттардың негізінде бірыңғай статистикалық ақпарат жүйесінің жұмыс істеуін және оны жетілдіруді қамтамасыз ету; мемлекеттік, коммерциялық құпиялардың сақталуын және бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету; статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, растығы мен жеткіліктілігін, сондай-ақ статистикалық ақпараттың уақтылы жиналуын қамтамасыз ету; елімізде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестер мен олардың даму үрдістерін жан-жақты және объективті түрде зерделеу, қорыту және талдау.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдары болды. Агенттік және оның аумақтық органдары агенттіктің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 14 қарашадағы* қаулысымен агенттіктің аумақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік мекемелер департаменттер болып қайта аталды¹⁰.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 17 маусымдағы* қаулысымен агенттіктің негізгі міндеттері мынадай редакцияда мазмұндалды: статистикалық әдіснаманы қалыптастыру; мемлекеттік статистика қағидаттарын сақтай отырып, статистика қызметті жүзеге асыру; қоғамның, мемлекет пен халықаралық қоғамдастықтың қажеттілігін ресми статистикалық ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыру¹¹.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен агенттіктің функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған *ҚР Ұлттық экономика министрлігіне* берілді¹².

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті* құрылды¹³.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 30 наурыздағы № 325 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 10, 98-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің аумақтық органдарын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 15 мамырдағы № 577 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 19, 202-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 31 желтоқсандағы № 1460 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 51, 683-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің өңірлік құрылымын оңтайландыру туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 18 қаңтардағы № 24 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 1, 9-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1460 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 10 қазандағы № 1010 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 37, 518-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 18 тамыздағы № 781 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000781_info (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1460 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 11 қазандағы № 928 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 38, 431-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 14 қарашадағы № 1063 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 43, 491-құжат).

¹¹ «ҚР Үкіметінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 17 маусымдағы № 600 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 39, 338-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (2014–2020)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

Ережеге сәйкес комитет өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыратын **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің** ведомствосы болып табылды².

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Комитет келесі құрылымдардан құралған: статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы; ұлттық шоттар басқармасы; құрылымдық статистика басқармасы; баға статистикасы басқармасы; өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы; қызметтер мен энергетика статистикасы басқармасы; әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы; еңбек және өмір сүру деңгейі статистикасы басқармасы; тіркелімдер басқармасы; жіктелімдер және ақпараттық технологиялар басқармасы; жарияланымдар және статистикалық ақпаратты тарату басқармасы; қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасы; заң басқармасы; халықаралық статистикалық ынтымақтастық басқармасы; персоналды басқару қызметі; мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшесі.

Комитет «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынын басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылды.

ҚР Президентінің **2020 ж. 8 қыркүйектегі** Жарлығымен комитет тиісті штат санымен **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің** қарамағына беріліп, кейіннен **Ұлттық статистика бюросы** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 ж. 30 қыркүйектегі № 33 бұйрығы (Егемен Қазақстан, 2015 ж. 29 қаңтар).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 8 қыркүйектегі № 407 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 36-37, 270-құжат).

1.3 Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқармасы (Қазбасстандарт) (1992–1994)

Таратылған КСРО Мемстандарты Қазақ республикалық басқармасының негізінде ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен Қазбасстандарт туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Қазбасстандарт стандарттау, метрология, сертификаттау және сынау, стандарттар талаптарының сақталуына (ҚР Мемсәулеткомының номенклатурасынан басқалар) мен республикадағы өлшем құралдарының жай-күйіне мемлекеттік қадағалау мәселелері бойынша мемлекеттік басқару органы болып табылды.

Қазбасстандартқа ҚР Стандарттау мәселелері жөніндегі **Мемэкономкомитетіне** бекітілген функциялар берілді.

Қазбасстандарттың негізгі міндеттері мыналар болды: стандарттау, сертификаттау, сынау және метрология бойынша біртұтас техникалық саясат жүргізу; мемлекеттік стандарттау, сертификаттау және метрология жүйесін құру және жетілдіру; ұлттық мемлекеттік стандарттар талаптарын мемлекетаралық стандарттар талаптарымен орайластыруды, оларды халықаралық стандарттарға үйлестіруді қамтамасыз ету; республикада өнеркәсіп бұйымдарының бір ізге түсірілуін дамыту; республикада өлшемдердің бірлігі мен растығын қамтамасыз ету; стандарттар мен техникалық шарттардың енгізілуі мен орындалуына мемлекеттік қадағалауды ұйымдастыру; тұтынушылардың өнім сапасы саласындағы мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету.

Қазбасстандарттың облыстарда, Алматы қаласында стандарттау және метрология аумақтық орталықтары болды.

ҚР Президентінің **1993 ж. 9 маусымдағы** Жарлығымен Қазбасстандарт **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық ететін ҚР мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесіне енгізілді³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 2 шілдедегі** қаулысымен ҚР Мемсәулетком номенклатураларының стандарттарына талаптардың сақталуына мемлекеттік қадағалау мәселелері Қазбасстандарт құзыретіне берілді⁴.

ҚР Президентінің **1994 ж. 7 қаңтардағы** Жарлығымен Қазбасстандарт **ҚР Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті** болып қайта құрылды⁵.

¹ «Экономикалық реформалар жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 15 шілдедегі № 600 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 28, 427-құжат).

³ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

⁴ «Стандарттау, сертификаттау және өлшем бірлігі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күшін жойған деп тану туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 2 шілдедегі № 566 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, №

26, 321-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарманы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 7 қаңтардағы № 1490 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 1, 1-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинетінің жанындағы
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(ҚР Мемстандарты)
(1994–1995)**

ҚР Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология бас басқармасының қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1994 ж. 7 қаңтардағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 22 сәуірдегі* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет республикада стандарт талаптарын, техникалық шарттарды және өлшем құралдарының жай-күйін сақтау үшін стандарттау, метрология, сертификаттау және мемлекеттік қадағалау мәселелері жөніндегі мемлекеттік басқару органы болып табылды.

Комитеттің негізгі функциялары мыналар болды: стандарттау, метрология, сертификаттау саласында біртұтас ғылыми-техникалық саясат жүргізу және өнімнің сапасын қамтамасыз ету, халықаралық нарыққа шығу үшін техникалық кедергілерді болдырмауда ҚР мүддесін сақтау, мемлекеттің мүддесін және тұтынушылардың құқығын қорғау; стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшем бірлігінің мемлекеттік жүйесін әзірлеу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жетілдіру; республиканың эталон базасын құру; ҚР мемлекеттік стандартын халықаралық аймақтық және мемлекетаралық стандартын халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық стандарт талабымен үйлестіру; өнімнің сапасына, стандарттар талабы мен техникалық шарттардың, метрологиялық ережелердің сақталуына және өлшем құралдарының жай-күйіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру.

Комитет жүйесіне аумақтық стандарттау және метрология орталықтары, сондай-ақ «ҚазСЕРТИКО» Қазақстандық өнімді сертификаттау және сынау мемлекеттік орталығы және «Стандарты» баспа-полиграфия кәсіпорны кірді.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 7 қазандағы* қаулысымен комитеттің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: стандарттарды мемлекеттік қадағалау бөлімі; стандарттаудың мемлекеттік жүйесі бөлімі; сертификаттау және сапа жүйесі бөлімі; заң шығаратын метрология бөлімі; алкоголь өнімдерін шығаруды инспекциялау мен лицензиялау бөлімі; қаржы-экономика бөлімі; бухгалтерлік есеп бөлімі; кадр және халықаралық ынтымақтастық бөлімі³.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен ҚР Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет *ҚР Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті* болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі бас басқарманы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 7 қаңтардағы № 1490 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 1, 1-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 сәуірдегі № 424 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 19, 190-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қазандағы №1125 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 9 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(ҚР Мемстандарты)
(1995–1997)**

ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; стандарттарды мемлекеттік қадағалау бөлімі; стандарттаудың мемлекеттік жүйесі бөлімі; сертификаттау және сапа жүйелері бөлімі; заң шығаратын метрология бөлімі; қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі; ұйымдастыру-кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі².

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 21 ақпандағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет ҚР-да стандарттау, метрология, сертификаттау саласында мемлекеттік басқаруды және стандарттар талаптарының, техникалық шарттардың сақталуына және өлшем бірлігінің жай-күйіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: өнімнің сапасын қамтамасыз ету және ҚР-ң мүдделерін, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықаралық нарыққа шығу кезінде тауар айырбасында техникалық кедергілерді жою мақсатында стандарттау, метрология, сертификаттау саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу; стандарттау, сертификаттау және өлшемдер бірлігінің мемлекеттік жүйесін әзірлеу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жетілдіру; физикалық шамалар бірліктерінің эталондық базасын құру және қолдау; ҚР стандарттарын халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық стандарттарға үйлестіру; өнім сапасына, стандарттар талаптары мен техникалық шарттардың, метрологиялық ережелердің сақталуына және өлшем құралдарының жай-күйіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру.

Комитеттің облыстарда, Алматы қаласында стандарттау, метрология және сертификаттау орталық органдары болды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 6 тамыздағы** қаулысымен комитеттің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; стандарттаудың мемлекеттік жүйесі және заң шығаратын метрология басқармасы; стандарттауды мемлекеттік қадағалау және лицензиялау басқармасы; қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасы; кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі⁴.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен комитеттің орталық аппаратының жаңа құрылымы қайта бекітілді: басшылық; стандарттау, сертификаттау және заң шығаратын метрология басқармасы; стандарттауды мемлекеттік қадағалау және лицензиялау басқармасы; қаржы-экономикалық талдау, есеп және ұйымдастыру-кадр жұмыстары басқармасы⁵.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен комитеттің функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экономика және сауда министрлігіне** берілді⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1795 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 21 ақпандағы № 225 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 9, 64-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы № 1795 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 6 тамыздағы № 973 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 456 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 желтоқсандағы № 1548 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 481 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экономика және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі
(Мемстандарт)
(1997)

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 мамырдағы* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік мемлекеттік орган болып табылды. Агенттік **ҚР Экономика және сауда министрлігі** құзыретінің және өзіне жүктелген өкілеттіктердің шегінде ҚР-да стандарттау, метрология және сертификаттау саласында арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіру мен басшылықты дербес жүзеге асырды.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық талаптарға сәйкес бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру; халықаралық тәжірибені ескере отырып, стандарттаудың ұлттық жүйелерін, өнімдер мен көрсетулердің өлшемдері мен сертификаттаудың бірлігін, техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеу мен кодтауды, сондай-ақ өнімді штрихтық кодтауды жетілдіру және дамыту; нормативтік база құру және дамыту және оның негізінде қазіргі заманғы электронды байланыс құралдарын пайдалана отырып, агенттіктің кәсіпорындары мен басқа да заңды тұлғаларын ақпараттық қамтамасыз ету; физикалық шамалар бірлігінің эталондық базасын жетілдіру және қолдау; ҚР мемлекеттік стандарттарын тиісті халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық стандарттармен үйлестіру; өнім мен қызмет көрсетулердің сапасына, стандарттар мен техникалық шарттардың, метрологиялық ережелердің сақталуына және өлшеу құралдарының жай-күйіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру; заңды және жеке тұлғалардың өлшеу құралдарын жасау, тексеру, жөндеу, сату және жалға беру, алкогольді өнімдерді өндіру, ҚР мемлекеттік рәміздерін бейнелейтін конституциялық белгілі бір материалдық бейнелеу заттарын жасау қызметін лицензиялау; стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық және т.б.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен агенттік таратылған министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты³. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне (1)** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдардың жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 875 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 21, 189-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(1997–1998)

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығын¹ іске асыру мақсатында ҚР Үкіметінің *1997 ж. 12 қарашадағы* қаулысымен² құрылды.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 24 ақпандағы* қаулысымен комитет таратылды³. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі функциялары **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (Казахстанская правда, 1997 ж. 11 қазан).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы № 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қараша № 1551 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/1778/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 24 ақпандағы № 136 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 7, 38-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)
(1998–2001)

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 24 ақпандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 3 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет стандарттау, метрология және сертификаттау саласында заң актілеріне сәйкес арнайы атқару, бақылау және қадағалау функцияларын дербес жүзеге асырушы мемлекеттік орган болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: стандарттау, метрология және сертификаттау саласында біртұтас ғылыми-техникалық саясат жүргізу; орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметін үйлестіру; стандарттардың мемлекеттік қорын қалыптастыру, мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру; өлшем құралдары паркін жаңарту және эталондық базаны кеңейту; ҚР негізге алатын мемлекеттік стандарттарын әзірлеу; стандарттау, метрология және сертификаттау саласында білікті мамандарды даярлау.

Комитеттің құрылымы: басшылық; стандартизация, метрология және мемқадағалау басқармасы; сертификаттау, сыртқы байланыстар және қаржы-кадр жұмыстары басқармасы.

Комитетке ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындар тізбесіне аумақтық стандартизация, метрология және сертификаттау орталықтары, «Метрология» РМК, Стандарттар мен стандартты үлгілердің мемлекеттік ақпараттық орталығы, Алкоголь өнімін өндірушілерді тексеру мемлекеттік орталығы, «Қазсертико» мемлекеттік ғылыми-практикалық орталығы кірді.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен³ **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымының бекітілуіне байланысты ҚР Үкіметінің **1999 ж. 27 мамырдағы** қаулысымен комитет ҚР заңнамасына сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау саласында өз құзыретінің шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің** ведомствосы мәртебесін алды⁴.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 11 қаңтардағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже бекітілді. Комитеттің негізгі функциялары өзгертілмеді⁵.

Комитеттің аумақтық бөлімшелері екі республикалық мемлекеттік мекемеге біріктірілді: Астана қаласында – Мемлекеттік қадағалау жөніндегі Орталық Қазақстан аймақтық қызметі (бұрынғы Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Арқалық, Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей аумақтық бөлімшелері), Алматы қаласында – Мемлекеттік қадағалау жөніндегі Оңтүстік Қазақстан аймақтық қызметі (бұрынғы Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан аумақтық бөлімшелері).

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 18 қазандағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді. Комитеттің құқықтық статусы өзгермеді⁶. Негізгі функцияларына мыналар қосылды: мемлекеттік сертификаттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйелерінде сертификаттау жұмыстарын жүргізу, сертификаттау сынақтарына, өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеу және аттестаттау, өлшем құралдарының типін бекіту және бекітілген типке сәйкестігі мақсатында оларды тексеру және сынау құқығына ұйымдарды аккредиттеу.

Комитеттің құрылымы: басшылық; стандарттау, метрология және сертификаттау басқармасы; аккредиттеу және сапа жүйелері бөлімі; қаржы, кадр жұмысы және халықаралық ынтымақтастық бөлімі.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 31 қаңтардағы* қаулысымен комитет *ҚР Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті* болып қайта ұйымдастырылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 24 ақпандағы № 136 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 7, 38-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 3 шілдедегі № 634 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 21, 182-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

⁴ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 мамырдағы № 657 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 22, 224-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 11 қаңтардағы № 45 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 2, 18-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 18 қазандағы № 1552 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 42, 501-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 4–5, 54-құжат).

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті (Мемстандарт) (2001–2002)

Комитет ҚР Үкіметінің *2001 ж. 31 қаңтардағы* қаулысы негізінде *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетін* қайта құру нәтижесінде құрылды¹. Қаулыға сәйкес комитеттің ведомстволық бағыныстылығы өзгертілді.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 2 шілдедегі* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Экономика және сауда министрлігінің* ведомствосы болып табылды және ҚР заңнамасына сәйкес, министрліктің құзыреті шегінде стандарттау, метрология және сертификаттау саласында арнайы атқарушылық, бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Комитеттің мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру; ҚР стандарттау, сертификаттау мемлекеттік жүйелерінің жұмысын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру өлшем бірлігін және эталондық базасын қамтамасыз ету; ҚР негізгі мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз ету; стандарттау метрология және сертификаттау саласындағы біліктілікті кадрларды дайындауға қатысу; мемлекеттік органдардың қызметін, жеке және заңды тұлғалардың біліктілігі мен кодтау жөніндегі техникалық экономикалық ақпаратын үйлестіру, өнімдерді тізілімдемелеу; метрология саласындағы іргелі зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу; стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын сақтауға, өнім сапасына, өлшем құралының жай-күйі мен қолданылуына, сондай-ақ сертификаттау және сынақ зертханалары, орталықтар бойынша тіркелген органдардың қызметіне мемлекеттік қадағалау жүргізуді ұйымдастыру; сертификаттау сертификациялық сынаулар жөніндегі жұмыстарды, өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеуді және аттестациялауды, өлшем құралдарын, олардың үлгілерін бекіту мақсатында және бекітілген

үлгіге сәйкестігін тексеруді және сынауды жүргізу құқығына мемлекеттік сертификаттау және ұйымдардың өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйелерінде тіркеу.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығына сәйкес ҚР Экономика және сауда министрлігі қайта ұйымдастырылып, оның негізінде *ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі* мен *ҚР Индустрия және сауда министрлігі* құрылды. Бұл ретте, индустрияны, құрылысты және сауданы басқару, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау салаларындағы функциялар мен өкілеттіктер жаңадан құрылған министрлікке берілді³.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 12 қыркүйектегі* қаулысымен *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті* құрылды⁴. ҚР Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті мен Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің аумақтық бөлімшелері мемлекеттік мекемелер ретінде қайта ұйымдастырылып, облыстарда, Астана және Алматы қалаларында ҚР Индустрия және сауда министрлігінің аумақтық органдары болып біріктірілді.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 18 қарашадағы* қаулысымен комитет таратылып, оның мүлкі жаңадан құрылған *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетіне* берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 4–5, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 2 шілдедегі № 904 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 26, 312-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті
(Мемстандарт)
(2002–2004)

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы*¹ Жарлығына сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2002 ж. 12 қыркүйектегі* қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 18 қарашадағы* қаулысымен таратылған *ҚР Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің* мүлкі жаңадан құрылған комитетке берілді³.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің* ведомствосы болып, ҚР заңнамасына сәйкес, министрліктің құзыреті шегінде стандарттау, метрология және сертификаттау саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: стандарттау, метрология, сертификаттау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың стандарттау, метрология, сертификаттау саласындағы қызметін үйлестіру; Қазақстан Республикасының стандарттаудың, сертификаттаудың, өлшемдер бірлігі мен эталондық базасын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының негіз қалаушы мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз ету; стандарттау, метрология, сертификаттау саласында білікті кадрлар даярлауға және қайта даярлауға қатысу; техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау өнімдерді

тізімдемелеу жөніндегі мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру; стандарттау, метрология және сертификаттау саласында іргелі зерттеулердің жүргізілуін ұйымдастыру; стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына, өнім сапасына, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына мемлекеттік қадағалау жүргізуді ұйымдастыру, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі тіркелген органдардың және сынақ зертханаларының, орталықтарының қызметін бақылау; сертификаттау, сертификаттық сынақтар, өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеу және аттестаттау, олардың үлгісін және бекітілген үлгісіне сәйкестігін бекіту мақсатында өлшем құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеу және сынау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына мемлекеттік сертификаттау жүйелерінде тіркеу және ұйымдардың өлшем бірлігін қамтамасыз ету; бастапқы тексеру құқығына үлгіні бекіту және техникалық құзыреті мақсаттары үшін өлшем құралдары сынақтарын жүргізуді ұйымдастыру және оған қатысу.

Комитеттің құрылымы: басшылық; стандарттау, метрология және сертификаттау басқармасы; ұйымдастыру және құқықтық жұмыс басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 18 қыркүйектегі**⁴ қаулысымен ҚР Индустрия және сауда министрлігінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары мемлекеттік мекемелер – комитеттің аумақтық бөлімшелері деп қайта аталды. Соған байланысты комитет туралы ережеге келесі толықтыру енгізілді: «Комитеттің облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері бар».

Комитеттің құрылымы жаңа редакцияда бекітілді: басшылық; ұйымдастыру-құқықтық жұмыстар және мемлекеттік қадағалау басқармасы; стандарттау, метрология, сертификаттау және техникалық саясат басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті** деп аталды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 18 қыркүйектегі № 951 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 38, 385-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004 ж., № 47, 586-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)
(2004–2010)

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен **министрліктің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі функцияларды, арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, қызметті салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің облыстарда және Астана, Алматы қалаларында мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өнімдердің, қызметтердің, процестердің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдік пен жануарлар әлеміне қауіпсіздігін және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; өнімдердің, қызметтердің қауіпсіздігіне қатысты тұтынушыларды шатастыратын әрекеттердің алдын алу; саудадағы техникалық тосқауылдарды жою; ҚР азаматтары мен экономикасының мүдделерін өлшемдердің шынайы емес нәтижелерінің салдарынан қорғау; іргелі зерттеулер мен ғылыми әзірлемелер кезінде өлшемдердің шынайылығын қамтамасыз ету; аурулардың диагностикасы мен оларды емдеу, еңбек шартының және адамдар тұрмысының қауіпсіздігін бақылау, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау кезінде өлшемдердің шынайы нәтижелерін қамтамасыз ету.

Комитеттің құрылымы: басшылық; техникалық реттеу және метрология басқармасы; әкімшілік жұмыс және мемқадағалау басқармасы; комитеттің облыстардағы және Астана, Алматы қалаларындағы мемлекеттік мекемелері – аймақтық бөлімшелері.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 7 мамырдағы** қаулысымен комитеттің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері департаменттер болып аталды³.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Индустрия және сауда министрлігі **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі** болып қайта құрылды⁴.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті** болып қайта аталды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 7 мамырдағы № 429 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 24, 229-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)
(2010–2014)

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен² комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті** болып қайта аталуының нәтижесінде құрылды.

ҚР Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің мемлекеттік мекемелері-аумақтық органдары да қайта аталды.

Комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(2014–2018)

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен¹ комитет ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен² *ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің* қайта аталу нәтижесінде құрылды.

ҚР Президентінің *2018 ж. 26 желтоқсандағы* Жарлығымен ҚР Инвестициялар және даму министрлігі *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі* болып қайта ұйымдастырылды³.

ҚР Үкіметінің *2018 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен комитет *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті* болып қайта аталды. Оның аумақтық бөлімшелері ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің департаменттері болып қайта аталды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/128593/kaz> (жарияланған ресми күні: 2019 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(2018–2019)

Комитет ҚР Үкіметінің *2018 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен *ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Президентінің *2019 ж. 17 маусымдағы* Жарлығымен ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы функциялары мен өкілеттіктері жаңа құрылған *ҚР Сауда және интеграция министрлігіне* берілді².

Комитет *ҚР Сауда және интеграция министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/128593/kaz> (жарияланған ресми күні: 2019 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 17 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 22, 203-құжат).

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(2019*)

Комитет ҚР Президентінің *2019 ж. 17 маусымдағы* Жарлығымен¹ ҚР Үкіметінің *2019 ж. 10 шілдедегі* қаулысымен² *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің* *Техникалық реттеу және метрология комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Сауда және интеграция министрлігінің* техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету салаларындағы басшылықты, ҚР сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасын жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Міндеттері: техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету, ҚР сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Комитетке басшылықты Комитеттің төрағасы – ҚР техникалық реттеу және метрология, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы жүзеге асырады.

Комитеттің қарамағында «Қазақстан стандарттау және метрология институты» ШЖҚ РМК, «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ШЖҚ РМК, сондай-ақ аумақтық бөлімшелер (департаменттер) бар³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 17 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 22, 203-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 шілдедегі № 497 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 28, 243-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 2019 ж. 25 шілдедегі № 9 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс] URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/133711/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 12 тамыз).

1.4 Баға белгілеу, табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы басқару

Қазақстан Республикасының
Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы
баға комитеті
(1991–1993)

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің *1991 ж. 28 наурыздағы* қаулысымен Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Баға комитеті ретінде құрылды¹.

Баға комитетіне баға түзу саласында әдістемелік басшылықты жүзеге асыру, мемлекеттік баға анықтамалықтарын, баға түзу жөніндегі нұсқамалық және әдістемелік құжаттар шығару, баға және тариф динамикасын, тұтыну бағаларының индекстерін болжамдау және талдау жүргізу, республика халық шаруашылығында баға тәртібін сақтау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру жүктелді.

Комитет туралы ереже және оның орталық аппаратының құрылымын Мемкомитет төрағасы бекітілді.

ҚР Президентінің *1993 ж. 11 қаңтардағы* Жарлығымен комитет ҚР Экономика жөніндегі мемкомитетімен бірге оның *ҚР Экономика министрлігі* болып қайта ұйымдастырылуына байланысты өз қызметін тоқтатты².

¹ «Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті қызметінің мәселелері» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 28 наурыздағы № 200 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулылары, 1991 ж. наурыз, 185-б.).

² «Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы № 1066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 1, 7-құжат).

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті (1993–1994)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 16 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 13 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР-да мемлекеттік баға саясатын жүргізуді қамтамасыз ететін, ұйымдық, экономикалық механизмдерді әзірлеп, жүзеге асыратын, баға түзу саласында әдістемелік басшылық жасайтын орталық экономикалық орган болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: бірыңғай мемлекеттік баға саясатын жүзеге асыру; баға мен тарифтің мемлекеттік тәртібін сақтауға бақылауды қамтамасыз ету; баға түзу тәжірибесін, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің, халық тұтынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің реттелетін және еркін (нарықтық) бағалары мен тарифтерін қалыптастыру және оларды қолдану тәртібін жетілдіру; бағаның ұзақ мерзімді және орташа мерзімді болжамдарын әзірлеу; басқа мемлекеттердің тиісті органдарымен баға түзу мәселелері бойынша бірлесіп іс-әрекет жасауды жүзеге асыру.

Жоғарыда аталған қаулымен мемлекеттік бағалар мен тарифтерді қолданудың дұрыстығын бақылау функциялары, комитетпен қатар, жергілікті әкімшілік басшыларының баға түзу органдарына жүктелген.

ҚР Президентінің **1994 ж. 15 шілдедегі** Жарлығымен комитет **ҚР Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің** құрылуына байланысты таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 16 наурыздағы № 200 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 14, 169-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 13 шілдедегі № 601 қаулысына қосымша (ҚР ПУАЖ, 1993, № 27, 340-құжат).

³ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі № 1795 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеті (Монополияға қарсы комитет) (1991–1993)

1991 ж. 11 маусымда Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі Қазақ КСР-нің мемлекеттік комитеті ретінде құрылды¹.

Монополияға қарсы комитет Қазақ КСР Президентінің қарауында болды және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне есеп беріп отырды.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: кәсіпкерлікті қолдау, тауар нарықтарында бәсекелестікті дамыту; монополистік қызметтің, нарықтағы үстем жағдайды теріс пайдаланудың алдын алу және оларға жол бермеу, жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу жөнінде шаралар қолдану; монополияға қарсы заңнаманың сақталуын бақылау.

ҚР Президентінің **1993 ж. 11 қаңтардағы** Жарлығымен мемкомитет **ҚР Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті** болып қайта құрылды².

¹ «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» Қазақ ССР-нің 1991 ж. 11 маусымдағы № 656 Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 24, 283-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы № 1063 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 1, 6-құжат).

Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті (1993–1994)

ҚР Президентінің *1993 ж. 11 қаңтардағы* Жарлығымен *ҚР Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетінің* қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 29 наурыздағы* қаулысымен мемлекеттік комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомитет өз қызметін экономиканы монополиясыздандыру саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асыру, бәсекелік күрес ережелерін және шаруашылық құрылымдарын кооперациялау мен ұйымдық біріктіру үрдістерін бақылауды қатаңдату мақсатында жүзеге асыратын орталық мемлекеттік басқару органы болып табылды. Мемкомитетке *ҚР Министрлер Кабинеті* тікелей басшылық етті.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: экономиканың әр түрлі салаларында монополиясыздандыру саясатын жүргізу, бәсекелестікті дамыту және қатарлас әрі баламалы құрылымдардың пайда болуына жағдай жасау, монополиялық қызметтің және жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу, шектеу және жолын кесу, монополияға қарсы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылау жасау.

Мемкомитеттің жүйесіне монополияға қарсы саясат жөніндегі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық комитеттері кірді.

ҚР Президентінің *1994 ж. 15 шілдедегі* Жарлығымен мемкомитет таратылды.

Таратылып отырған Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен *Баға комитеті* негізінде *ҚР Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті* құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы № 1063 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 1, 6-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 29 наурыздағы № 242 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 10, 121-құжат).

³ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі № 1795 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті (1994–1997)

ҚР Президентінің *1994 ж. 15 шілдедегі* Жарлығымен таратылып отырған *ҚР Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті* мен *ҚР Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті* негізінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 6 қыркүйектегі* қаулысымен мемкомитет туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомитет мемлекеттік баға саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру, тауар және қаржы рыноктарын монополиясыздандыру, монополиялық қызметті шектеу мен оның жолын кесу, адал бәсекелестікті дамыту, тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі мемлекеттік

басқарудың орталық органы болып табылды. Комитетке **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық жасады.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: шаруашылықты жүргізудің бәсекелестік жағдайын қамтамасыз етуде, баға белгілеуде және тұтынушылардың құқықтарын қорғауда бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру; тауар және қаржы нарықтарында үстем жағдайға ие болып отырған шаруашылық жүргізуші субъектілерді монополиясыздандыру, олардың қызметін реттеу; монополистік қызметті анықтау және оның жолын кесу, бәсекелестікті дамытуға жағдай жасау; мемлекеттік баға тәртібін, монополияға қарсы заңнаманы, тұтынушылар құқықтарын сақтауға бақылау жасау және осы салалардағы ереже бұзушылықтардың жолын кесу.

Комитет жүйесіне баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық комитеттері, сондай-ақ қалалар мен аудандардағы олардың бөлімшелері мен уәкілдері кірді.

Мемкомитеттің орталық аппаратының құрылымы: басшылық; монополиясыздандыру мен бәсекелестікті дамытудың бас басқармасы; баға саясаты бойынша жетекші басқарма; бағаларды бақылау жөніндегі жетекші басқарма; реттеудің жетекші басқармасы; тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жетекші басқармасы; нарықтарды талдау басқармасы; нормативтік-құқықтық басқармасы; қаржы-әкімшілік басқармасы.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; монополиясыздандыру мен бәсекелестікті дамытудың бас басқармасы; баға саясаты бас басқармасы; республикалық және аймақтық тауарлар мен қызмет көрсетулер нарықтарының конъюнктуралары мен бағаларын талдау басқармасы; тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы; ұйымдастырушылық-кадрлік басқармасы; бухгалтерлік есеп бөлімі; заң бөлімі³.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 15 тамыздағы** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекеттік және табиғи монополияларды реттеу бас басқармасы; монополияға қарсы заңнаманың сақталуын қадағалау жөніндегі бас басқармасы; бәсекелестік нарықты дамыту басқармасы; талдау, ақпарат және ұйымдастырушылық жұмыстар басқармасы; тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы; қаржы-экономикалық бөлімі; жалпы бөлімі⁴.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекеттік және табиғи монополияларды реттеу бас басқармасы; көлік, байланыс және отын-энергетика кешенінің нақты шығындарына бақылау жасау жөніндегі бөлім; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және мемлекеттік органдардың нақты шығындарына бақылау жасау жөніндегі бөлім; монополияға қарсы заңдардың сақталуын қадағалау жөніндегі бас басқарма; бәсекелестік нарықты дамыту басқармасы; талдау, ақпарат және ұйымдастырушылық жұмыстар басқармасы; тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы; материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі; қаржы-экономикалық бөлімі⁵.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 4 наурыздағы** қаулысымен мемкомитет таратылды⁶. Функциялары, мүлік және іс басқармасы жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экономика және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі № 1795 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 6 қыркүйектегі № 999 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 37, 408-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1805 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы № 1805 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 15 тамыздағы 1014 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 457 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1664 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 484 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Республикалық баға комиссиясы (1994–1996)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 8 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 23 желтоқсандағы* қаулысымен комиссия туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комиссия контрактілерді сараптайтын және ҚР шаруашылық жүргізуші субъектілері өндіретін және экспортқа шығаратын астық пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын бақылайтын мемлекеттік орган болып табылды.

Комиссияның негізгі міндеті астық пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің төмен бағамен сатылуына жол бермеу және аталған өнімдер бағасының әлемдік рынок бағаларына сай болуын бақылау, сондай-ақ астық пен ауыл шаруашылығы өнімдеріне жасалған экспорттық контрактілерді сараптау болды.

Астық пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын бақылау мақсатында комиссия: үкіметаралық келісімдер бойынша жасалған барлық экспортқа шығару контрактілеріне; көлемі 1000 тоннадан асатын астықты экспортқа шығару жөніндегі контрактілерді; мақта талшығы, былғары шикізатына, былғарыға, биязы жүнге, марал мүйізіне, қойдың ішек-қарнына жасалған экспортқа шығару жөніндегі контрактілерді сараптан өткізді.

Комиссия облыстық (аймақтық) комиссиялардың қызметін үйлестірді және олар үшін әдістемелік нұсқаулықтар әзірледі.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 28 шілдедегі* қаулысымен комиссия туралы жаңа ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комиссия экспортқа шығарылатын астық, талшықты мақта, тері шикізаты, тері, биязы жүн, маралдың мүйізі, қойдың шек-қарны бағаларына бақылау жасайтын мемлекеттік орган болып табылды.

Комиссияның негізгі міндеті астық пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің төмендетілген бағамен сатылуына жол бермеу және аталған өнімдер бағасының әлемдік рынок бағаларына сай болуын бақылау болып табылды. Осы мақсатта комиссия астық пен ауыл шаруашылығы өнімдеріне республика бойынша бірыңғай ең төменгі экспорттық бағаларды ұсынып, оларды ҚР тауар биржаларына жеткізді.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 5 желтоқсандағы* қаулысымен комиссия таратылды⁴.

¹ «Астықты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін экспортқа шығару тәртібі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 8 желтоқсандағы № 1397 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1994, № 47, 518-құжат).

² «Республикалық баға комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 23 желтоқсандағы № 1456 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1994, № 48, 546-құжат).

³ «Биржа тауарларының тізбесін бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 28 шілдедегі № 1035 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1995, № 26, 302-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасынан тауарларды экспортқа шығару тәртібін ықшамдау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 5 желтоқсандағы № 1492 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 479 іс).

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті (Монополияға қарсы комитет) (1997–1998)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды¹. Осы қаулысымен комитет туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР дербес арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органы болып табылды.

Комитеттің негізгі функциялары мыналар болды: монополиялық қызметтің, оның нарықтағы үстем жағдайын теріс пайдалануды алдын алу және оған жол бермеу, жосықсыз

бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қолдану; тауар және қаржы нарықтарында жекелеген шаруашылық субъектілерінің үстем болу деңгейін бақылау; табиғи монополия және мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер саласында баға мен тариф белгілеудің кемсітпеушілік әдістерін әзірлеп, енгізу; тұтынушылардың мүдделерін қорғау және тұрғын үй-коммуналдық реформалар жүргізу жөнінде заңдардың жобаларын және басқа да нормативтік құқықтық актілер әзірлеу.

Облыстар мен Алматы қаласы бойынша Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер комитеттің аумақтық органдары болып табылды.

Комитеттің орталық аппаратының құрылымы: басшылық, монополияға қарсы заңдардың сақталуын қадағалау басқармасы, табиғи монополияларды реттеу басқармасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тұрғын үй реформалары басқармасы, ұйымдастырушылық-кадрлық жұмысы бөлімі.

ҚР Президентінің **1998 ж. 21 мамырдағы** Жарлығымен комитет агенттікпен бірге қайта құрылды³. Оның функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Президентінің **1998 ж. 30 маусымдағы** Жарлығымен өз кезегінде **ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті** болып қайта құрылған **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне** берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1779 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 54, 496-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1779 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 54, 496-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

⁴ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті
(1998)

ҚР Президентінің **1998 ж. 21 мамырдағы** Жарлығымен **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің** қайта құрылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Президентінің **1998 ж. 30 маусымдағы** Жарлығымен комитет министрліктің құрамынан бөлініп шығарылып, **ҚР Үкіметі** құрамына кірмейтін, орталық атқарушы орган ретінде **ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті** болып қайта құрылды².

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

² «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті
(Монополияға қарсы комитет)
(1998–1999)

ҚР Президентінің **1998 ж. 30 маусымдағы** Жарлығымен **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 5 тамыздағы** қаулысымен комитет туралы ереже және орталық аппараттың құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, баға, бәсекелестік, тұтынушылардың құқығын қорғау салаларындағы мемлекеттік саясатты, сауда-өнеркәсіп саясатының іске асуына жәрдем беруді, монополияға қарсы заңнаманың орындалуын қадағалауды жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу; табиғи монополия және мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер саласында баға мен тарифтер белгілеудің кемсітпеу әдістерін әзірлеу және енгізу; монополиялық қызметтің, нарықтағы үстем жағдайын теріс пайдаланудың алдын алу және оларға жол бермеу, жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау; тауар және қаржы нарықтарында жекелеген шаруашылық субъектілерінің үстем болу деңгейін бақылау; мемлекеттік органдардың ақылы қызмет көрсету тәртібін бақылау; сауда-өнеркәсіп саясатының іске асырылуына жәрдемдесу; тұтынушылардың мүдделерін қорғау және тұрғын үй-коммуналдық реформалар жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.

Комитет жүйесіне облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттер кірді.

Комитеттің орталық аппаратының құрылымы: басшылық, табиғи монополияларды реттеу басқармасы, монополияға қарсы заңнаманың сақталуын қадағалау басқармасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тұрғын үй реформасы басқармасы, мемлекеттік органдардың ақылы қызмет көрсетулері бөлімі, ұйымдастырушылық-кадрлық жұмысы бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 17 қарашадағы** қаулысымен комитеттің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық, бәсекелестікті дамыту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, табиғи монополияларды реттеу департаменті, монополияларға қарсы заңнаманың сақталуын қадағалау департаменті, ұйымдастырушылық-кадрлық жұмысы бөлімі³.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Үкіметінің жаңа құрылымының бекітілуіне байланысты комитет өз қызметін тоқтатты⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне (1)** берілді.

¹ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 5 тамыздағы № 743 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 27, 228-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 тамыздағы № 743 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 17 қарашадағы № 1164 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 42-43, 382-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (1) (1999, 2002–2003, 2004)

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 30 наурыздағы** қаулысымен агенттік туралы ереже және құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, баға, бәсеке, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын, сауда-өнеркәсіптік саясатты іске асыруға қолдау көрсететін, монополияға қарсы заңнаманың орындалуын бақылайтын орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі функциялары мыналар болды: табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу; монополиялық қызметтің, нарықтағы үстем жағдайын теріс пайдаланудың алдын

алу және оған жол бермеу, жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау; мемлекеттік органдардың ақылы қызмет көрсету тәртібін бақылау; өз қызметін мемлекеттік монополияға жатқызылған салада жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін бақылау.

Агенттіктің аумақтық органдары – облыстар мен Астана, Алматы қалалары бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттері болды.

Агенттіктің орталық аппаратының құрылымы: басшылық; табиғи монополияларды реттеу департаменті; монополияға қарсы заңнаманың орындалуын қадағалау департаменті; бәсекелестікті дамыту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті; ұйымдастырушылық-кадрлық жұмысы бөлімі.

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен агенттік *ҚР Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігімен ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне* біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды³.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен *ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттіктің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде қайта құрылды⁴.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 16 қыркүйектегі* қаулысымен⁵ агенттік туралы ережеге⁶ өзгертулер енгізілді: агенттіктің және оның департаменттерінің атауы өзгертілді; агенттіктің құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттерінен шағын бизнес (кәсіпкерлік) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға байланысты функциялары алынып тасталынды.

ҚР Президентінің *2003 ж. 13 маусымдағы* Жарлығымен агенттік *ҚР Президентіне* тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік орган болып қайта құрылды⁷.

ҚР Президентінің *2004 ж. 9 маусымдағы* Жарлығымен тікелей Президентке бағынатын және есеп беретін *ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін (2)* қайта ұйымдастыру жолымен Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде құрылды⁸.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 7 шілдедегі* қаулысымен агенттік туралы жаңа ереже бекітілді⁹.

Ережеге сәйкес агенттік *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін, табиғи монополия субъектілерінің мен белгілі бір тауар нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу, бәсекелестікті дамытудың қорғау және үйлестіру, сондай-ақ табиғи монополия субъектілерінің мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау аясындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің аумақтық органдары – облыстар мен Астана, Алматы қалалары бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі департаменттері болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу; монополиялық қызметтің, нарыққа үстем жағдайын асыра пайдаланудың алдын алу және оған жол бермеу, жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қолдану; тауарлар (жұмыстар, қызметтер) өндірісі саласында бәсекелестікті дамытуға мемлекеттік қолдау және жәрдем көрсету; мемлекеттік органдардың ақылы қызмет көрсетуінің тәртібін бақылау және мемлекеттік кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын мемлекеттік реттеу; мемлекеттік монополияға жатқызылған салада өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне бақылау жасау; табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ олардың қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру; өз құзыретінің шегінде кәсіпкерліктің құқықтарын қорғауға бағытталған ҚР заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру; табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ олардың қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен агенттік **ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі** болып қайта ұйымдастырылды, бәсекелестікті қорғау жөніндегі функциясы **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** берілді¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 30 наурыздағы № 326 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 11, 99-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 және 1999 жылғы 15 қарашадағы № 1713 қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 16 қыркүйектегі № 1010 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 30, 332-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 15 қарашадағы № 1713 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 50, 494-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы № 1107 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 26, 242-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 9 маусымдағы № 1382 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 23, 291-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 7 шілдедегі № 743 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 27, 350-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі (1999–2002)

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 15 қарашадағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, баға белгілеу, бәсекелестік пен бизнесті кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға өкілеттілік берілген орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу; монополиялық қызметтің, нарықта үстем жағдайын теріс пайдаланудың алдын алу және оған жол бермеу, жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау; тауар өндіру саласында бәсекелестікті дамытуға мемлекеттік қолдау және жәрдем көрсету; мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың ақылы қызмет көрсетуінің тәртібін бақылау; өз қызметін мемлекеттік монополияға жатқызылған салада жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін бақылау; орталық және жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестікті дамыту, шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдау жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіру; табиғи монополия субъектілерінің, нарықта үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілердің, шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдаудың, мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелердің қызметі мәселелері және Агенттіктің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.

Агенттіктің облыстар мен Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары – табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі департаменттері болды.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 10 шілдедегі** қаулысымен агенттіктің құқықтық мәртебесі нақтыланды: Агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу, баға белгілеу, бәсекелестік пен бизнесті (кәсіпкерлікті) дамыту, тұрғын-үй коммуналдық реформаларын жүргізу және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға өкілеттілік берілген орталық атқарушы орган³.

Агенттіктің негізгі міндеттеріне мыналар қосылды: тұрғын-үй коммуналдық реформалар жүргізуге және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыруға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-әрекеттерін үйлестіру; кәсіпкерліктің құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру; тұрғын-үй коммуналдық реформалар және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру саласында мемлекеттік саясатты іске әзірлеу және оны іске асыру.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 5 тамыздағы** қаулысымен агенттіктің құқықтық мәртебесі нақтыланды: ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, табиғи монополиялар субъектілерінің және белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін реттеу, баға белгілеу, бәсекелестікті, бизнесті (кәсіпкерлікті), тұрғын-үй коммуналдық қатынастарды дамыту, тарифтік саясат саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті орталық атқарушы орган. Осыған сәйкес агенттіктің негізгі міндеттері белгіленді⁴.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі (1)** болып қайта құрылды, шағын бизнесті қолдау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 15 қарашадағы № 1713 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 50, 494-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 15 қарашадағы № 1713 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 10 шілдедегі № 937 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 26, 321-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының 1999 ж. 15 қарашадағы № 1713 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 5 тамыздағы № 869 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 26, 279-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі (2004–2014)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің (2)** бәсекелестікті қорғау жөніндегі функциясы **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** беру жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді². Агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің міндеттері: табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау; табиғи және мемлекеттік монополиялар, мемлекеттік органдардың ақылы қызмет көрсету тәртібін бақылау, өз қызметін мемлекеттік монополияға жатқызылған салада жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметтерін реттеу және бақылау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру. Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аймақтық органдары – департаменттері болды.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 28 ақпандағы** қаулысымен агенттік туралы ережеге өзгерту енгізілді: агенттіктің аймақтық органдары туралы тармағында «департаменттері» деген сөз «басқармалары» деген сөзбен ауыстырылды³.

ҚР Президентінің **2007 ж. 19 маусымдағы** Жарлығымен агенттікке **ҚР Энергетика және минералдық ресурстар** мен Көлік және коммуникация министрліктерінің қызметінің жекелеген түрлерін лицензиялау; теміржол көлігі, электр және жылу энергетикасы, азаматтық авиация, порттар қызметі саласындағы кемсітусіз қол жеткізудің техникалық шарттарын айқындау; **ҚР**

Көлік және коммуникация министрлігінің теміржол көлігі саласында рұқсаттарды беру; **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** теміржол көлігі, электр және жылу энергетикасы, мұнай, мұнай өнімдері мен газ тасымалдау, азаматтық авиация, порттар қызметі саласындағы тауар нарықтарында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) арналған бағаны реттеу жөніндегі функциялары берілді⁴.

ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне агенттіктің телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы табиғи монополияларды реттеу және бақылау жөніндегі функциялары берілді.

Агенттікке **ҚР Үкіметі** белгілеген номенклатура бойынша тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаны реттеу, телекоммуникация және почта байланысындағы субъектілерді қоспағанда, тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) кемсітпейтін қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында тауар нарықтарына талдау жасау және тауар нарықтары субъектілерінің инфрақұрылымы жөніндегі функциялары берілді.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 12 қазандағы** қаулысымен агенттік туралы ереже және агенттіктің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді⁵.

Агенттік ҚР Үкіметі құрамына кірмейтін, телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін, теміржол көлігі, электр және жылу энергетикасы, мұнай, мұнай өнімдері мен газ тасымалдау, азаматтық авиация, порт қызметі саласындағы тауар нарықтарында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды, ҚР Үкіметі белгілеген номенклатура бойынша тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды мемлекеттік реттеуді, мемлекеттік органдардың ақылы қызметтерді көрсету тәртібін бақылауды, ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік монополияға жатқызылған салада өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің аумақтық органдары – облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша басқармалары болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: агенттіктің қарамағындағы мемлекеттік басқару салаларындағы (аясындағы) мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде берілген өкілеттіктер шегінде ұсыныстар әзірлеу; табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу және бақылау; теміржол көлігі, электр және жылу энергетикасы, мұнай, мұнай өнімдері мен газ тасымалдау, азаматтық авиация, порт қызметі саласындағы тауарлы нарықтарында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды реттеу; ҚР Үкіметі белгілеген номенклатура бойынша тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды реттеу; мемлекеттік органдардың ақылы қызмет көрсету тәртібін бақылау; мемлекеттік монополияға жатқызылған салада өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін ҚР заңнамасына сәйкес реттеу; табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау; агенттіктің қарамағындағы мемлекеттік басқару салаларында (аясында) тұтынушылар мен қызмет берушілер арасындағы мүдделердің теңгерімін қамтамасыз ету; табиғи монополиялар субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету; телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы нарықты қоспағанда, нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) және инфрақұрылымына кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз ету; берілген өкілеттіктер шегінде агенттіктің қарамағындағы мемлекеттік басқару салаларындағы (аясында) бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу болып табылды.

Агенттік және оның аймақтық органдары агенттіктің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен агенттіктің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (басқармалар) департаменттер болып аталды⁶.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 3 наурыздағы** қаулысымен агенттік туралы ережеге оның құқықтық мәртебесіне қатысты өзгерту енгізілді⁷.

Агенттік ҚР Үкіметі құрамына кірмейтін, телекоммуникация және почта байланысы салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы

басшылықты, теміржол көлігі, электр және жылу энергетикасы, мұнай өнімдері мен газ, мұнайды тасымалдау, азаматтық авиация, порт қызметі саласындағы реттелетін нарық субъектілерінің өніміне, тауарлары мен көрсетілетін қызметтеріне бағаларды реттеуді, ҚР Үкіметі белгілеген номенклатура бойынша өнімдерге, тауарларға және қызметтерге бағаларды реттеуді, мемлекеттік органдардың ақылы қызметтерді көрсету тәртібін бақылауды, ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік монополияға жатқызылған салада өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін реттеуді, сондай-ақ «Электр энергетикасы туралы» ҚР заңнамасына сәйкес энергия өндіруші және энергиямен жабдықтайтын ұйымдардың қызметін бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Редакциялық сипаттағы тиісті өзгертулер агенттіктің негізгі міндеттеріне енгізілді.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен**⁸ Агенттік таратылып, оның функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1109 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 39, 520-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1109 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 28 ақпандағы № 175 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 9, 96-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 19 маусымдағы № 346 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 20, 227-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 12 қазандағы № 943 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 38, 439-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 11 наурыздағы № 237 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 14, 127-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 3 наурыздағы № 237 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 13, 92-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59-60, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті (2004–2008)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен² құрылды.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуді, белгілі тауар рыногында басымдық жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу, бәсекелестікті дамытуды қорғау және үйлестіру, сондай-ақ белгілі тауар рыногында басымдық жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ҚР Индустрия және сауда министрлігінің ведомствосы болып табылды.

Комитеттің мемлекеттік мекемелері – облыстар мен Астана және Алматы қалаларында аймақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің міндеті монополистік қызметтің алдын алу және оған жол бермеу, жосықсыз бәсекелестікті шектеу және тоғысу жолымен бәсекелестікті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; бақылау және реттеу басқармасы; бәсекелестікті қорғау басқармасы; бақылау және ден қою басқармасы; ішкі әкімшілік ету басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 6 маусымдағы** қаулысымен комитеттің аймақтық бөлімшелерінің (облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша монополияға қарсы басқармалар) тізбесі бекітілді⁴.

Осы қаулымен комитеттің құрылымына өзгертулер енгізілді. Бақылау және реттеу басқармасы мен Бәсекелестікті қорғау жөніндегі басқарма атаулары мынадай редакцияда мазмұндалды: «Тауарлы нарықты талдау басқармасы және Бағаны реттеу басқармасы».

ҚР Президентінің **2007 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Индустрия және сауда министрлігі** бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті шектеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, **ҚР Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттік (Монополияға қарсы агенттік)** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁵. Агенттік таратылған комитеттің міндеттемелері бойынша құқық мирасқоры болып белгіленді.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 15 ақпандағы** қаулысымен комитет оның функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттікке (Монополияға қарсы агенттік) беріле отырып, таратылды⁶. Комитетінің аймақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері (облыстар, Алматы, Астана қалалары бойынша монополияға қарсы басқармалары) агенттіктің өңіраралық инспекциялары (Ақмола, Қарағанды облыстары және Астана қ. бойынша; Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары бойынша; Алматы облысы және Алматы қ. бойынша; Атырау, Маңғыстау облыстары бойынша; Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша; Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша; Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша) – мемлекеттік мекемелер болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Президентінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 және 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 47 қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 6 маусымдағы № 509 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 21, 208-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 13 қазандағы № 425 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 40, 452-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері (Монополияға қарсы агенттік)» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 15 ақпандағы № 141 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 7, 79-құжат).

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) (2007–2014)

ҚР Президентінің **2007 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті шектеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігін бөліну жолымен қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹. Агенттік таратылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің** міндеттемелері бойынша құқық мирасқоры болып белгіленді².

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 15 ақпандағы** қаулысымен оның функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі агенттікке беріле отырып, ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті таратылды³. ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері (облыстар, Алматы, Астана қалалары бойынша монополияға қарсы басқармалар) агенттіктің өңіраралық инспекциялары (Ақмола, Қарағанды облыстары және Астана қаласы бойынша; Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары бойынша; Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша; Атырау, Маңғыстау облыстары бойынша; Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша; Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша; Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша) – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Осы қаулымен агенттік туралы ереже және агенттіктің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді.

Агенттік *Үкіметтің* құрамына кірмейтін, қаржы ұйымдары көрсететін қаржылық қызметтер нарықтарын қоспағанда, тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу және тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат ету және бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің аумақтық бөлімшелері – аумақаралық инспекциялары болды. Агенттік және оның аумақтық бөлімшелері агенттіктің біртұтас жүйесін құрды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: бәсекелестікті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және монополистік қызметке жол бермеу, жосықсыз бәсекелестікті болдырмау және жою; тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; мемлекеттік органдардың бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу жөніндегі қызметтерін өңіраралық үйлестіруді жүзеге асыру; бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; ҚР монополияға қарсы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету болды.

ҚР Президентінің *2008 ж. 23 шілдедегі* Жарлығымен агенттікке бәсекелестікті қорғау және қаржы ұйымдарының монополистік қызметін шектеу жөніндегі функциясы берілді³. Бұрын аталған функциялар *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігіне* тән болған еді.

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 22 тамыздағы* қаулысымен агенттіктің құқықтық мәртебесін анықтауға қатысты агенттік туралы ережеге тиісті өзгертулер енгізілді⁴. Агенттік ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу және тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат ету және бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

ҚР Үкіметінің *2009 ж. 9 ақпандағы* қаулысымен монополияға қарсы органның міндеттері жаңа редакцияда мазмұндалды: адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу; ҚР монополияға қарсы заңнамасын құқықтық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеу, жолын кесу; экономикалық шоғырлануға бақылау жасау; бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру⁵.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 20 желтоқсандағы* қаулысымен агенттіктің құқықтық мәртебесі нақтыланды. Агенттік тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу және тұтынушылар құқықтарын қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіру және өзге арнаулы атқарушы, шешім шығарушы және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болды⁶.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен агенттік таратылып, оның функциялары мен өкілеттіктері құрылған *ҚР Ұлттық экономика министрлігіне* берілді⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 13 қазандағы № 425 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 40, 452-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері (Монополияға қарсы агенттік)» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 15 ақпандағы № 141 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 7, 79-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері туралы (Монополияға қарсы агенттік)» ҚР Президентінің 2008 ж. 23 шілдедегі № 633 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 34, 352-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері (Монополияға қарсы агенттік)» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 22 тамыздағы № 763 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 35, 374-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 141 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 9 ақпандағы № 124 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 10, 52-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 141 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 20 желтоқсандағы №1372 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 6, 70-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 502-құжат).

Қазақстан Республикасының Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі (2013–2014)

Агенттік ҚР Президентінің *2013 ж. 13 қарашадағы* Жарлығымен *ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінен (Монополияға қарсы агенттік)* – тұтынушылардың құқықтарын қорғау; *ҚР Денсаулық сақтау министрлігінен* – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы; *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен* – тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын, сондай-ақ тағам өнімдерін өткізу сатысында оның қауіпсіздігі саласын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2013 ж. 31 желтоқсандағы* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау саласында, сондай-ақ тағам өнімдерін өткізу сатысында оның қауіпсіздігі саласында басшылықты және реттеуді жүзеге асыратын, салааралық үйлестіруді, стратегиялық, реттеуші, бақылау-қадағалау, іске асыру және рұқсат ету функцияларын жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда және қалалардағы аудандарда аумақтық органдары, сондай-ақ көліктегі аумақтық органдары болған.

Агенттіктің негізгі міндеттері: тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; ҚР Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігіне жүктелген өзге де міндеттерді өзінің құзыреті шегінде жүзеге асыру.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен агенттік таратылды және *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің* құрамына қосылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 13 қарашадағы № 691 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 66, 894-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 31 желтоқсандағы № 1538 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, №79, 1049-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (2014–2017)

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен құрылған¹.

Ережеге сәйкес Комитет *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің* ҚР заңнамасына сәйкес тиісті тауар нарықтарында бәсекелестекті қорғау және монополистік қызметті шектеу салаларында, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау мен реттеуді, ҚР заңнамасына сәйкес телекоммуникация және почта байланысы аясындағы салаларды қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді, реттеу мен бақылауды, сондай-ақ «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына сәйкес энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметін

бақылау мен реттеуді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат беру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: табиғи монополияларды реттеу саласында және реттелетін нарықтарда мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу; бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу².

ҚР Үкіметінің *2017 ж. 17 ақпандағы* қаулысымен комитет *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетімен* біріктіру жолымен *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті* болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің ережесін бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 ж. 30 қыркүйектегі № 34 бұйрығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1400009775/30.09.2014> (ресми жарияланған күні: 2024 ж. 8 қазан).

³ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 17 ақпандағы № 71 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2017, № 6, 41-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және
тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті
(2017–2019)

ҚР Үкіметінің *2017 ж. 17 ақпандағы* қаулысымен *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті* мен *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетін* қосу жолының нәтижесінде құрылған¹.

Комитет – мынадай тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті шектеу, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау және реттеу, сондай-ақ заңнамада көзделген шектеу салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат ету және бақылау функцияларын, аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда мемлекеттік реттеу және бақылау, сондай-ақ энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік атқарушы органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: табиғи монополиялар салаларында және бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 10 шілдедегі* қаулысымен комитет *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетіне*, *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне*, *ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне* бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 17 ақпандағы № 71 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 6, 41-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралары туралы» ҚР Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 шілдедегі № 497 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 28, 243-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитеті
(2019–2020)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 10 шілдедегі* қаулысымен *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетін* бөлу нәтижесінде құрылды¹.

Комитет – тиісті тауар нарықтарында бәсекелестекті қорғау және монополиялық қызметті шектеу, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау және реттеу саласында басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік атқарушы органы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қатысу: адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу; ҚР бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу; экономикалық шоғырлануды реттеу; бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру.

ҚР Президентінің *2020 ж. 5 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі* құрылды².

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 шілдедегі № 497 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 28, 243-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 5 қазандағы № 428 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 46, 317-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Табиғи монополияларды реттеу комитеті
(2019*)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 10 шілдедегі* қаулысымен *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетін* бөлу нәтижесінде құрылды¹.

Комитет заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат ету және бақылау функцияларын, аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы) қызметтерін көрсету, тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда мемлекеттік реттеу және бақылау, сондай-ақ энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік атқарушы органы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті – табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ бағаларды мемлекеттік реттеуді және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібі мен міндеттерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысу².

2021 ж. 24 қарашадағы ҚР Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен Комитет туралы ереже жаңа редакцияда ұсынылды. Құқықтық мәртебесі келесі редакцияда нақтыланды: «Табиғи монополияларды реттеу комитеті аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыруды, сондай-ақ энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың «Электр энергетикасы туралы»³ ҚР Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады».

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 шілдедегі № 497 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 28, 243-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 ж. 29 шілдедегі № 190 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурсы] URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/134057/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 16 тамыз).

³ «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 190 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2021 ж. 24 қарашадағы № 339 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурсы] URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/G21NT000339/history/ (ресми жариялау күні: 2021 ж. 30 қараша).

1.5 Өнеркәсіп саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі (1991–1994)

ҚР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақ КСР Өнеркәсібі министрлігі ретінде құрылды¹. Кейіннен Қазақ КСР-нің 1991 ж. 10 желтоқсандағы «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заңын іске асыру шеңберінде ҚР Өнеркәсіп министрлігі болып аталды².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 13 тамыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес министрлік республика өнеркәсібінің қызметін реттеу мен дамыту саясатын жүргізетін мемлекеттік басқару органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: республиканың машина жасау, қорғаныс, кен-металлургиялық және химия кешендерінің, орман және ағаш өңдеу, жеңіл және жергілікті өнеркәсіп қызметін мемлекеттік басқару мен үйлестіруді жүзеге асыру; тиісті мемлекеттік басқару органдарымен бірлесе отырып, монополияға қарсы саясат жүргізу; өнеркәсіптегі мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі шаралар кешені мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу; өнеркәсіп салаларын дамытудың тұжырымдамалары мен мемлекеттік басым бағдарламаларын әзірлеу; Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесе отырып, арнаулы техника шығарудың немесе өндірісті конверсиялаудың бағдарламаларын жасау және т.б.

ҚР Президентінің *1993 ж. 23 маусымдағы Жарлығымен*⁴ министрлік құрамында *Кен-металлургия кешені жөніндегі департаменті*, ал ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 20 қазандағы* қаулысымен *Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департаменті* құрылды⁵.

ҚР Президентінің *1994 ж. 13 маусымдағы Жарлығымен* ҚР Өнеркәсіп министрлігі таратылды⁶. Таратылған *ҚР Сыртқы экономикалық, байланыстар министрлігі*, ҚР Өнеркәсіп министрлігі және *ҚР Сауда министрлігінің* негізінде *ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігі* құрылды.

¹ «Қазақ КСР-да мемлекеттік басқару органдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы № 172 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991, № 2, 21-құжат).

² «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР-інің 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48–50, 585-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 13 тамыздағы № 675 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 32, 496-құжат).

⁴ «Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 23 маусымдағы № 1287 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 22, 273-құжат).

⁵ «Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департаментін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 20 қазандағы № 1039 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 42, 499-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1730 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Кен-металлургия кешені жөніндегі департаменті (Басқармасы) (1993–1994)

ҚР Президентінің *1993 ж. 23 маусымдағы Жарлығымен ҚР Өнеркәсіп министрлігінің* құрамында құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1993 ж. 20 тамыздағы* қаулысымен департамент (басқарма) туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент ҚР кен-металлургия кешенінің шикізат базасын дамыту саласында мемлекеттік саясатты жүргізетін, ҚР Өнеркәсіп министрлігінің құрамындағы орталық атқарушы органы болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: республиканың мұқтаждары үшін металл және одан жасалған өнімдер жөніндегі қажеттілікке талдау жасау және оларды өндіру деңгейін белгілеу; мемлекет мұқтажына тапсырыс беруді қалыптастыру үшін бастапқы деректерді дайындау және кен-металлургия кешенінің инфрақұрылымын әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарларын әзірлеу; кешеннің объектілерінің стратегиялық дамуының айқындамасын және оларды орналастыру сызбасын дайындау; кенішті игеру, кен өндіру, байыту және металлургияның жаңа технологиялары жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру; кешенді дамытудың мақсатты басым бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыру, шағын, орташа және бірлескен кәсіпорындар негізінде жоғары экономикалық әлеует жасау; ҚР Экономика министрлігімен бірлесіп құрылыс салу және пайдалану үшін пайдалы қазба кен орындарын белгіленген тәртіппен шет ел фирмаларына беру туралы контракттарды дайындау және т.б.

ҚР Президентінің *1994 ж. 13 маусымдағы Жарлығымен* департамент министрлікпен бірге таратылды³.

¹ «Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 23 маусымдағы № 1287 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 22, 273-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Кен-металлургия кешені жөніндегі департаменті (басқармасы) туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 20 тамыздағы № 716 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 32, 376-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1730 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп министрлігінің Халық тұтынатын тауарлар
жөніндегі департаменті (Басқармасы)
(1993–1994)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 20 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Өнеркәсіп министрлігінің* құрамында құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 11 сәуірдегі* қаулысымен департамент (Басқарма) туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамыту саласында мемлекеттік саясатты жүргізу жөнінде ҚР Өнеркәсіп министрлігі құрамындағы атқарушы өкімет органы болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: меншік нысандары мен ведомстволық бағынысына қарамастан мемлекеттік холдинг, акционерлік компаниялардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, басқа да республикалық тауар өндірушілердің халық тұтынатын өндірістік емес тауарлар өндірісін ұлғайтып, олардың сапасы мен ассортиментін жақсарту жөніндегі іс-әрекетін үйлестіру; өндірісті дамыту, тауарларды ішкі және сыртқы нарықтарда сату үрдісін экономикалық реттеу шараларын талдап жасау; инвестиция саясатында өндірістік емес тауарлар өндірісін дамыту жөніндегі басым бағытты анықтау; халық тұтынатын тауарлар өндірісінде ғылыми-техникалық саясатты белгілеу және т.б.

ҚР Президентінің *1994 ж. 13 маусымдағы* Жарлығымен департамент таратылды³.

¹ «Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департаментін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 20 қазандағы № 1039 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 42, 499-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департаменті (Басқармасы) туралы ережені құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 11 сәуірдегі № 367 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 17, 172-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1730 Жарлығы (Қазақстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп министрлігі жанындағы
Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті
(1994)

ҚР Президентінің *1994 ж. 11 қаңтардағы* Жарлығымен құрылды¹, осы Жарлықпен ҚР Өнеркәсіп министрінің бірінші орынбасары – Комитет Төрағасы лауазымы енгізілді.

ҚР Президентінің *1994 ж. 13 маусымдағы* Жарлығымен комитет министрлікпен бірге таратылды². Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының әскери-өнеркәсіп кешенін ұйымдастыру мен басқаруды ретке келтіру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 11 қаңтардағы № 1500 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 7, 74-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы №1730 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы
Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті
(1994–1995)

ҚР Президентінің *1994 ж. 7 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 15 қарашадағы* қаулысымен комитеттің құрылымы бекітілді: іс басқармасы; қару-жарақ пен әскери техникаға және қос қолданыстағы өнімге

тапсырыс жасау, оларды лицензиялау, экспорттау импорттау бөлімі; экономикалық талдау, жұмылдыру қуаттары мен ресурстары бөлімі; конверсиялық бағдарламалар және өндірісті дамыту бөлімі; ғылыми-техникалық бағдарламалар, қару-жарақ пен әскери техниканы, жарылғыш заттарды әзірлеу бөлімі; халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастық, қару-жарақ пен әскери техниканы қысқарту жөніндегі келісімдерді жүзеге асыру бөлімі².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 30 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет мемлекеттік атқарушы өкіметтің орталық органы болды және қорғаныстық, әрі екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау және өндіру саласында мемлекеттік реттеуді және өз қаралымындағы мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қару-жарақ пен әскери техниканы, екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау мен өндіру, қорғаныс-өнеркәсіп кешенін құрылымдық қайта бағдарлау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру ісін жүзеге асыру және оған қатысу; қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау саласында мемлекеттік саясатты белгілеу; қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы материалдарды, заттай мүлікті және жабдықтарды, республиканың қорғаныс пен қауіпсіздік қажетіне арналған басқа да материалдық ресурстарды экспортқа-импортқа беріп тұру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; қару-жарақ, әскери техника және оқ-дәрі, екі рет қолданылатын өнімдерін дайындау мен өндіру саласында кез-келген меншік нысанындағы кәсіпорындардың қызметін лицензиялау; жұмылдырушылық қуаттарды жасау мен сақтау, қажетті жұмылдырушылық резервтерді толықтыру жөніндегі жоспарлар мен тапсырмалардың, сондай-ақ азаматтық қорғаныс пен жұмылдырушылық даярлық жөніндегі басқа да шаралардың орындалуын ұйымдастыру; қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындар мен ұйымдарының ғылыми-техникалық, өндірістік әлеуетін тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен комитет таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 7 қазандағы № 1879 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 40, 437-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 15 қарашадағы № 1287 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 15 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 сәуірдегі № 605 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 16, 183-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі (1994–1997)

Таратылған **ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар, ҚР Өнеркәсіп министрлігі және Сауда министрлігінің** негізінде ҚР Президентінің **1994 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: өнеркәсіп және сауда саясаты департаменті; кен-металлургия кешені жөніндегі департамент; шетелдермен сауда-экономикалық байланыс жөніндегі бас басқарма; халықаралық сауда бас басқармасы; ішкі сауда бас басқармасы; экономика және нарық қатынастары бас басқармасы; химия өндірісі басқармасы (жетекші); сыртқы экономикалық қызметтерді реттеу басқармасы (жетекші); машина жасау басқармасы; халық тұтынатын тауарлар басқармасы; қаржылық қамтамасыз ету, кадр саясаты және арнаулы жұмыстар басқармасы (жетекші); мемсауда инспекциясы; жалпы бөлім².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 22 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: ішкі сауда департаменті; қара металлургия департаменті; түсті металлургия департаменті; химия өндірісі департаменті; машина жасау департаменті;

қорғаныс өнеркәсібі департаменті; өнеркәсіп және сауда саясаты жөніндегі бас басқарма; халықаралық сауда бас басқармасы; шетелдермен сауда-экономикалық байланыс жөніндегі бас басқарма; экономика, кәсіпорындарды санациялау және нарық қатынастары бас басқармасы; бухгалтерлік есеп, қаржыландыру, кадр саясаты және арнаулы жұмыстар басқармасы (жетекші); сыртқы экономикалық қызметтерді реттеу басқармасы (жетекші); халық тұтынатын тауарлар басқармасы; көлік және энергетика кәсіпорындарымен байланысты ұйымдастыру басқармасы; мемлекеттік сауда инспекциясы; жалпы бөлім³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 30 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Мемлекеттік сауда инспекциясы** құрылды⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен министрлік орталық аппараттың құрылымына өзгертулер енгізілді⁵. Құрылым толықтырылды: еңбекті қорғау, экология және энергияны сақтау басқармасы; шарт-құқық бөлімі (жетекші); жұмылдыру даярлығы мен азаматтық қорғаныс бөлімі. Құрылымнан көлік және энергетика кәсіпорындарымен байланысты ұйымдастыру басқармасы шығарылды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 1 тамыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді⁶.

Ережеге сәйкес министрлік өнеркәсіпті, сыртқы экономикалық байланыстарды, сауданы мемлекеттік басқару орталық органы болды. **ҚР Министрлер Кабинетіне** тікелей бағынды.

Министрліктің негізгі міндеттері: жергілікті атқарушы өкімет органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, республиканың өндірістік кешенін мемлекеттік басқару және өнеркәсіп пен сауда салаларының қызметін үйлестіру; өндірістік әлеуетті тиімді пайдалануды, кооперациялық байланыстарды дамытуды, бәсекеге қабілетті және ғылымды қажетсінетін өнімдер шығаруды ұлғайтуды, белсенді ғылыми-техникалық, инвестициялық және әлеуметтік саясатты жүргізуді көздейтін өнеркәсіпті дамыту тұжырымдамаларын әзірлеу; сыртқы экономикалық байланыстарды ұйымдастыру, шет елдермен ынтымақтастық, өнімді экспорттау және импорттауды дамыту, әлеуметтік рынок конъюнктурасын зерделеу және оның дамуын болжау, халықаралық көрмелер, жәрмеңкелер өткізуге қатысу.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен ҚР Мемлекеттік сауда инспекциясы таратылды⁷.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: кен-металлургия кешені департаменті; химия өндірістері және халық тұтынатын тауарлар департаменті; машина жасау және жұмылдыру дайындығы департаменті; өнеркәсіп саясаты және экспортты дамыту бас басқармасы; сыртқы және ішкі сауда саясаты бас басқармасы; кадр және аппараттың жұмысын ұйымдастыру бас басқармасы; экономика және нарық қатынастары басқармасы; сыртқы экономикалық қызметті реттеу басқармасы⁸.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 12 сәуірдегі** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: кен-металлургия кешені бас басқармасы; химия өндірістері және халық тұтынатын тауарлар бас басқармасы; машина жасау және жұмылдыру дайындығы бас басқармасы; өнеркәсіп саясаты және экспортты дамыту бас басқармасы; сыртқы және ішкі сауда саясаты бас басқармасы; кадр және аппараттың жұмысын ұйымдастыру басқармасы; экономика және нарық қатынастары басқармасы; сыртқы экономикалық қызметтерді реттеу басқармасы⁹.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен таратылған **ҚР Ұлттық патент ведомствосының** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігіне берілді¹⁰.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; өнеркәсіп саясаты және өнеркәсіп өндірісінің құрылымын модернизациялау бас басқармасы; өндірістік-техникалық ынтымақтастық және сауда саясаты бас басқармасы; тау-кен металлургия кешенін реформалау және дамыту бас басқармасы; машина жасау және халықтық тұтыну тауарлары өндірісі мен жұмылдыру даярлығын реформалау және дамыту басқармасы; химия өндірісін реформалау және дамыту бас басқармасы; нарықтық қатынастар мен өнеркәсіптегі мониторингті дамыту басқармасы; кадр және аппарат жұмысын ұйымдастыру басқармасы; экспортты бақылау бөлімі; шарттық-құқықтық бөлім; бухгалтерлік есеп және қаржылық қамтамасыз ету бөлімі¹¹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігі таратылды¹². Функциялары, мүлкімен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экономика және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1730 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1994 ж. 14 маусым).

² «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 19 тамыздағы № 929 қаулысы (ҚР ҰА. 4 Қ. 1-Қ т. 2 іс.)

³ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 желтоқсандағы № 1445 қаулысы (ҚР ҰА. 4 Қ. 1-Қ. 21 іс.)

⁴ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 наурыздағы № 369 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 11, 127-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 желтоқсандағы қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 19 шілдедегі № 1000 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 154 іс.)

⁶ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 1 тамыздағы № 1054 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/1388/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁷ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы № 1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс.)

⁸ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1809 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс.)

⁹ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1996 ж. 12 сәуірдегі № 434 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 435 іс.)

¹⁰ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1640 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс.)

¹² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті (1996–1997)

ҚР Президентінің **1996 ж. 16 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 7 наурыздағы** қаулысымен комитет орталық құрылымы бекітілді: басшылық; қорғаныс тапсырысы, жай қару-жарақтарды өнеркәсіптік кәдеге жарату және шахталық ұшыру қондырғыларын жою бөлімі; жұмылдыру қуаттары мен резервтері, өнеркәсіп өндірісін талдау және қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын реформалаудың кешенді жоспарлары бөлімі; конверсиялық бағдарламалар және өндірісті дамыту бөлімі; халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастық, әскери мақсаттағы өнімдерді экспорттық-импорттық жеткізу бөлімі; ғылыми-техникалық бағдарламаларды, қару-жарақтар мен әскери техниканы, жарылыс заттарын әзірлеу бөлімі; қаржы-шаруашылық бөлімі².

Осы қаулымен Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі комитетінің** қаржылық, мүліктік және функционалдық мәселелері бойынша құқықтық мирасқоры болып белгіленді.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 29 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет ҚР Қарулы Күштерінің, басқа әсерлері мен әскери құрылымдарының мұқтаждары үшін қорғаныстық және қос мақсатта қолданылатын арнаулы өнімдерді әзірлеу мен өндіруге қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу және үйлестіру функцияларын қамтамасыз ету жөніндегі салааралық ведомство және уәкілетті орган болды, арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ республиканың қорғаныс өнеркәсібіне басшылықты дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қару-жарақ беру, әскери техника, оқ-дәрілерді және қос мақсатта қолданылатын өнімді жоспарлау, әзірлеу, өндіру саласында мемлекеттік саясатты

калыптастыру және жүзеге асыруға қатысу, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібін басқару және құрылымдық қайта бағдарлау; қорғаныс өнеркәсіп кешенінің ғылыми-технологиялық даму, конверсия, реформалау, инвестициялық және әлеуметтік саясат бағдарламаларын әзірлеу және оларды жүзеге асыру тетіктерін жасау; қорғаныс-өнеркәсіп кешеніндегі жұмылдыру қуаттарын құру, жинақтау және сақтау бойынша жоспарларды және тапсырмаларды орындауды жоспарлауға және ұйымдастыруға қатысу; қару-жарақты, әскери техника мен оқ-дәрілерді қос мақсатта қолданылатын өнімді әзірлеу және өндіру, жөндеу мен техникалық қызмет көрсету саласында жеке және заңды тұлғалардың қызметін лицензиялау; қорғаныс өнеркәсіп кешенінде жұмылдыру қуаттарын құру, жинау және сақтау бойынша жөніндегі жоспарлауға қатысу және тапсырмаларды орындауды ұйымдастыруға қатысу; қару-жарақты және әскери техниканы жасау, сату және сатып алуда экспорттық-импорттық бақылауға қатысу және т.б.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен комитет таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қорғаныс министрлігіне** берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 16 қаңтардағы № 2774 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 1, 1-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 7 наурыздағы № 285 Жарлығы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 425 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 29 шілдедегі № 942 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 32, 298-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті (Қорғанысминінің Қорғанысөнеркәсіпкомы) (1997–1999)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 20 маусымдағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеуге және өндіруге қатысатын ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға уәкілетті **ҚР Қорғаныс министрлігінің** құрылымындағы мемлекеттік орган болды. Комитет өзіне берілген өкілеттілігінің шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қорғаныстық және екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау, өндіру және жою саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыруға байланысты қызметті, сондай-ақ қорғаныс кәсіпорындарын дамыту мен конверсиялау бағдарламаларын, мемлекетаралық әскери-техникалық ынтымақтастық пен әскери мақсаттағы өнімдерді экспорттық-импорттық беру бағдарламаларын салааралық үйлестіру, осы бағдарламаларды жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындау, жұмылдыру қуаттары мен резервтерін құру, қорғаныс кәсіпорнының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; экспорттық бақылау және лицензиялауды жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **1999 ж. 20 мамырдағы** Жарлығымен комитет таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттілігі **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 20 маусымдағы № 997 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 249-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 20 маусымдағы № 997 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 249-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 208-б.

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті
(1999–2001)

ҚР Президентінің *1999 ж. 27 мамырдағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 10 қыркүйектегі* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құзыретінің шегінде қорғаныс өнеркәсібі саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ қорғаныс және екі рет қолданылатын өнімдерді өңдеу, өндіру және іске асыру мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қорғаныстық және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру және жою саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстарды қалыптастыруға, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібін, әскери мақсаттағы экспорттық-импорттық берулерді дамыту мен конверсиялаудың бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, бұл бағдарламаларды іске асыру; мемлекетаралық әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысу; мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындау және қорғаныс өнеркәсібінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; қорғаныс ұйымдарын конверсиялау бағдарламаларын іске асыру үшін әлеуетті инвесторларды тартуға жәрдемдесу.

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы* Жарлығына³ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2001 ж. 31 қаңтардағы* қаулысымен⁴ *ҚР Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті* болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 27 мамырдағы № 657 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 22, 224-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 10 қыркүйектегі № 1363 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 46, 422-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 4-5, 54-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экономика және сауда министрлігінің
Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті
(2001–2002)

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 31 қаңтардағы* қаулысымен *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 31 қаңтардағы* қаулысымен комитет туралы ережеде оның ведомстволық бағыныстылығы өзгертілді². Комитеттің құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері өзгертілмеді.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Экономика және сауда министрлігінің* құзыреті шегінде қорғаныс өнеркәсібі саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ қорғаныс және екіұдай мақсаттағы қолданылатын өнімдерді әзірлеу, өндіру және сату мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қорғаныстық және қос мақсатта қолданылатын өнімді әзірлеу, өндіру және жою саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстарды қалыптастыруға, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібін, әскери мақсаттағы экспорттық-импорттық берулерді дамыту мен конверсиялаудың

бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, осы бағдарламаларды іске асыру; өз құзыреті шегінде мемлекетаралық әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысу; мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындау және қорғаныс өнеркәсібінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын дамыту және реформалау бағдарламаларын әзірлеу, олардың жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлау; қорғаныс ұйымдарын конверсиялау бағдарламаларын іске асыру үшін әлеуетті инвесторларды тартуға жәрдемдесу.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына³ сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен⁴ **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті** құрылды.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен комитет таратылды, мүлкі жаңадан құрылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетіне** берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 4-5, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 10 қыркүйектегі № 1363 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 46, 422-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті (2002–2003)

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен жаңадан құрылған комитетке таратылған **ҚР Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетінің** мүлкі берілді. Комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде қорғаныс өнеркәсібі, қорғаныс және екіұдай мақсаттағы қолданылатын өнімді әзірлеу, өндіру және сату саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитет әскери-техникалық ынтымақтастық саласында уәкілетті орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді өндіру және жою саласында, сондай-ақ әскери-техникалық ынтымақтастық саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыруға, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібін дамыту мен конверсиялаудың, әскери мақсаттағы өнімді экспорттық-импорттық жеткізулердің бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, осы бағдарламаларды іске асыру; қорғаныс өнеркәсібі кешені мәселелері бойынша мемлекетаралық әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысу; өз құзыреті шегінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындау және қорғаныс өнеркәсібінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; қорғаныс өнеркәсібі кешені ұйымдарын дамыту және реформалау бағдарламаларын әзірлеу, олардың жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлау; қорғаныс ұйымдарын дамыту және конверсиялау бағдарламаларын іске асыру үшін ықтимал инвесторларды тартуға жәрдемдесу; комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша импорт алмастыру саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

Комитеттің құрылымы мынадай болды: басшылық; қорғаныс өнеркәсібін дамыту басқармасы; ұйымдастыру-талдау жұмысы басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен комитет таратылды⁴. Комитеттің мүлкі **ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне**, ұйымдастыру техникасы мен автокөлігі ҚР Индустрия және сауда министрлігіне берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 20 мамырдағы № 467 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 21-22, 211-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау
және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті
(Мемкенқадағалауком)
(1991–1994)**

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1981 ж. 20 тамыздағы Жарлығымен Қазақ КСР Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті ретінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылық ететін мемлекеттік басқару орталық органы болды².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 8 сәуірдегі** қаулысымен ҚР Мемкенқадағалаукомы туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес ҚР Мемкенқадағалаукомы республика аумағында оған жүктелген мемлекеттік қадағалауды тікелей және өздері құрған округтер, инспекциялар мен басқа да органдар арқылы жүзеге асырды. ҚР Мемкенқадағалаукомы және оған ведомстволық бағынысты органдар біртұтас жүйе құрады.

ҚР Мемкенқадағалаукомының негізгі функциялары: техника қауіпсіздігі саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, министрліктермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және шаруашылық қызметтің басқа да субъектілерімен бірлесіп, кәсіпорындар мен ұйымдарда апаттар мен жарақаттанудың алдын алудың ағымдағы және болашаққа арналған мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, осы мәселелер бойынша республикада өткізілетін ғылыми зерттеулерді үйлестіру; меншік нысандарына қарамастан республика аумағындағы еркін экономикалық аймақтарды қоса алғанда, шаруашылық қызметінің барлық субъектілерінің жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарды сақталуына тәуелсіз мемлекеттік қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; апаттар мен өндірістік жарақаттану болуының себептері мен шарттарын анықтау, талдау, қауіпсіз жұмыс жүргізу жөніндегі талаптардың орындалуына мемлекеттік қадағалауды жетілдіру.

ҚР Президентінің **1994 ж. 15 шілдедегі** Жарлығымен ҚР Мемкенқадағалаукомы **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитет** болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақ КСР Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитетін Қазақ КСР Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті етіп қайта құру туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1981 ж. 20 тамыздағы Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1981, № 35, 599-құжат).

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті (ҚР Мемкенқадағалау) туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 8 сәуірдегі №355 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 17, 170-құжат).

⁴ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі №1795 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы
Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау
және кен қадағалау жөніндегі комитеті
(1994–1995)**

ҚР Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1994 ж. 15 шілдедегі* Жарлығымен¹ құрылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 14 қарашадағы* қаулысымен комитеттің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; кенді және кенді емес өнеркәсіптегі қадағалау бөлімі; көмір өнеркәсібіндегі қадағалау бөлімі; химия, мұнай мен газ өңдеу, металлургия өнеркәсібіндегі және қауіпті жүктердің темір жол көлігімен тасымалдануын қадағалау бөлімі; мұнай және газ өндіру өнеркәсібіндегі, геология және магистралдық мұнай, газ өнімдері құбырларындағы қадағалау бөлімі; қазандық-газ қадағалау, көтеру құралдарын және астық өнімдері кәсіпорындарын қадағалау бөлімі; әскерилендірілген, мұнайдың атқылауына және газ ысырабына қарсы күресуші бөлімшелер бөлімі; өндірістердің бақылау және белгі беру аппаратурасымен, техникалық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау бөлімі; техника бөлімі; кадр, құпиялық тәртібі мен іс жүргізу бөлімі; бухгалтерия².

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті* болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі № 1795 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 14 қарашадағы № 1261 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 14 іс).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау
және кен қадағалау жөніндегі комитеті
(Кенқадағалауком)
(1995–1996)**

ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитетінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен комитеттің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; кен және кенсіз өнеркәсіпті қадағалау жөніндегі бөлім; көмір өнеркәсібін қадағалау жөніндегі бөлім; мұнай-газ өнеркәсібі, геология және магистралдық құбырларын қадағалау жөніндегі бөлім; химия, мұнай-газ өңдеу және металлургия өнеркәсібін қадағалау жөніндегі бөлім; газ қазандығын қадағалау, көтергіш жабдықтарды қадағалау және астық өнімдері кәсіпорындарының жарылыс-өртке қауіпті объектілерін қадағалау жөніндегі бөлім; аппаратура мен сигнализацияны, қауіпсіздік құралдарын өндіруді қамтамасыз ету жөніндегі қадағалау бөлімі; техникалық бөлім; кадр, іс қағаздары және арнайы жұмыстар жөніндегі бөлім; бухгалтерия².

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 28 наурыздағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, ҚР мемлекеттік басқарудың орталық атқарушы органы болды. Комитет мемлекеттік қадағалауды республика аумағында тікелей және қадағалау салалары бойынша мемлекеттік инспекторларды біріктіретін өздері құратын округтар, инспекциялар арқылы жүзеге асырды. Комитет және оған ведомстволық бағынысты органдар ҚР атқарушы органдарының өнеркәсіптің өз бақылауындағы салаларында еңбек қауіпсіздігін (қауіпсіздік пен еңбек қорғауды техникасы) мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын біртұтас жүйесін құрады.

Комитеттің негізгі функциялары: еңбек қауіпсіздігі саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, министрліктермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және шаруашылық қызметтің басқа да субъектілерімен бірлесіп, кәсіпорындар мен ұйымдарда апаттар мен жарақаттанудың алдын алудың ағымдағы және болашаққа арналған мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, осы мәселелер бойынша республикада өткізілетін ғылыми зерттеулерді үйлестіру; ҚР барлық орталық атқарушы органдарының, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың арнайы экономикалық аймақтарды, бірлескен және шетел кәсіпорындары мен шетел фирмаларына уақытша басқаруға берілген кәсіпорындарды қоса алғанда, республиканың барлық аумағында еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың сақталуына ведомстводан тыс мемлекеттік қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; апаттар мен өндірістік жарақаттану болуының себептері мен шарттарын анықтау мен талдау, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың орындалуына мемлекеттік қадағалауды жетілдіру және т.б.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен комитет таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1793 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті (ҚР Мемкенқадағалау) туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 28 наурыздағы № 360 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 13, 104-құжат).

⁴ «Орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдарының санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы (1995–1996)

ҚР Президентінің **1995 ж. 15 наурыздағы** Жарлығымен КСРО Металлургия министрлігінің Халық шаруашылығында түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі Орта Азия аумақтық мемлекеттік инспекциясы негізінде ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы ретінде құрылды¹. Оның құқық мирасқоры болды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 30 желтоқсандағы** қаулысымен меминспекция туралы ереже және оның орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес меминспекция түсті және қара металдарды және олардың сынықтары мен қалдықтарын ұтымды айырып алу және пайдалануға қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік реттеу және салааралық үйлестіруді, сондай-ақ осы мәселелер бойынша басқа арнайы, атқару, бақылау, шешім шығару немесе қадағалау қызметтерін жүзеге асыратын, атқару үкіметінің орталық органы болып табылды. Инспекцияға тікелей басшылықты **ҚР Үкіметі** жүзеге асырды.

Меминспекцияның негізгі міндеттері: кәсіпорындардың түсті және қара металдардың пайдалануына қатысты ҚР заңдарын, ҚР Президентінің Жарлықтарын, сондай-ақ ҚР Үкіметінің

қаулыларын орындауына; түсті және қара металдардың негізделіп қолданылуы, ұтымды айырылуы және пайдаланылуына; заңды мен жеке тұлғалардың металл бар жабдықтарды, механизмдерді және тұтыну қасиетінен айырылған бұйымдарды құруына, толық жинауға және тапсыруына; түсті және қара металдардың, олардың сынықтары мен қалдықтарының Қазақстан Республикасынан сыртқы шығарылуының, сондай-ақ түсті және қара металдарды, олардан жасалған бұйымдарды және олардың сынықтары мен қалдықтарын экспорттау бойынша сыртқы сауда шарттарына сараптамалық бағалаудың қолданысты заңнамада белгіленген тәртібінің орындалуына; өндірілетін металл мен металл өнімдерінің қолданыстағы стандарттар, МЕМСТ-пен және техникалық шарттарға сәйкестігіне бақылауды жүзеге асырды. Аталған мәселелер бойынша мемлекеттік бақылауды инспекция ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына карамастан республиканың барлық кәсіпорындарында жүзеге асырды.

Инспекция орталық аппаратының құрылымы: басшылық; талдама және құқықтық жұмыс басқармасы; бақылау басқармасы.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен меминспекция таратылды³. Функциялар, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясын құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 15 наурыздағы № 2128 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 10, 112-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 30 желтоқсандағы № 1897 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 41, 517-құжат).

³ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі (2002–2010)

1997-2002 жж. аралығында өнеркәсіпті басқару мәселелері ҚР Экономика және сауда министрлігі мен ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құзыретіне кірді.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Экономика және сауда министрлігін ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі** мен ҚР Индустрия және сауда министрлігіне бөлу арқылы оған өнеркәсіпті, құрылысты және сауданы, стандарттау, метрология және сертификаттауды басқару саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Министрлікке қайта ұйымдастырылған **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің** (отын-энергетика өнеркәсібі және жер қойнауын пайдалану саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін қоспағанда) өнеркәсіпті басқару жөніндегі, қайта ұйымдастырылған **ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің** шағын бизнесті қолдау саласындағы, қайта ұйымдастырылған **ҚР Сыртқы істер министрлігінің** тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді және министрліктің мынадай ведомстволары құрылды: **Сауда комитеті; Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті; Инвестициялар жөніндегі комитеті; Құрылыс істері жөніндегі комитеті; Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті; Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті**².

Құрылыс істері және Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттерінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері оларды ҚР Индустрия және сауда министрлігінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарына біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды.

Ережеге сәйкес министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте өнеркәсіпті, сауданы, құрылысты стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды басқару, шағын бизнесті және инвестицияларды мемлекеттік қолдау, қорғаныс тапсырысын орналастыру және орындау саласында мемлекеттік саясат әзірлеуді және оны іске асыруды салааралық үйлестіруді, сондай-ақ оның жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: индустрия саласында, соның ішінде өнеркәсіптің тау-кен металлургия, химия, өңдеу салаларында, саудада, сәулетте және құрылыста, стандарттауда, метрологияда және сертификаттауда, инновациялық қызметте мемлекеттік саясат әзірлеу және оны іске асыруға қатысу; шағын бизнесті және инвестицияларды мемлекеттік қолдау; ресурстық және технологиялық базаны қайта құру негізінде өз құзыреті аясында өнеркәсіп және құрылыс салаларын дамыту және реформалау бағдарламаларын әзірлеу; сауда қызметін мемлекеттік реттеу саласында басымдықтар әзірлеу; өз құзыреті шегінде Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру және Еуразия Экономикалық Қоғамдастығына (ЕурАзЭҚ) және өзге де халықаралық сауда ұйымдары мен одақтарға мүшелік мәселелері жөнінде саясат әзірлеу және жүргізу; тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу; адамның өмір сүруінің және тыныс-тіршілігінің толыққанды ортасын қалыптастыру, әлеуметтік өндірістік, көліктік инженерлік және коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысу; өнеркәсіп саласында ҚР ғылыми-техникалық және технологиялық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу және іске асырылуын қамтамасыз ету; қорғаныс тапсырысын және конверсиялық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу; тарифтік және тарифтік емес реттеу әдістерімен сыртқы сауда қызметін реттеуге қатысу; отандық өндірушілерді қорғау жөнінде демпингке қарсы бақылауды және шаралар кешенін жүргізуді қамтамасыз ету; мемлекеттік активтерді тиімді басқару саясатын жүргізуге қатысу; экспорттық бақылау саласында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; мемлекеттік органдардың шағын бизнесті қорғау саласындағы іс-қимылын үйлестіру; кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру; өнеркәсіп, жобалау және құрылыс өнімін қоса алғанда, өнім сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлікті, инновациялық қызметті дамыту, ғылыми-техникалық өнім рыногын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау; ҚР-да инвестициялық саясаттың даму стратегиясын, сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру; мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, ықтимал инвесторларды тарту және инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде ұйымдарға жәрдемдесу.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 18 қарашадағы* қаулысымен Сауда комитеті, Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті, Инвестициялар жөніндегі комитеті, Құрылыс істері жөніндегі комитеті, Қорғаныс өнеркәсібі комитеті, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы ереже және құрылымдары, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерінің – аумақтық органдарының тізбесі бекітілді³.

Сондай-ақ министрліктің *ҚР Экономика және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті* оның мүлкі ҚР Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Сауда комитетіне, *ҚР Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті* оның мүлкі ҚР Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Құрылыс істері жөніндегі комитетіне, *ҚР Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті* оның мүлкі ҚР Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Қорғаныс өнеркәсібі комитетіне, *ҚР Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті* оның мүлкі ҚР Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне, *ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті* оның мүлкі ҚР Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Инвестициялар жөніндегі комитетіне беріле отырып, таратылды.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен министрліктің Қорғаныс комитеті таратылды⁴. Оның мүлкі (министрлікке берілген оргтехникалық және автокөліктен басқа) **ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне** берілді.

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен министрлікке инновациялық дамыту және тиісті бағдарламаны іске асыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері жүктелді⁵.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 18 қыркүйектегі** қаулысымен министрліктің облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары министрліктің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері болып қайта аталды⁶. Сондай-ақ министрліктің Құрылыс істері жөніндегі комитетінің де аумақтық бөлімшелері құрылды.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 6 қазандағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі мен оның негізгі міндеттеріне өзгертулер енгізілді⁷.

Құқықтық мәртебесі мынадай редакцияда мазмұндалды: «Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте өнеркәсіпті, сауданы, құрылысты стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды басқару, шағын бизнесті және инвестицияларды мемлекеттік қолдау, қорғаныс тапсырысын орналастыру және орындау, елдің инновациялық дамуы саласында мемлекеттік саясат әзірлеуді және оны іске асыруды салааралық үйлестіруді, сондай-ақ оның жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады».

Министрліктің негізгі міндеттері толықтырылды: инвестициялар мен инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау; қорғаныс-өнеркәсіптік кешен мәселелері жөнінде мемлекетаралық әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысу, инновациялық жобаларды іске асыру жөнінде ұйымдарға жәрдемдесу; инновациялық қызметтің дамуы мен инновациялық қызмет субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін нормативті-құқықтық базаны қалыптастыру; ҚР экономикасы үшін стратегиялық мәні бар инновациялар мен инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысу; инновациялық қызметті дамыту бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; инновациялық қызмет саласында халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 5 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі мен оның негізгі міндеттеріне қайта өзгертулер енгізілді⁸. Құқықтық мәртебесі мынадай редакцияда мазмұндалды: «Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте өнеркәсіпті, сауданы, құрылысты, стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды басқару, шағын бизнесті және инвестицияларды мемлекеттік қолдау, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау, елдің инновациялық дамуы саласында мемлекеттік саясат әзірлеуді және оны іске асыруды салааралық үйлестіруді, сондай-ақ оның жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады».

Министрліктің қорғаныс тапсырысын орындауға қатысты міндеті жаңа редакцияда мазмұндалды: «мемлекеттік қорғаныс тапсырысы мен конверсиондық бағдарламаларды қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу».

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 23 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі мен оның негізгі міндеттеріне қайта өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁹.

Құқықтық мәртебесінің жаңа редакциясы мынадай мазмұнда болды: «Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте өнеркәсіпті, сауданы, құрылысты, тұрғын үй-коммуналдық саласын, стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды басқару, шағын бизнесті және инвестицияларды мемлекеттік қолдау, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау, елдің инновациялық дамуы саласында мемлекеттік саясат әзірлеуді және оны іске асыруды салааралық үйлестіруді, сондай-ақ оның жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады». Министрліктің негізгі міндеттеріне тиісті толықтырулар (тұрғын үй-коммуналдық саласы) енгізілді.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылды, шағын кәсіпкерлікті тікелей қолдау жөніндегі функциясы жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ оған *ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің* фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті реттеу; *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің* ауыл шаруашылығы ірі машина жасау және өнеркәсіп; *ҚР Білім және ғылым министрлігінің* инновацияларды дамытуды үйлестіру және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, инновациялық кәсіпкерлік, қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру саласындағы функциялары берілді¹⁰.

Министрлікке сонымен қатар қайта ұйымдастырылған *ҚР Туризм және спорт агенттігінің* туризмді дамыту функциялары, сондай-ақ қайта ұйымдастырылған *ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің* бәсекелестікті қорғау жөніндегі функциясы берілді.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 26 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді. *Министрліктің Құрылыс істері жөніндегі комитеті, Шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі комитеті* таратылып, штаттық сандары мен мемлекеттік мүлкі министрліктің орталық аппаратына берілді. Министрліктің жаңа ведомстволары құрылды: *Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті; Бәсекелестікті қорғау комитеті, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті* және оның аймақтық бөлімшелері¹¹. Министрліктің *Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеті* болып қайта аталды. Министрліктің *Сауда комитеті Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті* болып қайта ұйымдастырылды.

Министрліктің барлық комитеттерінің ережелері мен құрылымдары, сондай-ақ министрліктің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелерінің және Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері комитетінің аумақтық бөлімшелерінің тізбесі бекітілді.

Ережеге сәйкес Министрлік индустриялық, оның ішінде елдің қорғаныс-өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық және инновациялық дамуы саласында, сондай-ақ сауда және туристік қызметті, кәсіпкерлікті дамыту және бәсекелестікті қорғау, құрылыс, сәулет, қала құрылысы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, экономиканың шикізаттық емес секторындағы жеке инвестицияларды ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және нормативтік құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің мынадай ведомстволары болды: *Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті, Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті, Бәсекелестікті қорғау комитеті, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеті, Инвестициялар жөніндегі комитеті.*

Министрлік өзінің қарамағындағы ведомстволар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: индустриялық дамудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде барынша терең технологиялық қайта бөлулерді енгізу және шикізат ресурстарын ұтымды пайдалану негізінде елдің индустриялық дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау; елдің ғылыми-техникалық және инновациялық дамуының мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде ғылыми-техникалық әзірлемелерді енгізу (ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану) және жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру негізінде елдің экономикасын дамыту үшін жағдайлар жасау; ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру; құрылысты, тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде құрылыс саласы мен тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту мен реформалау үшін жағдайлар жасау; техникалық реттеу мен өлшемдер бірлігін дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру; туристік қызметті дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде туристік қызметтердің сапасын көтеру мен оның инфрақұрылымын нығайту арқылы туризмнің бәсекеге қабілетті индустриясын дамыту үшін жағдайлар жасау; сауда қызметін дамытудың

мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде теңгермелі кеден-тарифтік саясат жүргізу мен тауарлардың импорты кезінде ішкі рынокты қорғау жолымен отандық өндірісті дамыту және қолдау үшін жағдайлар жасау және ұлттық сауда режимін ырықтандыру деңгейін ұлғайту; Қазақстанның сыртқы сауда-экономикалық қатынастарын дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде сауда қызметін дамыту үшін жағдайлар жасау; кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау және бәсекелестікті қорғаудың, оның ішінде монополистік қызметті шектеу және жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу, сондай-ақ ғылыми-техникалық саладағы кәсіпкерлікті, инновациялық қызметті дамыту, ғылыми-техникалық өнім рыногын қалыптастыру жолымен мемлекеттік саясатты қалыптастыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, оның ішінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау; экономикалық шикізаттық емес секторына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен министрлік оның туризмді дамыту жөніндегі функциялары жаңадан құрылған **ҚР Туризм және спорт министрлігіне** беріле отырып, қайта ұйымдастырылды¹².

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 6 маусымдағы** қаулысымен министрліктің **Бәсекелестікті қорғау комитетінің** аумақтық бөлімшелері (облыстар, Алматы, Астана қалалары бойынша монополияға қарсы басқармалары) құрылды¹³.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 27 маусымдағы** қаулысымен **министрліктің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті министрліктің Сауда қызметін реттеу комитеті** болып қайта ұйымдастырылды¹⁴. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді: министрліктің құқықтық мәртебесі нақтыланды, ведомствоның атауы өзгертілді, министрліктің негізгі міндеттерінен туристік қызметті дамытуға қатысты міндеттері алынып тасталынды.

ҚР Президентінің **2007 ж. 19 маусымдағы** Жарлығымен министрліктің бәсекелестікті қорғау және қаржы ұйымдарының монополистік қызметін шектеу саласындағы функциялары **ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне** берілді¹⁵. Министрліктің телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы тауар нарықтарында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің (жұмыстарына, қызметтеріне) арналған бағаларды реттеу жөніндегі функциялары **ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне** берілді. Министрліктің теміржол көлігі, электр және жылу энергетикасы, мұнай, мұнай өнімдері мен газ тасымалдау, азаматтық авиация, порттар қызметі саласындағы тауарлы нарықтарында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды реттеу жөніндегі функциялары **ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне** берілді.

ҚР Президентінің **2007 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен министрлік одан **ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік)** бөлініп шығып, оған бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беру жолымен қайта ұйымдастырылды¹⁶. Агенттік министрліктің таратылған Бәсекелестікті қорғау комитетінің міндеттемелер бойынша құқық мирасқоры болып анықталды.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 5 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің **Экспорттық бақылау және лицензиялау комитеті** құрылды¹⁷. Министрліктің Сауда қызметін реттеу комитеті министрліктің **Сауда комитеті** болып аталды. Министрліктің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық даму комитеті мен Инвестициялар комитеті біріктіру жолымен министрліктің **Инвестициялар және өнеркәсіп комитеті** болып қайта құрылды.

Осы қаулымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды.

Ережеге сәйкес министрлік индустриялық, оның ішінде қорғаныс өнеркәсібі, елді ғылыми-техникалық, инновациялық дамыту, арнайы экономикалық аймақтарды реттеу саласында, сондай-ақ сауда қызметін, кәсіпкерлікті дамыту, құрылыс, сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, инвестицияларды мемлекеттік қолдау және қаржы ұйымдары бәсекелестігін қорғау мен олардың монополиялық қызметін шектеу саласын қоспағанда, бәсекелестікті қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз құзыреті шегінде оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында

мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрліктің ведомстволары болды: Сауда комитеті; Экспорттық бақылау және лицензиялау комитеті; **Құрылыс және тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері комитеті, Инвестиция және өнеркәсіп комитеті, Техникалық реттеу және метрология комитеті, Бәсекелестікті қорғау комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру: мемлекеттің индустриялық дамуы, оның ішінде елдің индустриялық дамуы үшін жағдайлар жасау; арнайы экономикалық аймақтарды құруды, олардың жұмыс істеуін және таратылуын мемлекеттік реттеу, экспорттық бақылау, елдің ғылыми-технологиялық дамуы, оның ішінде ғылыми-технологиялық эзирлемелерді енгізу (ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану) және жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру негізінде ел экономикасын дамыту үшін жағдайлар жасау; құрылысты, тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту, оның ішінде құрылыс саласы мен тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту мен реформалау үшін жағдайлар жасау; техникалық реттеу мен өлшемдер бірлігін дамыту, сауда қызметін дамыту, оның ішінде теңгерімді кеден-тариф саясатын жүргізу және тауарлардың импорты кезінде ішкі нарықты қорғау жолымен отандық өндірісті дамыту және қолдау үшін жағдайлар жасау және ұлттық сауда режимін ырықтандыру деңгейін ұлғайту; Қазақстанның сыртқы сауда-экономикалық қатынастарын дамыту, оның ішінде сауда қызметін дамыту үшін жағдайлар жасау; жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау және бәсекелестікті, оның ішінде қаржы ұйымдарының бәсекелестігін қорғау мен олардың монополиялық қызметін шектеу саласын қоспағанда, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу жолымен бәсекелестікті қорғау; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысы; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды қалыптастыру; ұйымдық және экономикалық, оның ішінде мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін шарттарды құру жолымен инновациялық қызметті ынталандыру; экономиканы дамыту және қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді құру, жұмыс жасап тұрған өндірістерді ұлғайту мен жаңартуға инвестицияларды ынталандыру үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау; реттелетін салада салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 15 ақпандағы** қаулысымен министрліктің Бәсекелестікті қорғау комитеті оның бәсекелестікті қорғау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері, мүлкі **ҚР Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне (Монополияға қарсы агенттікке)** беріле отырып, таратылды¹⁸. Таратылған комитеттің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері агенттіктің мемлекеттік мекемелері – өңіраралық инспекциялары болып қайта ұйымдастырылды.

Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді: министрліктің құқықтық мәртебесі нақтыланды. Министрлік индустриялық, оның ішінде қорғаныс өнеркәсібі, елді ғылыми-техникалық, инновациялық дамыту, арнайы экономикалық аймақтарды реттеу саласында, сондай-ақ сауда қызметін, кәсіпкерлікті дамыту, құрылыс, сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, инвестицияларды мемлекеттік қолдау, сондай-ақ өз құзыреті шегінде оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің ведомстволарынан Бәсекелестікті қорғау комитеті, негізгі міндеттерінен бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеуге қатысты саласы алынып тасталды.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 7 мамырдағы** қаулысымен министрліктің Инвестициялар және өнеркәсіп комитеті мен Экспорттық бақылау және лицензиялау комитеті **Өнеркәсіп комитетіне** бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды¹⁹. Техникалық реттеу және метрология комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері департаменттер деп аталды.

Министрліктің ведомстволарынан Экспорттық бақылау және лицензиялау комитеті және Инвестиция және өнеркәсіп комитеті алынып тасталынды. Инвестиция комитеті және Өнеркәсіп комитеті енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 18 наурыздағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі қайта нақтыланды²⁰. Министрлік индустриялық, оның ішінде елді қорғаныс өнеркәсібі, ғылыми-техникалық, инновациялық дамыту арнайы экономикалық аймақтарды реттеу саласында, сондай-ақ сауда қызметін, кәсіпкерлікті дамыту, құрылыс, сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, инвестицияларды мемлекеттік қолдау, ұйымдар мен мемлекеттік органдар ҚР аумағында жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы кезінде қазақстандық қамту үлесін ұлғайту, сондай-ақ өз құзыреті шегінде оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Осыған сәйкес министрліктің негізгі міндеттері қатарына ұйымдар мен мемлекеттік органдар ҚР аумағында жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы кезінде қазақстандық қамту үлесін ұлғайту міндеті қосылды.

ҚР Президентінің **2009 ж. 24 маусымдағы** Жарлығымен министрлік **Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне** сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін, тұрғын үй қатынастарын және коммуналдық шаруашылықты мемлекеттік басқару саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, оның кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу жөніндегі функцияларын **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне** берілу жолымен қайта ұйымдастырылды. Агенттік таратылған Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің құқық мирасқоры болып айқындалды²¹.

Министрлікке **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту жөніндегі функциялары берілді. Министрлікке өзге мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылмаған жоғары технологиялы сервистік индустрияны дамыту саясатын әзірлеу жөніндегі функциясы да берілді.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі қайта нақтыланды²².

Министрлік индустриялық, оның ішінде елдің қорғаныс өнеркәсібін, ғылыми-техникалық, инновациялық дамыту арнайы экономикалық аймақтарды реттеу саласында, сондай-ақ сауда қызметін, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, инвестицияларды мемлекеттік қолдау, ұйымдар мен мемлекеттік органдар ҚР аумағында жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы кезінде қазақстандық қамту үлесін ұлғайту, сондай-ақ өз құзыреті шегінде оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрлік ведомстволарының санынан Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті алынып тасталынды.

Осыған сәйкес министрліктің негізгі міндеттерінен құрылысты, тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту, оның ішінде құрылыс саласы мен тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту мен реформалау үшін жағдайлар жасау; жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау және бәсекелестікті, оның ішінде қаржы ұйымдарының бәсекелестігін қорғау мен олардың монополиялық қызметін шектеу саласын қоспағанда, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу жолымен бәсекелестікті қорғау жөніндегі міндеттері алынып тасталды.

Министрліктің негізгі міндеттері экономиканы әртараптандыру және үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту үрдістерін үйлестіруді жүзеге асыру міндетімен толықтырылды.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Индустрия және сауда министрлігі **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі** етіп қайта құру жолымен, соның ішінде соңғысына **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінен** электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері бере отырып, қайта ұйымдастырылды²³. Министрліктің сауда саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен министрліктің Сауда комитеті **ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Сауда комитеті** болып қайта аталды²⁴.

ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы қаулысымен министрліктің *Техникалық реттеу және метрология комитеті ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті*, министрліктің Өнеркәсіп комитеті *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті*, министрліктің Инвестиция комитеті *Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті* болып қайта аталды²⁵.

Министрліктің Техникалық реттеу және метрология комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері де қайта аталды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002 ж. № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныстық өнеркәсібі комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 20 мамырдағы № 467 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 21-22, 211-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы № 1107 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003 ж. № 26, 242-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 18 қыркүйектегі № 951 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 38, 385-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі № 996 және 2003 жылғы 20 қаңтардағы № 54 қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 6 қазандағы № 1027 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 40, 425-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 тамыздағы № 881 және 2002 жылғы 12 қыркүйектегі № 996 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 5 желтоқсандағы № 1235 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 46, 505-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы № 1302 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 48, 541-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004 ж. № 36, 474-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы №73 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 және 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 47 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 6 маусымдағы № 509 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 21, 208-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 27 маусымдағы № 589 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, №2 3, 237-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы » ҚР Президентінің 2007 ж. 19 маусымдағы № 346 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 20, 227-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 13 қазандағы № 425 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 40, 452-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 5 желтоқсандағы № 1180 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 46, 546-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері (Монополияға қарсы агенттік)» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 15 ақпандағы № 141 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 7, 79-құжат).

¹⁹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 7 мамырдағы № 429 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 24, 229-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 18 наурыздағы № 354 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 16, 130-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 24 маусымдағы № 832 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 31, 279-құжат).

²² «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 15 шілдедегі № 1071 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 33, 311-құжат).

²³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

²⁴ «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 254 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 200-құжат).

²⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті
(2004–2008)

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2004 ж. 26 қарашадағы* қаулысымен² құрылды.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің* құзыреті шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес іске асырушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, жетекшілік ететін өнеркәсіп саласында (оның ішінде тау-кен металлургия, химия, өнеркәсіптің өңдеуші салаларында, ірі ауыл шаруашылық машина жасау, фармацевтика және медицина өнеркәсібі салаларында), сондай-ақ қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы ҚР индустриялық, ғылыми-технологиялық және инновациялық даму саласындағы қызметтік салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктерін енгізу негізінде тиімділігі жоғары және экспортқа бағдарланған өндірістерді құру; қосылған күн тізбегінің әдіснамасы негізінде ұлттық өндірістің құрылымын жасау; салалардағы қосылған күн тізбегін ұлғайтуды қоса алғанда өндірістің бәсекелік басымдылығын арттыруға бағытталған минералдық ресурстарды қайта өңдеудің тереңдігін және пайдаланудың кешенділігін қамтамасыз ету; салалық ғылыми-техникалық бағдарламалар шеңберінде ғылымды қажетсінетін, ресурстар үнемдейтін және эко-логиялық таза технологиялар мен жабдықтарды жасау; тиімді ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру; жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізу кезінде қазақстандық өндірушілер тауарларының, жұмыстары мен қызметтерінің үлесін ұлғайту; ҚР Қарулы Күштерін қару-жарақпен және әскери техникамен қамтамасыз ету және экспортқа бағдарланған өнімді шығару үлесін жоғарылата отырып, қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамыту.

Комитеттің құрылымы: басшылық, өңдеу және тау-кен өндіру өнеркәсібі басқармасы; инновациялық және ғылыми-техникалық дамыту басқармасы; қорғаныс өнеркәсібі, экспорттық бақылау және лицензиялау басқармасы.

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 24 тамыздағы* қаулысымен комитет құрылымына қосымша ішкі әкімшілендіру бөлімі енгізілді⁴.

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 7 мамырдағы* қаулысымен комитет *Экспорттық бақылау және лицензиялау комитетімен* бірігіп *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп комитеті* болып қайта құрылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 24 тамыздағы № 871 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 33, 454-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 7 мамырдағы № 429 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 24, 229-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Экспорттық бақылау және лицензиялау комитеті
(2007–2008)

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 5 желтоқсандағы* қаулысымен¹ құрылды.

Комитет *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің* ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 7 мамырдағы* қаулысымен² комитет *Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық даму комитетімен* біріге отырып *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп комитеті* болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 5 желтоқсандағы № 1180 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, №46, 546-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 7 мамырдағы № 429 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, №24, 229-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (2008–2010)

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 7 мамырдағы* қаулысымен *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті* мен *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау комитетімен* бірігіп, қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

Комитет *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің* ведомствосы болды.

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы* Жарлығымен ҚР Индустрия және сауда министрлігі *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі* болып құрылу жолымен, оның ішінде соңғысына *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінен* электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылды². Министрліктің сауда саласындағы функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігіне* берілді.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 14 мамырдағы* қаулысымен комитет *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті* болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 7 мамырдағы № 429 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 24, 229-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (2010–2014)

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы* Жарлығымен *ҚР Индустрия және сауда министрлігі* ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі болып құрылу жолымен, оның ішінде оған *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінен* электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 14 мамырдағы* қаулысымен *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті* *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті* болып; *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитеті* *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергетикасы* болып; *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті* *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің*

Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті болып; **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті** **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті** болып; **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп комитеті** **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті** болып; **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция комитеті** **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті** болып қайта аталды².

ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары болып; ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары болып қайта аталды. Аталған комитеттердің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарының тізбесі бекітілді.

Осы қаулымен министрлік туралы ереже бекітілді.

Министрлік индустрия және елді индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешен, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі, инвестицияларды мемлекеттік қолдау, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату, экспорттық бақылау; техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету; электр энергетикасы; көмірсутегі шикізатын қоспағанда, минералдық ресурстар; мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын пайдалануды қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бөлігінде мемлекеттік басқару; көмір өнеркәсібі; атом энергетикасын пайдалану, жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау, энергия үнемдеу саласында басшылық етуді, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің ведомстволары: **Инвестиция комитеті, Өнеркәсіп комитеті, Техникалық реттеу және метрология комитеті, Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті, Атом энергетикасы комитеті, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: индустрия және елді индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешен, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі, инвестицияларды мемлекеттік қолдау, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату, экспорттық бақылау; техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету; электр энергетикасы; қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бөлігінде жер қойнауын пайдалану, көмір өнеркәсібі; мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын пайдалануды қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бөлігінде мемлекеттік басқару; атом энергетикасын пайдалану, жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау, энергия үнемдеу саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; ғылыми-технологиялық әзірлемелерді енгізу (ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану) және жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру негізінде ел экономикасын дамыту үшін жағдайлар жасау; ұйымдық және экономикалық, оның ішінде мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін шарттарды құру жолымен

инновациялық қызметті ынталандыру; экономиканы дамыту және қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрған өндірістерді ұлғайту мен жаңартуға инвестицияларды ынталандыру үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау; инвестициялық жобаларды іске асыру және мониторингі жөніндегі шараларды қамтамасыз ету; экономиканы әртараптандыру және үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту үдерістерін үйлестіруді жүзеге асыру; реттелетін салаларда мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 2 сәуірдегі** қаулысымен **министрліктің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті министрліктің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті** болып қайта аталды³. Комитеттің облыстардағы және Астана мен Алматы қалаларындағы мемлекеттік мекемелері – аумақтық департаменттерінің тізбесі бекітілді. Тиісті өзгертулер министрлік туралы ережеге енгізілді.

ҚР Президентінің **2012 ж. 7 мамырдағы** Жарлығымен министрлік ҚР Атом энергиясы агенттігінің бөліп шығу нәтижесінде қайта ұйымдастырылды, оған атом энергиясын пайдалану, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР аумағында ядролық қаруды таратпау режимін сақтау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер берілді⁴.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен ҚР Инвестициялар және даму министрлігі** оған электр энергетикасы, атом энергиясы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді қоспағанда, **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің** функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 2 сәуірдегі № 349 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/58143/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 7 мамырдағы № 321 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 52, 705-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (2010–2014)

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен² комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп комитеті** болып қайта аталуының нәтижесінде құрылды.

Комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен комитет ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің **ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне** электр энергетикасы, атом энергиясы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді қоспағанда, функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (2014–2018)

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен құрылды¹.

Министрлікке **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің** электр энергетикасы, атом энергиясы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді қоспағанда, функциялары мен өкілеттіктері берілді.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 19 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді, оған көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (40-тан астам рет). Олардың мәтінімен ҚР нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде танысуға болады².

Министрлік индустрия және елді индустриялық-инновациялық дамыту, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешен, жергілікті қамтуды дамыту, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина өнеркәсібі, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі; салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі; мемлекеттік инвестициялық саясат және инвестицияларды қолдау саясаты, қолайлы инвестициялық ахуалды жасау; арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі және оларды тарату, экспорттық бақылау; техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету; көмірсутегі шикізатын қоспағанда, минералдық ресурстар; мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, уранды және көмірді қоспағанда, жерасты сулары және емдік балшықтар, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын мемлекеттік басқару; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, туристік қызмет, инвестицияларды мемлекеттік қолдау саясатын іске асыру салаларында, теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу, ҚР әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі, автомобиль жолдары; өнеркәсіптік қауіпсіздік; байланыс, ақпараттандыру және «электрондық үкімет», ақпарат; ғарыш қызметі салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің ведомстволары: **Инвестиция комитеті; Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті; Техникалық реттеу және метрология комитеті; Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті; Автомобиль жолдары комитеті; Азаматтық авиация комитеті; Көлік комитеті; Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті; Аэроғарыш комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: индустрия және индустриялық-инновациялық даму, жергілікті қамтуды дамыту, елді ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешені, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі, арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және тарату, экспорттық бақылау, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, уранды және көмірді қоспағанда, жерасты сулары және емдік балшықтар, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалану, мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, уранды және көмірді қоспағанда, жерасты сулары және емдік балшықтар, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын мемлекеттік басқару, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, туристік қызмет, теміржол көлігі, автомобиль көлігі, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу саласында, ҚР әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі, автомобиль жолдары, байланыс,

ақпараттандыру, «электрондық үкіметі» қалыптастыру, ақпарат, ғарыш қызметі салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; индустриялық-инновациялық даму саласында мониторингті және мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; индустриялық-инновациялық және кластерлік дамыту саласында мониторингті және мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін ұйымдық және экономикалық, оның ішінде инвестициялар тартуды қамтамасыз ететін жағдай жасау арқылы инновациялық қызметті ынталандыру; экономиканы дамыту және заманауи технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңартуға инвестицияларды ынталандыру үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау бойынша ұсыныстар әзірлеу; инвестициялық жобаларды іске асыру және мониторингтеу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету; экономиканы әртараптандыру және үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту процесстерін үйлестіруді жүзеге асыру; көліктің және оның өміршеңдік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету; қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды ықпалының алдын алу; Қазақстан Республикасының ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыштық технологиялар мен көрсетілетін қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жағдай жасау; Қазақстан Республикасында ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын құру; өз құзыреті шегінде «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; реттелетін салаларда мемлекеттік басқару; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңгерімді сақтау; өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2016 ж. 6 мамырдағы** Жарлығымен министрліктің ақпарат, ақпараттандыру және байланыс саласындағы функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне** берілді³.

ҚР Президентінің **2016 ж. 6 қазандағы** Жарлығымен министрліктің ғарыш қызметі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне** берілді⁴.

ҚР Президентінің **2017 ж. 25 қаңтардағы** Жарлығымен министрлікке қайтадан ұйымдастырылған **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің** сәулет, қала құрылысы, құрылыс, тұрғын үй қатынастары, сумен жабдықтау, су бұру, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты-тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді⁵.

Осы Жарлықпен министрлік экспортты ілгерілетуге жауапты болып айқындалып, сондай-ақ оның туристік қызмет саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне** берілуі арқылы қайта құрылды.

ҚР Президентінің **2018 ж. 26 желтоқсандағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне** инвестицияларды тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру, **ҚР Сыртқы істер министрлігіне** инвестицияларды тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып өзгертіліп, **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 995 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 57, 546-құжат). *Құрастырушылардың ескертпесі:* Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/history/83297/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 6 мамырдағы № 253 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 27, 151-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 6 қазандағы № 350 Жарлығы (Казахстанская правда, 2016 ж. 7 қазан).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 25 қаңтардағы № 412 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2017, № 1, 2-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (2014–2018)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 19 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Инвестициялар және даму министрінің **2014 ж. 23 қазандағы** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің** елдің өнеркәсіп салаларын индустриялық дамыту, экспорттық бақылау саласындағы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жергілікті қамтуды дамыту саласындағы іске асыру, реттеу, бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: индустрия және елді индустриялық-инновациялық дамыту саласында: тау-кен металлургия кешені, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс материалдары өндірісі, экспорттық бақылау және жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жергілікті қамтуды дамыту саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және оны іске асыруға қатысу; қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу; жетекшілік ететін салаларда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету².

ҚР Президентінің **2018 ж. 26 желтоқсандағы** Жарлығымен **ҚР Инвестициялар және даму министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 995 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 57, 546-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 ж. 23 қазандағы № 97 бұйрығы (Егемен Қазақстан, 2014 ж. 27 қараша).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (2016–2019)

ҚР Президентінің **2016 ж. 6 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Қорғаныс министрлігінен** – қорғаныс өнеркәсібі саласындағы; **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінен** – ғарыш қызметі саласындағы; **ҚР Ұлттық экономика министрлігінен** – жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы; **ҚР Премьер-Министрінің Кеңесінен** – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен** ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 15 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік қорғаныс, аэроғарыш өнеркәсібі және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру салаларындағы басшылықты, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылған.

Министрліктің мынадай ведомстволары болған: **Аэроғарыш комитеті; Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті; Ақпараттық қауіпсіздік комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: қорғаныс, аэроғарыш өнеркәсібі және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту; Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіру; реттелетін салалардағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау; өз құзыреті шегінде ҚР заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету; бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласына басшылық жасау; ҚР ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыштық технологиялар мен көрсетілетін қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жағдай жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын құру; өз құзыреті шегінде «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; өз құзыреті шегінде министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2019 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен министірлік **ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне** қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 6 қазандағы № 350 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2016 ж. 7 қазан, № 192).

² «Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 қарашадағы № 704 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 58, 373-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 25 ақпандағы № 848 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 3, 26-құжат).

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (2018–2023)

ҚР Президентінің **2018 ж. 26 желтоқсандағы** Жарлығымен **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің құрылымы мен ережесі бекітілді, оған кейіннен көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (50-ден астам рет). Олардың мәтінімен ҚР нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде танысуға болады².

Министрлік индустрия және индустриялық даму; өнеркәсіп; тау-кен металлургия кешені; елішілік құндылықты дамыту; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеуден басқа), ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымын реттеу; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың

жұмыс істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту салаларында; теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында теңізде жүзу салаларында; ҚР әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу; тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу; әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласында басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің ведомстволары: *Индустриялық даму комитеті; Автомобиль жолдары комитеті; Азаматтық авиация комитеті; Көлік комитеті; Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті; Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті; Геология комитеті.*

Комитеттің негізгі міндеттері: өнеркәсіп; елішілік құндылықты дамыту; тау-кен металлургия кешені; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеуден басқа), ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісі және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымы; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту салаларында; теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу салаларында; ҚР әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; автомобиль жолдары; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа); тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; Министрліктің құзыретіне кіретін қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; көліктің және оның өміршеңдік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету; көлік саласында инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу; мемлекеттің және халықтың тасымалдауға мұқтаждығының болжамдарын әзірлеу; көлік саласында ҚР мүддесін қорғау; экономиканың және республика халқының тасымалдауға, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалына және олармен байланысты көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау; жолаушылар тасымалын жүзеге асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоса алғанда, жаңа технологияларды, мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген құрылғылар мен технологиялардың ұтқырлығын жеңілдететін құралдарды пайдалану; жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын көлік жұмыскерлерін мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау және оларға қызмет көрсету дағдыларына, оның ішінде ымдау тіліне үйрету; көлік қызметін пайдаланушылар құқықтарының сақталуын бақылау және қадағалау; ҚР көлік кешені қызметінің жұмысын үйлестіру және мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру; реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; реттелетін салаларда мемлекеттік басқару; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтау;

қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін құру; ҚР Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, ҚР арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын қазіргі заманғы әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен), әскери мақсаттағы жұмыстармен және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының ғылыми-технологиялық және өндірістік әлеуетін өнеркәсіптің азаматтық салаларында пайдалану; мемлекетте қорғаныс қабілетін, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті арттыру және нығайту мүдделерінде қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың қазіргі заманғы түрлерін жасауды қамтамасыз ету; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының экспорттық әлеуетін қолдау және одан әрі дамыту; қолданбалы зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту және оларды одан әрі коммерцияландыру; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласында басшылық ету және т.б.

ҚР Президентінің **2020 ж. 9 қыркүйектегі** Жарлығымен министрліктің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне** берілді³.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік, оны теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында теңізде жүзу салаларындағы; ҚР әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, **ҚР Көлік министрлігіне (2)**; индустрия және индустриялық даму; өнеркәсіп; тау-кен металлургия кешені; елішілік құндылықты дамыту; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін қайта өңдеуден басқа), ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымын реттеу; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту салаларындағы; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу; тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу; әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 2 қыркүйек).

² «Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client/#/history/128593/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 9 қыркүйектегі № 408 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 36-37, 271-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті
(2018–2020)

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің **2019 ж. 7 ақпандағы** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді, оған кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (**2019 ж. 2 қазан, 2020 ж. 10 қыркүйек**)².

Комитет **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің** өз құзыреті шегінде индустрия және индустриялық-инновациялық қызметтің: тау-кен металлургия, зергерлік және басқа да бұйымдар, бағалы металдардан жасалған монеталар, көмір, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу, жиһаз өнеркәсібі; жергілікті қамтуды дамыту; арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі және тарату; экспорттық бақылау және қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау; өндірістік қауіпсіздік; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; арнайы инвестициялық келісімшарт жасасу және бұзу салаларында басшылықты жүзеге асыратын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өнеркәсіптің тау-кен металлургия, көмір, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу, жиһаз өнеркәсібі салаларын дамыту бойынша индустриялық-инновациялық қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысу.

ҚР Президентінің **2020 ж. 9 қыркүйектегі** Жарлығымен министрліктің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне** берілді³.

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 20 қазандағы** қаулысымен комитет **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті** мен **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитетіне** бөлу арқылы қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2019, № 70, 466-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі және оның аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 ж. 7 ақпандағы № 67 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/history/129146/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 21 ақпан).

³ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 9 қыркүйектегі № 408 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 2020, № 36-37, 271-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 20 қазандағы № 680 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000680/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті
(2019–2023)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 24 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет туралы ереже ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің **2019 ж. 4 қарашадағы** бұйрығымен бекітілген, оған кейіннен (**2020 ж. 21 ақпан, 2021 ж. 21 сәуір**) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді².

Комитет **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің** мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, ҚР арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын қазіргі заманғы әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен), әскери мақсаттағы жұмыстармен және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету; мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуын салааралық үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру; сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың, сенімгерлік басқарудағы ұйымдардың қызметін ұйымдастыру; комитетке өз құзыреті шегінде жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырды.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығын іске асыру мақсатында, ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен комитет **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы комитеті** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетін құру және «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 24 қазандағы № 797 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 47–48, 389-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 ж. 4 қарашадағы № 822 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/history/135774/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы №864 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 46, 375-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (2020–2023)

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 20 қазандағы** қаулысымен **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының **2020 ж. 28 қазандағы** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді, оған кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (**2021 ж. 21 сәуір**)².

Комитет **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің**, өз құзыреті шегінде индустрия және индустриялық-инновациялық қызметтің: тау-кен металлургия, зергерлік және басқа бұйымдар, бағалы металдардан жасалған монеталар көмір, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу, жиһаз өнеркәсібі, құрылыс материалдарының өндірісі; жергілікті қамтуды дамыту; арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі және оларды тарату; экспорттық бақылау; жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; арнайы инвестициялық келісімшартты жасасу және бұзу; реттелетін салаларда тауарларды таңбалау және қадағалау саласында жалпы үйлестіруді жүзеге асыру.

Комитеттің негізгі міндеті: өнеркәсіптің: тау-кен металлургия, көмір, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу өнеркәсібі, құрылыс материалдары өндірісі салаларын дамыту бойынша индустриялық-инновациялық қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысу.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен комитет **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 20 қазандағы № 680 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000680/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 ж. 28 қазандағы № 561 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client#!/history/148080/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 864 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 46, 375-құжат).

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (2023*)

ҚР Президентінің *2023 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығымен министрлік *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің* оған индустрия және индустриялық даму; өнеркәсіп; тау-кен металлургия кешені; елішілік құндылықты дамыту; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін қайта өңдеуден басқа), ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымын реттеу; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту салаларындағы; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу; тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу; әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

2023 ж. 4 қазандағы ҚР Үкіметінің қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді², оған кейіннен функцияларына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді³ (*2024 ж. 28 ақпанда, 2024 ж. 30 сәуірде, 2024 ж. 16 тамызда, 2024 ж. 9 қазанда, 2024 ж. 15 қарашада*).

Министрліктің келесі ведомстволары бар: *Өнеркәсіп комитеті; Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті; Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы комитеті; Геология комитеті.*

*2024 ж. 15 қарашадағы*⁴ ҚР Үкіметінің қаулысымен министрлік туралы ережеге енгізілген өзгерістерге сәйкес, министрліктің міндеттері мыналар болып табылады: өнеркәсіп; елішілік құндылықты дамыту; тау-кен металлургия кешені; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеуден басқа), ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісі және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымы; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын

мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру; жылу және электр энергиясын тұтыну бөлігінде жылу энергетикасы және электр энергетикасы; тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; реттелетін салаларда мемлекеттік басқару; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтау; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін құру; ҚР Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, ҚР арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын заманауи әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өніммен), әскери мақсаттағы жұмыстармен және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының ғылыми-технологиялық және өндірістік әлеуетін өнеркәсіптің азаматтық салаларында пайдалану; мемлекетте қорғаныс қабілетін, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті арттыру және нығайту мүдделерінде қару-жарактың, әскери және арнайы техниканың заманауи түрлерін жасауды қамтамасыз ету; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының экспорттық әлеуетін қолдау және одан әрі дамыту; қолданбалы зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту және оларды одан әрі коммерцияландыру; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу; әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыруға қатысу; геология және минералдық-шикізат базасын молайту саласындағы заңнаманы жетілдіру; жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 2 қыркүйек).

² «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 864 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 46, 375-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 864 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/186992/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы кейбір мәселелер» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 15 қарашадағы № 962 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2025, № 54, 333-құжат).

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы комитеті (2023*)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысына сәйкес құрылды¹.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің **2023 ж. 2 қазандағы** бұйрығымен Комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет – **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің** мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Негізгі міндеттері: ҚР Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, ҚР арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын қазіргі заманғы әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен), әскери мақсаттағы жұмыстармен және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету; мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуын салааралық үйлестіруді және бақылауды

жүзеге асыру; сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың, сенімгерлік басқарудағы ұйымдардың қызметін ұйымдастыру; Комитетке өз құзыреті шегінде жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

¹ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 864 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 46, 375-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 ж. 2 қазандағы № 16 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/187148/kaz> (ресми жариялау күні: 16.10.2023 ж.)

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (2023*)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің **2023 ж. 2 қазандағы** бұйрығымен Комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің** ведомствосы болып табылады және өз құзыреті шегінде өнеркәсіп: тау-кен металлургия кешені; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеуден басқа), ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі; құрылыс материалдарының өндірісі; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытына сәйкес химия өнімінің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; жекелеген қызмет және тауар түрлерін лицензиялау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісі және бағалы металдар мен асыл тастар айналымы; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар салаларында басшылықты және реттелетін салаларда тауарларды таңбалау және қадағалау саласында жалпы үйлестіруді жүзеге асырады.

Комитеттің міндеттері: өнеркәсіптік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады; өнеркәсіптің: тау-кен металлургия, көмір, машина жасау, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеуден басқа), ағаш өңдеу өнеркәсібі, құрылыс материалдары өндірісі салаларын дамыту бойынша мемлекеттік ынталандаруды қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; тау-кен және химия өндірістерін пайдалану, уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою және тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты мен импорты жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; реттелетін салалардағы тауарларды таңбалау және қадағалау саласында жалпы үйлестіруді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 864 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 46, 375-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 ж. 2 қазандағы № 15 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/187032/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 16 қазан).

1.6 Энергетика саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Энергетика және электрификация министрлігі (1991–1992)

1962 ж. 26 қыркүйекте Қазақ КСР Энергетика және электрификация министрлігі ретінде құрылды¹.

«Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» 1991 ж. 10 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңын іске асыру шеңберінде ҚР Энергетика және электрлендіру министрлігі болып қайта аталды².

ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен министрлік таратылды³. Таратылған министрліктің негізінде **ҚР Энергетика және жылу ресурстары министрлігі** құрылды.

¹ Қазақ КСР Мемлекеттік мекемелері. Қазақ КСР халық шаруашылығы басқармасының органдары (1937-1977 жж.) Анықтамалық. Алматы, 1989, 81-б.

² «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48–50, 585-құжат).

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі (1992–1994)

Таратылған **ҚР Энергетика және электрлендіру министрлігінің** негізінде ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 16 наурыздағы қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік ҚР бірыңғай отын-энергетика саясатын жүргізіп, республиканың халық шаруашылығы мен халқының қатты, сұйық және газ отынына, атом, электр және жылу қуатына деген қажетін қанағаттандыру жөніндегі шараларды әзірлеп, іске асыруды қамтамасыз ететін республикалық мемлекеттік басқару органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР аумағында орналасқан барлық корпорациялардың, компаниялардың, концерндердің мемлекеттік кәсіпорындардың, энергетика, атом, мұнай-газ өндіруші, мұнай өңдеуші және көмір өнеркәсібі бірлестіктері мен ұйымдарының, осы салалардың өнімін өткізуші құрылымдардың, сондай-ақ аталған салаларда жұмыс істейтін коммуналдық кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, серіктестіктер мен бірлескен кәсіпорындардың қызметін үйлестіру; отын-энергетика салаларының материалдық-шикізат базасын, қайта өңдеуші қуаттарды, көлік және қуат пен отын ресурстарын өткізу жүйелерін дамытуды қамтамасыз ету; энергия үнемдеу, жаңа техника мен технологияны енгізу, қуаттың дәстүрлі емес көздерін жасауға бағытталған біртұтас ғылыми-техникалық саясат жүргізу; салаларда басқару жүйесін жетілдіру және т.б.

ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы Жарлығымен министрлік таратылды. Оның негізінде **ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі** және **ҚР Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі** құрылды³.

¹ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 16 наурыздағы № 243 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 11, 195-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1729 Жарлығы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

**Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі
(1994–1997)**

Таратылған *ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінің* негізінде ҚР Президентінің *1994 ж. 13 маусымдағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 4 қазандағы* қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық, мұнай мен газ өндіру және өңдеу басқармасы (жетекші); экономикалық басқарма (жетекші); сыртқы экономикалық байланыстар басқармасы (жетекші); минералды-шикізат базасын дамыту бөлімі; техника, ғылым және экология бөлімі; бухгалтерия, іс басқармасы².

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 17 сәуірдегі* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес министрлік ел экономикасының базалық саласы ретінде мұнай-газ өнеркәсібін дамыту жөніндегі бірыңғай саясатты жүргізетін ҚР орталық мемлекеттік басқару органы болды және ол тікелей *ҚР Министрлер Кабинетіне* бағынды.

Министрліктің негізгі міндеттері: мұнай-газ саласын интенсивті дамыту, мемлекеттің экономикалық әлеуетін нығайтуға оның үлесін ұлғайту жөніндегі мемлекеттік саясатты белгілеуге және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге қатысу; мұнай-газ саланы дамыту, мемлекеттік кредиттеу мен инвестициялаудың тұжырымдамаларын және мемлекеттік нысаналы бағдарламаларын әзірлеу; мұнай-газ саласының қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру және жұмыстарын үйлестіру; игерудегі мұнай және газ кен орындарының әлеуетін және қайта өңдеу қуаттарын тиімді пайдалану; мұнай, газ және оларды қайта өңдеу өнімдерін, оның ішінде сыртқы рынокқа тасымалдау үшін магистральдық құбыр желілері жүйесін дамыту және оңтайландыру; салалық ғылымды дамыту, салада бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүргізу; экономикалық реформалардың мемлекеттік саясатына сәйкес мұнай-газ саласындағы қатынастарды қайта құрылымдау, кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алуға және жекешелендіруге қатысу және т.б.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; өндірісті дамыту басқармасы; қаржы-экономикалық басқармасы; инвестициялық саясат басқармасы; техникалық саясат бөлімі; ТМД елдерімен жұмысты үйлестіру жөніндегі сектор; ұйымдастырушылық-кадрлық жұмысы секторы; әкімшілік-шаруашылық бөлімі⁴.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 8 сәуірдегі* қаулысымен министрлік орталық аппараттың құрылымына өзгерту енгізілді: құрылымнан ТМД елдерімен жұмысты үйлестіру жөніндегі сектор шығарылып, мұнай-газ кешені үшін машина жасауды ұйымдастыру және дамыту жөніндегі сектор енгізілді⁵.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 ақпандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; өндірістік-қаржы басқармасы; техникалық саясат басқармасы; инвестициялық саясат басқармасы; сыртқы байланыстар бөлімі; жалпы бөлім⁶.

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен министрлік таратылды⁷. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Энергетика және табиғи ресурстар министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі» және «Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігін» құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы №1729 Жарлығы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

² «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 қазандағы № 1102 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 8 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 17 сәуірдегі № 493 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 13, 154-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1794 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1794 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 8 сәуірдегі № 404 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 434 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 ақпандағы № 231 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 748 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі (1994–1997)

Таратылған *ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінің* негізінде ҚР Президентінің *1994 ж. 13 маусымдағы* Жарлығымен құрылды¹. Мұнай және газ өнеркәсібі мәселелерінен басқа құқық иеленушісі, сондай-ақ таратылған «Көмір» мемлекеттік холдинг компаниясының мүліктік құқы мен міндеттілігінің құқықтық иеленушісі болды².

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 1 қыркүйектегі* қаулысымен министрлік туралы ереже және оның орталық аппаратының құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР электроэнергетика, көмір және атом өнеркәсібін мемлекеттік басқару органы болды.

Министрліктің басты мақсаты: республиканың экономикасы мен халқының ведомствоға қарасты салалардың өнімдеріне деген мұқтажын сенімді әрі іркіліссіз қамтамасыз ету, сондай-ақ электр энергетикасын, көмір және атом өнеркәсібін дамытуға қажетті жағдай туғызу.

Министрлікке мынадай міндеттерді шешу жүктелді: өндіріс қуаттарын, электр энергиясы көлігі мен өндірілген ресурстарды байыту жүйесін тиімді пайдалануды және олардың потенциалын дамытуды қамтамасыз ету; бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу, ведомствоға қарасты салалардың кешенді міндеттерін шешу үшін салалық ғылымдарды дамыту; энергия қуатын үнемдеудің мемлекеттік саясатын жүзеге асыруды ұйымдастыру; көмір және атом өнеркәсібінің минералдық шикізат базасын дамытуды қамтамасыз ету; өнімдер экспорты саласында мемлекеттік саясатты жүргізу және т.б.

Министрлік орталық аппаратының құрылымы: басшылық; кеңесшілер тобы; энергетика жөніндегі басқарма; көмір және атом өнеркәсібі жөніндегі басқарма; экономикалық басқарма; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; кадр бөлімі; режим және әскери- жұмылдыру бөлімі; іс басқармасы.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен министрліктің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; энергетика басқармасы; көмір және атом өнеркәсібі басқармасы; экономика басқармасы; ғылыми-техникалық прогресс бөлімі; инвестициялық саясат бөлімі; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; кадр бөлімі; режим және әскери-жұмылдыру жұмысы жөніндегі бөлім; аппараттың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма⁴.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 27 желтоқсандағы* қаулысымен министрліктің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; энергетика басқармасы; көмір және атом өнеркәсібі басқармасы; экономика басқармасы; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; инвестициялық саясат секторы; кадр секторы; режим және әскери- жұмылдыру жұмысы жөніндегі сектор; аппараттың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма⁵.

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен министрлік таратылды⁶. Функциясы, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Энергетика және табиғи ресурстар министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1729 Жарлығы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

² «Көмір өнеркәсібін басқару жүйесі туралы» ҚР Президентінің 1994 жылғы 28 маусымдағы № 1773 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 27, 290-құжат) және «Көмір» мемлекеттік холдинг компаниясын тарату туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 29 маусымдағы № 727 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 27, 299-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 1 қыркүйектегі № 976 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 37, 400- құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1796 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 27 желтоқсандағы № 1660 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі (Энергетика және табиғатресурсмині) (1997)

Таратылған *ҚР Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, ҚР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің* негізінде ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 сәуірдегі* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік электр энергиясын, мұнай, газ, тау-кен және атом өнеркәсібін, жер қойнауын қорғау мен пайдалануды мемлекеттік басқаруды, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: электроэнергиясын, мұнай, газ, тау-кен және атом өнеркәсібін дамытудың, сондай-ақ минералдық ресурстарды геологиялық зерделеудің, ұтымды және кешенді пайдаланудың және жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын әзірлеу мен іске асыру; стратегиялық дамудың және реттелетін салалар объектілерін орналастырудың негізгі параметрлерін белгілеу; саланың кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін үйлестіру; отын-энергетика балансын әзірлеу және оны іске асыруды қамтамасыз ету; мемлекеттік жер қойнауы мен қорын басқару және жер қойнауын қорғау; кәсіпорындар қызметінің мониторингі және нарық конъюнктурасын зерделеу және т.б.

Министрлік және оның аймақтық органдары біртұтас жүйе құрады.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 сәуірдегі* қаулысымен министрліктің құрылымы бекітілді: басшылық; *электр энергетикасы департаменті (заңды тұлға құқығында); тау-кен департаменті; мұнай және газ департаменті (заңды тұлға құқығында); геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті;* инвестициялық қызметті қамтамасыз ету бөлімі; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; кадр бөлімі; режим және әскери-жұмылдыру жұмысы жөніндегі бөлім; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма³.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 11 шілдедегі* қаулысымен министрлік құрылымына өзгертулер енгізілді⁴. Құрылымға талдау және стратегиялық жоспарлау басқармасы енгізілді, инвестициялық қызметті қамтамасыз ету бөлімі мен режим және әскери-жұмылдыру жұмысы жөніндегі бөлім шығарылды.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен министрлік таратылды⁵. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі* мен *ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі № 645 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 17, 149-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі № 646 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 761 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі № 646 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 11 шілдедегі № 1099 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 777 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің
Электроэнергетика департаменті
(1997)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 сәуірдегі* қаулысымен (заңды тұлға құқығында) құрылды¹.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығына сәйкес таратылған министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты².

¹ «Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі № 646 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 761 іс).

² «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің
Мұнай және газ департаменті
(1997)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 сәуірдегі* қаулысымен (заңды тұлға құқығында) құрылды¹.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығына сәйкес таратылған министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты².

¹ «Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі № 646 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 761 іс).

² «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
(1997–2000)

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен құрылды. Оған *ҚР Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің* функцияларының, мүлкі мен істерін басқару өкілеттіктерінің бір бөлігі, сондай-ақ таратылған *ҚР Экономика және сауда министрлігінің* функцияларының, мүлкі мен істерін басқару өкілеттіктерінің бір бөлігі берілді¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 22 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік энергетика, индустрия және сауда саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: энергетика, индустрия және сауда саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру; меншік нысанына қарамастан реттелетін салалардағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру; ресурстық және технологиялық базаны өзгерту негізінде энергетиканы, индустрия мен құрылысты дамыту; өнімдерді экспорттау мен импорттау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу, оның сыртқа шығарылуы мен сырттан әкелінуін тарифтік және тарифтік емес реттеу әдістерін қолдана отырып реттеу; авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу; кадрлар даярлау және қайта даярлау.

Министрліктің жүйесіне департаменттер, комитеттер мен агенттіктер, сондай-ақ министрліктің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер басқармалар мен бөлімдер және ұйымдар кірді. Комитеттер мен агенттіктер заңды тұлғалар болып табылды.

Министрліктің құрылымы мынадай болды: басшылық; электр энергетикасы департаменті;

мұнай және газ департаменті; өнеркәсіп департаменті; сауда департаменті; қатты отын басқармасы; талдау және стратегиялық жоспарлау басқармасы; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма; бағалар мен тарифтер бөлімі; бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; кадр бөлімі; ***Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Авторлық құқықтар жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында).***

ҚР Үкіметінің ***1998 ж. 24 ақпандағы*** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттері толықтырылды: стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мемлекеттік саясат жүргізу³. Министрліктің құрылымына сәйкес өзгертулер енгізілді: ***Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)*** кірді.

ҚР Президентінің ***1998 ж. 21 мамырдағы*** Жарлығымен ***ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің*** құрамынан ***Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитеті*** мен ***Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті*** бөлініп, министрлікке берілді. ***ҚР Қаржы министрлігі Алкоголь өнімін өндіру мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеттің, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменттің*** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерін ***ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне*** берді⁴.

ҚР Президентінің ***1998 ж. 30 маусымдағы*** Жарлығымен министрліктің құрамынан ***Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті*** шығарылды⁵.

ҚР Үкіметінің ***1998 ж. 22 шілдедегі*** қаулысымен енгізілген өзгерістерге байланысты министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁶. Министрліктің құқықтық мәртебесі сақталды.

Министрліктің негізгі міндеттері: елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқа мерзімді, орта мерзімді кезеңдеріне арналған жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу; әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асыруды жүзеге асыру және үйлестіру; мемлекеттік сыртқы экономикалық және сауда саясатын әзірлеу және оны іске асыру; өз құзіретінің шектерінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің мониторингі; отын-энергетика кешенін, өнеркәсіп пен құрылыс салаларын дамыту; стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мемлекеттік саясат жүргізу; ҚР бірыңғай патент жүйесін басқару; этил спирті мен алкогольді өнім өндірісі мен айналымына бақылау жасау саласында мемлекеттік саясат жасау; авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізу; мемлекеттік материалдық қорларды басқару; мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп экспорттық бақылау саласында мемлекеттік саясат жүргізу және т.б.

Министрліктің жаңа құрылымы: басшылық; электр энергетикасы және қатты отын департаменті; мұнай және газ департаменті; өнеркәсіп департаменті; экономикалық талдау және инвестициялық саясат департаменті; сыртқы экономикалық саясат департаменті; сауда департаменті; жұмысты ұйымдастыру жөніндегі департамент; қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасы; ***Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитеті (заңды тұлға құқығында); Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті (заңды тұлға құқығында); Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Мемлекеттік материалдық қорлар жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі департамент (заңды тұлға құқығында); Авторлық құқықтар жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында); Экспорттық бақылау және лицензиялау департаменті (заңды тұлға құқығында).***

Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында министрліктің аймақтық органдары (басқармалары), сондай-ақ министрлік комитеттері, департаменттері, агенттіктерінің аймақтық органдары болды.

ҚР Президентінің ***1998 ж. 12 қазандағы*** Жарлығымен жаңа құрылған ***ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне Алкоголь өнімдерін өндіру және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің*** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттілігі берілді⁷.

ҚР Үкіметінің ***1998 ж. 8 желтоқсандағы*** қаулысымен Тұрғын үй және құрылыс саясаты

жөніндегі комитеті **Құрылыс істері жөніндегі комитет** болып қайта аталды⁸.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 27 мамырдағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁹.

Министрліктің құқықтық мәртебесі өзгермеді. Министрліктің негізгі міндеттеріне мыналар қосылды: демпингке қарсы бақылау және отандық тауар өндірушілерді қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу; энергетикалық ұйымдардың қызметіне мемлекеттік энергетикалық қадағалау жүргізу.

Ережеде министрліктің келесі ведомстволарын құру көзделді: **Құрылыс істері жөніндегі комитет; Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет; Мемлекеттік материалдық қорлар жөніндегі комитет; Энергетикалық қадағалау жөніндегі комитет; Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитет; Қорғаныс өнеркәсіптері жөніндегі комитет.**

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен министрлікке атом энергетикасы және ғарыш зерттеулері саласындағы функциялары берілді¹⁰.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 29 қарашадағы** қаулысымен өзгертулерге байланысты министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹¹. Министрліктің құқықтық мәртебесі өзгермеді. Негізгі функцияларына мыналар қосылды: атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметтерді мемлекеттік қадағалау және реттеу, ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету; «Байқоңыр» ғарыш айлағын, бұрынғы Семей ядролық полигоны және мемлекеттік басқа ғылыми-техникалық кешендерін тиімді пайдалану.

Министрлік ведомстволары толықтырылды: **Атом энергетикасы жөніндегі комитеті және Аэроғарыш комитеті.**

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды, индустрия және сауда саласындағы өкілеттіктері **ҚР Экономика және сауда министрлігіне** берілді¹².

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 қарашадағы № 1642 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 51, 470-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 24 ақпандағы № 136 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 7, 38-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

⁵ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 шілдедегі № 686 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 23, 201-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 1 желтоқсандағы № 1256 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 46, 418-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 мамырдағы № 657 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 22, 224-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 қарашадағы № 1807 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 52, 517-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігі (2000–2010)

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹. Министрлікке:

қайта ұйымдастырылған **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің** геология және жер қойнауын қорғау саласындағы; ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігінің жер қойнауын пайдалану саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді². Мына ведомстволар: **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті** **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті** болып; **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті** **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті** болып; **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Аэроғарыштық комитеті** **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Аэроғарыштық комитеті** болып; **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті** **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті** болып қайта ұйымдастырылды.

Ережеге сәйкес министрлік атом энергетикасын қоса алғанда энергетика, минералдық ресурстар, кен-металлургия, химия, мұнай-химия және атом өнеркәсібі салаларында басқаруды жүзеге асыратын, өз құзыреті шегінде мемлекеттік басқару мен бақылау қызметін орындауға уәкілетті ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: атом энергетикасын қоса алғанда энергетика, минералдық ресурстар, мұнай-химия және атом өнеркәсібі салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру; өз құзыреті саласында ресурстық және технологиялық базаны қайта құру негізінде отын-энергетика кешенін, өнеркәсіп салаларын дамыту және реформалау бағдарламаларын әзірлеу, осы салаларда жарғылық капиталдарына мемлекет қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілерді қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар дайындау; ҚР жер қойнауын зерделеу, пайдалану және қорғау саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеу; атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауы туралы заңнаманы және жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауына бақылауды қамтамасыз ету; ҚР инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыруға қатысу; ҚР инвестициялық ахуалды жақсарту және тікелей инвестицияларды ынталандыру жөнінде шаралар әзірлеуге және іске асыруға қатысу; энергетика ұйымдары қызметіне мемлекеттік энергетикалық қадағалау жүргізу; мемлекеттік активтерді тиімді басқару, республикалық меншікті жекешелендіру саясатын жүргізуге қатысу; мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып экспорттық бақылау саласында мемлекеттік саясат жүргізуге қатысу; өз құзыреті саласында Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және технологиялық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; өз құзыреті шегінде ғылыми-техникалық салада кәсіпкерліктің, инновациялық қызметтің дамуына, ғылыми-техникалық өнімдер рыногының қалыптасуына қажетті жағдайлар жасау; атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметті мемлекеттік қадағалау және реттеу, ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету; «Байқоңыр» ғарыш айлағының, бұрынғы Семей ядролық полигонының объектілерін тиімді пайдалану; ҚР бірыңғай ақпараттық кеңістігін құруға қатысу.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 2 сәуірдегі** қаулысымен министрлік магистральды мұнай құбырларымен мұнай мен газ тасымалдауға, кейіннен оларды сақтауға және көліктің басқа түрлеріне қотарып құюға байланысты мұнай-газ тасымалы инфрақұрылымы объектілерін жоспарлау, жобалау, салу мәселелері бойынша, сондай-ақ мұнай-газ тасымалы инфрақұрылымының бар объектілерін пайдалану мәселелері бойынша құрылыс қызметі саласында реттеуді және бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қатысатын мемлекеттік басқару органы болып айқындалды³. Мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру мәселелерін және бақылау мен қадағалау функцияларын қоспағанда, жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша министрлік жұмыс органының функциялары «ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамына жүктелді.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылды: өнеркәсіпті басқару (отын-энергетика өнеркәсібі және жер қойнауын пайдалану

саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін қоспағанда) жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне**; аэроғарыштық қызметі саласындағы өкілеттіктері мен функциялары **ҚР Көлік және коммуникация министрлігіне** берілді⁴.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 20 қыркүйектегі** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесіне өзгертулер енгізілді: министрлік атом энергетикасын қоса алғанда энергетика, минералдық ресурстар, мұнай-химия және атом өнеркәсібі салаларында басқаруды жүзеге асыратын, өз құзыреті шегінде мемлекеттік басқару мен бақылау қызметін орындауға уәкілетті ҚР орталық атқарушы органы болып табылды. Осыған сәйкес министрліктің негізгі міндеттерінен кен-металлургия, химия өнеркәсібі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру, «Байқоңыр» ғарыш айлағының объектілерін тиімді пайдалану міндеттері алынып тасталынды⁵.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік жер қойнауын қорғау жөніндегі бақылау-қадағалау функциялары **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне**, ал күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа энергетикалық ұйымдардың дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялары (ұлттық компаниялардың қызметін үйлестіруді қоспағанда) жергілікті атқарушы органдарға беріле отырып қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁷.

Министрлік атом, минералдық ресурстар, мұнай-химия және атом өнеркәсібін қоса алғанда, энергетика салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеті өз құзыреті саласында ҚР экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен министрліктің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Геология және Жер қойнауын пайдалану комитеті** болып қайта ұйымдастырылды⁸. Осыған сәйкес комитеттің аумақтық басқармалары – мемлекеттік мекемелері де қайта ұйымдастырылды. Комитет туралы ереже, оның құрылымы мен оның аймақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді.

ҚР Президентінің **2007 ж. 19 маусымдағы** Жарлығымен бірқатар қызмет түрлерін лицензиялау жөніндегі, сондай-ақ электр, жылу энергетикасы саласындағы кемсітудің техникалық шарттарын айқындау жөніндегі функциялары **ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне** берілді⁹.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 17 тамыздағы** қаулысымен министрліктің **Атом энергетикасы комитеті** мен **Геология және жер қойнауын пайдалану комитетін** 2007 ж. соңына дейін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру туралы шешім қабылданды¹⁰.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 24 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды¹¹.

Министрлік электр энергетикасы, атом энергетикасы, минералдық ресурстар, отын-энергетика кешені, көмір, мұнай-химия, мұнай-газ өнеркәсібі және атом энергиясын пайдалану салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің ведомстволары бар: Атом энергетикасы комитеті; **Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті**; Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті.

Министрліктің негізгі міндеттері: электр энергетикасы, атом энергетикасы, минералдық ресурстар, отын-энергетика кешені, көмір, мұнай-химия, мұнай-газ өнеркәсібі және атом энергиясын пайдалану салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысу; электр энергетикасы, атом энергетикасы, минералдық ресурстар, отын-энергетика кешені, көмір, мұнай-химия, мұнай-газ өнеркәсібі және атом энергиясын пайдалану салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; отын-энергетика кешенін дамытуды қамтамасыз ету; ҚР энергетикалық қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету; минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіруді қамтамасыз ету және минералдық ресурстарды ұтымды пайдалану.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 12 мамырдағы** қаулысымен Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аймақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелері аймақаралық аумақтық департаменттер деп аталды¹².

ҚР Президентінің **2009 ж. 24 маусымдағы** Жарлығымен министрлік оның ЖЭО және қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары орнатылған қазандықтардан басқа, электрмен жабдықтау (0,4 кВт электр желілік объектілер), жылумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеу саясатын пысықтау жөніндегі функциялары **ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне** беріле отырып, қайта ұйымдастырылды¹³.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Мұнай және газ министрлігі** болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды¹⁴. Министрліктің электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен министрліктің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті** болып; министрліктің Атом энергетикасы комитеті **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті** болып; министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті** болып қайта аталды¹⁵. Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері де ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта аталды.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

³ «Мұнай-газ тасымалы саласын дамытудың жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 2 сәуірдегі № 390 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 10, 96-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 133 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 20 қыркүйектегі № 1040 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, №31, 337-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1105 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 38, 515-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1107 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 39, 518-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 19 маусымдағы № 346 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 20, 227-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің комитеттерін Астана қаласына көшіру туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 17 тамыздағы № 700 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000700_/info (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 24 желтоқсандағы № 1278 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 47, 584-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 12 мамырдағы № 437 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 24, 232-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 24 маусымдағы № 832 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 31, 279-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрлігі
(2010–2014)**

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің** қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен **министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті** құрылды².

Осы қаулымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді.

Министрлік мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің ведомствосы – **Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті**.

Министрліктің негізгі міндеттері: мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау және магистралдық құбыржол көлігі салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; көмірсутек шикізаты бөлігінде отын-энергетика кешенін дамытуды қамтамасыз ету; көмірсутек ресурстарын, оның ішінде Каспий теңізі қайраңының қазақстандық бөлігінде бірлескен игеру мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; ілеспе газды қоса алғанда, көмірсутек ресурстарын молайтуды және оларды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету; өнімді бөлу туралы келісімдерден туындайтын өкілетті органның құзыреттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен министрлік оның функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Энергетика министрлігіне** беріле отырып таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 20 мамырдағы № 454 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 34, 273-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Мұнай және газ министрлігінің
Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті
(2010–2014)**

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Мұнай және газ министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығына сәйкес министрлік оның функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Энергетика министрлігіне** беріле отырып таратылды². Бұл өзгерістер комитетке де әсерін тигізді.

¹ «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 20 мамырдағы № 454 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 34, 273-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (1) (1992–1995)

ҚР Президентінің *1992 ж. 15 мамырдағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 22 қыркүйектегі* қаулысымен агенттіктің құрамында ҚР атомдық-өнеркәсіптік кешені кәсіпорындарында жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін және радиоактивтік қалдықтарды тасымалдануын қадағалау жөніндегі бас басқарма (ҚР Басатомқадағалау) құрылды².

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 18 ақпандағы* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес агенттік *ҚР Министрлер Кабинетінен* ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік басқару органы болды, оған атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жүктелді.

Агенттіктің негізгі міндеттері: қолданылып жүрген халықаралық нормаларды ескере отырып, атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; атом энергетикасы, ядролық технология және радиоактивтік қалдықтарды ұстау технологиясы саласындағы жобаларға мемлекеттік сараптау жүргізу; оларды іске асыру жөніндегі бағдарламалар мен шараларды үйлестіру; өлшемдер мен нормаларды белгілеу, ядролық және қауіпсіздік, ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды тасымалдау және сақтау, қалдықтарды ұстау жөніндегі ережелер әзірлеу, сондай-ақ осы нормалар мен ережелердің сақталуын бақылау; жобаланған және салынып жатқан атом энергетикасы объектілерінің қауіпсіздігін бағалау; ядролық материалдар мен радиоактивтік қалдықтарды мемлекеттік есепке алу және олардың сақталуы мен пайдаланылуын бақылау; ядролық материалдар мен ядролық технологиялардың экспорты мен импортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және т.б.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 26 қаңтардағы* қаулысымен негізгі міндеттеріне мынау қосылды: ҚР аумағында атом-өнеркәсіптік кешені кәсіпорындары мен ұйымдарындағы физикалық қорғау мен құпиялылық тәртібінің жай-күйін бақылау⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 14 қарашадағы* қаулысымен агенттік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: ядролық қауіпсіздік бөлімі (жетекші); ядролық және екі мақсатта қолданылатын материалдарға мемлекеттік есеп пен бақылау жүйесі бөлімі (жетекші); Ғылыми-техникалық бөлім жетекші; радиология және радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бөлімі (жетекші); физикалық қорғау және тәртіп-құпия жұмыс жөніндегі бөлімі (жетекші); қызмет көрсету, қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі (дербес)⁵.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен агенттік *ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі* болып қайта ұйымдастырылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы және Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 15 мамырдағы № 779 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, №18, 300-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 22 қыркүйектегі №786 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 36, 553-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 18 ақпандағы № 125 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 4, 52-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы ережеге толықтырулар енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 26 қаңтардағы № 92 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 5, 47-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 14 қарашадағы № 1264 қаулысы (ҚР ҰА, 4 қ. 1-Қ т. 14 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы
Атом энергиясы агенттігі
(1995–1996)**

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 26 ақпандағы* қаулысымен агенттіктің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: ядролық қауіпсіздік бөлімі; радиациялық қауіпсіздік бөлімі; ядролық материалдар мен технологияларды таратпауды бақылау бөлімі².

ҚР Президентінің *1996 ж. 11 наурыздағы* Жарлығымен агенттік министрлікпен бірге **ҚР Білім министрлігі-Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Атом энергиясы агенттігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 26 ақпандағы № 243 қаулысы (ҚР ҰА, 4 к. 1-Қ т. 423 іс).

³ «Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы № 2895 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 12, 86-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының
Атом энергиясы жөніндегі агенттігі
(1996–1999)**

ҚР Президентінің *1996 ж. 11 наурыздағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 28 шілдедегі* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР-да ядролық қарудың таралмауы режимін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару органы болды және атом энергиясының қауіпсіз пайдаланылуын реттеу саласындағы орталық мемлекеттік орган функциясын орындады.

Агенттіктің негізгі міндеттері мен функциялары: атом энергиясын пайдалану жөніндегі барлық қызмет түрлерін осындай қызметті өз құзыретінің шегінде лицензиялау мен оны жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қадағалау арқылы реттеу; ядролық қарудың тарауын болдырмау мақсатында ядролық материалдарды мемлекеттік есепке алу мен бақылауды жүргізу, ядролық материалдар мен технологиялардың, арнаулы ядролық емес материалдар мен қос пайдаланыстағы материалдардың экспорты мен импортына бақылау жасау; аварияға қарсы жоспарлауды бақылау және ядролық материалдар мен қондырғылардың физикалық қорғалуын ұйымдастыру.

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы № 2895 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, №12, 86-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 28 шілдедегі № 1182 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 34, 318-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

**Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Атом энергиясы жөніндегі комитеті
(1999)**

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 1 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 18 тамыздағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР-да ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету және атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды реттеу саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ басшылықты жүзеге асырған **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу; ядролық материалдар мен иондаушы сәуле көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету; атом энергиясын пайдалану саласында тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспорты мен импортын мемлекеттік бақылау; ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, қондырғылар, арнаулы ядролық емес материалдар, өнімдер, қос мақсаттағы жабдықтар мен материалдарды, сондай-ақ иондаушы сәуле көздері мен изотоптық өнімдерді экспорттауды бақылау; ҚР аумағында ядролық және радиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін мемлекеттік қадағалау, атом энергиясын пайдаланатын объектілердегі аварияға қарсы жоспарлауды бақылау, сондай-ақ ядролық материалдар мен қондырғылардың физикалық қорғалуының қамтамасыз етілуін қадағалау.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен министрлікпен бірге таратылды³. Атом энергетикасы саласындағы функциялары **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Атом энергиясы жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 1 сәуірдегі № 352 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 12, 111-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Атом энергиясы жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 18 тамыздағы № 1197 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 41, 367-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті (1999–2001)

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ ҚР-да ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету және атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды реттеу саласын басқаруды жүзеге асырған **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік реттеу; ядролық материалдар мен иондаушы сәуле көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспорты мен импортын мемлекеттік бақылау; халықаралық ядролық қаруды таратпау режимдерінде белгіленген тізбелердегі ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, қондырғылар, арнаулы ядролық емес материалдар, өнімдер, екі ұдайы мақсаттағы жабдықтар мен материалдарды, сондай-ақ радиоактивті сәуле көздері мен изотоптық өнімдерді экспорттауды бақылауға қатысу; ҚР аумағында ядролық және радиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін мемлекеттік қадағалау, атом энергиясын пайдаланатын объектілердегі аварияға қарсы жоспарлауды бақылау, сондай-ақ ядролық материалдар мен қондырғылардың физикалық қорғалуының қамтамасыз етілуін қадағалау.

Комитеттің құрылымы: басшылық; радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасы; материалдарды бақылау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен комитет **ҚР Энергетика және**

минералды ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы №235 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 23 қыркүйектегі № 1442 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 41, 469-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті (2001–2010)

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығына сәйкес¹ ҚР Үкіметінің **2001 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен² **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды.

Қаулы бойынша комитеттің ведомстволық бағыныстылығы өзгертілді, ереженің қалған баптары мен оның құрылымы өзгеріске түспеді³.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁴.

Комитет арнайы атқару, бақылау-қадағалау және іске асыру функцияларын, сондай-ақ ҚР ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету және атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды реттеу саласында басшылықты жүзеге асыратын **ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеті ҚР ядролық және радиациялық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін қадағалау болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасы; материалдарды бақылау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 17 тамыздағы** қаулысымен комитетті 2007 ж. соңына дейін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру туралы шешім қабылданды⁵.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі **ҚР Мұнай және газ министрлігі** болып құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁶. Министрліктің электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергетикасы комитеті** болып қайта аталды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 23 қыркүйектегі № 1442 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 41, 469-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1108 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 39, 519-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің комитеттерін Астана қаласына көшіру туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 17 тамыздағы №700 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000700_info (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы №936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы №416 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Атом энергиясы комитеті
(2010–2012)

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы* Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2010 ж. 14 мамырдағы* қаулысымен² *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергиясы комитетінің* қайта аталуының нәтижесінде құрылды.

Комитет *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің* ведомствосы болды.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің *2014 ж. 30 сәуірдегі* бұйрығымен³ комитеттің ережесі бекітілді. Оған сәйкес комитет атом энергиясын пайдалану саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру; өз құзыреті шегінде комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болды.

ҚР Үкіметінің *2012 ж. 9 шілдедегі* қаулысымен комитет таратылып, оның функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі ҚР Атом энергиясы агенттігіне берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мемлекеттік мекемелерінің және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 ж. 30 сәуірдегі № 142 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурсы]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/md/81107/kaz> (ресми жариялау күні: 2014 ж. 4 шілде).

⁴ «Қазақстан Республикасының Атом энергиясы агенттігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 9 шілдедегі № 926 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 62, 862-құжат).

Қазақстан Республикасының
Атом энергиясы агенттігі (2)
(2012–2013)

ҚР Президентінің *2012 ж. 7 мамырдағы* Жарлығымен *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің ҚР Атом энергиясы агенттігін* бөліп, оған атом энергиясын пайдалану, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР аумағында ядролық қаруды таратпау режимін сақтау саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді беру арқылы құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2012 ж. 9 шілдедегі* қаулысымен агенттіктің ережесі бекітілді².

Агенттік ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, атом энергиясын пайдалану, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғау, ҚР аумағында ядролық қаруды таратпау режимін сақтау саласындағы басшылық етуді және мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оның негізгі бағыттарын іске асыруды қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыру; ядролық, радиациялық және физикалық ядролық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; ҚР аумағында және/немесе оның заңды құзырындағы аумақта ядролық қаруды таратпау режимінің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету; атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және

бекіту; ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2013 ж. 16 қаңтардағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 7 мамырдағы № 321 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 52, 705-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 9 шілдедегі № 926 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 62, 862-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті (2013–2014)

Комитет **2013 ж. 26 ақпандағы** ҚР Үкіметінің қаулысымен құрылды.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрінің **2014 ж. 30 сәуірдегі** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді.

Комитет – атом энергиясын пайдалану салаларында басшылықты жүзеге асырған мемлекеттік орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

2014 ж. 14 тамыздағы ҚР Үкіметінің қаулысымен **Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетімен** біріктіріп, **ҚР Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 26 ақпандағы № 186 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 17, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен оның аумақтық органдарының мемлекеттік мекемелері туралы ережелерді бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 ж. 30 сәуірдегі № 142 бұйрығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 47, 586-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы (Мемэнергияқадағалау) (1993–1999)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 5 мамырдағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен Мемэнергияқадағалау туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Мемэнергияқадағалау ведомстволық иелігі мен меншік нысандарына қарамастан ҚР аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге мемлекеттік бақылау және сараптама жасайтын республикалық орган болды.

ҚР Мемэнергияқадағалау органдары ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінің «Қазақстанэнерго» мемлекеттік электр энергетика компаниясының құрамына кірді. Республикада мемлекеттік энергетикалық қадағалауды жүзеге асыратын органдар жүйесіне «Қазақстанэнерго» мемлекеттік электр энергетика компаниясының құрамындағы Мемэнергияқадағалау басқармасы, энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестіктерінің құрылымдық бірлігі ретінде Мемэнергияқадағалау кәсіпорындары кірді.

ҚР Мемэнергияқадағалау органдары: электр және жылу энергиясының сапасының қолданылып жүрген стандарттарына сәйкес тұтынушыларды энергиямен жабдықтаудың шарттық талаптарын қамтамасыз ететін шараларды энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың орындауын; жұмыс істеп тұрған, жаңадан іске қосылатын және жаңғыртылатын энергияны көп керек ететін қондырғылар мен энергия тұтынушылардың жабдықтауына баланстық энергетикалық сынақ жүргізілуін; ведомстволық иелігі мен меншік нысандарына қарамастан энергия тұтынушылардың электр және жылу энергиясын жұмсау нормаларын әзірлеуін, бекітуін және оларды сақтауын, энергия үнемдейтін технологияларды енгізуін, қайталама жылу энергетика ресурстарын пайдаланылуын; электр және жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды есепке алудың жайын, оны пайдаланудың қолданылып жүрген тарифтердің дұрыстығына; энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушылармен жасаған екі жақты шарттары негізінде энергия ресурстары нарығының реттелуін қадағалауды жүзеге асырды.

ҚР-да электроэнергетикалық сала басқармасының құрылымының қайта ұйымдастырылуына байланысты ҚР Үкіметінің **1995 ж. 8 қарашадағы** қаулысымен Мемэнергияқадағалау туралы жаңа ереже бекітілді³.

Мемэнергияқадағалаудың негізгі міндеттері: энергетика кәсіпорындарының энергетика ресурстарын өз қажетіне жұмсауына, сондай-ақ технологиялық және коммерциялық ысырабына қатысты олардың өндірілуі мен тасымалдануына, тұтынушылардың электр және жылу энергиясын ұтымды пайдалануына, шығарылатын өнімнің өлшем бірлігіне энергия мен отынның жұмсалыу нормаларын белгілеуге және олардың сақталуына, электр және жылу энергиясы мен қуатын тұтынудың белгіленген режимінің сақталуына, энергияны үнемдеу жөніндегі шаралардың орындалуына, электр және жылу энергиясы тарифтерінің дұрыс қолданылуына бақылау жасау; энергетика жабдықтаушының, электр стансаларының және жүйелерінің үйлері мен ғимараттарының, сондай-ақ тұтынушылардың электр және жылу пайдаланылатын қондырғыларының монтажына, пайдаланылуы мен техникалық жағдайына техникалық қадағалау жасау; электр және жылу энергиясының сапасы жөніндегі мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттары талаптарының орындалуына бақылау жасау; қадағалауға алынған кәсіпорындар мен ұйымдарда мемлекеттік энергетика сараптамасын, сараптамалық тексерулерді жүзеге асыру; электр стансаларының, электр және жылу жүйелерінің, энергияны жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының жұмысындағы технологиялық бұзылуды тексеру мен оның есебінің жүргізілуіне бақылау жасау және т.б.

Құрылымдық жағынан Мемэнергияқадағалау ҚР Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне тікелей бағынысты болды. Мемэнергияқадағалау республикалық басқармадан және энергетикалық бірлестіктердің бұрынғы энергия қадағалау кәсіпорындары, энергия қадағалау басқармасы мен «Қазақстанэнерго» мемлекеттік электр энергетикасы компаниясының энергия техинспекциясы негізінде құрылған филиалдар құқығындағы аймақтық басқармалардан тұрды.

Кейінірек Мемэнергияқадағалау өзінің ведомстволық бағыныстылығын екі рет ауыстырды: **1997 ж. наурызда – ҚР Энергетика және табиғи ресурстар министрлігіне, 1997 ж. қазанда – ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне.**

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 26 шілдедегі** қаулысымен Республикалық Мемэнергияқадағалау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мемэнергиясараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды⁴.

Мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган ҚР Үкіметінің **1999 ж. 27 мамырдағы** қаулысымен құрылған **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетін** айқындады⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1993 ж. 5 мамырдағы № 362 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 16, 187-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1993 ж. 5 мамырдағы № 362 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 16, 187-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 8 қарашадағы № 1489 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 35, 443-құжат).

⁴ «Мемэнергиясараптама республикалық мемлекеттік кәсіпорны туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 26 шілдедегі № 1065 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 39, 334-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 мамырдағы № 657 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 22, 224-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті
(Мемэнерқадағалауком)
(1999–2001)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 27 мамырдағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 23 тамыздағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі* құзыретінің шегінде арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өндірістің сенімділігін, қауіпсіздігі мен үнемділігін, энергияның берілуін, бөлінуі мен пайдаланылуын қадағалау; электр станцияларының, электр және жылу жүйелерінің энергетикалық жабдықтарының, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан тұтынушылардың электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін қадағалау; электр және жылу энергиясының ұтымды және үнемді пайдаланылуы мен өндіру режимін оңтайландыру және берілуін бақылау; электр және жылу энергиясының сапасы жөніндегі мемлекеттік стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың сақталуына бақылау жасау; электр энергетикасы саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау; ұйымдардың ҚР электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық талаптарын орындауын қадағалау; электр станцияларының, жылу және электр жүйелерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзылуларды тексеруді ұйымдастыру және есебін жүргізу; заңды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін зерделеуді ұйымдастыру.

Комитеттің құрылымы: басшылық; мониторинг және талдау басқармасы; техникалық инспекция басқармасы.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 25 қаңтардағы* қаулысымен комитет *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті* болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 мамырдағы № 657 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 22, 224-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 23 тамыздағы № 1221 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 41, 376-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің
Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті
(Мемэнерқадағалауком)
(2001–2010)

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 25 қаңтардағы* қаулысымен комитет *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Қаулы бойынша комитеттің ведомстволық бағыныстылығы өзгертілді, ереженің қалған баптары мен оның құрылымы өзгеріске түспеді².

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің** құзыреті шегінде арнаулы атқару, бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеті энергияның өндірілуінің, берілуінің, таратылуының және тұтынылуының сенімділігін, қауіпсіздігін және үнемділігін қадағалау және бақылау болып табылды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; мониторинг және талдау басқармасы; техникалық инспекциясы басқармасы.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі **ҚР Мұнай және газ министрлігі** болып құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴. Министрліктің электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті** болып қайта аталды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 23 тамыздағы № 1221 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 41, 376-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1106 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 39, 517-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті
(Мемэнергияқадағалауком)
(2010–2011)

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен² **ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды.

Комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 2 сәуірдегі** қаулысымен комитет **министрліктің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 2 сәуірдегі № 349 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/58143/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті
(2011–2014)

ҚР Үкіметінің *2011 ж. 2 сәуірдегі* қаулысымен *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің* ведомствосы болды.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен министрлік таратылды².

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен комитет біріктіру жолымен *ҚР Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті* болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 2 сәуірдегі № 349 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/58143/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 502-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі
(2014*)

2010–2014 жж. аралығында энергетика саласындағы басқару мәселелері ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің құзыретіне кірді.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен құрылған¹. Министрлікке *ҚР Мұнай және газ министрлігінің, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен* – электр энергетикасы, атом энергиясы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы, *ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінен* – табиғи ресурстарды қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату, жаңартылатын энергия көздерін дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, «жасыл экономиканы» дамытудың мемлекеттік саясатын бақылау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер берілді.

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 19 қыркүйектегі* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді, оған кейіннен 60-тан астам рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Бұл өзгерістердің мәтінімен ҚР нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде танысуға болады².

Министрлік мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау, мұнай өнімдерін өндіру, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр, электр энергетикасы, көмір өнеркәсібі, атом энергиясы, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалану, табиғи ресурстарын қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын, бақылау және қадағалау, тұрмыстық қатты қалдықтары кәдеге жарату, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, «жасыл экономиканы» дамыту мемлекеттік саясатын бақылау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің құрылған кезінде мынадай ведомстволары: *Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті, Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті.*

ҚР Үкіметінің *2016 ж. 15 шілдедегі* қаулысымен *Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті Экологиялық реттеу және бақылау*

комитеті болып қайта аталды³.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің **2019 ж. 5 шілдедегі** қаулысына сәйкес министрліктің ведомстволары құрамынан Экологиялық реттеу және бақылау комитеті шығарылды⁴.

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 1 қарашадағы** қаулысына сәйкес министрліктің құқықтық мәртебесі нақтыланды: «Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, көмірсутектерді тасымалдау, көмірсутектер, уран өндіру бөлігінде жер қойнауын пайдалану, мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыржол, электр энергетикасы, жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу бөлігінде жылу энергетикасы, атом энергиясын пайдалану, халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі, жаңартылатын энергия көздерін дамыту мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады»⁵.

Негізгі міндеттері: мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, көмірсутектерді тасымалдау, көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану, уран өндіру, мұнай өнімдерін, газды өндіру және газбен жабдықтау, магистральдық құбырлар, электр энергетикасы, жылу энергетикасы (жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу бөлігінде), атом энергиясын пайдалану, халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі, жаңартылатын энергия көздерін дамыту салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; министрліктің құзыреті шегінде осы салаларда мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру; нормативтік құқықтық актілермен және нормативтік-техникалық құжаттармен қамтамасыз ету; министрліктің құзыретіне жататын қызмет салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру; отын-энергетика кешенін дамыту; министрліктің құзыретіне жататын салаларда халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру; көмірсутек және уран ресурстарын ұдайы өндіру және оларды, оның ішінде шикі газды, ұтымды пайдалану бойынша қамтамасыз ету; өнімді бөлу туралы келісімдерден туындайтын уәкілетті орган құзыретін іске асыруды қамтамасыз ету; реттелетін салаларда мемлекеттік басқару мен мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету және т.б.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 994 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 55-56, 544-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 шілдедегі № 409 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 40, 241-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26–27, 236-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 1 қарашадағы № 915 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 51–52, 318-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті
(2014*)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен **ҚР Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті** мен **ҚР Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетін** біріктіру нәтижесінде құрылды¹.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің **2014 ж. 7 қазандағы** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет *ҚР Энергетика министрлігінің* атом энергиясын пайдалану және электр энергетикасы салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: электр энергетикасы және атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; өз құзыреті шегінде комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-күжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті республикалық мемлекеттік мекемесі және оның аумақтық органдары туралы ережені бекіту» ҚР Энергетика министрінің 2014 ж. 7 қазандағы № 42 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/83892/kaz> (ресми жариялану күні: 20.10.2014).

**2. Жер ресурстарын, ауыл шаруашылығын,
су, орман, балық және аң шаруашылықтарын басқару
органдары**

2.1 Ауыл шаруашылығын басқару органдары

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі (1991–1992)

Таратылған Қазақ КСР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен Қазақ КСР Астық Өнімдері министрлігінің базасында Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақ КСР ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі ретінде құрылды¹.

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 23 тамыздағы қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік аграрлық-өнеркәсіптік өндірісті дамытуды және халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді мемлекеттік басқарудың республикалық органы болды және **ҚР Министрлер Кабинетінің** құрамына кірді.

Министрліктің негізгі міндеттері: ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен беріп тұруды ынталандырудың кешенді шараларын жүзеге асыру; дайындау ұйымдарымен бірлесе отырып, сатып алудың негізгі қағидаларын әзірлеу, мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және оның, немесе тұтынушыларға азық-түлік пен ауыл шаруашылығы шикізатын міндетті түрде беріп тұру мен өткізудің өзге де формаларының орындалуын бақылау; агроөнеркәсіп кешенінің әлеуметтік және өндірістік дамуының мемлекеттік бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру, ағымдарға талдау жасау, министрлік жүйесіндегі салалардың даму келешегін болжамдап, анықтау; селодағы экономикалық қатынастарды жетілдіру; ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасын түзу механизмін жасау; ауыл шаруашылығының техникалық-энергетикалық саясатын және сервистік қызмет көрсетуін анықтау жұмысын үйлестіру; тиімді технологиялық, техникалық және инвестициялық саясат жүргізу; білікті кадрлар даярлау мен олардың біліктілігін көтеруді ұйымдастыру, оқу орындарына басшылық ету; жерді мелиорациялауда және ішкі шаруашылық суландыру жүйелерін пайдалануда тиімді саясатты жүзеге асыру; ауыл шаруашылық дақылдарының, мал мен құстың селекциясы және тұқым өсіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; агроөнеркәсіп кешені жүйесінде жерді пайдалану және жерге орналастыру негіздерін жетілдіру; министрліктің ауыл шаруашылығы және ұқсатушы салаларының өнімін сараптауды, оның сапасын, өсімдік карантинін мемлекеттік бақылауды, мал дәрігерлік және тұқымдық қадағалауды жүзеге асыру және т.б.

ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі** болып аталды³

¹ «Қазақ КСР-да мемлекеттік басқару органдарының қайта ұйымдастыру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы № 172 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991, № 2, 21-құжат).

² «Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі мен Қазақ КСР-нің Агроөнеркәсіп кешені жүйесі үйлестіру кеңесінің ережелерін бекіту туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 23 тамыздағы № 485 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 19, 134-құжат).

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (1992*)

Алғаш рет жер бөлісі, техникалық мәдениет және мал шаруашылығы министрліктерінің бірігуінің нәтижесінде 1947 ж. одақтық-республикалық министрлік ретінде құрылды¹. 1985 ж. желтоқсанда Қазақ КСР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің құрамына кірді².

ҚР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігінің қайта аталуының нәтижесінде ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен бұрынғы атымен қайтадан құрылды³.

Министрлік **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық ететін ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 26 ақпандағы** қаулысымен министрлік жанынан **Балық шаруашылығы жөніндегі комитет (Қазбалықкомитет)** құрылды⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 13 тамыздағы** қаулысымен министрлік жанынан **Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекциясы (Қазмемкарантині)** құрылды⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 17 қыркүйектегі** қаулысымен⁶ министрлік туралы бұрын бекітілген ережеге өзгертулер енгізілді⁷. Министрліктің құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері сақталынды. Тек атауы ғана өзгертілді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 4 мамырдағы** қаулысымен Балық шаруашылығы жөніндегі комитеттің кәсіпорындары мен ұйымдарының базасында министрлік жанынан «Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясы құрылды⁸. Компанияға қатысты мемлекеттік басқару функцияларын министрлік жүзеге асырды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 5 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: экономика және нарықтық қайта құру бас басқармасы; егін шаруашылығындағы технология саясаты бас басқармасы; мал шаруашылығы мен мемлекеттік асыл тұқым инспекциясы технология саясаты бас басқармасы; сыртқы экономикалық байланыс және маркетинг бас басқармасы; қаржы несие саясаты және есеп бас басқармасы; техникалық саясат және сервис бас басқармасы; мал дәрігерлік пен мемлекеттік мал дәрігерлік инспекциясы жетекші басқармасы; ет және сүт өнеркәсібі жетекші басқармасы; инвестициялық саясат жетекші басқармасы; сатып алу мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы жөніндегі инспекция жетекші басқармасы; кадрлар және консалтинг жетекші басқармасы; жемшөп және жайылым инспекциясы басқармасы; оқу орындар басқармасы; ғылым және ғылыми-техникалық прогресс жөніндегі басқарма; іс басқармасы; құқық жұмысы бөлімі; машина-трактор паркінің техникалық жағдайын қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы (бас басқарма құқығында) еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғану бөлімі; арнайы жұмыстар секторы; екінші бөлім; баспасөз орталығы⁹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 22 желтоқсандағы** қаулысымен **Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мемлекеттік қоры** құрылды¹⁰. Қордың атқарушы органы министрлік аппараты болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 14 ақпандағы** қаулысымен «Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясы қайта ұйымдастырылды және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы жөніндегі комитеті құрылды¹¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 5 сәуірдегі** қаулысымен¹² министрлік жанынан **Азық-түлік контракт комитеті** құрылып, ол өз кезегінде ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 25 сәуірдегі** қаулысымен **Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы** болып қайта құрылды¹³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 26 сәуірдегі** қаулысымен бұған дейін «Қазастықөнім» концернінің құрамында болған **Республикалық астық инспекциясы** министрлік жанынан құрылды¹⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 28 сәуірдегі** қаулысымен орталық аппараттың құрылымына өзгертулер енгізілді¹⁵. Құрылым толықтырылды: сыртқы экономикалық байланыстар бас басқармасы; ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы жөніндегі маркетинг жетекші басқармасы; бюджеттік қаржыландыру және қолдау қор жөніндегі жетекші басқарма; Қаржы несие саясаты, есеп, санация және банкроттық жөніндегі жетекші басқарма; Оқу орындары бөлімі; ғылым және ғылыми техникалық прогресс жөніндегі жетекші басқарма; Құрылымнан шығарылды: сыртқы экономикалық байланыстар және маркетинг бас басқармасы; қаржы несие саясаты және есеп бас басқармасы; сатып алу және ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы жөніндегі инспекциясы жетекші басқармасы; оқу орындары басқармасы; ғылым және ғылыми-техникалық прогресс жөніндегі басқарма.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 10 мамырдағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді¹⁶.

Министрлік қамтамасыз етті: ауыл шаруашылығы саласын дамытудың мемлекеттік (ұлттық) басым бағдарламаларын әзірлеуді және оны жүзеге асыруға қатысу; аграрлық мәселелер бойынша заңнама актілері мен нормативті құжаттар жобасын даярлау; мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге, сондай-ақ аграрлық кешендегі монополиясыздандыруға жәрдемдесу; агроөнеркәсіп кешеніндегі реформаларды жетілдіру және тереңдету, шаруашылық жүргізудің алуан түрлі нысандарын дамыту; республиканың ішкі қажеттерін қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін еселеп өндіруді ынталандыру және ұқсату, оны сыртқы рынокқа беру жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру; аграрлық секторды дамыту тұжырымдамаларын әзірлеп, оны жүзеге асыру, үрдістерді талдау және оның келешегін болжап, анықтау; тауар өндірушілерді техникамен және энергиямен қамтамасыз ету, химиялық және ауыл шаруашылық сумен жабдықтау, мелиорация, сервистік қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік саясат пен жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыру; аграрлық секторда шет елдік инвестицияларды пайдаланудың басым бағыттарын белгілеу; агроөнеркәсіп кешенінің кадрлар әлеуетін талдау, оған мамандар қажеттілігін болжау; кадрлар даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі шараларды әзірлеу; ауыл шаруашылығы мен саланың ұқсатылған өнімдеріне, өсімдіктер мен тұқымдардың карантиніне, мал дәрігерлігі заңнамасының орындалуы мен асыл тұқымдықты қадағалауға, сондай-ақ машиналар мен жабдықтардың, кешенді мелиорациялық құрылыстың техникалық жай-күйіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және т.б.

Министрлік АӨК мемлекеттік басқару функцияларын өзінің аймақтық органдары, ауыл шаруашылығын облыстық және аудандық басқармалары, сондай-ақ салааралық бірлестік және ассоциация арқылы жүзеге асырды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен Балық шаруашылығы жөніндегі комитеті таратылды¹⁷. Оның функциялары министрлікке берілді.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: болжамдау және нарық құрылымдарын жетілдіру бас басқармасы; егіншілік саясатын әзірлеу бас басқармасы; мемтұқыминспекциясымен мал шаруашылығы саясатын әзірлеу бас басқармасы; қаржы-инвестициялық саясат бас басқармасы; техникалық саясат және Мемауылшаруатехқадағалаумен бірге қызмет көрсету басқармасы; Мемлекеттік мал дәрігерлік инспекциясы (бас басқарма құқығында); кадр және құқықтық саясат бас басқармасы; халықаралық ынтымақтастық басқармасы; балық шаруашылығы басқармасы; ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекциясымен бірге маркетинг зерттеулері басқармасы; АӨК-ін ғылыми қамтамасыз ету басқармасы; шаруашылық басқармасы¹⁸.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 18 сәуірдегі** қаулысымен министрлік құрамында таратылған Мемлекеттік мал дәрігерлік инспекциясының (бас басқарма құқығында) базасында дербес заңды тұлға құқындағы **Мал дәрігерлік комитеті** құрылды¹⁹.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Орман шаруашылығы комитетінің** таратылуына байланысты оның функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері министрлікке берілді²⁰.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; экономикалық реформалар және қаржыландыру бас басқармасы; ауыл шаруашылығы өнімі өндірісі технологиясының бас басқармасы; техникалық саясат, сервис және ғылыми қамтамасыз ету басқармасы; Мал дәрігерлігі комитеті (заңды тұлға құқығында); Орман және аң шаруашылығы бас басқармасы (заңды тұлға құқығында); ауыл шаруашылығы өнімінің маркетингі және сапасы басқармасы; халықаралық ынтымақтастық басқармасы; балық шаруашылығы басқармасы; бақылау және ұйымдастыру-атқарушылықпен қамтамасыз ету басқармасы; кадр және жұмылдыру жұмысы бөлімі; құқықтық жұмыс бөлімі; әкімшілік-шаруашылық бөлімі²¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 14 қаңтардағы** қаулысымен министрліктің **Орман және аң шаруашылығы комитеті** құрылды²².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1997 ж. 24 ақпандағы** қаулысымен Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы жүз пайыздық мемлекеттік акция пакетімен «Азық-түлік контракт корпорациясы» ЖАҚ болып қайта құрылды²³.

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы Жарлығымен ҚР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен ҚР Су ресурстары жөніндегі комитетінің таратылуына* байланысты олардың функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері министрлікке берілді²⁴.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 сәуірдегі* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; экономикалық реформалар, маркетинг және құқықтық жұмыс департаменті; ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің технологиясы департаменті; техникалық саясат, сервис және ғылыми қамтамасыз ету департаменті; қаржы саясаты басқармасы; халықаралық ынтымақтастық және инвестициялық жобалар басқармасы; балық шаруашылығы басқармасы; бақылау, ұйымдастыру-кадр жұмысы және атқаруды қамтамасыз ету басқармасы; *Мал дәрігерлігі комитеті (заңды тұлға құқығында); Орман және аң шаруашылығы комитеті (заңды тұлға құқығында); Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Су ресурстары жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)*²⁵.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 мамырдағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді²⁶.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР орталық атқарушы органы болып табылды және республиканың ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылықтарын, су және жер ресурстарын мемлекеттік басқаруды жүзеге асырды.

Министрлік мыналарды қамтамасыз етті: ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қоса алғанда, ауыл, орман, аң және балық шаруашылықтары салаларын дамытудың, су және жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен оларды қорғаудың мемлекеттік басымдылықты бағдарламаларын әзірлеу және оларды жүзеге асыруға қатысу; ауыл, орман, аң және балық шаруашылықтары, су шаруашылығы мен жер қатынастары мәселелері жөніндегі заңнама және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау; АӨК реформаларды жетілдіруді және тереңдетуді, сондай-ақ шаруашылық жүргізудің алуан түрлі нысандарын дамыту; техникалық және энергетикалық қамтамасыз ету, химияландыру және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, мелиорациялау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге сервистік қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты және жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыру; агроөнеркәсіптік секторында, балық, орман, аңшылық, су және жер шаруашылығында инвестиция пайдаланудың басымдықты бағыттарын анықтау; кадрлар әлеуетін талдау, мамандар қажеттілігін болжау, кадрлар даярлау, олардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөніндегі шараларды әзірлеу; ауыл шаруашылығы мен ұқсатушы салалар өнімдерінің сапасына, олардың ұтымды пайдаланылуына, балық, орман және аң шаруашылығы ресурстарын, су және жер қорларын қорғауға және оларды ұдайы жаңартып отыруға, өсімдіктер, тұқымдар карантиніне, мал дәрігерлігі заңнамасы мен тұқымдық қадағалаудың орындалуына мемлекеттік бақылау жасаудың жүзеге асырылуын, сондай-ақ машиналар мен жабдықтардың техникалық жай-күйін, кешенді мелиоративтік құрылысты қадағалау және т.б.

Министрлік және оның аймақтық органдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрды. Министрлік жанында *Мал дәрігерлік, орман және аң шаруашылығы, Су ресурстары жөніндегі, Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттер* құрылып, олар заңды тұлғалар болып табылды. Комитеттердің өзінің аймақтық органдары болды. Министрліктің орталық аппараты оның қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен басқармалардан тұрды.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 11 шілдедегі* қаулысымен Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мемлекеттік қоры министрлік жанындағы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мемлекеттік қоры» болып қайта құрылды²⁷.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 19 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді²⁸. Меморганның құқықтық статусы мен оның негізгі міндеттері сақталынды.

Министрліктің құрылымы: стратегиялық жоспарлау және әлеуметтік-экономикалық реформалар департаменті; ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаменті; маркетинг, инвестициялар және халықаралық ынтымақтастық департаменті; қаржы-несие басқармасы; балық шаруашылығы басқармасы; бақылау, ұйымдастыру-атқарушылық қамтамасыз ету және кадр

жұмысы басқармасы; *Мал дәрігерлігі комитеті (заңды тұлға құқығында); Орман және аң шаруашылығы комитеті (заңды тұлға құқығында); Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Су ресурстары жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында).*

Комитеттер министрлік құзыреті шегінде атқару, бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқарудың ішкі салаларына басшылықты дербес жүзеге асырды.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 22 сәуірдегі* қаулысымен Орман және аң шаруашылығы комитеті министрліктің *Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті* болып қайта құрылды²⁹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 9 шілдедегі* қаулысымен Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мемлекеттік қоры жарғылық капиталға мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» ЖАҚ болып қайта ұйымдастырылды³⁰.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 16 қыркүйектегі* қаулысымен министрліктің жаңа құрылымы бекітілді: стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі департаменті; қаржы департаменті; маркетинг және аграрлық саясат департаменті; ұйымдастыруды қамтамасыз ету және бақылау басқармасы; заң қызметі (бөлім); Мал дәрігерлігі комитеті (заңды тұлға құқығында); Орман, балық, және аң шаруашылығы комитеті (заңды тұлға құқығында); Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Су ресурстары жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)³¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 5 наурыздағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді³².

Ережеге сәйкес министрлік ауыл, орман, аң және балық шаруашылығы, республиканың су және жер ресурстарын, өсімдіктер және жануарлар дүниесі ресурстарын басқару саласында, сондай-ақ геодезия мен картография саласында мемлекеттік саясатты жүргізуге, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал өсіру, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау мен сату саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етуге уәкілеттілік берілген мемлекеттік мекеме болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, аң және балық шаруашылығы өндірісінде, жер және су пайдалануда мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру; АӨК әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық жоспарларын әзірлеу мен іске асыру; ауыл, орман, аң және балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытудың, сондай-ақ су және жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғаудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеу және оларды іске асыруға қатысу; маркетингтік қызметтерді дамытуға және АӨК ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесу; АӨК реформаларды тереңдетуді қамтамасыз ету, сондай-ақ саланы қаржылай сауықтыру; техникалық және энергетикалық жабдықтау, химияландыру және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, мелиорация, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге сервистік қызмет көрсету саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; жер қатынастарын дамыту, әр түрлі ауыл шаруашылығы ұйымдарының тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жетілдіру, жер құнарлылығын сақтау мен қалпына келтіруге және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған шараларды жүзеге асыру; мал дәрігерлігі, фитосанитария, мал тұқымдарын асылдандыру, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және сату саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалау.

Министрліктің құрылымы: стратегиялық жоспарлау және реформалар департаменті; қаржы, несие және салық департаменті; маркетинг және аграрлық саясат департаменті; әкімшілік департаменті; *Мал дәрігерлік қадағалау комитеті (заңды тұлға құқығында); Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті (заңды тұлға құқығында); Өсімдіктерді қорғау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында) Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Су ресурстары жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); Өсімдіктер карантині жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында).*

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 17 наурыздағы* қаулысымен Республикалық астық инспекциясы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқындағы «Республикалық

астық сараптамасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта құрылды. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі уәкілетті мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ, Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленді³³.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 17 наурыздағы* қаулысымен Республикалық мемлекеттік тұқым инспекциясы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің шаруашылық жүргізу құқындағы «Қазтұқымсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта құрылды. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ, Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленді³⁴.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 2 тамыздағы* қаулысымен министрліктің құқықтық статусына қатысты өзгертулер енгізілді³⁵.

Басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде – ауыл, орман, аң және балық шаруашылығы, республиканың су және жер ресурстарын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын басқару саласында, сондай-ақ геодезия мен картография, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал өсіру, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау мен сату саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің мынадай ведомстволары болды: *Өсімдіктер карантині жөніндегі комитеті, Өсімдіктерді қорғау жөніндегі комитеті; Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті; Мал дәрігерлік қадағалау комитеті; Су ресурстары жөніндегі комитеті; Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті.*

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 27 тамыздағы* қаулысымен *Мал дәрігерлік қадағалау комитеті, Өсімдіктерді қорғау комитеті және Өсімдіктер карантині жөніндегі комитеті* таратылды³⁶. Таратудан кейін қалған жоғарыда көрсетілген ведомстволардың мүлкін басқару жөніндегі өкілеттігі министрлікке берілді.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 8 қыркүйектегі* қаулысымен таратылған комитеттер ереже мәтінінен алынып тасталды. Осында министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, қалалар мен аудандарда мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы бірыңғай аумақтық органдары болғандығы туралы қосылды. Министрліктің негізгі міндеттеріне мыналар қосылды: астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін сақтаудың сапасын бақылауды, сондай-ақ олардың мониторингін жүргізуді жүзеге асырады; ішкі және сыртқы азық-түлік рыноктарындағы жағдайды зерделейді және оны село тауар өндірушілерінің назарына жеткізеді; агроөнеркәсіптік кешен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бюджеттік несиелер мен үкіметтік және үкімет кепілдік берген сыртқы заемдарды игеру және қайтару жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады және үйлестіреді³⁷.

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылды³⁸. Орман, балық және аң шаруашылығы, мелиорация, суландыру және топырақ құрғату функцияларын қоспағанда су ресурстары саласындағы функциялары *ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне*; жер ресурстары саласындағы функциялары *ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне* берілді.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 16 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді³⁹.

Министрлік ауыл шаруашылығы саласында, сондай-ақ мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және сату, мелиорация, суландыру және кәріз саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің облыстарда, Астана мен Алматы қалаларында, қалалар мен аудандарда аймақтық органдары болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ауыл шаруашылығы өндірісінде, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мелиорация, суландыру және кәріз саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру; ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға қатысу; маркетингтік қызметтерді дамытуға

және агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесу; ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы саласымен тікелей айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік қызметіне, реформалауға және оларды қаржылай сауықтыруға әдістемелік басшылық жасау; ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді техникалық және энергетикалық қамтамасыз ету, химияландыру және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, мелиорация, сервистік қызмет көрсету саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; жер қатынастарын дамыту, әр түрлі ауыл шаруашылығы ұйымдарының тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жетілдіру, жердің құнарлылығын сақтау мен арттыруға және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру; мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, мелиорация, суландыру және кәріз саласында, астық пен оның өңделген өнімдерінің сақталу сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және олардың мониторингін жүргізу; ішкі және сыртқы азық-түлік рыноктарындағы жағдайды зерделеу және оны ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің назарына жеткізу.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 2 мамырдағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі өзгертілді⁴⁰. Жаңа редакцияда: басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде астық рыногы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, оған қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеуді, сондай-ақ мемлекеттік астық ресурстарын басқаруды, ауыл шаруашылығы саласы, сондай-ақ мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал өсіру, мелиорация, ирригация және дренаж саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Тиісті өзгертулер министрліктің негізгі міндеттеріне де енгізілді. Атап айтқанда, негізгілердің қатарына қосымша астық өндіру, элиталық тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру қосылды.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі өзгертілді⁴¹. Жаңа редакцияда: басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және ауыл шаруашылығы шикізаттары мен өнімдерін алғашқы өңдеу, астық рыногы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, оған қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеуді, сондай-ақ мемлекеттік астық ресурстарын басқаруды, ауыл шаруашылығы саласы, сондай-ақ мал дәрігерлігі, фитосанитария, асылтұқымды мал өсіру мелиорация, ирригация және дренаж саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Тиісті өзгертулер министрліктің негізгі міндеттеріне де енгізілді. Атап айтқанда, негізгілердің қатарына қосымша ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және ауыл шаруашылығы шикізаттары мен өнімдерін алғашқы өңдеу саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ өндіріс қызметінде, осы салада тікелей жұмыс істейтін субъектілерін реформалауда және оларды заңнамаға сәйкес қаржылай сауықтыруда әдістемелік басшылық жасау қосылды.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 28 маусымдағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне толықтырулар енгізілді: 1) ауыл шаруашылығы өндірісінде, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асылтұқымды мал өсіру мелиорация, ирригация және дренаж саласында, өз құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы ғылымы саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және үйлестіруді жүзеге асыру; 2) аймақтық саясатты іске асыруға қатысу⁴².

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен министрлікке таратылған **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің** су ресурстары, орман, балық және аң шаруашылығын басқару саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді⁴³.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 7 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁴⁴. **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті** **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті** болып, **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы жөніндегі комитеті** **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы жөніндегі комитеті** болып, ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны

қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып, ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы жөніндегі комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы жөніндегі комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Ережеге сәйкес министрлік ауыл шаруашылығы, орман, балық және аң шаруашылығы, республиканың ерекше қорғалатын табиғи аймақтары, су ресурстарын, өсімдік және жануарлар дүниесі ресурстарын басқару аясында, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мелиорация, ирригация мен дренаж, тамақ өнімдерін өндіру бөлігіндегі сусындарды, темекі бұйымдарын, былғары (тері илеу және өңдеу), талшықты мақтаны және жүнді қайта өңдеуді, астық рыногын қоса алғанда, өңдеу өнеркәсібі саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды салааралық үйлестіруді, оған қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеуді, астықтың мемлекеттік ресурстарын басқаруды, сондай-ақ оның жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің ведомстволары: ***Су ресурстары жөніндегі комитеті, Орман, балық және аң шаруашылығы жөніндегі комитеті.*** Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, қалалар мен аудандарда аумақтық органдары болды.

Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болды: ауыл шаруашылығы, орман, аңшылық және балық шаруашылығы өндірісінде, суды пайдалануда, астық өндірісі, таңдаулы тұқым шаруашылығы, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы тамақ өнімдерін өндіру бөлігіндегі өңдеуші өнеркәсіп саласында, өз құзыреті шегінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтары, ауыл шаруашылығы ғылымы саласында, мемлекеттік саясатты әзірлеу, іске асыру және үйлестіру; өз құзыреті шегінде аймақтық саясатты іске асыруға қатысу; денсаулық сақтау органдарымен бірлесіп, халықтың денсаулығын малға және адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру; рыноктарда, өнім өндіру, дайындау, сақтау, қайта өңдеу және сату кәсіпорындарында, сондай-ақ тасымалдау кезінде мемлекеттік ветеринарлық қадағалауды жүзеге асыру; мемлекеттік ветеринарлық қадағалау объектілерінің қауіпсіздігін, ветеринарлық-санитарлық жағдайды бақылау; ҚР аумағын басқа мемлекеттерден шыққан жұқпалы және экзотикалық аурулардың әкелінуі мен таралуынан, сондай-ақ карантиндік объектілерден қорғауды және республика аумағын шет елдерден немесе карантиндік аймақтан карантиндік объектілердің әкелінуінен немесе өз бетімен еніп кетуінен қорғауды ұйымдастыру; өз құзыреті шегінде ветеринария саласындағы жеке және заңды тұлғалар қызметін жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаның ластануының алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу; ауыл, орман, балық және аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытудың, сондай-ақ су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғаудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеуге әрі іске асыруға қатысу; агроөнеркәсіп кешенінің маркетинг қызметін дамытуға және ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға жәрдем көрсету; өндіріс қызметі, ауыл шаруашылығы өндірісі саласында тікелей жұмыс істейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік қызметіне, оларды реформалауға және заңнамаға сәйкес оларды қаржылай сауықтыруға әдістемелік басшылық жасау; ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді техникалық және энергетикалық қамтамасыз ету, химияландыру және ауыл шаруашылығы суымен жабдықтау, мелиорация, сервистік қызмет көрсету саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; жер қатынастарын дамыту, әр түрлі ауыл шаруашылығы ұйымдарының тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық шарттарды жетілдіру, жердің құнарлылығын сақтау мен арттыруға әрі оларды ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шаралардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; ветеринария, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мелиорация, ирригация мен дренаж саласын, астық сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы заңнаманың және белгіленген ережелердің сақталуын әрі

республика аумағында өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; орман ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ресурстарын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау, өсімін молайту, пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, су ресурстарын пайдалану; карантиндік объектілерді ашу, жайылуына жол бермеу және жою, сондай-ақ олар кездеспейтін республика аймақтарына олардың еніп кетуінің алдын алу; қолайлы фитосанитарлық жағдайды қамтамасыз ету; ішкі және сыртқы азық-түлік рыноктарындағы жағдайды зерделеу әрі оны ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің назарына жеткізу; селекция және асыл тұқымды өнім (материал) өсімін молайту саласында жаңа технологиялардың, құрал-саймандардың, жабдықтардың, материалдар мен биотехнологиялық әдістердің қолданылуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 22 қарашадағы** қаулысымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитеті** туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁴⁵.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық органдарын штат санының бекітілген лимиті мен оларды ұстауға көзделген қаражат шегінде шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық қадағалау аймақтық бөлімшелері болып табылатын ветеринариялық бақылау бекеттері бар (Солтүстік Батыс аймақтық басқарма және Оңтүстік Шығыс аймақтық басқарма) мемлекеттік мекемелер құрылды⁴⁶.

Тиісті толықтырулар министрлік туралы ережеге де, оның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы, қалалар мен аудандардағы аймақтық органдарымен қатар ветеринариялық бақылау бекеттері бар шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бөлімшелері бар екендігі туралы бөлігінде енгізілді.

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 маусымдағы** Жарлығына⁴⁷ сәйкес ҚР Үкіметінің **2003 ж. 18 шілдедегі** қаулысымен⁴⁸ **ҚР Ауыл шаруашылығының Балық шаруашылығы комитеті** құрылды, комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді, комитеттің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері құрылды. Комитет қарауына ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бірқатар мемлекеттік мекемелері берілді. Министрлік ведомстволарының қатарына қосымша Балық шаруашылығы комитеті енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 4 тамыздағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне өзгертулер енгізілді: міндеттерінен таңдаулы тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу, іске асыру және үйлестіруге қатысты жолдарынан «таңдаулы» сөзі алынып тасталынды⁴⁹.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 16 маусымдағы** қаулысымен **министрліктің Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитеті** құрылып, комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁵⁰.

Министрлік туралы ережеге, оның құқықтық мәртебесіне қатысты өзгерту енгізілді. Жаңа редакцияда: ауыл шаруашылығы, орман, балық және аң шаруашылығы, республиканың ерекше қорғалатын табиғи аумақтары, су ресурстарын, өсімдік және жануарлар дүниесі ресурстарын басқару аясында, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, ветеринария, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мелиорация, ирригация мен дренаж, тамақ өнімдерін өндіру бөлігіндегі сусындарды, темекі бұйымдарын, былғары (тері илеу және өңдеу), талшықты мақтаны және жүнді қайта өңдеуді, астық рыногын қоса алғанда, өңдеу өнеркәсібі саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада шектелген көздерде мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды салааралық үйлестіруді, оған қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеуді, астықтың мемлекеттік ресурстарын басқаруды, сондай-ақ оның жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрлік ведомстволарының қатарына Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитеті енгізілді. Тиісті өзгертулер министрліктің негізгі міндеттеріне де енгізілді. Атап айтқанда, негізгілердің қатарына қосымша ауылдық аумақтар істері жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру, ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік және өзге бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға қатысу, сондай-ақ ауылдық аумақтарды дамытудың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жетілдіру міндеті енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 25 маусымдағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттерінің қатарына қосымша міндетті сақтандыру шартын бекіту жөніндегі міндеттемелерді өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің орындауына бақылау жасауды жүзеге асыру енгізілді⁵¹.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен министрліктің ірі ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және өнеркәсіп саласындағы функциялары қайта ұйымдастырылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** берілді⁵².

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 6 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже, министрліктің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі, министрлік комитеттері туралы ережелер және олардың құрылымдары, сондай-ақ комитеттің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді⁵³.

Министрлік қойылған міндеттерді тиімді шешу үшін басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзырына жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын және өзіне ҚР Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен жүктелген функцияларды орындайтын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: мемлекеттің аграрлық және өңірлік саясатын, стратегиялық жоспарларын, реттелетін саладағы, атап айтқанда ауыл, балық және су шаруашылығы, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсімін молайтуды және пайдалануды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласындағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды, ауылдық аумақтарды дамыту, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық рыногын реттеу, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін, былғары (тері илеу және өңдеу), талшықты мақта өндіру мен жүнді қайта өңдеу бөлігінде өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау (ірісінен басқа), агроөнеркәсіп кешенін техникалық жаратқандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы мәселелерін қалыптастыру және іске асыру; бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауары өндірісін құрудың негізін жасау, ҚР азық-түліктік қауіпсіздігі мен жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету; орман, аңшылық, балық және су шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелерін қоспағанда, реттелетін салада мемлекеттік бақылауды, қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету; агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық-консультациялық қамтамасыз ету.

Министрліктің ведомстволары: **Су ресурстары жөніндегі комитеті, Орман және аң шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы комитеті, Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитеті.**

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, қалалар мен аудандарда аймақтық органдары, ветеринариялық бақылау бекеттері бар шекарадағы және көліктегі аймақтық мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бөлімшелері болды.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен министрліктің аймақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік мекемелері инспекциялар деп аталды⁵⁴.

Министрліктің негізгі міндеттеріне бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді: мемлекеттің аграрлық және өңірлік саясатын, стратегиялық жоспарларын, реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды, атап айтқанда: агроөнеркәсіптік кешен, ауыл, балық және су шаруашылығы, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсімін молайтуды және пайдалануды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, ауылдық аумақтарды дамыту, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық рыногын реттеу, өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін, былғары (тері илеу және өңдеу), талшықты мақта өндіру мен жүнді қайта өңдеу бөлігінде өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау (ірісінен басқа), агроөнеркәсіп кешенін техникалық жаратқандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы мәселелерін қалыптастыру және іске асыру; бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауары өндірісін құрудың негізін жасау, ҚР азық-түліктік қауіпсіздігі мен жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету; орман, аңшылық, балық және су шаруашылығын

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелерін қоспағанда, реттелетін салада мемлекеттік бақылауды, қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету; агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық-консультациялық қамтамасыз ету.

Министрліктің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі жаңа редакцияда мазмұндалды.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 2 наурыздағы** қаулысымен министрліктің **Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті** құрылды⁵⁵. Комитет туралы ереже, оның құрылымы және комитеттің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті министрліктің ведомстволар санына енгізілді.

Министрліктің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері министрліктің шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринарлық бақылау аймақтық бөлімшелері Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің және оның шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринарлық бақылау аймақтық бөлімшелері комитеттің аймақтық инспекциялары – мемлекеттік мекемелері болып ұйымдастырылды. Министрлік туралы ережеге тиісті өзгертулер енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 28 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді⁵⁶.

Министрлік реттелетін салалардағы басшылықты, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен, ауыл және балық шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсімін молайтуды қорғау және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласындағы және ауылдық аумақтарды дамыту, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық нарығын реттеу, мақта саласы, өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау (ірісінен басқа), агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы мәселелерін, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің ведомстволары: **Су ресурстары комитеті, Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы комитеті, Ауылдық аумақтар істері комитеті, Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: мемлекеттің аграрлық және өңірлік саясатын, стратегиялық жоспарларын, мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру; бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауары өндірісін құрудың негіздерін жасау, ҚР азық-түліктік қауіпсіздігі мен жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету; агроөнеркәсіп кешенді ақпараттық-консультациялық қамтамасыз ету; реттелетін салаларда үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 8 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің Су ресурстары комитетінің аймақтық органдары (бассейндік су шаруашылығы басқармалары) – мемлекеттік мекемелері су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциялар болып аталды⁵⁷. Министрліктің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аймақтық органдары (облыстық аймақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармалары) – мемлекеттік мекемелері облыстық аймақтық орман және аңшылық шаруашылығы инспекциялары болып аталды. Министрліктің Балық шаруашылығы комитетінің аймақтық органдары (облыстық, облысаралық бассейндік балық шаруашылығы аймақтық басқармалары) – мемлекеттік мекемелері облыстық, облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциялары болып аталды. Аталған комитеттердің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 7 қарашадағы** қаулысымен министрліктің «Бақылау, ұйымдастыру-кадр жұмысы және атқарушылық қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесі таратылды⁵⁸.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 30 наурыздағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі нақтыланды⁵⁹. Министрлік реттелетін салалардағы басшылықты, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен, ауыл және балық шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсімін молайтуды қорғау және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласындағы және ауылдық аймақтарды дамыту, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық нарығын реттеу, мақта саласы, өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау (ірісінен басқа), агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы мәселелерін, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 7 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің Балық шаруашылығы комитетінің аймақтық органдары Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстық аймақтық балық шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемелері комитеттің аймақтық органдары Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды⁶⁰. Ақтөбе және Қостанай облыстық аймақтық балық шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемелері комитеттің аймақтық органдары Тобыл-Торғай облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен болып қайта ұйымдастырылды.

Жамбыл облыстық аймақтық балық шаруашылығы инспекциясы – мемлекеттік мекемелері комитеттің аймақтық органдары Шу-Талас облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы – мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды. Комитеттің аймақтық органы Қарағанды облыстық аймақтық инспекциясы – мемлекеттік мекемесі комитеттің аймақтық органы Нұра-Сарысу облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы – мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

Комитеттің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің жаңа тізбесі бекітілді.

ҚР Президентінің **2009 ж. 24 маусымдағы** Жарлығымен министрлік оның ауылшаруашылық машинақұрылысын дамыту жөніндегі функциялары **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне**, елді мекендер шектерінде сумен жабдықтау және су бұру саласында мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу жөніндегі функциялары **ҚР Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне** беріле отырып қайта ұйымдастырылды⁶¹.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі нақтыланды⁶². Министрлік реттелетін салалардағы басшылықты, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен, ауыл және балық шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру (елді мекендерде орналасқан сушаруашылық және су бұру жүйелерінен басқа), өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсімін молайтуды қорғау және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласындағы және ауылдық аймақтарды дамыту, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық нарығын реттеу, мақта саласы, өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібін, агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы мәселелерін, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

ҚР Президентінің **2011 ж. 10 тамыздағы** Жарлығымен министрліктің ауылдық аймақтарды дамыту саясатын әзірлеу, қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялар мен өкілеттері **ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігіне** берілді⁶³.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 13 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі нақтыланды⁶⁴.

Министрлік – реттелетін салаларда, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен, ауыл және балық шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру (елді мекендерде орналасқан су шаруашылығы және су бұру жүйелерінен басқа), өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық нарығын реттеу саласында, мақта саласында, өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы мәселелері, биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте өз құзыретіне жататын қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

ҚР Президентінің **2013 ж. 16 қаңтардағы** Жарлығымен министрліктің табиғи ресурстарды қорғау мен тиімді пайдалануды бақылау, су ресурстарын басқарудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, сондай-ақ мелиорация мәселелерін қоспағанда, су ресурстарын басқару және балық шаруашылығын дамыту жөніндегі функциялар мен өкілеттіктері **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне** берілді⁶⁵.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен министрлік оған **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінен** – балық шаруашылығын дамыту, су ресурстарын басқару, ормандар, жануарлар дүниесі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып қайта ұйымдастырылды⁶⁶.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті** мен Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің** аймақтық бөлімшелеріне қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁶⁷.

ҚР Президентінің **2016 ж. 6 мамырдағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің** жер ресурстарын басқару, геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру аясындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, қайта ұйымдастырылды⁶⁸.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 18 мамырдағы** қаулысымен **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде **Жер ресурстарын басқару комитеті** құрылды⁶⁹.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 5 шілдедегі** қаулысымен **Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті** болып қайта аталды⁷⁰.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 23 маусымдағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда қабылданып⁷¹, оған кейіннен көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Бұл өзгерістердің мәтінімен ҚР нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде танысуға болады⁷².

Ережеге сәйкес министрлік: агроөнеркәсіптік кешен; суармалы егіншілік және агромелиорация; жер ресурстары салаларында басшылықты; балық және басқа да су жануарлары ресурстарын қорғау, қалпына келтіру және пайдалану, сондай-ақ аквакультура; сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төніп тұрған балықтар мен басқа да су жануарлары түрлерін сақтау және қалпына келтіру бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтар; органикалық өнім өндірісі мен айналымы; сондай-ақ заңнамада көзделген шекте өзінің құзыретіне кіретін қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы.

Министрліктің міндеттері: мемлекеттің аграрлық саясатын, реттелетін салаларда даму жоспарларын, ұлттық жобаларды қалыптастыру; бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауарының өндірісін құру негіздерін қалыптастыру, ҚР азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету; агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-консультациялық қамтамасыз

ету; реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру; жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру; балық және басқа су жануарлары ресурстарын қорғау, қалпына келтіру және пайдалану, сондай-ақ аквакультура саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру. өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 5 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті** ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыретіне берілді⁷³.

Осылайша, министрліктің келесі ведомстволары бар: **Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті, Ауыл шаруашылығы кешенінде мемлекеттік инспекция комитеті, Жер ресурстарын басқару комитеті, Балық шаруашылығы комитеті.**

¹ Қазақ КСР ОММ. 1137 қ. 1-Қ т. 143 іс.

² «Агроөнеркәсіптік кешенді басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» КСРО КПСС ОК мен Министрлер Кеңесінің 1985 ж. 14 қарашадағы № 1114 қаулысын жүзеге асыру туралы» Қазақ КСР КПСС ОК мен Министрлер Кеңесінің 1985 ж. 2 желтоқсандағы № 432 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары, 1985 ж. желтоқсан, 3-10-б.).

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы №600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Балық шаруашылығы жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 26 ақпандағы №159 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 8, 146-құжат).

⁵ «ССРО Мемагрөнеркәсібінің Қазақ ССР бойынша Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекция етіп құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 13 тамыздағы № 676 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 32, 497-құжат).

⁶ «Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі мен Қазақ КСР-нің агроөнеркәсіп кешені жүйесі үйлестіру кеңесінің ережелерін бекіту туралы» 1991 жылғы 23 тамыздағы № 485 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 17 қыркүйектегі № 909 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 39, 455-құжат).

⁷ «Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі мен Қазақ КСР-нің агроөнеркәсіп кешені жүйесі үйлестіру кеңесінің ережелерін бекіту туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 23 тамыздағы № 485 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 19, 134-құжат).

⁸ «Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 мамырдағы № 472 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 21, 209-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 5 желтоқсандағы №1365 қаулысы (ҚР ҰА. 4 Қ. 1-Қ т. 20 іс).

¹⁰ «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мемлекеттік қорын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 желтоқсандағы №1447 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 48, 542-құжат).

¹¹ «Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 14 ақпандағы №157 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 7, 73-құжат).

¹² «Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Мемлекеттік контракт комитетін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 5 сәуірдегі №412 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №12, 139-құжат).

¹³ «Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 25 сәуірдегі № 549 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №14, 168-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Республикалық астық инспекциясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 26 сәуірдегі №562 қаулысы (ҚРПҰАЖ, 1995, № 15, 172-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 5 желтоқсандағы №1365 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 28 сәуірдегі №593 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 139 іс).

¹⁶ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 10 мамырдағы №631 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 17, 190-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы № 1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1801 қаулысы (ҚР ҰА. 4 Қ. 1-Қ т. 174 іс).

¹⁹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 сәуірдегі №472 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 437 іс).

²⁰ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдар санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы №3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы №1656 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

²² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 14 қаңтардағы № 61 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 1, 11-құжат).

²³ «Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 24 ақпандағы №260 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 749 іс).

²⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

- ²⁵ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 сәуірдегі № 589 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 761 іс).
- ²⁶ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 877 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 22, 193-құжат).
- ²⁷ «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мемлекеттік қорын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 11 шілдедегі № 1097 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 777 іс).
- ²⁸ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 19 қарашадағы № 1608 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 50, 464-құжат).
- ²⁹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 сәуірдегі № 382 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1007 іс).
- ³⁰ «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мемлекеттік қорын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 9 шілдедегі № 650 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1024 іс).
- ³¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 қарашадағы №1608 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 16 қыркүйектегі №891 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 32, 286-құжат).
- ³² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 наурыздағы № 206 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №7, 57-құжат).
- ³³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 17 наурыздағы № 251 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №9, 71-құжат).
- ³⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Республикалық мемлекеттік тұқым инспекциясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 17 наурыздағы №252 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 9, 72-құжат).
- ³⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 2 тамыздағы №1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).
- ³⁶ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ведомстволарын тарату туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 тамыздағы №1266 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 43, 392-құжат).
- ³⁷ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 5 наурыздағы 206 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 8 қыркүйектегі № 1342 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 45, 416-құжат).
- ³⁸ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы №235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №49, 462-құжат).
- ³⁹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 16 қарашадағы № 1731 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 51, 498-құжат).
- ⁴⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 16 қарашадағы №1731 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 2 мамырдағы № 584 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 16, 207-құжат).
- ⁴¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 22 қыркүйектегі № 1222 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 33, 431-құжат).
- ⁴² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне байланысты жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 28 маусымдағы № 704 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 20, 215-құжат).
- ⁴³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).
- ⁴⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 7 қазандағы № 1096 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 33, 357-құжат).
- ⁴⁵ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 22 қарашадағы № 423 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 42, 423-құжат).
- ⁴⁶ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық қарасты жекелеген ұйымдардың мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 29 желтоқсандағы № 1431 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 49, 486-құжат).
- ⁴⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы № 1107 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 26, 242-құжат).
- ⁴⁸ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы жөніндегі комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 18 шілдедегі № 714 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 30, 291-құжат).
- ⁴⁹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 ж. 7 қазандағы № 1096 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 4 тамыздағы № 780 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 31, 315-құжат).
- ⁵⁰ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 16 маусымдағы № 662 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 24, 314-құжат).
- ⁵¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы № 1096 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 25 маусымдағы № 704 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 26, 335-құжат).
- ⁵² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).
- ⁵³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 6 сәуірдегі № 310 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 14, 168-құжат).
- ⁵⁴ «Қазақстан Республикасының министрліктері мен Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 2 тамыздағы №730 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 28, 307-құжат).
- ⁵⁵ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 2 наурыздағы № 164 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 7, 82-құжат).
- ⁵⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 ж. 6 сәуірдегі № 310 және 2007 ж. 2 наурыздағы № 164 қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 28 қазандағы №995 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 41, 466-құжат).
- ⁵⁷ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 8 сәуірдегі №332 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 19, 177-құжат).
- ⁵⁸ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 7 қарашадағы № 1025 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100001025/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

- ⁵⁹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 30 наурыздағы №426 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №17, 148-құжат).
- ⁶⁰ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 7 сәуірдегі №480 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №18, 160-құжат).
- ⁶¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 24 маусымдағы №832 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №31, 279-құжат).
- ⁶² «Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 15 шілдедегі №1071 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №33, 311-құжат).
- ⁶³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Президентінің 2011 ж. 10 тамыздағы № 136 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 51, 686-құжат).
- ⁶⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 ж. 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 13 желтоқсандағы № 1517 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 7, 148-құжат).
- ⁶⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).
- ⁶⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚА ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).
- ⁶⁷ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 22 қыркүйектегі № 1002 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 58, 549-құжат).
- ⁶⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 6 мамырдағы № 253 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 27, 151-құжат).
- ⁶⁹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика және Ауыл шаруашылығы министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 мамырдағы № 295 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 31, 176-құжат).
- ⁷⁰ «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат).
- ⁷¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 23 маусымдағы № 418 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 37–38, 221-құжат).
- ⁷² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 23 маусымдағы № 418 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/169200/kaz> (ресми жариялану күні: 2022 ж. 27 маусым).
- ⁷³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 426 Жарлығын іске асыру шаралары туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 5 ақпандағы № 68 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 7, 29-құжат).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитеті (1996–1999)

Таратылған Мемлекеттік мал дәрігерлік инспекциясының (бас басқарма құқығында) базасында ҚР Үкіметінің **1996 ж. 18 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 2 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және ҚР мемлекеттік мал дәрігерлік қызметі органдарының жүйесі туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет жүйесіне басшылық ету мен мал дәрігерлігі саласында бірыңғай саясат жүргізуді қамтамасыз ететін мал дәрігерлігін басқарудың республикалық органы болып табылды. Мал дәрігерлік комитеті **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** заңды ұйым құқығындағы дербес бөлімшесі болып табылды және оған мемлекеттік мал дәрігерлік қызметтің республикалық ұйымдары, сондай-ақ облыстық мал дәрігерлік қызметтер мал дәрігерлігі мәселелері бойынша бағынды, ведомстволық мал дәрігерлік қызметтері, кәсіпкерлік мал дәрігерлік қызметпен айналысатын заңды ұйымдар мен жеке тұлғалар оның бақылауында болды.

Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет жүйесіне мыналар кірді: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал дәрігерлік комитеті; шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау бас басқармасы; республикалық, облыстық және аудандық мал дәрігерлік лабораториялары; жануарлар ауруларына қарсы күрес жөніндегі республикалық экспедиция; жануарлардың аса қауіпті жұқпалы аурулар жөніндегі Талдықорған аймақтық мал дәрігерлік

лабораториясы; облыстық, қалалық, аудандық мал дәрігерлік қызметтер; облыстық, қалалық және аудандық емдеу мал дәрігерлік ұйымдары.

Комитеттің негізгі міндеттері: аса қауіпті және карантиндік індеттер мен малдардың паразиттік ауруларының алдын алу және оларды жою, мал шаруашылығына мал дәрігерлік қызмет көрсету жоспарлары, мал дәрігерлік тұрғыда қауіпсіз өнімдер шығару жөніндегі мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды әзірлеу және оларды жүзеге асыру; мал дәрігерлігі мамандарын дайындау, мал дәрігерлік препараттар шығару және мал дәрігерлігі мәселелері бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың негізгі бағыттарын айқындау және оларды қалыптастыру; жергілікті атқарушы органдары мен лауазымды адамдардың, ұйымдардың, барлық меншік нысанындағы өзге де шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қоғамдық бірлестіктердің, халықаралық ұйымдардың, шетелдік заңды ұйымдардың, ҚР азаматтарының, шетелдік азаматтардың, малдар мен мал шаруашылығы өнімдерінің иелері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалардың мал дәрігерлігі заңдарын сақтауына, мал дәрігерлігінде пайдаланылатын диагностикалық емдік және профилактикалық құралдардың сапасына бақылау жасау; республика аумағын шет мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы аурулары енуінен қорғау; мал өнімдері мен шикізаттарының сапасына мал дәрігерлік-санитарлық бақылауды қамтамасыз ету; айналадағы ортаның мал дәрігерлік-санитарлық тұрғыда ластануын болдырмау, мал дәрігерлігінде биологиялық, химиялық және басқа препараттардың қолданылуына бақылау жасау.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді³. Негізгі міндеттері өзгертілмеді. Органның құқықтық статусы белгіленді.

Ережеге сәйкес комитет министрлік құзыретінің және өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің жүйесіне басшылық етуді қамтамасыз ететін мемлекеттік мал дәрігерлігін дербес басқаруды және мал дәрігерлік саласында бірыңғай саясат жүргізуді жүзеге асырған ҚР мемлекеттік органы болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; эпизоотикалық қарсы және емдеу-профилактика бөлімі; мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекциясы бөлімі; мал дәрігерлігі дәрі-дәрмектерін бақылау, өндіру және мал дәрігерлігі саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 5 наурыздағы** қаулысымен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жаңа құрылымының бекітілуіне байланысты өз қызметін тоқтатты⁴. Комитет **Мал дәрігерлік қадағалау комитеті (заңды тұлға құқығында)** деп аталатын болды.

¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 сәуірдегі № 472 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 437 іс).

² «Мал дәрігерлігі жөніндегі нормативті құқықтар мен басқа да актілерді бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 2 қазандағы № 1205 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 40, 379-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мал дәрігерлік комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1787 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 56, 506-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 наурыздағы № 206 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 7, 57-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Мал дәрігерлік қадағалау комитеті
(1999)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 5 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

Үкіметтің **1999 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі** құзыретінің шегінде мал дәрігері саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді дербес жүзеге асырған ҚР ведомствосы боды.

Комитеттің негізгі міндеттері: жануарлар мен құстардың аса қауіпті әрі карантинді жұқпалы және паразитті ауруларының алдын алу және оларды жою жөніндегі мақсатты бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру; меншіктің барлық нысандарындағы заңды және жеке тұлғалардың мал дәрігерлігі ережелерін сақтауын және мал дәрігерлігінде биологиялық, химиялық және басқа да препараттардың қолданылуын бақылау функцияларын жүзеге асыру; мал дәрігерлігі саласында мамандар даярлау, мал дәрігерлік препараттар шығару және мал дәрігерлігінің проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі негізгі бағыттарды айқындауға және бағдарламаларды қалыптастыруға қатысу; республиканың аумағын басқа мемлекеттерден жануарлар ауруларының әкелінуінен қорғау, оның ішінде шекарада және көлікте мемлекеттік мал дәрігерлік бақылауды қамтамасыз ету; өнімнің, жануар тегінен шыққан шикізаттың сапасын мал дәрігерлік бақылауды қамтамасыз ету; мал дәрігерлік тұрғыда қоршаған табиғи ортаның ластануының алдын алу.

Комитеттің облыстық, Астана және Алматы қалалық мал дәрігерлік қадағалау басқармасы, сондай-ақ аудандық және қалалық мал дәрігерлік қадағалау бөлімдері және шекара мен көлікте мемлекеттік мал дәрігерлік бақылаудың аймақтық қызметі (Шығыс, Батыс, Солтүстік және Оңтүстік) – аймақтық органдары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; мемлекеттік мал дәрігерлік инспекция бөлімі; мемлекеттік тапсырыстар және лицензия бөлімі; шекарада және көлікте мемлекеттік мал дәрігерлік бақылау жасау бөлімі; эпизоотикалық мониторинг және бағдарламалық тестер бөлімі; мал дәрігерлігі препараттарын шығаруды және қолдануды бақылау және ғылыми-енгізбе жұмыстарын үйлестіру бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен органның құқықтық статусы белгіленді³. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі құзыретінің шегінде мал дәрігерлігі саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 27 тамыздағы** қаулысымен комитет таратылды⁴. Мүлкін басқару жөніндегі өкілеттігі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 наурыздағы №206 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 7, 57-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлік қадағалау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі №494 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ведомстволарын тарату туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 тамыздағы №1266 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 43, 392-құжат).

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы
Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекциясы
(Қазмемкарантин)
(1992–1999)

КСРО Мемагроөнеркәсібінің Қазақ КСР бойынша Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясының қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 13 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1992 ж. 13 тамыздағы** қаулысымен Қазмемкарантин туралы ереже бекітілді².

Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекция Республикалық карантин лабораториясы мен фумигациялық отрядымен қоса **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі** жанындағы дербес балансында және заңды ұйым құқығы болды.

Қазмемкарантиннің негізгі міндеттері: өсімдік карантині саласында мемлекеттік шаралар жүйесін жоспарлау және ұйымдастыру, олардың орындалуына басшылық ету және бақылау;

өсімдік карантині мәселелері жөнінде қаулылар, шешімдер мен өкімдер әзірлеу және оларды Үкіметке жеткізу; ішкі және сыртқы карантин саласындағы қызметті Қазақстан аумағында регламенттейтін қағидалар, ережелер мен нұсқаулардың жобаларын әзірлеу; басқа мемлекеттерден әкелінетін тұқымдарға, өсімдіктен алынатын өнімдерге, сондай-ақ республика аумағы арқылы өтетін карантиндік жүктерге импорттық карантин рұқсатын беру; Республикадан, сондай-ақ облыстардан тыс жерлерге шығарылатын экспортталатын карантиндік материалдарға сертификаттар беру; облыстық инспекциялардың, шекара пунктерінің, карантиндік лабораториясының, карантиндік материалдарды зарарсыздандыру жөніндегі фумигациондық отрядтың жұмыстарына басшылық ету және бақылау жасау; карантин және өсімдіктерді қорғау мәселелері бойынша белгіленген тәртіпте халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және т.б.

ҚР Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызметке мыналар кірді: Республикалық карантин лабораториясы мен Республикалық фумигациялық отрядымен қоса ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекциясы; өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік облыстық инспекциялар; теңіз және өзен порттарындағы, темір жол станцияларындағы, әуежайдағы, пошта үйлері мен тас жолдардағы өсімдік карантині жөніндегі шекара пункттері.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 5 мамырдағы** қаулысымен ҚР Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызметтің құрамына Республикалық интродукциялық-карантин питомнигі және Өсімдік карантині жөніндегі Алматы мемлекеттік қалалық инспекциясы қосымша енгізілді³.

Бас мемлекеттік инспекция ҚР Үкіметінің **1999 ж. 5 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік карантині жөніндегі комитетінің** құрылуына байланысты өз қызметін тоқтатты⁴.

¹ «КСРО Мемагроөнеркәсібінің Қазақ КСР бойынша Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекция етіп қайта құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 13 тамыздағы № 676 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1992, №32, 497-құжат).

² «КСРО Мемагроөнеркәсібінің Қазақ КСР бойынша Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекция етіп қайта құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 13 тамыздағы № 676 қаулысына қосымша (ҚР ПҮАЖ, 1992, №32, 497-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 13 тамыздағы № 676 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 5 мамырдағы № 708 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1997, №18, 161-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 наурыздағы № 206 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, №7, 57-құжат).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік карантині жөніндегі комитеті (1999)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 5 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

Үкіметтің **1999 ж. 26 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** құзыреті шегінде өсімдік карантині саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді дербес жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР аумағын шет елдерден немесе республиканың карантиндік аймақтарынан карантиндік объектілердің әкелінуінен немесе өздігінен енуінен қорғау; карантиндік объектілерді анықтау, шектеу және жою, сондай-ақ олардың республиканың карантиндік объектілер жоқ аймақтарына енуінің алдын алу; өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының сақталуына және республиканың аумағында өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралардың орындалуына мемлекеттік бақылау жүргізу.

Комитеттің бірыңғай жүйесіне мыналар кірді: республикалық карантиндік лаборатория; республикалық интродукциялық-карантиндік питомник; өсімдік карантині жөніндегі облыстық және Алматы қ. мемлекеттік инспекциялары; өсімдік карантині жөніндегі шекаралық постылар.

Комитеттің құрылымы: басшылық; карантиндік бақылау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен органның құқықтық статусы белгіленді³. Комитет ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегінде өсімдік карантині саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 27 тамыздағы** қаулысымен комитет таратылды⁴. Мүлкін басқару жөніндегі өкілеттігі **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 наурыздағы № 206 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 7, 57-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Өсімдік карантині жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 26 сәуірдегі № 476 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 15, 152-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы №1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ведомстволарын тарату туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 тамыздағы № 1266 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, № 43, 392-құжат).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдіктерді қорғау жөніндегі комитеті (1999)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 5 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** құзыреті шегінде өсімдіктерді қорғау саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді дербес жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өсімдіктерді қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; өсімдіктерді қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру; өсімдіктерді қорғау саласында ғылыми, нормативтік құқықтық және әдістемелік қамтамасыз ету; өсімдіктерді қорғау саласында ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру және халықаралық байланыстарды дамытуға қатысу.

Комитеттің аймақтық органдары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; фитосанитарлық қадағалау комитеті; мониторинг және қаржы бөлімі; тіркелген сынақтарды ұйымдастыру және пестицидтерді мемлекеттік тіркеу бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен органның құқықтық статусы белгіленді³. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегінде өсімдіктерді қорғау саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 27 тамыздағы** қаулысымен таратылды⁴. Мүлкін басқару жөніндегі өкілеттігі **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 наурыздағы № 206 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 7, 57-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Өсімдіктерді қорғау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі № 498 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 15, 162-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ведомстволарын тарату туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 тамыздағы №1266 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 43, 392-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы
Республикалық астық инспекциясы
(1995–1999)

Бұрынғы «Қазастықөнім» концернінің құрамындағы Мемлекеттік астық инспекциясының қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 26 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

Үкіметтің *1995 ж. 30 маусымдағы* қаулысымен инспекция туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес инспекция *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі* жанындағы дербес құрылымдық бөлімшесі болды және заңды тұлға құқығында болды. Инспекцияға астықтың және оның ұқсатылған өнімдерінің сапасына мемлекеттік бақылау жасау жүктелді.

Инспекцияның негізгі міндеттері: сауда-сатып алу операциялары, сақтау және ұқсату барысында астық, астық өнімдеріне мемлекеттік стандартты және олардың сапасын бағалау әдістемесін сақтай отырып, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен басқа да ұйымдардың астықты, астық өнімдерін, майлы, бұршақты дақылдар мен шөптердің тұқымдарын сатып алу-сату кезінде олардың сапасын, салмағын анықтаудың дұрыстығына бақылау жасауды жүзеге асыру; елден тысқары жерлерге, республика ішінде басқа да бағыттарға жөнелтілетін астықтың, майлы және бұршақты дақылдардың, шөп тұқымдарының, ұнның, жарманың, құрамажемнің және импорт бойынша түсетін тиісті тауарлардың сапасын инспекциялау; жаңа егін астығының сапасын зерттеу, оның тауарлық-технологиялық сипаттамасын жасау, астық өндірушілердің, мемлекеттік және басқа тапсырыс берушілердің астық рыногының мүмкіндіктері жөніндегі тиісті ұсыныстарын әзірлеу; астық қабылдау, ұн тарту, жарма, құрамажем ұйымдарында өнімдер шығару жөніндегі технологиялық процестерді жүргізудің белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру.

Инспекцияның құрамына республикалық орталық лаборатория, облыстық басқармалар лабораторияларымен және астық инспекциясы пункттерімен қоса кірді.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 17 наурыздағы* қаулысымен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқындағы «Республикалық астық сараптамасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды³. Уәкілетті мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган *ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі* болып айқындалды.

¹ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Республикалық астық инспекциясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 26 сәуірдегі № 562 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 15, 172-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 маусымдағы № 900 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 22, 258-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1999 ж. 17 наурыздағы № 251 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 9, 71-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Республикалық мемлекеттік тұқым инспекциясы
(1991–1999)

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1967 ж. 31 тамыздағы қаулысымен құрылды¹.

Мемлекеттік тұқым инспекциясына совхоздарда, колхоздарда, ғылыми-зерттеу, дайындау және басқа ауыл шаруашылығы мекемелерінде, кәсіпорындар мен ұйымдарда ауыл шаруашылық дақылдары тұқымдарын себу сапасына, сақталуы мен даярлануына, олардың тұқымдарға мемлекеттік стандарттарды сақтауына ведомствоаралық мемлекеттік бақылау жүктелді.

Республикалық инспекцияның аймақтық органдары – облыстық, қалалық және аудандық мемлекеттік тұқым инспекциялары болды.

Республикалық инспекцияның мынадай құрылымы болды: басшылық; инспекторлық топ; әдістемелік топ².

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 17 наурыздағы* қаулысымен инспекция ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Қазтұқымсараптама» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды³. *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі* Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы, және оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы болып белгіленді.

¹ «Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылау-тұқым лабораториясын қайта құру туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1967 ж. 31 тамыздағы № 636 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары, 1967 ж. тамыз, 278-279-б).

² «Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылау-тұқым лабораториясын қайта құру туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1967 ж. 31 тамыздағы № 636 қаулысына № 2 қосымша (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары, 1967 ж. тамыз, 281- б).

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Республикалық мемлекеттік тұқым инспекциясын қайта құру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 17 наурыздағы № 252 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 9, 72-құжат).

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Азық-түлік контракт комитеті (Азық-түлік контракт комитеті) (1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 5 сәуірдегі* қаулысымен контрактты негізде мемлекеттік ресурсқа орталықтандырылған астық сатып алуды қамтамасыз ету мақсатында құрылды¹.

ҚР Үкіметінің осы қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес комитет заңды ұйым болды және ҚР барлық аумағында өз қызметіне байланысты міндеттерді орындады².

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік ресурсқа орталықтандырылған астық сатып алу жөніндегі мемлекеттік тапсырысшы міндетін жүзеге асыру; дайындаушы ұйымдар арасында мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуға тапсырыстарды орналастыру; мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуды ұйымдастыру, беруге және оны мемлекет мұқтажы үшін пайдалануға бақылау жасау; мемлекеттік ресурс астығының қозғалысына есеп және бақылау жасау.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 25 сәуірдегі* қаулысымен *Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының* құрылуына байланысты комитет өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Азық-түлік контракт комитетін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 5 сәуірдегі № 412 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 12, 139- құжат).

² «Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Азық-түлік контракт комитетін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 5 сәуірдегі № 412 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 12, 139-құжат).

³ «Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 25 сәуірдегі № 549 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 14, 168-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы (1995–1997)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 25 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

Корпорацияға мынадай міндеттер жүктелді: мемлекеттік ресурсқа орталықтандырылған астық сатып алу жөніндегі мемлекеттік тапсырысшы; дайындаушы ұйымдар арасында мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуға тапсырыстарды орналастыру; мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу мен беруге бақылау жасауды ұйымдастыру; *ҚР Үкіметі* белгілеген мемлекеттік ресурсқа астық көлемін сатып алуға жіберілген қаржы қажеттілігін анықтау және аталған операцияларды

қаржыландыруға тартылатын кредиттер жөніндегі берешекті өтеу бойынша есеп айырысуды жүргізу; белгіленген заңды тәртіпте несие заемшылар міндеттерін жүзеге асыру.

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынуы бойынша ҚР Министрлер Кабинеті тағайындайтын және қызметінен босататын президент басқарды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 24 ақпандағы** қаулысымен Азық-түлік контракт корпорациясы жүз пайыздық мемлекеттік акция пакетімен «Азық-түлік контракт корпорациясы» жабық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды².

¹ «Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 25 сәуірдегі № 549 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 14, 168-күжат).

² «Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 24 ақпандағы № 260 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 749 іс).

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры (1994–1998)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 22 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен қор туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес қор ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қаржылық сауықтыру жүргізу мен ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларының орындалуына жағдай жасауды жүзеге асырған **ҚР Үкіметі** уәкілдік берген мемлекеттік орган болды.

Қордың негізгі міндеттері: ауыл шаруашылығының тауар өндірушілеріне қаржылық қолдау көрсету үшін бюджеттік, бюджеттен тыс, валюталық және басқа қаржыларды жинақтау; қаржы міндеттемелерін есепке алу және оларды ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өтеу тәртібін айқындау; қордың есебіндегі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің берешегіне қызмет көрсету жөніндегі шығындарды қаржылық қамтамасыз ету.

Қордың атқарушы органы **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** аппараты болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 11 шілдедегі** қаулысымен қор ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры» мекемесі болып қайта құрылды³.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 17 қарашадағы** қаулысымен қор туралы жаңа ереже бекітілді⁴.

Қор ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржылық сауықтыру, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларын орындау жөніндегі және оны машина жасау өнімімен лизинг негізінде жабдықтау жөніндегі шараларды жүзеге асырды.

Қордың негізгі міндеттері: ауыл шаруашылығы секторында жүргізіліп жатқан құрылымдық өзгерістерді, асыл тұқымдандыру ісін, тұқым тануды дамытуды, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі шараларды, шағын және орта агробизнестің, селодағы нарықтық инфрақұрылым объектілерінің қалыптасуын қаржылық қолдау; ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін сауықтыру шараларын қаржыландыру; сауықтыруға жататын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық міндеттемелерін есепке алу және оларды сауықтырудың тәртібін айқындау; ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қайтарымды негізде бұрын берілген қаражаттың қордың балансына уақытылы түсуін қамтамасыз ету және бюджетке қайтарылуға жататын қаражатты аудару; ауыл шаруашылығын машина жасау өнімімен лизинг негізінде жабдықтау тәртібін әзірлеу; қаржыландыруға қабылданған шаралардың орындалуына және ауыл шаруашылығында лизингті ұйымдастыруға бөлінетін қаражаттың мақсатқа сай жұмсалыуына бақылау жасау; ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің директивті және орталықтандырылған несиелер бойынша қордың балансына қабылданған берешектерін есепке алу және олардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 9 шілдедегі** қаулысымен мемлекеттік қор жарғылық капиталда мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен жабық акционерлік қоғам болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁵.

¹ «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қорын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 желтоқсандағы № 1447 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №48, 542-құжат).

² «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қорын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 желтоқсандағы № 1447 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1994, №48, 542-құжат).

³ «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 11 шілдедегі № 1097 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 777 іс).

⁴ «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қоры туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 17 қарашадағы № 1590 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 777 іс). (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 49, 456-құжат).

⁵ «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 9 шілдедегі № 650 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1024 іс).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитеті (2004–2011)

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 16 маусымдағы қаулысымен** құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет өз құзыретінің шегінде ауылдық аймақтар істері жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті орган болды.

Комитеттің негізгі міндеті: ауылдық аймақтар істері жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға қатысу; ауылдық аумақтарды дамытудың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық шарттарын жетілдіру.

Комитеттің аймақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің құрылымы мынадай болды: басшылық; үйлестіру және мониторинг басқармасы; әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру бөлімі, ауылдық елді мекендердің мониторингі бөлімі; шағын кредит беру бөлімі; ішкі көші-қон және ауыл халқын оңтайлы қоныстандыру бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 6 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** құзыреті шегінде ауылдық аймақтар істері жөніндегі оған ҚР Конституциясымен, заңдарымен, өзге нормативті құқықтық актілермен және осы ережемен жүктелген мемлекеттік саясатты іске асыру саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын және осы салада бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство және уәкілетті орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ауылдық аймақтарды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету; ауылдық аймақтарды дамытудың және ауыл халқының тіршілігін қамтамасыз етудің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық шарттарын жетілдіру.

Комитеттің құрылымы: басшылық; үйлестіру және мониторинг басқармасы; әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру бөлімі; ауылдық елді мекендердің мониторингі; шағын кредит беру бөлімі; ішкі көші-қон және ауыл халқын оңтайлы қоныстандыру бөлімі.

ҚР Президентінің **2011 ж. 10 тамыздағы** Жарлығымен министрліктің ауылдық аймақтарды дамыту саясатын әзірлеу, қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялар мен өкілеттері **ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігіне** берілді⁴.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысымен комитет таратылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 16 маусымдағы № 662 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 24, 314-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 6 сәуірдегі № 310 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 14, 168-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Президентінің 2011 ж. 10 тамыздағы № 136 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 51, 686-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 ж. 10 тамыздағы № 136 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 23 қыркүйектегі № 1090 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 54, 778-құжат).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (2007*)

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 2 наурыздағы** қаулысымен¹ құрылды.

Осы қаулымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері министрліктің шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринарлық бақылау аймақтық бөлімшелері комитеттің және оның шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринарлық бақылау аймақтық бөлімшелері комитеттің аймақтық инспекциялары – мемлекеттік мекемелері болып ұйымдастырылды. Комитет туралы ереже, оның құрылымы және комитеттің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді².

Комитет Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық нарығын реттеу, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін, былғары (тері илеу және өңдеу), талшықты мақта өндіру мен жүнді қайта өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау (ірісінен басқа), агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарактандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы, тамақ өнімі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы арнайы атқару, бақылау-қадағалау және іске асыру функцияларын орындайтын ведомство және уәкілетті орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: реттелетін салада мемлекеттік бақылауды, қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету; мемлекеттің реттелетін саладағы аграрлық және өңірлік саясатын, стратегиялық жоспарларын, мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, қалаларда, аудандарда аймақтық инспекциялары, ветеринариялық бақылау бекеттері бар шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринарлық қадағалау аймақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; фитосанитариялық қауіпсіздік басқармасы; ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздік басқармасы; мемлекеттік сатып алу және әкімшілік жұмысы бөлімі; мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік инспекция бөлімі; астық нарығын реттеу, тұқым шаруашылығы, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік инспекция бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен комитеттің «Солтүстік-Батыс аймақтық шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринарлық бақылау инспекциясы» және «Оңтүстік-Шығыс аймақтық шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринарлық бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемелері «ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды³. Комитеттің «Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы» мемлекеттік мекемесі комитеттің «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды. Осыған сәйкес комитеттің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері тізбесінен шекарада және көлікте мемлекеттік ветеринарлық бақылау аймақтық бөлімшелері шығарылды.

2014 ж. 11 тамыздағы⁴, 2017 ж. 1 маусымдағы⁵ және 2024 ж. 4 қыркүйектегі⁶ ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрықтарына сәйкес Комитет туралы ереже жаңа редакцияда бекітіліп, оған комитеттің мәртебесі мен міндеттері енгізілді.

Ережеге сәйкес Комитет агроөнеркәсіптік кешен саласында: өсімдіктерді қорғау және карантині, астық нарығын реттеу, асыл тұқымды мал шаруашылығы салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: өсімдіктер карантині саласында: реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын орындау, стратегиялық функцияларды іске асыруға қатысу; өсімдіктерді қорғау саласында: реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, стратегиялық функцияларды іске асыруға қатысу; асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында: іске асыру және бақылау функцияларын орындау; астық нарығын реттеу саласында: реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын орындау; агроөнеркәсіптік кешен саласында: реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын орындау; мемлекеттік мүлік саласында: іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

¹ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекциясы комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 2 наурыздағы № 164 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 7, 82-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 31 желтоқсандағы № 2320 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 5, 65-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 ж. 11 тамыздағы № 15-07/414 бұйрығы (Казахстанская правда, 2015 ж. 29 қаңтар).

⁵ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 ж. 1 маусымдағы № 221 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/112577/kaz/> (ресми жариялану күні: 2017 ж. 13 маусым).

⁶ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 221 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 ж. 4 қыркүйектегі № 298 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/200491/kaz/> (ресми жариялану күні: 2024 ж. 12 қыркүйек).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (2011*)

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитет ветеринария және ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ ветеринария және ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі салаларында стратегиялық функцияларды орындауға қатысу; жануарларды аурулардан қорғау және емдеу; халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау; ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; ҚР аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау; ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау; жануарлар аурулары диагностикасының, оларға қары күрестің және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану; жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған орта ластаудың алдын алу және оны жою; ветеринария ғылымын дамыту,

ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды даярлау және олардың біліктіліктерін арттыру².

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 10 тамыздағы № 136 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 23 қыркүйектегі № 1090 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 54, 778-құжат).

² ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 16-05/715 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/93933/kaz> (ресми жариялану күні: 2016 ж. 22 қаңтар).

2.2 Су шаруашылығын басқару органдары

Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті (ҚР Суресурсмемкомы) (1991–1994)

Таратылған Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің негізінде Қазақ КСР Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті ретінде Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы Жарлығымен құрылды¹.

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 20 маусымдағы** қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес ҚР Суды пайдаланылуын мемлекеттік реттеу және қорғау жөніндегі мемлекеттік басқару органы болды.

Мемкомитет және оған бағынысты бассейндік су шаруашылығы бірлестіктері, су ресурстары жөніндегі облыстық комитеттері, жобалау, ғылыми-зерттеу ұйымдары, техникумдар мен басқа да кәсіпорындар мен мекемелер ҚР Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің біртұтас жүйесін құрады.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: республика аумағындағы су ресурстарының пайдаланылуын мемлекеттік реттеу мен қорғауды жүзеге асыру; халықтың және халық шаруашылығының су ресурстарына деген сұраныстарын қамтамасыз ету; су пайдалануды реттеу және қорғау саласында біртұтас ғылыми-техникалық және инвестициялық саясат жүргізу, ақылы су пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру; су шаруашылығы объектілерін пайдаланудың техникалық дәрежесін арттыру және т.б.

ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен мемкомитет **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық ететін ҚР мемлекеттік басқару орталық органына жатқызылды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 4 мамырдағы** қаулысымен мемкомитеттің атауындағы «Қазақ КСР» сөздері «Қазақстан Республикасы» сөздерімен алмастырылды⁴.

ҚР Президентінің **1994 ж. 15 шілдедегі** Жарлығымен мемкомитет **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеті** болып қайта құрылды⁵.

¹ «Қазақ КСР-да мемлекеттік басқару органдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы № 172 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990, № 2, 21-құжат).

² «Қазақ КСР Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 20 маусымдағы № 388 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 16, 99-құжат).

³ «Экономикалық реформалар жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 262-б.

⁵ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі № 1795 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті жанындағы
Су ресурстары жөніндегі комитеті
(1994–1995)**

ҚР Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1994 ж. 15 шілдедегі** Жарлығымен құрылды¹.

Комитет ҚР Суды пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік басқару органы болды.

Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 9 қарашадағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: су ресурстары басқармасы; су шаруашылығы объектілері мен ғимараттары басқармасы; Арал, Каспий теңіздері мен көлдер проблемалары жөніндегі бөлім; ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық бөлімі; инвестициялық шаралар бөлімі; Экономика және бухгалтерлік есеп бөлімі; кадр және құқықтық жұмыстар бөлімі; жалпы бөлім².

Комитет жүйесінің органдары құрамына суды пайдалану мен қорғауды бақылауды жүзеге асыратын комитет орталық аппаратының су ресурстары басқармасы, бассейндік аймақтық су шаруашылығы бірлестіктері, бірлескен пайдаланудағы су қоймалары мен дирекциялары кірді³.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен комитет **ҚР Су ресурстары жөніндегі комитеті** болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі № 1795 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы № 1243 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 14 іс).

³ «Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 сәуірдегі № 600 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №16, 181-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Су ресурстары жөніндегі комитеті
(1995–1997)**

ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитетінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; су ресурстары бөлімі; су шаруашылығы объектілері мен ғимараттары бөлімі; Арал, Каспий теңіздер мен көлдер проблемалары жөніндегі бөлім; инвестиция және ғылыми-техникалық қамтамасыз ету бөлімі; экономика және бухгалтерлік есеп бөлімі; кадр және арнайы жұмыстар бөлімі; жалпы бөлімі².

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 3 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Үкіметі** құрамына кірмейтін, ҚР аумағында су ресурстарын пайдалану мен қорғауды басқару және бақылау жөніндегі орталық атқарушы орган болды.

Комитет өз құрамына кіретін республикалық, облыстық, қалалық және аудандық бөлімшелерімен бірлесе отырып ҚР аумағында су ресурстарын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік басқару және бақылаудың бірыңғай жүйесін құрады.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР аумағында су ресурстарын пайдаланумен қорғауды реттеуді жүзеге асыру; экологиялық талаптарды ескере отырып суға халық пен экономика салаларының қажеттілігін, оның кешенді пайдаланылуын, су қорының сақталуы мен суды ластаудан, сор тартудан және сарқылудан қорғауды, өзендер, көлдер мен су қоймаларының жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету; министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге

орталық атқарушы органдардың су шаруашылық қызметтерін жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен өзара іс-қимылда үйлестіру; шекаралық су бассейндері мен мемлекетаралық су өткізу жүйелерінің су ресурстарын бірлесіп пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша іргелес мемлекеттермен ынтымақтастық жасау; су шаруашылығын аудандастыру қағидалары мен тұрғындардың, экономика салалары және табиғи кешендердің суға қажеттілегіне сәйкес аумақтар мен өзендер бассейндерінде су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың негізгі бағыттарын әзірлеу; суды пайдалану және қорғауды реттеу саласында ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты жүзеге асыру; су ресурстарын пайдаланудың экономикалық механизмін жетілдіру; су ресурстарының қалыптасуына және бөлуге ықпал ететін су шаруашылығы объектілері мен кешенді мақсаттағы су құбырларын, сондай-ақ су көздерінде орналасқан гидротехникалық құрылғыларды пайдалану жұмыстарын жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 26 желтоқсандағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; су ресурстары бөлімі; су шаруашылығы құрылыстары және инвестициялар бөлімі; Арал, Каспий теңіздер мен көлдер мәселелері жөніндегі бөлім; экономика және бухгалтерлік есеп бөлімі; кадр және арнайы жұмыстар бөлімі; жалпы бөлім⁴.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен комитет таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігіне** берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1798 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 3 қазандағы № 1225 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 41, 386-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 26 желтоқсандағы № 1633 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрілігінің
Су ресурстары жөніндегі комитеті (1)
(Суресурском)
(1997–1999)

ҚР Су ресурстары жөніндегі комитеті тартылғаннан кейін ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР су ресурстарының пайдаланылуы және күзетілуін басқару және бақылау жөніндегі мемлекеттік органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР аумағында су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеуді жүзеге асыру; халықтың және экономика салаларының суға деген қажеттілігін, оның экологиялық талаптарды ескере отырып, кешенді пайдаланылуын қамтамасыз ету; суды пайдалану мен қорғауды реттеу саласында ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты жүзеге асыру; су шаруашылығы объектілері мен кешенді мақсаттағы су құбырларын, сондай-ақ су көздерінде орналасқан гидротехникалық құрылғыларды пайдалану.

Облыстарда аймақтық басқару органдары (облыстық басқармалар) болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді³. Комитеттің құқықтық статусы және оның негізгі міндеттері өзгертілмеді.

Комитеттің құрылымы: су ресурстары бөлімі; мелиорация су шаруашылығы құрылыстары және инвестиция бөлімі; қаржы-экономика бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 30 желтоқсандағы** қаулысымен су ресурстары жөніндегі облыстық комитеттер мемлекеттік мекемелер шаруашылық жүргізу құқындағы су шаруашылығы жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 6 мамырдағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁵. Комитеттің статусы мен негізгі міндеттері белгіленді.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** құзыретінің шегінде су ресурстарын басқару саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді дербес жүзеге асырған ҚР ведомствосы болды⁶.

Комитеттің аймақтық органдары – Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Семей, Тараз қалаларында бассейндік су шаруашылығы басқармалары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мелиорация және су шаруашылығы саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты әзірлеу мен іске асыруға, мелиорация және су шаруашылығының, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғалуының және өзге де даму бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуына, арнайы су пайдалануға рұқсат беру шарттарының орындалуына мемлекеттік бақылау жасау; халықтың және экономика салаларының суға деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін судың пайдаланылуын, су қорларының сақталуын және суды ластанудан, қоқыстану мен сарқылудан қорғауды, өзендердің, көлдер мен су қоймаларының жай-күйін жақсартуды реттеу; су ресурстарының пайдаланылуының нормативтік құқықтық актілерін және экономикалық тетіктерін жетілдіру.

Комитеттің құрылымы: су ресурстары бөлімі; мелиорация, су шаруашылығының құрылыстары және инвестициялар бөлімі; экономикалық мониторинг және реформалар бөлімі.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде мелиорация, суландыру және топырақ құрғату функцияларын қоспағанда, комитеттің су ресурстары саласындағы функциялары **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне** берілді⁷.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 шілдедегі № 1153 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 34, 311-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1786 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 56, 505-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі облыстық комитеттерін су шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік кәсіпорындар етіп қайта құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 30 желтоқсандағы № 1359 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, №50, 463-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 6 мамырдағы №536 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 17, 180-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы дербес» сөздері алынып тасталынды. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысын қараңыз (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасы
Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің
Су ресурстары комитеті
(1999–2002)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 2 наурыздағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі** құзыретінің шегінде Су ресурстары басқармасы саласында арнайы атқару функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің аймақтық органдары – Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Семей, Тараз қалаларында бассейндік су шаруашылығы басқармалары болды. Комитеттің негізгі міндеттері: су ресурстарын басқару мен қорғау саласында мемлекеттік саясатты, су шаруашылығын дамытудың, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғаудың бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын, су көздерінен суды арнайы пайдалануға рұқсаттың шарттарының орындалуын мемлекеттік бақылау; халықтың және экономика салаларының қажетін қамтамасыз ету үшін суды пайдалануды реттеу, суды ластанудан, коқыстанудан және тартылудан қорғау, өзендердің, көлдердің және су қоймаларының жәй-күйін жақсарту.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы Жарлығымен ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі*, оны *ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі* етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды, су ресурстарын, орман, балық және аң шаруашылығын басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне* берілді³.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 7 қазандағы* қаулысымен комитет *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті* болып қайта ұйымдастырылды⁴. Комитеттің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері сәйкесінше ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 қарашадағы № 1693 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 50, 489-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 2 наурыздағы № 347 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 13-14, 134-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 7 қазандағы № 1096 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 33, 357-құжат).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (2) (2002–2013)

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы Жарлығына*¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2002 ж. 7 қазандағы* қаулысымен² *ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды.

ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері сәйкесінше *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің* Су ресурстары жөніндегі комитетінің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды.

Комитет ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 28 қарашадағы* қаулысымен комитет туралы ереже, оның құрылымы және комитеттің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді³.

Комитеттің аймақтық органдары – Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Семей, Тараз қалаларында бассейндік су шаруашылығы басқармалары болды.

Ережеге сәйкес *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің* құзыреті шегінде су ресурстарын басқару саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функциялары, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: су ресурстарын басқару мен қорғау, су шаруашылығы әрі су мелиорациялауды дамыту бағдарламаларын іске асыру, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен

қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; өз құзыреті шегінде су ресурстарын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; халық пен экономика салаларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін су пайдалануды реттеу, суды ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғау, өзендер, көлдер сен су қоймаларының жай-күйін жақсарту; суды реттеу, пайдалану мен қорғау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдер мен экономикалық тетікті жетілдіру.

Комитеттің құрылымы мынадай болды: басшылық; су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу басқармасы; су шаруашылығы объектілерін пайдалану мен жерлерді мелиорациялауды ұйымдастыру басқармасы; инвестициялар, қаржыландыру және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 12 шілдедегі** қаулысымен комитеттің құқықтық мәртебесіне өзгерту енгізілді⁴. Жаңа редакцияда ол былайша мазмұндалды: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегінде су қорын пайдалану және қорғау саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Сәйкес өзгертулер комитеттің негізгі міндеттеріне де енгізілді. Жаңа редакцияда ол былайша мазмұндалды: су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, экономиканың су секторын дамыту және жерді мелиорациялау бағдарламаларын іске асыруға қатысу; өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; халық пен экономика салаларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін су қорын пайдалануды реттеу, суды ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғау, өзендер, көлдер сен су қоймаларының жай-күйін жақсарту.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына⁵ сәйкес ҚР Үкіметінің **2005 ж. 6 сәуірдегі** қаулысымен⁶ комитет туралы ереже, оның құрылымы және комитеттің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі құрылды.

Комитет ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегінде ҚР Конституциясымен, заңдарымен, өзге нормативті құқықтық актілермен және осы ережемен өзіне жүктелген су қорын пайдалану және қорғау саласындағы арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство және уәкілетті орган болды.

Комитеттің Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Семей, Тараз қалаларында аймақтық органдары-бассейндік су шаруашылығы басқармалары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, экономиканың су секторын дамыту және жерді мелиорациялау бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз ету; су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету; халықтың және экономика салаларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін су қорын пайдалануды реттеу, суды пайдаланудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және оны қолдау.

Комитеттің құрылымы: басшылық; су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу басқармасы; су шаруашылығы объектілерін пайдалану мен жерлерді мелиорациялауды ұйымдастыру басқармасы; инвестициялар, қаржыландыру және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 8 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің аймақтық органдары (бассейндік су шаруашылығы басқармалары) – мемлекеттік мекемелері су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциялар болып аталды⁷.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 25 ақпандағы** қаулысымен комитет **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары комитеті** болып қайта аталды⁸.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 7 қазандағы № 1096 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 33, 357-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 28 қарашадағы № 1267 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 43, 429-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 қарашадағы № 1267 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 12 шілдедегі № 759 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 27, 357-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 6 сәуірдегі № 310 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 14, 168-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 8 сәуірдегі № 332 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 19, 177-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы № 172 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 17, 302-құжат).

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (2013)

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 25 ақпандағы** қаулысымен комитет **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары комитеті** болып қайта аталды¹.

Комитет **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің** құзыреті шегінде оның ведомствосы және уәкілетті органы болып табылды. Комитетке ҚР Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық актілерімен және осы Ережемен жүктелген су қорын пайдалану және қорғау саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырды.

Комитеттің аумақтық органдары – су ресурстарын пайдалану және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциялар Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Семей және Тараз қалаларында орналасты.

Комитеттің негізгі міндеттері: су қорын пайдалану және қорғау, сондай-ақ су секторының дамуы бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; су қорын пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру; халық пен экономиканың түрлі салаларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін су қорын пайдалану үдерісін реттеу; экологиялық қауіпсіз және экономикалық тұрғыдан оңтайлы су пайдалану деңгейіне қол жеткізу және оны қолдау.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен комитеттің атауы өзгертіліп, ол ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Су ресурстары комитеті болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы № 172 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 17, 302-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 74, 980-құжат).

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Су ресурстары комитеті (2013–2014)

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Су ресурстары комитеті** болып қайта аталды¹.

Ережеге сәйкес, Комитет **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің** ведомствосы болып табылды және су қорын пайдалану мен қорғау саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырды².

Комитеттің негізгі міндеттері: су қорын пайдалану және қорғау, сондай-ақ су секторының дамуы жөніндегі бағдарламаларды іске асыру арқылы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету; халық пен экономиканың түрлі салаларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында су қорын пайдалануды реттеу, экологиялық қауіпсіз және экономикалық жағынан

тиімді су пайдалану деңгейіне қол жеткізу және оны қолдау; су қорын пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру.

Комитеттің аумақтық органдары: су ресурстарын пайдалану және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциялар: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай, Жайық-Каспий, Шу-Талас бассейндік инспекциялары.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 74, 980-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің «Су ресурстары комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 ж. 23 қаңтардағы № 14-Ө бұйрығы (Казакстанская правда, 2014 ж. 5 ақпан).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (3) (2014–2019)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті** болып қайта аталды¹.

Ережеге сәйкес Комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** ведомствосы болып табылады және өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану және қорғау саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: су ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша үйлестіруді қамтамасыз ету; су ресурстарын басқару саласында мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру².

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 5 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 ж. 10 қазандағы № 19-5/519 бұйрығы (Казакстанская правда, 2015 ж. 29 қаңтар).

³ «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат).

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті (2019–2023)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 5 шілдедегі** қаулысымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті** – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті болып қайта аталды¹.

Ережеге сәйкес Комитет **ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің** құзыреті шегіндегі мемлекеттік орган және ведомство болды, және оған ҚР Конституциясына, заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес су қорын пайдалану

және қорғау саласында стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру жүктелді².

Комитеттің аумақтық органдары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша үйлестіруді қамтамасыз ету; су ресурстарын басқару саласында стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын орындау.

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 20 қаңтардағы** қаулысымен комитеттің атауы **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті** болып өзгертілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-күжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің жауапты хатшысының 2019 ж. 1 тамыздағы № 8-П бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/133708/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 6 тамыз).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 80 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 2, 11-күжат).

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті (2023)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 20 қаңтардағы** қаулысымен комитеттің атауы **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті** болып өзгертілді¹.

Комитеттің міндеттері мен аумақтық органдарының тізбесі өзгеріске ұшырамады.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығына сәйкес², ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі қайта ұйымдастырылып, одан **ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі** бөлініп шықты. Жаңа министрлікке су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру салаларындағы функциялар мен өкілеттіктер берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 80 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 2, 11-күжат).

² «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің Ережесін бекіту туралы» ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 2023 жылғы 6 қазандағы № 4-Ө бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/187035/gus> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 6 тамыз)

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті (2023*)

Қазақстан Республикасы Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығын іске асыру және **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігін** қайта ұйымдастыру аясында құрылды¹.

Ережеге сәйкес комитет ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің құзыреті шегінде су қорын пайдалану мен қорғау саласында стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын орындайды.

Мақсаты – мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша үйлестіруді қамтамасыз ету, су ресурстарын басқару саласында стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын орындау.

Комитеттің аумақтық органдары бар – Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай, Жайық-Каспий және Шу-Талас су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциялары².

2024 ж. 5 тамыздағы ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің бұйрығымен Ереже жаңа редакцияда бекітілді³.

Жаңартылған ережеге сәйкес, комитет ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің құзыреті шегінде су шаруашылығы саласында реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды. Комитеттің негізгі міндеті – мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша үйлестіруді қамтамасыз ету, сондай-ақ су шаруашылығы саласында реттеушілік және іске асыру функцияларын орындау болды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 2 қыркүйек).

² «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 2023 ж. 6 қазандағы № 4-Ө бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/187035/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 12 қазан).

³ «Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 2024 ж. 5 тамыздағы № 129-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс]. – URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/199581/kaz> (ресми жарияланған күні: 2024 ж. 12 тамыз).

2.3 Жер ресурстарын басқару органдары

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті (Мемжерком) (1991–1997)

Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігінің Жер құрылысы қызметінің негізінде Қазақ КСР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті ретінде Қазақ КСР Президентінің **1991 ж. 11 қыркүйектегі** Жарлығымен құрылды¹.

Мемжерком **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық ететін ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болып табылды².

Мемжеркомның республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының (облыстық және аудандық комитеттер, сондай-ақ Алматы және Ленинск қалаларының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттері) біртұтас сатылы жүйесі болды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 2 қазандағы** қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді⁴.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: жер реформасын жүргізу, жерде шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарын тең құқықта дамытудың экономикалық ынталандыру шараларын әзірлеу; жерді ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлылығын сақтау және ұдайы жақсарту үшін әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық- шаруашылық жағдай жасау; жерді пайдалану мен қорғауға, жер мониторингінің, жерге орналастырудың, мемлекеттік жер кадастрының жүргізілуіне мемлекеттік бақылау жасау; жер реформасын жүзеге асыруға байланысты кәсіпкерлік қызметке жәрдемдесу.

ҚР Президентінің **1994 ж. 5 сәуірдегі** Жарлығымен мемжерком және оның жергілікті органдарына жер учаскесін өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқын, пайдалану құқын немесе жалға алу құқының құны мен жағдайын анықтау жүктелді⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 7 желтоқсандағы** қаулысымен мемжерком орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; құқықтық және ғылыми-техникалық қамтамасыз ету бөлімі (жетекші); қаржы-экономикалық қамтамасыз ету бөлімі; бухгалтерлік есеп және жиынтық баланс бөлімі; жерді пайдалануға мемлекеттік бақылау жасау бөлімі (жетекші); жерге

орналастыру бөлімі (жетекші); жер кадастры бөлімі (жетекші); жер құнарлылығы және мониторингі бөлімі; материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі; іс басқармасы⁶.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен мемжерком орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; құқықтық және жер реформаларын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету бөлімі; қаржылық қамтамасыз ету және бухгалтерлік есеп бөлімі; жерді қорғау және оны пайдалануға мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі бөлімі; жерге орналастыру және жерді пайдаланушылардың құқығының сақталуын қамтамасыз ету бөлімі; жер кадастры және жер мониторингі бөлімі; құнарлылығы бөлімі; жер ресурстары басқармасын ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі; іс басқармасы⁷.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы Жарлығымен** ҚР мемжеркомға таратылған **ҚР Геодезия және картография бас басқармасының** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді⁸.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 26 желтоқсандағы** қаулысымен мемжерком орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; құқықтық және жер реформасын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету бөлімі; мемлекеттік жер инспекциясы (дербес бөлім құқығында); жерге орналастыру және жер пайдаланушылардың құқықтарын қамтамасыз ету бөлімі; жер кадастры және жер мониторингі бөлімі; геодезия және картография бөлімі; жер ресурстары басқармасын ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету және цифрлы картографиялау бөлімі; қаржылық қамтамасыз ету және бухгалтерлік есеп бөлімі; ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі⁹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен мемжерком таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне** берілді¹⁰.

¹ «Қазақ КСР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 11 қыркүйектегі № 442 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991, № 36-38, 456-құжат).

² «Экономикалық реформалар жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №4, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 19 наурыздағы №690 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 7, 139-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдары туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 2 қазандағы №819 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 38, 572-құжат).

⁵ «Жер қатынастарын одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 5 сәуірдегі №1639 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 17, 165-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 желтоқсандағы № 1390 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 20 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1783 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс.)

⁸ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы №3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 26 желтоқсандағы №1635 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті (1)
(Ауылшарминінің Жерресурскомы)
(1997–1999)

ҚР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті таратылғаннан кейін ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР жер ресурстарын басқару, сондай-ақ топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды басқару жөніндегі мемлекеттік органы болды.

Комитет өз құрылымына кірген облыстық және Алматы қалалық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттермен, сондай-ақ геодезиялық және жерге орналастыру бейініндегі кәсіпорындармен бірлесіп ҚР жер ресурстарын басқару жөніндегі бірыңғай мемлекеттік жүйені құрады. Облыстардағы, аудандардағы, Алматы қаласындағы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттер ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің аймақтық органдары болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу; геодезиялық, астрономия-геодезиялық, аэроғарыштық, топографиялық және картографиялық жұмыстарда, стандарттау мен инженерлік жабдықтауда бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу; жер реформасы жөніндегі жұмыстардың тікелей орындалуын ұйымдастыру; жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасау; жерді ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлығын сақтау және ұдайы жақсартып отыру үшін әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық-шаруашылық жағдай жасау; жерге орналастыру, мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу; жер және жер пайдалану құқықтары нарығының, сондай-ақ жер реформасын іске асыруға байланысты кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуына жәрдемдесу және т.б.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 21 сәуірдегі* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³. Комитеттің құқықтық статусы және оның негізгі міндеттері өзгертілмеді. Комитеттің аймақтық органдарының санына Жер ресурстарын басқару жөніндегі Ақмола қалалық комитеті жатқызылды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жер реформасы, жерге орналастыру және жобаларды сараптау бөлімі; жерлерді пайдалануға және қорғауға бақылау жасау, геодезиялық қадағалау және режим жөніндегі мемлекеттік инспекция; жер ресурстары, жер кадастры және жер мониторингі бөлімі; геодезия және картография бөлімі; қаржы және ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Үкіметі *1999 ж. 29 сәуірдегі* қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді. Комитеттің статусы және оның негізгі міндеттері белгіленді⁴.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі* құзыреті шегінде арнайы атқарушылық және бақылау функцияларын, сондай-ақ жер ресурстарын, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды мемлекеттік басқару саласында салааралық үйлестіруді дербес жүзеге асыратын ведомствосы болды⁵.

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу; жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру, оны ғылыми, кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету, жерге орналастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру; жер мониторингін, мемлекеттік жер кадастрын ұйымдастыру және жүргізу; ҚР жер ресурстарының жай-күйі туралы деректер банкін құру; жерлерді аймақтауды ұйымдастыру; жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жерге орналастыру және жер нарығы бөлімі; мемлекеттік жер инспекциясы бөлімі; жер кадастры және мониторинг бөлімі; геодезия, картография және геоақпараттық технологиялар бөлімі; экономикалық болжамдау және маркетинг бөлімі.

ҚР Президенті *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен ҚР Ауыл шаруашылығының министрлігінің қайта ұйымдастырылуына байланысты комитеттің жер ресурстары саласындағы функциялары *ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне* берілді⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарын реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 шілдедегі № 1135 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 33, 301-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 21 сәуірдегі № 369 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 12, 100-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі № 518 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 16, 169-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы дербес» деген сөздер алынып тасталынды. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысын қараңыз (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі (1999–2013)

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 23 қарашадағы** Жарлығымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік **ҚР Үкіметінің құрамына** кірмейтін, заңдарда көзделген шектерде арнаулы атқарушылық, рұқсаттық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жер ресурстарын мемлекеттік басқару саласында топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аймақтық органдары болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: жер ресурстарын басқару, жер қатынастарын реттеу, геодезия және картография салаларында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу; жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру оны ғылыми, кадрлық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, жерге орналастыру геодезия және картография жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру; белгіленген тәртіппен жердің мониторингін, мемлекеттік жер кадастрын ұйымдастыру және жүргізу; ҚР жер ресурстарының жай-күйі туралы деректердің банкін құру және жүргізу; жерлерді аймақтандыруды ұйымдастыру; белгіленген тәртіп бойынша жерлердің пайдаланылуын және қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік геодезиялық қадағалау мен тиісті ақпараттарды қорғауды жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен агенттік туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³. Атап айтқанда, облыстармен, Астана және Алматы қалаларымен қатар агенттіктің аймақтық органдары аудандарда да бар екендігі көрсетілді. Агенттіктің негізгі міндеттеріне қосымша жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі міндеті жатқызылды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 1 маусымдағы** қаулысымен агенттіктің жер ресурстарын басқару жөніндегі қалалық комитеттері-мемлекеттік мекемелері агенттіктің (Көкшетау, Ақтөбе, Талдықорған, Қапшағай, Атырау, Өскемен, Семей, Зыряновск, Тараз, Уральск, Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Қызылорда, Қостанай, Арқалық, Рудный, Ақтау, Павлодар, Екібастұз, Петропавл, Шымкент, Түркістан, Кентау қалалары) аумақтық органдары ретінде құрылды⁴. Осыған сәйкес агенттік туралы ережеге мына мәтінде өзгерту енгізілді: «Агенттіктің облыстарда, қалалар мен аудандарда аймақтық органдары бар».

Осы қаулымен агенттіктің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі де жаңа редакцияда бекітілді.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 14 қаңтардағы** қаулысымен агенттік туралы жаңа ереже бекітілді⁵. Агенттіктің жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комитеттері-мемлекеттік мекемелері агенттіктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аймақтық басқармалары және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардағы бөлімдер деп қайта аталды.

Ережеге сәйкес агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, заңнамада көзделген шектерде арнаулы атқару, рұқсат ету және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жер ресурстарын мемлекеттік басқару саласында топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Агенттіктің облыстарда Астана және Алматы қалаларында, облыстық маңызы бар аудандар мен қалаларда аймақтық органдары болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: жер ресурстарын басқару, жер қатынастарын реттеу,

геодезия және картография саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу; жер ресурстарын басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру, жерге орналастыру, геодезия және картография жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру; мемлекеттік геодезиялық кадағалауды жүзеге асыру және тиісті ақпаратты қорғау.

Осы қаулымен агенттіктің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен агенттіктің аудандардағы және облыстық дәрежедегі аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері таратылды⁶. Агенттіктің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің жаңа тізбесі бекітілді. Тиісті өзгертулер агенттік туралы ережеге енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 30 қарашадағы** қаулысымен аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері агенттіктің аймақаралық жер инспекциялары – мемлекеттік мекемелері болып ұйымдастырылды⁷. Агенттік туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді.

Агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, жер ресурстарын, геодезиялық және картографиялық қызметті басқару саласында басшылықты, сондай-ақ заңмен көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және басқа арнайы атқару және шешім шығару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болды.

Агенттіктің аймақаралық жер инспекциялары болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: жер ресурстарын, геодезиялық және картографиялық қызметті басқару саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; жер ресурстарын, геодезиялық және картографиялық қызметті басқару саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; агенттікке өз құзыреті шегінде жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2013 ж. 16 қаңтардағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Өңірлік даму министрлігіне** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁸.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 23 қарашадағы № 1776 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 52, 509-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қарашадағы № 1776 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 27 желтоқсандағы № 1729 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 48, 581-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 1 маусымдағы № 610 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 23, 294-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 14 қаңтардағы № 14 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 1, 7-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының министрліктері мен ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 2 тамыздағы № 730 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 28, 307-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 30 қарашадағы № 1158 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 45, 533-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті (2013–2014)

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 8 ақпандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығына сәйкес², комитет **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару істері комитеті** болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 8 ақпандағы № 109 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 14, 259-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін реформалау туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті (2) (2016*)

2014–2016 жж. аралығында жер ресурстарын басқару мәселелері ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару істері комитетінің құзыретіне кірді.

ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 мамырдағы қаулысымен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет жер ресурстарын басқару, суармалы егіншілік және агромелиорация саласындағы басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ жер ресурстарын басқару саласындағы стратегиялық функцияларды орындауға қатысу; жер ресурстарының ұтымды және тиімді басқарылуын қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі қаулысымен комитет одан ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитетін бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылды².

Комитет туралы ережеге 2019–2024 жж. оның функциялары мен қарамағындағы ұйымдардың тізбесіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді³.

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика және Ауыл шаруашылығы министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 мамырдағы № 295 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 31, 176-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің ережесін бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 ж. 26 мамырдағы № 236 бұйрығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурc]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G16F0000236> (ресми жариялау күні: 2016 ж. 1 маусым).

2.4 Орман, балық және аң шаруашылығын басқару органдары

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы министрлігі (1991–1992)

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Орман шаруашылығының мемлекеттік комитетінің қайта құрылуының нәтижесінде Қазақ КСР Орман шаруашылығы министрлігі ретінде Қазақ КСР 1978 ж. 15 маусымдағы қаулысымен құрылды¹.

Кейінірек Қазақ ССР-нің 1991 ж. 10 желтоқсандағы «Қазақ Совет Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заңын іске асыру шеңберінде ҚР Орман шаруашылығы министрлігі болып қайта аталды².

ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен министрлік таратылды. Оның базасында және таратылған ҚР Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитетінің базасында ҚР Экология және биоресурстар министрлігі құрылды³.

¹ «Қазақ КСР Орман шаруашылығы министрлігінің мәселелері» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1978 ж. 15 маусымдағы № 246 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы, 1978 ж. маусым, 122-125-құжат).

² «Қазақ Совет Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ ССР-нің 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991, № 48–50, 585-құжат).

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экология және биоресурстар министрлігінің
Орман шаруашылығы комитеті
(1992–1995)

Таратылған *ҚР Орман шаруашылығы министрлігінің* негізінде ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 20 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен комитет *ҚР Экология және биоресурстар министрлігінің* құрамынан шығарылды және *ҚР Орман шаруашылығы комитеті* құрылды².

¹ «Экология және биоресурстар министрлігінің ережесі мен құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 20 сәуірдегі № 345 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 16, 255-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының
Орман шаруашылығы комитеті
(1995–1996)

ҚР Экология және биоресурстар министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; орман шаруашылығын дамыту басқармасы; орманды күзету, қорғау және ерекше қорғалатын аймақ бөлімі; өнеркәсіп қызметі бөлімі; қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі; жалпы бөлім; аң шаруашылығы секторы².

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 26 сәуірдегі* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет республиканың орман қорын, орман және аңшылық шаруашылығын, оның иелігіне берілген ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын, оның құрылымына енетін бірлестіктерді, кәсіпорындар мен ұйымдарды және оларға қатысы бойынша мемлекеттік меншік құқық субъектісі функциясын орындаушы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырушы, *ҚР Үкіметі* құрамына енбейтін орталық атқарушы органы болып табылды. Комитет ҚР ормандардың және аңшылық дүниесінің жай-күйін, ұдайы өндірілуін, қорғау, сақтау және пайдалану үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік бақылау органы болды.

Комитет, оның аймақтық органдары, ведомстволық бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдар бірыңғай жүйе құрады.

Комитеттің негізгі міндеттері: орман және аң шаруашылығын жүргізу, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының қызмет атқаруы және дамуы мәселелерінде бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты белгілеу және жүргізу; орман және аңшылық ресурстарын қорғау, сақтау, ұдайы өсіру, ұтымды пайдалану саласында мемлекеттік басқару; орман мен аңшылық дүниесінің жай-күйін, ұдайы өсірілуін, қорғалуы, сақталуы мен пайдаланылуы үшін мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; орман қоры мен ауланатын жануарлардың, ормандық экологиялық жүйенің мониторингін, мемлекеттік орман кадастры мен жануарлар дүниесі кадастрының мемлекеттік есебін жүргізу; комитет жүйесіне кіретін ұлттық табиғат саябақтарының, қорықтардың, қорғалымдардың және басқа ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мен объектілерін құру және қызметіне басшылық жасау және т.б.

Облыстық орман шаруашылығы өндірістік бірлестіктер облыстық орман шаруашылығы бірлестіктері болып қайта құрылды, оларға орман шаруашылығын мемлекеттік басқару облыстық атқарушы органының функциялары жүктелді.

ҚР Президентінің *1996 ж. 29 қазандағы* Жарлығымен ҚР Орман шаруашылығы комитеті таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 қазандағы № 1821 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 175 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 26 сәуірдегі № 513 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 17, 145-құжат).

⁴ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитеті (1997–1998)

ҚР Орман шаруашылығы комитеті таратылғаннан кейін ҚР Үкіметінің **1997 ж. 14 қаңтардағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 20 ақпандағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: орман шаруашылығын дамыту бөлімі; орман қорғау, күзету және мемлекеттік бақылау бөлімі; аң шаруашылығы бөлімі; қаржы, бухгалтерлік есеп және кадр жұмысы бөлімі; өнеркәсіптік қызмет және инвестициялар бөлімі; ерекше қорғалатын табиғи аймақтар секторы².

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 8 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет республиканың орман қорына, орман және аңшылық шаруашылығында, өз қарауындағы ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына министрліктің құзыретінің және өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылды. Комитет сондай-ақ ҚР ормандардың, аңшылық фаунасының жай-күйіне, ұдайы өндірілуіне, күзетілуіне, қорғалуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жасау органы болды.

Комитет және оның қарауындағы ұйымдар (облыстық органдар құқығында) біртұтас жүйе құрды.

Комитеттің негізгі міндеттері: республикада орман және аңшылық шаруашылығын жүргізу, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуі мен дамыту мәселелерінде бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты әзірлеу және жүргізу; орман және аңшылық ресурстарын қорғау, күзету, ұдайы өндіру, ұтымды және сарықпай пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; ормандар мен аңшылық фаунасының жай-күйіне, ұдайы өндірілуіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; орман қоры мен ауланатын жануарлардың мемлекеттік есебін жүргізу, ормандық экологиялық жүйелер мен аңшылық фаунасының жай-күйін бақылау мен болжамдауды жүзеге асыру, орманды пайдалану нормативтерін бекіту; ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының желісін дамыту және т.б.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті** болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 14 қаңтардағы № 61 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №1, 11-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 20 ақпандағы № 241 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 748 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 8 шілдедегі № 1072 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №31, 280-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 сәуірдегі № 382 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1007 іс).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті (1)
(1998–1999)

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитеті таратылғаннан кейін ҚР Үкіметінің *1998 ж. 22 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің осы қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет министрліктің құзыретінің шегінде республиканың орман қорына, орман, балық және аң шаруашылығына, өз қарауындағы ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына, мемлекеттік басқаруды, сондай-ақ ҚР ормандардың, жануарлар дүниесінің жай-күйі, ұдайы өндірілуі, күзетілуі, қорғалуы мен пайдалануы үшін мемлекеттік бақылауды дербес жүзеге асыратын ҚР арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: орман, балық және аң шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын дамытудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; орман өндірісінде мемлекеттік саясатты әзірлеуді, сондай-ақ республиканың аң шаруашылығында, балық аулау және балық өсіру, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуі мен дамуы мәселелерінде мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асыру; орман, балық және аңшылық пен өсімдік және жануарлар дүниесінің өзге де ресурстарын күзету, қорғау, ұдайы өндіру, ұтымды және сарықпай пайдалану саласында мемлекеттік басқару; ормандардың, балық және аңшылық пен өсімдік және жануарлар дүниесінің өзге де ресурстарының ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жай-күйі, ұдайы өндірілуі, күзетілуі, қорғалуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жасау; орман қоры мен аңшылық жануарларының мемлекеттік есебін, ормандық экологиялық жүйелер мен жануарлар дүниесінің мониторингін жүргізу; орман пайдалану нормативтерін дайындауды, балық және аң аулау-пайдалану нормативтерін әзірлеу және бекіту, шаруашылық қызметтің осы салаларында мемлекеттік шешім шығару функцияларын жүзеге асыру; ормандарды өрттен, ағашты заңсыз кесуден және аурулардан қорғау, браконьерлікпен күресу; ормандарды ұдайы өндіру және орман өсіру және т.б.

Комитет және оның аймақтық органдары – облыстық орман, балық және аң шаруашылығы басқармалары, басқа да ұйымдар комитеттің біртұтас жүйесін құрды.

Комитеттің құрылымы: орманды тұрақты дамыту, өсімдіктер дүниесін қорғау, ұдайы өндіру және ұтымды пайдалану басқармасы; балық қорын қорғау, ұдайы өндіру және ұтымды пайдалану басқармасы; аңшылық ресурсын қорғау, ұдайы өндіру және ұтымды пайдалану бөлімі; ерекше қорғалатын табиғат аумақтары және табиғи-қорықтық қор объектілері бөлімі; өсімдік, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын қорғау, ұдайы өндіру мен пайдалануды мемлекеттік бақылау бөлімі; экономика және қаржы бөлімі; ұйымдастыру, кадр және құқықтық жұмыс бөлімі.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 25 мамырдағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес Комитет *ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі* құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ орман, балық және аңшылық шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары, өсімдік және жануарлар дүниесінің өзге де объектілері саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: орман шаруашылығы, балық және аңшылық шаруашылығы өндірісінде, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуі мен дамуы мәселелерінде мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; орман, балық, аңшылық және жануарлар ресурстарын күзету, қорғау, ұдайы өндіру, ұтымды пайдалану және жануарлар әлемінің өзге де ресурстары саласында мемлекеттік басқару; орман, балық, аңшылық және жануарлар әлемінің өзге де ресурстарының жай-күйіне, ұдайы өндірілуіне, қорғалуына, күзетілуіне пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жасау; республиканың орман алабын және ресурстық әлеуетін арттыру; ормандардың, балық және аңшылық ресурстарының өнімділігін арттыру және т.б.

Комитеттің құрылымы: басшылық; ормандарды тұрақты дамыту бөлімі; балық ресурстары бөлімі; аңшылық ресурстары бөлімі; ерекше қорғалатын табиғат аумақтары бөлімі; өсімдік және жануарлар әлемін мемлекеттік бақылау бөлімі; экономикалық болжау бөлімі; ұйымдастыру жұмысы және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі.

Комитеттің аймақтық органдары – облыстық орман, балық және аң шаруашылығы басқармалары, облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармалары болды.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен комитет таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 сәуірдегі № 382 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1007 іс).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 сәуірдегі № 382 қаулысына қосымша (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1007 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 мамырдағы № 637 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 22, 218-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік ормандарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті (1999–2002)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 12 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 10 ақпандағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

ҚР құзыретінің шегінде мемлекеттік басқарудың арнайы атқарушылық функциялары мен бақылауды, сондай-ақ орман, балық және аңшылық шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің аумақтық органдары – облыстық орман және биоресурстар басқармалары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: орман, балық және аңшылық ресурстарын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің өзге де ресурстарын ұтымды пайдалануды мемлекеттік реттеу және қамтамасыз ету; орман, балық, аң шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; орман, балық және аңшылық ресурстарының қорғалауын, ұдайы өндірілуін және ұтымды пайдаланылуын, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жай-күйлері мен қызметтерін бақылау; республиканың орманды өңірін молайту; ормандардың, балық және аңшылық ресурстарының өнімділігін арттыру және т.б.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығына³ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2002 ж. 7 қазандағы* қаулысымен⁴ *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті* болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 қарашадағы № 1693 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 50, 489-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті мен оның қарауындағы жекелеген ұйымдарының мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 10 ақпандағы № 198 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 5-6, 74-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 7 қазандағы № 1096 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 33, 357-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті (2)
(2002–2013)

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2002 ж. 7 қазандағы* қаулысымен² *ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды.

ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері тиісті ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 22 қарашадағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің* құзыреті шегінде орман және аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің аймақтық органдары – облыстық орман және аң шаруашылығын аймақтық басқармалары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: орман және аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; орман және аңшылық ресурстарын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің өзге де ресурстарын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану саласында мемлекеттік реттеу; орман ресурстарының және жануарлар дүниесі ресурстарының қорғалуын, өсімінің молайтылуын және пайдаланылуын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйін және қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, үлгілік, бірегей және сирек ландшафтардың биологиялық алуан түрлілігін сақтау.

Комитеттің құрылымы: басшылық; орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы реттеу және бақылау басқармасы; жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу және бақылау басқармасы; қаржы және ұйымдық жұмыс бөлімі.

Комитеттің аймақтық органдарының қайта ұйымдастырылуына қатысты *2002 ж. 7 қазандағы* қаулының тармақшасы мынадай жаңа редакцияда мазмұндалды: «ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің орман және биоресурстар бойынша облыстық аймақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелері және ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне мемлекеттік бақылау облыстық аймақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелері оларды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитетінің орман және аң шаруашылығы облыстық аймақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелеріне біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылсын».

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 6 сәуірдегі* қаулысымен комитет туралы жаңа ереже, оның құрылымы және комитеттің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді⁴.

Комитет ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегінде және ҚР Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен және осы ережемен өзіне жүктелген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орман шаруашылығы, жануарлар

дүниесін (балықтан және өзге су жануарларынан басқа) қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы және уәкілетті органы болды.

Комитеттің аймақтық органдары – облыстық орман және аң шаруашылығын аймақтық басқармалары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және өзге су жануарларынан басқа) қорғау, өсімінмолайту және пайдалану мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының биологиялық сан алуандылығы мен объектілерін сақтау; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орман ресурстарының және жануарлар дүниесі ресурстарының күзетілуін, қорғалуын, өсімінің молайтылуын және пайдаланылуын, жай-күйін және қызметін мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету.

Комитеттің құрылымы: басшылық; орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасы; жануарлар дүниесі басқармасы; қаржы және ұйымдастыру бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 8 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің аймақтық органдары (облыстық аймақтық орман және аң шаруашылығы басқармалары) – мемлекеттік мекемелері облыстық аймақтық орман және аң шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемелері болып аталды⁵.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 сәуірдегі** қаулысымен Алматы облысы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы орман шаруашылығының Сарқанд және Лепсі мемлекеттік мекемелері комитет қарамағына беріліп, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аң шаруашылығы комитетінің Жоңғар-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғат саябағы» мемлекеттік мекемесіне біріктіру және қайта атау жолымен қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 25 ақпандағы** қаулысымен комитет **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті** қайта аталды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 7 қазандағы № 1096 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 33, 357-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 22 қарашадағы № 1239 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 42, 423-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 6 сәуірдегі № 310 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 14, 168-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 8 сәуірдегі № 332 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, №19, 177-құжат).

⁶ «Алматы облысының жекелеген мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 сәуірдегі № 370 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №31, 250-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы № 172 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 17, 302-құжат).

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (2013)

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 25 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті** **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті** болып қайта аталды¹.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы № 172 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 17, 302-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 74, 980-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің
Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті
(2013–2014)

ҚР Үкіметінің *2013 ж. 27 желтоқсандағы* қаулысымен *ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті* ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті болып қайта аталды¹.

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен комитет біріктіру жолымен *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті* болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 74, 980-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
(2014–2019)

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті мен ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитетін біріктіру жолымен *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті* болып қайта аталу нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 5 шілдедегі* қаулысымен комитет *ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті* болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
(2019–2023)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 5 шілдедегі* қаулысымен *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2023 ж. 20 қаңтардағы* қаулысымен комитеттің атауы *ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті*

болып өзгертілді².

¹ «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 80 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 20 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 2, 11-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
(2023*)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 20 қаңтардағы** қаулысымен комитет **ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті** болып қайта аталды¹.

Ережеге сәйкес комитеті құзыреті шегінде оған ҚР Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық актілерімен және осы Ережемен жүктелген орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жануарлар дүниесі саласында стратегиялық, реттеуші, атқарушылық, бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган және ведомство болып табылады².

Міндеттері: орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, жануарларға жауапкершілікпен қарау, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту, өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында, іске асыру, реттеуші және бақылау-қадағалау функцияларын орындау; өз құзыреті шегінде орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындау.

Комитеттің аумақтық бөлімшелері – облыстық аумақтық инспекциялары бар.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 ж. 2 қаңтардағы № 80 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 20 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 2, 11-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2023 ж. 3 ақпандағы № 32-Ө бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурсы]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/178536/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 8 ақпан).

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы
Балық шаруашылығы тоғандарындағы балық қорын қорғау және бақылау жөніндегі
бас басқармасы
(Қазбасбалыққорғау)
(1992)

Таратылған КСРО Балық шаруашылығы министрлігінің балық қорын қорғау, қалпына келтіру және балық аулауды реттеу жөніндегі Қазақ және Орал-Каспий бассейндері басқармаларының (Казахрыбвод пен Уралкаспрыбвод) негізінде ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 22 қаңтардағы** қаулысымен құрылды¹.

Бас басқарманың негізгі міндеттері: балық шаруашылығы су тоғандарында балық аулау кәсіпшілігін қайта жаңғырту мен реттеу жөнінде балық шаруашылығы және ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып шаралар әзірлеу мен жүзеге асыру; республиканың су тоғандарында балық қорының, басқа да су хайуанаттарының, өсімдіктердің қорғалуын және олардың ұтымды

пайдаланылуын қамтамасыз ету; балық өндіретін кәсіпорындардың, балық аулайтын колхоздар мен басқа да ұйымдардың балық қорын ұлғайта көбейту жөнінде жүргізіп отырған жұмыстарын мемлекеттік бақылау; балық шаруашылығы ғылымымен бірлесе отырып, республиканың су тоғандарындағы балық аулаудың өнеркәсіптік, әуесқойлық және спорттық түрлерінің ережелерін әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекіту; балық шаруашылығы су тоғандарына сарқынды су төгетін кәсіпорындар мен басқа да объектілердің орналасуы, құрылысы және жаңғыртылуы жөніндегі жобалар бойынша балықтың, басқа да су хайуанаттары мен өсімдіктерінің қорын қорғауға және ұлғайта көбейтуге қатысты бөлігінде қорытынды беру.

ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен бас басқарма таратылған **ҚР Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитетімен** бірге өз қызметін тоқтатты².

¹ «КСРО Балық шаруашылығы министрлігінің балық қорын қорғау, қалпына келтіру және балық аулауды реттеу жөніндегі Қазақ және Орал-Каспий бассейндері басқармаларын (Казхрыбвод пен Уралкаспрыбвод) тарату және Қазақстан Республикасы Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті жанынан Балық шаруашылығы тоғандарында балық қорын қорғау және табиғаттың пайдаланылуын бақылау жөніндегі бас басқарманы («Қазбасбалыққорғау») құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 22 қаңтардағы № 58 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 3, 46-құжат).

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы №600 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экология және биологиялық ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы су
тоғандарындағы балық қорын қорғау және табиғатты пайдалануды бақылау жөніндегі бас
басқармасы (Қазбасбалыққорғау)
(1992–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 20 сәуірдегі** қаулысымен¹ құрылып, Өндірістік-бейімделу станциясы **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитеттің** қарамағына берілді.²

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің жаңа құрылымының бекітілуіне байланысты бас басқарма өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің Ережесі мен құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 20 сәуірдегі №345 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 16, 255-құжат).

² Жаңа Ереже бекітілмеді. Негізгі міндеттері өзгермеді. «СССР Балық шаруашылығы министрлігінің балық қорларын қорғау, қалпына келтіру және балық аулауды реттеу жөніндегі Қазақ және Орал-Каспий бассейндері басқармаларын (Казхрыбвод пен Уралкаспрыбвод) тарату және Қазақстан Республикасы Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті жанынан Балық шаруашылығы тоғандарында балық қорын қорғау және табиғаттың пайдаланылуын бақылау жөніндегі бас басқарманы («Қазбасбалыққорғау») құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 22 қаңтардағы №58 қаулысын қараңыз (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 3, 46-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1808 қаулысы (ҚР ҰА. 4-қ. 1-Қ т. 174-іс).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы
Балық шаруашылығы жөніндегі комитеті
(Қазбалықкомитет)
(1992–1994, 1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 26 ақпандағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет жүйесіне **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** Қазақ мемлекеттік-кооперативтік балық шаруашылығы бірлестігінің құрамына кіретін бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар мен балық аулайтын колхоздар, сондай-ақ республика аумағында орналасқан бұрынғы

КСРО Балық шаруашылығы министрлігінің балық аулайтын колхоздары, балық шаруашылық, кеме жөндеу, құрылыс, монтаждау-реттеу, жобалау, ғылыми, оқу, автокөлік, жабдықтау, өткізу және басқа бірлестіктері, кәсіпорындары мен ұйымдары (Қазбалықөнімөткізу кәсіпорындары мен ұйымдарынан басқа) енгізілді.

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: балық саласының кәсіпорындары, ұйымдары мен колхоздарының қызметін үйлестіру және халықтың әрі өнеркәсіптің балыққа және балық өнімдеріне деген қажетінің неғұрлым толық қанағаттандырылуын қамтамасыз ету; балық шаруашылығын әлеуметтік және өндірістік өркендетудің тұжырымдамасын жасап, мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру; балық өнеркәсібі өнімдерінің ішкі және сыртқы нарығын зерделеу, ТМД-ң басқа республикаларымен арадағы қатынастарды және шетелдермен сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту; балық өсіру, мелиорациялық-техникалық және балық қорын молықтыру жөніндегі басқа да жұмыстарды жүзеге асыру².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 4 мамырдағы** қаулысымен комитет кәсіпорындары мен ұйымдарының негізінде «Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясы құрылды³. Компания комитеттің мүліктік құқықтары мен міндеттерін иеленуші болып табылды. Компанияға қатысты мемлекеттік басқару функцияларын ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асырды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 14 ақпандағы** қаулысымен «Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясы қайта ұйымдастырылып, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы жөніндегі комитеті болып қайта құрылды⁴. Комитеттің негізгі функциялары өзгертілмеді.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен таратылды⁵. Функциялары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 26 ақпандағы № 159 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 8, 146-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 19 мамырдағы № 441 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 20, 320-құжат).

³ «Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 мамырдағы № 472 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 21, 209-құжат).

⁴ ««Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 14 ақпандағы № 157 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 7, 73- құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының аппараты саны мен оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы № 1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 167 іс).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті (1) (2003–2013)

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 маусымдағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2003 ж. 18 шілдедегі** қаулысымен құрылды².

Комитет **Ауыл шаруашылығы министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 18 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді, комитеттің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері құрылды³.

Комитеттің қарамағына мынадай мемлекеттік мекемелер берілді: **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** Орал-Каспий облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы, Балқаш-Алакөл балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы және Зайсан-Ертіс балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балқаш-Алакөл балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы және Зайсан-Ертіс балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы мемлекеттік мекемелері ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балқаш-Алакөл облысаралық балық ресурстарын қорғау

және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы және Зайсан-Ертіс облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы мемлекеттік мекемелері болып қайта аталды.

Ережеге сәйкес комитет министрлік құзыретінің шегінде балық шаруашылығы саласында балық шаруашылығын мемлекеттік басқаруды, арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің аумақтық органдары – аймақтық балық инспекциялары болды (Солтүстік, Батыс, Орталық Шығыс және Оңтүстік).

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болды: балық шаруашылығы мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғауға, өсімін молайту мен пайдалануға және балық шаруашылығын жүргізуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; балық аулауды және балық өсіру – ұдайы өндіру қызметін мемлекеттік реттеу, суға балық жіберу, балықтың жаңа түрлерін жерсіндіру жөніндегі жұмыстар кешенін, балық шаруашылығы саласындағы мелиоративтік-техникалық және басқа да ішараларды ұйымдастыру.

Комитеттің құрылымы: басшылық; балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және реттеу басқармасы; қаржыландыру және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс басқармасы.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 7 мамырдағы* қаулысымен комитеттің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері: Орал-Каспий облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы, Балқаш-Алакөл балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы және Зайсан-Ертіс балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы мемлекеттік мекемелерінің негізінде Орал-Каспий облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы, Балқаш-Алакөл балық шаруашылығы бассейндік басқармасы және Зайсан-Ертіс балық шаруашылығы бассейндік басқармасы құрылды⁴.

Комитеттің «Батыс аймақтық балық инспекциясы», «Солтүстік аймақтық балық инспекциясы», «Орталық-Шығыс аймақтық балық инспекциясы» және «Оңтүстік аймақтық балық инспекциясы» мемлекеттік мекемелері Комитеттің «Батыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы», «Солтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы», «Орталық-Шығыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы» және «Оңтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемелері болып қайта аталды.

Тиісті өзгерістер комитет туралы ережеге енгізілді. Атап айтқанда, комитеттің аймақтық органдарына қатысты тармағы жаңа редакцияда мазмұндалды: «Комитеттің аймақтық органдары-аймақтық балық инспекциясы басқармалары, облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармалары бар».

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 7 қыркүйектегі* қаулысымен комитеттің «Оңтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Арал-Сырдария облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы» мен «Жамбыл облыстық аймақтық басқармасы балық шаруашылығы» мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁵. «Орталық-Шығыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қарағанды облыстық аймақтық басқармасы балық шаруашылығы» және «Ақмола облыстық аймақтық басқармасы балық шаруашылығы» мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды. «Солтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қостанай облыстық аймақтық басқармасы балық шаруашылығы» және «Солтүстік Қазақстан облыстық аймақтық басқармасы балық шаруашылығы» мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Комитеттің «Батыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Ақтөбе облыстық аймақтық басқармасы балық шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

Тиісті өзгерістер комитет туралы ережеге енгізілді. Атап айтқанда, комитеттің аймақтық органдарының тізбесі жаңа редакцияда мазмұндалды: «Арал-Сырдария облысаралық балық

шаруашылығы бассейндік басқармасы, Балқаш-Алакөл облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы, Зайсан-Ертіс облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы, Орал-Каспий облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы, Ақмола облыстық аймақтық балық шаруашылығы басқармасы, Ақтөбе облыстық аймақтық балық шаруашылығы басқармасы, Жамбыл облыстық аймақтық балық шаруашылығы басқармасы, Қарағанды облыстық аймақтық балық шаруашылығы басқармасы, Қостанай облыстық аймақтық балық шаруашылығы басқармасы Солтүстік Қазақстан облыстық аймақтық балық шаруашылығы басқармасы».

ҚР 2005 ж. 6 сәуірдегі қаулысымен комитет туралы жаңа ереже, оның құрылымы және комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді⁶.

Комитет ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегінде ҚР Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен және осы ережемен өзіне жүктелген балық шаруашылығы саласындағы арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство және уәкілетті органы болды.

Комитеттің аумақтық органдары – облыстық аймақтық балық шаруашылығы басқармалары, облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармалары бар.

Комитеттің негізгі міндеттері: балық шаруашылығы мәселелері бойынша мемлекеттік және өңірлік саясатты, стратегиялық жоспарларды, мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды іске асыру; балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғауға, өсімін молайту мен пайдалануға және балық шаруашылығын жүргізуге мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету; балық шаруашылығын басқаруды және балық аулау мен балық өсіру-өсімін молайту қызметін мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету.

Комитеттің құрылымы: басшылық; балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және реттеу басқармасы; қаржыландыру және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс басқармасы. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі өзгертілмеді.

ҚР Үкіметінің 2008 ж. 8 сәуірдегі қаулысымен комитеттің аумақтық органдары (облысаралық және облыстық балық шаруашылығы бассейндік басқармалары) – мемлекеттік мекемелері облысаралық және облыстық балық шаруашылығы аймақтық бассейндік инспекциялары болып аталды⁷.

ҚР Үкіметінің 2009 ж. 7 сәуірдегі қаулысымен комитеттің аумақтық органдары Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық балық шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемелері комитеттің аумақтық органдары Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен болып қайта ұйымдастырылды⁸. Ақтөбе және Қостанай облыстық аумақтық балық шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемелері комитеттің аумақтық органдары Тобыл-Торғай облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары – мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен болып қайта ұйымдастырылды.

Жамбыл облыстық аумақтық балық шаруашылығы инспекциясы – мемлекеттік мекемелері комитеттің аумақтық органдары Шу-Талас облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы – мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды. Комитеттің аумақтық органы Қарағанды облыстық аумақтық балық шаруашылығы инспекциясы – мемлекеттік мекемесі комитеттің аумақтық органы Нұра-Сарысу облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы – мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің жаңа тізбесі бекітілді.

ҚР Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы қаулысымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті** болып қайта аталды⁹.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы № 1107 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 26, 242-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 18 шілдедегі № 714 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 30, 291-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 7 мамырдағы № 517 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 21, 268-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру және қайта атау туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 7 қыркүйектегі № 938 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 33, 450-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 6 сәуірдегі № 310 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 14, 168-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 8 сәуірдегі №332 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 19, 177-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 7 сәуірдегі № 480 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №18, 160-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы № 172 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 17, 302-құжат).

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті (2013)

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 25 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті** ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті болып қайта аталды¹.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы № 172 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 17, 302-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 74, 980-құжат).

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті (2013–2014)

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті** ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті болып қайта аталды¹.

Комитет ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің құзыреті шегінде балық ресурстарының және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство және уәкілетті орган болды².

Комитеттің міндеті – балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетімен** біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 74, 980-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 ж. 17 қаңтардағы № 8-Ө бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/doc/77144/kaz> (ресми жариялау күні: 2014 ж. 27 қаңтар).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 555-күжат).

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің
Балық шаруашылығы комитеті
(2021–2023)

Комитет ҚР Үкіметінің **2020 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысына сәйкес, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетін қайта ұйымдастыру нәтижесінде, оның құрамынан Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитетін бөліп шығару арқылы құрылды¹.

Комитет балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің** құзыреті шегіндегі ведомство болды.

Комитеттің міндеті – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 20 қаңтардағы** қаулысына сәйкес комитеттің атауы **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті** болып өзгертілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 31 желтоқсандағы № 955 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/151393/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 11 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің жауапты хатшысы м.а.-ның 2021 ж. 14 қаңтардағы № 5- Ө бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/152703/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 10 ақпан).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 ж. 2 қаңтардағы № 80 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 20 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 2, 11-күжат).

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің
Балық шаруашылығы комитеті
(2023–2024)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 20 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті** ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті болып қайта аталды¹.

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 5 ақпандағы** қаулысымен ҚР **Ауыл шаруашылығы министрлігі** Балық шаруашылығы комитеті бойынша тиісті саладағы (мемлекеттік басқару саласындағы) уәкілетті орган болып айқындалды².

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 ж. 2 қаңтардағы № 80 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 20 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 2, 11-күжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 ж. 3 қаңтардағы № 426 Жарлығын іске асыру шаралары туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 5 ақпандағы № 68 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 7, 29-күжат).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Балық шаруашылығы комитеті (2)
(2024*)

Комитет ҚР Үкіметінің **2024 ж. 5 ақпандағы** қаулысына сәйкес құрылды¹.

Ережеге сәйкес, комитет балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ акваөсіру, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлері (каспий итбалығы) бөлігінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында басшылықты жүзеге асырады².

Міндеттері: балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ акваөсіру саласындағы реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ стратегиялық функцияларды орындауға қатысу; сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлері (каспий итбалығы) бөлігінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ стратегиялық функцияларды орындауға қатысу.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2024 ж. 3 қаңтардағы № 426 Жарлығын іске асыру шаралары туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 5 ақпандағы № 68 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 7, 29-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 ж. 8 ақпандағы № 46 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурc]: URL <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/193710/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 29 ақпан).

3. Табиғи ресурстарды басқару органдары

3.1 Қоршаған ортаны қорғау саласында басқару органдары

Қазақстан Республикасының Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті (ҚР Мемэкологиякомитеті) (1991–1992)

Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақ ССР-нің Табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің негізінде Қазақ ССР-нің Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитет ретінде құрылды¹.

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 9 қыркүйектегі қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомитет қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметі олардың үстінен басқаратын және бақылайтын республикалық орган болды.

Комитет экология және табиғатты пайдалану жөніндегі облыстық, Алматы және Ленинск қалаларының комитеттері, сондай-ақ ведомстволық жағынан өзіне бағынысты ұйымдармен және мекемелермен бірлесе отырып, экология және табиғатты пайдалану жөнінде біртұтас республикалық жүйе құрады.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: табиғат қорғауды және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды кешенді басқаруда мемлекеттік біртұтас ғылыми-техникалық саясат әзірлеу және оны жүзеге асыру; қоршаған ортаны қорғауға табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен олардың кадастрларын дұрыс жүргізуге мемлекеттік бақылау қоюды жүзеге асыру; нормативті құжаттардың жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптау жүргізуді жүзеге асыру; радиациялық жағдайды зерттеу және оған бақылау қою, сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды жинастыру, өңдеу, тасымалдау және көму жүйесі жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; қорықтық іске басшылық жасау және т.б.

Таратылған КСРО Балық шаруашылығы министрлігінің балық қорын қорғау, қалпына келтіру және балық аулауды реттеу жөніндегі Қазақ және Орал-Каспий бассейндері басқармаларының негізінде ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 22 қаңтардағы қаулысымен **Балық шаруашылығы тоғандарында балық қорын қорғау және табиғаттың пайдаланылуын бақылау жөніндегі бас басқарма (Қазбалыққорғау)** құрылды³.

ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен мемкомитет таратылды. Таратылған ҚР Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті мен министрлігінің негізінде **ҚР Экология және биоресурстар министрлігі** құрылды⁴.

¹ «Қазақ ССР-нің мемлекеттік басқару органдарын қайта құру туралы» Қазақ ССР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы № 172 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991, № 2, 21-құжат).

² «Қазақ ССР-нің Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекіту туралы» Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 9 қыркүйектегі № 515 қаулысы (Қазақ ССР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 21, 150-құжат).

³ «СССР Балық шаруашылығы министрлігінің балық қорын қорғау, қалпына келтіру және аулауды реттеу жөніндегі Қазақ және Орал-Каспий бассейндері басқармаларын (Казахрыбвод пен Уралкаспрыбвод) тарату және Қазақстан Республикасы Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті жанынан Балық шаруашылығы тоғандарында балық қорын қорғау және табиғаттың пайдаланылуын бақылау жөніндегі бас басқарманы (Қазбалыққорғау) құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 22 қаңтардағы № 58 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 3, 46-құжат).

⁴ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі (Экобиоресурсмин) (1992–1997)

Таратылған **ҚР Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік**

комитеті және ҚР Орман шаруашылығы министрлігінің негізінде ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Экология және биоресурстар министрлігі ҚР Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитетінің және ҚР Орман шаруашылығы министрлігінің құқықтық мирасқоры болды².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 20 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Министрлік ҚР табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарын ұғымды пайдалану саласында ведомстволардың жоғары тұрған басқару және мемлекеттік бақылау органы болды.

Министрлік, оған қарасты республикалық, облыстық, қалалық және аудандық бөлімшелер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер қоршаған табиғи ортаны сақтау мен сауықтыруды, мемлекеттің биоресурстарын ұдайы өндіру мен тиімді пайдалануды мемлекеттік басқару және бақылау органдарының біртұтас сатылы жүйесін құрады.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және ұдайы өндіруді реттеу саласында біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізу; қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; нормативтік құжаттар жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптау жүргізуді жүзеге асыру; радиациялық ахуалды зерттеу мен оған бақылау жасау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, радиактивті қалдықтарды жинастыруды, өндеуді, тасымалдау мен көмуді ұйымдастыру; табиғатты пайдаланудың экономикалық механизмін жасау, іске асыру және жетілдіру және т.б.

Министрліктің құрамында заңды тұлға статусымен құрылымдық бөлімшелер құрылды: таратылған **ҚР Орман шаруашылығы министрлігінің негізінде Орман шаруашылығы комитеті (Қазорманкомитеті); Балық шаруашылығы тоғандарында балық қорын қорғау және табиғаттың пайдаланылуын бақылау жөніндегі бас басқарма (Қазбалыққорғау); Хайуанаттар әлемін қорғау жөніндегі бас басқарма (Қазхайуанатқорғау).** Министрліктің жүйесінде сәйкес таратылған экология және табиғатты пайдалану жөніндегі комитеттердің негізінде облыстық, Алматы және Ленинск қалалық, аудандық және қалалық экология және биоресурстар басқармалары құрылды.

ҚР Президентінің **1993 ж. 9 маусымдағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық ететін ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болып белгіленді⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 3 қазандағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: табиғи ресурстарын қорғау мен пайдалануды мемлекеттік бақылау бас басқармасы; мемлекеттік экологиялық сараптау мен радиациялық экология бас басқармасы; ғылыми-экологиялық проблемалар, экономика және табиғатты пайдалануды ұйымдастыру бас басқармасы; қаржы-экономикалық, бухгалтерлік және кадрмен қамтамасыз ету бас басқармасы; халықаралық ынтымақтастық және ақпарат бөлімі; материалдық-техникалық қамтамасыз ету және инвестициялау бөлімі; **Орман шаруашылығы комитеті; Балық қорын қорғау және балық шаруашылығы су қоймаларында табиғатты пайдалануды бақылау жөніндегі бас басқарма (Қазбалыққорғау); Хайуанаттар әлемін қорғау жөніндегі бас басқарма (Қазхайуанатқорғау)**⁵.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен министрліктің құрамынан **ҚР Орман шаруашылығы комитеті** бөлініп шығарылды⁶.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** Жарлығымен министрліктің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекеттік экологиялық бақылау бас басқармасы; **биологиялық ресурстарды қорғау, ұдайы өндіріс және пайдалану жөніндегі бас басқарма (Қазбасбиоресурс);** мемлекеттік экологиялық сараптама басқармасы; экологияның ғылыми-техникалық проблемалар және халықаралық жобалар басқармасы; табиғатты пайдалануды жоспарлау, экономика және нормативтер басқармасы; қаржы басқармасы; ұйымдастыру-заң бөлімі; кадр және арнайы жұмыстар бөлімі; жалпы бөлім⁷.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 14 қарашадағы** қаулысымен министрліктің жаңа ережесі бекітілді⁸.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР аумағындағы қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалануды бақылауға мемлекеттік ведомстволық басшылық ететін орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарын пайдалану саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жасау; ҚР экологиялық заң талаптарын, қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарын сақтау саласында ҚР бекіткен халықаралық келісімдер мен конвенцияларды сақтауына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; табиғатты пайдаланудың экономикалық механизмін әзірлеп, жетілдіру; экологиялық білімді тарату және экологиялық мәдениет деңгейін арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Министрліктің **Биологиялық ресурстарды қорғау, ұдайы өндіру және пайдалану жөніндегі бас басқармасы (заңды тұлға құқығымен)** хайуанаттар әлемін қорғау жөніндегі арнайы мемлекеттік басқару өкілетті органы болды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекеттік экологиялық бақылау басқармасы; **Биологиялық ресурстарды қорғау, ұдайы өндіріс және пайдалану жөніндегі бас басқарма (заңды тұлға құқығымен)**; мемлекеттік экологиялық сараптама және радиациялық экология басқармасы; экологияның ғылыми-техникалық проблемалар және халықаралық жобалар басқармасы; табиғатты пайдалану экономикасы және жоспарлау бөлімі; қаржы басқармасы; құқықтар жұмыс бөлімі; кадр және арнайы жұмыстар бөлімі; іс жүргізуді ұйымдастыру секторы⁹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен министрлікке таратылған **ҚР Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді¹⁰.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің құрылымы бекітілді: басшылық; **Биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, өндіру және пайдалану жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында)**; мемлекеттік экологиялық сараптама, табиғатты пайдалану экономикасы департаменті; **Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында)**; қаржы және кадр қызметі басқармасы; құқықтық жұмыс бөлімі; жалпы бөлім¹¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді. Министрліктің статусы мен негізгі функциялары белгіленді¹².

Ережеге сәйкес министрлік қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарын пайдалануға мемлекеттік басқару мен бақылаудың, сондай-ақ ҚР аумағындағы табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі жөніндегі орталық атқарушы орган болды.

Министрлік және оның аумақтық органдары біртұтас жүйе құрады.

Министрліктің негізгі міндеттері: қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарын пайдалану, табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу; қоршаған ортаны қорғауға, биологиялық ресурстардың ұлғайтылуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану, табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүргізу; экономика салалары мен мемлекеттік басқару органдарын гидрометеорологиялық жағынан қамтамасыз етілуін ұйымдастыру және жүзеге асыру; мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру және т.б.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен министрлік таратылды. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Экология және табиғи ресурстары министрлігіне** берілді¹³.

¹ «Экономикалық реформалар жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы №600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, №4, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 11 наурыздағы №216 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, №10, 183-құжат), сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 16 наурыздағы №679 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, №7, 138-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің ережесі мен құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 20 сәуірдегі №345 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №16, 255-құжат).

⁴ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы №1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, №19, 225-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 3 қазандағы №1101 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 8 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы №2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №33, 409-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1808 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 14 қарашадағы №1385 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 46, 447-құжат).

⁹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 298-б.

¹⁰ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі №640 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 761 іс).

¹² «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы №876 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 20, 185-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы №3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экология және биоресурстар министрлігінің
Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқармасы
(Қазбасжануарқорғау)
(1992–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 20 сәуірдегі* қаулысына сәйкес, *ҚР Экология және биоресурстар министрлігінің* құрамында заңды тұлға мәртебесіне ие құрылымдық бөлімше ретінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілуіне және оның құрамында *Биологиялық ресурстарды қорғау, өндіру және пайдалану жөніндегі бас басқарманың (Қазбиоресурс)* құрылуына байланысты Қазбасжануарқорғау өз қызметін тоқтатты².

¹ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің ережесі мен құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 20 сәуірдегі № 345 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №16, 255-құжат). Бас басқарманың ережесі мен құрылымын министрлік бекітті (Құрастырушылардың ескертпесі).

² «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1808 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

Қазақстан Республикасы
Экология және биоресурстар министрлігінің
Биологиялық ресурстарды қорғау, өндіру және пайдалану
жөніндегі бас басқармасы
(Қазбиоресурстар)
(1995–1997)

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды¹.

Бас басқарма заңды тұлға құқығындағы жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік басқарудың арнаулы уәкілетті органы болып табылды².

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 сәуірдегі* қаулысымен министрліктің жаңа құрылымы бекітілуіне және *Биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, өндіру және*

пайдалану жөніндегі агенттігінің (заңды тұлға құқығымен) құрылуына байланысты Қазбиоресурстар өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1808 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

² «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 14 қарашадағы №1385 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 46, 447-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі №640 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 761 іс).

**Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің
Биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту мен
пайдалану жөніндегі агенттігі
(Экобиоресурсминінің Биоресурстарды мемэкологбақылау жөніндегі агенттігі)
(1997)**

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 қыркүйектегі** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік биологиялық ресурстарды қорғауға, ұлғайту мен пайдалануға экологиялық бақылау жасау саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылды, арнаулы, атқарушылық және ведомство үстінен бақылау-қадағалау функцияларын дербес жүзеге асырды және өзіне жүктелген міндеттерді **ҚР Экология және биоресурстар министрлігінің** құзыреті шегінде орындады.

Агенттіктің негізгі міндеттері: қоршаған ортаның жай-күйіне және оның шаруашылық және өзге де қызметтің ықпалынан өзгеруіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды ұлғайту мен ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар жоспарының орындалуын, табиғат қорғау заңдары мен нормативтік құқықтық актілерінің, ҚР қатысатын халықаралық келісімдер мен конвенциялардың талаптарының орындалуын тексеру.

Агенттіктің барлық облыстарда өзіне бағынысты облыстық мемлекеттік жануарлар дүниесін қорғау, ұлғайту мен пайдалану инспекциялары бар. Агенттіктің қарауында Зайсан-Ертіс, Іле-Балқаш және Орал-Каспий облысаралық балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармалары болды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен агенттік министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі № 640 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 761 іс).

² «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 қыркүйектегі № 1350 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 42, 393-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрлігі (1)
(1997–1999)**

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹. Оған таратылған **ҚР Экология және биоресурстар министрлігінің** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі

өкілеттіктері, сондай-ақ таратылған **ҚР Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі** функцияларының, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігі берілді.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 20 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік ҚР қоршаған ортаны қорғау орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: қоршаған ортаны тұрақты жақсартуды және табиғи ресурстарды тепе-теңдікте пайдалануды қамтамасыз ету; қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғауды мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру; Барлық табиғатты пайдаланушылардың табиғатты қорғау бағдарламаларын бірдей қаржыландыру жүйесін құру; қоршаған ортаның жай-күйін және мониторингін бақылау; экология және табиғи ресурстар саласындағы ағарту жүйесін дамыту.

Министрлік және оның аймақтық органдары бірыңғай жүйе құрады.

Министрліктің құрамына **Геология және жер қойнауын қорғау комитеті; Экология комитеті**; жануарлар мен өсімдіктер әлемін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау және ұтымды пайдалану басқармасы және басқару және қаржы департаменті кірді.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 20 қарашадағы** қаулысымен министрліктің құрылымы бекітілді: басшылық; **Геология және жер қойнауын қорғау комитеті (заңды тұлға құқығында); Экология комитеті (заңды тұлға құқығында)**; жануарлар және өсімдіктер әлемін, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын қорғау және ұтымды пайдалану басқармасы; басқару және қаржы департаменті³.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті** құрылуына байланысты оның қарауына ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Іле-Балқаш және Зайсан-Ертіс балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқарманы, Орал-Каспий облысаралық балық қорын қорғау және оларды ұтымды пайдалану жөніндегі бассейндік басқарманы, сондай-ақ облыстық өсімдік, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын қорғау, ұдайы өндіру және пайдалануды мемлекеттік бақылау инспекцияларын берді⁴.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 22 шілдедегі** қаулысымен министрліктің Экология комитеті **Қоршаған ортаны қорғау комитеті** болып аталды⁵.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты министрлік өз қызметін тоқтатты⁶. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы №3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, №45, 410-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 20 қарашадағы №1622 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 50, 465-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 294-б.

⁴ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 сәуірдегі №382 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/1482/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30желтоқсан).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 шілдедегі № 680 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 23, 200-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы №6 Жарлығы (Казхстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің
Экология комитеті
(1997–1998)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 20 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның

құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет қоршаған ортаны қорғау, зерделеу, оның мониторингі саласындағы мемлекеттік басқару органы болды. Комитет арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіру мен мемлекеттік басқарудың ішкі саласына басшылықты дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қоршаған ортаны тұрақты жақсартуды және табиғи ресурстарын теңгерімді пайдалануды қамтамасыз ету; қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғаудың мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру; барлық табиғат пайдаланушылардың бағдарламаларын бара-бар қаржыландыру жүйесін құру; қоршаған ортаның жай-күйі мен мониторингін бақылауды қамтамасыз ету; экология және табиғи ресурстар саласында оқу-ағарту жүйесін өрістету.

Комитеттің аймақтық басқару органы болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; экологиялық мониторинг басқармасы; мемлекеттік экологиялық сараптау басқармасы; қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау басқармасы.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 22 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті** болып аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 20 қарашадағы № 1622 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 50, 465-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экология комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1784 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 55, 502-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 шілдедегі № 680 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 23, 200-құжат).

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті (1998–1999)

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экология комитетінің қайта аталуының нәтижесінде ҚР Үкіметінің **1998 ж. 22 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

Комитет қоршаған ортаны қорғау, зерделеу, оның мониторингі саласындағы мемлекеттік басқару органы болды. Комитет арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіру мен мемлекеттік басқарудың ішкі саласына басшылықты дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қоршаған ортаны тұрақты жақсартуды және табиғи ресурстарын теңгерімді пайдалануды қамтамасыз ету; қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғаудың мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру; барлық табиғат пайдаланушылардың бағдарламаларын бара-бар қаржыландыру жүйесін құру; қоршаған ортаның жай-күйі мен мониторингін бақылауды қамтамасыз ету; экология және табиғи ресурстар саласында оқу-ағарту жүйесін өрістету². Комитеттің аймақтық басқару органы болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; қоршаған орта саласында мемлекеттік бақылау басқармасы; экологиялық мониторинг басқармасы; мемлекеттік экологиялық сараптама басқармасы³.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты комитет министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне** берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 шілдедегі № 680 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 23, 200-құжат).

² Комитет туралы жаңа ереже бекітілмеді, бұрынғы ереженің күші сақталды. «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экология комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1784 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 55, 502-құжат) (Құрастырушылардың ескертпесі).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 шілдедегі № 680 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 23, 200-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Казакстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі (1999–2002)

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік басқару мен бақылау функцияларын орындауға өкілетті, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, ормандар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі, су және жер ресурстарынан басқа табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуын жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің аумақтық органдары – облыстық, Астана және Алматы қалалары қоршаған ортаны қорғау басқармалары болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ету; қоршаған ортаны қорғау және тиімді табиғат пайдалану саласында мемлекеттік басқарудың жүйесін жетілдіру; өз құзыретінің шегінде қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістерін жетілдіру; қоршаған ортаны қорғау саласында ағарту жүйесін дамыту.

Министрліктің құрылымы: басшылық; қоршаған ортаны қорғау бас мемлекеттік инспекциясы департаменті; талдау және жоспарлау департаменті; мемлекеттік экологиялық сараптау және қоршаған орта мониторингі департаменті; басқару және қаржы департаменті; **Геология және жер қойнауын қорғау комитеті (заңды тұлға құқығында).**

Таратылған **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне берілді³.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті мен Су ресурстары жөніндегі комитеті** құрылды⁴.

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылды. Функциялары, геология және жер қойнауын қорғау саласындағы өкілеттіктері ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігіне берілді⁵.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 16 қаңтардағы** қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді: Геология және жер қойнауын қорғау комитеті министрлік ведомстволарының қатарынан шығарылды⁶.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті** болып қайта ұйымдастырылды⁷.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі** болып қайта құрылды, су ресурстарын, орман, балық және аң шаруашылығы саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне** берілді⁸.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 6 қарашадағы** қаулысымен министрліктің қоршаған ортаны қорғау министрлігі таратылды⁹. ҚР Табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің

аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы №6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999, 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 31 наурыздағы №347 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №11, 109-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы №235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №49, 462-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 қарашадағы №1693 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №50, 489-құжат).

⁵ «Жекелеген мемлекеттік органдарды қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы №507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, №52-53, 589- құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 16 қаңтардағы № 51 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1-2, 14-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, №28, 307-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің кейбір мәселелері» Үкіметінің 2002 ж. 6 қарашадағы № 1173 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 39, 398-құжат).

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті (1999–2002)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі құзыретінің шегінде қоршаған ортаны қорғау саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 17 ақпандағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитеттің негізгі міндеттері: қоршаған ортаның қорғалуын және табиғи ресурстардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету; қоршаған ортаның мониторингін ұйымдастыру; мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу; қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру және осы саладағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын ұйымдастыру және т.б.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өзінің аймақтық басқармалары болды.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігі** **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі** болып қайта құрылды³.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 6 қарашадағы** қаулысымен комитет таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 қарашадағы №1693 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №50, 489-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қоршаған ортаны қорғау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 17 ақпандағы №260 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, №9-10, 100-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 6 қарашадағы № 1173 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 39, 398-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
(2002–2014)**

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен *ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 6 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді². ҚР Табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Ережеге сәйкес министрлік қоршаған ортаны қорғау саласындағы басшылықты, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің мемлекеттік мекемелерінің ұйымдық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары – облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы қоршаған ортаны қорғау басқармалары және республикалық инспекциялық басқармасы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды және табиғатты қорғау заңнамасын, экологиялық талаптар нормативтерін сақтауды қамтамасыз ету; қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау жүйесін, өзінің құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістерін жетілдіру; қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру және табиғатты пайдалану жүйесін оңтайландыруға қатысу; қолданыстағы заңнаманы жетілдіру; қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және қатысу; қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық тарату жүйесін және ағартушылықты дамыту.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен *ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің* жер қойнауын қорғау жөніндегі бақылау-қадағалау функциялары ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне берілді³.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 28 қазандағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді. *Министрліктің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті* құрылды⁴.

Министрлік қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру жөніндегі басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің негізгі міндеті қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу болды.

Министрліктің ведомствосы – Табиғатты қорғауды бақылау комитеті, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары-облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармалары болды.

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 8 желтоқсандағы* қаулысымен *министрліктің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті* болып қайта ұйымдастырылды⁵. Министрліктің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді.

Осы қаулымен министрлік туралы жаңа ереже және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді.

Министрлік қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану және қоғамның экологиялық орнықты дамуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің ведомствосы: Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

Министрліктің негізгі міндеті: Қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне

кол жеткізу; қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалану және орнықты даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі басшылық және салааралық үйлестіру; қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалану және қоғамның экологиялық орнықты дамуын қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру; өз құзыретінің шегінде қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін және қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістерін жетілдіру; қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру және орнықты даму үшін табиғатты пайдалану жүйесін оңтайландыруға қатысу; қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту; қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратты тарату және ағарту жүйесін дамыту; табиғат қорғау заңнамасының, экологиялық талаптардың нормативтерінің сақталуына мемлекеттік экологиялық бақылауды қамтамасыз ету.

ҚР Президентінің **2013 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен министірлік **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінен** – жерді гидромелиорациялау мақсатында су пайдаланушыларға немесе олардың бірлестіктеріне дейін су жеткізу және бұру; **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен** – жерасты сулары бөлігінде жер қойнауын геологиялық зерделеуді қоспағанда, жерасты суларын ұтымды және кешенді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, қайта құру жолымен **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі** етіп қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен министрліктерді қайта құрылымдау нәтижесінде министрлік таратылды⁷. Оның балық шаруашылығын дамыту, су ресурстарын басқару, ормандар, жануарлар дүниесі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктері **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне**, табиғи ресурстарды қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату, жаңартылатын энергия көздерін дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, «жасыл экономиканы» дамытудың мемлекеттік саясатын бақылау саласындағы функциялар мен өкілеттіктері **ҚР Энергетика министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 6 қарашадағы № 1173 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 39, 398-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, №36, 474-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1113 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 40, 524-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 8 желтоқсандағы №1201 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, №46, 554-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 29 қазандағы № 677 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 62, 833-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті (2004–2007)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар саласында мемлекеттік бақылау мен бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік орган болды.

Комитеттің негізгі міндеті экологиялық қауіпсіз ортаны құру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жедел инспекциялық әрекет ету басқармасы; жоспарлау және нормативтік құқықтық талаптардың сақталуын бақылау басқармасы; бақылау-қадағалау қызметінің нәтижелерін бағалау басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 22 маусымдағы** қаулысымен комитеттің құрылымы жаңа редакцияда мазмұндалды: басшылық; қоршаған ортаның жағдайын бақылау басқармасы; бақылау қызметін бағалау және жоспарлау басқармасы⁴.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 8 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті** болып қайта ұйымдастырылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі №1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы №1113 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 40, 524-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы №1126 қаулысы (ПҰАЖ, 2004, № 42, 535-құжат)

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы №1126 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 22 маусымдағы № 571 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 23, 231-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 8 желтоқсандағы №1201 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 46, 554-құжат).

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті (2007–2013)

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 8 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Осы қаулымен ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды, комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді.

Комитет ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (экология басқармалары) экология департаменттері болып қайта аталды².

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 8 желтоқсандағы № 1201 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 46, 554-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 11 наурыздағы № 236 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/38223/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 74, 980-құжат).

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті (2013–2014)

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті** болып қайта аталды¹.

Комитет **ҚР Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігінің** қоршаған ортаны және табиғи ресурстарын қорғау саласындағы реттеу функцияларын және мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын ведомствосы болды².

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетіне** біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 74, 980-күжат).

² «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы» ҚР Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрінің 2014 ж. 20 қаңтардағы № 11-Ө бұйрығы (Казахстанская правда, 2014 ж. 5 ақпан).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 555-күжат).

**Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу,
бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті
(2014–2016)**

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен **ҚР Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті** мен **ҚР Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетін** біріктіру жолымен құрылған¹.

Комитет **ҚР Энергетика министрлігінің ведомствосы** болды және мұнай-газ кешенінде экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция функцияларын жүзеге асырды.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті **Экологиялық реттеу және бақылау комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 555-күжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 шілдедегі № 409 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 40, 241-күжат).

**Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
Экологиялық реттеу және бақылау комитеті
(2016–2019)**

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен **Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылған¹.

Комитет **ҚР Энергетика министрлігінің ведомствосы** болды және экологиялық реттеу мен бақылау функцияларын жүзеге асырды.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 5 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 шілдедегі № 409 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 40, 241-күжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат).

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (2019–2023)

ҚР Президентінің *2019 ж. 17 маусымдағы* Жарлығымен министрлік *ҚР Энергетика министрлігінің* қоршаған ортаны қорғаудың, тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеудің мемлекеттік саясатын қалыптастыру және іске асыру, табиғи ресурстарды қорғау, оларды ұтымды пайдалануды бақылау және қадағалау саласындағы; *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің* су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру, орман шаруашылығы саласындағы; *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің* мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 5 шілдедегі* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг, «жасыл экономиканы» дамыту, қалдықтармен жұмыс істеу (медициналық, биологиялық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда), табиғи ресурстарды қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, басқару процестерін үйлестіру салаларында басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің ведомстволары: *Экологиялық реттеу және бақылау комитеті; Геология комитеті; Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті; Су ресурстары комитеті.*

ҚР Үкіметінің *2020 ж. 31 желтоқсандағы* қаулысымен комитет одан *Балық шаруашылығы комитетінің* бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылды³.

ҚР Президентінің *2023 ж. 2 қаңтардағы* Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылып, *ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі* болып өзгертілді; мемлекеттік геологиялық кен-ішкі құрылымды зерттеу, минералды-шикізаттық базаны молайту саласындағы функциялар мен өкілеттіктер *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне* берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 17 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 22, 203-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 31 желтоқсандағы № 955 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 69-70, 444-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 2 қаңтардағы № 80 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 1, 1-құжат).

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті (2019–2023)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 5 шілдедегі* қаулысымен *ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болды².

Негізгі міндеттері: қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу; табиғи ресурстарды сақтау, ұтымды пайдалану және қалпына келтіру болып табылады; қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін өз құзыреті шегінде жетілдіру; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу; эмиссияларды ұйымдастыру, үйлестіру, нормалау және экологиялық рұқсаттарды беруді жүзеге асыру; кешенді экологиялық реттеуді беруді жүзеге асыру; мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 20 қаңтардағы** қаулысымен комитет **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті** деп қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/133479/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 31 шілде).

² «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті республикалық мемлекеттік мекемесі мен оның аумақтық органдарының ережесін бекіту туралы» ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің жауапты хатшысының 2019 ж. 30 шілдедегі № 5-П бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/134001/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 19 тамыз).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 80 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 20 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 2, 11-құжат).

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі (2) (2023*)

ҚР Президентінің **2023 ж. 2 қаңтардағы Жарлығымен ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде қайта құрылды¹.

Ережеге сәйкес министрлік қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг, «жасыл экономиканы» дамыту, қалдықтармен жұмыс істеу (медициналық, биологиялық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда), табиғи ресурстарды қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, басқару процестерін үйлестіру салаларында басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылады².

Негізгі міндеттері: қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг, табиғи ресурстарды қорғауды, пайдалануды және молықтыруды мемлекеттік бақылау, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу (медициналық, биологиялық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда) салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау, қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері, «жасыл экономиканы» дамытудың мемлекеттік саясатын бақылау және іске асыру салаларында мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру, өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану салаларында, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту салаларында өз құзыреті шегінде техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілермен және нормативтік-техникалық құжаттармен қамтамасыз ету; Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметін

үйлестіруді жүзеге асыру; Министрліктің құзыретіне жатқызылған салаларда халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру; табиғи ресурстарды сақтау, ұтымды пайдалану және қалпына келтіру; қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар саласында ақпарат тарату мен ағарту жүйесін дамыту; қоршаған ортаны қорғау саласында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, халықаралық ынтымақтастықты дамыту; қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг саласында басшылық жасау және салааралық үйлестіру; реттелетін салаларда мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету; биологиялық әртүрлілікті сақтау; орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша басшылық жасау және салааралық үйлестіру; орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру; орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру; орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту; орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету және т.б.

Министрліктің ведомстволары: *Экологиялық реттеу және бақылау комитеті; Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті.*

ҚР Президентінің *2023 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығымен министрлік оған су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, *ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігін* бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 2 қаңтардағы № 80 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 1, 1-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат). Министрлік туралы ереженің атауына «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 3 тамыздағы № 643 қаулысымен (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 36, 291-құжат) өзгеріс енгізілді (Құрастырушылардың ескертпесі).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралары туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті (2023*)

ҚР Үкіметінің *2023 ж. 20 қаңтардағы* қаулысымен комитет *ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің (2)* экологиялық реттеу және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады².

Комитеттің негізгі міндеттері мыналар: қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу; табиғи ресурстарды сақтау, ұтымды пайдалану және қалпына келтіру болып табылады; қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін өз құзыреті шегінде жетілдіру; Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу; эмиссияларды ұйымдастыру, үйлестіру, нормалау және экологиялық рұқсаттарды беруді жүзеге асыру; кешенді экологиялық рұқсат беруді жүзеге асыру; мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру; Комитеттің аумақтық экология департаменттеріне басшылықты және олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ оларды әдістемелік қамтамасыз ету; қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратты тарату және ағарту жүйесін дамыту; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту; өз құзыреті шегінде комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 80 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 20 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 2, 11-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті республикалық мемлекеттік мекемесі мен оның аумақтық органдарының ережесін бекіту туралы» ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 ж. 24 ақпандағы № 65-П бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурсы]: URL <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/178902/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 6 наурыз).

3.2 Геодезия және картография саласында басқару органдары

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы (Қазгеодезия) (1992–1995)

КСРО Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография комитетінің (КСРО Мемгеодезия) Қазақ аэрогеодезия кәсіпорны орталық аппаратының және КСРО Мемгеодезиясының Қазақ аймақтық мемлекеттік геодезиялық қадағалау инспекциясының негізінде ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 10 қаңтардағы* қаулысымен құрылды¹. Қазгеодезияның құрамына ҚР аумағындағы КСРО Қазгеодезиясының барлық ұйымдары мен кәсіпорындары кірді.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 31 наурыздағы* қаулысымен Қазгеодезия туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Қазгеодезия топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды басқарудың республикалық мемлекеттік органы болды және ҚР-да геодезиялық қадағалауды жүзеге асырды.

Қазгеодезияның негізгі міндеттері: ҚР халық шаруашылығының, ғылымының, қорғанысының және халқының қажеттерін түсірімдердің, карталардың барлық түрлерімен, геодезиялық және нивелирлік деректермен, инженерлік-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіру, оларды орындау технологиясының сақталуын бақылау мен қадағалау, сондай-ақ осы аталған жұмыстарды орындаушы кәсіпорындар мен ұйымдарға лицензиялар беру.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 9 қарашадағы* қаулысымен Қазгеодезия орталық аппаратының құрылымы бекітілді: жоспарлы-техникалық басқарма; геодезиялық қадағалау мемлекеттік инспекциясы; қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасы; жалпы бөлім³.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қаңтардағы* Жарлығымен ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы *ҚР Геодезия және картография бас басқармасы* болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 10 қаңтардағы №19 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №1, 15-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 31 наурыздағы № 301 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 13, 222-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы №1248 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 14 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы №2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасы (Қазгеодезия) (1995–1996)

ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасының қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы Жарлығымен құрылды¹.

Қазгеодезия топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды басқарудың республикалық мемлекеттік органы болды және ҚР геодезиялық қадағалауды жүзеге асырды.

Қазгеодезияның негізгі міндеттері: ҚР халық шаруашылығының, ғылымының, қорғанысының және халқының қажеттерін түсірімдердің, карталардың барлық түрлерімен, геодезиялық және нивелирлік деректермен, инженерлік-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіру, оларды орындау технологиясының сақталуын бақылау мен қадағалау, сондай-ақ осы аталған жұмыстарды орындаушы кәсіпорындар мен ұйымдарға лицензиялар беру².

ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы қаулысымен Қазгеодезия орталық аппаратының құрылымы бекітілді: қаржы-экономикалық бөлім; геоаппараттық жүйелер бөлімі; геодезиялық қадағалау және режим мемлекеттік инспекциясы; әкімшілік-шаруашылық бөлімі³.

ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы Жарлығымен Қазгеодезия таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне* берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы №2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №33, 409-құжат).

² Жаңа Ереже бекітілмеді. «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография Бас басқармасының ережесін бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 31 наурыздағы № 301 қаулысына (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 13, 222-құжат) өзгеріс енгізілді: атауында және мәтінінде «Министрлер Кабинеті жанындағы» сөздері алынып тасталды (Құрастырушылардың ескертпесі).

³ «Қазақстан Республикасы Геодезия және картография бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1799 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁴ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, №43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті (2019–2024)

1996–2019 жж. аралығында геодезия және картография саласындағы басқару мәселелері келесі мемлекеттік органдардың құзыретіне кірді: ҚР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті, ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі, ҚР Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 12 шілдедегі** қаулысымен **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында мемлекеттік саясат шараларын іске асыру².

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 27 сәуірдегі** қаулысымен комитет таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2019 ж. 2 тамыздағы № 186/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/133898/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 14 тамыз).

³ «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 27 сәуірдегі № 342 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 17, 117-құжат).

3.3 Гидрометеорология және қоршаған ортаның мониторингі саласын басқару органдары

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы (Қазгидромет) (1992–1995)

Таратылған КСРО Гидрометеорология жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақ республикалық Гидрометеорология жөніндегі басқармасының негізінде ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 8 маусымдағы** қаулысымен Қазгидромет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Қазгидромет **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық еткен ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды.

Бас басқарма, гидрометеорология жөніндегі аймақтық және облыстық орталықтар, гидрометеорологиялық обсерваториялар мен бюролар, ғылыми-зерттеу мекемелері, бақылау стансалары мен постылары және басқа да оған қарасты мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар бірыңғай жүйе құрады.

Қазгидрометтің негізгі міндеттері: республикада гидрометеорологиялық мониторинг және табиғи орта мониторингі саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу; атқарушы билік органдарына, құқық қорғау органдарына, бұқаралық ақпарат құралдарына, республиканың ұйымдарына, кәсіпорындарына, мекемелеріне және басқа да тұтынушыларға өтеусіз және шарттық негізде табиғи ортаның жай-күйі туралы гидрометеорологиялық ақпарат пен деректерді беру; мемлекеттік гидрометеорологиялық желіні және пункттерді күтіп-ұстау және дамыту табиғи ортаның жай-күйін бақылау; қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді метеорологиялық, гидрологиялық және агрометеорологиялық болжамдарды әзірлеу және жасау, гидрометеорологиялық құбылыстарды, климаттың өзгеруін, жер бетіндегі радиациялық жағдайды зерделеу; стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстардың пайда болуы туралы ескерту; ҚР ұйымдарының, кәсіпорындарының, мекемелерінің мүдделерінде гидрометеорологиялық процестер мен құбылыстарға белсенді әсер ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; Гидрометеорология және жер бетіндегі радиациялық жағдай бойынша Республикалық қорды жүргізу табиғи орта; ҚР аумағында басқа ұйымдар алған гидрометеорологиялық деректерге мемлекеттік сараптама жүргізу; өз

құзыреті шегінде заңнамалық және заңға тәуелді актілердің жобаларын әзірлеу; басқа мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен гидрометеорологиялық мониторинг және табиғи орта мониторингі саласында белгіленген тәртіппен ынтымақтастықты жүзеге асыру.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 9 қарашадағы** қаулысымен Қазгидромет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: гидрометеорологиялық қамтамасыз ету бөлімі; мемлекеттік бақылау жүйесі бөлімі; өндіріс бөлімі; экономика бөлімі; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; халықаралық ынтымақтастық және ақпарат бөлімі; кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі; жалпы бөлім³.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма **ҚР Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы** болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 8 маусымдағы № 509 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №23, 362-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы № 1244 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 14 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы №2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы (Қазгидромет) (1995–1997)

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР мемлекеттік басқармасының орталық атқарушы органы болды.

Қазгидромет, басты ұйымдар, аймақтық органдар, ғылыми-зерттеу мекемелері, байқау стансалары мен постары және басқа да оған қарасты мемлекет пен кәсіпорындар бірегей жүйені құрайды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен² Қазгидромет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; гидрометеорологиялық қамтамасыз ету және мониторинг бөлімі; өндірістік-техникалық бөлім; кадр бөлімі; жалпы бөлім; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; халықаралық ынтымақтастық және ақпарат секторы.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 13 мамырдағы** қаулысымен³ Қазгидромет туралы ереже бекітілді.

Қазгидрометтің негізгі міндеттері мыналар болды: республикада гидрометеорологиялық мониторинг және табиғи орта мониторингі саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу; атқарушы өкімет органдарына, құқық қорғау органдарына, бұқаралық ақпарат құралдарына, республика ұйымдары мен кәсіпорындарына, мекемелеріне және басқа да тұтынушыларға табиғи ортаның жай-күйі туралы ақпараттар мен мәліметтер беру; мемлекеттік гидрометеорологиялық жүйелер мен табиғи ортаның ластану жайын бақылау пункттерін ұстау және дамыту; қысқа және ұзақ мерзімді метеорологиялық, гидрологиялық және агрометеорологиялық болжауды әзірлеу мен жасау, гидрометеорологиялық құбылыстарды, климат өзгерістерін, жер бетінің радиациялық ахуалын зерделеу; гидрометеорологиялық табиғи құбылыстардың алдын алу; гидрометеорологиялық және табиғи ортаның жай-күйі жөніндегі республикалық қорды жүргізу және т.б.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен Қазгидромет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; гидрометқамтамасыз ету бөлімі; өндірістік-жүйелік бөлімі; қаржы-экономикалық бөлім; кадр және іс жүргізу бөлімі⁴.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен бас басқарма таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР *Экология және биоресурстар министрлігіне* берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1787 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 13 мамырдағы № 590 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 20, 178-құжат).

⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 303-б.

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта
мониторингі жөніндегі агенттігі
(Экобиоресурсминінің Гидрометеорология жөніндегі агенттігі)
(1997)

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы** таратылғаннан кейін құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 5 тамыздағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік гидрометеорология және табиғи орта мониторингі саласында мемлекеттік басқарушы орган болды.

Агенттіктің аймақтық органдары – гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі облыстық орталықтары болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: республикада гидрометеорология және табиғи орта мониторингі саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу; мемлекеттік органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына, республиканың шаруашылық кешені ұйымдары мен кәсіпорындарына және басқа да тұтынушыларға гидрометеорологиялық ақпарат және ауа райы, табиғи ортаның жай-күйі туралы деректер беру; мемлекеттік гидрометеорологиялық жүйелер мен табиғи ортаның жай-күйін бақылау пункттерін ұстау және дамыту; ауа райының метеорологиялық, гидрологиялық және агрометеорологиялық, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу және жасау, гидрометеорологиялық құбылыстарды, климаттың өзгеруі, жер бетіндегі радиациялық ахуалды зерделеу; гидрометеорологиялық зілзала құбылыстарының ықтималдығы туралы ескерту; гидрометеорологиялық және табиғи ортаның ластануы жөніндегі республикалық деректер қорын жүргізу және т.б.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен агенттік таратылды³. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне берілді**.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 5 тамыздағы № 1216 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №35, 332- құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы №3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

3.4 Геология және жер қойнауын барлау саласында басқару органдары

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті (1991–1992)

Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті ретінде құрылды¹.

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің *1991 ж. 31 қазандағы* қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомитет геологиялық-барлау саласын мемлекеттік басқару республикалық органы болды және Қазақ КСР Министрлер Кабинетіне бағынысты болды.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: республиканың минералдық шикізат базасын барынша дамытуды қамтамасыз ету және пайдалы қазбалардың барланған қорын әзірлеу, оларды тиімді пайдалану жағдайларына болжам жасап, баға беру үшін қажетті мағлұмат алу, болашақ құрылыс объектілерін перспективалық тұрғыдан орналастыру үшін инженерлік-геологиялық негіз әзірлеп, геологиялық болжам жасау, жер қойнауы жайлы білімді арттырарлықтай және қауіпсіз етіп пайдалану ісін ұйымдастыруға жәрдемдесетін басқа да мағлұмат алу мақсатымен жер қойнауын геологиялық тұрғыдан зерттеу; геологиялық-барлау жұмыстарын, пайдалы қазбалар өндіру және жер қойнауын басқа да мақсаттарда пайдалану жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік есепке алып, лицензия беру, пайдалы қазбалардың қоры мен өнеркәсіптік сапалық сипатын мемлекеттік деңгейде бекіту, қорларды есептен шығару, жер қойнауын пайдаланудың экономикалық тетігін әзірлеу, жер қойнауының жай-күйі мен минералдық шикізаттың конъюнктурасына жүйелі талдау жасау, жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау негізінде жер қойнауын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар жүйесін жасау, оны жетілдіру және минералдық шикізат кешенінің қызметіне енгізу.

ҚР Президентінің *1992 ж. 7 ақпандағы* Жарлығымен мемкомитет *ҚР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі* болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақ КСР-да мемлекеттік басқару органдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы №172 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991, № 2, 21-құжат).

² «Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитет туралы ережені бекіту туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 31 қазандағы № 662 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 24, 179-құжат).

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі (ҚР Геомині) (1992–1997)

ҚР Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1992 ж. 7 ақпандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 3 тамыздағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік ҚР геологиялық-барлау саласын мемлекеттік басқару және жер қойнауының қорғалуын бақылау орталық органы болды. Өз қызметінде *ҚР Министрлер Кабинетіне* бағынды.

Министрліктің негізгі міндеттері: пайдалы қазбаларға мемлекеттің қажетін қанағаттандыру және жер қойнауы ұтымды пайдаланылуын бақылау мақсатымен ҚР жер қойнауын геологиялық зерделеу мен пайдалану жұмыстарын мемлекеттік реттеу; минералды шикізат базасын

дамытудың, минералды ресурстарды ұтымды әрі кешенді пайдаланудың және жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу; пайдалы қазбаларды өндіруге және кенді жерлерді есепке алудың, тіркеудің, актілер берудің, геологиялық-барлау жұмыстарын лицензиялаудың және жер қойнауы жайында ақпарат берудің мемлекеттік жүйесін әзірлеу, ұйымдық қамтамасыз ету мен басқару; минералды-шикізат базаларын дамытуда инвестицияларды оңтайландыру; барлық жер қойнауын пайдаланушылардың заңды және жер қойнауын пайдаланудың, оны қорғаудың белгіленген тәртібін сақтауын мемлекеттік бақылау, жер қойнауы жай-күйінің мемлекеттік есебін жүргізу және есеп беріп тұру.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 8 шілдедегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді³. Геологиялық зерделеу, жер қойнауын қорғау және пайдалану саласында ҚР мемлекеттік басқару орталық органы статусы, ҚР Министрлер Кабинетіне тікелей бағыныстылығы және негізгі міндеттері сақталынды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 9 қарашадағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық және басшылық жанындағы аппарат; мұнай және газ жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы (жетекші); қатты пайдалы қазбалар жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы (жетекші); экономика, қаржыландыру және бухгалтерлік есеп басқармасы (жетекші); жер қойнауын қорғау басқармасы (жетекші); гидрогеология бөлімі (жетекші); нормативті-құқықтық сектор; бірінші бөлім; кадр бөлімі⁴.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық және басшылық жанындағы аппарат; мұнай және газ жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы; қатты пайдалы қазбалар жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы; қаржыландыру-экономика басқармасы; жер қойнауын қорғау басқармасы; гидрогеология бөлімі; нормативтік-құқықтық сектор; бірінші бөлім; кадр бөлімі⁵.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 11 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымына толықтырулар мен өзгертулер енгізілді: гидрогеология және жер асты суларының мониторингі басқармасымен толықтырылды⁶. Гидрогеология бөлімі алынып тасталынды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық және басшылық жанындағы аппарат; мұнай және газ жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы; қатты пайдалы қазбалар жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы; гидрогеология және жер асты суларының мониторингі басқармасы; қаржыландыру-экономика басқармасы; жер қойнауын қорғау басқармасы; гидрогеология бөлімі; нормативтік-құқықтық сектор; бірінші бөлім; кадр бөлімі⁷.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен министрлік таратылды⁸. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі **ҚР Энергетика және табиғи ресурстар министрлігіне** берілді.

¹ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы №600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №4, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 3 тамыздағы №644 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №31, 473-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 8 шілдедегі №763 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №28, 315-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы №1241 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 14 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1784 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁶ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 307-б.

⁷ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 307-б.

⁸ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің
Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті
(1997)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 17 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет геологиялық зерделеу, жер қойнауын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік басқару органы болды. Комитет арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және саланы мемлекеттік басқаруға басшылықты дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР жер қойнауын геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану қатынастарын мемлекеттік реттеу; жер қойнауының минералды ресурстарды геологиялық зерделудің, ұтымды және кешенді пайдаланудың, жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын әзірлеу және іске асыру; мемлекет мұқтажы үшін геологиялық зерттеулерді жүргізуге мемлекеттік тапсырысшы функцияларын жүзеге асыру; құзыретіне жатқызылған қызмет түрлеріне лицензияр функциясын атқару; ҚР-да жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру және т.б.

Комитеттің жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аймақтық басқармалары болды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен комитет таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 сәуірдегі № 645 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 17, 149-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 17 шілдедегі №1124 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 33, 299-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы №3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің
Геология және жер қойнауын қорғау комитеті
(1997–1999)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 20 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет геологиялық зерделеу, жер қойнауын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік басқару органы болды. Комитет арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіру мен салалық мемлекеттік басқаруды дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР жер қойнауын геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану қатынастарын мемлекеттік реттеу; жер қойнауын тұрақты жақсартуды және оларды пайдалануды қамтамасыз ету; геологиялық зерделудің, минералды ресурстарды тиімді және кешенді пайдаланудың жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік бағдарламаларының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу; жер қойнауы мониторингі мен жер қойнауын пайдаланудың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету және т.б.

Комитеттің аумақтық басқармалары және жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі облыстық инспекциялары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; геологиялық зерделеуді талдау, болжау және минералды-шикізат базасын дамыту басқармасы; жер қойнауын қорғау басқармасы; ұйымдастыру-құқықтық бөлім.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Үкіметінің жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты комитет министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне** берілді³.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 309-б.

² «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы №1785 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 55, 503-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы №6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті (1999–2001)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 13 тамыздағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің** құзыреті шегінде геологиялық зерделеу және жер қойнауын қорғау, пайдалану саласындағы арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жер қойнауын қорғау саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР геологиялық зерделеу, жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі қатынастарды мемлекеттік реттеу; жер қойнауын қорғаудың тұрақты жақсартылуы олардың тепе-теңдікте пайдаланылуын қамтамасыз ету; геологиялық зерделеу, минералды ресурстарды тиімді және кешенді пайдалану және жер қойнауын қорғау мемлекеттік бағдарламаларының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу; атқарушы органдары мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауы туралы заңнамасы мен жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.

Комитеттің құрылымы: басшылық; минералдық-шикізат базасын геологиялық зерделеу және дамыту мониторингі басқармасы; жерасты сулары және қауіпті геологиялық процестері мониторингі басқармасы; жер қойнауын қорғау басқармасы; пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы басқармасы; экономика және нормативтік әдістемемен қамтамасыз ету басқармасы.

Комитеттің аумақтық органдары: Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалар³.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен комитет ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті болып қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 15 ақпандағы** қаулысымен комитеттің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары – мемлекеттік мекемелері ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары – мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 31 наурыздағы №347 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №11, 109-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 13 тамыздағы №1158 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №40, 355-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 15 ақпандағы №245 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, №7, 91-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы №133 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, №3, 37-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 15 ақпандағы № 232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 6, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті (2001–2004)

ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Үкіметінің **2001 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 15 ақпандағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді². *ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі* Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары – мемлекеттік мекемелері ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары – мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі* құзыретінің шегінде жер қойнауын геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану саласында арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жер қойнауын қорғау саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің аумақтық органдары: Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары.

Комитеттің негізгі міндеттері: жер қойнауын ұтымды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; ҚР жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану жөніндегі қатынастарды мемлекеттік реттеу; жер қойнауының жай-күйін тұрақты жақсартуды және қорғауды және оларды пайдаланудың теңгерімділігін қамтамасыз ету; минералдық ресурстарды және жер қойнауын қорғауды геологиялық, ұтымды және кешенді пайдалану бағдарламаларының негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу; атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауы туралы заңнаманы және жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің жер қойнауын қорғау жөніндегі бақылау-қадағалау функциялары *ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне* берілді³.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті* болып қайта ұйымдастырылды⁴.

Комитеттің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары – мемлекеттік мекемелері ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 15 ақпандағы № 232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 6, 69-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, №36, 474-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1107 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 39, 518-құжат).

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (2004–2010)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен **ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Министрліктің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің аумақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелері Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Комитет **ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің** жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұтымды және кешенді пайдалану және жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті ҚР минералдық шикізат кешенінің сенімді ресурстық базасын жасау болып табылды.

Комитеттің аумақтық органдары: Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану аумақтық басқармалары.

Комитеттің құрылымы: басшылық; мемлекеттік құпияларды қорғау, іс жүргізу, заң және мемлекеттік қызмет бөлімі; қатты пайдалы қазбалар жөніндегі геологиялық зерттеу және жер қойнауын пайдалану басқармасы; гидрогеология және инженерлік геология басқармасы; көмірсутекті шикізатты геологиялық зерттеу және жер қойнауын пайдалану басқармасы; Пайдалы қазбалардың қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия басқармасы; экономика және қаржы басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 17 тамыздағы** қаулысымен комитетті 2007 ж. соңына дейін Көкшетау қаласынан Астана қаласына көшіру туралы шешім қабылданды³.

Комитет ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 12 мамырдағы** қаулысымен комитеттің геология және жер қойнауын пайдалану аумақтық басқармалары – мемлекеттік мекемелері комитеттің геология және жер қойнауын пайдалану аймақаралық аумақтық департаменттері – мемлекеттік мекемелері болып қайта аталды⁴.

Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің жаңа тізбесі жаңа редакцияда мазмұндалды.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі **ҚР Мұнай және газ министрлігі** болып құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды. Министрліктің электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне** берілді⁵.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті** болып қайта аталды⁶. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері де қайта аталды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1107 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 39, 518-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің комитеттерін Астана қаласына көшіру туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 17 тамыздағы №700 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000700_info (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 12 мамырдағы № 437 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 24, 232-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы №936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (2010–2014)

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы Жарлығына*¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2010 ж. 14 мамырдағы* қаулысымен² *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің* қайта аталуының нәтижесінде құрылды.

ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта аталды.

Комитет *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің* ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 19 қыркүйектегі* қаулысымен комитет *ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне* ауыстырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы №936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы №416 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 995 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 57, 546-құжат).

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (2014–2018)

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 19 қыркүйектегі* қаулысымен құрылды¹.

Комитет реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, жер қойнауын мемлекеттік басқару салаларындағы Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын *ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің* ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

ҚР Президентінің *2018 ж. 26 желтоқсандағы Жарлығымен ҚР Инвестициялар және даму министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі* болып қайта ұйымдастырылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 995 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 57, 546-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (2018–2019)

ҚР Президентінің *2018 ж. 26 желтоқсандағы Жарлығымен*¹ комитет ҚР Үкіметінің *2018 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен² *Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды.

Комитет ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің құзыреті шегінде әрекет ететін реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ министрліктің жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын молайту салаларындағы стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын мемлекеттік орган және ведомство болды.

Комитеттің міндеті – жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын молайту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 5 шілдедегі* қаулысымен комитет *ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті* болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2018, № 70, 466-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат).

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті (2019–2023)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 5 шілдедегі* қаулысымен комитет *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің* құзыреті шегінде жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын молайту салаларында министрліктің стратегиялық функцияларын іске асыруға қатыса отырып, реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыруда әрекет ететін мемлекеттік орган және ведомство болды².

Комитеттің міндеті: жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын молайту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығына сәйкес **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі** қайта ұйымдастырылды. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу саласындағы функциялар мен өкілеттіктер **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 5 шілдедегі № 479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 26-27, 236-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитетінің ережесін бекіту туралы» ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Жауапты хатшысының 2019 ж. 1 тамыздағы № 7-П бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/134214/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 22 тамыз).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті (2023*)

Комитет **2023 ж. 1 қыркүйектегі** ҚР Президентінің Жарлығын іске асыру шеңберінде құрылды¹.

Комитет реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру салаларындағы министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Миссиясы: еліміздің барлық өндірістік салаларын белсенді дамыту үшін минералдық-шикізат базасын толықтыру мақсатында Қазақстан аумағының геологиялық зерделенуін арттыру.

Міндеті: жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру².

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті туралы» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту» ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 ж. 3 қазандағы № 18 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/186948/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 12 қазан).

**4. Көлік, құрылыс, сәулет және тұрғын-үй
коммуналдық шаруашылық, байланыс,
ақпараттандыру және инновациялар саласында
басқару органдары**

4.1 Көлік басқару органдары

Қазақстан Республикасының Автомобиль жолдары министрлігі (Көлік министрлігі) (1991–1992)

1968 ж. 25 қыркүйекте Қазақ КСР Автомобиль жолдары министрлігі ретінде құрылды¹. ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен ҚР Автомобиль жолдары министрлігі таратылды². Оның базасында **ҚР Көлік құрылыс министрлігі** құрылды.

¹ Қазақ КСР-інің мемлекеттік мекемелері. Қазақ КСР-інің халық шаруашылығын басқару органдары (1937–1977 жж.), Алматы, 1989, 297-б.

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуын және қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасының Қазақ азаматтық авиация басқармасы (ҚААБ) (1991–1993)

КСРО Қазақ азаматтық авиация басқармасы ретінде 1964 ж. 15 қыркүйектен жұмыс істеп келеді¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 2 шілдедегі қаулысымен ҚААБ жарғысы бекітілді².

Қазақ азаматтық авиация басқармасы (мемлекеттік бірлестік) (ары – басқарма) азаматтық авиацияның мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарын қамтиды және ҚР халық шаруашылығының көлік кешеніне кірді.

ҚААБ негізгі міндеті: халық шаруашылығының және халықтың әуе тасымалына, авиациялық жұмыстарға және басқа қызметтерге деген қажетін қанағаттандыру мақсатында оның құрамына кіретін мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың бірлескен қызметін ұйымдастыру.

ҚААБ қызметінің негізгі бағыттары: ішкі және халықаралық әуе жолдарында жолаушы, багаж, жүк және почта тасымалдауды; мемлекеттік тапсырыс, заңды ұйымдармен және жеке адамдармен, оның ішінде шетелдік заңды ұйымдармен және жеке адамдармен шарттар бойынша авиациялық жұмыстарды; азаматтық әуе кемелері мен аэродромдарды ұшырып және техникалық пайдалануды, сондай-ақ басқа да авиатасымалдаушылардың кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді; жобалау, құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары; ҚР әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету; сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру және т.б.

Басқарманың өндірістік-шаруашылық қызметін басқаратын жоғары орган мемлекеттік кәсіпорын басшыларынан, азаматтық авиацияның құрылымдық бөлімшелері мен ұйымдарынан, Басқарма бастығы мен оның орынбасарларынан тұратын Кеңес болды.

Кенестің атқарушы органы ҚААБ аппараты болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 21 қаңтардағы қаулысымен **ҚР Көлік министрлігіне** Азаматтық авиацияны мемлекеттік басқарудың мынадай функциялары жүктелді: ҚР аумағында азаматтық авиация субъектілерінің қызметін реттейтін заңнамалық және заңға бағынысты актілер, стандарттар, нормалар, ережелер мен рәсімдердің жобаларын әзірлеу; ҚР азаматтық авиацияны дамытудың тұжырымдамаларын, мемлекеттік және мемлекетаралық бағдарламаларын әзірлеу; мемлекетаралық және халықаралық авиация ұйымдарында ҚР азаматтық авиациясын таныту, азаматтық авиация саласында мемлекетаралық шарттардың жобаларын әзірлеу және оларды бекітуге қатысу және т.б.³

Басқарма, оның құрамына кіретін ҚР әуе көлігі кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін мемлекеттік басқару, сондай-ақ басқа бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдардың азаматтық авиация субъектілерінің қызметін реттейтін әуе заңнамасы, заңнама және нормативтік актілерді сақтауына

бақылау жасау, азаматтық әуе кемелері мен әуежайлардың ұшу ережелері, ұшу жарамдылығы нормаларының орындалуын қадағалау, объектілер мен авиамамандарын сертификаттау жөнінде талап ету функциялары сақталынды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 27 тамыздағы** қаулысымен ҚААБ қайта ұйымдастырылды⁴. Мемлекеттік пайдаланудағы авиакәсіпорындар мен құрылымдық бөліктер негізінде кәсіпорындық мәртебесі және заңды ұйым құқы бар «Қазақстан әуе жолы» ұлттық акционерлік авиакомпаниясы құрылды. Азаматтық авиацияның (авиажөндеу заводтары, Қазақ мемлекеттік «Қазәуежобалау» жобалау-іздігі және ғылыми-зерттеу институты, Ақтөбе жоғарғы азаматтық авиация ұшқыштар училищесі және т.б.) дербес кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерін мемлекеттік басқару функциялары ҚР Көлік министрлігіне жүктелді.

¹ ҚР ОМА. 1343-к. 1-т. 258-іс.

² «Қазақ азаматтық авиация басқармасының Жарғысын бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 2 шілдедегі №576 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 27, 414-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 347-б.

⁴ «Қазақ азаматтық авиация басқармасын қайта ұйымдастыру және Қазақстан әуе жолы Ұлттық акционерлік авиакомпаниясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 27 тамыздағы № 741 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 33, 388-құжат).

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі (1) (1991–1994)

1988 ж. 31 мамырда Қазақ КСР Көлік министрлігі ретінде таратылған Қазақ КСР Автомобиль көлігі министрлігінің, Қазақ КСР МК жанындағы Өзен флоты бас басқармасының негізінде құрылды¹. Министрліктің қарамағына Қазақ КСР коммуналдық-тұрғын үй министрлігінің қалалық электрлі көлігі кәсіпорындары да берілді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес **ҚР Министрлер Кабинетіне** бағынатын мемлекеттік басқару республикалық органы болды.

Министрліктің негізгі функциялары: республиканың тасымалдауда халық шаруашылығы мен халықтың қажеттілігін қанағаттандыру жөніндегі көлік кешенінің қызметін мемлекеттік басқару және үйлестіру, көлік жұмысшыларын әлеуметтік қорғау және көлік қызметін тұтынушылар мүддесін сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету, көлік кешенінде антимонополиялық саясат жүргізу.

Қазақстанның көлік кешені республика аумағында орналасқан көлік және көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыратын барлық концерндер, одақтар, ассоциациялар мен басқа да бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, көлік құрылысы, көлік құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, көлік саласындағы ғылыми зерттеулер мен жобалаулар, сондай-ақ көлік маманы кадрларын даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі оқу-әдістемелік орталықтардың жиынтығы ретінде анықталды.

Министрліктің құрамында заңды тұлға құқығында облыстарда шаруашылық есеп бөлімшелерімен қоса **Көлік инспекциясы** қызмет етті.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 3 ақпандағы** қаулысымен министрлікке қосымша міндеттер жүктелді: республикадағы темір жолдар, азаматтық авиация, су көлігі, транспорт кешенінің бірлестіктері, концерндері, жоғары оқу орындары, басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін мемлекеттік басқару³. Аталған міндеттерді орындау үшін ҚР Көлік министрлігі орталық аппаратының құрамында темір жолдар департаменті, сондай-ақ азаматтық авиация және су көлігі жөніндегі бөлімдері құрылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 21 қаңтардағы** қаулысымен министрлікке азаматтық авиацияны мемлекеттік басқару функциялары жүктелді: ҚР аумағында азаматтық авиация

субъектілері қызметінің тәртібін реттейтін заң және заңға бағынысты актілерінің, стандарттарының, нормаларының, ережелерінің жобалары мен рәсімдерді әзірлеу; ҚР азаматтық авиациясын дамытудың тұжырымдамаларын, мемлекеттік және мемлекетаралық бағдарламаларын әзірлеу; мемлекетаралық және халықаралық авиациялық ұйымдарда ҚР азаматтық авиациясының еркін білдіру, азаматтық авиация саласында мемлекетаралық шарттардың жобаларын әзірлеу және олардың жасалуына қатысу және т.б.⁴

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 15 шілдедегі* қаулысымен министрлікке бірыңғай көлік саясатын жүргізу, саладағы жұмыс жағдайы үшін жауапты болу, қазіргі заңдарға сәйкес темір жол, авиация, автомобиль, теңіз және өзен көліктері кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін бақылау және ұйымдастыру функцияларын атқару, сондай-ақ көлік қызметінің нарығын құруға, мемлекеттің және тұтынушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған заңдардың, қаулылардың және басқа нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу жүктелді⁵. Министрлік орталық аппаратының құрамында *Автомобиль көлігінің департаменті мен Су көлігінің департаменті* құрылды. *Темір жол департаменті Темір жол көлігінің департаменті* болып аталды, орталық аппараттың басқа да құрылымдық бөлімшелері нығайтылды (шекті саны көбейтілді).

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 6 қаңтардағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁶.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР Көлік министрлігі ҚР көлік кешені қызметіне басшылық жүзеге асыратын орталық мемлекеттік басқару органы болды.

ҚР Көлік кешенінде оның аумағына тіркелген темір жол, әуе, автомобиль, су, су асты, қалалық электрмен жүретін көліктер, соның ішінде метрополитен болды.

Министрліктің негізгі мақсаттары: тасымалдау мен сонымен байланысты қызметтерде республиканың және халықтың мемлекеттік мұқтаж қажеттілігін уақтылы, сапалы қанағаттандыру, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын сақтау үшін бақылау жасау; ҚР көлік саласында экономикалық мүдделерін қорғау; көліктің барлық түрлерін дамыту тұжырымдамасы мен мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу, бірыңғай ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу; ҚР көлік кешені қызметін мемлекеттік реттеу жұмыстарын үйлестіру және функцияларын жүзеге асыру; меншік түріне қарамастан, көліктің барлық түрлерінің жұмыс істеуінің құқылық және нормативтік тәртібін анықтайтын заң жобалары мен өзгедей актілерді, стандарттарды, нормаларды әзірлеу; көлік саласында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Министрліктің құрамына басқа құрылымдық бөлімшелермен қатар темір жол, су, әуе және автомобиль көлігі департаменттері, сондай-ақ ҚР Көлік инспекциясы, оның облыстардағы бөлімдері кірді.

Министрлік жанында дербес құрылымдық бөлімшелер құқығында, заңды құқығы бар тұлға ретінде Теңіз және өзен регистрі қызмет етті, олар арқылы министрліктің теңіз және өзен флоты кемелерін сыныптау үшін техникалық қадағалау жүргізуді, ҚР қатысатын халықаралық конвенциялардың, келісімдер мен шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырды. Теңіз және өзен регистрлері туралы ережені Көлік министрі бекітті.

ҚР Президентінің *1994 ж. 13 маусымдағы* Жарлығымен министрлік таратылды⁷. Оның негізінде, сондай-ақ бұрынғы *ҚР Байланыс министрлігінің* негізінде *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі* құрылды.

¹ «Қазақ КСР халық шаруашылығын басқарудың бас сызбасы туралы» КПСС ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1988 жылғы 21 мамырдағы № 648 қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан КП ОК мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1988 ж. 31 мамырдағы № 214 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1988 ж. мамырдағы қаулылары, 126-131-б).

² «Қазақ КСР Көлік министрлігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 26 қарашадағы №737 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. қарашадағы қаулылары, 163–168-б).

³ «Қазақстан Республикасында көлік кешенін басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 3 ақпандағы № 90 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 5, 84-құжат).

⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 347-б.

⁵ «Қазақстан Республикасында көлікті басқаруды жетілдіру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 15 шілдедегі № 610 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, №29, 344-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 6 қаңтардағы № 28 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №2, 15-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1731 Жарлығы (Казахстанская правда, 14 маусым 1994 ж.).

Қазақстан Республикасының Көлік құрылысы министрлігі (1992–1993)

Таратылған **ҚР Автомобиль жолдары министрлігінің** негізінде ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 15 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік республикалық кешенді көлік құрылысын мемлекеттік басқарудың орталық органы болды.

ҚР көлік құрылысы кешенін жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын және селден қорғау құрылыстарын жобалауды, салуды, жаңғырту мен күтіп ұстауды темір жол, теңіз және өзен көлігі, азаматтық авиация, метрополитен, тоннель, көпір және басқа көлік объектілерін салуды және аталған қызмет салаларында зерттеу жұмыстарын, сондай-ақ осы кәсіпорындардың кадрларын даярлау мен біліктілігін көтеруді жүзеге асыратын республика аумағында орналасқан концерндер, одақтар, ассоциациялар және басқа бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар құрады.

Министрлік өз қызметін **ҚР Министрлер Кабинетінің** тікелей басшылығымен жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: халық шаруашылығының және халықтың көркейтілген жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары, селден қорғау және көлік құрылыстары жөніндегі қажетін болжамдау негізінде жол шаруашылығы мен көлік құрылысын дамыту тұжырымдамасын және мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу; саланың жұмыс істеу мен даму тәртібін анықтайтын заң және заңға бағынысты актілер жобаларын, стандарттар мен нормаларды талдап жасау; меншік түріне қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын және селден қорғау құрылыстарын жобалау, салу, жаңғырту, жөндеу мен күтіп ұстау, темір жолдарды, көпірлерді, тоннельдерді, метрополитендерді, ұшу-қону алаңдарын және көлік кешенінің басқа да объектілерін салу саласындағы қызметін үйлестіріп отыру, осы мәселелер бойынша бірыңғай техникалық саясат жүргізу; меншіктің және шаруашылық жүргізудің әр алуан нысандарын мемлекет меншігінен алу мен жекешелендіру ісінің дамуына көмектесу, салада бәсеке мен кәсіпкерлікке жағдай туғызу.

ҚР Президентінің **1993 ж. 21 маусымдағы** Жарлығымен министрлік таратылды. Министрліктің кәсіпорындары мен ұйымдарының негізінде «Қазақстан жолдары» мемлекеттік акционерлік компаниясы құрылды³.

¹ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы №600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №4, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көлік құрылысы министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 15 сәуірдегі №339 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №16, 252-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 346-б.

**Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің
Темір жол департаменті
(1992–1993)**

ҚР Көлік министрлігі орталық аппаратының құрамында ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 3 ақпандағы** қаулысымен құрылды¹.

Департаменттің негізгі міндеттері: жүк және жолаушы тасымалының мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру мен орналастыру, транспорт кешенінің объектілерін салу және олардың орындалуын бақылау; транспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметіне экономикалық талдау жасау, республикалық және мемлекетаралық қатынастарда транспорттың барлық түрлерімен жасалатын жүк және жолаушы тасымалы тарифтерінің деңгейі өзгерген жағдайда ұсыныстар әзірлеу және оларды белгіленген тәртіппен келісу; темір жол, әуе және су транспортының кәсіпорындары мен ұйымдарының материалдық-техникалық ресурстар жөніндегі қажетін зерделеу, олардың жылжымалы составы, әуе, теңіз және өзен кемелерін, жабдықтар мен қосалқы бөлшектер жасайтын кәсіпорындармен, сондай-ақ шетелдік фирмалармен өзара ұзақ мерзімді байланысын дамытуға көмектесу; темір жолдар, транспорттың әр алуан түрлері мен транспорт қызметін тұтынушылар арасындағы экономикалық өзара іс-қимылды реттейтін нормативті актілерді әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекіту, уағдаластық бағалар, тарифтер мен жеңілдіктер, сондай-ақ тасымалдау шарттары жөніндегі даулы мәселелерді шешуге көмектесу; темір жолдардың, азаматтық авиацияның және су транспортының сыртқы экономикалық қызметі жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, транспорт мәселелері бойынша мемлекетаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындау; транспортты басқару мәселелері жөніндегі мемлекетаралық құрылымдармен өзара іс-әрекет жасау және т.б.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен темір жол департаменті **ҚР Көлік министрлігінің теміржол көлігі департаменті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасының транспорт кешенін басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 3 ақпандағы №90 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, №5, 84-құжат).

² «Қазақстан Республикасында көлік басқаруды жетілдіру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 15 шілдедегі № 610 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, №29, 344-құжат).

**Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің
Темір жол көлігі департаменті
(1993–1994)**

ҚР Көлік министрлігі Темір жол департаментінің қайта аталуының нәтижесінде ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

Департаменттің негізгі міндеттері: жүк және жолаушы тасымалының мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру мен орналастыру, транспорт кешенінің объектілерін салу және олардың орындалуын бақылау; транспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметіне экономикалық талдау жасау, республикалық және мемлекетаралық қатынастарда транспорттың барлық түрлерімен жасалатын жүк және жолаушы тасымалы тарифтерінің деңгейі өзгерген жағдайда ұсыныстар әзірлеу және оларды белгіленген тәртіппен келісу; темір жол, әуе және су транспортының кәсіпорындары мен ұйымдарының материалдық-техникалық ресурстар жөніндегі қажетін зерделеу, олардың жылжымалы составы, әуе, теңіз және өзен кемелерін, жабдықтар мен қосалқы бөлшектер жасайтын кәсіпорындармен, сондай-ақ шетелдік фирмалармен өзара ұзақ мерзімді байланысын дамытуға көмектесу; темір жолдар, транспорттың әр алуан түрлері мен транспорт қызметін тұтынушылар арасындағы экономикалық өзара іс-қимылды реттейтін нормативті актілерді әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекіту, уағдаластық бағалар, тарифтер мен жеңілдіктер, сондай-ақ тасымалдау шарттары жөніндегі даулы мәселелерді шешуге көмектесу; темір жолдардың, азаматтық авиацияның және су транспортының сыртқы экономикалық қызметі жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, транспорт мәселелері бойынша

мемлекетаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындау; транспортты басқару мәселелері жөніндегі мемлекетаралық құрылымдармен өзара іс-әрекет жасау және т.б.²

ҚР Президентінің **1994 ж. 13 маусымдағы** Жарлығына сәйкес департамент **ҚР Көлік министрлігімен** бірге өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасында көлікті басқаруды жетілдіру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 15 шілдедегі № 610 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 29, 344-құжат).

² Департамент туралы жаңа ереже бекітілмеді, бұрынғы ереженің күші сақталды. «Қазақстан Республикасында көлік кешенін басқаруды жетілдіру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 3 ақпандағы №90 қаулысын қараңыз (ҚР ПУАЖ, 1992, № 5, 84 - құжат) (Құрастырушылардың ескертпесі).

³ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1731 Жарлығы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Көлік инспекциясы (1993–1994)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 5 сәуірдегі** қаулысымен құрылды және заңды тұлға құқында **ҚР Көлік министрлігінің** жүйесіне кірді¹. Осы қаулысымен Көлік инспекциясы туралы ереже бекітілді.

Инспекцияның басты міндеттері: ҚР Көлік министрлігі құзырының шегінде темір жол, теңіз, әуе, автомобиль және өзен көліктерін пайдаланған кезде көлік заңдарының, қауіпсіздік ережелері мен экологиялық талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, сонымен қатар көлік процесін жүзеге асыруға байланысты барлық көлік түрлеріндегі тасымал, көлік-экспедициялық және басқа қызметті лицензиялау.

ҚР Көлік министрлігі жергілікті атқарушы органдарымен келісе отырып, облыстарда – облыстық және Алматы мен Ленинск қалаларында – қалалық көлік инспекциясы бөлімшелерін құрды.

ҚР Президентінің **1994 ж. 13 маусымдағы** Жарлығына сәйкес Көлік инспекциясы ҚР Көлік министрлігімен бірге өз қызметін тоқтатты².

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 5 сәуірдегі №257 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, №10, 125-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы №1731 Жарлығы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (1) (Көліккоммині) (1994–1999)

Таратылған **ҚР Көлік министрлігі** мен **ҚР Байланыс министрлігінің** негізінде ҚР Президентінің **1994 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 17 маусымдағы** қаулысымен **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі** жүйесінің мемлекеттік кәсіпорындары, акционерлік қоғамдары мен телекоммуникация ұйымдары құрамына кіретін «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы құрылды². Өз құрамына кіретін телекоммуникация кәсіпорындарының халықаралық міндеттемелерінің құқылық мұрагері болды.

Компанияға телекоммуникациялардың ұлттық операторы функциясын атқару, басқа елдердің телекоммуникация операторларымен өзара қарым-қатынас жасау; ҚР осы заманғы техникалық құралдар мен телекоммуникация қызметтеріне деген қажетін қамтамасыз ету; барлық

байланыс түрінің желісін пайдалану, жоспарлау, дамыту және басқару; телекоммуникация кәсіпорындарына кадрларды қайта даярлаудың тиімді жүйесін құру жүктелді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен министрлік жанынан **Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі** құрылды³.

Министрлікке мынадай міндеттерді шешу жүктелді: ҚР көлік кешені мен коммуникациялар жүйесі қызметін мемлекеттік реттеу жұмысын үйлестіру және функцияларын жүзеге асыру; мемлекетаралық және үкіметаралық ұйымдарда, көлік және коммуникациялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықта ҚР мүддесін білдіру; меншік нысандарына қарамастан, көлік пен коммуникациялардың барлық түрлерінің жұмыс істеуінің құқықтық және нормативтік тәртібін анықтайтын заң және басқа актілердің стандарттары мен нормалардың жобаларын дайындау; көлік және коммуникациялардың барлық түрлерін дамытудың мемлекеттік ұлттық бағдарламалары мен тұжырымдамаларын әзірлеу, бірыңғай ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру мен жүргізу, сондай-ақ кадрларды оқыту мен даярлау; көлік және коммуникациялардың қызмет көрсету нарығын қалыптастыру, экономикалық реформа жүргізу; көлік және байланыстың қызмет көрсетуінде тұтынушылардың құқықтарын сақтауды бақылау.

Министрліктің мемлекеттік мүлікті, мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқы бар мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың акционерлік қоғамдардың, компаниялардың тізбесі, сондай-ақ ҚР көлік-коммуникация кешеніне кіретін ұлттық және мемлекеттік акционерлік (холдинг) компаниялардың тізбесі бекітілді.

Министрлік орталық аппаратының құрамында автомобиль жолдары, автомобиль көлігі, су көлігі, әуе көлігі, темір жол көлігі, байланыс департаменттері құрылды.

Министрліктің Автомобиль жолдары департаменті жалпы пайдаланудағы мемлекеттік басқару органы болып табылды және ол «Қазақстан жолдары» мемлекеттік акционерлік компаниясымен шарт жасасу негізінде аталған автомобиль жолдарын салуды, жөндеуді және ұстауды іске асыратындығы белгіленді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 7 қазандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: темір жол көлігі департаменті; әуе көлігі департаменті; автомобиль көлігі департаменті; су көлігі департаменті; байланыс департаменті; автомобиль жолдары департаменті; экономикалық бас басқарма; қаржымен қамту және кадр саясаты бас басқармасы; сыртқы экономикалық байланыстар басқармасы (жетекші); үйлестіру және жұмыс сапасын бақылау басқармасы (жетекші); Көлік инспекциясы; еңбек және әлеуметтік саясат бөлімі; заң актілерін даярлау, Жоғарғы Кеңеспен байланыс және заң жұмысы басқармасы (жетекші); мемлекеттік почта байланысы қызметі; даму, ғылыми-техникалық саясат және өнеркәсіп басқармасы (жетекші)⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 17 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді⁵.

Ережеге сәйкес министрлік қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ҚР көлік-коммуникация кешенінің қызметіне басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орталық орган болып табылды. Министрлікке **ҚР Үкіметі** тікелей басшылық етті.

Көліктік және көліктік-экспедиторлық қызметті, көлік құралдарын жөндеу мен техникалық жағынан қамтуды, байланыс қызметін көрсетуді, байланыс құралдары мен ақпараттық желілерді, автомобиль жолдарын, су, әуе және темір жол қатынасы жолдарын және оларға арналған ғимараттарды салуды, пайдалану мен ұстауды, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалануды бақылауды, ғылыми зерттеулер жүргізуді және көлік-коммуникация кешені үшін кадрлар даярлауды жүзеге асырушы, меншік нысанына қарамастан, ҚР аумағына орналасқан кәсіпорындар, олардың бірлестіктері, мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ көлік, радиоэлектроника мен байланыс құралдарын, саланың мұқтажы үшін басқа да жабдықтар жасайтын немесе көліктік не коммуникациялық процеспен байланысты өзге де жұмысты атқаратын кәсіпорындар ҚР көлік-коммуникация кешенін құрады.

Министрліктің негізгі міндеттері: көлік және коммуникациялар саласында ҚР мүддесін қорғау; көлік және коммуникациялар саласында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; меншік нысанына қарамастан барлық көлік және

коммуникациялар түрлерінің қызмет етуінің құқылық және нормативтік тәртібін айқындайтын заңдылық және өзге де актілердің, стандарттар мен нормалардың жобаларын әзірлеу; барлық көлік және коммуникациялар түрлерін дамытудың тұжырымдамалары мен мемлекеттік ұлттық бағдарламаларын әзірлеу, бірыңғай инвестициялық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік саясатты қалыптастыру мен жүргізу, сондай-ақ кадрларды оқыту мен даярлау; тасымалдау мен байланыс қызметін көрсетуге деген республика экономикасы мен халқының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдай туғызу; республиканың тасымалдау мен байланыс қызметіне деген мемлекеттік мұқтажды болжамдауды әзірлеу және қажеттілікті дер кезінде сапалы түрде қамтамасыз ету; жұмысты үйлестіру және ҚР көлік коммуникация кешенінің қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру, акционерлендіру мен бәсекелестікті қалыптастыру негізінде оның құрылымы мен басқарылуын жетілдіру.

Министрліктің құрамына басқа да құрылымдық бөлімшелермен бірге темір жол, су, әуе, автомобиль көлігі, автомобиль жолдары, байланыс департаменттері, сондай-ақ **ҚР Көлік инспекциясы**, Мемлекеттік почта, Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия, Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссия кірді. Көлік-коммуникация кешенінің құрамында Теңіз және өзен регистрі мен Электр байланысының мемлекеттік инспекциясы, Арнайы байланыс пен **Мемлекеттік фельдъегер қызметі** жұмыс атқарды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 14 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Байланыс министрлігінің Мемлекеттік почта байланысы қызметінің** қайта құрылуының нәтижесінде министрлік құрамында **Мемлекеттік почта** құрылды⁶.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 15 желтоқсандағы** қаулысымен ҚР Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия таратылды⁷. Оның функциялары Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс департаментіне берілді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 6 ақпандағы** қаулысымен орталық аппараттың құрылымына Даму, ғылыми-техникалық саясат және өнеркәсіп (жетекші) басқармасы енгізілді. Құрылымнан Даму және ғылыми-техникалық саясат бөлімі шығарылды⁸.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 13 қарашадағы** қаулысымен министрліктің Мемлекеттік почтасы шаруашылық жүргізу құқығымен ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта құрылды⁹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 27 қарашадағы** қаулысымен министрлік жол шаруашылығы мәселелерін мемлекеттік реттеуді жергілікті өкілдік және атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасап жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып айқындалды¹⁰. ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне «Қазақстан жолдары» мемлекеттік акционерлік компаниясынан оның құрамына кірген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттері мен мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын қайтып алу және оларды сатуға беру тапсырылды. Министрлікке ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп АҚ мемлекеттік мүлкі негізінде автомобиль жолдарының қазыналық кәсіпорындарын құру тапсырылды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: темір жол көлігі департаменті; әуе көлігі департаменті; автомобиль көлігі департаменті; су көлігі департаменті; байланыс департаменті; автомобиль жолдары департаменті; экономика басқармасы; сыртқы байланыстар басқармасы; аппарат жұмысын және кадр жұмысын ұйымдастыру басқармасы; Көлік инспекциясы¹¹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне, соның ішінде патент түрінде, лицензиялар беруге өкілеттілік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиялардың) тізбесіне кірді¹².

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 15 қазандағы** қаулысымен **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясы** **ҚР Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссия** болып қайта құрылды¹³.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік жанындағы Әуе көлігі департаментінің негізінде **Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет** құрылды¹⁴.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; экономика басқармасы; кадр және аппарат жұмысын ұйымдастыру басқармасы; халықаралық ынтымақтастық басқармасы; автомобиль көлігі департаменті; темір жол көлігі департаменті; байланыс департаменті; автомобиль жолдары департаменті; су көлігі басқармасы; әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет¹⁵.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 30 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді¹⁶. Атап айтқанда, ҚР Көлік-коммуникация кешенінің құрамына әуе кеңістігін пайдалануды бақылауды жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар қосымша енгізілді. Министрліктің негізгі міндеттері мемлекеттік басқару, әуе кеңістігін пайдалану жұмысын үйлестіру мен бақылаумен толықтырылды. Сондай-ақ министрлік жанында **Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеттің** жұмыс істейтіндігі толықтырылды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен «Алматы теміржол басқармасы», «Тың теміржол басқармасы», «Батыс Қазақстан теміржол басқармасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорындары қосылу жолымен шаруашылық жүргізу құқығында «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды. ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысы бойынша мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган болды¹⁷.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; экономикалық саясат, инвестициялар және сыртқы байланыстар жөніндегі департамент; темір жол көлігі департаменті; автомобиль көлігі департаменті; су көлігі департаменті; байланыс департаменті; автомобиль жолдары департаменті; Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында), іс басқармасы¹⁸.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 22 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы ереже және оның құрылымы, сондай-ақ министрлік мемлекеттік басқару уәкілетті органы болып табылған мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі бекітілді¹⁹.

Ережеге сәйкес министрлік мемлекет мүддесін білдіруге, өз құзыретінің шегінде көлік-коммуникация кешенінің кәсіпорындары, ұйымдары және шаруашылық субъектілері акцияларының мемлекеттік пакетін иелену мен пайдалану жөніндегі құқықтарды жүзеге асыруға уәкілетті ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

ҚР Көлік-коммуникация кешені ҚР аумағында орналасқан, көлік және көлік-экспедиция қызметін, көлік құралдарын пайдалануды, жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді, байланыс қызметін көрсетуді, құрылысты, байланыс құралдары мен ақпараттық жүйелерді, автомобиль жолдарын, су, әуе және темір жол қатынасы жолдары мен олардағы ғимараттарды салуды, пайдалану мен ұстауды, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсету мен бақылауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардан тұрды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР көлік-коммуникация кешенін мемлекеттік реттеу; көлік және байланыс қызметін көрсету нарығын қалыптастыруға қатысу, кәсіпкерлікке, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету; көлік-коммуникация кешенінде мемлекеттік экономикалық және қаржы саясатын және институттық реформаларды жүргізу; көлік пен байланыс саласында заңнаманың, оның ішінде көлік құралдарын пайдалану кезінде қозғалыс және экология қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету.

Министрліктің құрылымы: басшылық; Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында); экономикалық саясат және сыртқы байланыстар департаменті; почта және телекоммуникациялар жөніндегі департамент; көлік департаменті; әкімшілік департаменті.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 7 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің Әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті таратылды, министрлік таратылған комитеттің құқықтық мұрагері болып белгіленді. Көлік-коммуникациялық кешеніне әуежайларды ұстауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді және көліктік-коммуникациялық кешен үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар қосымша енгізілді²⁰.

Министрліктің жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; темір жол көлігі департаменті; автомобиль жолдары департаменті; автомобиль және су көлігі департаменті; азаматтық авиация департаменті; ақпараттық жүйелер департаменті; экономикалық реттеу және мемлекеттік тапсырыс департаменті; көлік-коммуникациялық кешенді үйлестіру департаменті (жинақтық); әкімшілік департаменті; Көліктік бақылау комитеті (заңды тұлға құқығында).

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 23 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Азаматтық авиация мен эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиация инспекциясы (Мемавиақадағалау)**, Кеме қатынасы мен теңізде жүзудің қауіпсіздігі бас инспекциясы, Жоғары Ертіс кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясы, **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі** жанындағы ҚР Теңіз және өзен регистрі, ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі ҚР Көлік инспекциясы, Республикалық мемлекеттік электр байланысы инспекциясы, «Қазақстан Республикасының радиожилігі спектрін тарату мен пайдалану жөніндегі бюро» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, оларды біріктіру жолымен **ҚР Көліктік бақылау комитеті** қайта ұйымдастырылды²¹.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты министрлік өз қызметін тоқтатты²². ҚР Үкіметінің құрылымына жаңа құрылған **ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі** енді.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы №1731 Жарлығы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

² «Қазтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 17 маусымдағы №666 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 26, 278-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 19 шілдедегі №804 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 29, 334-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қазандағы №1127 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 9 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 17 қарашадағы №1302 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/2244/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің көлік және коммуникациялар мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 14 желтоқсандағы №1409 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 47, 522-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникациялар жөніндегі ведомстваралық мемлекеттік комиссияны тарату туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 15 желтоқсандағы №1412 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 47, 525-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қазандағы № 1127 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 6 ақпандағы № 117 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 118 іс).

⁹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Пошта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорнына айналдыру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 13 қарашадағы № 1521 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 35, 450-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарын басқару туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 27 қарашадағы №1598 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 36, 465-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1819 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).

¹² «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 17 сәуірдегі № 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 29 желтоқсандағы №1894 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 41, 515-құжат).

¹³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 323-б.

¹⁴ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 19 желтоқсандағы №1563 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, №52, 500-құжат).

¹⁵ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 323-б.

¹⁶ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 324-б.

¹⁷ «Қазақстан Республикасының темір жол кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 31 қаңтардағы №129 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №4, 32-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 сәуірдегі №631 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 761 іс).

¹⁹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 қарашадағы №1641 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №51, 469-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 7 желтоқсандағы №1249 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, №45, 412-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 23 желтоқсандағы №1322 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, №49, 444-құжат).

²² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы №6 Жарлығы (Казакстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті (1996–1999)

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің** Әуе көлігі департаментінің базасында құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау органы болды, ол өзіне жүктелген міндеттері мен функцияларын дербес атқарды, сондай-ақ **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі (1)** құзыретінің шегінде оны пайдаланушылардың ҚР әуе кеңістігін пайдалануын мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асырды.

Комитеттің қызмет аясы оның құзыреті шегінде, меншік нысанына қарамастан, әуе кеңістігін пайдалану мен әуе қозғалысын ұйымдастыруды, жолаушыларды, багажды, жүк пен поштаны (әуе тасымалы) тасумен байланысты көліктік және өзге де қызметті, авиациялық жұмыстардың атқарылуын, жөндеуді, әуе кемелерін техникалық жағынан жарамдылықта ұстауды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, әуежайларының, навигациялық, байланыс пен аэродромдық ғимараттардың салынуын, пайдаланылуы мен ұсталуын, ғылыми зерттеулер жүргізу мен азаматтық авиация үшін кадрлар даярлауды, спорттық, мәдени-ағартушылық шаралардың өткізілуін, әуе кемелері пайдаланушыларының техникалық шығармашылығын дамытуды, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды, іздестіру-құтқару және авариялық-құтқару жұмыстарының жүргізілуін, табиғи зіл-зала мен әскери-жұмылдырушылық жағдайларда жәрдем көрсетілуін жүзеге асыратын ҚР барлық кәсіпорындарына, мекемелері мен басқа да ұйымдарына таралды.

Комитеттің негізгі міндеттері: әуе кеңістігі мен азаматтық авиация саласында ҚР мүддесін білдіру; әуе кеңістігін пайдалануды, әуе қозғалысына қызмет көрсетуді және азаматтық авиация қызметін мемлекеттік басқару, үйлестіру және бақылау; аса маңызды ұшулардың дайындалуы мен орындалуының ұйымдастырылуын үйлестіру; әуе кеңістігі мен азаматтық авиация саласында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; ҚР әуе кеңістігін барлық пайдаланушыларына қатысты оның пайдаланылуын ұйымдастыру; меншік нысанына қарамастан, азаматтық авиацияның авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасының орындалуын ұйымдастыру; әуе кеңістігін пайдаланудың, әуе қозғалысын және азаматтық авиацияның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметін ұйымдастырудың құқықтық және нормативтік тәртібін айқындайтын заңдылық және нормативтік актілерінің, стандарттары мен нормаларының жобаларын әзірлеу; әуе кеңістігін пайдалану, әуе қозғалысы мен азаматтық авиация қызметін ұйымдастыру саласындағы ҚР заңнамасының орындалуын қадағалауды жүзеге асыру; әуе кеңістігі мен азаматтық авиация саласында тұтынушылар құқықтарының сақталуын бақылау.

Жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру мақсатында комитетке ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеме мәртебесімен *Азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерінің қауіпсіз ұшуын қадағалау жөніндегі ҚР мемлекеттік авиациялық инспекциясы (Мемқадағалау)* және Азаматтық авиация қызметін сертификаттау және лицензиялау жөніндегі функцияларын жүктеумен қоса әуежайларының (аэродромдардың), әуе жолдары мен әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімдерін жүргізу жөніндегі *ҚР мемлекеттік авиациялық регистрі (Мемавиарегистр)* құрылды².

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 26 ақпандағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды дербес орындайтын, әуе кеңістігін пайдалану және ҚР азаматтық және эксперименттік авиациясы саласындағы мемлекеттік басқару, реттеу, үйлестіру және бақылау органы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: әуе тасымалдаулары және әуе көлігі қызметтері нарығын қалыптастыру, әуе көлігінде мемлекеттік экономикалық және қаржы саясатын жүргізу; азаматтық және арнаулы авиацияның қызметін, әуе кеңістігін пайдалану мен әуе қозғалысын ұйымдастыруға мемлекеттік басқаруды, реттеуді, үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыру; азаматтық және эксперименттік авиацияның қызметін, әуе кеңістігі мен әуе қозғалысын реттейтін, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін нормативтік құқықтық база жасау.

Комитеттің құрылымы: басшылық; азаматтық авиация қызметін реттеу басқармасы; халықаралық қатынастар бөлімі; нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 7 желтоқсандағы* қаулысымен комитет таратылды⁴. Құқықтық иеленушісі болып *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі* айқындалды.

¹ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 19 желтоқсандағы № 1563 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 52, 500-құжат).

² Сонда

³ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 26 ақпандағы № 151 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, №7, 45-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 7 желтоқсандағы №1249 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 45, 412-құжат). Қаулы 1999 ж. 1 қаңтардан өз күшіне енді (Құрастырушылардың ескертпесі).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық регистрі (Мемавиарегистр) (1996–1999)

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 21 қаңтардағы* қаулысымен Мемавиарегистр туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Мемавиарегистр *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің* ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекеме болды.

Мемавиарегистрдің қызметі ҚР аумағында әуе тасымалын, авиациялық жұмыстарды, азаматтық және эксперименталдық авиацияның әуе кемелерін, олардың жабдықтары мен агрегаттарын пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді, азаматтық авиация әуе кемелерінің әуежайларында жолаушыларды, багажды, жүктерді қабылдауды, шығаруды және ұстауды, әуе қозғалысын басқаруды және әуе трассалары мен аэродром аймақтарында радиолокацияны, радионавигация мен электр байланысын пайдалануды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қолданылды.

Мемавиарегистрдің негізгі міндеттері: әуе кемелерін, әуежайлар мен аэродромдарды, аэронавигация кешенін пайдаланушыларды, әуе трассаларын олардың жер бетіндегі техникалық

жарактау объектілерімен, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу базаларымен (орталықтарымен) бірге сертификаттауды және азаматтық авиацияның авиациялық қызметкерлерін даярлауды ұйымдастыру және жүргізу; әуе кемелері ұшуларының қауіпсіздігі және әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі стандарттардың, нормалардың, қағидалар мен талаптардың қолданылуын қамтамасыз ету; әуе кемелері мен азаматтық авиация аэродромдарының мемлекеттік тізілімін жүргізу; пайдаланушылар мен техникалық құралдарды сертификаттауға байланысты стандарттардың, техникалық шарттардың, нормалардың, ережелердің, қағидалардың, басшылықтардың, тәлімдемелердің, нұсқаулар мен рәсімдердің жобаларын әзірлеу; Мемавиарегистрдің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ҚР стандарттау органдарымен, Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйыммен (ISO), Халықаралық азаматтық авиация ұйымымен (ISAO), ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық авиация ұйымымен (МАУ) өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Мемавиарегистрдің құрылымы мен штат санын комитет бекітті.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен «ҚР Мемлекеттік авиациялық регистрі» мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып қайта құрылды³. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырған орган **ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі** болып айқындалды.

¹ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті туралы ҚР Үкіметінің 1996 ж. 19 желтоқсандағы №1563 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 52, 500-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиациялық инспекциясы (Мемавиақадағалау) және Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациялық регистрі (Мемавиарегистр) туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 21 қаңтардағы №31 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 1, 9-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациялық регистрі», «Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация кешенінің Ақпараттық-презентация орталығы мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 наурыздағы № 234 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 9, 67-құжат).

Қазақстан Республикасының Азаматтық және эксперименттік¹ авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиациялық инспекциясы (Мемавиақадағалау) (1996–1998)

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 21 қаңтардағы** қаулысымен Мемавиақадағалау туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес Мемавиақадағалау **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық, авиация қызметі жөніндегі комитетіне** ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеме болды.

Мемавиақадағалаудың қызметі ҚР аумағында әуе тасымалын, авиациялық жұмыстарды, азаматтық және эксперименттік авиацияның әуе көліктерін, олардың жабдықтары мен агрегаттарын пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді, әуежайларда азаматтық авиацияның әуе кемелерін, жолаушыларды, багажды, жүктерді қабылдауды, шығаруды және оларға қызмет көрсетуді, аэродром құрылғыларын пайдалану мен ұстауды, әуе қозғалысын басқаруды және радиолокация, радионавигация құралдарын және әуе трассалары мен аэродромдар аймақтарының электр байланысын пайдалануды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қолданылды.

Мемавиақадағалаудың негізгі міндеттері: ҚР-да азаматтық авиация әуе кемелерінің, сондай-ақ ҚР әуе кемелерін одан тыс жерлердегі ұшу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін мемлекеттік қадағалау; қызметі әуе кеңістігін пайдаланумен, азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерін пайдаланумен байланысты заңды және жеке тұлғалардың ҚР-ның

азаматтық авиация қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауын мемлекеттік қадағалау; азаматтық авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авиациялық оқиғаларды болдырмау жөніндегі нормаларды, ережелер мен талаптарды іске асыру; әуе кемелері мен азаматтық авиация объектілерін пайдаланушылардың сертификаттау, лицензиялау және инспекциялау талаптарын орындауын қадағалау; әуе кемелері мен азаматтық авиация объектілерін сертификаттау, лицензиялау және инспекциялау жөніндегі жұмыстарға қатысу; ҚР аумағында және одан тысқары жерлерде азаматтық авиацияның әуе кемелерімен (оның ішінде басқа мемлекеттерде жалға алынғандарымен) болған авиациялық жағдайларды, оқиғаларды, инциденттерді қадағалау және оларды қызметтік тексеруге қатысу.

Мемавиақадағалаудың құрылымы мен штаттық санын комитет бекітті.

Мемавиақадағалау жанында Жоғары білікті комиссия жұмыс істеді (ЖБК).

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 23 желтоқсандағы** қаулысымен ҚР Азаматтық авиация мен эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиация инспекциясы (Мемавиақадағалау) Кеме қатынасы мен теңізде жүзудің қауіпсіздігі бас инспекциясы, Жоғары Ертіс кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясы, ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы ҚР Теңіз және өзен регистрі, ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі ҚР Көлік инспекциясы, Республикалық мемлекеттік электр байланысы инспекциясы, «ҚР радио жиілігі спектрін тарату мен пайдалану жөніндегі бюро» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен біріктіру жолымен **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті** болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ Орган атауына «эксперименттік» деген сөз қосылды. «Қазақстан Республикасының Азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиациялық инспекциясы (Мемавиақадағалау) және Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациялық регистрі (Мемавиарегистр) туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 21 қаңтардағы № 31 қаулысын кара (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 1, 9-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 19 желтоқсандағы № 1563 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 52, 500-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиациялық инспекциясы (Мемавиақадағалау) және Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациялық регистрі (Мемавиарегистр) туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 21 қаңтардағы № 31 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 1, 9-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 23 желтоқсандағы № 1322 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 49, 444-құжат).

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік инспекциясы (1994–1998)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 7 қазандағы** қаулысымен¹ **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің (1)** құрамында құрылды².

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 23 желтоқсандағы** қаулысымен инспекция **ҚР Азаматтық авиация мен эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиация инспекциясы (Мемавиақадағалау)**, Кеме қатынасы мен теңізде жүзудің қауіпсіздігі бас инспекциясы, Жоғары Ертіс кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясы, **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің** жанындағы ҚР Теңіз және өзен регистрі, Республикалық мемлекеттік электр байланысы инспекциясы, «Қазақстан Республикасының радиожіілігі спектрін тарату мен пайдалану жөніндегі бюро» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен біріктіру жолымен **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қазандағы № 1127 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 9 іс).

² Көлік инспекциясы туралы жаңа ереже бекітілмеді. Негізгі міндеттері өзгертілмеді. «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Көлік инспекциясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 5 сәуірдегі №257 қаулысына қосымша (ҚР ПУАЖ, 1993, № 10, 125-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 23 желтоқсандағы №1322 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 49, 444-құжат).

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (1) (1998–1999)

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 23 желтоқсандағы* қаулысымен *ҚР Азаматтық авиация мен эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиация инспекциясының (Мемавиақадағалау)* Кеме қатынасы мен теңізде жүзудің қауіпсіздігі бас инспекциясы, Жоғары Ертіс кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясы, *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің (1)* жанындағы ҚР Теңіз және өзен регистрі, *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі ҚР Көлік инспекциясы*, Республикалық мемлекеттік электр байланысы инспекциясы, «Қазақстан Республикасы радиожилілігі спектрін тарату мен пайдалану жөніндегі бюро» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен бірігу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 23 желтоқсандағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР көлік-коммуникациялық кешенінде қызмет істеген заңды және жеке тұлғаларды бақылау-қадағалау функциясын жүзеге асырған ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: көлік және көліктің барлық түрлерінің жұмысына байланысты басқа да қызмет көрсетулер рыногының қалыпты жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, көлікті, әуе кеңістігін, қатынас жолдарын пайдаланатын тұтынушылардың мүдделерін қорғау; көліктің барлық түрін қауіпсіз пайдалануды, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ҚР аумағында және әуе кеңістігінде ҚР және басқа да мемлекеттердің азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерімен, сондай-ақ ҚР әуе кемелерімен одан тысқары жерлерде болған авиациялық оқиғалар мен қақтығыстардың алдын алу және тексеру; заңнамада белгіленген тәртіппен көліктік қызмет көрсету саласында кәсіпкерлік қызметті лицензиялау; өз құзыретінің шегінде көліктік қызмет көрсету және радиожилілік спектрін пайдалану саласындағы қызмет көрсету рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; радиожилілік спектрін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Комитеттің құрылымы: басшылық; лицензиялау, талдау, ақпарат және бақылау басқармасы; қаржы-экономика басқармасы; темір жол көлігінде бақылау жасау басқармасы; автомобиль көлігінде және автомобиль жолдарында бақылау жасау басқармасы; су көлігінде бақылау жасау басқармасы; авиацияда бақылау жасау басқармасы (Мемавиақадағалау); байланыста бақылау жасау басқармасы (Мембайланысқадағалау).

Комитет жүйесіне облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша басқармалардан тұратын аумақтық органдар кірді.

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен *ҚР Үкіметінің* жаңа құрылымының бекітілуіне байланысты комитет ҚР Көлік және коммуникация министрлігімен бірге өз қызметін тоқтатты. ҚР Үкіметінің құрылымына қайта құрылған *ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігіне* кірді³.

¹ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 23 қаңтардағы № 1322 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 49, 444-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 23 қаңтардағы № 1322 қаулысына қосымша (ҚР ПУАЖ, 1998, № 49, 444-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

**Қазақстан Республикасының
Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі
(1999)**

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 12 наурыздағы* қаулысымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық регистрі» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік авиациялық регистр» (Мемавиарегистр) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекемесі болып, ал «Қазақстан Республикасы Көлік-коммуникациялық кешенінің ақпараттық-презентациялық орталығы» мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақпараттық-презентация орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды². Кәсіпорындарды мемлекеттік басқару уәкілетті органы, сондай-ақ оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі айқындалды.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 1 сәуірдегі* қаулысымен министрлік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес министрлік көлік-коммуникациялық кешені мен туризм саласында өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын атқаруға уәкілетті мемлекеттік мекеме болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: туризм саласының көлік-коммуникациялық кешенді дамытудың стратегиялық жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; заңнамада белгіленген тәртіппен ҚР көлік-коммуникациялық кешені және туризм саласы қызметін мемлекеттік реттеуді және үйлестіруді жүзеге асыру; көлік, ақпараттық жүйелер және туризм саласы қызмет көрсету рыногын қалыптастыруға қатысу және кәсіпкерлікке, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету; тасымалдауларға, байланыс қызметі және туризм саласында мемлекеттік мұқтаждықтардың қажеттіліктеріне болжамдар жасау және уақытында сапалы қамтамасыз ету; көлік, байланыс және туристік қызмет көрсетуде тұтынушылардың құқығы сақталуын бақылауды жүзеге асыруға қатысу; көлік, байланыс және туризм саласында заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету; ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және жобалау жұмыстарына мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруға, сондай-ақ олардың көлік, байланыс және туризм салаларындағы кадрларды оқытуға, даярлауға және біліктілігін арттыруға қатысу.

Министрліктің құрылымы: басшылық; темір жол көлігі департаменті; автомобиль жолдары департаменті; автомобиль көлігі департаменті; су көлігі департаменті; заң қызметі департаменті; ішкі әкімшілік департаменті; экономикалық реттеу және мемлекеттік тапсырыс департаменті; телекоммуникациялар және почта департаменті; азаматтық авиация департаменті; **Туризм комитеті (заңды тұлға құқығында); Көліктік бақылау комитеті (заңды тұлға құқығында)**.

ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің «Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 26 шілдедегі* қаулысымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық регистрі» мемлекеттік мекемесі таратылды⁵.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 2 тамыздағы* қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесіне қатысты мынадай өзгертулер енгізілді: «көлік- коммуникациялық кешені және туризм саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы»⁶. Тағы да мынадай мағынада қосымша жасалды: «Министрліктің мынадай ведомстволары болады: **Туризм комитеті, Көліктік бақылау комитеті**».

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен ҚР Көлік және коммуникациялар және туризм министрлігі **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі (2)** болып қайта ұйымдастырылды⁷. Туризм саласындағы функциялары **ҚР Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы №6 Жарлығы (Казакстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік авиациялық регистрі», «Қазақстан Республикасы Көлік-коммуникациялық кешені ақпараттық-презентация орталығы» мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 наурыздағы № 234 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 9, 67-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 1 сәуірдегі №355 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 12, 112-құжат).

⁴ Сонда.

⁵ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық регистрі» мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 26 шілдедегі № 1061 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 39, 333-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҮЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы №235 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (1999)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 1 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 8 қыркүйектегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет министрлік құзыретінің шегінде арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған салада салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: көлік-коммуникациялар кешенінде мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; көліктің, почта байланысы мен коммуникациялар объектілерінің барлық түрлерінің жұмысына байланысты көліктік, коммуникациялық және басқа да қызмет көрсетулер рыногының қалыпты жұмыс істеуі, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, көлікті, әуе кеңістігін, қатынас жолдарын, байланыс құралдарын пайдаланатын тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін жағдай жасау; көліктің барлық түрлерін пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ҚР азаматтық және экспериментальді авиация және басқа да мемлекеттердің әуе кемелерінің ҚР аумағында және әуе кеңістігінде сондай-ақ ҚР әуе кемелерінің одан тысқары жерлерде ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, авиациялық уақиғалар мен оқиғалардың алдын алу және тергеу; өз құзыретінің шегінде көліктік қызмет көрсетулер саласындағы, почта байланысы мен телекоммуникациялар радиожіілік спектрін пайдалану саласындағы қызметтерді мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; радиожіілік спектрін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің (2)** болып қайта ұйымдастырылуына байланысты комитет өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 1 сәуірдегі №355 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, №12, 112-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 8 қыркүйектегі №1334 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, №45, 413-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы №235 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1999, №49, 462-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар министрлігі (2)
(Көліккоммині)
(1999–2014)**

ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 20 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік көлік-коммуникация кешенінде басшылықты, сондай-ақ заңда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің мынадай ведомстволары болды: *Көліктік бақылау комитеті (2), Автомобиль жолдары мен автомобиль көлігі комитеті, Азаматтық авиация комитеті*.

Министрліктің негізгі міндеттері: көлік коммуникациялық кешенді дамытудың стратегиялық жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; заңнамада белгіленген тәртіппен көлік-коммуникациялық кешен қызметін мемлекеттік реттеуді және үйлестіруді жүзеге асыру; көлік, ақпараттық жүйелер қызметін көрсету рыногын қалыптастыруға қатысу және кәсіпкерлікке, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету; тасымалдауларға және байланыс қызмет көрсетулеріне мемлекеттік мұқтаждықтардың қажеттеріне болжамдар жасау және уақытында сапалы қамтамасыз ету; көлік пен байланыс қызмет көрсетулерін тұтынушылардың құқығы сақталуын бақылауды жүзеге асыруға қатысу; көлік пен байланыс саласында заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету; ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және жобалау жұмыстарына мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруға, сондай-ақ олардың көлік және байланыс салаларындағы кадрларды оқытуға, даярлауға және біліктілігін арттыруға қатысу.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 12 қазандағы* қаулысымен министрліктің бекітілген штат саны лимитінің шегінде мемлекеттік мекеме ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің *Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті* құрылды.

Комитеттің негізгі міндеті: өз құзыретінің шегінде телекоммуникациялар, почта байланысы, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеу, ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану негізінде мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық жағдайларды қамтамасыз етуді жүзеге асыру³.

Министрлік ведомстволарының қатарына құрылған Байланыс және ақпараттандыру комитеті кірді. Министрлік туралы ережеге өзгерістер енгізілді. Мәтіндегі «көлік-коммуникациялық» сөздері «көлік, ақпараттық және коммуникациялық» деген сөздермен алмастырылды; негізгі міндеттеріндегі «ақпараттық жүйелер» деген сөздер «байланыс, ақпараттандыру» деген сөздермен алмастырылды, «тасымалдауларға» деген сөзі «ақпараттандыруға, тасымалдауларға» деген сөздермен ауыстырылды, «байланыс» сөзі «байланыс және ақпараттандыру» сөздерімен ауыстырылды.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 3 қарашадағы* қаулысымен министрліктің Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитеті Автомобиль жолдары комитеті болып қайта аталды⁴.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 19 тамыздағы* қаулысымен *министрліктің Автомобиль жолдары комитеті министрліктің Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті* болып қайта аталды⁵. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге ведомствоның жаңа атауы енгізілді.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен министрлікке *ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің* аэроғарыштық қызметі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді⁶.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 12 қыркүйектегі* қаулысымен *министрліктің Аэроғарыштық комитеті* құрылды⁷. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге оның ведомстволарының қатарына жаңа құрылған комитет енгізілді. Министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша

аэроғарыштық қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыруға қатысу қосылды.

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен министрліктің ақпараттандыру және байланыс саласындағы функциялары мен өкілеттіктері жаңа құрылған **ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне** берілді⁸.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 22 шілдедегі** қаулысымен министрліктің байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті таратылып, мүлікті басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне берілді. Комитеттің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері агенттіктің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды⁹. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді: ведомстволарының қатарынан Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті шығарылды; министрліктің негізгі міндеттерінен байланыс және ақпараттандыру саласындағы қызмет көрсетулерге қатысты міндеті шығарылды.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 6 тамыздағы** қаулысымен **министрліктің Темір жол көлігі комитеті** құрылды¹⁰. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге толықтыру енгізілді: оның ведомстволарының қатарына жаңа құрылған комитет енгізілді.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Білім және ғылым министрлігі оған ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыштық комитетін** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды¹¹.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹². Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті және Темір жол көлігі комитеті, оларды **Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетіне** біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды. **Қатынас жолдары комитеті** құрылды. Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Министрлік көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мәселелері жөніндегі басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, сондай-ақ экономика мен қоғамның көліктік және коммуникациялық қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тиімді және технологиялық жағынан жаңартылған көлік-коммуникация кешенін құру болды.

Министрліктің ведомстволары бар: Көлік инфрақұрылымын дамыту комитеті, Қатынас жолдары комитеті, Азаматтық авиация комитеті, **Көліктік бақылау комитеті**¹³.

ҚР Президентінің **2007 ж. 19 маусымдағы** Жарлығымен министрліктің қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау теміржол көлігі, азаматтық авиация, порттар қызметі саласындағы кемсітусіз қол жеткізудің техникалық шарттарын айқындау; теміржол көлігі саласындағы рұқсаттарды беру жөніндегі функциялары **ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігіне** берілді¹³.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 6 желтоқсандағы** қаулысымен **министрліктің Қатынас жолдары комитеті Көлік және қатынас жолдары комитеті** болып қайта ұйымдастырылды¹⁴. **Министрліктің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитеті Автомобиль жолдары комитеті** болып қайта аталды.

Осы қаулымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды.

Министрлік көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мәселелері бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің ведомстволары: Автомобиль жолдары комитеті; **Азаматтық авиация комитеті**, Көлік және қатынас жолдары комитеті, **Көліктік бақылау комитеті**.

Министрліктің негізгі міндеттері: көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; көлік және коммуникация саласында салааралық

үйлестіруді жүзеге асыру; көлік және оның өміршеңдік циклінің үдерістерін адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету; көлік және коммуникация саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 5 наурыздағы** қаулысымен министрліктің Автомобиль жолдары комитетінің аумақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік мекемелері департаменттер болып қайта аталды. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері жаңа редакцияда жазылды. Министрліктің Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік мекемелері инспекциялар болып қайта аталды¹⁵. Министрлік қарамағындағы бірқатар мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер Азаматтық авиация комитеті мен Көлік және қатынас жолдары комитетінің қарамағына берілді.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 16 маусымдағы** қаулысымен министрліктің Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша көліктік бақылау инспекциялары) комитеттің өңіраралық көліктік бақылау инспекциялары – мемлекеттік мекемелері (Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары бойынша «Батыс», Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша «Ертіс», Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша «Жетісу», Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша «Каспий», Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша «Оңтүстік», Қарағанды облысы және Астана қаласы бойынша «Сарыарқа», Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша «Солтүстік») болып қайта ұйымдастырылды. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің жаңа тізбесі бекітілді¹⁶.

ҚР Президентінің **2010 ж. 17 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Ішкі істер министрлігіне** мемлекеттік техникалық тексерудің уақтылы өткізілуіне бақылау жасау функциясын қалдыра отырып, оның көлік құралдарына мемлекеттік техникалық қарау жүргізілуін бақылау жөніндегі өкілеттіктері министрлікке берілді¹⁷.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен Министрлік қайта ұйымдастырылып, оның функциялары **ҚР Инвестиция және даму министрлігіне** берілді¹⁸.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы №235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №49, 462-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 20 қарашадағы №1756 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, №51, 506-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 12 қазандағы №1521 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, №42, 487-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Көлік-коммуникациялық кешенінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 3 қарашадағы №1665 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/7301/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁵ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 19 тамыздағы №916 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, №27, 302-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы №931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, №28, 307-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі №995 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, №30, 329-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы №1107 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, №26, 242-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 22 шілдедегі №724 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, №30, 294-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Көлік-коммуникация кешенінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 6 тамыздағы №786 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, №32, 319-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі №1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, №36, 474-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы №1232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, №46, 582-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 19 маусымдағы №346 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, №20, 227-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 6 желтоқсандағы №1193 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, №46, 551-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 5 наурыздағы №222 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, №12-13, 121-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 16 маусымдағы №913 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №30, 271-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №47, 424-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитеті
(Автомобиль жолдары комитеті)
(1999–2002, 2007–2014)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 20 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 3 ақпандағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі (2) құзыретінің шегінде ҚР автожолдар және автокөлік секторларында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР автомобиль жолдары желілерін, халық шаруашылығы мен халықтың тасымалдарға қажеттілігі негізінде республика аумағы бойынша автомобиль тасымалдарын қалыптастыру мен дамытудың тұжырымдамасын және автомобиль тасымалдары мен автомобиль жолдарының желісін жетілдіру мен дамытудың бағдарламаларын әзірлеу; жол және автокөлік салаларындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу; жол және автокөлік секторларында бірыңғай инвестициялық, ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру, жүргізу және кадрлар даярлау; жол секторының, автомобиль көлігінің қызмет көрсету рыногын қалыптастыруға қатысу.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 3 қарашадағы** қаулысымен Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитеті Автомобиль жолдары комитеті болып қайта аталды³.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен комитет министрліктің Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті болып қайта аталды⁴, ол өз кезегінде ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы қаулысымен⁵ министрліктің Темір жол көлігі комитетімен бірігіп, министрліктің Көліктік инфрақұрылымды дамыту комитеті болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 6 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік инфрақұрылымды дамыту комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде қайта құрылды⁶.

Комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің (2)** ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 5 наурыздағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік мекемелері департаменттер болып қайта аталды⁷. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі жаңа редакцияда жазылды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылып, оның функциялары **ҚР Инвестиция және даму министрлігіне** берілді⁸.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 20 қарашадағы №1756 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 51, 506-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 3 ақпандағы № 151 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, №5-6, 63-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Көлік-коммуникация кешенінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 3 қарашадағы №1665 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/7301/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 19 тамыздағы № 916 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 27, 302-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы № 1232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 46, 582-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 6 желтоқсандағы № 1193 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 46, 551-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 5 наурыздағы № 222 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 12-13, 121-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (1999–2014)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 20 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 18 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет министрліктің құзыреті шегінде ҚР заңнамасына сәйкес ҚР авиациялық өкілетті органының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименталдық авиация қызметі саласындағы функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: азаматтық және эксперименталдық авиация саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; азаматтық және эксперименталдық авиацияның әуе кеңістігін пайдалану саласындағы қызметін мемлекеттік бақылау мен басқару; азаматтық авиация субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу мен үйлестірудің нысандары мен әдістерін әзірлеу және жетілдіру; әуе кеңістігін пайдаланудың, әуе қозғалысы мен азаматтық және эксперименталдық авиация субъектілерінің қызмет тәртібін айқындайтын заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу; азаматтық және эксперименталдық авиацияда ұшулардың қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қадағалауды қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде азаматтық авиация саласында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 24 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ережеге өзгертулер енгізілді³. Атап айтқанда, оның құқықтық мәртебесі нақтыланды: комитет министрлік құзыретінің шегінде ҚР заңнамасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруды, азаматтық және эксперименталдық авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, үйлестіру мен реттеуді және әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын ведомство болды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁴.

Комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі (2)** құзыретінің шегінде азаматтық және эксперименталдық авиация қызметін үйлестіру мен реттеу мен бақылау-қадағалау қызметтерін және әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік басқару, азаматтық және эксперименталдық авиацияның әуе кеңістігін пайдалану саласындағы қызметін, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті бақылау болды⁵.

Комитеттің құрылымы: басшылық; авиакомпаниялардың қызметін реттеу, әуе кеңістігін пайдалану, экономика және қаржы басқармасы; әуежайлардың қызметін реттеу, әкімшілік-құқықтық жұмыс және халықаралық қатынастар басқармасы; ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау басқармасы (Мемавиақадағалау).

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Көлік және коммуникациялар Министрлігі таратылып, оның функциялары **ҚР Инвестиция және даму министрлігіне** берілді⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 20 қарашадағы № 1756 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 51, 506-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті мен Көліктік бақылау комитетінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 18 сәуірдегі № 599 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 20, 221-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 ж. 18 сәуірдегі № 599 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 24 шілдедегі № 821 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 22, 254-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы № 1232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 46, 582-құжат).

⁵ 2006 жылдан 2013 жылға дейінгі кезеңде комитеттің мәртебесі мен негізгі міндеттерінде өзгерістер болған жоқ. (Құрастырушылардың ескертпесі).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитеті (2)
(1999–2014)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 20 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет министрлік құзыретінің шегінде арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған салада салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: көлік-коммуникациялық кешендегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; көліктің, почта байланысы мен коммуникациялар объектілерінің барлық түрлерінің жұмысына байланысты көліктік, коммуникациялық және басқа да қызмет көрсетулер рыногының қалыпты жұмыс істеуі, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, көлікті, әуе кеңістігін, қатынас жолдарын, байланыс құралдарын пайдаланатын тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін жағдай жасау; көліктің әуеден басқа барлық түрлерін пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде көліктік қызмет көрсетулер саласындағы, почта байланысы мен телекоммуникациялар радиожилілік спектрін пайдалану саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; радиожилілік спектрінің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 25 мамырдағы** қаулысымен мемлекеттік мекемелер – комитеттің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары құрылды².

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 21 тамыздағы** қаулысымен комитеттің басты міндеттерінің бірі нақтыланды: көліктің барлық түрлерінің қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету³.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 6 тамыздағы** қаулысымен **министрліктің Темір жол көлігі комитетінің** құрылуына байланысты комитет туралы ережеге өзгертулер енгізілді⁴. Комитеттің негізгі міндеттерінен мынадай міндеттер алынып тасталынды: темір жол көлігіне байланысты тасымал және өзге де қызмет көрсетулер рыногының қалыпты жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау; азаматтардың өмірі мен денсаулығын, қатынас жолдарын пайдаланатын тұтынушылардың мүдделерін қорғау міндеттері.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 21 қарашадағы** қаулысымен комитеттің негізгі міндеттеріне көлік және темір жол көлігіне байланысты өзге де қызмет көрсетулер рыногының қалыпты жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау міндеті қайтадан енгізілді⁵.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 18 маусымдағы** қаулысымен комитет туралы ережеге толықтыру енгізілді: Көліктік бақылау комитеті және оның аумақтық органдары осы ереже бекіткен әрекет шегінде көліктік бақылау органдарының біртұтас жүйесін құрады⁶.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁷. Комитет пен оның аумақтық органдары – көлік бақылауы органдарының бірыңғай жүйесін құрайды.

Комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің** құзыреті шегінде әуе көлігін қоспағанда, көлік саласында арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеті әуе көлігінен басқа, көліктің барлық түрлерін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуді және олардың қызметін мемлекеттік бақылау, сондай-ақ өз құзыреті шегінде көліктік қызметтер саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру болып табылды.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; автокөлікте және автожолдарда бақылау басқармасы; темір жол көлігінде бақылау басқармасы; су көлігінде бақылау басқармасы; ұйымдастыру-талдау жұмысы және лицензиялау басқармасы; ұйымдастыру-қаржы басқармасы; заң және кадр қызметі бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 5 наурыздағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік мекемелері инспекциялар болып қайта аталды⁸.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 16 маусымдағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша көліктік бақылау инспекциялары) комитеттің өңіраралық көліктік бақылау инспекциялары – мемлекеттік мекемелері (Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары бойынша «Батыс», Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша «Ертіс», Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша «Жетісу», Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша «Каспий», Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша «Оңтүстік», Қарағанды облысы және Астана қаласы бойынша «Сарыарқа», Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша «Солтүстік») болып бірігуінің нәтижесінде қайта ұйымдастырылды⁹.

Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің жаңа тізбесі бекітілді.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі (2)** қайта ұйымдастырылып, оның функциялары **ҚР Инвестиция және даму министрлігіне** берілді¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 20 қарашадағы № 1756 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 51, 506-құжат) және «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 25 мамырдағы № 792 (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 24, 277-құжат) қаулыларын қараңыз. Комитет туралы Ереже жеке бекітілмеді. Бұрын жарияланған құжатқа («Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 8 қыркүйектегі №1334 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 45, 413-құжат) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (Құрастырушылардың ескертпесі).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 25 мамырдағы №792 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, №24, 277-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында көліктегі қызметтерді лицензиялау мәселелері жөніндегі шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 21 тамыздағы № 1095 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 30, 388-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік-коммуникация кешенінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 6 тамыздағы № 786 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 32, 319-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 21 қарашадағы № 1165 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 44, 474-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 8 қыркүйектегі №1334 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 18 маусымдағы № 671 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 24, 317-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы № 1232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 46, 582-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 5 наурыздағы № 222 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 12-13, 121-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 16 маусымдағы № 913 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 30, 271-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық
кешен құрылысы комитеті
(2002–2004)

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен **министрліктің Автомобиль жолдары комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Комитет туралы ереже бекітілмеді. ҚР Үкіметінің **2002 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен² министрліктің Автомобиль жолдары комитеті туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³. Мәтін ішіндегі комитеттің атауы өзгертілді. Комитеттің негізгі міндеттеріне қосымша:

көлік, ақпарат және коммуникациялық кешен құрылысы бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және осы салада рынок қалыптастыруға қатысу міндеті енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен комитет **министрліктің Темір жол көлігі комитетімен** бірге оларды **министрліктің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетіне** біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

Министрліктің Автомобиль жолдары және инфрақұрылым кешені құрылысы комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 19 тамыздағы № 916 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 27, 302-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 3 ақпандағы № 151 (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 5-6, 63-құжат) және «Қазақстан Республикасының Көлік-коммуникациялар кешенінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 3 қарашадағы № 1665 қаулыларын қараңыз // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/7301/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы № 1232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 46, 582-құжат).

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті (2003–2004)

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 6 тамыздағы** қаулысымен комитет құрылды¹ және оның ережесі бекітілді.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі** құзыретінің шегінде темір жол көлігі саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, темір жол көлігінің қызметін үйлестіруді, реттеуді және бақылауды, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған салада салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: темір жол көлігі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру; өзінің құзыреті шегінде темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу, үйлестіру мен бақылау; темір жол көлігінің қызметтер көрсету рыногын қалыптастыруға қатысу; ҚР-да, одан тыс жерлерде жүк пен жолаушыларды тасымалдау кезінде темір жол көлігін тиімді пайдалануға және магистралдық теміржол желісін дамытуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және іске асыру; теміржол көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық келісімдерді әзірлеуге қатысу; теміржол көлігі саласында бірыңғай инвестициялық, ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен жүргізуді және кадрлар даярлауды қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде теміржол көлігі туралы заңнаманы орындауды қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде теміржол тасымалындағы мемлекеттік мұқтаждар қажеттіліктерін уақтылы және сапалы қамтамасыз етуді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына² және ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 қарашадағы** қаулысына³ сәйкес комитет **министрліктің Автомобиль жолдары және инфрақұрылым кешені құрылысы комитетімен министрліктің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетіне** біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік-коммуникация кешенінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 6 тамыздағы № 786 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 32, 319-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы № 1232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 46, 582-құжат).

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Көлік инфрақұрылымын дамыту комитеті
(2004–2007)

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2004 ж. 24 қарашадағы* қаулысымен² комитет *министрліктің Автомобиль жолдары және инфрақұрылым кешені құрылысы комитеті мен министрліктің Темір жол көлігі комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды.

Министрліктің Автомобиль жолдары және инфрақұрылым кешені құрылысы комитетінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері министрліктің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 24 қарашадағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің* құзыреті шегінде автожол секторын дамыту және магистральдық темір жол салу саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын, сондай-ақ үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеті автомобиль жолдары желісін дамыту және магистральдық темір жол салу, сондай-ақ қызмет көрсетілетін автомобиль жолдарын және олардағы құрылыстарды көлік құралдарының үздіксіз және қауіпсіз жүруін қамтамасыз ететін жай-күйде күтіп ұстау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және бақылау болды.

Комитеттің облыстарда аумақтық органдары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; құқықтық және ұйымдастыру-кадрлық қамтамасыз ету басқармасы; пайдалану, жұмылдыру дайындығы, автомобиль жолдарын дамыту және темір жол салу басқармасы; сыртқы қарыздар және инвестициялық жобалар басқармасы; сатып алу және жобалау-сметалық құжаттаманы талдау басқармасы; нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және техникалық саясат басқармасы; жоспарлау, экономикалық талдау және мониторинг басқармасы; қаржыландыру, бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасы.

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен комитеттің мемлекеттік мекемелері құрылды, олардың негізгі қызметі автомобиль жолдары құрылысы және жөндеу жұмыстары кезінде жұмыс және материалдар сапаларына сараптау жүргізу болып табылды⁴. Осыған сәйкес комитет туралы ережеге мынадай толықтыру енгізілді: комитеттің облыстардағы аумақтық органдарымен қатар мемлекеттік органдар болып табылмайтын ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері бар. Осы қаулымен комитеттің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі де бекітілді.

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 6 желтоқсандағы* қаулысымен комитет *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті* болып қайта құрылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, №36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы № 1232 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 46, 582-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Автожол саласында сапаны арттырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 29 желтоқсандағы № 1305 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 50, 643-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 6 желтоқсандағы №1193 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, №46, 551-құжат).

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Қатынас жолдары комитеті
(2004–2007)

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2004 ж.*

24 қарашадағы қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің** құзыреті шегінде теміржол көлігі саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеті жүктер мен жолаушыларды тасымалдаған кезде темір жол көлігін тиімді пайдалануға, магистральдық темір жол желісін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; заң және ұйымдастыру жұмысы басқармасы; экономикалық және тарифтік саясат басқармасы; темір жол көлігінің қызметін реттеу басқармасы; темір жол көлігін дамыту басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 6 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті** болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы № 1232 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 46, 582-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 6 желтоқсандағы №1193 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, №46, 551-құжат).

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (2007–2014)

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 6 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Қатынас жолдары комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің (2)** ведомствосы болды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі қайта ұйымдастырылып, оның функциялары **ҚР Инвестиция және даму министрлігіне** берілді².

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 6 желтоқсандағы №1193 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 46, 551-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59-60, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (2014–2018)

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен¹ және ҚР Үкіметінің **2014 ж. 19 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды².

ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. **2014 ж. 17 қазандағы** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді³.

Комитет **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің** құзыреті шегінде, реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ әуе және құбыржол

көлігін қоспағанда, көлік саласында министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оны ары қарай іске асыру.

ҚР Президентінің **2018 ж. 26 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Инвестициялар және даму министрлігі **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат.)

² «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 995 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, №57, 546-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті» мемлекеттік мекемесі және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 ж. 17 қазандағы № 92 бұйрығы (Егемен Қазақстан, 2015 ж. 9 сәуір).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (2014–2018)

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен¹ және ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен² құрылған.

ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. **2014 ж. 14 қазандағы** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді³.

Комитет **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің** реттеуші, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылды. Комитеттің Алматы қаласында аумақтық органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және экспериментальдік авиация қызметі саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру; ҚР әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау және қадағалау; ҚР әуе кеңістігін оны пайдаланушылардың қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету, адамдардың өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекет мүдделеріне қауіп төндірмей ұшуды орындау; әуе кеңістігін пайдалану және ұшуды орындаумен байланысты қызметті жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын белгілеу; ҚР экономика және азаматтардың авиациялық қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру болды.

ҚР Президентінің **2018 ж. 26 желтоқсандағы** Жарлығымен **ҚР Инвестициялар және даму министрлігі** **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59-60, 555-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 ж. 14 қазандағы № 63 бұйрығы (Егемен Қазақстан, 2015 ж. 18 маусым).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігінің
Автомобиль жолдары комитеті
(2014–2018)

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығы¹ және ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысы² негізінде құрылды.

ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. *2014 ж. 17 қазандағы* бұйрығымен комитеттің ережесі³ бекітілді.

Комитет *ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің* реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ автомобиль жолдары саласындағы Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті: автомобиль жолдары және жол қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік және ғылыми-техникалық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

ҚР Президентінің *2018 ж. 26 желтоқсандағы* Жарлығымен *ҚР Инвестициялар және даму министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі* болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59-60, 555-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті» мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 ж. 17 қазандағы № 92 бұйрығы (Казахстанская правда, 2015 ж. 9 сәуір).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Автомобиль жолдары комитеті
(2018–2023)

ҚР Президентінің *2018 ж. 26 желтоқсандағы* Жарлығымен¹ және ҚР Үкіметінің *2018 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен² құрылды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің *2019 ж. 11 ақпандағы* бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді³.

Комитет *ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің* реттеу және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ автомобиль жолдары саласындағы министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі мақсаты – жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу.

ҚР Үкіметінің *2023 ж. 4 қазандағы* қаулысымен⁴ ҚР Президентінің *2023 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығын⁵ іске асыру мақсатында комитет *ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті* болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/128593/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 ж. 11 ақпандағы № 71 бұйрығы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық

түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client#!/history/129085/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 18 ақпан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті (2018–2023)

ҚР Президентінің *2018 ж. 26 желтоқсандағы* Жарлығымен¹ және ҚР Үкіметінің *2018 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен² құрылды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. *2019 ж. 31 қаңтардағы* бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді³.

Комитет – *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің* ведомстволық бағынысты мекемесі болып табылған, ол өз құзыреті шегінде реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырған, сондай-ақ көлік саласында (әуе және құбыржолды қоспағанда) министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысты.

Комитеттің міндеті – әуе және құбыржолды қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оны іске асыру.

Келешекте комитеттің міндеттері толықтырылды: өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу, келісу және бекіту; республика экономикасының және халықтың тасымалдарға, жұмыстардың орындалуына және қызмет көрсетулерге қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ әуе және құбыржолды қоспағанда, тасымалдауды және көлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту; заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау, оның ішінде халықаралық тасымалдау саласында; әуе және құбыржолды қоспағанда, көліктің барлық түрлерінде қауіпсіз пайдаланудың қамтамасыз етілуіне және қызметіне бақылау жүргізу; әуе және құбыржолды қоспағанда, заңды және жеке тұлғалардың көлік саласындағы қызметіне, сондай-ақ заңнама талаптарын сақтауына бақылау жүргізу.

ҚР Үкіметінің *2023 ж. 4 қазандағы* қаулысымен комитет *ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көлік бақылауы комитеті* және *Теміржол және су көлігі комитетіне* бөлініп, қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/128593/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті» мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2019 ж. 31 қаңтардағы № 58 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client#!/md/128966/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 13 ақпан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Азаматтық авиация комитеті
(2018–2023)

ҚР Президентінің *2018 ж. 26 желтоқсандағы* Жарлығымен¹ және ҚР Үкіметінің *2018 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды².

2019 ж. 11 ақпандағы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді³.

Комитет *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің* реттеуші, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және экспериментальдік авиация қызметі саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру; ҚР әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және экспериментальді авиация қызметін мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау және қадағалау; ҚР әуе кеңістігін оны пайдаланушылардың қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету, адамдардың өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекет мүдделеріне қауіп төндірмей ұшуды орындау; әуе кеңістігін пайдалану және ұшуды орындаумен байланысты қызметті жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын белгілеу; ҚР экономика және азаматтардың авиациялық қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылды.

ҚР Президентінің *2023 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығын іске асыру мақсатында, *2023 ж. 4 қазандағы*⁴ ҚР Үкіметінің қаулысымен комитет *ҚР Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті* болып қайта ұйымдастырылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және ҚР Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/128593/kaz> (ресми жарияланған күні: 2019 ж. 23 қаңтар).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті» және «Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Өңіраралық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы» мемлекеттік мекемелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 ж. 11 ақпандағы № 70 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/129232/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 27 ақпан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі (2)
(2023*)

ҚР Президентінің *2023 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығымен *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің* теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында теңізде жүзу салаларындағы; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, қайта құрылуының нәтижесінде қайта құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2023 ж. 4 қазандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында теңізде жүзу салаларында; ҚР әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: **ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті; ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті; ҚР Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті; ҚР Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында теңізде жүзу салаларындағы; ҚР әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; министрліктің құзыретіне кіретін қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; көліктің және оның өміршеңдік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету; көлік саласында инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу; мемлекеттің және халықтың тасымалдауға мұқтаждығының болжамдарын әзірлеу; көлік саласында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғау; экономиканың және республика халқының тасымалдауға, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалына және оларға байланысты көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау; жолаушылар тасымалын жүзеге асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоса алғанда, жаңа технологияларды, мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген құрылғылар мен технологиялардың ұтқырлығын жеңілдететін құралдарды пайдалану; жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын көлік жұмыскерлерін мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау және оларға қызмет көрсету дағдыларына, оның ішінде ымдау тіліне үйрету; көлік қызметін пайдаланушылар құқықтарының сақталуын бақылау және қадағалау; ҚР көлік кешені қызметінің жұмысын үйлестіру және мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру; реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру; реттелетін салаларда мемлекеттік басқару; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтау; өз құзыреті шегінде министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

Қазақстан Республикасы **Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті** **(2023*)**

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Көлік министрлігінің (2)** реттеуші, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру; ҚР әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау және қадағалау; ҚР әуе кеңістігін оны пайдаланушылардың қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету, адамдардың өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға,

мемлекет мүдделеріне қауіп төндірмей ұшуды орындау; әуе кеңістігін пайдалану және ұшуды орындаумен байланысты қызметті жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын белгілеу.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Көлік министрінің 2023 ж. 29 қыркүйектегі № 17 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/186805/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 6 қазан).

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті (2023*)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет автомобиль жолдары саласында басшылықты жүзеге асырады².

Комитеттің негізгі міндеттері: автомобиль жолдары мен жол қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік және ғылыми-техникалық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру; автокөлік жолдарын дамытуды, сақтауды, жөндеуді және күтіп ұстауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын жол қызметін басқару; ҚР заңдарына сәйкес жол саласын қаржыландыру көздері мен мөлшерін анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлеу; автомобиль жолдарын дамыту және пайдалану бөлігінде ҚР халықаралық шарттарын жасасуға қатысу; жол саласында инвестициялық және әлеуметтік саясатты іске асыру; жол қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу; ҚР экономикасы мен қорғаныс қабілетін нығайту міндеттеріне сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын дамытуды мемлекеттік жоспарлау; жобалау саласында қабылданған нормалар мен ұлттық стандарттардың, автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде талап етілетін сапаның сақталуын қамтамасыз ету; автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейту; ҚР заңдарында, ҚР Президентінің, ҚР Үкіметінің актілерінде және ҚР министрінің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Көлік министрінің 2023 ж. 28 қыркүйектегі № 15 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/186861/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 6 қазан).

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті (2023*)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Көлік министрлігінің (2)** өз құзыреті шегінде автомобиль көлігі саласында реттеуші, іске асыратын, автомобиль, теміржол және су көлігі саласында бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ көлік саласында министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылады².

Міндеттері: комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету; ҚР заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау; комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірулерді дайындау; министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар бұл туралы ресми сұрау салған жағдайда, өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну; Комитеттің теңгерімінде тұрған мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету; бухгалтерлік есепті жүргізу; бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және министрлікке беру; комитетке бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Көлік министрінің 2023 ж. 10 қазандағы № 19 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/188330/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 17 қараша).

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті (2023*)

ҚР Үкіметінің *2023 ж. 4 қазандағы* қаулысымен комитет *ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің* қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет өз құзыреті шегінде реттеу және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ министрліктің теміржол және су көлігі саласындағы стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын *ҚР Көлік министрлігінің (2)* ведомствосы болып табылады.

Мақсаты: теміржол және су көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оны кейіннен іске асыру; республика экономикасының және халықтың тасымалдарға, жұмыстардың орындалуына және қызмет көрсетулерге қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ теміржол және су көлігінің тасымалдары мен инфрақұрылымын одан әрі дамыту; заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау, оның ішінде халықаралық тасымалдау саласында.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің «Темір жол және су көлігі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Автомобиль көлігі және көлік бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы» ҚР Көлік министрінің 2023 ж. 10 қазандағы № 19 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/188330/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 17 қараша)

4.2 Байланыс, ақпараттандыру және инновациялар саласында басқару органдары

Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі (1991–1994)

*1954 ж. 28 желтоқсанда Қазақ ССР Байланыс министрлігі ретінде құрылды*¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 17 наурыздағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік байланыс саласын және ақпарат желісін мемлекеттік басқарудың орталық органы болды, ол өз қызметін **ҚР Министрлер Кабинетінің** басшылығымен жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: байланыстың барлық түрлерін дамытудың тұжырымдамалары мен мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу; ҚР аумағындағы барлық байланыс құралдарының жұмыс істеу тәртібін анықтайтын заңнама және заң күшіндегі актілердің жобаларын әзірлеу; қарамағындағы кәсіпорындардың, басқа да заңдық ұйымдардың байланыс қызметін көрсету рыногын және меншіктің алуан түрлеріне негізделген жаңа құрылымдарды қалыптастыруына жағдай жасау; почта, телеграф, қалалық, қалааралық және халықаралық телефон байланысын, радиохабарын тарату, телевизия және ақпарат инфрақұрылымын жан-жақты дамыту ісін үйлестіріп отыру, байланыстың осы түрлерін жетілдіру және пайдалану жөнінде бірыңғай техникалық саясат жүргізу; арнаулы байланыс жұмысын, мемлекеттік фельдъегер қызметін ұйымдастыру.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 16 қазандағы** қаулысымен министрлік жанынан **Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясы** құрылды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 5 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің негізінде шаруашылық міндеттерін атқаратын құқығы бар **Мемлекеттік почта байланысы қызметі** мен Мемлекеттік республикалық телекоммуникация кәсіпорны құрылды⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 7 қаңтардағы** қаулысымен министрлік жанынан **Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия** құрылды⁵.

ҚР Президентінің **1994 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен таратылды⁶. Бұрынғы ҚР Байланыс министрлігі мен **ҚР Көлік министрлігінің негізінде ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі** құрылды.

¹ ҚР ОММ. 1137-қ. 15-т. 7-іс.

² «Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 17 наурыздағы № 250 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, №11, 199-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанынан Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 16 қазандағы № 875 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, №40, 599-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы байланыс саласын басқару құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 5 сәуірдегі № 259 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, №11, 131-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанынан Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қаңтардағы №37 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1994, №2, 18-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы №1731 Жарлығы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (1992–1994)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 16 қазандағы** қаулысымен құрылды¹. Осы қаулымен ол туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомиссия радиожиілік спектрін бөлу және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және радиоэлектронды құралдардың электр магниттік сыйымдылығын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік басқару органы болды.

Мемкомиссия негізгі міндеттері: радиожиілік спектрін бөлу және пайдалану саласында ұзақ мерзімді саясат жасау; әр түрлі радиоэлектрондық құралдардың радиожиілік спектрін пайдалануының ұзақ мерзімді жоспарын және ҚР радио қызметі мекемелері арасында Радиожиілік алабын бөлу кестесін жасау; радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік сәйкестігін бағалаудың бірыңғай әдістері мен критерийлерін қамтамасыз ету саласында техникалық саясатты әзірлеуді ұйымдастыру; радиожиілік спектрін пайдалану тәртібінің сақталуына бақылау жасау; ҚР

радиоэлектронды құралдарын жиілікті иемденуді халықаралық-құқықтық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру және т.б.

Комиссияның өзіне жүктелген міндеттерін орындау үшін жұмысшы аппараты болды.

ҚР Президентінің **1994 ж. 13 маусымдағы Жарлығымен ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің** құрылуына байланысты мемкомиссия **ҚР Көлік министрлігімен** бірге өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігі жанынан Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 16 қазандағы № 875 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 40, 599-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігі жанынан Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 16 қазандағы № 875 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 40, 599-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1731 қаулысы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің Почта байланысының мемлекеттік қызметі (1993–1994)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 5 сәуірдегі** қаулысымен **ҚР Байланыс министрлігі** құрылымдық бөлімшелерінің негізінде құрылды¹.

ҚР Президентінің **1994 ж. 13 маусымдағы Жарлығымен** Почта байланысының мемлекеттік қызметі министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты².

¹ «Қазақстан Республикасының байланыс саласын басқару құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 5 сәуірдегі №259 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 11, 131-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы №1731 Жарлығы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясы (1994)

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 7 қаңтардағы** қаулысымен мемлекеттік комиссия құрылып¹, оның ережесі бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомиссия ҚР өзара байланысқан телекоммуникациялық тораптарын, мемлекеттік және басқа да байланыс тораптарын дамыту мен жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруші ҚР мемлекеттік басқару органы болды.

Мемкомиссияның негізгі функциялары: телекоммуникациялық тораптардың дамуын, жетілдірілуін және экономикалық құрылысын үйлестіруді жүзеге асыру және олардың жұмысының сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру; телекоммуникация тораптарын дамыту мен жетілдіру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын ұйымдастыру, сондай-ақ салааралық бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; жұмыс жасап жатқан және жаңадан құрылатын байланыс тораптарының өзара іс-шаралары жөніндегі ұйымдық-техникалық шараларды қамтамасыз ету; орталықтандырылған басқару мүмкіндігі бар байланыстың техникалық құралдарын әзірлеу және телекоммуникациялық тораптарының құрылысы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

Комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді атқаратын жұмыс аппараты болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 15 желтоқсандағы** қаулысымен мемкомиссия таратылды³. Функциялары **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің (1)** Байланыс департаментіне берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қаңтардағы № 37 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 2, 18-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қаңтардағы № 37 қаулысына қосымша (ҚР ПУАЖ, 1994, № 2, 18 - құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясын тарату туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 15 желтоқсандағы № 1412 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 47, 525 - құжат).

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Радиожиліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (1994–1996)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 13 маусымдағы** қаулысымен құрылды¹.

Мемкомиссия радиожилік спектрін бөлу мен пайдалану және радиоэлектронды құралдардың электромагниттік сыйымдылығын қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды жүзеге асырған ҚР мемлекеттік басқару органы болды.

Мемкомиссияның негізгі функциялары: радиожилік спектрін бөлу және пайдалану саласында ұзақ мерзімді саясат жасау; мәліметтерді есептеудің, радиожилік спектрін және қазіргі радиобақылауды пайдалануды басқару үрдістерін автоматтандырудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру; шектеулі ресурс болып табылатын радиожилік спектрін пайдаланудың тиімділігін арттыру; радиожилік спектрін конверсиялауды ұйымдастыру; ҚР радиоэлектронды құралдарын жиілікті иемденуді халықаралық-құқықтық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру².

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 15 қазандағы** қаулысымен мемкомиссия **ҚР Радиожиліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 13 маусымдағы №1731 қаулысы (Казахстанская правда, 1994 ж. 14 маусым).

² Жаңа ереже бекітілмеді. Бұрынғы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қазандағы № 875 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 12 қаңтардағы № 42 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 2, 22-құжат). – Құрастырушылардың ескертпесі.

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 323-б.

Қазақстан Республикасының Радиожиліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы (1996–2002)

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 15 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 21 қарашадағы** қаулысымен комиссия туралы ереже бекітілді².

Радиожилік спектрін басқару, бөлу және пайдалану саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру, сондай-ақ радиоэлектронды құралдардың электр магниттік сыйымдылығын қамтамасыз ету жөніндегі орган болды.

Мемкомиссияның негізгі функциялары: радиожилілік спектрін бөлу және пайдалану мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдарда ҚР мүдделерін білдіру және қорғау; ҚР Радиоқызметтері арасында белдеулерді бөлудің ұлттық кестесін әзірлеу; радиожилік спектрін бөлу және пайдалану саласындағы ұзақ мерзімді саясатты әзірлеу; шектеулі табиғи ресурс болып табылатын радиожилік спектрін пайдаланудың тиімділігін арттыру; радиожилік спектрін конверсиялауды ұйымдастыру; ҚР радиоэлектронды аппаратураға шетелдік тапсырыс беруші,

әзірлеуші, оны пайдаланушы немесе сатып алушы барлық министрліктерінің, ведомстволары мен ұйымдарының жұмыстарын үйлестіру және т.б.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 21 мамырдағы** қаулысына сәйкес, ҚР Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын ҚР Радиожиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы болып қайта құрылды³.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 323-б.

² «Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 21 қарашадағы №1418 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 47, 459-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 21 мамырдағы № 543 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 14, 149-құжат).

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік поштасы (1994–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 14 желтоқсандағы** қаулысымен **министрліктің Мемлекеттік пошта байланысы қызметінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 13 қарашадағы** қаулысымен шаруашылық жүргізу құқындағы **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі (1)** жанындағы Республикалық мемлекеттік пошта байланысы кәсіпорны болып қайта құрылды². Кәсіпорын ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Мемлекеттік поштасының құқықтық мирасқоры болды.

¹ «Көлік және коммуникациялар мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күші жойылған деп тану туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 14 желтоқсандағы № 1409 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №47, 522-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік поштасын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы пошта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорнына айналдыру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 13 қарашадағы № 1521 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 35, 450-құжат).

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі (1994–1999)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Көлік-коммуникациялық кешені құрамында қызмет етті.² **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі (1)** мемлекеттік басқару уәкілетті органы болды.³

Қызмет қайта ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 19 шілдедегі № 804 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 29, 334-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 17 қарашадағы № 1302 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/2244/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1997 ж. 22 қарашадағы №1641 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 51, 469-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 1 сәуір № 355 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 12, 112-құжат).

Қазақстан Республикасы
Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің
Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі
(1999)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 1 сәуірдегі* қаулысымен *ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі* республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын Республикалық мемлекеттік мекеме етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹. *ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі* мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырған уәкілетті мемлекеттік орган болды.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 5 қазандағы* қаулысымен Республикалық мемлекеттік мекемеге қатысты уәкілетті орган *ҚР Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі* болып табылатындығы белгіленді².

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 20 қыркүйектегі* қаулысымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі ҚР Мемлекеттік құпияларды қорғау агенттігінің қарамағынан *ҚР Премьер-Министрінің Кеңесінің* қарамағына берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1999 ж. 1 сәуірдегі № 355 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 12, 112-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 қазандағы № 1522 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/md/13177/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне қатысты жекелеген мәселелер туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 20 қыркүйектегі № 1036 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/md/13177/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті
(2000–2003)

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 12 қазандағы* қаулысымен *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің (2)* бекітілген штат саны лимитінің шегінде мемлекеттік мекеме ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылды.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 3 қарашадағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің (2)* құзыреті шегінде оның құзыретіне жатқызылған салада арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларда аумақтық органдары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР байланысын және ақпараттандыруды дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттары мен басымдықтарын іске асыруға және ұсыныстар әзірлеуге қатысу, оның сапасы мен қол жеткізімділігін және жұмыс істеудегі орнықтылығын арттыру; өз құзыретінің шегінде байланыс және ақпараттандыру саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу; байланыс және ақпараттандыру саласындағы субъектілердің қызметін реттейтін заңы және өзге де нормативті құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу; радиожилілік спектрін бөлу және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу, сондай-ақ оның іске асырылуын қамтамасыз ету; радиожилілік спектрін пайдалануды жоспарлау, сондай-ақ оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету; байланыс және ақпараттандыру саласындағы қызметті мемлекеттік қадағалау және бақылау; байланыс және ақпараттандырудың қызметтер көрсету рыногының жұмыс істеуі үшін жағдай жасау.

ҚР Президентінің *2003 ж. 13 маусымдағы Жарлығына*³ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2003 ж. 22 шілдедегі* қаулысымен таратылды⁴. Мүлкін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері жаңа құрылған *ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне* берілді. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері агенттіктің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды.

¹ «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 12 қазандағы № 1521 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, №42, 487-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көлік-коммуникациялық кешенінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж.3 қарашадағы № 1665 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/7301/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы № 1107 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 26, 242-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 22 шілдедегі № 724 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 30, 294-құжат).

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі (2003–2010)

ҚР Президентінің *2003 ж. 13 маусымдағы Жарлығымен ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде құрылды, оған *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің* ақпараттандыру және байланыс саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді¹.

ҚР Үкіметінің *2003 ж. 22 шілдедегі* қаулысымен агенттік түрлі ереже бекітілді². Таратылған *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетінің* мүлкін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері агенттігіне берілді. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері агенттіктің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды.

Агенттік ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, ақпараттандыру және байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және оның іске асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру; өз құзыреті шегінде ақпараттандыру және байланыс саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; радиожилік спектрін бөлу және пайдалану саласындағы, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде ақпараттандыру және байланыс саласында метрология, стандарттау және сертификаттау аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу және оның іске асырылуын қамтамасыз ету; байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік техникалық қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру; ҚР ақпараттандыру мен байланысын дамытудың және жетілдірудің негізгі бағыттары мен басымдықтары туралы ұсыныстар әзірлеуге қатысу және іске асыру, олардың сапасын, қол жетімділігін және орнықты жұмыс істеуін арттыру; радиожилік спектрін пайдалануды жоспарлау, сондай-ақ оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету; ақпараттандыру және байланыс қызметтерін көрсету рыногының жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау; ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және жобалау жұмыстарына, сондай-ақ ақпараттандыру және байланыс саласындағы кадрларды оқытуға, даярлауға және біліктілігін арттыруға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру; ақпараттандыру және байланыс саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында заңды тұлғалар болып табылатын аумақтық органдары – ақпараттандыру және байланыс жөніндегі басқармалары болды.

ҚР Президентінің *2007 ж. 19 маусымдағы Жарлығымен*³ агенттікке ҚР Үкіметінің телекоммуникациялардың әмбебап қызметтеріне тарифтерді бекіту жөніндегі; *ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің* телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы табиғи монополиялар салаларын реттеу және бақылау жөніндегі; *ҚР Индустрия*

және сауда министрлігінің телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы тауар нарықтарында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) арналған бағаларды реттеу жөніндегі функциялары берілді.

Агенттік телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы тауар нарықтары субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) және инфрақұрылымына кемсітпейтін қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында тауар нарықтарына талдау жасау жөніндегі функциясы берілді.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 5 желтоқсандағы** қаулысымен агенттік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды⁴.

Агенттік ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, ақпараттандыру және байланыс саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: байланыс саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, байланыс саласындағы қызметтерді ұсынатын немесе оларды пайдаланатын адамдардың қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу; ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және қызметті мемлекеттік реттеу; почта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, почта операторларының қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу.

Агенттік және оның аумақтық органдары агенттіктің біртұтас жүйесін құрады.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен агенттіктің аумақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік мекемелері инспекциялар болып қайта аталды⁵.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі** болып құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды, оның ішінде соңғысына **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінен** бұқаралық ақпарат саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді⁶.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 18 мамырдағы** қаулысымен агенттіктің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитетінің** аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 маусымдағы № 1107 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 26, 242-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 22 шілдедегі № 724 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 30, 294-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 19 маусымдағы № 346 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 20, 227-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі №724 және қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 5 желтоқсандағы № 1184 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 46, 549-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 22 қыркүйектегі № 867 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 39, 424-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы №936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 18 мамырдағы № 427 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 34, 268-құжат).

Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі (2010–2012)

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің** қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды, оның ішінде оған **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінен** бұқаралық ақпарат саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді¹.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 18 мамырдағы** қаулысымен Министрліктің **Байланыс және ақпарат комитеті**² құрылды². Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды. **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитеті ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті** болып қайта аталды.

Осы қаулымен министрлік туралы ереже бекітілді.

Министрлік байланыс саласындағы және ақпараттандыру, ақпарат, мұрағат ісі мен құжаттама салаларындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің ведомстволары: Ақпарат және мұрағаттар комитеті, Байланыс және ақпараттандыру комитеті.

Министрліктің негізгі міндеттері: байланыс саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру, байланыс саласындағы қызметтерді ұсынатын немесе оларды пайдаланатын адамдардың қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу; ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру және қызметті мемлекеттік реттеу; почта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру, почта операторларының қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу; ақпарат, мұрағат ісі мен құжаттама саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру және қызметті мемлекеттік реттеу; табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда телекоммуникация мен почта байланысының жалпы қолжетімді қызметтері саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру әрі мемлекеттік реттеу және бақылау; ақпарат, мұрағат ісі мен құжаттама салаларындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен министрлік жанынан **Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті** құрылды. Барлық халыққа қызмет көрсету орталықтары – мемлекеттік мекемелері мүліктік кешендер ретінде облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының коммуналдық меншігінен республикалық меншікке қабылданып, комитеттің қарамағына берілді. Министрлік туралы ережеге толықтыру жасалды³. Министрлік ведомстволарының қатарына жаңа құрылған комитет енгізілді.

ҚР Президентінің **2012 ж. 20 қаңтардағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Мәдениет министрлігіне** ақпарат, архив ісі және құжаттама саласындағы; **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігіне** байланыс, ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін бере отырып, таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 18 мамырдағы № 427 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 34, 268-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 11 наурыздағы № 249 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 26, 309-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 20 қаңтардағы № 226 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 24, 324-құжат).

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінің
Байланыс және ақпараттандыру комитеті
(2010–2012)

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығына сәйкес¹ комитет ҚР Үкіметінің

2010 ж. 18 мамырдағы қаулысымен² құрылды.

ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды.

Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді.

Комитет **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 18 мамырдағы № 427 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 34, 268-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 11 наурыздағы № 314 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 36, 482-құжат).

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінің
Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау
және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті
(2011–2012)

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Барлық халыққа қызмет көрсету орталықтары – мемлекеттік мекемелері мүліктік кешендер ретінде облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының коммуналдық меншігінен республикалық меншікке қабылданып, комитеттің қарамағына берілді.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен **Комитет ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 11 наурыздағы № 249 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 26, 309-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 11 наурыздағы № 314 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 36, 482-құжат).

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрлігінің
Байланыс және ақпараттандыру комитеті
(2012–2014)

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен ҚР байланыс және ақпарат министрлігінің байланыс және ақпараттандыру комитеті **ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті** болып қайта аталу нәтижесінде құрылған¹.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 17 сәуірдегі** қаулысымен комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 11 наурыздағы № 314 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 36, 482-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 17 сәуірдегі № 369 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 29, 241-құжат).

Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат агенттігі (2014)

Агенттік ҚР Президентінің *2014 ж. 7 наурыздағы* Жарлығымен Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде құрылып, оған: **ҚР Көлік және коммуникация министрлігінен** байланыс, ақпараттандыру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру саласындағы; **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінен** ақпарат, архив ісі және құжаттама саласындағы функциялар мен өкілеттіктер берілді¹.

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 17 сәуірдегі* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік байланыс, ақпараттандыру, ақпарат, архив ісі мен құжаттама саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылды.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары бар.

Агенттіктің негізгі міндеттері: байланыс саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру, байланыс саласындағы қызметтерді ұсынатын немесе оларды пайдаланатын адамдардың қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу; ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу мен іске асыру және қызметті мемлекеттік реттеу; почта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру, почта операторларының қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу; ақпарат, архив ісі мен құжаттама саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және қызметті мемлекеттік реттеу және іске асыру; табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда телекоммуникация мен почта байланысының жалпы қолжетімді қызметтері саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу, іске асыру және мемлекеттік реттеу және бақылау; телерадио хабарларын тарату саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу мен іске асыру және қызметті мемлекеттік реттеу; өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыруды қамтамасыз ету; электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыруды қамтамасыз ету; байланыс, ақпараттандыру салаларындағы және «электрондық үкіметті», ақпаратты, архив ісі мен құжаттаманы қалыптастыру кезінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; байланыс, ақпараттандыру саласындағы және «электрондық үкіметті», ақпаратты, архив ісі мен құжаттаманы қалыптастыру кезінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; заңнамада белгіленген құзыреті шеңберінде ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; гендерлік теңдік қағидаттарын сақтау; агенттікке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен агенттік таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 7 наурыздағы № 761 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 14, 116-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 17 сәуірдегі № 369 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 29, 241-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (2014–2016)

Комитет ҚР Үкіметінің *2014 ж. 19 қыркүйектегі* қаулысына сәйкес құрылған¹.

Комитет реттеушілік, іске асырушылық, бақылау функцияларды жүзеге асыратын, сондай-ақ байланыс, ақпараттандыру және ақпарат саласындағы министрліктің стратегиялық

функцияларын орындауға қатысатын **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің** ведомствосы болды².

Міндеті: байланыс, пошта саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, байланыс, пошта саласындағы қызметтерді ұсынатын немесе оларды пайдаланатын адамдардың қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 16 маусымдағы** қаулысымен комитет **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 995 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014 № 57, 546-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің «Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 ж. 14 қазандағы № 62 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/84142/kaz> (ресми жариялау күні: 2014 ж. 28 қазан).

³ «Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 16 маусымдағы № 353 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 36, 209-құжат).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (2016–2019)

ҚР Президентінің **2016 ж. 6 мамырдағы** Жарлығымен **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің** ақпарат, ақпараттандыру және байланыс саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 16 маусымдағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік – байланыс, ақпараттандыру, «электрондық үкімет» және ақпарат салаларында басшылықты жүзеге асырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болды.

Министрліктің ведомстволары: **Ақпарат комитеті, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті**.

Министрліктің негізгі міндеттері: балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау, ақпараттандыру, ақпарат, байланыс, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; пошта және байланыс саласында мемлекеттік бақылауды, үйлестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ ҚР аумағында пошта саласындағы қызметті және байланыс саласында қызмет көрсететін немесе оларды қолданатын тұлғалардың қызметін реттеу; телерадио хабарларын тарату және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; ҚР бірыңғай ақпараттық кеңістігін және байланыс инфрақұрылымын қалыптастыруды, дамытуды және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру; ҚР заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау, бұқаралық ақпарат құралдары және ақпараттандыру саласындағы халықаралық ынтымақтастық; мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясына) басшылықты жүзеге асыру; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңгерімді сақтау; мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру; өз құзыреті шегінде министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2019 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі** таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 6 мамырдағы № 253 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 27, 151-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 16 маусымдағы № 353 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 36, 209-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 25 ақпандағы № 848 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 3, 26-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы
мемлекеттік бақылау комитеті
(2016–2017)

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 16 маусымдағы** қаулысына сәйкес **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті** ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті болып қайта аталды¹.

Комитет **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің** іске асырушылық, бақылау функцияларды жүзеге асыратын, сондай-ақ байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы Министрліктің реттеушілік және стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болды².

Комитеттің міндеттері: Ақпараттандыру, ақпарат, байланыс, электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; пошта және байланыс саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және үйлестіру, сондай-ақ байланыс саласындағы қызметтерді көрсететін немесе оларды пайдаланатын тұлғалардың қызметін реттеу; ҚР бірыңғай ақпараттық кеңістігін және байланыс инфрақұрылымын қалыптастыруды, дамытуды және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді дамыту және жүзеге асыру; телерадио хабар тарату және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңгерімді сақтау; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 25 қарашадағы** қаулысымен комитет **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 16 маусымдағы № 353 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 36, 209-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2016 ж. 20 маусымдағы № 6 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/107589/kaz> (ресми жариялау күні: 2016 ж. 24 қараша).

³ «Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 25 қарашадағы № 773 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 62–63, 377-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің
Телекоммуникациялар комитеті
(2017–2019)

Комитет ҚР Үкіметінің **2017 ж. 25 қарашадағы** қаулысына¹ сәйкес **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетін** қайта атау нәтижесінде құрылған.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің **2017 ж. 15 желтоқсандағы** бұйрығымен

комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің** іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ байланыс және ақпараттандыру саласындағы реттеушілік және стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын министрліктің ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат беру; радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға рұқсат беру.

ҚР Президентінің **2019 ж. 25 ақпандағы Жарлығымен ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі** таратылды, ал оның байланыс және ақпараттандыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 25 қарашадағы № 773 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 62-63, 377-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 ж. 15 желтоқсандағы № 445 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/118102/kaz> (ресми жариялау күні: 2018 ж. 24 қаңтар).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 25 ақпандағы № 848 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 3, 26-құжат).

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті (2016–2019)

Комитет ҚР Үкіметінің **2016 ж. 15 қарашадағы** қаулысына сәйкес құрылған¹.

Комитет **ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** реттеушілік, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ Министрліктің ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болды².

Комитеттің міндеттері: ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы үйлестіру; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 қарашадағы № 704 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 58, 373-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Ақпараттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2016 ж. 17 қарашадағы № 5/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/107659/kaz> (ресми жариялау күні: 25.11.2016).

³ «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5–6, 64-құжат).

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (2019)

ҚР Президентінің **2019 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен **ҚР Қорғаныс және аэроғарыш**

өнеркәсібі министрлігі, оған **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен** байланыс, ақпараттандыру, «электрондық үкімет», мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен министрліктің ережесі бекітілді².

ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі қорғаныс, аэроғарыш өнеркәсібі және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру, жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу, әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру салаларында басшылықты, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау, байланыс, ақпараттандыру, «электрондық үкімет», мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болды.

Міндеттері: қорғаныс, аэроғарыш өнеркәсібі және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру саласында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру, байланыс, ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту; министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылықты жүзеге асыру және мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіру; реттелетін салалардағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау; өз құзыреті шегінде ҚР сақталуын бақылауды қамтамасыз ету; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін құру; ҚР Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, ҚР арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын қазіргі заманғы әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен), әскери мақсаттағы жұмыстармен және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының ғылыми-технологиялық және өндірістік әлеуетін өнеркәсіптің азаматтық салаларында пайдалану; мемлекетте қорғаныс қабілетін, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті арттыру және нығайту мүдделерінде қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың қазіргі заманғы түрлерін жасауды қамтамасыз ету; қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының экспорттық әлеуетін қолдау және одан әрі дамыту; қолданбалы зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту және оларды одан әрі коммерцияландыру болып табылады; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласында басшылық ету; ҚР ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыштық технологиялар мен көрсетілетін қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жағдай жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын құру; өз құзыреті шегінде «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; пошта және байланыс саласында мемлекеттік бақылауды, үйлестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ ҚР аумағында пошта саласындағы қызметті және байланыс саласында қызмет көрсететін немесе оларды қолданатын тұлғалардың қызметін реттеу; ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; ҚР байланыс инфрақұрылымын қалыптастыруды, дамытуды және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыру; ҚР заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде ақпараттандыру, байланыс және телекоммуникация салаларында халықаралық ынтымақтастық; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, байланыс және мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру; мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясына) басшылықты жүзеге асыру және т.б.

ҚР Президентінің **2019 ж. 17 маусымдағы** Жарлығымен министрлік оған **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** геодезия және картография саласындағы, **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің** елдің инновациялық саясаты, ғылыми-техникалық дамуы саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, **ҚР Цифрлық даму,**

инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 25 ақпандағы № 848 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 3, 26-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

[Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1900000142/26.03.2019> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 24 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 22, 205-құжат).

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті (2019)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысына сәйкес **ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті** ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті болып қайта аталды¹.

Комитет **ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** реттеушілік, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ министрліктің ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болды².

Міндеттері: ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың қызметі; реттелетін салалардағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау; өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 12 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5–6, 64-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Телекоммуникациялар комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 ж. 18 сәуірдегі № 46/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/133365/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 24 шілде).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру шаралары туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті (2019)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті** ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті болып қайта аталды¹.

Комитет **ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ байланыс және ақпараттандыру саласындағы реттеушілік және стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын Министрліктің ведомствосы болды².

Комитеттің міндеттері: байланыс саласында, ақпараттандыру, сондай-ақ электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба салаларында ҚР электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба, телекоммуникациялар туралы заңнамасын сақтау тұрғысынан мемлекеттік саясатты іске асыру; байланыс, пошта саласында, ақпараттандыру, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба салаларында ҚР электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба, телекоммуникациялар туралы заңнамасын сақтау тұрғысынан мемлекеттік бақылау, сондай-ақ ҚР аумағында пошта, телекоммуникациялар саласындағы қызметтерді және байланыс саласындағы қызметтерді ұсынатын немесе оларды пайдаланатын тұлғалардың қызметін, телекоммуникацияларды реттеу.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 12 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 5-6, 64-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 ж. 18 сәуірдегі № 46/НК бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/133365/kaz> (ресми жарияланған күні: 2019 ж. 24 шілде).

³ «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (2019*)

ҚР Президентінің **2019 ж. 17 маусымдағы** Жарлығымен министрлік оған **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** геодезия және картография саласындағы; **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің** елдің инновациялық саясаты, ғылыми-техникалық дамуы саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі** болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды¹.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 12 шілдедегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді², оған кейіннен бірнеше рет (40-тан астам рет) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген³.

Министрлік аэроғарыш және электрондық өнеркәсіп, инновациялық қызмет салаларында, елдің ғылыми-техникалық дамуы, геодезия, картография және кеңістіктік деректер, ақпараттандыру, «электрондық үкімет», дербес деректер және оларды қорғау, цифрлық активтер, жобалық басқару салаларындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында, сондай-ақ байланыс, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту салаларында және деректерді басқару бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің ведомстволары: **Аэроғарыш комитеті; Ақпараттық қауіпсіздік комитеті; Телекоммуникациялар комитеті; Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті; Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: реттелетін салаларда тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ бәсекеге қабілетті аэроғарыш өнеркәсібін дамыту және ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті, ғарыш қызметі саласында, дербес деректер

мен оларды қорғау саласында, байланыс саласында ұлттық ресурстарды бөлу мен пайдалануды қоса алғанда, байланыс саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ өз құзыреті шегінде техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласына және байланыс саласындағы стандарттау саласына қатысу және оны іске асыруды қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды, геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласын, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласын қалыптастыру және олардың дамуын қамтамасыз ету, инновациялық қызмет, елдің ғылыми-техникалық дамуы саласындағы елішілік құндылықты дамыту, байланыс қызметтері нарығының тиімді дамуы мен жұмыс істеуі; министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылықты жүзеге асыру және мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіру; реттелетін салалардағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау; өз құзыреті шегінде ҚР заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету; ҚР ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыштық технологиялар мен көрсетілетін қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жағдай жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын құру; өз құзыреті шегінде «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; пошта және байланыс саласындағы үйлестіру, сондай-ақ ҚР аумағында пошта саласындағы қызметті және байланыс саласында қызмет көрсететін немесе оларды пайдаланатын тұлғалардың қызметін реттеу; ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; деректерді басқару бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; деректерді басқару мемлекеттік саясатын іске асыруды қамтамасыз ету; мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялауды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; ҚР байланыс инфрақұрылымын қалыптастыруды, дамытуды және қамтамасыз етуді жүзеге асыру; ҚР заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде реттелетін салалардағы халықаралық ынтымақтастық; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, байланыс және мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру; мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясына) басшылықты жүзеге асыру; геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында мемлекеттік саясатты іске асыру; инновациялық жүйені жоспарлау, мониторингілеу, ынталандыру, дамыту; дербес деректер және оларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; мемлекеттік технологиялық саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; байланыс қызметтері нарығының тиімді жұмыс істеуі үшін байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде байланыс саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыру; жобалық басқару саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру; жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 24 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 22, 205-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 24 Жарлығы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/history/133207/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің
Телекоммуникациялар комитеті
(2019*)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 12 шілдедегі* қаулысына¹ сәйкес *ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және*

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті болып қайта аталды.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. **2019 ж. 9 тамыздағы** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ Министрліктің байланыс саласындағы реттеушілік және стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: байланыс қызметтері нарығының тиімді жұмыс істеуі үшін, оның ішінде телекоммуникация және пошта байланысы саласында байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; өз құзыреті шеңберінде байланыс, пошта саласындағы қызметті, сондай-ақ байланыс саласында қызмет көрсететін немесе оларды пайдаланатын адамдардың қызметін мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыру; ұсыныстар әзірлеу және ҚР байланысын дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттары мен басымдықтарын іске асыру; өз құзыреті шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау; байланыс саласындағы инфрақұрылымның дамуын жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2019 ж. 9 тамыздағы № 189/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#/md/134332/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 29 тамыз).

Қазақстан Республикасы **Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті** **(2019*)**

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 15 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің **2019 ж. 31 қазандағы** бұйрығымен Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: өз құзыреті шегінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; мемлекеттік қызметтер көрсету және «электрондық үкімет» саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде ҚР заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету; ҚР заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету және электрондық үкіметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық; өз құзыреті шегінде комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетін құру және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 15 қазандағы № 765 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 46, 378-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 ж. 31 қазандағы № 288/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client#!/md/135886/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 13 қараша).

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің
Ақпараттық қауіпсіздік комитеті
(2019*)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 12 шілдедегі* қаулысымен құрылды¹. *ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті* ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті болып қайта аталды.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. *2019 ж. 22 шілдедегі* бұйрығымен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже бекітілді².

Комитет *ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің* ақпараттандыру саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау, сондай-ақ ҚР электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын сақтау тұрғысынан электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: ақпараттандыру саласындағы, дербес деректер және оларды қорғау саласындағы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы сондай-ақ ҚР электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын сақтау тұрғысынан электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу; ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының, оның ішінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайларда алдын алу және оларға жедел ден қою; өз құзыреті шегінде ҚР заңнамасының сақталуына бақылауды қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2019 ж. 22 шілдедегі № 169/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасының НҚА электрондық түрдегі бақылау банкі [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client#!/md/133739/kaz> (ресми жариялау мерзімі: 2019 ж. 7 тамыз).

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің
Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті
(2024*)

Комитет ҚР Үкіметінің *2024 ж. 27 сәуірдегі* қаулысына¹ сәйкес құрылған.

Комитет *ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің* іске асырушылық функцияларын жүзеге асыратын жасанды интеллект, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласын қалыптастыру және олардың дамуын қамтамасыз ету, инновациялық

қызмет, елдің ғылыми-техникалық дамуы саласындағы елішілік құндылықты дамыту, электронды өнеркәсіп, цифрлық активтер және ақпараттық технологиялар салаларындағы реттеушілік функцияларын орындауға қатысатын Министрліктің ведомствосы болып табылады.

Комитеттің міндеттері: жасанды интеллект, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласын қалыптастыру және олардың дамуын қамтамасыз ету, инновациялық қызмет, елдің ғылыми-техникалық дамуы саласындағы елішілік құндылықты дамыту, электронды өнеркәсіп, цифрлық активтер және ақпараттық технологиялар салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру; инновациялық және ғылыми-техникалық қызметті ынталандыру, жасанды интеллект, электронды өнеркәсіп, цифрлық активтер және ақпараттық технологиялар дамыту үшін жағдайлар жасау².

¹ «Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 27 сәуірдегі № 342 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 17, 117-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 ж. 17 мамырдағы № 278/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G24IPM00278/info> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 18 шілде).

4.3 Құрылыс, сәулет және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару органдары

Қазақстан Республикасының Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитеті (1991–1993)

Қазақ КСР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы Жарлығымен таратылған Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетінің негізінде Қазақ ССР Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитеті ретінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1991 ж. 8 мамырдағы* қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес *ҚР Министрлер Кабинеті* тікелей басшылық ететін ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды.

Мемкомитеттің негізгі функциялары: сәулет және қала құрылысында, құрылыста, инвестицияларда, нормалауда, стандарттау мен баға тағайындауда, инженерлік жарақтауда бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу; ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін күрделі құрылысқа, құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдары өнеркәсібіне енгізу; сәулет пен қала құрылысын одан әрі дамыту, қалалардың, жұмысшы поселкалар мен селолық елді мекендер құрылысының сәулеттік-жоспарлау мен сәулеттік-көркемдік сапасын жетілдіру; стандарттар мен бір үлгідегі жобалық шешімдерді әзірлеп, іске қосу; құрылыс пен құрылыс индустриясының сапасына мемлекеттік сәулеттік-құрылыстық қадағалау; республикадағы жобалау-смета ісін одан әрі жетілдіру; жобаларға мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау органдарына басшылық ету.

Комитеттің өзінің аумақтық органдары болды.

Комитеттің жанында Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау бас басқармасы (Қазмемсараптаубас) қызмет етті.

ҚР Президентінің *1993 ж. 6 қыркүйектегі* Жарлығымен мемкомитет таратылды³. Оның негізінде *ҚР Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі (Құрылысмині)* құрылды.

¹ «Қазақ ССР-інің мемлекеттік басқару органдарын қайта құру туралы» Қазақ ССР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы № 172 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1991, № 2, 21-құжат).

² «Қазақ ССР Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 8 мамырдағы № 298 қаулысы (Қазақ ССР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 13, 83-құжат).

³ «Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 6 қыркүйектегі № 1344 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 35, 405-құжат).

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі (ҚР Құрылысмині) (1993–1997)

Таратылған *ҚР Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитетінің* негізінде ҚР Президентінің *1993 ж. 6 қыркүйектегі* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 11 наурыздағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік құрылыс кешені мен аумақтарда құрылыс салу және тұрғын үй саясатын жүзеге асыру, тұрғын үйлер қорын пайдалануды жақсарту салаларындағы мемлекеттік басқарудың орталық салааралық органы болды.

Министрліктің негізгі функциялары: сәулет пен қала құрылысы, құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, құрылыс-жол салаларында, тұрғын үйлер қорын қайта құруда, жөндеуде және пайдалануда, сондай-ақ құрылыстағы баға белгілеуде бірыңғай экономикалық, ғылыми-техникалық саясат жүргізу; мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар жасау және олардың орындалуын бақылау; мемлекеттік тұрғын үй саясатын іске асыру және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; орталықтандырылған мемлекеттік көздерден қаржыландырылатын құрылыс объектілерінің барысын бақылау; республика аумағында мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу; қала құрылысы құжаттамаларын сараптау; республикада жобалау-смета ісін жетілдіру; сәулет-қала құрылысы жұмыстарына бақылау жасау; өз қызметі саласында шет елдермен ғылыми-техникалық және экономикалық ынтымақтастықта болу және т.б.

Облыс орталықтарында ҚР Құрылысминінің сәулет және қала құрылысы облыстық комитеттері жұмыс істеді. Олар бір мезгілде облыстар әкімдеріне бағынысты болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 23 наурыздағы* қаулысымен министрліктің жанынан *Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменті (Мемсараптама), Мемлекеттік сәулет-құрылысы бақылау департаменті (Мемсәулетқұрылысбақылау) және Сәулет-құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті (Мемқұрылыслицензия)* құрылды³. Олардың облыс орталықтарында, Алматы және Ленинск қалаларында аумақтық бөлімшелері болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 22 қыркүйектегі* қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: тұрғын үй-азаматтық, өнеркәсіптік, инженерлік жүйелер мен стандарттау бас басқармасы; құрылыстағы қызметті үйлестіру бас басқармасы; тұрғын үй саясаты және тұрғын үй құрылысы жетекші басқармасы; ғылыми-техникалық прогресс, сыртқы байланыстар және информатика жетекші басқармасы; жоспар жасау, аумақтар мен елді мекендерде құрылыс салу жетекші басқармасы; өнеркәсіптік құрылыс материалдары, құрылыс индустриясы, машина жасау және механикаландыру департаменті; құрылыстағы сметалық нормалар мен баға белгілеу жетекші басқармасы; қаржы және есеп жетекші басқармасы; құрылыс экономикасының жетекші басқармасы; Іс Басқармасы; арнаулы жұмыс жөніндегі сектор; жаңа технологиялар және технологиялық нормалар жетекші басқармасы; жинақтау, талдау және жергілікті органдар бөлімі⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік жанынан *Тұрғын үй-коммуналдық, шаруашылық департаменті* құрылды⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 9 қаңтардағы* қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымына өзгертулер енгізілді: тұрғын үй-азаматтық, өнеркәсіптік, инженерлік жүйелер мен стандарттау жетекші басқармасы; құрылыс департаменті; тұрғын үй саясаты жетекші

басқармасы; ғылыми-техникалық прогресс және сыртқы байланыстар, кадрлар даярлау және қайта даярлау жетекші басқармасы; сәулет және қала құрылысы жетекші басқармасы; өнеркәсіптік құрылыс материалдары, құрылыс индустриясы, машина жасау және механикаландыру департаменті; құрылыстағы сметалық нормалар мен баға белгілеу жетекші басқармасы; қаржы және есеп жетекші басқармасы; құрылыс экономикасының жетекші басқармасы; Іс Басқармасы; арнаулы жұмыс жөніндегі сектор; жаңа технологиялар және технологиялық нормалар жетекші басқармасы; жинақтау, талдау және жергілікті органдар бөлімі⁶.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, сәулет-құрылыс қызметін мемлекеттік лицензиялау және жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменттері таратылды⁷. Функциялары министрлікке берілді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: құрылыс, өнеркәсіптік құрылыс материалдары және тұрғын үй саясаты бас басқармасы; сәулет және қала құрылысы және жобаларды мемлекеттік сараптау бас басқармасы; өнеркәсіптік-азаматтық ғимараттар мен тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бас басқармасы; ғылым, сыртқы байланыстар, техникалық нормалау және инвестициялар бас басқармасы; экономика және қаржы бас басқармасы; мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және сәулет-құрылыс қызметін мемлекеттік лицензиялау басқармасы; құрылыстағы баға белгілеу мен сметалық нормаларды жетілдіру басқармасы⁸.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 24 қаңтардағы** қаулысымен таратылған сәулет қала-құрылысы бақылауы департаменттері негізінде министрлік жанынан шаруашылық жүргізу құқығына негізделген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мәртебесімен Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау (Мемсараптама), Сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялаудың мемлекеттік орталығы (Мемқұрылыслицензия) және Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы (Мемқұрылысинспекция) облыс орталықтары мен Алматы қаласында өздерінің мемлекеттік кәсіпорындарымен қоса құрылды⁹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 14 наурыздағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымына өзгертулер енгізілді: «сәулет және қала құрылысы және жобаларды мемлекеттік сараптау бас басқармасы» «өнеркәсіптік-азаматтық ғимараттар мен тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бас басқармасы», «мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және сәулет-құрылыс қызметін мемлекеттік лицензиялау басқармасы» деген сөздер «сәулет және қала құрылысы және өнеркәсіптік-азаматтық ғимараттар», «тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бас басқармасы», «сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» сөздерімен алмастырылды¹⁰.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 8 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹¹.

Оның құқықтық мәртебесі белгіленді – жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен өзара іс-қимылда басшылық пен құрылыс кешені және аумақтарда құрылыс салу, сәулет тұрғын үй саясатын іске асыру және тұрғын үй қорын пайдалануды жақсарту салаларындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі функциялары: сәулет, қала құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс материалдарының өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, құрылыс-жол машиналарын жасау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және оның жүзеге асуын бақылау; сәулет-қала құрылысы қызметі саласында мемлекеттік реттеу әдістерінің жүйесін жасау; қала құрылысында, инженерлік зерттеулерде, жобалауда, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану, күрделі жөндеу және қайта конструкциялау салаларында нормативтік құжаттар жасау; мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 20 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; сәулет және қала құрылысы басқармасы; ғылыми-техникалық саясат және инвестициялар басқармасы; тұрғын үй құрылысы басқармасы; экономика және қаржы басқармасы; құрылыстағы баға белгілеу мен сметалық нормаларды жетілдіру бөлімі; инженерлік жүйелер мен жұмыс жобалары бөлімі; тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімі; Іс Басқармасы¹².

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы Жарлығымен ҚР Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі таратылды**¹³. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттілігі жаңа құрылған **ҚР Экономика және сауда министрлігіне берілді**.

¹ «Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 6 қыркүйектегі №1344 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, №35, 405-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 11 наурыздағы №258 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №13, 125-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 358-б.

⁴ «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 қыркүйектегі №1053 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 6 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 29 желтоқсандағы №1479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №49, 555-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 қыркүйектегі №1053 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 9 қаңтардағы №22 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 115 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының саны мен оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы №1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1802 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

⁹ «Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 қаңтардағы №88 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, №6, 30-құжат).

¹⁰ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 360-б.

¹¹ «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 8 сәуірдегі №398 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, №15, 121-құжат).

¹² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 361-б.

¹³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы департаменті (1994–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 23 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 24 маусымдағы** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік өкілеттігі шегінде құрылыс сапасын бақылау, сондай-ақ республиканың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы жүйесі органдары қызметін үйлестіру жөніндегі міндетті дербес жүзеге асыратын өкімет билігінің орталық атқару атқарушы органы болды.

Департамент құрамына облыс орталықтарындағы, Алматы мен Ленинск қалаларындағы оның аумақтық бөлімшелері кірді. Департамент қалалық және аудандық әкімшіліктердің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының органдарымен бірлесе отырып мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының бірыңғай жүйесін құрады.

Департаменттің негізгі функциялары: шетелдік инвестицияларды қосқанда, ведомстволық бағыныстылығына, меншік нысанына, қаржыландыру көзіне қарамастан, құрылыстың сапасына, объектілердің қайта жаңартылуы мен күрделі жөнделуіне, сондай-ақ құрылысы аяқталған азаматтық-тұрғын үй мақсатындағы объектілерді пайдалануға қабылдау ережелерінің сақталуын іріктеп бақылауды жүзеге асыру; аймақтарда және тұтас алғанда республика бойынша құрылыс өнімдері сапасының нақты жайына талдау жүргізу; іріктеп тексеру нәтижелері бойынша лицензиялардың, сертификаттардың қолданылуын уақытша тоқтату немесе олардың күшін жою қажеттігі туралы хабарлар әзірлеп, сәйкес сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау және құрылыс материалдары мен құрылымдарын сертификаттау органдарына беру және т.б.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен департамент таратылды³. Функциялары **ҚР Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 24 қаңтардағы** қаулысымен оның базасында шаруашылық жүргізу құқығына негізделген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мәртебесімен Мемлекеттік сәулет- құрылыс инспекциясы (Мемқұрылысинспекция) облыс орталықтары мен Алматы қаласында өзінің еншілес мемлекеттік кәсіпорындарымен қоса құрылды⁴.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 358-б.

² «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 24 маусымдағы №708 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1994, №26, 288-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының саны мен оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы №1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 қаңтардағы №88 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1996, №6, 30-құжат).

Қазақстан Республикасының
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы
Сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті
(Мемқұрылыслицензия)
(1994–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 23 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 11 шілдедегі** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент министрлік өкілеттігі шегінде ҚР аумағында сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялауды дербес жүзеге асырған өкімет билігінің орталық органы болды.

Департамент және оның құрамына кірген аумақтық бөлімшелер ҚР Сәулет қала құрылысы қызметін лицензиялау органдарының бірыңғай мемлекеттік жүйесін құрады.

Департаменттің негізгі функциялары: сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау; лицензия алуға ниет етуші заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың қажетті материалдары мен құжаттарын қарау; өтінім жасаушылар тапсырған материалдар мен құжаттарға сараптама ұйымдастыру; сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру, қолданылуын тоқтату, күшін жою және қайта тіркеу; шетелдік лицензияларды белгіленген тәртіпте тану; ҚР заңды ұйымдары мен жеке тұлғаларының шетелдерде жүзеге асыратын сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау және т.б.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен департамент таратылды³. Функциялары **ҚР Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 24 қаңтардағы** қаулысымен оның базасында шаруашылық жүргізу құқығына негізделген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мәртебесімен Сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялаудың мемлекеттік орталығы (Мемқұрылыслицензия) облыс орталықтары мен Алматы қаласында өздерінің еншілес мемлекеттік кәсіпорындарымен қоса құрылды⁴.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҮ, 2004. - 358-б.

² «Лицензиялауға жататын сәулет-қала құрылысы қызметінің жұмыс түрлерінің тізбесін, Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау тәртібін және Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 11 шілдедегі №777 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1994, № 28, 319-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының саны мен оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы №1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 қаңтардағы № 88 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 6, 30-құжат).

Қазақстан Республикасының
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы
Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменті
(Мемсараптау)
(1994–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 23 наурыздағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 26 шілдедегі* қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент министрлік өкілеттігі шегінде ҚР халық шаруашылығының барлық салаларының кәсіпорындарын, үйлерін және ғимараттарын салудың, қайта құрудың, кеңейтудің, техникалық жағынан жарақтандырудың және күрделі жөндеудің техникалық-экономикалық негіздемелерін, техникалық-экономикалық есептеулерін, жобаларын жұмыс жобаларын сараптауды дербес жүзеге асыратын өкімет билігінің орталық органы болды.

Мемсараптаудың құрамына оның аумақтық бөлімшелері болып табылатын облыстық, Алматы және Ленинск қалалық жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау басқармалары (бюро) кірді. Мемсараптау өзін-өзі қаржыландыру принциптері негізінде жұмыс істеді.

Департаменттің негізгі міндеттері: нормативті актілердің қала құрылысы, зілзаладан қорғау, өрт-жарыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық талаптарына, сондай-ақ еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау жөніндегі нормалар мен ережелерге сай болуын анықтау мақсатында құрылыс, соның ішінде шетелдік инвестициялардың қатысуымен салынып жатқан құрылыстар құжаттамаларына кешенді сараптау жүргізу; құрылыс құжаттамаларына сараптамалық баға беру; құрылысты одан әрі жобалау мен салуда сараптама ұсыныстарының жүзеге асырылуын бақылау және т.б.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 2 қарашадағы* қаулысымен департамент таратылды³. Функциялары *ҚР Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігіне* берілді.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 24 қаңтардағы* қаулысымен оның базасында шаруашылық жүргізу құқығына негізделген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мәртебесімен Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау (Мемсараптама) облыс орталықтары мен Алматы қаласында өзінің еншілес мемлекеттік кәсіпорындарымен қоса құрылды⁴.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» БҰ, 2004. - 358-б.

² «Қазақстан Республикасының Сәулет-қала құрылысы құжаттамаларына сараптау жүргізу тәртібі мен Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 26 шілдедегі №830 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №30, 346-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының саны мен оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы №1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 167 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасында Сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 қаңтардағы № 88 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, №6, 30-құжат).

Қазақстан Республикасының
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті
(1994–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 22 ақпандағы* қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент облыстар мен Алматы қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен, кәсіпорындарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық мәселелерін мемлекеттік реттеуді дербес жүзеге асырған өкімет билігінің орталық атқарушы органы болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: қалалар мен басқа елді мекендердің тұрғын үй қорын, коммуналдық мақсаттағы инженерлік ғимараттары мен желілерін техникалық пайдалану және жөндеу, жылумен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету, су бұру тармақтары және жол-көпір шаруашылығы жүйелерін дамыту мен олардың жұмыс істеу беріктігін арттыру салаларында мемлекеттік саясатты жүргізу, иеліктегі үйлерді орталықтандырылған санитариялық тазарту мен қалалық аумақтарды жинау, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау мен ұқсату, сондай-ақ монша-кір жуу мен қонақ үй шаруашылығын, халыққа салт-жоралық қызмет көрсетуді және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың материалдық-техникалық базасын дамыту және т.б.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен департамент таратылды³. Функциялары **ҚР Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 29 желтоқсандағы №1479 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 49, 555-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 22 ақпандағы № 189 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №7, 78-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының саны мен оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы № 1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс).

Қазақстан Республикасы
Экономика және сауда министрлігінің
Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі
(Экономсаудаминінің Құрылыс агенттігі)
(1997)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен құрылды¹. Осы қаулымен агенттік туралы ереже де бекітілді.

Ережеге сәйкес агенттік министрлік құзыреттілігінің шегінде жеке арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау жұмысын, сондай-ақ құрылыс кешені, аумақтарда құрылыс салу, сәулет, тұрғын үй саясатын жүзеге асыру және тұрғын-үй қорын пайдалануды жақсарту салаларында салааралық үйлестіру мен басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Агенттіктің негізгі функциялары: сәулет, қала құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс материалдары, құрылыс индустриясы өнеркәсібі салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастырады және оның жүзеге асуына бақылау жасайды; қала құрылысындағы, инженерлік зерттеулердегі, жобалаудағы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану, күрделі жөндеу және қайта жаңарту салаларындағы нормативті құжаттарды әзірлейді; мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді; объектілерді жобалау мен оның құрылысын салуға арналған келісім-шарттарды тіркеуді жүзеге асыру; жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен бірлесіп, қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлау және олардың құрылысын салу нормалары мен ережелерінің сақталуына бақылау жасауды ұйымдастырады және жүзеге асырады; құрылыстың, сондай-ақ объектілерді салу кезінде қолданылған құрылыс материалдарының, бұйымдарының және конструкцияларының сапасына мемлекеттік сәулет-қала құрылысы бақылауын ұйымдастырады және т.б.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен агенттік таратылды². Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері жаңа құрылған **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 875 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 21, 189-құжат).

² «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, №4 5, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті (1997–1998)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 22 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес мемлекеттік басқару органы болып табылды. Комитет арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау жұмыстарын, сондай-ақ құрылыс, сәулет, қала құрылысы, құрылыс индустриясы, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының өндірістік базасын дамыту саласында мемлекеттік саясатты іске асыруда салааралық үйлестіру мен басшылықты дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі функциялары: елдегі тұрғын үй проблемасын кезең-кезеңімен шешу; аумақтар құрылыстарын ұтымды жүргізу және елді мекендерді дамыту; салалық ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру; құрылыс өндірістік базасының қуаттылығын арттыру бағдарламасын жүзеге асыру; әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды, коммуналдық шаруашылықтың басты құрылыс жайларын дамыту; құрылыс өнімінің импорттың орнын алмастыратын тиімді құрылыс материалдары мен құрылымдарын өндірудің жоғары технологияларын енгізу; отандық жобалау және құрылыс өнімдерінің сапасы мен бәсекелік қабілетін арттыру; ішкі еңбек рыногы мен құрылыс өнімдерін қорғау және т.б.

Комитеттің құрылымы: басшылық; тұрғын үй саясаты және құрылыс индустриясын дамыту басқармасы; стратегиялық жоспарлау басқармасы; сәулет, қала құрылысы және мемлекеттік қала құрылысы кадастры басқармасы; техникалық нормалау және ғылым басқармасы; бухгалтериялық есепке алу және есеп бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 8 желтоқсандағы** қаулысымен Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитет **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 қарашадағы №1642 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, №51, 470-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1778 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 55, 499-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 8 желтоқсандағы № 1256 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 46, 418-құжат).

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті (1998–2001)

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 8 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Мемлекеттік басқару органы болды. Комитет арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау жұмыстарын, сондай-ақ құрылыс, сәулет, қала құрылысы, құрылыс индустриясы,

тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының өндірістік базасын дамыту саласында мемлекеттік саясатты іске асыруда салааралық үйлестіру мен басшылықты дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі функциялары: елдегі тұрғын үй проблемасын кезең-кезеңімен шешу; аумақтар құрылыстарын ұтымды жүргізу және елді мекендерді дамыту; салалық ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру; құрылыс өндірістік базасының қуаттылығын арттыру бағдарламасын жүзеге асыру; әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды, коммуналдық шаруашылықтың басты құрылыс жайларын дамыту; құрылыс өнімінің импорттың орнын алмастыратын тиімді құрылыс материалдары мен құрылымдарын өндірудің жоғары технологияларын енгізу; отандық жобалау және құрылыс өнімдерінің сапасы мен бәсекелік қабілетін арттыру; ішкі еңбек рыногы мен құрылыс өнімдерін қорғау және т.б.²

Комитеттің құрылымы: басшылық; тұрғын үй саясаты және коммуналдық шаруашылық басқармасы; экономикалық талдау және жоспарлау басқармасы; сәулет, қала құрылысы және мемлекеттік қала құрылысы кадастры басқармасы; техникалық нормалау, жобалау және ғылым басқармасы; комитеттің Астана қаласындағы өкілдігі³.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның жаңа құрылымы бекітілді⁴.

Комитет **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды. Негізгі функциялары сақталды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; сәулет және қала құрылысы басқармасы; экономикалық талдау және жоспарлау басқармасы; құрылыстағы техникалық нормалау мен жаңа технологиялар басқармасы; тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық реформалар бөлімі; комитеттің Астана қаласындағы өкілдігі.

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығына⁵ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2001 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен⁶ **ҚР Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті** болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 8 желтоқсандағы №1256 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 46, 418-құжат).

² Комитет туралы Ереже бекітілмеді, бұрынғы Ереженің күші сақталды («Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы №1778 қаулысын қараңыз (ҚР ПУАЖ, 1997, № 55, 499-құжат) (Құрастырушылардың ескертпесі).

³ «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 8 желтоқсандағы №1256 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, №46, 418-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 21 шілдедегі №1022 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 38, 320-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы №165 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 4-5, 54-құжат).

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті (2001–2002)

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹. Комитет туралы ережеде оның ведомстволық бағыныстылығы (тақырыбында, мәтінде және құрылымында) өзгертілді².

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 26 қаңтардағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³. Комитет сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып белгіленді. Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында комитеттің аумақтық басқармалары құрылды.

Ережеге сәйкес комитет сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі арнайы атқару және мемлекеттік бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырушы уәкілетті мемлекеттік орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асырған кезде азаматтар мен қоғамның қолайлы әрі экологиялық қауіпсіз өмір сүру және тіршілік ету ортасына деген мүдделерін қамтамасыз ету, жобалау мен құрылыс өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, құрылыстың сенімділігі мен қауіпсіздігін, пайдаланған кезде салынған объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету; халықтың толық мәнді өмір сүру және тіршілік ету ортасын қалыптастыру, елді мекендердің табиғи ресурстары мен аумақтарын және қонысаралық аумақтарды қала құрылысына игерген, дамытқан және салған кезде оларды ұтымды пайдалану; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қаражаттарымен тарихи және мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету; әлеуметтік, өндірістік, инженерлік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту; салаға инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану үшін ынталандыратын жағдайлар жасау; жобалау және құрылыс өнімдерінің ішкі рыногын қорғау, отандық жобалау мен құрылыс өнімдері сапасын және бәсекелесуге қабілетін арттыруға ынталандыратын жағдайларды қалыптастыру; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы интеграциялық процестерді тереңдету.

Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында комитеттің аумақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы; сәулет, техникалық сараптама және сатып алу басқармасы; экономикалық талдау және жоспарлау басқармасы; құрылыстағы техникалық нормалар мен жаңа технологиялар басқармасы; тұрғын үй құрылысы және құрылыстағы құқықтық реттеу басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 29 шілдедегі** қаулысымен ҚР-да сәулет-құрылыстық бақылаудың ережесі бекітілді⁴. Құрылыс істері жөніндегі комитет және оның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық бөлімшелері сәулет-құрылыстық бақылаудың жүйесіне кіретіндігі және мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылауды жүзеге асыратындығы белгіленді.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы ҚР Экономика және сауда министрлігі оны ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды, оған өнеркәсіп, құрылыс және сауда, стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді⁵.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті** құрылды⁶. ҚР Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі және Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеттерінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері оларды ҚР Индустрия және сауда министрлігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық бөлімшелері-мемлекеттік мекемелеріне біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен комитет таратылып, оның мүлкі жаңа құрылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетіне** берілді⁷.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 4-5, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 21 шілдедегі № 1022 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 38, 320-құжат).

³ «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 26 қаңтардағы № 126 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 5, 33- құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасында сәулет-құрылыстық бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 29 шілдедегі № 840 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 25, 264-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 41, 414-күжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Құрылыс істері жөніндегі комитеті
(2002–2004)

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен комитет құрылды².

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³. Комитетке таратылған **ҚР Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетінің** мүлкі берілді.

Ережеге сәйкес Комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асырған кезде азаматтар мен қоғамның қолайлы әрі экологиялық қауіпсіз өмір сүру және тіршілік ету ортасына деген мүдделерін қамтамасыз ету, жобалау мен құрылыс өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, құрылыстың сенімділігі мен қауіпсіздігін, пайдаланған кезде салынған объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету; халықтың толық мәнді өмір сүру және тіршілік ету ортасын қалыптастыру, елді мекендердің табиғи ресурстары мен аумақтарын және қонысаралық аумақтарды қала құрылысына игерген, дамытқан және салған кезде оларды ұтымды пайдалану; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қаражаттарымен тарихи және мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету; әлеуметтік, өндірістік, инженерлік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту; салаға инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану үшін ынталандыратын жағдайлар жасау; жобалау және құрылыс өнімдерінің ішкі рыногын қорғау, отандық жобалау мен құрылыс өнімдері сапасын және бәсекелеуге қабілетін арттыруға ынталандыратын жағдайларды қалыптастыру; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы интеграциялық процестерді тереңдету.

Комитеттің құрылымы мынадай болды: басшылық; сәулет және тұрғын үй құрылысы басқармасы; сәулет-құрылыстық бақылау және лицензиялау басқармасы; құрылыстағы техникалық нормалау мен жаңа технологиялар басқармасы; құрылыстағы экономикалық талдау және жоспарлау басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 18 қыркүйектегі** қаулысымен облыстарда, Астана және Алматы қалаларында комитеттің аумақтық бөлімшелері құрылды⁴. Осыған сәйкес комитет туралы ережеге толықтыру енгізілді: облыстарда, Астана және Алматы қалаларында комитеттің құрылымдық аумақтық бөлімшелері бар.

Комитеттің құрылымы жаңа редакцияда мазмұндалды: басшылық; сәулет, жобаларды техникалық сараптау және тұрғын үй саясаты басқармасы; сәулет-құрылыстық бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы; құрылыстағы экономикалық талдау және баға түзу басқармасы; құрылыстағы техникалық нормалау мен жаңа технологиялар басқармасы; жұмыстарды қаржыландыру және бухгалтерлік есеп бөлімі; комитеттің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық бөлімшелері.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 23 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді: комитет тұрғын үй-коммуналдық саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асырады; комитеттің негізгі міндеттері тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру міндетімен толықтырылды⁵.

Комитеттің құрылымы да өзгертілді: сәулет, жобаларды техникалық сараптау және тұрғын үй саясаты басқармасы сәулет, жобаларды техникалық сараптау және құқықтық жұмыстар басқармасы болып қайта құрылды; қосымша тұрғын үй саясаты және тұрғын үй-коммуналдық сала басқармасы құрылды.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына⁶ сәйкес комитет **ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы қаулысымен** таратылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 18 қыркүйектегі № 951 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 38, 385-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы № 1302 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 48, 541-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
(2004–2009)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2004 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен² құрылды.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында құрылымдық аумақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: тұрғын үй саясатын қоса алғанда, сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу, сондай-ақ оны іске асыруды салааралық үйлестіру және оған басшылық жасау; сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік нормативтік-техникалық базаны жетілдіру және дамыту; жобалау-ізвестіру және құрылыс өнімдеріне, жұмыстарға қызметтерге арналған бағалар және баға белгілеу шарттарының мониторингі; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру кезінде азаматтар мен қоғамның өмір сүру және тіршілік етуінің толыққанды ортасына арналған мүдделерін қамтамасыз ету, жобалау мен құрылыс өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, құрылыстың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының орнықты жұмыс істеуін ұйымдастыру, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау; тарихи және мәдени мұра ескерткіштерін сәулет, қала құрылысы және құрылыс құралдарымен сақталуын қамтамасыз ету; экологиялық тепе-теңдікті және табиғи ресурстарды, сондай-ақ оларды қала құрылысын игеру, дамыту және құрылыс салу кезінде аумақтарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету; елді мекендердің әлеуметтік, өндірістік, инженерлік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылымын тиімді, кешенді және шоғырландырылған дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ететін шарттарды қалыптастыру; сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саладағы үкіметаралық келісімдерге сәйкес ықпалдасу процестерін тереңдету.

Комитеттің құрылымы: басшылық; сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы; техникалық нормалау мен жаңа технологиялар басқармасы; құрылыстағы жобалау жұмыстары, сметалық нормалар, баға түзу басқармасы; әкімшілік басқармасы; Комитеттің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық бөлімшелері.

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 24 тамыздағы* қаулысымен комитеттің негізгі міндеттерінен тарихи және мәдени мұра ескерткіштерін сәулет, қала құрылысы және құрылыс құралдарымен сақталуын камтамасыз ету міндеті алынып тасталды⁴. Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы Сәулет-құрылыс бақылау және инспекциялау басқармасы болып қайта құрылды.

ҚР Үкіметінің *2006 ж. 2 тамыздағы* қаулысымен комитеттің аумақтық бөлімшелері (облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша сәулет-құрылыс бақылау және инспекциялау басқармалары) – мемлекеттік мекемелері таратылды⁵.

Комитеттің құрылымы жаңа редакцияда мазмұндалды: басшылық; мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы, аккредиттеу және аттестаттау басқармасы, техникалық нормалау және құрылыс индустриясын дамыту басқармасы; тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы; жобалық жұмыстар және сметалық нормалар басқармасы; әкімшілік басқармасы.

ҚР Президентінің *2009 ж. 24 маусымдағы* Жарлығымен *ҚР Индустрия және сауда министрлігі* одан *Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі* бөлініп, оған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып қайта ұйымдастырылды⁶. Агенттік таратылған комитеттің құқықтық мирасқоры болып айқындалды.

ҚР Үкіметінің *2009 ж. 15 шілдедегі* қаулысымен комитет оның функциялары мен өкілеттіктері мен мүлкі *ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне* берілу жолымен таратылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, №36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күшін жою туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 24 тамыздағы № 871 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 33, 454-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының министрліктері мен ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 2 тамыздағы № 730 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 28, 307-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 24 маусымдағы № 832 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 31, 279-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 15 шілдедегі № 1071 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 33, 311-құжат).

Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі (2009–2013)

ҚР Президентінің *2009 ж. 24 маусымдағы* Жарлығымен *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің* одан агенттіктің оған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Агенттік таратылған *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің* құқықтық мирасқоры болып айқындалды.

Агенттікке **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің** елді мекендер шектерінде сумен жабдықтау және су бұру саласында мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу жөніндегі функциялары; **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің** ЖЭО және қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары орнатылған қазандықтардан басқа, электрмен жабдықтау (0,4 кВт электр желілік объектілер), жылумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеу саясатын пысықтау жөніндегі функциялары берілді. Агенттікке елді мекендер шектерінде тұтынушыларды газбен жабдықтау және коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу салаларында мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу жөніндегі функциялары да берілді.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті оның функциялары мен өкілеттіктері мен мүлкі агенттікке берілу жолымен таратылды². Агенттік туралы ереже және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді.

Агенттік **Үкімет** құрамына кірмейтін, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру, ЖЭО және қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары орнатылған қазандықтардан басқа, электрмен жабдықтау (0,4 кВт электр желілік объектілер), жылумен жабдықтау және елді мекендер шектерінде газбен жабдықтау салаларындағы басшылықты, сондай-ақ заңда көзделген шектерде салааралық үйлестірді және оның құзыретіне жатқызылған қызметтер саласында шешім шығару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін; тұрғын үй қатынастары салаларында мемлекеттік басқару саясатын әзірлеу; сумен жабдықтау және су бұру, ЖЭО және қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары орнатылған қазандықтардан басқа, электрмен жабдықтау (0,4 кВт электр желілік объектілер), жылумен жабдықтау және елді мекендер шектерінде газбен жабдықтау салаларында мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу; коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу салаларында мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу; ҚР аумағында жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық салаларында салааралық үйлестіру; ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте агенттікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 26 маусымдағы** қаулысымен агенттіктің негізгі міндеттері жаңа редакцияда берілді: сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында, сондай-ақ елді мекендердің шекарасы (шектері) шегінде сумен жабдықтау және суды бұру, электрмен жабдықтау (0,4 кВт электр желісі объектілері), жылумен жабдықтау (ЖЭО мен белгіленген қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары қазандықтардан басқа), газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясат пен салааралық үйлестіруді қалыптастырады және жүргізеді; тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру тәртібін әзірлейді және бекітеді; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау тәртібін әзірлейді; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін лицензиялауды жүзеге асырады; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттауды жүзеге асырады; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар мен сарапшылардың шағымдарын қарайды; сейсмикалық қаупі жоғары аудандардағы жұмыс үшін мамандардың оқуын өткізу тәртібін әзірлейді және бекітеді; көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, ҚР аумағында жылжымайтын мүлік объектілерін адрестеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді; ҚР газдандырудың бас схемасын іске асыруға қатысады; тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу және бекіту тәртібін әзірлейді; ғимараттарды, құрылыстарды, құрылыстарды қайта жаңарту, салу мақсатында әзірленетін және бекітілетін сәулет-құрылыс және өзге де жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру

жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді; терможаңғыртуды ескере отырып, үлгілік көп пәтерді үйлердің жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді; ҚР заңдарында, ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады³.

ҚР Президентінің **2013 ж. 16 қаңтардағы Жарлығымен Агенттік ҚР Өңірлік даму министрлігіне** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2009 ж. 24 маусымдағы №832 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №31, 279-құжат).

² ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» 2009 ж. 15 шілдедегі №1071 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №33, 311-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 26 маусымдағы № 845 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 59, 808-құжат).

⁴ ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).

Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрлігі (2013–2014)

Министрлік ҚР Президентінің **2013 ж. 16 қаңтардағы Жарлығымен ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің** өңірлік даму, кәсіпкерлікті қолдау, оның ішінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін үйлестіру аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін оған бере отырып, құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 8 ақпандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік өңірлік даму, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық, елді мекендердің шекарасы (шектері) шегінде сумен жабдықтау және су бұру, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау салаларында мемлекеттік реттеу; жер ресурстарын басқару, геодезиялық және картографиялық қызмет салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басшылықты жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің мынадай ведомстволары болды: **Кәсіпкерлікті дамыту комитеті; Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті; Жер ресурстарын басқару комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: өңірлік даму; жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту; жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау; жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету; геодезия және картография салаларын дамыту; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін, тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен** министрліктің функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне** беріліп, таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 8 ақпандағы № 109 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 14, 259-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы
Өңірлік даму министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
(2013–2014)

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 8 ақпандағы** қаулысымен құрылған¹.

Комитет ҚР **Өңірлік даму министрлігінің құзыреті** шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес елді мекендердің шекаралары (шектері) шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық, сумен жабдықтау және су бұру, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеу саласындағы бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен министрліктің функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне** беріліп, таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 8 ақпандағы № 109 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 14, 259-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
және жер ресурстарын басқару комитеті
(2014–2016)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Ұлттық экономика министрінің **2014 ж. 29 қыркүйектегі** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің** құзыреті шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық, елді мекендердің шекаралары (шектері) шегінде сумен жабдықтау және су бұру, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік реттеу аясында бақылау және іске асыру функцияларын, сондай-ақ, ҚР заңнамасына сәйкес жер ресурстарын басқару, геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Міндеттері: мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау жүйесінде бірыңғай саясат жүргізу және оны жетілдіру; ҚР аумағында жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 18 мамырдағы** қаулысымен комитет одан **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетін** бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59-60, 555-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 ж. 29 қыркүйектегі № 30 бұйрығы (Егемен Қазақстан, 2015 ж. 10 қыркүйек).

³ «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика және Ауыл шаруашылығы министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 мамырдағы № 295 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 31, 176-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
(2016–2018)

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 18 мамырдағы** қаулысымен құрылған¹.

2016 ж. 2 маусымда ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің** құзыреті шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары мен коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік реттеу, елді мекендердің шекарасы (шектері) шегінде сумен жабдықтау және су бұру, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау саласында бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау жүйесінде бірыңғай саясатты жүргізу және оны жетілдіру, орталық және жергілікті атқарушы органдармен ҚР аумағында жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 15 ақпандағы** қаулысымен комитет **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика және Ауыл шаруашылығы министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 мамырдағы № 295 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 31, 176-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2016 ж. 2 маусымдағы № 234 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/md/103381/kaz> (ресми жариялау күні: 2016 ж. 4 шілде).

³ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 15 ақпандағы № 70 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 5, 40-құжат).

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
(2017–2018)

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 15 ақпандағы** қаулысына сәйкес **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті болып қайта аталды.

ҚР Президентінің **2018 ж. 29 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Инвестициялар және даму министрлігі **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі** болып қайта аталды, соның нәтижесінде комитет қайта құрылған министрліктің қарамағына берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 15 ақпандағы № 70 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017 № 5, 40-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 70, 466-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
(2018–2023)

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің **2019 ж. 30 қаңтардағы** бұйрығымен ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті туралы Ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің** ҚР заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын қазандықтар мен жылу электр орталықтарынан басқа) жылумен жабдықтау саласында бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық жұмыс істеу, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын қазандықтар мен жылу электр орталықтарынан басқа) жылумен жабдықтау саласындағы, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, оны **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі** және **ҚР Көлік министрлігіне (2)** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/128593/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 ж. 30 қаңтардағы № 55 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/md/81107/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 6 ақпан).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (2023*)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің** ҚР заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын қазандықтар мен жылу электр орталықтарынан басқа) жылумен жабдықтау саласында (салаларында) басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық жұмыс істеу, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын қазандықтар мен жылу электр орталықтарынан басқа), жылумен жабдықтау саласындағы, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру².

¹ «Қазақстан Республикасының Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 862 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 44, 371-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 ж. 28 қыркүйектегі № 14 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/187277/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 19 қазан).

5. Сауда, кәсіпкерлік, мемлекеттік сатып алу және материалдық резервтер салаларындағы басқару органдары

5.1 Сауда және кәсіпкерлік саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі (1991-1994)

1938 ж. наурызда Қазақ КСР Сауда халкомы (1946 жылдан министрлік) ретінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 25 мамырдағы қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік Республикада сауда басқармасының орталық органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері: республиканың тұтыну нарығының аясын айқындайды және тауар ресурстарын қалыптастыру, бөлу және қайта бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, республикада сауда мен қоғамдық тамақтандырудың дамуын болжайды, әдістемелік жетекшілік етуді және салаға ғылыми-техникалық үрдістің жетістіктерін, халыққа сауда қызметін көрсетудің озық нысандары мен әдістерін енгізуді және сауда үрдістерінің ұтымды ұйымдастырылуын жүзеге асырады және т.б.

Министрліктің облыстарда, Алматы және Ленинск қалаларында сауданы басқарудың аумақтық органдары, сондай-ақ республикалық және облыстық көтерме, көтерме-бөлшек сауда кәсіпорындары мен ұйымдары, бөлу тоңазытқыштары, ғылыми-зерттеу, жарнама, жобалау және құрастыру ұйымдары, кәсіпорындары мен бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдары желілері болды.

ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы Жарлығымен министрлік таратылды³. Таратылған **ҚР Сыртқы саяси байланыстар министрлігі, ҚР Өнеркәсіп министрлігі** мен ҚР Сауда министрлігінің негізінде **ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігі** құрылды.

¹ «Қазақ КСР Мемлекеттік мекемесі (1937-1977). Қазақ КСР халық шаруашылығын басқару органы». Анықтамалық. Алматы. 1989. 309-310-б.

² «Қазақстан Республикасы Сауда министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 25 мамырдағы № 458 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 20, 328-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы №1730 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сауда инспекциясы (Мемсаудаинспекциясы) (1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 наурыздағы қаулысымен **ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігі** жанынан құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 21 шілдедегі қаулысымен Мемсаудаинспекция туралы ереже бекітілді².

Мемсаудаинспекцияның негізгі функциялары: облыстық және қалалық сауда инспекцияларының жұмысын ұйымдастырып, олардың қызметіне әдістемелік басшылық жасау және бақылауды жүзеге асыру; облыстық және қалалық сауда инспекциялары ұсынған ақпаратты талдау және жинақтап қорыту, мемлекеттік басқару мен бақылау органдарына тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу; Мемсаудаинспекциясы кадрларының кәсіби даярлығы деңгейін арттыру жөнінде шаралар жүргізу; сауда және тұрмыстық қызмет көрсетудің ережелерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, қоғамдық тамақтандыру мен өнімдері мен халық тұтынатын тауарлардың нормативтік құжаттары жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысу.

Мемсаудаинспекция және тиісті әкімшіліктердің әкімдері құратын облыстық, қалалық сауда инспекциялары ҚР Мемлекеттік сауда инспекциясының органдарын құрды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен Мемсаудаинспекция таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сауда инспекциясының мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 наурыздағы №369 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 11, 127-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сауда инспекциясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 21 шілдедегі №1013 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 26, 293-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының аппаратының саны мен оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы №1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 167 іс).

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Экспорттық бақылау және лицензиялау департаменті
(1998–1999)

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 22 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 9 қазандағы** қаулысымен департамент туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің** құзыретіне жатқызылған қызмет түрлерін бақылау және лицензиялау (осы министрліктің басқа ведомстволары жүзеге асыратын қызмет түрлерінен басқа) саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырған ҚР ведомствосы болып табылды.

Департаменттің негізгі міндеттері: мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп сыртқы экономикалық қызметті тарифсіз реттеу және жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты айқындауға және жүргізуге қатысу; экспорттық және импорттық бақылау, жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау жүйесін іске асыруға байланысты шараларды әзірлеу және жүзеге асыру; экспорттық және импорттық бақылауды реттейтін нормативтік базаны қалыптастыруға, сондай-ақ қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауға қатысу; мемлекеттік бақылауға жататын өнімді ҚР кеден шекарасы арқылы заңсыз алып өтудің жолын кесуде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау; лицензиаттардың лицензиялық шарттарды сақтауын бақылауға қатысу; бірыңғай республикалық деректер базасына кіретін ақпарат базасын құру; кеден бақылауының автоматтандырылған жүйесімен үйлесетін экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін жетілдіру.

Департаменттің құрылымы: басшылық; экспорттық және импорттық бақылау басқармасы; лицензиялау басқармасы.

ҚР Президентінің **1999 ж. 27 мамырдағы** Жарлығымен департамент таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 шілдедегі № 686 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 23, 201-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау департаментінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 9 қазандағы № 1029 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 36, 328-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 мамырдағы № 657 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 22, 224-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті
(1999–2001)

ҚР Президентінің **1999 ж. 27 мамырдағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 14 қыркүйектегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде демпингке қарсы, қорғау және өтемақы шараларын қолдану саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырушы ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі функциялары: ішкі рынокты отандық тауар өндірушілерге елеулі зиян келтіретін немесе айтарлықтай залал келтірудің бұлтартпас қаупін туғызатын тауарлар импортының ұлғаюынан қорғау; отандық тауар өндірушілерді материалдық зиян келтіретін немесе материалдық зиян келтіру қаупін туғызатын тауарлар импорты кезінде ішкі рыноктағы жосықсыз бәсекелестіктен қорғау; ҚР экономикасы үшін зиянды зардаптарды жою үшін демпингке қарсы, қорғау және өтемақы бажының объективті көлемдері жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы Жарлығына**³ сәйкес ҚР Үкіметінің **2001 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Экономика және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті** болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 27 мамырдағы № 657 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 22, 224-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің бақылау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 14 қыркүйектегі № 1388 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 46, 427-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001 № 4-5, 54-құжат).

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті (2001–2002)

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы Жарлығына**¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің қаулысымен **2001 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды².

Комитет туралы ережеде оның ведомстволық бағыныстылығы өзгертілді³. Құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері өзгертілмеді.

Комитет **ҚР Экономика және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде демпингке қарсы, қорғау және өтемақы шараларын қолдану саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырушы ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі функциялары: ішкі рынокты отандық тауар өндірушілерге елеулі зиян келтіретін немесе айтарлықтай залал келтірудің бұлтартпас қаупін туғызатын тауарлар импортының ұлғаюынан қорғау; отандық тауар өндірушілерді материалдық зиян келтіретін немесе материалдық зиян келтіру қаупін туғызатын тауарлар импорты кезінде ішкі рыноктағы жосықсыз бәсекелестіктен қорғау; ҚР экономикасы үшін зиянды зардаптарды жою үшін демпингке қарсы, қорғау және өтемақы бажының объективті көлемдері жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы Жарлығына**⁴ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен таратылып, оның мүлкі жаңадан құрылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитетіне** берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 165 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 4-5, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 14 қыркүйектегі № 1388 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 46, 427-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Сауда комитеті (1)
(2002–2004)

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2002 ж. 12 қыркүйектегі* қаулысымен комитет құрылды².

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 18 қарашадағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің* құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес сауда қызметін реттеу және демпингке қарсы, қорғау және өтемақы шараларын қолдану саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: сауда саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысу; сауда қызметін дамыту саласындағы басымдықтарды әзірлеу; сауда қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау жөнінде кешенді шаралар жүргізу; сауда қызметінің мониторингін жүзеге асыру; сауда қызметі саласында әдістемелік материалдар әзірлеу; сауда теңгерімі мен экспорт пен импорт құрылымын жақсарту жөнінде ұсыныстар дайындауға қатысу; сауда қызметін демпингке қарсы реттеуге жалпы басшылық ету; шетел мемлекеті (шетел мемлекеттері одағы) субсидиялаған тауарлардың импорты кезінде бақылау мен анықтауды жүргізу және өтемақы шараларын енгізу; айтарлықтай залал келтіру фактілері бойынша жеткізушілердің сауда практикасына мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыру; тарифтік және тарифтік емес реттеу әдістерімен сыртқы сауда қызметін реттеуге қатысу.

Комитеттің құрылымы: басшылық; сауда және өндірістік қызмет мониторингі басқармасы; ішкі сауда басқармасы.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 26 қарашадағы* қаулысымен Сауда комитеті *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу жөніндегі комитеті* болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Сауда және туристік қызметті реттеу жөніндегі комитеті
(2004-2006)

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 26 қарашадағы* қаулысымен *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитетінің* қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹. **Осы қаулысымен** комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің* құзыреті шегінде және заңнамаға сәйкес сауда және туристік қызметті реттеу және демпингке қарсы, қорғау және өтемақы шараларын қолдану саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: сауда және туристік қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; сауда қызметін дамыту саласындағы басымдықтарды әзірлеу; сауда және туристік қызметті салааралық үйлестіру; тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты

қорғау; кедендік тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мәселелерін үйлестіру; Қазақстан Республикасы туралы туризм үшін қолайлы ел ретіндегі ұғымды қалыптастыру; туристік қызметтің басым бағыттарын дамыту және туристің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Комитеттің құрылымы: басшылық; ішкі сауда басқармасы; сыртқы сауда басқармасы; туристік қызметті реттеу басқармасы; ішкі әкімшілік ету және лицензиялау басқармасы.

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Индустрия және сауда министрлігі** оның туризмді дамыту жөніндегі функциясы жаңа құрылған **ҚР Туризм және спорт министрлігіне** беріле отырып қайта ұйымдастырылды².

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 27 маусымдағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда қызметін реттеу жөніндегі комитеті** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралары туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы № 73 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 27 маусымдағы № 589 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 23, 237-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда қызметін реттеу жөніндегі комитеті (2006–2007)

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 27 маусымдағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу жөніндегі комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹. Осы қаулымен комитет туралы ережеге және оның құрылымына өзгертулер енгізілді.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде және заңнамаға сәйкес арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ сауда қызметін реттеу және демпингке қарсы, қорғау және өтемдік шараларды қолдану саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: сауда қызметі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, сауда қызметін салааралық үйлестіру, тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау, кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мәселелерін үйлестіру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық, ішкі сауда басқармасы, сыртқы сауда басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 5 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 27 маусымдағы № 589 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 23, 237-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 5 желтоқсандағы № 1180 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 46, 546-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті (2) (2007–2010)

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 5 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Сауда қызметін реттеу жөніндегі комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы* Жарлығымен ҚР Индустрия және сауда министрлігі *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі* болып құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды, оның ішінде соңғысына *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінен* электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді². Министрліктің сауда саласындағы функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігіне* берілді.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 31 наурыздағы* қаулысымен комитет *ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Сауда комитеті* болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 5 желтоқсандағы № 1180 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 46, 546-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 254 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 200-құжат).

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Сауда комитеті (2010–2013)

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 31 наурыздағы* қаулысымен комитет *ҚР Индустрия және сауда министрлігі Сауда комитетінің* қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Комитет *ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің* ведомствосы болды.

ҚР Президентінің *2013 ж. 16 қаңтардағы* Жарлығымен министрлік *ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі* етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды².

ҚР Үкіметінің *2013 ж. 12 ақпандағы* қаулысымен ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің ережесіне өзгерістер енгізілді, соған сәйкес комитет *ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің* қарамағына берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 254 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 200-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 12 ақпандағы № 126 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 15, 271-құжат).

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитеті (2013–2014)

ҚР Президентінің *2013 ж. 16 қаңтардағы* Жарлығымен *ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі* етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды¹.

ҚР Үкіметінің *2013 ж. 12 ақпандағы* қаулысымен ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің ережесіне өзгерістер енгізілді, соған сәйкес Комитет *ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің* қарамағына берілді².

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен комитет таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 12 ақпандағы № 126 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 15, 271-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі (2019*)

2014–2019 жж. аралығында сауда саласындағы басқару мәселелері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің құзыретіне кірді.

ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы Жарлығымен **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің** ішкі және сыртқы сауда саясатын қалыптастыру және іске асыру, халықаралық экономикалық интеграция, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы; **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің** техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы; **ҚР Сыртқы істер министрлігінің** экспортты ілгерілету саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып құрылды¹.

ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 шілдедегі қаулысымен министрлік туралы ереже² бекітіліп, оған кейіннен көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (30-дан астам рет). Олардың мәтінімен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде танысуға болады³.

Министрлік сыртқы сауда қызметін, халықаралық сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және реттеу, оның ішінде халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу; шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту және ілгерілету; ішкі сауданы дамыту және реттеу, сауда инфрақұрылымын жетілдіру, биржалық және электрондық сауданы дамыту; тұтынушылардың құқықтарын қорғау; стратегиялық, бақылау, іске асыру және реттеушілік функцияларды қоса алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету салаларындағы мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: **Техникалық реттеу және метрология комитеті; Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті; Сауда комитеті.**

Министрліктің облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада аумақтық органдары бар.

Министрліктің негізгі міндеттері: сыртқы сауда қызметін дамыту мен реттеу, ішкі сауданы дамыту мен реттеу, электрондық және биржалық сауданы дамыту мен ілгерілету, шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту мен ілгерілету салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру; халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу; тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; халықаралық сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және реттеу; тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; ҚР болу мемлекетімен және басқа елдермен сауда байланыстарын орнату жолымен сауда өкілдігі институтын дамыту; техникалық реттеу, стандарттау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға, іске асыруға және реттеуге қатысу; өз құзыреті шегінде министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 17 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 22, 203-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 49 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 шілдедегі № 497 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 28, 243-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 шілдедегі № 497 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/133209/kaz> (жүгінген күні: 30.12.2024).

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігінің
Сауда комитеті
(2021*)

ҚР Үкіметінің **2021 ж. 20 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Сауда және интеграция министрінің **2021 ж. 29 желтоқсандағы** бұйрығымен ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті туралы ереже бекітілді². Кейінірек ережеге бірқатар өзгерістер енгізілді.

Комитет – **ҚР Сауда және интеграция министрлігінің** ведомствосы болып табылады және сауда қызметі саласында басқару және салааралық үйлестіру жұмыстарын атқарады.

Комитеттің мақсаты: ішкі сауданы дамыту және реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитетін құрудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2021 ж. 20 желтоқсандағы № 914 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2021, № 66, 385-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Сауда және интеграция министрінің 2021 ж. 29 желтоқсандағы № 658-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/md/165514/kaz> (ресми жариялау күні: 29.03.2022)

Қазақстан Республикасының
Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі
(1998-1999)

ҚР Президентінің **1998 ж. 27 сәуірдегі** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 13 мамырдағы** қаулысымен агенттік туралы ереже және құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу және шаралар қабылдау; орталық және жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі іс-қимылын үйлестіру; шағын кәсіпкерліктің ҚР-дағы және аймақтардағы даму тенденцияларын талдау, шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтау; шағын кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заңдардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру.

Агенттіктің орталық аппаратының құрылымы: басшылық; шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың мемлекеттік саясаты басқармасы; шағын бизнес субъектілерінің кәсіпкерлік қызметі еркіндігін қамтамасыз ету басқармасы.

Агенттіктің қарауындағы ұйымдар тізбесіне «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» ЖАҚ кірді.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 26 сәуірдегі** қаулысымен агенттік туралы жаңа ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес Агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту функцияларын орындауға өкілеттілік берілген ҚР орталық атқарушы органы болып табылды. Агенттіктің орталық аппаратының функциялары мен құрылымы өзгертілмеді.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен агенттік туралы ережеге бірқатар өзгертулер енгізілді⁴. Атап айтқанда, Үкіметтің құрамына кірмейтін, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту саласында басшылықты, сондай-ақ заңдарда қарастырылған (заңдармен көзделген) шектерде салааралық үйлестіру мен басқа да арнайы атқару және шешім шығару функцияларын жүзеге асыратын ҚР-ның орталық атқарушы органы болды.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігімен** бірге **ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне** біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 27 сәуірдегі № 3926 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 11, 81-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 13 мамырдағы № 433 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 14, 124-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 26 сәуірдегі № 475 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 14, 151-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті (2002–2004)

1999–2002 жж. аралығында кәсіпкерлік саласындағы басқару мәселелері ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің құзыретіне кірді.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен комитет туралы ереже мен оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** құзыреті шегінде және ҚР заңнамаға сәйкес шағын бизнес (кәсіпкерлік) саласындағы арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ ҚР шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) мемлекеттік қолдау саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР Индустрия және сауда министрлігінің ведомствосы болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) мемлекеттік қолдау; шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдауға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру; шағын бизнес (кәсіпкерлік) субъектілерінің құқығын қорғауға бағытталған заңнаманың сақталуына бақылауды жүзеге асыру; шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдаудың әдістері мен сызбаларын әзірлеуге қатысу және енгізу.

Комитеттің құрылымы: басшылық; шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) үйлестіру және қорғау басқармасы; шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) дамытудың стратегиясы басқармасы.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына сәйкес⁴ комитет ҚР Үкіметінің **2004 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен таратылып, оның функциялары **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің** орталық аппаратына берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы № 1237 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 47, 586-құжат).

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті (2013–2014)

2004–2013 жж. аралығында кәсіпкерлік саласындағы басқару мәселелері ҚР Индустрия және сауда министрлігінің, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, сондай-ақ ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің құзыретіне кірді.

ҚР Президентінің **2013 ж. 16 қаңтардағы** Жарлығымен¹ және ҚР Үкіметінің **2013 ж. 8 ақпандағы** қаулысымен құрылды².

Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрінің бұйрығымен Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті туралы ереже бекітілді³.

Комитет **ҚР Өңірлік даму министрлігінің** құзыреті шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті дамыту саласындағы бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеті: кәсіпкерліктің тұтастай алғанда және өңірлер бойынша даму жай-күйін талдау.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен министрліктің функциялары мен өкілеттіктері жаңа құрылған **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне** беріле отырып, қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 12, 211-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 8 ақпандағы № 109 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 14, 259-құжат)

³ «Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Өңірлік даму министрінің 2014 ж. 24 маусымдағы № 181/НҚ бұйрығы (Егемен Қазақстан, 2015 ж. 21 қаңтар).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

5.2 Материалдық резервтерді басқару органдары

Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі (1992)

ҚР Президентінің **1992 ж. 22 қаңтарда** Жарлығымен таратылған Қазақ КСР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің негізінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 17 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылық ететін, республиканың халық шаруашылығын материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды.

Министрлікке республикалық ведомстволық бағыныстағы және облыстық көтерме-делдал фирмаларының, коммерциялық орталықтардың, қайталама шикізаттарды дайындау мен ұқсату кәсіпорындары, тара жөндеу, өндірістік, жобалау және басқа кәсіпорындардың жүйелері енді.

Министрліктің негізгі функциялары: республиканың мемлекеттік бағдарламаларының материалдық ресурстармен теңестірілуін қамтамасыз ету; өнім мен тауарды жеткізіп тұруға арналған мемлекеттік тапсырыстың құрамы мен көлемі жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру, бекітілген мемлекеттік тапсырысты дайындаушы-кәсіпорындарға орналастыру, республикадан тыс жерлерге өнім берудің үлесін белгілеу және лицензиялау; өнім мен тауарларға деген сұраным мен ұсыныс конъюнктурасын, сондай-ақ сыртқы және ішкі рыноктағы баға деңгейін зерделеу, ресурстарды пайдалануды жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; ҚР мемлекеттік және жұмсауға арналған резервтерін құрастыруға қатысу және т.б.

ҚР Президентінің *1992 ж. 7 желтоқсандағы* Жарлығымен министрлік таратылды. Министрліктің құқықтық мұрагері ретінде «Казконтракт» республикалық контракт корпорациясы («Казконтракт» АҚ) анықталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 22 қаңтардағы № 582 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 2, 25-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Материалдық ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 17 сәуірдегі № 344 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 16, 254-құжат).

³ «Казконтракт» республикалық контракт корпорациясын құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 желтоқсандағы № 1006 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 46, 662-құжат).

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (1992–1995)

ҚР Президентінің *1992 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен таратылған КСРО Мемрезервінің Материалдық резервтер жөніндегі қазақ аумақтық басқармасының негізінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басқаратын ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды².

Комитет республиканың мемлекеттік және жұмылдырушылық резервтерін басқаруды, олардың сандық және сапалық сақталуын қамтамасыз етуді жүзеге асырды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 9 қарашадағы* қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: бірінші бөлім; екінші бөлім; үшінші бөлім; бесінші бөлім; алтыншы бөлім; жетінші бөлім; тоғызыншы бөлім; он бірінші бөлім; он екінші бөлім; он үшінші бөлім³.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен комитет *ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті* болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» ДК, 2004. – 375-б.

² «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы №1247 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 14 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (1995–1997)

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің* қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: бірінші бөлім; екінші бөлім; үшінші бөлім; төртінші бөлім; бесінші бөлім; алтыншы бөлім; жетінші бөлім; сегізінші бөлім; тоғызыншы бөлім².

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; бірінші бөлім; екінші бөлім; үшінші бөлім; төртінші бөлім; бесінші бөлім; жетінші бөлім; сегізінші бөлім³.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен комитет таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1811 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 29 желтоқсандағы № 1674 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (1997-1998)

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті** таратылғаннан кейін құрылды¹.

ҚР Президентінің **1998 ж. 21 мамырдағы** Жарлығымен комитет таратылды². Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, №16, 136-құжат).

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (1998–2000)

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 22 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 27 тамыздағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі** құзыретінің шегінде мемлекеттік материалдық резерв жүйесінде және жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыру саласында атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ осы мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі функциялары мыналар: жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыру саласында бірыңғай саясатты әзірлеу және іске асыру; мемлекеттік материалдық резервтің жүйесін қалыптастыру және дамыту; жұмылдырушылық дайындық пен жұмылдыру саласында, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резерв жүйесінде ҚР заңдарының сақталуын бақылау.

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы Жарлығымен* комитет таратылды. Комитеттің функциялары мен өкілеттігі *ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігіне* берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 шілдедегі № 686 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 23, 201-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 тамыздағы № 1268 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 43, 393-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі (2000–2004)

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы Жарлығымен*¹ *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті* таратылғаннан кейін және ҚР Үкіметінің *2001 ж. 23 қаңтардағы* қаулысымен² құрылды.

Осы қаулымен агенттік туралы ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес агенттік *ҚР Үкіметінің* құрамына енбейтін, мемлекеттік материалдық резервтер саласында басқаруды, арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ осы салада салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік материалдық резерв жүйесін қалыптастыру және дамыту; мемлекеттік материалдық және жұмылдыру резервтері материалдық құндылықтарының сандық және сапалық сақталуын бақылау; өз құзыреті шегінде мемлекеттік резерв саласында ҚР заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету және т.б.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен агенттік таратылды³. Оның және таратылған *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің* негізінде *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі* құрылды.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 23 қаңтардағы № 111 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 3, 31-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (1) (2004–2014)

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен¹ комитет ҚР Үкіметінің *2004 ж. 28 қазандағы* қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 28 қазандағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Комитет *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің* ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік материалдық резерв жүйесін қалыптастыру және дамыту, мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының сандық және сапалық сақталуын бақылау, өз құзыреті шегінде ҚР мемлекеттік резерв туралы заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету болды.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен Министрліктің өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы

функциялары мен өкілеттіктерді қоспағанда **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне** беріле отырып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1112 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 40, 523-құжат).

³ Сонда

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті
(2014–2016)

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығын¹ іске асыру мақсатында ҚР Үкіметінің **2014 ж. 24 қыркүйектегі** қаулысына² сәйкес құрылды.

Комитет мемлекеттік материалдық резерв саласындағы функцияларды жүзеге асырған **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің** ведомстволық бағынысты органы болды.

Міндеті – мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру³.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 15 қарашадағы** қаулысымен комитеттің атауы өзгертіліп, ол **ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті** болып қайта аталды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін реформалау туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49–50, 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі туралы мәселелер» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59–60, 555-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 ж. 1 қазандағы № 37 бұйрығы (Егемен Қазақстан, 2015 ж. 29 қаңтар).

⁴ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 қарашадағы № 704 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 58, 373-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті
(2016–2020)

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 15 қарашадағы** қаулысына сәйкес, **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті** ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті болып қайта аталды¹.

Комитет мемлекеттік материалдық резерв саласындағы функцияларды жүзеге асырған **ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің** ведомстволық бағынысты органы болды.

Міндеті – мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру².

ҚР Президентінің **2020 ж. 9 қыркүйектегі** Жарлығымен мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер қайта құрылған **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы кейбір мәселелер» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 қарашадағы № 704 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 58, 373-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2016 ж. 16 қарашадағы № 2/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/doc/107713/kaz> (ресми жариялау күні: 27.01.2017).

³ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 9 қыркүйектегі № 408 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 36-37, 271-құжат).

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (2)
(2020*)

ҚР Президентінің **2020 ж. 9 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2020 ж. 23 қазандағы** қаулысымен құрылды².

Комитет ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік материалдық резерв саласындағы реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылады.

Міндеттері: мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сандық және сапалық сақталуын бақылау; өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резерв туралы заңнамасының сақталуына бақылауды қамтамасыз ету³.

¹ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 9 қыркүйектегі № 408 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 36-37, 271-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2020 ж. № 701 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 49-50, 388-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2020 ж. 30 қазандағы № 16 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/156803/kaz> (ресми жариялау күні: 14.07.2021).

5.3 Мемлекеттік сатып алу саласындағы басқару органдары
Қазақстан Республикасының
Экономика министрлігі жанындағы
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі
(1996–1997)

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 24 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды¹.

Агенттіктің негізгі функциялары: мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және жүргізу тәртібін нормативті реттеуді жүзеге асыру; сатып алудың нормативтік құжаттарын әзірлеу және оларды **ҚР Үкіметінің** бекітуіне ұсыну; сатып алуды жүргізу жөнінде мемлекеттік тапсырыс берушілердің қызметін үйлестіру және оған бақылау жасау; жалпы мақсаттағы немесе аса маңызды тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) тізбесі бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру; сатып алу жөніндегі актілерді, сонымен қатар нұсқаулықтар, өкімдер, бұйрықтарды жүйелі есепке алу және оларды мемлекеттік тапсырысшылардың назарына жеткізу; мемлекеттік сатып алуға ұдайы талдау жүргізу және оны ҚР Үкіметіне ұсыну.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен агенттік министрлікпен бірге таратылды². Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экономика және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі жанынан Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттік құру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 желтоқсандағы № 1597 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 52, 503-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу
жөніндегі департаменті
(1997–1998)

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 желтоқсандағы* қаулысымен департамент туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент өз қызметін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлар қаражаттары есебінен тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды салааралық үйлестіру мақсатында жүзеге асырған, мемлекеттік сатып алу үрдісін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар және бюджеттен тыс қорлар жүргізетін мемлекеттік сатып алу үрдістерін үйлестіру және оларға бақылау жасау; мемлекеттік сатып алу үрдістерін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру болды.

Департаменттің құрылымы: мемлекеттік сатып алудың әдістемесі мен мониторингі басқармасы, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру басқармасы.

ҚР Президентінің *1998 ж. 21 мамырдағы* Жарлығымен департамент таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне* берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы №3655 Жарлығын іске асыру туралы» ҚР Премьер-Министрінің 1997 ж. 17 қазандағы №334-ө өкімі // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R970000334_/info (жүгінген күні:30.12.2024).

² Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1783 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 55, 501-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті
(1998)

ҚР Президентінің *1998 ж. 21 мамырдағы* Жарлығымен *ҚР Қаржы министрлігінің* қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 16 қыркүйектегі* қаулысымен департамент туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент өз қызметін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды салааралық үйлестіру мақсатында жүзеге асырған, мемлекеттік сатып алу үрдістерін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы болды.

Департаменттің негізгі функциялары: министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар және бюджеттен тыс қорлар жүргізетін мемлекеттік сатып алу үрдістерін үйлестіру және оларға бақылау жасау; мемлекеттік сатып алу үрдістерін реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру.

Департаменттің құрылымы: мемлекеттік сатып алудың әдістемесі мен мониторингі басқармасы, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру басқармасы.

ҚР Президентінің *1998 ж. 14 желтоқсандағы* Жарлығымен департамент таратылды³. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері жаңа құрылған *ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне* берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы №3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 16 қыркүйектегі № 903 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 33, 293-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 14 желтоқсандағы № 4173 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 48, 424- құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 14 желтоқсандағы № 4173 Жарлығын іске асыру туралы» ҚР Премьер-Министрінің 1998 ж. 23 желтоқсандағы № 245-р өкімі // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R980000245_/info (жүгінген күні: 30.12.2024).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі (1) (1998–2000)

ҚР Президентінің *1998 ж. 14 желтоқсандағы* Жарлығымен *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мемлекеттік сатып алулар жөніндегі департаменті* таратылғаннан кейін құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 19 қаңтардағы* қаулысымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік өз құзыретінің шегінде мемлекеттік сатып алу үрдістерін реттеуді, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес арнаулы міндеттерді жүзеге асыратын *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болды.

Агенттік өз қызметін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды салааралық үйлестіру мақсатында жүзеге асырған, мемлекеттік сатып алу үрдісін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болды.

Агенттіктің негізгі функциялары: мемлекеттік сатып алу үрдістерін үйлестіру және оның мониторингі; мемлекеттік сатып алу үрдістеріне қатысушылардың ҚР мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік сатып алу үрдістерін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру.

Агенттіктің құрылымы: басшылық; мемлекеттік сатып алудың әдістемесі мен оған бақылау жасау басқармасы, мемлекеттік сатып алудың есебі мен мониторингі басқармасы.

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы* Жарлығымен агенттік таратылды³. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Қаржы министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 14 желтоқсандағы № 4173 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 48, 424- құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 19 қаңтардағы №35 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 2, 12-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті (1) (2001–2002)

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы* Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2001 ж. 20 қаңтардағы* қаулысымен құрылып², оған таратылған ҚР Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі агенттігінің функциялары мен өкілеттіктері берілді. Комитеттің мемлекеттік сатып алулар жөніндегі үрдісін реттеу жөніндегі уәкілетті орган екендігі белгіленді.

ҚР Үкіметінің осы қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Қаржы министрлігінің** құзыреті шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алу процесін салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру оның мониторингі; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың ҚР мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауына бақылау жасау; мемлекеттік сатып алу процесін реттейтін нормативтік құқықтық базаны әзірлеу.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына сәйкес⁴ ҚР Қаржы министрлігі құрамынан **ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің** бөлінуіне байланысты ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қыркүйектегі** қаулысымен⁵ комитет таратылды.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 20 қаңтардағы № 87 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 1-2, 22-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қыркүйектегі № 1031 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 30, 334-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі (2) (2002–2004)

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Қаржы министрлігін** ҚР Қаржы министрлігі мен ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне бөлу жолымен қайта құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қыркүйектегі** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік басқаруды және заңнамада көзделген шектерде арнайы атқарушылық және рұқсат етуші функцияларын, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алу процесін салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын **ҚР Үкіметі** құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ету; мемлекеттік сатып алу процесін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және бекіту; мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру оның мониторингі; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың ҚР мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауына бақылау жасауды жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен агенттік ҚР Қаржы министрлігіне біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды³.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен агенттіктің мүлкі жаңа құрылған **ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетіне** берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қыркүйектегі № 1031 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 30, 334-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1134 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 43, 542-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік
сатып алу комитеті
(2004–2008)

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен² құрылып, оған қайта ұйымдастырылған *ҚР Мемлекеттік сатып алу агенттігінің* мүлкі берілді.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³. Таратылған *ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің* аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелер ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелер болып қайта құрылды.

Комитет өз құзыреті шегінде қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын *ҚР Қаржы министрлігінің* ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, есебін жүргізу және атқарылуы жөнінде есеп беру, олардың атқарылуын бағалау, гранттардың, мемлекет активтерінің, мемлекет кепілдік берген қарыздардың, мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаның пайдаланылуы бөлігінде мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері қызметінің ҚР заңнамасына сәйкес келуін тексеру; мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырылуы мен өткізілуін, ҚР мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

Комитет ҚР Қаржы министрлігіне қатысты ішкі бақылау қызметі функциясын орындады.

Комитет және оның аумақтық органдары ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің бірыңғай жүйесін құрды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; ұйымдастыру және кадр жұмысы басқармасы; жоспарлау, бақылау іс-шараларына есеп беру және оны талдау басқармасы; № 1 бақылау іс-шараларын орындау басқармасы; № 2 бақылау іс-шараларын орындау басқармасы; мемлекеттік сатып алуды үйлестіру басқармасы; мемлекеттік сатып алу тәсілдерін келісу басқармасы; ішкі бақылау материалдарын сараптау, құқықтық жұмыс және персоналды қадағалау басқармасы.

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 28 қыркүйектегі* қаулысымен комитеттің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық бөлімшелері-мемлекеттік мекемелері комитеттің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелері болып қайта аталды⁴.

Комитеттің құрылымы жаңа редакцияда мазмұндалды: басшылық; ұйымдастыру және кадр жұмысы басқармасы; жоспарлау, есептілік және бақылау іс-шараларын талдау басқармасы; республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау басқармасы; жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау басқармасы; несиелік ресурстардың, гранттардың, қарыздар мен мемлекет активтерінің мақсатты пайдаланылуын бақылау бөлімі; мемлекеттік сатып алу саласындағы бақылау басқармасы; мемлекеттік сатып алуды үйлестіру және құқықтық жұмыс басқармасы; мемлекеттік сатып алу тәсілдерін келісу басқармасы.

Комитеттің аумақтық басқармалары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі де жаңа редакцияда бекітілді.

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 24 сәуірдегі* қаулысымен комитет *ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті* болып қайта аталды⁵. Комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері *ҚР Қаржы министрлігінің* облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша Қаржы бақылау комитетінің қаржы бақылау инспекциялары болып қайта аталды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1134 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 43, 542-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 28 қыркүйектегі № 959 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 36, 499-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 22, 205-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті (2) (2014–2019)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 2 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

Комитет орталық атқарушы органның құзыреті шегінде бюджеттік бағдарламалар не тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асыратын **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің** ведомствосы болды².

Комитеттің міндеті – бюджеттік бағдарламалар не тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауды қамтамасыз ету болды.

ҚР Қаржы министрінің **2016 ж. 1 маусымдағы** бұйрығымен комитет туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді³.

Комитет орталық атқарушы органның құзыреті шегінде уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалар бойынша және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу саласында іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ҚР Қаржы министрлігінің ведомствосы болды.

Комитеттің міндеті: уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалар бойынша және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен комитет **ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне** қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік сатып алу комитетін құру туралы және «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 2 сәуірдегі № 300 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 25, 195-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2014 ж. 23 сәуірдегі № 182 бұйрығы (Юридическая газета, 2014 ж. 18 маусым).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2016 ж. 1 маусымдағы № 276 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/107183/kaz> (ресми жариялау күні: 08.11.2016).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 қарашадағы № 879 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 57, 423-құжат).

**6. Қаржы, инвестициялар, банк қызметі, сақтандыру,
салық салу, мемлекеттік мүлік және мемлекеттік
кірістер салаларындағы басқару органдары**

6.1 Қаржы және инвестициялар саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (ҚР Қаржымині) (1991*)

1920 ж. қазанда Қазақ КСР Қаржы халық комиссариаты ретінде құрылып, 1946 жылдан – министрлік¹.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылық ететін ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды².

ҚР Президентінің 1992 ж. 12 қарашадағы Жарлығымен министрлік құрылымына ҚР Бас мемлекеттік салық инспекциясы, облыстар, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша мемлекеттік салық инспекциялары; ҚР Кеден комитеті және оған бағынысты кеден органдары енді³. ҚР Бас мемлекеттік салық инспекциясы ҚР Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы болып, ал ҚР Кеден комитеті ҚР Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы болып қайта аталды.

ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы Жарлығымен ҚР Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі ҚР Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік болып қайта құрылуына байланысты соңғысына ҚР Сыртқы экономикалық министрлігі мен Қаржы министрлігінің тиісті функциялары берілді⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 1 маусымдағы қаулысымен министрліктің мәртебесі мен оның негізгі функциялары айқындалды⁵.

Қаулыға сәйкес министрлік республика қаржы жүйесінің топтастырушы органы бола отырып, кредит, валюта, ақша, салық және кеден саясатымен өзара байланыса, мемлекеттік біртұтас қаржы саясатының стратегиялық бағыттарын белгілеуге және іс жүзінде асыруға, сондай-ақ ТМД-ға мүше елдердің мемлекетаралық қатынастары шеңберінде осы бағыттарды үйлестіруге, ҚР сыртқы экономикалық қаржы саясатын жасауға жауап берді.

Министрліктің негізгі функциялары: әлеуметтік-экономикалық даму саласында республика үшін ортақ қаржы басымдылығын айқындау жөнінде ұсыныстар жасау; бюджетте көзделген барлық кірістердің келіп түсуін қамтамасыз ету жөніндегі ҚР заңнамасының орындалуына бақылау жасау, барлық бағыттар бойынша мемлекеттік қаражатты үнемдеудің және оны мақсатты пайдаланудың қатаң тәртібін жүзеге асыру; біртұтас салық саясатын қамтамасыз ету; мемлекеттік кеден саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сауда-экономикалық қатынастарды кедендік реттеу жүйесін жетілдіру, сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ кедендік баж алымдарының мөлшерін реттеп отыру арқылы ҚР экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; республикада бюджет үрдісін басқару, ҚР бюджетін құру және атқару; бағалы қағаздарды шығарудың, орналастырудың, айналымға енгізу мен есебін жүргізудің тәртібін белгілеу, оларды шығаруға және айналымға енгізуге рұқсат беру (лицензиялау), бағалы қағаздар айналымының белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасау; халықаралық стандарттарды ескере отырып, бухгалтерлік есеп пен есеп беруді ұйымдастырудың бірыңғай методологиялық негіздерін айқындау; халықтың табысы аз жіктеріне, табысы кесімді адамдарға қаржылық қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және т.б. болды.

Осы құжатпен ҚР Қаржы министрлігі жанынан Бас қазынашылық басқармасы құрылды.

ҚР Президентінің 1993 ж. 20 шілдедегі қаулысымен ҚР Қаржы министрлігі мен ҚР Экономика министрлігіне Республикалық валюта қорын қалыптастыру мен қаражатын пайдалану бағыттарын айқындау қызметі жүктелді⁶.

Қор қаражаттарының мақсатты пайдаланылуын бақылау ҚР Қаржы министрлігіне жүктелді. Сондай-ақ ҚР Қаржы министрлігіне ҚР атынан ҚР алатын сыртқы займдар туралы келісімге және ҚР заем алушылары алатын ҚР сыртқы займдар бойынша кепілдігіне қол қою өкілдігі жүктелді.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 8 желтоқсандағы қаулысымен министрлік туралы

ереже бекітілді⁷.

Ережеге сәйкес министрлік мемлекеттік басқарудың орталық қаржы-экономикалық органы болды.

ҚР Қаржы министрлігі, оған қарасты қаржы басқармалары (бөлімдер), салық және кеден қызметтері, еркін экономикалық аймақтардың әкімшілік кеңестерінің қаржы басқармасы органдары Министрліктің бірыңғай жүйесін құрды.

Министрліктің басты міндеттері: түбегейлі экономикалық реформаларды жүзеге асыруға қаржының белсенді түрде әсер етуін қамтамасыз ету, нарық қарым-қатынасын енгізу негізінде республика экономикасын тұрақтандыру мен көтеру, қаржы заңнамасын орындауды қамтамасыз ету, олардың нарық экономикасына етер әсері мен тиімділігін зерттеу; басқа мемлекеттермен қаржы мәселелері жөнінде жасалатын келісімдердің жобаларын дайындауға қатысу; республикадағы табыс пен шығынды экономикалық тұрғыдан негіздеп жоспарлау, табыс түсімін ұлғайту есебінен бюджеттегі тапшылықты біртіндеп қысқарту; әлеуметтік-экономикалық дамудың белгіленген бағдарламаларын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету; халық шаруашылығының кешенді мақсаттағы бағдарламалары мен мемлекеттік ең төменгі кепілдіктерді қаржыландыру; халықаралық стандарттарды ескере отырып, бухгалтерлік есептеу мен есеп беруді ұйымдастырудың методологиялық негіздерін анықтау; қаржылай және валюталық реттеудің, бюджеттік жоспарлау мен қаржыландырудың әдістерін жетілдіру; мемлекеттік кеден саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сауда-экономикалық қатынастарды кеден тұрғысынан реттеу жүйесін жетілдіру; кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың мемлекетпен қаржы тұрғысынан өзара қарым-қатынасын жетілдіру; шетелде жұмыс істеп жатқан немесе жаңадан құрылған кәсіпорындарға мемлекеттік инвестиция мәселелерінде республиканың басқа елдердегі мүддесін қорғау және т.б. болды.

ҚР Президентінің **1994 ж. 11 ақпандағы** қаулысымен ҚР Қаржы министрлігінің салық қызметінде штат саны есебінен салық милициясы құрылды⁸.

ҚР Президентінің **1994 ж. 16 сәуірдегі** Жарлығымен министрлік құрамында **Сақтандыру департаменті** құрылды⁹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 10 наурыздағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; бас бюджеттік басқарма; бас қазынашылық басқармасы; бас салық инспекциясы; бас кеден басқармасы; бухгалтерлік есеп және есептеме әдістемесі бас басқармасы; сақтандыру департаменті; кірістерді болжау басқармасы (жетекші); әлеуметтік сала және ғылым басқармасы (жетекші); халықты әлеуметтік қорғау басқармасы (жетекші); материалдық өндіріс және құрылыс кешені салалары басқармасы (жетекші); агроөнеркәсіп кешені және табиғат қорғау басқармасы (жетекші); өндірістік емес инфрақұрылым басқармасы (жетекші); ұлттық қауіпсіздік басқармасы (жетекші); мемлекеттік аппарат басқармасы (жетекші); рыноктық инфрақұрылым басқармасы; мемлекеттік бағалы қағаздар басқармасы; ақша-кредит саясаты басқармасы; сыртқы заемдар мен қарыздар басқармасы; мемлекетаралық қатынастар және халықаралық қаржы ұйымдары басқармасы; заң басқармасы; кадр және оқу орындары басқармасы (жетекші); аппарат жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі департамент¹⁰.

ҚР Президентінің **1995 ж. 1 сәуірдегі** Жарлығымен таратылған ҚР Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасының негізінде **ҚР Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитеті** құрылды¹¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 31 тамыздағы** қаулысымен ҚР Қаржы министрлігі республикада валюталық бақылаудың мемлекеттік органы болып айқындалды¹². Осыған орай министрлік орталық аппаратының құрамында белгіленген жалпы лимит шегінде Сыртқы борышты реттеу, валюталық және экспорттық бақылау департаменті құрылды.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен мыналар құрылды: **ҚР Қаржы министрлігі жанынан Қаржы-валюталық бақылау комитеті**, оған таратылған **ҚР Қаржы бақылау мемлекеттік комитетінің** мүлкі мен істерін басқару өкілеттігі берілді; **ҚР Қаржы министрлігі жанынан Қазынашылық** оның қарауына **ҚР Ұлттық Банкінің** есеп айырысу-кассалық орталықтары берілді¹³. **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет** **ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын**

пайдалану жөніндегі комитет болып қайта ұйымдастырылды. *ҚР Қаржы министрлігінің Сақтандыру департаменті ҚР Мемлекеттік сақтандыру қадағалауы* болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; бас салық инспекциясы; мемлекеттік бюджет департаменті; бухгалтерлік есеп пен есептеме әдістемесі, оны ұйымдастыру және бақылау департаменті; материалдық өндіріс салалары департаменті; әлеуметтік сала департаменті; аппараттың жұмысын ұйымдастыру және жүйені материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі департамент; агроөнеркәсіп кешені және табиғат қорғау басқармасы; кірістерді болжамдау басқармасы; валюталық операциялар және сыртқы борыштар мониторингі басқармасы; мемлекетаралық қатынастар басқармасы; қорғаныс кешені және құқық қорғау органдары басқармасы; мемлекеттік аппарат басқармасы; кадрлар және оқу орындары басқармасы; заң қызметі департаменті¹⁴.

ҚР Қаржы министрлігі жанындағы орталық атқарушы органдары: *Қазынашылық; Қаржы-валюталық бақылау комитеті; Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет*.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен ҚР Қаржы министрлігі лицензиялауға (атап айтқанда – аудиторлық қызметке) жататын қызметтің түрлеріне, соның ішінде патент түрінде, лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесіне енгізілді¹⁵.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 14 наурыздағы* қаулысымен министрліктің заң қызметі басқармасы заң қызметі департаменті болып қайта аталды¹⁶.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 13 қыркүйектегі* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹⁷.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР біртұтас қаржы саясатын әзірлеуді және жүзеге асыруды үйлестіруші және бақылаушы орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрлік мемлекеттік қаржыларға басшылықты жүзеге асырды, мемлекеттік бюджет-салық саясаты мен салық салу жүйесін жетілдірудің экономикалық негіздемесін әзірлеуге қатысты, бюджеттік қаражаттар жұмсаудың басым бағыттары мен сырттан қарыз алу көлемін айқындады, мемлекеттің ішкі және сыртқы қарызын басқарды, мемлекеттік және жергілікті қазына қаражаттарының мақсатты және тиімді пайдаланылуына қаржылық бақылауды ұйымдастырды, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырды.

Министрліктің құрамына кірген ведомстволар, олардың аумақтық бөлімшелері, әкімдер аппараттарының қаржы басқармалары (бөлімдері), арнайы экономикалық аймақтардың әкімшілік кеңестерінің қаржыны басқару органдары, сондай-ақ министрліктің орталық аппаратының департаменттері, дербес басқармалары мен бөлімдері ҚР Қаржы министрлігінің бірыңғай жүйесін құрады.

Министрліктің негізгі міндеттері: әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік қаржыларды басқару; мемлекеттің кірістері мен шығыстарын экономикалық негізделген жоспарлаудың негізінде алдағы қаржылық жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын жасау; макроэкономикалық көрсеткіштер мен мемлекеттің ақша-кредит саясатының негізінде қысқа және орта мерзімдік келешекке арналған республиканың кірістері мен шығыстары жөнінде ұсыныстар әзірлеу; басым бағыттар бойынша шетел капиталын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу; қаржы-валюта және бюджеттік-қаржылық жоспарлау мен реттеу әдістерін жетілдіру; барлық меншік нысандары мен қызмет түрлеріндегі заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың мемлекеттік қаржы тәртібін сақтауын бақылауды ұйымдастыру.

ҚР Президентінің *1996 ж. 14 қыркүйектегі* Жарлығымен ҚР Қаржы министрлігін ҚР Қаржы министрлігі мен *ҚР Мемлекеттік салық комитетіне* бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды¹⁸.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 27 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекеттік бюджет департаменті; әлеуметтік сала департаменті; салық реформалары департаменті; мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі

департамент; заң қызметі департаменті; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі департамент; кірістерді болжамдау басқармасы; қорғаныс кешені және құқық қорғау органдары басқармасы; мемлекеттік аппарат басқармасы; кадрлар және оқу орындары басқармасы; баспасөз қызметі¹⁹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті** мен ҚР Қаржы министрлігіне таратылған **ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді²⁰. ҚР Қаржы министрлігіне сондай-ақ, таратылған **ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің, ҚР Мемлекеттік салық комитетінің, ҚР Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының, ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің** және **ҚР Мемлекеттік сақтандыру қадағалауының** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 21 наурыздағы** қаулысымен ҚР Қаржыминің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті **ҚР Қаржыминің Қаржы бақылау комитеті** болып қайта құрылды²¹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 22 сәуірдегі** Жарлығымен ҚР Қаржыминің Салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасының базасында **ҚР Қаржыминің Салық полициясы департаменті** құрылды²².

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 28 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: Макроэкономикалық және бюджеттік саясат департаменті; Бюджет департаменті; Қазынашылық департаменті; Салық реформалары департаменті; **Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті** (заңды тұлға құқығында); **Жекешелендіру жөніндегі департамент** (заңды тұлға құқығында); **Бухгалтерлік есеп пен аудит әдіснамасы департаменті** (заңды тұлға құқығында); **Салық полициясы департаменті** (заңды тұлға құқығында); **Сақтандыруды қадағалау департаменті** (заңды тұлға құқығында); Заң қызметі департаменті; Қаржы жүйесі кадрларын даярлау және қайта даярлау және персоналмен жұмыс департаменті; Аппараттың инспекторлық-ұйымдастыру жұмысы департаменті; **Салық комитеті; Қаржы бақылау комитеті; Сырттан қарыз алу жөніндегі комитет; Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет**²³.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді. Министрліктің құқықтық мәртебесі өзгертілмеді²⁴.

Министрліктің негізгі міндеттері толықтырылды: мемлекеттік меншікті пайдалануға, иелік ету мен билік жасау жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру; мемлекеттік меншікті пайдалануға бақылау жасау, осы саладағы заңнаманы сақтау; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша республиканың мүдделерін халықаралық деңгейде білдіру; сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік сақтық қадағалауды жүзеге асыру; сақтандыру қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу; республикада бухгалтерлік есепті дамыту және оны халықаралық бухгалтерлік есеп жүйесімен кіріктіру; аудиторлық қызметті лицензиялау; республикада бухгалтерлерді сертификаттау (аттестациялау); салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету; салық қызметі органдарының жұмысына басшылықты жүзеге асыру; мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінде материалдық құндылықтарды жинақтау, босату және қайтарып алу жөніндегі **ҚР Үкіметінің** бекітілген жоспарлары мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету; мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің материалдық құндылықтарының сандық және сапалық сақталуын қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 17 маусымдағы** қаулысымен **ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің** таратылып, оның функциялары **ҚР Қаржы министрлігіне** берілуінің нәтижесінде **ҚР Қаржыминің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару жөніндегі департаменті** құрылды²⁵.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 маусымдағы** қаулысымен **ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің таратылып**, оның функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілуінің нәтижесінде **ҚР Қаржыминің Жекешелендіру жөніндегі департаменті** құрылды²⁶.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен ҚР Қаржыминінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті мен Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару жөніндегі департаменті қайта ұйымдастырылды²⁷. Олардың құқықтық мұрагері **ҚР Қаржыминінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті** болып айқындалды²⁸.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен ҚР Қаржы министрлігіне таратылған **ҚР Мемлекеттік кеден комитетінің** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді²⁹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 қазандағы** қаулысымен **ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне** заңды тұлға мәртебесі берілді. Осы құжатпен ҚР мемлекеттік Бюджеттік банкі таратылды, оның жекелеген функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазынашылыққа берілді³⁰.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 21 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді³¹.

Ережеге сәйкес министрлік мемлекеттік қаржыларды басқару саласында ҚР орталық атқарушы органы болып табылды. Министрлік республикалық меншікті пайдалану, иелену және билік ету жөніндегі уәкілетті органның функциясын жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: мемлекеттік дамыту стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен** және **Ұлттық Банкімен** бірлесе отырып мемлекеттің қысқа және орта мерзімді перспективаға арналған салық-бюджет және кеден саясатын әзірлеу және оны жүзеге асыру; ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және Ұлттық Банкімен бірлесе отырып республикалық бюджет және мемлекеттің топтастырылған балансының жобасын қалыптастыру; ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және Ұлттық Банкімен бірлесе отырып қаржылық және бюджеттік жоспарлаудың, мемлекеттік бюджетті реттеу және атқарудың әдістерін жетілдіру; мемлекеттік қаржылық есеп берудің нысандары мен әдістерін жетілдіру; республикалық меншікті пайдалану, иелену және билік ету бойынша уәкілетті органның функциясын жүзеге асыру; заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік қаржы тәртібін сақталуына бақылау жасауды ұйымдастыру; сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік сақтандыруды қадағалауды жүзеге асыру; мемлекеттік қаражаттардың, мемлекеттік сыртқы займдар мен гранттардың, сондай-ақ мемлекет кепілдігі берілген сыртқы займдардың мақсатты және тиімді пайдаланудың мониторингі және оған бақылау жасау; бухгалтерлік есеп пен аудит, қаржылық есеп беру және оның экономиканың барлық саласындағы үйлестіру методологиясын айқындау.

Министрлік және оның аумақтық органдары министрліктің біртұтас жүйесін құрды.

Министрліктің құрылымы: бюджет департаменті; **Бухгалтерлік есеп методологиясы және аудит департаменті** (заңды тұлға құқығында); аппарат жұмысын инспекторлық-ұйымдастыру департаменті; қаржы жүйесі кадрларын даярлау мен қайта даярлау және қызметкерлермен жұмыс департаменті; **Қазынашылық департаменті** (заңды тұлға құқығында); **Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру департаменті** (заңды тұлға құқығында); фискальдық саясат департаменті; заң қызметі департаменті; **Сақтандыруды қадағалау департаменті** (заңды тұлға құқығында); **Салық полициясы департаменті** (заңды тұлға құқығында); **Қаржы бақылау комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Салық комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Кеден комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департамент** (заңды тұлға құқығында); **Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет** (заңды тұлға құқығында).

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 27 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет** құрылды³².

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 27 қаңтардағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттері толықтырылды: алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау, ал министрлік құрылымына Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті кірді (заңды тұлға құқығында)³³.

ҚР Президентінің *1998 ж. 6 мамырдағы Жарлығымен* таратылған ҚР Қаржыминінің Салық полициясы департаменті мен *ҚР Ішкі істер министрлігінің* Экономикалық полиция департаментінің базасында *ҚР Қаржыминінің Салық полициясы комитеті* құрылды, оған таратылған департаменттердің өкілеттіктері берілді³⁴.

ҚР Президентінің *1998 ж. 21 мамырдағы* Жарлығымен ҚР Қаржы министрлігі *Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің, мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментінің* функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне* берілу жолымен қайта құрылды³⁵.

ҚР Президентінің *1998 ж. 30 маусымдағы* Жарлығымен *ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті* таратылып, оның функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне, *ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті мен ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментіне* берілді. *ҚР Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті* де таратылды, оның функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Ұлттық Банкіне берілді³⁶.

ҚР Президентінің *1998 ж. 12 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Кіріс министрлігі* құрылуына байланысты ҚР Қаржы министрлігі жаңа құрылған министрлікке *Салық комитетінің, Кеден комитетінің, Салық полициясы комитетінің* функциялары, мүлкі мен істеріне басшылық жасау жөніндегі өкілеттіктері берілу жолымен қайта құрылды. ҚР Қаржы министрлігінің қарамағынан жаңа құрылған министрліктің қарамағына «Кәсіпорындарды қайта құру және тарату жөніндегі агенттігі» АҚ берілді³⁷.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 11 қаңтардағы* қаулысымен ҚР Қаржы министрлігінің Қызметтік үй-жайларды пайдалану және шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі басқармасы «ҚР Қаржы министрлігінің Шаруашылық басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны етіп қайта құрылды³⁸.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 6 наурыздағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді³⁹.

Ережеге сәйкес министрлік мемлекеттік қаржыларды басқару, сондай-ақ мемлекеттік республикалық меншікті есепке алу және оның пайдаланылуына бақылау жасау саласындағы ҚР мемлекеттік мекемесі, орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: салық және ақша-несие саясатымен өзара әрекеттегі мемлекеттік бюджет саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; мемлекеттік салық саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; мемлекеттік меншікті пайдаланудың мониторингі мен аудитінің жүйесін жасау және дамыту, мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру; Үкіметтің ұтымды қарыз алуын ұйымдастыру және ҚР Үкіметінің кепілдігі берілген қарызды тиімді басқару; республикалық және өз құзыретінің шегінде жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және атқару үрдісін жетілдіру, бюджеттік бағдарламалау әдістерін және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды енгізу, мемлекеттік бюджетке есептілік-кассалық қызмет көрсетуді және ақша ресурстарын басқаруды жақсарту; республикалық және өз құзыретінің шегінде жергілікті бюджеттер қаражаттарының ұтымды және мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету.

Министрлік және оның аумақтық органдары министрліктің біртұтас жүйесін құрды.

Министрлік құрылымы: басшылық; бюджет департаменті; заң қызметі департаменті; фискальдық саясат және болжамдау департаменті; макроэкономика және қаржылық статистика департаменті; бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесі департаменті; мемлекеттік қарыз және несиелендіру департаменті; әкімшілік департаменті; *Қазынашылық комитеті* (заңды тұлға құқығында); *Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру комитеті* (заңды тұлға құқығында); *Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті* (заңды тұлға құқығында).

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 29 маусымдағы* қаулысымен ҚР Қаржы министрлігі аудиттің стандарттарын және аудиторлыққа кандидаттарды аттестациялауға қойылатын біліктілік

талаптарын бекіту жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып белгіленді⁴⁰.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен министрліктің мәртебесі белгіленді: басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде – мемлекеттік қаржыларды басқару мен бақылау саласында салааралық үйлестіруді, сондай-ақ республикалық меншікті есепке алуды және оның пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы⁴¹. Министрліктің ведомстволары бар екендігі көрсетілді: **Қазынашылық комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті**.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 30 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті** таратылды, функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілді⁴².

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 22 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Қаржы министрінің Қаржы бақылау комитеті** құрылды⁴³.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 11 қаңтардағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁴⁴.

Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде – мемлекеттік қаржыларды басқару мен бақылау саласында салааралық үйлестіруді, сондай-ақ республикалық меншікті есепке алуды және оның пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің ведомстволары болады: **Қазынашылық комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қаржылық бақылау комитеті**.

Министрліктің негізгі міндеттері: салық және ақша-несие саясатымен өзара әрекеттегі мемлекеттік бюджет саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; мемлекеттік салық саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; мемлекеттік меншікті пайдаланудың мониторингі мен аудитінің жүйесін жасау және дамыту, мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру; Үкіметтің ұтымды қарыз алуын ұйымдастыру және ҚР Үкіметінің кепілдігі берілген қарызды тиімді басқару; үкіметтік заемдар мен ҚР резиденттерінің мемлекеттік емес заемдар бойынша мемлекеттік кепілдіктер жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету; мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздың мониторингі мен оны басқару; республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау және олардың атқарылуы, бухгалтерлік есеп, есептілік және аудит бойынша әдістемелік басшылық, бюджеттік бағдарламалау әдістерін және мемлекеттік шығыстарды функционалдық талдаудың әдістемесін енгізу; республикалық және өз құзыретінің шегінде жергілікті бюджеттер қаражаттарының ұтымды және мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету; бухгалтерлік есепті, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептілікті енгізудің және жүзеге асырудың тәртібін әзірлеу; Қазынашылық жүйесін ақпараттандырудың бірыңғай саясатын жүргізуді ұйымдастыру.

Министрлік және оның аумақтық бөлімшелерімен қоса ведомстволары министрліктің біртұтас жүйесін құрайды.

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі** таратылып, оның функциялары мен өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілді⁴⁵.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 20 қаңтардағы** қаулысымен **министрліктің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті** құрылды⁴⁶. Комитет мемлекеттік сатып алулар үрдісін реттеу жөніндегі уәкілетті орган ретінде белгіленді. Министрлік ведомстволарының қатарына Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі комитеті енгізілді. Министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша мемлекеттік сатып алулардың бірыңғай саясатын жүргізуді, оларды үйлестіруді және мемлекеттік сатып алулар үрдісі мониторингін ұйымдастыру міндеті жатқызылды.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен министрлік ҚР Қаржы министрлігі мен **ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне** бөлу арқылы қайта ұйымдастырылды, оның бюджеттік жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне** берілді⁴⁷. **ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі** де ҚР Қаржы министрлігіне қосу арқылы қайта ұйымдастырылды, оның мемлекеттік кірісті

жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне, кеден істері – **ҚР Кедендік бақылау агенттігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 3 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді, сондай-ақ **министрліктің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті мен Салық комитеті** құрылды⁴⁸.

Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте мемлекеттік бюджеттің атқарылуы және атқарылуын бақылау, мемлекеттік меншікті басқару, есепке алу және пайдаланылуын бақылау, банкроттық рәсімдерінің және дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімінің жүргізілуін бақылау, бухгалтерлік есеп жүйесін және қаржылық есептілік аудитін реттеу саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің келесі ведомстволары болды: **Қазынашылық комитеті, Салық комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қаржы бақылау комитеті**, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитет.

Министрліктің негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің атқарылуын және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қассалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету; салықтардың, алымдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін және өзге де бюджетке түсетін түсімдерді, міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақытылы аударылуын, шикізат секторы ұйымдарынан бюджетке түсетін түсімдер бөлігінің ҚР Ұлттық қорына аударылуын қамтамасыз ету; республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бухгалтерлік есеп, есептілік және аудит жөніндегі әдіснамалық басшылық жасау; өз құзыреті шегінде республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының тиімді және мақсатты пайдаланылуын бақылау; мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру; мемлекеттік салық саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; банкроттық рәсімін жүргізуге (банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), сондай-ақ соттан тыс рәсімде дәрменсіз борышкерді таратуға мемлекеттік бақылау; алкоголь өнімдері мен этил спиртінің өндірілуін және оның айналымын мемлекеттік реттеу; өз құзыреті шегінде ҚР экономикалық қауіпсіздігін жүзеге асыру; министрліктің құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Министрлік пен оның ведомстволары, олардың аумақтық органдарын қоса алғанда ҚР Қаржы министрлігінің бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына⁴⁹ сәйкес министрліктің Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі комитеті ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қыркүйектегі** қаулысымен таратылды⁵⁰.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 22 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнім өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті** таратылды, оның этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілді⁵¹.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 30 қыркүйектегі** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттері: темекі өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу; өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу⁵².

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылды, оның Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің экономика секторларындағы мемлекеттік активтерді басқару аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру саласындағы функциялары ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне берілді. ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі және Кедендік бақылау агенттіктері де оларды ҚР Қаржы министрлігіне қосу арқылы қайта ұйымдастырылды⁵³.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді⁵⁴.

Министрлік оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында заңнамамен көзделген шекте басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: мемлекеттік бюджеттің атқарылуы, кедендік, салықтық бақылау, ішкі қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу, темекі өнімдерінің, этил спирті мен

алкоголь өнімдерінің, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен оның айналымын мемлекеттік реттеу, банкроттық (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), борышкерді таратудың соттан тыс рәсімі, сырттай байқау, дәрменсіз борышкерлерге қатысты оңалту рәсімдері, мемлекеттік меншікті басқару, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ету; мемлекеттік бюджеттің атқарылуы, бюджеттік есепке алу, кедендік, салықтық бақылау, ішкі қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу, темекі өнімдерінің, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен оның айналымын мемлекеттік реттеу, банкроттық (банктер мен сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарын қоспағанда), борышкерді таратудың соттан тыс рәсімі, сырттай байқау, мемлекеттік меншікті басқару, дәрменсіз борышкерлерге қатысты оңалту рәсімдері, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит саласындағы салааралық үйлестіру мен әдістемелік басшылық жасау.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: Қазынашылық комитеті, *Кедендік бақылау комитеті*, Салық комитеті, *Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті*, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті.

Министрлік және оның ведомстволары, олардың аумақтық бөлімшелерін қоса алғанда ҚР Қаржы министрлігінің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығына сәйкес ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен⁵⁵ министрліктің Кедендік бақылау комитеті құрылды, оған қайта ұйымдастырылған ҚР Кедендік бақылау агенттігінің мүлкі берілді. Мемлекеттік мекемелер-агенттіктің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Кедендік бақылау департаменттері, кедендер, Кинологиялық орталық және Орталық кеден зертханасы мемлекеттік мекемелер – комитеттің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Кедендік бақылау департаменттері, кедендер, Кинологиялық орталық және Орталық кеден зертханасы болып қайта ұйымдастырылды⁵⁶.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен *министрліктің Қаржылық бақылау комитеті* таратылып, *министрліктің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті* құрылды, оған қайта ұйымдастырылған ҚР Мемлекеттік сатып алулар агенттігінің мүлкі берілді⁵⁷. Мемлекеттік мекемелер – министрліктің Қаржылық бақылау комитетінің аумақтық органдары мемлекеттік мекемелерге – министрліктің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің аумақтық органдары болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 24 сәуірдегі* қаулысымен *министрліктің Қаржы мониторингі комитеті* құрылды⁵⁸. Министрліктің Қаржы мониторингі комитетінің аумақтық органы – мемлекеттік мекемесі – Алматы қ. бойынша Қаржы мониторингі жөніндегі департаменті құрылды.

Министрліктің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері осы комитеттің өңіраралық департаменттері – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды. *Министрліктің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің* аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері осы комитеттің өңіраралық департаменттері – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Министрліктің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті министрліктің Қаржылық бақылау комитеті болып қайта аталды. Министрліктің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері министрліктің облыстар және Алматы және Астана қалалары бойынша қаржылық бақылау инспекциялары болып қайта аталды.

Министрліктің Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары (аудандық, қалалық бөлімдері) – мемлекеттік мекемелері аудандық және қалалық басқармалар болып қайта аталды.

Министрліктің Салық комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (облыстық комитеттері – облыстық департаменттер, қалалық және аудандық комитеттер – қалалық және аудандық басқармалар) болып қайта аталды. «ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің №1 Аймақаралық салық комитетінің» аумақтық органы – мемлекеттік мекемесі таратылды. Мемлекеттік мекеме таратылғаннан кейін қалған мүлкін басқару жөніндегі өкілеттігі министрліктің Салық комитетіне берілді.

Осы қаулымен министрлік туралы жаңа ереже және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді.

Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңда көзделген шекте өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің ведомстволары бар: Қазынашылық комитеті, **Кедендік бақылау комитеті**, Салық комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қаржы бақылау комитеті, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті, Қаржы мониторингі комитеті.

Министрліктің негізгі міндеттері: бюджеттердің, бюджеттік есеп пен бюджеттердің атқарылуы туралы есептіліктің, ҚР Ұлттық қоры бойынша есеп пен есептіліктің атқарылуы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аударудың толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірісі мен айналымын, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу, кеден ісі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу, бюджеттік кредит беру, республикалық мемлекеттік меншікке иелік ету, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, ішкі қаржылық бақылау мен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, дәрменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсімінде (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) банкроттау рәсімдерінің жүргізілуін бақылау, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеу, аудиторлық қызмет саласындағы реттеу және аудиторлық пен кәсіби ұйымдардың қызметін бақылау, меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қаржы мониторингін жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 11 қыркүйектегі** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттерінен «дәрменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсімінде» деген сөздер алынып тасталынды⁵⁹.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 наурыздағы** қаулысымен министрліктің Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаменті одан Көкшетау қаласы бойынша салық басқармасы бөліну жолымен; министрліктің Салық комитетінің Алматы облысы бойынша Салық департаменті одан Талдықорған қаласы бойынша салық басқармасы бөліну жолымен; министрліктің Салық комитетінің Атырау облысы бойынша Салық департаменті одан Атырау қаласы бойынша салық басқармасы бөліну жолымен; министрліктің Салық комитетінің Жамбыл облысы бойынша Салық департаменті одан Тараз қаласы бойынша салық басқармасы бөліну жолымен; министрліктің Салық комитетінің Батыс-Қазақстан облысы бойынша Салық департаменті одан Орал қаласы бойынша салық басқармасы бөліну жолымен; министрліктің Салық комитетінің Қызылорда облысы бойынша Салық департаменті одан Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы бөліну жолымен; министрліктің Салық комитетінің Оңтүстік-Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Шымкент қаласы бойынша салық басқармасы одан министрліктің Салық комитетінің Оңтүстік-Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Абай ауданы бойынша салық басқармасы, әл-Фараби ауданы бойынша салық басқармасы, Еңбекші ауданы бойынша салық басқармасы бөліну жолымен қайта ұйымдастырылды⁶⁰.

Сондай-ақ, Салық комитеті, Қаржы бақылау комитеті, Қазынашылық комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті, Кедендік бақылау комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің жаңа тізбесі бекітілді.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 21 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді: республикалық бюджетті және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттерді, **ҚР Ұлттық Банкінің** есебі негізінде ҚР Ұлттық қорын атқару жөнінде бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті атқару, жүргізу, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуі, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстау мен аударудың және әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеудің толықтығы

мен уақтылығын қамтамасыз ету, ҚР салық саясатын іске асыруға қатысу, өз құзыреті шегінде экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірісі мен айналымын, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу, кеден ісі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу, бюджеттік кредит беру, республикалық мемлекеттік меншікке иелік ету, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, ішкі қаржылық бақылау мен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, дәріменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсімінде (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеу, аудиторлық қызмет саласындағы реттеу және аудиторлық пен кәсіби ұйымдардың қызметін бақылау, меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қаржы мониторингін жүзеге асыру⁶¹.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 қаңтардағы** қаулысымен мыналар: министрліктің Салық комитетінің «Астана – жаңа қала» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық департаментінің «Астана – жаңа қала» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитетінің «Бурабай» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің «Бурабай» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитетінің «Ақтау теңіз порты» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Салық департаментінің «Ақтау теңіз порты» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитетінің «Оңтүстік» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің «Оңтүстік» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитетінің «Ақпараттық технологиялар паркі» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Алматы қаласы бойынша Салық департаментінің «Ақпараттық технологиялар паркі» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитеті Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Щучье ауданы бойынша Салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Бурабай ауданы бойынша Салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Щучье аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі министрліктің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бурабай аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды⁶².

Министрліктің негізгі міндеттеріне мемлекеттік қаржылардың статистикасын жүргізу міндеті қосымша енгізілді.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен министрлік оған **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінен** бюджеттік, салықтық және кедендік саясат және бюджеттік жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілу жолымен қайта ұйымдастырылды⁶³.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне, салықтық, кедендік және бюджеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу міндеті қосымша енгізілді⁶⁴.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 13 наурыздағы**⁶⁵ қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді: бухгалтерлік есеп, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілік, мемлекеттік қаржы статистикасын атқару, жүргізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстау мен аударудың және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеудің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; ҚР салық

заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету; этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу; кеден ісі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу, бюджеттік кредит беру, республикалық мүлікті басқару, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу, ішкі қаржылық бақылауды жүзеге асыру, банкроттау рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік реттеу; ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі саласында, аудиторлық қызмет және аудиторлық және кәсіби ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру саласындағы қызметті реттеу; ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету; «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» ҚР Заңына сәйкес экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру; заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша халықаралық ұйымдарда ҚР мүдделерін білдіру.

2013 ж. 12 қыркүйектегі Үкімет қаулысымен *Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитет* таратылды⁶⁶.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 2 сәуірдегі** қаулысымен *Мемлекеттік сатып алу комитеті* құрылды⁶⁷.

2014 ж. 22 қыркүйектегі ҚР Үкіметінің қаулысымен *Кедендік бақылау комитеті мен Салық комитеті таратылып, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті* құрылды⁶⁸.

2016 ж. 3 мамырдағы ҚР Үкіметінің қаулысымен Қаржылық бақылау комитеті Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті болып қайта аталды⁶⁹.

2018 ж. 12 шілдедегі ҚР Үкіметінің қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді⁷⁰.

Министрлік өз құзыретіндегі саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылады.

Мынадай ведомстволары бар: *Қазынашылық комитеті; Ішкі мемлекеттік аудит комитеті; Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті; Қаржылық мониторинг комитеті; Мемлекеттік сатып алу комитеті; Мемлекеттік кірістер комитеті.*

Міндеттері: бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару, бухгалтерлік есепті, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті, мемлекеттік қаржы статистикасын жүргізу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау; салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалу мен аударудың толықтығын және уақтылығын қамтамасыз ету; өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету; этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу; кеден ісі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу бюджеттік кредит беру, республикалық мүлікті басқару, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу, ішкі мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру, оңалту және банкроттық саласындағы (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыру; ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен

қаржылық есептілігі саласындағы, аудиторлық қызмет салаларындағы қызмет реттеу мен аудиторлық және кәсіби ұйымдардың қызметін, бағалау қызметін бақылауды жүзеге асыру және бағалау қызметі саласындағы бақылауды жүзеге асыру; ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, аудиторлық қызмет, бағалау қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету; «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру; құзыреті шегінде «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес валюталық бақылауды жүзеге асыру; "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімге сәйкес қадағалап отыру тетігін іске асыруды үйлестіру.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен **Мемлекеттік сатып алу комитеті Қазынашылық комитетіне** қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁷¹.

ҚР Үкіметінің **2021 ж. 26 ақпандағы** қаулысымен **Қаржылық мониторинг комитеті** таратылды⁷².

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 1 наурыздағы** қаулысымен министрліктің жетекшілік ететін салаларына өзгерістер енгізілді. Жаңа редакция мынаны көздейді: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мынадай салаларда басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады: бюджеттік жоспарлау; бюджетті атқару; бухгалтерлік есеп жүргізу; бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілік; салықтық және кедендік әкімшілендіру; этил спиртіннің, алкоголь өнімінің және темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу; мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымы; Қазақстан Республикасының кеден ісі, салық саясатын іске асыру саласындағы мемлекеттік реттеу; мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару; бюджеттік кредиттеу; республикалық мүлікті басқару; мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы; ішкі мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру; оңалту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу (қазыналық кәсіпорындарды, мекемелерді, банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару; қолданыстағы заңнамамен Министрлік құзыретіне жатқызылған басқа да салаларда⁷³.

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 13 қазандағы** қаулысымен министрліктің міндеттері ҚР «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңына сәйкес, өз құзыреті шегінде валюталық бақылауды жүзеге асырумен толықтырылды⁷⁴.

2022–2024 жж. аралығында министрлік туралы ережеге енгізілген өзгерістердің ауқымды бөлігі министрліктің функцияларына қатысты болды⁷⁵. Олардың мәтінімен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде танысуға болады.

¹ Қазақ КСР Мемлекеттік мекемелері. Қазақ КСР халық шаруашылығын басқару органдарын қара (1920-1936 жж.), Алматы, 1981. – 36-б.

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының қаржы, салық және кеден қызметтерін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 12 қарашадағы № 963 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 42, 619-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы № 1066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 1, 7-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 1 маусымдағы № 447 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 20, 255-құжат).

⁶ «Республикалық валюта қорын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 20 шілдедегі № 1300 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 27, 334-құжат).

- ⁷ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 8 желтоқсандағы № 1225 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, №47, 576-құжат).
- ⁸ «Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 11 ақпандағы № 1562 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №8, 80-құжат).
- ⁹ «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 16 сәуірдегі № 1658 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №18, 177-құжат).
- ¹⁰ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 10 наурыздағы № 230 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 123 іс).
- ¹¹ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 сәуірдегі № 2160 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 12, 133-құжат).
- ¹² «Республикада валюталық бақылауды ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 31 тамыздағы № 1207 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 29, 358-құжат).
- ¹³ «Қазақстан Республикасы орталық, атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №33, 409-құжат).
- ¹⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1812 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).
- ¹⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 17 сәуірдегі № 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 29 желтоқсандағы № 1894 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 41, 515-құжат).
- ¹⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы № 1812 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 14 наурыздағы № 312 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 431 іс).
- ¹⁷ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 13 қыркүйектегі № 1117 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 37, 353-құжат).
- ¹⁸ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 14 қыркүйектегі № 3113 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996 ж. № 36, 339-құжат).
- ¹⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1653 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).
- ²¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалаудың жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 21 наурыздағы №398 Жарлығы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 756 іс).
- ²² «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №16, 125-құжат).
- ²³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 28 сәуірдегі № 674 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 762 іс).
- ²⁴ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 874 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 19, 182-құжат).
- ²⁵ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 17 маусымдағы № 980 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 245-құжат).
- ²⁶ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 маусымдағы № 984 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 246-құжат).
- ²⁷ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).
- ²⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 желтоқсандағы № 1751 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 53, 487-құжат).
- ²⁹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).
- ³⁰ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 қазандағы № 1466 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 47, 438-құжат).
- ³¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 21 қазандағы №1640 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 51, 468-құжат).
- ³² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 27 қаңтардағы № 38 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 3, 13-құжат).
- ³³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 27 қаңтардағы № 39 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 3, 14-құжат).
- ³⁴ «Экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің пәрменділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 6 мамырдағы № 3935 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 14, 115-құжат).
- ³⁵ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).
- ³⁶ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).
- ³⁷ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).
- ³⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 11 қаңтардағы № 20 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 1, 8-құжат).
- ³⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 6 наурыздағы № 207 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 59-құжат).
- ⁴⁰ «Аудиторлық қызметті лицензиялаудың тәртібін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 маусымдағы № 878 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 29, 284-құжат).

- ⁴¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).
- ⁴² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 30 қыркүйектегі № 1494 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1292 іс).
- ⁴³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 22 желтоқсандағы № 1959 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1306 іс).
- ⁴⁴ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 11 қаңтардағы № 48 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 2, 20-құжат).
- ⁴⁵ «Қазақстан Республикасының жекелеген органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ 2000, № 52-53, 589-құжат).
- ⁴⁶ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 20 қаңтардағы № 87 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1–2, 22-құжат).
- ⁴⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).
- ⁴⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 3 қыркүйектегі № 962 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 29, 322-құжат).
- ⁴⁹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002 № 28, 307-құжат).
- ⁵⁰ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қыркүйектегі № 1031 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, №30, 334-құжат).
- ⁵¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнім өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 22 қаңтардағы № 72 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 2, 32-құжат).
- ⁵² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30 қыркүйектегі № 1004 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 39, 414-құжат).
- ⁵³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 жөніндегі Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).
- ⁵⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1119 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 41, 531-құжат).
- ⁵⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).
- ⁵⁶ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1133 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 43, 541-құжат).
- ⁵⁷ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1134 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 43, 542-құжат).
- ⁵⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 22, 205-құжат).
- ⁵⁹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 11 қыркүйектегі № 846 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 38, 411-құжат).
- ⁶⁰ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 наурыздағы № 374 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 16, 138-құжат).
- ⁶¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 21 сәуірдегі № 562 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 20, 180-құжат).
- ⁶² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 қаңтардағы № 42 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 8, 98-құжат).
- ⁶³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).
- ⁶⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі №387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 253 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 199-құжат).
- ⁶⁵ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 13 наурыздағы № 230 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 20, 335-құжат).
- ⁶⁶ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 12 қыркүйектегі № 947 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 53, 745-құжат).
- ⁶⁷ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитетін құру туралы және «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 2 сәуірдегі № 300 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 25, 195-құжат).
- ⁶⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 22 қыркүйектегі № 1000 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 58, 547-құжат).
- ⁶⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 3 мамырдағы № 264 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 27, 153-құжат).
- ⁷⁰ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 12 шілдедегі № 422 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2018, № 36-37-38, 213-құжат).
- ⁷¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 қарашадағы № 879 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 57, 423-құжат).
- ⁷² «Қазақстан Республикасының Президентінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 501 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2021 ж. 26 ақпандағы № 98 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2021, № 10-11, 48-құжат).
- ⁷³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 1 наурыздағы № 172 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 8, 59-құжат).

⁷⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 13 қазандағы № 909 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 49, 389-құжат).

⁷⁵ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1119 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/39146/kaz> (жүгінген күні: 30.12.2024).

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (1993–1994)

ҚР Президентінің **1993 ж. 3 қарашадағы** Жарлығымен ұлттық валютаны енгізу жөніндегі жұмысқа басшылықты жүзеге асыру мақсатында құрылды¹.

Мемлекеттік комиссияның негізгі функциялары: ақша айырбастаудың негізгі принциптерін, тәртібі мен шарттарын қоса ұлттық валютаны енгізудің тетігін анықтау; ұлттық валютаны енгізу жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру үшін қатыстырылатын мемлекеттік және өзге құрылымдардың қызметін ұйымдастыру мен тікелей басқару және оның қызметіне байланысты тиісті шаралар қолдану; ұлттық валютаны енгізу кезеңінде ҚР-ның ақша және қаржы жағдайына бақылау жасалуын жүзеге асыру; жергілікті жерлерде Мемлекеттік комиссияның өкілетті өкілдерін тағайындау және олардың мақсаттарын, міндеттері мен өкілеттіктерін анықтау.

Мемлекеттік комиссияға басқа құқықтарымен қатар, ҚР бүкіл аумағында мемлекеттік басқару органдары, жергілікті атқарушы өкімет органдары, банк мекемелері, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдар, сондай-ақ халық орындауға міндетті ұлттық валютаны енгізуге қатысты мәселелер бойынша қаулылар қабылдау құқығы берілді.

ҚР Президентінің **1994 ж. 5 тамыздағы** Жарлығымен мемкомиссия ұлттық валютаны енгізу жөніндегі жұмыстың аяқталуына байланысты таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 3 қарашадағы № 1395 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 44, 530-құжат).

² «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясын тарату және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 3 қарашадағы № 1395 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 5 тамыздағы № 1831 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 35, 377-құжат).

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (1) (1994–1997)

ҚР Президентінің **1994 ж. 20 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы ретінде құрылды¹.

ҚР Президентінің **1994 ж. 20 наурыздағы** Жарлығымен Ұлттық комиссия туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Ұлттық комиссия бағалы қағаздар нарығындағы қатынастардың реттелуін, субъектілер мүдделерінің қорғалуын және бағалы қағаздар нарығы жұмысының бақылануын қамтамасыз ету жөніндегі орталық мемлекеттік басқару органы болды.

Ұлттық комиссияның негізгі функциялары: келісілген қаржы саясатын жүргізу мақсатымен бағалы қағаздар нарығында мемлекеттік реттеуді үйлестіру; бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың қызметін реттеу және бағалы қағаздар туралы нормативті актілердің сақталуын бақылау; бағалы қағаздармен жасалатын операциялар жөніндегі бірегей стандарттар мен ережелерді, бағалы қағаздарды тіркеу, шығару және олардың айналымы мәселелері жөніндегі әдістемелік нұсқауларды әзірлеу және практикаға енгізу; акционерлік қоғамдар (банкідерден басқалары) эмиссияларының проспектілерін тіркеу; кәсіпқой қатысушылар, сондай-ақ ҚР-да

бағалы қағаздар нарығының мәселелерімен шұғылданушы және басқа мемлекеттік органдар қызметкерлерін даярлау ісін ұйымдастыру; бағалы қағаздар бойынша кәсіпқой қызмет жүргізуге лицензиялар жүргізу және т.б. болды.

ҚР Президентінің **1995 ж. 24 тамыздағы** Жарлығымен комиссияның атауына өзгерту енгізілді. Орыс тіліндегі атауындағы «по ценным бумагам Республики Казахстан» сөздері «Республики Казахстан по ценным бумагам» сөздерімен алмастырылды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 29 тамыздағы** қаулысымен Ұлттық комиссияның құрылымы бекітілді: төраға; комиссия мүшелері; Атқарушы аппарат; бағалы қағаздар нарығының методологиясы мен экономикалық талдау басқармасы (бас); бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы басқармасы (жетекші); бағалы қағаздар эмиссияларын тіркеу басқармасы (жетекші); бағалы қағаздар нарығының кәсіптік қатысушыларының қызметін қадағалау жөніндегі басқарма (жетекші); аппарат қызметін қамтамасыз ету басқармасы; заң бөлімі; қаржы есептеу бөлімі; «Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының жаршысы» журналының редакциясы⁴.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен Ұлттық комиссияның жаңа құрылымы бекітілді: Төраға; Комиссия мүшелері; Атқарушы кеңсе; Бағалы қағаздар шығарылымын тіркеу және бақылау басқармасы; Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары қызметін реттеу басқармасы; Бағалы қағаздар нарығын құқықтық қамтамасыз ету басқармасы; Сараптама-талдау бөлімі; Атқарушы аппараттың жұмысын ұйымдастыру бөлімі; Төлем жүйесін реттеу бөлімі; Қаржы бөлімі⁵.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 28 наурыздағы** қаулысымен Ұлттық комиссия туралы жаңа ереже бекітілді⁶.

Ережеде Комиссияның статусы белгіленді: Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді, құнды қағаздардың нарығына кәсіби қатысушылардың, қор биржалары мен эмитенттердің қызметін бақылауды, сондай-ақ оның қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады. Комиссияның негізгі функциялары өзгертілмеді.

Ұлттық комиссияның қызмет етуін қамтамасыз ету үшін тұрақты жұмыс істейтін атқарушы аппарат және оның аймақтық бөлімдері құрылды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 12 тамыздағы** қаулысымен Ұлттық комиссияның жаңа құрылымы бекітілді: төраға; комиссия мүшелері⁷. Атқарушы аппарат: бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу және бақылау басқармасы; бағалы қағаздар нарығы кәсіпқой қатысушыларының қызметін реттеу басқармасы; бағалы қағаздар нарығын құқықтық қамтамасыз ету басқармасы; сараптау-талдау басқармасы; атқарушы аппараттың жұмысын ұйымдастыру басқармасы; төлем жүйесінің қызметін реттеу бөлімі; қаржы бөлімі.

ҚР Президентінің **1997 ж. 13 қарашадағы** Жарлығымен **ҚР Президентіне** тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып қайта құрылды.

¹ «Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 20 наурыздағы № 1613 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 15, 140-құжат).

² «Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 20 наурыздағы № 1613 Жарлығына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 15, 140-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 11 қаңтардағы №2019 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 24 тамыздағы № 2421 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 28, 330-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 тамыздағы № 1193 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 161 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1790 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 28 наурыздағы № 370 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 13, 106-құжат).

⁷ «ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1790 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 12 тамыздағы № 994 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 456 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 13 қарашадағы № 3755 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 50, 463-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығы (1994–1995)

ҚР Президентінің *1994 ж. 27 қаңтардағы* Жарлығымен *ҚР Қаржы министрлігінің* құрамында ҚР Қаржы министрлігінің Бас Қазынашылық басқармасынан, оның облыстар, Алматы және Ленинск қалалары, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша аумақтық органдарынан тұратын Қазынашылық органдарының орталықтандырылған жүйесі ретінде құрылды¹.

Қазынашылықтың органдары (Бас басқармадан басқасы) заңды тұлғалар болып табылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 20 мамырдағы* қаулысымен қазынашылық туралы ереже бекітілді².

Қазынашылықтың негізгі функциялары: республикалық бюджеттің кассалық жағынан атқарылуын ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылау; ҚР Ұлттық Банкінің мекемелерінде ашылған Қазынашылық шоттарындағы ақша қаражатын басқару; республикалық бюджет пен жергілікті бюджет арасындағы өзара есеп-айырысуларды жүргізу; *ҚР Ұлттық Банкімен* бірлесе отырып, ҚР ішкі және сыртқы мемлекеттік қарызының қозғалысын есепке алу және оған қызмет көрсету; республикалық бюджет пен мемлекеттік нысаналы қаржыландыру қорларының арасындағы қаржы қатынастарын жедел басқарып отыру, оларды қаржы жағынан атқару және осы қорлардың қозғалысы мен пайдаланылуын бақылау; мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы ақпарат жинау, оны өңдеу және талдау және оларды жедел басқару ісінде пайдалану; республикалық бюджеттің атқарылуы туралы бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүзеге асыру; есепке алу операцияларын жүргізу тәртібі туралы әдістемелік және нұсқамалық құжаттар әзірлеу және т.б. болды.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық* болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығын құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 27 қаңтардағы № 1526 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №5, 40-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығын құру мәселелері» ҚР Үкіметінің 1994 ж. 20 мамырдағы № 549 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, №22, 236-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық (1995–1997)

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 13 қыркүйектегі* қаулысымен Қазынашылық туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Қазынашылық республикалық бюджеттің атқарылуын жүзеге асырған, ҚР мемлекеттік бюджеттік банкімен бірлесе отырып, ҚР республикалық және жергілікті бюджеттерінің кассалық атқарылуын ұйымдастырған және *ҚР мемлекеттік Бюджеттік банкіне* қатысты өкілеттігі орган болған ҚР ведомствосы – маманданған мемлекеттік орталық атқарушы органы болып табылды.

Қазынашылықтың облыстар мен Алматы қаласындағы қазынашылық басқармаларынан тұратын жоғарыдан төмен қарай бағыныстағы органдары болды.

Қазынашылықтың негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің кассалық атқарылуын ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылау; жергілікті бюджеттердің, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен арнаулы қаржылардың кассалық атқарылуын ұйымдастыру; ҚР мемлекеттік бюджеттік банкімен келісе отырып, республикалық және жергілікті бюджеттерден

қаржыландырылатын ұйымдарға есеп-айырысу кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру; Қазынашылықтың **ҚР Ұлттық Банкінің** мекемелерінде ашылған шоттардағы ақша қаражатын басқару; республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің арасындағы өзара есеп-айырысуларды жүргізу; ҚР Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, ҚР ішкі және сыртқы мемлекеттік қарызын есепке алу және оған қызмет көрсету; республикалық бюджет пен мемлекеттік мақсатты қаржыландыру қорларының арасындағы өзара қарым-қатынастарды жедел басқарып отыру, осы қорлардың қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылау; мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы ақпарат жинау, оны өңдеу және талдау және оларды жедел басқару ісінде пайдалану; республикалық бюджеттің атқарылуы туралы бухгалтерлік есеп пен есептемені жүзеге асыру; есепке алу операцияларын жүргізу тәртібі туралы әдістемелік және нұсқамалық құжаттарды әзірлеу және т.б. болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 қазандағы** қаулысымен Қазынашылық **ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, №33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 13 қыркүйектегі № 1114 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 37, 352-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 қазандағы № 1466 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 47, 438-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті (1997–1999)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің осы қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент республикалық бюджетті орындау және мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету жөніндегі арнаулы міндеттерді жүзеге асыратын заңды тұлға құқығындағы мемлекеттік басқару органы болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің кассалық орындалуын ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылау; мемлекеттік бюджетке және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру; **ҚР Ұлттық Банкі** мен оның филиалдарында ашылған Қазынашылық шоттарындағы қаражаттарды басқару; республикалық және жергілікті бюджеттер арасында жалпы мемлекеттік салықтарды бөледі және оларды әртүрлі деңгейдегі бюджеттерге есептейді; республикалық бюджет пен жергілікті бюджет арасындағы өзара есеп-айырысу жүргізу; мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды басқару; бюджеттік несие беру, бюджеттік несиелердің қайтарылуын ұйымдастыру және жүзеге асыру; мемлекеттік несие беру және мемлекеттік несиелерді шаруашылық субъектілерінің қайтаруын жүзеге асыру; мақсатты қаржыландырудың республикалық бюджет пен мемлекеттік қорлар арасындағы өзара қарым-қатынасын оперативті басқару; республикалық бюджеттің орындалуы туралы бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүзеге асыру; бюджет жүйесінде бухгалтерлік есеп пен ішкі аудит әдістемесін әзірлеу; үкіметтік (бюджеттік) резервтің құндылығын оперативті басқару және есепке алу және т.б. болды.

Қазынашылық оның аумақтық басқармалары мен бөлімдерінен тұрған, тікелей бағынысты органдары болды.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 9 қазандағы** қаулысымен қазынашылық департаменті туралы жаңа ереже бекітілді³. Департаменттің негізгі функциялары маңызды өзгерістерге ұшырамады.

Департаменттің құқықтық статусы белгіленді: республикалық бюджетті орындау, мемлекеттік бюджетке және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, мемлекеттік бюджеттің және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен

қаражаттар қаржыларының мақсатты пайдаланылуына қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Қазынашылық **ҚР Қаржы министрлігінің** құрылымына кірді және өзінің құзыретінің шегінде оған берілген өкілеттіктерінде арнаулы атқарушылық және бақылау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болып табылды.

Қазынашылықтың облыстарда және Алматы қаласында аумақтық органдары болды.

Қазынашылық департаментінің құрылымы: басшылық, республикалық бюджетті атқару басқармасы; бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы; қолма-қол ақша басқармасы; бухгалтерлік есеп әдістемесі басқармасы; ақпараттық технологиялар басқармасы; банк операциялары бойынша бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы; есепке алу саясаты және технологиялық операциялар басқармасы; бюджеттік ұйымдарды тексеріс басқармасы; жергілікті бюджеттердің атқарылуын ұйымдастыру және тексеріс бөлімі; сыртқы қарыздарды және бюджеттік қаражаттарды шаруашылық субъектілерінің пайдалануын бақылау басқармасы; Қазынашылықтың аумақтық органдарының аудиті басқармасы; Ішкі аудит әдістемесі басқармасы; бағалы металдар мен асыл тастар бөлімі; ұйымдастыру жұмысы бөлімі; Қазынашылықты жетілдіру жобасын іске асыру жөніндегі бөлім; ақшамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру бөлімі; жиынтықтау-талдау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 6 наурыздағы** қаулысымен Қазынашылық департаменті **ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті** болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 қазандағы №1466 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 47, 438-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 қазандағы №1466 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 47, 438-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 9 қазандағы № 1028 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 36, 327- құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 6 наурыздағы № 207 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 59-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесі департаменті (Қаржыминнің Бухесеп және аудит департаменті) (1997–1999)

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен¹ **ҚР Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы** таратылғаннан кейін ҚР Үкіметінің **1997 ж. 28 сәуірдегі** қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 27 маусымдағы** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес департамент **ҚР Қаржы министрлігінің** құрамына кірген ҚР-дағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін реттеген, есептің негізгі принциптері мен жалпы ережелерін, ішкі бақылау мен сыртқы аудит талаптарын белгілеген мемлекеттік орган болып табылды.

Департамент өзінің құрылымына кіретін облыстардағы басқармалармен бірге ҚР-дағы бухгалтерлік есеп аудитті реттеудің бірыңғай жүйесін құрады.

Департаменттің негізгі функциялары: республикада бухгалтерлік есепті дамыту және оны бухгалтерлік есептің халықаралық жүйесімен кіріктіру; бухгалтерлік есеп пен аудиттің, қаржылық есептіліктің және оның экономиканың барлық саласы үшін үйлестірілуінің әдістемесін айқындау; ұйымдардың бухгалтерлік есебінің жай-күйіне зерттеулер, талдау және бақылау жүргізу; аудиторлық қызметті лицензиялау; республикада кәсіби бухгалтерлерді сертификаттау (аттестациялау); заңнаманы қолданудың іс-тәжірибе қорытындысын талдау, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және т.б. болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен департамент туралы жаңа ереже бекітілді⁴. Департаменттің құқықтық статусы мен оның негізгі функциялары өзгертілмеді.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 6 наурыздағы** қаулысымен департаменттің заңды тұлға статусы жойылып, құрылымдық бөлімшесі ретінде **ҚР Қаржы министрлігінің** құрамына кірді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 28 сәуірдегі № 674 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 762 іс).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесі департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 27 маусымдағы № 1026 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 29, 259-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесі департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1777 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 54, 495-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 6 наурыздағы №207 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 59-құжат).

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы (1996–1997)

ҚР Президентінің **1996 ж. 8 мамырдағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 9 тамыздағы** қаулысымен Ұлттық комиссия туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Ұлттық комиссия ҚР-да бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйесін реттеп, есеп жүргізудің негізгі қағидаттары мен жалпы ережелерін, ішкі бақылау мен сыртқы аудит талаптарын белгілеген, **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмеген орталық атқарушы орган болып табылды.

Ұлттық комиссияның негізгі міндеттері: республикада бухгалтерлік есепті дамыту және оны бухгалтерлік есептің халықаралық жүйесімен кіріктіру; бухгалтерлік есеп пен аудиттің, қаржылық есеп берудің әдістемесін айқындау және оны экономиканың барлық салалары үшін үйлестіріп отыру; зерттеулер жүргізу, экономиканың барлық салаларындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың бухгалтерлік есебінің жай-күйін талдау және оны ұйымдастыру; бухгалтерлік есеп жөніндегі заңдар мен нормативтік актілердің сақталуына бақылауды қамтамасыз ету; аудиторлық қызметті лицензиялау; республикадағы кәсіпқой бухгалтерлерді сертификаттау (аттестациялау) және т.б.

Ұлттық комиссияның облыстарда аумақтық басқармалары болды.

Ұлттық комиссияның құрылымы: төраға, комиссия мүшелері, бухгалтерлік есептің тұжырымдамасы мен жалпы стандарттары басқармасы; бухгалтерлік есептің мамандандырылған стандарттары басқармасы; құқықтық және талдау жұмысы басқармасы; қаржы-шаруашылық бөлімі; кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; әкімшілік- шаруашылық бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен Ұлттық комиссияның жаңа құрылымы бекітілді: төраға, комиссия мүшелері, бухгалтерлік есептің тұжырымдамасы мен жалпы стандарттары басқармасы; бухгалтерлік есептің мамандандырылған стандарттары басқармасы; құқықтық және талдау жұмысы бөлімі; қаржы-есеп бөлімі; кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; әкімшілік-шаруашылық бөлімі³.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен Ұлттық комиссия таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясын құру туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 8 мамырдағы № 2983 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 19, 160-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 9 тамыздағы № 985 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 33, 312-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1662 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 484 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті
(1999*)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 6 наурыздағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 24 мамырдағы* қаулысымен Қазынашылық комитеті туралы ереже бекітілді².

Қазынашылық комитеті республикалық бюджеттің атқарылуына қызмет көрсету, мемлекеттік бюджеттің мемлекеттік мекемелерге есеп-айырысу кассалық қызмет көрсету және мемлекеттік бюджет қаражаттарының мақсатты пайдаланылуына бақылау жасау жөнінде салааралық үйлестіруді, сондай-ақ **ҚР Қаржы министрлігі** құзыретінің шегінде арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Қазынашылық комитетінің негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің кассалық атқарылуын ұйымдастыруды және бақылауды жақсарту; мемлекеттік бюджетке есеп-айырысу кассалық, оның ішінде ақылы қызметтерді, депозиттік сомаларды сатудан және демеушілік пен қайырымдылық көмек түрінде мемлекет және мемлекеттік ұйымдар алатын қаражаттар бойынша ағымдағы шоттарға есеп-айырысу кассалық қызмет көрсетуді жақсарту; бюджет жүйесіндегі бухгалтерлік есеп пен есептілікті, ішкі аудитті дамытуға және жетілдіруге қатысу; өз құзыретінің шегінде республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттарының ұтымды және мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету; Қазынашылық жүйесін ақпараттандырудың бірыңғай саясатын жүргізуді ұйымдастыру.

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері болды.

Қазынашылық комитетінің құрылымы: басшылық; республикалық бюджетті атқару басқармасы; республикалық бюджет бойынша бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы; бюджеттік есеп әдістемесі басқармасы; қаржылық жоспарлау, үкіметтік борышқа және резервке қызмет көрсету басқармасы; ақпараттық технологиялар басқармасы; банк операциялары бойынша бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы; есеп саясаты және технологиялық операциялар басқармасы; ұйымдастырушылық-бақылау жұмыстары бөлімі; Қазынашылықты жаңғырту жобасын іске асыру жөніндегі бөлім; мемлекеттік мекемелерде бюджеттік рәсімдердің атқарылуын бақылау жөніндегі бөлім; жергілікті атқарушы органдарда бюджеттік рәсімдердің атқарылуын бақылау жөніндегі бөлім; бақылау-тексеру жұмыстары бойынша талдау және есептілік бөлімі; ішкі аудитті дамыту бөлімі.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 1 наурыздағы* қаулысымен Қазынашылық комитетінің құрылымына өзгертулер енгізілді: Алынып тасталынғандары: ұйымдастырушылық-бақылау жұмыстары бөлімі, қазынашылықты жаңғырту жобасын іске асыру жөніндегі бөлім, мемлекеттік мекемелерде бюджеттік рәсімдердің атқарылуын бақылау жөніндегі басқарма, жергілікті атқарушы органдарда бюджеттік рәсімдердің атқарылуын бақылау жөніндегі бөлім, бақылау-тексеру жұмыстары бойынша талдау және есептілік бөлімі, ішкі аудитті дамыту бөлімі³. Қосылғандары: ұйымдастырушылық-бақылау жұмыстары басқармасы, қазынашылықты жаңғырту жобасын іске асыру жөніндегі басқарма, қазынашылықтың аумақтық органдарының аудиті басқармасы.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 22 сәуірдегі* қаулысымен комитеттің бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылау саласындағы функциялары **ҚР Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитетіне** берілді⁴.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 12 маусымдағы* қаулысымен Қазынашылық комитетінің құрылымы бекітілді: басшылық; республикалық бюджеттің жиынтық қаржылық жоспарын қалыптастыру және шығыстарды қаржыландыру басқармасы; бюджет жөніндегі бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы; бюджеттердің атқарылуын, бухгалтерлік есеп және аудитті ұйымдастыру басқармасы; қолма-қол ақша және мемлекеттік міндеттемелерді есепке алу басқармасы; ұйымдастыру және бақылау жұмыстары басқармасы; төлем операциялары басқармасы; түсімдерді есепке алу және бөлу басқармасы; қазынашылықтың жүйесін алып жүру және технологиялық қамтамасыз ету басқармасы⁵.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 24 маусымдағы* қаулысымен мемлекеттік мекемелер –

Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарының атауы өзгертілді және комитеттің құрылымы бекітілді: республикалық бюджеттің жиынтық қаржылық жоспарын қалыптастыру және шығыстарды қаржыландыру басқармасы; бюджет жөніндегі бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы; бюджеттердің атқарылуын, бухгалтерлік есепті ұйымдастыру басқармасы; қолма-қол ақша және мемлекеттік міндеттемелерді есепке алу басқармасы; ұйымдастыру және кадр жұмыстары басқармасы; төлем операциялары басқармасы; түсімдерді бөлу басқармасы; қазынашылықтың жүйесін алып жүру және технологиялық қамтамасыз ету басқармасы; ішкі бақылау басқармасы⁶.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен Қазынашылық комитеті туралы ереже мен оның құрылымы бекітілді⁷.

Қазынашылық комитеті өз құзыретінің шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуы саласындағы іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Қаржы министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру; жергілікті бюджеттерге, оның ішінде мемлекеттік мекемелердің шоттарына қызмет көрсету; комитет органдарына бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер ұсынатын құжаттардың қолданыстағы бюджет заңнамасына сәйкестігін бақылау.

Комитеттің аумақтық бөлімшелері болды.

Қазынашылық комитетінің құрылымы: басшылық, жиынтық қаржылық жоспар басқармасы; республикалық бюджеттің шығыстарын қаржыландыру басқармасы; түсімдерді есепке алу басқармасы; төлем операциялары басқармасы; қолма-қол ақша, шоттарды талдау және салыстыру басқармасы; кредит беру басқармасы; мемлекеттік борышқа қаржылық қызмет көрсету басқармасы; мемлекет және мемлекет кепілдік берген борыштың мониторингі және оны қайтару басқармасы; жиынтық есеп беру және Бас кітап басқармасы; бюджеттік есепке алуды ұйымдастыру басқармасы; ұйымдастыру және кадр жұмысы басқармасы; қазынашылық жүйесін сүйемелдеу басқармасы; бағдарламалық-технологиялық құралдарды сүйемелдеу басқармасы; ішкі бақылау басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 24 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары (аудандық және қалалық бөлімдер) – мемлекеттік мекемелері аудандық және қалалық басқармалар болып қайта аталды⁸.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 наурыздағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің жаңа тізбесі бекітілді⁹.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен комитет оған **ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитетін қосу жолымен қайта ұйымдастырылды**¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 6 наурыздағы № 207 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 59-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 24 мамырдағы № 626 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 22, 215-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 1 наурыздағы № 338 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 11-12, 125-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы № 1959 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 22 сәуірдегі № 623 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1634 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 12 маусымдағы № 813 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 22, 276-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерін қайта атау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 маусымдағы № 695 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 25, 328-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1129 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 42, 537-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 22, 205-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 наурыздағы №374 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №16, 138-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 қарашадағы № 879 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/136992/kaz> (жүгінген күні: 30.12.2024).

**Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті жанындағы
Мемлекеттік қаржы бақылауы комитеті
(1992–1994)**

ҚР Президентінің *1992 ж. 17 наурыздағы* қаулысымен *ҚР Қаржы министрлігінің* Бас бақылау-тексеру басқармасының негізінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 15 қазандағы* қаулысымен Мемлекеттік қаржы бақылау жүйесі ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінен, оның облыстар республикалық және облыстық бағыныстағы қалалар, аудандар бойынша басқармалары мен бөлімшелерінен тұратындығы белгіленді².

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 8 маусымдағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет *Ұлттық Банктің* келісімі бойынша министрліктердің, ведомстволардың, консорциумдардың, корпорациялардың, қауымдастықтардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, банкілердің және бағыныстылығына, қызметінің түрі мен меншік нысандарына қарамастан шаруашылықты жүргізудің басқа да субъектілерінің қызметіне қаржы бақылауын жүзеге асырған мамандандырылған орган болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: министрліктердің, ведомстволардың, қауымдастықтардың, консорциумдардың, концерндердің, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және шаруашылықты жүргізуші басқа да субъектілердің, оның ішінде республикадан тыс жерлерде жұмыс істейтіндерінің де, қаржы-шаруашылық қызметінде заңдылықтың сақталуы үшін тиімді мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру, мемлекет мүдделерін оның меншігіне қол сұғушылықтан, ол бөлетін қаражат пен ресурстарды ысырапқорлықтан және дұрыс пайдаланбаудан, заңдарда белгіленген табыстардан төленетін төлемдерден алдау жолымен және әр түрлі бұрмалаушылықтар арқылы жалтарушылықтан қорғау, сыбайлас жемқорлыққа және экономика саласындағы қылмыстарға қарсы құқық қорғау органдарымен тығыз өзара іс-қимылда күрес жүргізу; мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда валюталық-қаржы қаражаты мен мүліктің тиімсіз пайдаланылуы мен ұрлануы фактілерінің алдын алу мақсатымен тексерістер мен тексерулер материалдарын қорытындылау негізінде мемлекеттік қаражат пен ресурстардың, соның ішінде валюталық қаражаттың ұтымды пайдаланылуы, шаруашылықты жүргізуші субъектілердің мемлекетпен қаржы жөніндегі өзара қатынастарын жетілдіру, есеп-қисап әдістемесі мен бақылауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

ҚР Президентінің *1993 ж. 9 маусымдағы* Жарлығымен комитет *ҚР Министрлер Кабинеті* тікелей басшылық еткен ҚР мемлекеттік басқару орталық органына жатқызылды⁴.

ҚР Президентінің *1994 ж. 15 шілдедегі* Жарлығымен комитет таратылды⁵. Оның негізінде *ҚР Қаржы бақылау мемлекеттік комитеті* құрылды.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» ДҚ, 2004. – 407-б.

² «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қаржы бақылау мемлекеттік комитеті қызметінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 15 қазандағы № 864 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 40, 593-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қаржы бақылау мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 8 маусымдағы № 482 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 23, 285-құжат).

⁴ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

⁵ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі №1795 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қаржы бақылауы комитеті
(1994–1995)**

ҚР Президентінің *1994 ж. 15 шілдедегі* Жарлығымен таратылған *ҚР Министрлер*

Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылауы комитетінің негізінде құрылды¹. Оның құқықтық иеленушісі болып табылды.

Мемлекеттік қаржы-бақылаудың бірыңғай жүйесі ҚР Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінен, облыстардағы, Алматы мен Ленинск қалаларындағы өзіне тікелей бағынышты басқармалар, сондай-ақ аудандар мен облысқа бағынышты қалалардағы бөлімшелерден тұрды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 7 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомитет заңнамаға сәйкес министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, жергілікті атқарушы органдар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен бюджет мекемелерінің қаржы-шаруашылық қызметтеріне бақылау жасауды жүзеге асырған мемлекеттік басқару орталық органы болды.

Мемкомитеттің негізгі функциялары: министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен бюджеттік мекемелердің, оның ішінде республикадан тыс жерлерде жұмыс істейтіндерінің қаржы-шаруашылық қызметіне қаржы бақылауын ұйымдастыру, мемлекет мүдделерін оның меншігіне қол сұғушылықтан, бөлетін қаражат пен ресурстарды ысырап ету мен дұрыс пайдаланбаушылықтан алдау мен әр түрлі бұрмалаушылық жолдарымен заңнамада белгіленген табыс төлемдерін төлеуден жалтарушылықтан қорғау; сыбайлас жемқорлыққа және экономика саласындағы қылмыстарға қарсы құқық қорғау органдарымен тығыз өзара іс-қимылда күрес жүргізу; кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда ұрлықты, жетіспеушілік пен ысырапшылықтың алдын алу мақсатымен мемлекеттік қаражат пен ресурстардың, соның ішінде шетелдік валюта қаражатының ұтымды пайдаланылуы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекетпен қаржылық өзара қарым-қатынастарын жетілдіру, есеп-қисап әдістемесі мен бақылауды ұйымдастыру жөнінде тексерістер мен тексерулер материалдарын, сондай-ақ оларды мемлекеттік валюта-қаржы көздері мен мүліктерін тиімсіз пайдалану фактілерін қорытындылаудың негізінде ұсыныстар әзірлеу.

Комитет орталық аппаратының құрылымы: Ұйымдастыру-әдіснамалық жұмыс басқармасы; Бюджеттік мекемелерді тексеру басқармасы; Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарын тексеру басқармасы; Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары мен ұйымдарын тексеру басқармасы; Шағын нысандағы шаруашылық жүргізу кәсіпорындарын тексеру басқармасы; Қаржы-несие, сақтандыру органдарын және бағалы қағаздар нарығын тексеру басқармасы; Валюталық бақылау мен бірлескен және шетелдік кәсіпорындарды тексеру басқармасы; Құқық қорғау органдары және қорғаныс мекемелері мен ұйымдарын тексеру басқармасы; кадрлар және Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің жергілікті органдарын қаржыландыру басқармасы; Іс басқармасы.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен мемкомитет таратылды³. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері жаңа құрылған **ҚР Министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитетіне** берілді.

¹ «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 15 шілдедегі № 1795 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 30, 338-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қазандағы № 1124 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 42, 457-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы №2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің жанындағы
Қаржы-валюталық бақылау комитеті
(1995–1997)

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен таратылған **ҚР Қаржы бақылауы мемлекеттік комитетінің** негізінде құрылды¹.

Қаржы-валюталық бақылаудың бірыңғай жүйесі ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитетінен және оған тікелей бағынатын облыстардағы, Алматы қаласындағы басқармалар және аудандар мен облыстық бағыныстағы қалалардағы бөлімшелерден тұрды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 19 маусымдағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР барлық деңгейдегі бюджеттің атқарылуын, бюджеттік, несиелік және валюталық қаражатты, оның ішінде мемлекеттің кепілдігімен тартылған шетелдік займдар мен инвестицияларды қоса алғандағы мемлекеттік меншіктің, мемлекеттің материалдық және қаржылық ресурстарының мақсатты және тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асырған арнаулы атқарушы орган болып табылды.

Комитеттің басты міндеттері: республикалық және жергілікті бюджеттерді жекелеме тараулар мен баптар бойынша, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің қаржы-шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметіне және бюджеттік қаражаттардың есебінен ұсталатын басқа да орталық, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мемлекеттік инвестициялық және несиелік ресурстарды, мемлекет кепілдік берген шетелдік займдар мен несиелерді мақсатты және тиімді пайдалануына жедел қаржы-валюталық бақылауды (тексерістерді, тексерулерді) ұйымдастыру және жүргізу; өз құзыретінің шегінде және қолданылып жүрген заңға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардағы, ұйымдардағы, мекемелердегі заңды бұзушылық фактілері жөніндегі **ҚР Үкіметінің**, әкімдердің тапсырмасы, азаматтардың хаттары, арыздары және шағымдары бойынша тексерулер мен тексерістер жүргізу; **МТК, ҰҚК және прокуратура** органдарының қылмыстық істер қозғалуы негізінде шығарған ұсыныстары бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметіне тексерулер мен тексерістер жүргізу; тексерулер мен тексерістердің материалдарын қорыту негізінде шетелдік валютаны қоса алғандағы мемлекеттік қаржылар мен ресурстарды ұтымды пайдалану, төлем тәртібін, бюджетпен және мемлекеттік қорлармен есеп айырысуларды жақсарту, мемлекеттік кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде ұрлықты, жетімсіздік пен ысырапқорлықты, сондай-ақ қаржы қаражаты мен мүлікті тиімсіз пайдалану фактілерін жою және кінәлі лауазымды адамдарды тәртіпке шақыру, материалдық және әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 21 наурыздағы** қаулысымен ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті **ҚР Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті (1)** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 19 маусымдағы №753 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 28, 248-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарын реформалаудың жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 21 наурыздағы №398 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 756 іс).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті (1) (1997–1998)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 21 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитетінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Қаржы министрлігінің** бірыңғай жүйесіне кірді және оған бағынысты аумақтық органдар (облыстық, және Алматы қ. бойынша басқармалары, сондай-ақ қалалар-облыстар орталықтарындағы комитеттің бөлімдері) жүйесіндегі мемлекеттік басқару органы болып табылды. Қаржы министрлігінің құзыреті мен оған берілген өкілеттіктердің шегінде арнаулы және бақылау-қадағалау міндеттерін дербес жүзеге асырды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 4 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет барлық деңгейлердегі бюджеттердің атқарылуына, мемлекеттік меншіктің, қаржы ресурстарының мемлекеттік кепілдігімен тартылған мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы займдардың, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар қаражаттарының мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырған ҚР мемлекеттік органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: жергілікті бюджеттердің қалыптасуы мен атқарылуына, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, сондай-ақ басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне, мемлекет кепілдігімен тартылған мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуына, валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде заңнаманың сақталуына қаржылық бақылауды жүзеге асыру; тексерулер мен тексерістер материалдарын қорытындылау негізінде мемлекеттік қаражатты ұтымды пайдалану, төлем тәртібін, бюджетпен және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлармен есеп айырысуды жақсарту, жымқыру мен кемшіліктердің, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарда қаржы қаражаты мен мүлікті тиімсіз пайдалану фактілерінің алдын алу мақсатында бақылауды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 желтоқсандағы* қаулысымен комитет туралы жаңа ереже бекітілді³. Органның құқықтық статусы мен негізгі функциялары өзгертілмеді.

ҚР Президентінің *1998 ж. 30 маусымдағы* Жарлығымен комитет таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне және ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарын реформалаудың жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 21 наурыздағы № 398 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 756 іс).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 4 шілдеде № 1061 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 30, 274-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1781 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 55, 500-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті (2) (1999–2004, 2008–2016)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 22 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 1 наурыздағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

ҚР Қаржы министрлігі құзыретінің шегінде арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің шығыс сметаларын жасаудың және бекітудің дұрыстығына, мемлекеттік мекемелердің бюджеттік қаражатты мақсатты пайдалануына, сондай-ақ мемлекеттік тапсырысты орындауға бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын; қаржылық рәсімдердің сақталуы бөлігінде жергілікті бюджеттердің әзірленуі мен атқарылуын; заемшылардың мемлекеттік заемдарды, ҚР Үкіметінің кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес заемдарды және бюджеттік несиелерді мақсатты пайдалануын және қайтаруын; мемлекеттік кәсіпорындардың пайданың үлестерін тиісті бюджеттерге аударуының, сондай-ақ кірісті шаруашылық серіктестеріндегі мемлекеттік үлестерге және дивиденттерді акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне есептеудің толықтығы мен уақтылығын бақылауды жүзеге асыру.

Комитеттің облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында аумақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; мемлекеттік мекемелерде бюджеттік рәсімдердің атқарылуын бақылау басқармасы; жергілікті атқарушы органдарда бюджеттік рәсімдердің атқарылуын бақылау басқармасы; мемлекеттік меншіктің пайдаланылуын бақылау басқармасы; ұйымдастырушылық және методологиялық жұмыстар басқармасы; мемлекеттік сыртқы займдар мен несиелердің мақсатты пайдаланылуын бақылау басқармасы.

ҚР Министрлер Кабинетінің **2000 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен комитетке қайта ұйымдастырылған **ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті мен Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің** бюджет қаражаттарының мақсатты пайдаланылуын бақылау саласындағы функциялары берілді³.

Үкіметінің **2002 ж. 19 маусымдағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже бекітілді⁴.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Қаржы министрлігінің** құзыреті шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын жүзеге асырған ҚР Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылды.

Комитеттің облыстар мен Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің атқарылуын ішкі бақылауды және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыру; республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылаудың және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылаудың әдіснамасы мен әдістемесін әзірлеу.

Комитет және оның аумақтық бөлімшелері ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 маусымдағы** қаулысымен комитеттің мынадай құрылымы бекітілді: басшылық; ұйымдастыру және кадр жұмыстары басқармасы; әдіснама, жоспарлау, есептілік және талдау басқармасы; сараптау және ішкі бақылау басқармасы; республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау басқармасы; жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау басқармасы⁵.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына⁶ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен комитет таратылды⁷. **ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті** құрылды, оған қайта ұйымдастырылған **ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің** мүлкі берілді. ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелер ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау мемлекеттік сатып алу комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелер болып қайта құрылды.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 24 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің Қаржы бақылау және мемлекеттік сатып алулар комитетінің қайта аталуының нәтижесінде бұрынғы атауымен қайта құрылды⁸. Комитеттің аумақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік инспекциялар болып қайта аталды.

Комитет **ҚР Қаржы министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 наурыздағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік инспекцияларының жаңа тізбесі бекітілді⁹.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 3 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті** болып қайта аталды¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 22 желтоқсандағы № 1959 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1306 іс).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 1 наурыздағы № 338 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 11-12, 125-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 22 желтоқсандағы №1959 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 22 сәуірдегі № 623 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1634 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 19 маусымдағы № 674 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 19, 204-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерін қайта атау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 маусымдағы № 695 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 25, 328- құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, №36, 474-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1134 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 43, 542-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 22, 205-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 наурыздағы № 374 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 16, 138-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 3 мамырдағы № 264 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 27, 153-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (2016*)

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 3 мамырдағы** қаулысымен **ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті** **ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті** болып қайта аталды¹.

ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, бағалау қызметі салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Міндеттері: мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуін; қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі мен анықтығын, мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын бағалау және тексеру; аудиторлық және бағалау қызметі саласындағы талдау, бағалау және тексеру².

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 3 мамырдағы № 264 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 27, 153-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2016 ж. 11 мамырдағы № 224 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/107587/kaz> (ресми жариялау күні: 24.11.2016).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (2008–2021)

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 24 сәуірдегі** қаулысымен құрылған¹.

Осы қаулымен комитеттің аумақтық органы – Алматы қаласы бойынша Қаржы мониторингі департаменті құрылды.

Комитет **ҚР Қаржы министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2021 ж. 26 ақпандағы** қаулысымен комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 22, 205-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 ж. 28 қаңтардағы № 501 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2021 ж. 26 ақпандағы № 98 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2021, № 10-11, 48-құжат).

Қазақстан Республикасының Шетел инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі (1992–1993)

ҚР Президентінің **1992 ж. 8 маусымдағы** Жарлығымен құрылды¹.

Ұлттық агенттік шетел инвестициясы мен шетел несиелері саласында мемлекеттік басқару және реттеу органы болып табылды. Министрліктер, ведомстволар, жергілікті басқару органдары, кәсіпорындар, ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер міндетті түрде агенттікпен шикізат және базалық салалардағы, жекешелендірілген кәсіпорындардағы, сондай-ақ мемлекеттің кепілдігімен тартылған инвестициялық несиелеудегі шетел инвестицияларына қатысты мәселелерді келісіп отырды.

Ұлттық агенттіктің негізгі функциялары: Шетел инвестициялары мен несиелерін тарту және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; шетел инвестицияларын тарту және пайдалану мәселелері бойынша заңнамалық және нормативті актілер жобасын ҚР Президенті мен **Министрлер Кабинетінің** қарауына әзірлеу және енгізу; елдің экономикасына капитал жұмсауды жүзеге асыруда шетел инвесторларына жәрдем көрсету; халықаралық тендерлер (байқаулар) ұйымдастыру және өткізу; шетел инвесторларын мемлекеттік тіркеу, шетел инвесторларын лицензиялау; техникалық көмек көрсету саласында халықаралық ұйымдар мен шетел мемлекеттерімен байланыстарды үйлестіру².

ҚР Президентінің **1993 ж. 11 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Экономика министрлігі жанындағы Шетел инвесторлары жөніндегі ұлттық агенттігі** болып қайта құрылды³. Оған **ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Қаржы министрлігінің** сәйкес функциялары берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 8 маусымдағы № 799 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 21, 336-құжат).

² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» ДК, 2004. – 420-б.

³ «Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы № 1066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 1, 7-құжат).

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі (1993–1995)

ҚР Президентінің **1993 ж. 11 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 4 қаңтардағы** қаулысымен Ұлттық агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Ұлттық агенттік өз міндетін **ҚР Экономика министрлігінің** өкілеттігі шегінде дербес жүзеге асырған шетелдік инвестициялар мен инвестициялық кредиттер, шетелдік қаржы мен техникалық көмек саласындағы орталық мемлекеттік басқару және реттеу органы болды.

Ұлттық агенттіктің негізгі міндеттері: шетелдік инвестициялар мен кредиттерді тарту, тиісті басымдықтары, ынталандырулары мен кепілдіктері бар қазақстандық инвестицияларды шетелде орналастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асыру; осы саладағы ұлттық заңдарды шетелдік инвесторлардың сақтауын бақылау; шетелдік капиталды қатыстыратын кәсіпорындарды мемлекеттік тіркеу және шетелдік инвестицияларды лицензиялау; олардың қатысуымен шетелдік инвесторлар мен кәсіпорындарға жәрдем көрсету; ҚР-на халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдар, шетелдік мемлекеттер мен басқа да шетелдік жәрдемшілер көрсететін қаржылық және техникалық көмектерді үйлестіру.

ҚР Президентінің **1995 ж. 15 наурыздағы** Жарлығымен Ұлттық агенттік таратылды³. Оның негізінде **ҚР Министрлер Кабинеті жанынан Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті** құрылды.

¹ «Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы № 1066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 1, 7-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 қаңтардағы № 19 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1994, № 1, 7-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Шетелдік капиталды пайдалану жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 15 наурыздағы № 2097 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1995, № 9, 98-құжат).

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті (1995)

Таратылған *ҚР Экономика министрлігінің Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігінің* негізінде ҚР Президентінің *1995 ж. 15 наурыздағы Жарлығымен* құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 10 мамырдағы* қаулысымен комитеттің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; стратегиялық жоспарлау және инвестицияларға жәрдем беру; тікелей шетел инвестициялары басқармасы; капитал нарығының басқармасы; сыртқы көмекті үйлестіру басқармасы; жобаларды жүзеге асыруды үйлестіру басқармасы; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма².

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 27 шілдедегі* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес шетел инвестицияларын, кредиттерін, техникалық және қаржылық көмектерін тарту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен реттеуді жүзеге асырушы, осы салада мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға жауапты атқару өкіметінің орталық органы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР-да шетел капиталын пайдаланудың басым бағыттарын айқындау; шетел капиталын тартудың (ағымдағы және перспективалық) көлемі, сыртқы берешектік лимиті және ҚР кепілдік лимиттері бойынша ұсыныстар әзірлеу; ҚР-на шетел капиталын тарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу; ҚР-ның орталық және жергілікті атқару өкіметі мен шаруашылық жүргізуші объектілерінің өзара іс-қимылын үйлестіру және шетел капиталын тарту саласында олардың қызметін мемлекеттік реттеу; шетел капиталын пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды талдау және жүзеге асыру.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет *ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет* болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 15 наурыздағы № 2097 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1995, № 9, 98-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 10 мамырдағы № 633 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1995, № 17, 191-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 27 шілдедегі №1027 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1995, № 26, 300-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы №2541 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті (1995–1996)

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Президентінің *1996 ж. 22 қарашадағы* Жарлығымен ҚР Қаржы министрлігінің

жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті **ҚР Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті** болып аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. – Алматы: «Эдельвейс» ДК, 2004. – 423-б.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті (1996–1999)

ҚР Президентінің **1996 ж. 22 қарашадағы** Жарлығымен **ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР-сын дамытуға ресми көмек шеңберіндегі мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік басқаруды және реттеуді салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ҚР мемлекеттік органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, ҚР мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік саясатты үйлестіру; мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды пайдаланудың тиімділігіне мониторинг және бақылау жасау.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 3 маусымдағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³. Комитеттің құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері белгіленді.

Ережеге сәйкес комитет ҚР-сын дамуына ресми көмек аясында мемлекеттік сыртқы заемдарды, ҚР мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту мен пайдалану бойынша мемлекеттік басқаруды және реттеуді жүзеге асырған ҚР мемлекеттік органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік сыртқы заемдарды және мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысу; мемлекеттік кепілдіктегі мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік емес сыртқы заемдарды мақсатты пайдалануды бақылау және мониторингі.

Комитеттің құрылымы: жобаларды дайындау басқармасы; жобаларды іске асыру басқармасы; қаржылық қызмет көрсету басқармасы.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді: Құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері белгіленді⁴.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Қаржы министрлігі** құзыреті шегіндегі мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарды пайдалану саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарды пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; мемлекеттік сыртқы заемдар мен кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттардың қаражатын пайдаланудың мониторингі; министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың мемлекеттік сыртқы заемдардың және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттардың қаражаттарына жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларын үйлестіру.

Комитет құрылымы: басшылық; жобаларды іске асыру басқармасы; қаржылық қызмет көрсету басқармасы.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 30 қыркүйектегі** қаулысымен комитет таратылды⁵. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілді.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Эдельвейс» ДК, 2004. - 423-б.

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 15 шілдедегі № 1111 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 32, 294-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 3 маусымдағы № 510 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 17, 152-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 14 мамырдағы № 574 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 19, 201-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 30 қыркүйектегі №1494 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1292 іс).

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (1996–1999)

ҚР Президентінің **1996 ж. 8 қарашадағы** Жарлығымен құрылды¹.

Таратылған **ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен ҚР Қаржы министрлігіне** берілді².

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 24 наурыздағы** қаулысымен Мемкомитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес мемкомитет тікелей инвестицияларды ынталандырудың, басқарудың, оларды тарту мен пайдалану саласында үйлестірудің мемлекеттік саясатын жүзеге асыратын орталық және бірден бір атқарушы орган болып табылды.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: экономиканың басымдықты секторларында тауарлар өндіруді, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді жедел дамытуды қамтамасыз ету үшін қолайлы инвестициялық ахуал туғызудағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; жаңа технологияларды, озық техникаларды және ноу-хауды енгізу; ішкі рынокты жоғары сапалы тауарлармен және қызмет көрсетулермен қанықтыру; отандық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету және ынталандыру: экспортқа бағытталған және импортты алмастырушы өндірісті дамыту; ҚР-ның шикізат базасын ұтымды және кешенді пайдалану; менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін енгізу және т.б. болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 4 желтоқсандағы** қаулысымен мемлекеттік комитет туралы жаңа ереже бекітілді. ҚР Инвестициялар жөніндегі мемкомитеті инвесторлар алдына ҚР ұсынуға және ҚР-да тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға өкілеттігі бар бірден бір орталық атқарушы орган болып табылатындығы анықталды⁴.

Мемкомитеттің негізгі функциялары белгіленді: ҚР дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын анықтауға, ҚР даму стратегиясы мен ҚР инвестициялық саясатын, жекелеген салалар мен аймақтар дамуының инвестициялық бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; инвесторлармен жұмыстың тиімді жүйесін жасау және ҚР-да тікелей инвестицияларды ынталандыру және инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде ұсыныстар даярлау; республика ішінде және шетелде экономика туралы, инвестицияға сұранымдар, олардың ҚР-на қосқан үлесінің жағдайы мен мүмкіндіктері туралы ақпараттық мәліметтер даярлау және тарату; инвесторлар берген заңнамалық кепілдіктерді қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру және жетілдіру; тікелей инвестицияларды тарту іс жосықтарының жариялылығын қамтамасыз ету.

Мемкомитет аймақтық және шетелдік өкілдіктер мен Инвестициялар жөніндегі ғылыми-ақпараттық орталық құрды. Мемкомитеттің (дирекциялары, өкілдіктері) және Инвестициялар жөніндегі орталық мемкомитеттің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 8 мамырда** қаулысымен мемкомитет туралы ережеге бірқатар өзгертулер енгізілді. Атап айтқанда статусы – мемкомитет мемлекеттік орган болып табылды.

Мемкомитет оның аймақтық құрылымдық бөлімшелері – бөлімшелер құруға құқықты болды⁵. Орталық аппарат (дирекция мен қызмет), бөлімшелер мен ведомстволар мемкомитеттің бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Үкіметінің жаңа құрылымы бекітілуі мен **ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігінің** құрылуына байланысты мемкомитет өз қызметін тоқтатты⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 8 қарашадағы № 3203 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 44, 423-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 24 наурыздағы № 399 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 13, 92-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 4 желтоқсандағы № 1700 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 52, 480-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 8 мамырдағы № 418 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 14, 122-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар.)

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі (1999–2000)

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 26 сәуірдегі** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР-да тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында мемлекеттік басқару мен бақылау функцияларын орындауға уәкілеттік берілген **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмеген, орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: ҚР даму стратегиясы мен инвестициялық саясатын әзірлеуге және оны іске асыруға қатысу; ҚР-да инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру; ҚР-да тікелей инвестицияларды ынталандыру шараларын әзірлеу және іске асыру; ҚР-на инвестициялық мүмкіндіктер туралы белсенді жарнамалық-ақпараттық науқан жүргізу; шетелдік және отандық инвесторлармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін құру, ҚР-ның заңнамасында белгіленген кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз етуде, сондай-ақ инвесторлардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауда жәрдемдесу; мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп тікелей инвестицияларды тарту және пайдалану бойынша есеп пен есептілікті ұйымдастыру.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен агенттіктің құқықтық статусы белгіленді: ҚР-да тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада белгіленген шектерде салааралық үйлестіру мен басқа да арнайы атқарушылық және шешім шығару функцияларын жүзеге асыратын Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады³.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 24 желтоқсандағы** қаулысымен агенттік туралы жаңа ереже бекітілді⁴. Агенттіктің құқықтық статусы мен негізгі функциялары өзгертілмеді.

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығымен агенттік таратылды⁵. Функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Сыртқы істер министрлігіне** берілді, ал, жер қойнауын пайдалану саласындағы қызметтері ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 26 сәуірдегі № 474 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 14, 150-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 24 желтоқсандағы № 1969 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 58, 565-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті (1) (2001–2002)

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2001 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен құрылып², оған таратылған ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігінің функциялары мен өкілеттіктері берілді.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Сыртқы істер министрлігінің** құзыреті шегінде Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР-ның экономикасына шетелдік инвестициялар тартуға жәрдемдесу; елде инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу және іске асыру; мемлекеттік органдардың шетелдік инвесторлармен жұмыс жөніндегі қызметін үйлестіру; **ҚР Президенті** жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі қызметін қамтамасыз ету; мемлекеттік бағдарламаларды, басымдықты жобаларды, оның ішінде халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдар мен донор мемлекеттер беретін заемдар мен гранттар есебінен іске асыру үшін қаржылық ресурстарды тартуға жәрдемдесу; ҚР-на инвестициялық мүмкіндіктері туралы жарнамалық-ақпараттық науқан жүргізу және т.б.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына⁴ сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен комитет таратылды, оның мүлкі жаңа құрылған **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция жөніндегі комитетіне** берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 166 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 4-5, 55-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті (2002–2010)

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен² құрылып, оған таратылған **ҚР Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің** функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі берілді.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Индустрия және сауда министрлігі** құзыретінің шегінде заңнамаға сәйкес ҚР-да инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырушы ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР экономикасына шетелдік инвестициялар тартуға жәрдемдесу; елде инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу және іске асыру, инвестициялар тартуға ықпал ететін құқықтық және өзге де жағдайлар жасау; инвесторлармен жұмыс жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; **ҚР Президенті** жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі қызметін қамтамасыз ету; мемлекеттік бағдарламаларды, басымды жобаларды іске асыру үшін, соның ішінде халық-қаралық экономикалық және қаржы ұйымдары мен донор елдер беретін заемдар мен гранттар есебінен қаржы ресурстарын тартуға жәрдемдесу; инвесторлармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін құру, ҚР заңнамасымен белгіленген кепілдіктерді сақтауды, сондай-ақ инвесторлардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Комитет құрылымы: басшылық; стратегия және инвестициялық саясат басқармасы; инвестициялық жобаларды талдау және олардың мониторингі басқармасы.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Индустрия және сауда министрлігі **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі** болып құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды, оның ішінде соңғысына **ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінен** электр энергетикасы, тау-кен және атом өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді⁴. Министрліктің сауда саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті** болып қайта аталды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 996 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 30, 330-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 18 қарашадағы № 1220 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 41, 414-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті (2010–2014)

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2010 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен² **ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды.

Комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі** таратылып, оның функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 14 мамырдағы № 416 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 33, 263-құжат).

³ «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалау туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49–50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігінің
Инвестиция комитеті
(2014–2018)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 19 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Инвестициялар және даму министрінің **2014 ж. 24 қазандағы** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің** реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық саясат және инвестицияларды қолдау саясаты, арнайы экономикалық аймақтарды құру, жұмыс істету және тарату салаларында Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысушы ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті: арнайы экономикалық аймақтарды құру, жұмыс істету және тарату саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыруға қатысу².

ҚР Президентінің **2018 ж. 26 желтоқсандағы** Жарлығымен **ҚР Инвестициялар және даму министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 995 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 57, 546-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестиция комитеті» және «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Инвестиция комитетінің аумақтық департаменті - «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі» мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 ж. 24 қазандағы № 100 бұйрығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009841/info> (жүгінген күні: 30.12.2024).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2018 ж. 27 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті (2)
(2018*)

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестиция комитеті ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті** болып қайта аталу жолымен құрылды¹.

Комитет ҚР Сыртқы істер министрлігінің реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ инвестицияларды тарту жөнінде мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру салаларында Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысушы ведомствосы болып табылады.

Міндеті: инвестицияларды тарту жөнінде мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру, инвестициялық жобалардың іске асыру және мониторинг шаралардың қамтамасыз ету².

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 70, 466-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Сыртқы істер министрінің 2019 ж. 30 қаңтардағы № 11-1-4/33 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/128921/kaz> (ресми жариялау күні: 07.02.2019).

6.2 Банк қызметі саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық қызметтер банкі (ALEM BANK KAZAKHSTAN) (1991–1997)

КСРО Сыртқыэкономбанкінің 1990 ж. 23 қаңтардағы бұйрығымен КСРО (Сыртқыэкономбанкінің) Қазақ республикалық банкі Қазсыртқыэкономбанк ретінде Қазақ КСР сыртқы экономикалық байланыстарына валюталық-несиелік қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету, республиканың валюталық ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында құрылды¹.

ҚР Президентінің 1991 ж. 31 тамыздағы Жарлығымен Қазақ КСР акционерлік-коммерциялық Сыртқыэкономбанк (Қазсыртқыэкономбанк) болып қайта құрылды².

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылықты жүзеге асырған ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 28 тамыздағы қаулысымен ҚР Сыртқы экономикалық қызметтер банкінің құрылтайшыларының оның ALEM BANK KAZAKHSTAN деп қайта атау туралы шешімі мақұлданды⁴.

ҚР Президентінің 1993 ж. 22 маусымдағы қаулысымен ALEM BANK KAZAKHSTAN акционерлік-коммерциялық банкі акционерлік банк болып қайта құрылып, акциялардың мемлекеттік пакетіне иелік ету құқы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті арқылы ҚР Үкіметіне берілді⁵.

ҚР Президентінің 1994 ж. 16 шілдедегі Жарлығымен ҚР мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің (Қазақстан Эксимбанкі) құрылуына байланысты соңғысы ҚР Үкіметінің атынан және соның тапсыруы бойынша қол қойылған несие келісімдерінен туындайтын барлық халықаралық міндеттемелер бойынша Alem bank Kazakhstan құқықтық иегері болып табылатындығы белгіленді⁶.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 12 қыркүйектегі қаулысымен Қазақстан Эксимбанкіне ALEM BANK KAZAKHSTAN активтері мен пассивтеріндегі мемлекеттік үлесті кезең-кезеңмен өткізу белгіленді⁷.

ҚР Үкіметінің 1997 ж. 15 қаңтардағы қаулысымен Қазақ акционерлік банкі «Тұранбанк» пен ALEM BANK KAZAKHSTAN «Банк ТұранӘлем» жабық акционерлік қоғамына біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды⁸.

¹ «КСРО Сыртқыэкономбанк Қазақ республикалық банкінің мәселелері» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 ж. 30 мамырдағы № 221 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары, 1990 ж. мамыр, 92-93-б).

² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель – Алматы: «Эдельвейс», 2004. – 432-б.

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

⁴ «Қазсыртқыэкономбанкін «ALEM BANK KAZAKHSTAN» етіп қайта атау туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 28 тамыздағы №710 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 34, 515-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының акционерлік банктерін қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 22 маусымдағы №1274 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 20, 250-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 16 шілдедегі № 1815 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 32, 350-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Эксимбанк туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 12 қыркүйектегі № 1017 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 39, 422-құжат).

⁸ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель – Алматы: «Эдельвейс», 2004. – 433-б.

**Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі
(Тұрғынқұрылысбанк)
(1993–1997)**

ҚР Президентінің **1993 ж. 6 қыркүйектегі** Жарлығына сәйкес құрылды¹.

Жарлыққа сәйкес Тұрғынқұрылысбанк тұрғын үй саласын дамытудың мемлекеттік банкі болды және ҚР банк жүйесіне кірді.

Тұрғынқұрылысбанктің құрылтайшысы **ҚР Министрлер Кабинеті** болып табылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 11 қаңтардағы** қаулысымен Тұрғынқұрылысбанктің жарғысы бекітілді².

Тұрғынқұрылысбанктің негізгі міндеттері: тұрғын үй құрылысын дамытуға, ұзақ мерзімді ипотекалық кредит беруді, тұрғын үй несие-жинақ шоттарын және тұрғын үй құрылысына қысқа мерзімді кредит беруді енгізуге, бағалы қағаздар нарығын игеруге, ипотекалық кепілдемелердің қайталама нарығын қалыптастыруға жәрдемдесу; қаржыландыру мен несие беру, есептесу, халыққа, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй сату және әлеуметтік, инженерлік әрі көлік инфрақұрылымын дамыту саласында жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар мен ұйымдарға меншік нысанына қарамастан кассалық қамту мен басқа да банк қызметін көрсету жолымен жаңа тұрғын үй саясатының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қатысу; тұрғын үй құрылысына халықтың, кәсіпорындар мен ұйымдардың меншік қаржысын белсендірек тартуға жәрдемдесу, азаматтар үшін несие-жинақ шоттарын және оларға индекстелген несиелердің берілуін, тұрғын үй іс-шараларына ипотекалық кредит берілуін ұйымдастыру.

Банк қойылған міндеттерді орындау мақсатында ҚР аумағында және шетелдерде өзінің филиалдары мен еншілес банктерін, сондай-ақ өкілдіктерін құрды. Банк филиалдары заңды тұлға болып табылмады.

Тұрғынқұрылысбанктің құрылымы: құрылымдық бөлімшелері департаменттер, облыстық басқармалар мен жергілікті жерлердегі филиалдары болып табылатын республикалық банктен тұрады.

Банктің басқару органдары Басқарма мен Директорат болды. Банктің жоғары басқару органы басқарма болып табылды. Банктің оперативті басқару органы директорат болып табылды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 1 қарашадағы** қаулысымен Тұрғынқұрылысбанктің жаңа жарғысы бекітілді. Оның құқықтық мәртебесі белгіленді³. Банктің негізгі міндеттері мен құрылымы өзгертілмеді.

Тұрғынқұрылысбанк ҚР біртұтас банк жүйесіне кірді және екінші деңгейдегі банк болып табылды. Тұрғынқұрылысбанктің құрылтайшысы **ҚР Үкіметі** болып табылды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 1 қарашадағы** қаулысымен Тұрғынқұрылысбанк жабық акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 6 қыркүйектегі №1344 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 35, 405-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тұрғын үй құрылысы банкінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 11 қаңтардағы №56 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 4, 34-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 434-б.

⁴ Сонда.

**Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік экспорт-импорт банкі
(Қазақстан Эксимбанкі)
(1994–1997)**

ҚР Президентінің **1994 ж. 16 шілдедегі** Жарлығымен құрылды¹.

Эксимбанк ҚР Үкіметінің атынан және/немесе оның тапсыруы бойынша **ALEM BANK**

KAZAKHSTAN және ҚР екінші деңгейдегі басқа банктері қол қойған, сондай-ақ ҚР кепілдік беретін несиелік келісімдерден туындайтын барлық халықаралық міндеттемелер бойынша аталған банктердің құқықтық мұрагері болды және оларды пайдалану мен қызмет көрсетуді жалғастыра берді².

Эксимбанктің негізгі функциялары: ҚР алатын және кепілдік беретін шетелдік несиелерді ҚР заемшысы ретінде тарту және агенті ретінде оларға қызмет көрсету; Қазақстан кәсіпорындарына құрылымдық реформаларды жүргізу және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту үшін қажетті технологияларды, жабдықтар мен өнімді импорттауды ынталандыру үшін несиелер беру; даяр бұйымдарды және экспорттың Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылмайтын басқа да номенклатурасын экспорттаушыларға несиелер беру; Қазақстан банкілері беретін экспорттық несиелер тәуекелін сақтандыру (кепілдік беру); импортты қысқартуды немесе экспортты ұлғайтуды қамтамасыз ететін өндірісті дамыту мақсатында кәсіпорындар мен жобаларды ұзақ мерзімге және қысқа мерзімге қаржыландыру; шетелдік компанияларды тарта отырып жобалардың сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу, жобаларды шетелдік несиелер есебінен қаржыландыру үшін зерделеу және іріктеп алу; мамандандырылған халықаралық ұйымдарда ҚР мүдделеріне өкілдік ету.

Қазақстан Эксимбанкіне бұрын **ҚР Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі** атқарып келген шетелдік несиелер мен жобаларға сараптама жасауды мемлекеттік реттеу функциясы берілді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен Alem Bank Kazakhstan активі мен пассивіндегі мемлекеттік үлесті Қазақстан Эксимбанкіне кезең-кезеңмен өткізу белгіленді³.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қаңтардағы** Жарлығымен мыналар белгіленді, Эксимбанк: мемлекеттік қаржы және несие институты болып табылады және ол қаржыландыратын жобалардың жүзеге асырылуы үшін жауап береді; ҚР Үкіметі атынан және соның тапсыруы бойынша қол қойылған несие келісімдерінен туындайтын барлық халықаралық міндеттемелер бойынша Қазақстан Әлем Банкінің құқылы мұрагері болды⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 21 тамыздағы** қаулысымен ҚР мемлекеттік Экспорт-импорт банкі оған **Қазақстан мемлекеттік Даму банкісінің** бірігуі жолымен қайта ұйымдастырылды. Қазақстан Эксимбанкі Қазақстан мемлекеттік Даму банкісінің оның барлық міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагері болды⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 31 тамыздағы** қаулысымен Қазақстан Эксимбанкінің құқығын, құрылымын, функцияларын және қызметінің қағидаларын белгілеген жарғысы бекітілді⁶.

Эксимбанк екінші деңгейдегі мемлекеттік банк болып табылды және ҚР біртұтас банкілер жүйесіне кірді. Оның жарғылық қорының иесі **ҚР Үкіметі** болып табылды.

Эксимбанктің негізгі функциялары: елдің экономикасын қайта құру мен дамытуды қаржыландыру үшін инвестициялық және тауарлық несиелер беру; қазақстан кәсіпорындарының экспорттық операцияларын несиелеу; құрылымдық өзгерістер жүргізу және импорт алмастырушы өндірістерді дамыту үшін қажетті технологияларды, жабдықтар мен өнімдерді импорттау мақсатымен қазақстан кәсіпорындарын қаржыландыру мен несиелеу ісін жүзеге асыру; несие беруші басқа несие мекемелерден алынатын несиелер бойынша кепілдік міндеттемелер беру; акционерлік капиталдарға инвестицияларды жүзеге асыру; өтем мерзімі 1 жылдан кем емес бағалы қағаздарға жазылу; бұрын басқа банктер берген несиелерді өтеу үшін заемдар беру, осындай несиелер алу үшін шығарылған бағалы қағаздарға жазылу; басқа банктер мен қаржы мекемелерінің қарыздық міндеттемелерін, кепілдіктері мен талаптарын сатып алу және сату; қазақстан банктері беретін экспорттық несиелердің тәуекелін сақтандыруды жүзеге асыру; жобаларға, оның ішінде шетелдік компаниялар тартылатын жобаларға сараптама ұйымдастыру және жүргізу, оларды өздерінің және тартылатын несиелер ресурстарының есебінен қаржыландыру үшін іріктеп алу.

Банктің төменнен жоғарыға бағынысты жүйедегі басқару құрылымы болды. Банктің басқару органдары Басқарма және Директорат болып табылды. Банктің жоғары басқару органы

Басқарма болды. Банктің оперативті басқару органы Директорат болды.

ҚР аумағында және шетелдерде банк қойылған міндеттерін орындау мақсатында өзінің филиалдарын, өкілдіктері мен еншілес банктерін құрды. Банктің филиалдары, өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмады.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 3 қазандағы** қаулысымен Қазақстан «Эксимбанк» ашық акционерлік қоғамы нысанындағы акционерлік банк болып қайта құрылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 16 шілдедегі № 1815 (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 32, 350-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісі (Эксимбанк) туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 12 қыркүйектегі № 1017 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 39, 422-құжат).

³ Сонда

⁴ «Қазақстан Республикасының экономикасына шетел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қаңтардағы № 2035 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 4, 44-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісі мен мемлекеттік Даму банкіні қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 31 тамыздағы № 1144 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 28, 340-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 31 тамыздағы № 1208 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 161 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісін қайта құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 3 қазандағы 1413 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 789 іс).

Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі (Даму банкі) (1994–1995)

ҚР Президентінің **1994 ж. 6 қыркүйектегі** Жарлығымен құрылды¹.

Жарғыға сәйкес банк ҚР Үкіметі белгілеген елдің экономикасын басым дамытуға сәйкес тиімді инвестициялық жобаларға орта және ұзақ мерзімді несие беруді жүзеге асырған үкіметтік қаржы-несие институты болды. Сондай-ақ несие ресурстарының нысаналы және тиімді пайдаланылуына, өзі қаржыландыратын инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына жауапкершілік артты².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 21 қарашадағы** қаулысымен банк жарғысы бекітілді³.

Мамандандырылған мемлекеттік инвестициялық банк болып, ҚР банк жүйесіне кірді.

Банктің негізгі функциялары: елдің экономикалық дамуының Қазақстан Үкіметі айқындайтын басымдықтарына сәйкес тиімді инвестициялық жобаларды мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік арқылы тартылған қаржы ресурстары есебінен қаржыландыру және кредиттеу; ҚР алатын және кепілдік беретін орта мерзімді және ұзақ мерзімді шетелдік кредиттерге қызмет көрсету; ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарында көзделген және ҚР алатын, сондай-ақ кепілдік беретін орта мерзімді және ұзақ мерзімді шетелдік кредиттер есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың тиімділігі мен валюталық қайтымдылығына жеке сараптама жүргізу; өз қаражаты немесе тартылатын кредиттік ресурстар есебінен қаржыландырылатын жобаларды ұйымдастыру және сараптама жүргізу.

Өз функцияларын жүзеге асыру үшін банктің Басқармасы, Директораты және басқа құрылымдық бөлімшелері болды. Банкті басқарудың жоғарғы органы төраға басқаратын Басқарма болып табылды. Банктің жедел басқару органы атқарушы директор (банк басқармасы төрағасының бірінші орынбасары) басқаратын банк Директораты болып табылды. Алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында банк ҚР аумағында, сонымен қатар одан тыс жерлерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және дербес баланстары болмайтын филиалдарын (бөлімшелерін), өкілдіктерін құрды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 18 қаңтардағы** қаулысымен банктің Қазақстанның Үкіметі белгілеген елдің экономикалық дамуының басым салаларына сәйкес орташа және ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландыру және кредит беру жөніндегі **ҚР Үкіметінің** агенті; ҚР атынан ҚР алатын және кепілдік беретін шетелдік орташа және ұзақ мерзімді инвестициялық кредиттердің (халықаралық қаржы ұйымдарының, агенттіктердің, сондай-ақ шет

мемлекеттердің кредиттерін қоса) заемшысы және оның қызмет көрсету жөніндегі агенті; қайтарылмайтын негізде республика бюджетінде көзделген сома шегінде немесе **ҚР Жозарғы Кеңесі** белгілейтін лимит шегінде республика бюджетінің қаражаты есебінен өтелетін шетелдік кредиттерді тарта отырып, салынып жатқан басым әлеуметтік объектілер құрылысын бюджеттен қаржыландыруға қызмет көрсету жөніндегі агенті ретінде белгіленді⁴.

ҚР Президентінің **1995 ж. 18 тамыздағы** Жарлығына сәйкес өз қызметін тоқтатты⁵.

ҚР Президентінің **1995 ж. 21 тамыздағы** Жарлығымен банк **ҚР Мемлекеттік экспорт-импорт банкіне** қосылды⁶.

¹ «Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 6 қыркүйектегі №1849 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1994, № 37, 399-құжат).

² «Қазақстан Республикасының экономикасына шетел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қаңтардағы № 2035 Жарлығын қараңыз. Толықтырылған. (ҚР ПУАЖ, 1995, № 4, 44-құжат). – құрастырушылардың ескертпесі.

³ «Қазақстанның мемлекеттік Даму банкінің Жарғысын бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 21 қарашадағы № 1314 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 16 іс). ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 5 шілдедегі № 923 қаулысымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілді.

⁴ «Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 18 қаңтардағы № 59 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 3, 37-құжат).

⁵ «Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 6 қыркүйектегі №1849 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 18 тамыздағы № 2411 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 28, 329-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі мен Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 21 тамыздағы № 1144 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 28, 340-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік медетші банкі (1995–1998)

ҚР Президентінің **1995 ж. 29 наурыздағы** қаулысына сәйкес кемінде төрт жыл мерзімге құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинеті құрған мемлекеттік банк болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 29 наурыздағы** қаулысымен ҚР Медетші банкі экономиканың мемлекеттік секторының төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарына банкілік қызмет көрсетуді жүзеге асыратындығы және оларды қаржылық жағынан сауықтыру немесе осы кәсіпорындардың директивтік несиелері, бюджеттік несиелері мен бюджет алдындағы міндеттемелерінің басқа да түрлері бойынша оған беретін берешектері негізінде оларды тарату жөніндегі шараларды жүзеге асыру кезеңінде оларға мемлекет атынан бірден- бір несие беруші болып табылатындығы белгіленді².

Банктің негізгі функциялары: ҚР Медетші банкіне банкілік қызмет көрсетуге берілетін кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен санкциялаудың кешенді жоспарларын мақұлдау; ҚР Медетші банкіне берілетін кәсіпорындарды немесе олардың бөлімшелерін жекешелендіру жөнінде ұсыныстар енгізу; акционерлік банктерден, басқа да қаржы институттары мен беруші кәсіпорындардан ҚР Медетші банкіне банкілік қызмет көрсетуге берілетін кәсіпорындарға талап қағаздарын (қарыздарын) несие берушілермен жеке келісімдерде белгіленген шарттар бойынша сатып алу, соның ішінде **ҚР Қаржы министрлігінің** облигацияларына сатып алу; ҚР Медетші банкіне банкілік қызмет көрсетуге берілетін кәсіпорындарға несие беруші (олар Банкке жолын берген жағдайда) құқығын жүзеге асыру; ҚР Медетші банкіне банкілік қызмет көрсетуге берілетін кәсіпорындарға несие беру мен оларды қаржыландыру; ҚР Медетші банкіне банкілік қызмет көрсетуге берілетін кәсіпорындардың қаржылық жағынан сауықтыруға бөлінетін қаражаттың нысаналы пайдаланылуына тұрақты бақылау жасау, бұл мәселеде тәртіп бұзу айқындалған жағдайда кәсіпорындардың басшылығын ауыстыру туралы ұсыныстар енгізу құқығы болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 28 сәуірдегі** қаулысымен ҚР Медетші банкінің жарғысы бекітілді³.

Банк ҚР банкілер жүйесіне кірді және өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алды.

Банктің басқару органдары: жоғары басқару органы – банк кеңесі, атқарушы органы – банк басқармасы болып табылды. Жалпы басшылықты банк кеңесі жүзеге асырды. Банк басқармасы атқарушы орган болып табылды және банктің оперативті қызметіне басшылықты жүзеге асырды, оның нәтижелеріне жауап берді.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 22 маусымдағы** қаулысымен банк «Медетші қор» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды⁴. Мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган **ҚР Қаржы министрлігі** болып белгіленді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель – Алматы: «Эдельвейс», 2004. 439 б.

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 наурыздағы № 359 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 10, 122-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік Медетші банкінің Жарғысын бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 28 сәуірдегі № 581 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, 16. 178-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік медетші банкісінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 маусымдағы № 579 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1022 іс).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджеттік банкі (1996–1997)

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 6 ақпандағы** қаулысымен құрылды¹.

Банкке қатысты мемлекеттік басқару уәкілетті органы **ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық** болып белгіленді.

Банктің негізгі функциялары: ҚР мемлекеттік бюджетінің кассалық атқарылуы, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдар мен мекемелерге, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға, нысаналы қаржыландыру қорларына, зейнетақы қорына есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету; қаржы органдарымен бірлесіп бюджет қаржысының нысаналы пайдаланылуына алдын ала бақылауды жүзеге асыру; жалпы мемлекеттік салықтарды республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлу және оларды әртүрлі деңгейдегі бюджеттерге аудару болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 қазандағы** қаулысымен банк таратылды². Жекелеген функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкі құру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 6 ақпандағы № 167 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 7, 42-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 қазандағы № 1466 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 47, 438-құжат).

6.3 Сақтандыру саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі «Қазақинстрах» мемлекеттік компаниясы (Қазақинстрах) (1995–1998)

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 20 қаңтардағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен «Қазақинстрах» компаниясы туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес компания халықаралық экономикалық қатынастарда республиканың мүддесін білдірген және мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінде сақтандыру қызметін

көрсеткен, сондай-ақ іскерлік қызметпен айналысатын жекеменшік шетелдік субъектілердің сақтық қорғалуын қамтамасыз еткен мемлекеттік сақтандыру ұйымы болды.

Компания мүлікті жедел басқаруға құқылы коммерциялық емес мемлекеттік заңды ұйым болып табылды, ал оның жетімсіздігі жағдайында сақтандыру міндеттемесі бойынша мемлекет – ҚР Үкіметі мүліктік жауапкершілікте болды. **ҚР Үкіметі** атынан компанияның құрылтайшысы **ҚР Қаржы министрлігі** болды.

Компания қызметінің басты бағыты ҚР-на белсенді түрде тарту мақсатында шетелдік инвестицияларды сақтандыру, осы қызметті жүзеге асырған шаруашылық жүргізуші субъектілерді (отандық, сондай-ақ шетелдік) тиісті түрде сақтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында сыртқы экономикалық қызмет саласында сақтандыру қызметінің нарығын ұйымдастыру, сондай-ақ шетел валютасында сақтандырудың өзге де түрлерін жүзеге асыру болды.

Компанияның басқару органдары Әкімшілік кеңес және Директорат болып табылды. Әкімшілік кеңес мүшелерін ҚР Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша **ҚР Министрлер Кабинеті** тағайындады. Директоратты бір мезгілде компания Әкімшілік кеңесінің төрағасы – «Қазақинстрах» компаниясының президенті болып табылатын бас директор басқарды.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 17 тамыздағы** қаулысымен компания жарғы капиталында мемлекеттің жүз пайыздық үлесімен қатысуымен жабық акционерлік қоғам болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі «Қазақинстрах» мемлекеттік компаниясын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 20 қаңтардағы № 71 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 3, 41-құжат).

² «Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі «Қазақинстрах» мемлекеттік компаниясын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 20 қаңтардағы № 71 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 3, 41-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі «Қазақинстрах» мемлекеттік компаниясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 17 тамыздағы № 776 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1029 іс).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыру департаменті (1994–1995)

ҚР Президентінің **1994 ж. 16 сәуірдегі** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент сақтандыру қызметін реттеуді, сақтандыру туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырған және сақтанушылардың, сақтандырушылардың, үшінші бір тұлғалардың және мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы өкімет мемлекеттік органы болды.

Сақтандыру департаменті сақтандыру қызметін қадағалау мен реттеуге байланысты мәселелер бойынша халықаралық қатынастарда ҚР мүдделерін білдірді, сақтандыру мәселелері бойынша халықаралық шарттар мен келісімдер әзірлеуге қатысты, басқа мемлекеттердің осындай мекемелерімен қатынас жасады, Қазақстанның сақтандыру компанияларының халықаралық ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесті.

Департамент мынадай функцияларды атқарды: сақтандырушыларға сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиялар береді; сақтандырушылардың есебін, олардың бірлестіктері мен сақтандыру Делдалдарының тізілімін жүргізеді; сақтандыру тарифтерінің негізділігіне және сақтанушылардың қаржылық тұрақтылығының Қамтамасыз етілуіне бақылау жасайды; сақтандыру резервтерін Қалыптастыру және орналастыру ережелерін, сақтандыру операцияларын есепке алудың және сақтандыру қызметі туралы есеп берудің көрсеткіштері мен нысандарын белгілейді; ҚР аумағында сақтандыруды ұйымдастыруға және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға қатысатын барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауына міндетті, өзінің құзырына жататын сақтандыру қызметінің мәселелері бойынша нормативті-әдістемелік құжаттар әзірлейді және бекітеді, оның ішінде сақтандырушының төлем қабілетін қамтамасыз ету үшін оның

активтері мен қабылдаған міндеттемелерінің ара-қатынасының есебін жасаудың әдістемелігін айқындайды және олардың нормативтік мөлшерлерін белгілейді. Сақтандыру қызметінің іс-тәжірибесін қорытады, сақтандыру туралы заңды жетілдіру жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар әзірлейді және оларды табыс етеді.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен департамент **ҚР Мемлекеттік сақтандыру қадағалауы** болып қайта құрылды³.

¹ «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 16 сәуірдегі № 1658 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 18, 177-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 443-б.

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы №2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауы (Мемсақтандыруқадағалау) (1995–1997)

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Қаржы министрлігінің Сақтандыру департаментінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен Мемсақтандыруқадағалау туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес Мемсақтандыруқадағалау сақтандыру қызметін мемлекеттік қадағалауды, сақтандыру туралы заңдардың бұлжымауына бақылауды жүзеге асыратын және сақтанушылардың, сақтандырушылардың, үшінші жақ пен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган болды.

Мемсақтандыруқадағалаудың негізгі міндеттері: сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік сақтандыруды қадағалауды жүзеге асыру; сақтандыру қызметі саласында белгіленген тәртіппен мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу; сақтандыру мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарды әзірлеуге және жүзеге асыруға, сондай-ақ ҚР сақтандыру компанияларының басқа елдердің сақтандыру ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастығын дамытуға белгілеген тәртіп бойынша атсалысуға қатысу болды.

Мемсақтандыруқадағалау орталық аппаратының құрылымы: басшылық; сақтандыру қызметін лицензиялау және бақылау басқармасы; қаржы-шаруашылық бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен Мемсақтандыруқадағалау орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; сақтандыру қызметін лицензиялау және бақылау басқармасы; қаржы-шаруашылық бөлімі³.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен Мемсақтандыруқадағалау таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы №2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды бақылаудың мәселелері» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы №1803 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №38, 495-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды бақылаудың орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 желтоқсандағы №1549 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 481 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы №3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті
(1997–1998)

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауы** таратылуына байланысты құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 маусымдағы** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент сақтандыру қызметін қадағалауды, сақтандыру туралы заңдардың орындалуына бақылауды жүзеге асыратын және сақтанушылардың, сақтандырушылардың және сақтандыру қатынастарынан туындайтын өзге де адамдардың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз еткен мемлекеттік орган болып табылды.

Департаменттің негізгі міндеттері: сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік сақтандыруды қадағалауды жүзеге асыру; сақтандыру қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жасауға қатысу; сақтандыру мәселелері жөніндегі халықаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ Қазақстанның сақтандыру ұйымдарының басқа елдердің сақтандыру компанияларымен халықаралық ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен департамент туралы жаңа ереже бекітілді. Органның құқықтық мәртебесі мен негізгі функциялары өзгертілмеді³.

ҚР Президентінің **1998 ж. 30 маусымдағы** Жарлығымен департамент таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Ұлттық Банкіне** берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 маусымдағы № 1006 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 253-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1780 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 54, 497-құжат).

⁴ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі онтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

6.4 Салық салу саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік салық инспекциясы
(1991–1992)

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 9 қыркүйектегі** қаулысымен Қазақ КСР Бас мемлекеттік салық инспекциясы ретінде құрылды¹.

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 9 қыркүйектегі** қаулысымен Мемлекеттік салық инспекциясы туралы ереже бекітілді².

Қазақ КСР Мемлекеттік салық қызметінің органдары (Қазақ КСР Бас мемлекеттік салық инспекциясы, сондай-ақ облыстар, аудандар, қалалар және қала аудандары бойынша мемлекеттік салық инспекциялары) Қазақ КСР Қаржы министрлігі мен Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Баға комитетінің сәйкес бөлімшелері, сондай-ақ сәйкес мемлекеттік салық инспекциялары және Халық депутаттары кеңестерінің сәйкес атқару комитеттерінің баға бөлімдері бөлімшелерінің негізінде құрылды. Бас мемлекеттік салық инспекциясы экономикалық басқару органдарына жатқызылды.

Бас мемлекеттік салық инспекциясы Қазақ КСР Президентіне тікелей, ал республиканың мемлекеттік салық инспекциялары – тек жоғарғы инспекцияларға бағынды.

Бас мемлекеттік салық инспекциясы мемлекеттік салық инспекцияларының жұмысын басқарды және мынадай функциялар атқарды: мемлекеттік салық инспекцияларының салық және бюджет пен бюджеттен тыс қорларға түсетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңдардың,

сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен шұғылдану тәртібінің сақталуын, мемлекеттік баға мен тарифтердің дұрыс қолданылуын бақылау жөніндегі жұмысын тікелей жүргізеді және ұйымдастырады; салық заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, олардың жұмысына қатысу; салық және бюджетке түсетін басқа да төлемдер жөніндегі заң актілерін қолдану тәртібі туралы нұсқамалық, әдістемелі нұсқаулар және басқа да нормативтік құжаттар әзірлеу және басып шығару; министрліктерде, ведомстволарда, мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындарда мекемелерде және ұйымдарда ақша жөніндегі құжаттарды, бухгалтерлік кітаптарды, есептерді, жоспарларды, сметаларды, декларацияларды және салықты және бюджетке түсетін басқа да төлемдерді есептеуге және төлеуге байланысты басқа құжаттарды тексереді; мемлекеттік салық инспекцияларының жұмысын ұйымдастырады; басқарудың барлық деңгейінде салық инспекцияларының жұмысын зерттеп, оның ұйымдастырылуын тексереді, олардың нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктер мен бұрмалаушылықтарды жою жөнінде шаралар қолданады.

ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен ҚР Вице-Президентіне Бас мемлекеттік салық инспекциясы қызметін үйлестіру құқығы берілді³.

ҚР Президентінің **1992 ж. 12 қарашадағы** Жарлығымен ҚР Бас мемлекеттік салық инспекциясы, облыстар, аудандар, қалалар мен қала аудандары бойынша мемлекеттік салық инспекциялары **ҚР Қаржы министрлігінің** құрылымына кірді⁴. ҚР Бас мемлекеттік салық инспекциясы **ҚР Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы** болып қайта аталды.

¹ «Қазақ КСР Мемлекеттік салық қызметі жұмысының мәселелері» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 9 қыркүйектегі №520 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, №21, 151-құжат).

² «Қазақ КСР Мемлекеттік салық қызметі жұмысының мәселелері» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 9 қыркүйектегі №520 қаулысына қосымша (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, №21, 151-құжат).

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы №600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, №4, 54-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Қаржы, салық және кеден қызметтерін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 12 қарашадағы №963 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, №42, 619-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы (1992–1996)

ҚР Бас мемлекеттік салық инспекциясының қайта аталуының және оны, сондай-ақ облыстар, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандардың мемлекеттік салық инспекцияларын **ҚР Қаржы министрлігінің** құрылымына енгізілуінің нәтижесінде ҚР Президентінің **1992 ж. 12 қарашадағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Президентінің **1995 ж. 24 сәуірдегі** Заң күші бар Жарлығымен ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңы қабылданды². Онда салық қызметінің негізгі міндеттері, оның мәртебесі мен құрылымы бекітілді.

Салық қызметі ҚР салық заңнамасының және мемлекеттік бюджетіне төлемдердің түсуін көздейтін басқа да заң және өзге актілердің сақталуына бақылау жасайтын бірден-бір орталықтандырылған мемлекеттік орган болып табылды. Тек салық қызметінің органдары ғана салықты енгізудің және басқа бюджетке міндетті төлемдердің толықтығы мен уақтылығына мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз етуге уәкілетті болды.

Салық инспекциясының негізгі міндеттері: салық заңдарының орындалуын қамтамасыз ету, оның тиімділігін зерделеу; заңнаманың, салық салу мәселелері жөнінде басқа мемлекеттермен жасалатын шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысу; салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық заңдары мен салық салу жөніндегі нормативті актілердегі өзгерістер туралы салық төлеушілерге уақтылы хабарлап отыру.

Салық қызметі ҚР Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясынан және облыстардағы, аудандардағы, қалалар мен қаладағы аудандардағы мемлекеттік салық инспекциясынан тұрды. Салық қызметінің құрылымында ҚР Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының салық

полициясы басқармасынан, облыстардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы салық инспекцияларының салық полицияларынан тұратын салық полициясы органы жұмыс істеді.

Облыстардағы, аудандардағы, қалалар мен қаладағы аудандардағы мемлекеттік салық инспекциялары жоғары тұрған салық қызметі органына бағынды. Барлық деңгейдегі салық қызметі органдары заңды тұлғалар болып табылды.

ҚР Президентінің *1996 ж. 14 қыркүйектегі* Жарлығына және *ҚР Қаржы министрлігінің* ҚР Қаржы министрлігі мен *ҚР Мемлекеттік салық комитетіне* бөліну жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты Бас салық инспекциясы өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасының қаржы, салық және кеден қызметтерін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 12 қарашадағы №963 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, № 42, 619-құжат).

² «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 24 сәуірдегі № 2235 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 6, 43-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 14 қыркүйек № 3113 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 36, 339-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті (1996–1997)

ҚР Президентінің *1996 ж. 14 қыркүйектегі* Жарлығымен *ҚР Қаржы министрлігінің* ҚР Қаржы министрлігі және ҚР Мемлекеттік салық комитеті болып бөліну арқылы қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 27 қыркүйектегі* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес ҚР Мемлекеттік салық комитеті барлық деңгейдегі бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуына жауап берген, сондай-ақ салық заңнамасы мен салық мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілердің сақталуына бақылауды; салық және басқа да міндетті төлемдердің дұрыс есептелуін, олардың бюджетке толығымен және уақтылы енгізілуін қамтамасыз етуге бақылауды; салық төлеуден жалтару немесе мемлекет алдында бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді орындамауға байланысты іс жүргізуді жүзеге асырған, ҚР Үкіметінің құрамына кірген орталық атқарушы орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілген мөлшер мен сомада толығымен және уақтылы түсуін қамтамасыз ету; салық заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету, оның тиімділігін зерделеу; салық заңдарын бұзуға байланысты қылмыстарды болдырмау, анықтау және тергеу; салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық заңдары мен салық салу жөніндегі нормативті актілердегі өзгерістер туралы салық төлеушілерді уақтылы хабарландырып отыру; салық қызметі органдарының жұмысына басшылықты жүзеге асыру.

Комитеттің жоғарыдан төмен қарай бағыныстағы облыстық, қалалық және аудандық басқармалар мен бөлімдерден тұрған органдары болды. Салық қызметінің құрылымында жоғарыдан төмен қарай бағыныстағы және ҚР Мемлекеттік салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасынан, облыстар және Алматы қаласы бойынша салық полициясы басқармаларынан және аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша оларға тікелей бағынысты салық полициясы бөлімдерінен тұратын салық полициясы органдары қызмет істеді.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 14 қазандағы* қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; салық полициясы бас басқармасы; ұйымдастыру-әдістемелік бас басқармасы; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бас басқарма; заңды тұлғалардың табысына салық салу басқармасы; жеке тұлғалардың табысына салық салу басқармасы; жанама салықтарға әкімшілік ету басқармасы; жер қойнауын пайдаланушыларға және инвестициялық контрактілерге салық салу басқармасы; жергілікті салықтарға және салықтық емес төлемдерге әкімшілік ету басқармасы; салық органдарын құқықтық қамтамасыз ету және салық заңдарын

насихаттау басқармасы; кадр басқармасы; салық органдарын компьютерлендіру басқармасы; салық түсімдерін есепке алу және ағымдық талдау бөлімі; халықаралық салық келісімдері бөлімі³.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; салық полициясы бас басқармасы; ұйымдастыру-әдістемелік бас басқармасы; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бас басқарма; заңды тұлғалардың табысына салық салу басқармасы; жеке тұлғалардың табысына салық салу басқармасы; жанама салықтарға әкімшілік ету басқармасы; жер қойнауын пайдаланушыларға және инвестициялық контрактілерге салық салу басқармасы; жергілікті салықтарға және салықтық емес төлемдерге әкімшілік ету басқармасы; салық органдарын құқықтық қамтамасыз ету және салық заңдарын насихаттау басқармасы; кадр басқармасы⁴.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Мемлекеттік салық комитеті таратылды⁵. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 14 қыркүйектегі № 3113 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 36, 339-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 қыркүйектегі №1181 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 39, 371-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 14 қазандағы № 1258 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 468 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1652 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 484 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (1) (1997–1998)

ҚР Мемлекеттік салық комитетінің таратылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығына сәйкес құрылды¹. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 8 шілдедегі** қаулысымен Салық комитеті туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Салық комитеті салық заңдары мен мемлекеттік бюджетке төлемдердің, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, Міндетті медициналық сақтандыру қорларына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар мен аударымдардың түсуін көздейтін басқа да заң актілерінің негізінде барлық деңгейдегі бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуы үшін жауаптылықта болған мемлекеттік орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік бюджетке салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, Міндетті медициналық сақтандыру қорларына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар мен аударымдардың уақытында және толық түсуін қамтамасыз ету; басқа мемлекеттермен салық салу мәселелері жөніндегі заңдардың, шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысу; салық заңдарының атқарылуын қамтамасыз ету, оның тиімділігін зерделеу; салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық заңдары мен салық салу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің өзгергендігі туралы салық төлеушілерді уақтылы хабарландырып отыру.

Салық комитеті ҚР Қаржы министрлігінің бірыңғай жүйесіне кірді және облыстар мен Алматы қаласы бойынша, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінен тұратын тік бағыныстағы органдары болды. Салық комитеті өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде арнайы атқару және бақылау функцияларын, сондай-ақ аумақтық салық органдарының жұмыстарын үйлестіруді және оларға басшылықты жүзеге асырды.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 желтоқсандағы* қаулысымен Салық комитеті туралы жаңа ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес Салық комитеті және оның аумақтық органдары ҚР Қаржы министрлігінің бірыңғай жүйесіне кірді және тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілген мөлшерде және сомада салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің толық және уақтылы түсуі үшін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуы үшін жауап берген мемлекеттік органдар болды.

Комитеттің негізгі міндеттері біршама өзгерді және толықтырылды: комитетке міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын қамтамасыз ету міндеті бекітілді. Тағы бір міндет қосылды: салықтарды, мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді төлемеуге байланысты фактілерді немесе заңды және жеке тұлғалардың салықтардың және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің түспеуіне немесе толық түспеуіне байланысты мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан, кірістерін жасыру немесе кеміту, салық салу объектілерін жасыру мақсатында жасалған әрекеттерін анықтау, сондай-ақ мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді орындалуын қамтамасыз ету.

Комитеттің жүйесіне кіретін аумақтық органдардың қатарына басқалармен бірге Ақмола қаласы бойынша Салық комитеті жатқызылды.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 29 сәуірдегі* қаулысымен Салық комитетінің құрылымы бекітілді: ұйымдастыру-инспекторлық басқарма; бақылау-талдама басқармасы; салық жинау әдіснамасы басқармасы; салық аудит басқармасы; салық төлеушілермен жұмыс істеу жөніндегі басқарма; ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы⁴.

ҚР Қаржы министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1998 ж. 12 қазандағы* Жарлығымен Салық комитетінің функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері жаңа құрылған *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне* берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 8 шілдедегі № 1076 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 31, 281-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1791 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 56, 510-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 29 сәуірдегі № 395 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 13, 113-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті (1998–1999)

ҚР Президентінің *1998 ж. 12 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Қаржы министрлігінің* қайта ұйымдастырылуының және *ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің* функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне* берілуінің нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 20 қазандағы* қаулысымен Салық комитеті министрлік құрылымына заңды тұлға құқығында кірді².

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 25 ақпандағы* қаулысымен министрліктің жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты Салық комитеті өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 20 қазандағы № 1070 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 37, 338-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 ақпандағы № 173 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1244 іс).

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік салық комитетінің
Салық полициясы бас басқармасы
(1996–1997)

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 27 қыркүйектегі* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 25 қарашадағы* қаулысымен *ҚР Мемлекеттік салық комитетінің* салық полициясы органдары туралы Уақытша ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес салық полициясы ҚР салық қызметінің құрамында мемлекеттің мамандандырылған орталықтандырылған құқық қорғау органы болып табылды және өз қызметін салық салу саласында елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырды.

Салық полициясының негізгі міндеттері: салық заңнамасының бұзылу фактілерін жинау, талдау және бағалау, салықтық құқық бұзуға және қылмыс жасауға апаратын себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу; салықтарды төлеуге байланысты немесе заңды және жеке тұлғалардың табыстарды кірістерді жасыру және азайтып көрсету, салық салынатын объектілерді жасыру мақсатында жасалған қылмыстарды және басқа құқық бұзушылықтарды салық төлеуден және бюджетке төленетін басқа да төлемдерден жалтаруды, сондай-ақ салықтар мен өзге де төлемдердің бюджетке түспеуіне немесе толық түспеуіне байланысты мемлекетке шығын келтіруге әкеліп соқтыратын өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу; салық қызметі жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның қызметкерлерін қызметтік міндеттерін атқару кезінде қылмыскерлік және басқа да құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау; салық қызметі органдарында жемқорлықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу; салық төлеуден жалтарған жеке және заңды тұлғаларды іздестіруді жүзеге асыру; салықтық қылмыстарға және құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізу мәселелері бойынша құқық қорғау, бақылау жасау және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау; салықтық құқық бұзушылық пен қылмыскерлік бойынша мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру жөнінде өз құзыретінің шегінде шаралар қолдану.

Салық полициясының бірыңғай жүйесін Мемлекеттік салық комитеті Салық полициясының бас басқармасы және салық полициясы органдарының алдында тұрған міндеттерді орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын оған бағынысты аумақтық және мамандандырылған органдар құрды.

Салық полициясы органдарының қылмыстық-процессуалдық және жедел іздестіру жұмыстарынан басқа қызметіне басшылықты ҚР Мемлекеттік салық комитетінің Төрағасы жүзеге асырды.

Салық полициясының бас басқармасы: салық басқармасы органдарының жүйесі бөлімшелерінің қызметіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырды; салық полициясы органдарының негізгі бағыттар бойынша қызметін үйлестіруді және оның келісімділігін қамтамасыз етті; салық полициясы бөлімшелерінің заңдарды және басқа нормативтік құқықтық актілерін қолдану тәжірибесін зерделеді және қорытады, оларды қолдану жөнінде бұйрықтар мен әдістемелік нұсқаулар шығарды; қызметтің негізгі бағыттары бойынша бағалаудың өлшемдерін белгіледі және ұсыныстар әзірледі; ведомстволық мәліметтер мен статистикалық көрсеткіштерге талдау жүргізді; салық полициясы қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырды; салық полициясы қызметкерлерін арнаулы есепке алуды жүзеге асырды; салықтық құқық бұзушылықтарға және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша салықтық қызмет органдарының атынан іс-қимыл жасады.

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен таратылған ҚР Мемлекеттік салық комитетімен бірге Салық полициясының бас басқармасы өз қызметін тоқтатты³. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Қаржы министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 қыркүйектегі № 1181 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 39, 371-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің салық полициясы органдары туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 25 қарашадағы № 1436 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 478 іс).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті
(ҚР Қаржы министрінің Салық полициясы департаменті)
(1997–1998)

ҚР Президентінің **1997 ж. 22 сәуірдегі** Жарлығымен **ҚР Қаржы министрлігінің Салық полициясы бас басқармасының** негізінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 29 тамыздағы** қаулысымен департамент және оның аумақтық органдары туралы ереже бекітілді².

Департамент **ҚР Қаржы министрлігінің** салық қызметі құрылымындағы құқық қорғау органдарының орталықтандырылған жүйесін құрайтын және қызметін елдің салық салу саласындағы экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыратын салық полициясы органдарына басшылық жасады.

Департаменттің негізгі міндеттері: салық заңдарының бұзылу фактілерін жинау, талдау және оларға баға беру, салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу; заңды және жеке тұлғалардың салық төлемеумен байланысты не табыстарды бүркемелеу немесе азайтып көрсету, салық салу объектілерін жасыру мақсатында жасаған қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің түспеуіне немесе жеткілікті түрде түспеуіне байланысты мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу, сондай-ақ мемлекеттің алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету; салық төлеуден және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындаудан жалтарған тұлғаларды іздестіруді жүзеге асыру; салықтық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу мәселелері бойынша құқық қорғау, бақылаушы және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау; салықтық құқық бұзушылықтармен және қылмыстармен мемлекетке келтірілген зиянның орнын толтыру жөнінде өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау.

Салық полициясы органдарының жүйесін ҚР Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті, оған бағынысты аумақтық органдар, оқу орындары және басқа департаменттің тікелей қызметін қамтамасыз етуге қажетті бөлімшелер құрады.

Департаменттің қылмыстық-іс жүргізу және жедел-іздестіруден басқа қызметіне жалпы басшылықты ҚР Қаржы министрі жүзеге асырды.

Салық полициясының департаменті басқармадан, дербес бөлімдерден, бөлімшелерден және департаменттің қызметін қамтамасыз еткен құрылымдардан тұрды.

Салық полициясының аумақтық органдарына Салық полициясы департаментінің облыстар, республика астанасы бойынша басқармалары, Салық полициясының аудандар, қалалар және қалалар аудандары бойынша аймақтық, ауданаралық бөлімдер жатты. Аумақтық органдар жергілікті атқарушы органдары жүйесіне кірмеді және департаментке тікелей бағынды.

ҚР Президентінің **1998 ж. 6 мамырдағы** Жарлығымен департамент таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитетіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 16, 125-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 29 тамыздағы № 1308 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 40, 378-құжат).

³ «Экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің пәрменділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 6 мамырдағы № 3935 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 14, 115-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті
(1998)

Таратылған *ҚР Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті* мен *ҚР Ішкі істер министрлігінің Экономикалық полициясы департаментінің* базасында ҚР Президентінің *1998 ж. 6 мамырдағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 22 мамырдағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет жедел-ізвестіру қызметін, алдын ала жүргізілетін әкімшілік тексеру, алдын ала тергеу және осылардан шығатын функцияларды жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: салықты төлемеу немесе мемлекет алдындағы өзге де қаржылық міндеттемелердің орындалмауына байланысты қылмыстарды сақтандыру, анықтау және тергеу; мемлекетке зиян келтіретін өзге де экономикалық қылмыстар мен құқық бұзушылықтармен күресу; экономикалық қылмыстармен күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; экономикалық қылмыспен күрес саласында халықаралық ынтымақтастық.

Жедел ізвестіру және қылмыстық-іс жүргізу қызметінен басқа комитеттің жалпы басшылығын ҚР Қаржы министрлігі жүзеге асырды. Комитет өзіне жүктелген міндеттерді орындай отырып, оған бағынысты аумақтық органдарға және Салық полициясы академиясына басшылықты қамтамасыз етті.

Комитеттің құрылымы: басшылық; бас оперативті басқармасы; бас тергеу басқармасы; бас ұйымдастыру-құқықтық басқармасы; ішкі қауіпсіздік басқармасы; хатшылық (басқару құқығында); кадрлар басқармасы; қаржы-шаруашылық басқармасы; кезекші бөлімі; жедел-техникалық бөлімі.

ҚР Президентінің *1998 ж. 12 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Қаржы министрлігінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Қаржы министрлігі Салық полициясы комитетінің функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері жаңа құрылған *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне* берілді³.

¹ «Экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің пәрменділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 6 мамырдағы № 3935 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 14, 115-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 22 мамырдағы № 465 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 15, 132-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Салық полициясы комитеті
(1998–2001)

ҚР Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитетінің функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне* берілу арқылы қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1998 ж. 12 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 25 ақпандағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР заңнамасымен комитет құзыретіне жатқызылған жедел-ізвестіру қызметі, анықтау мен алдын ала тергеу жүргізу саласындағы арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеме болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: салықтарды төлемеумен және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді орындамаумен байланысты қылмыстардың алдын алу, бетін ашу және тергеу; мемлекетке зиян келтірген экономикалық қылмыстарға және құқық бұзушылықтарға

қарсы күрес; экономикалық қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; өз құзыретінің шегінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстардың алдын алу, анықтау және жолын кесу; экономикалық қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жедел басқару бас басқармасы; бас тергеу басқармасы; ұйымдастыру-құқықтық бас басқармасы; ішкі қауіпсіздік басқармасы; хатшылық (басқарма құқығында); кадр басқармасы; қаржы-шаруашылық басқармасы; кезекші бөлім (бөлім құқығында); жедел-техникалық бөлім.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен³ комитеттің құқықтық статусы белгіленді: комитет туралы ережеде⁴ «функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген мемлекеттік мекеме» деген сөздер «арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің ведомствосы» сөздерімен ауыстырылды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 18 тамыздағы** қаулысымен Салық полициясының академиясы құрылды⁵. Оның негізгі міндеттері: салық полициясы мен кеден қызметі органдары үшін жоғары білімді мамандар даярлау; салық полициясы мен кеден қызметі органдарының басшы кадрлары мен қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру; ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау; экономикалық қылмысқа қарсы күрестің өзекті проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Академияны жалпы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган комитет болып айқындалды.

ҚР Президентінің **2001 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен комитет таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері осы қаулымен құрылған **ҚР Қаржы полициясы агенттігіне** берілді⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 ақпандағы № 173 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1244 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 ақпандағы № 173 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1244 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақмола заң колледжін» «Салық полициясы академиясы» мемлекеттік мекемесі деп қайта атау туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 18 тамыздағы № 1184 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 41, 363-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 22 қаңтардағы №536 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1-2, 2-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (2) (2002–2014)

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 3 қыркүйектегі** қаулысымен² құрылды.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 9 қазандағы** қаулысымен салық комитеті туралы ереже бекітілді³.

ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық комитеттер – мемлекеттік мекемелері ҚР Қаржы министрлігі салық комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық комитеттері – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Ережеге сәйкес Салық комитеті «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне (Салық Кодексіне) сәйкес мемлекет алдындағы салық

міндеттемелерінің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз етуге уәкілетті, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімін, міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын **ҚР Қаржы министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық комитеттері кіретін заңды тұлғалар болып табылатын аумақтық органдары болды.

Комитет және оның аумақтық органдары салық қызметі органдарының бірыңғай құрылымын құрады.

Салық комитетінің негізгі міндеттері: өз құзыреті шегінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсу толықтығын, міндетті зейнетақы жарналарын аударудың толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету; салық төлеушінің салық міндеттемелерін орындауына салықтық бақылауды жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болды.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен салық комитеті туралы ережеге өзгерту енгізілді: комитеттің аумақтық органдарының қатарына аймақаралық салық комитеттері енгізілді⁴. «ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің № 1 аймақаралық салық комитеті мемлекеттік мекемесі» құрылды.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 30 қыркүйектегі** қаулысымен Салық комитеті туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁵. Комитеттің негізгі міндеттеріне қосымша мынадай міндеттер енгізілді: этил спирті мен алкоголь өнімдерін және темекі өнімдерін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 маусымдағы** қаулысымен комитеттің мынадай құрылымы бекітілді: басшылық; ірі салық төлеушілерге әкімшілік жүргізу және мониторингі басқармасы; салықтық әкімшілік жүргізу басқармасы; әдіснама басқармасы; халықаралық салық салу басқармасы; ішкі жұмыстар басқармасы; кірістерді талдау және ағымдағы болжау басқармасы; ақпараттық технологиялар басқармасы; ұйымдастыру-қаржылық қамтамасыз ету басқармасы; салық апелляциялары басқармасы; өндірістік емес төлемдер басқармасы; заң басқармасы; акциздерге әкімшілік жүргізу басқармасы⁶.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен Салық комитеті туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁷.

Салық комитеті өз құзыреті шегінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы аударылуын қамтамасыз ету саласындағы іске асырушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ҚР Қаржы министрлігінің ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық түсуін, міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы аударылуын қамтамасыз ету; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінде (Салық кодексінде) белгіленген тәртіпте салық бақылауын жүзеге асыру; этил спирті мен алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету; ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Комитеттің заңды тұлғалар болып табылатын аумақтық органдары бар, оларға мыналар жатады: аймақаралық салық комитеттері; облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша

салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, аудан, қала және қаладағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық комитеттері.

Комитет және оның аумақтық органдары салық қызметі органдарының бірыңғай құрылымын құрды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; әкімшілендіру және ірі салық төлеушілердің мониторингі басқармасы; салықтық әкімшілендіру басқармасы; әдістеме басқармасы; халықаралық салық салу басқармасы; ішкі жұмыстар басқармасы; кірістерді талдау және ағымдағы болжау басқармасы; ақпараттық технологиялар басқармасы; ұйымдастыру-қаржылық қамтамасыз ету басқармасы; салық апелляциялары басқармасы; өндірістік емес төлемдер басқармасы; заң басқармасы; акциздерге әкімшілендіру басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 3 қазандағы** қаулысымен «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы қызмет еткен кезеңде аталған аумақта ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің «Оңтүстік» Салық комитеті» мемлекеттік мекемесі құрылды⁸. Сәйкес толықтырулар Салық комитетінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесіне де енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 7 қыркүйектегі** қаулысымен комитеттің құрылымы мамандандырылған бөліммен толықтырылды⁹.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 24 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері қайта аталды (облыстық комитеттер – облыстық департаменттер, қалалық және аудандық комитеттер – қалалық және аудандық басқармалар болып)¹⁰. Комитеттің аумақтық органы – «ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің №1 Өңіраралық салық комитеті» мемлекеттік мекемесі таратылды. Мемлекеттік мекеменің таратылғаннан кейін мүлкін басқару өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетіне берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 қаңтардағы** қаулысымен мыналар: министрліктің Салық комитетінің «Астана – жаңа қала» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық департаментінің «Астана – жаңа қала» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитетінің «Бурабай» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің «Бурабай» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитетінің «Ақтау теңіз порты» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Салық департаментінің «Ақтау теңіз порты» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитетінің «Оңтүстік» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің «Оңтүстік» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитетінің «Ақпараттық технологиялар паркі» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Алматы қаласы бойынша Салық департаментінің «Ақпараттық технологиялар паркі» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Салық комитеті Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Щучье ауданы бойынша Салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі министрліктің Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Бурабай ауданы бойынша Салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі; министрліктің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Щучье аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі министрліктің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бурабай аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды. Тиісті толықтыру министрлік комитетінің аумақтық органдарының тізбесіне енгізілді¹¹.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетін біріктіру жолымен **ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті** болып қайта ұйымдастырылды¹².

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 3 қыркүйектегі № 962 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 29, 322-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы министрлігі Салық комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 9 қазандағы № 1102 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 33, 359-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің «№ 1 Аймақаралық салық комитеті» мемлекеттік мекемесін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 31 қаңтардағы № 114 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2003, № 4, 54-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30 қыркүйектегі № 1004 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2003, № 39, 414-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерін қайта атау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 маусымдағы № 695 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2004, № 328, 25-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1127 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2004, № 42, 536-құжат).

⁸ «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақ аумағында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің «Оңтүстік» Салық комитеті» мемлекеттік мекемесін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 3 қазандағы № 990 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2005, № 37, 512-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінде мамандандырылған бөлім құрудың кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 7 қыркүйектегі № 852 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2006, № 34, 365-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі № 387 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2008, № 22, 205-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 қаңтардағы № 42 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2010, № 8, 98-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL<https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1400000933/14.08.2014> (жүгінген күні: 30.12.2024).

6.5 Мемлекеттік мүлік және мемлекеттік кірістерді басқару органдары

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті (1993–1995)

ҚР Президентінің *1993 ж. 5 наурыздағы* Жарлығымен республикалық және коммуналдық меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік органдардың **ҚР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті** мен мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттерден тұратын жүйе құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басқаратын ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болып табылды².

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 18 маусымдағы* қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес мемкомитет ҚР меншігі жөнінде мемлекет мүдделерін білдіруге және ҚР мемлекеттік меншігін (ҚР ерекше меншігі болып табылатын объектілерден басқа) иелену, пайдалану және оған өкімдік ету жөніндегі құқықтарды жүзеге асыруға уәкілдік берілген орган болды.

Мемкомитеттің негізгі функциялары: республиканың мүліктік құқылары мен мүдделерін қорғау; мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар мүлкі иесінің, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың, басқа да шаруашылық қоғамдары мен серіктестерінің мүлкіндегі мемлекет үлесінің заңдылығын жүзеге асыру; қажет болған жағдайда баланстан тиімсіз пайдаланылатын ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да негізгі қорларды мемлекеттік кәсіпорындардың балансына беру туралы шешім қабылдау; меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру, мемлекеттік кәсіпорындарды жеке және аралас меншік түрлеріне негізделген кәсіпорындарға айналдыру; мемлекеттік акционерлік, соның ішінде холдинг компанияларын құру; халықтың инвестициялық купондарымен жұмысты лицензиялық негізде жүзеге асыратын инвестициялық жекешелендіру қорларын құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мемлекеттік меншікті өзгерту мәселелерін реттейтін заңдық және нормативтік актілерінің жобаларын әзірлеуге қатысу мемлекет иелігінен алынуға және жекешелендірілуге жататын мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін сараптау мен құнын бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру кезінде сатушы функцияларын жүзеге асыру; мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі жұмысты жүргізуге

лицензиялар беру; мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу және т.б. болды.

Мемкомитет және оның аумақтық органдары мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүзеге асырушы төменгі аумақтық бөлімшелер жоғарғы бөлімшелерге бағынатын біртұтас жүйені құрады.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 9 шілдедегі** қаулысымен **ҚР Мемлекеттік жекешелендіру қоры** туралы ереже бекітілді⁴. Қор Мемкомитеттің тапсырма бойынша жекешелендіру барысында жекешелендіруші купондарға құрылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер акцияларының (жарналарының, үлестерінің) мемлекеттік пакетін сату жөніндегі купондық аукциондардың ұйымдастырылуын және жүргізілуін жүзеге асырған мемлекеттік орган болып табылды. Қор жаппай жекешелендіру барысында инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметіне бақылау жасалуын қамтамасыз етті.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 25 тамыздағы** қаулысымен мемкомитеттің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; басшылық жанындағы аппарат; әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін жекешелендіру мен мүлік жалдаудың жетекші басқармасы; өнеркәсіп, көлік, отын-энергетика және қорғаныс кешендері кәсіпорындарын жекешелендірудің жетекші басқармасы; жетекші заң басқармасы; аппаратпен қамтамасыз етудің жетекші басқармасы; талдау, қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасы; ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі және баспасөз қызметі; әкімшілік-шаруашылық бөлім⁵.

ҚР Президентінің **1995 ж. 18 наурыздағы** Жарлығымен мемкомитет **ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті** мен **ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне** бөлу арқылы қайта ұйымдастырылды⁶.

¹ «Мемлекеттік меншіктің жекешелендірілуін басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 5 наурыздағы №1153 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, №6, 78-құжат).

² «Мемлекеттік басқару органдарының орталық құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы №1220 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, №19, 225-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 18 маусымдағы № 513 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 24, 294-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 9 шілдедегі №582 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 26, 326-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 25 тамыздағы № 965 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 4 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 18 наурыздағы №2142 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, №11, 123-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры (1993–1995)

ҚР мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II-кезең) Ұлттық бағдарламасына¹ және ҚР Президентінің **1993 ж. 23 маусымдағы** қаулысының² 2-тармағына сәйкес ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 9 шілдедегі** қаулысымен ҚР Мемлекеттік жекешелендіру қоры туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес қор жекешелендіру барысында құрылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің капиталы түрінде мемлекеттік акциялары (жарналары, үлестері) пакеттерін иелену және басқаруға **ҚР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті** уәкілдік берген мемлекеттік орган болды.

Қор мемкомитеттің тапсыруы бойынша жекешелендіретін кәсіпорындар акцияларының (жарналарының, үлестерінің) мемлекеттік пакетін инвестициялық жекешелендіру қорларына жекешелендіруші инвестициялық купондарды сату жөніндегі арнайы купондық аукциондардың ұйымдастырылуын жүзеге асыруға және лицензия беретін ведомствоаралық комиссияның шешімі бойынша инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін бақылауды қамтамасыз етуге тиіс болды.

Қор ҚР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің шешімімен құрылды. Қордың ұйымдық құрылымы мен штат кестесін де мемкомитет бекітті.

Қордың негізгі функциялары: жекешелендіретін кәсіпорындардың комитет берген мемлекеттік акциялар (жарналары, үлестері) пакетін жинақтау; алынған мемлекеттік акциялар (жарналар, үлестер) пакетіне есеп жүргізіп, оларды өткізілетін аукциондарда одан әрі сатуға байланысты барлық операцияны жүзеге асыру; әрбір купондық аукционды өткізер алдында инвестициялық жекешелендіру қорларында азаматтардың жекешелендіруші инвестициялық купондарының нақты бар-жоғын бақылау; республикалық және аймақтық маңызы бар жекешелендірілуші кәсіпорындар мемлекеттік акцияларының (жарналарының, үлестерінің) пакетін сату жөнінде қолданып жүрген тәртіпке сәйкес екі деңгейде купондық аукциондарды әзірлеп өткізу; жаппай жекешелендіру барысында инвестициялық жекешелендіру қорлары қызметін тиімді бақылауды қамтамасыз ету; ҚР Мамандандырылған мемлекеттік жинақ банкісінің бөлімшелері мен комитеттің Ақпарат-есеп орталығынан келіп түскен азаматтардың жекешелендіруші инвестициялық купондарын әр түрлі инвестициялық жекешелендіру қорларына орналастыру туралы мәліметтерді өңдеу және талдау негізінде аукцион барысын реттеп үйлестіру; аукциондардың қорытындылары оған қатысушыларға кеңінен жария болуын қамтамасыз ету; жеңімпаздар тізімдері жекешелендіруші инвестициялық купондарға, айырбасқа сатып алынған акциялар санын және басқа да деректерді бұқаралық хабарлама құралдары арқылы жариялай отырып, олардың қорытындылары аукциондарға қатысушыларға кемінен әйгілі болуын қамтамасыз ету; жекешелендіруші инвестициялық купондардың, жекешелендіруші кәсіпорындар акцияларының, олардың аукциондық саудадағы курсының қозғалысына ұдайы талдау жасап отыру және соның негізінде ақпарат хабарларын әзірлеу; жекешелендірілуші кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жағдайы туралы ақпарат жинау, келіп түскендерін өңдеу және талдау негізінде олар туралы мәліметтер қорын жүргізу әрі олардың қызметі жайында мәліметтер әзірлеу болды.

ҚР Президентінің *1995 ж. 12 мамырдағы Жарлығымен*⁴ ҚР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемкомитетін *ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті* мен *ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне* бөлу арқылы қайта ұйымдастырылуына байланысты ҚР-да 1993-1995 жылдарға арналған Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру ұлттық бағдарламасына (II-кезең)⁵ өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁶. Функциялары мен өкілеттіктері жоғарыда аталған екі комитетке бөлінді.

¹ «Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдарға арналған Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру ұлттық бағдарламасы туралы» (II-кезең) ҚР Президентінің 1993 ж. 5 наурыздағы №1135 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 7, 83-құжат).

² «Инвестициялық жекешелендіру қорларын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 23 маусымдағы № 1290 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 23, 284-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жекешелендіру қоры туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 9 шілдедегі № 582 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 26, 326-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1135 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР президентінің 1995 ж. 12 мамырдағы № 2268 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 17, 184-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдарға арналған Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру ұлттық бағдарламасы туралы» (II-кезең) ҚР Президентінің 1993 ж. 5 наурыздағы № 1135 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 7, 83-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 18 наурыздағы № 2137 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 11, 123-құжат).

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті (1995–1997)

ҚР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және *ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне* бөліну арқылы қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің *1995 ж. 18 наурыздағы Жарлығымен* құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 19 мамырдағы** қаулысымен мемкомитет туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомитет мемлекеттік меншіктің бірден-бір сатушысы ретінде ҚР мүдделерін білдіруге және ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен жергілікті әкімдер сату үшін оған берген республикалық және коммуналдық меншікті үлестіру жөніндегі құқықты жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік басқару орталық органы болып табылды.

Жекешелендіру жөніндегі мемкомитетті **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басқарды.

Жекешелендіру жөніндегі мемкомитеттің облыстарда, Алматы және Ленинск қалаларында аумақтық комитеттері болды.

Мемкомитеттің негізгі функциялары: мемлекеттік меншікті жекешелендіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты белгілеу және оны жүзеге асыруға қатысу; ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен жергілікті әкімдер берген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік пайдаларының, акциялар пакеттерінің басқарылуын аталған пакеттер сатылған сәтке дейін қамтамасыз ету, олардың басқару органдарында мемлекеттің мүддесін білдіру; жаңа меншік иелерінің сатып алу-сату шарттарының талаптарын орындауына бақылау жасауды қамтамасыз ету, осы салада заңдылықты сақтау; жекешелендіруден кейінгі шараларды белгілеуге және жүзеге асыруға қатысу; өз өкілеттігі шегінде ҚР мүліктік құқығы мен мүддесін қорғау.

Мемкомитеттің орталық аппаратының құрылымы: басшылығы; сату алдындағы дайындықтың жетекші басқармасы; жеке жобалар бойынша жекешелендіру мен агроөнеркәсіп кешенінің жетекші басқармасы; жаппай жекешелендірудің жетекші басқармасы; әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендірудің жетекші басқармасы; талдау мен нормативтік-құқылық қамтамасыз етудің жетекші басқармасы; әкімшілік-шаруашылық басқармасы; бақылау мен жекешелендіруден кейінгі қолдау бөлімі; қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 31 шілдедегі** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; сату алдындағы дайындықтың жетекші басқармасы; жаппай жекешелендірудің жетекші басқармасы; әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендірудің жетекші басқармасы; АӨК кәсіпорындарын және жобалар бойынша жекешелендірудің жетекші бөлімі; нормативтік-құқылық қамтамасыз ету бөлімі; бақылау мен жекешелендіруден кейінгі қолдаудың жетекші бөлімі; қаржы және бухгалтерлік есептің жетекші бөлімі; ұйымдық-кадр жұмысы бөлімі; әкімшілік-шаруашылық бөлімі³.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен мемкомитеттің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату басқармасы; әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендіру басқармасы; талдау, бақылау және жекешелендіруден кейін қолдау басқармасы; АӨК кәсіпорындарын жекешелендіру бөлімі; жеке жобалар бойынша жекешелендіру бөлімі; қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі; ұйымдық-кадрлармен жұмыс бөлімі; әкімшілік-шаруашылық бөлімі⁴.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен мемкомитеттің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету секторы; жеке жобалар бойынша жекешелендіру басқармасы; әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендіру басқармасы; акционерлік қоғамдарды жекешелендіру басқармасы; талдау, бақылау және жекешелендіруден кейін қолдау басқармасы; ұйымдық-кадрлармен жұмыс басқармасы; ақша қаражатын бақылау және бөлу жөніндегі бөлім; ақпараттық-талдау бөлімі; ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру бөлімі⁵.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен мемкомитет таратылды⁶. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 18 наурыздағы № 2137 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 11, 123-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 19 мамырдағы № 715 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №18, 203-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 19 мамырдағы №715 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 31 шілдедегі № 1039 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 26, 305-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1800 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 29 желтоқсандағы № 1673 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 484 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Жекешелендіру жөніндегі департаменті
(Қаржымині Жекешелендіру жөніндегі департаменті)
(1997)

ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің таратылуының нәтижесінде **1997 ж. 18 маусымда** құрылды¹. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 маусымдағы** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент ҚР Қаржы министрлігінің құрамына кіретін, мемлекеттік меншікті бірден-бір сатушы ретінде ҚР мүдделерін білдіруіне және мемлекеттік мүлікке билік етуге өкілетті мемлекеттік органдардың және барлық деңгейдегі әкімдердің оған сату үшін берген республикалық және коммуналдық меншікке иелік ету жөніндегі құқықты жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: мемлекеттік меншікті жекешелендіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу; өзіне өкілетті органдардың сатуға берген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік үлесін, акциялар пакеттерін аталған пакеттер сатылған сәтке дейін басқаруды қамтамасыз ету, олардың басқару органдарында мемлекеттің мүддесін білдіру; сатып алу-сату шарттарының сақталуына бақылау жасау, жекешелендіру туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде ҚР мүліктік құқығы мен мүддесін қорғау болды.

Облыстарда, Алматы және Байқоңыр қалаларында департаменттің аумақтық органдары болды.

Департаменттің құрылымын ҚР Қаржы министрі бекітті.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен департамент қайта ұйымдастырылды³. Құқықтық мұрагері **ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті** болып айқындалды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 маусымдағы № 984 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 246-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 маусымдағы № 984 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 246-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 желтоқсандағы №1751 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 53, 487-құжат).

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті
(1995–1997)

ҚР Президентінің **1995 ж. 18 наурызда** Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің** **ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік**

комитеті және ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне бөліну арқылы қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 29 сәуірдегі* қаулысымен мемкомитет жанынан *Лизинг жөніндегі департамент* құрылды².

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 19 мамырдағы* қаулысымен мемкомитет туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес мемкомитет ҚР меншігі жөнінде мемлекет мүдделерін білдіруге және ҚР мемлекеттік меншігін иелену, пайдалану және басқару құқығын жүзеге асыруға уәкілетті орталық мемлекеттік басқару органы болды.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемкомитетті *ҚР Министрлер Кабинеті* тікелей басқарды.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: меншікті басқару мен меншік қатынастарын қайта құру мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қатысу; мемлекеттік меншіктің пайдаланылуын бақылау, осы салада заңнаманы сақтау; мемлекеттік пайларды, акционерлік қоғамдар мен компаниялар акцияларының пакеттерін басқаруды қамтамасыз ету, олардың басқару органдарында мемлекет мүддесін білдіру; өз құзырындағы мәселелерде республиканың мүддесін халықаралық деңгейде білдіру; шетелдердегі меншік мәселелерінде мемлекет мүддесін сақтау, мемлекет қатысатын бірлескен кәсіпорындардың қызметін бақылау.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемкомитеттің облыстарда, Алматы және Ленинск қалаларында аумақтық комитеттері болды.

Мемкомитет орталық аппаратының құрылымы: акционерлік қоғамдармен және компаниялармен жұмыс жөніндегі жетекші басқарма; базалық салалар жетекші басқармасы; ауыл шаруашылығы мен ұқсатушы салалар жетекші басқармасы; әлеуметтік сала мен жылжымайтын объектілер жетекші басқармасы; қаржы және мемлекеттік мүлікті пайдаланған үшін дивиденттер мен төлем түсуін бақылау жетекші басқармасы; заң және нормативтік қамтамасыз ету жетекші басқармасы; Тізілім, талдау және болжау жетекші басқармасы; іс басқармасы; лизинг департаменті.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен ҚР Экономика министрлігі жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі *ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемкомитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі* болып қайта ұйымдастырылды⁴. Осы жарлықпен Лизинг департаменті де таратылды.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 1 қарашадағы* қаулысымен *Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департамент* құрылды⁵. Департамент өз функцияларын ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемкомитет басшылығымен атқарды.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 7 желтоқсандағы* қаулысымен арнаулы мемлекеттік мекеме – Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі республикалық орталықтың құрылуына байланысты ҚР Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департамент өз қызметін тоқтатты⁶. Орталыққа ұйымдастыру басшылығы ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелді.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар бас басқармасы; базалық салалар бас басқармасы; әлеуметтік сала, жылжымайтын мүлік пен талдама бас басқармасы; қаржы-есеп бөлімі; заң бөлімі; ұйымдық-кадр жұмысы және баспасөз қызметі бөлімі; әкімшілік-шаруашылық бөлімі⁷.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 7 ақпандағы* қаулысымен *ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі* туралы ереже бекітілді⁸. Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға кеңес беру жөніндегі республикалық орталық агенттіктің құрылымдық бөлімшесі болып табылғандығы белгіленді.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 27 желтоқсандағы* қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері мен

акционерлік қоғамдар бас басқармасы; базалық салалар бас басқармасы; әлеуметтік сала, жылжымайтын мүлік пен талдама бас басқармасы; қаржы-есеп бөлімі; заң бөлімі; ұйымдық-кадр жұмысы және баспасөз қызметі бөлімі; әкімшілік-шаруашылық бөлімі⁹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы Жарлығымен** мемкомитет таратылды¹⁰. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті** мен **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 18 наурыздағы № 2137 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 11, 123-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Лизинг жөніндегі департамент туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 сәуірдегі № 599 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 16, 180-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 19 мамырдағы № 716 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 18, 204-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

⁵ «Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департаментін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 1 қарашадағы № 1429 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс).

⁶ «Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға кеңес беру жөніндегі республикалық орталық құру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 7 желтоқсандағы № 1685 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 172 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1804 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 7 ақпандағы № 169 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 7, 43-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 467-б.

¹⁰ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, №10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Лизинг жөніндегі департаменті (1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

Департамент өндіріс саласына ірі көлемді инвестицияларды тарту құралы ретінде лизингті пайдалану саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз еткен, өз қызметін **ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті** өкілеттігінің шегінде дербес жүзеге асырған атқару өкіметінің орталық органы болып табылды.

Департаменттің негізгі функциялары: ҚР-да лизингті дамытудың негізгі бағыттарын, перспективалық жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу; машиналық-техникалық импортты қамтамасыз ету үшін шетел инвестициялары мен кредиттерін тарту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясаттың әзірленуі мен жүзеге асырылуына қатысу; жалпы республикалық және аймақтық лизинг компаниялары жүйелерінің ұйымдастырылуына жәрдемдесу; лизингті пайдалану және дамыту мәселелері жөніндегі республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволарының, кәсіпорындарының және ұйымдарының қызметін үйлестіру; лизинг мәселелері жөніндегі заң және басқа нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу болды.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен департамент таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Лизинг жөніндегі департаменті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 сәуірдегі №599 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 16, 180-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру жөніндегі» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №33, 409-құжат).

**Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға
консультация беру жөніндегі департамент
(1995)**

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 1 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға олардың төлем қабілетіне баға беру, кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату жоспарын әзірлеуге консультациялық көмек көрсету үшін құрылған арнайы мемлекеттік орган болып табылды. Департамент өзінің қызметтерін **ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің** басшылығымен орындады.

Департаменттің негізгі функциялары: төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға, соның ішінде ҚР Мемлекеттік медетші банкіне берілгендерге олардың шаруашылық-қаржы қызметтерін талдау және бағалау негізінде қайта ұйымдастыру мен таратудың кешенді жоспарларын әзірлеу жөнінде консультациялық көмек көрсету; ҚР Мемлекеттік медетші банкінің қызмет көрсетуіне берілген төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату жөніндегі жоспарларды ҚР Мемлекеттік медетші банкіне бергенге дейін бекіту; кәсіпорындардың ұйымдастыру, техникалық, қаржылық қайта құрылу мәселелері, сондай-ақ олардың әлеуметтік қаражаттары, қоршаған ортаны қорғау проблемаларымен қоса, қайта ұйымдастыру мен тарату жоспарларын әзірлеген кезде шетелдік және отандық консультанттардың жұмысын үйлестіру және олармен өзара іс-қимыл жасау; өміршендік қабілетін бағалауда көмек көрсету жөнінде жұмыс топтарын ұйымдастыру және осы негізде министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, орталық және жергілікті атқарушы органдары мамандарының және консультанттарының қатысуымен төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жоспарларын жасау; республикада осы мамандықтағы мамандарды даярлау, қайта ұйымдастыру мәселелері бойынша, оның ішінде оларды контракт негізінде қайта ұйымдастыру жоспарларын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына тарту арқылы консалтинг фирмаларын құруға көмектесу; банкроттық туралы заңдарды қолданудың шетелдік және отандық тәжірибесін зерделеу мен қорыту және оның негізінде дәрменсіз кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату процедураларын жүзеге асырудың әдістемесін жетілдіру болды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 7 желтоқсандағы** қаулысымен арнаулы мемлекеттік мекемелер – Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі республикалық орталықтың құрылуына байланысты департамент өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департаментті құру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 1 қарашадағы № 1429 (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс).

² «Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департаментті құру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 1 қарашадағы № 1429 қаулысына қосымша (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 167 іс).

³ «Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі республикалық орталығын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 7 желтоқсандағы №1685 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 172 іс).

**Қазақстан Республикасының
Экономика министрлігі жанындағы
Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі
(1995)**

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

Агенттіктің негізгі функциялары: мемлекеттің қатысуымен экономиканың мемлекеттік секторындағы реформалау, банкроттық туралы заңдарды жүзеге асыру, өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды қаржы-экономикалық сауықтыру тетігі бойынша мемлекеттік саясатты жүргізу; өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды мемлекеттің қатысуымен жою және құрылымдық қайта құру, қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру; мемлекеттің қатысуымен өзін-өзі

ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды қаржы-экономикалық сауықтыру тетігін жүзеге асыру үшін қажетті нормативтік және әдістемелік база құру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттің экономикалық мүдделерін ұсыну және қорғау, өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды мемлекеттің қатысуымен жою және қайта ұйымдастыру болды.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы Жарлығымен агенттік ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттігі** болып қайта құрылды².

¹ «Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 сәуірдегі № 604 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 16, 182-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттігі (1995–1997)

ҚР Экономика министрлігі жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттігінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы Жарлығымен**¹ құрылды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 7 ақпандағы** қаулысымен² агенттік туралы ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес агенттік ауыл шаруашылығы және банк саласынан басқа мүлікті ҚР үлесі (салымы) бар мемлекеттік кәсіпорындарға, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғаларға қатысты дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттің атынан меншік иесінің мүдделерін білдіретін мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: кәсіпорындардың дәрменсіздігінің алдын алу және банкроттық туралы заңдарды жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік саясат жүргізу; республиканың төлем жасау қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындары туралы ақпарат жинау және қорытындылау, оларды есепке алу және мониторингі, олардың қаржы-экономикалық жай-күйін талдау, қайта ұйымдастыру процедураларының, жекешелендіру мен таратудың нысандары, әдістері мен бағыттары жөнінде ұсыныстар әзірлеу; төлем жасау қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындарға қаржы және экономикалық жай-күйін бағалау жөнінде консультациялық көмек көрсету; қайта ұйымдастыру процедураларын қаржыландыруға қатысу үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту жөнінде шаралар ұйымдастыру және т.б. болды.

Агенттік өз қызметтерін және оған берілген өкілеттіктерін тікелей немесе мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетінің тиісті бөлімшелері арқылы жүзеге асырды.

Төлем жасау қабілеті жоқ кәсіпорындарға кеңес беру жөніндегі республикалық орталық агенттіктің құрылымдық бөлімшесі болып табылды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен агенттік мемкомитетпен бірге таратылды³. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті** мен **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 7 ақпандағы №169 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 7, 43-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті
(1997)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 17 маусымдағы* қаулысымен *ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің* таратылуының нәтижесінде құрылды¹. Функцияларының бір бөлігі *ҚР Қаржы министрлігіне* берілді.

Осы қаулымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент ҚР мемлекеттік меншігін иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өкілеттікті жүзеге асырушы мемлекеттік басқару органы болып табылды.

Департаменттің негізгі міндеттері: ҚР меншігінің қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысу; мемлекеттік республикалық меншіктің пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асыру; заңдардың қолданылу практикасын талдау және қорытындылау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу; шаруашылық серіктестіктері мен бірлескен кәсіпорындардың мемлекеттік үлестерін, акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару; министрліктердің, комитеттердің, ведомстволардың мемлекеттік меншікті басқару жөніндегі қызметін салааралық үйлестіру; жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік коммуналдық меншікті басқару жөніндегі қызметін үйлестіру; халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысу және ҚР Үкіметінің тапсыруы бойынша оларға қол қою; халықаралық ұйымдармен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру; ҚР аумағында және оның шегінде тысқары жерлерде меншік мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру болды.

Облыстарда және Алматы қаласында департаменттің аумақтық органдары болды. Департаменттің құрылымын ҚР Қаржы министрі бекітті.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 30 маусымдағы* қаулысымен департамент пен оның Алматы, Арқалық, Байқоңыр, Жезқазған, Көкшетау, Семей және Талдықорған облыстары мен қалаларындағы аумақтық органдары ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің және оның аумақтық комитеттерінің мүліктік және өзге құқықтары және міндеттерінің құқықтық мұрагерлері болып айқындалды. Департамент пен оған тікелей бағынатын аумақтық органдары мемлекеттік меншікті басқаруды жүзеге асырды және ҚР меншік қатынасында мемлекеттік мүддесін білдірді.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығы⁴ мен ҚР Үкіметінің *1997 ж. 12 қарашадағы* қаулысына сәйкес департамент қайта ұйымдастырылды⁵. Құқықтық мұрагері *ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті* болып айқындалды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 17 маусымдағы № 980 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 245-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 17 маусымдағы № 980 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 28, 245-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 17 маусымдағы № 980 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 маусымдағы № 1034 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 29, 264-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы № 3655 Жарлығын жүзеге асыру мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1551 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 794 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 желтоқсандағы № 1751 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 53, 487-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті
(1997–1999)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 21 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

Қайта ұйымдастырылған *ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті* мен *Жекешелендіру жөніндегі департаментінің* мүліктік және өзге де құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болды.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 12 желтоқсандағы* қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент ҚР мемлекеттік меншікке иелік ету, пайдалану, билік жасау және оның мақсатқа сай әрі тиімді пайдаланылуына бақылау жасау жөніндегі өкілеттілікті жүзеге асыратын және мемлекеттік мүлікті бірден бір сатушы ретінде оның мүддесін білдіруге уәкілетті мемлекеттік басқару органы болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: ҚР меншігіне және жекешелендіруге қатысты мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және оны жүзеге асыру; ҚР аумағында және одан тысқары жерлерде меншік және оның мүліктік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік мүдделерін білдіру; мемлекеттік меншіктің мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік меншікті жалдау, жалға алу, концессиялау, сенімді басқару, сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз ету; шаруашылық серіктестіктерінің мемлекеттік үлестерін, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару, олардың басқару органдарында мемлекеттің мүдделерін білдіру; ҚР мемлекеттік меншік объектілерін, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакеттері мен шаруашылық серіктестіктеріне қатысу үлесін сатуды ұйымдастыру; жүргізілген тексерістер мен тексерулердің материалдарын қорытудың негізінде мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу; мемлекеттік меншік пен оны жекешелендіруді басқару туралы заңдардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру, оны қолданудың практикасын талдау және қорыту, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерді дайындауға қатысу; министрліктердің, комитеттердің және ведомстволардың мемлекеттік меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі қызметін салааралық үйлестіру; жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі қызметін ұйымдастыру; халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысу және ҚР Үкіметінің тапсыруы бойынша оларға қол қою; халықаралық ұйымдармен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Департаменттің облыстарда, Алматы және Байқоңыр қалаларында өзінің аумақтық органдары болды. Аумақтық органдар департаментпен бірге тікелей бағыныстағы бірыңғай жүйені құрайды және өз қызметін өздеріне Департамент жүктеген өкілеттіктердің шегінде ұйымдастырды.

Департаменттің құрылымын ҚР Қаржы министрі бекітті.

ҚР Президентінің *1998 ж. 30 маусымдағы* Жарлығына сәйкес *ҚР Қаржы министрінің Қаржы бақылау комитеті* таратылды. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне, *ҚР Қаржы министрі Қазынашылық департаментіне* және *ҚР Қаржы министрі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі департаментіне* берілді³.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 6 қарашадағы* қаулысымен департаменттің құрылымы бекітілді және департамент туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁴.

Департамент құрылымы: басшылық; ұлттық компаниялар және жеке жобалар басқармасы; мемлекет қатысатын коммерциялық ұйымдар басқармасы; акциялардың мемлекеттік пакетін сату және мемлекеттік меншікті басқару тиімділігінің мониторингі басқармасы; бақылау-тексеріс басқармасы; әлеуметтік сала объектілері және жылжымайтын мүлік басқармасы; мемлекеттік ұйымдардағы мемлекеттік меншік басқармасы; ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс басқармасы; ақша қаражатын бақылау және бөлу бөлімі; ведомстволық құжаттама дайындау бөлімі.

Департаментке қосымша міндеттер жүктеледі: мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану жөнінде тексеру мен тексерістен өткен материалдарды қорытудың негізінде ұсыныстар әзірлеу. Департаменттің құрылымын ҚР Үкіметі бекітті.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен⁵ ҚР Үкіметінің құрылымы бекітілуіне және ҚР Үкіметінің **1999 ж. 6 наурыздағы** қаулысымен⁶ құрамында **Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті** (заңды тұлға құқығында) құрылған ҚР Қаржыминінің жаңа құрылымының бекітілуіне байланысты департамент өз қызметін тоқтатты.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 21 қарашадағы № 1640 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 51, 468-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 желтоқсандағы № 1751 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 53, 487-құжат).

³ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 30 маусымдағы № 3986 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 19, 167-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 6 қарашадағы №1135 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 40, 365-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы №6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

⁶ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 6 наурыздағы № 207 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 59-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (1999*)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 6 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 5 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Комитет **ҚР Қаржы министрлігінің** құзыреті шегіндегі ведомство, ҚР республикалық мемлекеттік меншігіне иелік ету, пайдалану және билік ету саласындағы арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функциясын жүзеге асыратын, сондай-ақ заңдармен белгіленген тәртіппен республикалық және коммуналдық меншік объектілерінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына есеп жүргізу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болып табылды.

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің мүліктік және өзге де құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР мемлекеттік меншігіне қатысты мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; республикалық мемлекеттік меншік мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру және оның мүліктік құқықтарын қорғау; заңдарда белгіленген тәртіппен жиынтық есепті және республикалық және коммуналдық меншіктің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру; республикалық мемлекеттік меншікті сатып алу-сату шарттарын, сенімді басқару, мүлікті жалға беру, лизинг және өз құзыретінің шегінде республикалық мемлекеттік меншікті пайдалануға байланысты өзге шарттар талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету; мемлекеттің мүддесі үшін республикалық мемлекеттік меншікті басқару; ҚР мемлекеттік меншігі объектілерін сатуды ұйымдастыру; жекешелендіру туралы заңдардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болады.

Комитеттің орталық аппаратының құрылымы: басшылық; республикалық мемлекеттік меншік объектілерін сату басқармасы; мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс істеу жөніндегі басқарма; республикалық мемлекеттік мекемелермен және кәсіпорындармен жұмыс істеу жөніндегі басқарма; ұйымдастырушылық-инспекторлық жұмыс басқармасы; ведомстволық құжаттамаларды дайындау басқармасы; республикалық бюджеттің кірісіне ақшаның түсуін бақылау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 1 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті** туралы ереженің бекітілуіне байланысты комитеттің құрылымынан бақылау-

тексеру басқармасы шығарылды³.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің бюджет қаражаттарының мақсатты пайдалауына бақылау жасау саласындағы функциялары **ҚР Қаржы министрлігінің қаржы бақылау комитетіне** берілді⁴.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 3 мамырдағы** қаулысымен комитеттің негізгі міндеттеріне қосымша ҚР экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингін жүргізу міндеті жатқызылды⁵.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 11 қазандағы** қаулысымен комитеттің негізгі міндеттеріне қосымша республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі мүліктің тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асыру міндеті жатқызылды⁶.

Комитеттің мынадай құрылымы бекітілді: басшылық; республикалық мемлекеттік меншік объектілерін сату басқармасы; жекешелендірудің кейінгі бақылау басқармасы; мемлекеттік меншікті басқару әдіснамасы және оны жетілдіру басқармасы; мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқарма; республикалық мемлекеттік заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқарма; заң басқармасы; ұйымдастырушылық-инспекторлық жұмыс басқармасы; республикалық бюджет кірісіне ақшаның түсуін бақылау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 15 қазандағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары туралы ереженің тармағы мынадай редакцияда жазылды: «Комитеттің аумақтық органдары бар: мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеттері; мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеттері»⁷.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Қаржы министрлігі** Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі комитетінің экономика секторларында мемлекеттік активтерді басқару аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру саласындағы функцияларын **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне** беру жолымен қайта ұйымдастырылды⁸.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁹.

Комитет өз құзыретінің шегінде республикалық меншік, жекешелендіру объектілерін басқару және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі салаларында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ҚР Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: республикалық меншік және жекешелендіру объектілерін басқарудың мемлекеттік саясатын іске асыру; республикалық меншікке қатысты меншік иесінің құқықтарын іске асыру; заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық меншік объектілерінің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау; республикалық меншік объектілерін жекешелендіру және республикалық меншікті сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылау; экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі.

Комитеттің өзінің мынадай аумақтық органдары: мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеттері; мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеттері.

Комитетінің құрылымы: басшылық; республикалық меншік объектілерін сату басқармасы; мониторинг және жекешелендіруден кейінгі бақылау басқармасы; республикалық мемлекеттік заңды тұлғалармен жұмыс басқармасы; мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасы; республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметін талдау басқармасы; заң басқармасы; республикалық бюджет қаражатының түсуін және жұмсалуды бақылау басқармасы; ұйымдастыру-кадр жұмысы басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 24 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары (аумақтық комитеттері) комитеттің өңіраралық департаменттері – мемлекеттік мекемелеріне («Сарыарқа», Астана қаласы, «Каспий», Ақтау қаласы, «Батыс», Ақтөбе қаласы, «Тобыл», Қостанай қаласы, «Жетісу», Талдықорған қаласы, «Ертіс», Семей қаласы,

«Оңтүстік», Шымкент қаласы) бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды. Байқоңыр аумақтық комитеті департамент болып қайта ұйымдастырылды¹⁰.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 наурыздағы** қаулысымен комитеттің аймақаралық департаменттері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді¹¹.

2014 ж. 11 қарашадағы ҚР Үкіметінің қаулысымен Комитеттің жана ережесі бекітілді.

Комитет ҚР Ұлттық Банкіне бекітілген мүлікті қоспағанда, республикалық мүлікті басқару, мемлекеттің республикалық мүлікке қатысты құқықтарын іске асыру, жекешелендіру және стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің әрі стратегиялық объектілердің мемлекеттік мониторингі салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Міндеттері: орталық атқарушы органның құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару, мемлекеттің республикалық мүлікке құқықтарын іске асыру, жекешелендіру саласында басшылықты жүзеге асыру; «Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» ҚР Заңына сәйкес стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншікке мемлекеттік мониторингі жүзеге асыру¹².

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 6 наурыздағы №207 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 59-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 шілдедегі № 930 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 32-33, 295-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйелерінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 1 наурыздағы № 338 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 11-12, 125-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 22 желтоқсандағы № 1959 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 22 сәуірдегі № 623 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1634 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқарудың тиімділігі мониторингі туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 3 мамырдағы № 491 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 13, 132-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 шілдедегі № 930 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 11 қазандағы № 1113 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 34, 366-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 15 қазандағы № 1127 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 35, 376-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1114 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 40, 525-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі №387 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 22, 205-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 наурыздағы № 374 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №16, 138-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2014 ж. 11 қарашадағы № 489 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурc]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/84723/kaz> (жүгінген күні: 30.12.2024).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді
өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік
бақылау жасау жөніндегі комитеті
(1998)

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 27 қаңтардағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру және олардың айналымы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу, бақылауды және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру жөніндегі ҚР ведомствосы болды.

Комитеттің өз қызметінің аясындағы негізгі міндеттері: этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу; этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бірыңғай

бақылау жүйесін құру; мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру болып табылды.

Комитет пен оның аумақтық органдары ҚР Қаржы министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің бірыңғай жүйесін құрады.

Комитетінің құрылымы: басшылық; этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасауды үйлестіру және нормативтік реттеу бөлімі; этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге, импортына, сақтауға және сатуға бақылау жасау және лицензиялау басқармасы; этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндірудің және олардың айналымының есебі мен баланстары бөлімі.

ҚР Қаржы министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1998 ж. 21 мамырдағы** Жарлығымен комитеттің функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі істері **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 27 қаңтардағы №38 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 3, 13-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 29 сәуірдегі №391а қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 13, 110-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына
мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті
(1998)

ҚР Қаржы министрлігінің қайта ұйымдастырылуының және **ҚР Қаржы министрлігінің** **Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің** мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілуінің нәтижесінде ҚР Президентінің **1998 ж. 21 мамырдағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру және олардың айналымы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу, бақылауды және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру жөніндегі ҚР ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: этил спиртінің және алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымына бақылау жасау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу; этил спиртінің және алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымына бақылаудың бірыңғай жүйесін құру; этил спиртінің және алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымына бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметтеріне әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру болды.

Комитет және оның аумақтық органдары (Комитетке төменнен жоғарыға қарай бағынышты) ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеттің бірыңғай жүйесін құрады.

Комитеттің құрылымын ҚР Үкіметі, ал аумақтық бөлімшелерінің құрылымын ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрі бекітті.

Комитеттің құрылымы: басшылық; бақылау және лицензиялау басқармасы; нормативтік реттеу бөлімі; есеп және баланстар бөлімі.

ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің құрылуының және ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы Жарлығымен комитеттің функциялары мен өкілеттіктері ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 21 мамырдағы № 3958 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 16, 136-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 23 қыркүйектегі № 934 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 34, 304-құжат)

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (ҚР Мемкірісмині) (1998–2002)

ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы Жарлығымен құрылды¹.

Министрлікке **ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің, Кеден комитетінің, Салық полициясы комитетінің**, сондай-ақ **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді. **ҚР Қаржы министрлігінен** Мемкірісминінің қарамағына «Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттігі» АҚ берілді².

ҚР Үкіметінің 1998 ж. 20 қазандағы қаулысымен министрлік туралы ереже мен оның құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес министрлік мемлекеттік кіріс саласында мемлекеттік басқару және салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР фискалдық және кеден саясатын қалыптастыруға қатысу және осы саясатты іске асыру; кеден ісін ұйымдастыру және жетілдіру; өз құзыреті шегінде ҚР экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету; бюджетке салықтардың, төлемдердің түсуін және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету; шаруашылық жүргізуші субъектілердің экспорттық-импорттық операцияларына мемлекеттік бақылау жасауға қатысу; алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау; мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан экономикалық қылмыстар мен бұзушылыққа қарсы күрес; экономикалық қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық болды.

Министрлік пен оның аумақтық органдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрды.

Министрліктің құрылымы: басшылық; үйлестіру-инспекторлық жұмыс департаменті; фискалдық жұмыс әдіснамасы басқармасы; заң қызметі департаменті; информатизацияландыру және техникалық жабдықтау басқармасы; кадр және қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті; әкімшілік-шаруашылық жұмыс басқармасы; жұртшылықпен және баспасөзбен байланыс жөніндегі басқарма; **Салық комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Салық полициясы комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Кеден комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет** (заңды тұлға құқығында).

ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 ақпандағы қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁴.

Ережеге сәйкес министрлік мемлекеттік кірістердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында

министрліктің құзыретіне жатқызылған басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде – салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР фискалдық саясатын қалыптастыруға қатысу және осы саясатты іске асыру; өз құзыреті шегінде ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; бюджетке салықтардың, алымдардың, кеден және басқа міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету; алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау; ҚР экономикасын халықаралық экономикалық кеңестікке шоғырлау мақсатында халықаралық ынтымақтастық.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 2 тамыздағы* қаулысымен министрліктің құқықтық статусы өзгертілді⁵. Министрлік туралы ереженің 1-тармағында «мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын атқаруға өкілеттік берілген мемлекеттік мекеме» деген сөздер «басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде-салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы» деген сөздермен ауыстырылды⁶. Осы тармақ мынадай мағыналы абзацпен толықтырылды: «Министрліктің мынадай ведомстволары бар: **Салық полициясы комитеті, Кеден комитеті, Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті**».

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 11 тамыздағы* қаулысымен ҚР Мемкірісминінің алкоголь өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті **ҚР Мемкірісминінің Ақцизделетін өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті** болып қайта аталды⁷.

ҚР Президентінің *2001 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен ҚР Мемкірісминінің Салық полициясы комитеті таратылды⁸. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы полициясы агенттігіне берілді.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 27 ақпандағы* қаулысымен Салық полициясы комитеті министрлік ведомстволарының қатарынан шығарылды⁹.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 23 қарашадағы* қаулысымен министрліктің **Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті** құрылды¹⁰.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен министрлік оны ҚР Қаржы министрлігіне қосу, мемлекеттік кірістерді жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін **ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне**, кеден ісін – **ҚР Кедендік бақылау агенттігіне** беру жолымен қайта ұйымдастырылды¹¹.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 20 қазандағы № 1070 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 37, 338-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 ақпандағы № 173 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1244 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 ақпандағы № 173 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1244 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 11 тамыздағы № 1235 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1660 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметтерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 22 қаңтардағы № 536 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1-2, 2-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 27 ақпандағы № 283 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 8, 83-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 23 қарашадағы № 1508 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1979 іс).

¹¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына
мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті
(1998–2000)

ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қайта ұйымдастырылуының және комитеттің функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне* берілуінің нәтижесінде ҚР Президентінің **1998 ж. 12 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

Комитет этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымы саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, бақылау мен салааралық үйлестіруді жүзеге асыру жөніндегі ҚР ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 19 қаңтардағы** қаулысымен² бұрын қабылдаған құжатқа өзгертулер (ведомстволық бағыныштылыққа қатысты) енгізілді³. Органның атауындағы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті» деген сөздерімен ауыстырылды. Құқықтық статусы, негізгі міндеттері, аумақтық органдары – сақталды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 25 ақпандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁴.

Ережеге сәйкес комитет алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы саласында ҚР заңдарында комитеттің құзыретіне жатқызылған арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру мен айналымын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу; этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымын бақылаудың бірыңғай жүйесін құру; белгіленген тәртіпте этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымын бақылау саласында мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; бақылау және лицензиялау басқармасы; нормативтік реттеу бөлімі, есеп және талдау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен комитет туралы ережеге өзгертулер енгізілді⁵. Атап айтқанда, органның құқықтық статусы белгіленді: «Арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің құзыреті шегіндегі ведомство».

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 11 тамыздағы** қаулысымен комитет Алкогольді өнімдер өндіру мен олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет *ҚР Мемкірісминінің Аққизделетін өнімдерді өндіру мен олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті* болып қайта аталды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы №4114 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 35, 315-құжат). «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 20 қазандағы №1070 қаулысына қосымшаны қараңыз (ҚР ПУАЖ, 1998, № 37,338-құжат). – құрастырушылардың ескертпесі.

² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 19 қаңтардағы № 31 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 1, 9-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 27 қаңтардағы №38 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 3, 13-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 ақпандағы № 173 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1244 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 11 тамыздағы № 1235 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1660 іс).

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымын
мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті
(2000–2003)

ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімі өндірісі мен айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің қайта аталуының нәтижесінде ҚР Үкіметінің *2000 ж. 11 тамыздағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 28 қарашадағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің* құзыреті шегінде арнайы атқарушылық әрі бақылау-қадағалау қызметтерін, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымын ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: этил спирті және алкоголь өнімі өндірісі мен айналымы саласындағы, сондай-ақ бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны айналымына бақылау жасау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру; этил спирті және алкоголь өнімі өндірісі мен айналымына, сондай-ақ бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны айналымына бақылау жасаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру; этил спирті және алкоголь өнімі өндірісі мен айналымына сондай-ақ бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны айналымына бақылау жасау саласында нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеуді жүзеге асыру; этил спирті және алкоголь өнімі өндірісі мен айналымына сондай-ақ бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны айналымына бақылау жасау саласында мемлекеттік органдар қызметін ведомствоаралық үйлестіру; акциздердің түсуіне бақылау жасау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру; акциздердің түсуіне бақылау жасаудың біртұтас жүйесін ұйымдастыру; акциздердің түсуіне бақылау жасау саласында нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу; акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымынан акциздердің түсімін бақылау және есепке алу мәселелерінде мемлекеттік органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіру; акцизделетін өнімдер акциздері жөніндегі республикалық және жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігінің орындалуын нормативті реттеу мен бақылау жасауды жүзеге асыру.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығына³ сәйкес ҚР Үкіметінің *2003 ж. 22 қаңтардағы қаулысымен*⁴ таратылды, этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру және оның айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Қаржы министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 11 тамыздағы №1235 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1660 іс).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 28 қарашадағы №1773 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, №49-50, 578-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы №931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, №28, 307-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнім өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 22 қаңтардағы №72 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, №2, 32-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті
(2001–2002)

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 23 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет өзіне берілген өкілеттіктер шегінде дәрменсіз борышкердің (банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) банкроттық рәсімдерін

өткізуге, сондай-ақ таратудың соттан тыс рәсіміне бақылауды жүзеге асыратын **ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің** ведомствосы болды.

Ауыл шаруашылығы ұйымы, республикалық меншіктегі ұйымдарды қоспағанда, банкротқа ұшыраған жағдайларда уәкілетті орган облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдіктері белгілеген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылды.

Комитеттің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша заңды тұлға болып табылатын аумақтық органдары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өзіне берілген өкілеттіктер шегінде дәрменсіз борышкердің (банкртер және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) банкроттық рәсімдерін өткізуге, сондай-ақ таратудың соттан тыс рәсіміне бақылауды ұйымдастыру мен өткізу; әдейі және жалған банкроттық белгілерін анықтау; дәрменсіз борышкерлерге қатысты оңалту рәсімдерін қолдану жөніндегі іс-шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыру болды.

Комитетінің құрылымы: басшылық; қаржы-экономика басқармасы; дәрменсіз борышкерлерді талдау және мониторинг басқармасы; банкроттық рәсімдер өткізуді бақылау жөніндегі басқарма.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 26 шілдедегі** қаулысымен комитет республикалық меншікке берілген (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті орган болып анықталды³.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 28 қарашадағы** қаулысымен комитет таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 23 қарашадағы № 1508 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1979 іс).

² Сонда.

³ «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 26 шілдедегі № 833 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 25, 260-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 28 қарашадағы № 1268 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 43, 430-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті (2002–2013)

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 3 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 28 қарашадағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³. Комитеттің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері құрылды.

Ережеге сәйкес комитет өзіне берілген өкілеттіктер шегінде Дәрменсіз борышкердің (банкртерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) банкроттық рәсімдерін өткізуге, сондай-ақ таратудың соттан тыс рәсіміне бақылауды жүзеге асыратын **ҚР Қаржы министрлігінің** ведомствосы болды.

Республикалық меншіктегі ұйымдарды қоспағанда, ауыл шаруашылығы ұйымы банкротқа ұшыраған жағдайларда уәкілетті орган облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігі белгілейтін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылды.

Комитеттің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша заңды тұлға болып табылатын аумақтық органдары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өзіне берілген өкілеттіктер шегінде дәрменсіз борышкердің (банкртерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) банкроттық рәсімдерін өткізуге, сондай-ақ таратудың соттан тыс рәсіміне бақылауды ұйымдастыру мен өткізу; қасақана және жалған банкроттық белгілерін анықтау; дәрменсіз борышкерлерге қатысты оңалту рәсімдерін қолдану жөніндегі іс-шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 маусымдағы** қаулысымен комитеттің мынадай құрылымы бекітілді: басшылық; дәрменсіз кәсіпорындарды талдау және мониторингі басқармасы;

банкроттық рәсімдердің жүргізілуін бақылау жөніндегі басқарма; заң қызметі басқармасы; ұйымдастыру-қаржы бөлімі⁴.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁵.

Комитет өз құзыретінің шегінде банкроттық рәсімдерді жүргізу саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ҚР Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеті өзіне берілген өкілеттіктер шегінде дәрменсіз борышкердің банкроттық рәсімдерінің (банкртерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), сондай-ақ соттан тыс тарату рәсімінің жүргізуін бақылауды жүзеге асыру болып табылды.

Комитеттің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша заңды тұлғалар болып табылатын аумақтық органдары бар.

Комитеттің құрылымы: басшылық; ұйымдастыру жұмысы басқармасы; оңалту рәсімдері және мониторинг басқармасы; банкроттық рәсімдердің жүргізілуін бақылау басқармасы; заң басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 24 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары (басқармалары)-мемлекеттік мекемелері комитеттің өңіраралық департаменттері-мемлекеттік мекемелеріне («Сарыарқа», Астана қаласы, «Каспий», Ақтау қаласы, «Батыс», Ақтөбе қаласы, «Тобыл», Қостанай қаласы, «Жетісу», Талдықорған қаласы, «Ертіс», Семей қаласы, «Оңтүстік», Шымкент қаласы) бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 наурыздағы** қаулысымен комитеттің өңіраралық департаменттері-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді⁷.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті** мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру жолымен Комитет оған қосу арқылы таратылды⁸.

¹ «Қазақстан (Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 3 қыркүйектегі № 962 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 29, 322-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 28 қарашадағы № 1268 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 43, 430-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерін қайта атау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу және күші жойлды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 маусымдағы № 695 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 25, 328-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1115 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 40, 526-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі №387 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 22, 205-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 наурыздағы № 374 қаулысы

(ҚР ПУАЖ, 2009, № 16, 138-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 12 қыркүйектегі № 947 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 53, 745-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (2014*)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Қаржы министрінің **2014 ж. 26 қыркүйектегі** бұйрығымен комитет туралы ережесі бекітілді².

ҚР Қаржы министрінің **2016 ж. 14 маусымдағы** бұйрығымен жаңа ережесі бекітілді. Кейін бұл ережеге бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³.

Ережеге сәйкес комитет салықтық және кедендік әкімшілендіру; этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу; мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымы; ҚР кеден ісі, салық саясатын іске асыру саласындағы мемлекеттік

реттеу; оналту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу (қазыналық кәсіпорындарды, мекемелерді, банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), сондай-ақ ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы жөніндегі мемлекеттік басқару; қолданыстағы заңнамамен комитет құзыретіне жатқызылған басқа да салаларда орталық атқарушы органының құзыреті шегінде реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Қаржы министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР салық, кеден және өзге де заңнамасының орындалуын, мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген Еуразиялық экономикалық одағының кеден заңнамасының сақталуына бақылауды қамтамасыз ету; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ арнайы, демпингке қарсы және өтемдік баждардың толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету; ҚР заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударымдардың толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету; ҚР салық саясатын іске асыруға қатысу; өз құзыреті шегінде ҚР егемендігін қорғауды және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның дамуын қалыптастыру және салық төлеушілер үшін электрондық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету; ҚР ұлттық қауіпсіздігін, адамның өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, қоршаған ортаны қорғау; тауарлардың ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізілуін жеделдету мен оңайлату үшін жағдайлар жасау; этил спиртінің, алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу; оналту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу (қазыналық кәсіпорындарды, мекемелерді, банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), сондай-ақ ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы жөніндегі мемлекеттік басқару; комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық; «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы» ҚР Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімге сәйкес қадағалап отыру тетігін іске асыруды үйлестіру; ҚР заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 4 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1400000933/14.08.2014> (жүгінген күні: 30.12.2024).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2014 ж. 26 қыркүйектегі № 417 бұйрығы (Заң газеті, 2014 ж. 29 қазан).

³ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 306 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/history/107199/rus> (ресми жариялау күні: 30.12.2024)

7. Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау, діни қызмет, азаматтық қоғам, жастар және отбасы саясаты, қоғамдық келісім мен этносаралық қатынастар, денсаулық сақтау, білім беру, туризм, дене шынықтыру және спорт салаларындағы басқару органдары

7.1 Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі (ҚР Еңбекмині) (1991–1996)

Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 14 наурыздағы Жарлығымен Қазақ КСР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта құру нәтижесінде Қазақ КСР Еңбек министрлігі болып құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1991 ж. 30 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік республикалық мемлекеттік басқару органы болып табылды. ҚР Еңбек министрлігі, Халық депутаттары кеңесінің облыстық және Алматы қалалық атқарушы комитеттерінің еңбек және жұмыспен қамту жөніндегі бас басқармалар мен комитеттер, оған кіретін Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі мен Мемлекеттік еңбек шарттарын сараптау ҚР еңбек жөніндегі органдарының біртұтас жүйесіне кірді.

Министрліктің негізгі міндеттері: еңбек және халықты жұмыспен қамту, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мен халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; еңбек нарығында қалыптасқан үрдістерді талдау, халықты жұмыспен қамтудың келешектегі және ағымдағы мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру; Мемлекеттік жұмыспен қамту қорын қалыптастыру; демографиялық саясаттың тұжырымдары мен бағдарламаларын әзірлеу және тұрғын халықтың жалпы мәселелерін шешу; отбасы, ана және бала проблемалары бойынша әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; еңбек ақы төлеу және тарифтік жүйелер шарттарын жетілдірудің қағидалық бағыттары туралы ұсыныстар даярлау; жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсарту жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу; ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына карамастан іс-әрекеттегі кәсіпорындардың еңбек жағдайларына сараптаманы жүзеге асыру; Министрлік құзыретінің шегінде еңбек мәселелері жөніндегі нормативті актілерді әзірлеу, еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау жасау; көші-қон үрдістерін басқару әдістерін әзірлеу, басқа республикалардан және шетелдерден жұмысшы күшінің экспорт-импортына лицензия беру және т.б. болды.

Министрлік жанынан құрамында *Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры* құрылатын Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі құрылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 21 қазандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; кадр саясаты бөлімі; жиынтық ақпарат және жоспарлау бөлімі; әлеуметтік саясат және қамсыздандыру басқармасы; әлеуметтік серіктестік және еңбек нарығындағы белсенді саясат басқармасы; еңбекке ақы төлеу және ұйымдастыру басқармасы; еңбек заңдары басқармасы; халықаралық байланыстар бөлімі; еңбек қорғау департаменті; көші-қон департаменті; қаржыландыру және бухгалтерлік есеп бөлімі; іс басқармасы³.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 30 наурыздағы* қаулысымен министрлік жанынан *Кәсіптік білім жөніндегі комитет* құрылды⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 7 шілдедегі* қаулысымен Кәсіптік білім жөніндегі комитет бағыныстылығын өзгертіп, *ҚР Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі комитет* болып атала басталды⁵.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; еңбекпен қамту департаменті; еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары департаменті; төлем саясаты және еңбек өнімділігі басқармасы; тұрмыс деңгейі және еңбекке қабілетті халықты әлеуметтік қолдау басқармасы; заң басқармасы; көші-қон департаменті; іс басқармасы; әлеуметтік әріптестік бөлімі; сыртқы байланыстар және еңбек саласында

халықаралық тәжірибе жинақтау бөлімі; қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі; жинақтық талдау бөлімі⁶.

ҚР Президентінің *1996 ж. 29 қазандағы* Жарлығымен министрлік таратылды⁷. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған *ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 491-б.

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 491-б.

³ «Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 21 қазандағы № 1179 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 11 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Кәсіптік білім жөніндегі комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 наурыздағы № 371 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №11, 129-құжат).

⁵ «ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 наурыздағы № 371 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 7 шілдедегі № 939 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 23, 268-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1810 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).

⁷ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдар санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің инспекциясы (1991–1998)

Қазақ КСР Министрлері Кабинетінің *1991 ж. 30 сәуірдегі* қаулысымен Қазақ КСР Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің инспекциясы ретінде құрылды¹.

КСР Министрлер Кабинетінің *1991 ж. 24 маусымдағы* қаулысымен инспекция туралы ереже бекітілді².

Инспекция мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың (меншік пен шаруашылық жүргізу нысандарына қарамастан), шаруа қожалықтарының және басқа жұмыс берушілердің еңбек ету мен жұмыспен қамтылуға азаматтардың құқықтары туралы заңдарды орындалуын бақылауды жүзеге асырды.

Инспекцияның негізгі міндеттері: азаматтардың жұмыс алу және жұмысты еркін таңдау құқығын қоса еңбек етуге, нарықтық экономика жағдайында жұмыссыздықтан қорғалуға деген конституциялық құқықтарын жүзеге асырудың құқықтық кепілдіктерін және халықты жұмыспен қамту туралы Қазақ КСР заңдарын бұзушылықтың алдын алу және анықталған заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру жолымен меншіктің түрлі нысандарының тең құқылығын қамтамасыз ету; жұмыспен қамту мемлекеттік органдарын, кәсіпорындарды, мекемелерді (меншік пен шаруашылық жүргізу нысандарына қарамастан), шаруа қожалықтарын және басқа жұмыс берушілерді қоса, мемлекеттік органдар тарапынан халықты жұмыспен қамту туралы Қазақ КСР заңдарының дұрыс орындалуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету; кәсіптік бағдарлауға, біліктілікті көтеруге, еңбекке орналасуға (оның ішінде шетелдерде) орналасуға байланысты азаматтарға ақылы қызмет көрсететін коммерциялық бюролардың, агенттіктердің және басқа ұйымдардың қызметіне, сондай-ақ оларға сертификаттар берудің белгіленген тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру; кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және басқа жұмыс берушілердің қызметкерлері үшін құқықтық оқу ұйымдастыру, азаматтардың еңбек ету мен жұмыс алу құқықтары туралы заңдар бойынша халықтың арасында түсінік жұмысын жүргізу; қаржы органдарымен бірлесіп (қажет болған жағдайда), меншік пен шаруашылық жүргізу нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және кооперативтердің *Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мемлекеттік қорына* уақтылы қаржы аударуына бақылауды қамтамасыз ету.

Инспекция мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің республикалық, облыстық және қалалық деңгейлерінде құрылып, оған: ҚР Еңбек министрлігінің Жұмыспен қамту бас

басқармасының инспекциясы (1993 ж. қыркүйектен – жұмыспен қамту басқармасының инспекциясы); облыстық және Алматы қалалық жұмыспен қамту басқармаларының инспекциясы (1993 ж. қыркүйектен – облыстық және Алматы қалалық жұмыспен қамту орталықтары – еңбек биржалары); қалалық жұмыспен қамту орталықтарының инспекциялары кірді³.

1998 ж. 30 желтоқсанда ҚР «Халықты жұмыспен қамту туралы» жаңа Заңының қабылдауына байланысты инспекция өз қызметін тоқтатты⁴. Заңда уәкілетті орталық атқарушы органның құрамында жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі инспекциялар құру көзделді.

¹ «Қазақ КСР Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 30 сәуірдегі № 275 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулылары, 1991 ж., сәуір, 132-134-б).

² «Қазақ КСР Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі және Қазақ КСР Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің инспекциясы туралы ережені бекіту туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 24 маусымдағы № 391 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулылары, 1991 ж., маусым, 156-160-б).

³ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 7 қыркүйектегі № 835 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993 ж., № 35, 406-құжат).

⁴ «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР 1998 ж. 30 желтоқсандағы № 341 Заңы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 5 қаңтар).

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры (1991–1999)

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 30 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен қор туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес қор дербес қаржы-банк жүйесі болып табылды, жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің шеңберінде құрылды және жұмыспен қамту саясатын жүзеге асыру жөніндегі өзі жүргізетін шараларды қаржыландыруға арналды.

Жұмыспен қамту қоры республикалық және облыстық (Алматы және Ленинск қалалық) деңгейлерде құрылды.

Қордың негізгі міндеттері: жұмыспен қамтылған халыққа көмек көрсетуге, оның ішінде кәсіптік бағдарлау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен жүргізуге, кәсіптік даярлауға, босаған қызметкерлердің және жұмыспен қамтылған азаматтардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлауға, оларды жұмысқа орналастыруда делдалдық көмек көрсетуге, жұмыссыздық жөніндегі жәрдемді төлеуге, ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен оларға қатысуды қаржыландыруға, жұмыспен қамту мемлекеттік қызметін ұстауға және басқа шараларға байланысты шығындарды қаржыландыру; жұмыспен қамту қызметі оқу орталықтарының материалдық базасын құру және дамыту, халықты кәсіптік бағдарлау қызметін қамтамасыз ету; еңбек ресурстарын есепке алу мен бөлудің бірінғай ақпараттық-есептеу жүйесін және жұмыспен қамту қызметінің материалдық базасын құру; жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің басшылары мен мамандарын даярлау және олардың біліктілігін көтеру; полиграфия базасын дамыту; еңбек нарығының жайы туралы арнаулы құжаттамаларды, арнаулы бюллетендерді шығару; аймақтық жұмыспен қамту қызметтеріне көмек көрсету; жұмыспен қамтудың мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларын қаржыландыру; халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Жұмыспен қамту қорының басқару органдары оның басқармасы, атқарушы дирекциясы және тексеру комиссиясы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 29 қаңтардағы** қаулысымен қор таратылды³. Облыстық жұмыспен қамту орталықтары – еңбек биржалары, Астана, Алматы қалаларының модельдік жұмыспен қамту орталықтары, Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының атқарушы дирекциясы, тексеру комиссиясы таратылғаннан кейін қалған атқарушы дирекциясының ақшасынан басқа мүліктің барлық түрі **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне** берілді.

¹ «Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорын құру туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 30 сәуірдегі № 277 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулылары, 1991 ж., сәуір, 135-142-б).

² «Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорын құру туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 30 сәуірдегі № 277 қаулысына қосымша (Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулылары, 1991 ж., сәуір, 135-142-б).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының және Мемлекеттік халықты жұмыспен қамту қызметінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 қаңтардағы № 68 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 2, 17-құжат).

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Жұмыспен қамту бас басқармасы (1991–1993)

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің *1991 ж. 30 сәуірдегі* қаулысымен Қазақ КСР Еңбек министрлігінің Жұмыспен қамту бас басқармасы ретінде құрылды¹.

Республикалық деңгейдегі жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің органы болып табылды.

Облыстарда және Алматы қаласында жұмыспен қамту басқармалары, ірі қалаларда – жұмыспен қамту орталықтары (еңбек биржалары), қалалар мен аудандарда – жұмыспен қамту орталықтары құрылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1991 ж. 24 маусымдағы* қаулысымен Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметі туралы Жұмыспен қамту бас басқармасының негізгі функцияларын айқындаған ереже бекітілді².

Бас басқарманың негізгі міндеттері: республика аумағында жұмыспен қамту саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізілуін қамтамасыз етеді және оның жүзеге асырылуы үшін жауап береді; жұмыспен қамтудың мемлекеттік республикалық бағдарламасын әзірдейді; халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі қоғамдық шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға қатысады; еңбек ресурстарының жағдайы мен пайдаланылуына, олардың кәсіптік-біліктілік жөніндегі құрамына, халық шаруашылығы салаларының жұмыс күшімен қамтамасыз етілу деңгейіне талдау жасайды; жұмыспен қамту облыстық басқармаларымен байланыс орнатады, олардың нақтылы проблемалары мен қажеттіліктерін зерделеп, еңбек нарығын ұйымдастыру мен реттеу мәселелерінде көмек көрсетеді; жұмыспен қамту қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады; қолы бос жұмыссыз халықты даярлау және қайта даярлау мәселелері жөнінен аймақаралық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі; қолы бос халықты, оның ішінде мүгедектер мен еңбекке жарамдылығы шектеулі адамдарды кәсіптік оқыту жүйесін қалыптастырады; қосымша жұмыс орындарын және мүгедектер еңбегіне арналған кәсіпорындармен қоса жұмыспен қамтуға жәрдемдесу республикалық Қорының қаржыларына иелік етеді; халықтың жұмыспен қамтылуы туралы заңнаманың республика аумағында орындалуын бақылауды жүзеге асырады, азаматтардың жұмыспен қамту мемлекеттік қызметі жергілікті органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне жасаған шағымдарын қарайды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 7 қыркүйектегі* қаулысымен бас басқарма **ҚР Еңбек министрлігі жанындағы Жұмыспен қамту департаменті** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақ КСР-індегі Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметі туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 30 сәуірдегі № 275 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 12, 79-құжат).

² «Қазақ КСР Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметі туралы және Қазақ КСР Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің инспекциясы туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 24 маусымдағы № 391 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылары жинағы, 1991, № 16, 100-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 7 қыркүйектегі № 835 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 35, 406-құжат).

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Жұмыспен қамту департаменті (1993–1995)

ҚР Еңбек министрлігінің Жұмыспен қамту бас басқармасының қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 7 қыркүйектегі* қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен ҚР Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі туралы ереже бекітілді².

Халықты жұмыспен қамту департаменті, *Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мемлекеттік қоры* басқармасы мен атқарушы дирекциясы ҚР Еңбек министрлігінің Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметі органдарының жүйесіне кірді. ҚР Еңбек министрлігінің Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметі мемлекеттік жұмыспен қамту саясатын және жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылмағандарды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруды қамтамасыз еткен мемлекеттік органдар жүйесіне кірді.

Жұмыспен қамту департаменті: орталық аппараттан, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық жұмыспен қамту орталықтары-еңбек биржаларына; жұмыспен қамтылған халықты кәсіптік даярлау және кәсіптік бағдарлау орталықтарынан; қалалық және (аудандық қаладағы) аудандық жұмыспен қамту орталықтарынан-еңбек биржаларынан тұрды.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің құрамында барлық деңгейде азаматтардың еңбек ету және жұмыспен қамтылу құқықтары туралы заңдары мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, шаруа қожалықтарының және басқа да жұмыс берушілердің орындауын бақылайтын инспекциялар жұмыс істеді.

Департаменттің негізгі міндеттері: жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылмағандарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруды; еңбек нарығындағы ахуалды талдау мен болжамдауды және соның негізінде халықты жұмыспен қамтудың келешектегі және ағымдағы бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруды; жұмысқа орналастыру ісін ұйымдастыруды жетілдіруді, әлеуметтік қолдауға мұқтаж және жұмыс іздестіруде қиындықтарды бастан кешіріп жүргендерге арнаулы бағдарламалар әзірлеуді, кәсіпкерлік қызметтің дамуына және жұмыссыз азаматтар мен жұмыс іздеуші адамдардың өзін-өзі жұмыспен қамтуына көмектесуді; мемлекеттік басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-әрекет жасай отырып, жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылмағандарды кәсіптік бағдарлау, кәсіптік даярлау шараларын жүзеге асыруды; жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақы, оқуға жіберілген жұмыссыз азаматтарға стипендия төлеу, жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыны алу құқығынан айырылған адамдар мен олардың қарамағындағы жандарға материалдық көмек беру тәртібі мен шарттарын, халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздық мәселелері жөніндегі заңдарды қолдану практикасын жетілдіру; жұмыспен қамту проблемалары бойынша заңдық және нормативтік актілердің жобасы әзірленуін; халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешуде халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 2 қарашадағы* қаулысымен департамент таратылды³. Оның функциялары *ҚР Еңбек министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 7 қыркүйектегі № 835 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 35, 406-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 7 қыркүйектегі № 835 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 35, 406-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының санын және ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 2 қарашадағы № 1442 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 167 іс).

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Еңбекті қорғау департаменті (1993–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 17 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент ҚР мемлекеттік басқару органы ретінде министрліктермен, ведомстволармен, бірлестіктермен, облыстардың Алматы және Ленинск қалаларының атқарушы өкімет органдарымен өзара байланыста әрекет жасай отырып, еңбекті қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асыруға жауапты болды.

Департамент өз жүйесіне кіретін өңірлік еңбекті қорғау басқармаларының қызметіне

басшылық жасады және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша министрліктер мен ведомстволардың, қадағалау және бақылау органдарының жұмысын үйлестірді.

Департаменттің негізгі міндеттері: ҚР «Еңбекті қорғау туралы» Заңын іске асыру; еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары жөніндегі нормативтік және заңнамалық базаны, қағидаларды, нормаларды, стандарттарды және басқа да құжаттарды қалыптастыру мен жетілдіру; өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тергеп-тексеруді жүргізу; еңбекті қорғау қызметкерлерін кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін арттыру; өндірістік қауіптерді анықтау және оларды жою жолдарын іздестіру; еңбекті қорғау заңнамасы мен қағидалары бұзылған жағдайда санкциялар қабылдау; еңбек жағдайларына сараптама жүргізу және жұмыс орындарын аттестаттау; өндірістік саланың еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы мәселелері бойынша ҚР халықаралық ынтымақтастығы саласындағы қызметті үйлестіру және т.б.

Департамент құрамында Еңбек жағдайларына мемлекеттік сараптама, Еңбекті қорғау мемлекеттік инспекциясы, ақпараттық және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу бөлімшелері құрылды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілуіне және **Еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары департаментінің** құрылуына байланысты департамент өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау туралы» Заңын күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы № 1915-ХІІ қаулысын жүзеге асыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 17 желтоқсандағы № 1270 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 49, 593-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау туралы» Заңын күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы № 1915-ХІІ қаулысын жүзеге асыру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 17 желтоқсандағы № 1270 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 49, 593-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1810 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі (1991–1992)

1920 ж. тамызда Қазақ АКСР Әлеуметтік қамтамасыз ету халық комиссариаты ретінде құрылды, 1946 жылдан – Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі¹.

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 23 тамыздағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттері айқындалды: республика халқына әлеуметтік көмектің барлық түрлерімен қызмет көрсетуді ұйымдастыруда стратегиялық және басым бағыттарды болжамдау, әзірлеу және жүзеге асыру; аймақтардың халқын әлеуметтік қамсыздандырудың көкейтесті мәселелерін шешуде қарамағындағы мекемелердің дербестігін арттыру, саланы басқарудың икемді жүйесіне көшу; еңбекке жарамсыз азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуын жақсарту; зейнетақы реформасын және «Қазақ КСР-інде азаматтарды пенсиямен қамсыздандыру туралы» Қазақ КСР Заңын жүзеге асыру; мүгедектік профилактикасының мәселелерін шешу, жаңа технологиялар негізінде протез ісін дамыту, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарының қызметін үйлестіру, қарттар мен мүгедектерге арналған мектеп-интернаттар жүйесін нығайту; жалғыздікті мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсетілуін дамыту; балалы отбасыларды материалдық қолдау шараларын жүргізу, оларға көрсетілетін жәрдемдер жүйесін жетілдіру; есептеу техникасы құралдарын барынша енгізу, республиканың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі толық компьютерлендіруін қамтамасыз ету, зейнетақы қорының қаржыларын жинақтау және ұтымды жұмсау, республикада зейнетақымен қамсыздандырудың сенімді қаржы жүйесін жасау және т.б.²

ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі **ҚР Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі** болып қайта аталды³.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері. Анықтамалық. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени құрылысты басқару органдары, әкімшілік-саяси органдары және құқықтық сот органдары (1937-1977 жж.). Анықтамалық Алматы. 1992. 2-т. 3-б. 21-п.

² «Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің қызметі мен ұйымдық құрылымын жетілдіру туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 23 тамыздағы № 489 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 20, 138-құжат).

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі (1992–1996)

ҚР Президентінің *1992 ж. 7 ақпандағы* Жарлығымен *ҚР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің* қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылық еткен ҚР орталық мемлекеттік басқару органы болып табылды. Министрлік зейнеткерлерді, мүгедектерді, кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын, сондай-ақ халықтың мемлекеттік қолдауға мұқтаж еңбекке жарамсыз топтарын әлеуметтік жағынан қорғау саласында біртұтас мемлекеттік саясат пен мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: халықтың еңбекке жарамсыз топтарын әлеуметтік қорғау саласында республиканың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру; зейнетақылық реформа мен балалы отбасыларына материалдық қолдау көрсету шараларын жүргізеді; республика халқының барлық еңбекке жарамсыз топтарына болжам жасау, әлеуметтік көмектің әр түрлері бойынша қызмет көрсету; әлеуметтік төлемдер жүйесін жетілдіру; республикада халықты мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандырудың сенімді қаржы негізін жасау; азаматтардың әлеуметтік құқын қамсыздандыру жөнінде халықаралық ынтымақтастық орнатып, дамыту болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 30 наурыздағы* қаулысымен КСРО Зейнетақы қорының Республикалық бөлімшесі ҚР Зейнетақы қоры болып қайта құрылды². Зейнетақы қорының орталық аппараты министрлік орталық аппаратының құрылымына енгізілді.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 29 маусымдағы* қаулысымен³ министрлік орталық аппаратының саны қысқартылды, ал ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 30 маусымдағы* қаулысымен министрліктің функцияларының ұлғаюы мен құрылымының өзгеруіне байланысты (оның құрылымына ҚР Зейнетақы қоры орталық аппаратының санын енгізудің есебінен) қайта калпына келтірілді⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 9 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді⁵.

Министрлік, оның қарауындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының халықты әлеуметтік қорғау органдары, сондай-ақ республиканың Зейнетақы қоры ҚР халқын әлеуметтік қорғаудың біртұтас мемлекеттік жүйесін құрады.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 4 қазандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру басқармасы (жетекші); ардагерлер мен мүгедектер істері жөніндегі басқарма (жетекші); зейнетақы қоры жөніндегі басқарма (жетекші); экономика және қаржыландыру басқармасы (жетекші); бухгалтерлік есеп бөлімі; заң бөлімі; протездеу, протез құрастыру және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері жөніндегі бөлім; есептеу жүйелері және зейнетақы мен жәрдемақыларды таратып беруді ұйымдастыру бөлімі; кадр жұмысы және жалпы мәселелер бөлімі⁶.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; зейнетақы қоры істері жөніндегі басқарма; қаржы-экономика басқармасы; зейнетақылық қызмет көрсетуді ұйымдастыру басқармасы; әлеуметтік көмек басқармасы; протездеу істері және ақпаратпен қамтамасыз ету басқармасы; заң және ұйымдастыру-кадр жұмыстары басқармасы; бухгалтерлік есеп бөлімі; аударма және бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс бөлімі; жалпы бөлім⁷.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын басқару жөніндегі функциялары министрлікке берілуіне байланысты ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 наурыздағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; зейнетақы қоры істері жөніндегі бас басқарма; мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры істері жөніндегі бас басқарма; қаржы-экономика басқармасы; зейнетақылық қызмет көрсетуді ұйымдастыру басқармасы; әлеуметтік көмекті ұйымдастыру басқармасы; протездеу және ақпараттық қамтамасыз ету істері жөніндегі басқарма; заң және ұйымдастыру-кадр жұмысы басқармасы; бухгалтерлік есепке алу бөлімі; аударма және бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс басқармасы; іс басқармасы⁸.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 17 маусымдағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁹.

Ережеге сәйкес министрлік жас шамасы бойынша, ауырған мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік қамсыздандыру саласына басшылықты жүзеге асыратын және зейнеткерлерді, мүгедектерді, кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын, сондай-ақ халықтың мемлекеттік қолдауға мұқтаж басқа да топтарын әлеуметтік қолдау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз ететін, орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрлік облыстық, қалалық, аудандық халықты әлеуметтік қорғау басқармалары (бөлімдері) мен республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асырды.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен министрлік таратылды¹⁰. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **1997 ж. 1 қаңтардан** құрылған **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне** берілді.

¹ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы №600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 30 наурыздағы № 287 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 13, 216-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 29 маусымдағы № 561 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 25, 400-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 30 маусымдағы № 565 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 26, 320-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 9 желтоқсандағы № 1228 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 48, 581-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 қазандағы № 1107 қаулысы (ҚР ҰА. 4 Қ. 1-Қ т. 8 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1785 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

⁸ «ҚР Президентінің 1992 ж. 18 наурыздағы № 688 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1996 жылғы 29 қаңтардағы № 2837 Жарлығын іске асыру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 наурыздағы № 359 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 432 іс).

⁹ «Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 17 маусымдағы № 741 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 28, 244-құжат).

¹⁰ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (1996–2014, 2017*)

Таратылған **ҚР Еңбек министрлігі** мен **ҚР Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің** базасында ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР орталық атқарушы органы болып табылды және еңбек және оны қорғау, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асырды және осы саладағы реформаны нақты іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестірді.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 26 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; қаржылық жоспарлау және талдау бас басқармасы; әлеуметтік

реформалар бас басқармасы; жұмыспен қамту бас басқармасы; халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру бас басқармасы; зейнетақымен қамтамасыз ету, еңбекақы және өмір сүру деңгейі бас басқармасы; қоралардың борыштары жөніндегі талап-қуыным жұмысы басқармасы; еңбекті қорғау және оның жағдайы басқармасы; көші-қон басқармасы; мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі басқарма; заң басқармасы; сыртқы байланыс және кадр саясаты басқармасы; іс басқармасы; бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі бөлімі².

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 3 наурыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді³.

Министрліктің негізгі функциялары: ҚР азаматтарының еңбек және өзге де әлеуметтік құқықтарын іске асырудың тиімді әдістерін әзірлеп, енгізу, оларды заңнамамен көзделген мемлекеттік зейнетақымен, жәрдемақымен және басқа әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету; мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын, әлеуметтік бағдарламалардың басқа да жобаларын әзірлеп, іске асыру және олардың орындалуын үйлестіру-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету; халықтың саны саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және үйлестіру; республикада халықтың көші-қонына қатысты жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру; еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау саласында халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты жүзеге асыру және т.б.

Өзінің аумақтақ басқару органдары болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 28 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің құрылымы бекітілді: басшылық; әлеуметтік даму департаменті; жұмыспен қамту және еңбек қатынастары департаменті; қаржылық реттеу департаменті; көші-қон және функционалдық қызмет көрсету департаменті⁴.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 14 шілдедегі** қаулысымен **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі** құрылды, ол жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі мемлекеттік орган болып табылды және министрлік құрамына кіргізілді⁵.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 21 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁶. Министрліктің мәртебесі және оның негізгі міндеттері маңызды өзгертулерге ұшырамады. Министрлік құрамында заңды тұлғалар болып табылған Ұлттық зейнетақы агенттігі және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық жұмыс істеді.

Министрлік құрылымы: басшылық; әлеуметтік даму департаменті; жұмыспен қамту және еңбек қатынастары департаменті; құқықтық жұмыс және функционалдық қамтамасыз ету департаменті; **Ұлттық зейнетақы агенттігі** (заңды тұлға құқығында).

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 20 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің** құрылуына байланысты министрліктің негізгі функцияларынан көші-қон үрдістерін талдау, болжамдау және реттеу функциялары алынып тасталынды⁷.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 9 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁸. Министрліктің мәртебесі мен негізгі функциялары өзгертілмеді.

Министрлік құрылымы: басшылық; еңбек қатынастары департаменті; әлеуметтік даму департаменті; жұмыспен қамту департаменті; қаржы және экономикалық талдау департаменті; заң басқармасы (дербес басқарма құқығында); аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма (дербес басқарма құқығында); медициналық-әлеуметтік сараптама және оңалту басқармасы (дербес басқарма құқығында); кадр жұмысы бөлімі (дербес бөлім құқығында); **Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитет** (заңды тұлға құқығында).

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді⁹. Атап айтқанда, министрлікке ведомство берілді – **Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитет**.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 20 шілдедегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹⁰.

Ережеге сәйкес министрлік өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылықты жасайтын, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің ведомствосы – **Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті**, сондай-ақ облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық

органдары болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және оларды жүзеге асыру; жұмыссыздық деңгейін азайту және кедейлік ауқымын қысқарту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу; әлеуметтік әріптестік саласында мемлекеттік саясатты іске асыру; жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру; еңбек, еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау туралы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету; заңнамамен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Министрлік пен оның аумақтық органдары ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 21 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік дәрігерлік-әлеуметтік сараптау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган екендігі белгіленді¹¹.

ҚР Президентінің **2002 ж. 17 мамырдағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Ұлттық Банкіне** жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілу жолымен қайта ұйымдастырылды¹².

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 17 маусымдағы** қаулысымен министрліктің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті таратылып, мүлкі ҚР Ұлттық Банкіне берілді¹³. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеден министрліктің ведомствосы бар екендігі көрсетілген тармағы алынып тасталынды.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 31 қазандағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру міндеті жатқызылды¹⁴.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 2 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру міндеті жатқызылды¹⁵.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі** оны министрлікке қосу жолымен қайта ұйымдастырылды¹⁶.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді¹⁷. **Көші-қон жөніндегі комитеті** құрылды және ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері Көші-қон жөніндегі комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Министрлік өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылық жасайтын, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері мемлекеттік саясатты қалыптастыру, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде, еңбек, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, жұмыспен қамту, әлеуметтік әріптестік, халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру, өз құзыретінің шегінде көші-қон процестерін реттеу саласындағы салааралық үйлестіру болып табылды.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

Министрліктің ведомствосы – **Көші-қон комитеті**.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 30 қарашадағы** қаулысымен **министрліктің Бақылау және әлеуметтік қорғау жөніндегі комитеті** құрылды¹⁸. Министрліктің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері министрліктің Бақылау және әлеуметтік қорғау жөніндегі комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды. Министрлік туралы ереже жана редакцияда мазмұндалды.

Министрлік өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылық жасайтын, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің ведомстволары – *Көші-қон комитеті* және *Бақылау және әлеуметтік қорғау жөніндегі комитеті бар.*

Министрліктің негізгі міндеттері еңбек, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау, халықты зейнетақылық және әлеуметтік қамтамасыз ету, міндетті әлеуметтік сақтандыру, көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру; еңбек, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау, халықты зейнетақылық және әлеуметтік қамтамасыз ету, міндетті әлеуметтік сақтандыру, көші-қоны саласында салааралық үйлестіру және мемлекеттік басқару; министрлікке ҚР заңнамасында жүктелген өзге де міндеттер болып табылады.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 9 наурыздағы* қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыру және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және мемлекеттік басқару міндеті жатқызылды¹⁹.

ҚР Президентінің *2010 ж. 22 қыркүйектегі* Жарлығымен министрлік оның шетелдік жұмыс күшін тартуға квота беру және оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақылар мен өтемақылар төлеу жөніндегі функцияларды қоспағанда, халықтың көші-қоны саласындағы, сондай-ақ босқындардың мәселелері жөніндегі функциялары *ҚР Ішкі істер министрлігіне* беріле отырып қайта құрылды²⁰.

ҚР Президентінің *2010 ж. 30 қыркүйектегі* Жарлығымен Көші-қон комитеті мен оның аумақтық органдары таратылды²¹. Комитеттің қарамағындағы ұйымдар (Қарағанды, Шымкент, Ақтау қалаларындағы және Оңтүстік Қазақстан облысы Ақсуқент селосындағы оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары) құрылған *ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті* қарамағына берілді.

Осы қаулымен Көші-қон комитеті министрлік ведомстволарының қатарынан алынып тасталынды. Осыған сәйкес, министрліктің негізгі міндеттерінен халықтың көші-қоны саласындағы, сондай-ақ босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастырумен, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асырумен байланысты міндеттері алынып тасталынды.

ҚР Үкіметінің *2013 ж. 13 наурыздағы* қаулысымен *Көші-қон комитеті* қайтадан құрылды²².

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен министрліктің функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне* беріле отырып таратылды²³.

ҚР Президентінің *2017 ж. 25 қаңтардағы* Жарлығымен *ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің* әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері министрлікке беріле отырып қайта ұйымдастырылды²⁴.

ҚР Үкіметінің *2017 ж. 18 ақпандағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді²⁵.

Министрлік әлеуметтік және еңбек салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылды.

Министрліктің мынадай ведомстволары болды: *Еңбекті әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті.*

2022 ж. 16 наурыздағы ҚР Үкіметінің қаулысымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің *Миграция комитеті* құрылды²⁶.

Осы қаулымен Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті *Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті* болып қайта аталды. Сондай-ақ, министрлік туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді.

Ережеге сәйкес министрліктің келесі ведомстволары болды: *Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті және Көші-қон комитеті.*

2024 ж. 6 тамыздағы ҚР Үкіметінің қаулысымен *Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті* құрылды²⁷.

Осы қаулымен Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің аумақтық бөлімшелері – республикалық мемлекеттік мекемелер құрылды. Бұл мекемелерге басшылық ету саласындағы уәкілетті орган ретінде министрлік белгіленді. Сонымен қатар, министрлік туралы ережеге тиісті өзгерістер енгізілді.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – әлеуметтік-еңбек саласында, сондай-ақ өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Министрліктің ведомстволары: ***Көші-қон комитеті, Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті, Халықты әлеуметтік қорғау саласында реттеу және бақылау комитеті.***

Министрліктің негізгі міндеттері: еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау; жұмыспен қамту; әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру; мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау; балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау; азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету; арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету; өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру; кәсіптік біліктілікті тану; ҚР заңнамасымен министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

¹ «Орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 26 желтоқсандағы № 1634 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 3 наурыздағы № 290 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 71-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 28 сәуірдегі № 673 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 762 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 14 шілдедегі № 1108 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 32, 293-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 21 қарашадағы № 1636 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 50, 466-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1997 ж. 21 қарашадағы № 1636 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 20 ақпандағы № 125 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 6, 33-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 9 сәуірдегі № 394 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 12, 119-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 20 шілдедегі № 983 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 27, 340-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 21 желтоқсандағы № 1668 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 47, 563-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің біртұтас жүйесін ұйымдастыру мәселелері» ҚР Президентінің 2002 ж. 17 мамырдағы №872 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 14, 139-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 17 маусымдағы № 662 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 17, 195-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 шілдедегі № 983 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 2 сәуірдегі №379 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 42, 448-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 шілдедегі № 983 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 2 сәуірдегі №379 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 16, 202-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі №1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы №1132 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 43, 540-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 30 қарашадағы №1159 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, №45, 534-құжат).

¹⁹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 9 наурыздағы №184 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №24, 177-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы №1039 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 22 қыркүйектегі №1066 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №51, 466-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 қыркүйектегі №1009 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №53, 510-құжат).

²² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 13 наурыздағы № 231 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 20, 336-құжат).

²³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

²⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 25 қаңтардағы № 412 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 1, 2-құжат).

²⁵ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 18 ақпандағы № 81 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 8, 46-құжат).

²⁶ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 16 наурыздағы № 128 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 10, 80-құжат).

²⁷ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 6 тамыздағы № 628 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, №36-37, 223-құжат).

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қон жөніндегі департаменті (1992–1997)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 15 желтоқсандағы* қаулысымен¹ *1992 ж. 1 қарашадан* құрылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 15 желтоқсандағы* қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент *ҚР Еңбек министрлігінің* дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылды.

Департамент байырға ұлт адамдары мен отбасыларын ерікті түрде қоныс аудару және орналастыру жөніндегі бағдарламаны талдап жасау мен жүзеге асыру, олардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Мемлекеттік көші-қон қорының қызметін үйлестіру үшін жауап берді.

Департаменттің негізгі міндеттері: республикаға қоныс аударуды реттеу және ұйымдық-нысаналық қамтамасыз ету, босқындар үшін, өзінің ата қонысына қайта оралып жатқан адамдар мен отбасылар үшін жаңа орында қажетті тұрмыс жағдайларын жасау; ұлттық диаспора, оның ата мекенінде тұру үшін ерікті түрде қоныс аударуына, ортаға бейімделуіне, еңбекке орналасуына және тіршілік етуіне тиісті материалдық-тұрмыстық жағдай жасауға қамқорлық көрсету; әрбір күнтізбе жылға көшіп келушілердің қай елден келетіні көрсетіліп олардың шекті саны мен түрлерін, оларды қабылдауға, жайғастыруға және ортаға бейімдеуге қажетті материалдық-қаржы ресурстарын, сондай-ақ олардың орналасуға тиіс аймақтарын анықтау; ҚР Мемлекеттік көші-қон қорын нысаналы түрде қалыптастыру және пайдалану.

Облыстық Алматы және Ленинск қалалық әкімшілік басқару органдарының құрамында департаменттің өкілетті өкілдері айқындалды.

ҚР Көшіп келу туралы заңын жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін Көші-қон жөніндегі департамент ҚР Мемлекеттік көші-қон қоры құрылды.

ҚР Президентінің *1997 ж. 8 желтоқсандағы* Жарлығымен *ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің* құрылуына байланысты департамент өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Көшіп келу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 15 желтоқсандағы № 1055 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 48, 715-құжат).

² «Көшіп келу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 15 желтоқсандағы № 1055 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 48, 715-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 8 желтоқсандағы № 3783 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 52, 475-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі
(1997–2004)**

ҚР Президентінің *1997 ж. 8 желтоқсандағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 12 қаңтардағы* қаулысымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: халықтың санын өсіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік көші-қон және демографиялық саясатты әзірлеу және іске асыру; республикада халықтың көші-қоны саласындағы барлық жұмысты үйлестіру; көшіп-қонушыларға атаулы көмек пен қолдау көрсету; репатрианттарды қабылдауды және уақытша орналастыруды ұйымдастыру, жаңа тұратын жерлерінде жайласуына көмектесу; босқындармен және басқа да қоныс аударушылармен жұмыс істеу; халықаралық және шетел ұйымдарымен көші-қон мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру және т.б.

Облыстарда, Алматы қаласы мен астанада – көші-қон және демография жөніндегі басқармалар, аудандарда – көші-қон бөлімдері құрылды.

Агенттік аппаратының құрылымы: көші-қон басқармасы; көші-қон және демографиялық бағдарламаларды талдау, әзірлеу және іске асыру басқармасы; агенттіктің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлім.

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен ҚР Үкіметінің жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты агенттік өз қызметін тоқтатты³.

ҚР Президентінің *1999 ж. 5 наурыздағы* Жарлығымен ҚР Үкіметінің құрылымы ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігімен толықтырылды⁴.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 21 шілдедегі* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді⁵. Агенттіктің статусы, оның негізгі функциялары мен облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары сақталынды.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен Агенттік **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне** қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен агенттіктің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон жөніндегі комитетінің** аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 8 желтоқсандағы № 3783 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 52, 475-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 12 қаңтардағы № 8 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 1, 5-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 5 наурыздағы № 80 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 6 наурыз).

⁵ «Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 21 шілдедегі № 1020 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 38, 319-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1132 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 43, 540-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Көші-қон жөніндегі комитеті
(2004–2010, 2013–2014, 2022*)**

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығына¹ сәйкес комитет **ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі оны ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау**

министрлігіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен құрылды².

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³. ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері ҚР Көші-қон жөніндегі комитетінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Комитет **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің** өз құзыреті шеңберінде көші-қон процестерін реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты, салааралық үйлестіруді және арнайы атқарушылық, рұқсат беру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері ҚР Конституциясында бекітілген адамның тұрғылықты жерін еркін таңдау, кету еркіндігі, жүріп-тұру еркіндігі құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету, ҚР заңнамасына, ҚР халықаралық шарттарына және халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның өткен тарихы мен дәстүрлерін, даму перспективаларын ескере отырып мемлекеттік көші-қон саясатын іске асыру болды.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық (төраға, төраға орынбасары); көші-қон басқармасы; әкімшілік басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 29 қыркүйектегі** қаулысымен комитеттің Қарағанды, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысының Ақсукеңт селосында оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары – мемлекеттік мекемелері құрылды. Мемлекеттік мекемелер қызметінің негізгі мәні ҚР заңнамасына сәйкес оралмандарға бейімдеу қызметтерін көрсету болып белгіленді⁴.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 9 маусымдағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары (басқармалары) – мемлекеттік мекемелері департаменттер болып қайта аталды⁵.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 2 маусымдағы** қаулысымен Маңғыстау облысының Ақтау қаласы аумағында «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды⁶.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 қыркүйектегі** қаулысымен Көші-қон комитеті мен оның аумақтық органдары таратылды. Комитеттің қарамағындағы ұйымдар (Қарағанды, Шымкент, Ақтау қалаларындағы және Оңтүстік Қазақстан облысы Ақсукеңт селосындағы оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары) құрылған **ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті** қарамағына берілді⁷.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 13 наурыздағы** қаулысымен комитет қайтадан құрылды⁸.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі** таратылды⁹.

ҚР Президентінің **2017 ж. 25 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігін** қайта ұйымдастыру нәтижесінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қайта құрылды¹⁰.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 16 наурыздағы** қаулысымен Министрлік жанынан **Көші-қон комитеті** құрылды¹¹.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің **2022 ж. 21 сәуірдегі** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді¹².

Комитет – көші-қон саласында өз құзыреті шегінде басшылықты жүзеге асыратын министрлікке қарасты ведомство.

Комитеттің міндеті: өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны және босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оны іске асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, №36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1132 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 43, 540-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-кон комитеті оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары – мемлекеттік мекемелерін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 29 қыркүйектегі №859 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, №35, 401-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 9 маусымдағы №549 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, №29, 287-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-кон комитетінің «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы мемлекеттік мекемесін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 2 маусымдағы № 503 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №36, 292-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 қыркүйектегі №1009 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 53, 510-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 13 наурыздағы № 231 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 20, 336-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 25 қаңтардағы № 412 жарлығы (ҚР ПҰАЖ 2017, №1, 2- құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 16 наурыздағы № 128 қаулысы (ҚР ПҰАЖ 2022, № 10, 80-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-кон комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 ж. 21 сәуірдегі № 133 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы // Қазақстан Республикасы НҚА электронды түрде бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/187767/kaz> (ресми жариялау күні: 03.11.2023).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (1996–1999)

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қаңтардағы** Жарлығымен **1996 ж. 1 қаңтардан** бастап құрылды¹.

Қор Халықты әлеуметтік қорғау органдарының жүйесіне кірді. Қордың басқару органы **ҚР Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі** болды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 3 қыркүйектегі** қаулысымен қор туралы ереже бекітілді².

Қордың оперативтік және ағымдағы міндеттерін шешу үшін ҚР Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының істері жөніндегі бас басқарма және жергілікті халықты әлеуметтік қорғау органдарына тиісті құрылымдық бөлімшелер құрылды.

Қордың негізгі міндеттері: міндетті сақтандыру жарналарын төлеушілерді толық есепке алу мен тіркеуді қамтамасыз ету; жәрдемақы төлеуге арналған қаражатты шоғырландыру және оған жұмсалатын шығындарды қаржыландыруды қамтамасыз ету; Қор қаражатының түсуінің және жұмсалыуының есебін ұйымдастыру; сақтандыру жарналарының төленуіне және Қор қаражатының нысаналы мақсатты жұмсалыуына бақылау жасау.

ҚР Президентінің **1999 ж. 2 желтоқсандағы** Жарлығымен қор таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын құру туралы» 1992 ж. 18 наурыздағы № 688 (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 7, 118-құжат) және «Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы № 688 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қаңтардағы № 2837 (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 5, 22-құжат) ҚР Президентінің жарлықтары.

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 3 қыркүйектегі № 1080 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 36, 341-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. / Жауапты ред.: В.Н. Шепель – Алматы: «Эдельвейс», 2004. 511-б.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі (1997–1999)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 14 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен агенттік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес Агенттік жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: ҚР зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттерді азаматтардың жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау; мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне бақылау жасау.

Агенттіктің құрылымы: басшылық; жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау және реттеу басқармасы; есепті және есеп беруді ұйымдастыру басқармасы; заң бөлімі; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлім.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 8 сәуірдегі* қаулысымен агенттік туралы жаңа ереже бекітілді³. Оның мәртебесі: Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган ретінде белгіленді.

Агенттіктің негізгі міндеттері: жинақтаушы зейнетақы жүйесін құруға қатысты зейнетақы реформасын іске асыру; жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне міндетті талаптар белгілеу; мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау, қадағалау және бақылау жасау болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау мәселелерін шешу үшін агенттікте Лицензиялық кеңес құрылды. Агенттіктің құрылымына өзгертулер енгізілмеді.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 26 сәуірдегі* қаулысымен агенттік таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР *Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 14 шілдедегі № 1108 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 32, 293-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 14 шілдедегі № 1108 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 32, 293-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 8 сәуірдегі № 297 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 11, 83-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 26 сәуірдегі № 471 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 14, 47-құжат).

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Жинақтаушы зейнетақы қорларының
қызметін реттеу жөніндегі комитеті
(1999–2002)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 9 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 26 сәуірдегі* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Комитет *ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі* құзыретінің шегінде жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу және бақылау функцияларын дербес жүзеге асыратын ҚР ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; халықтың жинақталған зейнетақы қаражатын қорғау мақсатында жинақталған зейнетақы қорларының тұрақты қызметін қамтамасыз ету; жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының және/немесе алушыларының мүдделерін қорғау.

Комитет құрылымы: басшылық; заң бөлімі; жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау және реттеу басқармасы; бухгалтерлік есепті және қаржылық есеп беруді ұйымдастыру басқармасы.

Жинақтаушы зейнетақы қорларында басшылық қызметке орналасуға үміткерлерді келісу үшін комитет жанынан Біліктілік комиссиясы құрылды.

ҚР Президентінің *2002 ж. 17 мамырдағы* Жарлығымен *ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі* оның жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ұлттық Банкіне берілу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 17 маусымдағы* қаулысымен комитет таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 9 сәуірдегі № 394 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 12, 119-құжат).

² «Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақталған зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 26 сәуірдегі № 471 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 14, 147-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің біртұтас жүйесін ұйымдастыру мәселелері» ҚР Президентінің 2002 ж. 17 мамырдағы № 872 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 14, 139-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 17 маусымдағы № 662 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 17, 195-құжат).

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті (2007–2014)

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 30 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері комитеттің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары (департаменттері) – мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Комитет *ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің* ведомствосы болды.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен *ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі* құрылып, оған ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің функциялары мен өкілеттіктері берілді².

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 23 қыркүйектегі* қаулысымен комитет *ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті* болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 30 қарашадағы № 1159 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 45, 534-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 551-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті (2014–2017)

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 23 қыркүйектегі* қаулысымен *ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің* аймақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет *ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің* құзыреті шегіндегі еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болды².

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың, халықты жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ өз құзыреті шегінде ҚР халықтың көші-қоны туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында мүгедектерді әлеуметтік қорғау, халықтың көші-қон саласында өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыру.

ҚР Президентінің **2016 ж. 30 желтоқсандағы** Жарлығымен ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі **ҚР Ішкі істер министрлігіне** оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квоталарын, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және ҚР Үкіметіне енгізу, ҚР заңнамасына сәйкес көшіп-қонушыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету, еңбекші көшіп-қонушылар мен этникалық қазақтардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, құзыреті шегінде ҚР халықтың көші-қоны туралы заңнамасының сақталуын бақылау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді қоспағанда, көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты ведомство аралық үйлестіру және іске асыру, көші-қон процестерін мониторингтеу, талдау және болжамдау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, қайта ұйымдастырылды³.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 18 ақпандағы** қаулысымен комитеттің атауы **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті** болып өзгертілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 551-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 ж. 17 қазандағы № 145 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/84153/kaz> (жүгінген күні: 30.12.2024).

³ «ҚР мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 30 желтоқсандағы № 401 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 67, 451-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 18 ақпандағы № 81 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 8, 46-құжат).

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті (2017–2022)

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 18 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті** атауы өзгертіліп, комитет қайта құрылды¹.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің **2017 ж. 3 наурыздағы** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет – өз құзыреті шегінде еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау салаларында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын министрлікке қарасты ведомство болды.

Комитеттің міндеттері: ҚР еңбек заңнамасының, соның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарының, жұмыспен қамту, зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, арнайы әлеуметтік қызметтер, міндетті әлеуметтік сақтандыру, халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету, міндетті әлеуметтік сақтандыру, балалы отбасыларды әлеуметтік

қолдау, белгілі бір азаматтар категорияларына әлеуметтік көмек көрсету, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету және халықтың көші-қоны салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру болды.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 16 наурыздағы** қаулысымен комитеттің атауы өзгертіліп, ол министрліктің ***Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті*** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 18 ақпандағы № 81 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 8, 46-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті туралы кейбір мәселелер туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 ж. 3 наурыздағы № 18 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/112925/kaz> (ресми жариялау күні: 26.06.2017).

³ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 16 наурыздағы № 128 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, №10, 80-құжат).

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті (2022–2024)

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 16 наурыздағы** қаулысымен ***ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің*** атауын өзгерту арқылы құрылды¹.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің **2022 ж. 16 маусымдағы** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет – өз құзыреті шегінде еңбек, соның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау салаларында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын министрлікке қарасты ведомство болып табылды.

Комитеттің міндеттері: ҚР еңбек заңнамасының, соның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарының, зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету салаларындағы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру; өз құзыреті шегінде еңбек, соның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, міндетті әлеуметтік сақтандыру, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтар, Арал маңындағы экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтар, сондай-ақ балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру болды.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің **2024 ж. 15 тамыздағы** бұйрығымен комитеттің атауы өзгертіліп, ол ***ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті*** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 16 наурыздағы № 128 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, №10, 80-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті туралы кейбір мәселелер туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 ж. 16 маусымдағы № 205 бұйрығы // Қазақстан Республикасының НҚА эталондық бақылау банкі.
[Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/170151/kaz> (ресми жариялау күні: 29.07.2022).

³ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № 205 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті туралы кейбір мәселелер туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 ж. 15 тамыздағы № 318 бұйрығы // Қазақстан Республикасының НҚА эталондық бақылау банкі
[Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/201334/kaz> (ресми жариялау күні: 08.10.2024).

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті
(2024*)

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің *2024 ж. 15 тамыздағы* бұйрығымен министрліктің *Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті* атауы өзгертіліп, жаңа құрылымда қайта құрылды¹.

Осы бұйрықпен комитеттің ережесі жаңа редакцияда бекітілді.

Комитет – өз құзыреті шегінде әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау салаларында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын министрлікке қарасты ведомство болып табылады.

Комитеттің міндеттері: өз құзыреті шегінде зейнетақы және әлеуметтік қамтамасыз ету, міндетті әлеуметтік сақтандыру, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды, Арал маңындағы экологиялық апаттан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау, балалы отбасыларға жәрдемақы тағайындау, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде ҚР зейнетақы және әлеуметтік қамтамасыз ету, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № 205 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті туралы кейбір мәселелер туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 ж. 15 тамыздағы № 318 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/201334/kaz> (ресми жариялау күні: 08.10.2024).

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Еңбек инспекциясы жөніндегі мемлекеттік комитеті
(2024*)

ҚР Үкіметінің *2024 ж. 6 тамыздағы* қаулысымен құрылды¹.

Комитет ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ведомствосы болып табылады және өз құзыреті шегінде еңбек қатынастары, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, халықты жұмыспен қамту салаларында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады².

Міндеттері: еңбек қатынастары, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту саласындағы заңнаманы өз құзыреті шегінде іске асыру арқылы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; ҚР еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарының, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 6 тамыздағы № 628 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2024, № 36–37, 223-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек инспекциясы жөніндегі комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 ж. 15 тамыздағы № 317 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/200619/kaz> (ресми жариялау күні: 16.09.2024).

7.2 Денсаулық сақтау саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (Денсаулық сақтау министрі) (1991–1997, 2001–2014, 2017*)

Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі ретінде 1946 ж. наурыздан қызмет етіп келеді¹.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылық жасаған ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болып табылды².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 20 мамырдағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді³.

Министрліктің негізгі мақсаттары мен міндеттері: денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу, ғылыми негіздеу және оның орындалуын бақылау; барлық меншік нысанындағы денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің медициналық көмек ұйымдастыру, оның ішінде, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті аналар мен балаларға, ауылдағы денсаулық сақтау және экологиялық апат аймақтары мен төтенше жағдайларға медициналық көмекті жетілдіру, халықты және емдеу-профилактика мекемелерін дәрі-дәрмекпен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру; денсаулық сақтауды басқарудың құрылымын сараптық талдау және болжау жүйесін құра отырып, сапаны дамытудың басым бағыттарына сәйкес жетілдіру; медицина ғылымының негізгі бағыттарын дамыту, ғылыми-зерттеу мекемелерінің желілерін, құрылымдарын және жоғары білікті мамандар даярлауды жетілдіру, ғылыми әзірлемелерді денсаулық сақтаудың практикасына енгізудің нәтижесін әдістемелік қамтамасыз ету; денсаулық сақтауды басқарудың, азаматтарды медициналық сақтандыру жүйесінің, медицинадағы көп укладтылықты дамытудың, мемлекет иелігінен алудың, жекешелендірудің, саладағы басқаруды орталықтандырудан шығарудың экономикалық әдістерін әзірлеу, енгізу және жетілдіру; денсаулық сақтау, медицина ғылымы және оқу орындары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру; республикадағы медицина кадрларын даярлау мен қайта даярлаудың жүйесін әзірлеу, ұйымдастыру және жетілдіру; республика аумағында санитарлық-эпидемиологиялық саулықты және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметке біркелкі келуді жасау және жетілдіру; республика аумағын карантин ауруларының әкелінуінен және таралуынан қорғауды, шет елден сатып алынған өнімдерді жөнелту мен өткізуге санитарлық бақылауды ұйымдастыру; республиканың ведомстволық санитарлық қадағалау объектілеріндегі санитарлық-эпидемиологиялық саулықты қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру; ведомстволық санитарлық-медициналық қызметтің жұмысына жедел басшылық пен бақылауды жүзеге асыру; денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу; мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және басқа құрылымдармен бірлесіп, дәрі-дәрмектер, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникалар шығару жөніндегі өндірісті әзірлеу және ұйымдастыру; мемлекеттік фармакопияны ұйымдастыру, дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасы мен стандартына бақылау жүргізу; республика аумағындағы барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар шығарған медициналық техникалардың жаңа бұйымдарына техникалық сынақ жүргізуге қатысу; медициналық-статистикалық және ғылыми-ақпараттардың біртұтас жүйесін әзірлеу және ұйымдастыру, есептеу, есеп беру құжаттамаларын жетілдіру; курорттық ресурстарды игеру және санитарлық-курорттық істі жетілдіру; денсаулық сақтау қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөніндегі ұсыныстар әзірлеу; халық денсаулығын қорғау саласындағы қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметін қалыптастыруға жәрдемдесу, қолдау білдіру және көтермелеу; мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары органдары үшін ақпараттық және талдау сипатындағы құжаттар дайындау; денсаулық сақтау саласында, өнеркәсібінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, ЮНИСЕФ-тің және басқа халықаралық үкіметтен тыс ұйымдардың жұмысына қатысу.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 4 қазандағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; министрдің жанындағы аппарат; емдеу-сауықтыру бас басқармасы; санитарлық-эпидемиологиялық бас басқарма; жоспарлау-экономикалық бас басқармасы; ана мен баланың денсаулығын қорғау басқармасы (жетекші); ғылым, оқу орындары және медицина кадрларымен жұмыс басқармасы (жетекші); дәрілік заттар және медтехниканың сапасы мен стандарттауды бақылау жөніндегі басқарма (жетекші); фармацевтік және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі басқарма; күрделі құрылыс және шаруашылық қызмет басқармасы; сыртқы байланыстар бөлімі⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 1 тамыздағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымына Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасы (жетекші) енгізілді⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; емдеу-профилактика бас басқармасы; денсаулық сақтау реформасы, талдама және болжам басқармасы; мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бас басқармасы; ғылым, білім және кадр жұмысы бөлімі; денсаулық сақтаудағы экономика бас басқармасы; медицина және фармацевтика өнеркәсібін дамыту бөлімі; дәрімен қамтамасыз ету бөлімі; дәрілік заттарды және медициналық техникаға бақылау және сертификаттау бөлімі; жалпы бөлім⁶.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; емдеу-профилактикалық көмек және денсаулық сақтауды реформалау; мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы; экономика басқармасы; ғылым, білім, кадр жұмысы және сыртқы байланыстар басқармасы; дәрілік қамтамасыз ету басқармасы; жалпы бөлім⁷.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің құрылымы бекітілді: басшылық; емдеу-профилактикалық мекемелердің қызметін үйлестіру және денсаулық сақтауды реформалау жөніндегі департамент; дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және медициналық техника департаменті; экономика, ғылым және ресурстық қамтамасыз ету департамент; **Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалды қамтамасыз ету департаменті (заңды тұлға құқығында)**⁸.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» ҚР **1997 ж. 19 мамырдағы** Заңының қабылдауына байланысты министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁹.

Ережеге сәйкес министрлік орталық атқарушы органы болып табылды және азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шекте – өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: азаматтардың денсаулығын сақтаудың бірыңғай мемлекеттік саясатын жүргізу; азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасау, салааралық үйлестіруді іске асыру, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік, нысаналы және кешенді бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау; денсаулық сақтауды реформалауды жүзеге асыру; медициналық және фармацевтикалық ғылымды бағдарлау және дамыту; медициналық және фармацевтік өнеркәсіпті құру және дамыту; кадрларды даярлау мен қайта даярлау; халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру мен дамыту.

Министрлік және оның аумақтық органдары министрліктің біртұтас жүйесін құрады.

Бас санитарлық-эпидемиологиялық қызметті (**Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалды қамтамасыз ету департаменті**) ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер басқарды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен Денсаулық сақтау министрлігі **Білім және мәдениет министрлігімен ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне** бірігу арқылы қайта ұйымдастырылды¹⁰.

ҚР Президентінің **2001 ж. 17 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде қайта құрылды¹¹.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 16 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді¹². *2002 ж. 1 қаңтардан* министрліктің ведомстволары құрылды: *Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті және Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті*.

Ережеге сәйкес министрлік басшылық жасауды, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте арнайы атқарушылық, бақылау, қадағалау функцияларын және азаматтардың денсаулығын сақтау медицина ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрліктің мынадай ведомстволары болады: Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті.

Министрліктің негізгі міндеттері: халықтың денсаулығын сақтау медицина ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу; азаматтардың заңнамаға сәйкес мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру; халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау; халықты және емдеу-алдын алу ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру; денсаулық сақтауды, фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі іс-шараларды белгілеу; ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың материалдық-техникалық базасын дамыту және оларды жарақтандыруды қамтамасыз ету; министрліктің құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

ҚР Үкіметінің *2003 ж. 7 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді: министрлік қосымша медициналық және фармацевтикалық білім саласында арнайы атқарушылық, бақылау-қадағалау функцияларын және салааралық үйлестіруді жүзеге асырды; министрліктің негізгі міндеттері медициналық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім саласында біртұтас саясатты жүргізу міндетімен толықтырылды¹³.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен министрліктің медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті реттеу саласындағы функциялары *ҚР Индустрия және сауда министрлігіне* берілді¹⁴.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 28 қазандағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹⁵. *Медициналық қызмет көрсетулер сапасына бақылау жасау жөніндегі комитеті* құрылды, оған министрліктің денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру функциялары берілді. Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті *Фармация комитеті* болып қайта құрылды, оған қайта ұйымдастырылған комитеттің фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті реттеуден басқа функциялары берілді.

Министрлік басшылық жасауды, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері халықтың денсаулығын сақтау, медицина ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу, азаматтардың заңнамаға сәйкес мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, халықты және емдеу-алдын алу ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, министрліктің құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту болып табылды.

Министрліктің мынадай ведомстволары: Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, Фармация комитеті және Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитеті болды.

ҚР Үкіметінің *2006 ж. 22 қыркүйектегі* қаулысымен министрліктің *Медициналық қызмет көрсетулер сапасына бақылау жасау жөніндегі комитет Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті* болып қайта аталды¹⁶. Министрліктің құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері белгіленді.

Министрлік азаматтардың денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызметтің сапасына бақылау жасау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүргізу, азаматтардың заңнамаға сәйкес мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, халықты және емдеу-алдын алу ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, денсаулық сақтау, оның ішінде медицина ғылымы мен медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылды.

Министрлік ведомстволарының құрамына атауы өзгертілген – Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті енгізілді.

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 12 қазандағы* қаулысымен *Фармация комитеті министрліктің Фармацевтикалық бақылау комитеті* болып қайта аталды. Министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды¹⁷.

Министрлік азаматтардың денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызметтің сапасына бақылау жасау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Министрліктің ведомстволары болды: Фармацевтикалық бақылау комитеті, *Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті*, Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті, сондай-ақ ведомстволық ұйымдар.

Министрліктің негізгі міндеттері денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы және білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүргізу, азаматтардың заңнамаға сәйкес мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, халықты және емдеу-алдын алу ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, денсаулық сақтау, оның ішінде медицина ғылымы мен медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылды.

Министрлік қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді.

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 11 шілдедегі* қаулысымен министрліктің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің атаулары өзгертілді: Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Оңтүстік-Шығыс және Батыс өңірлік басқармалары сәйкес Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Оңтүстік-Шығыс және Батыс өңіраралық департаменттері; Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Бас басқармасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Орталық департаменті; Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Семей бөлімшелік басқармасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Семей бөлімшелік басқармасы; Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың әуе көлігіндегі Солтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс өңірлік басқармалары сәйкес Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың әуе көлігіндегі Солтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс өңіраралық департаменті болып қайта аталды¹⁸.

Министрліктің Фармация комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері (фармацевтикалық бақылау басқармалары министрліктің Фармацевтикалық бақылау комитетінің облыстар және Алматы және Астана қалалары бойынша департаменттері болып қайта аталды). Министрліктің Фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі жаңа редакцияда бекітілді.

Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті аумақтық бөлімшелері (басқармалары) – мемлекеттік мекемелері комитеттің департаменттері болып қайта аталды.

Министрліктің Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі жаңа редакцияда бекітілді.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 7 қазандағы** қаулысымен Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті **министрліктің Медициналық қызметтерге ақы төлеу комитеті** мен **Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне** бөліну жолымен қайта құрылды. Комитеттің аумақтық бөлімшелері де осы жолмен қайта ұйымдастырылды. Фармацевтикалық бақылау комитеті министрліктің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Комитеттің аумақтық бөлімшелері де осы жолмен қайта ұйымдастырылды¹⁹.

Тиісті өзгертулер министрлік туралы ережеге енгізілді: оның ведомстволарының тізбегінде Фармацевтикалық бақылау комитеті Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне, ал Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті Медициналық қызметтерге ақы төлеу комитетіне ауыстырылды. Министрліктің қайта ұйымдастырылған комитеттерінің аумақтық бөлімшелерінің тізбесі бекітілді.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 22 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды²⁰.

Министрлік азаматтардың денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық қызметтердің сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің ведомстволары бар: Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті, Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, Медициналық қызметтерге ақы төлеу комитеті, сондай-ақ ведомстволық бағынысты мемлекеттік ұйымдар.

Министрліктің негізгі міндеттері: денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы және білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу; заңнамаға сәйкес азаматтардың мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру; халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру болып табылады.

ҚР Президентінің **2010 ж. 17 тамыздағы** Жарлығымен министрлік қарамағына **ҚР Ішкі істер министрлігінің** қоғамдық тәртіпті бұзушыларды медициналық айықтырғыштарға жеткізу жөніндегі функцияларын қоспағанда, медициналық айықтырғыштың қызметіне байланысты функциялары мен өкілеттіктері берілді²¹.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 14 ақпандағы** қаулысымен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық ақпараттық-талдау орталығы» мен «Денсаулық сақтауды дамыту институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қосу жолымен қайта ұйымдастырылды²².

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 2 шілдедегі** қаулысымен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Ақсай» республикалық балалар клиникалық ауруханасы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылды²³.

ҚР Президентінің **2013 ж. 13 қарашадағы** Жарлығымен министірлік **ҚР Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігін** бөлу жолымен және құрылған агенттікке халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, қайта ұйымдастырылды²⁴.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен министірлік оның функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне** беріле отырып, таратылды²⁵.

ҚР Президентінің **2017 ж. 25 қаңтардағы** Жарлығымен министірлік **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде қайта құрылды²⁶.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 17 ақпандағы** қаулысымен министірлік туралы ереже бекітілді²⁷.

Министірлік: азаматтардың денсаулығын сақтау; медицина және фармацевтика ғылымы, өнеркәсіп және білім беру; дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы және оның айналысын бақылау; медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын бақылау; халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау; тамақ өнімдерін өткізу сатысында оның қауіпсіздігі; биологиялық қауіпсіздік салаларында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылады.

Министірліктің мынадай ведомстволары бар: **Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті; Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті.**

Министірліктің негізгі міндеттері: ҚР азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысын бақылау, медициналық қызметтерді (көмек) көрсету сапасын бақылау; ҚР заңнамасына сәйкес азаматтардың мемлекет кепілдік беретін көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз ету; халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді әрі сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру; медицина және фармацевтика өнеркәсібі салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және мемлекеттік басқару; өз құзыреті шегінде министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ Алғашында 1920 ж. қазанда Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссариаты ретінде құрылды. Қазақ КСР мемлекеттік мекемелері. Анықтамалық. Қазақ АКСР Әлеуметтік-мәдени құрылыс басқармасы органдары, әкімшілік-саяси органдары және әділет соты органдары (1920-1936 гг.). Алматы, 1983. – 36-37-б. қараңыз. 1937 ж. – Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссариаты. 1946 ж. наурыздан – Министірлік. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері. Анықтамалық. Әлеуметтік-мәдени құрылыс басқармасы органдары, әкімшілік-саяси органдар және Қазақстан Республикасының әділет соты органдары (1937-1977 ж.). Алматы, 1992. – 26-27-б. қараңыз.

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 20 мамырдағы № 409 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 18, 214-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 қазандағы № 1104 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 8 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 1 тамыздағы № 1051 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 27, 314-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1791 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель – Алматы: «Эдельвейс», 2004. 516 б.

⁸ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 сәуірдегі № 692 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 762 іс).

⁹ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 19 тамыздағы № 1268 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 38, 363-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

¹¹ «Азаматтардың денсаулығын қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 17 қазандағы № 705 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2001 ж. 19 қазан).

¹² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 16 қарашадағы № 1465 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 40, 508-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қарашадағы № 1465 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2003 ж. 7 қарашадағы № 1111 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 43, 454-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1117 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 41, 529-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 22 қыркүйектегі № 899 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, №35, 384-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 12 қазандағы №944 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 38, 440-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 11 шілдедегі №684 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 32, 337-құжат).

¹⁹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 7 қазандағы № 1541 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 41, 403-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы №1117 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 22 қазандағы №1645 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 43, 420-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).

²² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 14 ақпандағы № 133 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 20, 242-құжат).

²³ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 2 шілдедегі № 668 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 40, 582-құжат).

²⁴ «Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі туралы» ҚР Президентінің 2013 ж. 13 қарашадағы № 691 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 66, 894-құжат).

²⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

²⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 25 қаңтардағы № 412 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2017, № 1, 2-құжат).

²⁷ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министірліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 17 ақпандағы № 71 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2017, № 6, 41-құжат).

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті (1997–1999)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 12 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 24 сәуірдегі* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырушы мемлекеттік орган болып табылды. Комитет министрлік құзыретінің шегінде азаматтардың денсаулығын сақтау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді жүзеге асырады, халыққа дәрілік көмек көрсетуді, оның санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуді және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді ұйымдастырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: азаматтардың денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, азаматтарға дәрілік көмек көрсетуді ұйымдастыру; салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік, нысаналы және кешенді бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау; медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу, медициналық және фармацевтикалық ғылымды жетілдіру, денсаулық сақтау кадрларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру; азаматтардың денсаулығын сақтау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Комитеттің облыстарда, Алматы және Ақмола қалаларында аумақтық органдары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; емдеу-алдын алу мекемелерінің қызметін үйлестіру және денсаулық сақтауды реформалау басқармасы; дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық және фармацевтика өнеркәсібін дамыту басқармасы; денсаулық сақтау экономикасы, медициналық ғылымдар және ресурстық қамтамасыз ету басқармасы; мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет басқармасы.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 16 және 21 қыркүйектегі* қаулысымен комитетке *Міндетті медициналық сақтандыру қорының* дирекциясы қызметін жалпы үйлестіру және басшылық ету жүктелді³.

ҚР президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен⁴ *ҚР Үкіметінің* жаңа құрылымының бекітілуіне байланысты комитет министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1556 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 49, 455-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 24 сәуірдегі № 384 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1007 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 16 қыркүйектегі № 911 (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 33, 297-құжат) және 1998 ж. 21 қыркүйектегі № 929 (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 34, 303-құжат) қаулылары.

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры (1995–1998)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 29 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен қор туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес қор міндетті медициналық сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлемдерін шоғырландыруға және сақтандыру төлемдерін өтеуге арналған мемлекеттік қаржы ұйымы болып табылды.

Қордың негізгі міндеттері: міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған азаматтардың ҚР заңдарында көзделген құқықтарын қамтамасыз ету; міндетті медициналық сақтандыру саласында мемлекеттік қаржы саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, ҚР бүкіл аумағында сақтандырылған азаматтарға берілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасын теңестіру үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қолдану мен жүзеге асыру.

Қорды облыстық және Алматы қалалық бөлімшелер құрды. Қорды басқару органы оның дирекциясы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 28 наурыздағы** қаулысымен қордың міндеттері ұлғайтылды: Қордың материалдық-техникалық базасын нығайту және әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыру³.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен қордың қызметін жергілікті атқарушы органдармен, медициналық ұйымдармен және сақтандырылған азаматтарға медициналық қызмет көрсету қызметімен айналысқан тұлғалармен үйлестіру жөніндегі өкілеттіктерді ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі жүзеге асыратыны белгіленді⁴.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 4 тамыздағы** қаулысымен қордың бағыныстылығы өзгерді⁵. Қор **ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің** құрамына кірді.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 16 және 21 қыркүйектегі** қаулыларымен қор дирекциясының қызметін жалпы үйлестіру және басшылық етуді **ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі** жүзеге асыратындығы белгіленді⁶.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен қор «Медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөніндегі орталық» мемлекеттік мекемесі етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды⁷. Орталықтың мемлекеттік басқару органы болып **ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі** белгіленді.

¹ «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті сақтандыру қорын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 қыркүйектегі № 1295 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, №31, 393-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті сақтандыру қорын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 29 қыркүйектегі № 1295 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1995, №31, 393-құжат).

³ «Азаматтарды міндетті медициналық сақтандыруды қаржыландырудың мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 28 наурыздағы № 369 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 13, 105-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1556 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 49, 455-құжат).

⁵ «1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 4 тамыздағы № 737 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 26, 224-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 16 қыркүйектегі № 911 (ҚР ПУАЖ, 1998, № 33, 297-құжат) және 1998 ж. 21 қыркүйектегі № 929 (ҚР ПУАЖ, 1998, № 34, 303-құжат) қаулылары.

⁷ «Міндетті сақтандыру қорын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 31 желтоқсандағы № 1387 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1998, № 50, 474-құжат).

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі (1999)

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 12 наурыздағы* қаулысымен министрлік туралы ереже және құрылым бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік денсаулық сақтау, орта және кәсіптік білім, спорт және дене тәрбиесі салаларында ҚР басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері: денсаулық сақтау, орта және кәсіби білім, спорт және дене шынықтыру саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асыру; заңдарға сәйкес азаматтардың медициналық көмектің тегін кепілді көлемін алуын қамтамасыз ету; мемлекеттік оқу орындарында азаматтардың кепілді тегін орта білім алуын қамтамасыз ету; елде санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуына бақылау жасау; медициналық және фармацевтік ғылымды жетілдіру; ведомстволық бағынысты мемлекеттік ұйымдардың материалдық-техникалық, оқу және ғылыми-өндірістік базасын дамыту; кадрлар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру; денсаулық сақтау, жалпы және кәсіби білім, спорт және дене тәрбиесі салаларында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру; халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

Министрліктің құрылымы: басшылық; *Денсаулық сақтау комитеті (заңды тұлға құқығында); Орта және кәсіптік білім комитеті (заңды тұлға құқығында); Спорт және дене тәрбиесі комитеті (заңды тұлға құқығында);* экономика және қаржы департаменті; әкімшілік департаменті; Астана қаласындағы өкілдігі.

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен ҚР Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі *ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен* бірігу арқылы *ҚР Білім және ғылым министрлігі* болып қайта ұйымдастырылды³. Денсаулық сақтау саласындағы функциялары *ҚР Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігіне*, спорт саласындағы функциялары *ҚР Туризм және спорт агенттігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 наурыздағы № 233 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 8, 65-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті (1999)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 12 наурыздағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 7 мамырдағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет министрлік құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: азаматтардың денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзуге асыруға қатысу, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, азаматтарға дәрілік көмек көрсетуді ұйымдастыру; өз құзыретінің шегінде медициналық және фармацевтикалық ғылым мен өнеркәсіпті жетілдіру, денсаулық сақтау кадрларын даярлау және біліктілігін арттыру; өз құзыретінің шегінде азаматтардың денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Комитеттің құрылымы: басшылық; емдеу-профилактикалық мекемелердің қызметін үйлестіру басқармасы; денсаулық сақтауды жоспарлау басқармасы; медициналық білім және ғылым басқармасы; мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет басқармасы; дәрі-дәрмек саясаты бөлімі; Ұйымдастыру-бақылау, кадрлармен жұмыс бөлімі.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен министрліктің қайта ұйымдастырылуына байланысты комитет өз қызметін тоқтатты³. Функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 наурыздағы № 233 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 65-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 7 мамырдағы № 553 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 17, 187-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі (1999–2001)

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен **ҚР білім беру, денсаулық сақтау және спорт министрлігінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 3 желтоқсандағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік азаматтардың денсаулығын қорғау аясында басшылықты, сондай-ақ арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: халықтың денсаулығын сақтау жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу; азаматтардың заңдарға сәйкес мемлекет кепілдік берген шектерде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру; халыққа санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру және олардың атқарылуын бақылау; халық пен емдеу-профилактикалық ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрі-дәрмектерімен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру; медицина және фармацевтика ғылымын дамыту; медицина және фармацевтика өнеркәсібін дамыту жөніндегі шараларды айқындау; ведомстволық бағынысты мемлекеттік ұйымдардың материалдық-техникалық, оқу және ғылыми-өндірістік базасын дамыту; кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру; халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

ҚР Президентінің **2001 ж. 17 қазандағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Денсаулық сақтау министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 3 желтоқсандағы № 1852 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 53, 527-құжат).

³ «Азаматтардың денсаулығын қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 17 қазандағы № 705 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2001 ж. 19 қазан).

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
(2014–2017)**

Министрлік ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің* функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 23 қыркүйектегі* қаулысымен министірлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласында басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің мынадай ведомстволары болды: *Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті; Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті; Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті.*

Министрліктің негізгі міндеттері: азаматтардың денсаулығын қорғау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы, медициналық қызметтердің сапасын бақылау; ҚР заңнамасына сәйкес азаматтардың мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз ету; халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз ету; еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау; жұмыспен қамту; әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру; мүгедектерді әлеуметтік қорғау; балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау; азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету; арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету; өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру; ҚР заңнамасымен министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Президентінің *2017 ж. 25 қаңтардағы Жарлығымен* министірлік әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, *ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне;* денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, *ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне* бөлу арқылы қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59-60, 551-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 25 қаңтардағы № 412 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2017, № 1, 2-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Бас санитарлық-эпидемиологиялық басқармасы
(1994–1997)**

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 4 қазандағы* қаулысымен құрылды¹.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке басшылық ету органы болды.

Бас басқарманың негізгі міндеттері: мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке кіретін органдар мен мекемелерге басшылық етеді; республика халқының денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ҚР заңдарын, ҚР Президентінің Жарлықтарын, ҚР Министрлер Кабинетінің қаулылары мен өкімдерін әзірлеуге қатысу; министрліктер мен ведомстволардың қоршаған ортаны жақсартуға және халықтың денсаулығын сақтауға бағытталған кешенді санитариялық-сауықтыру шараларын үйлестіріп отыру; министрліктердің, ведомстволардың, компаниялардың, концерндердің, корпорациялардың «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» ҚР Заңын орындау жөніндегі қызметін бақылау; мемлекеттік стандарттарды, өнімге, тауарларға, үрдістер мен қызметтерге, жобалау нормаларына гигиеналық нормаларға техникалық шарттарды келіседі. Санитариялық-эпидемиологиялық, салауаттылықты қамтамасыз ету мәселесінде басқа да мемлекеттік бақылау органдарымен қарым-қатынас жасайды; мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің карантиндік және ерекше қауіпті індеттер әкелуінен және таралуынан шекараны қорғау жөніндегі қызметін ұйымдастырып, үйлестіріп отырады.

ҚР тиісті аумақтарында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырған органдары мен мекемелері болды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 сәуірдегі** қаулысымен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты Бас басқарма **ҚР Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі және қызметтік қамтамасыз ету департаменті** болып қайта құрылды².

¹ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 қазандағы № 1104 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 8 іс). Сондай-ақ ҚР «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» 1994 ж. 8 шілдедегі № 110-ХІІІ Заңын қараңыз (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994, № 8, 131-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 сәуірдегі № 692 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 762 іс).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық
қызмет және функционалдық қамтамасыз ету департаменті
(Денсаулықминінің Мемсанэпидемқызмет департаменті)
(1997)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің бірыңғай орталықтандырылған жүйесіне басшылықты қамтамасыз ететін санитарлық-эпидемиологиялық қызметті мемлекеттік басқару органы болып табылды.

Департаменттің негізгі міндеттері: елдегі санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау; республикадағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды зерделеу; белгіленген тәртіппен сыртқы ортаның ластануын жоюға және оның алдын алуға, халықтың еңбек ету, оқу, тұрмыс және демалыс жағдайларын жақсартуға бағытталған санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды жүргізуге мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мен бақылауды, сондай-ақ аурулардың алдын алу оны төмендетуге бағытталған шаралардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі мемлекеттік және нысаналы бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу; республика аумағын адамдардың карантиндік және басқа да аса қауіпті инфекцияларын әкелуден және

олардың таралуынан қорғау; санэпидқызмет органдарын және мекемелерін бюджеттен бөлінетін мақсатты қаражаттардың, сондай-ақ орталықтандырылған бюджеттен тыс қаражаттың есебінен иммундық-биологиялық дәрі-дәрмекпен залалсыздандыру заттарымен, жабдықтармен, аспаптармен, санитарлық автокөлікпен қамтамасыз ету.

Бір мезгілде ҚР бас мемлекеттік санитарлық дәрігері болып табылған департаменттің директоры тиісті әкімдердің келісімі бойынша Алматы мен Ақмола облыстары мен қалаларының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерін қызметке тағайындады және қызметтен босатты.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығына сәйкес мемлекеттік орган мәртебесі алынып тасталынды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 сәуірдегі № 692 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 762 іс).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалдық қамтамасыз ету департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 19 тамыздағы № 1269 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 38, 364-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті
(2002–2013)

ҚР Президентінің **2001 ж. 17 қазандағы** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2001 ж. 16 қарашадағы** қаулысымен 2002 ж. 1 қаңтарда құрылды².

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 10 қаңтардағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³. Мемлекеттік мекемелер оларды көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері мен көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды жүзеге асыратын орталықтар-мемлекеттік мекемелерге бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** құзыреті шегінде бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын министрліктің ведомствосы болып табылды.

Комитеттің аймақтық көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары: көліктегі орталық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы; аймақтық темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары мен әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары; бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әлаухатын қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу; санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеу, халықты санитарлық-эпидемиологиялық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 9 желтоқсандағы** қаулысымен комитеттің әуе көлігінде санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы оны комитеттің Солтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс аймақтық әуе көлігінде санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармаларына бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴. Комитеттің көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталық басқармасы оны Солтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс аймақтық әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама басқармаларына бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁵.

Өзгертілген ережеге сәйкес комитет ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің құзыреті шегінде бақылау-қадағалау және іске асыру функцияларын, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың мониторингін жүргізу, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру болып табылды.

Комитеттің мынадай аймақтық көліктегі бөлімшелері болды: көліктегі орталық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы; өңірлік темір жол және әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары; бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары.

Комитеттің құрылымы: басшылық; эпидемиологиялық бақылау басқармасы; эпидемиологиялық бақылау бөлімі; карантиндік және зооноздық жұқпалы аурулар бөлімі; санитарлық-гигиеналық бақылау және санитарлық-эпидемиологиялық нормалау басқармасы; санитарлық-гигиеналық бақылау бөлімі; санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен комитет қарамағындағы ұйымдар атаулыра қайта аталды⁶. Комитет туралы ережеге өзгерту енгізілді: комитеттің аймақтық органдарының атаулары «мемлекеттік» деген сөзбен толықтырылды; Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталық басқармасы Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы болып қайта аталды.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен комитеттің құқықтық мәртебесі нақтыланды⁷.

Комитет ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің құзыреті шегінде бақылау, қадағалау және іске асыру функцияларын, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 11 шілдедегі** қаулысымен комитеттің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің атаулары өзгертілді: Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Оңтүстік-Шығыс және Батыс өңірлік басқармалары сәйкес Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Оңтүстік-Шығыс және Батыс өңіраралық департаменттері; Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Бас басқармасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Орталық департаменті; Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Семей бөлімшелік басқармасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі Семей бөлімшелік басқармасы; Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың әуе көлігіндегі Солтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс өңірлік басқармалары сәйкес Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың әуе көлігіндегі Солтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс өңіраралық департаменті болып қайта аталды⁸.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 қаңтардағы** қаулысымен облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана **жергілікті атқарушы органдарының** коммуналдық меншігінен республика меншігіне комитеттің қарамағына мемлекеттік мекемелер (облыстар аймақтық бөлімшелерімен, Алматы және Астана қалалары бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары) және бірқатар кәсіпорындар берілді. Облыстар аймақтық бөлімшелерімен, Алматы және Астана қалалары бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары комитеттің департаменттері болып, аудандар бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімдері – комитет департаменттерінің басқармалары болып қайта аталды⁹. Бірқатар республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорындар комитеттің санитарлық-эпидемиологиялық сараптау Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстық орталықтарына бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Комитет қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 14 мамырдағы** қаулысымен комитеттің сәйкес аймақтардағы аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (департаменттері) олардың құрамынан дербес заңды тұлғаларды (аудандық және қалалық басқармалар) шығару жолымен қайта ұйымдастырылды. Комитеттің қарамағындағы көлікте санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорындарға (темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптау Оңтүстік Шығыс, Солтүстік Орталық және Батыс өңірлік орталықтары; әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптау Оңтүстік Шығыс, Солтүстік Батыс өңірлік орталықтары) бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы бірқатар мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар комитеттің қарамағына берілді¹⁰.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 2 ақпандағы** қаулысымен комитет қарамағындағы аймақтық бөлімшелер мен ұйымдар қайта ұйымдастырылды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің департаменті құрамында көлікте мынадай аймақтық бөлімшелер құрылды: Ақтөбе, Алматы, Атбасар, Атырау, Жамбыл, Жаңа-Арқа, Защитный, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Семей, Орал, Шымкент темір жол көліктеріндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімшелік басқармалары¹¹.

Комитеттің «Көліктегі Орталық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті» мен Солтүстік-Батыс өңіраралық әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті» ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің көліктегі департаментіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Комитеттің «Оңтүстік-Шығыс өңіраралық Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың темір жол көлігіндегі департаменті мен Оңтүстік-Шығыс өңіраралық Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың әуе көлігіндегі департаменті Көліктегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың Алматы бөлімшелік басқармасына қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Комитеттің «Солтүстік-Батыс өңірлік әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» мен «Солтүстік-Орталық өңірлік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» оларды Астана қаласы санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығына қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Комитеттің «Оңтүстік-Шығыс өңірлік әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» мен «Оңтүстік-Шығыс өңірлік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» оларды Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығына қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. «Батыс өңірлік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» оны Ақтөбе облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығына қосу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Комитеттің Батыс өңіраралық темір жол көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті Ақтөбе бөлімшелік көліктегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың басқармасы болып қайта аталды.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен комитет таратылды¹².

¹ «Азаматтардың денсаулығын қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 17 қазандағы № 705 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2001 ж. 19 қазан).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 16 қарашадағы № 1465 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 40, 508-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 10 қаңтардағы № 21 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 1, 7-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 9 желтоқсандағы № 1293 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 44, 438-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1125 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 42, 534-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің қарамағындағы ұйымдарды қайта атау туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 21 шілдедегі № 760 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 31, 403-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006ж. 22 қыркүйектегі № 899 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 35, 384-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 11 шілдедегі № 684 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 32, 337-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 қаңтардағы №23 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 3-4, 12-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 14 мамырдағы №708 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 26, 223-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 2 ақпандағы № 72 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 17, 198-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 31 желтоқсандағы № 1538 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 79, 1049-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті (2002–2004)

ҚР Президентінің *2001 ж. 17 қазандағы Жарлығына*¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2001 ж. 16 қарашадағы* қаулысымен *2002 ж. 1 қаңтарда* құрылды².

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 10 қаңтардағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³. Комитеттің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері құрылды.

Комитет министрліктің құзыреті шегінде арнайы атқарушылық, бақылау және қадағалау функцияларын, сондай-ақ дәрі-дәрмек құралдары мен медициналық өнеркәсіп бұйымдарының айналымы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын *ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің* ведомствосы болды.

Комитеттің аймақтық органдары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: дәрі-дәрмек құралдары айналымы, фармацевтика және медицина өнеркәсібінің жұмыс істеуі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; халық пен емдеу-алдын алу ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру; фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі шараларды анықтау; өз құзыреті шегінде дәрі-дәрмек құралдарының айналымы саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығына⁴ сәйкес ҚР Үкіметінің *2004 ж. 28 қазандағы* қаулысымен комитет *ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті* болып қайта құрылды, оған *ҚР Индустрия және сауда министрлігіне* берілген фармацевтика және медицина өнеркәсібін реттеуден басқа да функциялары берілді⁵.

Комитеттің аймақтық бөлімшелері де министрліктің Фармация комитетінің аймақтық бөлімшелері болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Азаматтардың денсаулығын қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 17 қазандағы № 705 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2001 ж. 19 қазан).

² «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 16 қарашадағы № 1465 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 40, 508-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 10 қаңтардағы № 22 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 1, 8-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, №36, 474-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1117 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 41, 529-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті (2004–2007, 2017–2019)

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2004 ж.*

28 қазандағы қаулысымен² комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды, оған қайта құрылған комитеттің фармацевтика және медицина өнеркәсібін реттеуден басқа функциялары берілді.

Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің аймақтық бөлімшелері де Фармация комитетінің аймақтық бөлімшелері болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет министрліктің құзыреті шегінде дәрілік заттар айналымы саласындағы бақылау-қадағалау және іске асыру функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, дәрілік заттардың (медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымды қоса алғанда) қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, дәрілік заттар айналымы саласында ғылым, техника және әлемдік тәжірибе жетістіктерін пайдалану болды.

Комитеттің аймақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; фармацевтикалық бақылау басқармасы; фармацевтикалық қызметті бақылау және қадағалау бөлімі; дәрілік заттардың сапасын бақылау бөлімі; ұйымдастыру-талдау басқармасы; жиынтық-талдау бөлімі; дәрілік заттарды пайдалану мониторингі бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен комитеттің құқықтық мәртебесі белгіленді⁴. Комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** оның құзыреті шегінде бақылау-қадағалау және іске асыру функцияларын, сондай-ақ дәрі-дәрмек құралдарының айналымы, медициналық қызметтің сапасын бақылау саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің құрылымы жаңа редакцияда мазмұндалды: басшылық; дәрілік саясат басқармасы; фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру бөлімі; фармацевтикалық қызметті бақылау бөлімі; дәрілік заттар айналымын бақылау басқармасы; дәрілік заттардың сапасын бақылау бөлімі; дәрілік заттардың пайдаланылуын бақылау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 12 қазандағы** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті** болып қайта аталды⁵.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 11 шілдедегі** қаулысымен оның аймақтық бөлімшелері (ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитетінің басқармалары ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Фармацевтикалық бақылау комитетінің облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы департаменттері) қайта аталды⁶.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 17 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің** аймақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің қайта аталуы нәтижесінде құрылды⁷.

Комитет **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің** өз құзыреті шегінде медициналық қызметтерді көрсету және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен комитет оған **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетін** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁸.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 10 сәуірдегі** қаулысымен комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетіне** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁹.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1117 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 41, 529-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1124 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 42, 533-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 22 қыркүйектегі №899 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 35, 384-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 12 қазандағы №944 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 38, 440-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 11 шілдедегі № 684 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 32, 337-құжат).

⁷ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 17 ақпандағы № 71 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 6, 41-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволарын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 29 желтоқсандағы № 942 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 68-69-70, 436-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 сәуірдегі № 177 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 7-8, 74-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті (2007–2009)

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 12 қазандағы** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Комитеттің аймақтық бөлімшелері болды.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 11 шілдедегі** қаулысымен оның аймақтық бөлімшелері (ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитетінің басқармалары ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Фармацевтикалық бақылау комитетінің облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы департаменттері) қайта аталды². Комитеттің аймақтық бөлімшелерінің тізбесі жаңа редакцияда мазмұндалды.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 7 қазандағы** қаулысымен комитет **министрліктің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне** бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды³. Комитеттің аймақтық бөлімшелері де осы жолмен қайта ұйымдастырылды. Комитеттің аймақтық бөлімшелерінің тізбесі жаңа редакцияда мазмұндалды.

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 12 қазандағы № 944 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 38, 440-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 11 шілдедегі № 684 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 32, 337-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 7 қазандағы № 1541 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 41, 403-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (2009–2014)

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 7 қазандағы** қаулысымен **министрліктің Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті министрліктің Медициналық қызметтерге ақы төлеу комитеті** мен Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне бөліну жолымен қайта құрылды¹. Комитетке қайта ұйымдастырылған **Фармацевтикалық бақылау комитеті** қосылды. Комитеттің аймақтық бөлімшелері де осы жолмен қайта ұйымдастырылды. Комитеттің аймақтық бөлімшелерінің тізбесі бекітілді.

Комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Комитет қызметінің негізгі мәні медициналық қызмет көрсету және дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медицина техникасы айналысы салаларында бақылау жүргізу болып табылды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен ҚР Денсаулық сақтау министрілігі** таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 7 қазандағы № 1541 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 41, 403-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрілігінің
Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитеті
(2004–2006)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен² комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрілігінің** денсаулық сақтау саласында стандарттардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі функциялары берілді.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 15 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³. Комитеттің аймақтық органдары-мемлекеттік мекемелері құрылды.

Комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрілігінің** құзыреті шегінде медициналық қызметтің сапасын бақылау жөніндегі бақылау және іске асыру функцияларын, сондай-ақ медициналық қызмет көрсетудің сапасы саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: көрсетілетін медициналық қызметтің сапасы мен толықтығын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, денсаулық сақтау саласында стандарттарды сақтау, тұрғылықты жеріне қарамастан ҚР бүкіл аумағында азаматтарға медициналық қызмет көрсетудің қол жетімділігі мен сапасына кепілдіктерді қамтамасыз ету, меншік нысанына, ведомстволық тиесілілігіне қарамастан, жеке және заңды тұлғалар көрсететін медициналық қызметтің сапасын мемлекеттік бақылауды және оны жақсарту жөніндегі шараларды қамтамасыз ету болды.

Комитеттің облыс орталықтарында, Алматы және Астана қалаларында аймақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; аккредиттеу және ақпараттық жұмыс басқармасы; ұйымдастыру жұмысы және лицензиялау бөлімі; бағдарламалық жүйелерді әзірлеу, енгізу және аккредиттеу бөлімі; денсаулық сақтау саласында стандарттардың сақталуын бақылау басқармасы; медициналық көмектің сапасын сараптау және лицензиядан кейінгі бақылау бөлімі; медициналық көмектің сапасын басқару әдіснамасы бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрілігінің Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті** болып қайта аталды⁴. Оның аймақтық бөлімшелері де қайта аталды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1117 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 41, 529-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрілігі Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 15 желтоқсандағы № 1327 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 49, 628-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің жекелеген мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 22 қыркүйектегі № 899 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 35, 384-құжат).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті
(2006–2009)

ҚР Үкіметінің *2006 ж. 22 қыркүйектегі* қаулысымен *ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитетінің* қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Тиісті өзгертулер мен толықтырулар комитет туралы ережеге және оның құрылымына енгізілді.

Комитет ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің оның құзыреті шегінде медициналық қызмет көрсету саласындағы атқарушылық, бақылау және қадағалау функцияларын, сондай-ақ медициналық қызмет көрсетудің сапасы бойынша басшылық пен салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын *ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің* ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: медициналық қызмет көрсетуді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды сақтау, ҚР бүкіл аумағында ҚР азаматтарына, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ азаматтарға медициналық қызмет көрсетудің қол жетімділігі мен сапасына кепілдіктерді қамтамасыз ету, меншік нысанына, ведомстволық тиесілігіне қарамастан, денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету болды.

Комитеттің облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында аймақтық бөлімшелері болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; аккредиттеу және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс басқармасы; ұйымдастыру-ақпараттық жұмыс бөлімі; лицензиялау, аккредиттеу, аттестаттау және құқықтық жұмыс бөлімі; медициналық қызмет көрсету саласындағы әдіснама және бақылау басқармасы; медициналық қызмет көрсету саласындағы талдау мен бақылау бөлімі; медициналық қызмет көрсету саласындағы әдіснама бөлімі.

ҚР Үкіметінің *2008 ж. 11 шілдедегі* қаулысымен комитеттің мемлекеттік мекемелері – аймақтық бөлімшелері (басқармалары департаменттері) қайта аталды². Комитеттің мемлекеттік мекемелері – аймақтық бөлімшелерінің тізбесі жаңа редакцияда мазмұндалды.

ҚР Үкіметінің *2009 ж. 7 қазандағы* қаулысымен комитет *Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті* мен *Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне* бөліну жолымен қайта құрылды. Комитеттің аймақтық бөлімшелері де осы жолмен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 22 қыркүйектегі №899 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 35, 384-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 11 шілдедегі № 684 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 32, 337-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 7 қазандағы № 1541 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 41, 403-құжат).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті
(2009–2014)

ҚР Үкіметінің *2009 ж. 7 қазандағы* қаулысымен министрліктің *Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті* министрліктің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті мен *Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне* бөліну жолымен қайта құрылды. Комитеттің аймақтық бөлімшелері де осы жолмен қайта ұйымдастырылды¹. Комитеттің аймақтық бөлімшелерінің тізбесі бекітілді.

Комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Комитет қызметінің негізгі мәні медициналық қызметтерді сатып алуды және тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету кезінде оларға ақы төлеуді жүзеге асыру болып табылды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен ҚР Денсаулық сақтау министрілігі** таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 7 қазандағы № 1541 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 41, 403-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті (2014–2017)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** аймақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде ҚР заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі қызметтеріне ақы төлеу саласында реттеуші және іске асырушы функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің** ведомствосы болып табылды².

Комитеттің негізгі міндеттері: ТМККК қызметтеріне ақы төлеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту стратегиясына және денсаулық сақтау ресурстарын қаржыландыру мен басқару механизмдерін жетілдіруге қатысу; ТМККК көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдауды іске асыру және республикалық бюджет қаражатының есебінен оның шығындарын өтеу; ҚР заңнамасына сәйкес ТМККК-нің көрсетілген медициналық қызметтерінің сапасы мен көлемін бақылауды жүзеге асыру және т.б.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетіне** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 59-60, 551-құжат).

² «ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 ж. 17 қазандағы № 146 бұйрығы (Егемен Қазақстан, 2015 ж. 16 сәуір).

³ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволарын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 29 желтоқсандағы № 942 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2017, № 68-69-70, 436-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (2016–2017)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** аймақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің** өз құзыреті шегінде медициналық қызметтерді көрсету және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы реттеу, іске асыру және бақылау

функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болды.

ҚР Президентінің **2017 ж. 25 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі** таратылды².

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 17 ақпандағы** қаулысымен комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 59-60, 551-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2017 ж. 25 қаңтардағы № 412 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 1, 2-құжат).

³ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 17 ақпандағы № 71 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 6, 41-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті (2017–2019)

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 17 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері өз құзыреті шегінде халықтың денсаулығын қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы және медициналық қызмет көрсету сапасын бақылау, медициналық қызметтердің сапасын бақылау және қадағалау салаларында басқару мен реттеуді жүзеге асыру, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі және органикалық өндіріс саласында сатылатын өнімдер мен көрсетілген қызметтерге қойылатын техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы стандарттарда белгіленген талаптарды сақтау, салааралық үйлестіруді, іске асыруды, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын комитеттің құзыреті шегінде министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысты функциялар болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 10 сәуірдегі** қаулысымен комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетіне** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды².

¹ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 17 ақпандағы № 71 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 6, 41-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 сәуірдегі № 177 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 7-8, 74-құжат).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті (2019–2020)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 10 сәуірдегі** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетін** қосу жолымен құрылды¹.

Комитет қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бақылау, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда

белгіленген, сондай-ақ тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау салаларында басшылықты, комитеттің құзыретінің шегінде реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен комитет **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне** және **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 10 сәуірдегі № 177 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 7-8, 74-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 22 қыркүйектегі № 596 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2020, № 38-39, 285-құжат).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті
(2020*)

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің** бөлінуі нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің **2020 ж. 8 қазандағы** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімін бақылау мен қадағалауды, техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың және биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды және қадағалауды, сондай-ақ биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды реттеуді және іске асыруды жүзеге асыратын **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің міндеттері: реттелетін салада реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру; реттелетін салада мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 22 қыркүйектегі № 596 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2020, № 38-39, 285-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 ж. 8 қазандағы № 644 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/doc/147563/kaz> (ресми жариялау күні: 22.10.2000).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті
(2020*)

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің** бөлінуі нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің *2020 ж. 8 қазандағы* бұйрығымен Комитеттің ережесі бекітілді, оған кейін бірқатар өзгерістер енгізілді².

Комитет *ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің* медицина және фармацевтика өнеркәсібі, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын бақылау, медициналық қызметтер (көмек) көрсету, құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру салаларында басшылықты және оны іске асыруды жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің міндеттері: медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларында реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру, құзыретінің шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу; құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 22 қыркүйектегі № 596 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 38-39, 285-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 ж. 8 қазандағы № 645 бұйрығы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/147646/kaz> (ресми жариялау күні: 26.10.2020).

7.3 Білім беру саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Халыққа білім беру министрлігі (1991–1992)

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1988 ж. 3 маусымдағы Жарлығымен таратылған Қазақ КСР Ағарту министрлігінің, Жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігі мен Қазақ КСР Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетінің базасында одақтық-республикалық Халыққа білім беру министрлігі ретінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басқаратын ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды².

ҚР Президентінің *1992 ж. 8 мамырдағы* Жарлығына сәйкес және ҚР «Білім беру туралы» Заңының негізінде ҚР Халыққа білім беру министрлігі *ҚР Білім министрлігі* болып аталды³.

¹ «Қазақ КСР одақтық-республикалық Халыққа білім беру министрлігін құру туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1988 ж. 3 маусымдағы № 3180 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1988, № 24, 247-құжат).

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

³ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 8 мамырдағы № 749 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 18, 281-құжат).

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі (Білім министрлігі) (1992–1997)

ҚР президентінің *1992 ж. 8 мамырдағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 22 маусымдағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік өз қызметін салааралық реттеуді қоса алғанда **ҚР Министрлер Кабинетінің** басшылығымен атқару өкіметі мен білім жүйесін мемлекеттік басқарудың орталық органы болып табылды.

Білім министрлігі, облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктердің білім басқармалары мен бөлімдері, салалық министрліктер мен ведомстволардың оқу орындарын басқару органдары, оларға ведомстволық бағыныстағы оқу орындары мен оқу-тәрбие мекемелері ҚР бірыңғай мемлекеттік білім жүйесін құрады.

Министрліктің негізгі міндеттері: білім саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; ведомстволық бағыныстағы оқу орындарында мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыстар қалыптастыру; білімге мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу нормативтерін әзірлеуді ұйымдастыру; озат тәжірибені және оқытудың қазіргі кездегі технологияларын зерделеу мен тарату; жыл сайын мектеп бітірушілерді мемлекеттік емтихан комиссиялары арқылы қабылдауды, мамандарды даярлаудың сапасын талдауды, оны көтеру жөнінде шаралар қолдануды ұйымдастыру; ҚР аумағында олар тығыз тұратын жерлердегі аз ұлттар тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептерді педагогикалық кадрлармен, базалық (үлгілік) оқу жоспарларымен және бағдарламалармен, әдістемелік оқу әдебиетімен қамтамасыз ету; ғылыми мекемелермен бірлесе әрекет ету; басқа мемлекеттердің аумағындағы білім мекемелерінде қазақ тілінде жалпы білім беретін процесті ұйымдастыруға жәрдем көрсету; білім мәселелері бойынша халықаралық келісім шарттар жасау; оқу орындары бар министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп: мемлекеттік білім мекемелеріне арналған білім беру стандарттары, типтік (үлгілі) ережелер, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау туралы ережелерді, олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық мамандықтар бойынша біліктілік мінездемесін, мемлекеттік білім мекемелерін аттестаттау және аккредитациялау туралы, білім жүйесінде кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау туралы ережелерді әзірлеуді және бекітуді ұйымдастыру.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 29 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; жалпы орта білім және мектеп жасына дейінгі тәрбие оқу-әдістемелік бас басқармасы; жоғары және арнаулы орта білім оқу-әдістемелік бас басқармасы; экономика, қаржы және әлеуметтік қорғау бас басқармасы; кәсіптік-техникалық білім оқу-әдістемелік басқармасы (жетекші) халықаралық байланыстар басқармасы (жетекші); ұйымдастыру жұмысы басқармасы; басшы, ғылыми және педагогикалық кадрлар бөлімі; гуманитарлық білім және тәрбие жұмысы бөлімі; жаңа білімдік технологиялар және ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру бөлімі; мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуды үйлестіру бөлімі; бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру бөлімі; күрделі құрылыс жөндеу бөлімі; әскери даярлық, азаматтық қорғаныс және арнаулы жұмыс секторы³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 5 шілдедегі** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; жоғары білім және ғылым жөніндегі бас басқармасы; жалпы орта білім беру жөніндегі бас басқармасы; экономика және қаржы бас басқармасы; арнайы орта білім беру жөніндегі жетекші басқармасы; бақылау жөніндегі департамент; оқу-әдістемелік тәрбие бөлімі; мектеп жасына дейінге тәрбие бөлімі; интернат мекемелері бөлімі; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуды үйлестіру жөніндегі бөлімі; заң бөлімі; әскери жұмылдыру жұмысы секторы⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 7 шілдедегі** қаулысымен ҚР Білім беру министрлігінің республикадағы білім беруді басқару жүйесін қайта құру туралы ұсынысы қабылданды, оған сәйкес **ҚР Ауыл шаруашылығы, Мәдениет, Көлік және коммуникациялар, Геология және жер қойнауын қорғау министрліктері**, басқа да ведомстволар мен акционерлік қоғамдары қолда бар материалдық-техникалық және оқу-өндірістік базасымен оқу орындарын, сондай-ақ 1995 ж. 1 қаңтардағы қамтамасыз етілген қаржысы және штаттық құрамдағы санымен тиісті салалық білім беруді басқару органдары ҚР білім министрлігіне берілді⁵. ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі ҚР Тың темір жолының Ақмола медициналық училищесін **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне** берді⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 7 шілдедегі** қаулысымен **Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитет ҚР Еңбек министрлігінің** қарауынан алынып, ҚР білім министрлігіне

берілді⁶.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитет таратылды⁷.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; жоғары білім және ғылым бас басқармасы; орта білім бас басқармасы; экономика және қаржы бас басқармасы; арнаулы орта білім басқармасы; кәсіптік-техникалық білім басқармасы; халықаралық ынтымақтастық басқармасы; инспекторлау басқармасы; талдаумен және ұйымдастыру-кадрлық қамтамасыз ету басқармасы; тәрбие жұмысының оқу-әдістеме бөлімі; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуды үйлестіру бөлімі; заң бөлімі; әскери-жұмылдыру және арнаулы жұмыстар секторы⁸.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 20 маусымдағы** қаулысымен⁹ **ҚР Үкіметінің** құрылымы бекітілуіне байланысты ҚР Білім министрлігі туралы жаңа ереже бекітілді¹⁰. Министрліктің құқықтық мәртебесі өзгертілмеді. Министрліктің негізгі міндеттері біршама өзгертілді.

Министрліктің негізгі міндеттері: қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді басымдықтары негізінде білім беруді дамыту стратегиясын қалыптастыру және жүзеге асыру; республика азаматтарының міндетті орта білім алуын қамтамасыз ету, білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау; мектепке дейінгі, мектептен тыс, жалпы орта білім, кәсіптік-техникалық, орта арнаулы, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және тиісті қосымша білім мазмұнын анықтау, кадрлардың білімін көтеру және қайта даярлау, білімінің дербестік және әлеуметтік бағыт-бағдарын қамтамасыз ету, азаматтардың білім алу мүмкіндігінің түрлі деңгейін кеңейту; білім саласы бойынша ҚР заңдарына орындалуына мемлекеттік бақылау жүргізуді жүзеге асыру, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік түрлеріне қарамастан барлық деңгейдегі білім мекемелерінің қызметін бағалаудың бірыңғай жүйесін құру; жоғары мектептердің ғылыми қызметін басқару тетігін жасау және жүзеге асыру, жоғары және тиісті қосымша білім мекемелерінде ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру; білім жүйесін қалыптастырудың экономикалық тетігін жетілдіру, мүдделі министрлікпен, мемлекеттік комитеттермен, басқа да орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып, осы саланың қаржы саясатын қалыптастыруға қатысу, меншіктің түрлі нысандарындағы оқу орындарын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау; ғылыми-зерттеулер мен оқу процесінің материалдық-техникалық және тәжірибе-өндірістік базасын дамыту; білім саласында халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; жоғары білім және ғылым бас басқармасы; орта білім басқармасы; экономика және қаржы бас басқармасы; арнаулы орта білім басқармасы; талдау және ұйымдастыру-кадр жұмысы басқармасы; инспекциялау басқармасы; халықаралық ынтымақтастық басқармасы; заң және арнаулы жұмыс бөлімі; мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуды үйлестіру бөлімі; тәрбие әдістемесі секторы¹¹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен ҚР білім министрлігі таратылды¹². Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Білім және мәдениет министрлігіне** берілді.

¹ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 8 мамырдағы № 749 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 18, 281-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 22 маусымдағы № 524 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 24 295-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 29 қыркүйектегі № 1076 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 7 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 5 шілдедегі № 927 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 152 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының білім беруді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 7 шілдедегі № 23 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 23, 269-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 наурыздағы № 3712 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 7 шілдедегі № 939 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 23, 268-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1792 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

⁹ «Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 20 маусымдағы № 759 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 28,250-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2542 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 410-құжат)

¹¹ «Қазақстан Республикасы Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 27 желтоқсандағы № 1639 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

¹² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реттеу жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Кәсіптік білім беру жөніндегі комитеті (1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 30 наурыздағы* қаулысымен құрылды¹.

Оның қарамағына барлық кәсіптік-техникалық оқу орындары және *ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігі* жүйесіндегі оларға қызмет көрсететін мекемелер берілді.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 7 шілдедегі* қаулысымен комитет бағыныстылығын өзгертті және *ҚР Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитеті* болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Кәсіптік білім беру жөніндегі комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 наурыздағы № 371 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 11, 129-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 наурыздағы № 371 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 7 шілдедегі № 939 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 23, 268-құжат).

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитеті (1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 7 шілдедегі* қаулысымен *Еңбек министрлігінің* қарамағынан шығарылып, *ҚР Білім министрлігіне* берілді¹.

Облыстардың, Алматы қаласының әкімдеріне құрылатын білім департаменттері құрамында кәсіптік-техникалық оқу орындарын және оларға қызмет көрсететін мекемелерді басқаратын қаржылық және шаруашылық дербестегі бар тиісті басқармаларды ұйымдастыру тапсырылды.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 30 наурыздағы № 371 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 7 шілдедегі № 939 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 23, 268-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі (1997)

ҚР президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен таратылған *ҚР Мәдениет министрлігі, ҚР Білім министрлігі, ҚР Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, ҚР Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, ҚР Үкіметі* жанындағы Дін істері жөніндегі

кеңесінің негізінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік ҚР орталық атқарушы органы болып табылды. Министрлік білім, мәдениет, туризм, спорт, жастар саясаты салаларында басшылықты, ұлтаралық қатынастар, тіл және дін саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіруді жүзеге асырады, осы мақсатта заңдарға сәйкес салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: білім, мәдениет, туризм, спорт, тіл жастар саясаты және дін саласындағы мемлекеттік саясатты жасау және оны жүзеге асыру мемлекеттік қаржылық, инвестициялық, инновациялық саясатты жасауға және оны жүзеге асыруға қатысу және білім, мәдениет, туризм және спорт саласында жекешелендіру бағдарламасына қатысу; ұлттық татулықты, әртүрлі діни сенімдегі діни бірлестіктердің арасындағы өзара түсіністік пен төзушілікті нығайтуға, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге және Қазақстан халықтарының тілдерін дамытуға ықпал ету; азаматтардың тегін міндетті орта білім, республиканың мемлекеттік оқу орындарында конкурстық негізде жоғары білім алуын қамтамасыз ету, білікті мамандар даярлау жөнінде шаралар қабылдау; меншік нысандарына қарамастан білім мекемелерінің қызметіне баға берудің бірыңғай жүйесін құру; ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдардың материалдық-техникалық және ғылыми-өндірістік базасын дамыту; кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау; министрлік құзыретінің шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

Министрлік ҚР білім, мәдениет, тіл саясаты, туризм және спорт органдарының біртұтас жүйесін құрайтын және мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын аймақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды басқарды.

Министрліктің орталық аппараты департаменттер мен дербес құрылымдардан тұрды. Министрліктің құрамындағы **Мәдениет, Туризм және спорт департаменттері** заңды тұлғалар болып табылды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 14 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің құрылымы бекітілді: басшылық; жоғары және орта арнаулы білім департаменті; орта білім және тәрбие департаменті; **Мәдениет департаменті** (заңды тұлға құқығында); **Туризм және спорт департаменті** (заңды тұлға құқығында); тіл саясатын үйлестіру департаменті; үйлестіру және бақылау департаменті; инспекциялау, лицензиялау және аттестациялау басқармасы; халықаралық ынтымақтастық бөлімі; экономика және қаржы бас басқармасы; заң бөлімі; Азиялық даму банкінің жобасын үйлестіру бөлімі (АДБ)³.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен** бірігу арқылы **ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі** болып қайта ұйымдастырылды⁴. Министрліктің функциялары мен өкілеттіктерінің бір бөлігі (дін, жастар, ұлт және тіл саясаты саласындағы) **ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 878 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 22, 194-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 14 сәуірдегі № 559 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 760 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасының
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі
(Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі)
(1997–1999)

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен **ҚР Білім министрлігін** біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен

құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы ереже мен оның аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік ҚР орталық атқарушы органы болып табылды. Министрлік білім, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: білім, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру; білім, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт саласындағы жекешелендіру бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруға қатысу; азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында кепілдік берілген тегін орта білім алуын қамтамасыз ету; елде санитарлық-эпидемиологиялық игілікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау; ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдардың материалдық-техникалық және ғылыми-өндірістік базасын дамыту; кадрлар даярлау, біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау; министрлік құзыретінің шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

Министрлік тиісті аумақтық органдардың қызметін үйлестіреді және ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдарға басшылық жасады. Министр **Міндетті медициналық сақтандыру қорының** қызметін жергілікті атқарушы органдармен, медициналық ұйымдармен және сақтандырылған азаматтарға дәрігерлік қызмет көрсету жөніндегі медициналық қызметпен айналысатын тұлғалармен өзара қарым-қатынасты үйлестірді.

Министрліктің құрылымы: **Білім комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Мәдениет комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Денсаулық сақтау комитеті** (заңды тұлға құқығында); **Туризм және спорт комитеті** (заңды тұлға құқығында); экономика және қаржы департаменті; әкімшілік департаменті.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 4 тамыздағы** қаулысымен Міндетті медициналық сақтандыру қорының мәртебесі өзгерді: Атауы мен міндетіндегі «Үкіметі жанындағы» сөздері «Білім, мәдениет және денсаулық сақтау» сөздерімен алмастырылды³.

ҚР Президентінің **1998 ж. 10 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік жанынан **ҚР Мәдениет пен өнерді қолдау мемлекеттік қоры** құрылды⁴. Қордың негізгі міндеттері: ұлттық өнер мен халық шығармашылығын қолдау және дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысу; демалыс және ойын-сауық отандық индустриясын дамыту, осы сала үшін кадрлар дайындау мақсатында шетел инвестицияларын, шет елдер мен халықаралық ұйымдардың қаржылық және техникалық көмегін тартуға жәрдемдесу; Қазақстан мәдениетінің елдердің әлемдік қоғамдастығына кірігуін кеңейту мақсатында шетелдік серіктестермен тікелей байланыстарды жүзеге асыру; мәдениет пен өнер саласында еңбек нарығын дамытуға жәрдемдесу болды.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 14 қыркүйектегі** қаулысымен Астана қаласында министрліктің өкілдігі құрылды⁵.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымының бекітілуіне байланысты министрлік өз қызметін тоқтатты⁶.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1556 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 49, 455-құжат).

³ «1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 4 тамыздағы № 737 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 26, 224-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 534-б.

⁵ «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 14 қыркүйектегі № 883 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1035 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасы
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің
Білім комитеті
(1997–1999)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 12 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 19 маусымдағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет білім беру саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылды. Комитет білім беру және тәрбие саласында мемлекеттік саясатты жүргізеді және осы мақсатта салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: азаматтардың ҚР Конституциясына сәйкес мемлекеттік оқу орындарында кепілдікті тегін орта білім алуын қамтамасыз ету; білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды іске асыру; қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді басымдықтарының негізінде ҚР білім беруді дамытудың стратегиясын қалыптастыру және іске асыру; білім берудің барлық деңгейі бойынша мемлекеттік стандарттарды әзірлеуді ұйымдастыру; нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, олардың қолданылу практикасына талдау жасау; мектеп жасына дейінгі, жалпы орта, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мазмұнын айқындау; оқу-тәрбие ұйымдарының үлгілерін әртүрлі ұлттық және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес дамыту үшін жағдай жасау; кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, қоғамның кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары білімі бар жоғары білікті мамандарға деген сұранымын қанағаттандыру; ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарының қызметін бағалаудың бірыңғай жүйесін құру; білім берудің барлық деңгейінің сапасына және нормативтік құқықтық актілердің, нұсқаулық-әдістемелік құжаттамалардың, алқа шешімдерінің және министрліктің бұйрықтарының атқарылуына бақылау жасауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; білім беру жүйесінің тиісті ұйымдарында ғылыми қызметті басқару жүйесін әзірлеу және іске асыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды үйлестіру; халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысу, білім беру және жоғары оқу орны ғылымдары саласында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу және ынтымақтастық.

Комитетінің құрылымы: басшылық; жоғары және арнаулы орта білім басқармасы; орта, кәсіптік білім және тәрбие басқармасы; үйлестіру және бақылау бөлімі; қаржы-экономика бөлімі.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен *ҚР Үкіметінің* жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты комитет министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1556 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 49, 455-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 19 маусымдағы № 571 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1021 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің
Орта және кәсіптік білім комитеті
(1999)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 12 наурыздағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 10 мамырдағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрліктің құзыреті шегінде мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс

тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және орта арнаулы білім беру саласында арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі функциялары: мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; азаматтардың оқу орындарында кепілдікті тегін орта білім алуын қамтамасыз ету; өз саласында білім мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді ұйымдастыру; өз құзыретінің шегінде білім саласында оқытудың сапасын және нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; педагог кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру; мемлекеттің кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білімі бар жұмысшылар мен мамандарға деген сұранысын қанағаттандыру; кәсіптік-техникалық және арнаулы орта оқу орындарына жыл сайын қабылдауды ұйымдастыру; орта арнаулы оқу орындарының қызметін лицензиялау және т.б.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жалпы орта білім басқармасы; кәсіптік білім басқармасы; үйлестіру және бақылау бөлімі; мемлекеттік тапсырысты жоспарлау және статистика бөлімі.

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен комитет министрлікпен бірге қайта ұйымдастырылды³. Функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Білім және ғылым министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 наурыздағы № 233 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 8, 65-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Орта және кәсіптік білім комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 10 мамырдағы № 557 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 18, 190-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (1999–2022)

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Денсаулық сақтау, білім беру және спорт министрлігі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 19 қарашадағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік ҚР орталық атқарушы органы болып табылды, ол білім, ғылым және техника салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Министрліктің негізгі міндеттері: білім, ғылым мен техника саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеп, жүзеге асыру; білім алуға қажетті жағдайлар жасау; азаматтардың мемлекеттік оқу орындарына кепілдендірілген тегін орта білім алуын қамтамасыз ету; ғылыми зерттеулерді жетілдіру және оларды қаржыландыруды қамтамасыз ету; білім және ғылым саласын ақпараттандыру; ресурстарды ғылым мен техниканың басым бағыттарына топтастырып, өз қызметінің саласына тікелей инвестиция тартуға қатысу; білім, ғылым мен техника саласындағы заңдарды жетілдіру үшін ұсыныстар әзірлеу; ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындау мен аттестациялау; халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 28 желтоқсандағы* қаулысымен «Жоғары аттестациялық комиссия» республикалық мемлекеттік қазына кәсіпорны қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде *ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясы* құрылды³.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 16 қаңтардағы* қаулысымен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясы мемлекеттік орган болып табылатын *ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті* мемлекеттік мекемесі болып қайта

құрылды⁴. Тиісінше, министрлік туралы ережеге министрлікте ведомство – Жоғары аттестаттау комитетінің бар екенін көрсететін толықтыру енгізілді.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік оған **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитетін** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁵. Комитетке сонымен қатар қайта ұйымдастырылған **ҚР Мәдениет министрлігінің** мемлекеттік жастар саясаты саласындағы функциялары берілді. Өз кезегінде, министрліктің инновацияларды дамытуды үйлестіру, қолданбалы ғылыми зерттеулерді, инновациялық кәсіпкерлікті жүргізу, қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру саласындағы функциялары **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді⁶. Министрліктің Жоғары аттестациялық комитеті **министрліктің Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеті** болып қайта құрылды, оған министрліктің бақылау-қадағалау және реттеу функциялары берілді. ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитеті** болып қайта ұйымдастырылды.

Министрлік басшылықты жаңа заңнамада көзделген шектерде өз құзыретіне жатқызылған салада салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеттері білім, ғылым және ғылыми-техникалық және аэроғарыш, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясаты саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру; білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ғылыми зерттеулердің ұйымдастырылуын жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғалуын қамтамасыз ету.

Министрліктің мынадай ведомстволары болды: **Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеті, Аэроғарыш комитеті.**

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 13 қаңтардағы** қаулысымен **министрліктің Балалар құқықтарын қорғау комитеті** құрылды, комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁷. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге онда жаңа ведомство – Балалар құқықтарын қорғау комитеті бар екендігін көрсететін толықтыру енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен **министрліктің Ғылым комитеті** құрылды, комитет туралы ереже, оның құрылымы және комитеттің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді⁸. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге онда жаңа ведомство – Ғылым комитеті бар екендігін көрсететін толықтыру енгізілді.

ҚР Президентінің **2007 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен министрлік одан **ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінің** оған аэроғарыш қызметі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылды⁹. Агенттік міндеттемелері бойынша **министрліктің** таратылған **Аэроғарыш комитетінің** мұрагері болып анықталды.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 29 мамырдағы** қаулысымен министрліктің Аэроғарыш комитеті оның функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі ҚР Ұлттық ғарыш агенттігіне беріле отырып таратылды¹⁰. Осыған сәйкес министрліктің міндеттерінің қатарынан аэроғарыш қызметі саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру міндеті алынып тасталынды. Таратылған комитет министрлік ведомстволарының қатарынан алынып тасталынды.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 22 қазандағы** қаулысымен министрліктің **Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті** болып аталды¹¹. Министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды.

Өзгертілген ережеге сәйкес министрлік басшылықты және заңнамада көзделген шекте білім, ғылым, балаларды қорғау және жастар саясаты салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің негізгі міндеттері: білім, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясаты саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, ғылыми зерттеулер ұйымдастыруды жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Комитеттің мынадай ведомстволары болды: Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті, Ғылым комитеті, Балалардың құқықтарын қорғау комитеті және ведомстволық бағынысты ұйымдары. Министрлік, ведомстволар және оның аймақтық органдары, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Президентінің **2010 ж. 17 тамыздағы** Жарлығымен министрлік қарамағына **ҚР Ішкі істер министрлігінің** кәметке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарының қызметіне байланысты функциялары мен өкілеттіктері берілді¹².

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 7 шілдедегі** қаулысымен білім беру сапасын бақылаудың бірыңғай орталықтандырылған жүйесін құру мақсатында **ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің** аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері құрылды¹³.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 29 маусымдағы** қаулысымен мемлекеттік жастар саясаты саласындағы басқару жүйесін жетілдіру мақсатында **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жастар ісі комитеті** құрылды¹⁴.

ҚР Үкіметінің **2015 ж. 27 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» және «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің** қарамағына берілді¹⁵.

ҚР Президентінің **2022 ж. 11 маусымдағы** Жарлығымен министрлік ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, **ҚР Оқу-ағарту министрлігіне**; ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, тіл саясаты, ғылым, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді цифрландыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне** бөлу арқылы қайта ұйымдастырылды¹⁶.

Мемлекеттік органдар берілетін функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқорлары болып белгіленді.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 19 қарашадағы № 1754 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 51, 504-құжат).

³ «Жоғары аттестациялық комиссия республикалық мемлекеттік қазына кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 28 желтоқсандағы № 2001 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 58, 571-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 17 қаңтардағы № 61 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1-2, 16-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1111 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 40, 522-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 13 қаңтардағы №36 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 4, 30-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 21 шілдедегі № 700 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 27, 290-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 27 наурыздағы № 302 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 9, 96-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 29 мамырдағы № 438 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 17, 191-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 22 қазандағы № 984 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 40, 461-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 7 шілдедегі № 778 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 46, 618-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 29 маусымдағы № 874 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 61, 632-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2015 ж. 27 ақпандағы № 101 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2015, № 10-11, 55-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 11 маусымдағы № 917 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 34-35, 206-құжат).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (2006–2022)

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 13 қаңтардағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Комитет **ҚР Білім және ғылым министрлігі** құзыретінің шегінде балалар құқықтары мен олардың заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі функцияларды, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған саладағы арнайы атқарушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті балалар құқықтары мен олардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Комитеттің құрылымы: басшылық; балалар құқықтарын қорғау бөлімі; балаларды асырап алу (қыз асырап алу) мәселелері бөлімі, сараптама-талдау бөлімі, ұйымдастыру-құқықтық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 28 тамыздағы** қаулысымен комитеттің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы балалар құқықтарын қорғау жөніндегі департаменттер) құрылды³.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен комитеттің атауы **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті** болып өзгертілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 13 қаңтардағы № 36 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, №4, 30-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 28 тамыздағы № 744 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 4312 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 581 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 47, 300-құжат).

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (2022*)

ҚР Президентінің **2022 ж. 11 маусымдағы** Жарлығымен **ҚР Білім және ғылым министрлігінің** қайта ұйымдастырылу нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру мен балалардың құқықтарын қорғау және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: **Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті; Балалардың құқықтарын қорғау комитеті; Орта білім беру комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру; жоғары және

жоғары оқу орнынан кейінгі білімді қоспағанда, барлық деңгейлерде білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 11 маусымдағы № 917 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 34-35, 206-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 581 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 47, 300-құжат).

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
(2022*)

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің** атауын ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті болып қайта атау арқылы құрылды¹.

ҚР Оқу-ағарту министрінің **2022 ж. 12 қыркүйектегі** бұйрығымен Комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет Балалардың құқықтарын қорғау саласында реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ ведомствоның құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; балаларды кемсітуге жол бермеу арқылы олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ бұзылған жағдайларда олардың құқықтарын қалпына келтіру.

ҚР Оқу-ағарту министрінің **2023 ж. 14 қарашадағы** бұйрығымен Комитеттің жаңа ережесі бекітілді³. Оның құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттерінде елеулі өзгерістер болмады.

¹ «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 581 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 47, 300-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 12 қыркүйектегі № 396 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/173414/kaz> (ресми жариялау күні: 07.11.2022).

³ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 ж. 14 қарашадағы № 337 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволарының ережелерін бекіту туралы» // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/190417/kaz> (ресми жариялау күні: 25.12.2023).

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім бері комитеті
(2022*)

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің** ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім комитеті болып қайта атау арқылы құрылды¹.

ҚР Оқу-ағарту министрінің **2022 ж. 12 қыркүйектегі** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру саласында басшылықты жүзеге асырады, реттеу және іске асыру функцияларын орындайтын **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: орта білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; тұлғаның зияткерлік, шығармашылық негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту; комитеттің құзыретіне кіретін көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру.

ҚР Оқу-ағарту министрінің **2023 ж. 14 қарашадағы** бұйрығымен Комитеттің жаңа ережесі бекітілді³. Оның құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттерінде елеулі өзгерістер болмады.

¹ «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 581 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 47, 300-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 12 қыркүйектегі № 396 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/173414/kaz> (ресми жариялау күні: 07.10.2022).

³ «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволарының ережелерін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 ж. 14 қарашадағы № 337 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/190417/kaz> (ресми жариялау күні: 25.12.2023).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (2022*)

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетін** ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің **Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті** және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне бөлініп, қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Оқу-ағарту министрінің **2022 ж. 12 қыркүйектегі** бұйрығымен Комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің** ведомствосы болап табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: ведомствоның құзыреті шегінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысуы; білім беру жүйесінің сапасын сырттай бағалау, мемлекеттік бақылау жүргізу жолымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруы.

ҚР Оқу-ағарту министрінің **2023 ж. 14 қарашадағы** бұйрығымен Комитеттің жаңа ережесі бекітілді³. Оның құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттерінде елеулі өзгерістер болмады.

¹ «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 581 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 47, 300-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 12 қыркүйектегі № 396 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/173414/kaz> (ресми жариялау күні: 07.11.2022).

³ «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволарының ережелерін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 ж. 14 қарашадағы № 337 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/190417/kaz> (жүгінген күні: 25.12.2023).

**Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі (2)
(2022*)**

ҚР Президентінің **2022 ж. 11 маусымдағы** Жарлығымен ҚР Білім және ғылым министрлігінің қайта ұйымдастырылу нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді, оған бірқатар өзгерістер енгізілді².

Министрлік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, тіл саясаты, ғылым, ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылымды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді цифрландыру саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: **Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті; Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті; Ғылым комитеті; Тіл саясаты комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында, сондай-ақ тілдерді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым саласында халықаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру; жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 11 маусымдағы № 917 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 34-35, 206-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 580 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/history/170822/kaz> (жүгінген күні: 30.12.2024).

**Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті
(2022*)**

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің **2022 ж. 15 қыркүйектегі** бұйрығымен Комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің** құзыреті шегінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

¹ «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 580 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/170822/kaz> (ресми жариялау күні: 23.08.2022).

² ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 ж. 15 қыркүйектегі № 45 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және кейінгі жоғары білім комитеті туралы ережесін бекіту туралы» // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/187799/kaz> (ресми жариялау күні: 02.11.2023).

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті
(2022*)

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетін** ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті және **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне** бөлініп, қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің **2022 ж. 13 қыркүйектегі** бұйрығымен Комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің** құзыреті шегінде ғылым, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады, сондай-ақ ведомствоның құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысады.

Комитеттің негізгі міндеттері: ведомство құзыреті шегінде ғылым, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысу; жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру жүйесін сырттай бағалау жолымен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру, сондай-ақ ғылыми кадрларды даярлау сапасын бақылау.

¹ «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 580 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/170822/kaz> (ресми жариялау күні: 23.08.2022).

² ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 ж. 13 қыркүйектегі № 43 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті туралы ережесін бекіту туралы» // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/doc/171589/kaz> (ресми жариялау күні: 16.09.2022).

7.4 Дін істері, азаматтық қоғам, қоғамдық келісім және этносаралық қатынастар
саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі
(2016–2018)

ҚР Президентінің **2016 ж. 13 қыркүйектегі** Жарлығымен құрылған¹.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 18 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік діни қызмет, ішкі саяси тұрақтылық, мемлекеттік жастар саясаты, волонтерлік қызмет, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру мен іске асыру, сыйлықақылар беру, гранттар ұсыну және олардың іске асырылуына мониторинг жүргізу салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: **Дін істері комитеті; Азаматтық қоғам істері комитеті** болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: діни қызмет, ішкі саяси тұрақтылық, мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылы, жастар саясаты, волонтерлік қызмет салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; Министрліктің құзыретіне

жататын қызметі салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Президентінің **2018 ж. 28 маусымдағы** Жарлығымен министрлік **ҚР Қоғамдық даму министрлігі** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 13 қыркүйектегі № 329 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 48, 298-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 қазандағы № 594 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 50, 321-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 28 маусымдағы № 707 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2018, № 33-34, 183-құжат).

Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі (2018–2019)

ҚР Президентінің **2018 ж. 28 маусымдағы** Жарлығымен **ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің мынадай ведомстволары болды: **Қоғамдық келісім комитеті; Азаматтық қоғам істері комитеті; Жастар және отбасы істері комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; ҚР Қоғамдық даму министрлігінің құзыретіне жататын қызметі салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Президентінің **2019 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен министірлік **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне** қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2018 ж. 28 маусымдағы № 707 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2018, № 33-34, 183-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 21 шілдедегі № 444 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2018, № 42, 229-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 25 ақпандағы № 848 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2019, №3, 26-құжат).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (2019–2023)

ҚР Президентінің **2019 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен министірлік **ҚР Қоғамдық даму министрлігінің** қайта құрылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісім, ақпаратқа қол жеткізу салаларындағы басшылықты, сондай-ақ заңнамада

көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің мынадай ведомстволары: *Ақпарат комитеті; Азаматтық қоғам істері комитеті; Жастар және отбасы істері комитеті; Дін істері комитеті; Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті* болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру: ақпарат; ақпаратқа қол жеткізу; балаларды олардың денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау; телерадио хабарларын тарату; бұқаралық ақпарат құралдары; діни қызмет; мемлекеттік жастар және отбасы саясаты; қоғамдық сананы жаңғырту; қайырымдылық; волонтерлік қызмет; медиация; ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету; мемлекеттің, азаматтық қоғамның және қоғамдық кеңестердің өзара іс-қимылы; өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің *2020 ж. 29 сәуірдегі* қаулысымен *ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті* құрылды³.

ҚР Үкіметінің *2022 ж. 18 наурыздағы* қаулысымен министрлік туралы ереже тиісті өзгерістермен жаңа редакцияда жарияланды⁴.

ҚР Президентінің *2023 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылып, оның орнына *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (2)* құрылып, оған мәдениет саласы бойынша: тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану; кинематография; мемлекеттік символдар; архив ісі және басқаруды құжаттық қамтамасыз ету; электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер; ономастика саласында; креативті индустриялар және шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктер *ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен* берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 25 ақпандағы № 848 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2019, №3, 26-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5-6, 64-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитетін құру және мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 29 сәуірдегі № 253 қаулысы ҚР ПҰАЖ, 2020, № 16-17, 138-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 12, 90-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы. (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 2 қыркүйек).

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі (2) (2023*)

ҚР Президентінің *2023 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығымен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2023 ж. 4 қазандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік – ҚР мемлекеттік органы болып табылады және мәдениет саласында, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану, кинематография, мемлекеттік символдар, архив ісі және басқаруды құжаттық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, ономастика, креативті индустриялар және шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, дін саласы, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісімді сақтау, ақпаратқа қолжетімділік, онлайн-платформалар мен онлайн-жарнама салаларында басшылық етеді; сондай-ақ заңнамада көзделген шеңберде салалар аралық үйлестіру мен мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

Министрліктің құрамына мынандай ведомстволар кіреді: *Азаматтық қоғам істері комитеті; Ақпарат комитеті; Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті; ҚР Дін істері комитеті; Жастар және отбасы істері комитеті; Мәдениет комитеті; ҚР Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті.*

Министрліктің негізгі міндеттері: мәдениет саласында, халықаралық мәдени байланыстарды қалыптастыруда мемлекеттік саясатты әзірлеу; тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану; кинематография; мемлекеттік символдар; архив ісі және құжат айналымын қамтамасыз ету; электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, соның ішінде шектеулі таратылымдағы қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу; ономастика; креативті индустриялар және шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру; ақпарат; ақпаратқа қолжетімділік; балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау; бұқаралық ақпарат құралдары; онлайн-платформалар және онлайн-жарнама; діни қызмет; мемлекеттік жастар және отбасы саясаты; қоғамдық сананы жаңғырту; қайырымдылық; волонтерлік қызмет; медиация; ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету; мемлекет, азаматтық қоғам және қоғамдық кеңестер арасындағы өзара іс-қимыл; сонымен қатар, министрлікке жүктелген басқа да міндеттерді өз құзыреті аясында орындау.

ҚР Үкіметінің *2024 ж. 30 қыркүйектегі* қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді³.

Министрліктің құқықтық мәртебесі жаңа редакцияда баяндалды: «Министрлік – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады және мәдениет саласында, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану, кинематография, мемлекеттік символдар, архив ісі және басқаруды құжаттық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, ономастика, креативті индустриялар және шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, ақпарат, бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеті, дін қызметі, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісімді сақтау, ақпаратқа қолжетімділік, онлайн-платформалар мен онлайн-жарнама салаларында басшылық етеді; сондай-ақ заңнамамен көзделген шеңберде салалар аралық үйлестіру мен мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады».

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 2 қыркүйек).

² «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 866 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 48, 379-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 30 қыркүйектегі № 810 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 45, 279-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті (2005–2010)

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 30 желтоқсандағы* қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен ереже және оның құрылымы бекітілді².

Комитет өз құзыретінің шегінде азаматтардың діни сенім және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын *ҚР Әділет министрлігінің* ведомствосы болып табылды².

Комитеттің негізгі міндеті азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруды, әр түрлі діни сенімдегі діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністікті, төзімділікті нығайтуды, олардың мемлекетпен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету болып табылды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; сараптама және тіркеу басқармасы; талдау және ақпараттық-насихаттау жұмысы бөлімі; діни бірлестіктердің қызметін бақылау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет министрлігінің Діни істер комитеті** болып қайта аталды, ҚР Әділет министрлігінің қарамағындағы ұйымдар **ҚР Мәдениет министрлігінің** қарамағына берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 30 желтоқсандағы № 1319 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 50, 648-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 252 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 198-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Діни істер комитеті (2010–2011)

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігі Діни істер комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Осы қаулымен **ҚР Мәдениет министрлігі** ведомстволарының қатарына енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 маусымдағы** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігінің** аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері олардан ҚР Мәдениет министрлігі Діни істер комитетінің аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (департаменттері) бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 1 тамыздағы** қаулысымен комитет оның функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі **ҚР Дін істері агенттігіне** беріле отырып, таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 252 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 198-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 1 тамыздағы № 888 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 51, 690-құжат).

Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі (2011–2014)

ҚР Президентінің **2011 ж. 18 мамырдағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Мәдениет министрлігінің** конфессияаралық келісім, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 1 тамыздағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік Үкімет құрамына кірмейтін, конфессияаралық келісімді, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу; азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыру және діни бірлестіктердің, саны аз діни топтардың және миссионерлердің қызметі саласында елде болып жатқан процестерді жан-жақты және объективті зерделеу, қорыту және талдау; ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 8 қазандағы** қаулысымен агенттік туралы ереже жаңа редакцияда жазылды³.

Агенттік Үкімет құрамына кірмейтін, діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен агенттік таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 18 мамырдағы № 84 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 39, 471-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 1 тамыздағы № 888 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 51, 690-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 888 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 8 қазандағы № 1269 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 72-73, 1062-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитеті (2014–2016)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Дін істері агенттігінің** таратылуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің** діни қызмет саласындағы реттеуді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу; ҚР заңнамамен Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 18 қазандағы** қаулысымен комитет **ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істер комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 58, 550-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 қазандағы № 594 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 50, 321-құжат).

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті (2016–2018)

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 18 қазандағы** қаулысымен **ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің** құрылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Қоғамдық даму министрлігінің Қоғамдық келісім комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 қазандағы № 594 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 50, 321-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 21 шілдедегі № 444 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2018, № 42, 229-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қоғамдық даму министрлігінің Қоғамдық келісім комитеті
(2018–2019)

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен **ҚР Қоғамдық даму министрлігі** құрылған кезде комитет құрылды¹.

Осы қаулымен комитет ҚР Қоғамдық даму министрлігінің ведомстволары қатарына кіргізілді.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті** деп қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 21 шілдедегі № 444 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2018, № 42, 229-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5-6, 64-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
Дін істері комитеті
(2019–2023)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің** құрылуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет діни қызмет саласын реттеуді жүзеге асыратын **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; Комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

2023 ж. 1 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қайта ұйымдастырылып, **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (2)** болып қайта құрылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5-6, 64-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Дін істері комитеті
(2023*)

ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің **2023 ж. 27 қыркүйектегі** бұйрығымен¹ қайта аталып, **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті** болып өзгертілді.

Осы бұйрықпен комитеттің ережесі де бекітілді.

Комитет – діни қызмет саласындағы реттеуді жүзеге асыратын **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің** ведомствосы.

Комитеттің негізгі міндеттері: діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 ж. 27 қыркүйектегі № 384-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/186709/kaz> (ресми жариялау күні: 03.10.2023).

Қазақстан Республикасы
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің
Азаматтық қоғам істері комитеті
(2016–2018)

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 18 қазандағы** қаулысымен құрылған¹.

Комитет **ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 18 қазандағы № 594 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 50, 321-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 21 шілдедегі № 444 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2018, № 42, 229-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті
(2018–2019)

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен құрылған¹.

Комитет **ҚР Қоғамдық даму министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 21 шілдедегі № 444 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2018, № 42, 229-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5-6, 64-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
Азаматтық қоғам істері комитеті
(2019–2023)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен құрылған¹.

Комитет **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің** мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру, волонтерлік қызмет, қоғамдық кеңестер қызметі, қайырымдылық, медиация, қоғамдық сананы жаңғырту және ішкі саяси тұрақтылық салаларында басшылықты жүзеге асыратын ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, ішкі саяси тұрақтылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру, волонтерлік қызмет, қоғамдық кеңестердің қызметі, қайырымдылық, қоғамдық сананы жаңғырту, медиация аясында дамытуға жәрдемдесу және үйлестіру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; комитеттің құзыретіне жататын қызмет салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

2023 ж. 1 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қайта ұйымдастырылып, **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (2)** болып қайта құрылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5, 64-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Азаматтық қоғам істері комитеті
(2023*)

ҚР Президентінің *2023 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығына сәйкес ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қайта ұйымдастырылып, *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (2)* болып қайта құрылуына байланысты *Азаматтық қоғам істері комитеті* құрылды¹.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің *2023 ж. 27 қыркүйектегі* бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді.

Комитет – *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің* ведомствосы, ол келесі салаларда басшылықты жүзеге асырады: мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимыл; мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру; үкіметтік емес ұйымдарға гранттар беру және сыйлықтар тағайындау; волонтерлік қызмет; қоғамдық кеңестердің қызметі; қайырымдылық; медиация; қоғамдық сананы жаңғырту; ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, ішкі саяси тұрақтылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға гранттар беру және сыйлықтар тағайындау, волонтерлік қызмет, қоғамдық кеңестердің қызметі, қайырымдылық, қоғамдық сананы жаңғырту салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; медиация саласын дамытуға жәрдемдесу және оны үйлестіру; комитет құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында салалық және ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру; комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 ж. 27 қыркүйектегі № 384-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/186709/kaz> (ресми жариялау күні: 04.10.2023).

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті
(2020–2023)

ҚР Үкіметінің *2020 ж. 29 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

Комитет мемлекеттік этносаралық саясат саласында басшылықты жүзеге асыратын *ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің* ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: этносаралық қатынастар мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; Комитеттің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; Комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

2023 ж. 1 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес *ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі* қайта ұйымдастырылып, *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (2)* болып қайта құрылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитетін құру және мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 29 сәуірдегі № 253 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2020, № 16-17, 138-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті
(2023*)

ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің *2023 ж. 27 қыркүйектегі* бұйрығымен қайта аталып, *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті* болып құрылды¹.

Осы бұйрықпен комитеттің ережесі бекітілді.

Комитет *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің (2)* ведомствосы болып, мемлекеттік этносаралық саясат саласында басқаруды жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; Комитет құзыретіне жататын қызмет салаларында салалық және ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру; Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 ж. 27 қыркүйектегі № 384-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/186709/kaz> (ресми жариялау күні: 04.10.2023).

7.5 Туризм, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының
Туризм, дене тәрбиесі және спорт министрлігі
(1991–1993)

*Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 31 тамыздағы Жарлығымен Қазақ КСР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі болып құрылды*¹. Кейіннен «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР-інің *1991 ж. 10 желтоқсандағы* Заңын іске асыру шеңберінде ҚР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті болып қайта аталды².

Министрліктің негізгі функциялары: туризм, дене шынықтыру және спорт саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; республиканың ұйымдарын, бірлестіктерін, кәсіпорындарын халықаралық және ішкі туризм, дене тәрбиесі мен спорт саласында олардың қызметін басқару және үйлестіру; туризм мен спорт салаларының материалдық-техникалық базасын жасау мен нығайту және тиісті инфрақұрылымдарды дамыту; туризмді, дене тәрбиесі мен спортты насихаттау, әр түрлі туристік қызметке деген сұранысты зерделеу жөніндегі зерттеулерді жүргізу; сертификаттар мен лицензиялар беру құқы және туристік қызмет жүргізу құқынан айыру құқы; республикалық, бүкілодақтық және халықаралық спорттық және туристік шаралар өткізу; туристік және спорттық тауарлар мен жабдықтар өндірісін дамытуға жәрдемдесу; туризмді, дене шынықтыру мен спортты дамытуға қатысты мәселелер бойынша облыстық атқару комитеттерімен, Алматы және Ленин қалалық атқару комитеттерімен, спорт қоғамдарымен және туристік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау³.

Облыстық атқару комитеттерінде, Алматы және Ленинск қалалық атқару комитеттерінде туризм, дене тәрбиесі және спортты басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі сәйкес атқару комитеттерінің органдары құрылды.

ҚР Президентінің *1993 ж. 17 желтоқсандағы* Жарлығымен министрлік таратылды⁴. Оның функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақ КСР Туризм, дене тәрбиесі және спорт министрлігін құру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 31 тамыздағы № 417 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 33-35, 440-құжат).

² «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР-інің 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48-50, 585-құжат).

³ «Қазақ КСР Туризм, дене тәрбиесі және спорт министрлігінің мәселелері» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 27 қыркүйектегі № 567 қаулысы (Қазақ КСР Үкіметінің қаулылар жинағы, 1991, № 22, 164-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 17 желтоқсандағы № 1460 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 47, 566-құжат).

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Туризм және спорт департаменті (1997)

1993-1997 жж. кезеңінде туризм саласындағы басқару мәселелері ҚР Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің құзыретіне кірді.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 22 шілдедегі** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент туризм, дене тәрбиесі және спорт саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырған мемлекеттік орган болды.

Департаменттің негізгі функциялары: ҚР дене мәдениеті мен спортты дамыту, спорттық резервті және халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау; туризмнің, дене тәрбиесінің және спорттың материалдық-техникалық базасын құру және нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту; саланың ақпараттық-жарнамалық және баспа ісін ұйымдастыру; республикада және шетелдерде туристік және спорттық ұйымдар үшін мамандар даярлауды ұйымдастыру және реттеу, олардың іскерлік біліктілігін арттыру, сондай-ақ мамандарды ұтымды пайдалану, туристік және спорттық қозғалысты насихаттау; туризм, дене тәрбиесі және спорт саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу; республикалық министрліктердің, ведомстволардың, басқа да ұйымдардың туризмді, дене мәдениетін және спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіру.

Департаменттің облыстарда және Алматы қаласында туризм және спорт жөніндегі аймақтық басқармалары болды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен министрліктің қайта ұйымдастырылуына байланысты департамент өз қызметін тоқтатты³. Функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 878 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 22, 194-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі Туризм және спорт департаментінің ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 шілдедегі № 1145 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 33, 307-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті (1997–1999)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет туризм, дене тәрбиесі және спорт саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырған мемлекеттік орган болып табылды. Комитет министрлік құзыреті мен оған берілген өкілеттіктің шектерінде өз қызметінің саласында біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізуді және осы мақсатта заңнамаға сәйкес салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР тәрбиесі мен спортты дамыту, спорттық резервтер мен халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау; туризм дене тәрбиесі мен спорттың материалдық-техникалық базасын құру және нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту; салада ақпараттық-жарнамалық және баспа ісін ұйымдастыру; республикада және шетелдерде туристік және спорттық ұйымдар үшін мамандар даярлауды ұйымдастыру және реттеу, олардың іскерлік біліктілігін арттыру, сондай-ақ мамандарды ұтымды пайдалану, туристік және спорттық қозғалыстарды насихаттау; мемлекеттік органдардың, туризм, дене тәрбиесі мен спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ұйымдардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ облыстардың, Алматы қаласының әкімдерімен саланың өзекті проблемаларының нақты шешімдеріне қатысты мәселелер жөнінде өзара іс-қимылда болу.

Комитеттің құрылымы: туризм басқармасы, спорт басқармасы, қаржы-экономикалық бөлім, ұйымдық-кадр жұмыстары бөлімі.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы Жарлығымен ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы бекітілуіне және министрліктің таратылуына байланысты комитет өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1556 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 49, 455-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1789 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 56, 508-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Туризм комитеті (1999)

ҚР үкіметінің **1999 ж. 1 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 24 маусымдағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің** құзыреті шегінде туризм саласындағы арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: туризм саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысу; өз қызметінің саласында заңнаманың қолданылу тәжірибесін талдау және қорыту, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, туризм саласында заң және өзге де нормативті құқықтық актілерді даярлауға қатысу; туризм саласындағы ортандық қызмет көрсету рыногын зерделеу, талдау және болжау; туризмнің материалдық-техникалық базасын құруға қатысу және дамыту; туризм саласында мамандар даярлауға қатысу, олардың іскерлік біліктілігін арттыру; мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып туризм саласында зерттеулер ұйымдастыру және өткізу.

Комитеттің құрылымы: басшылық; туризмді дамыту басқармасы; туризмді ұйымдастыру басқармасы.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен министрліктің қайта ұйымдастырылуына байланысты комитет өз қызметін тоқтатты³. Функциялары **ҚР Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 1 сәуірдегі № 355 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 12, 112-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Туризм комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 24 маусымдағы № 843 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 28, 273-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің
Спорт және дене тәрбиесі комитеті
(1999)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 6 мамырдағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік құзыретінің шегінде спорт пен дене тәрбиесі саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау міндеттерін, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі функциялары: спорт және дене тәрбиесі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; ҚР спорт пен дене тәрбиесін дамыту, спорттық резервтер мен халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау; спорт пен дене тәрбиесінің материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту; спорттық қозғалысты насихаттау, сондай-ақ спорт саласында ақпараттық-жарнамалық және баспа ісін дамыту; ҚР және шетелдерде спорт ұйымдары үшін мамандар даярлауды ұйымдастыру, олардың біліктілігін арттыру; спорт түрлері бойынша республикалық жарыстар және спорт пен ойындардың олимпиадалық, ұлттық және халықтық түрлері бойынша іс-шаралар өткізу.

Комитеттің құрылымы: басшылық; спорт бөлімі; дене тәрбиесі-сауықтыру жұмыстары бөлімі; мемлекеттік тапсырыс бөлімі; бұқаралық-ұйымдастыру және кадр жұмыстары бөлімі.

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен министрліктің қайта ұйымдастырылуына байланысты комитет өз қызметін тоқтатты³. Функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Туризм және спорт агенттігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 наурыздағы № 233 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 65-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Спорт және дене тәрбиесі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 6 мамырдағы № 539 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 17, 183-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі
(1999–2004)

ҚР Президентінің **1999 ж. 13 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Білім беру, денсаулық сақтау және спорт министрлігінің**, сондай-ақ **ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 19 қарашадағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, туризм, спорт және дене тәрбиесі саласында басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнаулы атқарушылық және шешім шығару функцияларын жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Агенттіктің негізгі функциялары: туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; ҚР туризм, спорт және дене тәрбиесін дамыту, спорт резервтері мен халықаралық деңгейдегі спортшыларды дайындау; туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы заңнаманы қолданудың тәжірибесіне талдау жасау және оны қорытындылау, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу; туристік қызмет көрсетулердің отандық рыногына зерделеу, талдау, болжау және реттеу; туризм, спорт және дене тәрбиесін материалдық-техникалық базасын жасау мен нығайтуға және олардың инфрақұрылымдарын дамытуға қатысу; туризм және дене тәрбиесі үшін мамандарды даярлауды ұйымдастыру, олардың біліктілігін арттыру; туристік іс-шараларды, спорт түрлері бойынша жарыстарды және олимпиадалық, ұлттық және халықтық спорт пен ойындардың түрлері бойынша

кешенді іс-шаралар өткізу.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 19 қыркүйектегі** қаулысымен агенттік туралы ережеге өзгерту енгізілді³. Атап айтқанда, агенттіктің құқықтық мәртебесі айқындалған тармағы жаңа редакцияда мазмұндалды: агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, туризм, спорт және дене тәрбиесі саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамаға сәйкес мемлекеттік басқару, бақылау және үйлестіруді орындауға уәкілетті ҚР орталық атқарушы органы болып табылды³.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен агенттік **ҚР Мәдениет министрлігімен** бірге оларды **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне** біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды, туризмді дамыту функциясы **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 19 қарашадағы № 1755 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 51, 505-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 19 қарашадағы № 1755 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 19 қыркүйектегі № 953 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 38, 386-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері жөніндегі комитеті (2004–2006)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына сәйкес ҚР Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде¹ комитет ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет заңнамамен көзделген шектерде өз құзыретіне жатқызылған қызмет салаларындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру болып табылды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; ұйымдық-құқықтық жұмыс және қаржылық қамтамасыз ету басқармасы; ұйымдастыру жұмысы және халықаралық қатынастар бөлімі; спортты қаржылық қамтамасыз ету бөлімі; құқықтық жұмыс және талдау бөлімі; Олимпиадалық спорт түрлері және спорттық резерв басқармасы: олимпиадалық спорт түрлерін дамытуды бақылау бөлімі; оқу-спорт жұмысы бөлімі; бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін дамыту басқармасы: бұқаралық спорт жұмысы бөлімі; спорт объектілерінің пайдаланылуын бақылау және лицензиялау бөлімі.

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт және ҚР Туризм және спорт министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

Осы Жарлыққа сәйкес ҚР Үкіметінің **2006 ж. 26 сәуірдегі** қаулысымен комитет **ҚР Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті** болып қайта құрылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі №1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы №1130 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 42, 538-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы №73 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 26 сәуірдегі № 329 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 15, 145-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі (1)
(2006–2012)**

ҚР Президентінің *2006 ж. 27 наурыздағы Жарлығымен Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі* оны *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне* және ҚР Туризм және спорт министрлігіне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Министрлікке қайта ұйымдастырылған *ҚР Индустрия және сауда министрлігінің* туризмді дамыту жөніндегі функциясы берілді.

ҚР Үкіметінің *2006 ж. 26 сәуірдегі* қаулысымен министрлік туралы ереже және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді².

Осы қаулымен *министрліктің Туризм индустриясы комитеті* құрылды, ал *ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері жөніндегі комитеті ҚР Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті* болып қайта ұйымдастырылды.

Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңмен көзделген шектерде оның құзыретіне жатқызылған қызметтер саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің негізгі міндеті туризм, дене шынықтыру және спорт салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру болды.

Министрліктің ведомстволары: Спорт комитеті, Туризм индустриясы комитеті. Министрлік және оның ведомстволары, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 20 қазандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды³.

Министрлік туристік қызмет, ойын бизнесі, дене шынықтыру және спорт саласындағы басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің ведомстволары: Спорт комитеті, Туризм индустриясы комитеті. Министрліктің құрылымдық бөлімшелері ведомстволар, департаменттер мен басқарамалар болып табылады. Министрліктің департаменттер мен басқармаларының жиынтығы министрліктің аппараты болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеті туристік қызмет, дене шынықтыру және спорт салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру болып табылды.

Министрлік және оның ведомстволары, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Президентінің *2012 ж. 20 қаңтардағы* Жарлығымен министрлік туристік қызмет саласындағы функциялар мен өкілеттіктерін *ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне* бере отырып, қайта құрылу жолымен *ҚР спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне* қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы №73 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 26 сәуірдегі № 329 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, №15, 145-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі №329 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 20 қазандағы №974 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, №40, 456-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 20 қаңтардағы № 226 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 24, 324-құжат).

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті
(2006–2012)

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығына сәйкес¹ комитет ҚР Үкіметінің **2006 ж. 26 сәуірдегі** қаулысымен **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері жөніндегі комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды².

Осы қаулымен комитет туралы ереже, оның құрылымы және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді³.

Комитет мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде оның құзыретіне жатқызылған қызметтер салаларындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын **ҚР Туризм және спорт министрлігінің** ведомствосы болды.

Министрліктің негізгі міндеті дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру болып табылды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жоғары жетістіктер спорты басқармасы; ұйымдық-кадрлық жұмыс және қаржылық қамтамасыз ету басқармасы; дене шынықтыру және спорт инфрақұрылымы басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 2 шілдедегі** қаулысымен бұқаралық дене шынықтыру-спорт қозғалысын дамыту үшін 2011 ж. VII-қысқы Азия ойындарының спорт ғимараттарын тиімді пайдалану мақсатында «Сарыарқа» республикалық велотрегі» және «Алатау» шаңғы және биатлон стадиондарының кешені» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары құрылды⁴.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 26 маусымдағы** қаулысымен комитет таратылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы № 73 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 26 сәуірдегі № 329 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 15, 145-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитетінің «Сарыарқа» республикалық велотрегі» және «Алатау» шаңғы және биатлон стадиондарының кешені» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын құру туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 2 шілдедегі № 757 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 45, 603-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті» мемлекеттік мекемесін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 26 маусымдағы № 846 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 59, 809-құжат).

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің
Туризм индустриясы комитеті (1)
(2006–2012)

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2006 ж. 26 сәуірдегі** қаулысымен² құрылды.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет **ҚР Туризм және спорт министрлігінің** құзыреті шегінде және заңнамаға сәйкес туристік қызметті реттеу саласында арнаулы атқарушылық және бақылау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеті туристік индустрияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты, ҚР туризм және кластерлік бастамалар үшін қолайлы ел ретінде танытуға бағытталған шараларды іске асыру болып табылды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; туристік өнімді ілгерілету және жарнама-имидж жұмыстары басқармасы; ішкі әкімшілендіру және қаржыландыру басқармасы; туризм индустриясын дамыту жөніндегі саясатты іске асыру басқармасы.

ҚР Президентінің **2012 ж. 20 қаңтардағы** Жарлығымен министірлік туристік қызмет саласындағы функциялар мен өкілеттіктерін **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар**

министрлігіне бере отырып, қайта құрылу жолымен **ҚР спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне** қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті** болып қайта аталды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы № 73 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 26 сәуірдегі № 329 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 15, 145-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 20 қаңтардағы № 226 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 24, 324-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 11 наурыздағы № 312 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 36, 481-құжат).

Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі (2012–2014)

ҚР Президентінің **2012 ж. 20 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Туризм және спорт министрлігінің** қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 20 ақпандағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу және бақылау; ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен агенттікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен агенттік оның функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне** беріле отырып таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 20 қаңтардағы № 226 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 24, 324-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 20 ақпандағы № 244 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 34, 439-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (2012–2014)

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет туристік қызметі саласындағы іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру аясында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен министрлік жойылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 11 наурыздағы № 312 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 36, 481-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін реформалау туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49–50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі (2014–2023)

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен *ҚР Мәдениет министрлігінің; ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінен* – архив ісі және құжаттама саласындағы; *ҚР Дін істері агенттігінің; ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің* функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 23 қыркүйектегі* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік мәдениет, ішкі саяси тұрақтылық, этносаралық келісім, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, мұрағат ісі және құжаттама, діни қызмет, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің ведомстволары: *Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті; Дін істері комитеті; Спорт және дене шынықтыру істері комитеті.*

Министрліктің міндеттері: мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және пайдалану, тілдерді дамыту, мұрағат ісі және құжаттама, діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және оны іске асыру; мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және пайдалану, тіл саясаты, мұрағат ісі және құжаттама, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, дене шынықтыру және спорт салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің *2015 ж. 24 шілдедегі* қаулысымен министрліктің республикалық мемлекеттік мекемелері *республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар* болып қайта ұйымдастырылды³.

ҚР Үкіметінің *2016 ж. 15 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жарияланды⁴.

Министрлік мәдениет, этносаралық келісім, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және құжаттама, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі салаларында басшылықты, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болып табылды.

ҚР Үкіметінің *2017 ж. 22 ақпандағы* қаулысымен *Туризм индустриясы комитеті* құрылды. Осы қаулымен министрліктің ережесіне тиісті өзгерістер енгізілді⁵.

ҚР Үкіметінің *2018 ж. 16 қазандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жарияланды⁶.

Министрлік мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет салаларындағы басшылықты, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің миссиясы: мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және пайдалану, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, мұрағат ісі және басқарудың құжаттамалық қамтамасыз етілуі, электрондық құжат айналымы мен электрондық мұрағаттар, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі, туристік қызмет салаларында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жарияланды⁷.

Министрлік мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, кинематография, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет салаларындағы басшылықты, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

ҚР Үкіметінің **2021 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен *Архив ісі және құжаттаманы басқару комитеті мен Мәдениет комитеті* құрылды⁸.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 24 тамыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді⁹.

Министрлік ҚР мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және пайдалану, кинематография, мемлекеттік рәміздер, мұрағат ісі және басқарудың құжаттамалық қамтамасыз етілуі, электрондық құжат айналымы мен электрондық мұрағаттар, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі, туристік қызмет, ономастика салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органы болды.

Министрліктің құрамында келесі ведомстволық құрылымдар: *Архив ісі және құжаттаманы басқару комитеті, Спорт және дене шынықтыру істері комитеті, Мәдениет комитеті, Туризм индустриясы комитеті* болды.

Министрліктің міндеттері: мәдениет; тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және пайдалану; кинематография; мемлекеттік рәміздер; мұрағат ісі және басқарудың құжаттамалық қамтамасыз етілуі; электрондық құжат айналымы және электрондық мұрағаттар; дене шынықтыру және спорт; ойын бизнесі; лотерея және лотерея қызметі; туристік қызмет; ономастика салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылып, *ҚР Туризм және спорт министрлігі* болып өзгертілді¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 58, 550-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2015 ж. 24 шілдедегі № 585 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2015, № 40, 300-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 желтоқсандағы № 805 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 64, 419-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 22 ақпандағы № 85 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2017, № 8, 47-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мәселелері туралы 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 16 қазандағы № 640 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2018, № 59, 308-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мәселелері туралы 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 сәуірдегі № 228 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 11–12, 111-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2021 ж. 31 наурыздағы № 195 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2021, № 15–16, 94-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мәселелері туралы 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 24 тамыздағы № 593 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 48, 304-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Спорт және дене шынықтыру істері комитеті
(2014–2023)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысына сәйкес құрылды¹.

ҚР Мәдениет және спорт министрінің **2014 ж. 17 қазандағы** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі саласында салааралық үйлестіруді және мемлекеттік бақылауды жүзеге асырған ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ведомствосы болды.

Комитеттің міндеттері: дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу және бақылауды жүзеге асыру; дене шынықтыру және спорт саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 58, 550-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 ж. 17 қазандағы № 38 бұйрығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1400009823/17.10.2014> (жүгінген күні: 30.12.2024).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Туризм индустриясы комитеті
(2017–2023)

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 22 ақпандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Мәдениет және спорт министрінің **2017 ж. 2 наурыздағы** бұйрығымен Комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет ҚР **Мәдениет және спорт министрлігінің** ведомствосы болып, туристік қызмет, ойын бизнесі, лотерея және лотереялық қызмет салаларында басшылықты жүзеге асырды.

Комитеттің міндеттері: туристік қызмет, ойын бизнесі, лотерея және лотереялық қызмет салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру; туристік қызмет, ойын бизнесі, лотерея және лотереялық қызмет салаларында басшылық ету, салалар аралық үйлестіру және мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету; сондай-ақ комитеттің құзыреті шегінде жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 22 ақпандағы № 85 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 58, 550-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Республикалық мемлекеттік мекеме – Туризм индустриясы комитетінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2017 ж. 2 наурыздағы № 52 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/110443/kaz> (ресми жариялау күні: 24.03.2017).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі (2)
(2023*)**

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен, **ҚР Мәдениет және спорт министрлігін** қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен ережесі бекітілді².

Министрліктің құрамында келесі ведомстволар болды: **Спорт және дене шынықтыру істері комитеті; Туризм индустриясы комитеті.**

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 4 қыркүйектегі** қаулысымен ҚР Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті қайта ұйымдастырылып, оның құрамынан Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің **Ойын бизнесі мен лотереяны реттеу комитеті** бөлініп шығарылды³.

Осы қаулыға сәйкес министрлік туралы ережеге тиісті толықтыру енгізілді.

Министрлік ҚР дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі, туристік қызмет салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің ведомстволары: **Туризм индустриясы комитеті; Спорт және дене шынықтыру істері комитеті; Ойын бизнесі және лотереяны реттеу комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 865 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 47, 377-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 4 қыркүйектегі № 721 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2024, № 40, 247-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің
Спорт және дене шынықтыру істері комитеті
(2023*)**

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. **2023 ж. 26 қыркүйектегі** бұйрығымен комитеттің қолданыстағы ережесіне өзгерістер енгізілді².

Комитет дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

¹ «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 865 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 47, 377-құжат).

² ««Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 ж. 30 мамырдағы № 148 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2023 ж. 26 қыркүйектегі № 258 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/187457/kaz> (ресми жариялау күні: 24.10.2023).

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің
Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті
(2024*)

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 4 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Туризм және спорт министрінің **2024 ж. 13 қыркүйектегі** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет **ҚР Туризм және спорт министрлігінің** ведомствосы болып, ойын бизнесі, лотерея және лотереялық қызмет салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: ойын бизнесі, лотерея және лотереялық қызмет салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру; мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша үйлестіруді қамтамасыз ету; ойын бизнесі, лотерея және лотереялық қызмет салаларында реттеуші, орындаушылық және бақылау функцияларын атқару; сондай-ақ ведомствоның құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу.

¹ «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 4 қыркүйектегі № 721 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 40, 247-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне қарасты Ойын бизнесі мен лотереяны реттеу комитетінің ережесін бекіту туралы» ҚР Туризм және спорт министрінің 2024 ж. 13 қыркүйектегі № 157 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/200817/kaz> (ресми жариялау күні: 20.09.2024).

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің
Туризм индустриясы комитеті (2)
(2023*)

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 4 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. **2023 ж. 25 қыркүйектегі** бұйрығымен ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Туризм индустриясы комитетінің ережесіне тиісті өзгерістер енгізілді².

Комитет туристік қызмет саласында басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: туристік қызмет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру; туристік қызмет саласында басшылықты, салалар аралық үйлестіру мен мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету; сондай-ақ комитеттің құзыреті шегінде жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

¹ «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы № 865 қаулысы (ҚР ПҰАЖ 2023, № 47, 377-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 2 наурыздағы № 52 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мемлекеттік мекемесі – Туризм индустриясы комитетінің ережесін бекіту туралы» ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2023 ж. 25 қыркүйектегі № 257 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электронды ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/187681/kaz> (ресми жариялау күні: 31.10.2023).

7.6 Жастар және отбасы саясаты саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті (1991–1993)

Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 31 тамыздағы Жарлығымен Қазақ КСР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті болып құрылды¹. Кейіннен «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР-інің 1991 ж. 10 желтоқсандағы Заңын іске асыру шеңберінде ҚР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті болып қайта аталды².

ҚР Президентінің 1991 ж. 31 тамыздағы Жарлығымен Қазақ ССР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті ретінде құрылды¹.

Мемкомитеттің негізгі функциялары: Қазақ ССР мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақ ССР Заңын жүзеге асыру; республика министрліктері мен ведомстволарының, кәсіпорындарының, мекемелерінің қызметін үйлестіру және жастар бағдарламаларын жүзеге асыру, жастардың әлеуметтік-экономикалық және рухани талап-тілегін қанағаттандыру жолдары мен нышандарын анықтау.

ҚР Президентінің 1993 ж. 17 желтоқсандағы Жарлығымен мемкомитет таратылды³. Функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақ ССР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» Қазақ ССР Президентінің 1991 ж. 31 тамыздағы № 415 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 33-35, 438-құжат).

² «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақ КСР-інің 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 48-50, 585- құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 17 желтоқсандағы № 1460 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 47, 566-құжат).

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі (1993–1997)

ҚР Президентінің 1993 ж. 17 желтоқсандағы Жарлығымен таратылған **ҚР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті мен ҚР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігінің** негізінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 10 қаңтардағы қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік жастар туралы заңнаманы іске асыру, туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту жөніндегі біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асырған республикалық мемлекеттік басқару органы болды.

Министрліктің негізгі функциялары: туризм, дене мәдениеті мен спорттың материалдық-техникалық базасын жасау және нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту; жастардың әлеуметтік қорғалуын және оларға қолдау көрсетілуін, жас адамдардың жұмыспен қамтылуын, кәсіптік әзірлігін реттеуді қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық, саяси, соның ішінде құқықтық, әрі ұйымдық шаралар кешенін, нақтылы республикалық бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыру; халықаралық, аймақаралық ішкі жастар, туристік және спорттық байланыстарды, сыртқы экономикалық, коммерциялық қызметті және жастардың кәсіпкерлігін жүзеге асыру; халықаралық және ішкі туризм, дене мәдениеті және спорт саласында патент-лицензиялық қатынастарды мемлекеттік реттеу; республикаға келетін туристер легін реттеуді, сапарға шығу құжаттарын рәсімдеу, саланың ақпараттық-жарнамалық және баспагерлік ісін ұйымдастыру; республикада және шет елдерге жастар, туристік және спорт ұйымдары үшін мамандар даярлауды, олардың іскерлік біліктілігін арттыруды ұйымдастырып, реттеп отыру.

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктерінде жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық басқармалары құрылды.

ҚР Үкіметінің **1994 ж. 8 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: жастар саясаты басқармасы (жетекші); туризм басқармасы (жетекші); спорттың олимпиадалық түрлері басқармасы (жетекші); қаржы-экономика басқармасы (жетекші); ұйымдастыру жұмысы және халықаралық байланыс басқармасы (жетекші); олимпиадалық емес және халықтың спорт түрлері бөлімі; спорттық, туристік базалар мен жастар кәсіпорындарын техникалық пайдалану бөлімі³.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; жастар ісі жөніндегі басқарма; туризм басқармасы; спорт басқармасы; ұйымдастыру жұмысы басқармасы; қаржы-экономикалық бөлімі; бухгалтерлік есеп бөлімі⁴.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; жастар ісі жөніндегі басқарма; туризм басқармасы; спорт басқармасы; ұйымдастыру жұмысы басқармасы; қаржы-экономикалық бөлімі; бухгалтерлік есеп бөлімі; техникалық қызмет көрсету және спорт ғимараттарын, туристік объектілерді пайдалану және жастар кәсіпорындарының бөлімі; дене мәдениеті-сауықтыру жұмысы бөлімі⁵.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен министрлік таратылды⁶. Оның функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Білім беру және мәдениет министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 17 желтоқсандағы № 460 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 47, 566-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 10 қаңтардағы № 49 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 3, 24-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 8 қыркүйектегі № 1010 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 6 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1786 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1649 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 484 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралары туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жастар ісі комитеті (2012–2014)

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 13 қаңтардағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Білім және ғылым министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен Комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 29 маусымдағы № 874 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 61, 632-құжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1400000933/14.08.2014> (жүгінген күні: 30.12.2024).

Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті (2018–2019)

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен құрылған¹.

Комитет **ҚР Қоғамдық даму министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 21 шілдедегі № 444 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2018, № 42, 229-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5-6, 64-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
Жастар және отбасы комитеті
(2019–2023)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен құрылған¹.

Комитет мемлекеттік жастар және отбасы саясаты салаларында басшылықты жүзеге асыратын **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыруға қатысу; Комитеттің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі** қайта ұйымдастырылып, **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (2)** болып қайта құрылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5-6, 64-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Жастар және отбасы комитеті
(2023*)

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығына сәйкес, **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін** қайта ұйымдастыру жолымен **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне** түрлендіру нәтижесінде құрылған¹.

2023 ж. 27 қыркүйекте ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілген².

Комитет мемлекеттік жастар және отбасы саясаты салаларында басшылықты жүзеге асыратын ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыруға қатысу; Комитеттің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 ж. 27 қыркүйектегі № 383-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/186707/kaz> (ресми жариялау күні: 05.10.2023).

8. Ақпарат және архив ісі саласындағы басқару органдары

8.1 Ақпарат саласындағы басқару органдары

Қазақ мемлекеттік ақпараттық агенттігі (ҚазТАГ) (1991–1997)

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Ақпараттық агенттігінің (ҚазТАГ) қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1991 ж. 22 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚазТАГ **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық еткен ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды².

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚазТАГ таратылды³.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 қазандағы** қаулысымен функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған «Қазақ ақпараттық агенттігі (ҚАА)» республикалық қазыналық кәсіпорнына берілді⁴. Қазыналық кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы **ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі** болып айқындалды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель – Алматы: «Эдельвейс», 2004. – 546 б.

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат) және «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлықтары (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

³ «Қазақ мемлекеттік ақпараттық агенттігі (ҚазТАГ) туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қыркүйектегі № 3629 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 41, 383-құжат).

⁴ «Қазақ ақпараттық агенттігі» республикалық қазыналық кәсіпорнын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 қазандағы № 1467 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 47, 439-құжат).

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі (1991–1995)

Қазақ КСР Президентінің **1991 ж. 31 тамыздағы** Жарлығымен Қазақ КСР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі ретінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 16 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы уақытша ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік баспасөз және бұқаралық ақпарат саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырған орталық республикалық орган болып табылды. Қазақ КСР Теледидар және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі бас басқармасының құқықтық мұрагері болды.

Таратылған ведомстволардың, сондай-ақ бұрынғы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақстан Компартиясы Қарағанды және Целиноград облыстық комитеттері баспаларының негізгі қорлары, айналма қаржысы толық көлемінде министрліктің қарауына берілді.

Министрліктің негізгі функциялары: баспасөз және бұқаралық ақпарат саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу; баспасөз және бұқаралық ақпарат мәселелері жөніндегі заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау; ведомстволық бағыныстылығына қарамастан баспасөз басылымдарының, теле-және радио-компаниялардың басқа да хабар беру ұйымдарының, ақпарат агенттіктерінің, газет-журнал және кітап баспаларының қызметін үйлестіру; қоғамдық мәні бар әдебиетті басып шығару жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыру; республикада теледидар мен радиохабарды дамытудың стратегиясы мен негізгі бағыттарын айқындау; біртұтас техникалық, технологиялық және инвестициялық саясат жүргізу; бұқаралық ақпараттың республика аумағында шығатын баспасөз және радиотеледидар құралдарының тіркелуін қамтамасыз ету; республика аумағында баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманың сақталуына бақылау жасау; баспасөзде және басқа

бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ шетелге алып баратын (жіберілетін) материалдарда мемлекеттік құпияны сақтау және т.б. болды.

Министрлік өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асырды және міндеттерін тікелей және облыстық атқару комитеттерінің баспасөз және бұқаралық ақпарат басқару органдары арқылы атқарды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік жанынан мынадай шығармашылық-өндірістік құрылымдардың: Республикалық теледидар, Қазақ радиосы, Республикалық радиотелеорталық, «Қазақтелефильм» студиясы, Алматы теледидар студиясы және Өкімдік дирекция құрамында **Қазақ мемлекеттік телерадиохабар компаниясы (Қазақстан телерадиокомпаниясы)** құрылды³.

ҚР Президентінің **1992 ж. 7 ақпандағы** Жарлығымен **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылықты жүзеге асырған ҚР мемлекеттік басқару орталық органына жатқызылды⁴.

ҚР Президентінің **1992 ж. 18 қыркүйектегі** Жарлығымен Қазақ мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы (Қазақстан Телерадиокомпаниясы) таратылды⁵. Таратылған Мемлекеттік және облыстық телерадиокомпаниялардың негізінде **ҚР Министрлер Кабинеті жанынан «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы** құрылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 9 қарашадағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: бұқаралық ақпарат құралдары, сараптау-талдау жұмысы және баспасөзде заңдылықтың сақталуын бақылау бас басқармасы; баспа қызметі, маркетинг және кітап тарату жетекші басқармасы; қаржы-экономикалық жетекші басқармасы; өндіріс, полиграфияны ғылыми-техникалық дамыту және сыртқы байланыстар жетекші басқармасы; құқықтық реттеу бөлімі; кадр бөлімі; әкімшілік-шаруашылық басқармасы⁶.

ҚР Президентінің **1995 ж. 14 қазандағы** Жарлығымен министрлік таратылды⁷. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне** берілді.

¹ «Қазақ КСР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін құру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1991 ж. 31 тамыздағы № 413 Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991, № 33-35, 436-құжат).

² «Қазақ КСР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 16 қазандағы № 614 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1991, № 23, 171-құжат). – Құрастырушылардың ескертпесі: таратылғанға дейін министрлік туралы жаңа ереже бекітілмеді. Уақытша ережедегі «Қазақ КСР» деген сөздер «Қазақстан Республикасы» сөздерімен алмастырылды. – «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 6 ақпандағы № 115 қаулысын қараңыз (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 5, 62-құжат).

³ «Қазақ мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 31 желтоқсандағы № 819 қаулысы (ҚР Министрлер Кабинетінің қаулылары, 1991 ж. желтоқсан, 184 – 186-б.).

⁴ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

⁵ «Қазақстан мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 18 қыркүйектегі № 920 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 34, 509-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы № 1242 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 14 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін тарату және Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 14 қазандағы № 2519 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 32, 397-құжат)

**Қазақстан Республикасының
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі жанындағы
Қазақ мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы
(Қазақстан Телерадиокомпаниясы)
(1991–1992)**

ҚР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды¹.

Телерадиокомпанияның құрамына мынадай шығармашылық-өндірістік құрылымдар кірді: Республикалық теледидар, Қазақ радиосы, Республикалық радиотелеорталық, «Қазақтелефильм» студиясы, Алматы теледидар студиясы және өкімдік дирекция. Қазақстан Телерадио хабартарату

компаниясы жоғарыда көрсетілген ұйымдар мен кәсіпорындардың заңды құқықтық мұрагері болды.

ҚР Президентінің **1992 ж. 18 қыркүйектегі** Жарлығымен телерадиокомпания таратылды². Таратылған Мемлекеттік және облыстық телерадиокомпаниялардың базасында **ҚР Министрлер Кабинетінің жанынан «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы** құрылды.

¹ «Қазақ мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 31 желтоқсандағы № 819 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулылары, 1991 ж. желтоқсан, 184-186-б).

² «Қазақстан» Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 18 қыркүйектегі № 920 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 34, 509-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті жанындағы
«Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы
(«Қазақстан» мемтелерадиокомпаниясы)
(1992–1994)**

ҚР Президентінің **1992 ж. 18 қыркүйектегі** Жарлығымен таратылған **ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі жанындағы Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы** мен облыстық телерадиокомпаниясының негізінде құрылды¹.

Мемтелерадиокомпания телерадио хабарларын тарату мәселелері жөніндегі ҚР орталық мемлекеттік басқару органы болып табылды².

«Қазақстан» мемтелерадиокомпаниясы республикалық теледидардың, республикалық радионың, «Қазақтелефильм» студиясының, облыстық және қалалық телерадиокомпанияларының шығармашылық-өндірістік құрылымдарын біріктірді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 4 мамырдағы** қаулысымен «Қазақстан» мемтелерадиокомпаниясы туралы ереже бекітілді³.

Мемтелерадиокомпанияның негізгі міндеттері: теледидар және радио бағдарламаларын әзірлеу, оларды республиканың аумағына және шетелдерге таратады; телерадио бағдарламаларының кәсіби деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз ету; Қазақстанда теледидар мен радио хабарларын жалпы ұлттық құрылым ретінде дамытудың және оны жүзеге асырудың стратегиясы мен негізгі бағыттарын қалыптастыру; қалалық, аудандық, облыстық, республикалық және мемлекетаралық телерадио хабарлары ұйымдарының таратушы жүйелерін дамыту мен пайдалануды, олардың ТМД-на қатысушы республикалардағы және шетелдердегі телерадио органдарымен өзара іс-қимылдарын үйлестіру; мемлекеттік теледидар мен радио хабарларын, теледидар мен радионы басқару жүйелерін жетілдіру; егеменді құқықтық мемлекет ретінде республиканың мемлекеттік және қоғамдық өмірін теледидар мен радио хабарлары арқылы терең де жан-жақты көрсетіп отыру; біртұтас техникалық және технологиялық саясат жүргізу, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту; теледидар мен радио хабарларын дамытудың тиімді бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру және т.б.

ҚР Президентінің **1993 ж. 9 маусымдағы** Жарлығымен «Қазақстан» мемтелерадиокомпаниясы **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық еткен ҚР мемлекеттік басқару орталық органына жатқызылды⁴.

ҚР Президентінің **1994 ж. 4 сәуірдегі** Жарлығымен мемтелерадиокомпания таратылды⁵. «Қазақстан» мемтелерадиокомпаниясының шығармашылық-өндірістік бөлімшелерінің, сондай-ақ оған ерікті негізде кіретін басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың құрамында **«Қазақстан Теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясы (ҚТРПК)** құрылды.

¹ «Қазақстан» Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 18 қыркүйектегі № 920 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 34, 509-құжат).

² «Қазақстан» Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 13 қаңтардағы № 32 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 2, 24-құжат).

³ «Қазақстан» Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 4 мамырдағы № 357 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 16, 185-құжат).

⁴ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

⁵ «Қазақстан Теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясын құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 4 сәуірдегі № 1618 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 16, 150-құжат).

«Қазақстан Теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясы (ҚР ҚТР) (1994*)

ҚР Президентінің *1994 ж. 4 сәуірдегі* Жарлығымен *ҚР Министрлер Кабинетінің жанындағы* таратылған *«Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясының* шығармашылық-өндірістік бөлімшелерінің, сондай-ақ оған ерікті негізінде кіретін басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың құрамында құрылды¹.

Корпорация телерадиохабарларын тарату саласында республикалық бюджеттен қаржыланатын мемтапсырыстарды атқарушы болып табылды. Корпорацияны ҚР Президенті тағайындайтын президент басқарды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1997 ж. 15 шілдедегі* қаулысымен Республикалық корпорация туралы ереже бекітілді².

Корпорацияның негізгі міндеттері: ҚР халқын көп бағдарламалы телерадиохабарларымен барынша кең қамтуды қамтамасыз ету; телерадиохабарлардың материалдық-техникалық базасын жетілдірумен дамытуға бағытталған біртұтас техникалық, технологиялық және инвестициялық саясатты жүргізуге қатысу; мемлекетаралық, республикалық, облыстық, қалалық және аудандық телерадиохабарлары ұйымдарының хабар тарату желісін әзірлеуді және пайдалануды үйлестіруге қатысу; басқаруды жетілдіруді және ҚТТРК қызметкерлерін әлеуметтік-экономикалық жағынан қорғау; нарық экономикасы жағдайында теледидар, радио, информатика және коммуникациялар жүйесінде жұмыс істейтін жоғары білікті мамандар даярлауды ұйымдастыру; шетелдердің хабар таратушы, журналистік, коммуникациялық мемлекеттік және коммерциялық мекемелерімен және ұйымдарымен, хабар таратушы және коммуникациялық мекемелер мен ұйымдардың халықаралық одақтарымен және қауымдастықтарымен екіжақты және көпжақты байланыстарды дамыту.

¹ «Қазақстан Теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясын құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 4 сәуірдегі № 1618 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 16, 150-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель – Алматы: «Эдельвейс», 2004. 555-б.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі (1997–1999)

1995-1997 жж. кезеңінде ақпарат саласындағы басқару мәселелері ҚР Президентіне тікелей бағынысты ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің құзыретіне кірді.

Таратылған *ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің* негізінде ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен құрылды¹. Министрлікке *ҚР Білім және мәдениет министрлігінің* дін, жастар, ұлт және тіл саясаты саласындағы функцияларының, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігі берілді.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 31 қазандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік Қазақстанның бірыңғай ақпараттық кеңістігінің қалыптасуын қамтамасыз еткен заңдарға сәйкес бұқаралық ақпарат және баспасөз, ұлт, жастар,

конфессионалдық және тіл саясаты саласындағы мемлекеттік саясат пен үйлестіруді жүзеге асырған орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі функциялары: баспасөз, бұқаралық ақпарат, ұлттық тіл, конфессионалдық және жастар саясаты саласындағы ел дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес мемлекеттік саясатын жүзеге асыру; мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін үйлестіру, газет, журнал және телерадио хабарлар үшін, әдебиеттің қоғамдық маңызды түрлері бойынша баспа бағдарламаларын қалыптастыру үшін мемлекеттік тапсырыстар қалыптастыру және орындау, БАҚ есепке алу және тіркеу; тілдерді дамыту саласындағы шараларды жүзеге асыру; ҚР мемлекеттік жастар саясатын әзірлеу және жүзеге асыру, осы саладағы нормативтік актілерді іске асыру; Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру; министрліктердің, ведомстволардың және басқа орталық және жергілікті атқарушы органдарының сәйкес мәселелері жөніндегі қызметтерін үйлестіру және т.б.

Министрлік газеттер мен журналдардың, телерадиокомпаниялардың, ақпараттық агенттіктер мен республикалық бюджеттен қаржыландырылған басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының құрылтайшысы болды.

Министрліктің аймақтардағы өкілеттіктерін ақпарат және қоғамдық келісімінің облыстық басқармалары жүзеге асырды.

Министрлік орталық аппаратының құрылымы: бұқаралық ақпарат құралдары департаменті, ішкі саясат департаменті, тілді дамыту жөніндегі департаменті; мемлекеттік баспа бағдарламаларын қалыптастыру департаменті; ішкі әкімшілік департаменті.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты министрлік өз қызметін тоқтатты³. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Ережесі мен құрылымын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 31 қазандағы № 1474 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 47, 441-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж., 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі (2003–2004)

1999-2003 жж. кезеңінде ақпарат саласындағы басқару мәселелері ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің құзыретіне кірді.

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі**, оны **ҚР Мәдениет министрлігі** және ҚР Ақпарат министрлігіне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 26 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді². ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері ҚР Ақпарат министрлігінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

Ережеге сәйкес министрлік басшылықты және заңнамада көзделген шекте ақпарат, ішкі саяси тұрақтылық салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР ақпараттық қауіпсіздігін өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету және қорғау; бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру және мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру; отандық бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына көмек

көрсету; республиканың қоғамдық процесстерін демократияландыру қоғамдық-саяси күштерін топтастыру жөніндегі тұжырымдамалық негіздерді әзірлеу; кітап шығару және полиграфия саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды. Министрлік, оның аумақтық органдары және ведомстволық қарасты ұйымдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен ҚР Мәдениет министрлігі, ҚР Ақпарат министрлігі және *ҚР Туризм және спорт жөніндегі агенттігі* оларды *ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне* біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды, туризмді дамыту функциясы *ҚР Индустрия және сауда министрлігіне*, мемлекеттік жастар саласындағы функциясы *ҚР Білім және ғылым министрлігіне* берілді³.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен ҚР Ақпарат министрлігінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 қыркүйектегі № 1189 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 37, 372-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 26 қарашадағы № 1180 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 44, 480-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1130 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 42, 538-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің
Ақпарат және архив комитеті
(2004–2006)

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен¹ комитет ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен² *ҚР Мәдениет министрлігінің Архивтер және құжаттамалар басқару жөніндегі комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте оның құзыретіне жатқызылған қызмет салаларындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері бұқаралық ақпарат құралдары, баспа және полиграфия қызметі, архив ісі және құжаттама саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, оның іске асырылуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру болып табылды.

Комитеттің құрылымы: басшылық, бұқаралық ақпарат құралдары басқармасы: электрондық ақпарат құралдарының мониторингі бөлімі; бұқаралық ақпараттың баспа құралдарының мониторингі бөлімі; лицензиялау және есепке алу басқармасы: есепке алу бөлімі; лицензиялау және телекоммуникациялар бөлімі; баспа қызметі басқармасы: баспа бағдарламаларын қалыптастыру бөлімі; кітап өнімдері сапасының мониторингі және бақылау бөлімі; ұйымдастыру-құқықтық және қаржылық қамтамасыз ету бөлімі, архивтер және инспекциялау бөлімі; мемлекеттік іс жүргізуді және ведомстволық архивтердің жұмысын реттеу, бақылау бөлімі; архивтік технологиялар және ақпараттық қызметтер бөлімі.

ҚР Президентінің *2006 ж. 27 наурыздағы* Жарлығымен *ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі* оны *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне* және *ҚР Туризм және спорт министрлігіне* бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Үкіметінің *2006 ж. 16 мамырдағы* қаулысымен комитеттің атауы өзгерді – *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті*⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 200 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1130 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 42, 538-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы № 73 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 16 мамырдағы № 405 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 17, 162-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті (1) (2006–2010)

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен¹ **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі** оны **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне** және **ҚР Туризм және спорт министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты ҚР Үкіметінің **2006 ж. 16 мамырдағы** қаулысымен² комитеттің атауы өзгерді – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті.

Комитет **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің** ведомствосы болды.

Осы қаулымен комитеттің құрылымы мынадай редакцияда мазмұндалды: басшылық; бұқаралық ақпарат құралдары басқармасы; электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі бөлімі; бұқаралық ақпараттың баспа құралдарының мониторингі бөлімі; баспа ісі бағдарламаларын қалыптастыру және кітап өнімдерінің сапасын бақылау бөлімі; лицензиялау және есепке алу басқармасы; есепке алу бөлімі; лицензиялау және телекоммуникация бөлімі; архивтер және құжаттама басқармасы; архивтер қызметін ұйымдастыру және бақылау бөлімі; мемлекеттік іс жүргізуді және ведомстволық архивтер жұмысын реттеу, бақылау бөлімі; мұрағаттық технологиялар және ақпараттық қызметтер бөлімі; қаржы-экономикалық қамтамасыз ету және ұйымдық-құқықтық жұмыс басқармасы; қаржы-экономикалық бөлімі; ұйымдық-құқықтық жұмыстар және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі³.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен комитеттің мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасының ұлттық архиві құрылды⁴. Мекеме қызметінің негізгі бағыты: орталық заң шығару, атқарушы, сот органдарының, ұлттық компаниялар мен өзге де республикалық ұйымдардың қызметінде жасалған жеткізгіштердің барлық түрлеріндегі құжаттарды толықтыру, сақтау және пайдалану жөніндегі жұмыстарын қамтамасыз ету, Мемлекеттік органдардың электронды архивтер жүйесін (МО ЭАЖ) пайдалану болып белгіленді.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі **ҚР Мәдениет министрлігі** болып құрылды⁵. Оған **ҚР Әділет министрлігінен** азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді. Министрліктің бұқаралық ақпарат саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 18 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті** болып қайта аталды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы №73 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 16 мамырдағы № 405 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 17, 162-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және архив комитетінің «Қазақстан Республикасының ұлттық архиві» мемлекеттік мекемесін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 19 шілдедегі № 692 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 27, 285-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, №22-23, 162-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 18 мамырдағы № 427 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 34, 268-құжат).

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және архив комитеті
(2010–2012)

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2010 ж. 18 мамырдағы** қаулысымен² **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және архив комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды.

Комитет қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді: Орталық мемлекеттік архиві, Кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары орталық мемлекеттік архиві, Ғылыми-техникалық құжаттама орталық мемлекеттік архиві, Мемлекеттік архивтердегі деректі материалдардың шағын фотокөшірмелерін жасау және қалпына келтіру орталық зертханасы, Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, Ұлттық археография және деректану орталығы, ҚР Ұлттық архиві, «Баспалар үйі» АҚ, «Жалын журналы» ЖШС, «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС.

Комитет **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің** ведомствосы болып табылды.

ҚР Президентінің **2012 ж. 20 қаңтардағы** Жарлығымен министрлік таратылып, оның ақпарат, архив ісі және құжаттама саласындағы функциялары мен өкілеттіктері – **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне**, ал байланыс, ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері – **ҚР Көлік және коммуникация министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 18 мамырдағы № 427 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 34, 268-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 20 қаңтардағы № 226 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 24, 324-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және архив комитеті (2)
(2012–2014)

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитетінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Президентінің **2014 ж. 7 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігін (1) ҚР Мәдениет министрлігі** етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде комитет таратылды².

¹ Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 12 наурыздағы № 319 қаулысы (Егемен Қазақстан 2012 ж. 8 мамырдағы № 216-221).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 7 наурыздағы № 761 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 14, 116-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің
Ақпарат комитеті
(2016–2019)

2014–2016 жылдар аралығында ақпарат саласындағы басқару мәселелері Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне қарасты Байланыс, информатизация және ақпарат комитетінің құзыретіне кірді.

Комитет ҚР Үкіметінің **2016 ж. 16 маусымдағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. **2016 ж. 20 маусымдағы** бұйрығымен Комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет ҚР **Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің** ведомстволық бағынысты мекемесі болып табылды. Ол ақпарат саласында министрліктің стратегиялық функцияларын іске асыруға қатыса отырып, реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; телерадио хабарларын тарату және бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; ҚР заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (салаларына) басшылық жасау; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және қызметтік ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтау; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің **2017 ж. 15 желтоқсандағы** бұйрығымен Комитеттің жаңа ережесі бекітілді³.

Комитеттің құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ.

ҚР Президентінің **2019 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен министрлік таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 16 маусымдағы № 353 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 36, 209-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2016 ж. 20 маусымдағы № 5 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/107588/kaz> (ресми жариялау күні: 28.11.2016).

³ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 ж. 15 желтоқсандағы № 450 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/118140/kaz> (ресми жариялау күні: 24.01.2018).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 25 ақпандағы № 848 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 3, 26-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің
Орталық коммуникациялар қызметі
(2016–2019)

ҚР Президентінің **2016 ж. 1 маусымдағы** Жарлығымен **ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі** ҚР Үкіметінің қарамағына беру арқылы қайта құрылды¹.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Орталық коммуникациялар қызметіне қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган етіп айқындалды.

Орталық коммуникациялар қызметі ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін орталық атқарушы органдар мен мемлекеттік органдардың, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдерінің бұқаралық ақпарат құралдары жұмысында мемлекеттік саясатты ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін мекемемен өзара іс-қимыл

ету бойынша функцияларды жүзеге асыратын ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ведомстволық ұйымы болды.

Мекеме қызметінің мақсаты мемлекеттік билік органдарының және қоғамның өзара іс-қимыл етудің тиімді механизмін құру, сондай-ақ ақпараттық салада мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпараттық құралдардың өзара іс-қимыл етуі болды.

Мекеме қызметінің мәні: мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың, мемлекеттік мекемелердің және бұқаралық ақпараттар құралдарының бірыңғай коммуникация алаңын қалыптастыру; Өңірлік бұқаралық ақпараттар құралдарымен өзара іс-қимыл ету бойынша тиімді механизмдерді жасау; Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге қатысу; Бұқаралық ақпараттар құралдары мен коммуникациялар мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу болып табылды.

ҚР Президентінің **2019 ж. 22 шілдедегі Жарлығымен² ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Орталық коммуникациялар қызметі ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің** құрылуының нәтижесінде таратылды².

¹ «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері» ҚР Президентінің 2016 ж. 1 маусымдағы № 272 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 34, 188-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесін құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 22 шілдедегі № 75 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 31, 267-құжат).

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті (2019–2023)

ҚР Үкіметінің **2019 ж. 26 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің **2019 ж. 28 наурыздағы** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің** ведомстволық құрылымы болып табылады және ақпарат саласында басшылық қызметін атқарады.

Комитеттің негізгі міндеттері: бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио хабарларын тарату саласында мемлекеттік реттеу және бақылау жүргізу; ҚР заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (салаларына) басшылық ету; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және қызметтік ілгерілету кезінде меритократия қағидатын сақтау; телерадио хабарларын тарату саласын дамытуға арналған жобалардың жасалуына қатысу; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне (2)** қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2019, № 5, 64-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 ж. 28 наурыздағы № 32 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/133911/kaz> (ресми жариялау күні: 14.08.2019).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті
(2023*)

ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің *2023 ж. 27 қыркүйектегі* бұйрығымен¹ құрылды, ол *ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті* болып өзгертілді.

Осы бұйрықпен комитеттің ережесі де бекітілді.

Комитет *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің* ведомстволық құрылымы болып табылады және ақпарат саласында басшылық қызметін атқарады.

Комитеттің негізгі міндеттері: бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио хабарларын тарату саласында мемлекеттік реттеу және бақылау жүргізу; ҚР заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (салаларына) басшылық ету; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және қызметтік ілгерілету кезінде меритократия қағидатын сақтау; телерадио хабарларын тарату саласын дамытуға арналған жобалардың жасалуына қатысу; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 ж. 27 қыркүйектегі № 379-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client#!/md/186702/kaz> (ресми жариялау күні: 03.10.2023).

8.2 Архив ісі саласындағы басқару органдары

Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасы
(ҚР Бас архив басқармасы)
(1991–1993)

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасының қайта аталуының нәтижесінде Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің *1991 ж. 18 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

Бас архив *ҚР Министрлер Кабинеті* тікелей басшылық еткен ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды².

Бас архивтің негізгі функциялары: Ұлттық архив қорының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарын жинақтауды және оларды сақталынып тұрған құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру; тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштерін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік басқару; архивтану, құжаттану, археография саласында ғылыми және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру; ведомстволық архивтердің қызметі мен министрліктер, комитеттер, ведомстволар, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың іс жүргізу құжаттарын ұйымдастыруға ұйымдық-әдістемелік басшылық ету; архив ісі саласында озық отандық және шетелдік жұмыс тәжірибесін тарату, ҚР архив ісін одан әрі дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу³.

Орталық мемлекеттік архивтер желісін *Орталық Мемлекеттік архив*; Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазба архиві; Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві құрады⁴.

Бас архив басқармасы орталық аппаратының құрылымы: ұйымдастыру жұмысы және бақылау бөлімі; КСРО Мемлекеттік архив қоры құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету және материалдық-техникалық жабдықтау; ведомстволық архивтерді жинақтау және іс жүргізу бөлімі; ғылыми-ақпараттық қызмет бөлімі; қаржы бөлімі⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 17 мамырдағы* қаулысымен Бас архив басқармасы *ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер және құжаттама бас басқармасы (ҚР Бас архив басқармасы)* болып қайта құрылды⁶.

¹ «Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасын қайта атау туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 ж. 18 сәуірдегі № 242 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулылар жинағы, 1980 ж. тамыз, 41-б.).

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

³ «Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасы және Қазақ КСР орталық мемлекеттік архивтер желісі туралы Ережені бекіту туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1980 ж. 15 тамыздағы № 326 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары, 1980 ж. тамыз, 41-49-б.).

⁴ Сонда, 50-б.

⁵ «Қазақ КСР Әділет министрлігі жанындағы Бас архив басқармасын Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасы етіп құру және оның орталық аппаратының құрылымы туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 ж. 27 қаңтардағы № 48 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары, 1989 ж. қаңтар, 123-б.).

⁶ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасы қызметінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 17 мамырдағы № 393 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 17, 204-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті жанындағы
Архивтер мен құжаттама бас басқармасы
(ҚР Бас архив басқармасы)
(1993–1995)**

ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасының қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 17 мамырдағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 2 желтоқсандағы* қаулысымен Бас архив басқармасы туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес бас архив архив ісін, архивтер мен құжаттаманы мемлекеттік басқарудың орталық салааралық органы болып табылды және қызмет барысында *ҚР Министрлер Кабинетіне* бағынды.

Бас архив басқармасының негізгі міндеттері: республикада архив ісі мен құжаттардың түзілуі саласында мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру, құжаттары, архивтері, архив қорлары мен коллекциялары жалпыұлттық құнды деп табылған мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың, жеке азаматтардың осы мәселелер жөніндегі жұмысын мемлекеттік тұрғыда реттеу және үйлестіру; ҚР Ұлттық архив қорын құру, оның қалыптасуын, сақталуын және мемлекеттің, қоғам мен азаматтардың мүддесі үшін кеңінен пайдаланылуын қамтамасыз ету, ұлттық архив қорын жинақтау көзі болып табылатын архивтерді, архив қорлары мен коллекцияларын олардың қай жерде сақталғанына, қай уақытта пайда болғанына және меншік нысанына қарамастан ҚР аумағында орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру; ҚР Ұлттық архив қорының құрамына енетін құжаттар бойынша ақпараттар желісі мен мәліметтер ауқымын құру; архивтерге, архив қорлары мен коллекцияларына, олардың иелері ҚР архив ісін, архивтер мен құжаттаманы жүргізу саласындағы заңдарын сақтау жайында мемлекеттік тексерісті жүзеге асыру; архивтер, архив қорлары мен коллекцияларының иелерін архив ісі мен құжаттаманы жүргізуді жетілдіру, осы салада ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу мәселелері бойынша әдістемелік, ақпараттық және кеңес беру жағынан қамтамасыз ету; тарих және мәдениет деректі ескерткіштерін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету; ҚР мемлекеттік архив қызметі мекемелерін ұйымдастыру және қызмет жасау принциптерін анықтау, оны басқару; архив ісінің жай-күйі мен құжат түзілу процесстеріне талдау жасау, олардың дамуының мемлекеттік концепциясын әзірлеу, отандық архив мекемелерінің және шетелдік озық тәжірибені зерделеу және тарату; архивтану, құжаттану және археография саласында ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру; архив ісі мен құжаттаманы

басқару саласындағы ҚР заңдарын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау; архив ісі мен құжаттаманы басқару саласындағы халықаралық байланыстарды жүзеге асыру.

Бас архив басқармасы және оған қарасты республикалық бағыныстағы бөлімшелер, облыстық, Алматы, Ленинск қалалық әкімшіліктерінің архивтері мен құжаттамаларын басқару органдары, республиканың мемлекеттік архивтері мен олардың филиалдары, жергілікті әкімшіліктер жанындағы аудандық және қалалық архивтер ҚР Мемлекеттік архив қызметін құрады және Бас архив басқармасының біртұтас жүйесіне енді.

ҚР Архивтер мен құжаттама бас басқармасына тікелей бағынышты орталық мекемелер мен ұйымдар: ҚР Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), ҚР Орталық мемлекеттік қазіргі заман тарихының архиві (ҚР ОМҚЗТА), ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві (ҚР ОМҒҚА), ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві (ҚР ОМКҚДЖА), Мемлекеттік архивтердің деректі материалдарын микрофото-көшірмелеудің және қалпына келтірудің орталық лабораториясы (МАОЛ)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 7 қазандағы** қаулысымен Бас архив басқармасы орталық аппаратының құрылымы бекітілді: архив ісін талдау және реттеу бөлімі; ҚР Ұлттық архив қорын сақтау, есепке алу және ақпараттау бөлімі; ұлттық архив қорын қалыптастыру және архивтер мен құжаттамаларды тексеру бөлімі; ҚР ұлттық архив қорының құжаттарын пайдалану және ғылыми тұрғыдан жариялау бөлімі; қаржы бөлімі³.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы архивтер мен құжаттама бас басқармасы **ҚР Архивтер мен құжаттама бас басқармасы** болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасы қызметінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 17 мамырдағы № 393 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 17, 204-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 2 желтоқсандағы № 1214 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 47, 571-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Министрлерге Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қазандағы № 1128 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 9 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасы (ҚР Бас архив басқармасы) (1995–1996)

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасының** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Бас архив – архив ісін, архивтер мен құжаттаманы мемлекеттік басқару орталық салааралық органы болып табылды және өз қызметінде **ҚР Министрлер Кабинетіне** бағынды. Тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану саласында мемлекеттік басқару органы болды².

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен Бас архив басқармасы орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; ұйымдастыру-талдау қызметін жүргізу бөлімі; ҚР Ұлттық архив қорын мемлекеттік есепке алып, сақталуын қамтамасыз ету бөлімі; ведомстволық архивтер мен құжаттама және жинақтау бөлімі; құжаттарды пайдалану және жариялау, ақпаратпен қамтамасыз ету бөлімі; қаржы бөлімі³.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен Бас архив таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Орталық мемлекеттік архивіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² Мемлекеттік орган туралы ереже бекітілмеді, бұрынғы күші сақталынды, атауы мен мәтініндегі «Министрлер Кабинеті жанындағы» деген сөздері алынып тасталынды. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 20 тамыздағы № 1031 қаулысын қараңыз (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 35, 327-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мұрағаттар мен құжаттама бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1788 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁴ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) (1996–1999)

1921 ж. қыркүйекте мемлекеттік мекеме (ҚАКСР Халық ағарту комиссариатына бағынатын Орталық өлкелік архиві) ретінде құрылды¹.

1996 ж. 29 қазаннан (ҚР Архивтер мен құжаттамалар бас басқармасы таратылғаннан кейін) – Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган².

ҚР Үкіметінің 1997 ж. 28 сәуірдегі қаулысымен ОМА туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді³.

Ережеге сәйкес ҚР Орталық мемлекеттік архиві архив ісін және құжаттану саласындағы ҚР мемлекеттік саясатын жүзеге асырады, құжаттық материалдарды сақтаудың мемлекеттік бас сақтаушысы функциясын атқарады, архив саласына, сондай-ақ көзделген заңдар шегінде салааралық үйлестіруге басшылық жасады.

ҚР ОМА негізгі міндеттері мен функциялары: ҚР Архив қорын қалыптастыру, Қазақстан халқының тарихы жөніндегі шетелдердегі архив құжаттарының түпнұсқалары мен көшірмелерін табу, алу; құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; аса құнды істер көшірмелерін сақтандыру қоры мен пайдалану қорын құру; құжаттарды орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру; архив құжаттарының құндылығына мемлекеттік сараптамадан жүргізуді ұйымдастыру; меншік нысанынан қарамастан заңды тұлғалардың құжаттары мен жеке адамдардың қорларын жинақтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу; республика Архив қорының құжаттарын жан-жақты пайдалануды ұйымдастыру мен жариялауға қатысу; республикадағы Архив қорының ғылыми-анықтамалық аппаратын дамыту және жетілдіру; құжаттандыру мен ведомстволық архивтер жағдайына ұйымдық-әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру; орталық және жергілікті мемлекеттік архивтердегі архив құжаттарын жинақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыру; ҚР Архив қорының құрамына кіргізуге жататын құжаттары бар ұйымдардың тізбесін анықтау; республикадағы архив ісі мен құжаттану саласындағы жұмысты мемлекеттік реттеу; өз қызметі саласында заңдарды қолдану практикасын талдау және қорытындылау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары дайындауға қатысу; архив ісі саласында халықаралық байланыстарды жүзеге асыру және т.б.

ҚР ОМА және оның аумақтық органдары ҚР архив қызметінің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР ОМА орталық аппаратының құрылымы: басшылық; үйлестіру-әдістемелік бөлімі; құжаттарды сақтауды, мемлекеттік есепке алуды және олардың ғылыми-анықтамалық аппаратын (ҒАП) қамтамасыз ету бөлімі; ведомстволық архивтерді жинақтау бөлімі; ақпарат және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімі; әдебиет, өнер және жеке қорлар бөлімі; жоспарлау-қаржы бөлімі; жалпы бөлім.

ҚР ОМА ведомстволық бағыныстағы ұйымдар: ҚР ОМКҚДЖА, ҚР ОМҒҚА, МАОЛ, облыстық мемлекеттік архивтер мен филиалдары; Алматы, Байқоңыр қалаларының мемлекеттік архивтері; аудандық архивтер; Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы (ҚАІҒТАО).

ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі қаулысымен архив ісі мен құжаттама саласындағы атқарушы және бақылау функциялары жаңа құрылған **ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық**

келісім министрлігінің Архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетке берілді⁴.

¹ Қазақ КСР Орталық мемлекеттік мұрағаттар қорлары бойынша жолкөрсеткіші (1920- 1936 жж.), 2-т., 1-б., Алматы, 1989, 2-б.

² «Орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 28 сәуірдегі № 672 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 17, 154-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі № 499 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 16, 163-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
Архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті
(1999–2003)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 7 мамырдағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Комитет министрлік құзыретінің шегінде архив ісі және құжаттама саласында арнайы атқару және бақылау функцияларын дербес жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі функциялары: архив ісі және құжаттардың түзілуінде бірінғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету; Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының деректі ескерткіштерінің сақталуын, одан әрі қалыптасуын және пайдалануын қамтамасыз ету; ҚР Ұлттық архив қорының құжаттарын қалыптастыру, сақталуы мен пайдалануын ұйымдастыру; ҚР Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, жинақтауды, есепке алуды, пайдалануды ұйымдастырудың бірінғай қағдаларын әзірлеу; басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, архив ісін және мемлекеттік іс жүргізу жүйесін дамыту және жетілдіру; ҚР Архив ісі саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау.

Комитеттің бірінғай жүйесіне **ҚР Орталық мемлекеттік архиві**, ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалары архиві; ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві; ҚР Мемлекеттік архивтердегі құжаттық материалдардың микрофотокошірмелерін жасау және қалпына келтіру орталық лабораториясы; ҚР Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы кірді.

Комитеттің құрылымы: басшылық; архив ісін ұйымдастыру, үйлестіру және оның әдістемесі бөлімі; Ұлттық архив қорын қалыптастыру, архивтер мен құжаттарды тексеру бөлімі; архивтік технологиялар, Ұлттық архив қорын мемлекеттік есепке алу және пайдалану бөлімі; қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі.

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік оны **ҚР Мәдениет министрлігі** мен **ҚР Ақпарат министрлігіне** бөлу жолымен **ҚР Мәдениет министрлігінің Архивті басқару және құжаттама жөніндегі комитет** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі № 499 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 16, 163-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мұрағаттар мен құжаттамаларды басқару жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 7 мамырдағы № 543 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 17, 184-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 қыркүйектегі № 1189 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 37, 372-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрлігінің
Архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті
(2003–2004)

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік оны **ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі** оны **ҚР Мәдениет, министрлігі** және **ҚР**

Ақпарат министрлігіне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен комитет туралы бұрын бекітілген ережеге³ оның ведомстволық бағыныстылығына өзгерту енгізілді². Комитеттің құқықтық мәртебесі, негізгі міндеттері және құрылымы өзгертілмеді.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 21 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің мемлекеттік мекемелері құрылды: ОМА, Кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалар ОМА, Ғылыми-техникалық құжаттама ОМА, Мемлекеттік архивтерді құжатты материалдардың шағын көшірмелеу және қайта қалпына келтіру орталық зертханасы; Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы⁴.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына⁵ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен⁶ комитет **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және архив комитеті** болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 қыркүйектегі № 1189 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 37, 372-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 24 қарашадағы № 1172 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 44, 477-құжат).

³ ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті туралы тақырыптық анықтаманы және «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 7 мамырдағы № 543 қаулысын қараңыз (ҚР ПУАЖ, 1999, № 17, 184-құжат) – Құрастырушылардың ескертпесі.

⁴ «Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 21 сәуірдегі № 445 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 18, 229-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1130 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 42, 538-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті (2021–2023)

2004-2021 жж. кезеңінде архив ісі саласындағы басқару мәселелері ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және архивтер комитетінің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архивтер комитетінің, ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архивтер комитетінің, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің құзыретіне кірді.

ҚР Үкіметінің **2021 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Мәдениет және спорт министрінің **2021 ж. 19 сәуірдегі** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ведомстволық құрылымы және өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асырды.

Міндеттері: архив ісі және басқару құжаттамасын қамтамасыз ету саласындағы қатысу, басшылық жүргізу және салааралық үйлестіру; мемлекеттік рәміздер, архив ісі, басқару құжаттамасын қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер салаларындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; сондай-ақ өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 16 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті** деп қайта аталды³.

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығымен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне** қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2021 ж. 31 наурыздағы № 195 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2021, № 15–16, 94-құжат).

² «Архивтер және құжаттаманы басқару ісі комитетінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 ж. 19 сәуірдегі № 101 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/155003/kaz> (ресми жариялау күні: 23.04.2021).

³ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2023 ж. 16 наурыздағы № 224 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 9, 75-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті
(2023*)

ҚР Президентінің **2023 ж. 1 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (2)** болып қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің **2023 ж. 27 қыркүйектегі** бұйрығымен Комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқару құжаттамасын қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер, ономастика, геральдика, кітап және кітапхана ісі салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқару құжаттамасын қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер, ономастика, геральдика, кітап және кітапхана ісі салаларында басшылықты жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2023, № 41, 340-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 ж. 27 қыркүйектегі № 386-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/186704/kaz> (ресми жариялау күні: 03.10.2023).

9. Ғылым және зияткерлік еңбекті қорғау саласындағы басқару органдары

9.1 Ғылым саласында басқару органдары

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі (1992–1996)

ҚР Президентінің *1992 ж. 7 ақпандағы* Жарлығымен құрылды¹.

Министрлік *ҚР Министрлер Кабинеті* тікелей басшылық еткен ҚР орталық мемлекеттік басқару органы болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 12 наурыздағы* қаулысымен ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің құрамында ғарыштық кеңестікті игеру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу саласында мемлекеттік басқару органы ретінде *ҚР Ғарышты зерттеулер агенттігінің* жұмыс істейтіндігі белгіленді².

ҚР Президентінің *1993 ж. 25 ақпандағы* Жарлығымен ҚР Ғарыш зерттеу агенттігі *ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі* болып қайта құрылды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 19 наурыздағы* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді⁴.

Министрліктің негізгі функциялары: ғылым, техника және жаңа технологиялар саласында мемлекеттік тапсырыс беруші міндетін жүзеге асыру; мақсатты және кешенді салааралық, мемлекеттік және мемлекетаралық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру және іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; ғылымға және ғылыми-техникалық прогреске қажетті шығындарды негіздейді, республикалық бюджеттен және ғылымды қаржыландырудың басқа да көздерінен бөлінген қаражатты шоғырландырады, қаржылық қаражаттың бөлінуін бекітеді және оның ұтымды пайдаланылуына бақылау жасайды; ҚР Ұлттық ғылым академиясының, республиканың мамандырылған ғылым академияларының, жоғары оқу орындарының, салалық ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және ғылым мен техника саласындағы басқа да ұйымдардың қызметін үйлестіреді.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 14 қарашадағы* қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: ғылыми-техникалық бағдарламалар және ғылыми-техникалық прогресті болжау басқармасы (жетекші ретінде); ғылыми-ұйымдастыру басқармасы (жетекші ретінде); қаржы-экономикалық басқарма (жетекші ретінде); ғылыми-техникалық ақпарат және есптеу техникасы басқармасы (жетекші ретінде); ғылыми-техникалық сараптау бөлімі (жетекші ретінде); кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; өндірістік-әкімшілік қызметтер басқармасы⁵.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі *ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі* болып қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; ғылыми-технологиялық дамуды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды болжамдау басқармасы; ақпараттық инфрақұрылымды дамыту басқармасы; қаржы-экономика басқармасы; ғылыми-техникалық сараптама бөлімі; халықаралық ынтымақтастық бөлімі; ұйымдастыру және кадр жұмысы басқармасы. Ғылыммині жанындағы орталық атқарушы органдар: *Ғылыммині жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі; Ғылыммині жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттік.*

ҚР Президентінің *1996 ж. 11 наурыздағы* Жарлығымен министрліктің *ҚР Ұлттық ғылым академиясы* мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясымен бірігуінің нәтижесінде *ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы* құрылды⁸.

¹ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 12 наурыздағы № 221 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 10, 184-құжат).

³ «Қазақ КСР Ғарыш зерттеу агенттігін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 25 ақпандағы № 1118 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 3, 31-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 19 наурыздағы № 217 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 8, 99-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 14 қарашадағы № 1265 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 14 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995 г. № 33, 409-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1789 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы № 2895 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 12, 86-құжат).

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы (1993–1996, 1999–2003)

ҚР Президентінің **1993 ж. 21 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР ҒА қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР ҰҒА құрамында ҚР Минералды шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі² және Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталықтар дербес ғылыми-техникалық мекемелер ретінде құрылды, олар ғылыми басшылық пен үйлестіруді жүзеге асырды³.

ҚР Президентінің **1994 ж. 9 ақпандағы** Жарлығымен ҚР ҰҒА статусы өзгерді – өзінің қызметін өзін-өзі басқару принциптері негізінде жүзеге асыратын жоғары мемлекеттік ғылыми мекеме мәртебесі берілді⁴.

ҚР Президентінің **1996 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен ҚР Ұлттық Ғылым академиясы мен Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясы **Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен** бірігуінің нәтижесінде **ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы** құрылды⁵.

ҚР Президентінің **1999 ж. 12 ақпандағы** Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды⁶.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі** «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган болды⁷.

ҚР ҰҒА қызметінің негізгі бағыттары: ғылыми дамудың жай-күйін талдау мен болжау; ғылымды дамытудың және ғылыми кадрлар даярлаудың басым бағыттары бойынша ұсыныстарды қалыптастыру; ғылыми-сараптық қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен олардың орындалуын үйлестіруге қатысу; өз құзыретінің шегінде халықаралық ғылыми ынтымақтастықты, инновациялық және инвестициялық қызметті нығайтуға, дамытуға жәрдемдесу.

ҚР Президентінің **2001 ж. 6 қарашадағы** Өкімімен ҚР ҰҒА мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын фундаменталды ғылыми зерттеулер бағдарламалары шеңберінде орындалатын жұмыстарын сараптау функциялары жүктелді⁸.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 22 мамырдағы** қаулысымен «ҚР Ұлттық ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы бекітілді⁹.

Жарғыға сәйкес ҚР ҰҒА басқару, ғылыми-техникалық, әлеуметтік-мәдени және өзге де функцияларды жүзеге асыру үшін құрылған республикалық мемлекеттік мекеме болды. **ҚР Білім және ғылым министрлігі** ҚР ҰҒА-ның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болды.

ҚР ҰҒА мақсаты және қызметінің негізгі бағыттары: ғылыми-зерттеу қызметі; ҚР ғылымының жай-күйін талдау және оның дамуын болжау; ғылымды дамыту мен ғылыми кадрлар даярлаудың басым бағыттарын айқындау; ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету; ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру және олардың орындалуын үйлестіру; өз

құзыреті шегінде халықаралық ғылыми ынтымақтастықты, инновациялық және инвестициялық қызметті дамытуға көмек көрсету, ҚР заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттар.

ҰҒА жалпы басқару мен оның қызметін үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырды. Ғылым академиясы басқармасының атқарушы органы болып ҚР ҒА президенті болды.

ҚР Президентінің **2003 ж. 21 қазандағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі таратылып, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» қоғамдық бірлестігі құрылды**¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҮ «Эдельвейс», 2004. 572 б.

² «Қазақстан Республикасының Минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық ғылыми орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 22 шілдедегі № 642 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 31, 356-құжат)

³ «Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 қаңтардағы № 8 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 1, 5-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 9 ақпандағы № 1556 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 8, 76-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқарудың жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы № 2895 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 12, 86-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҮ «Эдельвейс», 2004. 573 б.

⁷ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 ж. 12 ақпандағы № 34 Жарлығын іске асыру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 12 наурыздағы № 236 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 1246 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 6 қарашадағы № 247 Өкімі (Егемен Қазақстан, 2001 ж. 7 қараша).

⁹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 22 мамырдағы № 550 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 14, 150-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасында ғылыми қызметті ұйымдастыру жүйелерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 21 қазандағы № 1208 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2003 ж. 24 қазан).

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы (1996–1999)

ҚР Президентінің **1996 ж. 11 наурыздағы Жарлығымен ҚР Ұлттық ғылым академиясы, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы және Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің** бірігуінің нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 29 шілдедегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес **ҚР Үкіметінің** құрамына кіретін министрлік ғылым және техника саласында, сондай-ақ аэроғарыш қызметі, атом энергиясын пайдалану мен ҚР ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету саласын басқаратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу; республикада ғылым мен техниканың дамуын болжау және қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын айқындау, республиканың күрделі ғылыми-техникалық және аймақтық проблемаларын шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ғылым мен техниканың басым бағыттары бойынша республикалық, халықаралық және басқа да ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар жасап, оны жүзеге асыру; қазіргі есептеу құралдары мен ақпараттық технологиялар негізінде информатика, ғылым мен мемлекеттік басқару органдары инфрақұрылымын құру саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу; аэроғарыш қызметі және атом энергиясын, ракета-ғарыштық техниканы пайдаланумен ғарыш кеңістігін игеру саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру және т.б.

ҚР Ұлттық аэроғарыштық агенттігі, Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі функцияларын өздерінің құзыреті шегінде орындады.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 2 мамырдағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: болжау және ғылыми-техникалық бағдарламалар бас басқармасы; қаржы-

экономика басқармасы; мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасы; іргелі-қолданбалы зерттеулер басқармасы; ғылыми-ұйымдастыру басқармасы; халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық басқармасы; ақпараттық инфрақұрылымды дамыту басқармасы; ғылыми-баспа жұмысы бөлімі; патенттер, лицензиялар бөлімі; кадр бөлімі; арнаулы сектор; өндірістік-әкімшілік басқармасы³.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 24 шілдедегі** қаулысымен министрліктің орталық аппаратының құрылымына өзгеріс енгізіліп, Іргелі-қолданбалы зерттеулер басқармасы Іргелі зерттеулер басқармасы болып қайта аталды⁴.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламалар басқармасы; іргелі зерттеулер басқармасы; ғылыми-ұйымдастыру басқармасы; халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық басқармасы; ақпараттық инфрақұрылымды дамыту басқармасы; мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасы; қаржы-экономика басқармасы; бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; ғылыми-баспа жұмысы бөлімі; кадр жұмысы бөлімі; өндірістік-әкімшілік басқармасы⁵.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясына таратылған **ҚР Мемлекеттік аттестациялық комитетінің** функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді⁶.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар және оларды ресурстық қамтамасыз ету департаменті; нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық департаменті; мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама және ақпараттық инфрақұрылым департаменті; кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; өндірістік-әкімшілік басқармасы; **ғылыми кадрлар аттестациялау департаменті (заңды тұлға құқығында); Ұлттық аэро-ғарыштық агенттігі (заңды тұлға құқығында); Атом энергиясы жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында)**⁷.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁸.

Министрлікте сақталған негізгі функцияларының қатарына жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында мемлекеттік басқару қосылды. Министрліктің орталық аппаратының министрліктің қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен құрылымдардан тұратындығы айқындалды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 4 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже қайта қаралып, бекітілді⁹. Министрліктің құқықтық статусы мен негізгі функциялары өзгертілмеді⁹.

Министрліктің құрылымы бекітілді: мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар мен оларды ресурстық қамтамасыз ету департаменті; нормативті-құқылық қамтамасыз ету және халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық департаменті; мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау және ақпараттық инфрақұрылым департаменті; кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; өндірістік-әкімшілік басқармасы; **ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті (заңды тұлға құқығында); Ұлттық аэроғарыштық агенттігі (заңды тұлға құқығында); Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (заңды тұлға құқығында)**.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Үкіметінің жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты министрлік өз қызметін тоқтатты¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы № 2895 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 12, 86-құжат).

² «Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі – Ғылым академиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 29 шілдедегі № 941 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 32, 97-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 2 мамырдағы № 548 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 441 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 шілдедегі № 924 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 454 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1663 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 9, 96-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 632 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 761 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі – Ғылым академиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 873 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 19, 31-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі – Ғылым академиясының туралы мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 4 желтоқсандағы № 1698 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 52, 479-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Казахстанская правда, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (1) (1999)

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 1 сәуірдегі* қаулысымен министрлік туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес **ҚР Үкіметінің** құрамына кіретін ғылым мен техника, жоғары білім аясында, аэроғарыш қызметі, атом энергиясын пайдалану және ҚР ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету, салааралық үйлестіру салаларында мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға уәкілеттік берілген республикалық мемлекеттік мекеме болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: елді дамытудың мемлекеттік стратегияларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу, ғылым мен техника, жоғары білім салаларына басшылық; республиканы дамытудың стратегиялық басымдықтарын кадрлық қамтамасыз ету мақсатында ғылыми-техникалық және жалпы білім беру салаларын кезең-кезеңмен интеграциялауды жүзеге асыру; ресурстарды ғылым мен техниканы дамытудың басымдықты бағыттарына шоғырландыру, тікелей инвестицияларды өз қызметінің аясына тартуға қатысу; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды жетілдіру; міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамамен және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін мемлекеттік қабылдаумен бірге ашық конкурстардың (тендерлердің) негізінде зерттеулерді қаржыландыру; ғылыми-техникалық кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті дамыту, ғылыми-техникалық өнімдердің рыногын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау; ғылым мен техника, жоғары білім салаларын және мемлекеттік органдарды ақпараттандыру; ғылым мен техника, жоғары білім саласында, сондай-ақ атом энергиясын пайдалану саласында заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ғылым мен техника салаларында жекешелендіру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; ғылым мен техниканың, жоғары білімнің инфрақұрылымдарын дамытуға қатысу; ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау және аттестациялау; атом энергиясын пайдалану саласында нормалар мен ережелердің сақталуын мемлекеттік қадағалау; «Байқоңыр» ғарыш айлағы, бұрынғы Семей ядролық полигоны объектілерін және мемлекеттік басқа да ғылыми-техникалық кешендерін тиімді пайдалану.

Министрліктің құрамында оның комитеттері қызмет етті.

Министрліктің құрылымы: басшылық; мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар және инновациялық қызмет департаменті; нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ғылыми-техникалық сараптама және инфрақұрылымдар департаменті; жоғары білім департаменті; қаржы, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің бухгалтерлік есебі мен есептілігі департаменті; кадр және арнаулы жұмыс бөлімі; Астана қаласындағы өкілдік; **Аэроғарыш комитеті (заңды тұлға құқығында); Атом энергиясы жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында).**

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 2 тамыздағы* қаулысымен министрліктің құқықтық статусы қайта қаралды: ҚР орталық атқарушы органы³. Сонымен қатар министрлікте екі ведомствосы айқындалды: **Аэроғарыштық комитеті және Атом энергиясы жөніндегі комитет.**

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 қазандағы* қаулысымен министрлік **ҚР Білім, денсаулық сақтау және спорт министрлігімен ҚР Білім және ғылым министрлігіне** бірігу жолымен

қайта ұйымдастырылды⁴. Атом энергиясы және ғарыштық зерттеулер саласындағы функциялары **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 1 сәуірдегі № 352 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 12, 111-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 қазандағы № 235 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 462-құжат).

Қазақстан Республикасының Ғарыш зерттеулер агенттігі (1991–1993)

Қазақ КСР Президентінің **1991 ж. 11 қыркүйектегі** Жарлығымен Қазақ КСР Космостық зерттеулер агенттігі ретінде құрылды¹.

Агенттіктің негізгі функциялары: ведомстволық бағыныстылығына қарамастан осы салада республиканың ұйымдарының, бірлестіктері мен кәсіпорындарының қызметін үйлестірумен қоса ғарыш зерттеулерінің бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; ғарыш зерттеулері бағдарламасы бойынша тәуелсіз мемлекеттердің бірлестіктерімен, кәсіпорындары мен ұйымдарымен және шетелдік әріптестермен ғылыми-техникалық және экономикалық іс-қимылды жүзеге асыру.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен агенттіктің **ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің** құрамында ғарыштық кеңестікті игеру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу саласындағы мемлекеттік басқару органы ретінде қызмет ететіндігі белгіленді².

ҚР Президентінің **1993 ж. 25 ақпандағы** Жарлығымен ҚР Ғарыш зерттеулер агенттігі **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы ҚР Ұлттық аэроғарыштық агенттігі** болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақ ССР Космостық зерттеулер агенттігін құру туралы» Қазақ ССР Президентінің 1991 ж. 11 қыркүйектегі № 441 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1991, № 36-38, 455-құжат).

² «Қазақстан Республикасының ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 12 наурыздағы № 221 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 10, 184-құжат).

³ «Қазақ КСР Ғарыштық зерттеулер агенттігін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыш агенттігі етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 25 ақпандағы № 1118 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 3, 31-құжат).

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі (1993–1995)

ҚР Президентінің **1993 ж. 25 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Ғарыш зерттеулер агенттігінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 12 мамырдағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару органы болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: аэроғарыштық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; Ресей Федерациясы жалға алған объектілерге кірмейтін «Байқоңыр» кешенінің объектілерін қоса алғанда ҚР аэроғарыш инфрақұрылымы объектілерінің ғылымның, халық

шаруашылығының, қауіпсіздік пен халықаралық ынтымақтастықтың мүдделері үшін сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету; Ресей Федерациясы жалға алған «Байқоңыр» кешенінің объектілерін пайдалану жағдайларына бақылау жасауды жүзеге асыру; ҚР және басқа мемлекеттердің мемлекеттік басқару органдарымен, ұйымдармен космостық кеңістікті зерттеу және пайдалану саласындағы өзара іс-қимыл жасау; ҚР аумағындағы ракета-ғарыштық техникалар қолданылатын аудандарда табиғат қорғау шараларын атқаруды ұйымдастыру; ұлттық бағдарламалар мен коммерциялық жобаларды қалыптастыру және жүзеге асыру, ғарыштық кеңістікті зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар мен коммерциялық жобаларды жүзеге асыруға ұсыныстар даярлау және қатысу.

Ленинск қаласында агенттіктің құрылымына кіретін «Байқоңыр» Ғарыш айлағы басқармасы құрылды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 29 сәуірдегі* қаулысымен Ұлттық аэроғарыш агенттігінің орналасқан жері уақытша Ленинск қаласына көшірілді³.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 29 қарашадағы* қаулысымен агенттік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: ұлттық және мемлекетаралық аэроғарыш бағдарламасы бөлімі; зымыран-ғарыш өнеркәсібі бөлімі; авиация өнеркәсібі бөлімі; қашық аралықтан бақылау және жер серіктері байланыстары бөлімі; бухгалтерлік есеп және экономика бөлімі; халықаралық ынтымақтастық және шарт-хаттама жұмыстары бөлімі; кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі; старттық зымыран-ғарыш кешенін пайдалану бөлімі; ұшуды бақылау және басқару жүйелерін пайдалану бөлімі; зымыран-ғарыш кешенін конверсиялау және қайта құрастыру бөлімі; зымыран-ғарыш техникасы бойынша мамандар даярлау бөлімі⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 13 қыркүйектегі* қаулысымен «Байқоңыр» айлағын пайдалану және оны жалдауға шарт жасасу жөнінде Ресей Федерациясымен Келісімге қол қойылуына байланысты агенттіктің негізгі функциялары мына бөлікте нақтыланды: Ресей Федерациясы жалға алған объектілерге кірмейтін «Байқоңыр» кешенінің объектілерін қоса алғанда ҚР аэроғарыш инфрақұрылымы объектілерінің сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз ету; Ресей Федерациясы жалға алған «Байқоңыр» кешенінің объектілерін пайдалану жағдайларына бақылау жасауды жүзеге асыру⁵.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен агенттік **ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі** болып қайта ұйымдастырылды⁶.

¹ «Қазақ КСР Ғарыш зерттеулер агенттігін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 25 ақпандағы № 1118 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 3, 31-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 12 мамырдағы № 384 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 17, 199-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҰ «Эдельвейс», 2004. - 579 б.

⁴ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 29 қарашадағы № 1326 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 17 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1993 ж. 12 мамырдағы № 384 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 13 қыркүйектегі № 1260 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 30, 378-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі (1995–1996)

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Президентінің *1996 ж. 11 наурыздағы* Жарлығымен *ҚР Ұлттық Ғылым академиясы*, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы және *Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің академиясы* етіп орталық атқарушы органға біріктіру нәтижесінде агенттік *ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі* болып қайта ұйымдастырылды².

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы № 2895 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 12, 89-құжат).

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Ұлттық аэроғарыш агенттігі (1996–1999)

ҚР Президентінің *1996 ж. 11 наурыздағы* Жарлығымен ҚР Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі ретінде *ҚР Ғылым және жаңа технологиялары министрлігінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 3 сәуірдегі* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік аэроғарыш қызметі саласында мемлекеттік басқару органы болды және өз қызметін *ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының* келісімі бойынша жүзеге асырды. Агенттік министрліктің құзыреті шегінде, ҚР аумағында саланы ұйымдастыру қызметін, аэроғарыш қызметімен айналысатын шетелдіктерді қоса, мемлекеттік реттеу мен үйлестіру мәселелерін дербес жүзеге асырды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік аэроғарыш саясатын әзірлеу мен жүзеге асыру; Ресей Федерациясы жалға алған объектілер құрамына кірмейтін, «Байқоңыр» кешенінің объектілерін қоса, ғылым, халық шаруашылығы, қауіпсіздік және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мүддесі үшін ҚР аэроғарыш инфрақұрылымының сақталуы мен ұтымды пайдалануын қамтамасыз ету; Ресей Федерациясы жалға алған «Байқоңыр» кешенінің объектілерінің пайдалануы жағдайына және сақталуына бақылау жасау; ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу жөнінде мемлекетті, мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру және жүзеге асыру.

Агенттік аппаратының құрылымы: ұлттық, мемлекетаралық аэроғарыштық бағдарламалар мен халықаралық ынтымақтастық бөлімі; ғарыштық, ақпараттық технологиялар мен лицензиялау бөлімі; қаржы және іс жүргізу бөлімі; «Байқоңыр» ғарыш айналған басқару (Байқоңыр қаласы).

1997 ж. 11 шілдеден агенттік ҚР ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі деп аталды. Агенттік туралы жаңа ереже бекітілді³.

Агенттіктің құқықтық статусы белгіленді: аэроғарыш қызмет саласында ҚР мемлекеттік органы. Агенттіктің негізгі міндеттеріне ұшқыштар даярлауды, аэроғарыш саласы үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу қосылды.

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен *ҚР Үкіметінің* жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты⁴.

¹ «Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы № 2895 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 12, 89-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 3 сәуірдегі № 382 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 14, 112-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 11 шілдедегі № 1096 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 31, 287-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Аэроғарыш комитеті
(1999–2001)

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 29 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау міндеттерін, сондай-ақ ғарыш қызметі саласын басқаруды жүзеге асырған ведомство болды.

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы* министрлікті қайта ұйымдастыру туралы Жарлығына² сәйкес ҚР Үкіметінің *2001 ж. 25 қаңтардағы* қаулысымен³ комитет *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитеті* болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 қарашадағы № 1807 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 52, 517-құжат).

² «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

Қазақстан Республикасы
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің
Аэроғарыш комитеті
(2001–2002)

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы* ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігін қайта ұйымдастыру туралы Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2001 ж. 25 қаңтардағы* қаулысымен² комитет *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Аэроғарыш комитетінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды.

Ережеге сәйкес комитет *ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі* құзыреті шегінде арнайы атқару, бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ аэроғарыш қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомство болды.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 25 қаңтардағы* қаулысымен комитеттің ведомстволық бағыныстылығы өзгертілді, ереженің қалған баптары өзгертілмеді³.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі қайта ұйымдастырылып, аэроғарыш қызметі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігіне* берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 25 қаңтардағы № 133 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 3, 37-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Аэроғарыш комитеті
(2002–2004)

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2002 ж.*

12 қыркүйектегі қаулысымен² **ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды, Аэроғарыш қызметі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 12 қыркүйектегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ аэроғарыш қызметі саласын басқаруды жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: аэроғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; ҚР ғарыш кешенін және аэроғарыштық өнімдер мен қызметтер көрсетудің рыногын дамытудың қысқа мерзімді, орта мерзімді кезеңге арналған жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу; ҚР аэроғарыштық инфрақұрылымын сақтау және дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу; аэроғарыш қызметі саласында ҚР ғылыми-техникалық және технологиялық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу және іске асырылуын қамтамасыз ету; ғарышкерлер даярлауды, аэроғарыш қызметі саласында кадрлар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына⁴ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитеті** болып қайта құрылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қыркүйектегі № 995 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 30, 329-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1111 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 40, 522-құжат).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитеті (2004–2007)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет **ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Аэроғарыш комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

ҚР Білім және ғылым министрлігі құзыреті шегінде аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі функцияларды, сондай-ақ осы саладағы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеті аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру басқармасы; аэроғарыш бағдарламаларын қалыптастыру бөлімі; қаржы бөлімі; әкімшілік бөлімі; халықаралық шарттар және «Байқоңыр» кешенін жалға беру жөніндегі жұмысты үйлестіру басқармасы; халықаралық шарттар және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету бөлімі; «Байқоңыр» кешенін жалға беру жөніндегі жұмысты үйлестіру бөлімі; жиынтық талдау және лицензиялау бөлімі; «Байқоңыр» ғарыш айлағы басқармасы; жердегі ғарыш инфрақұрылымын дамыту және оны кадрлармен қамтамасыз ету бөлімі; Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алған объектілерді пайдаланылуын талдау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 24 желтоқсандағы** қаулысымен комитет Астана қаласына көшірілді⁴.

ҚР Президентінің *2007 ж. 27 наурыздағы* Жарлығымен *Білім және ғылым министрлігі*, одан *ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінің*, оған министрліктің аэроғарыш қызметі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылды⁵. Агенттік министрліктің таратылған Аэроғарыш комитетінің міндеттемелері бойынша мұрагері болды.

Осы Жарлыққа сәйкес ҚР Үкіметінің *2007 ж. 29 мамырдағы* қаулысымен комитет оның функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі *ҚР Ұлттық ғарыш агенттігіне* беріле отырып таратылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1111 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 40, 522-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетін көшіру туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 желтоқсандағы № 1376 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 3312 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 27 наурыздағы № 302 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 9, 96-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 29 мамырдағы № 438 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 17, 191-құжат).

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі (2007–2014)

ҚР Президентінің *2007 ж. 27 наурыздағы* Жарлығымен *ҚР Білім және ғылым министрлігінің*, одан *ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінің*, оған министрліктің аэроғарыш қызметі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹. Агенттік таратылған *ҚР Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетінің* міндеттемелері бойынша мұрагері болды.

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 29 мамырдағы* қаулысымен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитеті оның функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі ҚР Ұлттық ғарыш агенттігіне беріле отырып таратылды².

Осы қаулымен агенттік туралы ереже, және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді.

ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі ғарыш қызметі саласындағы орталық атқарушы органдардың қызметіне басшылықты және заңнамада көзделген шектерде оны салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: ғарыш қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және оның негізгі бағыттарын іске асыру; өз құзыреті шегінде ғарыш саласындағы қызметті үйлестіру мен мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру; ҚР мақсатты ғарыш жүйелерін, жер үсті ғарыш инфрақұрылымы, оның ішінде «Байқоңыр» ғарыш айлағы объектілерін, ғарыштық зерттеулер мен технологияларды, кадрлық әлеуетті қалыптастыру және дамыту; ғарыштық технологиялар мен қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық базасын құру; ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік техникалық қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру; ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясына жалға беру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 6 қарашадағы* қаулысымен агенттік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды³.

ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте ғарыш қызметі саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын, ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: ғарыш қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және оның негізгі бағыттарын іске асыруды қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде ғарыш саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыру; ҚР мақсатты ғарыш жүйелерін, жер үсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін, ғарыштық зерттеулер мен технологияларды, кадр әлеуетін қамтитын ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыштық технологиялар мен қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық базасын жасау; ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясына жалға беру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен** агенттіктің функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне** беріле отырып таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 27 наурыздағы № 302 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 9, 96-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 29 мамырдағы № 438 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 17, 191-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 мамырдағы № 438 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 6 қарашадағы № 1047 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 42, 494-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті (2014–2016)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының **2014 ж. 17 қазандағы** бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді, оған кейіннен екі рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (**2015 ж. 27 тамыз, 2016 ж. 31 мамыр**)².

Комитет **ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің** реттеушілік, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ министрліктің ғарыш қызметі саласындағы стратегиялық функцияларын орындауға қатысушы ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және іске асыру; ҚР ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыш технологиялары мен қызметтерінің нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын жасау; ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау; Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алуы бойынша жұмыстарды өз құзыреті шегінде үйлестіру.

ҚР Үкіметінің **2016 ж. 15 қарашадағы** қаулысымен комитет **ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдардың ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1400000933/14.08.2014> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэрокосмостық комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 ж. 17 қазандағы № 77 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/history/84164/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 қарашадағы № 704 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 58, 373-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің
Аэроғарыш комитеті
(2016–2019)

ҚР Үкіметінің *2016 ж. 15 қарашадағы* қаулысымен *ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің *2016 ж. 16 қарашадағы* бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді, ол кейіннен жаңа редакцияда жазылды (*2017 ж. 22 мамыр*).

Комитет *ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің* реттеушілік, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ Министрліктің ғарыш қызметі саласындағы стратегиялық функцияларын орындауға қатысушы ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және іске асыру; ҚР ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыш технологиялары мен қызметтерінің нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын жасау; ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау; Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алуы бойынша жұмыстарды өз құзыреті шегінде үйлестіру.

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 26 наурыздағы* қаулысымен комитет *ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті* болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2016 ж. 15 қарашадағы № 704 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 58, 373-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2016 ж. 16 қарашадағы № 1/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/history/107717/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5-6, 64-құжат).

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің
Аэроғарыш комитеті
(2019)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 26 наурыздағы* қаулысымен *ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының *2019 ж. 9 сәуірдегі* бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет *ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің* реттеушілік, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ Министрліктің ғарыш қызметі саласындағы стратегиялық функцияларын орындауға қатысушы ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және іске асыру; ҚР ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыш технологиялары мен қызметтерінің нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын жасау; ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау; Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алуы бойынша жұмыстарды өз құзыреті шегінде үйлестіру.

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 12 шілдедегі* қаулысымен комитет *ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті* болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 26 наурыздағы № 142 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 5, 64-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2019 ж. 9 сәуірдегі № 30/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.[Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/history/133790/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 10 тамыз).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті (2019*)

ҚР Үкіметінің *2019 ж. 12 шілдедегі* қаулысымен *ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің *2019 ж. 26 шілдедегі* бұйрығымен комитет туралы ереже бекітілді, оған кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді².

Комитет *ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің* реттеушілік, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ Министрліктің ғарыш қызметі саласындағы стратегиялық функцияларын орындауға қатысушы ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және іске асыру; ҚР ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту; ғарыш технологиялары мен қызметтерінің нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау; ҚР ғарыш қызметінің заңнамалық және шарттық-құқықтық базасын жасау; ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау; Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алуы бойынша жұмыстарды өз құзыреті шегінде үйлестіру.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 ж. 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2019 ж. 12 шілдедегі № 501 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2019, № 29, 248-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 ж. 26 шілдедегі № 177/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс] URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/history/137501/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясы (ҚР ЖАК) (1992–1995)

ҚР Президентінің *1992 ж. 17 мамырдағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 16 қазандағы* қаулысымен ЖАК туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес ЖАК ғылыми дәрежелер мен атақтар беруге байланысты ғылыми, ғылыми-педагог, инженерлік-техникалық және шығармашыл қызметкерлерді аттестациялау ісіне

басшылық ету жөніндегі мемлекеттік орган болды. **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық еткен ҚР орталық мемлекеттік басқару органы³.

ЖАК негізгі функциялары: жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялауға жетекшілік ету және ғылыми дәреже мен ғылыми атақтан үміткерлерге бірыңғай талаптар қоюды қамтамасыз ету; диссертациялық жұмыстардың сапасын, олардың ғылыми және іс-тәжірибелік бағасын сараптау және бақылауды жүзеге асыру; ҚР ғылымының жоғарғы мектебінің және халық шаруашылығы салаларының болашағын ескере отырып, республиканың зиялылық әлеуетін дамытуға қатысу; ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды аттестациялау мен қайта аттестациялау, сондай-ақ ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру жөніндегі дипломдар мен аттестаттарды теңестіру салаларында мемлекетаралық және халықаралық қарым-қатынасты құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету.

ЖАК жүйесіне докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау жөніндегі арнаулы кеңестер, ғылым салалары бойынша сараптау кеңестері кірді³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 9 қарашадағы** қаулысымен ЖАК орталық аппаратының құрылымы бекітілді: физика, математика, техникалық ғылымдар, жер және ғарыш туралы ғылым бөлімі; химия, биология, медицина және ауыл шаруашылығы ғылымдары бөлімі; гуманитарлық ғылымдар бөлімі; аттестациялық және ақпараттық құжаттар бөлімі; әкімшілік басқару бөлімі; бухгалтерия (сектор)⁴.

ҚР Президентінің **1995 ж. 1 наурыздағы** Жарлығымен ЖАК **ҚР Мемлекеттік аттестациялық комитеті** болып қайта құрылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясы туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 17 мамырдағы № 784 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 18, 302-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 16 қазандағы № 868 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 40, 595-құжат).

³ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 23 шілдедегі № 627 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 30, 449-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы № 1249 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 14 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 наурыздағы № 2068 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 9, 96-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті (ҚР МАК) (1995–1997)

ҚР Президентінің **1995 ж. 1 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясының** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 26 маусымдағы** қаулысымен аттестациялық комитет туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес аттестациялық комитет жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу жөніндегі, атқарушы өкіметтің орталық органы болды.

Аттестациялық комитеттің негізгі міндеттері: бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, тиісті министрліктер мен ведомстволардың, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асыру; ҚР ғылыми әлеуетін қалыптастыруға қатысу; ғылымның, техниканың, білім беру мен мәдениеттің даму үрдісі мен келешегіне талдау жасау; ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау мен қайта аттестациялау ғылыми-техникалық сараптау, ғылыми дәреже берілгені туралы дипломдар мен ғылыми атақ алғаны туралы

аттестаттардың күшін тану (теңестіру) салаларында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

МАК орталық аппаратының құрылымы: басшылық; физика-математика, техника ғылымы, Жер және ғарыш туралы ғылым бөлімі (жетекші); химия, биология, медицина және ауыл шаруашылығы ғылымы бөлімі (жетекші); гуманитарлық ғылым бөлімі (жетекші); сараптау, инспекция және талдау бөлімі (жетекші); ақпарат, құжаттарды ресімдеу бөлімі (жетекші); әкімшілік басқару бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен МАК орталық аппаратының құрылымы бекітілді: физика, математика, техникалық ғылымдар, Жер және ғарыш туралы ғылым бөлімі; химия, биология, медицина және ауыл шаруашылығы ғылымы бөлімі; гуманитарлық ғылымдар бөлімі; сараптау, инспекция және талдау бөлімі; ақпарат, құжаттарды ресімдеу бөлімі; әкімшілік басқару бөлімі³.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен МАК орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: физика, математика, техника ғылымдар, жер және ғарыш туралы ғылым бөлімі; химия, биология, медицина және ауыл шаруашылығы ғылымдары бөлімі; гуманитарлық ғылымдар бөлімі; сараптау, инспекция және талдау бөлімі; ақпараттық технологиялар және құжаттарды ресімдеу бөлімі; әкімшілік басқару бөлімі⁴.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен МАК таратылды⁵. Функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым Академиясына** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 наурыздағы № 2068 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 9, 96-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік аттестациялық комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 26 маусымдағы № 876 Жарлығы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 150 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1813 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1651 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 9, 96-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының
Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті
(ҒМ-ҒА Ғылыми кадрлар департаменті)
(1997–1999)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 11 шілдедегі** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес **ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының** құрылымына кіретін, ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ететін орган болды. Департамент ғылыми кадрларды даярлауға және аттестациялауға басшылық жасауды, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Департаменттің негізгі міндеттері: ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асыру; ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында нормативтік база құру және дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу; диссертациялық және сараптау кеңестерін қалыптастыру, олардың қызметтеріне бақылау жасау, сараптау кеңесінің жұмысын ұйымдастыру; ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер беру туралы аттестациялық істерді бірыңғай талаптарға сәйкес қарауды ұйымдастыру және мемлекет атынан түпкілікті шешімдер қабылдау; ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы сараптау қызметтерін заңмен белгіленген тәртіпте сертификациялау; ғылыми кадрларды аттестациялау және қайта аттестациялау саласындағы мемлекетаралық және

халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 21 сәуірдегі** қаулысымен департамент туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Органның құқықтық статусы белгіленді: ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі болды. Департамент әлемдік деңгейге қол жеткізу мақсатында ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау жүйесін реформалауды жүзеге асырды.

Департаменттің құрылымы: директор; директордың орынбасары – сараптама басқармасының бастығы; бас ғылыми хатшы; физика-математика, техникалық ғылымдар, жер және ғарыш туралы ғылымдар жөніндегі сараптама бөлімі; химия, биология, медицина және ауыл шаруашылығы ғылымдары жөніндегі сараптама бөлімі; гуманитарлық ғылымдар жөніндегі сараптама бөлімі; аттестациялау және құжаттарды ресімдеу бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 19 наурыздағы** департамент «Жоғары аттестациялық комиссия» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі** кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болды.

¹ «Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 632 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 761 іс).

² «Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 11 шілдедегі № 1095 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 31, 286-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаментінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 21 сәуірдегі № 370 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 13, 102-құжат)

⁴ «Жоғары аттестациялық комиссия республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 19 наурыздағы № 271 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 9, 79-құжат).

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Жоғары аттестациялық комиссиясы
(ЖАК)
(1999–2001)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 28 желтоқсандағы** қаулысымен «Жоғары аттестациялық комиссия» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, ҚР Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы «Жоғары аттестациялық комиссия» мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 16 қаңтардағы** қаулысымен Қазақстан ЖАК мемлекеттік орган болып табылған **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті** мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды².

¹ «Жоғары аттестациялық комиссия» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 28 желтоқсандағы № 2001 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 58, 571-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары аттестациялық комиссиясын» қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 16 қаңтардағы № 61 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1-2, 16-құжат).

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Жоғары аттестациялық комитеті
(ЖАК)
(2001–2004)

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 16 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комиссиясының** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 20 ақпандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

ЖАК **ҚР Білім және ғылым министрлігінің** құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

ЖАК-тың негізгі міндеттері: жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді кезеңге арналған жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау жүйесін дамытудың жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу; қызметті үйлестіру диссертациялық және сараптамалық кеңестердің желісін қалыптастыру және бақылау; бірыңғай талаптарға сәйкес ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру туралы аттестациялық істер қарауды мемлекеттік реттеу; ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларға, бағдарламаларға сараптама жүргізуге қатысу.

Комитетінің құрылымы: басшылық; жоғары білікті кадрларды даярлау және құжаттарды ресімдеу басқармасы; физика-математика, техника ғылымдары, Жер және ғарыш туралы ғылымдар жөніндегі бөлім; медицина, ауыл шаруашылығы және ветеринарлық ғылымдар жөніндегі бөлім; химия және биология ғылымдары жөніндегі бөлім; гуманитарлық ғылымдар жөніндегі бөлім; бағдарламаларды, жобаларды сараптау бөлімі; қаржы-экономикалық бөлім; ұйымдастыру бөлімі.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына³ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті** болып қайта құрылды, оған министрліктің бақылау-қадағалау және реттеу функциялары берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары аттестациялық комиссиясын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 16 қаңтардағы № 61 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 1-2, 16-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 20 ақпандағы № 257 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 7, 78-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1111 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 40, 522-құжат).

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті
(2004–2007)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен² **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды, оған министрліктің бақылау-қадағалау және реттеу функциялары берілді.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет ҚР Білім және ғылым министрлігінің құзыреті шегінде білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі функцияларды, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған саладағы бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: білім беру, ғылым, ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестаттау саласындағы ҚР заңнамасының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылды.

Комитетінің құрылымы: басшылық; лицензиялау және білім беру мониторингі басқармасы; лицензиялау бөлімі; аралық бақылау бөлімі; аттестаттау және аккредиттеу басқармасы; білім беру ұйымдарын аттестаттау бөлімі; ғылыми мекемелерді аттестаттау және ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарын аккредиттеу бөлімі; ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау басқармасы; физика-математика, техникалық ғылымдар, жер және ғарыш туралы ғылымдар бөлімі; медицина, химия, биология, ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары бөлімі; гуманитарлық ғылымдар бөлімі; жоғары білікті кадрларды дайындау және құжаттарды ресімдеу бөлімі; қаржы және ұйымдастыру бөлімі (дербес); бюджеттің орындалуын қадағалау бөлімі (дербес).

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 22 қазандағы* қаулысымен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті** деп қайта аталды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, №36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1111 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 40, 522-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 22 қазандағы № 984 Қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 40, 461-құжат).

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті
(2007–2022)

ҚР Үкіметінің *2007 ж. 22 қазандағы* қаулысымен **ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Комитет **ҚР Білім және ғылым министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Президентінің *2022 ж. 11 маусымдағы* Жарлығымен **ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Оқу-ағарту министрлігіне** және **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне** бөлу арқылы қайта ұйымдастырылды².

ҚР Үкіметінің *2022 ж. 19 тамыздағы* қаулысымен комитет **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне** және **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 22 қазандағы № 984 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 40, 461-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 11 маусымдағы № 917 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 34-35, 206-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 581 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 68-69-70, 404-құжат).

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Ғылым комитеті
(2006–2022)

ҚР Үкіметінің *2006 ж. 21 шілдедегі* қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже, оның құрылымы және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді.

Комитет **ҚР Білім және ғылым министрлігінің** құзыреті шегінде ғылым саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі функцияларды, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған ғылым саласында салааралық үйлестіру жөніндегі арнайы функцияларды жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеті ғылым саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру.

Комитеттің құрылымы: басшылық; ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті дамытуды болжау басқармасы; ғылыми-техникалық бағдарламалар басқармасы; мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасы; ғылыми-техникалық қызметті және халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру басқармасы; ғылыми зерттеулерді (дербес) қаржыландыру бөлімі; құқықтық және кадр жұмысы бөлімі (дербес).

ҚР Президентінің **2022 ж. 11 маусымдағы** Жарлығымен **ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Оқу-ағарту министрлігіне** және **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің** бөлу арқылы қайта ұйымдастырылды².

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті** болып өзгертілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 21 шілдедегі №700 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, №27, 290-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 11 маусымдағы № 917 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 34-35, 206-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 580 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/170822/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 23 тамыз).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (2022*)

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің **2022 ж. 13 қыркүйектегі** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет **ҚР Ғылым және жоғары білім** құзыреті шегінде ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, оның ішінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша функцияларды жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 580 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/170822/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 23 тамыз).

² «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті туралы ережесін бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 ж. 13 қыркүйектегі № 1-к бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/171777/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 21 қыркүйек).

9.2 Зияткерлік еңбек саласында басқару органдары

Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі (ҚазАСҚМА) (1992–1997)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 8 маусымдағы* қаулысымен авторлық құқықтар жөніндегі қазақ агенттігінің қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹. Осы қаулымен агенттік туралы ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес агенттік ҚР ғылыми мен мәдениетінің кешенді даму талаптарын ескере отырып, авторлар құқығын қорғау істеріне басшылықты жүзеге асырды; сонымен қатар мемлекет көлемінде шығармаларды пайдаланушылардың авторлар құқығы нормаларын сақтауына, авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы халықаралық келісімдердің орындалуына бақылау жасап отыратын мемлекеттік орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: ғылыми, әдеби және өнер туындылары ҚР аумағында пайдаланылған кезде, Қазақстан және шетел авторларының, олардың мұрагерлерінің, сондай-ақ шығармалары ТМД мемлекеттерінде және шетелде пайдаланылған кезде Қазақстан авторлары мен олардың мұрагерлерінің құқықтары мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету; шетелге Қазақстан авторларының шығармаларын тарату және шетел авторларының шығармаларын пайдалану; өзге елдер халықтары Қазақстанның ғылым, әдебиет және өнер саласындағы ең үздік шығармаларымен танысуына және бір-бірімен мәдени байлықтар алмастырып тұруларына жан-жақты жәрдемдесу және т.б.

ҚР Авторлық және сабақтас құқықтары жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның облыс орталықтарындағы уәкілдері, агенттіктің шетелдердегі өкілдері ҚазАСҚМА біртұтас жүйесін құрды.

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен агенттік таратылды². Функциялары, мүлкі мен басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Экономика және сауда министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтары жөніндегі мемлекеттік агенттігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 8 маусымдағы № 508 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 22, 361-құжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі (1997)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 23 мамырдағы* қаулысымен құрылды¹. Осы қаулымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР мемлекеттік органы болып табылды. Агенттік авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау саласында шығармаларды пайдаланушылардың авторлық құқық пен сабақтас құқықтар нормаларын сақтауын және халықаралық келісімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар әзірлеуге қатысу; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзге де мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету; ҚР туындыларды пайдаланушылардың авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуына бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру; ғылым, әдебиет және өнер туындыларын, орындауларды, қойылымдарды, фонограммалар мен хабарларды ТМД мемлекеттерінде және шет елдерде

пайдалынған кезде қазақстандық және шетелдік авторлардың және сабақтас құқық иелерінің, олардың мирасқорларының авторлық және сабақтас құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау.

Агенттік оның ҚР аумағындағы және шет елдердегі өкілетті өкілдері агенттіктің біртұтас жүйесін құрды.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен агенттік министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты². Функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 875 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 21, 189-құжат).

² «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру шаралары туралы» ҚР Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997 ж., № 45, 410-бап).

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі (1997–1999)

ҚР Президентінің **1997 ж. 22 қарашадағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 9 сәуірдегі** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласындағы мемлекеттік басқару органы болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: ҚР авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру; ғылым, әдебиет және өнер туындыларын, орындауларды, қойылымдарды, фонограммаларды және хабарларды ТМД мемлекеттерінде және шетелдерде пайдалану кезінде қазақстандық және шетелдік авторлар мен сабақтас құқықтар иелерінің, олардың мирасқорларының авторлық және сабақтас құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдану; авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар жасауға қатысу; өзге мемлекеттік органдарға өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ғылыми-әдістемелік көмектер көрсету.

Агенттіктің құрылымы: басшылық; интеллектуалдық меншік объектілерін пайдалану кезінде ҚР мемлекеттік саясатын қамтамасыз ету жөніндегі және аймақтармен жұмыс жөніндегі бөлім; ұйымдардың, ведомстволардың қызметін үйлестіру және шығармаларды сақтауға беру бөлімі; авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуына бақылау жасау бөлімі; агенттіктің ішкі қызметін қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі комитетінің** құрылуына байланысты агенттік өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 қарашадағы № 1642 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 51, 470-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 9 сәуірдегі № 310 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 11, 85-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 11 наурыздағы № 223 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 63-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі комитеті (1999–2001)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 25 маусымдағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

ҚР Әділет министрлігі құзыретінің шектерінде арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру; шет елдерде ғылым, әдебиет және өнер шығармаларын, орындауларды, қойылымдарды, фонограммаларды және хабарларды пайдалану кезінде қазақстандық және шетелдік авторлардың және сабақтас құқықтарды иеленушілердің, олардың құқықтық мирасқорларының авторлық және сабақтас құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау; авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысу; өзге де мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

Комитетінің құрылымы: басшылық; интеллектуалдық меншік объектілерін пайдалану кезінде ҚР мемлекеттік саясатын қамтамасыз ету жөніндегі және аймақтармен жұмыс жөніндегі бөлім; ұйымдардың қызметін үйлестіру және шығармаларды сақтауға беру бөлімі; авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуына бақылау жасау бөлімі; ішкі қызметті қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Президентінің **2001 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығына³ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2001 ж. 29 наурыздағы** қаулысымен⁴ таратылды, істері мен мүлкін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері құрылған **ҚР Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 11 наурыздағы № 223 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 63-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Авторлық құқықтары жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 маусымдағы № 846 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 28, 275-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 22 қаңтардағы № 536 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1-2, 2-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқықтары жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 29 наурыздағы № 411 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 12, 139-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (1) (2001–2013)

ҚР Президентінің **2001 ж. 29 қаңтардағы** Жарлығына сәйкес комитет ҚР Әділет министрлігінің Авторлық құқық жөніндегі комитетінің және ҚР Әділет министрлігінің «Қазпатент» Патенттер және тауар белгілері жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүлкі мен істерін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін беріле отырып құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 29 наурыздағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР Әділет министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ санаткерлік меншік құқығын қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: санаткерлік меншікті қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстарды әзірлеуге қатысу; санаткерлік меншікті қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; сабақтас құқықтар шығармалары мен объектілеріне, өнеркәсіптік меншік объектілеріне (өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, тауарлар шығарылатын жерлердің атауларына), селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтардың қорғалуын қамтамасыз ету; авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне, өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына қорғау құжаттарын беру; авторлық құқықтар, өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау саласында ақпараттық-баспа қызметін ұйымдастыру; өнертапқыштық және шығармашылық одақтар мен ұйымдар қызметін үйлестіру; санаткерлік меншікті қорғау саласында мамандар дайындауды,

мамандар біліктілігін арттыруды, патенттік сенімді өкілдерді аттестациялауды ұйымдастыру; мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметін бақылауды жүзеге асыру; ҚР бірыңғай патент жүйесін дамыту және оны басқару; мемлекеттік патенттік-ақпараттық базаны қалыптастыру; ҚР жасалған өнеркәсіптік меншік объектілерін шетелде патенттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; тұтас алғанда инновациялық және өнертапқыштық қызметтің, сондай-ақ техникалық шығармашылықтың дамуына жәрдемдесу; өзге де мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету және т.б.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді⁴.

Комитет өз құзыретінің шегінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ҚР Әділет министрлігінің ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, ҚР бірыңғай патенттік жүйесін дамытуды қамтамасыз ету болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру басқармасы; өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру басқармасы; халықаралық және қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 4 ақпандағы** қаулысымен ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен қайта құру жолымен ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды⁵. Комитет мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалды. Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты мемлекеттік монополияға жатқызылған салалардағы қызметті жүзеге асыру (зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласында қызметтер көрсету) болып белгіленді.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет таратылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 22 қаңтардағы № 536 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1-2, 2-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқықтары жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 29 наурыздағы № 411 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 12, 139-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 41, 532-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 4 ақпандағы № 84 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 14, 252-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурc]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1400000933/14.08.2014> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (2) (2024*)

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Әділет министрінің **2024 ж. 22 шілдедегі** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Әділет министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, ҚР егемендігін қамтамасыз етуге, жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу арқылы қазақстандық қоғам мен мемлекеттің орнықты және үдемелі

дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз құзыреті шегінде мемлекеттің реттеушілік саясатын іске асыруға бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу; ҚР Заңына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру; оған ҚР заңнамасымен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 15 шілдедегі № 552 қаулысы. (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 32, 193-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық мемлекеттік мекемесі – Зияткерлік меншік құқықтары комитетінің, Республикалық мемлекеттік мекеме – Мәжбүрлеп орындату комитетінің, сондай-ақ Республикалық мемлекеттік мекеме – Тіркеу қызметі және заң көмегін ұйымдастыру комитетінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Әділет министрінің 2024 ж. 22 шілдедегі № 617 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/200334/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 5 қыркүйек).

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы (Қазпатент) (1992–1995)

ҚР Президентінің *1992 ж. 23 маусымдағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 16 қазандағы* қаулысымен Қазпатент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Қазпатент өнеркәсіп меншігі объектілерін (өнертабыстарды, өнеркәсіп үлгілерін, пайдалы модельдерді, тауар таңбаларын, қызмет көрсету білгілерін және тауарлар шыққан жерлер атауларын) құқық қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз еткен мемлекеттік басқару органы болды.

Қазпатенттің негізгі функциялары: ҚР біртұтас патент жүйесін құру және оны басқару; өнеркәсіп меншігі объектілеріне қорғау құжаттарын беру; мемлекеттік патент-ақпарат базасын қалыптастыру; қорғалатын өнеркәсіп объектілері туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету; республика өнеркәсіп объектілері туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету; республика өнеркәсіп меншігінің шет елдердегі объектілерін патенттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; өнеркәсіп меншігін құқық қорғау саласында мамандар даярлауды; мамандардың біліктілігін арттыруды патенттік сенімді өкілдерді аттестациялауды ұйымдастыру.

ҚР Президентінің *1993 ж. 9 маусымдағы* Жарлығымен Қазпатент *ҚР Министрлер Кабинеті* басшылық еткен ҚР орталық мемлекеттік органына жатқызылды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 9 қарашадағы* қаулысымен Қазпатенттің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: өнертабыстар мен пайдалы модельдерді сараптама жасау бөлімі; тауар таңбалары мен өнеркәсіп үлгілерін сараптама жасау бөлімі; тіркеу және мемлекеттік тізілім бөлімі; лицензиялар, халықаралық қатынастар және құқық бөлімі; жарнама-баспа және автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу бөлімі; жалпы бөлім⁴.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патенттік ведомствосы *ҚР Ұлттық патенттік ведомствосы* болып қайта ұйымдастырылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патенттік ведомствосы туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 23 маусымдағы № 806 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 21, 338-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патенттік ведомствосы туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 16 қазандағы № 877 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 40, 600-құжат).

³ «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патенттік ведомствосы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы № 1246 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 14 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық патент ведомствосы
(Қазпатент)
(1995–1996)**

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патенттік ведомствосының* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен Қазпатенттің орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; өнертабыстары мен пайдалы модельдерге сараптама жасау бөлімі; тауар белгілері мен өнеркәсіп үлгілеріне сараптама жасау бөлімі; тіркеу және мемлекеттік тізілім бөлімі; лицензиялар, халықаралық қатынастар және құқық бөлімі; жарнама-баспа және автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу бөлімі; жалпы бөлім.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 6 наурыздағы* қаулысымен Қазпатент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Қазпатент өнеркәсіп меншігі объектілерін (өнертабыстарды, өнеркәсіп үлгілерін, пайдалы модельдерді, тауар таңбаларын, қызмет көрсету белгілерін және тауарлар шыққан жерлер атауларын) құқық қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз ететін, *ҚР Үкіметі* құрамына кірмейтін мемлекеттік атқарушы органы болды.

Қазпатенттің негізгі міндеттері: ҚР біртұтас патент жүйесін құру және оны басқару; өнеркәсіп меншігі объектілеріне қорғау құжаттарын (патенттер мен куәліктер) беру; өнеркәсіп меншігін қорғайтын заңдар мен нормативтік заң актілерінің жобаларын жасауға қатысу және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік патент-ақпарат базасын қалыптастыру; қорғалатын өнеркәсіп меншігі объектілері туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету; республика өнеркәсіп меншігінің шетелдердегі объектілерін патенттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; өнеркәсіп меншігін қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау саласында мамандар даярлауды, мамандардың біліктілігін арттыруды, патенттік сенімді өкілдерін аттестациялауды ұйымдастыру.

ҚР Президентінің *1996 ж. 29 қазандағы* Жарлығымен ҚР Ұлттық патент ведомствосы таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігіне* берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ұлттық патенттік ведомствосы орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1782 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Ұлттық патенттік ведомствосы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 6 наурыздағы № 284 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 11, 82-құжат).

⁴ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патент ведомствосы
(Қазпатент)
(1996–1997)**

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 10 желтоқсандағы* қаулысымен таратылған *ҚР Ұлттық патент ведомствосының* негізінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 7 ақпандағы* қаулысымен Қазпатент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Қазпатент өнеркәсіп меншігі объектілерін (өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіп үлгілерін, тауарлық белгілерді, қызмет көрсету белгілерін және тауарлардың шыққан жерлерінің, өсімдіктердің жаңа сорттары мен жануарлардың жаңа тұқымдарының атауларын) құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз

ететін және өз қызметін **ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігінің** келісуімен жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болды.

Қазпатенттің негізгі міндеттері: ҚР бірыңғай патент жүйесін құру және оны басқару; өнеркәсіп меншігі объектілеріне қорғау құжаттарын (алдын ала патенттер, патенттер мен куәліктер), авторлар куәліктерін беру; өнеркәсіп меншігін қорғайтын заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жасауға қатысу және олардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік патент-ақпарат базасын қалыптастыру; өнеркәсіп меншігін қорғау саласында ақпарат және баспа қызметін ұйымдастыру; республика өнеркәсіп меншігінің шетелдегі объектілерін патенттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; өнеркәсіп меншігін қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау саласында мамандар даярлауды ұйымдастыру, мамандардың біліктілігін арттыру, патенттік сенімді өкілдерді аттестациялау және оларды Қазпатентте тіркеу тәртібін белгілеу; өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен патент ведомствосы министрлікпен бірге таратылды³. Функциялар, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Экономика және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патент ведомствосы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 10 желтоқсандағы № 1515 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 480 іс).

² «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патент ведомствосы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 7 ақпандағы № 175 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 745 іс).

³ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Патент агенттігі (Қазпатент) (1997)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен құрылды¹. Осы қаулымен Қазпатент туралы ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес Қазпатент мемлекеттік орган болды. Агенттік **ҚР Экономика және сауда министрлігінің** құзыреті және оған берілген өкілеттілік шегінде арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ өнеркәсіп меншігі объектілерін (өнертабыстарды, өнеркәсіп үлгілерін, пайдалы модельдерді, тауар таңбаларын, тауардың шығару орны атауларының, жаңа өсімдік сорттары мен жануар тұқымдарының қызмет көрсету белгілері) құқықтық қорғау саласында салааралық үйлестіруді дербес жүзеге асырды.

Қазпатенттің негізгі міндеттері: ҚР біртұтас патент жүйесін құру және оны басқару; өнеркәсіп меншігі объектілеріне қорғау құжаттарын патенттер мен куәліктер, авторлар куәліктерін беру; мемлекеттік патент-ақпарат базасын қалыптастыру; өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау саласында ақпараттық және баспа қызметтерін ұйымдастыру, республика өнеркәсіп меншігінің шетелдердегі объектілерін патенттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; өнеркәсіп меншігін қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және т.б.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен патент агенттігі министрлікпен бірге таратылды². Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен таратылған ҚР Экономика және сауда министрлігі Патент агенттігінің негізінде шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазпатент» патенттер және тауар белгілері жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылып, оған патент ведомствосының функциялары, ҚР Экономика және сауда министрлігінің Патент агенттігінің басқаруында болған мүлік, сондай-ақ оған **ҚР Үкіметі** бұрын жүктеген патент

қызметі саласындағы құқықтар мен міндеттер берілді³. **ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (І)** Қазпатентке қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын атқарушы уәкілетті мемлекеттік орган болды.

¹ «Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 875 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1997, № 21, 189-құжат).

² «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, «Қазпатент» және Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1552 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1997, № 48, 449-құжат).

**10. Мәдениет, өнер және тілдерді дамыту саласындағы басқару
органдары**

10.1 Мәдениет және өнер саласында басқару органдары

Қазақстан Республикасының Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті (1991–1992)

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының 1988 ж. 2 маусымдағы Жарлығымен Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі одақтық-республикалық мемлекеттік комитеті ретінде құрылды¹.

Мемкомитет ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1988 ж. 21 маусымдағы қаулысымен мемкомитеттің орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Мемкомитеттің орталық аппаратының құрылымы: шаруашылық есеп және өздік баланста кинематография жөніндегі бас басқармасы (Қазкинобасқармасы); мәдениет ағарту мекемелері басқармасы; өнер басқармасы; ескерткіштерді қорғау басқармасы; ғылым және оқу орындары басқармасы; жоспарлау-экономикалық және қаржы басқармасы; күрделі құрылыс және материалдық ресурстар бөлімі; кадр бөлімі; бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; бақылау-тексеру бөлімі; жалпы бөлім.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: мәдениет және әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары мен оны іске асырудың әдістерін әзірлеу; көркем мәдениетті дамытудың республикалық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруды даярлау және ұйымдастыру; жан-жақты республикааралық және халықаралық мәдени байланыстарды, мәдени жетістіктермен алмасуды дамыту, республикада мекен етуші барлық ұлттар мен халықтардың мәдени дамуының тиімді шараларын әзірлеу және оларға осы шараларды іске асыруға көмек көрсету; шығармашылық одақтармен, басқа да қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасау; мәдениет дамуының құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіру; саланың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту³.

ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен мемкомитет **ҚР Мәдениет министрлігі** болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі одақтық-республикалық мемлекеттік комитетін құру туралы» Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1988 ж. 2 маусымдағы № 3173 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1988, № 24, 244-құжат).

² «Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті басқармасының сызбасы туралы» Қазақ ССР Министрлер Советінің 1988 ж. 21 маусымдағы № 291 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары 1988 ж. маусым, 186-құжат).

³ «Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 ж. 29 желтоқсандағы № 577 қаулысы (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары, 1990, желтоқсан, 196-197-құжат).

⁴ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі (1992–1997, 2003–2004, 2010–2012, 2014)

ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы Жарлығымен **ҚР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің** қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

Министрлік **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басшылық еткен ҚР мемлекеттік басқарудың орталық органы болды².

Министрлікті негізгі міндеттері: өнер мен мәдениет саласында мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын және оны жүзеге асыру тәсілдерін әзірлеу; көркем мәдениетті өркендетудің мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруды әзірлеу және ұйымдастыру; Достастық (ТМД) аясында көп жақты мемлекетаралық және халықаралық мәдени байланыстарды дамыту; шығармашылық одақтармен басқа да қоғамдық ұйымдармен өзара байланыста болу; мәдениеттің дамуының құқықтық жағынан қамтамасыз етілуін жетілдіру; республика халықтарының рухани өмірі саналатын аймақтық орталықтарды қайта жандандыру;

көркем тарихи құнды мұраларды, музыкалық аспаптарды, кітап басылымдарын ҚР тыс жерлерге әкетуді бақылау, осы мәдени мұраларды әкетуге сертификат-рұқсат беру және т.б.³

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен ҚР Мәдениет министрлігінің қайта ұйымдастырылған «Қазқалпынакелтіру» мамандырылған қалпына келтіру трестінің негізінде **Тарихи-мәдени мұралар департаменті** құрылды⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 14 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: музыка өнері бөлімі (жетекші); театр өнері бөлімі (жетекші); экономика, қаржы және есеп басқармасы (жетекші); кадр және оқу орындары бөлімі (жетекші); музейлер мен ұлттық парктер бөлімі; кітапхана және мәдени-тынығу жұмысы бөлімі; сыртқы байланыстар бөлімі; істер басқармасы⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 4 тамыздағы** қаулысымен Тарихи-мәдени мұралар департаменті таратылды⁶.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 қазандағы** қаулысымен ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы **ҚР Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы** болып қайта ұйымдастырылды⁷.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; өнер басқармасы; қаржы-экономика бөлімі; бухгалтерлік есеп бөлімі; саланы реформалау, жаңа инфрақұрылым және кадр жұмысы бөлімі; шетелдермен мәдени байланыстарды үйлестіру бөлімі; тарихи мұраларды қорғау, музей және мәдени-демалыс жұмыстары бөлімі; аппарат жұмысын ұйымдастыру басқармасы⁸.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 24 қыркүйектегі** қаулысымен «Қазақкино» ҚР Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы **ҚР Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясы** болып қайта құрылды⁹.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен министрлікке таратылған ҚР Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясының функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді¹⁰.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; өнер басқармасы; кино ісі жөніндегі басқарма; жекешелендіру, жаңа инфрақұрылым және маркетинг секторы; шетелдермен мәдени байланыстарды үйлестіру секторы; тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі инспекция; мәдени-демалыс және музей жұмыстары бөлімі; экономика, қаржы және талдау бөлімі; бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі; нормативтік-талдама және кадр жұмысы бөлімі; жалпы бөлім¹¹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен министрлік таратылды¹². Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер **ҚР Білім және мәдениет министрлігіне** берілді.

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің** оны ҚР Мәдениет министрлігі мен **ҚР Ақпарат министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹³.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді. **ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті** таратылды, функциялары мен өкілеттіктері ҚР Мәдениет министрлігіне берілді¹⁴.

Ережеге сәйкес министрлік мәдениет, жастар саясаты, тілдерді дамыту, архив ісі мен құжаттама саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, заңнамаға сәйкес мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға өкілеттік берілген ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ұлттық мәдениетті өркендету, сақтау, дамыту әрі тарату; Қазақстанның мәдени-рухани дамуының жетістектері мен үлгілерін насихаттауға бағытталған мәдени акциялар жүргізу; мемлекеттік және Қазақстанда бар басқа да тілдердің қолданылуы мен одан әрі дамытылуының тұрақтылығын қамтамасыз ету; мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру; мемлекеттік органдардың мәдениет, өнер, жастар саясаты, тілдерді дамыту, архив ісі мен басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін және құжаттаманың біріздендірілген жүйелерін дамыту саласындағы қызметін үйлестіру.

Министрліктің ведомствосы – *Архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті*.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен ҚР Мәдениет министрлігі, ҚР Ақпарат министрлігі және *ҚР Туризм және спорт жөніндегі агенттігі* оларды *ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне* біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды, туризмді дамыту функциялары *ҚР Индустрия және сауда министрлігіне*, ал жастар саясаты саласындағы *ҚР Білім және ғылым министрлігіне* берілді¹⁵.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 қазандағы* қаулысымен ҚР Мәдениет министрлігінің Архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті *ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және архивтер комитеті* болып қайта ұйымдастырылды¹⁶.

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы* Жарлығымен министрлік *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде қайта құрылды¹⁷. Оған *ҚР Әділет министрлігінен* азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұқаралық ақпарат саласындағы функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Байланыс және ақпарат министрлігіне* берілді.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 31 наурыздағы* қаулысымен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті *ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті*, ал *ҚР Әділет министрлігінің Діни істер комитеті* *ҚР Мәдениет министрлігінің Діни істер комитеті* болып қайта аталды¹⁸. Министрліктің үшінші комитетінің атауы өзгертілді – *ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті*.

Осы қаулымен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ережеге өзгертулер енгізілді. Министрліктің атауы өзгертілді – ҚР Мәдениет министрлігі. Министрліктің құқықтық мәртебесіне өзгертулер енгізілді. Жаңа редакцияда былай мазмұндалды: «Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі мәдениет, ішкі саяси тұрақтылық, этносаралық және конфессияаралық келісім, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер салаларында мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады».

Министрлік ведомстволарының құрамы жаңартылған редакцияда мазмұндалды: «Мәдениет комитеті, Тіл комитеті, Діни істер комитеті».

Министрліктің негізгі міндеттері жаңартылған редакцияда мазмұндалды: мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл салаларында мемлекеттік саясатты, тіл саясатын әзірлеу және іске асыру; мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Президентінің *2012 ж. 20 қаңтардағы* Жарлығымен министрлік *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі* болып қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде таратылды¹⁹.

ҚР Президентінің *2014 ж. 7 наурыздағы* Жарлығымен министрлік *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің* қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде қайта құрылды²⁰.

ҚР Президентінің *2014 ж. 6 тамыздағы* Жарлығымен министрліктің функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған *ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне* беріле отырып таратылды²¹.

¹ «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

² «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы № 1220 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 225-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 9 маусымдағы № 514 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 23, 365-құжат).

- ⁴ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаментін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 19 шілдедегі № 621 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 29, 349-құжат). Департамент туралы ережені ҚР Мәдениет министрлігі бекітті. (Құрастырушылар ескертпесі).
- ⁵ «Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 14 желтоқсандағы № 1408 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 20 іс).
- ⁶ «ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 19 шілдедегі № 621 қаулысымен құрылған Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаментін тарату туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 4 тамыздағы № 1074 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 156 іс).
- ⁷ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).
- ⁸ «Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1818 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).
- ⁹ «Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясының мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 қыркүйектегі № 1164 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 38, 365-құжат).
- ¹⁰ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).
- ¹¹ «Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 29 желтоқсандағы № 1675 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).
- ¹² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реттеу жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).
- ¹³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 қыркүйектегі № 1189 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 37, 372-құжат).
- ¹⁴ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 24 қарашадағы № 1172 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 44, 477-құжат).
- ¹⁵ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).
- ¹⁶ «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1130 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 42, 538-құжат).
- ¹⁷ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №22-23, 162-құжат).
- ¹⁸ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 252 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 198-құжат).
- ¹⁹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 20 қаңтардағы № 226 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 24, 324-құжат).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 7 наурыздағы № 761 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 14, 116-құжат).
- ²¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі (1999–2003)

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 29 сәуірдегі* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Министрлік мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім аясында басшылықты жүзеге асыратын, мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға уәкілеттік берілген ҚР Үкіметінің орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: қазақтың ұлттық мәдениетін өркендету, сақтау, дамыту мен оның таралуын қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа ұлттық мәдениеттерді сақтау, дамыту және олардың таралуына қамқорлық жасау; Қазақстанның мәдени-рухани дамуының үздік жетістіктері мен үлгілерін насихаттауға бағытталған кең ауқымды мәдени акциялар өткізу; қоғамның демократиялық институттарын нығайтуға қатысу, баспасөз бен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында ҚР даму стратегиясын түсіндіру және насихаттау; елімізде болып жатқан қоғамдық-саяси процестер мен олардың даму тенденцияларын жан-жақты әрі жете зерттеу, қорыту және талдау; мемлекеттік органдардың архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі мен құжаттаудың бір ізді жүйесін дамыту саласындағы қызметін үйлестіру.

Министрліктің құрылымы: басшылық; бұқаралық ақпарат құралдары департаменті; ішкі саясат департаменті; тілдерді дамыту жөніндегі департамент; ішкі әкімшілік департаменті; мемлекеттік баспа бағдарламаларын қалыптастыру жөніндегі департамент; *Мәдениет комитеті*

(заңды тұлға құқығында); Архивтер мен құжаттамаларды басқару жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында).

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 27 тамыздағы** қаулысымен министрлік туралы ережеге министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық бөлімшелері бар екендігін көрсеткен өзгерту енгізілді³.

ҚР Президентінің **2003 ж. 13 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік оны **ҚР Мәдениет министрлігіне** және **ҚР Ақпарат министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен **министрліктің Мәдениет комитеті** таратылды, функциялары мен өкілеттіктері ҚР Мәдениет министрлігіне берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет-ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі № 499 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 16, 163-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 27 тамыздағы № 872 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 35, 356-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 13 қыркүйектегі № 1189 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 37, 372-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 24 қарашадағы № 1172 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 44, 477-құжат).

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі (2004–2006)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Мәдениет министрлігінің, ҚР Ақпарат министрлігінің және ҚР Туризм және спорт агенттігінің** ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне біріктіру жолымен туризмді дамыту функциялары **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне**, ал мемлекеттік жастар саясаты саласы **ҚР Білім және ғылым министрлігіне** беріле отырып қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен министрлік оны **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне** және **ҚР Туризм және спорт министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды².

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы № 73 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (1) (2006–2010, 2012–2014)

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі** оны **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне** және **ҚР Туризм және спорт министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 16 мамырдағы** қаулысымен ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі туралы ережеге өзгертулер енгізілді².

Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шектерде оның құзыретіне жатқызылған қызмет салаларындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің негізгі міндеті мәдениет, ақпарат, ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім, тілдерді дамыту, архив ісі мен құжаттама, кітап шығару, полиграфия салаларында

мемлекеттік саясатты қалыптастыру болды.

Министрліктің ведомстволары: *Ақпарат және архив комитеті, Тіл комитеті*.
Министрлік және оның ведомстволары, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдар
министрліктің бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 3 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер
мен толықтырулар енгізілді³. Министрліктің негізгі міндеттері жаңа редакцияда мазмұндалды.
Министрліктің негізгі міндеті мәдениет, ақпарат, ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім,
тілдерді дамыту, архив ісі мен құжаттама, кітап шығару, полиграфия, мемлекеттік рәміздерді
пайдалану салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру болды.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 29 қарашадағы** қаулысымен *министрліктің Мәдениет комитеті*
оған министрліктің мәдениет, тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану саласындағы іске
асырушылық және бақылау функциялары беріле отырып құрылды⁴. Министрлік туралы ереже
жаңа редакцияда мазмұндалды.

Министрлік мәдениет, ақпарат, ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім, тілдерді дамыту,
архив ісі мен құжаттама, мемлекеттік рәміздер салаларында мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ
заңнамамен көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы
органы болып табылды.

Министрліктің ведомстволары: Мәдениет комитеті, Ақпарат және архив комитеті, Тілдер
комитеті болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: мәдениет, тарихи-мәдени мұраларды қорғау және
пайдалану, тіл саясаты, архив ісі мен құжат түзу салаларында мемлекеттік саясатты өңдеу және
іске асыру; мәдениет, тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану, тіл саясаты, мұрағат ісі
мен құжат түзу салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; министрлікке жүктелген өзге
де міндеттер.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 26 маусымдағы** қаулысымен министрлік қарамағындағы ұйымдар
(театрлар, концерттік ұйымдар, музейлер, киностудиялар, тарихи-мәдени қорықтар, кітапханалар,
өзге ұйымдар) министрліктің Мәдениет комитетінің қарамағына берілді⁵.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен министрлік *ҚР Мәдениет
министрлігі* болып құрылды⁶. Оған *ҚР Әділет министрлігінен* азаматтардың діни сенім
бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы
функциялары мен өкілеттіктері берілді. Министрліктің бұқаралық ақпарат саласындағы
функциялары мен өкілеттіктері ҚР Байланыс және ақпарат министрлігіне берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Мәдениет комитеті *ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті, ҚР
Әділет министрлігінің Діни істер комитеті ҚР Мәдениет министрлігінің Діни істер
комитеті* болып қайта аталды⁷. Министрліктің үшінші комитетінің атауы өзгертілді – *ҚР
Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті*. Осы қаулымен министрлік туралы ережеге тиісті
өзгертулер енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 18 мамырдағы** қаулысымен министрліктің Ақпарат және архив
комитеті *ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті* болып
қайта аталды⁸.

ҚР Президентінің **2012 ж. 20 қаңтардағы** Жарлығымен министрлік *ҚР Мәдениет
министрлігінің* қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде қайта құрылды⁹.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен *ҚР Мәдениет министрлігінің
Мәдениет комитеті ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті; ҚР
Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл
комитеті; ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті ҚР
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті (2)* болып қайта
аталды¹⁰.

ҚР Президентінің **2014 ж. 7 наурыздағы** Жарлығымен министрлік *ҚР Мәдениет
министрлігі* етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды¹¹.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы № 73 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 16 мамырдағы № 405 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 17, 162-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1130 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 3 қыркүйектегі № 763 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 33, 362-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 29 қарашадағы № 1148 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 44, 526-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 26 маусымдағы № 610 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 31, 316-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 252 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 25-26, 198-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 18 мамырдағы № 427 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 34, 268-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 20 қаңтардағы № 226 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 24, 324-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 12 наурыздағы № 319 қаулысы (Егемен Қазақстан, 2012 ж. 8 мамыр).

¹¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 7 наурыздағы № 761 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2014, № 14, 116-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаменті (1993–1995)

ҚР министрлер Кабинетінің **1993 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен қайта ұйымдастырылған **ҚР Мәдениет министрлігінің «Қазқалпына келтіру»** мамандырылған қалпына келтіру трестінің негізінде құрылды¹.

Оның құрамына Материалдық мәдени ескерткіштерінің ғылыми-зерттеу және жобалау институтын, облыстық қалпына келтіру шеберханаларын, «Алматыреставрация» басқармасын, республикалық мамандырылған «Қазреставрация» кәсіпорнын және қорықтар-музейлер кірді. Шаруашылық есепте қызмет етті.

Департаменттің негізгі функциялары: тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру және пайдалану, олардың негізінде республиканың тарихи-мәдени және этнографиялық орталықтарын қайта түлету (қайта құру).

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 4 тамыздағы** қаулысымен департамент таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаментін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 19 шілдедегі № 621 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 29, 349-құжат). Департамент туралы ережені ҚР Мәдениет министрлігі бекітті. – Құрастырушылардың ескертпесі.

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 шілдедегі № 621 қаулысымен құрылған Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаментін тарату туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 4 тамыздағы № 1074 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 156 іс).

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Мәдениет департаменті (1997)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 23 мамырдағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 шілдедегі** қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент мәдениет саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылды.

Департаменттің негізгі міндеттері: қазақтың ұлттық мәдениеті, ҚР халықтарының мәдениетін дамытудың ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын, негізгі бағыттарын әзірлеу; мәдениет саласында негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарды дайындау, саланы реформалауды жүзеге асыру; барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың қызметін мәдени өмірдің барлық салаларында ҚР егемендігі мен тәуелсіздігі идеясын жүргізу үшін бағыттау және үйлестіру, мемлекеттік тілді кеңейту және пайдалану, Қазақстан халықтарының ұлттық өзіндік болмысын сақтау, репертуарлық саясатты қалыптастыру; саланың ақпараттық-құқықтық жұмысын құқықтық қамтамасыз етуді және ұйымдастыруды жетілдіру; кино-бейнефильмдер шығару үшін ұйымдастырушылық, өндірістік және экономикалық жағдайлар жасау, оларды ҚР аумағына және шетелдерге тарату, кино-бейнетуындыларының жоғары кәсіби және көркемдік деңгейін қамтамасыз ету; кітапханалар жинақтайтын және пайдалануға ұсынатын ақпараттар мен мәдени құндылықтарға жалпыға бірдей қол жеткізілуі үшін жағдай жасау; тарих және мәдениет, оның ішінде жазба ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану ісінде жалпы мемлекеттік саясатты қалыптастырудың және жүзеге асырудың мемлекеттік бағдарламаларын жасау және оған қатысу, кино-бейнетуындылардың тізілімін жасау, меншік нысандарына қарамастан ұйымдар ҚР аумағында жасаған кино-бейнефильмдерді тіркеу куәлектерін беру; фестивальдар, байқаулар, конкурстар, айтыстар және мәдениетті дамытуға бағытталған басқа да шаралар өткізу.

Департамент облыстық, аудандық, қалалық мәдениет органдарымен және оның құрамына енетін республикалық кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп республикадағы мәдениет органдарының бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы Жарлығымен ҚР Білім және мәдениет министрлігінің* қайта ұйымдастырылуына байланысты департамент өз қызметін тоқтатты³. Негізгі функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне* берілді. Функциялары мен өкілеттіктерінің бір бөлігі (конфессионалдық, жастар, ұлттық және тілдік саясаты саласында) *ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы № 878 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 22, 194-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Мәдениет департаментінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 шілдедегі № 1189 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 34, 319-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат)

Қазақстан Республикасы **Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің** **Мәдениет комитеті** **(1997–1999)**

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 12 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 9 маусымдағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет мәдениет пен өнер саласында атқарушылық және бақылау функцияларын дербес жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР тұратын халықтар мен этностардың ұлттық мәдениетін сақтау және өркендету; тарихи-мәдени мұраны сақтау және қорғау; Қазақстанның мәдени-рухани дамуының ең үздік жетістіктері мен үлгілерін насихаттауға бағытталған кең ауқымды мәдени акциялар жүргізу; жақын, сондай-ақ алыс шет елдермен халықаралық мәдени ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету; мәдени өнім мен қызмет көрсетулердің отандық рыногын қалыптастыру.

Комитеттің құрылымы: басшылық; экономика және қаржы бөлімі; ұйымдастыру-кадр жұмысы және бақылау бөлімі; ақпараттық-талдау жұмысы бөлімі; мәдени-демалыс жұмысы

секторы; музыка өнері және шетелдермен байланыс бөлімі; мәдени ескерткіштерді қорғауды инспекциялау бөлімі; театр өнері және кинематография бөлімі.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы қабылдауына байланысты комитет министрлікпен бірге өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1556 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 49, 455-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Мәдениет комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 9 маусымдағы № 525 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 17, 155-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті (1999–2003)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет министрліктің құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ мәдениет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: мәдениет саласында, оның ішінде тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтау және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қатысу, саланы реформалауды жүзеге асыру; қазақтың ұлттық мәдениетін өркендетуді, сақтауды, дамытуды және таратуды қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа да ұлттық мәдениеттерді сақтау, дамыту және тарату туралы қамқорлық; өз қызметінің саласында заңдардың қолданылу практикасын талдау және қорыту, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, мәдениет саласында заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерді дайындауға қатысу; мәдениет саласындағы өнім мен қызмет көрсетулердің отандық рыногын зерделеу, талдау және болжамдау; өз құзыретінің шегінде ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде кино-бейнефильмдер шығаруы үшін ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлар жасау, бұл туындылардың жоғары кәсіби және көркемдік деңгейін, сондай-ақ оларды ҚР аумағында және шетелде таратуды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау; өз құзыретінің шегінде мәдени құндылықтарды еркін пайдалануды қамтамасыз ету; мәдениет саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер туралы мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруға қатысу; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге қатысу, кино және бейне туындылардың тізімін жасау; фестивальдар, байқаулар, конкурстар, айтыстар және мәдениетті өркендетуге бағытталған басқа да іс-шараларды өткізу.

Комитеттің құрылымы: басшылық; музыка өнері және шетелдермен байланыс бөлімі; театр өнері және кинематография бөлімі; тарихи-мәдени мұралар, музей және кітапхана жұмысы бөлімі; экономика және қаржы бөлімі; ақпараттық талдау және ұйымдастыру, кадр жұмысы бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 24 қарашадағы** қаулысымен комитет таратылды, функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Мәдениет министрлігіне** берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі № 499 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 16, 163-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі № 500 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 16, 164-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 24 қарашадағы № 1172 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 44, 477-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті
(2010–2012)**

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің** қайта аталуының нәтижесінде құрылды¹.

Осы қаулымен комитет **ҚР Мәдениет министрлігі** ведомстволарының қатарына енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 252 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 198-күжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 12 наурыздағы № 319 қаулысы (Егемен Қазақстан, 2012 ж. 8 мамыр).

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Мәдениет комитеті (1)
(2012–2014)**

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті** ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті болып қайта аталды¹.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 4 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 12 наурыздағы № 319 қаулысы (Егемен Қазақстан, 2012 ж. 8 мамыр).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 4 мамырдағы № 441 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 32, 291-күжат).

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрлігінің
Мәдениет және өнер істері комитеті
(2014)**

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 4 мамырдағы** қаулысымен **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет оған жүктелген функцияларды жүзеге асыратын ҚР Мәдениет министрлігінің ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Мәдениет министрлігі** таратылды².

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 23 қыркүйектегі** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 4 мамырдағы № 441 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 32, 291-күжат).

² «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-күжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 58, 550-күжат).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Мәдениет комитеті
(2014–2023)

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 23 қыркүйектегі* қаулысымен *ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, кинематография және ономастика салаларында ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ведомствосы болды².

Комитеттің негізгі міндеттері: мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, кинематография және ономастика салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру; мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, кинематография және ономастика салаларында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

2023 ж. 1 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Мәдениет және спорт министрлігі қайта ұйымдастырылып, мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және пайдалану, кинематография салаларындағы функциялар мен өкілеттіктер *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне* берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 58, 550-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 ж. 14 мамырдағы № 143 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#/md/156179/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 31 мамыр).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 2 қыркүйек).

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Мәдениет комитеті (2)
(2023*)

2023 ж. 1 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес *ҚР Мәдениет және спорт министрлігін* қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды¹.

Комитет мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану және кинематография салаларында ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын *ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің* ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, кинематография салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру; мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, кинематография салаларында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2023 ж. 2 қыркүйек).

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинеті жанындағы
«Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы
(«Қазақкино» мемкинокомпаниясы)
(1993–1995)

ҚР Президентінің *1993 ж. 3 қыркүйектегі* Жарлығымен Қазақ мемлекеттік кино-, бейнефильмдер шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концерннің қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 7 қаңтардағы* қаулысымен мемкинокомпания туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкинокомпания ҚР кинематография саласында мемлекеттік саясатты жүргізу мен бағдарламаларды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болып табылды.

«Қазақкино» мемкомпаниясы облыстық, аудандық, қалалық кинематография органдарымен, өзінің құрамына кіретін республикалық және басқа кино, бейне ұйымдарымен бірге республиканың бірыңғай кинематография жүйесін құрады.

Мемкинокомпаниясының негізгі міндеттері: республика кинематографиясын дамытудың ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын, негізгі бағыттарын әзірлеу; тиісті мәдениет органдарымен, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының әкімдерімен келісім бойынша кинематография объектілерінің қызмет ету және даму мәселелерін шешу; аудандық, қалалық, облыстық, республикалық кино, бейне қызметін көрсетуді жетілдіру жөніндегі жергілікті мәдениет органдарымен өзара іс-қимыл жасау, материалдық-техникалық базаны нығайту, кинообъектілерді жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу мәселелерін шешуге қатысу; кино, бейнефильмдер шығару, оларды ҚР аумағында және шетелде тарату үшін ұйымдық, өндірістік және экономикалық жағдайлар жасау, кино, бейне шығармалардың жоғары кәсіби және көркемдік дәрежесін қамтамасыз ету; жасалатын кино, бейнефильмдерде егеменді мемлекет ретіндегі ҚР мемлекеттік және қоғамдық өмірін терең және жан-жақты көрсету, рухани прогресс пен ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігіне, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылу шеңберін кеңейтуге. Қазақстан халықтарының ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға және мәдениеттерін дамытуға жәрдемдесу, жалпы адамзаттық құндылықтарды бағдар ету; кинорепертуар саясатын қалыптастыру, ұлттық кинематографияны насихаттау; кино саласында техникалық саясат жүргізу, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; кинематографияны дамытудың басым бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру және т.б.

Облыстар мен Алматы және Ленинск қалаларында «Қазақкино» мемкинокомпаниясының мемлекеттік кинотеатрлармен, киноқондырғылармен, кино фильмдерді жалға беру ұйымдарымен, киножөндеутехкәсіпорындарымен бейнеханалармен және бейнежайлармен қоса аймақтық кинобейнебірлестіктері басқармалары болды.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен «Қазақкино» мемкинокомпаниясы **ҚР Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы** болып қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақ мемлекеттік кинобейнефильмдерді шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концернді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясы («Қазақкино» мемкомпаниясы) етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 3 қыркүйектегі № 1343 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 35, 404-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қаңтардағы № 40 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 2, 19-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет министрлігі жанындағы
«Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы
(Қазақкиномемкомпаниясы)
(1995–1996)**

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Министрлер кабинеті жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясының* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹. Оның құқық иеленушісі болып табылды.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 18 маусымдағы* қаулысымен мемкинокомпания туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкинокомпания ҚР кинематография саласында мемлекеттік саясатты жүргізу мен бағдарламаларды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болды.

«Қазақкино» мемкинокомпаниясы облыстық, аудандық, қалалық кинематография органдарымен, өзінің құрамына кіретін республикалық және басқа кино-бейне ұйымдарымен бірге республиканың біріңғай кинематография жүйесін құрды. «Қазақкино» мемкинокомпаниясына жалпы басшылықты *ҚР Мәдениет министрлігі* жүзеге асырды.

«Қазақкино» мемкинокомпаниясының негізгі міндеттері: ҚР ұлттық кинематографиясын дамытудың ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын, негізгі бағыттарын әзірлеу; кинематография объектілерінің қызмет ету және даму мәселелерін шешу; кино-бейнефильмдер шығару, оларды ҚР аумағында және шетелдерде тарату үшін ұйымдық, өндірістік және экономикалық жағдайлар жасау; кинорепертуар саясатын қалыптастыру, ұлттық кинематографияны насихаттау; кино саласында техникалық саясат жүргізу, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; кинематографияны дамытудың басым бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру.

Облыстар мен қалаларда «Қазақкино» мемкинокомпаниясының мемлекеттік кинотеатрлармен, киноқондырғылармен, кинофильмдерді жалға беру ұйымдармен, бейнеханалармен, бейнежайлармен және кино-жөндеутехкәсіпорындары, кино-, бейнеқызметін көрсету аймақтық органдары болды.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 24 қыркүйектегі* қаулысымен мемкинокомпания *ҚР Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясы* болып қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 маусымдағы № 749 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 28, 246-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясының мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 қыркүйектегі № 1164 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 38, 365-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет министрлігі жанындағы
«Қазақкино» мемлекеттік компаниясы
(«Қазақкино» мемкомпаниясы)
(1996)**

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 24 қыркүйектегі* қаулысымен *Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясының* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР кинематография саласында мемлекеттік саясатты жүргізу мен бағдарламаларды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болды.

«Қазақкино» мемкинокомпаниясы облыстық, аудандық қалалық кинематография және басқа кино-бейне ұйымдарымен бірге республиканың біріңғай кинематография жүйесін құрды.

Қазақкино мемкинокомпаниясының жалпы басшылығын **ҚР Мәдениет министрлігі** жүзеге асырды.

Мемкомпанияның негізгі функциялары: ҚР ұлттық кинематографиясын дамытудың ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын, негізгі бағыттарын әзірлеу; кинематография объектілерінің қызмет ету және даму мәселелерін шешу; кино-бейнефильмдер шығару, оларды ҚР аумағында және шетелдерде тарату үшін ұйымдық, өндірістік және экономикалық жағдайлар жасау; кинорепертуар саясатын қалыптастыру, ұлттық кинематографияны насихаттау; кино саласында техникалық саясат жүргізу, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; кинематографияны дамытудың басым бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру.

Облыстар мен қалаларда «Қазақкино» мемкомпаниясының мемлекеттік кинотеатрлармен, киноқондырғылармен, кинофильмдерді жалға беру ұйымдарымен, бейнеханалармен, бейнежайлармен және кино-жөндеутехкәсіпорындары кино-, бейнеқызметін көрсету аймақтық органдары болды.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен мемкомпания таратылды². Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Мәдениет министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясының мәселелері» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 24 қыркүйектегі № 1164 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 38, 365-құжат).

² «Орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Мәдениет пен өнерді қолдаудың мемлекеттік қоры (1998–1999)

ҚР Президентінің **1998 ж. 10 қыркүйектегі** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен қор туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мекеме республика үшін маңызы бар мәдени акциялар мен іс шараларды өткізудің тиімділігін арттыру, мәдениет пен өнер саласында таланттар мен дарындарды қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асырды.

Қордың негізгі міндеттері: ұлттық өнер мен халық шығармашылығын қолдау мен дамытудың бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; демалыс пен ойын-сауықтардың отандық индустриясын дамыту, осы сала үшін кадрлар даярлау мақсатында шетелдік инвестицияларды, шет елдердің және халықаралық ұйымдардың қаржылық және техникалық көмегін тартуға жәрдемдесу; қазақстандық мәдениеттің елдердің дүниежүзілік қоғамдастығына интеграциясын тереңдету мақсатында шетелдік әріптестермен тікелей байланыстарды жүзеге асыру.

Қордың басқару органы Басқарма болды. **Мәдениет комитетінің** Төрағасы Қор басқармасының Төрағасы болды. Қордың ағымдағы жұмысын және оның қызметін жедел басқаруды атқарушы дирекция жүзеге асырды.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен³ **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы бекітілуіне және **ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі** қызметінің тоқтатылуына байланысты қор өзінің ведомстволық бағыныстылығын өзгертті және **ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің** қарамағындағы ұйымдардың тізбесіне кірді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҰ «Эдельвейс», 2004. 605-б.

² «Қазақстан Республикасында мәдениет пен өнерді қолдаудың мемлекеттік қоры туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 31 желтоқсандағы № 1394 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 50, 478-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

⁴ «Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі № 500 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 16, 164-құжат).

10.2 Тілдерді дамыту саласында басқару органдары Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті (1993–1995)

ҚР Президентінің *1993 ж. 5 сәуірдегі* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1993 ж. 7 мамырдағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет тіл туралы заңдарды, қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындау жөніндегі орталық мемлекеттік басқару органы болды. Комитетке тікелей басшылықты ҚР Министрлер Кабинеті жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен мекемелердің қызметін үйлестіреді, қоғамдық ұйымдармен тіл туралы республика Заңын сақтауды қамтамасыз ету, қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде қоғамдық ұйымдармен қоян-қолтық жұмыс істеу; мемлекеттік саясат пен қоғамдық қызмет атқару салаларын кеңейту мен мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді бағдарламалардың тиімділігін арттыру жайлы ұсыныстарды жасау, жүзеге асыру; республикада ономастикалық және терминологиялық жұмысты үйлестіру; ҚР Министрлер Кабинетінің жанындағы ономастикалық және терминологиялық комиссиялардың қызметін қамтамасыз ету; тіл заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлау және т.б.

Комитет жүйесіне аймақтық органдар – облыстық, қалалық және аудандық басқармалар кірді.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 14 қарашадағы* қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: мемлекеттік тілді дамыту басқармасы; ұлттар тілін дамыту бөлімі; ономастика және терминологиялық жұмыс бөлімі; қоғамдық ұйымдармен және қазақ диаспорасымен жұмыс бөлімі; баспа-ақпарат бөлімі; экономика және есеп бөлімі; бухгалтерлік есеп бөлімі; кадр саясаты мен арнаулы жұмыстар басқармасы.

ҚР Президентінің *1995 ж. 1 сәуірдегі* Жарлығымен комитет таратылды⁴. Оның негізінде **ҚР Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті** құрылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Тіл комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 5 сәуірдегі № 1166 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 10, 117-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы тіл комитеті туралы» ҚР Министрлер кабинетінің 1993 ж. 7 мамырдағы № 374 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 16, 194-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 14 қарашадағы № 1263 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 14 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 сәуірдегі № 2164 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 12, 134-құжат).

Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті (1995–1997)

ҚР Президентінің *1995 ж. 1 сәуірдегі* Жарлығымен таратылған **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Тілдер жөніндегі комитетінің** негізінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1995 ж. 14 қыркүйектегі* қаулысымен мемкомитет туралы ереже және орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес мемкомитет ұлттық саясаттың негізгі бағыттарын жасау, оны құқықтық, ұйымдық жағынан қамтамасыз ету және елдегі қолданылатын барлық тілдерге құрметпен қарауды бақылау, ұлтаралық татулықтың тұрақтылығына, оның әлемдік қауымдастыққа сенімді енуіне жағдай және кепіл жасау жөніндегі мемлекеттік басқару органы болды.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: елде ұлтаралық татулықты, тұрақтылықты қамтамасыз ететін мемлекеттік ұлт және тіл саясатының негізгі бағыттарын әзірлеу; мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің және басқа да тілдердің дамуына жәрдемдесу; республикада тұратын барлық ұлттар мәдениетін, әдеп-ғұрпын, дәстүрлерін рухани қайта өрлету және дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ұлт саясаты жөніндегі заңнаманы жетілдіруге қатысу; бірыңғай ұлт саясатын жүргізуде министрліктер, комитеттер мен ведомстволардың, жергілікті әкімшілік басшыларының, ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың қызметін үйлестіру және бақылау; Қазақстан халқы Ассамблеясымен және ұлттық-мәдени бірлестіктермен тығыз ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл; ТМД елдеріндегі және басқа мемлекеттердегі қазақ диаспорасымен байланыс орнату, дамыту және іс-тәжірибелік көмек көрсету; республикадағы және одан тыс жерлердегі көші-қон жағдайларын зерттеу және болжау.

ҚР Мемұлткомының жүйесіне аймақтық органдары – ұлт саясаты жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комитеттер кірді.

Мемкомитет орталық аппаратының құрылымы: басшылық; ұлттық саясатты үйлестіру және талдау бас басқармасы; мемлекеттік тілді дамыту басқармасы (жетекші); ұлттық және шетел тілдерін дамыту басқармасы (жетекші); сыртқы байланыс және қазақ диаспорасымен жұмыс жөніндегі басқарма (жетекші); терминологиялық және ономастикалық жұмыстар басқармасы (жетекші); құқықтық басқарма (жетекші); Қазақстан халықтарының рухани мәдениетін жандандыру және дамыту бөлімі; ұлттық саясатты жоспарлау мен экономикалық қамтамасыз ету бөлімі; бухгалтерлік есеп беру бөлімі; іс басқармасы; кадр және арнайы жұмыс бөлімі; хат және азаматтарды қабылдау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекеттік тілді, терминологиялық және ономастикалық жұмысын дамыту жөніндегі бас басқарма; ұлт саясатын талдау және үйлестіру бас басқармасы; сыртқы байланыстар және қазақ диаспорасымен жұмыс жөніндегі бөлім; ұлт тілдерін дамыту жөніндегі бөлім; бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі бөлімі; кадрлар мен азаматтардың өтініштерімен жұмыс және арнаулы жұмыстар жөніндегі бөлімі; қаржы-экономика бөлімі; аппараттың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма³.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 сәуірдегі** қаулысымен мемкомитеттің аймақтық органдары таратылды⁴.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 30 шілдедегі** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекеттік тілді, терминологиялық және ономастикалық жұмысты дамыту жөніндегі бас басқарма; ұлт саясатын талдау және үйлестіру бас басқармасы; сыртқы байланыстар және қазақ диаспорасымен жұмыс жөніндегі бөлімі; ұлт тілдерін дамыту жөніндегі бөлімі; бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі бөлімі; кадрлар мен азаматтардың өтініштерімен жұмыс және арнаулы жұмыстар жөніндегі бөлімі; қаржы-экономика бөлімі; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма⁵.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; мемлекеттік тілді дамыту, терминологиялық және ономастикалық жұмыс жөніндегі басқарма; ұлттық саясатты талдау және үйлестіру басқармасы; сыртқы байланыстар және қазақ диаспорасымен жұмыс жөніндегі бөлімі; ұлт тілдерін дамыту жөніндегі бөлімі; бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі бөлімі; кадрлармен, азаматтардың өтініштерімен жұмыс және арнайы жұмыс жөніндегі бөлімі; қаржы-экономика бөлімі; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлім⁶.

ҚР Президентінің **1997 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен мемкомитет таратылды⁷. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Білім және мәдениет министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 сәуірдегі № 2164 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 12, 134-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 14 қыркүйектегі № 1263 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 30, 379-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1781 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 сәуірдегі № 519 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 18, 150-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы № 1781 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 30 шілдедегі № 950 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 455 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1655 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 484 іс).

⁷ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитеті (2005–2006)

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 4 ақпандағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Комитет өз құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ өз құзыретіне жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: телдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, ҚР тілдер туралы заңнаманың сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру болды.

Комитетінің құрылымы: басшылық; тілдерді дамыту және нормативтік-лингвистикалық проблемалар басқармасы; нормативтік-лингвистикалық проблемалар бөлімі; ономастика және терминология бөлімі; тілдерді дамыту бөлімі; талдау және ұйымдастыру-қаржылық қамтамасыз ету басқармасы; тіл бағдарламаларының іске асырылу мониторингі және талдау бөлімі; әкімшілік-қаржылық қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Президентінің **2006 ж. 27 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі** оны **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне** және **ҚР Туризм және спорт министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 16 мамырдағы** қаулысымен комитеттің атауы өзгертілді – **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті**⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Тіл комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 4 ақпандағы № 103 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 6, 53-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 27 наурыздағы № 73 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 9, 78-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 16 мамырдағы № 405 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 17, 162-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті (1) (2006–2010)

ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі оны **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне** және **ҚР Туризм және спорт министрлігіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты ҚР Үкіметінің **2006 ж. 16 мамырдағы** қаулысымен комитеттің атауы өзгертілді – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті¹.

Комитет өз құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ өз құзыретіне жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті тілдерді дамыту саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, ҚР тілдер туралы заңнамасының сақталуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; тілдерді дамыту және нормативтік-лингвистикалық проблемалар басқармасы; нормативтік-лингвистикалық проблемалар бөлімі; ономастика және терминология бөлімі; тілдерді дамыту бөлімі; талдау және ұйымдастыру-қаржылық қамтамасыз ету басқармасы; тіл бағдарламаларының іске асырылу мониторингі және талдау бөлімі; әкімшілік-қаржылық қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі **ҚР Мәдениет министрлігі** болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды². Оған **ҚР Әділет министрлігінен** азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді. Министрліктің бұқаралық ақпарат саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен комитет өзінің ведомстволық бағыныстылығын өзгертті – **ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті**³.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 16 мамырдағы № 405 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, №17, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 252 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 198-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті (2010–2012, 2014)

ҚР Президентінің **2010 ж. 12 наурыздағы** Жарлығымен **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі ҚР Мәдениет министрлігі** болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылды¹. Оған **ҚР Әділет министрлігінен** азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді. Министрліктің бұқаралық ақпарат саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Байланыс және ақпарат министрлігіне** берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен комитет өзінің ведомстволық бағыныстылығын өзгертті және ҚР Мәдениет министрлігі ведомстволарының қатарына енгізілді².

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті** болып қайта аталды³.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 4 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті** қайта аталуының нәтижесінде қайтадан құрылды⁴.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен **ҚР Мәдениет министрлігі** таратылды⁵.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті** болып қайта аталды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 12 наурыздағы № 936 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 22-23, 162-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы № 252 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 25-26, 198-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 12 наурыздағы № 319 қаулысы (Егемен Қазақстан 2012 ж. 8 мамырдағы № 216-221).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 4 мамырдағы № 441 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 32, 291-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 4 тамыздағы № 933 қаулысы ҚР НҚА [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1400000933/14.08.2014> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті (2) (2012–2014)

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 12 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитетінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 4 мамырдағы** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті** болып қайта аталды².

¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 12 наурыздағы № 319 қаулысы (Егемен Қазақстан, 2012 ж. 8 мамыр).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 4 мамырдағы № 441 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 32, 291-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті (2014–2018)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитетінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет өзіне жүктелген функцияларды іске асыратын ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ведомствосы болды².

Комитеттің негізгі міндеттері: тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; ҚР қоғамдық келісімді, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту, мемлекеттік рәміздерді пайдалану саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; Комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 4 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1400000933/> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² ««Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 ж. 14 қазандағы № 36 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/md/83972/kaz> (ресми жариялау күні: 2014 ж. 10 қараша).

³ «Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 21 шілдедегі № 444 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2018, № 42, 229-құжат).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті (2018–2021)

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 21 шілдедегі** қаулысымен комитет **ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

Комитет өзіне жүктелген функцияларды іске асыратын ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ведомствосы болды².

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР тілдерді дамыту және қолдану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; ҚР мемлекеттік рәміздеріне ізеттілік қарым-қатынасты қалыптастыру; ұлттық әдебиет қорын қалыптастыру және қоғамдық маңызы бар кітаптарды шығару; комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Үкіметінің **2021 ж. 9 ақпандағы** қаулысымен комитеттің атауы **ҚР Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті** болып өзгертілді³.

¹ «Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 21 шілдедегі № 444 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2018, № 42, 229-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 146 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2019 ж. 21 ақпандағы № 44 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/md/129186/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 25 ақпан).

³ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2021 ж. 9 ақпандағы № 39 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2021, № 5, 25-құжат).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті (2021–2022)

ҚР Үкіметінің **2021 ж. 9 ақпандағы** қаулысымен **ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетін** қайта атау нәтижесінде құрылды¹.

Комитет ҚР Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы ретінде өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асырды².

Комитеттің негізгі міндеттері: мемлекеттік тіл саясатын айқындау және мемлекеттік тілді дамыту; ҚР тіл туралы заңнамасын іске асыру саласында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру; мемлекеттік тіл саясатын жүргізу, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруді қамтамасыз ету; халықты мемлекеттік тілге оқыту мен Қазақстан халқының тілдерін қолдануға әдістемелік қолдау көрсету; терминологиялық жұмыстарды жүйелеу арқылы терминдерді біріздендіру және мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдыру.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті** болып қайта аталды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2021 ж. 9 ақпандағы № 39 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2021 ж., № 5, 25-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Тіл саясаты комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 ж. 23 ақпандағы № 73 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі

[Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/153401/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 15 наурыз).

³ «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 580 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/170822/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 23 тамыз).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (2022*)

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің **2022 ж. 13 қыркүйектегі** бұйрығымен комитеттің ережесі бекітілді².

Комитет ҚР **Ғылым және жоғары білім министрлігінің** ведомствосы болып табылады және тілдерді дамыту саласындағы басқаруды жүзеге асырады.

Комитеттің міндеттері: тілдерді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету; мемлекеттік тілді дамыту және мемлекеттік тілдің қоғамдық қатынастың барлық салаларында қызмет етуін қамтамасыз ету; ҚР тіл туралы заңнамасын іске асыру саласында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру; тіл реформасын жүргізу, қазақ тілінің әліпбиін латын графикасына көшіруді қамтамасыз ету; халықты мемлекеттік тілге және Қазақстан халқының тілдеріне оқытуға әдістемелік қолдау көрсету; мемлекеттік тілді ғылым тілі ретінде дамыту және терминологиялық жұмысты жүйелеу.

¹ «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 тамыздағы № 580 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/170822/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 23 тамыз).

² «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті туралы ережені бекіту туралы» // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/171595/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 16 қыркүйек).

**11. Қоғамдық тәртіп, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс,
әділет және төтенше жағдайлар саласындағы
басқару органдары**

11.1. Қоғамдық тәртіп басқару органдары

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (ҚР ІІМ) (1991*)

1920 ж. қазанда ҚазАКСР Ішкі істер халық комиссариаты (ІХК) ретінде құрылды, 1946 жылдан – ҚР Ішкі істер министрлігі¹.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басшылық еткен ҚР орталық мемлекеттік басқару органы болды².

1992 ж. 23 маусымда «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңы қабылданды³. Заңға сәйкес ҚР ішкі істер органдары – мемлекеттік басқарудың қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі атқару және өкімдік функцияларын жүзеге асыратын, азаматтар мен мемлекеттің конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғайтын қарулы құқық қорғау жүйесі болды.

ҚР Ішкі істер министрлігі органдарының бірыңғай жүйесін ҚР ІІМ, оған бағынысты облыстық және тасымалдағы ішкі істер басқармаларынан, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық поселкелік, сондай-ақ ерекше және режимді объектілердің, оқу орындарының, мекемелер мен ұйымдардың ішкі істер органдары бөлімшелері құрады.

Ішкі істер органдарының негізгі міндеттері: жеке адамның, азаматтың конституциялық құқықтарын қорғау; қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; қылмысқа қарсы күресу; өз құзыреті шегінде қылмыстық жазалауды және әкімшілік шара қолдануды орындау; жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оған жүргізушілер мен автоматты көлік құралдарын қатыстыруға мемлекеттік рұқсат беру шаралары бөлігінде жол жүрісі саласындағы заңдардың, нормалардың, ережелер мен стандарттардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру; елді мекендерде, меншік түріне қарамастан, шаруашылықты жүргізу объектілерінде өрт қауіпсіздігінің жайын қадағалауды қамтамасыз ету және өрт сөндіру.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 29 қаңтардағы қаулысымен Қызылорда облысы Ленинск қаласында ІІМ Ішкі істер бөлімдері және әскерилендірілген өрт күзетінің мамандандырылған бөлімі құрылды⁴.

ҚР Президентінің 1994 ж. 11 ақпандағы қаулысымен ҚР ІІМ жүйесінде қолдағы жалпы штат саны есебінен жезөкшелікке, порнографияға, зорлық-зомбылық пен қатыгездік жасауды дәріптеушілікке байланысты құқық бұзушылықты ашып, оның алдын алу жүктелетін арнаулы бөлімшелер, сондай-ақ жеке тыңшылық және күзет қызметтерімен бірлесіп іс-әрекет жасап, олардың жұмысын бақылайтын бөлімшелер құрылды⁵.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 сәуірдегі қаулысымен қалалардағы, поселкалардағы, аудан орталықтары мен объектілерде мемлекеттік өрт қадағалау мен өрттен қорғау **ҚР ІІМ Өрттен қорғау бас басқармасына** жүктелді⁶.

ҚР Президентінің 1995 ж. 6 қазандағы Жарлығымен **ҚР Мемлекеттік тергеу комитетінің** құрылуына байланысты оперативті-тергеу және олардың қызметін қамтамасыз ететін ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің штаттық саны ҚР МТК берілді⁷.

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заң күші бар 1995 ж. 21 желтоқсандағы Жарлығымен ҚР ішкі істер органдарының мәртебесі мен міндеттері белгіленді⁸.

ІІМ ҚР ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын орталық атқарушы орган болды.

ҚР ішкі істер органдары қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам және мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі атқару және өкімдік функцияларын жүзеге асырды.

Министрлікті негізгі міндеттері: қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету; қылмыс пен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру; қылмыстық жазалар мен әкімшілік жазалау шараларын орындау; сотталғандарды қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінде ұстаудың және әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тәртібі мен режимін қамтамасыз ету; кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығын анықтау және тию; өрт қауіпсіздігінің, өрт сөндірудің жай-күйін қадағалауды қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде жол қозғалысы қауіпсіздігінің сақталуы мен қамтамасыз етілуін бақылау; мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке тұлғаларды күзету, тұтқындалғандар мен сотталғандарды қамау; төлқұжат және виза беру жұмысын жүргізу, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың ҚР аумағында болу тәртібін сақтауын бақылау; соғыс уақытында ҚР аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау; ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Ішкі істер органдарының біріңғай жүйесін ҚР ПМ, оған бағынысты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Республика астанасының және көліктегі қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік ішкі істер мекемелері, өрт күзеті бөлімшелері, ішкі әскерлер, оқу орындары, мекемелер мен өзге де ұйымдар ішкі істер органдары құрады.

ҚР Президентінің **1997 ж. 22 сәуірдегі** Жарлығымен ПМ және оның жергілікті жерлердегі органдарына заңнама бойынша **Ұлттық қауіпсіздік комитеті** мен **Мемлекеттік тергеу комитетінің** тергеуге алуына жатқызылмаған қылмыстар жөніндегі істер бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыратын бөлімшелер, сондай-ақ криминалдық және әкімшілік полициясы құрылды⁹. ПМ ішкі әскерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, сондай-ақ әскери қылмыстар бойынша анықтауды жүзеге асыру үшін әскери полиция құрылды.

Осы жарлыққа сәйкес ПМ **ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетке** Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері берілді. ПМ Мемлекеттік тергеу комитетінен қылмыстарды ашу мен тергеу жөнінде берілетін жұмыс көлеміне сайма-сай жедел тергеу бөлімшелерінің тиісті штат саны және олардың жұмысын қамтамасыз ету қызметтері, көлік, материалдық-техникалық құралдар және басқа материалдық ресурстар берілді.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 31 шілдедегі** қаулысымен ҚР ПМ жанынан **Тыл департаменті** құрылды¹⁰.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 7 тамыздағы** қаулысымен ҚР ПМ жанынан **Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті** құрылды¹¹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 5 қарашадағы** Жарлығымен ҚР Мемлекеттік тергеу комитеті таратылды¹². Оның жауапты мемлекеттік қызметтер атқаратын тұлғалардың, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдарының, арнаулы қызметтер қызметкерлері мен судьялардың сыбайлас жемқорлығына байланысты ұйымдасқан қылмысқа, сондай-ақ қылмыстық қауымдастықтар жүзеге асыратын контрабандаға және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өкілеттіктері ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне; ұйымдасқан және экономикалық қылмыстың өзге де нысандарына қарсы күрес жөніндегі Ішкі істер министрлігіне берілді.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 17 ақпандағы** қаулысымен ҚР ПМ Мемлекеттік күзет қызметі департаменті шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік «Күзет» кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды¹³.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді¹⁴.

Министрлік ҚР ішкі істер органдарының жүйесіне басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде ҚР қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын, құқық қорғау қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысатын және іске асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, оның ішінде төтенше және соғыс жағдайларында қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу мен тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру, қылмыстық жазалау мен әкімшілік жаза қолдануларды орындау, мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке адамдарды күзету,

қамаудағылар мен сотталғандарды күзетпен алып жүру, террористік актілерінің жолын кесуге қатысу, кепілдікке алынғандарды босату жөнінде тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру; республикадағы оперативтік жағдайды талдау және болжау, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту жөнінде шешімдер әзірлеу, ішкі істер органдарының араласуын талап ететін төтенше жағдайларға жедел денқою шараларын әзірлеу және оны қолдану; қылмысқа қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-ізвестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындауға қатысу; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша жалпы республикалық және аймақтық жедел-ізвестіру және алдын алу іс-шараларын жүргізу жөніндегі ұйымдастырушылық басшылық, қолда бар күштер мен құралдарды пайдалану жөнінде оңтайлы шешімдер әзірлеу, бағынысты органдар мен бөлімшелерге практикалық және әдістемелік көмектер көрсету, оң жұмыс тәжірибелерін қорыту және тарату; өз құзыретінің шегінде ішкі істер органдарының құрылымын жетілдіру, оны оңтайландыру, ішкі істер органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің арасында және өзге де құқық қорғау органдарымен, министрліктермен және ведомстволармен өзара іс-қимылын жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу; өз құзыретінің шегінде ішкі істер органдарының қызметін материалдық-техникалық, қаржылық, кадрлық, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі белгіленді¹⁵.

ҚР ПМ ішкі органдары жүйелерін басқаратын, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде ҚР қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын, құқық қорғау қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысатын ҚР орталық атқарушы органы болып табылды.

Министрліктің ведомствосы – **Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті** болды.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 8 маусымдағы** қаулысымен министрліктің **Жол полициясы комитеті** құрылды¹⁶. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге оның тағы бір ведомствосы – Жол полициясы комитеті бар екендігі көрсетілген өзгерту енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 28 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігінің Қылмыстық-іс атқару жүйелері комитеті** құрылды¹⁷. Оған таратылған **ҚР Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің** мүлкін басқару жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер берілді. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді: ҚР Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық іс-атқару жүйелері комитеті министрлік ведомстволарының қатарынан шығарылды, сондай-ақ министрліктің негізгі функцияларынан қылмыстық іс-атқару жүйелері қызметін қамтамасыз ету функциялары шығарылды.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 22 мамырдағы** қаулысымен министрліктің **Тыл департаменті** таратылды¹⁸.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына¹⁹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 26 қыркүйектегі** қаулысымен²⁰ министрліктің Ішкі әскерлер командасының бас басқармасы **Ішкі әскерлер комитеті** болып қайта ұйымдастырылды¹⁹. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге оның тағы бір ведомствосы – Ішкі әскерлер комитеті бар екендігі көрсетілген өзгерту енгізілді.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 11 қазандағы** қаулысымен министрліктің Жол полициясы комитеті таратылды. Оның мүлкін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері министрлікке берілді²¹. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге өзгерту енгізілді: ведомстволардың қатарынан Жол полициясы комитеті алынып тасталынды.

ҚР Президентінің **2003 ж. 23 желтоқсандағы** Жарлығымен министрлік қайта ұйымдастырылды, экономикалық және сыбайлас қылмыстарды анықтау және тергеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Экономикалық және сыбайлас қылмыстармен күрес жөніндегі агенттігіне (қаржы полициясы)** берілді; қылмыс жасады деп күдіктенген және айыпталған адамдарды ұстау және тергеу изоляторында жазасын өткеретін сотталғандарға қатысты қылмыстық жазаларды атқару, сондай-ақ құжаттау және ҚР азаматтарына жеке куәлігі мен паспортын беру жөніндегі функциялары **ҚР Әділет министрлігіне** берілді²².

ҚР Әділет министрлігі есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет ету

саласындағы функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ішкі істер министрлігіне беріле отырып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Президентінің *2003 ж. 23 желтоқсандағы Жарлығына* сәйкес ҚР Үкіметінің *2004 ж. 3 наурыздағы* қаулысымен ҚР Ішкі істер министрлігінің *Есірткі бизнесімен күрес және есірткілердің айналымын бақылау жөніндегі комитеті* құрылды²³. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге өзгерту енгізілді: Есірткі бизнесімен күрес және есірткілердің айналымын бақылау жөніндегі комитеті министрлік ведомстволарының құрамына енгізілді; министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет ету саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру қосылды.

ҚР Үкіметінің *2005 ж. 22 маусымдағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді²⁴.

Министрлік ҚР Ішкі істер органдары жүйесін басқаруды, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде қылмыспен күрес, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда, қалалардағы аудандарда және көлікте аймақтық органдары болды, сондай-ақ оның ведомстволары – Ішкі әскери комитеті және Есірткі бизнесімен күрес және есірткілердің айналымын бақылау жөніндегі комитеті қызмет атқарды.

Министрліктің негізгі міндеттері: қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, қылмыспен және есірткі бизнесімен күрес, есірткі және қару айналымын бақылауды қамтамасыз ету, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болды.

ҚР Үкіметінің *2006 ж. 21 сәуірдегі* қаулысымен *министрліктің Тергеу комитеті, Әкімшілік полиция комитеті, Криминалдық полиция комитеті* және *Жол полициясы комитеті* құрылды. Комитеттер туралы ережелер және олардың құрылымы бекітілді²⁵.

Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге мынадай өзгертулер енгізілді: министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарында, қалаларында, қала аудандарында және көлікте аймақтық органдары, сондай-ақ ведомстволары бар: *Ішкі әскери комитеті, Есірткі бизнесімен күрес және есірткілердің айналымын бақылау жөніндегі комитеті*, Тергеу комитеті, Әкімшілік полиция комитеті, Криминалдық полиция комитеті және Жол полициясы комитеті.

ҚР Президентінің *2009 ж. 22 сәуірдегі* Жарлығымен ҚР Үкіметіне сот шешімдерін орындау тәртібін бұзу және сотты құрметтемеушілік көрінісіне байланысты қылмыстық істерді тергеу өкілеттіктерінің ҚР Ішкі істер министрлігінен *ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитетінің* қарамағына берілуін қамтамасыз ету тапсырылды²⁶.

ҚР Президентінің *2010 ж. 17 тамыздағы* Жарлығымен министрлік ҚР Ішкі істер министрлігінің қоғамдық тәртіпті бұзушыларды медициналық айықтырғыштарға жеткізу жөніндегі функцияларын қоспағанда, медициналық айықтырғыштың қызметіне байланысты функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Денсаулық сақтау министрлігі* қарамағына; кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарының қызметіне байланысты функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Білім және ғылым министрлігі* қарамағына; Ішкі істер министрлігінде мемлекеттік техникалық тексеруден уақтылы өтуді бақылау функциясын сақтай отырып, көлік құралдарына мемлекеттік техникалық тексерудің жүргізілуін бақылау жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігіне*, көрсетілген техникалық тексеру жүргізу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері бәсекелі ортаға беріле отырып; аса маңызды стратегиялық объектілерді күзету жөніндегі функцияларды қоспағанда, күзет қызметі жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері бәсекелі ортаға беріле отырып қайта ұйымдастырылды²⁷.

ҚР Президентінің *2010 ж. 22 қыркүйектегі* Жарлығымен министрлікке қайта ұйымдастырылған *ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің* шетелдік жұмыс күшін тартуға квота беру және оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақылар мен өтемақылар төлеу

жөніндегі функцияларды қоспағанда, халықтың көші-қоны саласындағы, сондай-ақ босқындардың мәселелері жөніндегі функциялары берілді²⁸.

ҚР Президентінің **2010 ж. 17 тамыздағы** Жарлығына сәйкес ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті** құрылды²⁹. Осыған сәйкес комитет министрлік ведомстволарының қатарына енгізілді, ал министрліктің негізгі міндеттері толықтырылды: халықтың көші-қоны саласындағы, сондай-ақ босқындардың мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және салааралық үйлестіруді іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік басқару.

Комитет қарамағына таратылған **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті** қарамағындағы ұйымдар (Қарағанды, Шымкент, Ақтау қалаларындағы және Оңтүстік Қазақстан облысының Ақсукеңт ауылындағы оралмандарды бейімдеу және кірістіру орталықтары) берілді.

ҚР Ішкі істер министрлігінің «Көліктегі Батыс ішкі істер департаменті», «Көліктегі Орталық ішкі істер департаменті» және «Көліктегі Оңтүстік-Шығыс ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемелері оларды «Көліктегі ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Тиісті өзгертулер министрліктің аймақтық органдарының атауларына енгізілді.

Министрліктің медициналық айықтырғыштар қызметіне байланысты функциялары мен өкілеттіктері – денсаулық сақтау жүйесіне берілді. Министрліктің өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде бұдан әрі тұру мүмкіндігі болмаған жағдайларда қылмыс жасағандығы үшін айыпталғандарды қоспағанда, кәметке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарының қызметіне байланысты функциялары мен өкілеттіктері – білім жүйесіне берілді.

ҚР Әділет министрлігіне әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жазаларды орындау үшін қажетті арнайы қабылдау орындарын кезең-кезеңімен беру тапсырылды.

Ішкі істер органдарының есірткі бизнесіне қарсы күресті жүзеге асыратын аймақтық бөлімшелері министрліктің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетінің тікелей бағыныстылығына берілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 желтоқсандағы** қаулысымен Қарағанды, Шымкент, Ақтау қалаларындағы және Оңтүстік Қазақстан облысының Ақсукеңт ауылындағы оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары тиісті облыстардың ішкі істер департаменттерінің оралмандарды бейімдеу және кірістіру орталықтары болып қайта аталды және сәйкесінше министрліктің Көші-қон полициясы комитеті қарамағынан тікелей министрлік қарамағына өтті³⁰.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 31 наурыздағы** қаулысымен министрліктің мына аймақтық органдары – мемлекеттік мекемелері: Орал әскери-тергеу бөлімі Ақтөбе әскери-тергеу басқармасына бірігу жолымен; Қапшағай әскери-тергеу басқармасы Алматы әскери-тергеу басқармасына бірігу жолымен; Петропавл әскери-тергеу бөлімі Қостанай әскери-тергеу басқармасына бірігу жолымен; Қызылорда әскери-тергеу бөлімі Шымкент әскери-тергеу басқармасына бірігу жолымен; Атырау әскери-тергеу бөлімі Ақтау әскери-тергеу басқармасына бірігу жолымен; Павлодар әскери-тергеу бөлімі Семей әскери-тергеу басқармасына бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды³¹.

Степногорск, Жаңаөзен, Екібастұз қалаларының ішкі істер бөлімдері басқармалар болып, Ақмола әскери-тергеу басқармасы – Астана, Семей – Шығыс, Аягөз және Ақтау әскери-тергеу бөлімдері – тиісті басқармалар болып қайта аталды.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 14 наурыздағы** қаулысымен Министрліктің **Көші-қон полициясы комитеті** таратылды³².

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 5 тамыздағы** қаулысымен Министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жазылды³³.

Министрлік ҚР ішкі істер органдарының жүйесіне басшылық етуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда, қалалардағы аудандарда және көліктегі аумақтық органдары, сондай-ақ мынадай ведомстволары бар: **ҚР Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы; Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті; Әкімшілік полиция комитеті; Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті; Криминалдық полиция комитеті; Тергеу комитеті.**

Министрліктің негізгі міндеттері: құқық бұзушылық профилактикасы; қоғамдық тәртіпті сақтау; қылмысқа қарсы күрес; қылмыстық жазаларды және әкімшілік шара қолдануды орындау.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен Министрлік, оған өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді қоспағанда, **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің** функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып қайта ұйымдастырылды³⁴.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 15 тамыздағы** қаулысымен **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің** қарамағындағы мемлекеттік мекемелер – аумақтық бөлімшелер мен мемлекеттік мекемелер қайта аталды³⁵.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 20 қарашадағы** қаулысымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің 28237 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің 52859 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің 68303 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесі **ҚР Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің** қарамағынан **ҚР Ұлттық ұланының** қарамағына берілді³⁶.

ҚР Үкіметінің **2017 ж. 6 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті** құрылды³⁷.

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 11 қыркүйектегі** қаулысымен **ҚР Ішкі істер министрлігінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті** құрылды³⁸.

¹ «Қазақ ССР Мемлекеттік мекемелері. Әлеуметтік-мәдени құрылыс басқармасының органдары, әкімшілік-саяси органдар мен Қазақ АССР әділ органдары 1920-1936 жж., Алматы, 1984, 81-б.

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР 1992 ж. 23 маусымдағы №1405 Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992, № 11-12, 288-құжат).

⁴ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: БҰ «Эдельвейс», 2004. 612-б.

⁵ «Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 11 ақпандағы № 1562 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 8, 80-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік өрт қадағалау мен өрттен қорғауды ұйымдастыру тәртібі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 сәуірдегі № 430 қаулысына (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 20, 192-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 6 қазандағы № 2513 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 32, 395-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2707 Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 23, 154-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйелерін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 16, 125-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Тыл департаменті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 31 шілдедегі № 1191 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 34, 320-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Қылмыстық-атқару жүйелері департаменті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 7 тамыздағы № 1231 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 36, 340-құжат).

¹² «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 5 қарашадағы № 3731 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 48, 443-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 17 ақпандағы № 134 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 6, 36-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 31 наурыздағы № 329 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 11, 100-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 8 маусымдағы № 777 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 21, 262-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйелері комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 28 желтоқсандағы № 1755 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 49-50, 590-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 22 мамырдағы № 554 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 14, 151-құжат).

- ¹⁹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ішкі әскер комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 26 қыркүйектегі № 1057 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 32, 344-құжат).
- ²¹ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 11 қазандағы № 1116 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 34, 368-құжат).
- ²² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы № 1255 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2003 ж. 26 желтоқсан).
- ²³ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 3 наурыздағы № 261 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 11, 139-құжат).
- ²⁴ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 22 маусымдағы № 607 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 25, 311-құжат).
- ²⁵ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 21 сәуірдегі № 313 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 14, 136-құжат).
- ²⁶ «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 22 сәуірдегі № 793 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 19, 166-құжат).
- ²⁷ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).
- ²⁸ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы №1039 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 51, 466-құжат).
- ²⁹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 30 қыркүйектегі № 1009 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 53, 510-құжат).
- ³⁰ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 желтоқсандағы № 1477 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 10-11, 126-құжат).
- ³¹ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 31 наурыздағы № 304 қаулысы (Егемен Қазақстан, 2011 ж. 22 сәуір).
- ³² «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 14 наурыздағы № 245 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 21, 345-құжат).
- ³³ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 ж. 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 5 тамыздағы № 881 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 51, 513-құжат).
- ³⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).
- ³⁵ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 15 тамыздағы № 938 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 54, 534-құжат).
- ³⁶ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 20 қарашадағы № 1215 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 71, 646-құжат).
- ³⁷ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 6 наурыздағы № 110 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2017, № 9-10, 56-құжат).
- ³⁸ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 11 қыркүйектегі № 735 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 40, 250-құжат).

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі жанындағы
Тыл департаменті
(ІМ жанындағы Тыл департаменті)
(1997–2002)

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 31 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен департамент туралы ереже бекітілді².

Департамент ҚР заңдарына сәйкес ҚР ішкі істер органдарын материалдық-техникалық және әскери жабдықтауды, үйлердің, ғимараттардың, жабдықтардың және автомобиль техникаларының күрделі құрылысы мен жөндеу-пайдалану мұқтаждарын шаруашылық және тұрмыстық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды жүзеге асыратын **ҚР Ішкі істер министрлігінің** дербес құрылымдық бөлімшесі болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: ҚР ішкі істер органдарының бөлімшелерін тиістілік табельдерімен қамтамасыз ету нормалары бойынша көзделген материалдық-техникалық ресурстармен, әскери техникамен, қару-жарақпен, оқ-дәрілермен және арнаулы құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағыттарды әзірлеу; ҚР ішкі істер органдары бөлімшелерінің мұқтажына арналған өнімдерді мемлекеттік сатып алуды әзірлеуге және қалыптастыруға қатысу; бөлінген қаржының негізінде мемлекеттік бюджеттің қаражаты мен басқа да қаражаттарды ҚР

ішкі істер органдарының бөлімшелерін материалдық-техникалық және әскери жабдықтауға, олардың үйлерінің, ғимараттарының, жабдықтарының, автомобиль техникаларының күрделі құрылысы мен жөндеу-пайдалану мұқтаждарын шаруашылықтық және тұрмыстық қамтамасыз етуге пайдалану жөнінде ұсыныс әзірлеу; ҚР Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының қызметін шаруашылық қамтамасыз етуді және оның үйлері мен ғимараттарын күзету жөніндегі қызметті ұйымдастыру; қаржы-шаруашылық жүйелерін және тікелей бағынысты ұйымдардың қызметіне бақылау жасауды нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асыру; ҚР ішкі істер органдарының облыстардағы, республикалық бағыныстағы қалалардағы, астанадағы ішкі істер басқармаларындағы (Бас басқармаларындағы), көліктегі және оқу орындарындағы шаруашылық бөлімшелерінің материалдық-техникалық ресурстарды сатып алу және жеткізу, үйлердің, ғимараттардың, жабдықтардың, автомобиль техникаларының құрылысын пайдалануды, күрделі және ағымдағы жөндеуді жүргізу жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру; белгіленген тәртіппен ҚР ішкі істер органдарының қызметін автокөлікпен қамтамасыз етуді, Ішкі істер министрлігі, департамент және оған тікелей бағынысты ұйымдар орталық аппаратының, автомобиль көліктерін Мемлекеттік автомобиль инспекциясына есепке қоюды жүзеге асыру; департамент пен оған тікелей бағыныстағы ұйымдардың объектілерінде шаруашылық қызметін жүргізу кезінде қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асыру; ҚР ішкі істер органдары бөлімшелерінің мұқтажы үшін қару-жарақтар, оқ-дәрілер, әскери және арнаулы техникалар, жеке қорғау және белсенді қорғаныс құралдарын, заттай мүліктер мен керек-жарақтарды, басқа да материалдық ресурстарды жеткізу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу; шетелдік ұйымдармен әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі өндірістік, ғылыми-техникалық, кооперациялық байланыстарды жүзеге асыру.

ҚР ПМ тылдық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін құрайтын облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы ішкі істер басқармаларындағы (бас басқармаларындағы), көліктегі, оқу орындарындағы және ұйымдардағы шаруашылық басқармалары (бөлімдері) департаменттің жедел бағыныстылығында болды.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 22 мамырдағы** қаулысымен департамент таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Тыл департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 31 шілдедегі № 1191 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 34, 320-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Тыл департаменті туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 31 шілдедегі № 1191 қаулысына қосымша (ҚР ПУАЖ, 1997, № 34, 320-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 22 мамырдағы № 554 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 14, 151-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі жанындағы
Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
(ҚАЖД)
(1997–1999)**

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 7 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент қызметінің мәселелері жөніндегі ҚР заңнамасының атқарылуын қамтамасыз еткен қылмыстық-атқару жүйесін мемлекеттік басқару органы болып табылды.

Департаменттің негізгі міндеттері: өз құзыретінің шегінде еңбекпен түзеу мекемелерінің қылмыстық жазаларды атқаруы жөніндегі жұмысын ұйымдастыру; қылмыс жасады деп күдіктілер мен айыптыларды, заңды күшіне енбеген айыптау үкімі шығарылған сотталушылар мен сотталғандарды күзетте ұстауды ұйымдастыру; жазаларды атқарушы мекемелерде және тергеулік оқшалау орындарында құқық тәртібі мен заңдылықты, осы мекемелердің аумағындағы

қызметкерлердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың, сондай-ақ онда ұсталатын сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру; жазаны өтеудің тиісті жағдайларын, сотталғандардың денсаулығын қорғауды; сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау; сотталғандарға жалпы білім беру мен кәсіптік оқытуды ұйымдастыру.

Департаменттің құрылымына бас бостандығынан айыру және түзеу жұмыстары; қылмыс жасады деп күдік білдіргендер мен айыптыларды, заңды күшіне енбеген айыптау үкімі шығарылған сотталғандарды қамауда ұстау түріндегі қылмыстық жазалардың атқарылуын ұйымдастыруды жүзеге асырушы бөлімшелер, сондай-ақ темір жол көлігімен және арнайы тасымалдауларды қамтамасыз еткен бөлімшелер кірді.

Ішкі істер министрінің шешімімен департаменттің тікелей қарауына түзеу мекемелері мен тергеу изоляторлары берілуі мүмкін еді.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен **ҚР ИМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің** құрылуына байланысты департамент өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 7 тамыздағы № 1231 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 36, 340-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 7 тамыздағы № 1231 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 36, 340-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (1) (1999–2011)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 5 мамырдағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Ішкі істер министрлігі** құзыретінің шегінде атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ қылмыстық жазаны атқару саласында салааралық үйлестіруді қамтамасыз ететін ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: жазаларды атқарушы мекемелер мен органдардың қылмыстық жазаларын атқару жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру және жетілдіру; қылмыс жасады деп күдік білдіргендер мен айыпталғандарды, заңды күшіне енбеген айыптау үкімі шығарылған сотталғандарды қамауда ұстауды ұйымдастыру; жазаларды атқарушы мекемелер мен органдарда және тергеулік оқшаулау орындарында құқық тәртібі мен заңдылықты, олардың аумағындағы қызметкерлердің, лауазымды адамдардың және азаматтардың, сондай-ақ онда ұсталатын сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру; Қылмыстық-атқару кодексінде белгіленген сотталғандарды ұстау шарттары нормаларының орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру; сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау; сотталғандарға жалпы білім беру мен кәсіптік оқытуды ұйымдастыру.

Комитеттің облыстарда және Алматы қаласында қылмыстық-атқару заңнамасының орындалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы аймақтық органдары болды.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 28 желтоқсандағы** қаулысымен комитет таратылды, мүлкін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне** берілді³.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті** болып қайта аталды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 5 мамырдағы № 668 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 21, 235-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйелері комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 28 желтоқсандағы № 1755 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 49-50, 590-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдірудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 2 тамыздағы № 900 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 51, 695-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (2001–2011)

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 28 желтоқсандағы** қаулысымен құрылды, оған таратылған **ҚР Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің** мүлкін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес Комитет **ҚР Әділет министрлігінің** құзыреті шегінде атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ қылмыстық жазалауды орындау саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қылмыстық жазалауды орындау жөніндегі мекемелер мен органдардың жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру; жазалауды орындаушы мекемелер мен органдарда құқық тәртібі мен заңдылықты, олардың аумағындағы қызметкерлердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың, сондай-ақ онда ұсталатын сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру; қылмыстық-атқару кодексінде белгіленген сотталғандарды ұстау шарттары нормаларының орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру; шарттар бойынша, жеке еңбек және өзге де қызметтің әдісімен қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында сотталғандардың еңбегіне жағдай жасау және оны ұйымдастыру; сотталғандарға жалпы білім беруді және кәсіптік оқытуды ұйымдастыру; өз құзыреті шегінде қылмыстық-атқару жүйесінің тіршілігін қамтамасыз ету және оның шығыстарын бөлінген қаржы мен лимиттер шегінде қаржыландыруды қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесінің материалдық-техникалық базасы мен әлеуметтік саласын дамыту және нығайту; жазалауды орындаушы мекемелер мен органдарда ҚР заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру; түзеу мекемелерінде дайындалатын және жасалатын қылмыстарды және жазалауды өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылықтарды анықтау, ашу, жолын кесу және алдын алу; сотталғандар түзеу мекемесіне келгенге дейін жасаған қылмыстарды анықтауға және ашуға жәрдемдесу; қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес анықтауды жүзеге асыру; сотталғандардың денсаулығын сақтауды ұйымдастыру.

Комитеттің облыстар мен Алматы қаласында мемлекеттік мекемелердің ұйымдастыру-құқықтық нысандағы, сондай-ақ қылмыстық-атқару заңнамасының орындалуын қамтамасыз ететін аймақтық органдары, сотталғандарды күзету және тәртібін қадағалауды жүзеге асыратын саптық бөлімшелері, оқу мекемелері мен кәсіпорындары болды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 3 наурыздағы** қаулысымен комитет туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³. Комитет қылмыстық жазалауды орындау саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асырумен қатар, күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша оқшаулауды және тергеу изоляторында уақытша оқшаулауды жүзеге асырды. Осыған сәйкес, комитеттің аймақтық органдары мен мекемелерінің қатарына күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторларында уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелер мен органдар енгізілді. Сәйкес өзгертулер мен толықтырулар комитеттің негізгі міндеттеріне де енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁴.

Комитет өз құзыретінің шегінде қылмыстық-атқару қызметі саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ҚР Әділет министрлігінің ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті қылмыстық жазаны орындау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, қылмыстық жазаны орындайтын органдар мен мекемелерде құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз ету болды.

Комитеттің облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында аумақтық органдары, сондай-ақ қылмыстық жазаларды орындауды және күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторларында уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелері мен органдары, сотталғандарды күзетуді және олардың мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын саптық бөлімшелері, оқу орындары және кәсіпорындары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жедел басқармасы; кадр басқармасы; медициналық қамтамасыз ету басқармасы; сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру басқармасы; тәрбие жұмысы жөніндегі басқарма; қылмыстық-атқару инспекцияларын басқару басқармасы; құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық басқармасы; режим, қадағалау және қорғау басқармасы; ресурстық қамтамасыз ету басқармасы; тергеу изоляторлары мен арнайы есепке алу басқармасы; қаржы-экономикалық басқарма; Штаб-Басқарма; ақпарат және жұртшылықпен байланыс бөлімі; мемлекеттік құпияны қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бөлімі; мемлекеттік тілді дамыту бөлімі; өз қауіпсіздігі бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 31 мамырдағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (басқармалары) департаменттер болып қайта аталды⁵.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің** қайта аталуы нәтижесінде құрылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 28 желтоқсандағы № 1755 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 49-50, 590-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 3 наурыздағы № 260 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 11, 138-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 41, 532-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мемлекеттік мекемелерін қайта атау туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 мамырдағы № 494 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 35, 287-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдірудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 2 тамыздағы № 900 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 51, 695-құжат).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тергеу комитеті (2006–2014)

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 21 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді.

Комитет **ҚР Ішкі істер министрлігінің** құзыреті шегінде қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қылмыстардың алдын алу, анықтау және ашу, сондай-ақ ішкі істер органдары үшін заңнамада белгіленген құзырет шегінде алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асыру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; аймақтық бақылау және алдын ала тергеуді ұйымдастыру басқармасы; алдын ала тергеуді талдау жұмысы басқармасы; анықтау жұмысын ұйымдастыру басқармасы; ұйымдасқан қылмыс туралы істерді тергеу басқармасы; аса қауіпті қылмыстарды тергеу басқармасы; ауыр және мүлктік қылмыстарды тергеу басқармасы; әскери қылмыстарды тергеу басқармасы; әскери қылмыстар жөніндегі жұмысты ұйымдастыру басқармасы; жедел жұмысты ұйымдастыру басқармасы; бақылау-әдістеме басқармасы; әкімшілік басқарма; режимдік және ерекше күзетілетін объектілерде тергеуді ұйымдастыру бөлімі; аса маңызды істер жөніндегі бас тергеушілер бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 21 сәуірдегі № 313 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, №1 4, 136-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (2) (2011*)

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 2 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Ішкі істер министрлігінің** ведомствосы болып табылады және жазаларды орындау және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын іске асыру саласында басшылықты жүзеге асырады.

Міндеттері: жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын орындау мен өтеу тәртібі мен шарттарын реттеу; сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ҚР ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару жүйесінде күдіктілердің, айыпталушылардың және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету; қылмыстық жаза өтеп жатқан адамдар арасында тәрбие жұмысын ұйымдастыру, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асыру; ҚР заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау².

¹ «Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелерінің кейбірі туралы» ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 2 тамыздағы № 900 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011 ж., № 51, 695-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволары, аумақтық органдары туралы ережелер мен оқу орындарының жарғыларын бекіту туралы» ҚР Ішкі істер министрінің 2014 ж. 1 желтоқсандағы № 662 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/history/171595/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (2001–2002, 2006–2013)

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 8 маусымдағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет **ҚР Ішкі істер министрлігінің** құзыреті шегінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: жол қауіпсіздігі саласында азаматтардың өмірін, құқықтарын және бостандығын қорғау; жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыру; ҚР жол қозғалысы қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін мемлекеттік қадағалау және бақылау; жол қозғалысы саласында мемлекеттік билік ету және рұқсат ету функцияларын жүзеге асыру; жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында арнаулы атқару, бақылау-қадағалау және үйлестіру функцияларын жүзеге асыруға уәкілеттендірілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға – облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жол полициясы басқармаларына басшылық жасау болды; ҚР ішкі істер органдарының жол полициясы қызметінің іс-әрекетін бақылау және жетілдіру; алдын алу іс-шараларын жүргізудің және халыққа жол қозғалысы қауіпсіздігінің ережелері мен талаптарын оқытудың тәртібін белгілеу; жол қозғалысы саласында қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу; заңнамада белгіленген құзыреті шегінде анықтауды және әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру; министрліктердің, агенттіктердің, ведомстволардың және өзге де ұйымдардың жол қозғалысының қауіпсіздігін

қамтамасыз ету саласындағы қызметін үйлестіру; жол қозғалысын, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нысандары мен әдістерін жетілдіру.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына³ сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 11 қазандағы** қаулысымен⁴ комитет таратылды, мүлкін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ішкі істер министрлігіне берілді.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 21 сәуірдегі** қаулысымен бұрынғы атауымен қайта құрылды⁵.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді.

Комитет ҚР Ішкі істер министрлігінің құзыреті шегінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында арнайы атқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; ҚР-да жол қозғалысы қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру жөніндегі функцияларды қамтамасыз ету; жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді үйлестіру жөніндегі функцияларды қамтамасыз ету.

Комитеттің құрылымы: басшылық; әкімшілік басқарма; үйлестіру және құқықтық жұмыс басқармасы; жол-патрульдік қызмет басқармасы; мемлекеттік автомобиль инспекциясы басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 26 тамыздағы** қаулысымен комитетке қайта ұйымдастырылған **ҚР Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті** қосылды⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 8 маусымдағы № 777 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 21, 262-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитетін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 11 қазандағы № 1116 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 34, 368-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 21 сәуірдегі № 313 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, №14, 136-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 26 тамыздағы № 855 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 50, 699-құжат).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (2006*)

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 21 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді.

Комитет **ҚР Ішкі істер министрлігінің** құзыреті шегінде қоғамдық тәртіпті сақтау, мемлекеттік күзетілуге тиіс объектілердің қауіпсіздігі, көші-қон заңнамасын сақтау, күзет қызметін жүзеге асыру, арнайы мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалуды анықтау және жолын кесу, ҚР заңнамасында белгіленген құзырет шегінде анықтауды және әкімшілік өндірісті жүзеге асыру; заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың ҚР аумағында болу мәселелері жөніндегі заңнаманы сақтауын бақылау, виза жұмысын жүзеге асыру және ҚР азаматтығына байланысты мәселелерді қарау; ұсталған және қамауға алынған адамдарды, оның ішінде белгілі мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды ұстау орындарындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету; мемлекеттік

күзетілуге тиіс объектілерді күзету; ҚР заңнамасында белгіленген құзырет шегінде лицензиялау және рұқсат ету қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Комитеттің құрылымы: басшылық; алдын алу қызметі басқармасы; патрульдік полиция басқармасы; лицензия-рұқсат беру жұмысы басқармасы; көші-қон полициясы басқармасы; азаматтық және иммиграция басқармасы; мемлекеттік күзет қызметі басқармасы; арнайы полиция басқармасы; арнайы мекемелер басқармасы; әкімшілік басқарма.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 26 тамыздағы** қаулысымен Ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру және басқару жүйесін оңтайландыру мақсатында Комитет оған **ҚР Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитетін** қосу арқылы қайта ұйымдастырылды².

ҚР Ішкі істер министрінің **2014 ж. 1 қазандағы** бұйрығымен комитет туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді³.

Ережеге сәйкес, комитет ҚР Ішкі істер министрлігінің ведомствосы болып табылады және қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу, қылмыстарды ашу, құқық бұзушылықтардың, соның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты өз құзыреті шегінде іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: құқық бұзушылықтардың профилактикасы; қоғамдық тәртіпті қорғау; жол қозғалысын бақылау және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бақылау мен қадағалау; азаматтық және қызметтік қару мен оған арналған оқ-дәрілер айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау; күзет қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау; – ішкі істер органдарының құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізудің жай-күйіне бақылау жасау.

¹ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 21 сәуірдегі № 313 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, №14, 136-құжат).

² Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 26 тамыздағы № 855 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 50, 699-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволары, аумақтық органдары және оқу орындарының жарғылары туралы ережелерді бекіту туралы» ҚР Ішкі істер министрінің 2014 ж. 1 қазандағы № 662 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.
[Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/83956/kaz/> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция комитеті (2006–2014)

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 21 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді.

Комитет **ҚР Ішкі істер министрлігінің** құзыреті шегінде қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қылмыстарды анықтау, ашу, тергеу, жолын кесу және болдырмау, тергеуден, анықтаудан және соттан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаларын өтеуден жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды және ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Комитеттің құрылымы: басшылық; қылмыстық топтар мен қоғамдастықтарды әшкерелеу басқармасы; аса қауіпті қылмыстарды ашу басқармасы; экстремизмге және криминалдық терроризмге қарсы күрес басқармасы; қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау бөлімі; Оңтүстік өңірлік ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы; Батыс өңірлік ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы; ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету және талдау жұмысы басқармасы; әкімшілік басқарма; жеке тұлғаға қарсы жасалған қылмыстарды ашуды ұйымдастыру басқармасы; мүліктік қылмыстарды ашуды ұйымдастыру басқармасы; криминалдық іздестіру

басқармасы; ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстарға қарсы күресті ұйымдастыру басқармасы.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 21 сәуірдегі № 313 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 14, 136-күжат).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P140000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитеті (2002–2014)

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің **2002 ж. 26 қыркүйектегі** қаулысымен² ҚР Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасының комитеті болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 26 қыркүйектегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес комитет жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан қорғауды **ҚР Ішкі істер министрлігінің** құзыреті шегінде жүзеге асыратын ведомство болып табылды.

Комитеттің негізгі міндеттері: маңызды мемлекеттік объектілерді және тасымалдау кезінде арнайы жүктерді күзетуді ұйымдастыру; түзеу мекемелерін күзетуді ұйымдастыру, сотталғандар мен қамауға алынған адамдарды айдауылдау; ішкі әскерлердің қоғамдық тәртіпті сақтауға, қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасып бұзудың жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдайдың, құқықтық режимін қамтамасыз етуге, төтенше жағдайлардың (дүлей зілзалалардың, ірі авариялар мен апаттардың) зардаптарын жоюға ішкі істер органдарымен бірлесе отырып қатысуын қамтамасыз ету; соғыс кезінде ҚР аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету; заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күресуді ұйымдастыруға қатысу; аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, террорлық актілердің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу және тайталасушы тараптарды ажырату жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу.

Комитеттің төрағасы лауазымы бойынша ҚР Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің Қолбасшысы болды.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 22 маусымдағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁴.

Комитет Ішкі істер министрлігінің ведомствосы, бейбіт және соғыс уақытында ішкі әскерлерді әскери басқару органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болды.

Комитеттің төрағасы лауазымы бойынша ҚР Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің Қолбасшысы болды.

Комитетінің құрылымы: қолбасшылық; инспекторлық-талдамалық басқарма; жедел басқарма, жауынгерлік қызмет басқармасы; ұйымдастыру-жұмылдыру басқармасы; байланыс басқармасы; автоматтандыру басқармасы; хатшылық басқармасы; жауынгерлік даярлық басқармасы; тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс басқармасы; заң басқармасы; кадр және әскери білім басқармасы; техника және қару-жарақ басқармасы; тыл басқармасы; әскери медицина басқармасы; мемлекеттік сатып алу басқармасы; бюджет-қаржы басқармасы; бақылау-тексеріс басқармасы; әскери полиция басқармасы.

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен комитет *ҚР Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы* болып қайта аталды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 26 қыркүйектегі № 1057 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 32, 344-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 22 маусымдағы № 607 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 25, 311-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурсы]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті (2010–2013)

ҚР Президентінің *2010 ж. 17 тамыздағы* Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2010 ж. 30 қыркүйектегі* қаулысымен² құрылды.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитетінің қарамағындағы ұйымдар (Қарағанды, Шымкент, Ақтау қалаларындағы және Оңтүстік Қазақстан облысы Ақсуқент селосындағы оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары) құрылған комитеттің қарамағына берілді.

Комитет *ҚР Ішкі істер министрлігінің* ведомствосы болып табылды.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 30 желтоқсандағы* қаулысымен Қарағанды, Шымкент, Ақтау қалаларындағы және Оңтүстік Қазақстан облысы Ақсуқент селосындағы оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары тиісті облыстардың ішкі істер департаменттерінің оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары болып қайта аталды және осыған сәйкес комитет құрамынан шығарылып, тікелей министрліктің қарамағына берілді³.

ҚР Үкіметінің *2013 ж. 14 наурыздағы* қаулысымен комитет таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).

² «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 қыркүйектегі №1009 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 53, 510-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 желтоқсандағы № 1477 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2011, № 10-11, 126-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 14 наурыздағы № 245 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 21, 345-құжат).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті (2017*)

ҚР Президентінің *2016 ж. 30 желтоқсандағы* Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2017 ж. 6 наурыздағы* қаулысымен құрылды².

Комитет *ҚР Ішкі істер министрлігінің* құзыреті шегінде көші-қон саласындағы мемлекеттік және іске асыруды, көші-қон процестерін мониторингілеуді, талдауды және болжауды, сондай-ақ ҚР азаматтығы мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: көші-қон процестерін мониторингілеу, талдау және болжау; сыртқы көші-қонды реттеу және заңсыз көші-қонға қарсы күресті ұйымдастыру; ҚР тұрақты

тұрып жатқан шетелдіктермен жұмысты ұйымдастыру; халықты құжаттандыру және тіркеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; ҚР азаматтығына байланысты мәселелерді қарау³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 30 желтоқсандағы № 401 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2016, № 67, 451-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2017 ж. 6 наурыздағы № 110 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2017, № 9-10, 56-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 185 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/doc/123815/rus> (ресми жариялау күні: 03.08.2018).

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (2014*)

ҚР Үкіметінің *2014 ж. 14 тамыздағы* қаулысымен *ҚР Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетінің* қайта аталуы нәтижесінде құрылды¹.

2014 ж. 1 қазандағы ҚР Ішкі істер министрінің бұйрығымен ҚР Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы туралы Ереже бекітілді, оған кейінгі жылдары бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді².

Бас қолбасшылық, ҚР Ұлттық ұланға бейбіт және соғыс уақытында әскери басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын ҚР Ішкі істер министрлігінің Комитет құқығындағы ведомствосы болып табылады.

Бас қолбасшылық Ұлттық ұланды әскери басқарудың жедел-стратегиялық органы болып табылады және оны ҚР Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы басқарады.

Бас қолбасшылықтың негізгі міндеттері: әскерлерді тұрақты жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінде ұстап тұру; ҚР Ұлттық ұланның құрылысы және дамуы жоспарларын әзірлеу және іске асыру, олардың ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіру; ҚР Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік қызметін ұйымдастыру; ҚР заңнамасымен Бас қолбасшылығына жүктелген басқа да міндеттерді шешу³.

¹ Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволары, аумақтық органдары туралы ережелерді және оқу орындарының жарғыларын бекіту туралы» ҚР Ішкі істер министрінің 2014 ж. 1 қазандағы № 662 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <http://zan.gov.kz/client#!/doc/83956/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 662 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Ішкі істер министрінің 2018 ж. 16 қазандағы № 721 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <http://zan.gov.kz/client#!/doc/125286/kaz> (ресми жариялау күні: 2018 ж. 23 қазан).

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы (2015*)

2015 ж. 10 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» ҚР Заңымен құрылды¹.

Ұлттық ұлан ҚР ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және жеке бастың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан қорғауға арналады.

Ұлттық ұланның қызметі ҚР мемлекеттік қызмет қағидаттары, сондай-ақ: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан қорғаудың міндеттілігі; Ұлттық ұлан қатарында қызметті ұйымдастырудағы көзқарастардың біртұтастығы; дара басшылық пен дәреже сатысы (бағыныстылық); саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу негізінде жүзеге асырылады.

Ұлттық ұланға мынадай міндеттер жүктеледі: маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктерді күзету; ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті қорғауға, жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдай мен соғыс жағдайының, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимдерін қамтамасыз етуге қатысу, осы операцияға, сондай-ақ табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарларын жою жөніндегі іс-шараларға қатысу; сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, толық қауіпсіз мекемелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін күзету; Ұлттық ұлан күзететін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың мінез-құлқын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру; сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүру; соғыс уақытында ҚР аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау; ҚР аумағында қарулы қылмыскерлерді залалсыздандыру, заңсыз әскерилендірілген немесе қаруланған құралымдар (топтар), ұйымдасқан қылмыстық топтар (қоғамдастықтар) әрекетін тоқтату жөніндегі арнайы операцияларға қатысу; ауыр және аса ауыр қылмыстардың, диверсиялардың, терроризм актілерінің, қарулы қақтығыстардың жолын кесуге қатысу және тайталасушы тараптарды ажырату; ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау.

Ұлттық ұлан: Ұлттық ұланның әскери басқару органдарынан; жедел мақсаттағы құрамалар мен әскери бөлімдерден; маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктерді күзету жөніндегі арнайы әскери бөлімдерден; қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін күзету және айдауылмен алып жүру жөніндегі құрамалар мен әскери бөлімдерден; арнайы моторландырылған құрамалар мен әскери бөлімдерден; Ұлттық ұланның әскери полиция органдарынан; Ұлттық ұланның жоғары әскери оқу орнынан; Ұлттық ұланның қызметін қамтамасыз ететін әскери бөлімдерден (оқу-жаттығу, байланыс, тылдық, медициналық, техникалық қамтамасыз ету және басқалар); авиациялық бөлімдерден; арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерден (бөлімшелерден) тұрады.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 2 ақпандағы** қаулысымен «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Әскери институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің атауы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді².

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 22 қарашадағы** қаулысымен «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының есімі берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» ҚР 2015 ж. 10 қаңтардағы № 274-V ҚРЗ Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2015, № 1, 1-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 2 ақпандағы № 48 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 6, 48-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының есімін беру туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 22 қарашадағы № 937 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/173998/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

11.2 Ұлттық қауіпсіздікті басқару органдары

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті (1) (1991–1992)

ҚР Президентінің **1991 ж. 12 желтоқсандағы** Жарлығымен құрылды¹. Оған республика аумағында орналасқан КСРО кеден органдары бағынысты.

Комитет ҚР аумағындағы кеден істерін мемлекеттік басқаруды жүзеге асырды, республиканың кеден мекемелерінің қызметін басқарды. ҚР орталық кеден органы болды.

ҚР Министрлер Кабинеті тікелей басқаратын ҚР мемлекеттік басқару орталық органы болды². Оған тікелей **ҚР Министрлер Кабинеті** басшылық етті.

ҚР Кеден комитеті, ҚР кедендері, комитетке ведомстволық бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдар ҚР Кеден комитетінің бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 19 ақпандағы** қаулысымен Кеден комитеті туралы ереже бекітілді³.

Комитеттің негізгі міндеттері: комитет құзыреті шегінде ҚР Экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; сауда-экономикалық қатынастарды кедендік реттеу жүйесін жетілдіру; республика бюджетіне кеден алымдарын баж салықтарын, салықтарды және басқа төлемдерді енгізу; контрабандаға, кеден ережелерін және кеден салықтары туралы заңнаманы бұзушылыққа қарсы күресу; Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстар дамытуға жәрдемдесу және т.б.

ҚР Президентінің **1992 ж. 12 қарашадағы** Жарлығымен ҚР Кеден комитеті **ҚР Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы** болып қайта аталды және министрліктің құрамына кірді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1991 ж. 12 желтоқсандағы № 539 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991, № 51, 631-құжат).

² «Экономикалық реформа жағдайына Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 4, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден қызметі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 19 ақпандағы № 127 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 6, 100-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Қаржы, салық және кеден қызметтері туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 12 қарашадағы № 963 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 42, 619-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы (1992–1995)

ҚР Президентінің **1992 ж. 12 қарашадағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 29 желтоқсандағы** қаулысымен Жезқазған, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Семей, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында кедендер құрылды².

ҚР Президентінің **1995 ж. 1 сәуірдегі Жарлығымен** Бас кеден басқармасы таратылды³. Оның негізінде **ҚР Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитеті** құрылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Қаржы, салық және кеден қызметтерін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 12 қарашадағы № 963 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 42, 619-құжат). Бас басқарма туралы Ереже бекітілмеді. «ҚР Кеден комитеті» деген сөздер «ҚР Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы» деген сөздермен ауыстырылған күйдегі күшінде қалды. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден қызметі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 19 ақпандағы № 127 қаулысын (ҚР ПУАЖ, 1992, № 6, 100-құжат), «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күшін жойған деп тану туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 26 қарашадағы № 1192 қаулысын (ҚР ПУАЖ, 1993, № 46, 555-құжат) қараңыз. Құрастұрушылардың ескертпесі.

² «Қазақстан Республикасында кеден бақылауын одан әрі ұйымдастыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 29 желтоқсандағы № 1097 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1992, №50, 724-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 сәуірдегі № 2160 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 12, 133-құжат).

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті (1995)

Таратылған **ҚР Қаржы министрлігі Бас кеден басқармасының** негізінде ҚР Президентінің **1995 ж. 1 сәуірдегі** Жарлығымен құрылды және оның құқықтық иеленушісі болды¹.

Комитет ҚР кеден ісін мемлекеттік басқаруды жүзеге асырды және республиканың кеден органдарының қызметін басқарды.

Кеден комитеті мен оған тікелей бағынысты облыстық, Алматы және Ленинск қалалары басқармалары, сондай-ақ кедендер, облыстық бағынысты аудандар мен қалалардағы кеден постылары ҚР кеден органдарының бірыңғай жүйесін құрды².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 16 мамырдағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы; контрабандаға және кеден тәртібін бұзушылыққа қарсы күресті ұйымдастыру басқармасы; кеден кірісі басқармасы; кеден күзеті мен режимін ұйымдастыру басқармасы; кеден органдарын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы; кадр басқармасы; заң қызметі басқармасы; аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма; автоматтандыру және кеден статистикасы басқармасы; сыртқы байланыстар бөлімі; өз қауіпсіздігі бөлімі; кеден сараптамасын ұйымдастыру бөлімі³.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті **ҚР Кеден комитеті** болып қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 1 сәуірдегі № 2160 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 12, 133-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 16 мамырдағы № 694 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 18, 199-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 16 мамырдағы № 694 қаулысына қосымша (ҚР ПУАЖ, 1995, № 18, 199-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті (2) (1995–1997)

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен **ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің** қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Кеден комитеті мен оған тікелей бағынысты облыстар, Алматы және Ленинск қалаларындағы басқармалары, сондай-ақ аудандар мен қалалардағы облыстық бағынысты кедендер мен кеден постылары ҚР Кеден органдарының бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен комитет орталық аппаратының келесі құрылымы бекітілді: басшылық; кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы; контрабандамен және кеден ережесін бұзушылармен күресті ұйымдастыру басқармасы; кеден кірісі басқармасы; кеден күзеті мен режимін ұйымдастыру басқармасы; кеден органдарын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы; кадр басқармасы; аппарат қызметін ұйымдастыру жөніндегі басқарма; кеден бақылауы мен кеден статистикасын автоматтандыру басқармасы; сыртқы байланыстар басқармасы; заң бөлімі; өзінің жеке қауіпсіздігі бөлімі; ақпаратты қорғау бөлімі; баспасөз қызметі; Ресей Федерациясы Мемлекеттік Кеден комитетінің жанындағы ҚР Кеден комитетінің өкілдігі².

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 18 желтоқсандағы** қаулысымен Кеден комитеті орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; кеден кірістері басқармасы; қаржыландыру басқармасы; кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы; күрделі құрылыс және материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы; контрабандамен және кеден ережелерін

бұзушылықтармен күрес жөніндегі бас басқарма; құқық басқармасы; жедел-талдама басқармасы; автоматтандыру және кеден статистикасы басқармасы; кеден күзеті және режим басқармасы; сыртқы байланысты басқармасы; жеке өз қауіпсіздігі басқармасы; кадр басқармасы; аппарат жұмысын ұйымдастыру басқармасы; ақпаратты қорғау бөлімі; баспасөз орталығы; Ресей Федерациясы Мемлекеттік кеден комитетінің жанындағы ҚР Кеден комитетінің Өкілдігі³.

ҚР Президентінің **1997 ж. 14 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Кеден комитеті (2) **ҚР Мемлекеттік кеден комитеті** болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Кеден комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1797 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 174 іс). Комитет туралы Ереже бекітілмеді, бұрынғы Ереженің күші сақталды. «Қазақстан Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 20 тамыздағы № 1031 қаулысымен (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 458 іс) комитет атауындағы «Министрлер Кабинеті» жанындағы сөздері алынып тасталды.

³ «Қазақстан Республикасының Кеден комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 желтоқсандағы № 1551 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 481 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 14 қаңтардағы № 3329 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 1, 3-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті (Мемкеденком) (1997)

ҚР Кеден комитетінің қайта құрылуының нәтижесінде ҚР Президентінің **1997 ж. 14 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет ҚР кеден органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын, кеден ісіне тікелей басшылық жасайтын, бірыңғай мемлекеттік кеден саясатын жүргізетін және осы мақсаттарда салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР кеден саясатын жасауға және осы саясатты іске асыруға қатысу; өз құзыреті шегінде ҚР аумағында кеден саясатының бірлігін қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде ҚР экономикалық қауіпсіздігін және экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету; ҚР кеден ісін ұйымдастыру мен жетілдіру; орындалуына бақылау жасау ҚР кеден органдарына жүктелген кеден заңдарының сақтауын қамтамасыз ету; ҚР экономикасын дамыту басымдығына және Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметке қатысу үшін қолайлы жағдайлар жасау қажеттігіне сүйене отырып, шаруашылық қызметті кедендік реттеу құралдарын қолдануды ұйымдастыру мен жетілдіру; ҚР кеден мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа қатысуын қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 5 мамырдағы** қаулысымен мемлекеттік комитеттің құрылымы бекітілді: басшылық; кедендік бақылау және кірістер департаменті; энергиялық ресурстарды бақылау жөніндегі департамент; экономикалық қауіпсіздік және контрабандамен күрес департаменті; заң департаменті; құжаттамалық және қаржы-шаруашылық қамтамасыз ету департаменті; кадр басқармасы; баспасөз орталығы³.

ҚР Президентінің **1997 ж. 10 қазандағы** Жарлығымен мемкомитет таратылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Қаржы министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 14 қаңтардағы № 3329 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 1, 3-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 29 сәуірдегі № 682 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 17, 155-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 5 мамырдағы № 786 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 763 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Кеден комитеті
(Қаржымині Кеденкомі)
(1997–1998)

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен құрылған¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 желтоқсандағы* қаулысымен комитет туралы ереже және оның орталық аппаратының құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР кеден органдарының бірыңғай жүйесіне басшылық жасайтын, кеден ісіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын, бірыңғай мемлекеттік кеден саясатын іске асыратын және осы мақсатта салааралық үйлестіруді жүргізетін мемлекеттік орган болды. Комитет өз құзыреті мен оған берілген өкілеттіктер шегінде арнайы атқарушы және бақылау функцияларын дербес жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР кеден саясатын әзірлеуге және осы саясатты іске асыруға қатысу; өз құзыретінің шегінде ҚР аумағында бірыңғай кеден саясатын қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде ҚР экономикалық қауіпсіздігі мен мүдделерін қамтамасыз ету; ҚР кеден ісін ұйымдастыру және жетілдіру; ҚР экономикасын дамытудың басымдықтарын сүйене отырып, кедендік реттеуді ұйымдастыру және жетілдіру; ҚР кеден мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастыққа қатысуын қамтамасыз ету.

Комитет ҚР мекемелерінің кеден зертханалары мен басқа да оған ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметтеріне, сондай-ақ ҚР шетелдердегі кеден өкілдіктерінің қызметіне басшылық етті.

Комитеті орталық аппаратының құрылымы: басшылық; кеден кірістері басқармасы; кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы; энергия ресурстарын кедендік бақылау жөніндегі басқарма; жедел-талдау басқармасы; кедендік күзет және режимі басқармасы; автоматтандыру және кедендік статистика басқармасы; контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылыққа қарсы күрес жөніндегі басқарма; ұйымдық-инспекторлық бөлім.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 6 қазандағы* қаулысымен комитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; кеден кірістері басқармасы; кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы; энергия ресурстарын кедендік бақылау жөніндегі басқарма; контрабанда және кеден ережелерін бұзушылыққа қарсы күрес жөніндегі басқарма; жеке қауіпсіздік басқармасы; кедендік бақылау мен режим басқармасы; құқықтық басқарма; жедел-талдау басқармасы; сыртқы байланыстар басқармасы; күрделі құрылыс пен материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы; құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі; қаржыландыру, бухгалтерлік есеп, есептілік және бақылау басқармасы; кадрлар және оқу орындары басқармасы; автоматтандыру және кедендік статистика басқармасы³.

ҚР Президентінің *1998 ж. 12 қазандағы* Жарлығымен комитет қайта ұйымдастырылды⁴. Функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері жаңа құрылған **ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1792 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 800 іс).

³ «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Қаржы министрлігі Кеден комитетінің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 6 қазандағы № 1004 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 35, 320-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 35, 315-құжат)

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Кеден комитеті
(1998–2002)

ҚР Президентінің *1998 ж. 12 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Қаржы министрлігінің* қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 25 ақпандағы* қаулысымен комитет туралы ереже және орталық аппараттың құрылымы бекітілді².

Комитет ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ кеден ісі саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: ҚР кеден саясатын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу; өз құзыретінің шегінде ҚР аумағында бірыңғай кеден саясатын қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде ҚР экономикалық қауіпсіздігі мен мүдделерін қамтамасыз ету; ҚР экономикасының даму басымдықтарын ескере отырып кедендік реттеуді ұйымдастыру және жетілдіру; кеден органдарына жүктелген кеден заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, оның орындалуына бақылау жасау; кеден мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа қатысу.

Комитет орталық аппаратының құрылымы: басшылық; кедендік кіріс басқармасы; кедендік бақылау басқармасы; контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылыққа қарсы күрес жөніндегі басқарма; энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы; ұйымдастыру-талдау басқармасы; кадр басқармасы; қаржы-шаруашылық басқармасы; кеден күзету мен режимі басқармасы; жүктерді алып жүру жөніндегі бөлімі; құқықтық қамтамасыз ету бөлімі; кеңсе.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 2 тамыздағы* қаулысымен комитеттің құқықтық статусы нақтыланды: *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі* құзыреті шегінде кеден ісі саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды³.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 24 сәуірдегі* қаулысымен «Астана – жаңа қала» арнаулы экономикалық аймағы қызмет еткен кезеңде «Кеден Астана – жаңа қала» Кедендік комитетінің мемлекеттік мекемесі құрылды, ол кедендік органдардың біртұтас жүйесіне кірді және өз құзыреті шегінде арнаулы экономикалық аймақ аумағында ісіне басшылықты жүзеге асырды⁴.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 24 маусымдағы* қаулысымен Кеден комитетінің «Семей», «Қордай», «Бейнеу», «Өскемен» кедендерінің мемлекеттік мекемелері құрылды⁵.

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен комитет *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің* кеден істері саласындағы функциялары жаңа құрылған *ҚР Кедендік бақылау агенттігіне* берілді⁶.

¹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі реформалау туралы» ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы № 4114 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 35, 315-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 25 ақпандағы № 173 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1244 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің «Астана – жаңа қала» арнаулы экономикалық аймағы аумағында кедендік және салық органдарын құру туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 24 сәуірдегі № 469 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 12, 124-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінің «Семей» кеденінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінің «Қордай» кеденінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінің «Бейнеу» кеденінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінің «Өскемен» кеденінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 24 маусымдағы № 688 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 19, 207-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
(2002–2004)**

ҚР Президентінің *2002 ж. 28 тамыздағы* Жарлығымен комитет *ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің* кеден істері саласындағы функциялары жаңа құрылған ҚР Кедендік бақылау агенттігіне берілу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 6 қыркүйектегі* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Агенттік *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін, ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кеден ісі саласында тікелей басшылықты, салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат ету функцияларын жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Агенттік құқық қорғау органы болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: өз құзыретінің шегінде ҚР экономикалық қауіпсіздігі мен экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету; ҚР кеден саясатын әзірлеуге және жүргізуге қатысу; оның орындалуын бақылауды ҚР кеден органдары жүзеге асыруға міндетті болатын ҚР кеден және өзге де заңнамасының сақталуын, кеден ісін жүзеге асыру кезінде азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету; сауда-экономикалық қатынастарды кедендік реттеудің құралдарын қолдану; кедендік төлемдер мен салықтарды алу; лицензиялауды қоса алғанда, ҚР кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шараларын әзірлеуге қатысу; тауарлар мен көлік құралдарын ҚР кедендік шекарасы арқылы өткізу кездегі рұқсат ету тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету; контрабанда мен қылмыстарға, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға, ҚР кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кеден ережелері мен салық заңнамасын бұзушылықтарға, қарсы күрес, ҚР кедендік шекарасы арқылы есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, қару-жарақтың ҚР мен шет елдер халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігі заттарының, зияткерлік меншік объектілерінің, жойылып кету қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдік түрлерінің, олардың бөліктері мен дериваттарының, басқа да тауарлардың заңсыз айналымының жолын кесу, сондай-ақ халықаралық терроризмге қарсы күресте жәрдем көрсету және ҚР әуежайларында халықаралық азаматтық авиацияның қызметіне заңсыз араласудың жолын кесу; кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүзеге асыру және жетілдіру, ҚР кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге ықпал ететін жағдайлар жасау; сыртқы сауданың кеден статистикасы мен ҚР арнайы кеден статистикасын жүргізу; Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасын жүргізу; ҚР сыртқы экономикалық байланыстарының, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтардың осындай байланыстар шеңберіндегі қызметінің дамуына жәрдемдесу; мемлекеттік қауіпсіздікті, халықтың адамгершілігін сақтау, адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, әкелінетін тауарларды республикалық тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу; стратегиялық және ҚР мүдделері үшін өмірлік маңызы бар басқа да материалдардың әкетілуін бақылауды жүзеге асыру; өз құзыретінің шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру және т.б.

Агенттік және оның аумақтық бөлімшелері ҚР кеден органдарының бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Үкіметінің *2003 ж. 15 қыркүйектегі* қаулысымен агенттіктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық бөлімшелері (басқармалары) департаменттер болып қайта аталды³.

ҚР Үкіметінің *2003 ж. 19 қарашадағы* қаулысымен агенттіктің «Өскемен» кедені таратылды⁴.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 10 наурыздағы* қаулысымен агенттіктің «Қаржы-шаруашылық» мемлекеттік мекемесі құрылды⁵.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығымен агенттік оны *ҚР Қаржы министрлігіне* қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен **ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті** құрылды, оған қайта ұйымдастырылған агенттіктің мүлкі берілді⁷.

ҚР Кедендік бақылау агенттігінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Кедендік бақылау департаменттері, кедендері, Кинологиялық орталығы, Орталық кеден зертханасы мемлекеттік мекемелері ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Кедендік бақылау департаменттері, кедендері, Кинологиялық орталығы, Орталық кеден зертханасы мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 6 қыркүйектегі № 981 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 29, 325-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі аумақтық бөлімшелерін қайта атау туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 15 қыркүйектегі № 938 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 37, 380-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің «Өскемен» кедені мемлекеттік мекемесін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 19 қарашадағы № 1157 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 43, 468-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 10 наурыздағы № 300 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 12, 162-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1133 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 43, 541-құжат).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (2004–2014)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен² мүлкі қайта ұйымдастырылған **ҚР Кедендік бақылау агенттігіне** берілу жолымен құрылды.

ҚР Кедендік бақылау агенттігінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Кедендік бақылау департаменттері, кедендері, Кинологиялық орталығы, Орталық кеден зертханасы мемлекеттік мекемелері ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Кедендік бақылау департаменттері, кедендері, Кинологиялық орталығы, Орталық кеден зертханасы мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді³.

Комитет өз құзыретінің шегінде ҚР кеден ісі саласындағы іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Қаржы министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өз құзыретінің шегінде ҚР егемендігін, ұлттық және экономикалық қауіпсіздігін, сондай-ақ адамның өмірі мен денсаулығының қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету; орындалуын бақылау ҚР кеден органдарына жүктелген ҚР кедендік және өзге де заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету; кедендік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік рәсімдеуді және кедендік бақылауды жүзеге асыру; ҚР халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде шетелдік мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен кеден ісі мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру; халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Комитеттің заңды тұлғалар болып табылатын аумақтық органдары болды, оларға:

облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Кедендік бақылау департаменттері, кедендер, Кинологиялық орталық және Орталық кеден зертханасы кірді.

Комитетінің құрылымы: басшылық; кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы; кедендік кірістер басқармасы; контрабандаға қарсы күрес басқармасы; ақпараттық технологиялар басқармасы; қаржы басқармасы; талдау және статистика басқармасы; кадр басқармасы; ұйымдастырушылық жұмыс және бақылау басқармасы; энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы; ішкі қауіпсіздік басқармасы; құқықтық қамтамасыз ету басқармасы; халықаралық қатынастар басқармасы; посткедендік бақылау басқармасы; жедел-кезекшілік қызмет бөлімі (дербес бөлім); мемлекет құпияларды қорғау бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 30 қарашадағы** қаулысымен «ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесі оған «ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің «Бейнеу» кедені» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴. Комитеттің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесіне тиісті өзгертулер енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 28 тамыздағы** қаулысымен комитеттің мемлекеттік мекемелері: Алматы облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті оған комитеттің «Қалжат» кеденін, «Қорғас» кеденін қосу жолымен; Жамбыл облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті оған комитеттің «Қордай» кеденін қосу жолымен; Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті оған комитеттің «Бақты» кеденін, «Майқапшағай» кеденін, «Семей» кеденін қосу жолымен; Қарағанды облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті оған комитеттің «Ұлытау» кеденін қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁵.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 наурыздағы** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілді⁶.

ҚР Үкіметінің **2011 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері: Астана қаласы бойынша кедендік бақылау департаментін, Ақмола облысы бойынша кедендік бақылау департаменті мен «Астана – жаңа қала» кеденін комитеттің Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша кедендік бақылау департаментіне біріктіру жолымен; Алматы қаласы бойынша кедендік бақылау департаменті мен Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментін комитеттің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментіне біріктіру жолымен; Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша кедендік бақылау департаменті мен Қызылорда облысы бойынша кедендік бақылау департаментін комитеттің Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары бойынша кедендік бақылау департаментіне біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды. Комитеттің Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің мемлекеттік мекемесі – «Көкшетау» кедені және Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары бойынша кедендік бақылау департаментінің мемлекеттік мекемесі – «Қызылорда» кедені құрылды. Тиісті өзгертулер комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесіне енгізілді⁷.

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 14 қыркүйектегі** қаулысымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Атырау қаласындағы Оқу-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесін «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Астана қаласындағы Оқу-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесіне қосу арқылы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің Оқу-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды⁸.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 22 қыркүйектегі** қаулысымен мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру мақсатында **ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің** және **ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің** аумақтық органдары **ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің** аумақтық органдарына бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды⁹.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қазандағы № 1133 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 43, 541-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша кедендік бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 30 қарашадағы № 1175 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 44, 586-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің кейбір мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 28 тамыздағы №747 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 32, 351-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 наурыздағы №374 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, № 16, 138-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2011 ж. 29 сәуірдегі № 461 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/58719/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁸ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 14 қыркүйектегі № 1200 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/67586/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 22 қыркүйектегі № 1000 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 58, 547-құжат).

Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі (2000)

ҚР Президентінің **2000 ж. 17 ақпандағы Жарлығымен ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде құрылды¹.

Агенттікке мынадай негізгі міндеттерді орындау жүктелді: есірткі, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл; мемлекеттік және өзге де органдардың есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметін ведомствоаралық үйлестіру; есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру, сондай-ақ жүзеге асыру және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл; есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласында мемлекеттік саясатты және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды жүзеге асыру үшін инвестициялар мен өзге де техникалық көмекті тартуға қатысу; есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласына қатысатын заңды тұлғалар қызметінің тәртібін реттейтін заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 6 мамырдағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыратын және іске асыратын, аталған салада басшылықты, сондай-ақ арнаулы атқарушылық, рұқсат ету функцияларын, салааралық үйлестіру мен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аймақтық комиссияларды құру ұсынылды.

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы Жарлығымен** агенттік таратылды³. Функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Әділет министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігін құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 17 ақпандағы № 345 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 9-10, 97-құжат).

² «Қазақстан Республикасының нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 6 мамырдағы № 677 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 21, 238-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы
күрес жөніндегі комитеті
(2001–2003)

ҚР Президентінің *2000 ж. 13 желтоқсандағы* Жарлығына¹ сәйкес ҚР Үкіметінің *2001 ж. 30 қаңтардағы* қаулысымен құрылды, оған таратылған ҚР Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігінің функциялары мен өкілеттіктері берілді².

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 30 қаңтардағы* қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Комитет *ҚР Әділет министрлігінің* құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласында үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; денсаулық сақтау жүйесіндегі: тасымалдау, сатып алу, сақтау, бөлу, сату, пайдалану, жою қызметі түрлерін лицензиялауды қоспағанда есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіру; есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін инвестициялар мен техникалық көмекті тартуға қатысу; есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласындағы қызмет тәртібін регламенттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу.

ҚР Әділет министрлігін қайта ұйымдастыру туралы ҚР Президентінің *2003 ж. 23 желтоқсандағы* Жарлығына⁴ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2004 ж. 3 наурыздағы* қаулысымен таратылды⁵. Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеттің есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласындағы функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Ішкі істер министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 30 қаңтардағы № 151 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 4-5, 45-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы № 1255 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2003 ж. 26 желтоқсан).

⁵ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 3 наурыздағы № 260 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 11, 138-құжат).

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және
есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитеті
(2004–2014)

ҚР Президентінің *2003 ж. 23 желтоқсандағы* Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің *2004 ж. 3 наурыздағы* қаулысымен² құрылды. Оған таратылған *ҚР Әділет министрлігі* Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеттің есірткі құралдары,

психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді.

Комитет **ҚР Ішкі істер министрлігінің** ведомствосы болды.

ҚР Президентінің **2010 ж. 17 тамыздағы Жарлығына**³ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 қыркүйектегі** қаулысымен комитеттің тікелей қарамағына есірткі бизнесімен күресті жүзеге асыратын ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері берілді⁴.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет таратылды⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы № 1255 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2003 ж. 26 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 3 наурыздағы № 261 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 11, 139-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 қыркүйектегі № 1009 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №53, 510-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті (2024*)

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 11 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Ішкі істер министрлігінің** құзыреті шегінде есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыруды үйлестіретін ҚР Ішкі істер министрлігінің ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестердің және прекурсорлардың айналымы, сондай-ақ олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты ұйымдастыру және іске асыру; есірткі құқық бұзушылықтарының профилактикасы және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету; есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен, сол тектестермен және прекурсорлармен байланысты қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу; есірткі құралдары, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау жүргізуді ұйымдастыру.

¹ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 11 қыркүйектегі № 735 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 40, 250-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті (1995–1997)

ҚР Шекара әскерлері ҚР Президентінің **1992 ж. 18 тамыздағы Жарлығымен** ҚР аумағында орналасқан Шығыс шекара округінің шекаралық құрамдары негізінде құрылды және алғаш **ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне** бағынды¹. Шекара әскерлері құрамында ҚР Шекара әскерлері бас басқармасы құрылды².

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 мамырдағы Жарлығымен** ҚР Шекара әскерлері бас басқармасы ҚР Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитет болып қайта құрылды³.

ҚР Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық мемлекеттік басқару органы болды.

Мемкомитеттің негізгі функциялары: ҚР мемлекеттік шекарасында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; шекара әскерлерінің мемлекеттік шекара күзеті саласындағы заңдар мен халықаралық-құқықтық актілерді орындауын ұйымдастыру және бақылау; мемлекеттік шекара күзетіне қатысты мәселелер жөніндегі халықаралық ұйымдар қызметіне, шекара мәселелері жөніндегі халықаралық келіссөздерге қатысу; шет ел мемлекеттерінің шекара органдарымен өзара қарым-қатынас жүргізу⁴.

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен ҚР мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитет таратылды⁵. Оның функциялары мен мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Қорғаныс министрлігіне* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының шекара әскерлері туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 18 тамыздағы № 862 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 30, 436-құжат).

² «Қазақстан Республикасының шекара әскерлері туралы» ҚР 1993 ж. 13 қаңтардағы № 1874 – XII Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 1, 3-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 мамырдағы № 2284 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 18, 198-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының кейбір заң шығару актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1996 ж. 15 шілдедегі № 31-1 Заңы ҚРЗ (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1996, № 14, 275-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі комитеті (1997–1998)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 13 маусымдағы* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1998 ж. 23 ақпандағы* қаулысымен *ҚР Қорғаныс министрлігінің* жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты комитет өз қызметін тоқтатты².

¹ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 13 маусымдағы № 970 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 772 іс).

² «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1993 ж. 23 ақпандағы № 127 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 6, 34-құжат).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі (1999–2002)

ҚР Президентінің *1999 ж. 13 мамырдағы* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 29 маусымдағы* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді². Агенттіктің құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері белгіленді.

Ережеге сәйкес агенттік *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болды. Агенттік ҚР мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болды. Агенттік мемлекеттік құпияларды қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде – салааралық үйлестіруді және өзге де арнаулы атқарушылық және рұқсат ету функцияларын жүзеге асырды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: мемлекеттік құпияларды қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру; мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі қызметін үйлестіру; мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құқықтық, әкімшіліктік, экономикалық, техникалық және өзге де шаралардың жүйесін әзірлеу, олардың атқарылуын бақылау болды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 5 қазандағы** қаулысымен агенттік «Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесіне қатысты уәкілеттік берілген орган болды³.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Премьер-Министр Кеңесіне** қосу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 13 мамырдағы № 139 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 15 мамыр).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 29 маусымдағы № 892 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1268 іс).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 қазандағы № 1522 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1293 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).

11.3 Әділет басқару органдары

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (1991*)

1920 ж. КАКСР Әділет халық комиссариаты ретінде құрылды. 1946 ж. 28 наурызда Қазақ КСР Әділет министрлігі болып қайта аталды. 1960 ж. 26 наурызда таратылды. 1970 ж. 25 қыркүйекте қайта құрылды¹.

ҚР Министрлер кабинетінің **1992 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымында әскери соттар бөлімі және мемлекетаралық және сыртқы экономикалық байланыстарды құқықтық қамтамасыз ету бөлімі құрылды².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 2 маусымдағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес министрлік мемлекеттік басқару орталық республикалық органы болды, қызметін **ҚР Министрлер Кабинеті** тікелей басқарды.

Әділет министрлігі өзіне жүктелген міндеттерді ҚР әділет органдарының бірыңғай жүйесін құратын аумақтық әділет басқармаларымен және нотариалдық кеңселермен, АХАТ органдарымен, адвокаттар алқасы президиумдарымен, Қазақстан ғылыми-зерттеу сот сарапшылық институтымен және Әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі республикалық курсымен бірлесе отырып орындады.

Министрліктің негізгі міндеттері: республиканың саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріндегі құқылық негіздерді бекітуге көмектесу, заңдардың, жарлықтардың, қаулылардың, жарғылардың, ережелердің және басқа нормативті актілердің жобаларын құқылық сараптан өткізу; заңдылықты жетілдіру және жүйелеу, республикада бірыңғай құқылық ақпарат жүйесін құру, министрліктер мен басқа басқару органдарының анықтама-кодификация жұмыстарына әдістемелік көмек көрсету; сот реформасын нақты жүзеге асыру жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру; соттардың, соның ішінде әскери соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру; азаматтардың құқығы мен республика мүддесін қорғауда халықаралық-құқықтық ынтымақтастықты қамтамасыз ету; құқылық ғылымның дамуына жәрдемдесу және оның жетістіктерін республиканың мемлекеттік, шаруашылық және әлеуметтік құрылысында пайдалану; республиканың әділет органдарын, мекемелері мен соттарын мамандармен қамтамасыз ету; қоғамдық және діни бірлестіктердің мемлекеттік есебін қамтамасыз ету және олардың жарғылық қызметін бақылау; ҚР министрліктері мен ведомстволарының азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын немесе ведомствоаралық сипаты бар нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету және т.б.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 29 қаңтардағы** қаулысымен Қызылорда облысының Ленинск қаласында Әділет министрлігі бөлімі құрылды⁴.

ҚР Президентінің **1993 ж. 16 маусымдағы** Жарлығымен министрлікке құқықтық реформаны жүзеге асыру жөнінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметін үйлестіріп отыру жүктелді. Министрлікке сондай халықаралық шарттар мен келісімдерді бекіту жөніндегі министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қызметіне құқықтық әдістемелік басшылық ету, сондай-ақ ҚР шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру жүктелді⁵.

Министрлік жанынан Ғылыми-зерттеу заң институты, сондай-ақ Республикалық құқықтық ақпарат орталығы құрылды.

ҚР Президентінің **1993 ж. 16 маусымдағы** Жарлығын орындау үшін ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 16 наурыздағы** қаулысымен⁶ министрлік туралы жаңа ереже бекітілді.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 9 қарашадағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; заң жөніндегі бас басқарма; халықаралық құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (жетекші); соттардың жұмысын ұйымдастыру басқармасы (жетекші); қоғамдық және діни бірлестіктер істері жөніндегі басқарма (жетекші); кадр және оқу орындары басқармасы (жетекші); әскери соттар басқармасы (жетекші); бірінші және құқықтық статистика бөлімі (жетекші); нотариат, азаматтардың хал актілерін тіркеу және адвокатура бөлімі (жетекші); заң қызметі және құқықтық тәрбие бөлімі (жетекші); қаржы-жоспарлау бөлімі (жетекші); бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі (дербес); ұйымдастыру-бақылау басқармасы (дербес); шаруашылықты қамтамасыз ету және жабдықтау басқармасы (дербес)⁷.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 13 қазандағы** қаулысымен министрлік функцияларының бірі нақтыланды: заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу, заңды тұлғалардың реестрін жүргізу, сондай-ақ қоғамдық және діни бірлестіктердің жарналық қызметіне бақылау жасау⁸.

ҚР Президентінің **1995 ж. 20 қазандағы** Жарлығымен министрлікке таратылған облыстық және Алматы қалалық төрелік соттардың мүлкі мен істерін басқару өкілеттігі берілді⁹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді¹⁰. Негізгі міндеттері өзгертілмеді.

Ережеге сәйкес министрлік орталық атқарушы органы болды. Министрлік қызметінің негізгі мақсаты ҚР демократиялық құқықты мемлекет құруға жан-жақты жәрдемдесу, құқықтық реформаны нақты жүзеге асыру жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру болды.

Министрлік ҚР әділет органдарының бірыңғай жүйесін құрайтын аумақтық әділет басқармаларына, нотариалды кеңселерге, азаматтық хал актілерін жазу органдарына, оқу орындары мен ғылыми мекемелерге басшылықты жүзеге асырды. Министрлік Ұлттық заң агенттігінің қызметіне жалпы басшылықты, адвокатура қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырды.

Министрлік орталық аппаратының құрылымы: сот жұмыстарын ұйымдастыру басқармасы; заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы; экономикалық және әлеуметтік-мәдени заңдар басқармасы; мемлекеттік және құқық қорғау заңдар басқармасы; халықаралық құқықтық қамтамасыз ету басқармасы; нормативтік актілерді жүйелеу және тіркеу басқармасы; заң қызметін көрсету және құқықтық тәрбие басқармасы; қаржы басқармасы; кадр бөлімі; ұйымдастыру-бақылау басқармасы; материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 18 қарашадағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттері жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етумен толықтырылды¹¹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 23 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; заң шығару басқармасы; заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы; жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу басқармасы; соттар жұмыстарын ұйымдастыру басқармасы; халықаралық құқықтық қамтамасыз ету басқармасы; кадр басқармасы; қаржы басқармасы; ұйымдастыру-бақылау басқармасы;

заңнаманы кодификациялау және жүйелеу; ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімі; халыққа заң қызметін көрсету бөлімі; құқықтық насихат бөлімі; материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі¹².

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 1 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді¹³. Министрліктің құқықтық мәртебесі өзгертілмеді.

Министрліктің негізгі міндеттері: заң жобалары жұмыстарын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу; құқықтық сараптама және нормативтік құқықтық актілерді тіркеу; соттардың қызметін кадр және материалдық-техникалық қамтамасыз ету; сот-сараптама қызметін ұйымдастыру; материалдық залалды өтеу бөлігінде азаматтық және қылмыстық істер бойынша атқару ісін жүргізуді қамтамасыз ету; халықаралық шарттар мен келісімдерді дайындауды және жасауды құқықтық қамтамасыз ету, шетел құқықтық көмегін беруге байланысты шараларды үйлестіру; мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру; заңды тұлғаларды; жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді; бағалы қағаздар эмиссиясын; нормативтік құқықтық актілерді; құқықтық көмекті ұйымдастыру және заң қызметін көрсету; жаппай құқықтық оқуды әдістемелік қамтамасыз ету және т.б.

Министрлік орталық аппаратының құрылымы: басшылық; заңнама мен нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті; сот жүйесі жұмысын ұйымдастыру және тұрғындарға заң қызметін көрсету департаменті; халықаралық құқықтық қамтамасыз ету және құқықтық ақпарат департаменті; жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттік; қаржы басқармасы; кадр және **Әділет біліктілік алқасының** қызметін қамтамасыз ету басқармасы; ұйымдастыру-бақылау басқармасы; материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 11 тамыздағы** қаулысымен министрлік жанындағы Қазақ сот сараптамаларын ҒЗИ-ң негізінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптама орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды¹⁴.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 3 қазандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымына өзгертулер енгізілді¹⁵. Құрылымға: ішкі қауіпсіздік бөлімі; кадр және ұйымдастыру-бақылау жұмыстары департаменті енгізілді. Құрылымнан: Кадр және Әділет біліктілік алқасының қызметін қамтамасыз ету басқармасы; ұйымдастыру-бақылау басқармасы алынып тасталды.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 30 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді¹⁶. Негізгі міндеттері өзгертілмеді.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР Үкіметінің құрылымына кіретін ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрлік, оның органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрады.

Министрлік орталық аппаратының құрылымы: басшылық; заңдар және халықаралық құқық департаменті; соттардың қызметін, сот сараптамасын және атқарушылық іс жүргізуді ұйымдастыру департаменті; заңгерлік қызмет көрсетулерді ұйымдастыру департаменті; қаржы және ресурстық қамтамасыз ету департаменті; ішкі әкімшілік департаменті; **Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында)**.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 7 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы ереже мен оның құрылымына өзгертулер енгізілді¹⁷.

Министрліктің негізгі міндеттері ұлғайтылды: сот приставтарының қызметін ұйымдастыру; кадр және материалдық-техникалық қамтамасыз ету; әділет органдарының құзыретіне жатқызылған істер бойынша анықтауды жүзеге асыру, сот приставтарының жұмысын ұйымдастыру.

Министрліктің құрылымы Тергеу департаментімен толықтырылды (заңды тұлға құқығында). Соттардың қызметін, сот сараптамасын және атқарушылық іс жүргізуді ұйымдастыру департаменті Соттардың, сот приставтарының қызметін ұйымдастыру және атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету департаменті болып қайта аталды.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді¹⁸.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР Үкіметінің құрамына кіретін мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы мемлекеттік орган болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: жалпыұлттық мемлекеттік даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; заң жобалары жұмыстарын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу және жинақтау; нормативтік құқықтық актілерге құқықтық сараптама жүргізу; ҚР халықаралық шарттарын дайындауды және жасасуды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмек берумен байланысты іс-шараларды үйлестіру; соттардың, анықтау органдарының, сот приставтары мен орындаушылардың қызметін ұйымдастырушылық, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету; сот қаулыларының атқарылуын қамтамасыз ету; нотариаттық және адвокаттық қызметті, жылжымайтын мүлікті бағалау және адвокаттық қызметпен, сот-сараптама қызметімен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау; анықтау және заңнамада көзделген жағдайда сот әділдігіне қарсы бағытталған қылмыстардың жекелеген санаттары бойынша алдын ала тергеу жүргізу; заңды тұлғаларды жылжымайтын мүлікке құқықтары мен онымен жасалған мәмілелерді, жылжитын мүлік кепілдігін және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру; халыққа құқықтық көмек пен заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру; құқықтық насихат пен құқықтық жаппай оқуды ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз ету; ҚР авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың сақталуын бақылау.

Министрлік оның органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдары әділет органдарының бірыңғай жүйесін құрады.

Министрліктің құрылымы: басшылық; нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті; соттардың қызметін ұйымдастыру департаменті; ішкі әкімшілік департаменті; қаржы-экономика мәселелері жөніндегі басқарма (дербес басқарма құқығында); бухгалтерлік есеп және ресурстық қамтамасыз ету басқармасы (дербес басқарма құқығында); кадр жұмысы басқармасы (дербес басқарма құқығында); заң қызметін ұйымдастыру басқармасы (дербес басқарма құқығында); Әділет біліктілік алқасының қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлімі (дербес бөлім құқығында); құпия құжаттармен жұмысты ұйымдастыру секторы (дербес сектор құқығында); ***Сот қаулыларын орындау жөніндегі комитет; Тіркеу қызметі комитеті; Авторлық құқықтар жөніндегі комитет.***

ҚР Үкіметінің ***1999 ж. 27 сәуірдегі*** қаулысымен «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып қайта құрылды¹⁹. ҚР Әділет министрлігі кәсіпорынды мемлекеттік басқаруға уәкілеттік берілген орган, сондай-ақ кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болды.

ҚР Үкіметінің ***1999 ж. 2 тамыздағы*** қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді²⁰. Мемлекеттік органның құқықтық мәртебесі нақтыланды және онда ведомстволардың бар екендігі көрсетілді.

Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде оның құзыретіне жатқызылған қызметі саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің ведомстволары: ***Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитет, Тіркеу қызметі комитеті, Авторлық құқық жөніндегі комитет.***

ҚР Президентінің ***2000 ж. 13 желтоқсандағы*** Жарлығымен министрлікке таратылған ***ҚР Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттіктің*** функциялары мен өкілеттіктері берілді²¹.

ҚР Үкіметінің ***2001 ж. 30 қаңтардағы*** қаулысымен министрліктің ***Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті*** құрылды²². Министрлік туралы ережеге қосымша енгізілді: Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті министрлік ведомстволарының қатарына енгізілді.

Министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша мыналар жатқызылды: есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіру; есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекеттер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

ҚР Президентінің **2001 ж. 22 қаңтардағы Жарлығын**²³ орындау үшін ҚР Үкіметінің **2001 ж. 29 наурыздағы** қаулысымен министрліктің **Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті** оған таратылатын министрліктің Авторлық құқық жөніндегі комитетінің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылды. Тиісінше, министрлік туралы ережеге өзгеріс енгізілді: министрлік ведомстволарының қатарына Авторлық құқық жөніндегі комитетінің орнына Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті енгізілді²⁴.

ҚР Президентінің **2001 ж. 22 қаңтардағы Жарлығына** сәйкес ҚР Үкіметінің **2001 ж. 14 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің **Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеті** атқару құжаттарын орындау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ штат саны мен мүлкі **ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке** және оның облыстар мен Астана, Алматы қалаларындағы әкімшілеріне тапсырыла отырып, таратылды²⁵.

Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге өзгерту енгізілді. Министрлік ведомстволарының қатарынан Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеті шығарылды. Министрліктің негізгі міндеттерінен сот приставтары мен орындаушыларының қызметін ұйымдастырушылық, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ сот қаулыларының атқарылуын қамтамасыз ету міндеттері шығарылды.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 2 қарашадағы** қаулысымен министрліктің лицензиялауға қатысты міндеті басқа редакцияда мазмұндалды: нотариалдық және адвокаттық қызметті, соттық-сараптау қызметін және оның құзыретіне жатқызылған қызметтің барлық түрлерін лицензиялау²⁶.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 28 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша енгізілді: қаржы лизингі шарттарын мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру²⁷.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 28 желтоқсандағы** қаулысымен таратылған **ҚР Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің** мүлкін басқару жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, министрліктің **Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті** құрылды²⁸.

Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді: министрлік ведомстволарының қатарына қосымша Қылмыстық-атқару жүйелері комитеті енгізілді. Министрліктің негізгі міндеттеріне де қылмыстық жазаларды орындау жатқызылды.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 23 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы ережеге министрліктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары бар екендігі туралы толықтыру енгізілді²⁹.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 22 тамыздағы** қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді: министрліктің негізгі міндеттерінен заңнаманы жинақтау алынып тасталды; актілерге құқықтық сараптама актілердің жобаларына заң сараптамасы деп ауыстырылды; министрліктің негізгі міндеттері заңға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру, сондай-ақ сот-сараптамасы қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру міндеттерімен толықтырылды³⁰.

ҚР Президентінің **2003 ж. 23 желтоқсандағы Жарлығымен** министрлігі оның есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Ішкі істер министрлігіне** беріле отырып қайта ұйымдастырылды³¹.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 31 желтоқсандағы** қаулысымен министрліктің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары министрліктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы Әділет департаменттері болып қайта аталды³².

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 3 наурыздағы** қаулысымен министрліктің **Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті** таратылды³³. Осыған сәйкес, министрліктің негізгі міндеттерінен есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысты міндеттері алынып тасталынды.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді және **Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті** құрылды³⁴.

Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің негізгі міндеті мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режимін қолдау, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болды.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары және ведомстволары: Тіркеу қызметі комитеті, Зияткерлік меншік құқығы комитеті, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, Құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті.

Министрлік, оның органдары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдары әділет органдарының бірыңғай жүйесін құрды.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 8 ақпандағы** қаулысымен министрліктің аудандарда, қалаларда және қала аудандарында мемлекеттік мекемелері-аумақтық органдары құрылды³⁵. Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге министрліктің осы аумақтық органдары бар екендігін көрсеткен өзгерту енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 30 желтоқсандағы** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігінің Діни істер комитеті** құрылды, ереже және оның құрылымы бекітілді. Дін істері комитеті министрлік ведомстволарының құрамына енгізілді³⁶.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 5 қаңтардағы** қаулысымен министрліктің облыс орталықтарында, Алматы және Астана қалаларында халыққа қызмет көрсету орталықтары – мемлекеттік мекемелері құрылды³⁷. Мемлекеттік мекемелер қызметінің негізгі мәні «жалғыз терезе» қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және ресімделген құжаттарды беру екендігі белгіленді.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 18 қыркүйектегі** қаулысымен облыстарда, Астана және Алматы қалаларындағы Жылжымайтын мүлік орталықтары – республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (шаруашылық жүргізу құқығындағы) облыстарда, Астана және Алматы қалаларындағы Жылжымайтын мүлік орталықтары – республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар болып қайта құрылды³⁸. Кәсіпорындардың қызметінің негізгі мәні жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеуді жүзеге асыру болып айқындалды.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 28 наурыздағы** қаулысымен **министрліктің Тіркеу қызметі комитеті** және **Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті министрліктің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетіне** қосылу жолымен қайта құрылды³⁹.

Жылжымайтын мүлік орталықтары – мемлекеттік мекемелері министрліктің қарамағынан министрліктің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің қарамағына берілді.

Министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды.

Министрлік өз құзыреті шегінде мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасайтын, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда және қалалардағы аудандарда аумақтық органдары және ведомстволары: Тіркеу қызметі және құқықтық

көмек көрсету комитеті, *Зияткерлік меншік құқығы комитеті, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, Діни істер комитеті.*

Министрліктің негізгі міндеттері: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, ҚР егемендігін, қазақстандық қоғам мен мемлекетті тұрақты әрі біртіндеп дамытуды жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға, заң жобалау жұмыстарын жүргізуге, заңнаманы талдауға, жетілдіруге, жүйелеуге, нормативтік құқықтық актілер жобаларына заңдық сараптама жүргізуге қатысу арқылы қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу; оның ұлттық мүдделерін қорғау және әлемдік қоғамдастықта Республиканың беделін нығайту мақсатында Қазақстанның халықаралық аренадағы қызметін, соның ішінде ҚР халықаралық шарттарын дайындау және жасау арқылы құқықтық қамтамасыз ету; заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді, жылжымалы мүліктің жекелеген түрлеріне кепілдіктерді, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, сондай-ақ ҚР нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды және оларды бақылауды жүзеге асыру; құқықтық көмек пен заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету; сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру; қылмыстық жазаларды орындау, ҚР әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесіндегі құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету; зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; ҚР азаматтарын құжаттандыру және оларға жеке куәліктер мен төлқұжаттар беруді, азаматтарды *ҚР Үкіметі* анықтайтын тәртіппен есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыру; сотталғандардың түзелуін ұйымдастыру; әділет органдарының құзыретіне жататын қылмыстар туралы істер және заңға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу бойынша анықтауды жүзеге асыру; күдіктілердің, айыпталушылар мен сотталғандардың, сондай-ақ ҚР әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қамтамасыз ету.

Министрлік, оның ведомстволары, сондай-ақ ведомстволық ұйымдар министрліктің бірыңғай жүйесін құрады.

ҚР Президентінің *2010 ж. 12 наурыздағы* Жарлығымен министрліктің азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы функциялары мен өкілеттіктері *ҚР Мәдениет министрлігіне* берілді⁴⁰.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 31 наурыздағы* қаулысымен министрлік ведомстволарының қатарынан Діни істер комитеті алынып тасталынды⁴¹.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 31 мамырдағы* қаулысымен министрліктің Қылмыстық-атқару жүйелері комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары (басқармалары) департаменттер болып қайта аталды⁴².

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 30 маусымдағы* қаулысымен министрліктің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары олардан *ҚР Мәдениет министрлігінің Діни істері комитетінің* мемлекеттік мекемелерін – аумақтық органдарын бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Президентінің *2010 ж. 17 тамыздағы* Жарлығымен министрлікке таратылған *ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттық әкімшіліктеу комитетінің* атқару құжаттарын орындау, жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналған (келіп түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді⁴³.

ҚР Үкіметінің *2010 ж. 30 қыркүйектегі* қаулысымен *министрліктің Сот актілерін орындау комитеті* өзінің аумақтық органдарымен бірге құрылды (облыстар және Астана және Алматы қалалары бойынша департаменттері)⁴⁴. Министрлікке *ҚР Ішкі істер министрлігі* қарамағынан әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жазаларды орындау үшін қажетті арнайы қабылдау орындары берілді.

ҚР Үкіметінің *2012 ж. 29 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жазылды⁴⁸⁵.

Министрлік өз құзыреті шегінде мемлекет қызметінің құқықтық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау көрсететін, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ атқарушылық құжаттардың уақтылы орындалуын және жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда және қалалардағы аудандарда аумақтық органдары және ведомстволары: Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті, Зияткерлік меншік құқығы комитеті, Сот актілерін орындау комитеті.

Министрліктің негізгі міндеттері: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, ҚР егемендігін, заң жобалау жұмыстарын жүргізу, заңнаманы талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілер жобаларына заңдық сараптама жүргізудің жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу арқылы қазақстандық қоғам мен мемлекетті тұрақты әрі біртіндеп дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу; Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және әлемдік қоғамдастықта Республиканың беделін нығайту мақсатында оның халықаралық аренадағы қызметін, оның ішінде ҚР халықаралық шарттарын дайындау және жасасу арқылы құқықтық қамтамасыз ету; заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және жылжымалы мүліктің жекелеген түрлеріне кепілдіктерді, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, сондай-ақ ҚР нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды және оларды бақылауды жүзеге асыру; құқықтық көмек пен заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету; сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру; зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді заңға сәйкес жүзеге асыру; мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ атқарушылық құжаттарды орындау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу, республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

ҚР Үкіметінің **2018 ж. 23 шілдедегі** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жазылды⁴⁶.

Министрлік өз құзыреті шегінде мемлекет қызметінің құқықтық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау көрсететін, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін ҚР мемлекеттік органы болды.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 19 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жазылды⁴⁷.

Министрлік мынадай салаларда басшылықты жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды: заң жобалау жұмысын жүргізу, заңнаманы жетілдіру; халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру; сот-сараптама қызметі; мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру; заң көмегін ұйымдастыру және көрсету, құқықтық насихат; зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету.

Министрліктің негізгі міндеттері: жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға, үйлестіруге қатысу, сондай-ақ заң жобалау жұмысын жүргізу, ҚР заңнамасын талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу, заң жобалары бойынша ғылыми құқықтық және ғылыми лингвистикалық сараптамалар жүргізуді ұйымдастыру арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, ҚР егемендігін, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің орнықты және дәйекті дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу; кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен РК кодексінде көзделген құжаттар бойынша реттеушілік әсерге талдау

жүргізу; Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және әлемдік қоғамдастықта республиканың беделін нығайту мақсатында оның халықаралық аренадағы қызметін, оның ішінде ҚР халықаралық шарттарын дайындау және жасасу арқылы құқықтық қамтамасыз ету; коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері мен тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, ҚР нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету; жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру; мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, заң көмегін ұйымдастыру және көрсету, құқықтық насихат саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; сот-сараптама қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру, іске асыру; зияткерлік қызмет құқықтарын қорғау және сақтау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді ҚР заңына сәйкес жүзеге асыру; атқарушылық құжаттарды орындау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 23 маусымдағы** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігінің** аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелері қайта ұйымдастырылды және атаулары өзгертілді, ережеде министрліктің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі жаңа редакцияда жазылды⁴⁸.

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен: **Зияткерлік меншік құқығы комитеті; Мәжбүрлеп орындату комитеті; Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті** құрылды⁴⁹.

Осы қаулымен ҚР Әділет министрлігі туралы ережеге министрліктің қарамағындағы ведомстволардың, ұйымдардың және аумақтық органдардың тізбесіне қатысты тиісті өзгерістер енгізілді.

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері. Әлеуметтік-мәдени құрылысты басқару органдары, әкімшілік-саяси органдары және Қазақстан Республикасының құқықтық басқару органдары (1937-1977 жж.), Анықтамалық 2-т., 3-б., Алматы, 1992, 143-145-б.

² «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде құрылымдық бөлімшелер құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 29 сәуірдегі № 392 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, №17, 272-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде құрылымдық бөлімшелер құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 2 маусымдағы № 485 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 22, 350-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҰ «Эдельвейс», 2004. 612-б.

⁵ «Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның тиімділігін арттыру туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 16 маусымдағы № 1228 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1993, № 19, 230-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 16 наурыздағы № 279 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 14, 136-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 9 қарашадағы № 1250 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 14 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 13 қазандағы № 1327 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 32, 407-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Конституциясы 98-бабының 1-тармағына және «Қазақстан Республикасының соттары туралы» Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 20 қазандағы № 2582 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. 1995, № 21, 129-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1741 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 38, 493-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1741 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 18 қарашадағы № 1393 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 47, 455-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 23 желтоқсандағы № 1589 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 482 іс).

¹³ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 1 сәуірдегі № 450 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 14, 104-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы» мемлекеттік мекемесін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 11 тамыздағы № 1245 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 37, 348-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 1 сәуірдегі № 450 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 3 қазандағы № 1411 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 45, 417-құжат).

- ¹⁶ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 30 қазандағы № 1473 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1997, № 47, 440-құжат).
- ¹⁷ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 7 сәуірдегі № 288 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1998, № 10, 76-құжат).
- ¹⁸ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 11 наурыздағы № 223 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 8, 63-құжат).
- ¹⁹ «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 27 сәуірдегі № 847 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 15, 159-құжат).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 2 тамыздағы № 1093 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 40, 343-құжат).
- ²¹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).
- ²² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 30 қаңтардағы № 151 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 4-5, 45-құжат).
- ²³ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 22 қаңтардағы № 536 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 1-2, 2-құжат).
- ²⁴ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 29 наурыздағы № 411 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 12, 139-құжат).
- ²⁵ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетін таратудың кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 14 сәуірдегі № 494 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 14, 174-құжат).
- ²⁶ «Мүлкті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялаудың мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 2 қарашадағы № 1389 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 39, 490-құжат).
- ²⁷ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 28 желтоқсандағы № 1750 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 49-50, 588-құжат).
- ²⁸ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 28 желтоқсандағы № 1755 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 49-50, 590-құжат).
- ²⁹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 11 наурыздағы № 223 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 23 сәуірдегі № 461 қаулысы ҚР ПҮАЖ, 2002, № 12, 122-құжат).
- ³⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 11 наурыздағы № 223 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 22 тамыздағы № 939 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2002, № 28, 316-құжат).
- ³¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы № 1255 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2003 ж. 26 желтоқсан).
- ³² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелері-аумақтық органдарын қайта атау туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы № 1369 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2003, № 49, 566-құжат).
- ³³ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 3 наурыздағы № 260 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2004, № 11, 138-құжат).
- ³⁴ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2004, № 41, 532-құжат).
- ³⁵ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелерін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 8 ақпандағы № 120 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2005, № 7, 66-құжат).
- ³⁶ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 30 желтоқсандағы № 1319 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2005, № 50, 648-құжат).
- ³⁷ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелерін – халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 5 қаңтардағы №1 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2007, № 1, 6-құжат).
- ³⁸ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 18 қыркүйектегі № 816 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2007, № 34, 382-құжат).
- ³⁹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау облысының Әділет департаменті Мұнайлы ауданының Әділет басқармасы және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мұнайлы аудандық аумақтық инспекциясын құру туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 5 желтоқсандағы №1182 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2007, № 46, 548-құжат).
- ⁴⁰ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 28 наурыздағы №300 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2008, № 18, 160-құжат).
- ⁴¹ «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 наурыздағы №252 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2010, № 25-26, 198-құжат).
- ⁴² «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйелері комитетінің мемлекеттік мекемелерін қайта атау туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 31 мамырдағы №494 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2010, №35, 287-құжат).
- ⁴³ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).
- ⁴⁴ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 қыркүйектегі № 1009 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2010, № 53, 510-құжат).
- ⁴⁵ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 29 желтоқсандағы № 1802 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2012, № 9, 185-құжат).
- ⁴⁶ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2018 ж. 23 шілдедегі № 454 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.
[Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#/md/123655/kaz> (ресми жарияланған күні: 2018 ж. 30 шілде).
- ⁴⁷ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 19 қазандағы № 835 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2023, № 58, 407-құжат).

⁴⁸ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 23 маусымдағы № 417 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2022, № 37-38, 220-құжат).

⁴⁹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 15 шілдедегі № 552 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2024, № 32, 193-құжат)

Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы (1995–2007)

1995 ж. 30 тамызда қабылданған ҚР Конституциясына сәйкес құрылды¹.

Мәжіліс депутаттарынан, судьялардан, прокурорлардан, құқық пәнінің оқытушылары мен заңгер-ғалымдардан, әділет органдары қызметкерлерінен құрылатын дербес, тәуелсіз мекеме болды.

2001 ж. 11 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы туралы» ҚР Заңымен алқаның мәртебесі, қалыптасу және жұмысын ұйымдастыру тәртібі айқындалды².

Алқаның негізгі міндеттері: аудандық және оған теңестірілген соттар төрағалары мен судьяларының бос қызмет орындарына кандидаттарды сапалы іріктеуді қамтамасыз ету және оларға ұсынымдар беру; судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Алқаның өкілеттігі: аудандық және оған теңестірілген сотта, сондай-ақ жоғары тұрған соттарда судья болып жұмыс істеуге тілек білдірген азаматтардан біліктілік емтихандарын қабылдайды, және аудандық немесе оған теңестірілген соттың судьясы мен төрағасы қызметіне тағайындау туралы ұсыным береді; судья қызметіне орналасу үшін біліктілік емтиханын тапсырған адамдардың есебін жүргізеді; аудандық немесе оған теңестірілген соттың судьясы мен төрағасының орнынан түсуін тоқтату туралы төрағасының орнынан түсуі немесе орнынан түсуін тоқтату туралы мәселелерді қарайды және аудандық немесе соған теңестірілген соттың судьясы мен төрағасын қызметінен босату туралы ұсыным шығарады.

Алқаның құрамы: ҚР Президенті тағайындайтын төраға; ҚР Парламент Мәжілісі жіберетін екі депутат; Жоғарғы Соттың жалпы отырысы сайлаған жеті судья; ҚР Бас прокуроры тағайындайтын прокурор; ғылым және білім беру саласындағы уәкілетті органымен келісе отырып Әділет министрлігі жіберетін құқық пәнінің оқытушысы мен заңгер-ғалым; **ҚР Әділет министрлігі** тағайындайтын әділет органының қызметкері; жұмысты ұйымдастыру үшін Алқа өз құрамынан ашық дауыс беру арқылы екі жыл мерзімге хатшы сайлайды.

Алқа мүшелері өкілеттілігінің мерзімі – екі жыл.

ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы Заңына сәйкес ҚР Әділет біліктілік алқасы таратылып, оның сот төрешілер лауазымына кандидаттарды іріктеу қызметі Жоғары Сот Кеңесінің қарамағына берілді³.

¹ 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы туралы» ҚР 2001 ж. 11 шілдедегі № 234 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2001, № 15-16, 235-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы № 254 – III Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық заң агенттігі (1994–1998)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 12 қаңтардағы** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігінің** жүйесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 2 сәуірдегі** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік Қазақстан мен шет елдің және жеке тұлғалары өз қызметтерін ҚР аумағында және шет мемлекеттерде жүзеге асыру кезінде заңдық адвокаттық сипаттағы жұмыстарды орындау және қызмет көрсетуге арналған мамандырылған ұйым болды.

Агенттіктің міндеттері: ҚР экономикалық және әлеуметтік өмірінің құқықтық негіздерін дамытуға және нығайтуға жәрдемдесу; Қазақстан мен шет елдің заңды және жеке тұлғалары ҚР аумағында және шет мемлекеттерде іске асыратын заңдық адвокаттық сипаттағы жұмыстар мен қызметтердің тиімділігін нақты қамтамасыз ету; мемлекеттің және қазақстандық заңды және жеке тұлғалардың экономикалық мүдделерін құқықтық қорғау; таяу және алыс шет елдердегі қазақ диаспорасына құқықтық көмек көрсету; құқықтық білімді насихаттауға, құқықтық жаппай білім беруді ұйымдастыруға оқытуды және заңнаманы түсіндіруге қатысу және т.б.

Агенттік өзін-өзі қаржыландыру және өзін өзі ақтау негізінде қызмет атқарды.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 21 қаңтардағы** қаулысымен агенттік жарғылық капиталына мемлекеттің 100% қатысуымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық заң агенттігі» жабық үлгідегі акционерлік қоғамы болып қайта құрылды³.

¹ «Ұлттық заң агенттігін құру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 12 қаңтардағы № 60 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 4, 36-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Ұлттық заң агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 2 сәуірдегі № 379 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 14, 110-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Ұлттық заң агенттігі туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 21 қаңтардағы № 26 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 1, 6-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеті (1999–2001)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 5 шілдедегі** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет **ҚР Әділет министрлігі** құзыретінің шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету саласындағы басшылықты, соттардың белгіленген қызмет тәртібін қамтамасыз ету жөнінде заңмен жүктелген міндеттерді орындаудың, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде әділ сотқа қарсы бағытталған қылмыстар бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асырған ведомство болды.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өзіне қарасты аумақтық органдары болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: қылмысқа қарсы күрес аясында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; әділет органдарының тергеуінде қылмыстарды анықтау, ашу және жолын кесу; анықтауды және заң актілерінде көзделген жағдайларда, алдын-ала тергеуді жүзеге асыру; қылмыстық процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-ұжданын, қадір-қасиетін және мүлкін жөніндегі заңдарда көзделген шараларды қабылдау; атқарушылық құжаттардың атқарылуын қамтамасыз ету және сотта қызметінің белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөнінде заңдармен жүктелген міндеттерді орындау; сот шешімдерін міндетті түрде және дер кезінде атқару; бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың атқарылуын бақылау; сот мәжілісі кезінде залда қоғамдық тәртіпті сақтау; сот ғимараттарын күзетуді; судьяларды және процеске басқа да қатысушыларды қорғауды қамтамасыз ету.

Комитеттің құрылымы: басшылық; тергеу басқармасы; атқарушылық іс жүргізу және сот приставтарының жұмысын қамтамасыз ету басқармасы; бақылау-әдістемелік басқармасы; кадр, қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы; бөлім құқығындағы кеңсе.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 14 сәуірдегі** қаулысымен комитет таратылды³. Функциялары мен атқарушы құжаттарды атқару жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ штат саны мен мүлкі ҚР Жоғарғы

Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке оның облыстар мен Астана және Алматы қалалардағы әкімшіліктеріне берілді.

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 11 наурыздағы № 223 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 63-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 5 шілдедегі № 931 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 34, 297-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетін таратудың кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 14 сәуірдегі № 494 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 14, 174-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті (2010–2014)

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 30 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Президентінің **2010 ж. 22 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитетінің** облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қаладағы сот әкімшіліктерінің – мемлекеттік мекемелерінің оларды **ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының)** облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (сот кеңселері) мен комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде комитеттің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша департаменттері) құрылды².

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет таратылды³.

¹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 30 қыркүйектегі № 1009 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 53, 510-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 51, 466-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті (2024*)

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

Комитет) атқарушылық құжаттарды орындау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын **ҚР Әділет министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ атқарушылық құжаттарды орындаудың мемлекеттік саясаты саласындағы стратегиялық функцияларды орындауға қатысу; жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу арқылы, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, ҚР егемендігін, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің орнықты және дәйекті дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу, сондай-ақ өз құзыреті шегінде мемлекеттік реттеу саясатын қалыптастыру және іске асыру; ҚР заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру².

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 15 шілдедегі № 552 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 32, 193-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқықтары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Міндетті орындау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру комитеті» республикалық мемлекеттік

мекемесінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Әділет министрінің 2024 ж. 22 шілдедегі № 617 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.
[Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/200334/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 5 қыркүйек).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі (1997–1999)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 1 сәуірдегі* қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 11 тамыздағы* қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік *ҚР Әділет министрлігінің* құзыреті және оған берілген өкілеттіктер шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, салааралық үйлестіруді, сондай-ақ жылжымайтын мүлікті және онымен жасалатын мәмілелерді, заңды жөніндегі қызметті басқаруды, жылжымайтын мүлікті бағалау және адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырған ҚР мемлекеттік басқару органы болды.

Агенттік ҚР Әділет министрлігі орталық аппаратының құрамына кірді.

Агенттіктің негізгі міндеттері: ҚР бүкіл аумағында жылжымайтын мүлікке құқықтары және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету; аумақтық әділет органдары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың өз құзыретінің аясындағы қызметін ұйымдастыру; ҚР аумағында бірыңғай Құқықтық кадастр жүргізу; жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу, сондай-ақ жылжымайтын мүлікті бағалау саласында бірыңғай әдістемелік база дайындау; заңды тұлғалар регистрін және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің тізбесін тіркеу және жүргізу; 200 000 есепті көрсеткішке дейінгі мәлімдеген жарғылық қоры бар акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын тіркеуді қамтамасыз ету; Құзыретіне жатқызған қызмет түрлері бойынша лицензиялар функциясын жүзеге асыру және т.б.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 желтоқсандағы* қаулысымен агенттік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді³. Агенттіктің құқықтық статусы нақтыланды: мемлекеттік басқару органы; ҚР Әділет министрлігі жанындағы ҚР ведомствосы. Негізгі міндеттері сақталынды.

Агенттіктің құрылымы: басшылық; жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу басқармасы; заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы; қаржы мен ресурстарды қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Үкіметінің *1999 ж. 11 наурыздағы* қаулысымен агенттік таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 1 сәуірдегі № 450 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 14, 104-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 11 тамыздағы № 1247 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 37, 350-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1790 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 56, 509-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 11 наурыздағы № 223 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 8, 63-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті (2004–2008)

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қыркүйектегі* Жарлығын¹ орындау үшін комитет ҚР Үкіметінің *2004 ж. 28 қазандағы* қаулысымен құрылды². Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді.

Комитет өз құзыретінің шегінде құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Әділет министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті құқықтық көмекті, құқықтық түсіндіру жұмыстарын және халыққа заңгерлік қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету жөнідегі мемлекеттік саясатты іске асыру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; заң қызметін ұйымдастыру басқармасы; құқықтық түсіндіру жұмыстары бөлімі; лицензиялау және әділет аттестаттау комиссиясы қызметін қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 28 наурыздағы** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті** және Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті **ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетіне** қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 41, 532-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 28 наурыздағы № 300 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 18, 160-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті (1999–2008)

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 11 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 15 маусымдағы** қаулысымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Комитет **ҚР Әділет министрлігінің** құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жылжымайтын мүлік пен онымен жасалатын мәмілелер үшін құқықтарды, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу аясында басшылықты жүзеге асыратын ведомство болды.

Комитеттің аумақтық органдары болды.

Комитеттің негізгі функциялары: жылжымайтын мүлікке құқықтар мен онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, жылжымалы мүліктің кепілін тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді қамтамасыз ету; өз құзыретінің шегінде аумақтық әділет органдары мен комитетке ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың қызметтерін ұйымдастыру; құқықтық кадастрды, заңды тұлғалардың біріңғай мемлекеттік тіркелімін және филиалдар мен өкілдіктердің тізілімін жүргізу; мемлекеттік тіркеу мәселелері жөнінде бірыңғай әдіснамалық база жасау.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді, жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу басқармасы; заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы; қаржылық және техникалық бақылау бөлімі; қаржылық және ресурстық қамтамасыз ету бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 28 желтоқсандағы** қаулысымен комитеттің негізгі міндеттеріне төмендегілер қосылды қаржы лизингін тіркеуді; өз құзыреті шегінде бағалау қызмет саласында бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру³.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді⁴.

Комитет өз құзыретінің шегінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, ҚР азаматтарын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу азаматтарды құжаттандыру, саласында іске асыру

және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырған **ҚР Әділет министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, ҚР азаматтарын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, азаматтарды құжаттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді ұйымдастыру және бақылау басқармасы; заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы; халықты тіркеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру басқармасы; лицензиялау бөлімі; азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бөлімі; апостильдеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бөлімі; ұйымдастыру-талдау және кадр жұмысы бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 2 маусымдағы** қаулысымен комитеттің мәртебесі мен негізгі міндеттері белгіленді⁵.

Комитет өз құзыретінің шегінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, ҚР азаматтарын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу азаматтарды құжаттандыру, олардың жеке куәліктері мен төлқұжаттарын дайындау және беру саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырған **ҚР Әділет министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, ҚР азаматтарын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, азаматтарды құжаттандыру олардың жеке куәліктері мен төлқұжаттарын дайындау және беру саласында іске асыру болды.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 30 желтоқсандағы** қаулысымен комитет туралы ережеге толықтыру енгізілді: комитет өз құзыретінің шегінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді діни бірлестіктерді қоспағанда заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырды. Осындай толықтыру комитеттің негізгі міндеттеріне де енгізілді⁶.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 28 наурыздағы** қаулысымен ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті және **Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетіне** қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 11 наурыздағы № 223 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 8, 63-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 15 маусымдағы № 771 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 1999, № 27, 260-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 28 желтоқсандағы № 1750 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2001, № 49-50, 588-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2004, № 41, 532-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1120 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 2 маусымдағы № 549 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2005, № 23, 288-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Діни істер комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 30 желтоқсандағы № 1319 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2005, № 50, 648-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 28 наурыздағы № 300 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2008, № 18, 160-құжат).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (2008–2014)

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 28 наурыздағы** қаулысымен комитет **ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті** және **Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитетін** қосу жолымен қайта құрылды¹.

Комитеттің қарамағына **ҚР Әділет министрлігінің** қарамағынан «Халыққа қызмет көрсету орталықтары» мемлекеттік мекемелері берілді.

Комитет ҚР Әділет министрлігінің ведомствосы болды.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен комитеттің халыққа қызмет көрсету орталықтары – мемлекеттік мекемелері (қосылу жолымен, бірқатар ХҚКО қайта аталды) қайта ұйымдастырылды². Комитеттің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі жаңа редакцияда бекітілді.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 15 қаңтардағы** қаулысымен комитеттің мемлекеттік мекемелері – халыққа қызмет көрсету орталықтары облыстар, Астана және Алматы қалаларына мүліктік кешен ретінде коммуналдық меншікке берілді³.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет таратылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 28 наурыздағы № 300 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 18, 160-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 19 шілдедегі № 710 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 33, 349-құжат).

³ «ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің мемлекеттік мекемелері – халыққа қызмет көрсету орталықтарын жергілікті атқарушы органдарының қарамағына беру туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 15 қаңтардағы № 11 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 6, 80-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (2024*)

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 15 шілдедегі** қаулысымен құрылды¹.

Комитет заңды тұлғаларды тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді, азаматтық хал актілерін және апостиль қою, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, жылжымайтын мүлікті кепілге қоюды тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру, заң қызметтерін ұйымдастыру және лицензиялау саласындағы реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Әділет министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: заңды тұлғаларды және филиалдар мен өкілдіктерді, азаматтық хал актілерін, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымайтын мүлікті кепілге қоюды тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру, заң қызметтерін ұйымдастыру және лицензиялау саласындағы реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ стратегиялық функцияларды орындауға қатысу; адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, ҚР егемендігін қамтамасыз етуге, жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу арқылы қазақстандық қоғам мен мемлекеттің орнықты және үдемелі дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу; оларға ҚР заңнамасымен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру².

¹ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 15 шілдедегі № 552 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2024, № 32, 193-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқықтары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Міндетті орындау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Әділет министрінің 2024 ж. 22 шілдедегі №617 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/200334/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 5 қыркүйек).

11.4 Қорғаныс басқару органдары

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитеті (1991–1992)

ҚР Президентінің *1991 ж. 25 қазандағы* Жарлығымен Қазақ ССР Мемлекеттік қорғаныс комитеті ретінде Республиканың тәуелсіздігін, аймақтық тұтастығын, қорғаныс және басқа да өмірлік маңызды мүдделерін қамтамасыз етуі мақсатында құрылды¹.

ҚР Президентінің *1992 ж. 7 мамырдағы* Жарлығымен мемкомитет *ҚР Қорғаныс министрлігі* болып қайта құрылды².

¹ «Қазақ ССР-ң Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» Қазақ ССР Президентінің 1991 ж. 25 қазандағы № 474 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991, № 42-45, 510-күжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құры туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 мамырдағы № 738 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1992, № 18, 279-күжат).

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (1992*)

ҚР Президентінің *1992 ж. 7 мамырдағы* Жарлығымен *ҚР Мемлекеттік қорғаныс комитетінің* қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 2 шілдедегі* қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 20 қазандағы* қаулысымен ҚР Қорғаныс министрлігі жанындағы ҚР Қорғаныс министрлігі бас сауда басқармасының базасында қару-жарақтар мен оларға оқ-дәрілерді, әскери техника мен технологияларды, қосалқы бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдар мен приборларды сатып алу және сату, ғарыштық сынақтарды, сондай-ақ әскери текті қара, түсті металдар мен материалдарды жинау мен сатуды ұйымдастыру, әскери мақсаттағы өнімдермен экспорттық-импорттық операциялар жүргізу үшін шаруашылық жүргізу құқығымен «Казвоентехимпекс» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды³.

ҚР Президентінің *1996 ж. 1 шілдедегі* Жарлығымен ҚР Қарулы Күштері үшін кіші командалық құрамның кадрларын даярлау мақсатында ҚР Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы құрылды⁴.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 27 желтоқсандағы* қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; баспасөз қызметі; іс басқармасы; инспекция; халықаралық әскери ынтымақтастық жөніндегі басқарма; бас штаб; ракета әскерлері және артиллерия басқармасы; инженерлік әскерлер басқармасы; жауынгерлік әзірлік басқармасы; редакциялық химиялық және биологиялық қорғаныс қызметі; жоғары оқу орындары және әскери тыс даярлық басқармасы; әскери медицина басқарма; тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс басқармасы; бюджеттік-қаржы басқармасы; құрылыс және әскери орналастыру басқармасы⁵.

ҚР Президентінің *1997 ж. 4 наурыздағы* Жарлығымен ҚР Қорғаныс министрлігіне таратылған *ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің* функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді⁶.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 6 маусымдағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді⁷.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР Қарулы Күштеріне басшылық жасауды, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде мемлекеттің әскери-техникалық және әскери-экономикалық саясаты саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР Қарулы Күштерін жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірлікте ұстау және қамтамасыз ету; ҚР қарсы әскери шабуылды болдырмау

және мүмкін агрессияға қарумен тойтарыс беру үшін қажетті жағдай жасау; ҚР әскери-саяси ахуалын бағалау, қауіпсіздігіне ықтимал қауіптің сипаты мен дәрежесін айқындау; ҚР әскери саясаты мен әскери доктринасын әзірлеуге қатысу, бірыңғай әскери-техникалық және әскери-экономикалық саясат жүргізу; басқа мемлекеттермен әскери-саяси және әскери ынтымақтастықты қамтамасыз ету және бірлескен қорғаныс бойынша күштерді келісу, сондай-ақ соғысты болдырмауға арналған шараларды жүргізуге тікелей қатысу; ҚР мемлекеттік шекарасын, оның аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік шекарадағы экономикалық мүдделерін күзету және қорғау; ҚР Қарулы Күштерінің жеке құрамын әскери, құқықтық, патриоттық және адамгершілік тәрбиелеуді жүзеге асыру; ҚР Конституциясының нормаларын, Қарулы Күштердегі заңдылық пен құқық тәртібін нығайту жөніндегі ҚР Қарулы Күштері туралы заң актілерін жүзеге асыру; мемлекеттік органдар мен ұйымдардың соғыс уақытында жұмыс істеуі үшін экономикасын жұмылдыруға әзірледі, сондай-ақ республика тұрғындары мен аумағын, коммуникациясын қорғанысқа әзірледі ұйымдастыруға қатысу; орталық және жергілікті атқарушы органдардың соғыс уақытындағы қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету; министрліктің әскери қызметшілері мен азаматтық қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қорғау; әскери іс-қимыл жүргізуге байланысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру; қорғанысқа және мемлекеттік шекараны күзетуге арналған шығыстар бойынша Республикалық бюджеттің жобасы жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 13 маусымдағы** қаулысымен министрліктің жаңа құрылымы бекітілді: басшылық; адъютанттар бөлімі; баспасөз қызметі; құжаттау департаменті; ішкі қауіпсіздік басқармасы; халықаралық әскери ынтымақтастық департаменті; бас штаб: жедел жоспарлау департаменті; ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті; байланыс департаменті; сегізінші бөлім; топографиялық қызмет; әскери хабарламалар қызметі; қаржы бөлімшесі; комендатура; бөлім (кадрларды іріктеу, орналастыру, есепке алу және құжаттар әзірлеу); қамтамасыз ету бөлімі; әскери-оркестр қызметі; арнайы әскер департаменті; жауынгерлік даярлық департаменті; медициналық қамтамасыз ету департаменті; кадр және әскери білім департаменті; тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар департаменті; экономика және қаржы департаменті; **ҚР Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеті (заңды тұлға құқығында) Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті (заңды тұлға құқығында)**⁸.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 23 ақпандағы** қаулысымен министрліктің жаңа құрылымы бекітілді: Қорғаныс министрінің аппараты; орталық командалық пункт; бас әскери инспекция; қару-жарак департаменті; тыл департаменті; тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар департаменті; кадр департаменті; экономика және қаржы департаменті; **Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)**⁹.

ҚР Қарулы Күштерінің Бас штабының құрылымы: жедел жоспарлау департаменті; ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті; жауынгерлік даярлық департаменті; жедел қамтамасыз ету департаменті; әскерлерді тылдық және техникалық қамтамасыз ету департаменті; медициналық қамтамасыз ету департаменті; байланыс департаменті; әскери қызметі басқармасы; құпиялық режимін қамтамасыз ету басқармасы.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 19 маусымдағы** қаулысымен министрлік және ҚР Қарулы Күштерінің Бас штабы туралы жаңа ережелер бекітілді¹⁰. Органның құқықтық мәртебесі белгіленді, негізгі міндеттері өзгертілмеді.

Ережеге сәйкес министрлік Қарулы Күштерге, ҚР қорғаныс құрылысына әскери-саяси басшылық жасауды және ҚР Қарулы Күштерінің түрлерін басқаруды жүзеге асыратын әскери басқарудың орталық органы болды.

Бас штаб ҚР Қарулы Күштерін қолдануды және оның күнделікті қызметін ұйымдастыруды жедел-стратегиялық жоспарлау органы болды. Бас штаб Қарулы Күштер түрлерінің, Бас штаб департаменттерінің, бас басқармаларының (басқармаларының), бөлімдерінің және қызметтерінің жұмысын бағыттады және үйлестіреді, ҚР Қорғаныс министрінің бұйрықтары мен нұсқауларының негізінде әскерлердің жауынгерлік және күнделікті қызметіне басшылық жасайды, оларды қатаң және бұлжытпай іске асырды.

ҚР Президентінің *1999 ж. 20 мамырдағы* Жарлығымен Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті *ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне* берілді¹¹.

ҚР Үкіметінің *2000 ж. 9 наурыздағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹².

Министрліктің құқықтық статусы анықталды: Қарулы Күштерге әскери-саяси басшылықты, ҚР қорғаныс құрылысын және ҚР Қарулы Күштерінің түрлерін басқаруды жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы әскери басқару органы. Министрліктің негізгі функциялары сақталынды.

ҚР Үкіметінің *2001 ж. 16 тамыздағы* қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹³.

Ережеге сәйкес министрлік қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты, сондай-ақ ҚР Қарулы Күштерінің Бас штабы арқылы ҚР Қарулы Күштеріне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Бас штаб ҚР Қарулы Күштерін жедел-стратегиялық басқаруды жүзеге асыратын министрліктің құрылымындағы әскери басқару органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: мемлекеттің әскери саясаты мен ҚР Әскери доктринасының мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысу; ҚР әскери бюджетінің жобасы жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ҚР әскери-техникалық және әскери-экономикалық саясатын жүргізуде Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасын, Әскери доктринасын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; әскери-саяси жағдайға баға беруге, ҚР қауіпсіздігіне төнетін ықтимал қатердің сипаты мен дәрежесін айқындауға қатысу; Қарулы Күштерде мемлекеттік құпияларды қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету; мемлекеттің егемендігін және аумақтық тұтастығын қорғауға Қарулы Күштердің жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын үнемі қолдау мен қамтамасыз ету, қарулы шабуылды болдырмау және ҚР қарсы агрессияға қарулы тойтарыс беру үшін қажетті жағдайлар жасау; Қарулы Күштер туралы ҚР Конституциясының нормалары мен ҚР нормативтік құқықтық кесімдерін іске асыруды қамтамасыз ету; Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің және арнайы әскерлердің жедел мақсаты мен міндеттерін айқындау, оларды ҚР басқа әскерлерімен және әскери құрылымдарымен, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде басқа мемлекеттердің қарулы күштерімен өзара іс-қимылда қолдану; *ҚР Президентінің* шешімімен Қарулы Күштерге адам, көлік және материалдық-техникалық ресурстарды жұмылдыруды жүргізу; Қарулы Күштерде идеологиялық және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; экономиканы жұмылдыру даярлығын ұйымдастыру және ұйымдардың белгіленген жұмылдыру тапсырмасын орындау даярлығын бақылауға қатысу; ғылыми-техникалық және арнаулы зерттеулер мен Қарулы Күштердің мұқтаждығы үшін әскери кадрларды даярлауды дамыту бағыттарын айқындау; әскери іс-әрекетті жүргізуге байланысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету; Қарулы Күштердің қару-жаракқа, әскери техника мен басқа да материалдық жабдықтарға сұранымын, олармен Қарулы Күштерді жұмылдыра өрістетудің жоспарын қамтамасыз ету, қару-жарактың, әскери техника мен басқа да материалдық жабдықтардың жедел және стратегиялық қорларын жинақтау мен орналастыруды айқындау; әскери қызметшілердің, азаматтық қызметкерлердің қауіпсіздігі мен өмірін және денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің *2002 ж. 14 маусымдағы* қаулысымен министрліктің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлер қолбасшысының басқармасы» мемлекеттік мекемесі құрылды¹⁴.

ҚР Президентінің *2003 ж. 7 мамырдағы* Жарлығымен ҚР Қарулы Күштерінің құрылымы бекітілді: 1) Қарулы Күштерге басшылық жасаудың жоғары әскери-саяси органы – соғыс кезінде Қарулы Күштердің бүкіл қызметіне жалпы басшылық жасауды және Штабтар бастықтарының комитеті арқылы оларды басқаруды жүзеге асыратын Жоғарғы Бас қолбасшылық (Жоғарғы Бас қолбасшылықтың Ставкасы); 2) басқару органдары: стратегиялық – Қорғаныс министрлігі (орталық атқарушы орган) және Штабтар бастықтарының комитеті (ведомство); жедел-стратегиялық – Қарулы Күштер түрлері бас қолбасшыларының және Қарулы Күштер әскер тектері қолбасшыларының басқармалары; жедел-аумақтық – өңірлік қолбасшылықтар басқармалары; жедел-тактикалық – Қарулы Күштер түрлерінің әскер тектері бастықтарының басқармалары;

тактикалық – құрамалар мен әскери бөлімдердің басқармалары; жергілікті – облыстардың қорғаныс ісі жөніндегі департаменттері (басқармалары және аудандар мен қалалардың бөлімдері); 3) Қарулы Күштер түрлері: басқару органдары, өңірлік қолбасшылық, әскер тектері, арнаулы әскерлер, тыл, әскери-оқу орындары, оқу және резервтік бөлімдер құрамындағы Құрлық әскерлері; басқару органдары, әскер тектері, арнаулы әскерлер, тыл, әскери-оқу орындары, оқу және резервтік бөлімдер құрамындағы Әуе қорғанысы күштері, басқару органдары, әскер тектері, арнаулы әскерлер, тыл, әскери-оқу орындары және оқу бөлімдері құрамындағы Әскери-теңіз күштері; 4) Қарулы Күштер әскер тектері: басқару органдары, құрамалар мен бөлімдер құрамындағы Аэроұтқыр әскерлер; басқару органдары, құрамалар мен бөлімдер құрамындағы Ракета әскерлері мен артиллерия; 5) басқару органдары, құрамалар, жедел, жауынгерлік және техникалық қамтамасыз ету бөлімдері мен мекемелері құрамындағы Арнаулы әскерлер; 6) басқару органдары, құрамалар, бөлімдер мен мекемелер құрамындағы Қарулы Күштер Тылы; 7) әскери-оқу орындары мен әскери-ғылыми мекемелер¹⁵.

ҚР Үкіметінің **2003 ж. 6 тамыздағы** қаулысымен **ҚР Қорғаныс министрлігі Штаб бастықтарының комитеті** мен ҚР Қарулы Күштерінің Әскери-теңіз күштері құрылды¹⁶.

Министрліктің мынадай мемлекеттік мекемелері құрылды: ҚР Қарулы Күштерінің Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысының басқармасы; ҚР Қарулы Күштерінің Ракета әскерлері мен артиллерия қолбасшысының басқармасы; ҚР Қарулы Күштерінің Тыл бастығы басқармасы. ҚР Қарулы Күштерінің Өңірлік әскер қолбасшысының басқармасы ҚР Қарулы Күштерінің Өңірлік әскер бас қолбасшысының басқармасы болып; № 2140 әскери бөлімі ҚР Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының басқармасы болып қайта аталды. Министрлікті бірқатар мемлекеттік мекемелері де қайта аталды.

Министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді, атап айтқанда ҚР Қарулы Күштерінің Бас штабы туралы жолдар алынып тасталынды.

ҚР Президентінің **2004 ж. 10 қарашадағы** Жарлығымен ҚР Қарулы Күштерінің құрылымына бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді¹⁷.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен министрліктің ҚР Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері Бас қолбасшысының басқармасы таратылып, ҚР Қарулы Күштерінің Жауынгерлік даярлық басқармасы құрылды¹⁸.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 2 ақпандағы** қаулысымен ҚР Қарулы Күштерінің арнайы әскерлері мен Тылы штат санының бекітілген лимиті шегінде ҚР Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік мекемелері құрылды: Әскери полиция жасағы (ҚР Қорғаныс министрлігінің күзеті), Әскери полиция жасағы (ҚР Қорғаныс министрлігі объектілерінің күзеті), әскери полиция бөлімі (ҚР Қорғаныс министрлігі объектілерінің күзеті), әскери полиция бөлімдері және бірқатар горнизондардың анықтау және іздестіру бөлімшелері, әскери полиция мамандарын даярлау орталығы, зат қоймасы¹⁹.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды²⁰.

Министрлік қорғаныс саласында мемлекеттік саясатты, сондай-ақ ҚР Қарулы Күштерін әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің ведомствосы – **Штаб бастықтары комитеті**.

Министрліктің негізгі міндеттері: қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізу; ҚР Қарулы Күштерін әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыру; агрессияға тойтарыс беру, ҚР аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарумен қорғау, мемлекеттік және әскери объектілерді күзету және қорғау, әуе кеңістігін қорғау үшін, сондай-ақ ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштерді әзірлікте ұстау.

ҚР Президентінің **2009 ж. 4 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Қарулы Күштері құрылымына өзгертулер енгізілді. ҚР Қарулы Күштері құрылымынан Қарулы Күштердің әскери тектері (аэроұтқыр әскерлер, ракета әскерлері мен артиллерия) шығарылды, ал әскери басқармалардың жедел-стратегиялық органдарының қатарынан Қарулы Күштердің әскери тектері қолбасшылық

басқармалары шығарылды. Әскери басқарманың жедел-тактикалық органдары құрамына Қарулы Күштер түрлерінің әскери тектерінің қолбасшылық басқармалары енгізілді. Құрлық әскерлері құрамында әскери басқару органдары құрылды. Әскери оқу орындары ҚР Әуе қорғаныс күштері мен Әскери-теңіз күштері құрамынан шығарылды. Әскери-теңіз күштері құрамына қосымша қор бөлімшелері енгізілді²¹.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі құрылды²².

ҚР Үкіметінің **2012 ж. 5 шілдедегі** қаулысымен Министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жазылды²³.

Министрлік қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты, ҚР Қарулы Күштерін әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган болды.

Министрліктің ведомствосы – ҚР Қарулы Күштерінің Бас штабы.

ҚР Президентінің **2016 ж. 6 қазандағы** Жарлығымен министрліктің қорғаныс өнеркәсібі саласындағы функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне** берілді²⁴.

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 2 маусымдағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда жазылды²⁵.

Министрлік қорғаныс саласында басшылықты, ҚР Қарулы Күштерін әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ мемлекеттік авиация және аумақтық қорғаныс салаларындағы уәкілетті орган болды.

Министрліктің бейбіт уақыттағы ведомствосы – Қарулы Күштердің Бас штабы.

Министрліктің негізгі міндеттері: қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізу; Қарулы Күштерді әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыру; агрессияға тойтарыс беру, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау, мемлекеттік және әскери объектілерді күзету және қорғау, әуе кеңістігін қорғау, сондай-ақ ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігін және жауынгерлік қабілеттілігін қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **2023 ж. 1 қаңтардағы, 2023 ж. 11 мамырдағы, 2023 ж. 16 қыркүйектегі, 2024 ж. 16 ақпандағы, 2024 ж. 16 қыркүйектегі** қаулыларымен **ҚР Қорғаныс министрлігі** туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді²⁶.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 мамырдағы № 738 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 18, 279-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 2 шілдедегі № 575 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 27, 413-құжат). Ереже жарияланбаған. Құрастырушылар ескертпесі.

³ «Қазвоентехимпекс» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 20 қазандағы № 1356 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 419-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Кадет корпусын құру туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 1 шілдедегі № 3049 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 30, 266-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1665 қаулысы» (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 484 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйелерін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 4 наурыздағы № 3377 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 10, 69-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігі жөніндегі ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 6 маусымдағы № 934 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 25, 225-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 13 маусымдағы № 970 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 772 іс).

⁹ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 23 ақпандағы № 127 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1998, № 6, 34-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас Штабы туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 19 маусымдағы № 574 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 1021 іс).

¹¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: «Әдельвейс» ДК, 2004. - 658-б.

¹² «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 9 наурыздағы № 368 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 15, 142-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 16 тамыздағы № 1074 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 29, 376-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлер қолбасшысының басқармасы» мемлекеттік мекемесін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 14 маусымдағы № 649 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 17, 191-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 7 мамырдағы № 1085 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

¹⁶ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 6 тамыздағы № 785 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2003, № 31, 317-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын жетілдіру жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 10 қарашадағы № 1472 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001472_/info (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

¹⁸ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын жетілдірудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 12 қарашадағы № 1189 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 45, 565-құжат).

¹⁹ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 2 ақпандағы № 84 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 5, 42-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 ж. 16 тамыздағы №1074 және 2003 ж. 6 тамыздағы № 785 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 19 желтоқсандағы №1241 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 47, 564-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 ж. 7 мамырдағы №1085 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 4 наурыздағы №762 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000762_/info (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

²² «ҚР Үкіметінің ҚР Қорғаныс министрлігінің «ҚР Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы басқармасы» мемлекеттік мекемесін құру туралы» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 сәуірдегі № 554 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090000554_/info (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

²³ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 ж. 16 тамыздағы № 1074 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ж. 5 шілдедегі № 916 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2012, № 62, 856-құжат).

²⁴ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 6 қазандағы № 350 Жарлығы» (Егемен Қазақстан 07.10.2016 ж. № 192).

²⁵ «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 2 маусымдағы № 357 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 32, 192-құжат).

²⁶ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күшін жойды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 2 маусымдағы № 357 қаулысы (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/history/168467/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы (1992–1995)

ҚР Министрлер Кабинетінің *1992 ж. 2 шілдедегі* қаулысымен бұрынғы *ҚР Мемлекеттік қорғаныс комитетінің* Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар басқармасының негізінде құрылды¹.

Штаб *ҚР Министрлер Кабинетіне* бағынысты болды. Облыстардың, қалалардың Азаматтық қорғаныс штабтары, оларға бағынысты бөлімшелер, мекемелер, ұжымдық пайдаланудағы республикалық есептеу орталығы мен азаматтық қорғанысты республикалық курстары ҚР Азаматтық қорғаныс штабына бағынысты болды².

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 16 наурыздағы* қаулысымен ҚР Азаматтық қорғанысы туралы ереже мен ҚР Азаматтық қорғаныс штабы туралы ереже бекітілді³.

ҚР Азаматтық қорғанысты жалпы басқаруды лауазымы бойынша ҚР Азаматтық қорғаныс бағысты болып табылған ҚР Премьер-Министрі жүзеге асырды. ҚР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы ҚР Азаматтық қорғаныс бастығының орынбасары болды.

ҚР Азаматтық қорғаныс штабы ҚР Азаматтық қорғанысын тікелей басқарды және азаматтық қорғаныс бастығының жұмысшы органы болды.

ҚР Азаматтық қорғаныс штабы оған бағынысты облыстардың, қалалардың азаматтық қорғаныс штабтарын, әскери бөлімшелерді, мекемелерді және бөлімшелерді басқарды, олардың қызметін бағыттады, үйлестірді және бақылады.

Штабтың негізгі міндеттері: күштер мен құралдары төтенше жағдайлар мен дұшпанның қарулы шабуылы кезінде іс-қимыл жасауға әзірлеу жөніндегі азаматтық қорғаныстың бүкіл шаралар кешенін орындауды ұйымдастыру; апат аймақтары мен зақымдалу ошақтарында олардың зардаптарын жою кезінде құтқару ісі мен басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру; ҚР бейбіт кезең мен соғыс уақытына арналған азаматтық қорғаныс жоспарларын әзірлеп, оның жүзеге асырылуына бақылау жасау, сондай-ақ аумақтық және салалық басқару органдарының бейбіт кезең мен соғыс уақытына арналған азаматтық қорғаныс жоспарларын әзірлеуге әдістемелік басшылықты, олардың толықтығы мен сапасына бақылауды жүзеге асыру; қорғаныс құрылыстарын басқару пункттерін салуға, құлақтандыру мен байланыс жүйелерін, азаматтық қорғаныстың басқа да объектілерін құруға, азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шараларын жобалау нормаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыру; азаматтық қорғаныс басшы құрамының, басқару органдары мен күштерінің даярлығын, сондай-ақ халықты бейбіт кезең мен соғыс уақытында төтенше жағдайлар туу қаупі төнген кезде іс-қимыл жасауға үйретуді ұйымдастыру және бақылау жасау; аумақтық және салалық басқару органдарымен бірлесе отырып азаматтық қорғаныс басқару органдарының қызметтері мен күштерінің тексерулерін, штабтық-командалық, арнаулы оқулары мен жаттығуларын жоспарлап, өткізу және т.б.

ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы Жарлығымен штаб таратылды*⁴. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетке* берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 2 шілдедегі № 575 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 27, 413-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 2 қыркүйектегі № 733 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 35, 528-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысын жетілдіру туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 16 наурыздағы № 275 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 14, 133-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Штаб бастықтары комитеті (2003–2011)

ҚР Үкіметінің *2003 ж. 6 тамыздағы* қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен комитет туралы ереже бекітілді².

Комитет бейбіт уақытта ҚР Қарулы Күштеріне стратегиялық басшылық жасауды және әскери қауіпсіздік пен мемлекет қорғанысы мәселелерінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын *Қорғаныс министрлігінің* ведомствосы, ал соғыс уақытында – Жоғарғы Бас қолбасшылық Ставкасының басшылығымен Қарулы Күштерге стратегиялық басшылық жасаудың негізгі органы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: әскери-саяси ахуалды талдау, ҚР әскери қауіпсіздігіне төнуі ықтимал қауіптің сипаты мен дәрежесін айқындау және Қорғаныс министрі шешім қабылдау үшін ұсыныстар дайындау; ҚР Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қолдануды жедел-стратегиялық жоспарлау; әскери доктринаны, әскери саясатты, ҚР Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрылысы мен дамыту жоспарларын әзірлеуге қатысу; Қарулы Күштердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін қолдау, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жедел және жұмылдыра даярлау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру, сондай-ақ олардың жай-күйін бақылау; Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің жедел мақсаты мен міндеттерін айқындау, оларды ҚР басқа да әскерлерімен және

әскери құралымдарымен, сондай-ақ ҚР бекіткен халықаралық шарттар негізінде басқа да мемлекеттердің қарулы күштерімен өзара іс-қимылда қолдану; ҚР әуе кеңістігінің күзеті мен қорғанысын ұйымдастыру; ҚР Қарулы Күштеріндегі күнделікті қызметті жоспарлау және ұйымдастыру, құқық тәртібі мен әскери тәртіпті қамтамасыз ету; ҚР Қарулы Күштерін жасақтауды жоспарлау және ұйымдастыру; Қарулы Күштердің қару-жараққа, әскери техникаға, басқа да материалдық құралдарға қажеттілігін айқындау, оларды пайдалануды, сақталуын қамтамасыз етуді, есептен шығару мен пайдаға асыруды ұйымдастыру, олармен Қарулы Күштерді жұмылдыра өрістетуді қамтамасыз етуді жоспарлау; әскерлер қызметімен байланысты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

ҚР Президентінің *2011 ж. 11 қазандағы* Жарлығымен жаңа әскери доктрина қабылданып оған сәйкес комитет *ҚР Қарулы Күштерінің Бас штабы* етіп қайта құрылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 6 тамыздағы № 785 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2003, № 31, 317-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 11 қазандағы № 161 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2011, № 56, 791-құжат).

11.5 Төтенше жағдайлар бойынша басқару органдары

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (ТЖМК) (1991–1995)

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1989 ж. 24 қазандағы қаулысымен Қазақ КСР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы ретінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Апат, зілзала зардаптарын жою жөніндегі тұрақты төтенше комиссиясының қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

Мемкомиссия *ҚР Министрлер Кабинеті* тікелей жетекшілік еткен ҚР орталық, мемлекеттік басқару органы болды².

Қазақ КСР Президентінің *1991 ж. 21 тамыздағы* Жарлығымен мемлекеттік комиссия туралы ереже бекітілді³.

Қазақ КСР Мемлекеттік комиссиясының мақсаты – төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау жөніндегі республикалық жүйе құруды, оның қызметі мен дамуын қамтамасыз ету, Қазақ КСР мемлекеттік комитеттерінің министрліктерінің, ведомстволарының, бірлестіктердің, концерндердің, ассоциациялардың, кооперативтердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан меншіктің түрлі нысандарына жататын басқа да ұйымдық-өндірістік құрылымдардың, жергілікті өкімет органдарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу, жол бермеу, ауыртпалығын азайту және зардаптарын жою, олар пайда бола қалған жағдайда авариялық-қалпына келтіру және іздестіру-құтқару қызметтері мен құралдарын, халықтың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін жасау жөніндегі жұмысын үйлестіріп бақылап отыру.

Мемкомиссияның негізгі міндеттері: халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, айналадағы ортаны және халық шаруашылық объектілерін ықтимал авариялардан, апаттардан, зілзала және экологиялық нәубеттерден қорғау жөніндегі экономикалық және құқықтық шаралар жүйесін жасау; төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі республикалық бағдарламаны жете зерттеуді және іске асыруды үйлестіру; ірі көлемдегі төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және басқару; төтенше жағдайлар кезінде барлық деңгейдегі мемлекеттік басқарудың республикалық органдарын әзірлікке келтіру

жоспарын жасауға және төтенше жағдайларда оларды іс-қимыл жасауға дайындауға әдістемелік басшылық; бірыңғай техникалық саясат жүргізу және іздестіру-құтқару мен авариялық қалпына келтіру жұмыстарын іске асыру үшін техниканың, жабдықтың, механизм мен материалдардың жаңа үлгілерін жасау жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындауды үйлестіру; ірі авариялар мен апаттардың, экологиялық және зілзала нәубеттері зардаптарының алдын алу, ескерту және жою саласында жалпы одақтық және шетелдік тәжірибені зерттеу мен пайдалануды ұйымдастыру, сондай-ақ одақтас республикалармен, шетелдермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Комиссияның жұмысшы аппараты болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 19 ақпандағы** қаулысымен мемкомиссиясы аппаратының құрылымы бекітілді; басшылық; төтенше жағдайларда алдын ала ескерту және іс-әрекет бөлімі; басқару, ақпараттар мен байланыстар бөлімі⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 28 ақпандағы** қаулысымен төтенше жағдайларда оның алдын алу және іс-әрекет ету жөніндегі республикалық жүйенің күштері мен құралдарының құрамына заңды ұйымдардың барлық құқық түрлерін пайдаланатын дербес мемлекеттік мамандандырылған ұйым болып кірген Республикалық жедел құтқару тобы (РЖҚТ) туралы ереже бекітілді. РЖҚТ жедел басқаруды ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жүзеге асырды⁵.

РЖҚТ негізгі міндеттері: табиғи зілзала, авария және қатынауы қиын аймақтардағы апат кезінде көпсалалы кәсіби мамандығы бар құтқарушылардың жедел әрі тиімді іс-әрекет жасауын керек қылатын шұғыл құтқару, іздестіру-құтқару, іздестіру-құтқару және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу; жойқын авариялар, апаттар ошақтарында және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу; төтенше жағдайлар кезінде авариялық-құтқару бөлімшелерімен және құрамаларымен бірлесіп құтқару жұмыстарына қатысу; тіршілікті сақтаудың іс-әрекет мен тәсілдеріне халықты дайындау мен үйретуге төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардабын азайту жөніндегі сақтандыру шараларын әзірлеп, жүзеге асыруға қатысу; РЖҚТ бөлімшелерінің республика аумағында құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын дереу әрі тиімді жүргізуге ұдайы әзір тұруын қамтамасыз ету.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен мемкомиссия таратылды⁶. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне** берілді.

¹ «Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Апат, зілзала зардаптарын жою жөніндегі тұрақты төтенше комиссияны Қазақ ССР Министрлер Советінің Төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиясы етіп қайта құру туралы» Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 ж. 24 қазандағы № 331 қаулысы (Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары, 1989 ж. қазан, 33-37 б.).

² «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1992 ж. 7 ақпандағы № 600 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 54-құжат).

³ Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель; ҚР Президентінің Архиві. – Алматы: БҰ «Эдельвейс», 2004. – С. 661.

⁴ Сонда.

⁵ «Республикалық жедел-құтқару тобы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 28 ақпандағы № 235 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/md/435/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁶ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Өрт күзету бас басқармасы (1994–1997)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен құрылды¹.

Бас басқарма ҚР мемлекеттік өрт қадағалау органы болды.

ҚР мемлекеттік өрт қадағалуды жүзеге асырған органдар **ҚР ПМ** жүйесіне кірді. ҚР ПМ Өрттен қорғау бас басқармасы, Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасының, облыстық және

Ленинск қалалық ішкі істер басқармаларының өрттен қорғау басқармалары, бөлімдері, көліктегі қалалық және аудандық ішкі істер бөлімдерінің, желілік ішкі істер бөлімдерінің мемлекеттік өрт қадағалау бөлімдері, бөлімшелері және инспекциялары, қалалардың, поселкелердің, аудандық орталықтардың, өнеркәсіп орындарының, ұйымдардың, мекемелердің әскерилендірілген өрттен қорғау әскерлері мен бөлімдері, ҚР ПМ тікелей бағынысты әскерилендірілген өрттен қорғау бөлімшелері ҚР мемлекеттік өрт қадағалау органдары болды.

ҚР Министрлер Кабинетінің *1994 ж. 22 сәуірдегі* қаулысымен ҚР мемлекеттік өрт қадағалау туралы ереже бекітілді².

Мемлекеттік өрт қадағалау органдарының негізгі міндеті елді мекендерде, меншік нысанына қарамастан шаруашылық объектілерінде өрт қауіпсіздігінің жай-күйін қадағалауды қамтамасыз ету болды.

Өрттен қорғау қызметі ҚР ПМ қарамағына берілмейтін ҚР министрліктері мен ведомстволарының тізбесі бекітілді: *ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР Экология және биоресурстар министрлігі, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті*, «Астық» мемлекеттік акционерлік компаниясы, әуе және темір жол көліктері кәсіпорындары.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 22 шілдедегі* қаулысымен ҚР Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің штаттары *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне* берілді³.

¹ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік өрт қадағалау мен өрттен қорғауды ұйымдастыру тәртібі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 сәуірдегі № 430 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 20, 192-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік өрт қадағалау мен өрттен қорғауды ұйымдастыру тәртібі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 22 сәуірдегі № 430 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1994, № 20, 192-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 шілдедегі № 1143 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 33, 305-құжат).

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті (1995–1997)

Комитет ҚР Президентінің *1995 ж. 19 қазандағы* Жарлығымен құрылып, оған таратылған *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының* және *ҚР Азаматтық қорғаныс штабының* мүлкі мен істерін басқару өкілеттігі берілді¹.

ҚР Үкіметінің *1995 ж. 19 желтоқсандағы* қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет ҚР Үкіметінің құрылымына енді және халық пен аумақтарды авариялардан, апаттар мен табиғи зілзалалардан қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою, сондай-ақ елдің азаматтық қорғанысы мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырды.

Мемкомитеттің негізгі функциялары: халық пен аумақтарды авариялардан, апаттар мен табиғи зілзалалардан қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою, сондай-ақ елдің азаматтық қорғанысы саласында ұсыныстар әзірлеу және мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; төтенше жағдайлар кезінде алдын алу мен іс-қимыл жасаудың мемлекеттің жүйесінің жұмыс істейтін және одан әрі жетілдірілуін қамтамасыз ету; министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың авариялардың, апаттардың алдын алу мен оны жою, табиғи зілзалалардың зиянын азайту, азаматтық қорғаныстың, апаттан құтқару қызметінің отрядын құру және құтқару жұмыстары мен басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге дайын тұруын қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген нормативтік талаптарды орындауын үйлестіру және мемлекеттік бақылауға алу; ҚР

азаматтық қорғанысына басшылық ету; ҚР авариялық-құтқару қызметін құру және басқару және т.б.

ТЖМК жүйесінде төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық, қалалық басқармалар, аудандық бөлімдер белгіленген тәртіппен құрылып, өздерінің қызметін жүзеге асырды және оның аумақтық органдары, төменгі аумақтық бөлімшелері жоғары тұрғандарына тікелей бағынатын біртұтас жүйе құрды.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 11 шілдедегі* қаулысымен ҚР судан құтқару қоғамының құрамынан мемлекеттік судан құтқару қызметі бөлініп шығарылды және оның базасында мемлекеттік мекеме – Республикалық судан құтқару қызметі орталығы (Сукұтқару орталығы) құрылды³. Республикалық судан құтқару қызметі орталығы жүйесіне судан құтқару қызметі (облыстық және қалалық), олардың бағынысындағы кәсіпорындар мен ұйымдар кірді.

ҚР Президентінің *1996 ж. 29 қазандағы* Жарлығымен мемкомитетке *ҚР Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитетінің* функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді⁴.

ҚР Үкіметінің *1996 ж. 13 желтоқсандағы* қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; төтенше жағдайлардың алдын алу бас басқармасы; жедел мән беру және азаматтық қорғаныс бас басқармасы; төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, өнеркәсіпте жұмыстың қауіпсіздігін қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік бас инспекция (бас басқарма құқығында); бақылау және талдау бөлімі; кадр бөлімі; қаржы-экономика бөлімі; материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі; арнаулы бөлім⁵.

ҚР Президентінің *1997 ж. 22 сәуірдегі* Жарлығымен *1997 ж. 1 шілдеге* дейін белгіленген тәртіппен *ҚР Ішкі істер министрлігінен* Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетке – Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері берілуін қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды⁶.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 24 сәуірдегі* қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; төтенше жағдайлардың алдын алу департаменті; жедел мән беру департаменті; азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер департаменті; төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізу және тау-кен қадағалау жөніндегі департаменті; заңды тұлға құқығындағы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті; бақылау және талдау бөлімі; кадр бөлімі; қаржы-экономика бөлімі; материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі; арнаулы бөлім⁷.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 7 шілдедегі* қаулысымен мемкомитет туралы жаңа ереже бекітілді⁸.

Мемкомитеттің құқықтық статусы белгіленді – ҚР табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы арнайы өкілеттік берілген орталық атқарушы орган, *ҚР Үкіметінің* құрылымына кірді және халықты, қоршаған ортаны және табиғи зілзалалардан қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, елдің азаматтық қорғанысы, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырды және осы мақсатта салааралық үйлестіруді жүзеге асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және асыруға қатысу; төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ету; мемлекеттік басқарудың жоғарыда көрсетілген салаларына басшылық етуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; өзге мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру; кадрларды даярлау және қайта даярлау; комитетке жүктелген өзге де міндеттер.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 22 шілдедегі* қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының құрылымы *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемкомитетінің Мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметі департаментімен (заңды тұлға құқығында)* толықтырылды⁹.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті* – Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып қайта құрылды¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2541 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 33, 409-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1820 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 39, 501-құжат).

³ «Республикалық судан құтқару орталығын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 11 шілдедегі № 890 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 453 іс).

⁴ «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымын жетілдіру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 13 желтоқсандағы № 1536 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 481 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 16, 125-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 24 сәуірдегі № 657 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 762 іс).

⁸ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 1 шілдедегі № 1068 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 30, 275-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 шілдедегі № 1143 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 33, 305-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті (1997)

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 22 сәуірдегі* қаулысымен *ҚР Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бас басқармасының* қайта құрылуының және оның *ТЖМК* берілуінің нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 22 шілдедегі* қаулысымен департамент туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес департамент өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік басқару органы болды.

Департаменттің негізгі міндеттері: өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысу; орталық және жергілікті атқарушы органдарының, өртке қарсы қызмет ұйымдары мен бөлімшелерінің өрт қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі жұмыстарын үйлестіру; ҚР-да мемлекеттік өрт қадағалау қамтамасыз ету; өрт сөндіруді қамтамасыз ету және жүзеге асыру; өрт қауіпсіздігі саласында заңдардың қолданылу тәжірибесін талдау және тұжырымдау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және т.б.

Департаменттің өзінің аумақтық органдары болды.

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен департамент мемлекеттік комитетпен бірге қайта құрылды және *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің* құрамына кірді³.

¹ «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 шілдедегі № 1143 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 33, 305-құжат).

² «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 шілдедегі № 1143 қаулысының қосымшасы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 33, 305-құжат).

³ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті
(1997–1999)**

ҚР Президентінің *1997 ж. 10 қазандағы* Жарлығымен *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің* қайта құрылуының нәтижесінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 17 қарашадағы* қаулысымен комитет туралы ереже мен оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы арнайы уәкілеттік берілген, *ҚР Үкіметінің* құрамына кірмейтін, орталық атқарушы орган болып табылады және халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерін авариялардан, апаттардан және табиғи зілзалалардан қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою елдің азаматтық қорғанысы, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты және салааралық үйлестіруді іске асырды.

Комитеттің негізгі міндеттері: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, елдің азаматтық қорғанысы, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру; төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен оны одан әрі дамытуды қамтамасыз ету; салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқарудың жоғарыда аталған салаларына басшылықты жүзеге асыру; өзге де мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру; кадрлар даярлау және қайта даярлау.

Комитет пен оның аумақтық органдары ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің бірыңғай жүйесін құрды. Комитет комитеттің қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен құрылымдық бөлімшелерден тұрды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; төтенше жағдайлардың алдын алу департаменті; жедел мән беру департаменті; азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер департаменті; төтенше жағдайларды, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді мемлекеттік қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі департамент; мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті; бақылау және талдау бөлімі; кадр бөлімі; қаржы-экономика бөлімі; материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі; арнайы бөлім.

ҚР Президентінің *1999 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен ҚР Үкіметінің жаңа құрылымының бекітілуіне және *ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің* құрылуына байланысты комитет өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 10 қазандағы № 3655 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 45, 410-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 17 қарашадағы № 1593 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1997, № 49, 458-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

**Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің
Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті
(1997–1999)**

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 17 қарашадағы* қаулысымен құрылды¹.

Департамент өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік басқару органы болды².

ҚР Үкіметінің *1997 ж. 18 желтоқсандағы* қаулысымен департаменттің құрылымы бекітілді: мемлекеттік өрт қадағалау басқармасы; өрт сөндіру және авариялық-құтқару

жұмыстарының басқармасы; кадрлар мен оқу орындар басқармасы; қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі³.

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Үкіметінің** жаңа құрылымы бекітілуіне байланысты департамент комитетпен бірге өз қызметін тоқтатты⁴. Функциялары мен өкілеттігі жаңа құрылған **ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасында Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 17 қарашадағы № 1593 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 49, 458-құжат).

² Департамент туралы ереже қайта бекітілмеді. Органның тек атуы («Мемлекеттік комитет» сөзі «Комитет» сөзімен алмастырылды) мен құрылымы ғана өзгертілді. «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1788 қаулысын қараңыз (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 56, 507-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 18 желтоқсандағы № 1788 қаулысына қосымша (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 56, 507-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі (1999–2004)

ҚР Президентінің **1999 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 27 сәуірдегі** қаулысымен агенттік туралы ереже мен оның құрылымы бекітілді².

Агенттік **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін, салааралық үйлестіруді, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, ҚР азаматтық қорғанысы, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау саласындағы арнаулы атқарушылық және шешім шығару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, елдің азаматтық қорғанысы, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және оны іске асыру; төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және оны одан әрі дамытуды қамтамасыз ету; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, білімді насихаттау, халықты және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы мамандарды оқыту; азаматтық қорғаныстың міндеттерін шешуге бағытталған мақсатты бағдарламаларды әзірлеуді және оны орындауды ұйымдастыру; өрттің алдын алуды ұйымдастыру.

Агенттіктің өзінің аумақтық органдары болды.

Агенттіктің құрылымы: басшылық; төтенше жағдайлардың алдын алу департаменті; жедел ден қою департаменті; азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер департаменті; мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті; төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, техникалық және кен қадағалауы жөніндегі департаменті; кадр және оқу орындары бөлімі; қаржы-экономикалық бөлімі; бақылау және іс жүргізу бөлімі; арнайы бөлім.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 10 наурыздағы** қаулысымен агенттіктің мемлекеттік мекемелері құрылды (төтенше жағдайлар жөніндегі қалалық және облыстық басқармалары)³.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен агенттік таратылды³. Оның базасында, сондай-ақ таратылған **ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің** базасында **ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі** құрылды⁴.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері оларды ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелеріне және **ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі**

министрлігінің Төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі аумақтық органдарына бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁵.

ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағынысты ұйымдары мен бірқатар төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері қайта аталды.

ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік мекемелері оларды «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі комитетінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесіне қосу арқылы қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1999 ж. 23 қаңтар).

² «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері» ҚР Президентінің 1999 ж. 27 сәуірдегі № 481 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1999, № 15, 154-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі мен Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 10 наурыздағы № 300 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 12, 162-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 25 қаңтардағы № 53 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 3, 26-құжат).

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі (2004–2014, 2020*)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығымен таратылған **ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі** және **ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің** базасында құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітіліп, министрліктің **Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті** мен **Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті** құрылды².

Министрлік орталық атқарушы орган болды.

Министрліктің негізгі міндеттері табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысы (бұдан әрі – Азаматтық қорғаныс), Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын қадағалау, салааралық үйлестіру, өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау, қауіпті өндірістік объектілердегі еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау, тау-кен қадағалау, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және оның одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттердің алдын алу мен сөндіруді ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру болды.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары және ведомстволары: Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті және Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті болды.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен ҚР Төтенше жағдайлар агенттігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерді ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне және ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы

мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аумақтық органдарына бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

Министрліктің жедел-құтқару жасақтары – мемлекеттік мекемелері құрылды. Ведомстволық бағынысты ұйымдар мен ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің кейбір мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарының атаулары өзгертілді.

ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік мекемелері «ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесіне біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 30 маусымдағы** қаулысымен министрліктің **Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетін Өртке қарсы қызмет комитетіне** оған өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау, өрттер туралы істер бойынша анықтау және өрт сөндіруді ұйымдастыру функцияларын бере отырып, министрліктің **Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетіне** оған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы және азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын бақылау функцияларын бере отырып бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

Министрліктің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері де Өртке қарсы қызмет комитетінің Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне және Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Осыған сәйкес министрлік туралы ережеге оның ведомстволарының атауына қатысты өзгертулер енгізілді: Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті алынып тасталынды және Өртке қарсы қызмет комитеті мен Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 24 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды⁵.

Министрлік табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы салааралық үйлестіру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін құруды және одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, өрттің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары, ведомстволық бағынысты ұйымдары және ведомстволары: Өртке қарсы қызмет комитеті, Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті, **Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті**.

Министрліктің негізгі міндеттері: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резерв, салааралық үйлестіру, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы, азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын мемлекеттік бақылау, өрттің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін құруды және одан әрі дамытуды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен министрліктің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері (қалаларда – басқармалар, аудандарда – бөлімдер) құрылды. Министрлік туралы ережеге министрліктің аумақтық органдары бар екендігі туралы тиісті толықтырулар енгізілді⁶.

«Өрт сөндіру қызметі және авариялық құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесі оны министрліктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар

департаменттерінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы «Өрт сөндіру қызметі және авариялық құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Министрліктің мемлекеттік мекемелері оларға министрліктің Өртке қарсы қызмет комитетінің, Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің мемлекеттік мекемелерін қосу жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 10 наурыздағы** қаулысымен министрліктің қарамағына коммуналдық меншіктен берілетін облыстардың және Астана қаласының суда құтқару қызметі берілді⁷. Министрліктің бірқатар мемлекеттік мекемелері қайта аталды. «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрліктің Алматы қаласындағы Төтенше жағдайлар департаментінің Суда құтқару қызметі» мемлекеттік мекемесі құрылды.

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 28 қаңтардағы** қаулысымен министрліктің қарамағына коммуналдық меншіктен республикалық меншікке берілетін мемлекеттік мекемелер – Апаттар медицинасының өңірлік орталықтары қабылданды⁸. Бірқатар мемлекеттік мекемелер қайта аталды.

ҚР Президентінің **2014 ж. 6 тамыздағы** Жарлығымен Министрлік таратылды, оған өнеркәсіптік қауіпсіздік және материалдық резервті қоспағанда, өкілеттіктер **ҚР Ішкі істер министрлігіне** берілді⁹.

ҚР Президентінің **2020 ж. 9 қыркүйектегі** Жарлығымен Министрлік қайта құрылды, оған: **ҚР Ішкі істер министрлігінің** табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттердің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру саласындағы қызметі; **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің** өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; **ҚР Ұлттық экономика министрлігінің** мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту бойынша функциялары мен өкілеттіктері берілді¹⁰.

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 23 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді¹¹.

Министрлік табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттердің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің міндеттері: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою; азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу; өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету; мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту; азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі және одан әрі дамуы; азаматтық қорғау саласында салааралық үйлестіру.

Министрліктің ведомстволары: **Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті; Өртке қарсы қызмет комитеті; Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті; Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті.**

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 28 маусымдағы** қаулысымен¹² министрліктің Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті құрылды. Министрлік туралы ережеге тиісті өзгерістер енгізілді. Ведомстволар қатарына **Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті** қосымша енгізілді.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі №1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1112 Қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 40, 523-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 25 қаңтардағы № 53 Қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 3, 26-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 30 маусымдағы № 626 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 24, 251-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 24 желтоқсандағы № 1267 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 47, 581-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 19 шілдедегі № 712 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 34, 354-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 10 наурыздағы № 273 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2009, №14, 99-құжат).

⁸ «Жекелеген мемлекеттік мекемелерді коммуналдық меншіктен республикалық меншікке беру туралы» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 28 қаңтардағы № 30 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, №6, 88-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» ҚР Президентінің 2014 ж. 6 тамыздағы № 875 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 49-50, 502-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 9 қыркүйектегі № 408 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 36-37, 271-құжат).

¹¹ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 23 қазандағы № 701 Қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 49-50-51, 338-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 28 маусымдағы № 519 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 30, 179-құжат).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (2014–2020)

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Президентінің **2020 ж. 9 қыркүйектегі** Жарлығымен **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі** құрылып, оған **ҚР Ішкі істер министрлігінің** табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттердің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру саласындағы қызметі берілді².

¹ «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2020 ж. 9 қыркүйектегі № 408 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2020, № 36-37, 271-құжат).

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі комитеті (2004–2006)

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына¹ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен құрылды².

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ереже бекітілді³.

Комитет **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеттері: өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздігін, қауіпті өндірістік объектілердегі еңбек қауіпсіздігі және оны қорғауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау, өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау, тау-кен қадағалау және азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын қадағалау, өрт сөндіруді ұйымдастыру.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

ҚР Үкіметінің **2005 ж. 25 қаңтардағы** қаулысымен ҚР Төтенше жағдайлар агенттігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық

органдары – мемлекеттік мекемелері қолданыстағы заңнамада белгіленген штат санының лимиті шегінде оларды ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне және ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аумақтық органдарына бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁴.

ҚР Төтенше жағдайлар агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік мекемелері «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 30 маусымдағы** қаулысымен комитет оған өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау, өрттер туралы істер бойынша анықтау және өрт сөндіруді ұйымдастыру функцияларын бере отырып, **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне**; оған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы және азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын бақылау функцияларын бере отырып, **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетіне** бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁵.

Өртке қарсы қызмет комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне және **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі** Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1112 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 40, 523-құжат).

³ Сонда.

⁴ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2005 ж. 25 қаңтардағы № 53 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 3, 26-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі комитеттерінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 30 маусымдағы № 626 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 24, 251-құжат).

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті (2006–2008)

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 30 маусымдағы** қаулысымен комитет оны **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне** оған өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау, өрттер туралы істер бойынша анықтау және өрт сөндіруді ұйымдастыру функцияларын бере отырып, **министрліктің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетіне** оған өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы және азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын бақылау функцияларын бере отырып бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Министрліктің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері де осындай бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы, сондай-ақ комитет қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді².

Комитет өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі жоспарлар мен шаралардың толық және тиімді орындалуын, белгіленген нормативтер, стандарттар мен ережелер талаптарының сақталуын, лауазымды тұлғалардың, күштер мен құралдардың дайындығын, олардың іс-қимылын тексеру болды.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; төтенше жағдайларды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау басқармасы; әкімшілік жұмыстары бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік мекемелері оларға министрліктің Өртке қарсы қызмет комитетінің, министрліктің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің мемлекеттік мекемелері қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 30 маусымдағы № 626 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 24, 251-құжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 19 шілдедегі № 712 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2008, № 34, 354-құжат).

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті (2006–2008, 2020*)

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 30 маусымдағы** қаулысымен комитет оны **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне** оған өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау, өрттер туралы істер бойынша анықтау және өрт сөндіруді ұйымдастыру функцияларын бере отырып, **министрліктің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетіне** оған өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы және азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын бақылау функцияларын бере отырып бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды¹.

Министрліктің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері де осындай бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Осы қаулымен комитет туралы ереже және оның құрылымы, сондай-ақ комитет карамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді².

Комитет өрт қауіпсіздігі саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің** ведомствосы болды.

Комитеттің негізгі міндеті Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өрт бақылау, өрттер туралы істер бойынша анықтау және өрттерді сөндіруді ұйымдастыру болды.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары болды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; мемлекеттік өрт бақылау басқармасы; анықтау бөлімшесі; өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі бөлімі; әкімшілік жұмыстары бөлімі.

ҚР Үкіметінің **2008 ж. 19 шілдедегі** қаулысымен «Өрт сөндіру қызметі және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстардың, Астана және Алматы қалаларының төтенше жағдайлар департаменттерінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы «Өрт сөндіру қызметі және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды³.

Министрліктің мемлекеттік мекемелері оларға ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Өртке қарсы қызмет комитетінің, Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің мемлекеттік мекемелерін қосу жолымен қайта ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 20 қазандағы** қаулысымен жаңадан құрылды⁴.

Комитет азаматтық қорғау саласында, атап айтқанда, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде, ҚР заңнамасына сәйкес функцияларды жүзеге асыратын **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: азаматтық қорғау саласында, оның ішінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; өрттердің алдын алу және оларды сөндіруді ұйымдастыру; өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; қылмыстық-процестік заңнамада мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына белгіленген құзырет шегінде анықтауды жүзеге асыру⁵.

¹ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 30 маусымдағы № 626 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 24, 251-күжат).

² Сонда.

³ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2008 ж. 19 шілдедегі № 712 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2008, № 34, 354-күжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 20 қазандағы № 680 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000680/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁵ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2020 ж. 30 қазандағы № 16 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/156803/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 14 шілде).

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (2020*)

Комитет ҚР Үкіметінің **2020 ж. 20 қазандағы** қаулысына¹ сәйкес, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне қарасты Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетін қайта ұйымдастыру нәтижесінде бұл комитет екіге бөлініп, **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті** және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне қарасты Индустриялық даму комитеті құрылды.

Комитет **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің** ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады және өз құзыреті шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында басшылықты жүзеге асырады.

Міндеттері: өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; қауіпті өндірістік объектілердегі апаттар мен оқиғалар кезінде туындайтын зиянды өндірістік факторлардың алдын алу; өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету².

¹ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 20 қазандағы № 680 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000680/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2020 ж. 30 қазандағы № 16 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/md/156803/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 14 шілде).

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігінің
Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті
(2020*)

ҚР Үкіметінің **2020 ж. 20 қазандағы** қаулысына сәйкес құрылды¹.

Комитет **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне** қарасты ведомство болып табылады және өз құзыреті шегінде азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу саласында басшылықты жүзеге асырады.

Міндеттері: азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу; Комитет құзыреті шегінде азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ету; азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің қызметін қамтамасыз ету; азаматтық қорғаныс саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру².

¹ «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2020 ж. 20 қазандағы № 680 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000680/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2020 ж. 30 қазандағы № 16 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/md/156803/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 14 шілде).

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігінің
Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті
(2024*)

ҚР Үкіметінің **2024 ж. 28 маусымдағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің** ведомствосы болып табылады және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы басшылықты жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеттері: ТЖ алдын алу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; Комитет құзыреті шегінде азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ету².

¹ «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2024 ж. 28 маусымдағы № 519 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2024, № 30, 179-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 16 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2024 ж. 26 шілдедегі № 291 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/199222/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 1 тамыз).

12. Сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызмет саласындағы басқару органдары

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
(ҚР СІМ)
(1991*)**

*1944 ж. сәуірде Қазақ КСР Сыртқы істер халық комиссариаты ретінде құрылды¹.
1946 жылдан Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі.*

Министрдің бұйрығымен **1992 ж. 1 қаңтардағы** жай-күйі бойынша СІМ мынадай құрылымы бекітілді: министр; бас кеңесші тобы; сыртқы саясат және халықаралық ұйымдар бөлімі; келісім-шарт-құқықтық бөлім; мемлекеттік хаттама бөлімі; ақпарат бөлімі; халықаралық экономикалық қатынастар бөлімі; мәдениет және гуманитарлық ынтымақтастық бөлімі; төлқұжаттық-визалық бөлімі; консулдық-құқықтық мәселелер; Москва қаласындағы өкілді; бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі; істер басқармасы; дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма².

ҚР Президентінің **1992 ж. 2 шілдедегі** Жарлығымен министрлік туралы ереже бекітілді³.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР дипломатия қызметінің орталық органы болды. Өз құзыретінің шегінде ҚР сыртқы саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етті. Өз қызметін ҚР Президентінің басшылығымен және **ҚР Жоғарғы Кеңесі** тарапы бақылауымен жүзеге асырды. Министрлік мемлекеттік басқару органы болды, оның жалпы мәселелер жөніндегі қызметін ҚР Премьер-министрі жетекшілік етті.

Министрліктің негізгі функциялары: ҚР егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның халықаралық аренадағы мүдделерін қорғауды дипломатиялық құралдар мен әдістермен қамтамасыз ету; шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда дипломатиялық өкілдіктерді жүзеге асыру; ҚР азаматтары мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін шет елдерде қорғау; консулдық қызметтің функцияларына қатысты іс-қимылды ҚР аумағына және шет елге билік пен басқару органдарының тапсырмасы бойынша шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен келіссөздер жүргізу; халықаралық жағдайды, шет мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатын, әлеуметтік-экономикалық дамуын және халықаралық ұйымдардың қызметін зерделеу және талдау; мемлекеттік хаттама мәселелерін жүргізу; дипломатиялық кадрлар даярлау және қайта даярлау; ҚР ішкі және сыртқы саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпараттарды шет елге таралуына жәрдемдесу.

Министрліктің жүйесіне министрліктің орталық аппараты, оған ведомстволық бағынысты ҚР аумағында мекемелер мен ұйымдар, дипломатиялық өкілдіктер, ҚР-ның шет елдердегі және ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердегі консулдық мекемелер, ҚР халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдігі кірді.

Министрдің **1992 ж. 30 тамыздағы** бұйрығымен министрліктің құрамы бекітілді: 1) министр, министрдің бірінші орынбасары, министр хатшылығы, министр орынбасарының хатшылығы; 2) жалпы хатшылық, құпия құжаттама секторы, құпия емес құжаттама секторы, алқа және бақылау мәселелері жөніндегі бөлім, мұрағаттар бөлімі; арнаулы бөлім; 3) аумақтық бөлімшелер: ТМД елдері басқармасы, Америка және Европа басқармасы, Азия басқармасы, Таяу, Орта Шығыс және Африка елдері басқармасы; 4) функционалдық бөлімшелер: ақпарат басқармасы; мәдени байланыстар және гуманитарлық ынтымақтастық басқармасы; консулдық басқарма; мемлекеттік хаттама басқармасы; халықаралық ұйымдар басқармасы; халықаралық экономикалық қатынастар басқармасы; аудармашылық қамтамасыз ету бөлімі; келісім-шарт-құқықтық басқармасы; кадр басқармасы; әкімшілік-қаржы мәселелері жөніндегі басқарма; материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі; күрделі құрылыс бөлімі; әкімшілік-пайдалану бөлімі; ақпаратты автоматтандырылған өңдеу бөлімі⁴.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 29 қыркүйектегі** қаулысымен **министірлік жанынан Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаменті** құрылды⁵.

1993 жылы Сыртқы істер министрлігінің (СІМ) құрылымында өзгерістер болды: мәдени байланыстар және гуманитарлық ынтымақтастық басқармасы Баспасөз, мәдени құрылыс және

ЮНЕСКО істері басқармасы болып қайта аталды; халықаралық ұйымдар басқармасы, халықаралық қауіпсіздік және қару-жарақты бақылау басқармасы болып қайта құрылды, оның құрамына келесідей бөлімдер кірді: азиялық қауіпсіздік, халықаралық қауіпсіздік құрылымдары (ЕҚЫҰ, НАТО), Қару-жарақты бақылау, БҰҰ және мамандандырылған халықаралық ұйымдар; жоғарғы кеңеспен, саяси және қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімі жаңадан құрылды⁶.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1994 ж. 7 қазандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: халықаралық экономикалық қатынастар және халықаралық экономикалық ұйымдар бас басқармасы; саяси талдау және жоспарлау бас басқармасы; атқару хатшылығы; БҰҰ және мамандандырылған халықаралық ұйымдар бас басқармасы; бас шарт-құқық басқармасы; бас қаржы-әкімшілік басқармасы; ТМД және Балтық елдері жетекші басқармасы; Европа елдері жетекші басқармасы; Америка елдері жетекші басқармасы; Азия елдері жетекші басқармасы; Таяу, Орта Шығыс және Африка елдері жетекші басқармасы; Мемлекеттік Хаттама жетекші басқармасы; мәдени байланыстар мен гуманитарлық ынтымақтастық және ЮНЕСКО істері жөніндегі жетекші басқарма; халықаралық қауіпсіздік және қару-жараққа бақылау жетекші басқармасы; кадрлар жетекші басқармасы; аудармамен қамтамасыз ету бөлімі⁷.

Министрдің **1995 ж. 9 шілдедегі** бұйрығымен СІМ орталық аппаратының құрылымына өзгертулер енгізілді: саяси талдау және жоспарлау бас басқармасы таратылды; дербес құрылымдық бөлімше ретінде баспасөз қызметі бөлініп шығарылды; атқарушы хатшылық жанынан мемлекеттік тілдегі қызметтік хат-хабарды атқару іс-қағаздарын қамтамасыз ету секторы құрылды⁸.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: халықаралық ұйымдар және халықаралық экономикалық қатынастар бас басқармасы; бас Консул басқармасы; бас шарт-құқық басқармасы; бас шаруашылық-әкімшілік басқармасы; Мемлекеттік Хаттама бас басқармасы; атқарушы хатшылық; Америка елдері басқармасы; Еуропа елдері басқармасы; Азия елдері басқармасы; Таяу, Орта Шығыс және Африка елдері басқармасы; мәдени байланыстар мен гуманитарлық ынтымақтастық және ЮНЕСКО істері жөніндегі басқарма; халықаралық қауіпсіздік және қару-жараққа бақылау жасау басқармасы; ТМД және Балтық елдері басқармасы; кадр басқармасы; баспасөз қызметі; аймақтық ынтымақтастық бөлімі; аудармамен қамтамасыз ету бөлімі⁹.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 9 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹⁰.

Ережеге сәйкес министрлік ҚР сыртқы саясатын жүргізу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды және сыртқы қатынастар саласындағы мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ететін орталық атқарушы органы болды.

Министрліктің жүйесіне ҚР дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері, ҚР халықаралық, (мемлекетаралық, үкіметаралық) ұйымдар жанындағы өкілдіктері мен өзінің ведомстволық бағынысындағы ұйымдар, сондай-ақ Жоғары дипломатиялық мектеп және министрлік құратын басқа да оқу орындары кірді.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және ҚР Президентіне және Үкіметіне тиісті ұсыныстарды тапсыру; ҚР сыртқы саяси бағытын жүзеге асыру; ҚР Мемлекеттік хатшысымен бірге ҚР Президенті үшін ҚР сыртқы саясат стратегиясы мен Президенттің халықаралық инициативаларын жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу; ҚР егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық аренадағы мүдделерін қорғауды дипломатиялық құралдар мен әдістермен қамтамасыз ету; шет елдерде ҚР азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау; ҚР шетелдік мемлекеттермен дипломатиялық және консулдық қатынастарын жүзеге асыру; шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда ҚР біртұтас сыртқы саяси бағытты жүргізуін қамтамасыз ету мақсатында атқарушы өкіметтің басқа да органдарының қызметін үйлестіру және жұмысына бақылау жасау.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 10 қыркүйектегі** қаулысымен СІМ Дипломатиялық Академиясы құрылды¹¹.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен министрлікке таратылған **ҚР ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетінің** функциялары, мүлігі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді¹².

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 27 желтоқсандағы** қаулысымен министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық; ТМД және Балтық елдері департаменті; бас консулдық басқарма; бас қаржы-әкімшілік басқармасы; халықаралық ұйымдар және халықаралық экономикалық қатынастар басқармасы; шарт-құқық басқармасы; Мемлекеттік Хаттама басқармасы; атқару Хатшылығы; Америка елдері басқармасы; Еуропа елдері басқармасы; Азия елдері басқармасы; Таяу, Орта Шығыс және Африка елдері басқармасы; мәдени байланыстар, гуманитарлық ынтымақтастық және ЮНЕСКО істері жөніндегі басқарма; халықаралық қауіпсіздік және қару-жарақты бақылау басқармасы; кадр басқармасы; ақпарат және баспасөз қызметі бөлімі; аймақтық ынтымақтастық бөлімі; аудармамен қамтамасыз ету бөлімі; Каспий теңізі проблемалары және энергетикалық ресурстар жөніндегі бөлім; ақпаратты қорғау бөлімі (бірінші бөлім)¹³.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 22 сәуірдегі** қаулысымен министрліктің құрылымы бекітілді: басшылық; көпжақты ынтымақтастық департаменті; ТМД департаменті; Европа және Америка департаменті; Азия, Таяу Шығыс және Африка департаменті; министрліктің және шетелдегі мекемелердің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департамент; бас шарттық-құқықтық басқарма; консулдық қызмет департаменті; сыртқы саяси іс-шараларды ақпараттық талдау және жоспарлау басқармасы; мемлекеттік Хаттама басқармасы; бақылау басқармасы; кадрлар және оқу орындары басқармасы; ақпаратты қорғау (құпия іс жүргізу) бөлімі¹⁴.

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 12 қарашадағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және министрлік орталық аппаратының құрылымы бекітілді¹⁵. Министрліктің негізгі міндеттері өзгертілмеді.

Жаңа ережеге сәйкес министрлік ҚР орталық атқарушы органы болды. Министрлік ҚР сыртқы саяси қызметін жүзеге асырады және ҚР дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесіне басшылық етті.

Министрліктің қарауында Дипломатиялық академия және Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаменті болды.

Министрлік орталық аппаратының құрылымы: басшылық; әкімшілік және бақылау департаменті; консулдық қызмет департаменті; Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының және оның шетелдердегі мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі Департамент; бірінші департамент (БҰҰ және халықаралық экономикалық ынтымақтастық басқармасы, Халықаралық қауіпсіздік басқармасы); екінші департамент (ТМД елдерінің басқармасы, ТМД-дағы көпжақты ынтымақтастық басқармасы); үшінші Департамент (Европа және Америка басқармасы, Мемлекеттік хаттама басқармасы); төртінші Департамент (Азия, Таяу Шығыс және Африка басқармасы, келісім-құқықтық басқармасы).

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 16 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді¹⁶. Министрліктің құқықтық мәртебесі өзгертілмеді.

Министрліктің негізгі міндеттеріне қосымшалар енгізілді: мемлекеттік бағдарламаларды, басым жобаларды, оның ішінде халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдары ұсынатын заемдар мен гранттардың есебінен іске асыру үшін тікелей шет елдік инвестицияларды, басқа да қаржылық ресурстарды тартуға қатысу; сыртқы экономикалық байланыстар және ҚР халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарына кіруі саласында шарттық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізу.

Министрліктің құрылымы: басшылық; әкімшілік департаменті; екі жақты ынтымақтастық департаменті; көп жақты ынтымақтастық департаменті; ТМД департаменті; халықаралық экономикалық ынтымақтастық департаменті; консулдық қызмет департаменті; орталық аппарат пен шетел мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департамент.

ҚР Үкіметінің **1999 ж. 21 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді¹⁷. Министрліктің құқықтық мәртебесі мен оның негізгі міндеттері өзгертілмеді.

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 21 наурыздағы** қаулысымен ҚР Сыртқы істер министрлігі үшін бекітілген штат саны лимитінің шегінде **ҚР Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз**

Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті құрылды¹⁸. Ережеге сәйкес министрлік туралы мынадай толықтыру енгізілді: «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде ведомствосы – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті».

ҚР Президентінің **2000 ж. 13 желтоқсандағы** Жарлығымен министрлікке таратылған **ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігінің** функциялары мен өкілеттіктері берілді¹⁹.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 31 қаңтардағы** қаулысымен министрліктің **Инвестициялар жөніндегі комитеті** құрылды²⁰. Осыған байланысты министрлік туралы ережеге келесі өзгертулер енгізілді: министрлік ведомстволарының қатарына құрылған Инвестициялар жөніндегі комитеті енгізілді; министрліктің негізгі міндеттеріне қосымша ҚР экономикасына шетелдік инвестициялар тартуға жәрдемдесу және ҚР инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру міндеттері жатқызылды.

ҚР Президентінің **2001 ж. 11 қазандағы** Жарлығымен ҚР Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілі туралы ереже бекітілді²¹.

ҚР Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілі ҚР Президенті тағайындайтын және қызметтен босататын лауазымды тұлға болды. Тұрақты өкіл өз қызметінде ҚР Президентіне, Үкіметіне және Сыртқы істер министрлігіне есеп берді. Тұрақты өкіл лауазымы бойынша ҚР Төтенше және Өкілетті Елшісіне теңестірілді.

Тұрақты өкілдің негізгі міндеттері: Еуразиялық экономикалық қоғамдастықта ЕурАзЭҚ ҚР өкілдігі; ЕурАзЭҚ шеңберінде ұлттық мүдделерді қорғау және ҚР сыртқы саяси бағытын іске асыру.

Тұрақты өкіл өз қызметін қамтамасыз ету үшін аппарат құрады. Тұрақты өкіл аппаратының штат санының лимитін, құрылымын, сондай-ақ Тұрақты өкіл мен оның аппаратын ұстауға жұмсалатын шығыстарының сметасын ҚР Үкіметі бекітеді. Тұрақты өкіл мен оның аппараты ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті тұрған жерде орналасты.

ҚР Президентінің **2002 ж. 28 тамыздағы** Жарлығымен министрліктің оның тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Индустрия және сауда министрлігіне** беріле отырып қайта құрылды²².

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 26 қыркүйектегі** қаулысымен министрлік туралы ережеге өзгертулер енгізілді: министрлік ведомстволары қатарынан Инвестициялар жөніндегі комитеті шығарылды; министрліктің негізгі міндеттерінен ҚР инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру міндеті алынып тасталынды²³.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына²⁴ сәйкес ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен **министрліктің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті** таратылды, функциялары мен мүлкі министрлікке берілді және министрлік туралы ереже бекітілді²⁵.

Министрлік сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын және ҚР дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын, сондай-ақ инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы ҚР мемлекеттік органы болды.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және **ҚР Президенті** мен **Үкіметіне** тиісті ұсыныстар беру; ҚР сыртқы саяси бағытын іске асыру, ҚР сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу; шетелде ҚР азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау; ҚР халықаралық бейбітшілікті, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен іске асыру; ҚР егемендегін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастарындағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды қамтамасыз ету; ҚР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша ҚР Президенті үшін ұсыныстар әзірлеу және Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру; ҚР шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қатынастарын жүзеге асыру; ҚР Президенті бекітетін тәртіппен шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда ҚР бірыңғай сыртқы саяси, сыртқы экономикалық бағытын және

инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқа да мемлекеттік органдардың халықаралық қызметін үйлестіру; әлемдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайды, шет мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатын, халықаралық ұйымдардың қызметін талдау және ҚР орталық мемлекеттік органдарын қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

ҚР Президентінің **2005 ж. 28 қазандағы** Жарлығымен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жанындағы Тұрақты Кеңестегі ҚР Өкілетті өкілі туралы ереже бекітілді²⁶.

ҰҚШҰ жанындағы Тұрақты Кеңестегі ҚР Өкілетті өкілін ҚР Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша ҚР Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Өкілетті өкіл лауазымы бойынша ҚР Төтенше және Өкілетті Елшісіне теңестіріледі.

Өкілетті өкілдің негізгі міндеттері: ҰҚШҰ ҚР сыртқы саяси бағытын іске асыру; ҰҚШҰ мен қарым-қатынаста ҚР атынан өкілдік ету; ҰҚШҰ өзара қарым-қатынаста ҚР саяси, әскери-техникалық мүдделерін қорғауды дипломатиялық құралдармен және әдістермен қамтамасыз ету; ҰҚШҰ қызметінің мәселелері бойынша ҚР ұстанымын білдіру; ахуалды бағалау және талдау, ұлттық, өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша жедел ақпарат алмасу және тиісті ұсынымдар дайындау; ҚР ұстанымын ескере отырып, Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің ҰҚШҰ консультативтік және атқарушы органдарының шешімдерін орындауды ұйымдастыруға қатысу; ҚР ұстанымын ескере отырып, ҰҚШҰ органдарының отырыстарына шешімдер жобаларын дайындауға қатысу.

Өкілетті өкілдің міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін Өкілетті өкілдің аппараты құрылады. Аппаратының құрылымын және штат кестесін ҚР Сыртқы істер министрлігі бекітті.

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 28 қазандағы** қаулысымен министрліктің **Халықаралық ақпарат комитеті** құрылды²⁷. Осыған сәйкес, министрлік туралы ережеге толықтыру енгізілді: «ҚР Сыртқы істер министрлігінің ведомствосы: Халықаралық ақпарат комитеті».

ҚР Үкіметінің **2007 ж. 22 қазандағы** қаулысымен министрлік туралы жаңа ереже бекітілді²⁸.

Министрлік сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын және ҚР дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын ҚР орталық атқарушы органы болды.

«Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ведомствосы - **Халықаралық ақпарат комитеті**».

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР Сыртқы саясатының тұжырымдамасын және негізгі бағыттарын әзірлеу және **ҚР Президенті мен Үкіметіне** тиісті ұсыныстар беру; ҚР сыртқы саяси бағытын іскен асыру, ҚР сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу; шет елдерде ҚР, оның азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау; ҚР халықаралық бейбітшілікті, ғаламдық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен іске асыру; ҚР егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, басқа мемлекеттермен және халықаралық аренадағы қарым-қатынастарында оның саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды қамтамасыз ету; ҚР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша ҚР Президенті үшін ұсыныстар әзірлеу және Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру; ҚР шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарын жүзеге асыру; шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда ҚР бірыңғай сыртқы саяси және экономикалық бағытын және инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында ҚР басқа да орталық мемлекеттік органдардың халықаралық қызметін үйлестіру; әлемдегі және әлеуметтік-экономикалық жағдайға, шет мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жасау және ҚР орталық мемлекеттік органдарын қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 наурыздағы** қаулысымен Сыртқы саяси талдау және болжамдау комитеті құрылды²⁹. Осыған сәйкес, министрлік туралы ережеге толықтыру енгізілді: «ҚР Сыртқы істер министрлігінің ведомстволары – Халықаралық ақпарат комитеті, Сыртқы саяси талдау және болжамдау комитеті».

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 26 қаңтардағы** қаулысымен министрліктің **Халықаралық экономикалық ынтымақтастық комитеті** құрылды³⁰. Осыған сәйкес, министрлік ведомстволарының қатарына жаңа құрылған комитет енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2013 ж. 13 наурыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда берілді³¹. Министрлік сыртқы саяси қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын және ҚР дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын ҚР мемлекеттік органы болды.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің ведомстволары: **Халықаралық ақпарат комитеті; Сыртқы саяси талдау және болжамдау комитеті.**

ҚР Үкіметінің **2022 ж. 28 наурыздағы** қаулысымен министрлік туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды³².

Министрлік сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын және ҚР дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын, сондай-ақ инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы ҚР мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің ведомстволары: **Халықаралық ақпарат комитеті** және **Инвестиция комитеті.**

Министрліктің Алматы қаласында өкілдігі бар.

Министрліктің негізгі міндеттері: ҚР сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және ҚР Президенті мен Үкіметіне тиісті ұсыныстар беру; ҚР сыртқы саяси бағытын іске асыру, ҚР сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу; шетелде ҚР азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау; ҚР халықаралық бейбітшілікті, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен іске асыру; ҚР егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастарындағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды қамтамасыз ету; ҚР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша ҚР Президенті үшін ұсыныстар әзірлеу және Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру; ҚР шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қатынастарын жүзеге асыру; ҚР Президенті бекітетін тәртіппен шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда ҚР бірыңғай сыртқы саяси, сыртқы экономикалық бағытын және инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқа да мемлекеттік органдардың халықаралық қызметін үйлестіру; әлемдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайды, шет мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатын, халықаралық ұйымдардың қызметін талдау және ҚР орталық мемлекеттік органдарын қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету; «Дамуға ресми көмек туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы қызметін үйлестіру; ҚР аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктермен, халықаралық ұйымдармен және (немесе) олардың өкілдіктерімен, сондай-ақ консулдық мекемелермен барлық ресми істерді жүргізу.

Кейіннен ҚР **Сыртқы істер министрлігінің** ережесіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Аталған органның құқықтық мәртебесі мен негізгі міндеттері елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ³³.

¹ Қазақ ССР Мемлекеттік мекемелері. Қазақ ССР Жоғары мемлекеттік билік және мемлекеттік басқару органдары 1937–1977, Алматы, 1985. 17-б.

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҮ «Эдельвейс», 2004. 672-б.

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҮ «Эдельвейс», 2004. 672-б.

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҮ «Эдельвейс», 2004. 672-б.

⁵ «Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаментті құру және оның қызметі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 29 қыркүйектегі № 812 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 37, 568-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: БҮ «Эдельвейс», 2004. 672-б.

- ⁷ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 7 қазандағы № 1126 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 9 іс).
- ⁸ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 672-б.
- ⁹ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1814 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 175 іс).
- ¹⁰ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 9 қыркүйектегі № 1094 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 36, 346-құжат).
- ¹¹ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жоғары дипломатиялық мектебін құру туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 10 қыркүйектегі № 1102 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 36, 347-құжат).
- ¹² «Орталық атқарушы органдар құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдар санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).
- ¹³ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 27 желтоқсандағы № 1657 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 484 іс).
- ¹⁴ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 22 сәуірдегі № 623 қаулысы (ҚР ҰА. 4 қ. 1-Қ т. 761 іс).
- ¹⁵ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 12 қарашадағы № 1553 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 48, 450-құжат).
- ¹⁶ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 16 сәуірдегі № 418 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 13, 127-құжат).
- ¹⁷ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 1999 ж. 21 қазандағы № 1578 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1999, № 49, 472-құжат).
- ¹⁸ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 21 наурыздағы № 421 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 16, 164-құжат).
- ¹⁹ «Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 507 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2000, № 52-53, 589-құжат).
- ²⁰ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 31 қаңтардағы № 166 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 4-5, 55-құжат).
- ²¹ «Евразиялық экономикалық қоғамдастығы жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 11 қазандағы № 701 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
[Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000701_/info (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ²² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 28 тамыздағы № 931 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 28, 307-құжат).
- ²³ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 26 қыркүйектегі № 1060 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 32, 345-құжат).
- ²⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, №36, 474-құжат).
- ²⁵ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1118 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 41, 530-құжат).
- ²⁶ «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі ҚР Өкілетті өкілі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 28 қазандағы № 1664 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2005, № 38, 531-құжат).
- ²⁷ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 28 қазандағы № 1024 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 40, 116-құжат).
- ²⁸ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1118 қаулысына және 2006 ж. 28 қазандағы № 1024 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2007 ж. 22 қазандағы № 986 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2007, № 41, 464-құжат).
- ²⁹ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Сыртқы саяси талдау және болжамдау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 наурыздағы № 378 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.
[Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/45105/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).
- ³⁰ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Халықаралық экономикалық ынтымақтастық комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 26 қаңтардағы № 23 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 6, 85-құжат).
- ³¹ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2013 ж. 13 наурыздағы № 233 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 20, 337-құжат).
- ³² «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2022 ж. 28 наурыздағы № 168 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2022, № 15-16, 105-құжат).
- ³³ Сонда.

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық
өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаменті
(1992–1997)**

ҚР Министрлер Кабинетінің **1992 ж. 29 қыркүйектегі** қаулысымен құрылды¹.

Департаменттің негізгі функциялары: ҚР дипломатиялық және шетелдермен тағайындалған басқа да өкілдіктерге қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; дипломатиялық өкілдіктерге кәсіпорындар, ұйымдар мен министрліктердің мекемелері қызмет көрсеткенде делдалдық міндеттер атқару; ҚР аумағында дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын жобалау, салу, қайта жанарту, жөндеу және жаңғырту жөнінде шарт жасау; азаматтарды дипломатиялық және басқа шетелдік өкілдіктерге жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 27 наурыздағы** қаулысымен **1995 ж. 1 наурызынан** бастап департамент шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыруға көшірілді².

ҚР Үкіметінің **1997 ж. 24 шілдедегі** қаулысымен департаменттің негізінде «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктерімен жұмыс жөніндегі департаменті» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды³. **ҚР Сыртқы істер министрлігі** мемлекеттік басқару уәкілетті органы, сондай-ақ кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын органы болып айқындалды.

¹ «Қазақстан Республикасындағы Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаментін ұйымдастыру және оның қызметі туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 29 қыркүйектегі № 812 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1992, № 37, 568-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаментінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 27 наурыздағы № 342 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 126 іс).

³ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаменті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы» ҚР Үкіметінің 1997 ж. 24 шілдедегі № 1169 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 779 іс).

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі
(СЭБМ)
(1990–1994)**

Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік комитетінің қайта құрылуы нәтижесінде Қазақ КСР Президентінің **1990 ж. 20 желтоқсандағы** Жарлығымен Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі ретінде құрылды¹.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1991 ж. 29 сәуірдегі** қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес министрлік сыртқы экономикалық байланыстарды республикалық мемлекеттік басқару органы болды және олардың жай-күйі мен дамуына жауапкершілік артты.

Министрліктің негізгі міндеттері: **Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетпен** бірлесе отырып республиканың сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту стратегиясы жөнінде ұсыныстар әзірлеу; республиканың сыртқы экономикалық қызметін дамыту бағдарламасын даярлау және жүзеге асырылуын ұйымдастыру; біртұтас сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың біздің рынокта халықаралық шарттар мен келісімдерден келіп шығатын міндеттемелермен қоса республика мүдделерін сақтауына бақылауды жүзеге асыру, бірыңғай валюта, несие және баға саясатын қамтамасыз етуге қатысу; конъюктураларды зерделеу және әлемдік товарлар рыногының, халықаралық экономикалық қатынастардың даму тенденцияларының негізінде болжау, сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушыларды әдістемелік, ақпараттық және кеңес берумен қамтамасыз ету; сыртқы экономикалық сауда, қаржы-валюталық, ғылыми-техникалық және басқа қарым-қатынастарын реттеу және т.б.

ҚР Президентінің **1993 ж. 11 қаңтардағы** Жарлығымен **ҚР Экономика министрлігі**

жанынан Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігінің және ҚР Экономика министрлігі құрамында Сыртқы экономикалық саясат жөніндегі жеке кәсіпкерлікті (шағын бизнесті) дамыту жөніндегі департаменттің құрылуына байланысты ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің сәйкес функциялары **ҚР Экономика министрлігіне** берілді³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1993 ж. 18 маусымдағы** қаулысымен Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне ТМД мемлекеттерімен сауда-экономикалық байланыстарды үйлестіру, бұрынғы одақтық республикаларға өнімдердің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын ұйымдастыру және лицензиялау және несие-есеп айырысу қатынастарын реттеу жөніндегі ұсыныстар даярлау жөніндегі қосымша функциялар жүктелді⁴.

ҚР Президентінің **1994 ж. 13 маусымдағы** Жарлығымен министрлік таратылды⁵. Мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері құрылған **ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақ ССР Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» Қазақ ССР Президентінің 1990 ж. 20 желтоқсандағы № 171 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991, № 2, 20-құжат).

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 680-б.

³ «Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1993 ж. 11 қаңтардағы № 1066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 1, 7-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар). Анықтамалық. Жауапты ред.: В.Н. Шепель - Алматы: «Эдельвейс», 2004. 680-б.

⁵ «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 13 маусымдағы № 1730 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 1994 ж. 14 маусым).

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті (1995–1996)

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 мамырдағы** Жарлығымен құрылды¹.

Мемлекеттік комитет Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастық саласындағы ҚР мемлекеттік саясатын жүзеге асыратын атқарушы өкіметінің орталық органы болды. Мемлекеттік комитет Балтық мемлекеттерімен де ынтымақтастық саласында осындай қызметті жүзеге асырды.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 13 маусымдағы** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының құрылымы бекітілді: басшылық, ынтымақтастық стратегиясы мен ұйымдастырылуы жөніндегі бас басқарма; ынтымақтастық экономикалық проблемалар жөніндегі бас басқарма; көптарапты және қостарапты экономикалық шарттар мен бағдарламалардың басқармасы (жетекші); әлеуметтік бағдарламалар мен экология жөніндегі басқарма (жетекші); ақпараттық-талдау жұмыстары жөніндегі бөлім; экономикалық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету бөлімі; істер басқармасы².

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 31 шілдедегі** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының құрылымына толықтырулар мен өзгертулер енгізілді: хаттама бөлімі және қаржылық қамтамасыз ету, кадр саясаты және арнаулы жұмыс басқармасы қосымша енгізілді, құрылымнан экономикалық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету бөлімі мен істер басқармасы шығарылды³.

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 23 тамыздағы** қаулысымен мемкомитет туралы ереже бекітілді⁴.

Мемкомитеттің негізгі міндеттері: ҚР Достастық мемлекеттерімен өзара тиімді әрі тең құқықты жан-жақты ынтымақтастығын нығайту және дамыту, олардың арасындағы шаруашылық және мәдени байланыстарды ұлғайту, тұтасу процесіне барынша жәрдем көрсету; Достастық мемлекеттерімен экономикалық ынтымақтастықты салааралық реттеуді жүзеге асыру; ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесі мен үкіметтері басшылары Кеңесінің, Экономикалық одақтың,

Мемлекетаралық экономикалық комитетінің, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілістерінде қаралатын мәселелер жөнінде Қазақстан жағынан ұсыныстарын дайындау және т.б.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 19 желтоқсандағы** қаулысымен мемкомитет орталық аппаратының жаңа құрылымы бекітілді: басшылық, ынтымақтастық стратегиясы мен ұйымдастыру басқармасы; экономикалық ынтымақтастықты дамыту басқармасы; көпжақты және екіжақты шарттарды жүзеге асыру басқармасы; әлеуметтік бағдарламалар және экология саласындағы ынтымақтастық басқармасы; ұйымдастыру-қаржы басқармасы⁵.

ҚР Президентінің **1996 ж. 29 қазандағы** Жарлығымен таратылды⁶. Функциялары мен мүлік және іс басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Сыртқы істер министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 мамырдағы № 2286 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 19, 210-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 13 маусымдағы № 819 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 21,238-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 13 маусымдағы № 819 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 31 шілдедегі № 1043 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 26, 309-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 23 тамыздағы № 1164 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1995, № 29, 350-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті аппаратының құрылымы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 19 желтоқсандағы № 1806 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 174 іс).

⁶ «Орталық атқарушы органдар құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 29 қазандағы № 3168 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 43, 409-құжат).

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті (2000–2004)

ҚР Үкіметінің **2000 ж. 21 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **2002 ж. 11 қазандағы** қаулысымен комитет туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Комитеттің негізгі міндеттері жаңа редакцияда мазмұндалды: ҚР басшылығы үшін ТМД елдерімен екі жақты және көп жақты қатынастарда және ТМД, Евразиялық экономикалық қоғамдастық, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт, Орталық Азия Ынтымақтастығы Ұйымы, Түркі тілдес мемлекеттердің Мәдениет министрлігінің Тұрақты Кеңесі, Аралды Құтқару Халықаралық Қоры шеңберінде ҚР сыртқы саяси стратегиясы жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ТМД елдерімен екі жақты және көп жақты ынтымақтастық саласында және интеграциялық бірлестіктерде ҚР мемлекеттік органдарының тиімді әрі үйлестірілген қызметін қамтамасыз ету.

Комитеттің негізгі міндеттері толықтырылды: терроризмге, сепаратизмге, экстремизмге, заңсыз көші-қонға және заңсыз есірткі айналымына қарсы әрекет жасау жөніндегі интеграциялық бірлестіктерге қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу; қоршаған ортаны қорғау, трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға жәрдемдесу.

ҚР Президентінің **2004 ж. 29 қыркүйектегі** Жарлығына³ сәйкес комитет ҚР Үкіметінің **2004 ж. 28 қазандағы** қаулысымен таратылды, функциялары мен мүлкі **ҚР Сыртқы істер министрлігіне** берілді⁴.

¹ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті туралы» ҚР Үкіметінің 2000 ж. 21 наурыздағы № 421 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2000, № 16, 164-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы № 421 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2002 ж. 11 қазандағы № 1109 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2002, № 34, 365-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 36, 474-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1118 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 41, 530-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Халықаралық ақпарат комитеті
(2006*)**

ҚР Үкіметінің **2006 ж. 28 қазандағы** қаулысымен құрылды¹.

Комитет **ҚР Сыртқы істер министрлігінің** ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті: ҚР сыртқы саяси бағытын іске асыру, сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруға және ҚР халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу; ҚР заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер.

¹ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2006 ж. 28 қазандағы № 1024 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 40, 439-құжат).

**Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Сыртқы саяси талдау және болжамдау комитеті
(2009–2014)**

ҚР Үкіметінің **2009 ж. 20 наурыздағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен ҚР Сыртқы істер министрлігінің ережесіне комитеттің **ҚР Сыртқы істер министрлігінің** ведомствосы ретіндегі мәртебесі көзделген өзгеріс енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 14 тамыздағы** қаулысымен комитет таратылды².

¹ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Сыртқы саяси талдау және болжамдау комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2009 ж. 20 наурыздағы № 378 қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <https://law.gov.kz/client/#!/md/45105/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 14 тамыздағы № 933 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000933/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

**Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Халықаралық экономикалық ынтымақтастық комитеті
(2010–2014)**

ҚР Үкіметінің **2010 ж. 26 қаңтардағы** қаулысымен құрылды¹.

Осы қаулымен ҚР Сыртқы істер министрлігінің ережесіне комитеттің **ҚР Сыртқы істер министрлігінің** ведомствосы ретіндегі мәртебесі көзделген өзгеріс енгізілді.

ҚР Үкіметінің **2014 ж. 19 қыркүйектегі** қаулысымен комитет ҚР Сыртқы істер министрлігінің ведомстволары тізімінен алып тасталды².

¹ «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Халықаралық экономикалық ынтымақтастық комитетінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2010 ж. 26 қаңтардағы № 23 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 6, 85-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы № 1118 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2014 ж. 19 қыркүйектегі № 989 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2014, № 55–56, 543-құжат).

13. Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және кадр саясаты мәселелері жөніндегі басқару органдары

**Қазақстан Республикасының
Қаржы полициясы агенттігі
(2001–2003)**

ҚР Президентінің **2001 ж. 22 қаңтардағы** Жарлығымен құрылды, оған таратылған **ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті** және Салық полициясы академиясының мүлкі мен істерін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді¹.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 27 ақпандағы** қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу мен тергеу бойынша басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте – салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асырушы **ҚР Үкіметінің** құрамына кірмейтін орталық атқарушы органы болды.

Агенттік құқық қорғау органы болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу; ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша, сондай-ақ салықтарды, кеден алымдарын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруға, заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражаттарды немесе өзге де мүлікті заңдастыруға (тазартуға) байланысты қаржы полициясы органдарының тиімді іс-қимыл жасауын ұйымдастыру; экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтар жасаған немесе соларды жасағанына күдікті адамдарды іздестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетке келтірілген зиянды өтеуге шаралар қабылдау; республикадағы жедел жағдайды талдау және болжау, экономика және қаржы қызметі саласында заңдылықты нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу әрі қаржы полициясы органдарының кірісуін талап ететін мәселелер бойынша жедел әрекет шараларын қабылдау; экономикалық және қаржылық қылмысқа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-іздестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындауға қатысу; өз құзыретінің мәселелері бойынша жалпы республикалық және аймақтық жедел-іздестіру мен алдын алу іс-шараларын үйлестіру және жүргізу, қолда бар күш пен құралдарды қолдану жөнінде оңтайлы шешімдер әзірлеу, бағынышты органдар мен бөлімшелерге практикалық және әдістемелік көмек көрсету, оң жұмыс тәжірибесін қорыту және тарату; қаржы органдары қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР Үкіметінің тапсырмасы бойынша ҚР салық және кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т.б.

ҚР Президентінің **2003 ж. 23 желтоқсандағы** Жарлығымен агенттік **ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)** етіп қайта құрылды³.

ҚР Үкіметінің **2004 ж. 29 қаңтардағы** қаулысымен ҚР Қаржы полициясы агенттігінің аумақтық және мамандырылған органдары – мемлекеттік мекемелері ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) аумақтық мамандырылған органдары-мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 22 қаңтардағы № 536 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 1-2, 2-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 27 ақпандағы № 283 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 8, 83-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы № 1255 Жарлығы (Егемен Қазақстан, 2003 ж. 26 желтоқсан).

⁴ «Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қаңтардағы № 100 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2004, № 4, 56-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі
(қаржы полициясы) (1)
(2003–2005)**

ҚР Президентінің *2003 ж. 23 желтоқсандағы* Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігін қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды¹.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің *2004 ж. 29 қаңтардағы* Қаулысымен агенттік туралы Ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес агенттік ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында басқару функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте ішінде салалар аралық үйлестіруді және экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, тоқтату, ашу және тергеуге қатысты басқа да арнайы атқарушы және рұқсат беру функцияларын орындайтын орталық атқарушы органы болды.

Агенттіктің негізгі міндеттері: өкілеттілігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету; экономикалық және қаржылық салалардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтарды болдырмау, анықтау, тоқтату, ашу және тергеу; сыбайлас жемқорлықпен және экономика саласындағы қылмыспен күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес формалары мен әдістерін жетілдіру, жедел-іздістіру қызметінің тактикасы мен әдістемесін анықтау; өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жалпы республикалық және аймақтық жедел-іздістіру және алдын алу шараларын үйлестіру және өткізу; қаржы полициясы органдарының қарауына жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және басқа да міндеттер.

ҚР қаржы полициясы агенттігінің аумақтық және мамандандырылған органдары қайта ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес агенттігінің (қаржы полициясы) аумақтық және мамандандырылған мемлекеттік мекемелеріне айналды.

ҚР Үкіметінің *2004 ж. 29 маусымдағы* Қаулысымен агенттіктің «көлік саласындағы экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес департаменті (қаржы полициясы)» атты мемлекеттік мекеме таратылды³.

2005 ж. 25 ақпандағы ҚР Президентінің Жарлығымен агенттік қайта ұйымдастырылып, тікелей **ҚР Президентіне бағынатын және есеп беретін** мемлекеттік орган болып қайта құрылды⁴.

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы № 1255 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 5150 іс).

² «Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес (қаржы полициясы) агенттігінің мәселелері» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қаңтардағы № 100 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2004, № 4, 56-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес (қаржы полициясы) агенттігінің Көліктегі экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаменті» мемлекеттік мекемесін тарату туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 маусымдағы № 720 қаулысы (ҚР ПҮАЖ, 2004, № 26, 341-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес агенттігін (қаржы полициясы) қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 25 ақпандағы № 1521 Жарлығы (ҚР ПҮАЖ, 2005, № 9, 76-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері министрлігі
(2015–2016)**

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды іске асыру мақсатында ҚР Президентінің *2015 ж. 11 желтоқсандағы* Жарлығымен мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган ретінде оған таратылып отырған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мүлкін және істерін басқару функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, **ҚР**

Мемлекеттік қызмет істері министрлігі құрылды¹.

Министрлік үшін ҚР мемлекеттік қызметтің жаңа моделін іске асыру және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу басым міндеттер етіп айқындалды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді негізгі функциялары етіп айқындап, Министрліктің құрылымында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы құрылды.

ҚР Президентінің **2016 ж. 13 қыркүйектегі** Жарлығымен министрлік **ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі** етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды².

Министрліктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы **ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы** болып қайта құрылды.

¹ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігін құру туралы» ҚР Президентінің 2015 ж. 11 желтоқсандағы № 128 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2015, № 62, 484-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігін қайта ұйымдастыру туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 13 қыркүйектегі № 328 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 48, 297-құжат).

Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (1995–1997)

ҚР Министрлер Кабинетінің **1995 ж. 28 қыркүйектегі** қаулысымен ҚР Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы ретінде құрылды¹.

ҚР Үкіметінің **1995 ж. 13 қарашадағы** қаулысымен мемлекеттік комиссия туралы ереже бекітілді².

Ережеге сәйкес мемлекеттік комиссия ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан барлық заңды тұлғалардың, соның ішінде Қазақстан астанасын көшіруге және Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын дамытуға қатысатын шетелдіктердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз еткен, тұрақты жұмыс істеген органы болды.

Комиссия ҚР Премьер-Министріне тікелей бағынды.

Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері: ҚР астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшірудің мәселелерін мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету: аумақтарда құрылыс салуды мемлекеттік реттеуге осы заманғы көзқараспен қарауды ескере отырып, Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын кешенді дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру және ұйымдастыру.

ҚР Үкіметінің **1996 ж. 16 сәуірдегі** қаулысымен мемлекеттік комиссияның атауына өзгерту енгізілді: «ҚР Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы»³.

ҚР Президентінің **1997 ж. 31 желтоқсандағы** Жарлығымен мемлекеттік комиссия өзінің негізгі міндеттерін орындауына байланысты таратылды⁴.

ҚР Үкіметінің **1998 ж. 11 ақпандағы** қаулысымен мемлекеттік комиссияның аппараты таратылып, оның балансындағы ғимарат пен мүлік ҚР **Президенті Іс Басқармасының** балансына берілді⁵.

¹ «Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 28 қыркүйектегі № 1291 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 163 іс).

² «Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1995 ж. 13 қарашадағы №1520 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1995, № 35, 449-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 ж. 28 қыркүйектегі № 1291 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 ж. 16 сәуірдегі № 457 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т. 436 іс).

⁴ «Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы тарату туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 31 желтоқсандағы № 3811 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 1997, № 56, 504-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының аппараты туралы» ҚР Үкіметінің 1998 ж. 11 ақпандағы № 98 қаулысы (ҚР ҰА. 4 к. 1-Қ т.995 іс).

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ**

Жергілікті атқарушы органдары (1991*)

1991 ж. 15 ақпанда «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» Қазақ ССР Заңы қабылданды¹.

Қабылданған заңға сәйкес халық депутаттарының жергілікті Советінің атқарушы комитеті атқарушы және өкімші органы болды. Жергілікті Совет поселкелік, селолық, ауылдық Советті қоспағанда жергілікті совет атқару комитетінің председателі, председателінің орынбасарлары, іс басқарушысы (хатшысы) және мүшелері құрамында атқару комитетін құрды, оның сан құрамын белгіледі. Облыстық Совет атқару комитетінің председателі қызметі жағынан Совет председателінің бірінші орынбасары болды. Поселкелік, селолық, ауылдық Советте атқарушы-өкімші функцияны Совет председателі жүзеге асырды.

Атқару комитеті өз қызметінде өзін құрған Советке де, жоғары тұрған атқарушы және өкімші органға да есепті болып, Советтің алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің жиналыстарында, азаматтардың (сайлаушылардың) тұрғылықты орнында жылына кем дегенде бір рет есеп беріп отырды.

Атқару комитетінің бөлімдері, басқармалары және басқа органдары жергілікті шаруашылық салаларына және тиісті Совет территориясында әлеуметтік-мәдени дамуға басшылық жасау үшін Совет атқару комитетінің ұсынуы бойынша құрылды. Атқару комитетінің бөлімдері, басқармалары және басқа органдары өз қызметінде өзін құрған Советке және оның атқару комитетіне бағынды. Заңда барлық деңгейдегі Советтердің атқару комитеттерінің негізгі өкілеттіктері анықталды.

1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған ҚР Конституциясына сәйкес жергілікті жерлердің мәселелерін шешуді жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырды². Олар ҚР Конституциясының, заңдарының, Президенті және Министрлер Кабинеті актілерінің орындалуын қамтамасыз етті.

Жергілікті атқарушы органның басшысы тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе Республика Президентінің тікелей өкілі болды және оның аумағында мемлекеттік басқару міндетін жүзеге асырды.

Жергілікті атқарушы органның басшысын заңда белгіленген тәртіппен Президент не жоғары тұрған тиісті жергілікті атқарушы органның басшысы қызметке тағайындады және қызметінен босатты.

Жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақта атқарылуы үшін міндетті, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдады.

1993 ж. 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» ҚР Заңы қабылданды³. Заңда ҚР жергілікті басқару жүйесі, жергілікті өкілді және атқарушы органдар құзыреті, олардың ұйымдастыру тәртібі мен қызметі айқындалды.

Қабылданған заңға сәйкес облыс, аудан, қала, қаладағы аудан аумағындағы атқарушы орган жергілікті әкімшілік басшысы болды, ол ҚР Президентінің тікелей өкілі болды. Жергілікті әкімшілік басшысы бір өзі ғана басқару қағидасында қызмет етті және тиісті аумақта мемлекеттік басқару функциясын жүзеге асырды.

Поселке аумағында атқарушы орган поселке әкімі, ал ауыл (село), ауылдық (селолық) округ аумағында – ауыл әкімі болды.

Өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақтың әлеуметтік және экономикалық даму бағдарламаларының орындалуын, жергілікті жерлерде ҚР Конституциясының, заңдарының, Жоғарғы Кеңес қаулыларының, ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті құжаттарының, жоғары тұрған Мәслихаттар – депутаттар жиналыстары мен әкімдердің өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерінің орындалуын, республикалық және жергілікті өкімет органдары арасындағы байланысты, халықты жергілікті істерді басқаруға қатыстыруды қамтамасыз етті.

Облыстық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік және селолық әкімшіліктер республиканың мемлекеттік атқарушы билігінің бірыңғай жүйесіне кірді.

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімдерін – ҚР Президенті, аудандық, қалалық әкімдерді облыстың әкімі ҚР Президентінің келісуі бойынша қызметке тағайындады және қызметтен босатты. Қаладағы ауданның, аудандық бағыныстағы қаланың әкімін тиісінше қаланың, ауданның әкімі облыс әкімінің келісуі бойынша қызметке тағайындады және қызметтен босатты.

Жергілікті әкімшілік әкімнен, оның орынбасарларынан, сондай-ақ бөлімдерден, басқармалардан, басқа бөлімшелер мен қызметтерден тұрды. Әкім орынбасарларының саны, бөлімдердің, басқармалардың, басқа бөлімшелердің жүйесі жергілікті әкімнің ұсынуы бойынша тиісті мәслихат – депутаттар жиналысы бекітетін облысты, ауданды, қаланы басқарудың схемасына сәйкес белгіленді. Әкімдердің орынбасарлары функцияларды тиісті әкім белгілеген міндеттердің бөлінісіне сәйкес атқарды. Әкім болмаған немесе ол оның өз міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда оның өкілеттігін бірінші орынбасар жүзеге асырды. Әкімдердің орынбасарларын жергілікті әкім қызметке тағайындады және қызметтен босатты.

Жергілікті әкімшіліктің бөлімдері, басқармалары, басқа бөлімшелері мен қызметтері оның органдары болды. Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктер бөлімдерінің, басқармаларының және басқа бөлімшелері мен қызметтерінің жоба тізбесін ҚР Министрлер Кабинеті әзірлеп, бекітті. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық әкімшіліктер бөлімдерінің, басқармаларының және басқа бөлімшелері мен қызметтерінің жоба тізбесін жоғары тұрған әкім әзірлеп, бекітті.

Жергілікті әкімшілік пен оның органдарының қызметін ұйымдық, құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін жергілікті әкімнің аппараты құрылды. Жергілікті әкімнің аппараты туралы ережені әкім бекітті. Әкімшілік қызметінің негізгі мәселелерін қарау үшін әкімнің жанынан ақылдасу-кеңесші орган – алқа құрылды, оның құрамын әкім бекітті.

Әкім өкілеттігіне мыналар жатты: Мәслихатқа – депутаттар жиналысына облысты, ауданды, қаланы басқару схемасын, тиісті әкімшілік-аумақтық мекен бюджетінің жобасын бекітуге табыс етеді және бюджеттің орындалуын қамтамасыз етеді; Мәслихатқа – депутаттар жиналысына тиісті әкімшілік-аумақтық мекенді экономикалық және әлеуметтік дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын бекітуге табыс етеді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді; әкімшілік-аумақтық мекен меншігін басқаруды жүзеге асырады, қарауындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшыларын тағайындайды және қызметтен босатады; республикалық меншіктегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметін үйлестіреді; ҚР жер заңдарына сәйкес қатынастарын реттеуді жүзеге асырады; ҚР Министрлер Кабинеті белгілеген лимиттер мен шектік қаражат бөлу шегінде жергілікті әкімшілік аппараты мен органдарының штаттарын, еңбекақы төлеу және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдаяттарын бекітеді; жергілікті әкімшілік органдарының басшыларын тағайындайды және қызметтен босатады; ҚР министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының аумақтық органдарының (прокуратура мен соттан басқасы), республикалық бағыныстағы кәсіпорындардың басшыларын тағайындауға келісім береді, оларды қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді; жылына кем дегенде екі рет Мәслихат – депутаттар жиналысы алдында бюджеттің орындалуы туралы ұсыныс енгізеді; Мәслихатқа – депутаттар жиналысына әкімшілік-аумақтық құрылым мәселелері жөнінде ұсыныс енгізеді; төменгі жергілікті атқарушы органдары шешімдерінің күшін жою; өзге де өкілеттіктер.

Заңда облыстық, аудандық, қалалық әкімшіліктің жоспарлау, бюджет, шаруашылық қызмет, көлік және байланыс, жерді пайдалану, табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, құрылыс, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтану, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, заңдылықты, құқықтық тәртіпті, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі де айқындалды.

Поселке аумағында басқару ісін – поселке әкімі, ал ауыл (село), ауылдық (селолық) округ аумағында аудан (қала) әкімі тағайындайтын село әкімі жүзеге асырды. Әкім тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе атқарушы органның міндеттерін жүзеге асырды және аудан (қала) әкімінің

өкілі болды. Әкім ҚР Конституциясының, заңдарының, ҚР Президентінің жарлықтарының, жоғары тұрған өкімет пен басқару органдары құжаттарының орындалуын қамтамасыз етті, мемлекеттік және қоғамдық органдармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен қатынастарда поселке, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ өкілі болды. Поселке, село әкімдері заңды тұлға құқығын пайдаланды. Әкімнің өз аппараты болды, оның сандық мөлшерін аудан (қала) әкімі белгіледі.

1995 ж. 30 тамызда өткен бүкілхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған жаңа Конституцияда жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істердің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратындығы айқындалды⁴.

Жергілікті атқарушы органдар ҚР атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кірді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етті.

ҚР Конституциясы жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналарды жатқызды: аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету; коммуналдық меншікті басқару; жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу; жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай республика заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттікті жүзеге асыру.

Жаңа Конституцияға сәйкес жергілікті атқарушы органды ҚР Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылған тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдерін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша ҚР Президенті қызметке тағайындады. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдерін олардан жоғары тұрған әкімдер тағайындады. ҚР Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босата алды. Облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған ҚР Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылды.

1998 ж. 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР астанасының құқықтық мәртебесін, жұмыс істеуінің ұйымдық-саяси және экономикалық негіздерін айқындаған ҚР Заңы қабылданды⁵.

Заңға сәйкес астанадағы жергілікті мемлекеттік басқаруды ҚР астанасының өкілді және атқарушы органдары ҚР заңдарында белгіленген тәртіпте жүзеге асырды.

ҚР астанасының әкімін Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша ҚР Президенті қызметке тағайындады.

ҚР заңдарында белгіленген өкілеттіктермен қатар, ҚР астанасының өкілді органы өз құзыретінің шегінде: ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен ҚР Үкіметі белгілейтін тізбеге сәйкес ҚР мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің мұқтаждары үшін үйлер, құрылыстар мен ғимараттар салуға арнап жер учаскелерін берді; ҚР Үкіметі белгілеген тәртіпке сәйкес ұйымдар мен жеке тұлғалардың мұқтаждары үшін үйлер, құрылыстар мен ғимараттар салуға арнап жер учаскелерін берді; ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен ҚР мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктеріне коммуналдық меншіктегі үйлерді, құрылыстар мен ғимараттарды берді; аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары мен жергілікті бюджетті әзірлеп, олардың орындалуын қамтамасыз етті; ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен ҚР астанасында жалпымемлекеттік және халықаралық іс-шараларды өткізу үшін қажетті жағдайларды жасады; ҚР астанасының экологиялық қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асырды және оны қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірледі; ҚР астанасын басқару схемасын әзірлеп, оны жергілікті өкілді органға бекітуге ұсынды; ҚР заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырды.

Астананың өкілді және атқарушы органдары бірлескен шешімімен ҚР Үкіметіне астананың әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы ұсыныстар енгізді. Астананың өкілді және атқарушы органдары өз өкілеттіктері шегінде халықаралық қатынастарды жүзеге асыруға қатысты.

1998 ж. 1 шілдеде «Алматы қаласының мәртебесі туралы» Алматы қаласының ғылыми, мәдени, тарихи, қаржылық және өндірістік орталық ретіндегі ерекшеліктерін негізге ала отырып, оның ерекше мәртебесін айқындаған құқықтық негіздерді, қаржымен, экономикалық және әлеуметтік жағынан ынталандыру шараларын белгілеу арқылы оның бұдан былайғы даму кепілдіктерін белгілеген ҚР Заңы қабылданды⁶.

ҚР Заңына сәйкес Алматы қаласы республикалық маңызы бар қала болды. Заңда Алматы қаласы атқарушы органының мынадай өкілеттіктері айқындалды: бюджеттен тыс қорды қалыптастыру және оны басқаруды жүзеге асыру; Алматы қаласы коммуналдық меншігін иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асыру; коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген коммуналдық меншік тізбесін бекіту, ҚР Үкіметі белгілеген заңды тұлғаларды қоспағанда, Алматы қаласы аумағында тіркелген шаруашылық серіктестіктері акцияларының мемлекеттік пакетін иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асыру; заңдарда белгіленген тәртіппен коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы шешім шығарды; қызмет түрлеріне лицензия беруді жүзеге асыру; ҚР заңдарында көзделген өзге де өкілеттікті жүзеге асыру.

ҚР **1998 ж. 7 қазандағы** Заңымен ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Заңда өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері (облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдерінен басқасы) ҚР Президенті белгілеген тәртіпте қызметке тағайындалды немесе сайланды⁷.

ҚР **1999 ж. 5 сәуірдегі** Заңымен ҚР бірқатар заң актілеріне, соның ішінде ҚР «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁸. Жергілікті әкімшілік басшыларының өкілеттіктері, нақты айтқанда басшыларды тағайындау мынадай редакцияда жазылды: «ҚР министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының (ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есепті прокуратура, сот және мемлекеттік органдарды қоспағанда), республикалық маңызы бар ұйымдардың аумақтық органдарының бірінші басшыларын тағайындауға келісім берді, оларды қызметтен босатуға ұсыныс енгізді».

2001 ж. 23 қаңтарда «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы қабылданды⁹.

Заң жергілікті басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуын, тәртібін, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайын белгіледі.

Қабылданған заңға сәйкес жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болды.

Әкім – **ҚР Президенті мен Үкіметінің** жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және өзіне сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, ҚР орталық атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, ҚР заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдік ҚР атқарушы органдардың біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің мемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүдделерімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдікті облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі басқарды.

Әкім облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдікті әкім орынбасарларынан, әкім аппаратының басшысынан, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бірінші басшыларынан құралды.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдік – алқалы орган, ол заңды тұлға болып табылмайды.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігі заңдарға сәйкес: облысты (республикалық маңызы бар қаланы, астананы) дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бюджетті, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс бюджетінің атқарылуы туралы есепті әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне ұсынып, олардың орындалуын қамтамасыз етеді; облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) коммуналдық меншікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады; облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдай жасайды; аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; ҚР өндірісітік күштерін орналастыру схемасына сәйкес облыстың аудандық жоспарлану схемасын, облыс орталығын, республикалық маңызы бар қалалық және астананы салудың бас жоспарларын әзірлейді, оларды облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) мәслихаттың қарауына енгізеді; облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) коммуналдық меншік объектілері мен әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер құрылысы бойынша тапсырысшы болады, коммуналдық желілер мен құрылыстарды салуға рұқсат береді; әкімшілік аудандардың аудандық жоспарлану схемаларын, аудан орталықтарын, облыстық маңызы бар қалаларды салудың бас жоспарларын әзірлейді және оларды облыстық мәслихатқа бекіту үшін ұсынады; су құбырлары, тазарту құрылыстары, электр беру, байланыс желілері мен басқа да көліктік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерінің құрылысын салу мен пайдалануды ұйымдастырады; ҚР жер заңдарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады; экологиялық сараптаманы ұйымдастырады және өз құзыреті шегінде табиғат пайдаланылуын бақылауды, табиғат қорғау объектілерінің құрылысы мен олардың қайта жаңартылуын жүзеге асырады; облыстық маңызы бар жолдарды ұтымды пайдалануды және күтіп ұстауды қамтамасыз етеді; мемлекеттік стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді; облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастырады; ауданаралық (қалааралық) жолаушылар көлігі қатынасын ұйымдастырады; белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды сақтай отырып, азаматтардың кепілдік берілген медициналық қызметке құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді; азаматтардың тегін білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді; халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және кедейлікпен күрес бағдарламаларын әзірлеп, мәслихаттың бекітуіне ұсынады және іске асырады; халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді; тарихи және мәдени мұраларды сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, халықтың тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрып салттарын дамытуға жәрдемдеседі; өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық, республикалық маңызы бар қаладағы аудандық, астанадағы аудандық) әкімдіктер жұмысын үйлестіреді; ҚР заңдарына сәйкес тиісті мәслихат қарауына қарыз алу жөнінде шешімдер қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді; ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша консультациялық-кеңесші органдар құрады; мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар құрады, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимитін белгілейді.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі қызметіне Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша ҚР Президенті тағайындайды. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімін ҚР Президенті қызметтен босатады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдік ҚР атқарушы органдардың біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің мемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүдделерімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдікті аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқарады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар (астана) қаладағы аудандық, аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтік әкім ҚР Президенті белгілеген тәртіпте қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Заңда аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әкімнің, сондай-ақ облыстық (республикалық маңызы бар, астана), аудандық (облыстық маңызы бар), республикалық маңызы бар (астана) қаладағы аудандық, аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтік әкімдердің құзыреттері белгіленді.

Республикалық маңызы бар (астана) қаладағы аудандық, аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтік әкімдіктер құрылмайды.

Облыс (республикалық маңызы бар, астана), аудандық (облыстық маңызы бар) әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық – техникалық жағынан қамтамасыз етуді тиісті деңгейдегі әкім аппараты жүзеге асырады. Әкім аппаратын әкім құрады, таратады және қайта ұйымдастырады. Әкім аппараты жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

ҚР 2001 ж. 25 сәуірдегі Заңымен облыс (республикалық маңызы бар, астана) әкімдіктерінің құзыретіне қосымша Қазақстан Даму Банкінің жарғы капиталына қатысу жатқызылды¹⁰.

ҚР 2001 ж. 10 шілдедегі Заңымен астананың атқарушы органдары өкілеттіктеріне қосымша мыналар жатқызылды: коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген коммуналдық мүлік тізбесін бекітеді, республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қоспағанда, ҚР астанасының аумағында тіркелген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иеленуді, пайдалануды және оларға билік етуді жүзеге асырады; Астана қаласының коммуналдық меншігін иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асыру¹¹.

ҚР 2001 ж. 24 желтоқсандағы Заңымен облыс (республикалық маңызы бар, астана) әкімдігінің құзыретіне қосымша рыноктарда бір жолғы талондар беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және қамтамасыз ету жатқызылды¹².

ҚР 2002 ж. 21 наурыздағы Заңымен астананың атқарушы органдары өкілеттіктеріне қосымша мыналар жатқызылды: салық органының сұрау салуы бойынша «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылыс процесінде пайдаланылған фактісін растайтын құжаттарды беру; «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағындағы құрылыс процесіне қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің есебін жүргізу; шаруашылық жүргізуші субъектілермен (Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметті жүзеге асыру жөнінде шарттар жасасу¹³.

ҚР 2004 ж. 11 мамырдағы Заңымен «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңына бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді¹⁴. Атап айтқанда, «әкім» ұғымы редакциялық түзетілді. Жаңа редакциясы: «Әкім – Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі». Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің құзыретіне қосымша мыналар жатқызылды: ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдарының сақталуын мемлекеттік бақылауды, құрылыс жобаларының бекітілген қала құрылысы құжаттамасына сәйкес іске асырылуын, қала құрылысы тәртібінің, құрылыс салудың аумақтық ережелерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асырады, салынып жатқан (салыну жоспарланып отырған) объектілерге мониторингті және ведомстволық бағыныстағы аумақта салынып жатқан (реконструкцияланған, кеңейтілген, жаңартылып, күрделі жөндеуден өткізіліп жатқан) объектілердің және кешендердің жүргізілу барысы мен сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулық сақтау саласындағы басқа да іс-шараларды қамтамасыз етеді; ҚР заңдарында белгіленген жағдайлар мен тәртіпте лицензиялауды жүзеге асырады; салық төлеушінің тіркеу есебіне алу орны бойынша салық органының облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджетке толық көлемінде келіп түсетін салықтарды төлеу жөніндегі салық

міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімдерін келседі; ҚР табиғи монополиялар туралы заңдарында белгіленген шектерде табиғи монополия субъектілері қызметін бақылайды және реттейді; ҚР монополияға қарсы заңдарында белгіленген шектерде тауар рыногындағы рынок субъектілерінің басым (монополиялық) жағдайына бақылау жасауды жүзеге асырады.

Облыс (республикалық маңызы бар, астана) әкімдігінің бірқатар өкілеттіктері жаңа редакцияда мазмұндалды.

Өзгерістер мен толықтырулар облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің, аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігінің, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің, сондай-ақ қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтік әкімдердің өкілеттіктеріне де енгізілді.

Республикалық маңызы бар (астана) қаладағы аудан әкімінің құзыретіне қатысты ереже заңнан алынып тасталынды.

Заңда түрлі деңгейдегі әкім аппаратының құрылу, тарату және қайта ұйымдастыру тәртібі белгіленді. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты облыс (республикалық маңызы бар, астана), аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігіне сәйкес құрылады, таратылады және қайта ұйымдастырылады. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтік әкімдердің аппаратын республикалық маңызы бар қала (астана), аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.

ҚР **2004 ж. 5 шілдедегі** Заңымен Алматы қаласы атқарушы органның өкілеттігі мынадай өкілеттіктермен толықтырылды: қала аумағында халықтың экологиялық қауіпсіздігін және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіруді қамтамасыз ету; ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен қалада жалпы мемлекеттік және халықаралық іс-шаралар өткізу үшін қажетті жағдайлар жасау; Алматы қаласы арқылы өтетін транзиттік автомобиль көлігінің жүру сызбасын белгілеу¹⁵.

ҚР **2004 ж. 20 желтоқсандағы** Заңына сәйкес ҚР астанасының жергілікті атқарушы органның өкілеттігінен «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру» алынып тасталынды¹⁶. Бірқатар өкілеттіктер жаңа редакцияда мазмұндалды.

Осы заңда жергілікті Алматы қаласы атқарушы органның өкілеттігінен бюджеттен тыс қор құру және оны басқаруды жүзеге асыру, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру» алынып тасталынды. Алматы қаласы атқарушы органы өз кезегінде мынадай қосымша өкілеттіктер алды: Алматы қаласын дамытудың бас жоспарының іске асырылуын және мониторингін қамтамасыз ету; жергілікті мемлекеттік басқарудың типтік құрылымына сәйкес Алматы қаласының басқару схемасын жергілікті өкілді органдарға бекітуге ұсыну.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің өкілеттіктері жаңа редакцияда мазмұндалды.

2004 ж. 21 желтоқсандағы Заңымен облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің құзыретіне қосымша ҚР Үкіметі бекітетін жергілікті атқарушы органдардың штаттық санының жалпы лимиті шегінде, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штаттық санының лимитін белгілеу және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне жеткізу¹⁷.

ҚР **2007 ж. 21 мамырдағы** Заңымен ҚР Конституциясына, оның ішінде «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» VIII-бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді¹⁸.

Конституцияның 87-баптың 4-тармағы жаңа редакцияда жазылды: «4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен **ҚР Президенті** тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері қызметке ҚР Президенті айқындаған тәртіппен тағайындалады немесе сайланады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы».

Конституцияның 2-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның елордасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның елордасы Астана қаласы болып табылады».

ҚР «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» **2007 ж. 21 шілдеде** қабылданған заңы ҚР астанасының қызмет етуі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оның қызметінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру негіздерін анықтайды¹⁹.

Заңның 1-бабында ҚР астанасы Астана қаласы екендігі белгіленді. Астана қаласы ҚР астанасы ретінде: мемлекеттің саяси және әкімшілік орталығы болып табылады; ҚР Президентінің «Ақорда» Резиденциясында сақталатын ҚР Конституциясы мәтінінің түпнұсқасы, ҚР Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік елтаңбасының эталондары орналасқан жер болып табылады. Астанада ҚР Президентінің «Ақорда» Резиденциясы, Қазақстан Республикасының **Парламенті, Үкіметі, Жоғарғы Соты** және өзге де орталық мемлекеттік органдары орналасқан. Жекелеген орталық мемлекеттік органдар ҚР заңнамасына сәйкес ҚР астанасынан тыс жерде орналасуы мүмкін.

Заңның 7-бабында астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының мынадай міндеттері анықталды: астананың ҚР саяси, әкімшілік, мәдени және экономикалық орталығының рөлін орындауы үшін жағдай жасау; астананың әлемдегі басқа астаналар арасындағы бәсекелестік мүмкіндіктерін арттыру, орнықты дамыған қаланы құру; астананы халықаралық қатынастар орталығы ретінде дамыту; ҚР Президентінің, Парламенттің, Үкіметтің, Жоғарғы Соттың, өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасау; жалпымемлекеттік және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін жағдай жасау; ҚР заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Заңның 9 және 10-баптарында (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктермен қатар) астана әкімдік пен әкімінің өкілеттіктері белгіленді.

ҚР Президентінің **2012 ж. 28 қарашадағы** Жарлығымен ҚР жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы бекітілді²⁰. Тұжырымдамаға сәйкес ҚР жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың негізгі қағидаттары айқындалды: жергілікті маңызы бар мәселелерді халықтың дербес шешуі; елді мекендердің барлық тұрғындары құқықтарының заңдылығын, теңдігі мен заңды мүдделерінің ескерілуі; тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде тұратын халық мүддесін тікелей қозғайтын мәселелерді шешу кезінде азаматтар пікірінің жариялылығы және есепке алынуы; жергілікті мәселелерді шешу барысында жалпымемлекеттік мүдделерді сақтау; мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге қатысуы; төменгі тұрған орган Конституцияға, заңдарға, Мемлекет басшысының және Үкіметтің актілеріне қайшы келетін іс-әрекетке жол берген, тиімді басқаруға өзінің қабілетсіздігін танытқан жағдайларда ғана жоғары тұрған басқару органының оның іс-қимылына араласуы және мұндай араласу заңды және орынды болып есептелген жағдайда, белгілі бір шарттардың болуы кезінде жол берілетіні негізделген біртұтастық қағидаты; жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамытудың кешенділігі, кезеңділігі; жергілікті өзін-өзі басқаруды мемлекет тарапынан қолдау; жергілікті өзін-өзі басқару органдар қызметінің ашықтығы, олардың халықтың бақылауында болуы және оған есеп беруі болуы тиіс ҚР жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың және қызметінің негізгі қағидаттарын айқындау қажет.

ҚР Президентінің **2021 ж. 18 тамыздағы** Жарлығымен ҚР жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 ж. дейінгі тұжырымдамасы бекітілді²¹. Тұжырымдамаға сәйкес ҚР жергілікті өзін-өзі басқарудың өзіндік моделі қалыптасты және даму үстінде, ол мыналарға: өңірлік, жергілікті өкілді және атқарушы билік органдарының мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару функциялары мен өкілеттіктерін қоса атқаруына; азаматтардың жергілікті қоғамдастық мүшелері ретінде жергілікті маңызы бар анағұрлым маңызды мәселелерді шешуге тікелей немесе сайланбалы органдар арқылы қатысуына негізделген.

2022 ж. 5 қарашадағы ҚР Заңымен «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңына облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімін лауазымға тағайындау тәртібіне, сондай-ақ аудан (облыстық маңызы бар қала), облыстық маңызы бар қаладағы аудан, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аудан әкімін лауазымға сайлау, лауазымнан босату және өкілеттігін тоқтату тәртібіне қатысты өзгерістер енгізілді.

Бұл Жарлықпен сайланатын әкімдерге үміткерлерге қойылатын талаптар да белгіленді: «Әкімді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы осы Заңның және Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасының талаптарына сай келетін, жиырма бес жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан төрт жыл мерзімге лауазымға сайлайды»²².

2023-2024 жж. аралығында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олардың бір бөлігі әкімдіктердің ғылым және білім, денсаулық сақтау, байланыс, тұрғын үй саясаты, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б. мәселелері бойынша құзыретін қозғады²³.

¹ «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» Қазақ ССР 1991 ж. 15 ақпандағы Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1991, № 9 (қосымша), 118-құжат).

² 1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 3, 54-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» ҚР 1993 ж. 10 желтоқсандағы Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 23-24, 516-құжат).

⁴ 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР 1998 ж. 20 мамырдағы № 230 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 7-8, 79-құжат).

⁶ «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» ҚР 1998 ж. 1 шілдедегі № 258 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 14, 200-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1998 ж. 7 қазандағы № 284-І Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998, № 20, 245-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының штат саны және қарыз алу мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1999 ж. 5 сәуірдегі № 360-І Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1999, № 8, 233-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР 2001 ж. 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2001, № 3, 17-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Даму банкі қызметінің мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2001 ж. 25 сәуірдегі № 179 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2001, № 9, 86-құжат).

¹¹ «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2001 ж. 10 шілдедегі № 228-ІІ Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2001, № 15-16, 229-құжат).

¹² «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2001 ж. 24 желтоқсандағы № 276 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2001, № 24, 338-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2002 ж. 21 наурыздағы № 312-ІІ Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2002, № 6, 75-құжат).

¹⁴ «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2004 ж. 11 мамырдағы № 552 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 10, 56-құжат).

¹⁵ «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2004 ж. 5 шілдедегі № 570 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 14, 84-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2004 ж. 20 желтоқсандағы № 13 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 23, 142-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2004 ж. 21 желтоқсандағы № 15 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2004, № 24, 144-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы № 254 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

¹⁹ «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР 2007 ж. 21 шілдедегі № 296 Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 16, 128-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2012 ж. 28 қарашадағы № 438 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2012, № 80, 1180-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2021 ж. 18 тамыздағы № 639 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2021, № 37, 217-құжат).

²² «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2022 ж. 5 қарашадағы № 157–VII ҚРЗ Заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 7 қараша).

²³ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР 2021 ж. 23 қаңтардағы № 148 Заңы // (өзгерістер тарихымен) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/history/7966/kaz> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

VI

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӘДІЛЕТ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ)

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты (1) (1992–1995)

1992 ж. 5 маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы ҚР Заңына сәйкес құрылды¹.

Заңға сәйкес ҚР Конституциялық Соты ҚР Конституциясын қорғау жөніндегі сот билігінің жоғары органы болды. Сот билігінің органы ретінде дербес және мемлекеттік және басқа органдарға, лауазымды адамдарға, қоғамдық бірлестіктерге тәуелсіз болды және тек ҚР Конституциясына бағынды.

Конституциялық Соттың құзыреті: ҚР Конституциясына сәйкестігі туралы істерді қарады; **ҚР Жоғарғы Кеңесі** және оның органдары қабылдаған ҚР заңдары мен басқа да нормативтік актілері; ҚР Президентінің жарлықтары мен басқа да актілері; **ҚР Министрлер Кабинетінің** қаулылары; ҚР министрліктері, мемлекеттік комитеттері және ведомстволарының нормативтік актілері; **ҚР Жоғарғы Сотының**, сондай-ақ **ҚР Жоғарғы Төрелік сот** пленумдарын түсіндіруге басшылық ететін ҚР Бас прокуроры қабылдаған нормативтік сипаттағы актілер; азаматтардың конституциялық құқығына қатысты құқық қолдану тәжірибесінің конституцияға сәйкестігі туралы істерді қарады; Конституциялық Соттың хатшысын сайлады; Конституциялық Сот судьяларының өкілеттігін тоқтатты.

Ақпараттық-анықтамалық, ғылыми-кеңестік және басқа қосалқы жұмыстарды Конституциялық Сот аппараты орындады.

1993 ж. 15 сәуірде қабылданған ҚР Заңымен Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы ҚР Заңының жекелеген баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді². Атап айтқанда, Конституциялық Сот уәкілеттігіне күшіне енген халықаралық шарттар мен ҚР өзге де міндеттемелерінің ҚР Конституциясына сәйкестігі туралы ұсыныстарды қарау жатқызылды.

ҚР Президентінің **1995 ж. 19 қазандағы** Жарлығымен ҚР жаңа Конституциясының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы ҚР Заңы күшін жойды және ҚР Конституциялық Соты өз қызметін тоқтатты³.

¹ «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» ҚР 1992 ж. 5 маусымдағы № 1379 Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992, № 10, 266-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» және «Қазақстан Республикасында конституциялық сот ісін жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1993 ж. 15 сәуірдегі № 2168 Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 10, 266-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күшін жойған деп тану туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қазандағы № 2550 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 4711 іс).

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі (1995–2022)

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің **1995 ж. 29 желтоқсандағы** Жарлығына сәйкес құрылды¹.

Конституциялық Кеңес Республиканың барлық аумағында ҚР Конституциясының жоғары тұруын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган ретінде өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тәуелсіз, Республика Конституциясына ғана бағынады әрі саяси және өзге себептерді негізге ала алмайды.

ҚР Конституциялық Кеңестің құзыреті: дау туған жағдайда ҚР Президенті сайлауының, **ҚР Парламент** депутаттары сайлауының, республикалық референдумның дұрыс өткізілгендігі туралы мәселені шешеді; Парламент қабылдаған заңдарға Президент қол қойғанға дейін, сондай-ақ халықаралық шарттары бекітілгенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды; Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді; Парламент сәйкес Республика Президентін мерзімінен бұрын қызметінен босату туралы шешім, Республика Президентін қызметінен кетіру

туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін – белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды береді; соттардың актіні конституциялық емес деп тану туралы өтініштерін қарайды; конституциялық іс жүргізу тәжірибесін қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Парламентке Республикадағы конституциялық заңдылықтың жайы туралы жолдау жібереді.

Конституциялық Кеңес жеті мүшеден, соның ішінде Конституциялық Кеңес Төрағасынан тұрды. Бұдан басқа, Республиканың экс-Президенттері Конституциялық Кеңестің өмірлік мүшелері болды.

Ақпараттық-анықтамалық, ғылыми-кеңестік және басқа қосалқы жұмыстарды Конституциялық Кеңес аппараты орындады.

1996 ж. 12 ақпанда Конституциялық кеңестің Төрағасы аппарат құрылымын бекітті: Кеңес төрағасы; Кеңес хатшылығы; ғылыми сараптама бөлімі; ақпараттық-талдау бөлімі; жалпы бөлім; хаттамалық сектор; кеңсе; қаржы секторы².

1996 ж. 29 наурызда аппараттың жаңа құрылымы бекітілді: Кеңес төрағасы; Кеңес мүшелері; төраға кеңесшісі; актілер мен халықаралық шарттарды ғылыми сараптамалау бөлімі; ақпараттық-талдау бөлімі; жалпы бөлім; қаржы-шаруашылық бөлімі³.

1997 ж. бекітілген штаттық кесте аппараттың жаңа құрылымын бекітті: Кеңес төрағасы; Кеңес мүшелері; төраға кеңесшісі; актілер мен халықаралық шарттарды ғылыми сараптама бөлімі; ақпараттық-талдау бөлімі; жалпы бөлім; қаржы-шаруашылық бөлімі⁴.

ҚР Конституциялық Кеңесі Төрағасының **2001 ж. 1 ақпандағы** бұйрығымен ҚР Конституциялық Кеңесі аппараты туралы оның мәртебесі, міндеттері мен функциялары белгіленген ереже және құрылымы бекітілді.

ҚР Конституциялық Кеңесі аппараты ҚР Конституциялық Кеңес қызметін және оның өкілеттіктерінің іске асуын қамтамасыз ету үшін құрылды. Аппарат ұйымдық, ғылыми-құқықтық, ақпараттық-анықтамалық және басқа ҚР Конституциялық Кеңес қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қосалқы жұмыстарды орындады.

ҚР Конституциялық Кеңесі аппараты құрылымдық бөлімшелері: ғылыми-құқықтық бөлім; ақпараттық-талдау бөлімі; жалпы бөлім, қаржы-шаруашылық бөлімі.

ҚР Конституциялық Кеңесі Төрағасының **2002 ж. 1 қаңтардағы** бұйрығымен ҚР Конституциялық Кеңесі аппаратының құрылымы бекітілді: ұйымдастыру жұмыстары және сыртқы байланыстар бөлімі; құқықтық бөлім; ақпараттық-талдау бөлімі; жалпы бөлім; қаржы-шаруашылық бөлімі⁵.

ҚР Конституциялық Кеңесі Төрағасының **2004 ж. 15 қыркүйектегі** бұйрығымен ҚР Конституциялық Кеңесі аппаратының құрылымына өзгертулер енгізілді: ұйымдастыру жұмыстары және сыртқы байланыстар бөлімі мен жалпы бөлім ұйымдастыру және кадрлар жұмысы бөлімі болып, құқықтық және ақпараттық-талдау бөлімдері құқықтық сараптама бөлімі болып қайта ұйымдастырылды⁶.

ҚР Конституциялық Кеңесі Төрағасының **2005 ж. маусымдағы** бұйрығымен қаржы-шаруашылық бөлімі қаржы бөлімі болып қайта құрылды⁷.

ҚР **2007 ж. 21 мамырдағы** қабылданған заңымен Конституцияға, оның ішінде «Конституциялық Кеңес» 6-тарауына өзгертулер енгізілді. 71-баптың Конституциялық Кеңесті қалыптастыру тәртібі туралы 3-тармағы жаңа редакцияда жазылды: «Конституциялық Кеңестің екі мүшесін **ҚР Президенті** тағайындайды, **Сенат** пен **Мәжіліс** Конституциялық Кеңестің екі-екі мүшесін тиісінше тағайындайды. Конституциялық Кеңестің мүшелерінің жартысы үш жыл сайын жаңарып отырады»⁸.

Конституцияның 72-бабында жазылған Конституциялық Кеңестің өкілеттілігі мынадай мазмұндағы тармақшамен толықтырылды: «**Парламент** пен оның Палаталарының қабылдаған қаулыларының Конституцияға сәйкестігін қарайды».

2008 ж. 17 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» ҚР Конституциялық заңымен Конституциялық Кеңесті қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ оның өкілеттілігі туралы бөлігіне, тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁹.

2022 ж. 5 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес жоғарыда көрсетілген Конституциялық заңның күші жойылды және ҚР Конституциялық Кеңес өз қызметін тоқтатты¹⁰.

¹ «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 ж. 29 желтоқсандағы ҚР Президентінің Конституциялық заң күші бар № 2737 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 24, 173-құжат).

² ҚР ПА 147-Н к. 1 т. 19 іс.

³ 1996 ж. наурызда Конституциялық Кеңес Төрағасы бекіткен Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1996 жылға арналған штат кестесі (ҚР ПА. 147-Н к. 1 т. 19 іс).

⁴ 1997 ж. шілдеде Конституциялық Кеңес Төрағасы бекіткен Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылға арналған штат кестесі (ҚР ПА. 147-Н к. 1 т. 55 іс).

⁵ ҚР ПА 147-Н к. 1 т. 224 іс.

⁶ ҚР ПА 147-Н к. 1 т. 262 іс.

⁷ ҚР ПА 147-Н к. 1 т. 287 іс.

⁸ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы № 254-III Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2008 ж. 17 маусымдағы № 41-IV Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2008, № 10-11, 34-құжат).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» ҚР 2022 ж. 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ Конституциялық заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 7 қараша).

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты (2) (2022*)

2022 ж. 5 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Соты туралы» Конституциялық заңына сәйкес құрылды. ҚР Конституциялық Соты ҚР Конституциялық Кеңесінің құқықтық мирасқоры болып табылады¹.

ҚР Конституциялық Соты ҚР бүкіл аумағында ҚР Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді.

Конституциялық Сот өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және азаматтардан, ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз, ҚР Конституциясын және осы Конституциялық заңды басшылыққа алады, соттардың немесе басқа да мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтаудан, зерттеуден және тексеруден қалыс қалады.

Конституциялық Соттың құзыреті: дау туған жағдайда: ҚР Президентінің сайлауын; ҚР Парламенті депутаттарының сайлауын; республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді; ҚР Президенті қол қойғанға дейін ҚР Парламенті қабылдаған заңдардың; ҚР Парламенті және оның Палаталары қабылдаған қаулылардың; ратификацияланғанға дейін ҚР халықаралық шарттарының ҚР Конституциясына сәйкестігін қарайды; ҚР Конституциясының нормаларына ресми түсіндірме; тиісінше, ҚР Парламенті ҚР Президентін лауазымынан мерзімінен бұрын босату туралы шешім, ҚР Президентін лауазымынан кетіру туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін – белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды береді; конституциялық іс жүргізу практикасын жинақтап қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын ҚР Парламентіне ҚР конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау жібереді; ҚР Президентінің жолданымдарын, сондай-ақ ҚР Конституциясының көзделген жағдайларда соттардың жолданымдарын; азаматтардың жолданымдары бойынша ҚР Конституциясында бекітілген олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ҚР Конституциясына сәйкестігін; ҚР Бас Прокурорының жолданымдарын; ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жолданымдарын қарайды; тек қана құқық мәселелерін шешеді және жүтінуге себеп болған нақты мән-жайларға баға бермейді.

Конституциялық Сот Төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады.

ҚР Конституциялық Сотының **2023 ж. 5 қаңтардағы** Нормативтік қаулысымен Конституциялық Соттың Регламенті бекітілді, ол Конституциялық Соттың ішкі қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі мәселелерін реттейді².

¹ «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» ҚР 2022 ж. 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ Конституциялық заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 7 қараша).

² «Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Регламентін бекіту туралы» ҚР Конституциялық Сотының 2023 ж. 5 қаңтардағы № 1 Нормативтік қаулысы // // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client#!/doc/178730/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 21 ақпан).

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сот Аппараты (2022*)

2022 ж. 5 қарашадағы ҚР Конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» негізінде құрылды¹.

Конституциялық Соттың қызметін құқықтық, ақпараттық-анықтамалық, ғылыми-консультациялық және басқа да қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Аппараттың қызметі ҚР заңнамасымен, Конституциялық Соттың Ішкі Ережесімен және Конституциялық Сот Аппаратының Ережесімен реттеледі.

Конституциялық Сот Аппаратының қызметкерлері – мемлекеттік қызметшілер. Олардың құқықтық мәртебесі мен еңбекақысы ҚР мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасымен реттеледі.

¹ «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» ҚР 2022 ж. 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ Конституциялық заңы (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 7 қараша).

VII

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ОРГАНДАРЫ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, жергілікті және басқа да соттары (1991*)

1937 ж. 9 қаңтарда Қазақ КСР Жоғарғы Соты ретінде құрылды¹.

«Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» *1991 ж. 10 желтоқсандағы* Қазақ КСР Заңымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп қайта атау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) және Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияға және Қазақ КСР-нің мемлекеттік заңдарына, Қазақ КСР басқа да заң актілеріне тиісті өзгерістер енгізу туралы қаулы етті².

1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған ҚР Конституциясында ҚР сот билігі Конституциялық Сотқа, Жоғарғы Сотқа, Жоғары төрелік сотқа және заңдар бойынша құрылған төменгі тұрған соттарға берілетіндігі белгіленді³. Ешқандай өзге орган және өзге тұлға сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Конституциялық Сот ҚР Конституциясын қорғау жөніндегі сот билігінің жоғары органы болды. Жоғарғы Сот, Жоғары төрелік сот өз құзыреті мәселелері бойынша сот билігі жоғары органдары болды және төменгі тұрған соттарды соттық қадағалауды жүзеге асырды.

ҚР судьялары соттарының мәртебесі конституциялық заңдарда анықталды. Соттар қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі заңмен анықталды.

Төтенше, арнаулы соттар мен судья лауазымдарын құруға және ұйымдастыруға жол берілмеді.

Сот билігі ҚР атынан жүзеге асырылды және құқықтар мен бостандықтарды қорғауды, ҚР Конституциясының үстемдігін, заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етуді мақсат етіп қойды. Сот билігі барлық істерге және ҚР Конституциясының, заңдарының және өзге актілердің, халықаралық келісім-шарттардың және өзге міндеттемелердің негізінде туындаған дауларға жүрді.

ҚР Конституциясында ҚР судьялары өкілеттілігінің мерзімі он жыл болып белгіленді.

ҚР Президентінің *1994 ж. 7 ақпандағы* қаулысымен ҚР Жоғарғы Сотының құрылымы бекітілді: басшылық; азаматтық істер жөніндегі сот алқасы; қылмысты істер жөніндегі сот алқасы; әскери алқа; азаматтарды қабылдау және шағымдарды қарау басқармасы; сот тәжірибесін қорытындылау және заңнаманы жүйелеу жөніндегі басқарма; екінші бөлім; есептік-қаржы бөлімі; Іс Басқармасы; редакциялық-баспа бөлімі⁴.

1994 ж. 12 ақпандағы ҚР Президентінің Жарлығымен сот-құқықтық жүйені реформалаудың негізгі бағыттары бекітілді, онда келесі жайттар көзделген: «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты – жалпы сот жүйесіндегі жоғары орган. Бірінші сатыдағы сот ретінде Жоғарғы Сотқа мемлекеттің жоғары адамдарының қылмыстары туралы іс жүргізуді қалдыра отырып, оның қызметін мейлінше шектеу керек. Сол себепті Жоғарғы Сот шағым қарау сатысының құқықтарын мойнына алмауы (әйтпесе ол шын мәнінде қазіргіден әлденеше көп істерді қарауға мәжбүр болады) керек. Жоғарғы Сот сондай-ақ сот келісімін қайта қарайтын және қадағалау сатыларының қызметтерін жүзеге асыра отырып, заңдарды қолдану мәселелері жөнінде түсініктер беретін құқын сақтайды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мамандандырылған алқаларға бөлінеді де, оның барлық судьялары, сондай-ақ облыстық әрі оларға теңестірілген қалалық соттардың және әскери соттың да төрағалары лауазымы бойынша, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының құрамына кіреді. Тиісінше Жоғарғы облыстық соттар мүшелерінен болған Жоғарғы Соттың төрағасы мен оның орынбасарларын, облыстық соттардың төрағаларын Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы Кеңес бес жыл мерзімге бекітеді⁵».

1995 ж. 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған ҚР Конституциясында ҚР-да құқықтық сотты тек сот жүзеге асыратындығы белгіленді⁶. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізудің нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Республика соттары республиканың Жоғарғы Соты және заңмен құрылған республиканың жергілікті соттары болды.

Республиканың сот жүйесі республика Конституциясында және конституциялық заңда белгіленеді. Қандай да бір атаумен төтенше және арнаулы соттар құрылуына жол берілмеді.

Сот билігі ҚР атынан жүзеге асырылды және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, Республика Конституциясының, заңдардың, өзге нормативті құқықтық актілердің, халықаралық келісім-шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қойды. Сот билігі барлық істерге және Конституцияның, заңдардың және өзге нормативті құқықтық актілердің, республиканың халықаралық келісім-шарттарының негізінде туындаған дауларға жүрді.

ҚР Жоғарғы Соты жалпы юрисдикция соттарының қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болды, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсіндірмелер берді.

ҚР Жоғарғы Сот Төрағасы, Жоғарғы Сот алқасы төрағалары мен судьяларды республика Жоғары Сот кеңесінің кепілдемесіне негізделген ҚР Президентінің ұсынысымен Сенат сайлайды.

ҚР Президентінің **1995 ж. 20 қазандағы** заң күші бар Жарлығымен ҚР Жоғарғы Соты оған таратылған **ҚР Жоғары төрелік сотының** шаруашылық істері жөніндегі алқасы ретінде бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды⁷.

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасында соттар және судьялар мәртебесі туралы» **1995 ж. 20 желтоқсандағы** Конституциялық заң күші бар Жарлығымен ҚР Жоғарғы Сотының құқықтық мәртебесі, өкілеттігі мен құрамы айқындалды⁸.

Заңға сәйкес ҚР Жоғарғы Соты төмендегі соттардың қарауына жататын азаматтық, шаруашылық, қылмыстық және басқа істер жөніндегі жоғарғы сот органы болды.

ҚР Жоғарғы Сот өкілеттігі: заңда көзделген жағдайларда бастапқы саты бойынша істерді қарайды; шағым кассация ретімен бастапқы саты бойынша облыстық соттарда қаралған істерді қарайды; қадағалау ретімен және жаңадан анықталған жағдаяттар бойынша төменгі соттар мен Жоғарғы Сотта қаралған барлық істерді қарайды; Республика заңдарының және өзге нормативті құқықтық актілерінің қолданылу тәжірибесін зерделейді және қорытындылайды, соттарға сот тәжірибесі мәселелері жөнінде түсініктер беретін нормативтік қаулылар шығарады; заңдар мен өзге нормативті құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, сот статистикасын жүргізеді және талдайды; өзіне заңмен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҚР Жоғарғы Кеңес Төрағадан, алқалардың төрағалары мен өзге де тұрақты судьялардан тұрды. ҚР Жоғарғы Сот органдары: Пленум; Төралқа; азаматтық істер жөніндегі алқа; шаруашылық жөніндегі алқа; қылмыстық істер жөніндегі алқа; әскери алқа болды.

ҚР Президентінің **1996 ж. 18 наурыздағы** Жарлығымен ҚР Жоғарғы Сотының жаңа құрылымы бекітілді: Жоғарғы Сот Төрағасының аппараты; азаматтық істер жөніндегі сот алқасы; шаруашылық істер жөніндегі сот алқасы; қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы; әскери алқа; ұйымдастыру-кадрлар және талдау жұмысы басқармасы; азаматтарды қабылдау және өтініштер мен шағымдарды қарап, шешім шығару жөніндегі басқарма; редакциялық-баспа бөлімі; компьютерлік техника бөлімі; әкімшілік-шаруашылық бөлім⁹.

ҚР Президентінің **1997 ж. 8 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Жоғарғы Сотының жаңа құрылымы бекітілді: Жоғарғы Сот аппараты; Жоғарғы Сот Төрағасының хатшылығы; азаматтық істер жөніндегі сот алқасының аппараты; шаруашылық істер жөніндегі сот алқасының аппараты; қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының аппараты; әскери алқа аппараты; құқықтық сотты жүзеге асырудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету секторы; ұйымдастыру-кадрлар бөлімі; азаматтардың өтініштерімен жұмыс жөніндегі бөлім; екінші бөлім; құқықтық қамтамасыз ету бөлімі; редакциялық-баспа бөлімі; әкімшілік-шаруашылық бөлім¹⁰.

2000 ж. 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңы қабылданды, онда ҚР сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі екендігі белгіленді¹¹.

ҚР Сот жүйесін ҚР Жоғарғы Соты және ҚР Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті соттар құрады. Қандай да болмасын атаумен арнаулы және

төтенше соттар құруға жол берілмеді.

Жергілікті соттарға мыналар жатқызылды: 1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған сот – ҚР Әскерлерінің Әскери соты және басқалар); 2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот – гарнизонның әскери соты және басқалар).

Облыстық (аудандық) және оларға теңестірілген соттарды ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісілген уәкілетті органның ұсынуы бойынша ҚР Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Республикада мамандандырылған (әскери, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

Заңда ҚР Жоғарғы Сотының мәртебесі, өкілеттігі, құрылымы мен құрамы айқындалды.

ҚР Жоғарғы Соты жалпы юрисдикция соттарының қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болды, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырды және сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсіндірмелер берді.

ҚР Жоғарғы Соты өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды; сот практикасын зерделеді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарады; сот практикасында заңдарды қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін нормативтік қаулылар қабылдады; заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырды.

ҚР Жоғарғы Соты төрағалардан, алқа төрағалары мен судьялардан тұрады. ҚР Жоғарғы Соты судьяларының жалпы санын ҚР Жоғарғы Соты төрағасының ұсынысы бойынша ҚР Президенті белгіледі. ҚР Жоғарғы Соттың органдары мыналар: қадағалау алқасы; азаматтық істер жөніндегі алқа; қылмыстық істер жөніндегі алқа; соттың жалпы отырысы.

ҚР Жоғарғы Сотының қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Жоғарғы Соттың аппараты жүзеге асырды. Жергілікті соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ҚР Президенті құратын уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырды. Уәкілетті органдардың бірыңғай жүйесін тиісті орталық мемлекеттік орган және облыстардағы, астана мен республикалық маңызы бар қалалардағы соттардың әкімшілері құрады. Соттарда сот кеңсесі құрылды, ол судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру, сот тәжірибесін жинақтау және сот статистикасын жүргізу, сондай-ақ соттың басқа да функцияларын орындау жөніндегі жұмысын қамтамасыз етті.

ҚР Жоғарғы Соты Төрағасының, ҚР Жоғарғы Соты алқасы төрағаларының, облыстық сот төрағасы мен алқасы төрағаларының, аудандық соттар төрағаларының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

ҚР Президентінің *2001 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығына¹² сәйкес ҚР Үкіметінің *2001 ж. 14 сәуірдегі* қаулысымен *ҚР Әділет министрлігінің Сот қаулыларын орындау жөніндегі комитеті* таратылды, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ штат саны мен мүлкі *ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке* және оның облыстардағы, Астана, Алматы қалаларындағы әкімшілеріне берілді¹³.

ҚР Президентінің *2006 ж. 17 тамыздағы* Жарлығымен Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығына қатысушылардың азаматтық-құқықтық дауларын ҚР заңнамасына сәйкес қарауға уәкілетті, облыстық сотқа теңестірілген мамандандырылған қаржылық соты Алматы қаласында құрылды¹⁴.

ҚР *2006 ж. 11 желтоқсанда* қабылданған Конституциялық заңымен «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. «Сот жүйесі» 3-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының Әскерлерінің әскери соты» сөзі «Қазақстан Республикасының Әскери соты, мамандандырылған қаржылық соттары» сөздерімен ауыстырылды. 3-тармақ «әскери» деген сөзден кейін «қаржылық» сөзімен толықтырылды. 56-бап «Соттар қызметін ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету» өзгертілген түрде былай жазылды: «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

қызметін ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ сот статистикасын жүргізуді Жоғарғы Сот аппараты жүзеге асырады. Жергілікті соттар қызметін ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ соттарда сот статистикасын жүргізуді ҚР Президенті құратын уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады»¹⁵.

ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы қабылданған заңымен ҚР Конституциясына, оның ішінде «Соттар және сот төрелігі» 7-тарауына өзгерістер енгізілді. 75-баптың 3-тармағы жаңа редакцияда жазылды: «Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады». Осыған сәйкес, 81-бапқа өзгертулер енгізілді: «ҚР Жоғарғы Соты жергілікті және басқа да соттарда қаралатын азаматтық, қылмыстық және өзге де істер жөніндегі жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады»¹⁶.

ҚР 2008 ж. 17 қарашада қабылданған Конституциялық заңымен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі» Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді¹⁷.

Конституциялық заңның «Сот жүйесі» 3-бабының 1-3-тармағы былай редакцияланды: «1. Қазақстан Республикасының Сот жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес және осы Конституциялық заңмен құрылған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, жергілікті және басқа соттар құрады. Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

2. Жергілікті соттарға мыналар жатады: облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары); аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот).

3. Қазақстан Республикасының басқа да соттар, оның ішінде классикалық, мамандандырылған соттар (әскери, экономикалық, қаржылық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың және басқа) құрыла алады.

Сонымен қатар, 3-бап мынадай мазмұндағы 3-1 тармағымен толықтырылды: «Мамандандырылған соттарды облыстық немесе аудандық соттар мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады».

Конституциялық заңның «Жоғарғы Соттың өкілеттілігі» 17-бабы өзгертілген редакцияда былай жазылды: «1. Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттарда қаралатын азаматтық, қылмыстық және өзге де істер жөніндегі жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады.

2. Жоғарғы Сот: 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды; 2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды; 3) нормативтік қаулылар қабылдайды, сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме береді; 4) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады».

Конституциялық заңның «Жоғарғы Соттың құрылымы мен құрамы» 18-бабының 1-6-тармақтары өзгертілген редакцияда былай жазылды: «1. Жоғарғы Сот Төрағадан және судьялардан тұрады. Жоғарғы Соттың судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысымен Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

2. Жоғарғы Сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрыла алады

3. Жоғарғы Сот органдары мыналар: 1) Жалпы отырыс; 2) Азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасы; 3) Қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасы.

4. Сот алқасының сандық және дербес құрамын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысы белгілейді.

5. Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Соттың Төрағасы жасақтайды.

6. Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес және баспа органы құрылады.

Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын

төраға басқарады».

ҚР Президентінің **2009 ж. 29 желтоқсандағы** Жарлығымен Астана, Алматы қалаларында, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық мамандандырылған соттар құрылды. Алматы қаласында қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық мамандандырылған әскери сот және аудандық сотқа теңестірілген мамандандырылған қаржы соты құрылды. Алматы қаласындағы облыстық сотқа теңестірілген мамандандырылған қаржы соты таратылды¹⁸.

ҚР Президентінің **2010 ж. 17 тамыздағы** Жарлығымен Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа соттардың облыстарда, астанада және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің (соттардың кеңселері) қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ретінде ҚР Жоғарғы Соты жанынан **Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (ҚР Жоғарғы Сотының аппараты)** құрылды¹⁹.

ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті атқарушы құжаттарды орындау, жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналған (келіп түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Әділет министріне**; облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың қызметін ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету, сот приставтарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық ету жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған **ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне (ҚР Жоғарғы Сотының аппараты)** беріле отырып таратылды.

2012 ж. 16 ақпандағы ҚР Конституциялық заңына²⁰ сәйкес, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Аудандық және оларға теңестірілген соттарды Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша ҚР Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады. ҚР Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін.

Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша ҚР Президенті бекітеді.

Әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы негізінде Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша Жоғарғы Сот Төрағасы белгілейді.

Конституциялық заңның «Облыстық және оларға теңестірілген соттарды құру» атты 10-бабы жаңа редакцияда келесідей жазылды: «Облыстық және оларға теңестірілген соттарды Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады.

Облыстық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша ҚР Президенті бекітеді. Әрбір облыстық сот үшін судьялардың санын уәкілетті органның ұсынуы негізінде Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша Жоғарғы Соттың Төрағасы белгілейді».

Конституциялық заңның «Облыстық соттың құрылымы мен құрамы» атты 11-бабының 3-тармағы жаңа редакцияда келесідей жазылды: «Облыстық соттың органдары: жалпы отырыс; азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы; қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы; кассациялық сот алқасы болып табылады.

Апелляциялық сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын төраға басқарады.

Кассациялық сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын облыстық сот төрағасы басқарады».

ҚР 2012 ж. 16 ақпандағы Заңымен²¹ «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Заңына, соның ішінде Жоғарғы Сотқа қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, «Кеңестің өкілеттіктері» атты 2-баптың 1-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) тармақшалары мынадай өзгертілген редакцияда ұсынылған:

«3) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жергілікті және басқа соттар төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, сондай-ақ Жоғарғы Сот сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды; жергілікті және басқа соттар төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына тағайындау үшін кандидаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

4) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына кандидатураны қарайды; Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына кандидатты Парламент Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

5) Жоғарғы Сот Төрағасының бос лауазымына кандидатураны қарайды; Жоғарғы Сот Төрағасының бос лауазымына кандидатты Парламент Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

6) Жоғарғы Сот Төрағасының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының, жергілікті және басқа соттар төрағаларының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының өкілеттіктерін тоқтату мәселелерін орнынан түсу, орнынан түсуді тоқтату нысанында қарайды; сот қайта ұйымдастырылған, таратылған, тиісті сот судьяларының саны азайтылған жағдайларда, егер жергілікті және басқа соттардың судьялары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, оларды атқаратын лауазымдарынан босату мәселелерін қарайды; сот қайта ұйымдастырылған, таратылған, өкілеттіктер мерзімі аяқталған жағдайларда, егер жергілікті және басқа соттардың төрағалары, сот алқаларының төрағалары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, оларды атқаратын лауазымдарынан босату мәселелерін қарайды; Жоғарғы Сот судьяларының саны азайтылған жағдайларда, егер Жоғарғы Соттың судьялары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, оларды атқаратын лауазымдарынан босату мәселелерін қарайды; өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайларда, егер Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісімін бермесе, оларды атқаратын лауазымдарынан босату мәселелерін қарайды; тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін, кәсіби жарамсыздығына орай немесе «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының талаптарын орындамағаны үшін Сот жюриінің шешіміне негізделген Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша, сондай-ақ судьялар өкілеттіктерін өз еркімен тоқтатқан, судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және оны басқа жұмысқа ауыстырған, зейнеткерлік немесе судья лауазымында болудың шекті жасына толған жағдайларда Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын атқаратын лауазымдарынан босату мәселесін қарайды; медициналық қорытындыға сәйкес кәсіби міндеттерін одан әрі орындауға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы бойынша, іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне, соттың айыптау үкімінің күшіне енуіне, Қазақстан Республикасының азаматтығының тоқтатылуына, судьяның қайтыс болуына немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне байланысты судьяның өкілеттіктері тоқтатылған жағдайларда Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын атқаратын лауазымдарынан босату мәселесін қарайды; Қазақстан Республикасының Президентіне жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын лауазымдарынан босатуды ұсынады; Парламент Сенатына Жоғарғы Сот Төрағасы мен судьяларын лауазымдарынан босату туралы ұсыныс енгізу үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынымдар енгізеді; судьяның зейнеткерлік жасқа толуына байланысты оның судья лауазымында болуы мерзімін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының ұзартуына келісім беру туралы мәселені қарайды;

7) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның басшысы лауазымына кандидатты тағайындауға және оны лауазымынан босатуға келісім беру туралы мәселені заңнамада белгіленген тәртіппен қарайды».

ҚР 2014 ж. 4 шілдедегі Конституциялық заңымен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда мазмұндалған: «1. Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, судьяны Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасының Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, үй қамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды. 2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру ҚР Бас Прокурорының келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Судья қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру ҚР Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Судьяға қатысты арнаулы жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен прокурордың санкциясымен жүргізілуі мүмкін»²².

ҚР 2014 ж. 7 қарашадағы Конституциялық Заңымен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді²³.

«Облыстық соттың құрылымы мен құрамы» атты 11-бабы мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылды: «6. Судья лауазымына кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалау үшін облыстық сот жанынан консультативтік-кеңесші орган – Қоғамдық кеңес құрылады. Қоғамдық кеңестің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады».

ҚР 2015 ж. 31 шілдедегі Конституциялық Заңымен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгеріс пен толықтыру енгізілді, онда отставкаға шыққан судьялар үшін өмір бойы ай сайынғы қамтылымының мөлшері анықталды²⁴.

ҚР Президентінің 2016 ж. 18 ақпандағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды²⁵.

Академияға жоғары оқу орнының ерекше мәртебесі берілді. Академия қызметінің негізгі бағыттары белгіленген: жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру; судьяларды және сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру; ғылыми қызметті жүзеге асыру.

ҚР 2017 ж. 15 маусымдағы Конституциялық заңы бойынша ҚР «Сот жүйесі және судья мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 17-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда берілді: «1. Жоғарғы Сот – жергілікті және басқа да соттарға қарасты азаматтық, қылмыстық және басқа да істер бойынша ең жоғары сот органы болып табылады, оларға қатысты кассациялық инстанция қызметін атқарады және нормативтік шешімдер қабылдау арқылы сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсініктемелер береді»²⁶.

ҚР 2019 ж. 21 ақпанындағы Конституциялық заңы бойынша Жоғарғы Сот органдары қатарына кеңейтілген пленарлық отырыс енгізілді²⁷.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің²⁸ талаптарын іске асыру аясында:

1. ҚР Президентінің 2021 ж. 26 қаңтардағы Жарлығымен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылды²⁹.

2. ҚР 2021 ж. 20 наурыздағы Конституциялық заңы «Сот жүйесі және судья мәртебесі туралы» Конституциялық заңға келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізді:

1) 11-баптың 3-тармағының бірінші бөлімі мынадай тармақпен толықтырылды: «5) әкімшілік істер бойынша сот алқасы (Қазақстан Республикасының Әскери сотынан басқа)»; 2) 18-баптың 3-тармағының бірінші бөлімі келесі редакцияда берілді: «5) әкімшілік істер бойынша сот алқасы»³⁰.

¹ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мекемелері. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени құрылысты басқару органы, әкімшілік-саяси органдар мен құқықтық сот органдары (1937–1977 жж.), 2-т., 3-б., Алматы, 1992, 146-б.

² «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» ҚазССР 1991 ж. 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ Заңы (Қазақ ССР Жоғары Советінің Ведомостары, 1991 ж., № 48-50, 585-құжат).

³ 1993 ж. 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 3, 54-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құрылымы мен штат саны туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 7 ақпандағы № 1546 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3136 іс).

⁵ «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Президентінің 1994 ж. 12 ақпандағы № 1569 қаулысы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 3136 іс).

⁶ 1995 ж. 30 тамызда қабылданған ҚР Конституциясы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996, № 4, 217-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасы Конституциясының 98-бабының 1-тармағын және «Қазақстан Республикасының соттары туралы» заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 20 қазандағы № 2582 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 21, 129-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасында соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің 1995 ж. 20 желтоқсандағы № 2694 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, № 23, 147-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының саны, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының құрылымы мен штаттары туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 18 наурыздағы № 2909 Жарлығы (ҚР ПА. 147-Н қ. 1 т. 5700 іс).

¹⁰ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының саны, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының құрылымы мен штаттары туралы» ҚР Президентінің 1997 ж. 8 қаңтардағы № 3315 Жарлығы (ҚР ПА. 147-Н қ. 1 т. 6874 іс).

¹¹ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2000, № 23, 410-құжат).

¹² «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 22 қаңтардағы № 536 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 1-2, 2-құжат).

¹³ «Қазақстан Республикасының Әділет министрінің Сот қаулыларын орындау жөніндегі комитетін таратудың кейбір мәселелері» ҚР Үкіметінің 2001 ж. 14 сәуірдегі № 494 қаулысы (ҚР ПҰАЖ, 2001, № 14, 174-құжат).

¹⁴ «Алматы қаласында мамандандырылған қаржылық сот құру туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 17 тамыздағы № 158 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 28, 299-құжат).

¹⁵ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2006 ж. 11 желтоқсандағы № 199-ІІІ Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2006, № 23, 136-құжат).

¹⁶ «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы № 254-ІІІ Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007, № 10, 68-құжат).

¹⁷ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2008 ж. 17 қарашадағы № 80-ІV Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2008, № 20, 77-құжат).

¹⁸ «Қазақстан Республикасының кейбір мамандандырылған соттарын құру және тарату туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 29 желтоқсандағы № 910 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 1, 1-құжат).

¹⁹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).

²⁰ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2012 ж. 16 ақпандағы № 559-ІV Конституциялық Заңы (ҚР Парламентінің Жарлығы, 2012, № 5, 38-құжат).

²¹ «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің күші жойылды деп тану туралы» ҚР 2012 ж. 16 ақпандағы № 560-ІV Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2012, № 5, 39-құжат).

²² «Қазақстан Республикасының кейбір Конституциялық заңдарына қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» ҚР 2014 ж. 4 шілдедегі № 232-V ҚРЗ Конституциялық заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2014, № 14, 89-құжат).

²³ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2014 ж. 7 қарашадағы № 245-V ҚРЗ Конституциялық Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2014, № 21, 119-құжат).

²⁴ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 2015 ж. 31 шілдедегі № 341-V ҚРЗ Конституциялық Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2015, № 15, 78-құжат).

²⁵ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясын құру туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 18 ақпандағы № 198 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 15-16, 65-құжат).

²⁶ «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2017 ж. 15 маусымдағы № 75-VІ ҚРЗ Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурсы]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#/doc/113388/kaz> (ресми жариялау күні: 2017 ж. 19 шілде).

²⁷ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2019 ж. 21 ақпандағы № 226-VІ ҚРЗ Конституциялық заңы // Қазақстан

Республикасының НҚА электрондық бақылау эталондық банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/129240/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 28 ақпан).

²⁸ 2020 ж. 29 маусымдағы № 350-VI ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/144260/kaz> (ресми жариялау күні: 2020 ж. 1 шілде).

²⁹ «Мамандандырылған әкімшілік соттар туралы» ҚР Президентінің 2021 ж. 26 қаңтардағы № 500 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

[Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000500> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

³⁰ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР 2021 ж. 20 наурыздағы № 19–VII ҚРЗ Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/153722/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 26 наурыз).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті (2000–2010)

ҚР Президентінің *2000 ж. 1 қыркүйектегі* Жарлығымен құрылды¹.

ҚР Президентінің *2000 ж. 12 қазандағы* Жарлығымен комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді².

Ережеге сәйкес комитет облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттардың қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік өкілетті орган болды.

Комитет және оның облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы әкімшілері жергілікті соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың біртұтас жүйесін құрды.

Комитеттің өкілеттіктері: **ҚР Жоғарғы Соты** Төрағасымен келісе отырып: жергілікті соттарды құру, қайта ұйымдастыру не тарату, судьялардың жалпы штат саны бойынша ұсыныстарды тұжырымдап, оларды **ҚР Президентінің** қарауына енгізу, жергілікті соттарды, комитетті және әкімшілерді қаржыландыру туралы ұсыныстар әзірлеп, **Үкіметке** табыс ету; сот төрағаларының ұсынуы бойынша жергілікті соттар судьяларының штат санын белгілеу; судьялар мен жергілікті соттар аппаратының біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау, сот қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және қаржыландыру, жергілікті соттардың кадрларға мұқтажын айқындау, оларға тағылымдама ұйымдастыру; азаматтар мен ұйымдардың жергілікті соттар судьяларының іс-әрекетіне арыздарын қарауда сот төрағаларына жәрдемдесу; судьялар мен жергілікті соттар аппаратының атқарушылық өндіріс органдары қызметкерлері жүктемелерінің нормативтерін әзірлеу; заңнаманы жүйелеу жөніндегі жұмысты жүзеге асыру және соттарды нормативті құқықтық актілермен қамтамасыз ету; жергілікті соттар аппараттарын құру жөніндегі жұмысты жүзеге асыру; судьялар мен жергілікті соттар қызметкерлерінің, сондай-ақ Комитет қызметкерлерінің дербес есебін жүргізу; әкімшілердің қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз ету; жергілікті соттардың ғимараттары мен үй-жайларын және соттар мен комитетке ведомстволық қарасты басқа да объектілердің құрылысын, жөндеуін және техникалық жарақтануын ұйымдастыру; жергілікті соттар мен әкімшілердің бюджет қаражаттарын жұмсауын бақылау, олардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу.

Комитет орталық аппарат пен оның әкімшілерінен тұрды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті; облыстардағы соттар мен әкімшілердің қызметін ұйымдастыру департаменті; облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы әкімшілер.

ҚР Президентінің *2001 ж. 22 қаңтардағы* Жарлығымен комитеттің құқықтық мәртебесі, өкілеттігі мен құрылымына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді³. Құқықтық мәртебесі «сондай-ақ атқару құжаттардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ететін» деген жолдармен толықтырылды. Комитеттің өкілеттігі «атқарушылық өнді органдары қызметкерлерінің жүктемелерінің нормативтерін әзірлейді; заңнамаға сәйкес атқарушылық құжаттардың уақтылы

орындалуын қамтамасыз етеді» жолдарымен толықтырылды. Комитеттің құрылымы атқарушылық өндірісті ұйымдасты жөніндегі департаментпен толықтырылды.

ҚР Үкіметінің **2001 ж. 14 сәуірдегі** қаулысымен **ҚР Әділет министрлігінің Сот қаулыларын орындау жөніндегі комитеті** таратылды, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ штат саны мен мүлкі ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке және оның облыстардағы, Астана, Алматы қалаларындағы әкімшілеріне берілді⁴.

ҚР Президентінің **2005 ж. 25 қаңтардағы** Жарлығымен комитеті құқықтық мәртебесі мен өкілеттігіне толықтырулар енгізілді⁵.

Комитет облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттардың қызметін материалдық-техникалық және басқа қамтамасыз ету жүзеге асыратын, сондай-ақ атқарушы құжаттардың уақтылы орындалуын және жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналған (түскен) мүліктерді есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін өкілетті орган болды.

Комитеттің өкілеттігі толықтырылды: жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналған (түскен) мүліктерді есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

ҚР Президентінің **2007 ж. 23 тамыздағы** Жарлығымен комитет туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді⁶. Комитеттің құқықтық мәртебесі, өкілеттілігі және оның құрылымы өзгертілген редакцияда төмендегідей жазылды.

Комитет облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттардың қызметін ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, сондай-ақ атқару құжаттарының уақтылы атқарылуын, сот приставтарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық жасалуын, жергілікті соттардағы сот статистикасының жүргізілуін және жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналған (келіп түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін өкілетті мемлекеттік орган болды.

Комитет және оның облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы сот әкімшілері жергілікті соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың біртұтас жүйесін құрды.

Комитеттің өкілеттіктері: **ҚР Жоғарғы Соты** Төрағасымен келісе отырып: жергілікті соттарды құру, қайта ұйымдастыру не тарату, судьялардың жалпы штат саны бойынша ұсыныстарды тұжырымдап, оларды **ҚР Президентінің** қарауына енгізу, жергілікті соттарды, комитетті және соттар әкімшілерін қаржыландыру туралы ұсыныстар әзірлеп, **Үкіметке** табыс ету; өз құзыреті шегінде нормативтік-құқықтық актілер қабылдау; сот төрағаларының ұсынуы бойынша жергілікті соттар судьяларының штат санын белгілеу; судьялардың, Комитет, жергілікті соттар кеңселері және соттар әкімшілері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау, сот қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және қаржыландыру, жергілікті соттардың кадрларға мұқтажын айқындау, оларға тағылымдама ұйымдастыру; азаматтар мен ұйымдардың жергілікті соттар судьяларының іс-әрекетіне арыздарын қарауда сот төрағаларына жәрдемдесу; судьялар мен атқарушылық өндіріс органдары қызметкерлері жүктемелерінің нормативтерін әзірлеу; заңнаманы жүйелеу жөніндегі жұмысты жүзеге асыру және соттарды нормативті құқықтық актілермен қамтамасыз ету; соттар әкімшілерінің ұсынуы бойынша жергілікті соттар кеңселерін құру жөніндегі жұмысты жүзеге асыру; судьялар мен жергілікті соттар қызметкерлерінің сондай-ақ комитет қызметкерлерінің дербес есебін жүргізу; жергілікті соттардың сот статистикасын жүргізу, іс жүргізуін және мұрағаттарының жұмысын ұйымдастыру, ұйымдар мен азаматтардың өтініштерін қарау; соттар әкімшілерінің қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз ету; жергілікті соттардың ғимараттары мен үй-жайларын және соттар мен комитетке ведомстволық қарасты басқа да объектілердің құрылысын, жөндеуін және техникалық жарақтануын ұйымдастыру; жергілікті соттар мен соттар әкімшілерінің бюджет қаражаттарын жұмсауын бақылау, олардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу; заңнамаға сәйкес соттар, соттар әкімшілерінің және **Әділет біліктілік алқасының** қызметін қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің басқа да

шараларын жүзеге асыру; атқару құжаттарының уақтылы атқарылуының заңға сәйкестігін қамтамасыз ету; жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналған (келіп түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру; сот орындаушыларының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру; ҚР ратификациялаған халықаралық құқықтық актілердің шеңберінде құқықтық көмек көрсету барысында сот актілерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру; ҚР заңнамасына сәйкес сот органдарынан және атқарушылық өндірісі органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қоюды жүзеге асыру.

Комитет орталық аппарат пен оның соттар әкімшілерінен тұрды.

Комитеттің құрылымы: басшылық; қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті; облыстардағы соттар мен сот әкімшілердің қызметін ұйымдастыру департаменті; атқарушылық өндірісін ұйымдастыру департаменті; облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы соттар әкімшілері.

ҚР Президентінің **2009 ж. 22 сәуірдегі** Жарлығымен ҚР Үкіметіне **ҚР Ішкі істер министрлігінен** сот шешімдерін орындау тәртібін бұзу және сотты құрметтемеушілік көрінісіне байланысты қылмыстық істерді тергеу өкілеттіктерін комитеттің қарамағына берілуін қамтамасыз етуі тапсырылды⁷.

ҚР Президентінің **2010 ж. 17 тамыздағы** Жарлығымен комитет атқарушы құжаттарды орындау, жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналған (келіп түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Әділет министрлігіне**; облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың қызметін ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету, сот приставтарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық ету жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері **ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне (ҚР Жоғарғы Сотының аппараты)** беріле отырып таратылды⁸.

ҚР Президентінің **2010 ж. 22 қыркүйектегі** Жарлығымен комитеттің облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қаладағы аумақтық органдары (сот кеңселері) – мемлекеттік мекемелері оларды ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (ҚР Жоғарғы Сотының аппаратының) облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері мен **ҚР Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитетінің** аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды⁹.

¹ «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 1 қыркүйектегі № 440 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 1364 іс).

² «Қазақстан Республикасының сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2000 ж. 12 қазандағы № 471 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 1 т. 1369 іс).

³ «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2001 ж. 22 қаңтардағы № 536 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 1-2, 2-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Сот қаулыларын орындау жөніндегі комитетін таратудың кейбір мәселелері» ҚР Президентінің 2001 ж. 14 сәуірде № 494 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2001, № 14, 174-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 471 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 25 қаңтардағы № 1514 Жарлығы (ҚР ПА. 5-Н қ. 6 т. 7879 іс).

⁶ «Қазақстан Республикасы Президентінің сот әкімшілігі мәселелері жөніндегі кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 23 тамыздағы № 387 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 30, 330-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2009 ж. 22 сәуірдегі № 793 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2009, № 19, 166-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).

⁹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2010, № 51, 466-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Соты жанындағы
Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті
(ҚР Жоғарғы Сотының Аппараты)
(2010–2022)**

ҚР Президентінің *2010 ж. 17 тамыздағы* Жарлығымен *Жоғарғы Соттың* облыстарда, астанада және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері (соттардың кеңселері) бар жергілікті және басқа соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ретінде, оған таратылған *ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің* облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың қызметін ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету, сот приставтарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық ету жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып құрылды¹.

ҚР Президентінің *2010 ж. 22 қыркүйектегі* Жарлығымен ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитетінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы сот әкімшіліктері (сот кеңселері) – мемлекеттік мекемелері оларды департаменттің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы аумақтық органдары (сот кеңселері) – мемлекеттік мекемелері мен ҚР Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде департаменттің облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдары (сот кеңселері) – мемлекеттік мекемелері құрылды².

ҚР Президентінің *2010 ж. 3 қарашадағы* Жарлығымен департамент туралы ереже бекітілді³.

Департамент ҚР Жоғарғы Сотының, облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері бар (соттар әкімшілері бар) жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

Департамент және соттар кеңселері ҚР Жоғарғы Сотының, жергілікті және өзге соттардың қызметтерін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың біртұтас жүйесін құрады.

Департаменттің негізгі міндеттері ҚР Жоғарғы Сотының, жергілікті және өзге соттардың қызметтерін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету болды.

ҚР Президентінің *2013 ж. 3 қарашадағы* Жарлығымен департамент туралы ереже жаңа редакцияда мазмұндалды⁴.

Департамент ҚР Жоғарғы Сотының, облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері бар (сот кеңселері бар) жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органы болды.

ҚР Президентінің *2016 ж. 11 қаңтардағы* Жарлығымен⁵ департамент туралы ережеге өзгерістер енгізілді. 1 тармақ мынадай редакцияда мазмұндалды: «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері бар (**соттар әкімшілері бар**) жергілікті және басқа да соттардың (бұдан әрі – соттар әкімшілері) қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады».

ҚР Президентінің *2022 ж. 9 тамыздағы* Жарлығымен Департаменттің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесіне толықтулар енгізілді, оған Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары бойынша соттардың ҚР Жоғарғы Соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменттерінің (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының) әкімшілері енгізілді⁶.

ҚР Президентінің **2022 ж. 8 қыркүйектегі** Жарлығымен облыстарда, астанада және республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық бөлімшелері (соттар әкімшілері) бар департаменті мемлекеттік мекемесі облыстарда, астанада және республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық бөлімшелері бар «Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды⁷.

¹ «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 47, 424-құжат).

² «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 51, 466-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 3 қарашадағы № 1093 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2010, № 60, 589-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 2010 ж. 3 қарашадағы № 1093 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Президентінің 2013 ж. 3 қазандағы № 660 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2013, № 59, 808-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2016 ж. 11 қаңтардағы № 165 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2016, № 1-2, 3-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының кейбір соттарын құру және қайта атау және Қазақстан Республикасы соттарының кадр мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 9 тамыздағы № 973 Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000973> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

⁷ «Сот әкімшілігін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 8 қыркүйектегі № 1002 Жарлығы // ҚР нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001002/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

Қазақстан Республикасының Жоғары төрелік соты (1992–1995)

1992 ж. 17 қаңтарда қабылданған ҚР «Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы» Заңына сәйкес құрылды¹.

ҚР Төрелік соты экономикалық қатынастарда және құзыретінің шегінде және оны ҚР Конституциясы мен заңдарында белгіленген тәртіпте басқару үрдісінде туындайтын дауларды шешу жөніндегі ҚР сот өкіметінің дербес, тәуелсіз органы болды.

Төрелік сот құзыреті: шағымдарды қарады және кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың, соның ішінде шетелдік заңды тұлғалармен бірлесіп қатысқан кәсіпорындар; кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен басқару органдары; кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен жергілікті Халық депутаттарының кеңестері арасындағы шаруашылық дауларды шешті. Басқару органдарының, жергілікті өкімет органдарының, жоғары тұрған кәсіпорын органдарының құзыретіне сәйкес келмейтін немесе заңнаманы бұзып шығарылған актілерін толық немесе жекелей жарамсыз деп тану туралы шағымдарды қарады; Заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарады.

ҚР Төрелік соттары: ҚР Жоғары төрелік соты, ҚР төрелік соттар жүйесін құраған ҚР облыстық және Алматы қалалық төрелік соттары болды. ҚР Жоғары төрелік соты Төрағадан, Төраға орынбасарларынан, Жоғары төрелік сот судьяларынан тұрды. ҚР Жоғары төрелік соты ҚР төменгі тұрған төрелік соттарға басшылықты жүзеге асырды.

1993 ж. 18 қазанда қабылданған ҚР Заңы «Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы» ҚР Заңының жекелеген баптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізді².

«Қазақстан Республикасының соттары туралы» Заң күші бар ҚР Президенті Жарлығының күшіне енуіне байланысты **1995 ж. 20 қазандағы** ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Жоғары төрелік соты, облыстық, Алматы қалалық төрелік соттары таратылды³. Жоғары төрелік соттың мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Жоғарғы Сотына** берілді. Облыстық және

Алматы қалалық төрелік соттардың мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері **ҚР Әділет министрлігіне** берілді.

¹ «Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы» ҚР 1992 ж. 17 қаңтардағы № 1144 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992, № 5, 101-құжат).

² «Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы» және «Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 1993 ж. 18 қазандағы № 2442 Заңы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993, № 17, 417-құжат).

³ «Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-тармағының 98-бабын және «Қазақстан Республикасының соттары туралы» Заң күші бар ҚР Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 1995 ж. 20 қазандағы № 2582 Жарлығы (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж. № 21, 129-құжат).

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі (2015*)

ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы Жарлығымен ҚР Конституциясында белгіленген орган ретінде құрылды¹.

2001 ж. 28 мамырдағы «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» ҚР Заңымен Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру айқындалды².

ҚР Жоғары Сот Кеңесі ҚР Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болды.

Заңда Кеңестің өкілеттіктері белгіленген: судьялардың тәуелсіздігі мен дербестігіне кепілдікті қамтамасыз ету; облыстық соттың бос тұрған судья лауазымына үміткерді конкурстық негізде іріктеу және оны осы лауазымға тағайындау үшін ҚР Президентіне ұсыну; Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша облыстық соттың төрағасы мен алқа төрағасы лауазымына үміткерді қарау және оларды ҚР Президентіне осы лауазымға тағайындау үшін ұсыну; Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша Жоғарғы Соттың алқа төрағасы мен судьясы лауазымына үміткерлерді қарау; Жоғарғы Сот Төрағасы лауазымына үміткерді қарау; Жоғарғы Соттың төрағасы, алқа төрағалары және судьялары лауазымдарына үміткерлерді ҚР Президентіне оларды ҚР Парламенті Сенатына ұсыну үшін ұсыну; облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, алқа төрағалары мен судьяларын атқарып отырған лауазымынан босату мәселелерін қарау; сот жүйесі мен заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ҚР Президентіне ұсыныстармен жүгіну; Жоғары Сот Кеңесінің регламентін бекіту; өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Кеңес құрамына: Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы, Конституциялық Кеңестің Төрағасы, Жоғарғы Соттың Төрағасы, Бас Прокурор, Әділет министрі, Сенат депутаттарының екеуі, алты судья (екі Жоғарғы Сот судьясы, екі облыстық немесе оған теңестірілген сот судьясы, екі аудандық немесе оған теңестірілген сот судьясы), Кеңес хатшысы және ҚР Президенті тағайындайтын басқа да адамдар кірді. Конституциялық Кеңестің Төрағасы, Жоғарғы Соттың Төрағасы, Бас Прокурор және Әділет министрі Кеңес құрамына лауазымдары бойынша енгізілді.

Кеңестің қызметін қамтамасыз етуді ҚР Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырды.

ҚР 2015 ж. 4 желтоқсандағы Заңымен құрылды³. Кеңес ҚР Президентінің соттарды қалыптастыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылатын автономиялы мемлекеттік мекеме болды. Кеңестің заңды тұлға болып табылатын аппараты болды.

Кеңес өз қызметін тәуелсіздік, заңдылық, алқалық, жариялылық және бейтараптық қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

Кеңестің өкілеттіктеріне өзгерістер ҚР келесі заңдарымен енгізілді: 2017 ж. 13 наурызда, 2017 ж. 3 шілдеде, 2019 ж. 21 ақпанда, 2021 ж. 20 желтоқсанда, 2022 ж. 30 желтоқсанда, 2023 ж. 27 наурызда, 2024 ж. 21 қарашада⁴.

Кенес судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз етеді; конкурстың қорытындылары бойынша Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына кандидатты Парламент Сенатына баламалы негізде ұсыну үшін ҚР Президентіне ұсыным жасайды; «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңында көзделген жағдайларда судьялардың бос лауазымдарына кандидаттарды конкурстық тағайындау не сайлау мәселелерін қарайды: жергілікті және басқа сот судьясының бос лауазымына тағайындау үшін кандидатты ҚР Президентіне ұсыным жасайды; Парламент Сенатына ұсыну енгізу үшін Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына кандидаттарды ҚР Президентіне ұсыным жасайды; Парламент Сенатына ұсыну енгізу үшін Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына кандидаттарды ҚР Президентіне ұсыным жасайды; Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша облыстық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды: облыстық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидаттарды лауазымға тағайындау үшін ҚР Президентіне ұсыным жасайды; Жоғарғы Сот Төрағасының бос лауазымына кандидатураны қарайды; Жоғарғы Сот Төрағасының бос лауазымына кандидатты Парламент Сенатына ұсыну үшін ҚР Президентіне ұсыным жасайды; «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңында көзделген жағдайларда төрағалардың, сот алқалары төрағаларының және судьялардың өкілеттіктерін тоқтату мәселелерін қарайды: ҚР Президентіне жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларын, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын лауазымынан босатуды ұсынады; Парламент Сенатына ұсыну енгізу үшін Жоғарғы Соттың Төрағасы мен судьяларын лауазымынан босату туралы ҚР Президентіне ұсыным енгізеді; бір жыл мерзім өткеннен кейін судья лауазымына алғаш рет тағайындалған адамның жұмыс нәтижелерін қарайды және Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия судьяның кәсіби қызметін оң бағалаған кезде, Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша оны бекіту туралы мәселені шешеді; зейнеткерлік жасқа толғанда судья лауазымында болу мерзімін ұзарту туралы мәселені қарайды; Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті орган басшысының лауазымына кандидатты тағайындауға және оны лауазымынан босатуға келісім беру туралы мәселені ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды; Сот жүйесіндегі судья кадрларының жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы қалыптастырады және оны ҚР Президентіне ұсынады, оның кейіннен жариялануын қамтамасыз етеді; Сот жюриінің және Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімдеріне шағым жасау туралы судьялардың жолданымдарын қарайды; судья болып жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтардан біліктілік емтихандарын қабылдауды ұйымдастырады; ҚР Президентіне судьяны ұстап алуға, күзетпен ұстауға не үй қамаққа алуға, оны күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, судьяны қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру туралы мәселені шешу үшін қорытынды ұсынады; сот жүйесін және ҚР заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдайды және ҚР Президентіне енгізеді; судья корпусының сапалық құрамын жақсарту, кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру, судьялардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қолданады; судьяның кәсіби қызметін бағалауды жүргізу әдістемесін алдын ала келіседі; Кеңес регламентін бекітеді; судья лауазымына орналасу үшін біліктілік емтихандарын тапсырған, соттарда тағылымдамадан өткен және облыстық соттардың жалпы отырыстарының қорытындыларын алған, сондай-ақ Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясын бітірген адамдардың есебін жүргізуді ұйымдастырады; судьялардың жалпы штат санын, әрбір жергілікті және басқа соттың судьялар санын белгілеуге келісім беру туралы мәселені қарайды; судьялардың электрондық дербес есебін жүргізуді ұйымдастырады; аудандық сот төрағасының, облыстық соттың төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьясының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және судьясының лауазымына кадр резервін қалыптастырады; кадр резервін қалыптастыру және онымен жұмысты ұйымдастыру тәртібін бекітеді; Кеңес жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссияның құрамын бекітеді; Кеңес жанындағы Сот жюриінің құрамын бекітеді; судьялыққа кандидаттардың психологиялық тесттен өту тәртібін айқындайды; судьяға куәлік беру тәртібін

белгілейді; Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес туралы ережені бекітеді; осы Заңнан, ҚР өзге заңнамалық актілерінен туындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кеңес ҚР Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа адамдардан тұрады. Төрағаны ҚР Президенті Парламент Сенатының келісімімен тағайындайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы, Бас Прокурор, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің тиісінше тұрақты комитеттерінің төрағалары лауазымы бойынша Кеңес мүшелері болып табылады.

ҚР Президенті Кеңес құрамына басқа адамдарды да, оның ішінде ғалым заңгерлерді, адвокаттарды, шетелдік сарапшыларды, заңгерлер жұртшылығының өкілдерін де тағайындауы мүмкін.

¹ «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесін құру туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 наурыздағы Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996 ж., № 12, 85-құжат).

² «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» ҚР 2001 ж. 28 мамырдағы Заңы (ҚР Парламенті Жаршысы, 2001 ж., № 10, 144-құжат).

³ «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» ҚР 2015 ж. 4 желтоқсандағы № 436-V ҚР Заңы (ҚР Парламенті Жаршысы, 2015 ж., № 23-II, 173-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесінің және «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2017 ж. 13 наурыздағы № 53-VI Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/110310/kaz> (ресми жариялау күні: 2017 ж. 16 наурыз); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2017 ж. 3 шілдедегі № 86-VI Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/113390/kaz> (ресми жариялау күні: 2017 ж. 19 шілде); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2019 ж. 21 ақпандағы № 227-VI ҚР3 Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/129243/kaz> (ресми жариялау күні: 2019 ж. 27 ақпан); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2021 ж. 20 желтоқсандағы № 83-VII Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/161992/kaz> (ресми жариялау күні: 2021 ж. 24 желтоқсан); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2022 ж. 30 желтоқсандағы № 177-VII Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/176671/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 5 қаңтар); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2023 ж. 27 наурыздағы № 216-VII Заңы // Қазақстан Республикасының электрондық түрдегі эталондық бақылау нормативтік құқықтық актілер банкі.

[Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/179249/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 31 наурыз); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2024 ж. 21 қарашадағы № 136-VIII Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.

[Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/203024/kaz> (ресми жариялау күні: 2024 ж. 25 қараша).

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты (2015*)

ҚР Президентінің **2015 ж. 23 желтоқсандағы** Жарлығымен құрылды¹.

Аппарат ҚР Жоғары Сот Кеңесінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Аппараттың негізгі міндеті ҚР Жоғары Сот Кеңесінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

Аппаратқа басшылықты басшы жүзеге асырады, ол Аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуы және оның функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады, сонымен қатар лауазымы бойынша ҚР Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы болып табылады.

Аппарат басшысын ҚР Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

¹ «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру шаралары туралы» ҚР Президентінің 2015 ж. 23 желтоқсандағы № 137 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2015, № 62, 486-құжат).

**Қазақстан Республикасының
Сот әкімшілігі
(2022*)**

ҚР Президентінің *2022 ж. 8 қыркүйектегі* Жарлығымен облыстарда, астанада және республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық бөлімшелері (соттар әкімшілері) бар **ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (ҚР Жоғарғы Сотының аппараты)** мемлекеттік мекемесі нәтежесінде қайта құрылды¹.

ҚР Президентінің *2023 ж. 19 қаңтардағы* Жарлығымен Сот әкімшілігі туралы ереже бекітілді².

Сот әкімшілігі ҚР Жоғарғы Сотының, облыстарда, астанада және республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық бөлімшелері бар жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын сот әкімшілігі саласындағы ҚР уәкілетті мемлекеттік органы болып табылады.

Сот әкімшілігінің міндеттері: сот әкімшілігі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру; сот төрелігін тәуелсіз жүзеге асыру үшін қажетті әрі жеткілікті жағдайлар жасау; сот жүйесін және соттардың қызметін жетілдіруге бағытталған жүйелі реформаларды әзірлеу.

¹ «Сот әкімшілігін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 ж. 8 қыркүйектегі № 1002 Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001002/info> (жүгінген күні: 2024 ж. 30 желтоқсан).

² «Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 19 қаңтардағы № 106 Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: URL: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/178118/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 24 қаңтар).

VIII

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы
(Ортсайлауком)
(1993*)**

ҚР Президентінің **1993 ж. 21 желтоқсандағы** қаулысымен Ортсайлауком құрылды және ол туралы ереже бекітілді¹.

Ережеге сәйкес Ортсайлауком ҚР тұрақты жұмыс істеген тәуелсіз мемлекеттік органы болды. Ортсайлауком ҚР заңнамасына сәйкес құрылған ҚР сайлау органдарының жүйесіне жетекшілік етті.

Ортсайлаукомның негізгі міндеттері: сайлау туралы заңнаманы біркелкі орындау; сайлау комиссиясының сайлау жөніндегі қызметін басқару; ҚР азаматтарының, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіпте ҚР аумағында тіркелген қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқығын қамтамасыз ету; сайлауды даярлау және өткізуді ұйымдастыруды бақылау.

Ортсайлауком: төраға, төраға орынбасары, хатшы және төрт мүше құрамында құрылды.

Ортсайлаукомның қызметін ұйымдастыру және ақпараттық-құқықтық қамтамасыз етуді оның аппараты жүзеге асырды.

ҚР Үкіметінің **1994 ж. 6 маусымдағы** қаулысымен Ортсайлаукомның штаттық кестесі бекітілді: төраға, төраға орынбасары; хатшы; Ортсайлауком мүшелері; төраға кеңесшісі; ұйымдастыру-заң бөлімі; қаржы-бақылау бөлімі; жалпы бөлім².

ҚР Президентінің **1996 ж. 11 қарашадағы** Жарлығымен Ортсайлауком туралы жаңа ереже бекітілді³.

ҚР тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік органы болды, ҚР сайлау комиссияларының біртұтас жүйесін басқарды.

Ортсайлаукомның негізгі міндеттері, құрамы өзгертілмеді.

ҚР Президентінің **2005 ж. 21 сәуірдегі** Жарлығымен Орталық сайлау комиссиясының өкілеттігіне жекелеген өзгертулер мен толықтырулар енгізілді (оның ішінде электронды сайлау жүйелерін пайдалануға байланысты)⁴. Орталық сайлау комитетінің негізгі міндеттері мен құрылу тәртібі өзгертілмеді.

ҚР Президентінің **2006 ж. 31 тамыздағы** Жарлығымен Орталық сайлау комиссиясының өкілеттігі мынадай мағынадағы тармақшамен толықтырылды: «шет мемлекеттерде сайлауларды бақылауға Қазақстан Республикасының азаматтарын бағыттау жұмысының тәртібін анықтайды және ұйымдастырады»⁵.

ҚР Президентінің **2007 ж. 13 қарашадағы** Жарлығымен Орталық сайлау комиссиясы туралы ереже мынадай редакцияда жазылды: «3. Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген оның Төрағасы және алты мүшесі құрамында құралады»⁶.

ҚР Президентінің **2013 ж. 12 ақпандағы** Жарлығымен Орталық сайлау комиссиясының ережесі жаңа редакцияда мазмұндалды⁷.

ҚР Президентінің **2015 ж. 29 қаңтардағы** Жарлығымен ҚР Орталық сайлау комиссиясының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі ҚР Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығымен толықтырылды⁸.

¹ «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1993 ж. 21 желтоқсандағы № 1469 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 1993, № 48, 579-құжат).

² Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991 ж. 16 желтоқсан – 2001 ж. 1 қаңтар) Анықтамалық / Жауапты ред. В.Н. Шепель. - Алматы: БУ «Эдельвейс», 2004. - 140-б.

³ «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 қарашадағы № 3205 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 1996, № 44, 424-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2005 ж. 21 сәуірдегі № 1556 қаулысы (ҚР ПУАЖ, 2005, № 15, 174-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасының Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 3205 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 31 тамыздағы № 171 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2006, № 33, 350-құжат).

⁶ «Қазақстан Республикасының Президентінің кейбір жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2007 ж. 13 қарашадағы № 436 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2007, № 42, 479-құжат).

⁷ «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 қарашадағы № 3205 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Президентінің 2013 ж. 12 ақпандағы № 501 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2013, № 16, 273-құжат).

⁸ «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің 1996 ж. 11 қарашадағы № 3205 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2015 ж. 29 қаңтардағы № 995 Жарлығы (ҚР ПУАЖ, 2015, № 2, 8-құжат).

IX

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОРГАНДАР

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (2002*)

Лауазым ҚР Президентінің *2002 ж. 19 қыркүйектегі* Жарлығымен құрылды¹.

Осы Жарлықпен Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді².

Адам құқығы жөніндегі уәкіл – өз құзыреті шегінде адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау өкілеттіктері берілген, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға.

Уәкіл өз қызметімен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын қолданыстағы мемлекеттік құралдарды толықтырады. Уәкілдің қызметі ҚР Конституциясы мен заңнамасына сәйкес адамның құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдардың құзыретін шектемейді.

Уәкіл өз қызметін жүзеге асыру барысында тәуелсіз.

Уәкілдің өкілеттік мерзімі – тағайындалған күннен бастап 5 жыл.

Уәкілетті лауазымды тұлғалар мен ұйымдардан шағымдарды қарау үшін қажетті мәліметтер сұратуға; мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды тұлғалардың кідіріссіз қабылдауында болуға; адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуымен байланысты анықтауға жататын мән-жайлар бойынша қорытынды дайындау үшін сарапшылық және консультативтік жұмыстарды орындауға шарт негізінде ұйымдар мен мамандарды тартуға; адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануға; қызметтік куәлігін көрсетіп мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кіруге және ол арада болуға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарына баруға, оларда ұсталатын адамдармен кездесіп, әңгімелесуге; іс-әрекеттері адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соқтырған адамдарды заңмен белгіленген жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ материалдық және моральдық зиянды өтеу шараларын қолдану туралы тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге; жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына ресми хабарламалар жариялауға құқығы бар.

Уәкіл *ҚР Президентінің, Парламентінің* және оның депутаттарының, *ҚР Үкіметінің, Конституциялық Кеңестің, Бас прокурордың, Орталық сайлау комиссиясының,* ҚР соттарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарамайды.

Уәкілдің қызметін мемлекеттік мекеме болып табылатын Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық қамтамасыз етеді. Ұлттық орталық Уәкіл қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және басқа да қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

ҚР Президентінің *2004 ж. 29 қарашадағы* Жарлығымен уәкілдің құқықтары толықтырылды: адамның мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте істі сотта қарауда қатысу; ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе прокуратураға заңды күшіне енген сот шешімін, үкімін, соттың ұйғарымын немесе қаулысын тексеру туралы қолдау-хатпен жүгіну; ҚР азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдарын қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны туралы ақпарат өзге жолмен алған кезде осы мәселелер бойынша парламенттік тындаулар өткізу ұсынысымен Парламент палаталарына жүгіну; адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмыстарына қатысу³.

Уәкілдің құқықтарының бірі жаңа редакцияда жазылды: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс қозғау туралы, сондай-ақ материалдық немесе моральдық залалды өтеу шараларын қолдану туралы қолдау хатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгіну.

ҚР Президентінің *2006 ж. 29 тамыздағы* Жарлығымен уәкілдің құқықтарынан мына құқықтар алынып тасталынды: адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте істі сотта қарауда қатысу; ҚР

заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе прокуратураға заңды күшіне енген сот шешімін, үкімін, соттың ұйғарымын немесе қаулысын тексеру туралы қолдау хатпен жүгіну⁴.

Уәкілдің құқықтарының бірі жаңа редакцияда жазылды: «адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік не қылмыстық іс қозғау туралы уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаға қолдау-хатпен жүгіну».

ҚР 2021 ж. 29 желтоқсандағы Заңымен Уәкілдің құқықтық мәртебесі, өкілеттілігі және қызметін ұйымдастыруы анықталды⁵.

Уәкіл адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету, оларды мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, өзге де ұйымдардың және лауазымды адамдардың сақтауы мен құрметтеуі мақсатында ҚР Конституциясына сәйкес белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Уәкіл қызметінің міндеттері адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге, ҚР нормативтік құқықтық актілерін жетілдіруге, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу мен ілгерілетуге жәрдемдесу болып табылады.

Уәкілді ҚР Президентінің ұсынуы бойынша ҚР Парламентінің Сенаты бес жыл мерзімге лауазымға сайлайды.

ҚР 2022 ж. 5 қарашадағы Конституциялық Заңымен ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық ережесі және қызметін ұйымдастыруы анықталды⁶.

ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету, ҚР Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Уәкіл қызметінің міндеттері адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу, ҚР нормативтік құқықтық актілерін ілгерілетуге ықпал ету болып табылады.

¹ «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымын құру туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 30, 328-құжат).

² Сонда.

³ «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2004 ж. 29 қарашадағы № 1474 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2004, № 47, 585-құжат).

⁴ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2006 ж. 29 тамыздағы № 168 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2006, № 32, 339-құжат).

⁵ «Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР 2021 ж. 29 желтоқсандағы № 90-VII ҚРЗ Конституциялық заң (Егемен Қазақстан, 2021 ж. 30 желтоқсан).

⁶ «Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР 2022 ж. 5 қарашадағы № 154-VII ҚРЗ Конституциялық заң (Егемен Қазақстан, 2022 ж. 7 қараша).

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық (2002*)

ҚР Президентінің 2002 ж. 10 желтоқсандағы Жарлығымен Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құрылды және ол туралы ереже бекітілді¹.

Ұлттық орталықтың негізгі міндеттері: адам құқықтары жөніндегі уәкілге адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруда барынша жәрдемдесу; адам құқықтары жөніндегі уәкілдің адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету; адам құқықтары жөніндегі уәкілге адам құқықтары мен бостандықтары, оларды қорғаудың нысандары мен әдістері саласындағы ҚР заңдарын жетілдіру, заңдарды халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларына сәйкес келтіру, адам құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты

дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеуде жәрдемдесу; адам құқықтары мен бостандықтары саласында халықты құқықтық ағартушылыққа жәрдемдесу болып табылады.

2022 ж. 5 қарашада ҚР «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заңының² қабылдануына байланысты, Ұлттық орталық туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді³.

Ұлттық орталық пен оның өкілдіктерінің міндеттеріне: адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу жөніндегі Уәкілдің қызметін камтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілету мен насихаттау жатады.

Сонымен қатар, Ұлттық орталық пен оның өкілдіктерінің өкілеттіктері мен функцияларына өзгерістер енгізілді.

¹ «Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықты құру туралы» ҚР Президентінің 2002 ж. 10 желтоқсандағы № 992 Жарлығы (ҚР ПҰАЖ, 2002, № 45, 445-құжат).

² «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР 2022 ж. 5 қарашадағы № 154–VII Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/173439/kaz> (ресми жариялау күні: 2022 ж. 7 қараша).

³ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 992 «Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықты құру туралы» Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Президентінің 2023 ж. 23 қаңтардағы № 108 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. [Электрондық ресурс]: <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/178599/kaz> (ресми жариялау күні: 2023 ж. 13 ақпан).

**Қазақстан Республикасы
мемлекеттік билік органдарының
АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ**

А

Автомобиль жолдары министрлігі	376
Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі	672
Адам құқықтары жөніндегі уәкіл	826
Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	827
Азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік авиациялық инспекциясы	388
Азаматтық қорғаныс штабы	756
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	420
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті	642
Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Байланыс, ақпарат және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті	421
Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Орталық коммуникациялар қызметі.....	642
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті	421
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	609
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті	615
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті	643
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті	614
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы комитеті	632
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті.....	616
Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	637
Ақпарат министрлігі	638
Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі	415
Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі	102
Архивтер мен құжаттама бас басқармасы	646
Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (1).....	272
Атом энергиясы агенттігі (2)	276
Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі.....	286
Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры	308
Ауыл шаруашылығы министрлігі.....	286
Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Азық-түлік контракт комитеті	307
Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитеті.....	335
Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекциясы	303
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті	310
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитеті	309
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті (1)	336
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті (2)	341
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	311
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті (1).....	322
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті (2).....	326
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік қадағалау комитеті	302
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитеті	301
Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясы	306

Ауыл шаруашылығы министрлігінің Республикалық мемлекеттік тұқым инспекциясы.....	306
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (1)	314
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (2)	316
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (3)	319
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті (1).....	329
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті (2).....	331
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитеті	328
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті	333
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік карантині жөніндегі комитеті	304
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдіктерді қорғау жөніндегі комитеті	305

Ә

Әділет біліктілік алқасы	744
Әділет министрлігі	734
Әділет министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі комитеті	673
Әділет министрлігінің Діни істер комитеті	611
Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі	747
Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (1)	674
Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (2)	675
Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті	713
Әділет министрлігінің Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті	731
Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті	746
Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті	746
Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеті	745
Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті	750
Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті	749
Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті	748
Әділет министрлігінің Ұлттық заң агенттігі	744
Әділет министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті	747
Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі	555

Б

Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті	211
Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (1)	485
Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (2)	97
Байланыс және ақпарат агенттігі	419
Байланыс және ақпарат министрлігі	416
Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті	641
Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті	417
Байланыс және ақпарат министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті	418
Байланыс министрлігі	409
Байланыс министрлігі жанындағы Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	410
Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясы	411
Байланыс министрлігінің Почта байланысының мемлекеттік қызметі	411

«Барлау» қызметі	74
Бас мемлекеттік салық инспекциясы	515
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі.....	634
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі жанындағы Қазақ мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы	635
Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі	105
Бас прокуратура	64
Бас прокуратураның Активтерді қайтару жөніндегі комитеті	69
Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті	68
Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік)	221
Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитеті	118
Білім және ғылым министрлігі	601
Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитеті	661
Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті	604
Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті	670
Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті	669
Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті	670
Білім және ғылым министрлігінің Жастар ісі комитеті	631
Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясы	668
Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті	668
Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті	701
Білім және мәдениет министрлігі	597
Білім және мәдениет министрлігінің Мәдениет департаменті	688
Білім және мәдениет министрлігінің Туризм және спорт департаменті	618
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	598
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жанындағы ҚР Мәдениет пен өнерді қолдаудың мемлекеттік қоры	695
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Білім комитеті	600
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті	577
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Мәдениет комитеті	689
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті.....	618
Білім министрлігі	594
Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитеті	597
Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы	490

Г

Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті	365
Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі	365
Геодезия және картография бас басқармасы	361
Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы	363

Ғ

Ғарыш зерттеулері агенттігі	657
Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі	652
Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Атом энергиясы агенттігі	273
Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Ұлттық аэроғарыштық агенттігі.....	658
Ғылым және жоғары білім министрлігі (1)	656
Ғылым және жоғары білім министрлігі (2)	607
Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі комитеті	273
Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы	654

Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі	273
Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті	667
Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Ұлттық аэроғарыш агенттігі	659
Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті	608
Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті	671
Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті	607
Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті	701

Д

Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі	579
Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті	579
Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Орта және кәсіптік білім комитеті	600
Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Спорт және дене тәрбиесі комитеті.....	620
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	581
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті	567
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті	591
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті	591
Денсаулық сақтау министрлігі	571
Денсаулық сақтау министрлігінің Бас санитарлық-эпидемиологиялық басқармасы	581
Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті	592
Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті.....	593
Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті	588
Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеті	590
Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті	590
Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитеті	589
Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті	583
Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалдық қамтамасыз ету департаменті	582
Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті.....	593
Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті	592
Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті	588
Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті	586
Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті	586
Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі	580
Дін істері агенттігі	612
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі	608
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті	615
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті	613

Е

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	557
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті	567
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті	568
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті	569
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек инспекциясы жөніндегі мемлекеттік комитеті	570
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті	566
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон жөніндегі комитеті	563
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі	565
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті	570
Еңбек министрлігі	550
Еңбек министрлігі жанындағы Еңбекті қорғау департаменті	554
Еңбек министрлігі жанындағы Жұмыспен қамту департаменті	553
Еңбек министрлігі жанындағы Кәсіптік білім беру жөніндегі комитеті	597
Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қон жөніндегі департаменті	562
Еңбек министрлігінің Жұмыспен қамту бас басқармасы	553

Ж

Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	210
Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	630
Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі	630
Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті	528
Жергілікті атқарушы органдар	790
Жергілікті және басқа да соттары	806
Жергілікті өкілді органдар	148
Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	321
Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі	324
Жоғары аудиторлық палатасы	100
Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	788
Жоғарғы Кеңес	130
Жоғарғы Кеңесінің Бақылау Палатасы	133
Жоғары Сот Кеңесі	819
Жоғары Сот Кеңесінің аппараты	821
Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті	817
Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті	814
Жоғары төрелік соты	818
Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің инспекциясы	551

И

Инвестициялар және даму министрлігі	250
Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті	404
Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті	403
Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті	663

Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті	419
Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті.....	371
Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестиция комитеті	506
Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті	252
Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті	402
Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті	445
Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті	208
Инвестициялар жөніндегі агенттігі	503
Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті	502
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі	247
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті (1).....	276
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті (2)	277
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті	371
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті	505
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті	281
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті	280
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті	249
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті	207
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті	624
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	253
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті.....	404
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті	406
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті	372
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті	256
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті	257
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті	405
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті	445
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті	256
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті	208
Индустрия және сауда министрлігі	238
Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті	220
Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті	504
Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті	234
Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті	440
Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті	439
Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту	

комитеті	246
Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп комитеті	247
Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу жөніндегі комитеті	451
Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті (1)	451
Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті (2)	452
Индустрия және сауда министрлігінің Сауда қызметін реттеу жөніндегі комитеті	452
Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті.....	205
Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті.....	206
Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті	456
Индустрия және сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау комитеті.....	246

К

Кеден комитеті (1)	722
Кеден комитеті (2)	723
Кедендік бақылау агенттігі	727
Конституциялық Кеңесі	800
Конституциялық Сот аппараты	803
Конституциялық Соты (1)	800
Конституциялық Соты (2)	802
Көлік және коммуникациялар министрлігі (1)	381
Көлік және коммуникациялар министрлігі (2)	393
Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі	413
Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	412
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитеті	396
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті	399
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті	397
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті	660
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті	414
Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті	418
Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті	386
Көлік және коммуникациялар министрлігінің қатынас жолдары комитеті	401
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті	402
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік инспекциясы	389
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитеті.....	401
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (1)	390
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (2)	398
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік поштасы	413
Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті	400
Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі	391
Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көліктік бақылау комитеті	392
Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі.....	414
Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Туризм комитеті	619

Көлік құрылысы министрлігі	379
Көлік министрлігі (1)	377
Көлік министрлігі (2)	406
Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті	408
Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті	408
Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті	407
Көлік министрлігінің Көлік инспекциясы	381
Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті	409
Көлік министрлігінің Темір жол департаменті	380
Көлік министрлігінің Темір жол көлігі департаменті	380
Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі	563

Қ

Қазақ азаматтық авиация басқармасы	376
Қазақ мемлекеттік ақпараттық агенттігі	634
Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі	510
«Қазақстан Теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясы	637
ҚР Президенті	32
ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі	126
ҚР Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы	81
ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы	80
ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс Басқармасы	79
ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты	50
ҚР Президентінің Аппараты	54
ҚР Президентінің Архиві	125
ҚР Президентінің Әкімшілігі	55
ҚР Президентінің Күзет қызметі	87
ҚР Президентінің Іс Басқармасы	81
ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының Кеңесі	41
Қаржы министрлігі	470
Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық	487
Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті	494
Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті	500
Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті	539
Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы	722
Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы	516
Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесі департаменті	489
Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті	545
Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті	530
Қаржы министрлігінің Қазынашылығы	487
Қаржы министрлігі Қазынашылық департаменті	488
Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті	491
Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті	498
Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті	466
Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті (1)	495
Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті (2)	496
Қаржы министрлігінің Кеден комитеті	725
Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті	728
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті	459
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	536

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті	537
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті	535
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті	546
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті	463
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті (1)	464
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті (2)	467
Қаржы министрлігінің Сақтандыру департаменті	513
Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті	515
Қаржы министрлігінің Салық комитеті (1)	518
Қаржы министрлігінің Салық комитеті (2)	523
Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті	521
Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті	522
Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті	501
Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті	498
Қаржы полициясы агенттігі	786
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі	100
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі	102
Қаржылық мониторинг агенттігі	119
Қауіпсіздік Кеңесі	46
Қоғамдық даму министрлігі	609
Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті	615
Қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті	631
Қоғамдық даму министрлігінің Қоғамдық келісім комитеті	614
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	252
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті.....	422
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті	664
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті	461
Қорғаныс министрлігі	751
Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті	232
Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі комитеті	733
Қорғаныс министрлігінің Штаб бастықтарының комитеті	757
Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	353
Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті	339
Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті	332
Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті	318
Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті	354
Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті	355
Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті.....	339
Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті	333
Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Су ресурстары комитеті	318
Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті	355
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі	430
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменті	434
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы департаменті	432
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы	

Сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті.....	433
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі жанындағы	
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті	434
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі	441

М

Материалдық ресурстар министрлігі	457
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	685
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті	648
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті	690
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі	686
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және архив комитеті	639
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері жөніндегі комитеті	621
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитеті	698
Мәдениет және ақпарат министрлігі (1)	686
Мәдениет және ақпарат министрлігі (2)	610
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті	616
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті (1)	640
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және архив комитеті (2)	641
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті	644
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті	650
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті	632
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті	614
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (1)	691
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (2)	692
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті (1)	698
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті (2)	700
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті	617
Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті	682
Мәдениет министрлігі	682
Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы	694
Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясы	694
Мәдениет министрлігінің Архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті	648
Мәдениет министрлігінің Діни істері комитеті	612
Мәдениет министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті	691
Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті	691
Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаменті	688
Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті	699
Мәдениет және спорт министрлігі	625
Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті	649
Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитеті	613
Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті	692
Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті	627
Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті	627
Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті	700
Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті	700
Мемлекеттік авиациялық регистрі	387
Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы	307
Мемлекеттік аттестациялық комитеті	666

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры	565
Мемлекеттік Бюджеттік банкі	512
Мемлекеттік жекешелендіру қоры	527
Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры	552
Мемлекеттік кеден комитеті	724
Мемлекеттік кеңесші	124
Мемлекеттік күзет қызметі	91
Мемлекеттік кіріс министрлігі	541
Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті	544
Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті	543
Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті	544
Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті	726
Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті	519
Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті	522
Мемлекеттік қаржы бақылауы комитеті.....	493
Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті	69
Мемлекеттік қорғаныс комитеті	751
Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі	733
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	115
Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі	110
Мемлекеттік қызмет істері министрлігі	787
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі	460
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті	458
Мемлекеттік медетші банкі	511
Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті	526
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті	530
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттігі	534
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Лизинг жөніндегі департаменті	532
Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауы	514
Мемлекеттік салық комитеті	517
Мемлекеттік салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасы	520
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі (1).....	464
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі (2)	465
Мемлекеттік сауда инспекциясы	448
Мемлекеттік тергеу комитеті	73
Мемлекеттік Тұрғын үй құрылысы банкі	508
Мемлекеттік хатшы – Сыртқы істер министрі	121
Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті	732
Мемлекеттік экспорт-импорт банкі	508
Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы	277
Министрлер Кабинеті	158
Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы	645
Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасы	644
Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы	360
Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы	362
Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясы	665
Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті	723

Министрлер Кабинеті жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік кинокомпаниясы	693
Министрлер Кабинеті жанындағы «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы	636
Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті	228
Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылауы комитеті	493
Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті.....	458
Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті	236
Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқармасы	199
Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті	200
Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеті	313
Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті	696
Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі	657
Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы	676
Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті	500
Министрлер Кабинетінің аппараты	160
Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы	159
Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті	211
Мұнай және газ министрлігі	271
Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті.....	271
Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі	262

Н

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі	730
---	-----

О

Оқу-ағарту министрлігі	604
Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті	605
Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті	606
Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті	605
Орман шаруашылығы комитеті	327
Орман шаруашылығы министрлігі	326
Орталық мемлекеттік архив	647
Орталық сайлау комиссиясы	824

Ө

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі	258
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті	373
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті	446
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы комитеті	259
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті	260
Өнеркәсіп және сауда министрлігі	229
Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті.....	231
Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патент ведомствосы	677
Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті.....	236
Өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі	

мемлекеттік комитеті	235
Өнеркәсіп министрлігі	226
Өнеркәсіп министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті	228
Өнеркәсіп министрлігінің Кен-металлургия кешені жөніндегі департаменті (басқармасы)	227
Өнеркәсіп министрлігінің Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департаменті (басқармасы)	228
Өңірлік даму министрлігі	443
Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті	325
Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті	457
Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті	444

II

Парламент	133
Парламент Мәжілісі	143
Парламент Сенаты	140
Премьер-Министрдің Кеңесі	169

Р

Радиожиліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы	412
Республикалық баға комиссиясы	213
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	98
Республикалық ұланы	88

С

Сауда министрлігі	448
Сауда және интеграция министрлігі	454
Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті	455
Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті	209
Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитеті	429
Сот әкімшілігі	822
Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі	624
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті	201
Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті	191
Статистика жөніндегі агенттігі	196
Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (1)	181
Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (2)	108
Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті (Монополияға қарсы комитет)	213
Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті	202
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі	106
Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі	106
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы	109
Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті	194
Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті	320
Су ресурстары жөніндегі комитеті	313
Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті	312
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссия	113

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет).....	116
«Сырбар» Сыртқы барлау қызметі	75
Сыртқы істер министрлігі	774
Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаменті	781
Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті (1)	504
Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті (2)	506
Сыртқы істер министрлігінің Сыртқы саяси талдау және болжамдау комитеті	784
Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті.....	783
Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ақпарат комитеті	784
Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық экономикалық ынтымақтастық комитеті	784
Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі	781
Сыртқы экономикалық қызметтер банкі	507

Т

Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі	217
Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (1).....	215
Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (2)	117
Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті	214
Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі	218
Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі	351
Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті	368
Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті	352
Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті	330
Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары комитеті.....	315
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті	782
Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департаменті	533
Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі	764
Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті	763
Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	758
Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті	760
Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті	762
Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті.....	763
Төтенше жағдайлар министрлігі	765
Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті.....	772
Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (1).....	460
Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (2)	462
Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті	771
Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті	770
Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі комитеті	768
Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті	769

Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті.....	772
Туризм, дене тәрбиесі және спорт министрлігі	617
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі	620
Туризм және спорт министрлігі (1)	622
Туризм және спорт министрлігі (2)	628
Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті	629
Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті	628
Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті	623
Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (1)	623
Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (2)	629
Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы	237
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі	223

Ұ

Ұлт саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті	696
Ұлттық Банкі.....	92
Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті	97
Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті.....	98
Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті.....	98
Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	485
Ұлттық ғарыш агенттігі	662
Ұлттық ғылым академиясы	653
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	70
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «А» арнаулы мақсаттағы қызметі	78
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Авиация қызметі	78
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Барлау» қызметі	74
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі	76
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс қызметі	78
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі	77
Ұлттық патент ведомствосы	677
Ұлттық статистика агенттігі (1)	193
Ұлттық статистика агенттігі (2)	195
Ұлттық ұланы	720
Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы	720
Ұлттық экономика министрлігі	189
Ұлттық экономика министрлігінің Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитеті	225
Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері комитеті	445
Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті	444
Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті.....	461
Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті	198
Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті	224
Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті	223
Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті	225

Ү

Үкімет.....	162
Үкімет Аппараты (1)	167
Үкімет Аппараты (2)	173
Үкімет жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры	578

Х

Халыққа білім беру министрлігі	594
Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі	556

Ш

Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі	455
Шетел инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі	498
Шетелдік сақтандыру жөніндегі «Қазақинстрах» мемлекеттік компаниясы	512

І

Ішкі істер министрлігі	704
Ішкі істер министрлігі жанындағы Тыл департаменті	710
Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті	716
Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитеті	731
Ішкі істер министрлігінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті	732
Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті	715
Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті	719
Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті	719
Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция комитеті	717
Ішкі істер министрлігі жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті	711
Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (1)	712
Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (2)	715
Ішкі істер министрлігінің Өрт күзету бас басқармасы	759
Ішкі істер министрлігінің Тергеу комитеті	714
Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті	768
Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитеті	718

Ц

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	425
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті	428
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті	665
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті	361
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті	428
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті	427
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті	426
Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	422
Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті	424

Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті.....	664
Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті	424

Э

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі	357
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті.....	340
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті	372
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті	333
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті	319
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті	357
Экология және биоресурстар министрлігі	344
Экология және биоресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы су тоғандарындағы балық қорын қорғау және табиғатты пайдалануды бақылау жөніндегі бас басқармасы.....	335
Экология және биоресурстар министрлігінің Биологиялық ресурстарды қорғау, өндіру және пайдалану жөніндегі бас басқармасы	347
Экология және биоресурстар министрлігінің Биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі агенттігі	348
Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі агенттігі	364
Экология және биоресурстар министрлігінің Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқармасы	347
Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті.....	327
Экология және табиғи ресурстар министрлігі (1)	348
Экология және табиғи ресурстар министрлігі (2)	358
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті	340
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті	367
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті	350
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті	334
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті	320
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экология комитеті	349
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті	359
Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті	344
Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Балық шаруашылығы тоғандарындағы балық қорын қорғау және бақылау жөніндегі бас басқармасы	334
Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі	186
Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитеті	453
Экономика және сауда министрлігі (1)	180
Экономика және сауда министрлігі (2)	184
Экономика және сауда министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі	672
Экономика және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті	450
Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті	233
Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті	437
Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі	435

Экономика және сауда министрлігінің Патент агенттігі	678
Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі	202
Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті	204
Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігі	194
Экономикалық даму және сауда министрлігі	188
Экономикалық даму және сауда министрлігінің Сауда комитеті	453
Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы) (1)	787
Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы) (2)	114
Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі	183
Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті	178
Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Баға комитеті	209
Экономика министрлігі (1)	178
Экономика министрлігі (2)	184
Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті	210
Экономика министрлігі жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі.....	533
Экономика министрлігі жанындағы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі	462
Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі.....	499
Энергетика министрлігі	281
Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті.....	282
Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті	356
Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті	356
Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі	263
Энергетика және минералды ресурстар министрлігі	267
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті	275
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитеті	660
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті	369
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті	370
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті	279
Энергетика және отын ресурстары министрлігі	261
Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі	264
Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті.....	367
Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Мұнай және газ департаменті	265
Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Электроэнергетика департаменті.....	265
Энергетика және электрификация министрлігі	261
Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	265
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі.....	673
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті	540
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті.....	274

Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Аэроғарыш комитеті	660
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті	449
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті	233
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті	436
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті	459
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті	463
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті	279
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті	203
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті	214
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті.....	436
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитеті	182
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау департаменті.....	449

Қазақстан Республикасының мемлекеттік
билік органдары
(1991–2024 жж.)
Анықтамалық.
Төртінші шығарылым

*Анықтамалықты Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Ғылыми кеңесі
баспаға ұсынды (2024 ж. 12 желтоқсандағы № 2 хаттама)*

Жалпы редакциясын басқарған – т.ғ.к. Ә.Қ. Мұстафина

Редакциялық алқа:

т.ғ.к. Ә.Қ. Мұстафина, т.ғ.д. Қ.Ш. Әлімғазин, т.ғ.д. Н.У. Шаяхмет, з.ғ.д. Ш.В. Тлепина

Пікір жазғандар: В.А. Малиновский, заң ғылымдарының докторы, профессор
Ж.Қ. Симтиков, саяси ғылымдарының докторы, профессор

Құрастырушылар: з.ғ.д., профессор Ш.В. Тлепина (ғылыми кеңесші), Н.Т. Исаева,
Е.М. Нуркишева, т.ғ.к., доцент Г.К. Ерменбаева

Қазақстан Республикасы,
ТОО "MoNaVi" баспасы,

Басуға қол қойылған күні 2025 ж.
Пішімі 60x90¹/₈. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman»,
Таралымы 500 дана